ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

К О Д Е К С І

К О Д Е К С

РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

САЛЫҚ ЖӘНЕ БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН БАСҚА ДА МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕР ТУРАЛЫ (САЛЫҚ КОДЕКСІ)

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ БӨЛІК

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар
2-бап. Қазақстан Республикасының салық заңнамасы
3-бап. Қазақстан Республикасы салық заңнамасының қолданылуы
4-бап. Салық салу қағидаттары
5-бап. Салық салудың міндеттілігі қағидаты
6-бап. Салық салудың айқындылығы қағидаты
7-бап. Салық салудың әділдігі қағидаты
8-бап. Салық төлеушілердің адалдығы қағидаты
9-бап. Салық жүйесінің біртұтастығы қағидаты
10-бап. Қазақстан Республикасы салық заңнамасының жариялылығы қағидаты
11-бап. Салық саясаты
12-бап. Салық салу мәселелері жөніндегі консультациялық кеңес

2-тарау. САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ЖӘНЕ САЛЫҚ АГЕНТІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ. САЛЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДА ӨКІЛДІК ЕТУ

13-бап. Салық төлеушінің құқықтары мен міндеттері
14-бап. Салық агентінің құқықтары мен міндеттері

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ АППАРАТЫ
Кіріс № 7398 1061 бет
2017 ж. "28" 12

15-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау
16-бап. Осы Кодексте реттелетін салықтық қатынастарда өкілдік ету
17-бап. Өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) негізінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыру кезінде салықтық қатынастарға оператор арқылы қатысу

3-тарау. САЛЫҚ ОРГАНДАРЫ. САЛЫҚ ОРГАНДАРЫНЫҢ УӘКІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ТҰЛҒАЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ
18-бап. Салық органдары, олардың міндеттері мен жүйесі
19-бап. Салық органдарының құқықтары мен міндеттері
20-бап. Салық органдарының лауазымды адамдарын материалдық қамтамасыз ету, құқықтық және әлеуметтік қорғау
21-бап. Жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктері
22-бап. Салық органдарының уәкілетті мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және өзге де тұлғалармен өзара іс-қимылы
23-бап. Уәкілетті органның әскери басқару органдарымен өзара іс-қимылы
24-бап. Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың міндеттері
25-бап. Уәкілетті мемлекеттік органдардың салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимылы
26-бап. Уәкілетті мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, жергілікті атқарушы органдар мен уәкілетті тұлғалардың салық органдарымен өзара іс-қимылы кезіндегі міндеттері
27-бап. Бағалы қағаздарды номиналды ұстаушылар ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығына ие, инвестициялық портфельді басқаратын кастодиандардың, бірыңғай тіркеушінің, брокерлердің және (немесе) дилерлердің, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының салық органдарымен өзара іс-қимылы кезіндегі міндеттері
28-бап. Коллекторлық агенттіктердің және тауарлармен электрондық саудаға байланысты қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілердің міндеттері
29-бап. Тұлғаның және (немесе) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, жекелеген жағдайларда азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алу, жұмсау кезіндегі міндеттері

30-бап. Салықтық құпия

2-БӨЛІМ. САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕ

4-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

31-бап. Салықтық міндеттеме
32-бап. Салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объект
33-бап. Салықтық база
34-бап. Салықтық мөлшерлеме
35-бап. Салықтық кезең

5-тарау. САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕНІ ОРЫНДАУ

36-бап. Салықтық міндеттемені орындау
37-бап. Салықтық міндеттемені орындау кезінде салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеу ерекшеліктері
38-бап. Салықтық міндеттемені орындау мерзімдері
39-бап. Салықтық берешекті өтеу тәртібі
40-бап. Мүлікті сенімгерлік басқаруға беру кезінде салықтық міндеттемені орындау
41-бап. Мемлекеттік мекемелердің мүлікті сенімгерлік басқаруға беруі кезінде салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктері
42-бап. Корпоративтік және жеке табыс салықтары бойынша мүлікті сенімгерлік басқару нәтижесінде туындайтын кірістерді, шығындарды және мүлікті есепке алу жөніндегі жалпы ережелер
43-бап. Корпоративтік және жеке табыс салықтары бойынша салықтық міндеттемені орындайтын сенімгерлік басқарушыны салықтық есепке алу ерекшеліктері
44-бап. Қатысу үлесі және акциялар түрінде мүлікті сенімгерлік басқару кезінде корпоративтік және жеке табыс салықтары бойынша салықтық есепке алу ерекшеліктері
45-бап. Қатысу үлесінен және акциялардан басқа, мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актілер бойынша корпоративтік және жеке табыс салықтары бойынша салықтық есепке алу ерекшеліктері
46-бап. Хабарсыз кеткен деп танылған жеке тұлғаның салықтық міндеттемесін орындау
47-бап. Қайтыс болған жеке тұлғаның салықтық берешегін өтеу
48-бап. Салықтық міндеттеме мен талап бойынша талап қоюдың ескіру мерзімдері

6-тарау. САЛЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ТӨЛЕМАҚЫЛАРДЫ ТӨЛЕУ БОЙЫНША САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕНІ ОРЫНДАУ МЕРЗІМДЕРІН ӨЗГЕРТУ. САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕНІ ТОҚТАТУ НЕГІЗІ

49-бап. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімдерін өзгерту туралы жалпы ережелер

50-бап. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы шешім қабылдауға уәкілеттік берілген салық органы

51-бап. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша кейінге қалдыруды немесе мерзімін ұзартуды беру тәртібі мен шарттары

52-бап. Мүлікті кепілге қою шартын жасасу талаптары

53-бап. Банк кепілдігі

54-бап. Кейінге қалдырудың және мерзімін ұзартудың қолданылуын тоқтату

55-бап. Кепілге қойылған мүлікке өндіріп алуды қолдану және оны өткізу, сондай-ақ банк кепілдігінің орындалуын талап ету тәртібі

56-бап. Салықтық міндеттеменің тоқтатылуы

7-тарау. САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ ТАРАТЫЛҒАН, ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН, ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТҚАН КЕЗДЕ САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕНІ ОРЫНДАУ

57-бап. Жалпы ережелер

58-бап. Таратылатын заңды тұлғаның салықтық міндеттемесін, сондай-ақ бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, тұрақты мекемесінің Қазақстан Республикасындағы қызметі тоқтатылған кезде салықтық міндеттемені орындау

59-бап. Таратылатын резидент-заңды тұлғалардың жекелеген санаттарының салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктері

60-бап. Салықтар бойынша аудит қорытындысының нәтижелері бойынша таратылатын резидент-заңды тұлғалардың және қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкерлердің жекелеген санаттарының салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктері

61-бап. Резидент-заңды тұлғаның қызметі тоқтатылатын құрылымдық бөлімшесінің салықтық міндеттемесін орындау

62-бап. Заңды тұлға бірігу, қосылу, бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған кезде салықтық міндеттемені орындау
63-бап. Бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесін ашпаған тұрақты мекеме Қазақстан Республикасында тиімді басқару орнының (нақты басқару органының орналасқан жерінің) болуына байланысты құқықтары мен міндеттерін берген кезде оның салықтық міндеттемесін орындау
64-бап. Бөліну жолымен қайта ұйымдастырылған кезде заңды тұлғаның салықтық міндеттемесін орындау
65-бап. Қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкердің салықтық міндеттемесін орындау
66-бап. Қызметі тоқтатылған кезде дара кәсіпкерлердің және жеке практикамен айналысатын адамдардың жекелеген санаттарының салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктері
67-бап. Дара кәсіпкерлердің жекелеген санаттарының қызметін оңайлатылған тәртіппен тоқтату

3-БӨЛІМ. САЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ САЛЫҚТЫҚ ӘКІМШІЛЕНДІРУДІҢ ӨЗГЕ ДЕ НЫСАНДАРЫ

8-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
68-бап. Салықтық әкімшілендіру
69-бап. Салықтық бақылау
70-бап. Салықтық зерттеп-қарау
71-бап. Куәгерлердің қатысуы
72-бап. Жеке тұлғаның салық салуға жататын кірісін жекелеген жағдайларда, оның ішінде жанама әдіспен айқындау
73-бап. Салық төлеушілерге жәрдемдесу

9-тарау. САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІ САЛЫҚ ОРГАНДАРЫНДА ТІРКЕУ
74-бап. Жалпы ережелер

1-параграф. Салық төлеуші ретінде тіркеу
75-бап. Жеке, заңды тұлғалар, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі туралы мәліметтерді салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорына енгізу
76-бап. Бейрезидентті салық төлеуші ретінде тіркеу ерекшеліктері
77-бап. Салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорындағы тіркеу деректерін өзгерту және толықтыру
78-бап. Салық төлеушіні салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорынан алып тастау

2-параграф. Дара кәсіпкерді және жеке практикамен айналысатын адамды тіркеу есебі
79-бап. Дара кәсіпкер және жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебіне қою
80-бап. Дара кәсіпкердің және жеке практикамен айналысатын адамның тіркеу деректерін өзгерту
81-бап. Дара кәсіпкер және жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінен шығару

3-параграф. Қосылған құн салығын төлеушілерді тіркеу есебі
82-бап. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне міндетті түрде қою
83-бап. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне ерікті түрде қою
84-бап. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік
85-бап. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару

4-параграф. Электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебі
86-бап. Электрондық салық төлеушіні тіркеу есебіне қою
87-бап. Электрондық цифрлық қолтаңбаны ауыстыру және жою

5-параграф. Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушіні тіркеу есебі
88-бап. Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қою
89-бап. Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушінің тіркеу деректерін өзгерту және толықтыру
90-бап. Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебінен шығару

6-параграф. Салық төлеушіні әрекет етпейтін, тарату, қызметін мәжбүрлі тәртіппен тоқтату сатысында тұрған деп тану
91-бап. Әрекет етпейтін салық төлеуші
92-бап. Тарату (қызметін тоқтату) сатысында тұрған салық төлеуші
93-бап. Салық төлеушілердің қызметін мәжбүрлі тәртіппен тоқтату ерекшеліктері

10-тарау. КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУ
94-бап. Камералдық бақылау
95-бап. Камералдық бақылауды жүргізу тәртібі мен мерзімдері

96-бап. Камералдық бақылау нәтижелері

11-тарау. САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕНІҢ, ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІ, АЙЫППҰЛДАР МЕН ӨСІМПҰЛДЫ АУДАРУ БОЙЫНША МІНДЕТТІҢ ОРЫНДАЛУЫН ЕСЕПКЕ АЛУ

97-бап. Жалпы ережелер

98-бап. Салықтар және бюджетке төленетін төлемдер, әлеуметтік төлемдер бойынша есеп-қисаптарды салыстырып тексеру жүргізу

99-бап. Қаулыны орындаудың ескіру мерзімінің өтуіне байланысты айыппұл төлеу бойынша міндеттеменің тоқтатылуы

100-бап. Есебі салық органында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді беру тәртібі

1-параграф. Салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұл мен айыппұлдарды есепке жатқызу және қайтару

101-бап. Жалпы ережелер

102-бап. Салықтар, бюджетке төленетін төлемдер, өсімпұл сомаларын есепке жатқызу

103-бап. Салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың қате төленген сомасын есепке жатқызу, қайтару

104-бап. Қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару

105-бап. Қосылған құн салығын өзге де негіздер бойынша қайтару

106-бап. Салық салу, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасы саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша құқыққа сыйымсыз салынған айыппұлдың төленген сомасын, сондай-ақ артық төленген соманы қайтару

107-бап. Сот шешімі бойынша электрондық аукциондар қорытындыларының күшін жою нәтижесінде салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың және айыппұлдың төленген сомасын қайтару

108-бап. Мемлекеттік баждың төленген сомаларын қайтару ерекшеліктері

2-параграф. Жеке табыс салығы бойынша асып кетуді есепке жатқызу және (немесе) қайтару

109-бап. Жалпы ережелер

110-бап. Жеке табыс салығы бойынша салыстырып-тексеру

111-бап. Салық агенттерінің мәліметтері негізінде жеке табыс салығы бойынша салыстырып-тексеруді жүргізу тәртібі

112-бап. Білім беруге, медицинаға, ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалатын шығыстар бойынша салықтық шегерімдер сомасын растау үшін жеке табыс салығы бойынша салыстырып-тексеруді жүргізу тәртібі
113-бап. Жеке тұлғаның жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын есепке жатқызу және (немесе) қайтару тәртібі

12-тарау. САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕНІ, ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІ ЕСЕПТЕУ, ҰСТАП ҚАЛУ ЖӘНЕ АУДАРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАБАРЛАМА
114-бап. Жалпы ережелер
115-бап. Хабарламаны табыс ету және орындау тәртібі

13-тарау. МЕРЗІМІНДЕ ОРЫНДАЛМАҒАН САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕНІҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТӘСІЛДЕРІ
116-бап. Мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері
117-бап. Салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің мерзімінде төленбеген сомасына өсімпұл
118-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру
119-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру
120-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) мүлікке билік етуін шектеу

14-тарау. САЛЫҚТЫҚ БЕРЕШЕКТІ МӘЖБҮРЛЕП ӨНДІРІП АЛУ ШАРАЛАРЫ
121-бап. Салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары
122-бап. Банктік шоттардағы ақша есебінен бюджетке берешекті өндіріп алу
123-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық берешегі сомасын оның дебиторларының шоттарынан өндіріп алу
124-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) билік ету шектелген мүлкін бюджетке берешек есебіне өткізу есебінен өндіріп алу
125-бап. Салық төлеуші (салық агенті) – жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғамның жарияланған акцияларын мәжбүрлеп шығарту
126-бап. Салық төлеушіні (салық агентін) банкрот деп тану

127-бап. Салықтық берешегі бар салық төлеушілердің (салық агенттерінің) тізімдерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
128-бап. Салық төлеуші – дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам болып табылмайтын жеке тұлғаның салықтық берешегін өндіріп алу

15-тарау. САЛЫҚТЫҚ МОНИТОРИНГ
129-бап. Жалпы ережелер
130-бап. Ірі салық төлеушілер мониторингі
131-бап. Деңгейлес мониторинг
132-бап. Ірі салық төлеушілер мониторингін жүргізу тәртібі
133-бап. Деңгейлес мониторингті жүргізу тәртібі

16-тарау. АЛДЫН АЛА ТҮСІНДІРМЕ
134-бап. Жалпы ережелер
135-бап. Алдын ала түсіндірме беру туралы сұрау салуды қарау тәртібі

17-тарау.ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
136-бап. Жалпы ережелер
137-бап. Тәуекел дәрежесінің өлшемшарттары

18-тарау. САЛЫҚТЫҚ ТЕКСЕРУЛЕР
1-параграф. Салықтық тексерулерді жүргізу бойынша жалпы ережелер
138-бап. Салықтық тексеру ұғымы
139-бап. Салықтық тексерулерге қатысушылар
140-бап. Салықтық тексерулердің нысандары
141-бап. Кешенді тексеру
142-бап. Тақырыптық тексеру
143-бап. Қарсы тексеру
144-бап. Хронометраждық зерттеп-қарау
145-бап. Салықтық тексерулердің түрлері

2-параграф. Салықтық тексерулерді жүргізу тәртібі мен мерзімдері
146-бап. Салықтық тексерулерді жүргізу мерзімі
147-бап. Ішінара салықтық тексеру туралы хабарлама
148-бап. Салықтық тексеруді жүргізу үшін негіз
149-бап. Салықтық тексерулерді жүргізудің басталуы
150-бап. Тексерудің стандартты файлы

151-бап. Хронометраждық зерттеп-қарауды жүргізу ерекшеліктері
152-бап. Қосылған құн салығының асып кету сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексерулерді жүргізу ерекшеліктері
153-бап. Қосарланған салық салуды болғызбау және салықтарды төлеуден жалтаруға жол бермеу мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелерін қолдануға байланысты бейрезидент бюджеттен қайтаруды ұсынған табыс салығын растау мәселесі бойынша салық агенттері болып табылатын салық төлеушілерге тақырыптық тексерулер жүргізу ерекшеліктері
154-бап. Салық органының және өзге де мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының салықтық тексеруді жүргізу үшін аумаққа және (немесе) үй-жайға кіруі
155-бап. Салық органының лауазымды адамдарының салықтық тексеруді жүргізу кезіндегі құқықтары мен міндеттері
156-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық тексеруді жүргізу кезіндегі құқықтары мен міндеттері
157-бап. Салықтық тексерудің алдын ала актісі
158-бап. Салықтық тексерудің аяқталуы
159-бап. Салықтық тексерудің нәтижелері бойынша шешім

3-параграф. Салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді жекелеген жағдайларда, оның ішінде жанама әдіспен айқындау
160-бап. Жалпы ережелер
161-бап. Есепке алу құжаттары (мәліметтері) және өзге де құжаттар (мәліметтер) болмаған кездегі салықтық тексерулер
162-бап. Ақпарат көздері
163-бап. Салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау тәртібі
164-бап. Салық салу объектілерін жекелеген жағдайларда айқындау

19-тарау. БАҚЫЛАУ-КАССА МАШИНАЛАРЫН ҚОЛДАНУ
165-бап. Осы тарауда пайдаланылатын негізгі ұғымдар
166-бап. Жалпы ережелер
167-бап. Бақылау-касса машиналарын салық органында есепке қою
168-бап. Бақылау-касса машинасының тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу
169-бап. Бақылау-касса машинасын салық органынан есептен шығару

170-бап. Мемлекеттік тізілім
171-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді қабылдау, сақтау және салық органдарына беру тәртібі

20-тарау. САЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ӨЗГЕ ДЕ НЫСАНДАРЫ
172-бап. Қазақстан Республикасында өндірілген немесе Қазақстан Республикасына импортталған акцизделетін тауарларды бақылау
173-бап. Трансферттік баға белгілеу кезіндегі бақылау
174-бап. Мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуын бақылау
175-бап. Уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылау
176-бап. Тауарларға ілеспе жүккұжаттарды ресімдеу тәртібінің сақталуын бақылау

4-БӨЛІМ. ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ЖӘНЕ САЛЫҚ ОРГАНДАРЫ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ (ӘРЕКЕТСІЗДІГІНЕ) ШАҒЫМ ЖАСАУ

21-тарау. ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАҒА ШАҒЫМ ЖАСАУ ТӘРТІБІ
177-бап. Жалпы ережелер
178-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) шағым беру тәртібі
179-бап. Салық төлеуші (салық агенті) шағымының нысаны мен мазмұны
180-бап. Шағымды қараудан бас тарту
181-бап. Уәкілетті органға жіберілген шағымды қарау тәртібі
182-бап. Шағымды қарау нәтижелері бойынша шешім шығару
183-бап. Шағымды қарау мерзімін тоқтата тұру және (немесе) ұзарту
184-бап. Уәкілетті орган шешімінің нысаны мен мазмұны
185-бап. Уәкілетті органға немесе сотқа шағым (арыз) берудің салдары
186-бап.Тақырыптық тексеруді тағайындау және жүргізу тәртібі

22-тарау. САЛЫҚ ОРГАНДАРЫ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ (ӘРЕКЕТСІЗДІГІНЕ) ШАҒЫМ ЖАСАУ ТӘРТІБІ
187-бап. Шағым жасау құқығы
188-бап. Шағым жасау тәртібі

2. ЕРЕКШЕ БӨЛІК

5-БӨЛІМ. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

189-бап. Салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің түрлері

23-тарау. САЛЫҚТЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУ

190-бап. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы
191-бап. Салықтық есепке алу саясатына қойылатын талаптар
192-бап. Салықтық есепке алу қағидалары
193-бап. Есепке алу құжаттамасын жасауға және сақтауға қойылатын талаптар
194-бап. Бөлек салықтық есепке алуды жүргізу қағидалары
195-бап. Корпоративтік табыс салығы бойынша бөлек салықтық есепке алуды жүргізудің жалпы қағидаттары
196-бап. Қаржы лизингі
197-бап. Салықтық жеңілдіктерді қолдану мақсаттары үшін мүлікті қаржы лизингіне беру шарттары
198-бап. Бірлескен кәсіпкерлік кезінде салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктері
199-бап. Бірлескен қызметті жүзеге асыру
200-бап. Жер қойнауын пайдаланушылардың бірлескен қызметті жүзеге асыру ерекшеліктері

24-тарау. «БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ПЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПКЕ АЛУДЫ ЖҮРГІЗУДІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖАСАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРМАЙТЫН ДАРА КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ САЛЫҚТЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУДЫ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

201-бап. Жалпы ережелер
202-бап. Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандары және оларды жасау жөніндегі талаптар
203-бап. Салықтық есепке алуды жүргізу ерекшеліктері

25-тарау. САЛЫҚ НЫСАНДАРЫ

204-бап. Салық нысандары
205-бап. Салық нысандарын сақтау мерзімі

1-параграф. Салықтық өтініш, салықтық есептілік

206-бап. Жалпы ережелер

207-бап. Салықтық есептілікті, оның ішінде жалға алу (пайдалану) шарттарының тізілімін жасау ерекшеліктері
208-бап. Салықтық өтінішті, салықтық есептілікті ұсыну тәртібі
209-бап. Салықтық тіркелімдерді қоспағанда, салық нысандарын қабылдау
210-бап. Салықтық есептілікті кері қайтарып алу тәртібі
211-бап. Салықтық есептілікке өзгерістер мен толықтырулар енгізу
212-бап. Салықтық есептілікті ұсыну мерзімдерін ұзарту
213-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық есептілікті ұсынуын тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) тәртібі
214-бап. Патент негізінде шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкердің салықтық есептілікті ұсынуын тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) тәртібі

2-параграф. Салықтық тіркелімдер
215-бап. Салықтық тіркелімдер

6-БӨЛІМ. РЕЗИДЕНТТЕР МЕН БЕЙРЕЗИДЕНТТЕРДІҢ КІРІСТЕРІНЕ САЛЫҚ САЛУ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

26-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
216-бап. Резиденттер мен бейрезиденттерге салық салудың негізгі қағидаттары
217-бап. Резиденттер
218-бап. Қазақстан Республикасының резиденттігін растау тәртібі
219-бап. Бейрезиденттер
220-бап. Бейрезиденттің тұрақты мекемесі
221-бап. Өзара келісу рәсімі

7-БӨЛІМ. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ

27-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
222-бап.Төлеушілер
223-бап. Салық салу объектілері

28-тарау. САЛЫҚ САЛЫНАТЫН КІРІС
224-бап. Салық салынатын кіріс

1-параграф. Жылдық жиынтық кіріс
225-бап. Жылдық жиынтық кіріс
226-бап. Жылдық жиынтық кіріске қосылатын кірістер

227-бап. Өткізуден түсетін кіріс
228-бап. Құн өсімінен түсетін кіріс
229-бап. Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кіріс
230-бап. Күмәнді міндеттемелер бойынша кіріс
231-бап. Сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымының сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша кірістері
232-бап. Құрылған провизиялардың (резервтердің) мөлшерлерін төмендетуден түсетін кіріс
233-бап. Талап ету құқығын басқаға беруден түсетін кіріс
234-бап. Тіркелген активтердің шығып қалуынан түсетін кіріс
235-бап. Табиғи ресурстарды геологиялық зерделеуге және оларды өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түсетін кіріс
236-бап. Кен орындарын әзірлеу салдарын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарын жою бойынша іс жүзіндегі шығыстар сомасынан асып кетуінен түсетін кіріс
237-бап. Бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар
238-бап. Өтеусіз алынған мүлік
239-бап. Әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған кіріс
240-бап. Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түсетін кіріс (залал)
241-бап. Жылдық жиынтық кірісті түзету

2-параграф. Шегерімдер

242-бап. Жалпы ережелер
243-бап. Шығыстардың жекелеген түрлері бойынша шегерімдер
244-бап. Салық төлеушінің басқару органы мүшелерінің қызметтік іссапарлары және сапарлары кезіндегі өтемақылар сомасының шегерімі
245-бап. Өкілдік шығыстар сомасының шегерімі
246-бап. Сыйақы бойынша шегерім
247-бап. Төленген күмәнді міндеттемелер бойынша шегерім
248-бап. Күмәнді талаптар бойынша шегерім
249-бап. Сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымының шегерімдері
250-бап. Резервтік қорларға аударымдар бойынша шегерім
251-бап. Қайта сақтандыру активтерін азайту бойынша шегерім
252-бап. Кен орындарын әзірлеу салдарын жоюға арналған шығыстар бойынша шегерімдер және жою қорларына аударымдар сомасының шегерімдері

253-бап. Қалдықтарды орналастыру полигондарын жоюға арналған шығыстар бойынша шегерімдер және қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорына аударымдар сомасының шегерімдері
254-бап. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына, ғылыми-техникалық жұмыстарға арналған және зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтарды сатып алуға арналған шығыстар бойынша шегерім
255-бап. Жер қойнауын пайдаланушының ғылыми-зерттеу жұмыстарын, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру, сондай-ақ дербес кластерлік қорға ақша аудару жөніндегі шығыстарын шегеру
256-бап. Кепілдік беру жүйелеріне қатысушылардың сақтандыру сыйлықақылары мен жарналары бойынша шығыстарды шегеру
257-бап. Жұмыскерлердің есепке жазылған кірістері және жеке тұлғаларға өзге төлемдер бойынша шығыстарды шегеру
258-бап. Табиғи ресурстарды геологиялық зерделеуге, барлауға және оларды өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстар бойынша шегерімдер және жер қойнауын пайдаланушының басқа да шегерімдері
259-бап. Табиғи ресурстарды геологиялық зерделеуге және оларды өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстарды шегерудің және көмірсутектерді барлауға және (немесе) бірлескен барлауға және өндіруге арналған келісімшарт шеңберінде қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының басқа да шегерімдерінің ерекшеліктері
260-бап. Коммерциялық табудан кейін өндіру басталған соң уранды жерасты ұңғымалық сілтілеу әдісімен өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстар бойынша шегерімдер
261-бап. Жер қойнауын пайдаланушының қазақстандық кадрларды оқытуға және өңірлердің әлеуметтік саласын дамытуға арналған шығыстары бойынша шегерім
262-бап. Теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асып кетуін шегеру
263-бап. Салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің шегерімі
264-бап. Шегерімге жатпайтын шығындар

3-параграф. Тіркелген активтер бойынша шегерімдер
265-бап. Тіркелген активтер бойынша шегерімдер
266-бап. Тіркелген активтер

267-бап. Құндық балансты айқындау
268-бап. Тіркелген активтердің келіп түсуі
269-бап. Жекелеген жағдайларда топтың (кіші топтың) құндық балансын қалыптастыру
270-бап. Тіркелген активтердің шығып қалуы
271-бап. Амортизациялық аударымдарды есептеу
272-бап. Келесі шығыстар шегерімі
273-бап. Тіркелген активтер бойынша басқа да шегерімдер

4-параграф. Инвестициялық салықтық преференциялар
274-бап. Инвестициялық салықтық преференциялар
275-бап. Преференцияларды қолдану
276-бап. Преференциялар объектілерін салықтық есепке алу ерекшеліктері

5-параграф. Туынды қаржы құралдары
277-бап. Жалпы ережелер
278-бап. Орындалу мерзімі ұзақ туынды қаржы құралын қоспағанда, туынды қаржы құралы бойынша кіріс
279-бап. Орындалу мерзімі ұзақ туынды қаржы құралы бойынша кіріс
280-бап. Хеджирлеу операциялары бойынша салықтық есепке алу ерекшеліктері
281-бап. Базалық активті беру жолымен орындау кезіндегі салықтық есепке алу ерекшеліктері

6-параграф. Ұзақ мерзімді келісімшарттар
282-бап. Жалпы ережелер
283-бап. Іс жүзіндегі әдісті қолданған кезде ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша кірісті айқындау тәртібі
284-бап. Аяқтау әдісін қолданған кезде ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша кірісті айқындау тәртібі
285-бап. Салықтық міндеттемені заттай нысанда орындау кезінде көмірсутектерді беру кезінде корпоративтік табыс салығының мақсаттары үшін жылдық жиынтық кіріс пен шегерімдердің мөлшерін айқындау ерекшеліктері

7-параграф. Кірістер мен шегерімдерді түзету
286-бап. Жалпы ережелер
287-бап. Кірістер мен шегерімдерді түзету

29-тарау. САЛЫҚ САЛЫНАТЫН КІРІСТІ АЗАЙТУ НЕМЕСЕ ҰЛҒАЙТУ (ЗАЛАЛДЫ АЗАЙТУ) ЖӘНЕ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ КЕЙБІР САНАТТАРЫН САЛЫҚ САЛУДАН БОСАТУ

288-бап. Салық салынатын кірісті азайту
289-бап. Коммерциялық емес ұйымдарға салық салу
290-бап. Әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу
291-бап. Дербес білім беру ұйымдарына салық салу
292-бап. Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйымға салық салу
293-бап. Салық төлеушілердің басқа санаттарына салық салу

30-тарау. БАҚЫЛАНАТЫН ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯНЫҢ ПАЙДАСЫНА САЛЫҚ САЛУ

294-бап. Осы тарауда пайдаланылатын негізгі ұғымдар
295-бап. Жалпы ережелер
296-бап. Салық салудан босату
297-бап. Бақыланатын шетелдік компанияның пайдасына салық салу
298-бап. Бақыланатын шетелдік компанияға қатысу (бақылау жасау) туралы өтініш

31-тарау. ЗАЛАЛДАР

299-бап. Залал ұғымы
300-бап. Залалдарды ауыстыру
301-бап. Қайта ұйымдастыру кезінде залалдарды ауыстыру

32-тарау. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ МЕРЗІМДЕРІ

302-бап. Корпоративтік табыс салығының сомасын есептеу
303-бап. Шетелдік салықты есепке жатқызу
304-бап. Салық төлеушілердің жекелеген санаттарының корпоративтік табыс салығын есептеу және төлеу ерекшеліктері
305-бап. Аванстық төлемдердің сомасын есептеу
306-бап. Корпоративтік табыс салығын төлеу мерзімдері мен тәртібі

33-тарау. ТӨЛЕМ КӨЗІНЕН ҰСТАЛАТЫН КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ

307-бап. Төлем көзінен салық салынатын кірістер

308-бап. Төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын есептеу тәртібі
309-бап. Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме құрмай жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғалардың кірістеріне салық салу тәртібі
310-бап. Депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша дивидендтер түрінде резидентке төленетін кірістер бойынша салық агентінің салықтық міндеттемені орындау, сондай-ақ төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару тәртібі
311-бап. Төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығын аудару тәртібі
312-бап. Төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығы бойынша есеп-қисап

34-тарау. САЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ, САЛЫҚТЫҚ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ САЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ
313-бап. Салық мөлшерлемелері
314-бап. Салықтық кезең
315-бап. Салық декларациясы

8-БӨЛІМ. ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ

35-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
316-бап. Төлеушілер
317-бап. Жекелеген жағдайларда кірістерге салық салу ерекшеліктері
318-бап. Салық салу объектілері
319-бап. Жеке тұлғаның жылдық кірісі
320-бап. Салық мөлшерлемелері

36-тарау. КІРІСТЕР

1-параграф. Төлем көзінен салық салуға жататын кірістер
322-бап. Жұмыскердің кірісі
323-бап. Жұмыскердің заттай нысандағы кірісі
324-бап. Жұмыскердің материалдық пайда түріндегі кірісі
325-бап. Өтеусіз алынған мүлік, оның ішінде жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түріндегі кіріс
326-бап. Зейнетақы төлемдері түріндегі кіріс
327-бап. Дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі кіріс
328-бап. Стипендия түріндегі кіріс
329-бап. Жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша кіріс

2-параграф. Жеке тұлға дербес салық салуға жататын кірістер
330-бап. Мүліктік кіріс
331-бап. Жеке тұлға Қазақстан Республикасындағы мүлікті өткізген кезде құн өсімінен түсетін кіріс
332-бап. Жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі көздерден алған, мүлікті өткізуден түсетін кірісі
333-бап. Жеке тұлғаның мүлікті (ақшадан басқа) жарғылық капиталға салым ретінде беруі кезінде құн өсімінен түсетін кіріс
334-бап. Шағын бизнес субъектілері үшін не шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкердің өзге активтерді өткізуі кезінде құн өсімінен түсетін кіріс
335-бап. Талап ету құқығын, оның ішінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын ғимараттағы үлесті талап ету құқығын басқаға беруден түсетін кіріс
336-бап. Жеке практикамен айналысатын адамның кірісі
337-бап. Дара кәсіпкердің кірісі
338-бап. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі көздерден түсетін басқа да кірістер
339-бап. Бақыланатын шетелдік компания бойынша жалпы ережелер
340-бап. Бақыланатын шетелдік компанияның пайдасына салық салу

3-параграф. Кірісті түзету
341-бап. Кірісті түзету

37-тарау. САЛЫҚТЫҚ ШЕГЕРІМДЕР
342-бап. Салықтық шегерімдер бойынша жалпы ережелер
343-бап. Салық агентінде салықтық шегерімдерді қолдану ерекшеліктері
344-бап. Жеке тұлғаның салықтық шегерімдерді дербес қолдану ерекшеліктері
345-бап. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша салықтық шегерім
346-бап. Стандартты шегерімдер
347-бап. Көп балалы отбасы үшін салықтық шегерім
348-бап. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерім
349-бап. Оқытуға арналған салықтық шегерім
350-бап. Медицинаға арналған салықтық шегерім
351-бап. Сыйақылар бойынша салықтық шегерім

38-тарау. ТӨЛЕМ КӨЗІНЕН ҰСТАЛАТЫН ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ, ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ОЛ БОЙЫНША САЛЫҚТЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ
352-бап. Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы бойынша жалпы ережелер
353-бап. Жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және төлеу
354-бап. Салық агентінің депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша дивидендтер түрінде резидентке төленетін кірістер бойынша салықтық міндеттемені орындау, сондай-ақ төлем көзінен ұсталған жеке табыс салығын қайтару тәртібі
355-бап. Мемлекеттік мекемелердің жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және төлеу ерекшеліктері
356-бап. Төлем көзінен салық салынатын кірісті айқындау
357-бап. Салықтық және есепті кезеңдер
358-бап. Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация

39-тарау. ЖЕКЕ ТҰЛҒАМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР ТУРАЛЫ АНЫҚТАМАНЫ БЕРУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ САЛЫҚ САЛЫНАТЫН КІРІСІН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ
359-бап. Салық агентінің жеке тұлғамен есеп айырысулар туралы анықтаманы беру тәртібі
360-бап. Жеке тұлға дербес салық салуға жататын жеке тұлғаның салық салынатын кірісін айқындау

9-БӨЛІМ. ЖЕКЕ ПРАКТИКАМЕН АЙНАЛЫСАТЫН АДАМНЫҢ ЖӘНЕ ДАРА КӘСІПКЕРДІҢ КІРІСТЕРІНЕН АЛЫНАТЫН ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ

40-тарау. ЖЕКЕ ПРАКТИКАМЕН АЙНАЛЫСАТЫН АДАМНЫҢ ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛУДЫҢ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ БЕЛГІЛЕНГЕН РЕЖИМІН ҚОЛДАНАТЫН ДАРА КӘСІПКЕРДІҢ КІРІСІ
361-бап. Жалпы ережелер
362-бап. Жекеше нотариустың салық салынатын кірісі
363-бап. Жеке сот орындаушысының салық салынатын кірісі
364-бап. Адвокаттың салық салынатын кірісі
365-бап. Кәсіпқой медиатордың салық салынатын кірісі
366-бап. Дара кәсіпкердің кірісі

10-БӨЛІМ. ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ

41-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

367-бап. Төлеушілер
368-бап. Салық салу объектілері
369-бап. Салық салынатын айналымды айқындау
370-бап. Салық салынбайтын айналым
371-бап. Салық салынатын импортты айқындау

42-тарау. ТАУАРЛАРДЫ, ЖҰМЫСТАРДЫ, КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ӨТКІЗУ БОЙЫНША АЙНАЛЫМ ЖӘНЕ БЕЙРЕЗИДЕНТТЕН ЖҰМЫСТАРДЫ, КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУ БОЙЫНША АЙНАЛЫМ
372-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым
373-бап. Бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша айналым
374-бап. Тапсырма шарттары бойынша жүзеге асырылатын өткізу (сатып алу) бойынша айналымдар
375-бап. Комиссия шартының талаптарына сәйкес келетін талаптармен жүзеге асырылатын өткізу бойынша айналымдар
376-бап. Көлік экспедициясы шарты бойынша жүзеге асырылатын өткізу (сатып алу) бойынша айналымдар
377-бап. Мүлікті сенімгерлік басқаруды құру нәтижесінде жүзеге асырылатын өткізу (сатып алу) бойынша айналымдар
378-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны
379-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымды жасау күні

43-тарау. АЙНАЛЫМНЫҢ ЖӘНЕ ИМПОРТТЫҢ МӨЛШЕРІН АЙҚЫНДАУ
380-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымның мөлшері
381-бап. Жекелеген жағдайларда өткізу бойынша айналымның мөлшерін айқындау ерекшеліктері
382-бап. Бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша айналымның мөлшері
383-бап. Айналымның мөлшерін түзету
384-бап. Күмәнді талаптар бойынша салық салынатын айналымның мөлшерін түзету
385-бап. Салық салынатын импорттың мөлшері

44-тарау. НӨЛДІК МӨЛШЕРЛЕМЕ БОЙЫНША САЛЫҚ САЛЫНАТЫН АЙНАЛЫМДАР

386-бап. Тауарларды экспортқа өткізу бойынша айналым
387-бап. Халықаралық тасымалдарға салық салу
388-бап. Халықаралық ұшуды, халықаралық әуе тасымалдарын орындайтын шетелдік авиакомпаниялардың әуе кемелеріне жанармай құю кезінде әуежайлар жүзеге асыратын жанар-жағармай материалдарын өткізуге салық салу
389-бап. Арнайы экономикалық аймақтың аумағына өткізілетін тауарларға салық салу
390-бап. «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағына өткізілетін тауарларға салық салу ерекшеліктері
391-бап. «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы» арнайы экономикалық аймағының аумағына өткізілетін тауарларға салық салу ерекшеліктері
392-бап. Аффинирленген алтынды өткізу бойынша айналым
393-бап. Жекелеген жағдайларда салық салу

45-тарау. САЛЫҚ САЛЫНБАЙТЫН АЙНАЛЫМ ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛЫНБАЙТЫН ИМПОРТ
394-бап. Қосылған құн салығынан босатылған, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымдар
395-бап. Халықаралық тасымалдарға байланысты айналымдар
396-бап. Жерге және тұрғын ғимараттарға байланысты өткізу бойынша айналымдар
397-бап. Қосылған құн салығынан босатылатын, қаржылық операцияларды өткізу бойынша айналымдар
398-бап. Мүлікті қаржы лизингіне беру
399-бап. Қосылған құн салығынан босатылатын импорт

46-тарау. ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ БОЙЫНША ЕСЕПКЕ ЖАТҚЫЗУ
400-бап. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығы
401-бап. Қосылған құн салығын есепке жатқызу күні
402-бап. Есепке жатқызылмайтын қосылған құн салығы
403-бап. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасынан алып тастау
404-бап. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын түзету
405-бап. Күмәнді міндеттемелер бойынша, міндеттемелерді есептен шығару кезінде есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомаларын түзету
406-бап. Түзету ескеріле отырып, есепке жатқызылатын қосылған құн салығы

407-бап. Есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомаларын айқындау әдістері
408-бап. Есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомаларын пропорционалды әдіспен айқындау тәртібі
409-бап. Есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомаларын бөлек есепке алуды жүргізу арқылы айқындау тәртібі
410-бап. Тұрғын ғимаратты (тұрғын ғимараттың бөлігін) салуды жүзеге асыратын қосылған құн салығын төлеушінің есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомаларын айқындау тәртібі
411-бап. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының қосымша сомасы

47-тарау. ШОТ-ФАКТУРА

412-бап. Жалпы ережелер
413-бап. Шот-фактураларды жазып беру мерзімдері
414-бап. Баспасөз басылымдарын және бұқаралық ақпарат құралдарының өзге де өнімін өткізу кезінде шот-фактураларды жазып беру ерекшеліктері
415-бап. Экспедиторлардың шот-фактураларды жазып беру ерекшеліктері
416-бап. Талаптары комиссия шартының талаптарына сәйкес келетін шарттар бойынша шот-фактураларды жазып беру ерекшеліктері
417-бап. Бірлескен қызмет туралы шарттардың шеңберінде жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өткізу (сатып алу) кезінде шот-фактураларды жазып беру ерекшеліктері
418-бап. Жекелеген жағдайларда шот-фактураларды жазып беру ерекшеліктері
419-бап. Шот-фактураға өзгерістер мен толықтырулар енгізу
420-бап. Қосымша шот-фактураны жазып беру

48-тарау. САЛЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

421-бап. Қосылған құн салығын есептеу
422-бап. Қосылған құн салығының мөлшерлемелері
423-бап. Салықтық кезең
424-бап. Салық декларациясы
425-бап. Қосылған құн салығын төлеу мерзімдері
426-бап. Жай серіктестік (консорциум) құрамында өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың қосылған құн салығы

бойынша салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктері
427-бап. Импортталатын тауарларға қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төлеу
428-бап. Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарларға қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төлеу

49-тарау. ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ БОЙЫНША БЮДЖЕТПЕН ӨЗАРА ҚАТЫНАС
429-бап. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының салықтық кезең үшін есепке жазылған салық сомасынан асып кетуі
430-бап. Жекелеген негіздер бойынша қосылған құн салығын қайтару
431-бап. Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару тәртібі мен мерзімдері
432-бап. Салық төлеушілердің жекелеген санаттарына қосылған құн салығының асып кетуін қайтару ерекшеліктері
433-бап. Қосылған құн салығын төлеуші қосылған құн салығының бақылау шотын пайдаланған кезде қосылған құн салығының асып кетуін қайтару ерекшеліктері
434-бап. Қосылған құн салығының асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібі
435-бап. Грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша төленген қосылған құн салығын қайтару
436-бап. Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктеріне, шет мемлекеттің консулдық мекемелеріне және олардың персоналына қосылған құн салығын қайтару

50-тарау. ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТА ТАУАРЛАРДЫ ЭКСПОРТТАУ МЕН ИМПОРТТАУ, ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ, ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕ ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫН САЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
437-бап. Жалпы ережелер
438-бап. Еуразиялық экономикалық одақта қосылған құн салығын төлеушілер
439-бап. Салық салу объектілері, салық салынатын айналымды Айқындау
440-бап. Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымды және салық салынатын импортты айқындау

441-бап. Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер өткізілетін орын
442-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым, салық салынатын импорт жасалған күн
443-бап. Тауарлардың экспорты кезінде салық салынатын айналымның мөлшерін айқындау
444-бап. Салық салынатын импорттың мөлшерін айқындау
445-бап. Жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша салық салынатын айналымның мөлшерін айқындау
446-бап. Еуразиялық экономикалық одақтағы тауарлардың экспорты
447-бап. Тауарлар экспортын растау
448-бап. Еуразиялық экономикалық одақта халықаралық тасымалдарға салық салу
449-бап. Еуразиялық экономикалық одақта алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарға салық салу
450-бап Алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу мерзімі
451-бап. Еуразиялық экономикалық одақта қосылған құн салығынан босатылған айналымдар мен импорт
452-бап. Еуразиялық экономикалық одақта қосылған құн салығының сомаларын есепке жатқызу тәртібі
453-бап. Шот-фактура
454-бап. Тауарлардың импорты кезінде қосылған құн салығын төлеушілерді айқындау ерекшеліктері
455-бап. Еуразиялық экономикалық одақта комиссия (тапсырма) шарттары бойынша тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағына импорты кезінде қосылған құн салығын есептеу ерекшеліктері
456-бап. Еуразиялық экономикалық одақта тауарлардың импорты кезінде қосылған құн салығын есептеу және төлеу тәртібі
457-бап. Еуразиялық экономикалық одақта тауарлардың экспорты кезінде қосылған құн салығын есептеу және төлеу тәртібі
458-бап. Еуразиялық экономикалық одақта тауарлардың импорты кезінде тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті кері қайтарып алу
459-бап. Тауарлардың импорты кезінде төленген қосылған құн салығының сомаларын түзету тәртібі

11-БӨЛІМ. АКЦИЗДЕР

51-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

460-бап. Акциздерді қолдану
461-бап. Төлеушілер
462-бап. Акцизделетін тауарлардың тізбесі

463-бап. Акциздердің мөлшерлемелері

52-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӨНДІРІЛЕТІН, ӨТКІЗІЛЕТІН АКЦИЗДЕЛЕТІН ТАУАРЛАРҒА САЛЫҚ САЛУ
464-бап. Салық салу объектісі
465-бап. Операция жасалған күн
466-бап. Салықтық база
467-бап. Әртүрлі мөлшерлемелер белгіленген жағдайда спирттің барлық түріне және шарап материалына салық салу ерекшеліктері
468-бап. Акцизделетін тауарлардың бүлінуі, жоғалуы
469-бап. Акциздік маркалардың, есепке алу-бақылау маркаларының бүлінуі, жоғалуы
470-бап. Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме және бөлшек саудада өткізуге жатқызу өлшемшарттары
471-бап. Акцизделетін тауарлар экспортын растау
472-бап. Акциз сомасын есептеу
473-бап. Салықтық базаны түзету
474-бап. Салықтан шегеру
475-бап. Акциз төлеу мерзімдері
476-бап. Акциз төленетін жер
477-бап. Салық төлеушілердің құрылымдық бөлімшелер, салық салуға байланысты объектілер үшін акциз есептеу мен төлеу тәртібі
478-бап. Салықтық кезең және акциз бойынша салық декларациясы

53-тарау. АКЦИЗДЕЛЕТІН ТАУАРЛАРДЫҢ ИМПОРТЫНА САЛЫҚ САЛУ
479-бап. Импортталатын акцизделетін тауарлардың салықтық базасы
480-бап. Импортталатын акцизделетін тауарларға акциз төлеу мерзімдері
481-бап. Акцизден босатылған акцизделетін тауарлардың импорты

12-БӨЛІМ. ӘЛЕУМЕТТІК САЛЫҚ

54-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
482-бап. Төлеушілер
483-бап. Арнаулы салық режимдерін қолданатын төлеушілердің әлеуметтік салық бойынша салықты есептеу, төлеу және салықтық есептілік ұсыну ерекшеліктері
484-бап. Салық салу объектісі
485-бап. Салық мөлшерлемелері

55-тарау. САЛЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ
486-бап. Әлеуметтік салықты есептеу тәртібі
487-бап. Әлеуметтік салықты төлеу

56-тарау. САЛЫҚТЫҚ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ САЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ
488-бап. Салықтық кезең
489-бап. Жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларация

13-БӨЛІМ. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ САЛЫҒЫ

57-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
490-бап. Салық төлеушілер
491-бап. Салық салу объектілері

58-тарау. САЛЫҚТЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР, САЛЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ МЕН ТӨЛЕУ МЕРЗІМДЕРІ
492-бап. Салықтық мөлшерлемелер
493-бап. Салықты есептеу тәртібі
494-бап. Салық төлеу мерзімдері мен тәртібі

59-тарау. САЛЫҚТЫҚ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ САЛЫҚТЫҚ ЕСЕПТІЛІК
495-бап. Салықтық кезең
496-бап. Салықтық есептілік

14-БӨЛІМ. ЖЕР САЛЫҒЫ

60-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
497-бап. Жалпы ережелер
498-бап. Төлеушілер
499-бап. Жекелеген жағдайларда төлеушіні айқындау
500-бап. Салық салу объектісі
501-бап. Жекелеген жағдайларда салық салу объектісін айқындау
502-бап. Салықтық база

61-тарау. САЛЫҚТЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР
503-бап. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер
504-бап. Жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер

505-бап. Елді мекендердің жеріне (үй маңындағы учаскелерді қоспағанда) арналған базалық салықтық мөлшерлемелер
506-бап. Елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерге (бұдан әрі – өнеркәсіп жері) арналған базалық салықтық мөлшерлемелер
507-бап. Елді мекендер шегінде орналасқан өнеркәсіп жеріне арналған салықтық мөлшерлемелер
508-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қорының жеріне арналған салықтық мөлшерлемелер
509-бап. Автотұрақтарға (паркингтерге), автожанармай құю станцияларына бөлінген, казино орналасқан, сондай-ақ тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелеріне арналған салықтық мөлшерлемелер
510-бап. Базалық салықтық мөлшерлемелерді түзету

62-тарау. САЛЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ МЕН ТӨЛЕУ МЕРЗІМДЕРІ

511-бап. Салықты есептеу мен төлеудің жалпы тәртібі
512-бап. Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің салықты есептеу тәртібі мен төлеу мерзімдері
513-бап. Жекелеген жағдайларда салықты есептеудің, төлеудің және салық бойынша есептілікті ұсыну ерекшеліктері
514-бап. Жеке тұлғалардың салықты есептеу тәртібі мен төлеу мерзімдері

63-тарау. САЛЫҚТЫҚ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ САЛЫҚТЫҚ ЕСЕПТІЛІК

515-бап. Салықтық кезең
516-бап. Салықтық есептілік

15-БӨЛІМ. МҮЛІК САЛЫҒЫ

64-тарау. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР МЕН ДАРА КӘСІПКЕРЛЕРГЕ САЛЫНАТЫН МҮЛІК САЛЫҒЫ

517-бап. Салық төлеушілер
518-бап. Жекелеген жағдайларда салық төлеушіні айқындау
519-бап. Салық салу объектісі
520-бап. Салықтық база
521-бап. Салықтық мөлшерлемелер

522-бап. Салықты есептеу мен төлеу тәртібі
523-бап. Жекелеген жағдайларда салықты есептеу және төлеу
524-бап. Салықтық кезең
525-бап. Салықтық есептілік

65-тарау. ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МҮЛІК САЛЫҒЫ
526-бап. Салық төлеушілер
527-бап. Жекелеген жағдайларда салық төлеушіні айқындау
528-бап. Салық салу объектісі
529-бап. Салықтық база
530-бап. Жекелеген жағдайларда салықты есептеу және төлеу
531-бап. Салықтық мөлшерлемелер
532-бап. Салықты есептеу мен төлеу тәртібі
533-бап. Салықтық кезең

16-БӨЛІМ. ОЙЫН БИЗНЕСІ САЛЫҒЫ

66-тарау. ОЙЫН БИЗНЕСІ САЛЫҒЫ
534-бап. Төлеушілер
535-бап. Салық салу объектілері
536-бап. Салық мөлшерлемелері
537-бап. Салықтық кезең
538-бап. Салықты есептеу тәртібі
539-бап. Ойын бизнесі салығын төлеушілердің қосымша төлемі
540-бап. Қосымша төлемді есептеу мен төлеу тәртібі
541-бап. Салық декларациясын тапсыру мерзімі
542-бап. Салықты төлеу мерзімі

17-БӨЛІМ. ТІРКЕЛГЕН САЛЫҚ

67-тарау. ТІРКЕЛГЕН САЛЫҚ
543-бап. Осы тарауда қолданылатын негізгі ұғымдар
544-бап. Төлеушілер
545-бап. Тіркелген салық салу объектілері
546-бап. Тіркелген салықтың мөлшерлемелері
547-бап. Салықтық кезең
548-бап. Тіркелген салықты есептеу тәртібі мен төлеу мерзімі
549-бап. Салық декларациясын тапсыру мерзімі

18-БӨЛІМ. БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМДЕР

68-тарау. АЛЫМДАР

550-бап. Алымдар туралы жалпы ережелер
551-бап. Алым төлеушілер
552-бап. Алымдарды есептеу мен төлеу тәртібі
553-бап. Тіркеу алымдарының мөлшерлемелері
554-бап. Рұқсат құжаттарын бергені үшін алым мөлшерлемелері

69-тарау. ТӨЛЕМАҚЫЛАР

1-параграф. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы
555-бап. Жалпы ережелер
556-бап. Төлемақы төлеушілер
557-бап. Төлемақы мөлшерлемелері
558-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі

2-параграф. Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы
559-бап. Жалпы ережелер
560-бап. Төлемақы төлеушілер
561-бап. Салық салу объектісі
562-бап. Салықтық кезең
563-бап. Төлемақы мөлшерлемелері
564-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі
565-бап. Салықтық есептілік

3-параграф. Жерүсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы
566-бап. Жалпы ережелер
567-бап. Төлемақы төлеушілер
568-бап. Салық салу объектілері
569-бап. Төлемақы мөлшерлемелері
570-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі
571-бап. Салықтық кезең
572-бап. Салықтық есептілік

4-параграф. Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы
573-бап. Жалпы ережелер
574-бап. Төлемақы төлеушілер
575-бап. Салық салу объектісі
576-бап. Төлемақы мөлшерлемелері
577-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі
578-бап. Салықтық кезең
579-бап. Салықтық есептілік

5-параграф. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы
580-бап. Жалпы ережелер
581-бап. Төлемақы төлеушілер
582-бап. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері
583-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі

6-параграф. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы
584-бап. Жалпы ережелер
585-бап. Төлемақы төлеушілер
586-бап. Салық салу объектісі
587-бап. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері
588-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі

7-параграф. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы
589-бап. Жалпы ережелер
590-бап. Төлемақы төлеушілер
591-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері
592-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі

8-параграф. Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы
593-бап. Жалпы ережелер
594-бап. Төлемақы төлеушілер
595-бап. Төлемақы мөлшерлемелері
596-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі
597-бап. Салықтық кезең

9-параграф. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы
598-бап. Жалпы ережелер
599-бап. Төлемақы төлеушілер
600-бап. Салықтық кезең
601-бап. Төлемақы мөлшерлемелері
602-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі

10-параграф. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы
603-бап. Жалпы ережелер
604-бап. Төлемақы төлеушілер
605-бап. Төлемақы мөлшерлемелері

606-бап. Есептеу, төлеу тәртібі мен төлеу мерзімдері

70-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК БАЖ. КОНСУЛДЫҚ АЛЫМ

1-параграф. Мемлекеттік баж

607-бап. Жалпы ережелер
608-бап. Мемлекеттік бажды төлеушілер
609-бап. Алу объектілері
610-бап. Соттардағы мемлекеттік баж мөлшерлемелері
611-бап. Нотариаттық әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж мөлшерлемелері
612-бап. Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін мемлекеттік баж мөлшерлемелері
613-бап. Қазақстан Республикасының визаларын берген, Қазақстан Республикасынан тұрақты тұрғылықты жерге кетуге құжаттарды ресімдеген, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларды ресімдеген және келіскен, Қазақстан Республикасының азаматтығын алған, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтірген немесе Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан кездегі мемлекеттік баж мөлшерлемелері
614-бап. Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның заңдық мәні бар әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж мөлшерлемелері
615-бап. Өзге де әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж мөлшерлемелері
616-бап. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату
617-бап. Нотариаттық әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден босату
618-бап. Азаматтық хал актілерін тіркеген кезде мемлекеттік баж төлеуден босату
619-бап. Қазақстан Республикасының азаматтығын алу туралы құжаттарды ресімдеген кезде мемлекеттік баж төлеуден босату
620-бап. Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган заңдық мәні бар әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден босату
621-бап. Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын келіскен кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының визаларын берген, қалпына келтірген немесе ұзартқан кезде мемлекеттік баж төлеуден босату

622-бап. Өзге де әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден босату
623-бап. Мемлекеттік бажды төлеу тәртібі

2-параграф. Консулдық алым
624-бап. Жалпы ережелер
625-бап. Консулдық алым төлеушілер
626-бап. Алу объектілері
627-бап. Консулдық алым мөлшерлемелері
628-бап. Консулдық алым төлеуден босату
629-бап. Консулдық алымды төлеу тәртібі

71-тарау. ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ КІРІСТЕРІ МЕН МҮЛКІН ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ

1-параграф. Активтер мен міндеттемелер туралы декларация
630-бап. Активтер мен міндеттемелер туралы декларация
631-бап. Активтер мен міндеттемелер туралы декларация жасау ерекшеліктері
632-бап. Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыру мерзімдері

2-параграф. Кірістер мен мүлік туралы декларация
633-бап. Кірістер мен мүлік туралы декларация
634-бап. Кірістер мен мүлік туралы декларация жасау ерекшеліктері
635-бап. Кірістер мен мүлік туралы декларацияны тапсыру мерзімдері
636-бап. Күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша жеке тұлғаның салық салынатын кірісін айқындау
637-бап. Күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғаның кірістерінен жеке табыс салығын есептеу
638-бап. Шетелдік салықты есепке жатқызу
639-бап. Бақыланатын шетелдік компанияның салығын есепке жатқызу
640-бап. Жеке табыс салығы бойынша асып кету
641-бап. Кірістер мен мүлік туралы декларацияда есептелген салықты төлеу тәртібі мен мерзімдері
642-бап. Резидент-еңбекші көшіп келушінің кірісі
643-бап. Жеке табыс салығы бойынша декларация және оны тапсыру мерзімдері

19-БӨЛІМ. БЕЙРЕЗИДЕНТТЕРГЕ САЛЫҚ САЛУ

644-бап. Бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістері

72-тарау. ҚЫЗМЕТІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТҰРАҚТЫ МЕКЕМЕ ҚҰРУҒА АЛЫП КЕЛМЕЙТІН БЕЙРЕЗИДЕНТ-ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ КІРІСТЕРІНЕ САЛЫҚ САЛУ ТӘРТІБІ

645-бап. Төлем көзінен корпоративтік табыс салығын есептеу мен ұстау тәртібі
646-бап. Төлем көзінен табыс салығының мөлшерлемелері
647-бап. Төлем көзінен корпоративтік табыс салығын аудару тәртібі мен мерзімдері
648-бап. Салықтық есептілікті ұсыну
649-бап. Салықтық есептілікті ұсыну ерекшеліктері
650-бап. Қазақстан Республикасындағы мүлікті және Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға байланысты акцияларды, қатысу үлестерін өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістерден салықты есептеу, ұстау және аудару

73-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚЫЗМЕТТІ ТҰРАҚТЫ МЕКЕМЕ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН БЕЙРЕЗИДЕНТ-ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ КІРІСТЕРІНЕ САЛЫҚ САЛУ ТӘРТІБІ

651-бап. Салық салынатын кірісті айқындау
652-бап. Таза кіріске салық салу тәртібі
653-бап. Жекелеген жағдайларда кірістерге салық салу тәртібі

74-тарау. БЕЙРЕЗИДЕНТ-ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ КІРІСТЕРІНЕ САЛЫҚ САЛУ ТӘРТІБІ

654-бап. Бейрезидент-жеке тұлғаның салық салудан босатылған кірістері
655-бап. Төлем көзінен салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және аудару тәртібі
656-бап. Қызметі тұрақты мекеме құруға алып келмейтін бейрезидент-заңды тұлға Қазақстан Республикасына жіберген шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың кірістеріне салық салу тәртібі
657-бап. Жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларацияны тапсыру
658-бап. Жекелеген жағдайларда бейрезидент-жеке тұлғаның кірістерінен жеке табыс салығын есептеу мен төлеу тәртібі
659-бап. Жеке табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру

75-тарау. ҚОСАРЛАНҒАН САЛЫҚ САЛУДЫ БОЛҒЫЗБАУ ЖӘНЕ САЛЫҚ ТӨЛЕУДЕН ЖАЛТАРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІН РЕТТЕЙТІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР БОЙЫНША АРНАЙЫ ЕРЕЖЕЛЕР

660-бап. Халықаралық шартты қолдану жағдайлары
661-бап. Халықаралық шартты қолдану тәртібі
662-бап. Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістерге салық салу мақсатында бейрезидент-заңды тұлғаның басқару және жалпы әкімшілік шығыстарын шегерімге жатқызу тәртібі
663-бап. Шығыстарды пропорционалды бөлу әдісі
664-бап. Жекелеген жағдайларда шығыстарды пропорционалды бөлу әдісін қолдану кезінде бейрезидент-заңды тұлғаның қаржылық есептілігінің деректерін түзету тәртібі
665-бап. Шығыстарды шегерімге тікелей (тура) жатқызу әдісі
666-бап. Бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған кірістерін салық салудан толық босатуға қатысты халықаралық шартты қолдану тәртібі
667-бап. Бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған дивидендтер, сыйақылар және (немесе) роялти түріндегі кірістерін салық салудан босатуға немесе оларға төмендетілген салықтық мөлшерлемені қолдануға қатысты халықаралық шартты қолдану тәртібі
668-бап. Бейрезиденттің депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша дивидендтер түріндегі кірістерін салық салудан ішінара босатуға қатысты халықаралық шартты қолдану тәртібі
669-бап. Бейрезиденттің тұрақты мекеме арқылы халықаралық тасымал бойынша қызметтер көрсетуден түскен кірістерін салық салудан босатуға қатысты халықаралық шартты қолдану тәртібі
670-бап. Бейрезиденттің тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін таза кірісін салық салудан ішінара босатуға қатысты халықаралық шартты қолдану тәртібі
671-бап. Бейрезидент-жеке тұлғаның салық агенттері болып табылмайтын тұлғалардан алған кірістерін салық салудан босатуға қатысты халықаралық шартты қолдану тәртібі
672-бап. Бейрезиденттің төленген табыс салығын халықаралық шарт негізінде бюджеттен қайтарып алуға өтініш беру тәртібі
673-бап. Бейрезиденттің өтінішін қарау және оны қарау нәтижелері бойынша шешім қабылдау тәртібі

674-бап. Бейрезиденттің өтінішін қарау нәтижелері бойынша шешімге шағым жасау және шағымды қарау нәтижелері бойынша шешім шығару тәртібі
675-бап. Бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжатқа қойылатын талаптар
676-бап. Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістердің және ұстап қалған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтама
677-бап. Салық жинаудағы көмек

20-БӨЛІМ. АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІ

76-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
678-бап. Арнаулы салық режимдерінің түрлері
679-бап. Арнаулы салық режимін таңдау және оны қолдануды тоқтату тәртібі

77-тарау. ШАҒЫН БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІ ҮШІН АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-параграф. Жалпы ережелер
680-бап. Жалпы ережелер
681-бап. Патенттің немесе оңайлатылған декларацияның негізінде арнаулы салық режимдерін қолданған кезде кірістерді айқындау тәртібі
682-бап. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды жүзеге асырмайтын дара кәсіпкерлердің кірістерін салықтық есепке алуда тану ерекшеліктері
683-бап. Арнаулы салық режимін қолданудың шарттары
684-бап. Салықтық кезең

2-параграф. Патент негізіндегі арнаулы салық режимі
685-бап. Қолдану тәртібі
686-бап. Патент құнын есептеу

3-параграф. Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі
687-бап. Оңайлатылған декларация бойынша салықтарды есептеу
688-бап. Оңайлатылған декларацияны тапсыру мен салықтарды төлеу мерзімдері

689-бап. Жекелеген салық түрлері мен әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу және олар бойынша салықтық есептілікті ұсыну

4-параграф. Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимі

690-бап. Салық салу объектісі
691-бап. Кірістер
692-бап. Шегерімге жатқызылатын шығыстарды айқындау тәртібі
693-бап. Қосымша тіркелген шегерім
694-бап. Салық салынатын кірісті азайту
695-бап. Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимі бойынша салықтарды есептеу
696-бап. Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимі бойынша салық декларациясын тапсыру мен салықтарды төлеу тәртібі

78-тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІН ӨНДІРУШІЛЕР ҮШІН АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІ

697-бап. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге салық салу ерекшеліктері

1-параграф. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимі

698-бап. Жалпы ережелер
699-бап. Салықтық кезең
700-бап. Жекелеген салық түрлерін есептеу ерекшеліктері
701-бап. Салықтарды төлеу және салықтық есептілікті ұсыну мерзімдері

2-параграф. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі

702-бап. Жалпы ережелер
703-бап. Салық салу объектісі
704-бап. Бірыңғай жер салығын есептеу тәртібі
705-бап. Арнаулы салық режимін қолдану ерекшеліктері
706-бап. Жекелеген салық және бюджетке төленетін төлемдер түрлерін төлеу мерзімдері
707-бап. Бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін салық декларациясын тапсыру мерзімдері

21-БӨЛІМ. ҚЫЗМЕТІН АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАР АУМАҚТАРЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ТҰЛҒАЛАРҒА ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСЫМ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАРҒА САЛЫҚ САЛУ

79-тарау. ҚЫЗМЕТІН АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАР АУМАҚТАРЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ТҰЛҒАЛАРҒА САЛЫҚ САЛУ

708-бап. Жалпы ережелер
709-бап. Қызметін арнайы экономикалық аймақтың аумағында жүзеге асыратын ұйымдар мен дара кәсіпкерлерге салық салу
710-бап. Салықтық кезең және салықтық есептілік

80-тарау. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСЫМ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАРҒА САЛЫҚ САЛУ

711-бап. Жалпы ережелер
712-бап. Инвестициялық басым жобаларды іске асыратын ұйымдарға салық салу

22-БӨЛІМ. ЭКСПОРТҚА РЕНТА САЛЫҒЫ

81-тарау. ЭКСПОРТҚА РЕНТА САЛЫҒЫ

713-бап. Төлеушілер
714-бап. Салық салу объектісі
715-бап. Есептеу тәртібі
716-бап. Экспортқа рента салығының мөлшерлемелері
717-бап. Салықтық кезең
718-бап. Төлеу мерзімдері
719-бап. Салық декларациясы

23-БӨЛІМ. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА САЛЫҚ САЛУ

82-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

720-бап. Осы бөлімде реттелетін қатынастар
721-бап. Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктері
722-бап. Жекелеген жер қойнауын пайдаланушылардың салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктері
723-бап. Жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды салықтық есепке алу ерекшеліктері

83-тарау. ҚОЛ ҚОЮ БОНУСЫ

724-бап. Жалпы ережелер
725-бап. Төлеушілер
726-бап. Қол қою бонусын есептеу тәртібі
727-бап. Аукцион нәтижелері бойынша берілетін лицензияларды қоспағанда, геологиялық зерделеуге, кен іздеушілікке, пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензиялар бойынша қол қою бонусын есептеу ерекшеліктері
728-бап. Салықтық кезең
729-бап. Қол қою бонусын төлеу мерзімдері
730-бап. Салық декларациясы

84-тарау. ТАРИХИ ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ БОЙЫНША ТӨЛЕМ
731-бап. Жалпы ережелер
732-бап. Төлеушілер
733-бап. Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемді белгілеу тәртібі
734-бап. Төлеу тәртібі мен мерзімдері
735-бап. Салық декларациясы

85-тарау. ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУ САЛЫҒЫ
736-бап. Жалпы ережелер
737-бап. Төлеу ерекшеліктері
738-бап. Төлеушілер

1-параграф. Көмірсутектерге арналған пайдалы қазбаларды өндіру салығы
739-бап. Салық салу объектісі
740-бап. Салықтық база
741-бап. Көмірсутектердің құнын айқындау тәртібі
742-бап. Салықты есептеу тәртібі
743-бап. Пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелері

2-параграф. Кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, минералды шикізатқа арналған пайдалы қазбаларды өндіру салығы
744-бап. Салық салу объектісі
745-бап. Салықтық база
746-бап. Пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелері

3-параграф. Кең таралған пайдалы қазбаларға, жерасты суларына және емдік балшыққа арналған пайдалы қазбаларды өндіру салығы
747-бап. Салық салу объектісі
748-бап. Пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелері
749-бап. Салықтық кезең

750-бап. Төлеу мерзімдері
751-бап. Салық декларациясы

86-тарау. ҮСТЕМЕ ПАЙДА САЛЫҒЫ
752-бап. Жалпы ережелер
753-бап. Төлеушілер
754-бап. Салық салу объектісі
755-бап. Үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кіріс
756-бап. Үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін салық салынатын кіріс
757-бап. Үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша жылдық жалпы кіріс
758-бап. Үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін шегерімдер
759-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша корпоративтік табыс салығы
760-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша бейрезиденттің тұрақты мекемесінің таза кірісіне салықты есептеу сомасы
761-бап. Есептеу тәртібі
762-бап. Үстеме пайда салығының мөлшерлемелері, үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кірісті бөлудің шекті сомасын есептеуге арналған пайыздардың деңгейлері мен мөлшері
763-бап. Салықтық кезең
764-бап. Салықты төлеу мерзімі
765-бап. Салық декларациясы

87-тарау. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУҒА БАЛАМАЛЫ САЛЫҚ
766-бап. Жалпы ережелер
767-бап. Жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты есептеу тәртібі
768-бап. Салықтық мөлшерлеме
769-бап. Салықтық кезең
770-бап. Салықты төлеу мерзімі
771-бап. Салық декларациясы

88-тарау. ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУ САЛЫҒЫ, КӨМІРСУТЕКТЕР БОЙЫНША ЭКСПОРТҚА РЕНТА САЛЫҒЫ, РОЯЛТИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨНІМДІ БӨЛУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҮЛЕСІ БОЙЫНША САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ЗАТТАЙ НЫСАНДА ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ

772-бап. Роялти және Қазақстан Республикасының өнімді бөлуге байланысты үлесі бойынша салықтық міндеттемені заттай нысанда орындау тәртібі
773-бап. Пайдалы қазбаларды өндіру салығын, көмірсутектер бойынша экспортқа рента салығын заттай нысанда төлеу тәртібі

Осы Кодекс салық салудың негіз құраушы қағидаттарын белгілейді, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу, енгізу, өзгерту, олардың күшін жою, есептеу мен төлеу тәртібі жөніндегі билік қатынастарын, сондай-ақ салықтық міндеттемені орындауға байланысты қатынастарды реттейді.

1. ЖАЛПЫ БӨЛІК

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Салық салу мақсаттары үшін осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) ақпаратты өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтер – ақпаратты жинау мен қорытуды, ақпараттық массивтерді (деректерді) жүйеге келтіруді жүзеге асыру және осы ақпаратты өңдеу нәтижелерін пайдаланушының билік етуіне беру бойынша көрсетілетін қызметтер;

2) арнаулы салық режимі – салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлерін есептеу мен төлеудің, сондай-ақ салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін олар бойынша салықтық есептілікті ұсынудың ерекше тәртібі;

3) әлеуметтік төлемдер – «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін әлеуметтік аударымдар, «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен жарналар;

4) бағалы қағаздар – акциялар, борыштық бағалы қағаздар, депозитарлық қолхаттар, пайлық инвестициялық қорлардың пайлары, исламдық бағалы қағаздар;

5) бересі – Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен шағым жасалу кезеңінде шағым жасалатын бөлігінде тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген сомаларды қоспағанда, салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің, оның ішінде олар бойынша аванстық және (немесе) ағымдағы төлемдердің есептелген, есепке жазылған және мерзімінде төленбеген сомалары;

6) борыштық бағалы қағаздар – мемлекеттік эмиссиялық бағалы

қағаздар, облигациялар және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес борыштық бағалы қағаздар деп танылған басқа да бағалы қағаздар;

7) борыштық бағалы қағаздар бойынша дисконт (бұдан әрі – дисконт) – борыштық бағалы қағаздардың номиналдық құны мен бастапқы орналастырылу (купон есепке алынбаған) құны немесе сатып алыну (купон есепке алынбаған) құны арасындағы айырма;

8) борыштық бағалы қағаздар бойынша купон (бұдан әрі – купон) – шығарылым шарттарына сәйкес эмитент борыштық бағалы қағаздардың номиналдық құнының үстінен төлейтін (төленуге жататын) сома;

9) борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы – шығарылым шарттары бойынша купон төлеу көзделетін борыштық бағалы қағаздардың бастапқы орналастырылу (купон есепке алынбаған) құны немесе сатып алыну (купон есепке алынбаған) құны мен номиналдық құны арасындағы айырма;

10) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер (бұдан әрі – бюджетке төленетін төлемдер) – осы Кодексте белгіленген мөлшерлерде және жағдайларда жүргізілетін кедендік төлемдерді қоспағанда, бюджетке төлемақылар, алымдар, баждар түріндегі міндетті ақша аударымдары;

11) валюта айырбастаудың нарықтық бағамы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп айқындаған тәртіппен айқындалған, теңгенің шетел валютасына бағамы;

12) веб-қосымша – салық төлеушінің электрондық салықтық көрсетілетін қызметтерді алуына және оның салықтық міндеттемелерді орындауына арналған, уәкілетті органның дербестендірілген және санкцияланбаған қолжетімділіктен қорғалған интернет-ресурсы;

13) грант – белгілі бір мақсаттарға (міндеттерге) қол жеткізу үшін өтеусіз негізде:

мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері – Қазақстан Республикасына, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, жеке, сондай-ақ заңды тұлғаларға;

қызметі қайырымдылық және (немесе) халықаралық сипатқа ие және Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейтін, мемлекеттік органдардың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбеге енгізілген халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, шетелдік және қазақстандық үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар – Қазақстан Республикасына, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, жеке, сондай-ақ заңды тұлғаларға;

шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар – Қазақстан Республикасына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне беретін мүлік;

14) гуманитарлық көмек – халықтың өмірі мен тұрмыс жағдайларын жақсарту, сондай-ақ соғыс, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою үшін шет елдерден және

халықаралық ұйымдардан жіберілген азық-түлік, халық тұтынатын тауарлар, техника, құрал-жарақтар, жабдықтар, медициналық және дәрілік заттар, өзге де мүлік түрінде Қазақстан Республикасына өтеусіз берілетін, Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілетті ұйымдар арқылы бөлетін мүлік;

15) демеушілік көмек – осы көмекті көрсететін тұлға туралы ақпаратты тарату мақсатында өтеусіз негізде:

жарыстарға, конкурстарға, көрмелерге, байқауларға қатысу және шығармашылық, ғылыми, ғылыми-техникалық, өнертапқыштық қызметті дамыту, білім мен спорт шеберлігі деңгейін арттыру үшін жеке тұлғаларға қаржылық (әлеуметтіктен басқа) қолдау түрінде;

өздерінің жарғылық мақсаттарын іске асыру үшін коммерциялық емес ұйымдарға берілетін мүлік;

16) дивидендтер – бұл:

акциялар бойынша, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активтері болып табылатын акциялар бойынша төленуге жататын таза кіріс немесе оның бір бөлігі түріндегі кіріс;

қордың басқарушы компаниясы пайларды сатып алған кезде олар бойынша кірісті қоспағанда, пайлық инвестициялық қордың пайлары бойынша төленуге жататын кіріс;

заңды тұлға өз құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлетін таза кіріс немесе оның бір бөлігі түріндегі кіріс;

заңды тұлғаны тарату немесе жарғылық капиталды азайту кезінде, сондай-ақ заңды тұлғаның құрылтайшыдан, қатысушыдан осы заңды тұлғадағы қатысу үлесін немесе оның бір бөлігін сатып алуы, эмитент-заңды тұлғаның акционерден осы эмитент шығарған акцияларды сатып алуы кезінде мүлікті бөлуден түсетін кіріс;

исламдық қатысу сертификаттары бойынша төленуге жататын кіріс;

акционер, қатысушы, құрылтайшы немесе олардың өзара байланысты тарапы заңды тұлғадан:

тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің нарықтық бағасы мен осындай тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің акционерге, қатысушыға, құрылтайшыға немесе олардың өзара байланысты тарапына өткізілген бағасы арасындағы оң айырма;

тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің нарықтық бағасы мен осындай тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің акционерден, қатысушыдан, құрылтайшыдан немесе олардың өзара байланысты тарапынан сатып алынған бағасы арасындағы теріс айырма;

заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметіне байланысты емес, оның акционерінде, қатысушысында, құрылтайшысында немесе олардың өзара байланысты тарапында үшінші тұлға алдында туындайтын шығыстардың немесе міндеттемелердің заңды тұлғаға акционері, құрылтайшысы, қатысушысы немесе олардың өзара байланысты тарапы өтемей, заңды тұлға өтейтін құны;

осы Кодекстің 322 – 324-баптарында көрсетілген кірістерді және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін кірістерді қоспағанда, заңды тұлға өзінің акционеріне, қатысушысына, құрылтайшысына немесе олардың өзара байланысты тарапына беретін кез келген мүлік пен материалдық пайда түрінде алатын кіріс.

Осы тармақшада көрсетілген мүлікті бөлуден түсетін кіріс мынадай тәртіппен айқындалады:

К = Қа – Қк,

мұнда:

К – мүлікті бөлуден түсетін кіріс;

Қа – мүлікті бөлу кезінде акционер, қатысушы, құрылтайшы алатын (алған), оның ішінде бұрын енгізілгеннің орнына алатын (алған) мүліктің қайта бағалау мен құнсыздануын есепке алмағанда, беретін тұлғаның бухгалтерлік есебінде көрсетілуге жататын (көрсетілген) беру күнгі баланстық құны;

Қк:

төленген жарғылық капиталдың мүлікті бөлу жүзеге асырылатын акциялар санына тиесілі мөлшері;

төленген жарғылық капиталдың мүлікті бөлу жүзеге асырылатын қатысу үлесіне тиесілі, бірақ оны сатып алу және (немесе) пайдасына мүлікті бөлу жүзеге асырылатын қатысушы жүргізген жарғылық капиталға жарналар төлеуге жұмсалатын шығындардың сомасынан аспайтын мөлшері.

Осы тармақшада көрсетілген оң немесе теріс айырма салық салу объектілерін түзету кезінде айқындалады. Бұл ретте салық салу объектілерін түзету Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жүргізіледі. Осы тармақшаның мақсаттары үшін өзара байланысты тараптар осы баптың 2-тармағына сәйкес айқындалады;

17) дизайнерлік көрсетілетін қызметтер – көркемдік нысандарды, бұйымдардың сыртқы түрлерін, ғимараттардың қасбеттерін, үй-жайлардың интерьерлерін жобалау бойынша көрсетілетін қызметтер; көркемдік конструкциялау;

18) жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібі – осы Кодекстің 20-бөлімінде белгіленген, тәртіпті қоспағанда, осы Кодекстің Ерекше бөлігінде белгіленген салықтарды және бюжетке төленетін төлемдерді есептеу, төлеу, олар бойынша салықтық есептілікті ұсыну тәртібі;

19) жеке практикамен айналысатын адам – жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор;

20) жеке тұлғаны әлеуметтік қолдау – салық агентінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік қолдауға құқығы бар жеке тұлғаға республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының басына қолданыста болатын жалақының 55 еселенген ең төмен мөлшері шегінде мүлікті бір жыл өтеусіз беруі.

Осы тармақшада көзделген тұлғалар санаттарының тізбесін уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітеді;

21) жеке тұлғаның жеке мүлкі – жеке тұлғаның меншік құқығындағы немесе ортақ меншіктегі оның үлесі болып табылатын, бір мезгілде мынадай шарттар орындалған кезде:

жеке тұлға кәсіпкерлік қызмет мақсатында пайдаланбайтын;

жеке тұлғаның өз бетінше салық салуына жататын кірістерден жеке табыс салығын салу объектісі болып табылмайтын материалдық нысандағы заттары;

22) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт – Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген құзыретке сәйкес құзыретті орган немесе жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы мен жеке және (немесе) заңды тұлға арасындағы пайдалы қазбаларды барлауды, өндіруді, бірлескен барлау мен өндіруді жүргізуге не барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылысжайларын салуға және (немесе) пайдалануға арналған не жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған шарт.

Осы Кодекстің мақсаттары үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялар мен жер қойнауын пайдалану және (немесе) су пайдалану құқығын берудің басқа түрлері де жатады.

Бұл ретте осы Кодексте пайдаланылатын «барлауға арналған келісімшарт», «өндіруге арналған келісімшарт», «бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт» және «барлауға немесе өндіруге арналған лицензия» деген терминдер «жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт» деген ұғымға сәйкес келеді, «барлау мен өндіруге арналған келісімшарт» деген термин «бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт» деген ұғымға сәйкес келеді;

23) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар – жер қойнауын геологиялық зерттеуге, пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге қатысты, оның ішінде жерасты суларын, емдік балшықтарды барлауға және өндіруге, жер қойнауын ағынды суларды ағызу үшін барлауға байланысты, сондай-ақ барлауға және (немесе) өндіруге байланысты емес жерасты құрылысжайларын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар;

24) жер қойнауын пайдаланушылар – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында, мұнай операцияларын қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану және (немесе) су пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғалар;

25) жұмыскер:

жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты (келісімшарт) бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

мемлекеттік қызметші;

мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, директорлар кеңесінің немесе жоғары басқару органы болып табылмайтын салық төлеушінің өзге де басқару органының мүшесі;

осы Кодекстің 220-бабы 7-тармағының ережелеріне сәйкес қызметі тұрақты мекеме құрмайтын бейрезиденттің резидентке немесе Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын өзге бейрезидентке персоналды беруіне арналған келісімшарт бойынша жұмыс істеу үшін ұсынылған шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

26) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі – филиал, өкілдік;

27) инвестициялық алтын – мынадай шарттарға сәйкес келетін алтын:

алтын монеталар үшін:

мұндай алтын монеталардың нумизматикалық құндылығы болмайды;

алтын монеталардың тазалығы жалпы массасының 1000 үлесінің 900 мыңдық үлесіне тең немесе одан асады (бұл 900-сынамаға, 900 промиллеге, 90,0 пайызға немесе 21,6 каратқа сәйкес келеді).

Бұл ретте алтын монета мынадай шарттардың біріне сәйкес болған кезде:

1800 жылға дейін соғылған;

«пруф» (proof) сапасымен бетінің айнадай болып шығуын қамтамасыз ететін технология бойынша соғылған;

шығарылымының таралымы 1 000 данадан аспаған;

оның нарықтық бағасы монета құрамындағы алтын құнының 80 пайызынан асқан жағдайда, оның нумизматикалық құндылығы бар деп танылады.

Монетаның құрамындағы алтынның құны алтын монетаны өткізу күні Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы белгілеген алтынның таңертеңгі фиксингін (баға белгіленімін) көрсетілген күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамына көбейту арқылы айқындалады.

Қалған алтын үшін:

мұндай алтын аффинирленген болып табылады (мұндай алтынның тазалығы лигатуралық массаның 1 000 үлесінің 995 мыңдық үлесіне тең немесе одан асады (бұл 995-сынамаға, 995 промиллеге, 99,5 пайызға немесе 23,88 каратқа сәйкес келеді);

мұндай алтын ұлттық немесе халықаралық стандартқа сәйкес келеді, өлшеуіш немесе стандартты құйма және (немесе) тілім түрінде дайындалып, мынадай таңбалау салынады:

стандартты құйма және (немесе) тілім үшін:

сериялық нөмірі (дайындалған жылы қамтылуы мүмкін);

дайындаушының тауар белгісі;

алтынның тазалығы (массалық үлесі);
егер сериялық нөмірге енгізілмеген болса, дайындалған жылы;
өлшеуіш құйма үшін:
металдың атауы;
дайындаушының тауар белгісі;
алтынның тазалығы (массалық үлесі);
құйманың массасы;

28) инжинирингтік көрсетілетін қызметтер – инженерлік-консультациялық көрсетілетін қызметтер, зерттеу, жобалау-конструкторлық, есептеу-талдау сипатындағы жұмыстар, жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін дайындау, өндірісті ұйымдастыру және басқару, өнімдерді өткізу саласында ұсынымдар әзірлеу;

29) интернет-алан – тауарлармен электрондық сауданы ұйымдастыру бойынша делдалдық қызметтер көрсететін, Интернетте орналастырылған ақпараттық жүйе;

30) интернет-дүкен – тауарларды өз интернет-ресурсында өткізуге арналған, Интернетте орналастырылған ақпараттық жүйе;

31) исламдық бағалы қағаздар – исламдық жалдау сертификаттары мен исламдық қатысу сертификаттары;

32) кәсіпқой медиатор – «Медиация туралы» Қазақстан Республикасы Заңыиың талаптарына сәйкес қызметін кәсіби негізде жүзеге асыратын медиатор;

33) кезең үшін валюта айырбастаудың орташа арифметикалық нарықтық бағамы – мынадай формула бойынша айқындалған бағам:

$R = (R_1 + R_2 + \ldots + R_n)/n$,

мұнда:

R – кезең үшін валюта айырбастаудың орташа арифметикалық нарықтық бағамы;

R_1, R_2..., Rn – кезең ішінде кезеңнің әрбір күні алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған, тиісті валютаны айырбастаудың күн сайынғы нарықтық бағамы;

n – кезеңдегі күнтізбелік күндердің саны;

34) келісімшарттан тыс қызмет – жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың ережелерінде тікелей көзделмеген кез келген өзге қызметі;

35) келісімшарттық қызмет – жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылатын қызметі;

36) консультациялық көрсетілетін қызметтер – басқарушылық, экономикалық, қаржылық, инвестициялық мәселелерді, оның ішінде стратегиялық жоспарлау, кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүзеге асыру, персоналды басқару мәселелерін шешу мақсатында тұлғаның проблемаларын және (немесе) мүмкіндіктерін айқындауды және (немесе)

бағалауды қоса алғанда, түсіндірмелер, ұсынымдар, кеңестер және өзге де нысандағы консультациялар беру бойынша көрсетілетін қызметтер;

37) көмірсутектерді дайындау – көмірсутектерді дайындайтын технологиялық процестердің кешені, оның ішінде жинау, дайындауға жеткізу, ұңғыма сұйықтығының өлшегіш қондырғыларға түсуі, газсыздандыру, сусыздандыру, тұзсыздандыру, тұрақтандыру, демеркаптанизациялау;

38) қайырымдылық көмек – өтеусіз негізде:

демеушілік көмек түрінде;

жеке тұлғаны әлеуметтік қолдау түрінде;

коммерциялық емес ұйымға оның жарғылық қызметін қолдау мақсатында;

әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымға, осы ұйымның осы Кодекстің 290-бабының 2-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыруы мақсатында;

осы Кодекстің 290-бабының 3-тармағында көрсетілген шарттарға сай келетін, әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымға берілетін мүлік;

39) қатысу үлесі – акционерлік қоғамдар мен пайлық инвестициялық қорларды қоспағанда, жеке және (немесе) заңды тұлғаның бірлескен қызметке, заңды тұлғаның жарғылық капиталына үлестік қатысуы;

40) құпиялылық туралы келісім – геологиялық ақпаратты пайдалануға беруге негіз болған, жер қойнауын пайдаланушы мен жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган арасындағы шарт (келісім). Мұндай шартқа (келісімге), оның ішінде ақпаратты иемденіп алу туралы шарт (келісім) жатады;

41) қыздырылатын темекісі бар бұйымдар – темекінің жану процесінсіз электрондық немесе өзге де тәсілмен темекіні қыздыру нәтижесінде түзілген аэрозольді ішке тартуға арналған темекісі бар бұйымдар;

42) маркетингтік көрсетілетін қызметтер – тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамасын, баға стратегиясын және жарнама стратегиясын әзірлеуді қоса алғанда, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өндірісі мен айналысына үздік экономикалық жағдайлар жасау жөніндегі шараларды айқындау мақсатында тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өндірісі мен айналысы саласындағы зерттеуге, талдауға, жоспарлауға және болжамдауға байланысты көрсетілетін қызметтер;

43) мемлекет атынан алушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында және (немесе) осы Кодекстің 722-бабында көзделген өнімді бөлу туралы келісімдерде (келісімшарттарда), Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көзделген салықтық міндеттемені орындау есебіне жер қойнауын пайдаланушы заттай нысанда

беретін пайдалы қазбаларды алушы ретінде мемлекет атынан әрекет ететін заңды тұлға;

44) мемлекеттік кіріс органы – өз құзыреті шегінде салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасында кедендік реттеуді, Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның қарауына жатқызылған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайтын мемлекеттік орган;

45) минералды шикізат – жер қойнауының жер үстіне шығарылған, құрамында пайдалы қазба (пайдалы қазбалар) бар бір бөлігі (тау-кен жынысы, кен шикізаты және басқалар);

46) минералды шикізатты бастапқы өңдеу (байыту) – тау-кен өнеркәсібі қызметінің түрі, ол өндірілген жерінде жинауды, бөлшектеуді немесе ұсақтауды, жіктеуді (сұрыптауды), брикеттеуді, агломерациялауды және физикалық-химиялық әдістермен байытуды (пайдалы қазбалардың минералды нысандарын, олардың агрегаттық-фазалық жай-күйін, кристалдық-химиялық құрылымын сапалық жағынан өзгертпестен) қамтиды, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі жұмыстардың арнайы түрлері (жерастын газдандыру және балқыту, химиялық және бактериялық сілтісіздендіру, ұсақ тау-кен жынысы бар кен орындарын түйіршіктеу және гидравликалық жолмен игеру) болып табылатын өңдеу технологияларын қамтуы мүмкін;

47) мұнай операциялары – көмісутектерді барлау, өндіру, қажетті технологиялық және өндірістік объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар;

48) оператор – өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде жай серіктестік (консорциум) құрамында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құратын немесе айқындайтын заңды тұлға;

49) өндіру – пайдалы қазбаларды жер қойнауынан жер бетіне, оның ішінде жерасты суларын ала отырып шығарумен, сондай-ақ техногендік минералды түзілімдерден алумен байланысты жұмыстардың (операциялардың) бүкіл кешені;

50) өткізу – сату, айырбастау, өтеусіз беру мақсатында тауарларды не өзге де мүлікті тиеп жіберу және (немесе) беру, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, лизинг шарты бойынша мүлікті беру, сондай-ақ борышкер кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған кезде, кепілге салынған тауарларды кепіл ұстаушыға беру;

51) пайдалы қазбалар – химиялық құрамы мен физикалық қасиеттері оларды материалдық өндіру және (немесе) тұтыну саласында және (немесе)

өзге де мұқтаждарға тікелей немесе өңдеуден кейін пайдалануға мүмкіндік беретін жер қойнауындағы табиғи минералды түзілімдер, көмірсутектер және жерасты сулары, сондай-ақ құрамында пайдалы құрамдастар бар табиғи минералды түзілімдер мен органикалық заттар;

52) роялти – мыналар:

пайдалы қазбаларды өндіру және техногендік түзілімдерді қайта өңдеу процесінде жер қойнауын пайдалану құқығы үшін;

зияткерлік меншік объектісіне мүліктік (айрықша) құқықтарды толығымен немесе ішінара іске асыруды қоспағанда, авторлық құқықтарды, оның ішінде бағдарламалық қамтылымды, сызбаны немесе модельді пайдаланғаны немесе пайдалану құқығы үшін; патенттерді, тауар белгілерін немесе басқа да осыған ұқсас құқық түрлерін пайдаланғаны немесе пайдалану құқығы үшін;

өнеркәсіп жабдықтарын, оның ішінде бербоут-чартер немесе димайз-чартер шарттары бойынша жалға алынатын теңіз кемелерін және димайз-чартер шарттары бойынша жалға алынатын әуе кемелерін, сондай-ақ сауда немесе ғылыми-зерттеу жабдықтарын пайдаланғаны немесе пайдалану құқығы үшін; «ноу-хауды» пайдаланғаны үшін; кинофильмдерді, бейнефильмдерді, дыбыс жазуды немесе өзге де жазу құралдарын пайдаланғаны немесе пайдалану құқығы үшін төленетін төлем;

53) салық агенті – осы Кодекске сәйкес төлем көзінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндет жүктелген дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам, заңды тұлға, оның ішінде оның құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ бейрезидент-заңды тұлға;

54) салық режимі – осы Кодексте белгіленген салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеу жөніндегі барлық салықтық міндеттемені есептеу кезінде салық төлеуші қолданатын Қазақстан Республикасының салық заңнамасы нормаларының жиынтығы;

55) салықтар – осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізілетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын, бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер;

56) салықтар бойынша аудит қорытындысы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар бойынша аудиттің нәтижелері бойынша жасалған қорытынды;

57) салық төлеуші – салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеуші болып табылатын тұлға және (немесе) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі;

58) салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шоты – салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің, әлеуметтік төлемдердің есептелген, есепке жазылған (азайтылған), аударылған және төленген (есепке жатқызылғандары және қайтарылғандары ескерілген) сомаларын, сондай-ақ өсімпұл мен айыппұлдардың сомаларын есепке алуға арналған құжат, оның

ішінде электрондық нысандағы құжат;

59) салық төлеушінің электрондық құжаты – белгіленген электрондық форматта берілген, қабылданғаннан және теңтүпнұсқалылығы расталғаннан кейін салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат;

60) салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы – Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес алынған, электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның салық төлеушіге тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық символдардың жинағы;

61) салықтық берешек – бересі сомасы, сондай-ақ өсімпұл мен айыппұлдардың төленбеген сомалары. Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен шағым жасалу кезеңінде шағым жасалатын бөлігінде тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген өсімпұл сомасы, сондай-ақ әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыда көрсетілген айыппұлдар сомасы салықтық берешекке қосылмайды;

62) сыйақы – мыналарға:

кредиттің (қарыздың, микрокредиттің) алынған (берілген) сомасын, екінші деңгейдегі банктердің ақша аударғаны үшін комиссияларды және қарыз алушы үшін қарыз беруші, өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға төленетін өзге де төлемдерді қоспағанда, кредитпен (қарызбен, микрокредитпен) байланысты;

кредиттің (қарыздың, микрокредиттің) алынған (берілген) сомасын, ақша аударғаны үшін комиссияларды және қарыз алушы үшін қарыз беруші, өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға төленетін өзге де төлемдерді қоспағанда, талап ету құқығы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Микроқаржы ұйымдары туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген заңды тұлғаға берілген кредитпен (қарызбен, микрокредитпен) байланысты;

мыналарды:

мұндай мүлік алынған (берілген) құнды;

қаржы лизингі шартының талаптарына сәйкес коэффициентті (индексті) қолдану кезінде лизингтік төлемдер мөлшерінің өзгеруіне байланысты төлемдерді;

лизинг алушы үшін лизинг беруші, өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға төленетін төлемдерді қоспағанда, қаржы лизингі шарты бойынша мүлікті беруге байланысты, оның ішінде өзара байланысты тарапқа осындай төлеу шартымен байланысты;

салым (депозит) сомасын, сондай-ақ салымды (депозитті) қабылдап алған тарап үшін салымшы (депозитор), өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға төленетін төлемдерді қоспағанда, салымдар (депозиттер) бойынша;

сақтандыру сомасының мөлшерін, сақтанушы үшін сақтандырушы, өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға төленетін төлемдерді қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру шартымен байланысты;

дисконт не купон (дисконтты не бастапқы орналастыру құнынан және (немесе) сатып алу құнынан алынған сыйлықақы ескеріле отырып), сыйақы төлейтін тұлға үшін оның борыштық бағалы қағаздарын ұстаушы, өзара байланысты тарап болып табылатын тұлғаға төленетін төлем түріндегі борыштық бағалы қағаздар бойынша;

вексельде көрсетілген соманы, вексель беруші үшін оның вексельдерін ұстаушы, өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға төленетін төлемдерді қоспағанда, вексель бойынша;

репо операциялары бойынша – репоны жабу бағасы мен ашу бағасы арасындағы айырма түріндегі;

исламдық жалдау сертификаттары бойынша барлық төлемдер.

Осы тармақшаның мақсатында банктік шот шарттары бойынша төленетін сыйақылар да сыйақы деп танылады;

63) тауарларға арналған ілеспе жүкқұжат – осы Кодексте белгіленген жағдайларда, тәртіппен, нысан бойынша және мерзімдерде электрондық нысанда ресімделетін құжат;

64) тауарлар импорты – Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын, тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағына әкелу, сондай-ақ тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелу;

65) тауарлармен электрондық сауда – бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде:

тауарларды өткізу жөніндегі мәмілелерді ресімдеу электрондық нысанда жүзеге асырылса;

тауарлар үшін ақы төлеу қолма-қол емес төлеммен жүргізілсе;

тауарларды сатып алушыға (алушыға) жеткізетін өз қызметі болса не жүктерді тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді, курьерлік және (немесе) пошталық қызметті жүзеге асыратын тұлғалармен шарттар болса, интернет-дүкен және (немесе) интернет-алаң арқылы ақпараттық технологиялар көмегімен жүзеге асырылатын, жеке тұлғаларға тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

66) туроператордың көрсетілетін қызметтері – Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасына сәйкес өздері қалыптастырған туристік өнімді турагенттерге және туристерге өткізу жөніндегі туристік операторлық қызметке (туроператорлық қызметке) лицензиясы бар дара кәсіпкердің және заңды тұлғаның көрсетілетін қызметтері;

67) тұлға – жеке тұлға және заңды тұлға; жеке тұлға – Қазақстан

Республикасының азаматы, шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам; заңды тұлға – Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған ұйым (бейрезидент-заңды тұлға). Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған компания, ұйым немесе басқа да корпоративтік құралым осы Кодекстің мақсаттары үшін олар өздері құрылған шет мемлекеттің заңды тұлғасы мәртебесіне ие ме, жоқ па осыған қарамастан дербес заңды тұлғалар ретінде қаралады;

68) уәкілетті заңды тұлға – салық төлеушінің (салық агентінің) және (немесе) үшінші тұлғаның осы Кодексте сәйкес билік етілуі шектелген және (немесе) кепілге қойылған мүлкін өткізу саласында, уәкілетті орган айқындаған заңды тұлға;

69) уәкілетті мемлекеттік органдар – салық органдарын және жергілікті атқарушы органдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджетке төленетін төлемдерді есептеуді және (немесе) жинауды жүзеге асыруға уәкілеттік берген, сондай-ақ осы Кодексте сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өз құзыреттері шегінде салық органдарымен өзара іс-қимыл жасайтын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары;

70) уәкілетті орган – салық және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

71) уәкілетті тұлға – осы Кодекстің 26-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өз құзыреті шегінде жеке тұлғалар бойынша бар мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну жөніндегі міндет жүктелген тұлға;

72) ұтыстар – салық төлеушілердің конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар бойынша, салымдар мен борыштық бағалы қағаздарға байланысты ұтыс ойындарын қоса алғанда, ұтыс ойындары бойынша алатын заттай және ақшалай түрдегі кірістердің кез келген түрі, сондай-ақ құмар ойында және (немесе) бәс тігуде алынған мүліктік пайда түріндегі кірістер;

73) электрондық салық төлеуші – Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес салық органдарымен электрондық тәсілмен өзара іс-қимыл жасайтын салық төлеуші;

74) электрондық сигареттер – электрондық технологиялардың көмегімен құрамында никотин бар сұйықтықты (картриджердегі, резервуарлардағы және электрондық сигареттерде пайдалануға арналған басқа да контейнерлердегі) қыздыратын және ішке тартуға арналған аэрозольді түзетін темекісіз бұйымдар;

75) электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі – уәкілетті органның электрондық нысанда жазып берілген шот-фактураларды қабылдауды, өңдеуді, тіркеуді, беруді және сақтауды жүзеге асыратын

ақпараттық жүйесі.

2. Осы Кодекстің мақсатында:

1) бір тұлға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа тұлғаның үлестес тұлғасы болып танылатын;

2) бір тұлға басқа тұлғаның ірі қатысушысы болып табылатын;

3) шартпен байланысты тұлғалар, оған сәйкес олардың біреуі басқасының қабылдайтын шешімін айқындауға құқылы болатын;

4) заңды тұлға басқа заңды тұлғаның ірі қатысушысының немесе лауазымды адамының бақылауында болатын;

5) бір заңды тұлғаның ірі акционері, ірі қатысушысы немесе лауазымды адамы басқа заңды тұлғаның ірі акционері, ірі қатысушысы не лауазымды адамы болып табылатын;

6) заңды тұлға басқа заңды тұлғамен бірлесіп, үшінші тұлғаның бақылауында болатын;

7) тұлға өзінің үлестес тұлғаларымен бірлесіп, заңды тұлғаның не осы тармақтың 2) – 6) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың қатысу үлестерінің 10 және одан да көп пайызын иеленетін, пайдаланатын, оған билік ететін;

8) акционерлік қоғамның тәуелсіз директорын қоспағанда, жеке тұлға осы тармақтың 2) – 7) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғаның лауазымды адамы болып табылатын;

9) жеке тұлға заңды тұлғаның ірі қатысушысының не лауазымды адамының жақын туысы не жекжаты (ерлі-зайыптылардың аға-інілері, әпке-сіңлілері (іні-қарындастары), ата-анасы, ұлы немесе қызы) болып табылатын талаптардың біреуіне не бірнешеуіне сәйкес келетін өзара қатынасы бар жеке және (немесе) заңды тұлғалар өзара байланысты тараптар деп танылады.

Осы тармақтың мақсатында, акционерлік қоғамдарды қоспағанда, заңды тұлғаның мүлкіндегі үлесі 10 және одан да көп пайызды құрайтын қатысушы ірі қатысушы деп түсініледі.

Заңды тұлға қабылдайтын шешімдерді айқындау мүмкіндігі заңды тұлғаны бақылау деп түсініледі.

3. Қазақстан Республикасының салық заңнамасының басқа арнайы ұғымдары мен терминдері осы Кодекстің тиісті баптарында айқындалатын мағынасында пайдаланылады.

4. Осы Кодексте пайдаланылатын, Қазақстан Республикасының азаматтық және басқа да заңнамасы салаларындағы ұғымдар, егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы заңнамасының сол салаларында пайдаланылатын мағыналарында қолданылады.

2-бап. Қазақстан Республикасының салық заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының салық заңнамасы Қазақстан

Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Кодекстен, сондай-ақ қабылдануы осы Кодексте көзделген нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Осы Кодексте көзделмеген салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеу жөніндегі міндет ешкімге жүктелуге тиіс емес.

3. Осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының басқа да заңдарының арасында қайшылықтар болған кезде салық салу мақсатында осы Кодекстің нормалары қолданылады.

4. Осы Кодексте көзделген жағдайлардан басқа, салықтық қатынастарды реттейтін нормаларды Қазақстан Республикасының салықтық емес заңнамасына қосуға тыйым салынады.

5. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Кодекстегіден өзгеше қағидалар белгіленсе, аталған шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Қазақстан Республикасы салық заңнамасының қолданылуы

1. Қазақстан Республикасының салық заңнамасы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданыста болады және осы Кодексте салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеушілер ретінде, сондай-ақ салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді алу және әкімшілендіру жөніндегі тиісті салықтық және өзге де рәсімдерге қатысушылар ретінде айқындалған барлық жеке тұлғаларға, заңды тұлғаларға және олардың құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.

2. Осы Кодексте жаңа салықты және (немесе) бюджетке төленетін төлемді белгілеу, мөлшерлемені арттыру, салық салу объектісін және (немесе) салықтық базаны өзгерту, салық төлеушілердің (салық агенттерінің) санаттарын ұлғайту, салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеу бойынша шегерімді немесе жеңілдікті алып тастау немесе азайту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізетін Қазақстан Республикасының Заңдары ағымдағы жылғы 1 шілдеден кешіктірілмей жылына бір реттен көп емес қабылдануы және олар қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан кейін қолданысқа енгізілуі мүмкін.

3. Осы Кодексте салықтық әкімшілендіру, салықтық есептілікті белгілеу ерекшеліктері, салық төлеушінің (салық агентінің) жағдайын жақсарту бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдар жылына бір реттен көп, бірақ ағымдағы жылғы 1 желтоқсаннан кешіктірілмей қабылдануы мүмкін.

4. Осы Кодексте өзгерістер мен толықтырулар құқықтық реттеудің дербес нысанасын қамтитын заңдардың мәтіндеріне қосылмайды.

5. Қазақстан Республикасы заңдарының салықтардың және (немесе) бюджетке төленетін төлемдердің жаңа түрін белгілейтін, мөлшерлемені арттыратын, жаңа міндеттер белгілейтін, сондай-ақ салық төлеушінің (салық

агентінің) жағдайын нашарлататын ережелерінің кері күші болмайды.

4-бап. Салық салу қағидаттары

1. Қазақстан Республикасының салық заңнамасы осы Кодексте белгіленген салық салу қағидаттарына негізделеді.

Салық салу қағидаттарына салық салудың міндеттілігі, айқындылығы, салық салудың әділдігі, салық төлеушінің адалдығы, салық жүйесінің біртұтастығы және Қазақстан Республикасы салық заңнамасының жариялылығы қағидаттары жатады.

Қазақстан Республикасы салық заңнамасының ережелері салық салу қағидаттарына қайшы келмеуге тиіс.

2. Қазақстан Республикасының салық заңнамасы ережелерінің салық салу қағидаттарына қайшы келуі анықталған кезде, мұндай ережелер қолдануға жатпайды, егер қайшылықтар тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымдарды қарау кезінде анықталса, соңғысы қайта қарауға жатады.

5-бап. Салық салудың міндеттілігі қағидаты

Салық төлеуші – Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес толық көлемде және белгіленген мерзімдерде салықтық міндеттемені орындауға, салық агенті салықтарды есептеуге, ұстап қалуға және аударуға міндетті.

6-бап. Салық салудың айқындылығы қағидаты

Қазақстан Республикасының салықтары және бюджетке төленетін төлемдері айқын болуға тиіс. Салық салудың айқындылығы салық төлеушінің салықтық міндеттемесінің, салық агентінің салықтарды есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндетінің туындауының, орындалуының және тоқтатылуының барлық негіздері мен тәртібінің Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленуін білдіреді.

7-бап. Салық салудың әділдігі қағидаты

1. Қазақстан Республикасында салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады.

2. Жеке-дара сипаттағы салықтық жеңілдіктерді беруге тыйым салынады.

3. Ешкімге де сол бір кезең үшін сол бір салық салу объектісі бойынша салықтың сол бір түрімен, бюджетке төленетін төлемнің сол бір түрімен қайтадан салық салуға болмайды.

8-бап. Салық төлеушілердің адалдығы қағидаты

1. Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық міндеттемені орындау жөніндегі әрекеттерді (әрекетсіздікті) жүзеге асырудағы адалдығы көзделеді.

2. Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық пайда (салықтық үнемдеу) алу және салықтық төлемдерді азайту мақсатында өзінің заңсыз әрекеттерінен пайда табуына жол берілмейді.

3. Егер салық төлеуші (салық агенті) салық органының алдын ала алынған жазбаша жеке-дара түсіндірмесіне сәйкес орындаған салықтық міндеттеме кейіннен кері қайтарып алынса, қате деп танылса немесе жаңа, мағынасы жағынан өзге түсіндіру жіберілсе, онда айыппұлдар мен өсімпұл салық төлеушінің есебіне жазылмай, тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымды қарау кезінде салықтық міндеттеме түзетілуге (түзеуге) жатады.

4. Салық төлеуші (салық агенті) жол берген Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылық салықтық тексерулер жүргізу барысында сипатталған болуға тиіс. Тұжырымдарды негіздеу және Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзу фактісін айғақтайтын мән-жайларды ашып көрсету салық органдарына жүктеледі.

5. Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымды қарау кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасының барлық айқын емес тұстары мен реттелмеген мәселелері салық төлеушінің (салық агентінің) пайдасына түсіндіріледі.

9-бап. Салық жүйесінің біртұтастығы қағидаты

Қазақстан Республикасының салық жүйесі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге (салық агенттеріне) қатысты бірыңғай жүйе болып табылады.

10-бап. Қазақстан Республикасы салық заңнамасының жариялылығы қағидаты

Салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер міндетті түрде ресми жариялануға жатады.

11-бап. Салық саясаты

Мемлекеттің қаржылық қажеттіліктерін мемлекет пен салық төлеушілердің экономикалық мүдделерінің теңгерімін сақтау негізінде қамтамасыз ету мақсатында жаңа салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді белгілеу және қолданыстағыларының күшін жою, мөлшерлемелерді, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты

объектілерді, салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша салықтық базаны өзгерту жөніндегі шаралардың жиынтығы салық саясаты болып табылады.

Салық саясаты жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіпке сәйкес салықтық жеңілдіктерді қолданудың тиімділігін талдауды жүзеге асырады.

12-бап. Салық салу мәселелері жөніндегі консультациялық кеңес

1. Салықтық міндеттемелерді орындау барысында туындауы мүмкін түсініксіздіктерді, дәлсіздіктер мен қайшылықтарды жою, сондай-ақ салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеуден жалтарудың ықтимал схемаларының жолын кесу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Салық салу мәселелері жөніндегі консультациялық кеңесті құруға құқылы.

2. Консультациялық кеңес және оның құрамы туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2-тарау. САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ЖӘНЕ САЛЫҚ АГЕНТІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ. САЛЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДА ӨКІЛДІК ЕТУ

13-бап. Салық төлеушінің құқықтары мен міндеттері

1. Салық төлеуші:

1) салық органдарынан қолданылып жүрген салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер, Қазақстан Республикасының салық заңнамасындағы өзгерістер туралы ақпарат, Қазақстан Республикасының салық заңнамасын қолдану жөнінде түсіндірмелер алуға;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында реттелетін қатынастарда жеке өзі немесе осы Кодекстің 16-бабына сәйкес заңды немесе уәкілетті өкілі арқылы немесе салық консультантының қатысуымен өзінің мүдделерін білдіруге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар бойынша аудит жүргізуге арналған шартты жасасуға;

4) осы Кодексте белгіленген жағдайларда салықтық бақылау нәтижелерін алуға;

5) салық органында салықтық өтініштердің белгіленген нысандарының бланкілерін және (немесе) электрондық нысанда салықтық есептілік пен өтінішті ұсыну үшін қажетті бағдарламалық қамтылымды тегін алуға;

6) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға, салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымын қарау

қорытындылары туралы хабарламаға, сондай-ақ салық органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға;

7) ұсынылуы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында, Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлері, авиациялық отын, биоотын және мазут өндірісін және айналымын реттейтін заңнамасында көзделген ақпарат пен құжаттарды қоспағанда, салық салу объектілеріне және (немесе) салық салуға байланысты объектілерге қатысы жоқ ақпарат пен құжаттарды ұсынбауға құқылы.

2. Салық төлеуші жеке тұлғалардың көлік құралдары салығы, жер салығы және мүлік салығы бойынша салықтық міндеттемелерінің бар-жоғы туралы ақпарат беру мақсаттары үшін өзінің телефон нөмірлері және электрондық поштасының мекенжайлары туралы мәліметтерді салық органына ұсынуға құқылы.

3. Салық төлеуші:

1) салықтық міндеттемелерді уақтылы және толық көлемде орындауға;

2) салық органдарының талап етуі бойынша салықтар бойынша аудит жүргізуге арналған шартты және осындай шарт жасалған жағдайда, салықтар бойынша аудит қорытындысын ұсынуға;

3) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында, Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлері, авиациялық отын, биоотын және мазут өндірісін және айналымын реттейтін заңнамасында көзделген ақпарат пен құжаттарды ұсынуға;

4) бақылау-касса машиналарын қолданған кезде қойылатын талаптарды сақтауға;

5) ауыспалы есептерді, қолма-қол ақшаны есепке алу кітаптары мен тауар чектерін, сондай-ақ жою, қайтару чектерін және жою мен қайтару операциялары жүргізілген бақылау-касса машиналарының чектерін басып шығарылған немесе толығымен толтырылған күнінен бастап бес жыл бойы сақтауға міндетті.

4. Салық төлеушінің Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген өзге де құқықтары болады және ол өзге де міндеттерді орындайды.

14-бап. Салық агентінің құқықтары мен міндеттері

Салық агентінің, осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, салық төлеуші сияқты құқықтары болады және ол сондай міндеттерді орындайды.

15-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау

1. Салық төлеушіге (салық агентіне) оның құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына кепілдік беріледі.

2. Салық төлеушінің (салық агентінің) құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Салық органдарының, олардың лауазымды адамдары мен жұмыскерлерінің салық төлеушілерден Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделмеген міндеттерді орындауын талап етуіне тыйым салынады.

16-бап. Осы Кодексте реттелетін салықтық қатынастарда өкілдік ету

1. Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, салық төлеуші (салық агенті) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында реттелетін қатынастарға заңды немесе уәкілетті өкілі арқылы қатысуға құқылы.

Осы тармақтың ережесі:

1) осы Кодекстің 85-бабының 4-тармағына сәйкес салық органының шешімімен қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған салық төлеушінің қосылған құн салығы бойынша салықтық есептілігі;

2) қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтініш ұсынылған жағдайда қолданылмайды.

2. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) атынан өкілдік етуге уәкілеттік берілген тұлға салық төлеушінің (салық агентінің) заңды өкілі болып танылады.

3. Салық төлеуші (салық агенті) салық органдарымен, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында реттелетін қатынастарға өзге де қатысушылармен қарым-қатынастарда өз мүдделерін білдіруге уәкілеттік берген жеке немесе заңды тұлға салық төлеушінің (салық агентінің) уәкілетті өкілі болып танылады.

Салық төлеуші (салық агенті) - жеке тұлғаның, оның ішінде дара кәсіпкердің уәкілетті өкілі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген, нотариат куәландырған немесе оған теңестірілген сенімхат негізінде әрекет етеді, онда өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетіледі.

Салық төлеуші (салық агенті) - заңды тұлғаның не оның құрылымдық бөлімшесінің уәкілетті өкілі құрылтай құжаттары және (немесе) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген сенімхат негізінде әрекет етеді, онда өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетіледі.

4. Қазақстан Республикасының салық заңнамасында реттелетін

қатынастарға салық төлеушінің (салық агентінің) жеке өзінің қатысуы оны өкілінің болуы құқығынан айырмайды, сол сияқты өкілдің қатысуы салық төлеушіні (салық агентін) көрсетілген қатынастарға жеке өзінің қатысу құқығынан айырмайды.

5. Салық төлеушінің (салық агентінің) уәкілетті өкілінің салық төлеушінің (салық агентінің) атынан жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) салық төлеушінің (салық агентінің) әрекеттері (әрекетсіздігі) болып танылады.

6. Жеке тұлғаның заңды өкілінің осы жеке тұлғаның атынан жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) жеке тұлғаның заңды өкілінің әрекеттері (әрекетсіздігі) болып танылады.

17-бап. Өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) негізінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыру кезінде салықтық қатынастарға оператор арқылы қатысу

1. Өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде жай серіктестік (консорциум) құрамында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстан Республикасының салық заңнамасында реттелетін қатынастарға оператор арқылы қатысуға құқылы.

2. Қазақстан Республикасының салық заңнамасында реттелетін қатынастардағы оператордың өкілеттіктері осы Кодекске қайшы келмейтін бөлігінде өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) сәйкес айқындалады.

3. Осы Кодекстің 722-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес салықтық міндеттемелерді орындаған кезде оператор осы Кодексте салық төлеушілер (салық агенттері) үшін көзделген барлық құқықтар мен міндеттерге ие болады, сондай-ақ оған осы Кодексте салық төлеушілер (салық агенттері) үшін көзделген салықтық әкімшілендіру тәртібі қолданылады.

4. Қазақстан Республикасының салық заңнамасында реттелетін қатынастарда жер қойнауын пайдаланушылардың қатысуына байланысты осы жер қойнауын пайдаланушылардың атынан және (немесе) тапсырмасы бойынша жасалған оператордың әрекеттері (әрекетсіздігі) осындай жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың атынан және (немесе) олардың тапсырмасы бойынша әрекет ететін оператордың әрекеттері (әрекетсіздігі) деп танылады.

3-тарау. САЛЫҚ ОРГАНДАРЫ. САЛЫҚ ОРГАНДАРЫНЫҢ УӘКІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ТҰЛҒАЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ

18-бап. Салық органдары, олардың міндеттері мен жүйесі

1. Салық органдары мемлекеттік кіріс органдары болып табылады және мынадай міндеттерді орындайды:

1) Қазақстан Республикасы салық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету;

2) салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсу толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Кодекске сәйкес әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының салық саясатын іске асыруға қатысу;

5) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қалыптастыру, оның дамуын және салық төлеушілер үшін электрондық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

2. Салық органдарының жүйесі уәкілетті органнан және оның облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша, аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша аумақтық бөлімшелерінен, сондай-ақ ауданаралық аумақтық бөлімшелерінен тұрады. Арнайы экономикалық аймақтар құрылған жағдайда, осы аймақтардың аумақтарында уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері құрылуы мүмкін.

Салық органдарының уәкілетті орган бекіткен кодтары бар.

3. Уәкілетті орган салық органдарына басшылықты жүзеге асырады.

4. Салық органдарының нышаны болады, оның сипаттамасы мен пайдаланылу тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

19-бап. Салық органдарының құқықтары мен міндеттері

1. Салық органдары:

1) осы Кодексте көзделген нормативтік құқықтық актілерді өз құзыреті шегінде әзірлеуге және бекітуге;

2) салық салу мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға, оның ішінде шет мемлекеттердің уәкілетті органдарымен ақпарат алмасуға;

3) екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының

жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктік құпияны құрайтын мәліметтер қамтылған бағдарламалық қамтылымының және (немесе) ақпараттық жүйесінің деректерін көруге қол жеткізу құқығын қоспағанда, салық төлеуші (салық агенті) осындай бағдарламалық қамтылымды және (немесе) ақпараттық жүйені пайдаланған жағдайда, салықтық тексеру барысында салық төлеушіден (салық агентінен) бастапқы есепке алу құжаттарының деректері, бухгалтерлік есепке алу тіркелімдері, салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы ақпарат қамтылған бухгалтерлік және салықтық есептерді автоматтандыруға арналған бағдарламалық қамтылымның және (немесе) ақпараттық жүйенің деректерін көруге қол жеткізу құқығын беруді талап етуге құқылы.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде белгіленген ерекшелік салық органдарының кірістер мен шығыстарға қатысты деңгейлес мониторингті жүзеге асыру және салықтық тексеру жүргізу барысында қойылатын талаптарына қолданылмайды;

4) салық төлеушіден (салық агентінен):

салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеудің дұрыстығын және төлеудің (ұстап қалудың және аударудың) уақтылылығын, әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы мен уақтылығын растайтын құжаттарды ұсынуды;

салық төлеуші (салық агенті) жасаған салықтық нысандар бойынша жазбаша түсініктерді, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) қаржылық есептілігін, оның ішінде резидент-салық төлеушінің (салық агентінің) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігін қоса алғанда, егер осындай тұлға үшін Қазақстан Республикасының заңдарында міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген болса, аудиторлық есепті қоса бере отырып, шоғырландырылған қаржылық есептілікті талап етуге;

5) екінші деңгейдегі банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан, бағалы қағаздарды номиналды ұстаушылар ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығына ие, инвестициялық портфельді басқаратын кастодиандардан, бірыңғай тіркеушіден, брокерлерден және (немесе) дилерлерден, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарынан осы Кодекстің 24-бабының 1), 2), 3) және 6) тармақшаларында және 27-бабында ұсынылуы көзделген мәліметтерді алуға;

6) екінші деңгейдегі банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарды сақтай отырып, осы Кодекстің 24-бабының 13) тармақшасында аталған тұлғаларға қатысты банктік шоттардың бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді алуға;

7) салықтық тексеру барысында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде айқындалған тәртіппен салық төлеушіден (салық агентінен) әкімшілік құқық бұзушылықтар жасалғаны туралы айғақтайтын құжаттарды алып қоюды жүргізуге;

8) осы Кодексте сәйкес активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыру міндеті жүктелген жеке тұлғаны салықтық тексеру барысында аталған декларацияда көрсетілген, мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мүлік, сондай-ақ ол бойынша құқықтар және (немесе) мәмілелер мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мүлік туралы мәліметтердің анықтығы бөлігінде тексеруді жүзеге асыруға;

9) салықтық тексерулерге мамандарды тартуға;

10) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 49-бабы 2-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша соттарға мәмілелерді жарамсыз деп тану, заңды тұлғаны тарату туралы талаптар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті мен міндеттеріне сәйкес өзге де талаптар қоюға құқылы.

2. Салық органдары:

1) салық төлеушінің (салық агентінің) құқықтарын сақтауға;

2) мемлекеттің мүдделерін қорғауға;

3) салық төлеушіге (салық агентіне) қолданыстағы салықтар және бюджетке төленетін төлемдер туралы, Қазақстан Республикасының салық заңнамасындағы өзгерістер туралы ақпарат беруге, Қазақстан Республикасының салық заңнамасын қолдану жөніндегі мәселелерді түсіндіруге;

4) өз құзыреті шегінде салықтық міндеттеменің туындауы, орындалуы және тоқтатылуы жөнінде түсіндірмелерді жүзеге асыруға және түсініктемелер беруге міндетті.

Деңгейлес мониторингте тұрған салық төлеушілер үшін осы тармақшаның бірінші бөлігінде көзделген түсіндірмелерді жүзеге асыруды және түсініктемелер беруді уәкілетті орган жүргізеді. Бұл ретте мұндай салық төлеушілер үшін уәкілетті орган жоспарланатын мәмілелерге (операцияларға) қатысты алдын ала түсіндірмелер мен комментарийлерді береді;

5) талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде салықтардың және бюджетке төленетін төлемдерді төлеу фактісін растайтын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық мониторингті жүзеге асыратын және кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де шараларды қабылдайтын уәкілетті мемлекеттік органға салық органдарының ақпараттық жүйесіне кіруге рұқсат беруге;

7) осы Кодексте айқындалған тәртіппен және жағдайларда уәкілетті органның интернет-ресурсында:

салықтық берешегі бар;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес әрекет етпейтін деп танылған;

тіркелуі заңды күшіне енген сот актісі негізінде жарамсыз деп танылған салық төлеушілер (салық агенттері) туралы мәліметтерді орналастыруға;

8) салық төлеушіге (салық агентіне) салықтық өтініштердің белгіленген нысандарының бланкілерін және (немесе) электрондық нысанда салықтық есептілік пен өтінішті ұсыну үшін қажетті бағдарламалық қамтылымды тегін беруге;

9) салық төлеушінің (салық агентінің) салық органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымын қарауға;

10) жыл сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының сұрау салуы бойынша жылдық жиынтық кірісі «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін кәсіпкерлік субъектілерінің атауы мен сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтерді ұсынуға;

11) салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдануға және салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық берешегін мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алуға;

12) мемлекеттің меншігіне айналған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуын, оны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті уәкілетті мемлекеттік органға берудің толықтығы мен уақтылығын, сондай-ақ ол өткізілген жағдайда бюджетке ақшаның түсуінің толықтығы мен уақтылығын бақылауды жүзеге асыруға;

13) уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеудің дұрыстығы, алудың толықтығы және аударудың уақтылығы мәселелері жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асыруға;

14) салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық өтініші бойынша осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Қазақстан Республикасындағы көздерден бейрезидент алған кірістердің және ұстап қалынған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтама ұсынуға;

15) уәкілетті органның сайтында:

активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны;

кірістер мен мүлік туралы декларацияны тапсырған жеке тұлғалардың жеке сәйкестендіру нөмірі туралы ақпаратты орналастыруға міндетті.

3. Салық органдарының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де құқықтары болады және олар өзге де міндеттерді орындайды.

4. Салықтық тексеру барысында қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін, салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеуден жалтару, сондай-ақ әдейі, жалған банкроттық фактілері анықталған

кезде салық органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес процестік шешімді қабылдау үшін тиісті құқық қорғау органдарына олардың тергеуіне жататын материалдарды жібереді.

20-бап. Салық органдарының лауазымды адамдарын материалдық қамтамасыз ету, құқықтық және әлеуметтік қорғау

1. Салық органдарының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін орындау кезінде заңмен қорғалады.

2. Салық органдары лауазымды адамының заңды талаптарын орындамау, салық органдары лауазымды адамының қызметтік жұмысына байланысты оны немесе оның отбасы мүшелерін қорлау, қорқыту, оларға зорлық-зомбылық жасау немесе олардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне қолсұғушылық, салық органдары лауазымды адамының қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіретін басқа да іс-қимылдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

3. Қызметтік жұмысын жүзеге асыруына байланысты денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтірілген кезде салық органдарының лауазымды адамына бюджет қаражатынан бес айлық жалақысы мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

4. Қызметтік жұмысын жүзеге асыруына байланысты денсаулығына кәсіптік қызметімен одан әрі айналысуына мүмкіндік бермейтіндей ауыр зиян келтірілген кезде салық органдарының лауазымды адамына бюджет қаражатынан бес жылдық ақшалай қамтылым мөлшерінде біржолғы өтемақы, сондай-ақ оның лауазымдық айлықақысы мен зейнетақысының мөлшерлері арасындағы айырма (өмір бойы) төленеді.

5. Салық органдарының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін орындау кезінде қайтыс болған жағдайда, қаза тапқан адамның отбасына немесе оның асырауындағы адамдарға (мұрагерлеріне):

1) қаза тапқан адамның соңғы атқарған лауазымы бойынша бюджет қаражатынан он жылдық ақшалай қамтылым мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді;

2) Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде және тәртіппен асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындалады.

6. Қызметтік міндеттерін орындауына байланысты салық органдары лауазымды адамының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген нұқсан, сондай-ақ салық органдары лауазымды адамының отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген нұқсан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеледі.

21-бап. Жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктері

1. Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері (бұдан әрі – әкімдер) салық төлеуші - жеке тұлға төлейтін мүлік, көлік құралдары салықтарын, жер салығын жинауды ұйымдастырады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген салықтарды жинау қатаң есептілік құжаты болып табылатын квитанция негізінде жүзеге асырылады. Квитанция нысанын уәкілетті орган белгілейді.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген салықтарды жинауды ұйымдастыру кезінде әкімдер:

1) салық органдарынан салық сомасы туралы хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілген хабарламаны салық төлеуші - жеке тұлғаға табыс етуді;

2) салық сомасы қолма-қол ақшамен төленген кезде салық төлеуші - жеке тұлғаға осындай төлеу фактісін растайтын квитанция беруді;

3) екінші деңгейдегі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға ақша қабылдау жүзеге асырылған операциялық күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей, салық сомаларын кейіннен бюджет есебіне жатқызу үшін күн сайын тапсыруды қамтамасыз етеді. Егер күн сайынғы ақша түсімі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын 10 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аз болса, сондай-ақ елді мекенде екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым болмаған кезде ақша тапсыру үш операциялық күнде бір рет жүзеге асырылады;

4) квитанциялардың дұрыс толтырылуын және сақталуын;

5) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде салық органына квитанцияларды пайдалану туралы, сондай-ақ салық сомаларын екінші деңгейдегі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға тапсыру туралы есептер беруді қамтамасыз етеді.

22-бап. Салық органдарының уәкілетті мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және өзге де тұлғалармен өзара іс-қимылы

1. Салық органдары уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасайды, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірлескен бақылау шараларын әзірлейді және қабылдайды, өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

2. Уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар салықтық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді орындауда салық органдарына жәрдем көрсетуге міндетті.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен оның аумақтық органдары осы Кодекстің 573-баптың 3-тармағында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтау (мемлекеттік экологиялық бақылау) бойынша өздері жүзеге асырған тексерулердің нәтижелері бойынша мәліметтер ұсынуға міндетті.

4. Уәкілетті мемлекеттік органдар осы Кодекстің 26-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тізбе бойынша жеке тұлғалар жөніндегі мәліметтерді уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

5. Салық органдары мен жергілікті атқарушы органдар салықтар жинауды жүзеге асыру бойынша осы Кодекстің 21-бабында айқындалған тәртіппен бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды.

6. Уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператордың бюджетке төленетін төлемдерді алу және олар бойынша мәліметтер ұсыну жөніндегі өкілеттіктері осы Кодекстің Ерекше бөлігінде айқындалады.

7. Салық органдары уәкілетті мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және өзге де тұлғалармен өзара іс-қимылды осы Кодексте айқындалған тәртіппен электрондық тәсілмен жүзеге асыруға құқылы.

8. Салық органдары салықтық тексеру барысында еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны тексерілетін салық төлеушіге қатысты алу бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен өзара іс-қимыл жасайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша мұндай қорытындыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ұсынады.

9. Уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірлескен бақылау шараларын әзірлейді және қабылдайды, өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне валюталық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді орындауда жәрдем көрсетеді.

Уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды электрондық тәсілмен жүзеге асыруға құқылы. Уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің өзара іс қимыл жасау тәртібі бірлескен актіде айқындалады.

10. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жеке тұлғаның (жеке тұлғаға), заңды тұлғаның (заңды тұлғаға), сондай-ақ заңды тұлғаның

құрылымдық бөлімшесінің (құрылымдық бөлімшесіне) мәмілелер (келісімшарттар) бойынша, оның ішінде тауарсыз операциялар бойынша екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүргізілген, 50 000 АҚШ долларынан астам сома баламасында валюталық операциялар бойынша Қазақстан Республикасынан және Қазақстан Республикасына төлемдері және (немесе) ақша қаражатының аударымдары туралы уәкілетті банктерден алынған ақпаратты уәкілетті органға береді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпарат уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бірлескен актісінде белгіленген тәртіппен, нысан бойынша және мерзімдерде жіберіледі.

11. Салық органдары өндірушілер бойынша ақпаратты олардың заңды мекенжайларын, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген өнімнің (тауарлардың) көлемдері мен түрлерін көрсете отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға тоқсан сайын береді.

12. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар жер қойнауын пайдаланушылармен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың және (немесе) құпиялылық туралы келісімдердің көшірмелерін және (немесе) Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясының пайдалы қазбалардың қорларын бекіту және пайдалы қазбалардың қорларын мемлекеттік балансқа қою туралы хаттамаларын, сондай-ақ оларға толықтырулар мен өзгерістерді жасалған немесе өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, оның ішінде автоматтандырылған ақпарат алмасу жолымен салық органына ұсынады.

13. Жергілікті атқарушы органдар халыққа қалалық қоғамдық көлікпен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету бөлігінде салық төлеушілердің билеттерді пайдалануы туралы мәліметтерді орналасқан жеріндегі салық органдарына уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша ұсынады.

23-бап. Уәкілетті органның әскери басқару органдарымен өзара іс-қимылы

1. Жергілікті әскери басқару органдары мерзімді әскери қызметке шақырылған және мерзімді әскери қызметтен шығарылған жеке тұлғалар туралы мәліметтерді уәкілетті органға мынадай мерзімдерде:

1) жеке тұлғалар жылдың сәуірінде - маусымында:

мерзімді әскери қызметке шақырылған;

мерзімді әскери қызметтен шығарылған болса, сол жылдың 31 шілдесінен кешіктірмей;

2) жеке тұлғалар жылдың қазанында - желтоқсанында:

мерзімді әскери қызметке шақырылған;

мерзімді әскери қызметтен шығарылған болса, сол жылдан кейінгі жылдың 31 қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жергілікті әскери басқару органдарының тізбесін уәкілетті органға мынадай мерзімдерде:

1) осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жылдың 1 қаңтарынан кешіктірмей;

2) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей ұсынады.

24-бап. Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың міндеттері

Екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар:

1) бейрезидентті қоса алғанда, салық төлеуші - заңды тұлғаға, оның құрылымдық бөлімшелеріне, дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаға, шетелдік пен азаматтығы жоқ адамға банктік шоттар ашқан не екінші деңгейдегі банктің қайта ұйымдастырылуына байланысты банктік шоттағы жеке сәйкестендіру коды өзгерген кезде көрсетілген шоттардың ашылғаны не өзгергені туралы олар ашылған не өзгерген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей, сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, хабарлардың кепілдікпен жеткізілуін қамтамасыз ететін телекоммуникациялар желісі арқылы беру жолымен уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтерін, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін, арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығаруды қамтамасыз ету болып табылатын активтерді және инвестициялық қордың активтерін сақтауға арналған банктік шоттар, бейрезидент-заңды тұлғалардың, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жинақ шоттары, шетелдік корреспондент-банктердің корреспонденттік шоттары, мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді алуға арналған банктік шоттар, нотариус депозиті шарттарында ақшаны есепке жатқызуға арналған ағымдағы шоттар, эскроу-шоттар, «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттар бойынша хабарлама талап етілмейді.

Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген

түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың осы баптың осы тармақшасында және 4), 6), 8), 11), 13) және 15) тармақшаларында көзделген міндеттерді орындауы мақсатында оларға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен салық төлеушілер, оның ішінде дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғалар туралы ақпарат беріледі.

Көрсетілген шоттардың ашылғаны не өзгергені туралы телекоммуникациялар желісі арқылы хабардар ету техникалық проблемалардың салдарынан мүмкін болмаған кезде хабарлама салық төлеушінің орналасқан (тұрғылықты) жеріндегі салық органына үш жұмыс күні ішінде қағаз жеткізгіште жіберіледі;

2) Қазақстан Республикасының ақпарат алмасу туралы халықаралық шартына сәйкес телекоммуникациялар желісі арқылы уәкілетті органға банктік шоттардың бар екендігі және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары туралы мәліметтерді, сондай-ақ өзге мүліктің, оның ішінде металл шоттарда орналастырылған немесе бейрезидент-жеке тұлғалардың, бейрезидент-заңды тұлғалардың, сондай-ақ бейрезиденттер бенефициарлық меншік иелері болып табылатын заңды тұлғалардың басқаруындағы өзге мүліктің бар екендігі, түрі және құны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде ұсынуға;

3) уәкілетті органның сұрау салуы бойынша банктік шоттардың бар екендігі және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары туралы мәліметтерді, сондай-ақ өзге мүліктің, оның ішінде металл шоттарда орналастырылған немесе шет мемлекеттің уәкілетті органының Қазақстан Республикасының ақпарат алмасу туралы халықаралық шартына сәйкес жіберген сұрау салуында көрсетілген жеке және заңды тұлғалардың басқаруындағы өзге мүліктің бар екендігі, түрі және құны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде ұсынуға;

4) салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді, әлеуметтік төлемдерді төлеу үшін төлем құжаттарын қабылдау кезінде сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру қағидаларына сәйкес сәйкестендіру нөмірінің дұрыс көрсетілуін тексеруге міндетті.

Төлем құжатында көрсетілген сәйкестендіру нөмірі сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыруды және сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның деректерімен сәйкес келмеген не ол болмаған жағдайларда, екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мұндай төлем құжатын орындаудан бас тартады.

Осы тармақшаның бірінші және екінші бөліктерінің ережелері осы Кодекстің 189-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген бюджетке төленетін төлемдерді шетелдік және азаматтығы жоқ адам төлеген кезде

қолданылмайды;

5) жеке тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығын төлеу бойынша төлем құжатында көрсетілген жеңіл және жүк автомобильдерінің, автобустардың сәйкестендіру нөмірі жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган ұсынған деректерге сәйкес келмеген жағдайда, төлем құжатын орындаудан бас тартуға міндетті.

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган ұсынған деректерде көлік құралының сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда, екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жеке тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығын төлеуге арналған төлем құжатын орындаудан бас тартуға құқылы емес.

6) салық төлеушіге осы баптың 1) тармақшасында көрсетілген банктік шоттарды жабу кезінде олардың жабылғандығы туралы уәкілетті органды сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, олардың жабылған күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей, хабарлардың кепілдік беріліп жеткізілуін қамтамасыз ететін телекоммуникациялар желісі арқылы хабардар етуге міндетті.

Көрсетілген шоттардың жабылғандығы туралы телекоммуникациялар желісі бойынша хабардар ету техникалық проблемалар салдарынан мүмкін болмаған кезде хабарлама салық төлеушінің орналасқан (тұрғылықты) жеріндегі салық органына үш жұмыс күні ішінде қағаз жеткізгіште жіберіледі;

7) дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға берілген кредит (қарыз) бойынша сыйақыны есепке жазуды тоқтата тұру арқылы осындай сыйақы түріндегі кірістерді тану тоқтатылған кезде, бұл туралы осы Кодекстің 314-бабына сәйкес айқындалатын, уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша мұндай тану тоқтатылған есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей уәкілетті органды хабардар етуге;

8) клиентке қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыру үшін клиенттің банктік шоттардағы ақшасы жеткілікті болған кезде, бірінші кезектегі тәртіппен банктік шоттан салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеу бойынша салық төлеушінің төлем тапсырмаларын орындауға міндетті. Салықтық берешек сомасын өндіріп алу туралы салық органдарының инкассалық өкімдерін де осындай тәртіппен салық органдарының нұсқауы алынған күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірілмей орындауға міндетті.

Клиентке қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыру үшін банктік шоттарда ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, екінші деңгейдегі банк ақшаны Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде айқындалған кезектілік тәртібімен салықтық берешекті өтеу есебіне алып қоюды жүргізеді;

9) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің және әлеуметтік

төлемдердің сомаларын:

толем карточкасы пайдаланылып төлем жүргізілген жағдайларды қоспағанда, салық төлеуші оларға бастамашылық жасаған күні;

төлем карточкасы пайдаланылып төлем жүргізілген жағдайларда салық төлеушінің банктік шотынан ақшаны есептен шығарған күннен бастап бір операциялық күннен кешіктірмей;

операциялық күннің ішінде, бірақ екінші деңгейдегі банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кассасына қолма-қол ақша енгізілген не екінші деңгейдегі банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық терминалдары арқылы қолма-қол ақша енгізілген күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей аударуға;

10) дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінде тұрған, тексерілетін жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның банктік шоттары бойынша ақшасының бар-жоғын және жасалатын операцияларын тексеруге салық органдарының лауазымды адамын нұсқамасы болған кезде жіберуге;

11) осы Кодексте көзделген жағдайларда, салық органының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен, осы Кодекстің 118-бабы 2-тармағының ережелерін ескере отырып, дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның, заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің немесе қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің корреспонденттік шоттарды қоспағанда, банктік шоттарындағы барлық шығыс операцияларын тоқтата тұруға;

12) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес міндеттеме тоқтатылған күнге дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлға немесе заңды тұлға болып табылатын қарыз алушыға берілген кредиттер (қарыздар) бойынша міндеттемелер тоқтатылған кезде қарыз алушының орналасқан (тұрғылықты) жеріндегі салық органын күнтізбелік отыз күн ішінде тоқтатылған міндеттеменің мөлшері туралы хабардар етуге міндетті.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінің ережелері міндеттеме орындау жолымен тоқтатылған кезінде қолданылмайды;

13) салық органының сұрау салуын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде:

салық салуға байланысты мәселелер бойынша тексерілетін заңды тұлғаның және (немесе) оның құрылымдық бөлімшесінің;

активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыру жөніндегі міндет туындаған жеке тұлғаның;

салық салуға байланысты мәселелер бойынша, дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінде тұрған

тексерілетін жеке тұлғаның;

осы Кодекстің 59 және 66-баптарына сәйкес қызметі тоқтатылған кезде салықтық міндеттемені орындаудың ерекшеліктері қолданылатын дара кәсіпкердің, жеке практикамен айналысатын адамның, заңды тұлғаның;

тұратын жерінде іс жүзінде болмауы осы Кодекстің 70-бабында айқындалған тәртіппен расталған және салықтық есептілікті ұсынудың осы Кодексте белгіленген мерзімінен кейін, осы Кодексте көзделген жағдайларда осындай мерзімді ұзарту кезеңін қоспағанда, алты ай өткенге дейін оны ұсынбаған, дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның, заңды тұлғаның және (немесе) оның құрылымдық бөлімшесінің;

осы Кодекстің 48-бабының 2-тармағында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімінен аспайтын уақыт кезеңі үшін, осы Кодекстің 67-бабына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылған жеке тұлғаның;

туындаған күнінен бастап төрт ай бойы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10 000 еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде өтелмеген салықтық берешегі бар заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған әрекет етпейтін жеке тұлғаның, заңды тұлғаның;

Қазақстан Республикасының заңында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттың депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидат ретінде тіркелген адамның және оның жұбайының (зайыбының);

мемлекеттік лауазымға не мемлекеттік немесе оларға теңестірілген функцияларды орындаумен байланысты лауазымға кандидат болып табылатын адамның және оның жұбайының (зайыбының);

өз өкілеттіктерін орындаған кезеңде мемлекеттік қызметті атқаратын адамның және осы кезеңде оның жұбайының (зайыбының);

жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның банктік шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары және қозғалысы туралы мәліметтер ұсынуға міндетті.

Сегізінші абзацын қоспағанда, осы тармақшаның бірінші бөлігінде көзделген мәліметтер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу арқылы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ұсынылады;

14) салық органының сұрау салуын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде, сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыру жөніндегі міндет туындаған

жеке тұлғаға берілген кредиттер туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

Сегізінші абзацын қоспағанда, осы баптың бірінші бөлігінің 13) тармақшасында және осы тармақшаның бірінші бөлігінде көзделген мәліметтер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу арқылы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ұсынылады;

15) корреспонденттік шоттарды, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді алуға арналған банктік шоттарды, «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттарды қоспағанда, мыналарға:

осы Кодекстің 91-бабында айқындалған тәртіппен әрекет етпейтін деп танылған салық төлеушіге;

осы екінші деңгейдегі банкте ашылған, салық органдары инкассалық өкімдер немесе салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдер шығарған банк шоты бар салық төлеушіге;

салықтық берешегі, әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі бар салық төлеушіге банктік шоттар ашудан бас тартуға міндетті.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінің ережелері Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасына сәйкес екінші деңгейдегі банктердің активтері мен міндеттемелерін бір мезгілде беру жөніндегі операциялардың шеңберінде екінші деңгейдегі банк берген банктік шоттардың орнына банктік шоттарды және оларды қайта ұйымдастыру шеңберінде оны біріктірген жағдайда екінші деңгейдегі банк берген банктік шоттардың орнына құқық мирасқоры - банк ашатын банктік шоттарды бас банк ашқан кезде қолданылмайды;

16) коллекторлық қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер бойынша құқықтың (талап етудің) өту жағдайларын қамтитын шарттар жөніндегі мәліметтерді көрсетілген салық төлеушілердің орналасқан жеріндегі салық органына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу арқылы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша тоқсаннан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей ұсынуға;

17) осы Кодекстің 88-бабы 1-тармағының 10) тармақшасында көзделген қызмет бойынша тіркеу есебінде тұрған салық төлеушілер бойынша банктік шоттардың бар екені және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде ұсынуға міндетті;

Осы баптың мақсаттары үшін мемлекеттік мекемелердің бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған шоттары банктік шоттарға теңестіріледі, ал бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға

теңестіріледі.

Осы баптың бірінші бөлігінің 7), 12), 13) және 16) тармақшаларында көзделген есептер мен мәліметтер телекоммуникациялар желісі арқылы ұсынылады. Техникалық проблемалардың салдарынан оларды телекоммуникациялар желісі арқылы ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген есептер мен мәліметтер қағаз жеткізгіште жіберіледі.

Екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар осы Кодексе сәйкес ұсынатын мәліметтерді салық органдары уәкілетті орган айқындаған тәртіппен пайдаланады.

25-бап. Уәкілетті мемлекеттік органдардың салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимылы

Салық органдары салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру кезінде мынадай:

1) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді, заңды тұлғалар қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді, құрылымдық бөлімшелерді есептік тіркеуді, қайта тіркеуді, есептік тіркеуден шығаруды жүзеге асыратын;

2) мемлекеттік статистика саласындағы;

3) салық салу объектілерін және салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды және (немесе) тіркеуді, оның ішінде:

жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді;

жылжымалы мүлік кепілін және кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеуді, сондай-ақ әуе кемесін тіркеуден алып тастауға және әкетуге кері қайтарып алынбайтын өкілеттікті мемлекеттік тіркеуді;

радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиілікті құрылғыларды мемлекеттік тіркеуді;

ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді;

көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді;

дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеуді;

шығармаларға және сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды, шығармаларды және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға арналған лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркеуді;

бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қоюды жүзеге асыратын;

4) лицензиялар, куәліктер немесе рұқсат беру мен тіркеу сипатындағы өзге де құжаттарды беретін;

5) жеке тұлғаларды Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты жері бойынша тіркеуді жүзеге асыратын;

6) азаматтық хал актілерін тіркеуді жүзеге асыратын;

7) нотариаттық әрекеттер жасауды жүзеге асыратын;

8) қорғаншылық пен қамқоршылықты;

9) көлік пен коммуникацияларды;

10) Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын;

11) сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдармен;

12) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын басқа да уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды.

26-бап. Уәкілетті мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, жергілікті атқарушы органдар мен уәкілетті тұлғалардың салық органдарымен өзара іс-қимылы кезіндегі міндеттері

1. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді, заңды тұлғалар қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді, құрылымдық бөлімшелерді есептік тіркеуді, қайта тіркеуді және есептік тіркеуден шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелген, қайта тіркелген, заңды тұлғалар қызметінің тоқтатылуы мемлекеттік тіркелген, құрылымдық бөлімшенің есептік тіркеуге қойылған, қайта тіркелген, есептік тіркеуден шығарылған күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені, қайта тіркелгені, заңды тұлғалар қызметінің тоқтатылуының мемлекеттік тіркелгені, құрылымдық бөлімшенің есептік тіркеуге қойылғаны, қайта тіркелгені, есептік тіркеуден шығарылғаны туралы мәліметтерді электрондық хабарлама арқылы салық органына, екінші деңгейдегі банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға ұсынуға міндетті.

2. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, лицензияларды, куәліктерді немесе рұқсат ету мен тіркеу сипатындағы өзге де құжаттарды беруді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар лицензиялар және оларға қосымша (қосымшалар), куәліктер немесе рұқсат ету мен тіркеу сипатындағы өзге де құжаттар берілген (тоқтатылған) салық төлеушілер және бюджетке төленетін төлемдер салынатын объектілер туралы мәліметтерді осы Кодекстің 18-бөлімінде белгіленген тәртіп пен мерзімдерде және уәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша өзінің орналасқан жеріндегі салық органдарына ұсынуға міндетті.

Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беруді жүзеге асыратын ішкі істер органдары еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар берілген салық төлеушілер туралы мәліметтерді уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысандар бойынша өзінің орналасқан жеріндегі салық органдарына ұсынуға міндетті.

3. Салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды және (немесе) тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілері бар салық төлеушілер туралы, сондай-ақ салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтерді уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысандар бойынша салық органдарына ұсынуға міндетті.

4. Бюджетке төленетін төлемдерді жинауды, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды және (немесе) тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ғылыми, экологиялық-ағартушылық, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарында пайдаланатын жеке тұлғаларды қоспағанда, салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірін ұсынылатын мәліметтерде көрсетуге міндетті.

5. Шетелдіктердің келуін (кетуін) тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган олардың келу мақсатын, орнын және болу мерзімін көрсете отырып, келуші шетелдіктер туралы мәліметтерді уәкілетті орган айқындаған тәртіппен салық органына олардың келуін (кетуін) тіркегеннен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

6. Инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес жасалған және инвестициялық басым жобаларды іске асыруды көздейтін инвестициялық келісімшарттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ осы инвестициялық келісімшарттардың қолданылуы тоқтатылғаны туралы мәліметтерді және өзге де мәліметтерді инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен келісу арқылы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысандар бойынша;

2) түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар және осындай сынықтар мен қалдықтарды өткізуді жүзеге асыратын жеке тұлғалар бойынша мәліметтерді уәкілетті органмен келісу арқылы инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысан бойынша уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

7. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану саласындағы құзыреті шегінде мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар салық агенті болып табылатын бейрезидент туралы мәліметтерді қоса алғанда, осы Кодекстің 650-бабына сәйкес салықтық міндеттемелер туындайтын мәміленің қатысушылары және оның параметрлері туралы мәліметтерді өзінің орналасқан жеріндегі салық органына акцияларды немесе қатысу үлестерін сатып алу-сату жөніндегі мәмілелер жүзеге асырылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ұсынуға міндетті.

8. Қазақстан Республикасының Сыртқы ісер министрлігі Қазақстан Республикасында аккредиттелген, шет мемлекеттің дипломатиялық немесе оған теңестірілген өкілдігінің орналасқан жеріндегі салық органына осындай дипломатиялық немесе оған теңестірілген өкілдіктің аккредиттелгенін және орналасқан жерін растайтын құжаттарды аккредиттелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

9. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тексерілетін салық төлеушіге қатысты салықтық тексеру барысында уәкілетті органның сұрау салуы бойынша еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ұсынады.

10. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі коллекторлық қызметті жүзеге асыратын салық төлеушіге қатысты құқықтың (талап етудің) өту жағдайларын қамтитын шарттар жөніндегі мәліметтерді уәкілетті органға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу арқылы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша тоқсаннан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

11. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық бөлімшелері қолма-қол шетелдік валютамен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункгері жөніндегі мәліметтерді салық органдарына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу арқылы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша тоқсаннан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

12. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган қосылған құн салығының сомалары бойынша дайындаушы ұйымдар алған бюджеттік субсидия сомалары жөніндегі мәліметтерді уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысан бойынша ұсынуға міндетті.

13. Нотариустар жеке тұлғалардың мәмілелері мен шарттары бойынша:

1) мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мүлік, сондай-ақ ол бойынша құқықтар және (немесе) мәмілелер мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мүлік туралы;

2) мұраға құқық туралы берілген куәліктер туралы;

3) егер мәміледе (шартта) көзделген бағасы жалақының республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын 160 еселенген ең төмен мөлшерінен асатын жағдайда, осы тармақта көрсетілмеген басқа да мәмілелелер мен шарттар туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпараттың нысанын,

оны беру тәртібі мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісу бойынша уәкілетті орган белгілейді.

14. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым салық органының сұрау салуын алған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде бағалы қағаздарды ұстаушы-жеке тұлғалар туралы қолда бар мәліметтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу арқылы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысан бойынша ұсынуға міндетті.

15. Брокерлер салық органының сұрау салуын алған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жеке тұлғалардың бағалы қағаздармен немесе тауар биржасында өткізілген биржалық тауарлармен мәмілелері туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу арқылы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысан бойынша ұсынуға міндетті.

16. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды және әлеуметтік төлемдерді есепке алуды қамтамасыз ететін заңды тұлға жеке тұлғалар туралы қолда бар мәліметтерді халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу арқылы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша, мерзімдерде және тәртіппен уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

17. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокерлері салық органының сұрау салуын алған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жеке тұлғалар жасаған сақтандыру шарттары жөніндегі мәліметтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу арқылы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша және тәртіппен ұсынуға міндетті.

18. Білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасының аумағында жеке тұлғалар жұмсаған, білім беруге арналған шығыстарды растау туралы салық органының талабын алған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде мәліметтерді осы Кодекстің 112-бабында айқындалған тәртіппен ұсынуға міндетті.

19. Денсаулық сақтау субъектілері Қазақстан Республикасының аумағында жеке тұлғалар жұмсаған, медицинаға арналған шығыстарды растау туралы салық органының талабын алған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде мәліметтерді осы Кодекстің 112-бабында айқындалған тәртіппен ұсынуға міндетті.

20. Салық төлеушілер, салық салу объектілері (бюджетке төленетін төлемдер салынатын (алынатын) объектілер) және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтерді салық органдары мен уәкілетті мемлекеттік органдардың автоматтандырылған өзара іс-қимылына арналған тиісті бағдарламалық қамтылымды пайдаланыла отырып, электрондық нысанда ұсыну уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысандар бойынша он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Уәкілетті мемлекеттік органдар салық төлеушілер, салық салу объектілері (бюджетке төленетін төлемдер салынатын (алынатын) объектілер) және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтерді электрондық нысанда ұсынған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін қағаз жеткізгіште ұсыну талап етілмейді.

21. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді берген кезде осындай көлік құралының Қазақстан Республикасының аумағына алғаш әкелінген күні туралы, сондай-ақ оны шығарушы ел туралы мәліметтердің берілуін қамтамасыз етеді.

22. Жергілікті атқарушы органдар халыққа қалалық қоғамдық көлікпен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету бөлігінде салық төлеушілердің билеттерді пайдалануы туралы есепті орналасқан жеріндегі салық органдарына есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша ұсынады.

27-бап. Бағалы қағаздарды номиналды ұстаушылар ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығына ие, инвестициялық портфельді басқаратын кастодиандардың, бірыңғай тіркеушінің, брокерлердің және (немесе) дилерлердің, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының салық органдарымен өзара іс-қимылы кезіндегі міндеттері

1. Бағалы қағаздарды номиналды ұстаушылар ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығына ие кастодиандар, бірыңғай тіркеуші, брокерлер және (немесе) дилерлер:

1) бейрезидент-жеке тұлғаларға, бейрезидент-заңды тұлғаларға, бейрезиденттер бенефициарлық меншік иелері болып табылатын заңды тұлғаларға ашылған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған шоттардың бар-жоғы туралы, сондай-ақ осы шоттардағы бағалы қағаздардың қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді телекоммуникациялар желісі арқылы уәкілетті орғанға ұсынуға;

2) шет мемлекеттің уәкілетті органының Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес жіберілген сұрау салуында көрсетілген жеке және заңды тұлғаларға ашылған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған шоттардың бар-жоғы туралы, сондай-ақ осы шоттардағы бағалы қағаздардың қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді уәкілетті органның сұрау салуы бойынша ұсынуға міндетті.

2. Инвестициялық портфельді басқаратын кастодиандар:

1) бейрезидент-жеке тұлғаларға, бейрезидент-заңды тұлғаларға, сондай-ақ бейрезиденттер бенефициарлық меншік иелері болып табылатын заңды тұлғаларға тиесілі бағалы қағаздарды қоспағанда, өзге активтердің бар-жоғы туралы мәліметтерді телекоммуникациялар желісі арқылы уәкілетті

органға ұсынуға;

2) шет мемлекеттің уәкілетті органының Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес жіберілген сұрау салуында көрсетілген жеке және заңды тұлғаларға тиесілі, осы баптың 1-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, өзге активтердің бар-жоғы туралы мәліметтерді уәкілетті органның сұрау салуы бойынша ұсынуға міндетті.

3. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары:

1) бейрезидент-жеке тұлғалар пайда алушылар болып табылатын, жасалған жинақтаушы сақтандыру шарттары туралы мәліметтерді телекоммуникациялар желісі арқылы уәкілетті органға ұсынуға;

2) шет мемлекеттің уәкілетті органының Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес жіберілген сұрау салуында көрсетілген жеке тұлғалар пайда алушылар болып табылатын, жасалған жинақтаушы сақтандыру шарттары туралы мәліметтерді уәкілетті органның сұрау салуы бойынша ұсынуға міндетті.

4. Осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарында көзделген мәліметтер Қазақстан Республикасының ақпарат алмасу туралы халықаралық шартына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде ұсынылады.

28-бап. Коллекторлық агенттіктердің және тауарлармен электрондық саудаға байланысты қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілердің міндеттері

1. Коллекторлық агенттіктер құқықтың (талап етудің) коллекторлық агенттікке өту жағдайларын қамтитын шарттар жөніндегі мәліметтерді өзінің орналасқан жеріндегі салық органына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісу арқылы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша тоқсаннан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

2. Тауарлармен электрондық сауданы жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы салық заңнамасының корпоративтік табыс салығының есептелген сомасын азайту, дара кәсіпкер кірісінің салық салынатын сомасын дара кәсіпкердің салық салынатын кірісіне азайту, жеке тұлғаның салық салынатын кірісін дара кәсіпкердің салық салынатын кірісіне азайту бөлігіндегі нормаларын қолданатын тұлғалар осындай қызмет жөніндегі ақпаратты орналасқан жеріндегі салық органына уәкілетті орган бекіткен тәртіппен, мерзімдерде және нысан бойынша беруге міндетті.

3. Тауарлармен электрондық сауда кезінде тауарларды жөнелтуді, тасымалдауды, жеткізуді жүзеге асыратын тұлғалар салық органының сұрау салуы бойынша мәліметтерді уәкілетті орган бекіткен тәртіппен, мерзімдерде және нысан бойынша ұсынады.

29-бап. Тұлғаның және (немесе) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, жекелеген жағдайларда азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алу, жұмсау кезіндегі міндеттері

1. Тұлғалар және (немесе) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері:

1) ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алушының қызметі:

заңдық көмек көрсетуге, оның ішінде құқықтық ақпарат беруге, азаматтар мен ұйымдардың мүдделерін қорғауға және білдіруге, сондай-ақ оларға консультация беруге;

коммерциялық мақсаттарда жүргізілетін қоғамдық пікірге сауал жүргізу мен әлеуметтанушылық сауал жүргізуді қоспағанда, қоғамдық пікірге сауал жүргізуді, әлеуметтанушылық сауал жүргізуді зерделеуге және жүргізуге, сондай-ақ олардың нәтижелерін таратуға және орналастыруға;

аталған қызмет коммерциялық мақсаттарда жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, ақпаратты жинауға, талдауға және таратуға бағытталған жағдайда, салық органдарын уәкілетті орган белгілеген мөлшерден асатын мөлшерде шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан ақша және (немесе) өзге де мүлік алғаны туралы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, нысан бойынша және мерзімдерде хабардар етуге;

2) осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген жагдайда, шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтыгы жоқ адамдардан алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алғаны және жұмсағаны туралы мәліметтерді салық органдарына уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысан бойынша ұсынуға міндетті.

Осы тармақта козделген талаптар:

1) мемлекеттік мекемелерге;

2) лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жауапты мемлекеттік лауазымдарды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, өз қызметін босатылмаған негізде жүзеге асыратын мәслихаттардың депутаттарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Парламенті мен мәслихаттардың депутаттарына, әскери қызметшілерге, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне;

3) екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарга, сақтандыру ұйымдарына;

4) салықтық мониторингке жататын салық төлеушілерге;

5) мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарына, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан

кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдары мен халықаралық мектептерге;

6) жеке практикамен айналысатын адамдардың, төрешілердің, бағалаушылардың, аудиторлардың қызметін жүзеге асыруға байланысты алынған ақшаға және (немесе) өзге де мүлікке;

7) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне;

8) Қазақстан Республикасында аккредиттелген, шет мемлекеттің дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктеріне, шет мемлекеттің консулдық мекемелеріне, сондай-ақ олардың қызметкерлеріне;

9) спорттың ұлттық, техникалық және қолданбалы түрлерін дамытуға, дене шынықтыру мен спортты қолдауға және ынталандыруға бағытталған, сондай-ақ спорттық іс-шараларды, оның ішінде халықаралық спорттық жарыстарды, спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған ақшаға және (немесе) өзге де мүлікке;

10) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде алынатын ақшаға және (немесе) өзге де мүлікке;

11) емделудің ақысын төлеу немесе сауықтыру, профилактикалық рәсімдерден өту мақсатында алынатын ақшаға және (немесе) өзге де мүлікке;

12) сыртқы сауда келісімшарттары бойынша пайда түрінде алынатын ақшаға және (немесе) озге де мүлікке;

13) халықаралық тасымалдарды ұйымдастырғаны және жүзеге асырғаны, халықаралық пошта байланысы қызметтерін көрсеткені үшін алынатын ақшаға және (немесе) өзге де мүлікке;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған инвестициялық келісімшарттар шеңберінде алынатын ақшаға және (немесе) өзге де мүлікке;

15) төлем көзінен жеке табыс салығы ұсталып қалғанын растайтын құжаттар болған кезде, төлем көзінен бұрын осындай салық салынған дивидендтердің, сыйақылардың, ұтыстардың сомаларына;

16) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген өзге де жағдайларға қолданылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында аталған тұлғалар шет мемлекеттердің, халықаралық және шетелдік ұйымдардың, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың қаражаты есебінен жариялайтын, тарататын және (немесе) орналастыратын ақпарат пен материалдарда тапсырыс берген тұлғалар туралы мәліметтер, ақпарат пен материалдардың шет мемлекеттердің, халықаралық және шетелдік ұйымдардың, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың қаражаты есебінен дайындалғаны, таратылғаны және (немесе) орналастырылғаны туралы нұсқау қамтылуға тиіс.

3. Салық органдарының осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар туралы дерекқорды

жүргізу тәртібін, көрсетілген мәліметтер мен орналастыруға жататын өзге де мәліметтерді, сондай-ақ дерекқорға қосу және одан алып тастау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

30-бап. Салықтық құпия

1. Мынадай:

1) жеке тұлғаларды қоспағанда, салық төлеуші (салық агенті) төлеген (аударған) салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің сомасы туралы;

2) есепке жатқызылуға тиіс қосылған құн салығының есептелген салық сомасынан асып кеткен сомасын салық төлеушіге бюджеттен қайтару сомасы туралы;

3) салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық берешегінің сомасы туралы;

4) әрекет етпейтін салық төлеушілер туралы;

5) осы Кодекстің 19-бабында көзделген жағдайда, уәкілетті органның интернет-ресурсындағы дерекқорда орналастыруға жататын;

6) салық төлеушінің таратуға (қызметін тоқтатуға) байланысты салықтық тексеру жүргізу туралы салықтық өтінішті ұсынуы туралы;

7) жеке тұлғаларды қоспағанда, салық төлеушіге (салық агентіне) салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің есепке жазылған сомасы туралы;

8) жеке тұлғаларға мүлік салығының, жер салығының, көлік құралдары салығының есепке жазылған сомасы туралы;

9) Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзған салық төлеушіге (салық агентіне) қатысты қолданылған жауаптылық шаралары туралы;

10) осы Кодекстің 650-бабына сәйкес қызметін тұрақты мекеме, құрылымдық бөлімше арқылы немесе тұрақты мекеме құрмай жүзеге асыратын бейрезидентті салық төлеуші ретінде тіркеудің бар (жоқ) екендігі туралы;

11) салық төлеушінің (салық агентінің) мынадай тіркеу деректері:

сәйкестендіру нөмірі;

жеке тұлғаның, заңды тұлға басшысының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

дара кәсіпкердің, заңды тұлғаның атауы;

салық төлеушіні (салық агентін) тіркеу есебіне қойған күн, тіркеу есебінен шығарған күн, тіркеу есебінен шығарудың себебі;

қызметті тоқтата тұрудың басталған және аяқталған күні;

салық төлеушінің резиденттігі;

бақылау-касса машинасының салық органындағы тіркеу нөмірі;

бақылау-касса машинасын пайдалану орны;

қолданылатын салық режимі туралы;

12) салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық есептілікті ұсынбауы туралы;

13) Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес құпия ақпарат болып табылмайтын;

14) салық органдарында дара кәсіпкерлер ретінде тіркелмеген және жеке практикамен айналыспайтын жеке тұлғаларды қоспағанда, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен есептелетін, салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық жүктемесінің коэффициенті туралы;

15) жеке тұлғалар декларациясын тапсырған жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі туралы;

16) кірістер мен мүлік туралы декларацияда жеке табыс салығының артық төленген сомасын қайтару жөніндегі талаптардың бар (жоқ) екендігі туралы;

17) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жариялануға жататын;

18) салық төлеушілерді тәуекел дәрежесіне карай санаттау нәтижелері туралы мәліметтерді қоспағанда, салық органы салық төлеуші (салық агенті) туралы алған кез кезген мәліметтер салықтық құпияны құрайды.

2. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, салық органдары салық төлеуші (салық агенті) туралы салықтық құпия болып табылатын мәліметтерді салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатынсыз басқа тұлғаға бере алмайды.

3. Салық органдары салық төлеуші (салық агенті) туралы салықтық құпияны құрайтын мәліметтерді салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша рұқсатын алмастан мынадай жағдайларда:

1) қағаз жеткізгіште не электрондық құжат нысанында, прокурор санкциялаған уәжді сұрау салу негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреттері шегінде құқық қорғау органдарына және арнаулы мемлекеттік органдарға ұсынады. Мұндай мәліметтерді прокурор сұраткан жағдайда санкция талап етілмейді;

2) осы Кодексте айқындалған тәртіппен салықтарды есептеуге, ұстап қалуға және аударуға байланысты істер бойынша сот ісін жүргізу барысында сотқа;

3) жеке сот орындаушысының не аумақтық бөлімнің мөрімен расталған қаулының негізінде іс жүргізуіндегі атқарушылық іс жүргізу істері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде сот орындаушысына;

4) осы Кодексте және (немесе) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау, мемлекеттік статистика, сыртқы сауда қызметі, қоршаған ортаны қорғау, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық мемлекеттік органдарына, сырткы мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың уәкілетті

органына, монополияға қарсы органға және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Қазақстан Республикасының осы тармақшада көрсетілген мемлекеттік органдары салықтық құпияны құрайтын мәліметтерге қол жеткізе алатын лауазымды адамдардың тізбесін бекітеді.

Салықтық құпияны құрайтын ұсынылатын мәліметтердің тәртібі мен тізбесі уәкілетті органмен бірлескен актілерде белгіленеді;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орталық мемлекеттік органға, қаржылық мониторингті жүзеге асыратын және кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де шараларды қабылдайтын уәкілетті мемлекеттік органға және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

Осы тармақшада көрсетілген уәкілетті мемлекеттік органдар салықтық құпияны құрайтын мәліметтерге қол жеткізе алатын лауазымды адамдардың тізбесін бекітеді;

6) салықтық тексеру жүргізуге маман ретінде тартылған адамға;

7) Қазақстан Республикасы тараптардың бірі болып табылатын салық немесе құқық қорғау органдары арасындағы өзара ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарға (келісімдерге), сондай-ақ Қазақстан Республикасы халықаралық ұйымдармен жасасқан шарттарға сәйкес басқа мемлекеттердің салық немесе құқық қорғау органдарына, халықаралық ұйымдарға;

8) мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті мәліметтер бөлігінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы мен мемлекеттік органдарға;

9) мүлік салығы, жер салығы, көлік құралдары салығы бойынша, сондай-ақ сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы және жеке тұлғаның өз бетінше салық салуына жататын кірістер бойынша жеке табыс салығы бойынша жеке тұлғалар жөніндегі мәліметтер бөлігінде жергілікті атқарушы органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына ұсынады.

Осы тармақшада көрсетілген органдар салықтық құпияны құрайтын мәліметтерге қол жеткізе алатын лауазымды адамдардың тізбесін бекітеді;

10) есебі салық органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді беру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік органдарға және (немесе) тұлғаларға;

11) валюталық бақылауды жүзеге асыру және оларды кейіннен валюталық бақылау агенттері болып табылатын уәкілетті банктерге беру үшін қажет мәліметтер бөлігінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынады.

Салықтық құпияны құрайтын мәліметтердің тізбесі және оларды ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен уәкілетті органның бірлескен актісінде айқындалады;

12) салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымын қарау кезінде апелляциялық комиссияның мүшелеріне;

13) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) салық төлеушілердің (салық агенттерінің) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымдарын қарау кезінде қажетті мәліметтер бөлігінде бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға шағымдарды қарауды жүзеге асыратын уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесіне;

14) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен осындай міндет жүктелген адамдар тапсыру күні мен салық органының кодын көрсете отырып, тапсырған кірістер мен мүлік туралы декларациялар туралы мәліметтер бөлігінде уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсынады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

4. Салық органдары «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жария етуді жүргізу процесінде алған салық төлеуші туралы мәліметтер мен ақпаратқа осы баптың 3-тармағының нормалары қолданылмайды.

5. Салықтық құпияға қол жеткізе алатын адамдар өздерінің міндеттерін атқару кезеңінде де, сондай-ақ оларды атқаруды аяқтағаннан кейін де салықтық құпияны жария етпеуге тиіс.

6. Салықтық құпияны құрайтын мәліметтері бар құжаттарды жоғалту не осындай мәліметтерді жария ету Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

7. Электрондық ақпараттық ресурстың резервтік көшірмесін электрондық ақпараттық ресурстарды резервтік сақтаудың бірыңғай платформасына сақтауға беру салықтық құпияны жария ету болып табылмайды.

Бұл ретте сақтауға берілген осындай деректерді пайдалануды уәкілетті орган ғана жүзеге асырады.

Электрондық ақпараттық ресурстың резервтік көшірмесін беру және сақтау уәкілетті органмен келісу бойынша ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы және ұлттық қауіпсіздік жөніндегі уәкілетті органдар айқындаған тәртіпке және мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

2-БӨЛІМ. САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕ

4-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

31-бап. Салықтық міндеттеме

1. Салық төлеушінің Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекет алдында туындайтын міндеттемесі салықтық міндеттеме деп танылады, соған орай салық төлеуші осы Кодекстің 36-бабының 2-тармағында көрсетілген әрекеттерді жасауға міндетті.

2. Мемлекеттің салық органы арқылы салық төлеушіден (салық агентінен) салықтық міндеттемесін толық көлемде орындауды талап етуге, ал салықтық міндеттеме орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, осы Кодексте айқындалған тәртіппен оны қамтамасыз ету жөніндегі тәсілдерді және мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануға құқығы бар.

32-бап. Салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объект

Мүлік пен әрекеттер салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объект болып табылады, олардың болуына байланысты және (немесе) солардың негізінде салық төлеушінің салықтық міндеттемесі туындайды.

33-бап. Салықтық база

Салықтық база салық салу объектісінің құндық, физикалық немесе өзге де сипаттамаларын білдіреді, олардың негізінде салықтардың және бюджетке төленуге жататын төлемдердің сомасы айқындалады.

34-бап. Салықтық мөлшерлеме

1. Салықтық мөлшерлеме салық салу объектісінің немесе салықтық базаның өлшем бірлігіне салықты және бюджетке төленетін төлемді есептеу бойынша салықтық міндеттеменің шамасын білдіреді.

2. Салықтық мөлшерлеме салық салу объектісінің немесе салықтық базаның өлшем бірлігіне пайыздармен немесе абсолюттік сомамен белгіленеді.

35-бап. Салықтық кезең

Салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің жекелеген түрлеріне қатысты белгіленген уақыт кезеңі салықтық кезең деп түсініледі, ол

аяқталған соң салық салу объектісі, салықтық база айқындалады, салықтардың және бюджетке төленуге жататын төлемдердің сомасы есептеледі.

5-тарау. САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕНІ ОРЫНДАУ

36-бап. Салықтық міндеттемені орындау

1. Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, салық төлеуші салықтық міндеттемені орындауды өз бетінше жүзеге асырады.

2. Салық төлеуші салықтық міндеттемені орындау үшін мынадай әрекеттер жасайды:

1) салық органында тіркеу есебіне тұрады;

2) салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды жүргізеді;

3) салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді, салықтық база мен салықтық мөлшерлемелерді негізге ала отырып, салықтардың және бюджетке төленуге жататын төлемдердің, сондай-ақ осы Кодекстің Ерекше бөлігіне сәйкес олар бойынша аванстық және ағымдағы төлемдердің сомасын есептейді;

4) салықтық тіркелімдерді қоспағанда, салықтық нысандарды және осы Кодексте белгіленген өзге де нысандарды жасайды және белгіленген тәртіппен салық органдарына ұсынады;

5) салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің есептелген және есепке жазылған сомасын, осы Кодекстің Ерекше бөлігіне сәйкес салықтар және бюджетке төленетін төлемдер бойынша аванстық және ағымдағы төлемдерді төлейді.

3. Салық төлеуші салықтық міндеттемені Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орындауға тиіс.

Осы Кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген жағдайларда, салықтық міндеттемені салық төлеуші-жеке тұлға жалпы сомасы салықтың есептелген сомасынан аз болмайтын бірнеше төлемдерді салықтық кезең ішінде енгізу жолымен орындауы мүмкін.

4. Салық төлеушінің салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеу жөніндегі салықтық міндеттемесі, сондай-ақ қолма-қол емес нысанда орындалатын өсімпұл мен айыппұлдарды төлеу жөніндегі міндеттемесі салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің, өсімпұл мен айыппұлдардың сомасына төлем тапсырмасын екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым орындауға алған күннен бастап немесе банкоматтар немесе электрондық терминалдар арқылы төлемді жүзеге асырған күннен бастап, ал қолма-қол нысанда – салық төлеуші көрсетілген сомаларды екінші деңгейдегі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға, уәкілетті

мемлекеттік органға, жергілікті атқарушы органға енгізген күннен бастап орындалған болып саналады.

5. Осы Кодексте белгіленген жағдайларда салық төлеушінің уәкілетті өкілі салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді төлеу, әлеуметтік аударымдарды аудару кезінде төлем құжаттарында ақшаны жөнелтуші салық төлеушінің тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе атауын және оның сәйкестендіру нөмірін көрсетеді.

6. Салық агенті орындайтын, салық төлеушінің салық төлеу жөніндегі салықтық міндеттемесі салық ұсталған күннен бастап орындалған болып саналады.

7. Салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді төлеу жөніндегі салықтық міндеттеме, сондай-ақ өсімпұл мен айыппұлдарды төлеу жөніндегі міндеттеме осы Кодекстің 102-бабында айқындалған тәртіппен есепке жатқызуларды жүргізу жолымен орындалуы мүмкін.

8. Салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді төлеу жөніндегі салықтық міндеттеме, сондай-ақ өсімпұл мен айыппұлдарды төлеу жөніндегі міндеттеме осы Кодексте, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Кодекстің 722-бабында көрсетілген өнімді бөлу туралы келісімдерде (келісімшарттарда), Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта төлеудің заттай нысаны немесе шетелдік валютамен төлеу көзделген жағдайларды қоспағанда, ұлттық валютамен орындалады.

37-бап. Салықтық міндеттемені орындау кезінде салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеу ерекшеліктері

1. Төлем көзінен ұсталатын салықтардың сомасын есептеуді салық агенті жүзеге асырады.

2. Осы Кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген жағдайларда, салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің жекелеген түрлерінің сомасын есептеу жөніндегі міндет салық органына және уәкілетті мемлекеттік органдарға жүктелуі мүмкін.

38-бап. Салықтық міндеттемені орындау мерзімдері

1. Салықтық міндеттемені орындау мерзімдері осы Кодексте белгіленеді.

2. Мерзімнің өтуі салықтық міндеттемені орындау мерзімінің басталуы айқындалған нақты оқиға немесе заңды әрекет орын алған күннен кейінгі күннен басталады.

Мерзім салықтық кезеңнің соңғы күнінің соңында аяқталады. Егер

мерзімнің соңғы күні жұмыс күні болмаса, онда мерзім келесі жұмыс күнінің соңында аяқталады.

3. Салық төлеуші (салық агенті) салықтық міндеттемені мерзімінен бұрын орындауға құқылы.

Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, салық төлеуші (салық агенті) салықтық есептілікті ұсыну жөніндегі салықтық міндеттемені салықтық кезең аяқталғаннан кейін орындайды.

39-бап. Салықтық берешекті өтеу тәртібі

Салықтық берешекті өтеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) бересі сомасы;

2) есепке жазылған өсімпұл;

3) айыппұлдар сомасы.

40-бап. Мүлікті сенімгерлік басқаруға беру кезінде салықтық міндеттемені орындау

1. Осы Кодекстің мақсаттары үшін мүлікті сенімгерлік басқаруды құру нәтижесінде, оны жүзеге асыру және (немесе) тоқтату процесінде туындайтын салықтық міндеттеме сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша салықтық міндеттеме деп түсініледі.

Сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша корпоративтік және жеке табыс салықтары бойынша салықтық міндеттемені орындауды:

1) мүлікті сенімгерлік басқару шарты, мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы акт бойынша сенімгерлік басқару құрылтайшысы немесе мүлікті сенімгерлік басқару туындайтын өзге де жағдайларда пайда алушы (бұдан әрі осы Кодекстің мәтіні бойынша – сенімгерлік басқару құрылтайшысы):

сенімгерлік басқаруға берілген қатысу үлесі және (немесе) акциялар;

мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы акті бойынша сенімгерлік басқаруға берілген мүлік;

заңды тұлға, дара кәсіпкер сенімгерлік операциялар бойынша екінші деңгейдегі банктен алған кіріс;

егер сенімгерлік басқару құрылтайшысы осындай міндет жүктелген жеке тұлға болып табылса, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес декларацияны жасау және тапсыру бойынша жүзеге асырады.

Осы Кодекстің мақсаттары үшін мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы акт деп мүлікті сенімгерлік басқарудың туындауына негіз болатын, қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асырмайтын бейрезидент-жеке тұлға немесе бейрезидент-заңды тұлға сенімгерлік басқарушы болып

табылатын құжат түсініледі;

2) өзге жағдайларда – сенімгерлік басқарушы жүзеге асырады. Бұл ретте дара кәсіпкерден басқа, жеке тұлғаның және тұрақты мекеме құрмай, қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаның салық агенті болып табылатын екінші деңгейдегі банк жүзеге асыратын сенімгерлік операциялардан алған кірісі бойынша салықтық міндеттемені осындай екінші деңгейдегі банк салық агентінің міндеттерін атқару түрінде орындайды.

Сенімгерлік басқарушы мынадай:

егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүлікті сенімгерлік басқару құқығы мемлекеттік тіркеуге жататын болса – мұндай құқық мемлекеттік тіркелген;

егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімгерлік басқару құқығы мемлекеттік тіркеуге жатпайтын болса – мүлікті сенімгерлік басқару шарты немесе мүлікті сенімгерлік басқару туындайтын өзге де жағдайдың басталғанын растайтын құжат жасалған күннен бастап туындайтын салықтық міндеттемелерді орындайды.

2. Сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша қосылған құн салығы бойынша туындайтын салықтық міндеттемені орындауды осы Кодекстің 10-бөлімі мен 82 және 83-баптарында айқындалған тәртіппен сенімгерлік басқарушы жүзеге асырады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілмеген салықтар және бюджетке төленетін төлемдер бойынша туындайтын салықтық міндеттемені орындауды, егер осы Кодекстің 41-бабында өзгеше белгіленбесе, осы Кодекске сәйкес осындай салықты, бюджетке төленетін төлемді төлеуші деп танылған тұлға жүзеге асырады.

4. Резидент болып табылатын сенімгерлік басқарушы – жеке тұлға, қатысу үлесі мен акциялар түрінде мүлікті сенімгерлік басқаруға алған жағдайлардан басқа, осы Кодекстің 79-бабында айқындалған тәртіппен дара кәсіпкер ретінде салық органында тіркеу есебіне тұруға тиіс.

5. Осы Кодекстің осы бабының және 41 – 45-баптарының ережелері Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық қордың активтерін сенімгерлік басқаруды басқарушы компанияның құруы, жүзеге асыруы және (немесе) тоқтатуы нәтижесінде туындайтын салықтық міндеттемелерге қолданылмайды.

41-бап. Мемлекеттік мекемелердің мүлікті сенімгерлік басқаруға беруі кезінде салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктері

1. Мемлекеттік мекемелер мүлікті сенімгерлік басқаруға берген кезде, егер мүлікті сенімгерлік басқару шартында немесе мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актіде өзгеше белгіленбесе, мүлік салығы, жер салығы

және көлік құралдары салығы бойынша салықтық міндеттемелер сенімгерлік басқарушының орындауына жатады.

2. Сенімгерлік басқарушы, егер мүлікті сенімгерлік басқару шартында немесе мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актіде өзгеше белгіленбесе, салықтарды есептеу және төлеу, салықтық есептілікті жасау және ұсыну бойынша салықтық міндеттемелерді:

егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімгерлік басқару құқығын мемлекеттік тіркеу талап етілетін болса – мұндай құқық мемлекеттік тіркелген;

егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімгерлік басқару құқығын мемлекеттік тіркеу талап етілмейтін болса – мүлікті сенімгерлік басқару шарты немесе мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы акті жасалған күннен бастап орындайды.

3. Сенімгерлік басқарушы:

егер мүлікті сенімгерлік басқару шартында немесе мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актіде өзгеше белгіленбесе, салықтарды есептеу және төлеу, салықтық есептілікті жасау және ұсыну бойынша салықтық міндеттемені өз атынан, қатарына осындай сенімгерлік басқарушы жататын тұлғалар үшін осы Кодекстің Ерекше бөлігінде белгіленген мөлшерлемелер бойынша және тәртіппен орындайды;

мүлікті сенімгерлік басқаруға берген кезде салықтық міндеттемені орындау мақсатында осы Кодекстің 194-бабына сәйкес бөлек есепке алуды жүргізуге міндетті.

4. Егер мемлекеттік мекемелер мүлікті сенімгерлік басқаруға берген кезде мемлекеттік мекеменің мүлкі сенімгерлік басқарушыда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар құрамында есепке алынбайтын жағдайда, онда мұндай мүлікті қабылдап алу-беру актісінде мұндай мүліктің акт жасалған күнгі баланстық құны көрсетілуге тиіс.

42-бап. Корпоративтік және жеке табыс салықтары бойынша мүлікті сенімгерлік басқару нәтижесінде туындайтын кірістерді, шығындарды және мүлікті есепке алу жөніндегі жалпы ережелер

1. Осы Кодекстің мақсаттары үшін сенімгерлік басқарушы өз атынан және сенімгерлік басқару құрылтайшысының мүддесіне орай мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі міндеттерді жүзеге асыруы процесінде туындайтын, тиісінше:

алынуға жататын (алынған) кірістер;

өтелуі мүлікті сенімгерлік басқару шартында, мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актіде немесе мүлікті сенімгерлік басқару туындайтын

өзге де жағдайларда көзделген төленуге жататын (жүргізілген) шығындар, оның ішінде сыйақы;

сенімгерлік басқарушы өз атынан және сенімгерлік басқару құрылтайшысының мүддесіне орай мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру процесінде сатып алған және (немесе) алған мүлік мүлікті сенімгерлік басқарудың кірістері, шығындары және мүлкі деп түсініледі.

2. Сенімгерлік басқарушы сенімгерлік басқару шарты жөніндегі қызмет бойынша корпоративтік және жеке табыс салықтары бойынша салықтық міндеттемені орындау мақсатында осы Кодекстің 194 және 195-баптарына сәйкес бөлек есепке алуды жүргізуге міндетті.

3. Сенімгерлік басқару құрылтайшысының мүлікті сенімгерлік басқарушыға беруі осы құрылтайшы үшін осындай мүлікті өткізу болып табылмайды және ол сенімгерлік басқарушының кірісі деп танылмайды.

4. Сенімгерлік басқарушының мүлікті сенімгерлік басқару шартының, мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актінің қолданылуы тоқтатылған кезде немесе мүлікті сенімгерлік басқару туындайтын өзге де жағдайларда сенімгерлік басқару құрылтайшысына мүлікті қайтаруы осы басқарушы үшін осындай мүлікті өткізу болып табылмайды және ол сенімгерлік басқару құрылтайшысының кірісі (залалы) деп танылмайды.

5. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген сенімгерлік басқарушының өз қызметі туралы есебі негізінде айқындалатын салықтық кезеңдегі сенімгерлік басқарудың кірістері мен шығындары арасындағы оң айырма сенімгерлік басқару құрылтайшысының сенімгерлік басқаруынан түсетін таза кірісі болып табылады.

6. Осы Кодекстің 40-бабының 1-тармағына сәйкес сенімгерлік басқарушы мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша корпоративтік және жеке табыс салықтары бойынша салықтық міндеттемелерді орындауды жүзеге асырған жағдайларда, сенімгерлік басқару құрылтайшысы мүлікті сенімгерлік басқару шартында немесе мүлікті сенімгерлік басқару туындайтын өзге де жағдайларда көзделген және сенімгерлік басқарушыға төленетін сыйақы сомасын шегерімдерге жатқызуға құқылы емес.

43-бап. Корпоративтік және жеке табыс салықтары бойынша салықтық міндеттемені орындайтын сенімгерлік басқарушыны салықтық есепке алу ерекшеліктері

1. Осы Кодекстің 40-бабына сәйкес сенімгерлік басқарушы сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша корпоративтік және жеке табыс салықтары бойынша салықтық міндеттемені орындауды жүзеге асырған жағдайда, мүлікті сенімгерлік басқарудың кірістері, шығындары және мүлкі салықтық есепке алу мақсаттары үшін сенімгерлік басқарушының кірістері,

шығындары және мүлкі болып табылады.

Мүлікті сенімгерлік басқару шартында немесе мүлікті сенімгерлік басқару туындайтын өзге де жағдайларда көзделген сыйақы сенімгерлік басқарушының мүлікті сенімгерлік басқарудың кірістерінен бөлек есептелетін жылдық жиынтық кірісіне қосылады.

Сенімгерлік басқарушы сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша салық салу объектісін айқындаған кезде мүлікті сенімгерлік басқарудың кірістерінен бөлек есептелетін өзінің жылдық жиынтық кірісіне қосылған сыйақының сомасын шегерімдерге жатқызады.

2. Сенімгерлік басқарушы сенімгерлік басқару құрылтайшысының мүддесіне орай жүзеге асырылатын қызметті қоса алғанда, тұтастай бүкіл қызмет бойынша – корпоративтік табыс салығы бойынша бірыңғай декларацияны және мүлікті сенімгерлік басқарудың әрбір шарты немесе мүлікті сенімгерлік басқару туындайтын әрбір өзге де жағдай бойынша бөлек сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет және өзге де қызмет бойынша декларацияға қосымшаны жасайды және ұсынады.

3. Сенімгерлік басқарушы-заңды тұлға осы Кодексте айқындалған тәртіппен корпоративтік табыс салығы жөніндегі міндеттемені мынадай ерекшеліктерді ескере отырып орындайды:

мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша корпоративтік табыс салығының осы Кодекстің 313-бабының 1-тармағында көрсетілген мөлшерлемесін қолданады;

мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша осы Кодекстің 29-тарауының және 21-бөлімінің ережелерін қолданбайды;

мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша арнаулы салық режимдерін қолданбайды.

4. Сенімгерлік басқару құрылтайшысы заңды тұлға болып табылатын жағдайларда, сенімгерлік басқарушы-жеке тұлға:

мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша жеке табыс салығын осы Кодекстің 341-бабының ережелерін қолданбай, осы Кодекстің 313-бабының 1-тармағында көрсетілген мөлшерлеме бойынша есептеу жөніндегі салықтық міндеттемені орындайды;

мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша арнаулы салық режимдерін қолдануға құқылы емес;

қатарына сенімгерлік басқарушы жататын тұлғалар үшін осы Кодекстің Ерекше бөлігінде айқындалған тәртіппен жеке табыс салығы бойынша өзге де салықтық міндеттемелерді орындайды.

5. Сенімгерлік басқару құрылтайшысы резидент-жеке тұлға болып табылатын жағдайларда, сенімгерлік басқарушы-жеке тұлға:

осы Кодекстің 341-бабының ережелерін қолданбай, мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша жеке табыс салығын есептеу бойынша салықтық міндеттемені орындайды;

осы Кодекстің 20-бөлімінде белгіленген шарттар сақталған кезде

сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша арнаулы салық режимін қолдануға құқылы емес;

қатарына сенімгерлік басқарушы жататын тұлғалар үшін осы Кодекстің Ерекше бөлігінде айқындалған тәртіппен жеке табыс салығы бойынша өзге де салықтық міндеттемелерді орындайды.

6. Сенімгерлік басқару құрылтайшысы бейрезидент-жеке тұлға болып табылатын жағдайларда, сенімгерлік басқарушы-жеке тұлға мынадай ерекшеліктерді ескере отырып, өсы Кодексте айқындалған тәртіппен жеке табыс салығы бойынша салықтық міндеттемелерді орындайды:

мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша осы Кодекстің 646-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мөлшерлемені қолданады;

осы Кодекстің 341-бабының ережелерін қолданбайды;

арнаулы салық режимдерін қолданбайды.

44-бап. Қатысу үлесі және акциялар түрінде мүлікті сенімгерлік басқару кезінде корпоративтік және жеке табыс салықтары бойынша салықтық есепке алу ерекшеліктері

1. Салықтық есепке алу мақсаттары үшін:

сенімгерлік басқарудағы қатысу үлесі мен акциялар бойынша дивидендтер түріндегі, сенімгерлік басқарушы жұмсаған шығындар сомасына азайтылған, мүлікті сенімгерлік басқару шарты, мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы акті немесе мүлікті сенімгерлік басқару туындайтын өзге де жағдайлар және сенімгерлік басқарушының өз қызметі туралы есебі негізінде өтелген (өтеуге жататын) кіріс (бұдан әрі – сенімгерлік басқарудан түсетін дивидендтер) сенімгерлік басқару құрылтайшысының кірісі болып табылады;

қатысу үлестерін және акцияларды сенімгерлік басқарудан түсетін мүлік сенімгерлік басқару құрылтайшысының мүлкі болып табылады.

Мүлікті сенімгерлік басқару шартында, мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актіде немесе мүлікті сенімгерлік басқару туындайтын өзге де жағдайларда көзделген, сенімгерлік басқарушыға төлеуге жататын сыйақы сенімгерлік басқару құрылтайшысының шығындары болып табылады.

Сенімгерлік басқарушының қатысу үлестерін және акцияларды сенімгерлік басқарудың кірісіне:

мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актіде көзделген сыйақы;

сенімгерлік басқарушы жұмсаған, өтелуі мүлікті сенімгерлік басқару шартында, мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актіде немесе мүлікті сенімгерлік басқару туындайтын өзге де жағдайларда және сенімгерлік басқарушының өз қызметі туралы есебінде көзделген шығындардың сомасы қосылады.

Сенімгерлік басқарушы жұмсаған, өтелуі мүлікті сенімгерлік басқару шартында, мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актіде немесе мүлікті

сенімгерлік басқару туындайтын өзге де жағдайларда және сенімгерлік басқарушының өз қызметі туралы есебінде көзделген қатысу үлестері мен акцияларды сенімгерлік басқару шығындары салықтық есепке алу мақсаттары үшін осындай сенімгерлік басқарушының шығындары болып табылады.

Мұндай шығындар сенімгерлік басқарудағы қатысу үлесі мен акциялар бойынша дивидендтер түрінде сенімгерлік басқару құрылтайшысының кірісін азайтады және сенімгерлік басқару құрылтайшысында шығындар, шығыстар ретінде есепке алынбайды.

2. Сенімгерлік басқару құрылтайшысы осы Кодексте айқындалған тәртіппен корпоративтік және жеке табыс салықтары бойынша салықтық міндеттемені орындайды.

3. Сенімгерлік басқарушы қатарына осындай сенімгерлік басқарушы жататын тұлғалар үшін осы Кодекстің Ерекше бөлігінде айқындалған тәртіппен қатысу үлестері мен акцияларды сенімгерлік басқарудың кірістері, шығындары және мүлкі бойынша корпоративтік және жеке табыс салықтары бойынша салықтық міндеттемені орындайды.

45-бап. Қатысу үлесінен және акциялардан басқа, мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актілер бойынша корпоративтік және жеке табыс салықтары бойынша салықтық есепке алу ерекшеліктері

1. Салықтық есепке алу мақсаттары үшін:

қатысу үлесі мен акциялардан басқа, сенімгерлік басқарудағы мүлік бойынша, бейрезидент-сенімгерлік басқарушы жұмсаған шығындар сомасына азайтылған, мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы акті және сенімгерлік басқарушының өз қызметі туралы есебі негізінде өтелген (өтеуге жататын) кіріс сенімгерлік басқару құрылтайшысының кірісі болып табылады;

мұндай мүлікті сенімгерлік басқарудан түсетін мүлік сенімгерлік басқару құрылтайшысының мүлкі болып табылады;

мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актіде көзделген, сенімгерлік басқарушыға төлеуге жататын сыйақы сенімгерлік басқару құрылтайшысының шығындары болып табылады.

Сенімгерлік басқарушының қатысу үлесі мен акциялардан басқа, мүлікті сенімгерлік басқарудан түсетін кірісіне:

мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актіде көзделген сыйақы;

сенімгерлік басқарушы жұмсаған, өтелуі мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актіде және сенімгерлік басқарушының өз қызметі туралы есебінде көзделген шығындар сомасы қосылады.

Сенімгерлік басқарушы жұмсаған, өтелуі мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актіде және сенімгерлік басқарушының өз қызметі туралы есебінде көзделген қатысу үлесі мен акциялардан басқа, мүлікті сенімгерлік басқарудың шығындары осындай сенімгерлік басқарушының

шығындары болып табылады.

Мұндай шығындар сенімгерлік басқарудағы мүлік бойынша сенімгерлік басқару құрылтайшысының кірісін азайтады және сенімгерлік басқару құрылтайшысында шығындар ретінде есепке алынбайды.

2. Сенімгерлік басқару құрылтайшысы қатарына осындай құрылтайшы жататын тұлғалар үшін осы Кодексте айқындалған тәртіппен сенімгерлік басқарудан түсетін кіріс пен сенімгерлік басқарудан түсетін мүлік бойынша корпоративтік және жеке табыс салықтары бойынша салықтық міндеттемені орындайды.

3. Сенімгерлік басқарушы қатарына осындай сенімгерлік басқарушы жататын тұлғалар үшін осы Кодексте айқындалған тәртіппен сенімгерлік басқарудың кірістері, шығындары мен мүлкі бойынша корпоративтік және жеке табыс салықтары бойынша салықтық міндеттемені орындайды.

46-бап. Хабарсыз кеткен деп танылған жеке тұлғаның салықтық міндеттемесін орындау

1. Жеке тұлғаның салықтық міндеттемесі соттың күшіне енген шешімі негізінде оны хабарсыз кеткен деп таныған кезден бастап тоқтатыла тұрады.

2. Сот хабарсыз кеткен деп таныған жеке тұлғаның салықтық берешегін хабарсыз кеткен деп танылған жеке тұлғаның мүлкіне қорғаншылық жасау жөніндегі міндет жүктелген адам өтейді.

3. Егер хабарсыз кеткен деп танылған жеке тұлғаның мүлкі салықтық берешекті өтеу үшін жеткіліксіз болса, онда оның салықтық берешегінің өтелмеген бөлігін салық органы мүліктің жеткіліксіздігі туралы сот шешімі негізінде есептен шығарады.

4. Сот адамды хабарсыз кеткен деп тану туралы шешімнің күшін жойған кезде бұрын салық органы есептен шығарған салықтық берешектің күші осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзіміне қарамастан, сот тәртібімен қайта басталады.

47-бап. Қайтыс болған жеке тұлғаның салықтық берешегін өтеу

1. Жеке тұлғаның қайтыс болған күніне немесе соттың күшіне енген шешімі негізінде оны қайтыс болды деп жариялау күніне жиналып қалған салықтық берешегін оның мұрагері (мұрагерлері) мұраға қалдырылған мүліктің құны шегінде және мұраны алған күнге ондағы үлесіне пропорционалды түрде өтейді.

Егер қайтыс болған жеке тұлғаның, сондай-ақ соттың күшіне енген шешімі негізінде қайтыс болды деп жарияланған жеке тұлғаның мүлкі салықтық берешекті өтеу үшін жеткіліксіз болса, онда салықтық берешектің өтелмеген бөлігін салық органы мүліктің жеткіліксіздігі туралы сот шешімі негізінде есептен шығарады.

2. Егер мұрагер (мұрагерлер) кәмелетке толмаған (кәмелетке толмағандар) болса, онда жеке тұлғаның қайтыс болған күніне немесе оны қайтыс болды деп жариялау күніне жиналып қалған салықтық берешегін өтеу жөніндегі міндеттеме соттың күшіне енген шешімі негізінде ғана мұндай мұрагерге (мұрагерлерге) мұраға қалдырылған мүліктің құны шегінде және мұраны алған күнге ондағы үлесіне пропорционалды түрде жүктеледі.

3. Жеке тұлғаның қайтыс болған күніне немесе соттың күшіне енген шешімі негізінде оны қайтыс болды деп жариялау күніне жиналып қалған салықтық берешегі, егер:

1) кәмелетке толмаған мұрагер (мұрагерлер) соттың күшіне енген шешімі негізінде осындай берешекті өтеу жөніндегі салықтық міндеттемеден босатылған;

2) мұрагері (мұрагерлері) жоқ болған жағдайларда, өтелген болып саналады.

Сот жеке тұлғаны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімнің күшін жойған кезде бұрын салық органы есептен шығарған салықтық берешектің күші осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзіміне қарамастан, сот тәртібімен қайта басталады.

4. Осы баптың ережелері дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам қайтыс болған немесе соттың күшіне енген шешімі негізінде қайтыс болды деп жарияланған күніне жиналып қалған салықтық берешекті өтеу кезінде қолданылады.

48-бап. Салықтық міндеттеме мен талап бойынша талап қоюдың ескіру мерзімдері

1. Мынадай:

1) салық органы салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеуге, есепке жазуға немесе олардың есептелген, есепке жазылған сомасын қайта қарауға құқылы болатын;

2) салық төлеуші (салық агенті) салықтық есептілікті ұсынуға міндетті, салықтық есептілікке өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, салықтық есептілікті кері қайтарып алуға құқылы болатын;

3) салық төлеуші (салық агенті) салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұлды есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды талап етуге құқылы болатын уақыт кезеңі салықтық міндеттеме мен талап бойынша талап қоюдың ескіру мерзімі деп танылады.

2. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, талап қоюдың ескіру мерзімі үш жылды құрайды.

3. Талап қоюдың ескіру мерзімі осы бапта белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, салық төлеушілердің мынадай:

1) осы Кодексте сәйкес салықтық мониторингке жататын;

2) қызметін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес

жүзеге асыратын санаттары үшін бес жылды құрайды.

4. Талап қоюдың ескіру мерзімінің өтуі осы баптың 5, 6, 7, 8 және 12-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті салықтық кезең аяқталғаннан кейін басталады.

5. Мынадай жағдайда:

1) инвестициялық басым жобаны іске асыруды көздейтін инвестициялық келісімшартта көрсетілген салықтар бойынша осы Кодекстің 80-тарауын қолданған кезде – осындай келісімшарттың қолданылу кезеңі ішінде және инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзімі өткен немесе қолданылуы өзгеше тоқтатылған күннен бастап бес жыл бойы;

2) осы Кодекстің 288-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын қолданған кезде – жеке тұлғаның оқу кезеңінде және жеке тұлға оқуын аяқтаған күннен бастап бес жыл бойы салық төлеуші салықтар сомасын есептеуге, ал салық органы есептеуге және есепке жазуға құқылы.

6. Қызметін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес жүзеге асыратын салық төлеушілер бойынша салық органы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу кезеңі ішінде және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бес жыл бойы – үстеме пайда салығын, Қазақстан Республикасының өнімді бөлу үлесін, салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есепке жазуға немесе олардың есептелген, есепке жазылған сомасын қайта қарауға құқылы, оларды есептеу әдістемесінде мынадай көрсеткіштердің бірі: рентабельділіктің ішкі нормасы (РІН) немесе пайданың ішкі нормасы немесе R-фактор (кірістілік көрсеткіші) пайдаланылады.

7. Талап қоюдың ескіру мерзімінің өтуі:

1) өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайларды салу кезеңіндегі салықтық міндеттеме және қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талап бойынша осы Кодекстің 432-бабының 1-тармағы қолданылған жағдайда – Қазақстан Республикасының аумағында мұндай ғимараттар мен құрылысжайлар алғаш рет пайдалануға берілген салықтық кезең аяқталғаннан кейін;

2) геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу және кен орнын жайластыру кезеңіндегі салықтық міндеттеме және қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талап бойынша осы Кодекстің 432-бабының 2-тармағы қолданылған жағдайда – кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын және емдік балшықтарды қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарт шеңберінде өндірілген пайдалы қазбалар экспортының басталуы тұспа-тұс келетін салықтық кезең аяқталғаннан кейін басталады.

Егер экспорт 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін жүзеге асырылса, талап қоюдың ескіру мерзімінің өтуі 2016 жылғы 1 қаңтардан басталады;

3) осы Кодекстің 432-бабында корсетілген қосылған құн салығының расталған асып кету сомасын осы Кодекстің 104-бабына сәйкес қайтару және

(немесе) есепке жатқызу жүргізілген жағдайда – қосылған құн салығының қайтаруға ұсынылған асып кету сомасының анықтығы, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тексеру нәтижелеріне шағым жасау қорытындысы бойынша расталған салықтық кезең аяқталғаннан кейін басталады.

8. Осы баптың 7-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген қосылған құн салығын есепке жазу немесе оның есептелген, есепке жазылған сомасын қайта қарау мақсаттары үшін талап қоюдың ескіру мерзімінің өтуі салық төлеуші қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талабы бар қосылған құн салығы бойынша декларацияны тапсырған салықтық кезең аяқталғаннан кейін басталады.

9. Талап қоюдың ескіру мерзімі:

1) салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есепке жазу және (немесе) олардың есептелген сомасын қайта қарау бөлігінде салық төлеуші (салық агенті) осы баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі күнтізбелік бір жылға жетпей өтетін кезеңдегі қосымша салықтық есептілікті ұсынған жағдайда – күнтізбелік бір жылға;

2) бюджетке төленетін корпоративтік табыс салығын есепке жазу және (немесе) оның есептелген сомасын қайта қарау бөлігінде салық төлеуші (салық агенті) осы баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі күнтізбелік бір жылға жетпей өтетін кезеңдегі шығындарды ауыстыру бөлігінде өзгерістері және толықтырулары бар қосымша салықтық есептілікті ұсынған жағдайда – күнтізбелік үш жылға;

3) мынадай:

салық төлеуші (салық агенті) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тексеру нәтижелері туралы хабарламаға, сондай-ақ шағым жасалатын бөлігінде – салық органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасаған;

бейрезиденттің халықаралық шарт негізінде бюджеттен табыс салығын қайтаруға арналған салықтық өтініші қаралған;

халықаралық шарт негізінде бюджеттен табыс салығын қайтаруға арналған салықтық өтінішті қарау нәтижелері бойынша салық органы шығарған шешімге бейрезидент Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен шағым жасаған;

салық органының осы тармақшаның төртінші абзацында көрсетілген шешіміне бейрезиденттің шағымын қарау нәтижелері бойынша уәкілетті орган шығарған шешімге бейрезидент шағым жасаған жағдайларда, шағымды (өтінішті) қарау нәтижелері бойынша шығарылған шешім орындалғанға дейін;

4) уәкілетті орган осы Кодекстің 221-бабына сәйкес өзара келісу рәсімін жүргізген жағдайда – уәкілетті органның және (немесе) шет мемлекеттің құзыретті органының өзара келісу рәсімінің қорытындылары бойынша қабылдаған шешімі орындалғанға дейін;

5) анықталған бұзушылықтар бөлігінде, талап қоюдың ескіру мерзімі өткенге дейін жіберілген және табыс етілген, камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалғанға дейін;

6) деңгейлес мониторингтің нәтижелері бойынша ұсынымдар тапсырылған күннен бастап деңгейлес мониторингтің нәтижелері бойынша шешім шығарылғанға дейін;

7) егер инвестор халықаралық төрелікте талқылауға бастамашылық жасаған жағдайда, онда салық органы инвестор талқылауға бастамашылық жасаған, инвестор шағым жасаған кезден бастап және осы төрелік талқылау бойынша түпкілікті шешім шығарылған кезге дейінгі кезеңдегі салық төлеушінің салықтарын және бюджетке төленетін төлемдерін есепке жазуға немесе олардың есептелген, есепке жазылған сомасын қайта қарауға құқылы – осындай төрелік талқылау аяқталғаннан кейін бес жыл бойына;

8) коллекторлық қызметті жүзеге асыратын салық төлеушінің салықтарын және бюджетке төленетін төлемдерін есепке жазу және (немесе) олардың есептелген, есепке жазылған сомаларын қайта қарау бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген берешекті өндіріп алу туралы шарт бойынша берешекке қатысты коллекторлық қызмет жөніндегі қызмет көрсету аяқталған күннен бастап күнтізбелік үш жылға ұзартылады.

10. Салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есепке жазу немесе олардың есептелген, есепке жазылған сомаларын қайта қарау бөлігінде талап қоюдың ескіру мерзімі:

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен салық төлеуші (салық агенті) салықтық тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық дайындап, берген және оны салық органы қараған;

Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасына сәйкес салықтық тексеруді жүргізу уақытында сұрау салулар жолданған және олар бойынша құжаттар және (немесе) ақпарат алынған кезеңге тоқтатыла тұрады. Бұл ретте салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің есептелген, есепке жазылған сомаларын қайта қарау бөлігінде талап қоюдың ескіруінің жалпы мерзімі оның тоқтатыла тұруы ескеріле отырып, жеті жылдан аспауға тиіс;

сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде жүргізілген салықтық тексеру жағдайында, салықтық тексеру аяқталған күннен бастап қылмыстық іс бойынша іс жүргізу аяқталғанға дейінгі уақыт кезеңіне тоқтатыла тұрады.

11. Жеке кәсіпкерлік субъектісімен іс жүзінде тауарлар тиеп-жөнелтілмей, жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей жасалған, шот-фактураны жазып беру әрекеті (әрекеттері) бойынша салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есепке жазуды немесе олардың есептелген сомасын қайта қарауды салық органы соттың заңды күшіне енген шешімі, үкімі, қаулысы негізінде салықтық міндеттеме және (немесе) талап бойынша – талап қоюдың ескіру мерзімі шегінде жүргізеді.

12. Салықтың және бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың артық (қате) төленген сомасы, осы Кодекстің 108-бабында белгіленген жағдайды қоспағанда, осы баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде төленген сомалар шегінде есепке жатқызуға және (немесе) қайтаруға жатады.

6-тарау. САЛЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ТӨЛЕМАҚЫЛАРДЫ ТӨЛЕУ БОЙЫНША САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕНІ ОРЫНДАУ МЕРЗІМДЕРІН ӨЗГЕРТУ. САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕНІ ТОҚТАТУ НЕГІЗІ

49-бап. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімдерін өзгерту туралы жалпы ережелер

1. Осы Кодексте белгіленген төлену мерзімін неғұрлым кеш мерзімге ауыстыру не салықтық берешекті өтеу мерзімдерін ұзарту салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бөйынша салықтық міндеттемені орындау мерзімдерін өзгерту деп танылады. Осы тармақтың ережелері айыппұлдар сомасына қатысты қолданылмайды.

Осы тараудың мақсаттары үшін төлемақылар деп:

жер учаскелерін пайдаланғаны;

жер беті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны;

қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақылар түсініледі.

2. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды толеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімдерін өзгерту ұсынылған салықтық есептілікке сәйкес салық төлеуші есептеген, сондай-ақ салықтық тексеру нәтижелері бойынша, уәкілетті мемлекеттік органдардың деректері бойынша салық органы есепке жазған салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша кейінге қалдыру, мерзімін ұзарту нысанында жүзеге асырылады.

Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу мерзімі салықтың және (немесе) төлемнің төленуге тиіс бүкіл сомасына не оның бір бөлігіне қатысты өзгертілуі мүмкін.

3. Төлем көзінен ұсталатын салықтар, акциздер, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан импортталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін салықтар бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімдері өзгертілуге жатпайды.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан импортталатын тауарларды қоспағанда, импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды толеу мерзімін өзгерту осы баптың 9 және

10-тармақтарында айқындалған тәртіппен осы Кодекске сәйкес таңбалауға жататын импортталатын тауарлар бойынша акцизді қоспағанда, қосылған құн салығы мен акциз бойынша жүргізіледі.

4. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімдері салық төлеуші салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімдерін өзгерту туралы өтініш берген күннің алдындағы үш жылдың ішінде салықтық міндеттемені орындау графигін салық төлеушінің бұзуына байланысты салық органы салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімдерін өзгерту туралы бұрын шыгарылған шешімнің қолданылуын тоқтатқан жағдайда өзгертілмейді.

5. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды толеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімдерін өзгерту салық төлеушінің және (немесе) үшінші тұлғаның мүлкін кепілге қоюмен және (немесе) банк кепілдігімен жүргізіледі.

6. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімдерін өзгерту туралы салықтық өтінішті салық төлеуші салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеудің болжамды графигін қоса бере отырып, уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ұсынады.

7. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімдерін өзгерту салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша кейінге қалдыруды немесе мерзімін ұзартуды беру жағдайын қоспағанда, осы Кодекстің 117-бабына сәйкес салық төлеушіні өсімпұлды уақтылы төлемегені үшін оларды төлеуден:

Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген төлем қабілетсіздігін реттеу рәсімі шеңберінде;

осы Кодекстің 51-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша босатпайды.

8. Осы тараудың ережелері өсімпұл төлеу бойынша кейінге қалдыруды немесе мерзімін ұзартуды берген кезде де қолданылады.

9. Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден органына ұсынылған, ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға арналған декларация импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу мерзімін өзгертуге негіз болып табылады.

Импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу мерзімін озгерту:

1) осындай импортталатын тауарларды толық көлемде кедендік тазарту үшін Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген құжаттар кеден органына ұсынылған;

2) егер тұлғалар уәкілетті орган белгілеген тәуекелдерді басқару

жүйесін қолдану нәтижесінде жанама салықтар бойынша төлеудің осы бапта көзделген мерзімін өзгертуді қолдануға құқығы жоқ тұлғалар санатына жатқызылмаған жағдайда жүргізіледі.

Осы бапқа сәйкес импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу мерзімін өзгерту Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес ішкі тұтыну үшін импортталатын тауарларды шығару жүргізілген айдан кейінгі айдың 20-күнгі мерзімі бойынша жеке шотта есептелген салық сомасын салық органының көрсетуі арқылы беріледі.

10. Импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту:

1) осындай импортталатын тауарларды толық көлемде кедендік тазарту үшін Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген құжаттар кеден органына ұсынылған;

2) тауарды импорттайтын тұлға Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес уәкілетті экономикалық оператөр болып табылған жағдайда жүргізіледі.

Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден органына ұсынылған, ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға арналған декларация импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды толеу мерзімін өзгертуге негіз болып табылады.

Осы бапқа сәйкес импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтарды толеу мерзімін өзгерту Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес импортталатын тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару жүргізілген айдан кейінгі үшінші айдың 20-күнгі мерзім бойынша жеке шотта есептелген салық сомасын салық органының көрсетуі арқылы беріледі.

50-бап. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы шешім қабылдауға уәкілеттік берілген салық органы

1. Республикалық бюджетке түсетін, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлінетін салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы шешімді салық төлеушінің орналасқан жеріндегі салық органы қабылдайды.

2. Жергілікті бюджеттерге толық көлемде түсетін салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы шешімді осы Кодекстің Ерекше бөлігінде

белгіленген, олар төленетін жердегі салық органы қабылдайды.

51-бап. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды толеу бойынша кейінге қалдыруды немесе мерзімін ұзартуды беру тәртібі мен шарттары

1. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту салықтардың және (немесе) төлемақылардың сомаларын тиісінше бір мезгілде немесе кезең-кезеңмен төлей отырып, осы бапта көзделген негіздер болған кезде салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу мерзімін өзгертуді білдіреді.

Салықтардың және (немесе) төлемақылардың сомаларын бір мезгілде төлей отырып, кейінге қалдыру алты айдан аспайтын мерзімге беріледі.

Салықтардың және (немесе) төлемақылардың сомаларын тең үлестермен ай сайын немесе тоқсан сайын төлей отырып, мерзімін ұзарту үш айдан аспайтын мерзімге беріледі.

Кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту бір немесе бірнеше салық және (немесе) төлемақы бойынша берілуі мүмкін.

2. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту қаржылық жағдайы салықты және (немесе) төлемақыны белгіленген мерзімде төлеуге мүмкіндік бермейтін, алайда оларды мынадай:

1) салық төлеушіге еңсерілмейтін (әлеуметтік, табиғи, техногендік, экологиялық сипаттағы төтенше жағдайлар, әскери іс-қимылдар және еңсерілмейтін күштің өзге де мән-жайлары) салдарынан нұқсан келтіру;

2) салық төлеушінің тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді өндіруінің және (немесе) өткізуінің маусымдық сипатта болуы;

3) дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрмайтын жеке тұлғаның мүліктік жағдайы (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіріп алуды қолдануға болмайтын мүлікті есепке алмағанда) біржолғы салық төлеуге мүмкіндік бермеуі;

4) соттың төлем қабілетсіздігін реттеу рәсімін қолдану туралы шешім қабылдауы;

5) салық төлеушінің негізгі қызмет түрінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес стратегиялық маңызы бар экономика саласына жатқызылуы;

6) салық төлеушінің қосымша салықтық есептілікті ұсынуы;

7) салық төлеушінің есепке жазылған салықтардың және (немесе) төлемақылардың тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген сомаларымен келісуі негіздерінің бірі болған кезде оларды төлеу мүмкіндігі кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту берілетін мерзім ішінде туындайды деп пайымдауға жеткілікті негіз болатын салық төлеушіге берілуі мүмкін. Осы тармақшаның ережелері салық төлеуші ретінде тіркелген күнінен бастап

кейінге қалдыруды немесе мерзімін ұзартуды беру туралы өтініш берген күнге дейінгі кезең кемінде бес жылды құрайтын салық төлеушілерге қолданылмайды.

3. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы өтінішке мынадай құжаттар:

1) тиісті контрагент-дебиторлармен жасалған шарттардың бағалары (өзге де міндеттемелердің көлемдері мен олардың туындау негіздері) және оларды орындау мерзімдері көрсетіле отырып, салық төлеушінің контрагент-дебиторларының тізбесі, сондай-ақ осы шарттардың (міндеттеменің өзге де туындау негіздерінің бар-жоғын растайтын құжаттардың) көшірмелері қоса беріледі. Осы тармақшаның ережелері дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінде тұрмаған жеке тұлғаға қолданылмайды;

2) осы баптың 4-тармағында көрсетілген, салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу мерзімін өзгерту үшін негіздердің бар-жоғын растайтын құжаттар;

3) бағалаушының кепілге берілген мүліктің нарықтық құнын бағалау туралы есебі қоса берілген кепіл нысанасы болуы мүмкін мүлік туралы құжаттар не кепілдік беруші банк пен салық төлеуші арасында жасалған банк кепілдігі шарты және банк кепілдігі қоса беріледі. Бұл ретте бағалаушының кепілге берілген мүліктің нарықтық құнын бағалау туралы есебі салық төлеуші кейінге қалдыруды немесе мерзімін ұзартуды беру туралы өтініш берген күнге дейін он жұмыс күнінен кейін жасалуға тиіс.

4. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу мерзімін өзгерту үшін негіздердің бар екенін растайтын құжаттар мыналар:

осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша – тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың салық төлеушіге қатысты еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындау фактісінің растамасы;

осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіз бойынша – салық төлеуші жасаған және мұндай тұлғаның тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін жалпы кірісінде маусымдық сипатқа ие қызмет салалары мен түрлерінен түсетін кірісінің үлесі кемінде 50 пайызды құрайтынын растайтын құжат;

осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген негіз бойынша – тиісті уәкілетті орган өтініш берілген күнге дейін он жұмыс күнінен кейін берген, жеке тұлғаның өтініш берілген күннің алдындағы жылғы кірістері, жылжымалы және жылжымайтын мүлкі туралы мәліметтер.

5. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы немесе оны өзгертуден бас тарту туралы шешімді осы Кодекстің 50-бабына сәйкес осындай шешім қабылдауға уәкілеттік берілген орган уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салық төлеушінің өтінішін алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

6. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгертуден бас тарту туралы шешім уәжді болуға тиіс.

52-бап. Мүлікті кепілге қою шартын жасасу талаптары

1. Мүлікті кепілге қою шарты салық төлеуші салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы өтініш берген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, мынадай талаптар сақталған кезде жасалады:

1) кепіл шартының мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келеді;

2) кепілге қойылатын мүлік жоғалудан немесе зақымданудан сақтандырылуға тиіс және оның нарықтық құны салық төлеуші салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу графигін бұзған жағдайда, кейінге қалдырудың немесе мерзімін ұзартудың қолданылу кезеңі үшін есептелген өсімпұл, сондай-ақ оны өткізуге жұмсалатын шығыстар ескеріле отырып, салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы өтініште көрсетілген салықтардың және (немесе) төлемақылардың сомасынан кем болмауға тиіс. Мыналар:

тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілері;

электр, жылу және өзге де энергия түрлері;

тыйым салынған мүлік;

салық органдарын қоса алғанда, мемлекеттік органдар қойған шектеулері бар мүлік;

үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған мүлік;

тез бүлінетін шикізат, тамақ өнімдері кепіл нысанасы бола алмайды;

3) кепілге қойылатын мүлікті қайта кепілге қоюға жол берілмейді;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында мүлікті кепілге қою шартының міндетті мемлекеттік тіркелуі көзделген жағдайларда, салық төлеуші кепіл шартын жасасқан күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы шешім қабылдайтын салық органына кепіл шартының тиісті тіркеуші органда тіркелгенін растайтын құжатты ұсынады.

53-бап. Банк кепілдігі

1. Салық төлеуші салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу

бойынша кейінге қалдыруды, мерзімін ұзартуды беру шарттарын бұзған жағдайда, банк кепілдігіне байланысты банкте (кепілдік берушіде) салық төлеушінің салықтарды және (немесе) төлемақыларды толеу бойынша міндеттемесін орындау жөніндегі міндет туындайды.

2. Банк кепілдігі мынадай талаптарға сай келуге тиіс:

1) банк кепілдігінің мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс;

2) банк кепілдігі кері қайтарып алынбайтын болуға тиіс;

3) банк кепілдігінің қолданылу мерзімі банк кепілдігімен қамтамасыз етілген, салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу жөніндегі міндетті салық төлеушінің орындауының белгіленген мерзімі өткен күннен бастап алты айдан кейін аяқталуға тиіс;

4) банк кепілдігі берілген сома салық төлеушінің салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу жөніндегі міндетін кепілдік берушінің толық көлемде орындауын қамтамасыз етуге тиіс.

3. Банк кепілдігі бойынша міндеттеме кепілдік берушінің банк кепілдігі бойынша ақшалай соманы төлеу жөніндегі талапты алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде орындауына жатады.

4. Кепілдік беруші салық органына банк кепілдігі бойынша ақшалай соманы төлеу туралы талапты (егер мұндай талап кепілдік берушіге банк кепілдігі берілген мерзім аяқталғаннан кейін қойылған жағдайды қоспағанда) қанағаттандырудан бас тартуға құқылы емес.

54-бап. Кейінге қалдырудың және мерзімін ұзартудың қолданылуын тоқтату

1. Кейінге қалдырудың және мерзімін ұзартудың қолданылуы тиісті шешімнің қолданылу мерзімі өткеннен кейін тоқтатылады.

2. Кейінге қалдырудың және мерзімін ұзартудың қолданылуы:

1) салық төлеуші салықтардың және (немесе) төлемақылардың бүкіл сомасын белгіленген мерзім өткенге дейін төлеген;

2) салық төлеуші салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша кейінге қалдыруды және мерзімін ұзартуды беру шарттарын бұзған;

3) егер кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту осы Кодекстің 51-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген негіз бойынша берілген жағдайда – тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы салық органының шешімінде көрсетілген мерзім ішінде тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағым берілген жағдайларда тоқтатылады, оның ішінде мерзімінен бұрын тоқтатылады. Осы тармақшада көзделген жағдай басталған кезде салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы шешімнің қолданылуы салық органы тиісті шешім қабылдаған

күннен бастап тоқтатылады.

3. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы шешімнің қолданылуын осы шешімді қабылдаған салық органы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы шешімнің күшін жою туралы хабарламаны салық төлеушіге жібере отырып тоқтатады.

55-бап. Кепілге қойылған мүлікке өндіріп алуды қолдану және оны өткізу, сондай-ақ банк кепілдігінің орындалуын талап ету тәртібі

1. Салық төлеушінің және (немесе) үшінші тұлғаның мүлік кепілімен және (немесе) банк кепілдігімен қамтамасыз етілген салықтық міндеттемені орындау графигі бұзылған жағдайда, салық органы салық төлеушінің және (немесе) үшінші тұлғаның кепілге қойылған мүлкіне өндіріп алуды қолданады не банк кепілдігінің орындалуын талап етеді.

2. Салық төлеуші және (немесе) үшінші тұлға кепілге қойған мүлікті өткізуді уәкілетті заңды тұлға сауда-саттықтар өткізу жолымен жүргізеді.

Салық төлеуші және (немесе) үшінші тұлға кепілге қойған мүлікті, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) билік етілуі шектелген мүлкін өткізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

3. Салық органы салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу туралы талаптың орындалу мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде банк кепілдігі бойынша ақшалай соманы толеу туралы талапты кепілдік берушіге жібереді.

56-бап. Салықтық міндеттеменің тоқтатылуы

1. Жеке тұлғаның салықтық міндеттемесі:

1) ол қайтыс болған;

2) соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде ол қайтыс болды деп жарияланған жағдайда тоқтатылады.

2. Дара кәсіпкердің салықтық міндеттемесі дара кәсіпкер Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен қызметін тоқтатқаннан кейін тоқтатылады.

3. Заңды тұлғаның салықтық міндеттемесі:

1) ол таратылғаннан кейін;

2) қосылу (қосылған заңды тұлғаға қатысты), бірігу және бөліну жолымен ол қайта ұйымдастырылғаннан кейін тоқтатылады.

7-тарау. САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ ТАРАТЫЛҒАН, ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН, ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТҚАН КЕЗДЕ САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕНІ ОРЫНДАУ

57-бап. Жалпы ережелер

Осы тараудың ережелері бірігу, қосылу, бөліну, тарату немесе қызметті тоқтату жолымен қайта ұйымдастыру туралы шешімді салық төлеуші қабылдаған жағдайда қолданылады.

58-бап. Таратылатын заңды тұлғаның салықтық міндеттемесін, сондай-ақ бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, тұрақты мекемесінің Қазақстан Республикасындағы қызметі тоқтатылған кезде салықтық міндеттемені орындау

1. Резидент-заңды тұлға тарату туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өзінің орналасқан жеріндегі салық органына бұл туралы жазбаша хабарлайды.

2. Таратылатын заңды тұлға аралық тарату балансы бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өзінің орналасқан жеріндегі салық органына бір мезгілде:

1) салықтық тексеру жүргізу туралы салықтық өтінішті;

2) таратудың салықтық есептілігін ұсынады.

3. Таратудың салықтық есептілігі таратылатын заңды тұлға төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің түрлері және әлеуметтік төлемдер бойынша салықтық тексеру жүргізу туралы салықтық өтініш ұсынылған салықтық кезеңнің басынан бастап осындай өтініш ұсынылған күнге дейінгі кезең үшін жасалады.

Егер кезекті салықтық есептілікті ұсыну мерзімі таратудың салықтық есептілігі ұсынылғаннан кейін басталса, осындай кезекті салықтық есептілікті ұсыну таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

4. Таратылатын заңды тұлға таратудың салықтық есептілігінде көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді салық органына таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей төлейді.

Егер таратудың салықтық есептілігінің алдында ұсынылған салықтық есептілікте көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді төлеу мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын болса, онда төлеу (аудару) салық органына таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

5. Салық органдары салықтық тексеруді таратылатын заңды тұлғаның салықтық өтінішін салық органы алғаннан кейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей бастауға тиіс.

6. Таратылатын заңды тұлғаның салықтық берешегі, оның ішінде осы баптың 4 және 11-тармактарында көрсетілген негіздер бойынша туындайтын салықтық берешегі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген кезектілік тәртібімен оның ақшасы, оның ішінде мүлкін өткізуден алынған ақшасы есебінен өтеледі. Бұл ретте таратылатын заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің, бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекемелерінің, құрылымдық бөлімшелерінің салықтық берешегі осындай бейрезидент-заңды тұлға заңды тұлғалардың тұрақты мекемелерінің, құрылымдық бөлімшелерінің тобы бойынша жиынтықты түрде салықтық міндеттемелерді қызметін тоқтататын тұрақты мекеме, құрылымдық бөлімше арқылы орындаған жағдайда да өтеледі.

7. Егер таратылатын заңды тұлғаның мүлкі салықтық берешекті толық көлемде өтеу үшін жеткіліксіз болса, салықтық берешектің қалған бөлігін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, таратылатын заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) өтейді.

8. Егер таратылатын заңды тұлғада салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың артық төленген сомалары бар болса, онда көрсетілген сомалар таратылатын заңды тұлғаның салықтық берешегін өтеу есебіне осы Кодекстің 102-бабында айқындалған тәртіппен есепке жатқызылуға тиіс.

Егер таратылатын заңды тұлғада салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың қате төленген сомалары бар болса, онда көрсетілген сомалар осы Кодекстің 103-бабында айқындалған тәртіппен есепке жатқызылуға тиіс.

9. Егер таратылатын заңды тұлғада қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған күнге дейін есепке жатқызылатын қосылған құн салығының осы Кодекстің 49-тарауына сәйкес қайтаруға жататын, есепке жазылған салық сомасынан асып кететін сомасы бар болса, көрсетілген асып кету таратылатын заңды тұлғага осы Кодекстің 104-бабында айқындалған тәртіппен қайтарылуға жатады.

10. Таратылатын заңды тұлғада салықтық берешек болмаған кезде:

1) салықтардың, бюджетке төленетін толемдер мен өсімпұлдың қате төленген сомалары осы заңды тұлғаға осы Кодекстің 103-бабында айқындалған тәртіппен қайтарылуға жатады;

2) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың артық төленген сомалары осы заңды тұлғаға осы Кодекстің 101-бабында айқындалған тәртіппен қайтарылуға жатады;

3) айыппұлдардың төленген сомалары осы заңды тұлғага осы Кодекстің 106-бабында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен қайтарылуға жатады;

4) кеден органдары алатын кедендік баждардың, салықтардың, кедендік алымдар мен өсімпұлдың бюджетке артық (қате) төленген сомалары осы заңды тұлғаға Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен қайтарылуға жатады.

11. Таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап таратудың салықтық тексеруі аяқталған күнге дейінгі кезеңде салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді, әлеуметтік төлемдерді есептеу және төлеу жөніндегі міндеттемелер туындаған жағдайда, таратылатын заңды тұлға осындай міндеттемелерді салық органының осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген хабарламасы негізінде орындауға міндетті.

12. Таратудың салықтық тексеруі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап тарату балансы бекітілген күнге дейінгі кезең ішінде жеке тұлғалар мен бейрезиденттердің төлем көзінен салық салуға жататын, дивидендтер түріндегі кірістері пайда болған жағдайда, таратылатын заңды тұлға өзінің орналасқан жеріндегі салық органына осындай салықтық міндеттеме бойынша таратудың салықтық есептілігіне қосымша салықтық есептілікті ұсынуға және оны толық көлемде орындауға міндетті.

13. Салықтық тексеру аяқталып, осы баптың 12-тармағында белгіленген ережелер орындалғаннан кейін таратылатын заңды тұлға орналасқан жеріндегі салық органына тарату балансын ұсынады.

Таратылатын заңды тұлға тарату балансын бір мезгілде мынадай талаптар сақталған жағдайда:

1) салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек болмаса;

2) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің, өсімпұл мен айыппұлдардың артық (қате) төленген сомалары болмаса;

3) есепке жатқызылатын қосылған құн салығының осы Кодекстің 49-тарауына сәйкес қайтарылуға жататын, есепке жазылған салық сомасынан асып кетуі болмаса;

4) кеден органдары алатын кедендік баждарды, салықтарды, кедендік алымдар мен өсімпұлды есепке жатқызуды және (немесе) олардың артық (қате) толенген сомаларын қайтаруды жүргізуге арналған орындалмаған салықтық өтініш болмаса, салықтық тексеру аяқталып, осы баптың 12-тармағында белгіленген ережелер орындалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынады.

Салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек, салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің, өсімпұл мен айыппұлдардың артық (қате) төленген сомалары болған және (немесе) есепке жатқызылатын қосылған құн салығы осы Кодекстің 49-тарауына сәйкес қайтарылуға жататын, есепке жазылған салық сомасынан асып кеткен жағдайда, таратылатын заңды тұлға тарату балансын:

1) салықтық берешек, әлеуметтік толемдер бойынша берешек өтелген күннен;

2) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің, өсімпұл мен айыппұлдардың артық (қате) төленген сомалары қайтарылған күннен;

3) есепке жатқызылатын қосылған құн салығының осы Кодекстің 49-тарауына сәйкес қайтарылуға жататын, есептелген салық сомасынан асып кетуі қайтарылған күннен;

4) кеден органдары алатын кедендік баждардың, салықтардың, кедендік алымдар мен өсімпұлдың артық (қате) төленген сомалары қайтарылған күннен кейін келетін күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынады.

14. Бейрезидент-заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында қызметі тоқтатылатын құрылымдық бөлімшесінің, сондай-ақ бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің салықтық міндеттемесін орындау осы бапта айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

15. Таратылатын резидент-заңды тұлғалар осы Кодекстің 59 немесе 60-баптарында белгіленген салықтық міндеттемелерді орындаудың ерекшеліктерін таңдаған жағдайда, оларға осы баптың ережелері қолданылмайды.

59-бап. Таратылатын резидент-заңды тұлғалардың жекелеген санаттарының салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктері

1. Осы бап бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін:

1) қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын;

2) ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданбайтын;

3) қайта ұйымдастырылмаған немесе қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқық мирасқоры болып табылмайтын, таратылатын резидент-заңды тұлғаның салықтық міндеттемесін орындау ерекшеліктерін белгілейді.

Осы тармақшаның ережесі қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға қатысты қолданылмайды;

4) тәуекелдерді бағалау жүйесі іс-шараларының нәтижелері негізінде салықтық тексерулер жоспарына немесе іріктелген салықтық тексерулер тізіміне енгізілмеген;

5) жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрмайтын, таратылатын резидент-заңды тұлғаның салықтық міндеттемесін орындау ерекшеліктерін белгілейді.

Осы бап осы тармақта айқындалған шарттарға сәйкес келетін резидент-заңды тұлғаларға қатысты осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде қолданылады. Осы баптың ережелері құрылған күнінен бергі кезеңі осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап

қоюдың ескіру мерзіміне қарағанда кем болатын заңды тұлғаларға да қолданылады.

2. Тарату туралы шешім қабылданған жағдайда, заңды тұлға орналасқан жеріндегі салық органына бір мезгілде:

1) қызметті тоқтату туралы салықтық өтінішті;

2) таратудың салықтық есептілігін;

3) аралық тарату балансын;

4) осы Кодекстің 169-бабында айқындалған тәртіппен бақылау-касса машинасын есептен шығару туралы салықтық өтінішті ұсынады.

Таратылатын заңды тұлға осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген құжатты бақылау-касса машинасы салық органында есепке қойылған жағдайда ұсынады.

3. Таратудың салықтық есептілігі таратылатын заңды тұлға төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің түрлері және әлеуметтік төлемдер бойынша қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш ұсынылған салықтық кезеңнің басынан бастап осындай өтініш ұсынылған күнге дейінгі кезең үшін жасалады.

Егер кезекті салықтық есептілікті ұсыну мерзімі таратудың салықтық есептілігі ұсынылғаннан кейін басталатын болса, осындай кезекті салықтық есептілікті ұсыну таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

4. Таратылатын заңды тұлға таратудың салықтық есептілігінде көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді салық органына таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей төлейді.

Егер таратудың салықтық есептілігінің алдында ұсынылған салықтық есептілікте көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді төлеу мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын болса, онда төлеу (аудару) салық органына таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

5. Салық органы таратылатын заңды тұлғаның қызметін тоқтату туралы салықтық өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі шегінде заңды тұлғаға қатысты салықтық тексеру жүргізілмеген кезең үшін:

1) уәкілетті мемлекеттік органдарға – қызметі тоқтатылатын заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуге жататын мүлікпен жасаған мәмілелері туралы, сондай-ақ салық органының сұрау салуы алынған күнгі жағдай бойынша оның мүлкі туралы мәліметтерді ұсыну туралы;

2) екінші деңгейдегі банктерге және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға – қызметі тоқтатылатын заңды тұлғаның салық органының сұрау салуы алынған күні банктік

шоттарындағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салуды жібереді.

Салық органының сұрау салулары бойынша осы тармақта көрсетілген мәліметтер, егер осы Кодекстің 24-бабы бірінші бөлігінің 13) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, алынған күнінен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылуға тиіс.

6. Салық органы осы баптың 5-тармағында көзделген барлық мәліметті алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде камералдық бақылауды жүзеге асырады және осы Кодексте айқындалған тәртіппен қорытынды жасайды.

Қорытындыда камералдық бақылау нәтижелері және салықтар, бюджетке төленетін төлемдер мен әлеуметтік төлемдер бойынша есеп айырысулардың жай-күйі көрсетіледі.

Қорытынды кемінде екі данада жасалады және оған салық органының лауазымды адамдары қол қояды. Қорытындының бір данасы оған қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, таратылатын заңды тұлғаға қолын қойдыра отырып тапсырылады немесе оған хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберіледі.

Салық органы таратылатын салық төлеушіге (салық агентіне) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберген қорытындыны пошта немесе өзге байланыс ұйымы қайтарған жағдайда, осы Кодексте айқындалған негіздер бойынша және тәртіппен куәгерлерді тарта отырып, салықтық зерттеп-қарау жүргізілген күн осындай қорытынды табыс етілген күн болып табылады.

7. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, таратылатын заңды тұлғаға қорытынды алынған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей осы Кодекстің 12-тарауында айқындалған тәртіппен камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама табыс етіледі.

Таратылатын заңды тұлға камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындауды осы Кодекстің 96-бабында айқындалған тәртіппен жүзеге асырады.

Хабарлама орындалмаған және (немесе) салық органдары салық төлеуші ұсынған түсініктермен келіспеген жағдайда, таратылатын заңды тұлғаға қатысты салықтық тексеру жүргізіледі. Бұл ретте салықтық тексеру осындай хабарламаны орындау мерзімі өткеннен кейін және (немесе) анықталған бұзушылықтар бойынша келіспеу туралы түсінік алынғаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірілмей басталуға тиіс.

8. Таратылатын заңды тұлғаның салықтық берешегі, оның ішінде осы баптың 4-тармағында көрсетілген негіздер бойынша туындайтын салықтық берешегі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген кезектілік тәртібімен оның ақшасы, оның ішінде мүлкін өткізуден алынған ақшасы есебінен өтеледі.

9. Егер таратылатын заңды тұлғаның мүлкі салықтық берешекті толық

көлемде өтеу үшін жеткіліксіз болса, салықтық берешектің қалған бөлігін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, таратылатын заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) өтейді.

10. Таратылатын заңды тұлғада салықтық берешек болмаған кезде:

1) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың қате төленген сомалары осы Кодекстің 103-бабында айқындалған тәртіппен осы заңды тұлғаға қайтарылуға жатады;

2) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың артық төленген сомалары осы Кодекстің 101-бабында айқындалған тәртіппен осы заңды тұлғаға қайтарылуға жатады;

3) айыппұлдардың төленген сомалары осы Кодекстің 106-бабында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен осы заңды тұлғаға қайтарылуға жатады;

4) кеден органдары алатын кедендік баждардың, салықтардың, кедендік алымдар мен өсімпұлдың бюджетке артық (қате) төленген сомалары Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен осы заңды тұлғаға қайтарылуға жатады.

11. Заңды тұлға камералдық бақылау нәтижелері бойынша қорытындыны алған күннен кейінгі күннен бастап тарату балансы бекітілген күнге дейінгі кезең ішінде жеке тұлғалар мен бейрезиденттердің төлем көзінен салық салуға жататын, дивидендтер түріндегі кірістері пайда болған жағдайда, таратылатын заңды тұлға өзінің орналасқан жеріндегі салық органына осындай салықтық міндеттеме бойынша таратудың салықтық есептілігіне қосымша салықтық есептілікті ұсынуға және оны толық көлемде орындауға міндетті.

12. Таратылатын заңды тұлға орналасқан жеріндегі салық органына тарату балансын ұсынады.

Таратылатын заңды тұлға тарату балансын салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек болмаған жагдайда, камералдық бақылау нәтижелері бойынша қорытындыны алған және осы баптың 11-тармағында белгіленген ережелерді орындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынады.

13. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар, салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек болған жағдайда, таратылатын заңды тұлға тарату балансын камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жойғанда салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек өтелген және осы баптың 11-тармағында белгіленген ережелер орындалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынады.

14. Осы баптың 12-тармағында көрсетілген тарату балансы ұсынылғаннан кейін және осы баптың 13-тармағында белгіленген ережелер орындалғаннан кейін салық органы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді, заңды тұлғалар қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді,

құрылымдық бөлімшелерді есептік тіркеуді, қайта тіркеуді, есептік тіркеуден шығаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органға таратылатын заңды тұлға бойынша есебі салық органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді осы Кодекстің 100-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жібереді.

60-бап. Салықтар бойынша аудит қорытындысының нәтижелері бойынша таратылатын резидент-заңды тұлғалардың және қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкерлердің жекелеген санаттарының салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктері

1. Осы бап бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін:

1) таратылатын заңды тұлғаның және қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкердің осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі кезеңіндегі түзетулері ескеріле отырып, жылдық жиынтық кірістерінің жалпы сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 150 000 еселенген мөлшерінен аспайтын;

2) салық органына қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш ұсынылған күнге дейін күнтізбелік жиырма күн бұрын жасалған, салықтар бойынша аудит қорытындысы бар;

3) жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрмайтын не осы Кодектің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде тұрмаған таратылатын резидент-заңды тұлғалардың және қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкерлердің жекелеген санаттарының салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктерін белгілейді.

Бұл ретте, егер салықтар бойынша аудит қорытындысының нәтижелері бойынша салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеу және төлеу, әлеуметтік төлемдерді есептеу, ұстап қалу, аудару жөніндегі міндеттемелер туындаса, мұндай міндеттемелер таратылатын заңды тұлғаның немесе қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкердің салықтар бойынша аудиттің тиісті қорытындысы салық төлеушіге табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде орындауына жатады.

2. Резидент-заңды тұлға тарату туралы шешім қабылданған жағдайда, дара кәсіпкер қызметті тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда өзінің орналасқан жеріндегі салық органына бір мезгілде:

1) қызметті тоқтату туралы салықтық өтінішті;

2) таратудың салықтық есептілігін;

3) салықтар бойынша аудит қорытындысын;

4) осы Кодекстің 169-бабында айқындалған тәртіппен бақылау-касса машинасын есептен шығару туралы салықтық өтінішті ұсынады.

Таратылатын заңды тұлға немесе қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкер осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген құжатты бақылау-касса машинасы салық органында есепке қойылған жағдайда ұсынады.

3. Таратудың салықтық есептілігі таратылатын заңды тұлға немесе қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкер төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің түрлері және әлеуметтік төлемдер бойынша қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш ұсынылған салықтық кезеңнің басынан бастап осындай өтініш ұсынылған күнге дейінгі кезең үшін жасалады.

Егер кезекті салықтық есептілікті ұсыну мерзімі таратудың салықтық есептілігі ұсынылғаннан кейін басталатын болса, мұндай кезекті салықтық есептілікті ұсыну таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

4. Таратылатын заңды тұлға немесе қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкер салық органына таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей, таратудың салықтық есептілігінде көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді толейді және әлеуметтік төлемдерді аударады.

Егер таратудың салықтық есептілігінің алдында ұсынылған салықтық есептілікте көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді төлеу және әлеуметтік төлемдерді аудару мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын болса, онда төлеу (аудару) салық органына таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

5. Таратылатын заңды тұлғада немесе қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкерде салықтық берешек болмаған кезде:

1) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың қате төленген сомалары осы салық төлеушіге осы Кодекстің 103-бабында айқындалған тәртіппен қайтарылуға жатады;

2) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың артық төленген сомалары осы салық төлеушіге осы Кодекстің 101-бабында айқындалған тәртіппен қайтарылуға жатады;

3) айыппұлдардың төленген сомалары осы салық төлеушіге осы Кодекстің 106-бабында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен қайтарылуға жатады;

4) кеден органдары алатын кедендік баждардың, салықтардың, кедендік алымдар мен өсімпұлдың бюджетке артық (қате) төленген сомалары осы салық төлеушіге Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен қайтарылуға жатады.

6. Салық органы осы баптың 2-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, осы Кодекстің 95-бабында айқындалатын тәртіппен камералдық бақылауды жүзеге асыруға

міндетті.

Салық органдары камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, таратылатын заңды тұлғаға немесе қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкерге осы Кодекстің 12-тарауында айқындалған тәртіппен бұзушылықтарды жою туралы хабарлама табыс етіледі.

Таратылатын заңды тұлға немесе қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкер камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындауды осы Кодекстің 96-бабында айқындалған тәртіппен жүзеге асырады.

Салық төлеуші салықтық берешекті, әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті төлеуді (аударуды) камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүргізеді.

7. Хабарлама орындалмаған және (немесе) салық органдары салық төлеуші ұсынған түсініктермен келіспеген жағдайларда, таратылатын заңды тұлғаға немесе қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкерге қатысты салық органы мұндай салық төлеушіге қатысты анықталған, салықтық тексеруді тағайындауға негіз болған фактілер мен мән-жайлар бойынша аталған тексеруді жүргізеді.

8. Камералдық бақылау аяқталған күннен кейінгі күннен бастап тарату балансы бекітілген күнге дейінгі кезең ішінде жеке тұлғалар мен бейрезиденттердің төлем көзінен салық салуға жататын, дивидендтер түріндегі кірістері пайда болған жағдайда, таратылатын заңды тұлға өзінің орналасқан жеріндегі салық органына осындай салықтық міндеттеме бойынша таратудың салықтық есептілігіне қосымша салықтық есептілікті ұсынуға және оны толық көлемде орындауға міндетті.

9. Осы баптың 4, 5, 6 және 8-тармақтарында белгіленген ережелер орындалған және салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек болмаған жағдайларда, сондай-ақ салық органы жүргізген камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар жойылған кезде таратылатын заңды тұлға орналасқан жеріндегі салық органына тарату балансын ұсынады.

Таратылатын заңды тұлға тарату балансын салықтық берешек, әлеуметтік толемдер бойынша берешек болмаған жағдайда осы баптың 2-тармағында көрсетілген құжаттарды салық органы алған және осы баптың 8-тармағында белгіленген ережелер орындалған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде ұсынады.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар, салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек болған жағдайларда, таратылатын заңды тұлға тарату балансын камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жойғанда салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек өтелген және осы баптың 8-

тармағында белгіленген ережелер орындалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынады.

10. Осы баптың 9-тармағында белгіленген ережелер орындалғаннан кейін салық органы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді, заңды тұлғалар қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді, құрылымдық бөлімшелерді есептік тіркеуді, қайта тіркеуді, есептік тіркеуден шығаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органға (бұдан әрі – әділет органдары) таратылатын заңды тұлға бойынша есебі салық органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді осы Кодекстің 100-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жібереді.

11. Қызметі тоқтатылған дара кәсіпкердің салықтық міндеттемесі салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек болмаған немесе өтелген, камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар толық көлемде жойылған жағдайда камералдық бақылау жүзеге асырылғаннан кейін орындалды деп есептеледі.

12. Осы баптың 11-тармағына сәйкес салықтық міндеттеме орындалған күн дара кәсіпкерді салық органындағы тіркеу есебінен шығару күні болып табылады.

13. Салық органы осы баптың 12-тармагында көрсетілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, дара кәсіпкерді тіркеу есебінен шығарады.

Дара кәсіпкерді тіркеу есебінен шыгару туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

14. Салық органы салықтық берешекті, әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті төлеудің (аударудың) осы баптың 6-тармағында белгіленген мерзімі өткеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, дара кәсіпкерді тіркеу есебінен шығарудан бас тартады.

Дара кәсіпкердің осы бапта белгіленген ережелерді орындамауы да дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шыгарудан бас тартуға негіз болып табылады.

61-бап. Резидент-заңды тұлғаның қызметі тоқтатылатын құрылымдық бөлімшесінің салықтық міндеттемесін орындау

1. Резидент-заңды тұлға өзінің құрылымдық бөлімшесінің қызметін тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда, резидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің орналасқан жеріндегі салық органына бір мезгілде:

1) қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш;

2) резидент-заңды тұлғаның өзінің құрылымдық бөлімшесінің қызметін тоқтату туралы шешімінің көшірмесі;

3) егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің таратудың салықтық есептілігі ұсынылады.

2. Таратудың салықтық есептілігі заңды тұлғаның қызметі тоқтатылатын құрылымдық бөлімшесі дербес төлеуші болып танылған салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің түрлері және әлеуметтік төлемдер бойынша заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің қызметін тоқтату туралы шешім қабылданған салықтық кезеңнің басынан бастап қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш ұсынылған күнге дейінгі кезең үшін жасалады.

Егер кезекті салықтық есептілікті ұсыну мерзімі таратудың салықтық есептілігі ұсынылғаннан кейін басталатын болса, мұндай кезекті салықтық есептілікті ұсыну таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

3. Заңды тұлғаның қызметі тоқтатылатын құрылымдық бөлімшесі осы баптың 2-тармағында көзделген таратудың салықтық есептілігінде көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді төлеуді салық органына таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүргізеді.

Егер таратудың салықтық есептілігінің алдында ұсынылған салықтық есептілікте көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді төлеу мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын болса, онда төлеу (аудару) таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

4. Егер заңды тұлғаның қызметі тоқтатылатын құрылымдық бөлімшесі салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді дербес төлеуші болып танылмаса, таратудың салықтық есептілігі ұсынылмайды.

5. Заңды тұлғаның қызметі тоқтатылатын құрылымдық бөлімшесінің салықтық берешегі, әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі осы құрылымдық бөлімшені құрған заңды тұлғаның ақшасы есебінен өтеледі.

62-бап. Заңды тұлға бірігу, қосылу, бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған кезде салықтық міндеттемені орындау

1. Заңды тұлға бірігу, қосылу, бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы орналасқан жеріндегі салық органына жазбаша хабарлайды.

Беру актісі бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бірігу, қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға өзінің орналасқан жеріндегі салық органына бір мезгілде:

1) таратудың салықтық есептілігін;

2) беру актісін ұсынады.

Таратудың салықтық есептілігі бірігу, қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға төлеуші және (немесе) салық агенті болып

табылатын салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің түрлері және әлеуметтік төлемдер бойынша осындай есептілікті ұсыну жөніндегі міндеттеме туындаған салықтық кезеңнің басынан бастап оны салық органына ұсынған күнге дейінгі кезең үшін жасалады.

Таратудың салықтық есептілігін ұсыну жөніндегі міндеттеме бірігу жолымен қайта ұйымдастыру кезінде – жаңадан құрылған заңды тұлғаның құрамына кірген әрбір заңды тұлғаға, қосылу жолымен қайта ұйымдастыру кезінде қосылған заңды тұлғаға жүктеледі.

Егер кезекті салықтық есептілікті ұсыну мерзімі таратудың салықтық есептілігі ұсынылғаннан кейін басталатын болса, мұндай кезекті салықтық есептілікті ұсыну таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Заңды тұлға бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған кезде мұндай тұлға бөлу балансы бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өзінің орналасқан жеріндегі салық органына көрсетілген балансты ұсынады.

2. Таратудың салықтық есептілігін ұсынуды қоспағанда, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның салықтық міндеттемесін орындау оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) жүктеледі.

3. Құқық мирасқорын (құқық мирасқорларын), сондай-ақ қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның салықтық берешегін өтеуге құқық мирасқорының (құқық мирасқорларының) қатысу үлесін белгілеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы осы заңды тұлғаның құқық мирасқорының (құқық мирасқорларының) салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді төлеу жөніндегі оның салықтық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгертуге негіз болып табылмайды.

5. Егер қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғада салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың артық төленген сомалары бар болса, көрсетілген сомалар осы Кодекстің 102-бабында айқындалған тәртіппен қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның салықтық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызылуға тиіс.

Егер қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғада салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың қате төленген сомалары бар болса, онда көрсетілген сомалар осы Кодекстің 103-бабында айқындалған тәртіппен қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаға есепке жатқызылуға тиіс.

6. Қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғада салықтық берешек болмаған кезде:

1) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың қате төленген сомалары оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) қайта ұйымдастыру кезінде ол (олар) алған мүліктегі үлесіне пропорционалды түрде осы Кодекстің 103-бабында айқындалған тәртіппен қайтарылуға жатады;

2) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың артық төленген сомалары оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) қайта

ұйымдастыру кезінде ол (олар) алған мүліктегі үлесіне пропорционалды түрде осы Кодекстің 101-бабында айқындалған тәртіппен қайтарылуға жатады.

7. Заңды тұлға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған кезде қосылған құн салығын төлеуші - қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғада қайта ұйымдастырылу күніне жиналып қалған қосылған құн салығының асып кетуі оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) берілуге жатады.

Бұл ретте бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) берілуге жататын қосылған құн салығының асып кетуі құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) берілетін негізгі құралдардың қалдық құнының үлесіне пропорционалды түрде айқындалады.

Негізгі құралдардың қалдық құны бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның бөлу балансы негізінде айқындалады.

Осы тармақ бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі болған жағдайда қолданылады.

8. Салық органы заңды тұлғаны мынадай жолмен қайта ұйымдастыру туралы сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің мәліметтерін алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде:

1) бірігу – жаңадан құрылған заңды тұлғаның құрамына кірген заңды тұлғалардың жеке шоттары бойынша сальдоны жаңадан құрылған заңды тұлғаның орналасқан жеріндегі салық органына беру актісінің негізінде береді;

2) қосылу – қосылған заңды тұлғаның жеке шоты бойынша сальдоны аталған заңды тұлға қосылған заңды тұлғаның орналасқан жеріндегі салық органына беру актісінің негізінде береді;

3) бөлініп шығу – жаңадан құрылған заңды тұлғаны бөліп шығарған заңды тұлғаның жеке шоты бойынша сальдоны жаңадан құрылған заңды тұлғаның орналасқан жеріндегі салық органына бөлу балансының негізінде береді.

63-бап. Бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесін ашпаған тұрақты мекеме Қазақстан Республикасында тиімді басқару орнының (нақты басқару органының орналасқан жерінің) болуына байланысты құқықтары мен міндеттерін берген кезде оның салықтық міндеттемесін орындау

1. Бейрезидент-заңды тұлға өзінде құрылымдық бөлімшені ашпастан Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі болған және тиімді басқару орнын (нақты басқару органының орналасқан жерін) шет мемлекеттен Қазақстан Республикасына көшіру туралы шешім қабылдаған кезде осы Кодекстің 76-бабының 2-тармағына сәйкес салық төлеуші ретінде тіркеу

есебіне қою туралы салықтық өтінішті бергеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осындай тұрақты мекеменің орналасқан жеріндегі салық органына мұндай тұрақты мекеменің құқықтар мен міндеттерді тиімді басқару орны (нақты басқару органының орналасқан жері) Қазақстан Республикасында болатын заңды тұлғаға беруі туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

Аталған бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекемесі салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қойылған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде салық органына:

1) тіркеу есебінен шығару туралы салықтық өтінішті;

2) таратудың салықтық есептілігін;

3) беру актісін ұсынуға міндетті.

Таратудың салықтық есептілігі, құқықтар мен міндеттерді беретін тұрақты мекеме төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің түрлері және әлеуметтік төлемдер бойынша осындай есептілікті ұсыну жөніндегі міндеттеме туындаған салықтық кезеңнің басынан бастап оны салық органына ұсынған күнге дейінгі кезең үшін жасалады.

Егер кезекті салықтық есептілікті ұсыну мерзімі таратудың салықтық есептілігі ұсынылғаннан кейін басталатын болса, мұндай кезекті салықтық есептілікті ұсыну таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

2. Құқықтар мен міндеттерді заңды тұлғаға беретін тұрақты мекеменің салықтық міндеттемесін орындау шет мемлекеттің заңнамасы бойынша құрылған, тиімді басқару орны (нақты басқару органының орналасқан жері) Қазақстан Республикасында болатын осындай заңды тұлғаға (құқық мирасқорына) жүктеледі.

3. Тұрақты мекеменің құқықтар мен міндеттерді заңды тұлғаға беруі шет мемлекеттің заңнамасы бойынша құрылған, тиімді басқару орны (нақты басқару органының орналасқан жері) Қазақстан Республикасында болатын заңды тұлғаның салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді төлеу жөніндегі салықтық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгертуге негіз болып табылмайды.

4. Құқықтар мен міндеттерді заңды тұлғаға беретін тұрақты мекемеде салықтық берешек болмаған кезде салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың артық (қате) төленген сомалары шет мемлекеттің заңнамасы бойынша құрылған, тиімді басқару орны (нақты басқару органының орналасқан жері) Қазақстан Республикасында болатын заңды тұлғаға қайтарылуға жатады.

5. Салық органы осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде құқықтар мен міндеттерді заңды тұлғаға беретін тұрақты мекеменің жеке шоты бойынша сальдоны тұрақты мекеменің құқықтары мен міндеттері берілген заңды тұлғаның орналасқан жеріндегі салық органына беру актісінің негізінде береді.

64-бап. Бөліну жолымен қайта ұйымдастырылған кезде заңды тұлғаның салықтық міндеттемесін орындау

1. Заңды тұлға бөліну жолымен қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы орналасқан жеріндегі салық органына жазбаша хабарлайды.

Заңды тұлға бөліну жолымен қайта ұйымдастырылған кезде бөлу балансы бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде орналасқан жеріндегі салық органына бір мезгілде:

1) салықтық тексеру жүргізу туралы салықтық өтінішті;

2) таратудың салықтық есептілігін ұсынады.

2. Таратудың салықтық есептілігі қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің түрлері және әлеуметтік төлемдер бойынша салықтық тексеру жүргізу туралы салықтық өтініш ұсынылған салықтық кезеңнің басынан бастап осындай өтініш ұсынылған күнге дейінгі кезең үшін жасалады.

Егер кезекті салықтық есептілікті ұсыну мерзімі таратудың салықтық есептілігі ұсынылғаннан кейін басталатын болса, мұндай кезекті салықтық есептілікті ұсыну таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

3. Қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға таратудың салықтық есептілігінде көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді төлеуді салық органына таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүргізеді.

Егер таратудың салықтық есептілігінің алдында ұсынылған салықтық есептілікте көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді төлеу мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын болса, онда төлеу (аудару) таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

4. Салық өрганы салықтық тексеруді қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның салықтық өтінішін алғаннан кейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей бастауға тиіс.

5. Бөліну жолымен қайта ұйымдастырылған кезде қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға салықтық тексеру аяқталғаннан кейін өзінің орналасқан жеріндегі салық органына бөлу балансын ұсынады.

Егер қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғада салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың артық төленген сомалары бар болса, көрсетілген сомалар осы Кодекстің 102-бабында айқындалған тәртіппен қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның салықтық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызылуға тиіс.

Егер қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғада салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың қате төленген сомалары бар болса, онда көрсетілген сомалар осы Кодекстің 103-бабында айқындалған тәртіппен есепке жатқызылуға тиіс.

Қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғада салықтық берешек болмаған кезде:

1) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың қате төленген сомалары оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) қайта ұйымдастыру кезінде ол (олар) алған мүліктегі үлесіне пропорционалды түрде осы Кодекстің 103-бабында айқындалған тәртіппен қайтарылуға жатады;

2) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың артық төленген сомалары оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) қайта ұйымдастыру кезінде ол (олар) алған мүліктегі үлесіне пропорционалды түрде осы Кодекстің 101-бабында айқындалған тәртіппен қайтарылуға жатады;

3) кеден органдары алатын кедендік баждардың, салықтардың, кедендік алымдар мен өсімпұлдың бюджетке артық (қате) төленген сомалары оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) қайта ұйымдастыру кезінде ол (олар) алған мүліктегі үлесіне пропорционалды түрде Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен қайтарылуға жатады;

4) айыппұлдардың артық (қате) төленген сомалары оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) қайта ұйымдастыру кезінде ол (олар) алған мүліктегі үлесіне пропорционалды түрде осы Кодекстің 106-бабында айқындалған тәртіппен қайтарылуға жатады.

Қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға осы тармақта көрсетілген құжаттарды бір мезгілде мынадай шарттар сақталған жағдайда:

1) салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек болмаса;

2) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің, өсімпұл мен айыппұлдардың артық (қате) төленген сомалары болмаса;

3) кеден органдары алатын кедендік баждарды, салықтарды, кедендік алымдар мен өсімпұлды есепке жатқызуды және (немесе) олардың артық (қате) төленген сомаларын қайтаруды жүргізуге арналған орындалмаған салықтық өтініш болмаса, салықтық тексеру аяқталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынады.

Қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек, салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің, өсімпұл мен айыппұлдардың артық (қате) төленген сомалары болған жағдайда, осы тармақта көрсетілген құжаттарды:

1) салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек өтелген күннен;

2) салықтардың, бюджетке төленген төлемдердің, өсімпұл мен айыппұлдардың артық (қате) төленген сомалары қайтарылған күннен;

3) кеден органдары алатын кедендік баждардың, салықтардың,

кедендік алымдар мен өсімпұлдың артық (қате) төленген сомалары қайтарылған күннен кейін келетін күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынады.

6. Салық органы сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің мәліметтерін алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жаңадан құрылған заңды тұлғалардың орналасқан жеріндегі салық органына бөлінген заңды тұлғаның жеке шоттары бойынша сальдоны бөлу балансының негізінде береді.

7. Таратудың салықтық есептілігін ұсынуды қоспағанда, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның салықтық міндеттемесін орындау оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) жүктеледі.

8. Құқық мирасқорын (құқық мирасқорларын), сондай-ақ құқық мирасқорының (құқық мирасқорларының) қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның салықтық берешегін өтеуге қатысу үлесін белгілеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы осы заңды тұлғаның құқық мирасқорының (құқық мирасқорларының) салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді төлеу бойынша оның салықтық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгертуге негіз болып табылмайды.

65-бап. Қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкердің салықтық міндеттемесін орындау

1. Дара кәсіпкер қызметті тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде өзінің орналасқан жеріндегі салық органына бір мезгілде:

1) салықтық тексеру жүргізу туралы салықтық өтінішті;

2) таратудың салықтық есептілігін ұсынады.

2. Таратудың салықтық есептілігі қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкер төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің түрлері және әлеуметтік төлемдер бойынша салықтық тексеру жүргізу туралы салықтық өтініш ұсынылған салықтық кезеңнің басынан бастап осындай өтініш ұсынылған күнге дейінгі кезең үшін жасалады.

Егер кезекті салықтық есептілікті ұсыну мерзімі таратудың салықтық есептілігі ұсынылғаннан кейін басталатын болса, мұндай кезекті салықтық есептілікті ұсыну таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

3. Қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкер таратудың салықтық есептілігінде көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді төлеуді салық органына таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүргізеді.

Егер таратудың салықтық есептілігінің алдында ұсынылған салықтық есептілікте көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді төлеу мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде

көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын болса, онда төлеу (аудару) таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

4. Қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкердің салықтық өтінішін салық органы алғаннан кейін салықтық тексеру жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмей басталуға тиіс.

5. Қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкердің салықтық берешегі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген кезектілік тәртібімен оның ақшасы, оның ішінде мүлкін өткізуден алынған ақшасы есебінен өтеледі.

6. Егер қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкерде салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың артық төленген сомалары бар болса, көрсетілген сомалар қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкердің салықтық берешегін өтеу есебіне осы Кодекстің 102-бабында айқындалған тәртіппен есепке жатқызылуға тиіс.

Егер қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкерде салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың қате төленген сомалары бар болса, онда көрсетілген сомалар осы Көдекстің 103-бабында айқындалған тәртіппен есепке жатқызылуға тиіс.

7. Қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкерде салықтық берешек болмаған кезде:

1) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың қате төленген сомалары осы Кодекстің 103-бабында айқындалған тәртіппен осы дара кәсіпкерге қайтарылуға жатады;

2) салықтардың, бюджетке төленетін толемдер мен өсімпұлдың артық төленген сомалары осы Кодекстің 101-бабында айқындалған тәртіппен осы дара кәсіпкерге қайтарылуға жатады;

3) айыппұлдардың төленген сомалары осы Кодекстің 106-бабында айқындалған тәртіппен осы дара кәсіпкерге қайтарылуға жатады;

4) кеден органдары алатын кедендік баждардың, салықтардың, кедендік алымдар мен өсімпұлдың бюджетке артық (қате) төленген сомалары Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен осы дара кәсіпкерге қайтарылуға жатады.

8. Қызметі тоқтатылған дара кәсіпкердің салықтық міндеттемесі салықтық тексеру аяқталғаннан кейін және салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек, оның ішінде салықтық тексеру нәтижелері бойынша қалыптасқан берешек болмаған немесе олар осы Кодекстің 115-бабында белгіленген мерзімдерде өтелген кезде орындалды деп есептеледі.

9. Осы баптың 8-тармағына сәйкес салықтық міндеттеме орындалған күн дара кәсіпкерді салық органындағы тіркеу есебінен шығару күні болып табылады.

10. Салық органы осы баптың 8-тармағына сәйкес салықтық міндеттеме орындалған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей дара

кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығаруды жүзеге асырады және уәкілетті органның интернет-ресурсында дара кәсіпкердің тіркеу есебінен шығарылғаны туралы ақпаратты орналастырады.

11. Осы Кодекстің 115-бабында белгіленген мерзімдерде төленбеген салықтық берешектің, әлеуметтік төлемдер бойынша берешектің болуы дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарудан бас тартуға негіз болып табылады.

12. Осы баптың ережелері осы Кодексте сәйкес қызметті тоқтату кезінде салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктерін қолданатын дара кәсіпкерлерге қолданылмайды.

66-бап. Қызметі тоқтатылған кезде дара кәсіпкерлердің және жеке практикамен айналысатын адамдардың жекелеген санаттарының салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктері

1. Осы бап бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін:

1) қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын;

2) тәуекелдерді бағалау жүйесі іс-шараларының нәтижелері бойынша салықтық тексерулер жоспарына немесе ішінара салықтық тексерулер тізіміне енгізілмеген, қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкерлердің және жеке практикамен айналысатын адамдардың салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктерін белгілейді.

Осы бап осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде осы тармақта айқындалған шарттарға сәйкес келетін дара кәсіпкерлерге немесе жеке практикамен айналысатын адамдарға қатысты қолданылады. Осы тармақтың ережелері дара кәсіпкерлер ретінде мемлекеттік тіркелген күннен басталатын уақыт кезеңі осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімінен кем дара кәсіпкерлерге де қатысты қолданылады.

2. Дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам қызметті тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда, орналасқан жеріндегі салық органына бір мезгілде:

1) қызметін тоқтату туралы салықтық өтінішті;

2) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаны, осындай есепке алу болған кезде;

3) таратудың салықтық есептілігін;

4) осы Кодекстің 169-бабында айқындалған тәртіппен бақылау-касса машинасын есептен шығару туралы салықтық өтінішті ұсынады.

Қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкер осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген құжатты бақылау-касса

машинасы салық органында есепке қойылған жағдайда ұсынады.

3. Таратудың салықтық есептілігі қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам салық төлеушілер (салық агенттері) болып табылатын салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің түрлері және әлеуметтік төлемдер бойынша қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш ұсынылған салықтық кезеңнің басынан бастап осындай өтініш ұсынылған күнге дейінгі кезең үшін жасалады.

Егер кезекті салықтық есептілікті ұсыну мерзімі таратудың салықтық есептілігі ұсынылғаннан кейін басталатын болса, мұндай кезекті салықтық есептілікті ұсыну таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

4. Қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам таратудың салықтық есептілігінде көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді төлеуді салық органына таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүргізеді.

Егер таратудың салықтық есептілігінің алдында ұсынылған салықтық есептілікте көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді төлеу мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын болса, онда толеу (аудару) салық органына таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

5. Салық органы дара кәсіпкердің немесе жеке практикамен айналысатын адамның қызметті тоқтату туралы салықтық өтінішін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде:

1) уәкілетті мемлекеттік органдарға – қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкердің немесе жеке практикамен айналысатын адамның мемлекеттік тіркеуге жататын мүлікпен жасалған мәмілелері туралы, сондай-ақ қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш алынған күнгі жағдай бойынша олардың мүлкі туралы мәліметтерді ұсыну туралы;

2) екінші деңгейдегі банктерге және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға – қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкердің немесе жеке практикамен айналысатын адамның қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш алынған күнгі банктік шоттарындағы ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салу жіберуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген мәмілелер туралы, сондай-ақ банктік шоттардағы ақша қозғалысы туралы мәліметтер қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкерге немесе жеке практикамен айналысатын адамға қатысты салықтық тексеру жүргізілмеген кезең үшін осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі шегінде, салық органының қызметті тоқтату туралы салықтық өтінішті алған күніне дейін ұсынылады.

6. Салық органының сұрау салулары бойынша осы баптың 5-тармағында көрсетілген мәліметтер, егер осы Кодекстің 24-бабы бірінші бөлігінің 13) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, оларды алған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылуға тиіс.

7. Салық органы осы баптың 5-тармағында көзделген барлық мәліметтерді алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде камералдық бақылауды жүзеге асыруға және осы Кодексте айқындалған тәртіппен қорытынды жасауға міндетті.

Қорытындыда камералдық бақылау нәтижелері мен салықтар, бюджетке төленетін төлемдер және әлеуметтік төлемдер бойынша есеп-қисаптардың жай-күйі көрсетіледі.

Қорытынды кемінде екі дана етіп жасалады және оған салық органының лауазымды адамдары қол қояды. Қорытындының бір данасы қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей дара кәсіпкерге немесе жеке практикамен айналысатын адамға қолын қойдыра отырып табыс етіледі немесе оған хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберіледі.

Салық органы дара кәсіпкерге немесе жеке практикамен айналысатын адамға хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберген қорытындыны пошта немесе озге байланыс ұйымы қайтарған жағдайда, осы Кодексте айқындалған негіздер бойынша және тәртіппен салықтық зерттеп-қарау жүргізілген күн осындай қорытынды табыс етілген күн болып табылады.

8. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, дара кәсіпкерге немесе жеке практикамен айналысатын адамға қорытынды алынған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей, осы Кодекстің 12-тарауында айқындалған тәртіппен камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама тапсырылады.

Дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындауды осы Кодекстің 96-бабында айқындалған тәртіппен жүзеге асырады.

Хабарлама орындалмаған және (немесе) салық органдары салық төлеуші ұсынған түсініктермен келіспеген жағдайда, қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкерге немесе жеке практикамен айналысатын адамға қатысты салықтық тексеру жүргізіледі. Бұл ретте салықтық тексеру мұндай хабарламаны орындау мерзімі өткеннен кейін және (немесе) анықталған бұзушылықтар бойынша келіспеу туралы түсінік алынғаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірілмей басталуға тиіс.

9. Қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкердің немесе жеке практикамен айналысатын адамның салықтық берешегі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген кезектілік тәртібімен аталған дара кәсіпкердің немесе жеке практикамен айналысатын адамның ақшасы, оның ішінде мүлкін

өткізуден алынған ақшасы есебінен өтеледі.

10. Егер қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкерде немесе жеке практикамен айналысатын адамда салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың артық төленген сомалары бар бөлса, онда көрсетілген сомалар осы Кодекстің 102-бабында айқындалған тәртіппен осы дара кәсіпкердің немесе жеке практикамен айналысатын адамның салықтық берешегін отеу есебіне есепке жатқызылуға тиіс.

Егер қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкерде немесе жеке практикамен айналысатын адамда салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың қате төленген сомалары бар болса, онда көрсетілген сомалар осы Кодекстің 103-бабында айқындалған тәртіппен есепке жатқызылуға тиіс.

11. Қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкерде немесе жеке практикамен айналысатын адамда салықтық берешек болмаған кезде:

1) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдың қате төленген сомалары осы Кодекстің 103-бабында айқындалған тәртіппен осы салық төлеушіге қайтарылуға жатады;

2) салықтардың, бюджетке төленетін толемдер мен өсімпұлдың артық төленген сомалары осы Кодекстің 101-бабында айқындалған тәртіппен осы салық төлеушіге қайтарылуға жатады;

3) айыппұлдардың төленген сомалары осы Кодекстің 106-бабында айқындалған тәртіппен осы салық төлеушіге қайтарылуға жатады;

4) кеден органдары алатын кедендік баждардың, салықтардың, кедендік алымдар мен өсімпұлдың бюджетке артық (қате) төленген сомалары Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен осы салық төлеушіге қайтарылуға жатады.

12. Салық төлеуші салықтық берешекті, әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті төлеуді (аударуды) камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы қорытынды жасалған немесе хабарлама орындалған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүргізеді.

13. Дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам:

1) камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар және салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек болмаған кезде – қорытынды жасалған;

2) камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар болған және салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек болмаган кезде – осындай бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалған;

3) салықтық берешек болған кезде және камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар толық көлемде жойылған кезде – салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек өтелген күннен бастап тіркеу есебінен шығарылды деп танылады.

Дара кәсіпкерді немесе жеке практикамен айналысатын адамды осы

тармақта айқындалған тәртіппен тіркеу есебінен шығару туралы ақпарат осындай салық төлеушілер тіркеу есебінен шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Осы баптың 12-тармағында белгіленген мерзімдерде төленбеген салықтық берешектің, әлеуметтік төлемдер бойынша берешектің болуы дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінен шығарудан бас тартуға негіз болып табылады.

67-бап. Дара кәсіпкерлердің жекелеген санаттарының қызметін оңайлатылған тәртіппен тоқтату

1. Дара кәсіпкерлердің жекелеген санаттарының қызметін оңайлатылған тәртіппен тоқтату осы Кодекстің 95-бабында белгіленген камералдық бақылау жүргізілмей, мына құжаттардың бірінің:

1) салық төлеушінің қызметті тоқтату туралы салықтық өтінішінің;

2) осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларда – салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) туралы салықтық өтініште немесе патент құнының есеп-қисабында қамтылған жазбаша келісімнің негізінде жүзеге асырылады.

2. Қызметті тоқтату туралы салықтық өтінішті беру кезінде бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін:

1) қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрмайтын;

2) бірлескен кәсіпкерлік нысанында қызметті жүзеге асырмайтын;

3) осы Кодекстің 88-бабының 1-тармағында көрсетілген жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асырмайтын;

4) тәуекелдерді бағалау жүйесі іс-шараларының нәтижелері бойынша салықтық тексерулер жоспарында немесе ішінара салықтық тексерулер тізімінде жоқ;

5) салықтық берешегі, әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі жоқ;

6) тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша тәуекелдер деңгейі жоғары емес дара кәсіпкерлер қызметті оңайлатылған тәртіппен тоқтатуға жатады.

Осы бап осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында айқындалған шарттарға сәйкес келетін дара кәсіпкерлерге қатысты қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш берілген күнге немесе осы баптың 5-тармағында белгіленген жағдайлар басталғанға дейін қолданылады.

3. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша қызметті оңайлатылған тәртіппен тоқтату кезінде дара кәсіпкер өзінің орналасқан жеріндегі салық органына бір мезгілде:

1) қызметті тоқтату туралы салықтық өтінішті;

2) таратудың салықтық есептілігін;

3) осы Кодекстің 169-бабында айқындалған тәртіппен бақылау-касса машинасын (ол бар болған кезде) есептен шығару туралы салықтық өтінішті ұсынады.

Таратудың салықтық есептілігі қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкер төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің түрлері және әлеуметтік төлемдер бойынша қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш ұсынылған салықтық кезеңнің басынан бастап осындай өтініш ұсынылған күнге дейінгі кезең үшін жасалады.

Егер кезекті салықтық есептілікті ұсыну мерзімі таратудың салықтық есептілігі ұсынылғаннан кейін басталатын болса, мұндай кезекті салықтық есептілікті ұсыну таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

4. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша қызметті оңайлатылған тәртіппен тоқтату кезінде таратудың салықтық есептілігінде көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді төлеу салық органына таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Егер таратудың салықтық есептілігінің алдында ұсынылған салықтық есептілікте көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді төлеу мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын болса, онда төлеу (аудару) таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Салық органы осы тармаққа сәйкес салықтық міндеттеме орындалған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей дара кәсіпкерді тіркеу есебінен шығаруды жүзеге асырады және уәкілетті органның интернет-ресурсында дара кәсіпкердің тіркеу есебінен шығарылғаны туралы ақпаратты орналастырады.

Салық органы:

1) осы баптың 2-тармағында көзделген шарттарға сәйкес келмеген кезде және (немесе) қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы баптың 3-тармағының талаптары орындалмаған кезде;

2) салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді төлеу мерзімі өткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы тармақта көзделген талаптар орындалмаған кезде дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарудан бас тартады және уәкілетті органның интернет-ресурсында ақпаратты орналастырады.

5. Мынадай жағдайларда:

1) патент негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын және патенттің қолданылу мерзімі өткен немесе қызметті тоқтата тұру кезеңі аяқталған күннен бастап күнтізбелік алпыс күн ішінде патент құнының кезекті

есеп-қисабын ұсынбаған;

2) салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұрған және қызметті тоқтата тұру кезеңі аяқталғаннан кейін салықтық есептілікті ұсынудың осы Кодексте белгіленген мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік алпыс күн ішінде салықтық есептілікті ұсынбаған дара кәсіпкерлер осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіз бойынша қызметті оңайлатылған тәртіппен тоқтатуға жатады.

Осы тармақта көрсетілген жағдайларда, дара кәсіпкердің орналасқан жеріндегі салық органы дара кәсіпкер ретіндегі тіркеу есебінен шығаруды:

осы баптың 2-тармағында көзделген шарттарға сәйкес келген кезде;

салық органында тіркеу есебінде тұрған бақылау-касса машинасы болмаған жағдайда;

осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында белгіленген мерзімдердің біреуі өткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Дара кәсіпкерді осы тармақта айқындалған тәртіппен тіркеу есебінен шығару туралы ақпарат осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында белгіленген мерзімдердің біреуі өткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

6. Салық төлеуші:

осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша қызметті оңайлатылған тәртіппен тоқтату кезінде салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді төлеген;

осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіз бойынша қызметті оңайлатылған тәртіппен тоқтату кезінде соңғы патенттің қолданылу мерзімі өткен (қызметті тоқтата тұру жағдайларын қоспағанда);

осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіз бойынша қызметті оңайлатылған тәртіппен тоқтату кезінде салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) туралы салықтық өтініште көрсетілген қызметті тоқтата тұру кезеңі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылған болып танылады.

7. Салық органы осы бапқа сәйкес дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылғаннан кейін талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, дара кәсіпкер ретінде тіркелу кезеңінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтар, бюджетке төленетін төлемдер және әлеуметтік төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеуді жеке тұлға оларды төлеу бойынша міндеттемелер туындаған кезге қолданыста болатын Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізеді.

3-БӨЛІМ. САЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ САЛЫҚТЫҚ ӘКІМШІЛЕНДІРУДІҢ ӨЗГЕ ДЕ НЫСАНДАРЫ

8-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

68-бап. Салықтық әкімшілендіру

Салықтық әкімшілендіру салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді жинау бойынша салық органдары және басқа да уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асыратын, оның ішінде салықтық бақылауды жүзеге асыруды, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдануды, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер және салықтық әкімшілендірудің осы Кодексте белгіленген өзге де нысандарын көрсетуді білдіретін шаралар мен тәсілдер жүйесі (жиынтығы) болып табылады.

2. Салықтық әкімшілендіру:

1) заңдылық;

2) салық төлеуші мен салық органдары арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру;

3) тәуекелдерді бағалауға негізделген салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру кезіндегі сараланған тәсіл қағидаттарына негізделеді.

69-бап. Салықтық бақылау

1. Қазақстан Республикасының салық заңнамасы, орындалуын бақылау салық органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасы нормаларының орындалуына салық органдары жүзеге асыратын мемлекеттік бақылау салықтық бақылау болып табылады.

2. Салықтық бақылау:

1) салықтық тексеру нысанында;

2) мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарында жүзеге асырылады.

3. Салықтық бақылаудың осы нысандары шеңберінде:

1) салықтық міндеттеменің, әлеуметтік төлемдерді есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттердің орындалуын есепке алу;

2) бақылау-касса машиналарын қолдану тәртібінің сақталуын бақылау;

3) акцизделетін тауарларды, сондай-ақ авиациялық отынды, биоотынды және мазутты бақылау;

4) трансферттік баға белгілеу кезіндегі бақылау;

5) мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуын бақылау;

6) Қазақстан Республикасының салық заңнамасын орындауға бағытталған функцияларды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді орындау

бөлігінде уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылау;

7) тауарларға ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу тәртібінің сақталуын бақылау жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары шеңберінде:

1) салық төлеушілерді салық органдарында тіркеу;

2) салықтық нысандарды қабылдау;

3) камералдық бақылау;

4) салықтық мониторинг;

5) салықтық зерттеп-қарау;

6) этил спиртін өндіруді жүзеге асыратын ұйымдарда этил спиртінің есепке алынуын бақылау;

7) өтініш берушінің этил спирті мен алкоголь өнімдерінің, сондай-ақ темекі бұйымдарының өндірісі бойынша қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау да жүзеге асырылады.

5. Уәкілетті орган арнаулы мемлекеттік органдармен, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдарымен, құқық қорғау органдарымен бірлесіп камералдық бақылау, салықтық тексеру жүргізудің ерекше тәртібін және өздеріне қатысты осындай тексеру жүргізілетін тұлғалар тізбесін айқындайды.

6. Салықтық тексеру жүргізудің жалпы тәртібі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес айқындалады.

7. Салықтық тексеруді жүргізу тәртібі мен мерзімдерінің ерекшеліктері осы Кодексте айқындалады.

8. Кеден органдары өз құзыреті шегінде осы Кодекске, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарлардың өткізілуімен байланысты салықтық бақылауды жүзеге асырады, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін және төленуге салықтар бойынша мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданады.

70-бап. Салықтық зерттеп-қарау

1. Салық төлеушінің (салық агентінің) іс жүзінде бар немесе жоқ екенін растау мақсатында салық органы жүзеге асыратын мемлекеттік бақылаудың өзге нысаны салықтық зерттеп-қарау болып табылады.

Салықтық зерттеп-қарау салық төлеушінің (салық агентінің) тіркеу деректерінде көрсетілген орналасқан жері бойынша жұмыс уақытында жүргізіледі.

Салықтық зерттеп-қарауды жүргізуге қатысу үшін осы Кодексте айқындалған тәртіппен куәгерлер тартылады.

2. Салықтық зерттеп-қарауды жүргізу үшін:

1) салық төлеушіге (салық агентіне) ішінара салықтық тексеру жүргізу туралы хабарламаны, нұсқаманы, камералдық бақылау нәтижелері бойынша қорытындыны, салықтық тексерудің алдын ала актісін, салықтық тексеру актісін, мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімді және (немесе) билік етуі шектелген мүлік тізімдемесінің актісін табыс етудің мүмкін болмауы;

2) салық төлеушінің (салық агентінің) орналасқан жерінде болмауы себебіне орай салық органы хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберген, осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 2), 3) және 7) тармақшаларында көзделген хабарламаны пошта немесе өзге байланыс ұйымының қайтаруы негіз болып табылады.

Бұл ретте салық төлеушіге (салық агентіне) қатысты осы тармақшада көзделген негіз бойынша салықтық зерттеп-қарау осындай хатты пошта немесе өзге байланыс ұйымы қайтарған күннен кейін жүргізіледі.

Осы тармақшаның ережелері осы Кодекстің 115-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қолданылмайды;

3) осы Кодекстің 367-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын салық төлеушінің тіркеу деректерінде көрсетілген орналасқан жерінде іс жүзінде бар немесе жоқ екенін растау қажеттігі негіз болып табылады.

Салықтық зерттеп-қарау жүргізу үшін осы тармақшада көзделген негіз осы Кодекстің 213 және 214-баптарында айқындалған тәртіппен салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұрған салық төлеушілерге, сондай-ақ банкроттық рәсімі қолданылған салық төлеушілерге қатысты қолданылмайды;

4) осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 10) тармақшасында көзделген хабарламаны орындамаған салық төлеушінің, сөндай-ақ осы Кодекстің 91-бабына сәйкес әрекет етпейтін деп танылған салық төлеушінің іс жүзінде бар немесе жоқ екенін растау қажеттігі негіз болып табылады.

3. Салықтық зерттеп-қарау нәтижелері бойынша салықтық зерттеп-қарау актісі жасалады, онда:

жасалған жері, күні мен уақыты;

актіні жасаған салық органының лауазымды адамының лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

салық органының атауы;

тартылған куәгердің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен нөмірі, тұрғылықты жерінің мекенжайы;

салық төлеушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және (немесе) атауы, оның сәйкестендіру нөмірі;

салықтық зерттеп-қарау нәтижелері туралы ақпарат көрсетіледі.

Салық органы салық төлеушінің тіркеу деректерінде көрсетілген орналасқан жерінде оның жоқ екені анықталған салықтық зерттеп-қарау

актісін жасаған күннен кейінгі күннен кешіктірмей, осындай салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірін атауын немесе тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), салықтық зерттеп-қарау актісін жүргізу күнін көрсете отырып, ол туралы ақпаратты уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырады.

4. Осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша жүргізілген салықтық зерттеп-қарау нәтижесінде салық төлеушінің тіркеу деректерінде көрсетілген орналасқан жерінде іс жүзінде жоқ екені анықталған жағдайда, салық органы мұндай салық төлеушіге салық төлеушінің орналасқан жерін (жоқ екенін) растау туралы хабарлама жібереді.

5. Салық органы осы баптың 4-тармағында көрсетілген хабарламаны жіберген күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде салық төлеуші салық органына өзі келу тәртібімен салық төлеушінің орналасқан жерін растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін қоса бере отырып, салықтық зерттеп-қарау кезінде болмау себептері туралы жазбаша түсінік ұсынуға міндетті.

Мынадай құжаттардың бірі:

жылжымайтын мүлікке меншік (оны пайдалану) құқығын растайтын құжат;

орналасқан жері ретінде мәлімделген жылжымайтын мүлік меншік құқығында болатын жеке тұлғаның жазбаша келісімі салық төлеушінің орналасқан жерін растайтын құжат болып табылады.

Салық төлеушінің орналасқан жерін растайтын құжаттың көшірмесін нотариат куәландыратын және оны салық органына ұсынатын күндер арасындағы мерзім он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Салық төлеуші осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген талапты орындамаған жағдайда, салық органы мынадай әрекеттердің бірін жүзеге асырады:

1) осы Кодекстің 118-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес мұндай салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады;

2) жазбаша түсінік ұсыну үшін осы тармақта белгіленген мерзімнің соңғы күніне мұндай салық төлеушіде ашылған банктік шоттар болмаған жағдайда, осы Кодекстің 85-бабының 4-тармағында айқындалған тәртіппен қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығаруды жүргізеді.

6. Осы баптың 5-тармағы төртінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, салық төлеуші өзінің банктік шоттары бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде салық органына өзі келу тәртібімен салықтық зерттеп-қарау кезінде орналасқан жерінде болмау себептері туралы жазбаша түсінік ұсынуға міндетті.

Салық төлеуші осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талапты орындамаған жағдайда, салық органы осы Кодекстің 85-бабының 4-тармағында айқындалған тәртіппен мұндай салық төлеушіні қосылған құн

салығы бойынша тіркеу есебінен шығаруды жүргізеді.

71-бап. Куәгерлердің қатысуы

1. Салық органдары лауазымды адамдарының мынадай әрекеттер жасауы:

1) салық органдары лауазымды адамының салықтық міндеттемені орындау жөніндегі хабарламаны, касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімді, мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімді, мүлік тізімдемесінің актісін, салықтық тексеру жүргізу туралы хабарламаны, нұсқаманы, салықтық тексеру актісін және осы Кодексте көзделген салық органдарының өзге де құжаттарын табыс етуі;

2) салық төлеушінің (салық агентінің) мүлікке билік етуін шектеу;

3) салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объект болып табылатын мүлікке оның орналасқан жеріне қарамастан, нұсқаманың негізінде жүргізілетін зерттеп-қарау;

4) нұсқаманың негізінде салық төлеушінің (салық агентінің) мүлкіне (тұргын үй-жайлардан басқа), оның ішінде осы Кодексте айқындалған тәртіппен арнайы құралдарды (фото-, аудио-, бейнеаппаратураларды) қолдана отырып түгендеу жүргізу;

5) салықтық зерттеп-қарау өздерінің талап етуі немесе салық төлеушінің (салық агентінің) талап етуі бойынша куәгерлердің қатысуымен жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Куәгерлер ретінде салық органдары лауазымды адамының және салық төлеушінің (салық агентінің) әрекеттері нәтижесіне мүдделі емес, саны екі адамнан кем болмайтын кәмелетке толған, әрекетке қабілетті азаматтар тартылуы мүмкін.

3. Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының және өзіне қатысты әрекет жүргізіліп жатқан салық төлеуші (салық агенті) жұмыскерлерінің, құрылтайшыларының куәгерлер ретінде қатысуына жол берілмейді.

4. Куәгерлер әрекеттер жасалған кезде өздері қатысқан, салық органдарының лауазымды адамы жасайтын хаттамада (актіде) тіркелген, салық органдарының лауазымды адамдары мен салық төлеуші (салық агенті) әрекеттерінің фактісін, мазмұнын және нәтижелерін куәландырады.

5. Куәгер жасалған әрекеттерге байланысты ескертулер жасауға құқылы. Куәгердің жасаған ескертулері салық органдарының лауазымды адамы жасаған хаттамаға (актіге) енгізілуге жатады.

6. Салық органдарының лауазымды адамы куәгерлердің қатысуымен жасайтын хаттамада (актіде):

1) хаттаманы (актіні) жасаған салық органдары лауазымды адамының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) салық органының атауы;

3) әрекет жасалған жер мен күн;

4) әрекетке қатысқан немесе ол жүргізілген кезде болған әрбір адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), туған күні, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен нөмірі;

5) әрекеттің мазмұны мен оны жүргізудің жүйелілігі;

6) әрекеттің басталған және аяқталған уақыты;

7) әрекет жасалған кезде анықталған фактілер мен мән-жайлар көрсетіледі.

7. Салық органдарының лауазымды адамы әрекет жасауға қатысқан немесе ол жасалған кезде болған барлық адамды хаттамамен (актімен) таныстыруға міндетті. Хаттамамен (актімен) таныстырғаннан кейін салық органдарының лауазымды адамы, сондай-ақ әрекет жасауға қатысқан немесе ол жасалған кезде болған барлық адам хаттамаға (актіге) қол қояды.

8. Әрекет жасалған кезде орындалған фотографиялық түсірілімдер мен негативтер, бейнежазбалар немесе басқа да материалдар (олар болған жағдайда) хаттамаға (актіге) қоса беріледі.

9. Салық органдарының лауазымды адамы осы бапта айқындалған тәртіппен жасаған хаттама (акт) осы баптың 1-тармағында көрсетілген әрекеттерді жасау фактісін тіркейді және растайды.

72-бап. Жеке тұлғаның салық салуға жататын кірісін жекелеген жағдайларда, оның ішінде жанама әдіспен айқындау

1. Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда көрсетілмеген және (немесе) осы Кодекстің 631-бабында белгіленген талаптар бұзыла отырып көрсетілген мәліметтер жеке тұлға шығыстарының көздерін растау үшін негіз бола алмайды.

2. Жеке тұлғаның осы Кодекстің 71-тарауында козделген декларациясында көрсетілген мәліметтер осы Кодекстің 48-бабында белгіленген салықтық міндеттеме мен талап бойынша талап қоюдың ескіру мерзіміне қарамастан, жеке тұлғаның шығыстарын жүзеге асыруға бағытталған кірістерді растау үшін ескерілуі мүмкін.

3. Жеке тұлғаның осы Кодекстің 71-тарауында көзделген декларациясында көрсетілген мынадай:

1) шет мемлекеттегі, оның ішінде осы Кодекстің 294-бабына 3-тармағына сәйкес айқындалатын жеңілдікті салық салынатын шет мемлекеттегі мүлік туралы;

2) дебитор және (немесе) кредитор болып табылатын жеке немесе заңды тұлға шет мемлекетте, оның ішінде осы Кодекстің 294-бабының сәйкес айқындалатын жеңілдікті салық салынатын шет мемлекетте орналасқан және (немесе) тіркелген жағдайда, басқа тұлғалардың жеке тұлға алдындағы

берешегі (дебиторлық берешегі) және (немесе) жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдындағы берешегі (кредиторлық берешегі) туралы мәліметтер шет мемлекеттің құзыретті орғаны шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берген растау құжаттары болғанда ғана жеке тұлғаның шығыстарын жүзеге асыруға бағытталған кірістерді растау үшін ескерілуі мүмкін.

4. Жеке тұлғаның салық салуға жататын кірісін жанама әдіспен айқындау жеке тұлғаның декларацияларында өзі көрсеткен, жеке табыс салығы бойынша салықтық міндеттеменің туындауына алып келетін мәліметтердің толықтығы мен анықтығын айқындау мақсатында жеке тұлғаға қатысты салықтық бақылауды жүзеге асыру барысында қолданылады.

5. Осы баптың күші дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаға қатысты оның осындай қызметті жүзеге асыру кезеңіне қолданылмайды.

6. Егер жеке тұлғаның салық декларацияларында көрсетілген кірістері оның шығыстарына, оның ішінде мүлікті сатып алуға жұмсалған шығыстарына сәйкес келмеген жағдайда, салық органдары жеке тұлғаларға салықтық бақылауды жүзеге асыру барысында жеке тұлғаның кірісін айқындаудың мынадай жанама әдіс түрлерін қолдануға құқылы:

1) активтердің құн өсімі әдісі салықтық бақылаумен қамтылған кезеңде жеке тұлғада мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мүлікті, сондай-ақ ол бойынша құқықтар және (немесе) мәмілелер мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мүлікті сатып алуға жұмсалатын шығыстар болған жағдайда пайдаланылады.

Бұл әдіс осы тармақшада көрсетілген мүліктің белгілі бір кезеңдегі өсім құнын жеке тұлғаның декларациясында көрсетілген кірістермен салыстыру жолымен қолданылады;

2) шығындарды есепке алу әдісі салықтық бақылаумен қамтылған кезеңде жеке тұлғада осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілмеген шығыстар болған жағдайда пайдаланылады.

Бұл әдіс жеке тұлғаның осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілмеген шығыстарын жеке тұлғаның декларациясында көрсетілген кірістермен салыстыру жолымен қолданылады;

3) банктік шоттардағы қаражаттың қозғалысын есепке алу әдісі салықтық бақылаумен қамтылған кезеңде жеке тұлғада екінші деңгейдегі банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы шоттарда жеке тұлғаның ақша жинақтары өзгерген жағдайда пайдаланылады.

Бұл әдіс екінші деңгейдегі банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы шоттарда жеке тұлғаның ақша жинақтарының өзгеруін жеке тұлғаның декларациясында көрсетілген кірістермен салыстыру жолымен қолданылады.

7. Салықтық бақылауды жүзеге асыру кезінде салық органдары қажет болған жағдайда осы бапта айқындалған әдістер жиынтығын пайдалануы

мүмкін.

8. Осы бапта айқындалған әдістер қолданылған кезде салықтық бақылауды жүзеге асыру барысында жеке тұлғаның міндеттемелері ескеріледі.

9. Осы бапта көрсетілген әдістермен жеке тұлғаның кірістерін айқындау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

73-бап. Салық төлеушілерге жәрдемдесу

1. Салық органдары салық төлеушілерге (салық агенттеріне):

1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасын түсіндіру;

2) салықтық міндеттемені орындау бойынша бюджетпен есеп айырысуларды жүзеге асыру тәртібі туралы мәліметтерді ұсыну;

3) салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеу бойынша электрондық төлем құжатын қалыптастыра отырып, электрондық нысанда салықтық есептілікті, осы Кодексте белгіленген өзге де есептілікті ұсыну үшін бағдарламалық қамтылымды беру;

4) жеке тұлғалардың көлік құралдары салығы, жер салығы және мүлік салығы бойынша салықтық міндеттемелерінің бар екендігі туралы мәліметтерді ұсыну;

5) салық органдарының интернет-ресурстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

6) салық органдарының ұтқыр топтарының уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жеке тұлғалардың декларацияларын қабылдауы жолымен жәрдемдеседі.

Осы Кодекстің мақсаттары үшін салық органдарының қызметкерлерінен тұратын, жеке тұлғалардың декларацияларын жасау бойынша консультация беретін және салық төлеушілердің жекелеген санаттарынан осындай декларацияларды қабылдауды жүзеге асыратын көшпелі топ салық органдарының ұтқыр тобы болып табылады;

7) салық мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шаралар өткізу;

8) Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды өткізу жолымен жәрдемдеседі.

2. Қазақстан Республикасының салық заңнамасын насихаттау салық төлеушілердің (салық агенттерінің) салық мәселелері бойынша хабардар болуын арттыру, оның ішінде Қазақстан Республикасы салық заңнамасының ережелерін және оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды, сондай-ақ салықтық міндеттемені орындауға байланысты мәселелер бойынша ақпаратты олардың назарына жеткізу жолымен хабардар болуын арттыру мақсатын көздейді.

Салық органдары Қазақстан Республикасының салық заңнамасын насихаттауды семинарлар, отырыстар, салық төлеушілермен (салық агенттерімен) кездесулер өткізу, бұқаралық ақпарат құралдарын, ақпараттық

стендтерді, буклеттерді және өзге де баспа материалдарын, сондай-ақ бейне-, аудио- және ақпарат тарату үшін қолданылатын басқа да техникалық құралдарды, телефон және ұялы байланыс құралдарын пайдалана отырып ақпаратты орналастыру жолымен жүзеге асырады.

3. Салық органдары салық төлеушілерге (салық агенттеріне) төлем құжатын толтыру тәртібі туралы, төлем құжатын толтыруға қажетті деректемелер туралы мәліметтерді қоса алғанда, салықтық міндеттемені орындау бойынша бюджетпен есеп айырысуларды жүзеге асыру тәртібі туралы мәліметтерді ұсынады.

4. Бағдарламалық қамтылым оны орнату жөніндегі нұсқаулық материалымен қоса беріледі, бұл салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеуге арналған электрондық төлем құжатын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

5. Салық органдары жеке тұлғаларға салық органдарының жеке тұлғалардың мүлік салығы, жер салығы және көлік құралы салығы бойынша есептеген салықтық міндеттемелерінің сомалары және (немесе) салықтық берешектің бар сомасы туралы мәліметтерді:

1) салық органдарының интернет-ресурстарына орналастыру;

2) коммуналдық көрсетілетін қызметтерді беруші есеп айырысулар үшін қолданатын құжаттарда көрсету;

3) салық төлеушінің электрондық поштасының мекенжайларына жіберу;

4) салық төлеуші ұсынған ұялы телефондардың нөмірлеріне қысқа мәтіндік хабар жіберу жолымен ұсынады.

Осы көрсетілетін қызметтерді алу үшін салық төлеуші тұрғылықты жеріндегі салық органына жазбаша нысанда электрондық поштасының мекенжайын, ұялы телефондарының нөмірлерін береді.

6. Салық органдары салық төлеушілердің (салық агенттерінің) интернет-ресурстар арқылы тегін негізде ақпарат алуына көмек көрсетеді.

9-тарау. САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІ САЛЫҚ ОРГАНДАРЫНДА ТІРКЕУ

74-бап. Жалпы ережелер

1. Уәкілетті орган салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорын қалыптастыру жолымен салық төлеушілерді есепке алуды жүргізеді.

2. Салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқоры салық төлеушілерді есепке алуды жүзеге асыруға арналған ақпараттық жүйе болып табылады.

3. Салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорын қалыптастыру:

1) жеке тұлғаны, заңды тұлғаны, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесін салық органдарында салық төлеуші ретінде тіркеу;

2) салық төлеушіні:

дара кәсіпкер және жеке практикамен айналысатын адам ретінде;

қосылған құн салығы бойынша;

электрондық салық төлеуші ретінде;

жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне алу болып табылады.

4. Жеке тұлғаны, заңды тұлғаны, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерін салық төлеуші ретінде тіркеу:

1) аталған тұлғалар туралы мәліметтерді салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорына енгізуді;

2) салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорындағы тіркеу деректерін өзгертуді және (немесе) толықтыруды;

3) салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорынан салық төлеуші туралы мәліметтерді алып тастауды қамтиды.

5. Салық төлеушіні тіркеу есебі салық төлеушіні осы баптың 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тіркеу есебіне қоюды, салық төлеушінің тіркеу деректеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді, салық төлеушіні тиісті тіркеу есебінен шығаруды қамтиды.

6. Салық органдарына:

1) уәкілетті мемлекеттік органдар;

2) осы Кодекстің 24-бабының 1) және 7) тармақшаларына сәйкес екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;

3) салық төлеуші ұсынған немесе мәлімдеген салық төлеуші туралы мәліметтер салық төлеушінің тіркеу деректері болып табылады.

7. Осы Кодекстің мақсаттары үшін:

1) Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасына сәйкес азаматты тіркеу орны – жеке тұлғаның тұрғылықты жері;

2) Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасына сәйкес азаматты Қазақстан Республикасындағы соңғы тіркеу орны – Қазақстан Республикасынан тысқары жерде тұратын, Қазақстан Республикасында тіркеу орны жоқ Қазақстан Республикасы азаматының тұрғылықты жері;

3) салық органында дара кәсіпкер және жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген, дара кәсіпкер және жеке практикамен айналысатын адам қызметін басымдықпен жүзеге асыратын орын – дара кәсіпкердің және жеке практикамен айналысатын адамның орналасқан жері;

4) Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген, резидент-заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшесінің, бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жері – онын орналасқан жері;

5) салық органында салық төлеуші ретінде тіркеу кезінде мәлімделген,

қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асыратын орын – филиал, өкілдік ашпай, қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаның орналасқан жері;

6) директорлар кеңесінің жиналысында айқындалған немесе осыған ұқсас басқару органы айқындаған, салық органында салық төлеуші ретінде тіркеу кезінде мәлімделген және басқару органының тиісті хаттамасында көрсетілген нақты басқару органының Қазақстан Республикасында орналасқан жері – тиімді басқару орны Қазақстан Республикасында болатын шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның орналасқан жері;

7) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның көші-қон карточкасында көрсетілген, Қазақстан Республикасындағы уақытша болатын жері – шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның болатын жері деп танылады. Егер халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес көші-қон карточкасының болуы көзделмеген болса, онда шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам салық органына мәлімдеген, Қазақстан Республикасында басым уақыт орналасқан жер болатын жері деп танылады.

Бұл ретте осы Кодекстің 658-бабына сәйкес салық төлеу бойынша салықтық міндеттеме туындайтын, Қазақстан Республикасына келмейтін шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам үшін осындай шетелдікке немесе азаматтыгы жоқ адамға Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістер төлейтін тұлғаның тұрғылықты жері оның болатын жері деп танылады.

1-параграф. Салық төлеуші ретінде тіркеу

75-бап. Жеке, заңды тұлғалар, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі туралы мәліметтерді салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорына енгізу

1. Егер осы Кодекстің 76-бабының 12-тармағында өзгеше белгіленбесе, салық органы мәліметтерді салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорына енгізуді сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің мәліметтері негізінде жеке, заңды тұлғаларға, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесіне сәйкестендіру нөмірі берілгеннен кейін жүзеге асырады.

2. Салық органдары салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорына:

1) жеке тұлға, оның ішінде шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам туралы мәліметтерді – тұрғылықты немесе болатын жері бойынша;

2) резидент-заңды тұлға және оның құрылымдық бөлімшесі, бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі, тиімді басқару орны (нақты басқару органының орналасқан жері) Қазақстан Республикасында болатын, шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға туралы мәліметтерді – орналасқан жері бойынша;

3) Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік ашпай, қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға мәліметтерді – тұрақты мекемесінің орналасқан жері бойынша;

4) осы Кодекстің 650-бабының 8-тармағына сәйкес салық агенті болып табылатын немесе осы Кодекстің 650-бабының 11-тармағына сәйкес табыс салығын есептейтін, осы Кодекстің 650-бабы 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген акцияларды, қатысу үлестерін сатып алатын (өткізетін) бейрезидент туралы мәліметтерді – осы Кодекстің 650-бабы 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген, жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша енгізуді жүзеге асырады. Осы тармақшаның ережелері, егер осы Кодекстің 650-бабының 8-тармағына сәйкес салық агенті болып табылатын немесе осы Кодекстің 650-бабының 11-тармағына сәйкес табыс салығын есептейтін бейрезидент қызметін Қазақстан Республикасында салық төлеуші ретінде салық органдарында тіркелген тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын болса, қолданылмайды.

Егер осындай бейрезидент бағалы қағаздарды, активтер құнының 50 және одан да коп пайызын жер қойнауын пайдаланушылар болып табылатын екі және одан да коп тұлғалардың мүлкі құрайтын занды тұлғадағы қатысу үлесін сатып алған (өткізген) жағдайда, онда салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорына бейрезидент туралы мәліметтерді енгізуді уәкілетті органның орналасқан жеріндегі салық органы жүзеге асырады;

5) осы Кодекстің 645-бабы 9-тармағының 8) тармақшасында, 654-бабының 7) тармақшасында белгіленген шарттар орындалмаған жағдайда, бағалы қағаздарды, қатысу үлестерін сатып алатын бейрезидент туралы мәліметтерді – бағалы қағаздары немесе қатысу үлестері сатып алынатын заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша;

6) осы Кодекстің 650-бабының 8-тармағына сәйкес салық агенті болып табылатын немесе осы Кодекстің 650-бабының 11-тармагына сәйкес табыс салығын есептейтін, осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген мүлікті қоспағанда, Қазақстан Республикасында мүлік сатып алатын (өткізетін) бейрезидент туралы мәліметтерді – мүліктің орналасқан жері бойынша енгізуді жүзеге асырады. Осы тармақшаның ережелері, егер осы Кодекстің 650-бабының 8-тармагына сәйкес салық агенті болып табылатын немесе осы Кодекстің 650-бабының 11-тармағына сәйкес табыс салығын есептейтін бейрезидент Қазақстан Республикасында қызметін салық органдарында салық төлеуші ретінде тіркелген тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын болса, қолданылмайды;

7) Қазақстан Республикасында аккредиттелген, шет мемлекеттің дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігі туралы мәліметтерді – дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктің орналасқан жері бойынша;

8) қызметін осы Кодекстің 220-бабының 3-тармағына сәйкес бейрезиденттің тұрақты мекемесі ретінде қаралатын тәуелді агент арқылы

жүзеге асыратын бейрезидент туралы мәліметтерді – тәуелді агенттің орналасқан (тұрғылықты, болатын) жері бойынша;

9) қызметін осы Кодекстің 220-бабының 1-тармағына сәйкес бейрезиденттің тұрақты мекемесі ретінде қаралатын сақтандыру ұйымы немесе сақтандыру брокері арқылы жүзеге асыратын бейрезидент туралы мәліметтерді – сақтандыру ұйымының немесе сақтандыру брокерінің орналасқан жері бойынша;

10) қызметін осы Кодекстің 220-бабының 1-тармағына сәйкес бейрезиденттің тұрақты мекемесі ретінде қаралатын бірлескен қызмет туралы шарт шеңберінде жүзеге асыратын бейрезидент туралы мәліметтерді – бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы-резиденттің орналасқан (тұрғылықты, болатын) жері бойынша;

11) резидент-екінші деңгейдегі банктерде ағымдағы шоттар ашатын бейрезиденттер туралы мәліметтерді – осындай резидент-банктің орналасқан жері бойынша енгізуді жүзеге асырады.

3. Салық органдары салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорына мәліметтерді енгізуді сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің мәліметтерін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорына осы Кодекстің 650-бабы 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген, жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын заңды тұлға туралы мәліметтерді енгізуді оның орналасқан жеріндегі салық органы уәкілетті органнан бейрезиденттің осы Кодекстің 650-бабы 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген акцияларды, қатысу үлестерін сатып алғаны туралы мәліметтерді алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

76-бап. Бейрезидентті салық төлеуші ретінде тіркеу ерекшеліктері

1. Филиал, өкілдік ашпай, қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға осы Кодекстің 220-бабының ережелерін ескере отырып, салық төлеуші ретінде тіркелу үшін қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыра бастаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде тұрақты мекеменің орналасқан жеріндегі салық органына мынадай:

1) құрылтай құжаттарының;

2) мемлекеттік тіркеу нөмірін (немесе оның аналогын) көрсете отырып, бейрезиденттің инкорпорация еліндегі мемлекеттік тіркелуін растайтын;

3) осындай құжат болған кезде салықтық тіркеу нөмірін (немесе оның аналогын) көрсете отырып, бейрезиденттің инкорпорация еліндегі салықтық тіркелуін растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін қоса бере отырып, тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтінішті беруге міндетті.

2. Тиімді басқару орны (нақты басқару органының орналасқан жері)

Қазақстан Республикасында болатын, шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға Қазақстан Республикасын тиімді басқару орны (нақты басқару органының орналасқан жері) деп тану туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде орналасқан жеріндегі салық органына мынадай:

1) құрылтай құжаттарының;

2) мемлекеттік тіркеу нөмірін (немесе оның аналогын) көрсете отырып, бейрезиденттің инкорпорация еліндегі мемлекеттік тіркелуін растайтын;

3) осындай құжат болған кезде салықтық тіркеу нөмірін (немесе оның аналогын) көрсете отырып, бейрезиденттің ол болған кезде инкорпорация еліндегі немесе резиденттік еліндегі салықтық тіркелуін растайтын құжаттардың;

4) директорлар кеңесі жиналысының немесе осыған ұқсас басқару органының хаттамасының нотариат куәландырған көшірмелерін қоса бере отырып, салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтінішті беруге міндетті.

3. Тиімді басқару орны (нақты басқару органының орналасқан жері) Қазақстан Республикасында болатын, шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға орналасқан жері бойынша есепке қою туралы салықтық өтінішті ұсынған және оның Қазақстан Республикасында филиал (өкілдік) ашпай, тұрақты мекемесі бар болған жағдайда, мұндай тұрақты мекеме осы Кодекстің 63-бабында айқындалған тәртіппен осы заңды тұлғаға өзінің құқықтары мен міндеттерін беруге міндетті.

Заңды тұлға тиімді басқару орнын (нақты басқару органының орналасқан жерін) Қазақстан Республикасына көшіру туралы шешім қабылдаған және оның Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме ретінде тіркелген филиалы (өкілдігі) бар болған жағдайда, мұндай филиалдың (өкілдіктің) тіркеу деректері осы Кодекстің 77-бабында айқындалған тәртіппен өзгертілуге жатады.

4. Осы Кодекстің 650-бабының 8-тармағына сәйкес салық агенті болып табылатын немесе осы Кодекстің 650-бабының 11-тармағына сәйкес табыс салығын есептейтін, Қазақстан Республикасында мүлікті сатып алатын (өткізетін) бейрезидент мүлік сатып алғанға (өткізгенге) дейін салық төлеуші ретінде тіркелу үшін мүліктің орналасқан жеріндегі салық органына мынадай:

1) бейрезидент-жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың немесе бейрезидент-заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының;

2) бейрезидент-заңды тұлға үшін мемлекеттік тіркеу нөмірін (немесе оның аналогын) корсете отырып, бейрезиденттің инкорпорация еліндегі мемлекеттік тіркелуін растайтын;

3) осындай құжат болған кезде салықтық тіркеу нөмірін (немесе оның аналогын) көрсете отырып, бейрезиденттің инкорпорация (азаматтық) еліндегі салықтық тіркелуін растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін қоса бере отырып, тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтінішті

ұсынуға міндетті.

5. Қызметі осы Кодекстің 220-бабының 1 және 3-тармақтарына сәйкес бейрезиденттің тұрақты мекемесі ретінде қаралатын сақтандыру ұйымы (сақтандыру брокері) немесе тәуелді агент, осындай бейрезидентті салық төлеуші ретінде тіркеу үшін осы Кодекстің 220-бабының 10-тармағына сәйкес айқындалған, қызметті жүзеге асыру басталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде орналасқан (тұрғылықты, болатын) жеріндегі салық органына мынадай:

1) бейрезиденттің атынан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, келісімшарттарға қол қоюға өкілеттіктер беруге немесе өзге мақсаттарға арналған шарттың (келісімнің, келісімшарттың немесе өзге де құжаттың) бар болған жағдайда;

2) бейрезидент-жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың немесе өзі тұрақты мекемесі болып табылатын бейрезидент-заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының;

3) бейрезидент-заңды тұлға үшін мемлекеттік тіркеу нөмірін (немесе оның аналогын) көрсете отырып, өзі тұрақты мекемесі болып табылатын бейрезиденттің инкорпорация еліндегі мемлекеттік тіркелуін растайтын құжаттың;

4) бейрезидентте болған кезінде салықтық тіркеу нөмірін (немесе оның аналогын) көрсете отырып, өзі тұрақты мекемесі болып табылатын бейрезиденттің инкорпорация (азаматтық) еліндегі салықтық тіркелуін растайтын құжаттың нотариат куәландырған көшірмелерін қоса бере отырып, тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтінішті ұсынуға міндетті.

6. Қызметі тұрақты мекеме құруға алып келетін резидентпен жасасылған бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы – бейрезидент салық төлеуші ретінде тіркелу үшін осы Кодекстің 220-бабының 10-тармағына сәйкес айқындалған, қызметті жүзеге асыру басталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы – резиденттің орналасқан (тұрғылықты, болатын) жеріндегі салық органына мынадай:

1) бірлескен қызмет туралы шарттың;

2) бейрезидент-жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың немесе бейрезидент-заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының;

3) мемлекеттік тіркеу нөмірін (немесе оның аналогын) көрсете отырып, бейрезиденттің инкорпорация еліндегі мемлекеттік тіркелуін растайтын құжаттың;

4) ол болған кезде салықтық тіркеу нөмірін (немесе оның аналогын) көрсете отырып, бейрезиденттің инкорпорация еліндегі салықтық тіркелуін растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін қоса бере отырып, тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтінішті ұсынуға міндетті.

7. Резидент-банктерде ағымдағы шоттар ашатын бейрезидент шот ашқанға дейін салық төлеуші ретінде тіркелуге міндетті. Салық төлеуші

ретінде тіркелу үшін осындай бейрезидент банктің орналасқан жеріндегі салық органына осы баптың 2-тармағында белгіленген құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін қоса бере отырып, тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтінішті ұсынады.

8. Осы Кодекстің ережелеріне сәйкес төлем көзінен салық салуға жатпайтын, Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістер алатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар осы Кодекстің 220-бабының 10-тармағына сәйкес айқындалған, қызметті жүзеге асыру басталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде болатын (тұрғылықты) жеріндегі салық органына мынадай:

1) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын;

2) осындай құжат болған кезде салықтық тіркеу нөмірін (немесе оның аналогын) көрсете отырып, азаматтық (резиденттік) еліндегі салықтық тіркелуін растайтын;

3) осындай құжат болған кезде Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістің сомасын растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін қоса бере отырып, тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтінішті ұсынуға міндетті.

9. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, бейрезидент-жеке тұлға осы Кодекстің 217-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті деп танылған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде салық төлеуші ретінде тіркелуге міндетті.

10. Қазақстан Республикасында мүлік, көлік құралдары салықтары немесе жер салығы салынатын объекті болып табылатын мүлікті сатып алатын шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар салық төлеуші ретінде тіркелу үшін осындай мүліктің орналасқан жеріндегі салық органына мынадай:

1) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын;

2) осындай құжат болған кезде салықтық тіркеу нөмірін (немесе оның аналогын) көрсете отырып, азаматтық (резиденттік) еліндегі салықтық тіркелуін растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін қоса бере отырып, тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтінішті ұсынуға міндетті.

11. Резидент-заңды тұлғалардың, Қазақстан Республикасында қызметін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттердің бірінші басшылары болып табылатын шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар салық төлеуші ретінде тіркелу үшін болатын (тұрғылықты) жеріндегі салық органына мынадай:

1) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын;

2) осындай құжат болған кезде салықтық тіркеу нөмірін (немесе оның аналогын) көрсете отырып, азаматтық (резиденттік) еліндегі салықтық тіркелуін растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін қоса

бере отырып, тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтінішті ұсынуға міндетті.

12. Осы Кодекстің 75-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында аталған бейрезидент Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану саласындағы құзыреті шегінде мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың осы Кодекстің 650-бабы 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген акцияларды, қатысу үлестерін бейрезиденттің сатып алуы туралы мәліметтері немесе осы баптың 4-тармағында белгіленген құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін қоса бере отырып, осындай бейрезидент ұсынған тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтініш негізінде салық төлеуші ретінде тіркелуге жатады.

13. Осы Кодекстің 75-бабы 2-тармағының 5) тармақшасында аталған бейрезидент салық төлеуші ретінде тіркелу үшін осы Кодекстің 645-бабы 9-тармағының 8) тармақшасында, 654-бабының 7) тармақшасында көрсетілген эмитент-заңды тұлғаның немесе резидент-заңды тұлғаның орналасқан жеріндегі салық органына осы баптың 4-тармағында белгіленген құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін қоса бере отырып, тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтінішті ұсынуға міндетті.

14. Қазақстан Республикасында аккредиттелген, шет мемлекеттің дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігі, шет мемлекеттің консулдық мекемесі салық төлеуші ретінде тіркелуге жатады. Салық төлеуші ретінде тіркелу үшін мұндай өкілдік немесе мекеме өзінің орналасқан жеріндегі салық органына Қазақстан Республикасында аккредиттелгенін растайтын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін қоса бере отырып, тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтінішті ұсынады.

15. Осы баптың 1 – 14-тармақтарында аталған тұлғаларға сәйкестендіру нөмірі мен тіркеу куәлігін қалыптастыру мақсатында салық органы тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтінішті немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде әділет органдарына электрондық хабарлама жібереді.

16. Осы баптың 1 – 14-тармақтарында аталған бейрезиденттерге сәйкестендіру нөмірін беру туралы электрондық хабарламаны әділет органдары салық органдарының электрондық хабарламасын алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей салық органдарына жібереді.

17. Осы баптың 1 – 14-тармақтарында аталған бейрезиденттерді салық төлеушілер ретінде тіркеуді салық органы осы Кодекстің 75-бабының 3-тармағында белгіленген мерзімде уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша тіркеу куәлігін бере отырып жүзеге асырады.

18. Осы Кодекстің 75-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында аталған, Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланумен байланысты бағалы қағаздарды, қатысу үлестерін сатып алған бейрезиденттің тіркеу куәлігі осы Кодекстің 650-бабы 1-тармағының 2) – 4) тармақшаларында көрсетілген,

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына ие резиденттің немесе консорциумның орналасқан жеріндегі салық органында бейрезидент оны талап еткенге дейін сақталады.

19. Осы баптың 1 – 14-тармақтарында аталған, сәйкестендіру нөмірлері бар бейрезиденттерге қатысты уәкілетті мемлекеттік органнан мәліметтер, тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтініш алынған жағдайда, салық органы сәйкестендіру нөмірі мен тіркеу куәлігін қалыптастыру мақсатында әділет органдарына электрондық хабарлама жібермейді. Бұл ретте осы Кодекстің 75-бабы 2-тармағының 8) тармақшасында аталған тұлғаларды тіркеу есебіне қою олардың тәуелді агенттерінің орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

77-бап. Салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорындағы тіркеу деректерін өзгерту және толықтыру

1. Салық органдары салық төлеуші ретінде тіркеу кезінде ұсынылған, мыналардың:

1) жеке тұлғаның тіркеу деректеріне – Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде;

2) резидент-заңды тұлғаның және оның құрылымдық бөлімшесінің, бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің тіркеу деректеріне – Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінің мәліметтері немесе тиімді басқару орны (нақты басқару органының орналасқан жері) Қазақстан Республикасында болатын шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға ретінде тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтініштің негізінде;

3) Қазақстан Республикасында қызметін филиал, өкілдік ашпай, тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаның тіркеу деректеріне – тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтініш негізінде;

4) осы Кодекстің 650-бабы 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген, Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына ие тұлғаның орналасқан жері өзгерген кезде, осы Кодекстің 650-бабының 8-тармагына сәйкес салық агенті болып табылатын бейрезиденттің тіркеу деректеріне – осындай бейрезидентті салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтініштің немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану саласындағы құзыреті шегінде мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың осы Кодекстің 650-бабы 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген акцияларды, қатысу үлестерін бейрезиденттің сатып алуы туралы мәліметтері негізінде;

5) резидент-заңды тұлғаның орналасқан жері өзгерген кезде 75-баптың 2-тармағының 5) тармақшасында аталған бейрезиденттің тіркеу деректеріне – Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінің осындай резидент туралы мәліметтері негізінде;

6) Қазақстан Республикасында аккредиттелген, шет мемлекеттің дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігінің, шет мемлекеттің консулдық мекемесінің тіркеу деректеріне – тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтініш негізінде;

7) қызметін осы Кодекстің 220-бабының 3-тармағына сәйкес бейрезиденттің тұрақты мекемесі ретінде қаралатын тәуелді агент арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттің тіркеу деректеріне – тәуелді агенттің салық органына ұсынған салықтық өтініші негізінде;

8) резидент-банкте ағымдағы шоты бар бейрезидент-жеке және заңды тұлғаның тіркеу деректеріне – банк хабарламасы негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді жүзеге асырады.

2. Заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшесінің бюджетпен есеп айырысулар бойынша жауапты қызметкері, телефон нөмірі, электрондық поштасының мекенжайы туралы мәліметтерді өзгерту тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтініш негізінде жүзеге асырылады.

3. Салық төлеушілердің банктік шоттары туралы мәліметтерді өзгерту банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың осы Кодекстің 24-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімде ұсынылған мәліметтері негізінде жүзеге асырылады.

4. Салық төлеушінің тіркеу деректерін өзгерту үшін салықтық өтініш салық төлеушінің (салық агентінің) орналасқан жеріндегі салық органына өзгерістер туындаған кезден бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

5. Салық органдары салық төлеушінің тіркеу деректеріне өзгерістер енгізуді сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің, уәкілетті мемлекеттік органдардың, банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мәліметтерін, тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

78-бап. Салық төлеушіні салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорынан алып тастау

1. Салық органдары салық төлеушіні салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорынан сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтері негізінде немесе салықтық өтініш бойынша мынадай себептермен:

1) жеке тұлғаның қайтыс болуы немесе қайтыс болды деп жариялануы;

2) орындалмаған салықтық міндеттемелер не Қазақстан Республикасының аумағында салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер болмаған жағдайда, жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан тұрақты тұрғылықты жерге кетуі және азаматтығын тоқтатуы;

3) осы Кодекстің 76-бабының 10-тармағында аталған шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның салық салу объектілеріне құқықтарының тоқтатылуы;

4) заңды тұлғалардың, олардың құрылымдық бөлімшелерінің Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тасталуы немесе заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің есептік тіркеуден шығарылуы;

5) шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында тиімді басқару орнының (нақты басқару органының орналасқан жерінің) өзгеруі;

6) бейрезиденттің тұрақты мекеме арқылы қызметін тоқтатуы;

7) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында қызметін тоқтатуы;

8) егер осы Кодекстің 75-бабы 2-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында аталған бейрезиденттің Қазақстан Республикасында өзге салық салу объектісі болмаған жағдайда, мұндай бейрезиденттің мүлікке, акцияларға және (немесе) қатысу үлестеріне құқықтарының тоқтатылуы;

9) Қазақстан Республикасында аккредиттелген, шет мемлекеттің дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігі, шет мемлекеттің консулдық мекемесі қызметінің тоқтатылуы;

10) осы Кодекстің 220-бабының 3-тармағына сәйкес бейрезиденттің тұрақты мекемесі ретінде қаралатын Қазақстан Республикасындағы тәуелді агент арқылы осы бейрезидент қызметінің тоқтатылуы;

11) банк хабарламасын алған күннен бастап алты ай ішінде осы Кодекстің 75-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында аталған бейрезиденттің резидент-банктерде ағымдағы шоттары болмаған, сондай-ақ ағымдағы шоттарды ашуы туралы мәліметтері болмаған жағдайда, резидент-банкте осындай бейрезиденттің ағымдағы шотының жабылуы бойынша алып тастайды.

2. Салық органы салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорынан осы Кодекстің 75-бабы 2-тармағының 3) – 11) тармақшаларында аталған тұлғаларды алып тастау мақсатында әділет және ішкі істер органдарына:

1) Қазақстан Республикасында қызметін филиал, өкілдік ашпай, тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидентті – тіркеу есебінен шығару туралы салықтық өтініш негізінде;

2) осы Кодекстің 75-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында аталған бейрезидентті – Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану саласындағы құзыреті шегінде мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың осы Кодекстің 650-бабы 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздарды немесе қатысу үлестерін өткізу туралы мәліметтері негізінде;

3) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды – тіркеу есебінен шығару

туралы салықтық өтініш негізінде;

4) Қазақстан Республикасында аккредиттелген, шет мемлекеттің дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігін, шет мемлекеттің консулдық мекемесін – сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның Қазақстан Республикасында аккредиттелген, шет мемлекеттің дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігінің, шет мемлекеттің консулдық мекемесінің қызметін тоқтатуы туралы мәліметтері негізінде;

5) осы Кодекстің 75-бабы 2-тармағының 8) тармақшасында аталған бейрезидентті – тәуелді агенттің тіркеу есебінен шығару туралы салықтық өтініші негізінде;

6) резидент-банкте ағымдағы шоты бар бейрезидентті – бейрезиденттің ағымдағы шотының жабылуы туралы банк хабарламасы негізінде тіркеу есебінен шығару туралы электрондық хабарлама жібереді.

3. Салық органдары осы баптың 2-тармағында аталған бейрезиденттер туралы мәліметтер көрсетілген электрондық хабарламаны әділет органдарына уәкілетті мемлекеттік органдардан мәліметтерді, банк хабарламасын, тіркеу есебінен шығару туралы салықтық өтінішті алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынады.

4. Салық органы салық төлеушіні салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорынан алып тастауды салық төлеушінің орындалмаған салықтық міндеттемелері болмаған жағдайда сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері мәліметтерінің негізінде жүргізеді.

2-параграф. Дара кәсіпкерді және жеке практикамен айналысатын адамды тіркеу есебі

79-бап. Дара кәсіпкер және жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебіне қою

1. Дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою үшін жеке тұлға Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен салық органына хабарлама жібереді.

2. Салық органдары Қазақстан Республикасының заңнамасымен дара кәсіпкерлікті жүзеге асыруға тыйым салынған жеке тұлғаны дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қоюды жүргізбейді.

3. Жеке тұлғаны жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебіне қою нотариаттық қызметті, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметті, адвокаттық қызметті, дауларды медиация тәртібімен реттеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру басталғанға дейін «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электрондық нысанда ұсынылған, жеке тұлғаның жеке практикамен айналысатын адамды тіркеу есебіне алу туралы салықтық өтініші негізінде жүргізіледі.

4. Салық органдары салықтық өтінішті алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жеке тұлғаны жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебіне қоюды жүргізеді не мұндай тіркеуге қоюдан бас тартады.

Салық органы жеке тұлғаны жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебіне қоюдан бас тартуды, егер:

1) жеке басты куәландыратын құжаттың салықтық өтініште көрсетілген деректері сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінде қамтылған мәліметтерге сәйкес келмеген;

2) нотариаттық қызметті, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметті, адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның салықтық өтініште көрсетілген деректері лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімінде қамтылған мәліметтерге сәйкес келмеген;

3) салықтық өтініште көрсетілген орналасқан жері «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесінде болмаған жағдайларда жүргізеді.

80-бап. Дара кәсіпкердің және жеке практикамен айналысатын адамның тіркеу деректерін өзгерту

1. Салық органы тіркеу деректерін өзгертуді:

1) дара кәсіпкер Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен ұсынатын хабарлама;

2) жеке практикамен айналысатын адамның тіркеу есебі туралы салықтық өтініші негізінде жүргізеді.

2. Дара кәсіпкер осы баптың 1-тармағында көрсетілген хабарламаны орналасқан жеріндегі салық органына өзінің тіркеу деректері және (немесе) бірлескен кәсіпкерліктің қатысушылары (мүшелері) туралы деректер өзгерген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

3. Жеке практикамен айналысатын адам осы баптың 1-тармағында көрсетілген салықтық өтінішті өзінің тұрған жері өзгерген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электрондық нысанда ұсынуға міндетті.

4. Салық органы тіркеу деректерін өзгертуді тіркеу деректерін өзгерту үшін ұсынылған хабарламаны алған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде жүргізеді.

5. Салық органы жеке практикамен айналысатын адамның тұрған жері туралы мәліметтерді өзгертуді тіркеу деректерін өзгерту үшін ұсынылған салықтық өтінішті алған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Салық органдары, егер салықтық өтініште көрсетілген тұрған жері «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесінде болмаған жағдайда, жеке практикамен айналысатын адамның тұрған жері туралы мәліметтерді өзгертуден бас тартады.

81-бап. Дара кәсіпкер және жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінен шығару

1. Салық органы жеке тұлғаны дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығаруды осы Кодексте айқындалған тәртіппен және (немесе) Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес жүргізеді.

2. Салық органы жеке тұлғаны жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінен шығаруды осы Кодекстің 66-бабында айқындалған тәртіппен жүргізеді.

3. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, салық органы орындалмаған салықтық міндеттемелер болмаған жағдайда, жеке тұлғаны дара кәсіпкер және жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінен шығаруды жүргізеді.

4. Салық төлеуші өзінің тұрған жеріндегі салық органында өзінің дара кәсіпкер және жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінен шығарылғаны (шығарудан бас тартылтылғаны) туралы жазбаша растау алуға құқылы.

3-параграф. Қосылған құн салығын төлеушілерді тіркеу есебі

82-бап. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне міндетті түрде қою

1. Мыналарды:

1) мемлекеттік мекемелерді;

2) резидент-заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерін;

3) ойын бизнесі салығы салынуға жататын қызметі бойынша осы Кодекстің 534-бабында аталған тұлғаларды;

4) шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін осындай арнаулы салық режимі қолданылатын қызметі бойынша қолданатын салық төлеушілерді қоспағанда, резидент-заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасында қызметін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттер, дара кәсіпкерлер осы бапта айқындалған тәртіппен қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне міндетті түрде қоюға жатады.

2. Егер қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою мақсаттары үшін айналымның мөлшері күнтізбелік жыл ішінде ең төмен айналымнан асып кеткен жағдайда, осы баптың 1-тармағында аталған, қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қоюға жататын тұлғалар орналасқан жеріндегі салық органына қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебі туралы салықтық өтінішті беруге міндетті.

Салықтық өтініш айналым мөлшерінің ең төмен айналымнан асып кетуі туындаған ай аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей

мына тәсілдердің бірімен:

1) өзі келу тәртібімен қағаз жеткізгіште;

2) электрондық нысанда беріледі.

Салықтық өтінішті электрондық нысанда беру туралы ереже тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша тәуекел деңгейі жоғарғы салық төлеушілерге қолданылмайды.

Айналым мөлшерін:

1) жаңадан құрылған резидент-заңды тұлғалар, бейрезидент Қазақстан Республикасында қызметін солар арқылы жүзеге асыратын филиалдар, өкілдіктер – әділет органдарында мемлекеттік (есептік) тіркелген күннен бастап;

2) салық органдарында дара кәсіпкерлер ретінде жаңадан тіркеу есебіне тұрған жеке тұлғалар – салық органдарында тіркеу есебіне қойылған күннен бастап;

3) ағымдағы күнтізбелік жылда салық органының шешімі негізінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған салық төлеушілер – салық органының шешімі негізінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған күннен кейінгі күннен бастап;

4) өзге де салық төлеушілер – ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап, өсу қорытындысы бойынша айқындайды.

3. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою мақсаттары үшін айналым мөлшері осы Кодекстің 369-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген айналымдардың сомасы ретінде айқындалады.

Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою мақсаттары үшін бюджетпен есеп айырысуларды шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимінде жүзеге асыратын салық төлеуші айналымды айқындау кезінде осы арнаулы салық режиміне жататын қызметті жүзеге асырудан түсетін өткізу бойынша айналымды есепке алмайды.

4. Ең төмен айналым республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 30 000 мың еселенген мөлшерін құрайды.

5. Егер құрылтайшы сенімгерлік басқару шарты бойынша не пайда алушы сенімгерлік басқару туындаған озге де жағдайларда қосылған құн салығын төлеуші болып табылса, сенімгерлік басқарушы орналасқан жеріндегі салық органына сенімгерлік басқару шартын жасасқан күннен не сенімгерлік басқарудың туындауына негіз болып табылатын өзге де құжат күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей өзі келу тәртібімен қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне алу туралы салықтық өтінішті беруге міндетті. Өзге жағдайларда мұндай құрылтайшыны немесе пайда алушыны, сондай-ақ сенімгерлік басқарушыны міндетті түрде есепке қою осы баптың 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне алу туралы салықтық

өтінішті Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғасының, Қазақстан Республикасында қызметін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттің бірінші басшысы, дара кәсіпкер орналасқан жеріндегі салық органына осы баптың 2-тармағында айқындалған тәртіппен береді.

Осы баптың 1-тармағында аталған тұлғалар қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою үшін салықтық өтініш берген күннен бастап қосылған құн салығын төлеушілерге айналады.

Салық органы салықтық өтініш берілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қоюды жүргізеді.

7. Осы баптың 2-тармағында айқындалған тәртіппен қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою үшін салықтық өтінішті ұсынбаған, осы баптың 1-тармағында көрсетілген, тұлға анықталған кезде салық органы мұндай салық төлеушіні анықтаған кезден бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей оған осы Кодекстің 115-бабында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жібереді.

8. Салық төлеуші осы баптың 7-тармағына сәйкес жіберілген салық органының хабарламасы бойынша тіркеу есебіне қою үшін салықтық өтінішті ұсынбаған жағдайда, осы Кодекстің 115-бабының 5-тармағында белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін салық органы осы Кодекстің 118-бабында айқындалған тәртіппен салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім шығарады.

83-бап. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне ерікті түрде қою

1. Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, осы Кодекстің 82-бабының 1-тармағына сәйкес қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне міндетті түрде қоюға жатпайтын тұлғалар мынадай тәсілдердің бірімен:

1) өзі келу тәртібімен, қағаз жеткізгіште;

2) электрондық нысанда;

3) Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінде резидент-заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне алу туралы салықтық өтінішті беру жолымен қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне тұруға құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 2) тармақшасының ережесі тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша тәуекел деңгейі жоғарғы салық төлеушілерге қолданылмайды.

Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне ерікті түрде тұруға:

дара кәсіпкерлер болып табылмайтын жеке тұлғалардың;

мемлекеттік мекемелердің;

Қазақстан Республикасында қызметін филиал, өкілдік арқылы жүзеге

асырмайтын бейрезиденттердің;

резидент-заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің;

ойын бизнесі салығы салынуға жататын қызметі бойынша осы Кодекстің 534-бабында аталған тұлғалардың құқығы жоқ.

2. Салық органы қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою үшін салықтық өтініш берілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікті жасай отырып, салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қоюды жүргізеді.

Осы баптың 1-тармағында аталған тұлғалар:

1) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында аталған тұлғалар үшін – қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою үшін салықтық өтініш берген күннен бастап;

2) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында аталған тұлғалар үшін – Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап қосылған құн салығын төлеушілерге айналады.

84-бап. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік

1. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою фактісін куәландырады, мерзімсіз болып табылады және тіркеуші органның лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында ұсынылады. Куәліктің нысанын уәкілетті орган белгілейді.

2. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік мынадай міндетті деректемелерді:

1) салық төлеушінің атауын және (немесе) тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) сәйкестендіру нөмірін;

3) салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою күнін;

4) куәлікті жасаған салық органының атауын қамтиды.

3. Салық төлеуші қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған жағдайда, қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік жарамсыз деп есептеледі.

4. Салық органы қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікті ауыстыруды қосылған құн салығын төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер бұл жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе атауы өзгерген жағдайда – салық төлеуші тегінің, атының, әкесінің аты (егер бұл жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе атауының өзгергені туралы сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімдерінің мәліметтері

негізінде үш жұмыс күні ішінде жүргізеді.

85-бап. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару

1. Қосылған құн салығын төлеуші қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару үшін қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебі туралы салықтық өтінішті орналасқан жеріндегі салық органына, бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде:

1) егер салықтық өтініш берілген жылдың алдындағы күнтізбелік жыл үшін салық салынатын айналым мөлшері осы Кодекстің 82-бабының 4-тармағында белгіленген өткізу бойынша ең төмен айналымнан аспаса;

2) егер мұндай салықтық өтініш берілген ағымдағы күнтізбелік жылдың басынан бергі кезеңі үшін салық салынатын айналым мөлшері осы Кодекстің 82-бабында белгіленген өткізу бойынша ең төмен айналымнан аспаса, беруге құқылы.

Осы тармақтың ережесі өздеріне қатысты банкроттық рәсімі қолданылған салық төлеушілерге қолданылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген салықтық өтінішке қосылған құн салығы бойынша тарату декларациясы қоса беріледі.

3. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, салық органдары осы баптың 2-тармағында белгіленген талап сақталған кезде, салық төлеушінің салықтық өтініш берген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығаруды жүргізуге міндетті. Осындай салық төлеушінің салық органына салықтық өтініш берген күні қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған күн болып табылады.

Салық органдары салық төлеушінің салықтық өтініш берген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарудан мынадай:

1) салықтық өтініш берілген жылдың алдындағы күнтізбелік жыл үшін салық төлеушінің салық салынатын айналым мөлшері осы Кодекстің 82-бабының 4-тармағында белгіленген өткізу бойынша ең төмен айналымнан асып кеткен;

2) мұндай салықтық өтініш берілген ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бергі кезең үшін салық төлеушінің салық салынатын айналым мөлшері осы Кодекстің 82-бабының 4-тармағында белгіленген өткізу бойынша ең төмен айналымнан асып кеткен жағдайларда, бас тартады.

Осы тармақтың ережелері осы Кодекстің 213-бабының 1-тармағында айқындалған тәртіппен қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару мақсатында осындай тіркеу есебі туралы салықтық өтінішті ұсынған салық төлеушілерге қолданылмайды.

Уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша, қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарудан бас тарту туралы шешім мұндай бас тартудың себебі көрсетіле отырып, салық төлеушіге жеке қолын қойдыру

арқылы немесе жіберу фактісін растайтын өзге де тәсілмен тапсырылады.

4. Уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша, салық органының шешімі негізінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару, салық төлеушіні хабардар етпестен, мынадай:

1) қосылған құн салығын төлеуші қосылған құн салығы бойынша салықтық есептілікті осы Кодексте оны ұсынудың белгіленген мерзімінен кейін алты ай өткен соң ұсынбаған;

2) жазбаша түсінік ұсыну үшін осы Кодекстің 70-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген мерзімнің соңғы күніне салық төлеушіде ашылған банктік шоттар болмаған жағдайда, мұндай салық төлеуші осы Кодекстің 70-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген талапты орындамаған;

3) салық төлеуші осы Кодекстің 70-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген талапты орындамаған;

4) заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тіркеу жарамсыз деп танылған;

5) заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде заңды тұлғаны қайта тіркеу жарамсыз деп танылған;

6) егер заңды тұлғаның бірінші басшысы немесе жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) немесе дара кәсіпкер:

әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі және (немесе) хабар-ошарсыз кеткен жеке тұлға;

егер қайтыс болған (қайтыс болды деп жарияланған) кезден бастап алты ай өткен жағдайда, қайтыс болған (қайтыс болды деп жарияланған);

1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192-1, 216, 217 және 222-баптары бойынша жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар жеке тұлға;

2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 216, 238, 240 және 245-баптары бойынша жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар жеке тұлға;

іздеу салынған жеке тұлға;

болу мақсаты Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асырумен байланысты емес не Қазақстан Республикасының аумағында болуға рұқсат етілген мерзімі өткен шетелдік-жеке тұлға немесе азаматтығы жоқ адам;

әрекет етпейтін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

әрекет етпейтін заңды тұлғаның бірінші басшысы немесе жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) болып табылған;

7) осы Кодекстің 91-бабында айқындалған тәртіппен салық төлеуші әрекет етпейтін деп танылған жағдайларда, жүргізіледі.

5. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару туралы шешімді салық төлеушінің орналасқан жеріндегі салық органы:

1) егер осы тармақшада өзгеше белгіленбесе, осы баптың

4-тармағының 1), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген жағдайлар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей шығарады.

Осы баптың 4-тармағы 6) тармақшасының тоғызыншы абзацында көрсетілген жағдайларда қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару туралы шешімді салық органы қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қойған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей шығарады;

2) осы баптың 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда, осы Кодекстің 70-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген мерзім өткен күннен бастап;

3) осы баптың 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда, осы Кодекстің 70-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген мерзім өткен күннен бастап;

4) салық органы соттың дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тіркеуді жарамсыз деп тану туралы заңды күшіне енген шешімін алған күннен бастап;

5) салық органы соттың заңды тұлғаны қайта тіркеуді жарамсыз деп тану туралы заңды күшіне енген шешімін алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей шығарады.

6. Қосылған құн салығын төлеуші салық органының шешімі бойынша:

1) осы баптың 4-тармағының 1), 2), 3) және 7) тармақшаларында аталған тұлғалар үшін – осы шешім шығарылған күннен бастап;

2) осы баптың 4-тармағының 4) тармақшасында аталған тұлғалар үшін – қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қойылған күннен бастап;

3) осы баптың 4-тармағының 5) тармақшасында аталған тұлға үшін – Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеуші органда соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде жарамсыз деп танылған қайта тіркелген күннен бастап;

4) егер осы тармақшада өзгеше белгіленбесе, осы баптың 4-тармағының 6) тармақшасында белгіленген жағдайлар туындаған күннен бастап қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебінен шығарылды деп танылады.

Қосылған құн салығын төлеуші осы баптың 4-тармағы 6) тармақшасының тоғызыншы абзацында көрсетілген жағдайларда, салық органының шешімі бойынша қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қойылған күннен бастап қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебінен шығарылды деп танылады.

7. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару:

1) егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын тұлғаның қызметі тоқтатылған жағдайда – осы Кодекстің 58, 60, 65 және 66-баптарында көрсетілген салықтық тексеру жүргізу туралы салықтық өтініш не қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш ұсынылған күннен бастап;

2) заңды тұлғалар бірігу, қосылу жолымен қайта ұйымдастырылған жағдайларда – таратудың салықтық есептілігі және беру актісі ұсынылған

күннен бастап;

3) заңды тұлға бөліну жолымен қайта ұйымдастырылған жағдайда – осы Кодекстің 64-бабында көрсетілген салықтық тексеру жүргізу туралы салықтық өтініш ұсынылған күннен бастап;

4) дара кәсіпкер ретінде тіркелген және қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын жеке тұлға қайтыс болған жағдайда – осы Кодекстің 78-бабының 1-тармағында айқындалған тәртіппен салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорынан алып тасталған күннен бастап жүргізіледі.

8. Қосылған құн салығын төлеуші банкроттық себебі бойынша таратылған кезде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тасталған немесе дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылған күннен бастап жүргізіледі.

9. Салық органының шешімімен қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен қосылған құн салығын төлеушінің шығарылғаны туралы ақпарат қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару туралы шешім шығарылған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

4-параграф. Электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебі

86-бап. Электрондық салық төлеушіні тіркеу есебіне қою

1. Жеке тұлғаны, заңды тұлғаны, оның құрылымдық бөлімшелерін электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қою ерікті сипатта болады және салық органында салық төлеуші ретінде тіркеуден өткеннен кейін жүргізіледі.

2. Салық төлеуші тіркеу есебіне қою үшін орналасқан немесе тұрғылықты жеріндегі салық органына өзі келу тәртібімен қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда электрондық салық төлеушінің тіркеу есебі туралы салықтық өтінішті ұсынады.

Электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қою үшін осындай салықтық өтінішті ұсыну салық төлеушінің хабарлардың кепілді жеткізілуін қамтамасыз ететін телекоммуникациялар желісі бойынша беру арқылы электрондық құжаттар алмасуға, оның ішінде осы Кодексте көзделген салық органдарының хабарламаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құжаттарды алуға берген келісімі болып табылады.

3. Салық органы электрондық салық төлеушінің тіркеу есебі туралы салықтық өтініш қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде салық төлеушіге құжаттарды беру журналына қолын қойдыра отырып, электрондық цифрлық қолтаңбасын береді.

87-бап. Электрондық цифрлық қолтаңбаны ауыстыру және жою

1. Салық төлеуші электрондық цифрлық қолтаңбаны жою немесе оны ауыстыру үшін орналасқан немесе тұрғылықты жеріндегі салық органына электрондық салық төлеушінің тіркеу есебі туралы салықтық өтінішті ұсынуға мынадай:

1) электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланудан бас тарту туралы шешім қабылданған;

2) тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталған;

3) электрондық цифрлық қолтаңбадан тұратын кілті бар контейнерлі электрондық ақпарат жеткізгіш жоғалған;

4) кілті бар контейнерлі электрондық ақпарат жеткізгіш жұмыс істемейтіндей болып бүлінген жағдайларда құқылы.

2. Электрондық цифрлық қолтаңбаны жою салық төлеушінің салық органымен осы бапта белгіленген жағдайларда хабарлардың кепілді жеткізілуін қамтамасыз ететін телекоммуникациялар желісі бойынша беру арқылы электрондық құжаттармен алмасу құқығын тоқтатады.

3. Салық органы электрондық цифрлық қолтаңбаны жоюды немесе ауыстыруды электрондық цифрлық қолтаңбадан тұратын кілті бар контейнерден бас тарту немесе оны ауыстыру үшін электрондық салық төлеушінің тіркеу есебі туралы салықтық өтініш берілген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

4. Салық органы салық төлеушінің салықтық өтінішінсіз электрондық цифрлық қолтаңбаны салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорынан алып тастаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жояды.

5. Салық органы салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасын жоюды бір жұмыс күні ішінде мынадай:

1) заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде салық төлеушіні мемлекеттік тіркеу жарамсыз деп танылған жағдайда – салық органы соттың шешімін алған күннен бастап;

2) осы Кодекстің 85-бабы 4-тармағының 1), 2), 3), 5), 6) және 7) тармақшаларына сәйкес салық органының шешімі бойынша салық төлеуші қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған жағдайда – қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару туралы шешім шығарылған күннен бастап;

3) банкрот деп танылған жағдайда – салық төлеушіні банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап жүргізеді.

5-параграф. Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушіні тіркеу есебі

88-бап. Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қою

1. Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қоюға мынадай қызмет түрлерін:

1) бензинді (авиациялық бензиннен басқа), дизель отынын өндіруді;

2) бензинді (авиациялық бензиннен басқа), дизель отынын көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізуді;

3) этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімдерін өндіруді;

4) алкоголь өнімдерін көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізуді;

5) темекі бұйымдарын өндіруді және (немесе) көтерме саудада өткізуді;

6) ойын бизнесін;

7) ұтыссыз ойын автоматтарын, ойынға арналған жеке компьютерлерді, ойын жолдарын, карталарды, бильярд үстелдерін пайдалана отырып көрсетілетін қызметтерді;

8) осы Кодекстің 462-бабы бірінші бөлігінің 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды өндіруді, жинауды (жинақтауды);

9) осы Кодекстің 543-бабының 5) тармақшасында аталған уәкілетті ұйымдар жүзеге асыратын қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруды;

10) тауарлармен электрондық сауданы жүзеге асыратын салық төлеушілер жатады.

2. Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қою осы баптың 1-тармағында көрсетілген жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің орналасқан жеріндегі салық органдарында жүргізіледі.

3. Лицензиялауға жататын жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қою тиісті лицензиясы болған жағдайда лицензияның қолданыс мерзімінен аспайтын мерзімге жүргізіледі.

4. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, осы баптың 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында (темекі бұйымдарын көтерме саудада өткізуді қоспағанда) көрсетілген қызмет түрлері бойынша лицензиялауға жататын жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қою тиісті лицензиясы болған жағдайда рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімі деректерінің негізінде жүргізіледі.

Осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 5) (темекі бұйымдарын өндіруді қоспағанда), 6 – 10) тармақшаларында көрсетілген жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қою «Рұқсаттар және

хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалатын тәртіппен, жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның негізінде жүргізіледі.

5. Осы баптың 4-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген хабарлама салық органына жекелеген қызмет түрін жүзеге асыру басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады. Хабарламаға мынадай:

осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қызметті жүзеге асыру кезінде – мұнай өнімдерін өндірушінің өндірістік объектісіне меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжаттардың;

осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қызметті жүзеге асыру кезінде – мұнай өнімдері базасын (резервуарды), автожанармай құю станциясына меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжаттардың немесе автожанармай құю станциясын иеленушімен жасалған, оған сәйкес автожанармай құю станциясын иеленуші (сенім білдірілген өкіл) тапсырма шарты бойынша бензинді (авиациялық бензиннен басқа) және (немесе) дизель отынын бөлшек саудада өткізуді өтініш берушінің (сенім білдірушінің) атынан немесе оның тапсырмасы бойынша жүзеге асыратын тапсырма шартының не мұнай берушінің мұнай өнімдерін өндірушімен жасалған мұнайды қайта өңдеу шартының;

осы баптың 1-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген қызметті жүзеге асыру кезінде – темекі бұйымдарын көтерме саудада өткізу кезінде қоймалық үй-жайға меншік құқығын немесе жалға алу құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

Тапсырма шартын және мұнай берушінің мұнай өнімдерін өндірушімен жасалған мұнайды қайта өңдеу шартын қоспағанда, шарттардың қолданылу мерзімі бір жылдан кем болмауға тиіс.

Салыстырып тексеру үшін шарттардың түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда, шарттардың көшірмелерін нотариат куәландыруға тиіс.

6. Салық органы салық төлеушіні жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қоюды:

1) хабарлама берілген күннен бастап;

2) лицензиялауға жататын қызмет түрлері бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен мәліметтер алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізеді.

7. Салық төлеушіде бірнеше ойын мекемесі (стационарлық орындар) болған жағдайда тіркеу есебіне қою әрбір ойын мекемесі (стационарлық орын) бойынша бөлек жүзеге асырылады.

Стационарлық орын ұтыссыз ойын автоматтарын, ойынға арналған жеке компьютерлерді, ойын жолдарын, карталарды, бильярд үстелдерін пайдалану арқылы қызметтер көрсету бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын орын болып табылады.

8. Ойын мекемесінің (стационарлық орынның) аумағында салық

органдарында тіркелмеген салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді пайдалануға және олардың болуына тыйым салынады.

9. Салық төлеушіде осы баптың 1-тармағының 1) – 5) тармақшаларында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын бірнеше салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объекті болған кезде әрбір салық салу объектісін және (немесе) салық салуга байланысты объектіні тіркеу есебі бөлек жүргізіледі.

10. Осы баптың 1-тармағы 1) – 5) тармақшаларының мақсаттары үшін салық салуға байланысты объектілер деп мұнай өнімдерін өндірушінің өндірістік объектісі, мұнай өнімдері базасы, резервуар, автожанармай құю станциясы, мұнайды және (немесе) газ конденсатын қайта өңдеу шартында немесе мұнай өнімдерін өндірушімен (мұнайды берушілер үшін) жасалған шартқа қосымшада (ерекшелікте) көрсетілген мұнайдың және (немесе) газ конденсатының және мұнай өнімдері шығарылымының көлемі, осы баптың 1-тармағының 1) – 5) тармақшаларында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін пайдаланылатын стационарлық және (немесе) қоймалық үй-жай түсініледі.

89-бап. Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушінің тіркеу деректерін өзгерту және толықтыру

1. Тіркеу деректерінде көрсетілген салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтер өзгерген кезде салық төлеуші өзгерістер туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің тіркелген жеріндегі салық органына осы Кодекстің 88-бабының 4-тармагында көрсетілген хабарламаны беруге міндетті.

2. Салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтер өзгерген жағдайда, салық органы осы Кодекстің 88-бабы 4-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде салық төлеушінің тіркеу деректеріне өзгерістер енгізуді жүргізеді.

Осы Кодекстің 88-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші хабарламаға осы Кодекстің 88-бабының 5-тармағында көрсетілген, салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтердің өзгергенін растайтын құжатты қоса береді.

Салыстырып тексеру үшін шарттың түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда шарттардың және (немесе) шартқа қосымшалардың көшірмелерін нотариат куәландыруға тиіс.

90-бап. Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебінен шығару

1. Салық органы салық төлеушіні лицензиялауға жатпайтын жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебінен осы Кодекстің 88-бабы 4-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген хабарлама негізінде мынадай:

1) осы Кодекстің 88-бабының 1-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру тоқтатылған;

2) тіркеу деректерінде көрсетілген барлық салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объекті есептен шығарылған жағдайларда, шығаруға тиіс.

2. Салық органы салық төлеушіні лицензиялауға жататын жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебінен шығаруды рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен алынған лицензия қолданысының тоқтатылуы туралы мәліметтердің негізінде жүргізеді.

3. Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебінен шығару үшін хабарлама осы Кодекстің 88-бабының 1-тармағында белгіленген қызмет түрлерін жүзеге асыру тоқтатылған немесе тіркеу деректерінде көрсетілген салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің жалпы саны есептен шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің тіркелген жеріндегі салық органына ұсынылады.

4. Салық төлеушіні жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебінен шығару салық органының шешімі негізінде:

1) осы Кодекстің 88-бабы 1-тармағының 1), 2) және 5) тармақшаларында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушінің:

мұнай өнімдерін өндірушінің өндірістік объектісін жалға алу;

мұнай өнімдері базасын (резервуарды), автожанармай құю станциясын жалға алу;

автожанармай құю станциясын иеленушімен жасалған, оған сәйкес автожанармай құю станциясын иеленуші (сенім білдірілген өкіл) тапсырма шарты бойынша бензинді (авиациялық бензиннен басқа) және (немесе) дизель отынын бөлшек саудада өткізуді оның атынан немесе өтініш берушінің (сенім білдірушінің) тапсырмасы бойынша жүзеге асыратын тапсырма;

мұнай берушінің мұнай өнімдерін өндірушімен жасалған мұнайды қайта өңдеу;

темекі бұйымдарын көтерме саудада өткізу кезінде қоймалық үй-жайды жалға алу шартының қолданысы тоқтатылған;

2) осы Кодекстің 88-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген

қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші лицензияда көрсетілген мекенжай бойынша болмаған;

3) осы Кодекстің 88-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 8) тармақшаларында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші акциз бойынша декларацияны және (немесе) есеп айырысуды ұсыну үшін осы Кодексте белгіленген мерзімнен кейін үш айлық кезең ішінде оларды ұсынбаған жағдайларда, жүргізіледі.

5. Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебінен шығару туралы шешімді уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің тіркелген жеріндегі салық органы осы баптың 4-тармағында көрсетілген жағдайлар туындаған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей шығарады.

6. Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебінен шығарылған салық төлеуші туралы ақпарат тіркеу есебінен шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

6-параграф. Салық төлеушіні әрекет етпейтін, тарату, қызметін мәжбүрлі тәртіппен тоқтату сатысында тұрған деп тану

91-бап. Әрекет етпейтін салық төлеуші

1. Әрекет етпейтін салық төлеушілерге әрекет етпейтін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер жатады.

2. Осы Кодексте белгіленген ұсыну мерзімінен кейін бір жыл өткен соң салықтық кезең үшін:

1) корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны;

2) егер көрсетілген салықтық кезеңнен кейінгі үш салықтық кезең үшін ойын бизнесі салығы бойынша, тіркелген салық бойынша декларация ұсынылмаған жағдайда, мұндай декларацияны;

3) егер көрсетілген салықтық кезеңнен кейінгі екі салықтық кезең үшін жеңілдетілген декларация ұсынылмаған жағдайда, мұндай декларацияны ұсынбаған резидент-заңды тұлға, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға, сондай-ақ бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі әрекет етпейтін заңды тұлға болып танылады.

3. Осы Кодексте белгіленген ұсыну мерзімінен кейін бір жыл өткен соң салықтық кезең үшін:

1) жеке табыс салығы бойынша декларацияны;

2) егер көрсетілген салықтық кезеңнен кейінгі үш салықтық кезең үшін ойын бизнесі салығы бойынша, тіркелген салық бойынша декларация

ұсынылмаған жағдайда, мұндай декларацияны;

3) егер көрсетілген салықтық кезеңнен кейінгі екі салықтық кезең үшін жеңілдетілген декларация ұсынылмаған жағдайда, мұндай декларацияны;

4) соңғы патенттің қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап екі жыл ішінде патент құнының есебін ұсынбаған дара кәсіпкер әрекет етпейтін дара кәсіпкер болып танылады.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарының қолданысы қызметін тоқтата тұрған резидент-заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаларға, бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері мен дара кәсіпкерлерге оны тоқтата тұру кезеңіне қолданылмайды.

5. Салық органдары салық төлеушілерді әрекет етпейтін деп тану туралы бұйрықты жыл сайын, 30 сәуірден кешіктірмей шығарады, олар туралы мәліметтер осындай бұйрық шығарылған күннен кешіктірілмей, уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланады.

6. Әрекет етпейтін деп танылған салық төлеушілер туралы мәліметтер:

1) салық төлеуші салықтық есептілікті ұсыну бойынша салықтық міндеттемені орындағаннан;

2) салықтық есептілікті осы Кодексте белгіленген мерзімде ұсынбағаны үшін салық төлеушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұлдар қолданылған жағдайда, олар төленгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде қабылданған салық органының бұйрығына сәйкес уәкілетті органның интернет-ресурсынан алып тасталады.

7. Әрекет етпейтін деп танылған салық төлеушілер туралы мәліметтер салық органының тиісті бұйрығы қабылданған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей, уәкілетті органның интернет-ресурсынан алып тасталады.

8. Салық төлеуші Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізілімінен алынған немесе дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылған жағдайда, мұндай салық төлеушілер бір мезгілде әрекет етпейтін салық төлеушілер тізілімінен алып тасталады.

92-бап. Тарату (қызметін тоқтату) сатысында тұрған салық төлеуші

1. Таратылуына (қызметін тоқтатуына) байланысты салықтық тексеру жүргізуге салықтық өтініш немесе қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш ұсынған тұлға тарату (қызметін тоқтату) сатысында тұрған салық төлеуші болып танылады. Бұл ретте мұндай салық төлеуші туралы ақпарат тиісті өтініш ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады.

2. Салық органдары тарату (қызметін тоқтату) сатысында тұрған салық

төлеушілер тізімінен тұлғаны алып тастауды:

1) Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тасталған жағдайда – мұндай мәліметтер алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде;

2) дара кәсіпкер және жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінен шығарылған жағдайда – тіркеу есебінен шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізеді.

93-бап. Салық төлеушілердің қызметін мәжбүрлі тәртіппен тоқтату ерекшеліктері

1. Мәжбүрлі тәртіппен қызметін тоқтатуға бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін:

1) күнтізбелік жылдың 1 қаңтарына дейін, бірақ осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімінен кем болмайтын мерзімде:

салықтық есептілікті ұсынбаған;

экспорттық-импорттық операцияларды жасамаған;

егер күнтізбелік жыл ішіндегі төлемнің және (немесе) ақша аударымының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын жалақының 12 еселенген ең төмен мөлшерінен аспайтын жағдайларды қоспағанда, банктік шоттар бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін және (немесе) әлеуметтік төлемдерді алуды жүзеге асырмаған;

қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрмаған;

2) күнтізбелік жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша:

қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрмаған;

осы Кодекстің 213 және 214-баптарында айқындалған тәртіппен салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұрмаған;

жеке тұлғалардан мүлік, көлік құралдары салықтары, жер салығы, бірыңғай жер салығы салынатын объектілерді қоспағанда, меншік құқығында көрсетілетін салықтар салынатын объектілер жоқ;

әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі жоқ;

салықтар және бюджетке төленетін төлемдер, кедендік төлемдер және республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын 6 еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі салықтар бойынша салықтық берешегі жоқ резидент-заңды тұлғалар, олардың құрылымдық бөлімшелері, бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері, қызметін құрылымдық бөлімше ашпай, тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер жатады.

Осы тармақтың ережелері:

1) осы Кодекске сәйкес салықтық мониторингке жататын;

2) қызметін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес жүзеге асыратын салық төлеушілерге қолданылмайды.

2. Салық органдары жыл сайын:

1) осы баптың 1-тармағының талаптарына сәйкес келетін субъектілердің бастапқы тізбесін 1 наурыздан кешіктірмей қалыптастырады;

2) мынадай мәліметтерді:

сәйкестендіру нөмірін (ол болған жағдайда);

салық төлеушінің тіркеу нөмірін;

жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) не субъектінің атауын;

субъектінің орналасқан жеріндегі салық органының атауын;

кредиторлардың және (немесе) субъект мәжбүрлі түрде таратылған (есептік тіркеуден шығарылған, қызметін тоқтатқан) жағдайда құқықтары мен заңды мүдделері қозғалатын өзге де тұлғалардың өтініштерін (наразылықтарын) қабылдау үшін салық органының мекенжайын көрсете отырып, мәжбүрлі түрде таратылуға жататын субъектілердің қалыптастырылған тізбесін бұқаралық ақпарат құралдарында 1 сәуірден кешіктірмей орналастырады;

3) субъектілердің қалыптастырылған тізбесі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін 1 мамырдан кешіктірмей, мәліметтер алу үшін:

екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға – осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында айқындалған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы;

уәкілетті мемлекеттік органдарға – мүліктің, көлік құралдарының, жер учаскелерінің бар-жогы туралы;

әділет органдарына – Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінде мәліметтердің болуы (болмауы) туралы сұрау салулар жібереді.

3. Қойылатын наразылықтардың құқыққа сыйымдылығын растайтын құжаттар қоса берілген, кредиторлардың немесе өзге де тұлғалардың өтініштерін (наразылықтарын) салық органдары күнтізбелік жылдың 1 маусымына дейін қабылдайды.

4. Мәжбүрлі түрде таратуға (есептік тіркеуден шығаруға, қызметін тоқтатуға) жататын субъектілердің түпкілікті тізбесі осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мәліметтер алынған және кредиторлардың немесе өзге де тұлғалардың өтініштері (наразылықтары) болмаган жағдайда күнтізбелік жылдың 1 шілдесінен кешіктірілмей қалыптастырылады.

5. Салық органдары осы баптың 4-тармағында көрсетілген тізбеге қосылған субъектілерге қатысты мәжбүрлі түрде тарату (есептік тіркеуден шығару, қызметін тоқтату) үшін талап қою арыздарын сотқа күнтізбелік

жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей жібереді.

10-тарау. КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУ

94-бап. Камералдық бақылау

1. Салық төлеуші (салық агенті) ұсынған салықтық есептілікті, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде салық органдары жүзеге асыратын бақылау камералдық бақылау болып табылады.

Камералдық бақылау тәуекелдерді басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Салық органдарында тіркеу есебіне қою және (немесе) осы Кодекстің 96-бабына сәйкес салықтық есептілікті ұсыну және (немесе) салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді төлеу арқылы салық органдары камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықтаған бұзушылықтарды салық төлеушіге дербес жою құқығын беру камералдық бақылаудың мақсаты болып табылады.

95-бап. Камералдық бақылауды жүргізу тәртібі мен мерзімдері

1. Камералдық бақылау салық органдарында бар мынадай деректерді:

1) салықтық есептілікті;

2) өзге де мемлекеттік органдардың салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтерін;

3) салық төлеушінің қызметі бойынша әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді;

4) осы Кодексте белгіленген өзге де есептілікті салыстыру арқылы жүргізіледі.

2. Камералдық бақылау осы Кодексте белгіленген осындай кезең үшін салықтық есептілікті ұсыну мерзімі өткеннен кейін тиісті салықтық кезең үшін жүргізіледі.

3. Камералдық бақылау осы Кодекстің 48-бабында белгіленген ережелер ескеріле отырып, талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде жүзеге асырылады.

96-бап. Камералдық бақылау нәтижелері

1. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда:

тәуекел дәрежесі жоғары бұзушылықтар бойынша – анықталған бұзушылықтардың сипаттамалары қоса беріле отырып, камералдық бақылау

нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама;

тәуекел дәрежесі орташа бұзушылықтар бойынша – анықталған бұзушылықтардың сипаттамалары қоса беріле отырып, камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабарлама ресімделеді.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабарлама салық төлеушіге (салық агентіне) салықтық есептілікте бұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде мәлімет үшін жіберіледі.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабарламаның нысанын уәкілетті орган белгілейді.

Осы тармақтың ережелері камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған тәуекел дәрежесі елеусіз бұзушылықтарға қолданылмайды және тәуекелдерді басқару жүйесінде ескеріледі.

2. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындауды салық төлеуші (салық агенті) ол тапсырылған (алынған) күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Мыналар:

1) хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіскен жағдайда – салық төлеушінің (салық агентінің) анықталған бұзушылықтарды:

салық органдарында тіркеу есебіне қою;

анықталған бұзушылықтар жататын салықтық кезең үшін хабарлама бойынша салықтық есептілікті ұсыну;

салық төлеушінің қосылған құн салығын қайтару туралы талабы бойынша бұрын бюджеттен қайтарылған қосылған құн салығының сомасын бюджетке төлеу, сондай-ақ салық төлеушіге осындай сомаларды аударған күннен бастап әрбір күн үшін осы Кодекстің 104-бабының 4-тармағында көрсетілген мөлшерде өсімпұл төлеу арқылы жоюы;

2) хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда – осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің (салық агентінің) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны жіберген салық органына анықталған бұзушылықтар бойынша түсінікті қағаз немесе электрондық жеткізгіште ұсынуы салық төлеушінің (салық агентінің) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындауы болып танылады.

Түсінікте:

салық төлеушінің (салық агентінің) түсінікке қол қойған күні;

түсінікті ұсынған адамның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) не тұлғаның толық атауы, оның тұрғылықты жері (орналасқан жері);

салық төлеушінің (салық агентінің) сәйкестендіру нөмірі;

камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны жіберген салық органының атауы;

түсінік ұсынылатын хабарламаның нөмірі мен күні;

түсінікті ұсынған адамның келіспеуіне негіздер және дәлелдемелер болып табылатын мән-жайлар көрсетілуге тиіс.

Егер түсінікте түсінікті ұсынған адамның келіспеуіне негіз ретінде дәлелдемелерді растау ретінде құжаттар көрсетілетін болса, онда салықтық есептіліктен басқа, түсінікте көрсетілген құжаттардың көшірмелері түсінікке міндетті түрде қоса беріледі.

Түсінікті ұсыну арқылы хабарламаны орындау шеңберінде өзге де құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

3. Салық төлеуші осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген түсінікті камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған мынадай:

1) мыналар:

жазып берілуі бойынша әрекетті (әрекеттерді) заңды күшіне енген сот актісімен жеке кәсіпкерлік субъектісі іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жасаған (жасалған) деп танылған шот-фактураның және (немесе) өзге құжаттың негізінде;

заңды күшіне енген сот шешімің негізінде жарамсыз деп танылған мәмілелер бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шығыстарды шегерімге жатқызу және қосылған құн салыгын есепке жатқызу кезіндегі;

2) заңды күшіне енген сот шешімінде белгіленген, басшысының және (немесе) құрылтайшысының (қатысушысының) мұндай заңды тұлғаны тіркеуге (қайта тіркеуге) және (немесе) оның қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға қатысы жоқ салық төлеушімен іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтер көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жасалған операциялар бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шығыстарды шегерімге жатқызу кезіндегі;

3) мыналар:

заңды күшіне енген сот шешімі негізінде тіркелуі жарамсыз деп танылған заңды тұлғалармен және (немесе) дара кәсіпкерлермен жасалған мәмілелер (операциялар) бойынша;

заңды күшіне енген сот шешімі негізінде қайта тіркелуі жарамсыз деп танылған заңды тұлғалармен жасалған мәмілелер (операциялар) бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қосылған құн салығының сомасын есепке жатқызу кезіндегі бұзушылықтар бойынша ұсынуға құқылы емес.

4. Хабарлама орындалмаған деп танылған жағдайда салық органы

жазбаша шешім шығарады және оны салық төлеушіге мынадай тәсілдерінің бірімен:

1) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жібереді;

2) оны салық төлеушіге қолын қойдыра отырып табыс етеді;

3) электрондық тәсілмен веб-қосымшаға немесе «электрондық үкімет» веб-порталындағы пайдаланушының жеке кабинетіне жібереді.

5. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға жоғары тұрған салық органына және (немесе) уәкілетті органға немесе сотқа шағым берілген кезде камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындау мерзімінің өтуі:

1) жоғары тұрған салық органы және (немесе) уәкілетті орган шағымды қабылдаған күннен бастап – жоғары тұрған салық органының және (немесе) уәкілетті органның жазбаша шешімі шығарылғанға дейін;

2) сот шағымды (өтінішті) іс жүргізуге қабылдаған күннен бастап – сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

Бұл ретте, камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған, осы баптың 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны жіберу бойынша салық органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сотқа шағым берілген жағдайларда, салық төлеуші заңды күшіне енген сот шешімі негізінде тіркелуі (қайта тіркелуі) жарамсыз деп танылған заңды тұлғадан және (немесе) дара кәсіпкерден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді іс жүзінде алғанын дәлелдеуге құқылы.

6. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау осы Кодекстің 118-бабына сәйкес салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға алып келеді.

7. Осы Кодекстің 59-бабының 6-тармағына және 66-бабының 7-тармағына сәйкес жүргізілетін камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қорытынды жасайды.

Бұл ретте осы тармақта көрсетілген қорытындыны жасау күні камералдық бақылаудың аяқталған күні болып табылады.

11-тарау. САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕНІҢ, ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІ, АЙЫППҰЛДАР МЕН ӨСІМПҰЛДЫ АУДАРУ БОЙЫНША МІНДЕТТІҢ ОРЫНДАЛУЫН ЕСЕПКЕ АЛУ

97-бап. Жалпы ережелер

1. Салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің, әлеуметтік төлемдердің, айыппұлдар мен өсімпұлдың есептелген, есепке жазылған,

төленген сомаларын есепке алуды салық органдары салық төлеушінің жеке шотын жүргізу арқылы жүзеге асырады.

2. Салық төлеушінің жеке шотын жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

3. Салық төлеушінің жеке шоты ұлттық валютада жүргізіледі.

4. Мыналар:

салық төлеуші салықтық есептілікте;

салық органдары – осы Кодекстің 493, 514 және 532-баптарында белгіленген жағдайларда, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтері негізінде;

уәкілетті мемлекеттік органдар осы Кодексте көзделген негіздер бойынша айқындаған сома (оның ішінде ұлғайтылуға немесе азайтылуға жататын сома) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің, әлеуметтік төлемдердің есептелген сомасы болып табылады.

5. Салық органы:

салықтық тексерудің нәтижелері бойынша;

салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымын қарау қорытындылары бойынша;

деңгейлес мониторинг нәтижелері бойынша;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның және оның аумақтық органдарының осы Кодекстің 573-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының сақталуы бойынша тексерулерді (мемлекеттік экологиялық бақылауды) жүзеге асыру нәтижелері бойынша ұсынған мәліметтері негізінде айқындаған салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің және әлеуметтік төлемдердің сомасы (оның ішінде ұлғайтылуға немесе азайтылуға жататын сома) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің және әлеуметтік төлемдердің есепке жазылған сомасы болып табылады.

6. Осы баптың 4 және 5-тармақтарын қолдану мақсатында есепке жатқызылатын қосылған құн салығының есепке жазылған салық сомасынан асып кетуі де қосылған құн салығының сомасын азайту болып табылады.

7. Салықтар, бюджетке төленетін төлемдер, әлеуметтік төлемдер, айыппұлдар, өсімпұл бойынша салық төлеушінің жеке шотындағы есеп-қисаптар сальдосы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен есептеледі.

8. Салық төлеушінің салықтық өтініші бойынша салық органдары салық төлеушінің жеке шотынан салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің, әлеуметтік төлемдердің, айыппұлдардың, өсімпұлдың барлық немесе жекелеген түрі бойынша бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі туралы үзінді-көшірмені мұндай өтінішті салық органы тіркеген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде береді.

98-бап. Салықтар және бюджетке төленетін төлемдер, әлеуметтік төлемдер бойынша есеп-қисаптарды салыстырып тексеру жүргізу

1. Салық төлеушінің (салық агентінің) талап етуі бойынша салық органы бір жұмыс күні ішінде салықтар және бюджетке төленетін төлемдер, әлеуметтік төлемдер бойынша есеп-қисаптарды салыстырып тексеру жүргізеді.

2. Салық төлеушінің (салық агентінің) деректері мен салық органы деректерінің арасында алшақтықтар болған жағдайда, алшақтықтар анықталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде салық органы мен салық төлеуші (салық агенті) туындаған алшақтықтарды жою бойынша шаралар қабылдайды. Қажет болған жағдайда салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шотына түзетулер енгізіледі.

99-бап. Қаулыны орындаудың ескіру мерзімінің өтуіне байланысты айыппұл төлеу бойынша міндеттеменің тоқтатылуы

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қаулыны орындаудың ескіру мерзімінің өтуіне байланысты орындалуы мүмкін емес, салық салу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру, міндетті әлеуметтік сақтандыру, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасы саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы бойынша айыппұл сомасы салық органының шешімі негізінде осындай шешім шығарылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шотынан салық органының есептен шығаруына жатады.

100-бап. Есебі салық органында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді беру тәртібі

1. Салық органы есебі салық органында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді беру туралы сұрау салу негізінде осындай мәліметтерді:

1) әділет органдарына – сұрау салу келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) басқа мемлекеттік органдарға және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында берілуі көзделген тұлғаларға, салық төлеушіге – сұрау салу келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Есебі салық органында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерге сұрау салу және оларды осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға беру

электрондық нысанда жүзеге асырылады.

2. Есебі салық органында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер уәкілетті орган айқындаған тәртіппен қалыптастырылады.

3. Заңды тұлға таратылған немесе шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) қызметін тоқтатқан жағдайда, есебі салық органында жүргізілетін берешектің осындай тұлғаларда жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер осы Кодекстің 58, 59 және 60-баптарында белгіленген шарттар сақталған кезде беріледі.

4. Дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан тұрақты тұрғылықты жерге кетуі кезінде есебі салық органында жүргізілетін берешектің осындай тұлғаларда жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінен шығарылған кезде беріледі.

1-параграф. Салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұл мен айыппұлдарды есепке жатқызу және қайтару

101-бап. Жалпы ережелер

1. Есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды жүргізу күніне салықтың (қосылған құн салығын қоспағанда), бюджетке төленетін төлемнің аталған түрі, өсімпұл бойынша бюджетке төленген (өндіріп алынған) (есепке жатқызылғанды және қайтарылғанды шегергенде) және есептелген, есепке жазылған (азайтылғанды шегергенде) сомалары арасындағы оң айырма салықтың (қосылған құн салығын қоспағанда), бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың артық төленген (өндіріп алынған) сомасы болып табылады.

Алдыңғы салықтық кезеңдердегі қосылған құн салығы бойынша есепқисаптар ескеріле отырып, салықтық кезеңде бюджетке төленген (өндіріп алынған) (есепке жатқызылғанды және қайтарылғанды шегергенде) және есептелген, есепке жазылған (азайтылғанды шегергенде) қосылған құн салығының сомалары арасындағы оң айырма артық төленген (өндіріп алынған) қосылған құн салығы сомасы болып табылады.

Тіркеу алымдарының, жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға лицензияларды, радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсаттарды, азаматтық авиация саласындағы сертификаттарды беру үшін алынатын алымдардың, сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақының, мемлекеттік баждың төленген сомалары – жүзеге асырылуы үшін осындай төлемдерді төлеу талап етілетін әрекеттерді жасамауы (оның ішінде, салық төлеушінің тиісті құжаттарды бергенге дейін әрекеттер жасаудан бас тартуы нәтижесінде) фактісін тиісті уәкілетті мемлекеттік орган растаған жағдайда, артық төленген болып танылады.

Орманды пайдаланғаны үшін төлемақының төленген сомалары орман

пайдалануға арналған ағаш кесу билеті пайдаланылмаған жағдайда, артық төленген төлемдер болып танылады.

2. Осы Кодекстің 672-бабына сәйкес бейрезидент-салық төлеушіге қайтарылуға жататын табыс салығының сомасы да табыс салығының артық төленген сомасы болып табылады.

3. Салық органы салықтың, бюджетке төленетін төлемнің (қайтарылуға жатпайтын алымдар мен төлемақыларды қоспағанда), өсімпұлдың артық төленген (өндіріп алынған) сомаларын есепке жатқызуды және қайтаруды ұлттық валютада мынадай тәртіппен:

тиісті салық, бюджетке төленетін толем, өсімпұл бойынша жеке шоттарды жүргізу орны бойынша – осындай жеке шоттардың мәліметтері негізінде;

жеке шоттар жүргізілмейтін бюджетке төленетін төлемдерді төлеу орны бойынша – тиісті уәкілетті мемлекеттік орган берген, жүзеге асырылуы үшін бюджетке төлемдерді толеу көзделген әрекеттердің жасалмағанын растайтын, салық төлеуші ұсынған құжаттардың негізінде жүргізеді.

4. Салық органы салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың артық төленген (өндіріп алынған) сомасын есепке жатқызуды және қайтаруды мынадай тәртіппен:

1) салықтық өтініш негізінде есепке жатқызуды және қайтаруды жүргізген жағдайда – салық органдары осындай өтінішті тіркеген күннен бастап;

2) өтінішсіз есепке жатқызуды жүргізген жағдайда – салық төлеушінің жеке шотында артық төленген сома түзілген күннен бастап есептелетін он жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Салық органы салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, осімпұлдың артық төленген (өндіріп алынган) сомасын қайтаруды бюджетке салықтық берешегі болмаған кезде салық төлеушінің салықтық өтініші негізінде оның банктік шотына жүргізеді.

Салық органы салықтық берешегі болған кезде есепке жатқызуға арналған салықтық өтінішті ұсынбастан, орын алған салықтық берешекті өтеу есебіне салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың артық төленген сомасын есепке жатқызуды жүргізеді.

Егер салық төлеуші заңды тұлға болып табылса, салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың артық төленген сомасын есепке жатқызу – есепке жатқызуға арналған салықтық өтініш ұсынылмастан, заңды тұлға мен оның құрылымдық бөлімшелерінің орын алған салықтық берешегін өтеу есебіне жүргізіледі.

Салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың артық төленген сомасының қалдығы осы тармақта көзделген есепке жатқызу жүргізілгеннен кейін қайтарылуға жатады.

5. Мыналар:

1) есепке жатқызуға жатпайды:

заңды тұлға мен оның құрылымдық бөлімшесі арасындағы есепке жатқызудан басқа, салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың артық төленген (өндіріп алынған) сомасы басқа салық төлеушінің салықтық берешегін өтеу есебіне;

мемлекеттік баждың төленген сомасы;

2) мыналар:

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүргені үшін алымның, консулдық алымның, мыналарды:

жер учаскелерін пайдаланғаны, пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия негізінде Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттің жер қойнауы учаскесін бергені, жануарлар дүниесін пайдаланғаны, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақының төленген сомасы, осындай сомалардың қате төленген жағдайларын қоспағанда;

есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалануға жататын акцизделетін тауарлар үшін акциздердің артық төленген сомасы, салық төлеушінің осындай тауарларды өндіру жөніндегі қызметін тоқтату және бұрын алынған есепке алу-бақылау маркаларын қабылдау-беру актісі бойынша салық органына қайтару жағдайларын қоспағанда;

салықтың, жер учаскелерін пайдаланғаны, жерүсті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының артық төленген (өндіріп алынған) сомасы – осындай салықтар, төлемақылар бойынша салықтық есептілікті ұсыну мерзімі ұзартылған жағдайда оны ұсыну күніне дейін есепке жатқызуға және қайтаруға жатпайды.

6. Салық органы есепке жатқызу және (немесе) қайтару мерзімі бұзылып жүргізілген салықтың, бюджетке төленетін төлемнің артық төленген (өндіріп алынған) сомасына арналған салық төлеушінің салықтық өтініші бойынша есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды жүргізу мерзімін бұзған жағдайда, салық органы мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін салық төлеушінің пайдасына өсімпұлды есепке жазады. Өсімпұл есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды жүргізу күнін қоса алғанда, есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды жүргізу мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін қолданылған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,25 еселенген мөлшерінде есепке жазылады.

Есепке жазылған өсімпұл сомасы тиісті бюджет сыныптамасының коды бойынша бюджетке түсетін түсімдердің есебінен салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың артық төленген (өндіріп алынған) сомасын есепке жатқызу (немесе) қайтару жүргізілген күні салықтық өтініште көрсетілген салық төлеушінің банктік шотына аударылуға жатады.

7. Салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың артық төленген (өндіріп алынған) сомасын есепке жатқызуды (немесе) қайтаруды

жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

102-бап. Салықтар, бюджетке төленетін төлемдер, өсімпұл сомаларын есепке жатқызу

1. Салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың артық төленген (өндіріп алынған) сомасы:

1) салық төлеушінің өтінішінсіз – осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес;

2) салық төлеушінің салықтық өтініші бойынша – осы баптың 4-тармағына сәйкес есепке жатқызуға жатады.

2. Салықтың, бюджетке төленетін төлемнің артық төленген (өндіріп алынған) сомасын есепке жатқызу салық төлеушінің өтінішінсіз мынадай реттілікпен:

1) артық төленген сома түзілген – белгілі бір салық түрі, мыналарды: жер учаскелерін пайдаланғаны, жерүсті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны, қоршаған ортаға эмиссия, радиожиілік спектрін пайдаланғаны, қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы (бұдан әрі осы баптың мақсаттары үшін – төлемақы) бойынша орындалу мерзімі басталған салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің есептелген, есепке жазылған сомаларын төлеу жөніндегі салықтық міндеттеменің есебіне;

2) салықтардың және (немесе) бюджетке төленетін төлемдердің өзге де түрлері бойынша бересіні өтеу есебіне;

3) артық төленген сома түзілген – белгілі бір салық түрі, төлемақы бойынша өсімпұлды өтеу есебіне;

4) салықтардың және (немесе) бюджетке төленетін төлемдердің өзге де түрлері бойынша өсімпұлды өтеу есебіне;

5) артық төленген сома түзілген – белгілі бір салық түрі, төлемақы бойынша және салықтардың және (немесе) бюджетке төленетін төлемдердің өзге де түрлері бойынша айыппұлды өтеу есебіне жүргізіледі.

3. Өсімпұлдың артық төленген (өндіріп алынған) сомасын есепке жатқызу салық төлеушінің өтінішінсіз мынадай реттілікпен:

1) артық төленген өсімпұл сомасы түзілген – белгілі бір салық түрі, төлемақы бойынша өсімпұлдың есепке жазылған сомаларын төлеу жөніндегі салықтық міндеттеменің есебіне;

2) артық төленген өсімпұл сомасы түзілген – белгілі бір салық түрі, төлемақы бойынша бересіні өтеу есебіне;

3) салықтардың және (немесе) бюджетке төленетін төлемдердің өзге де түрлері бойынша бересіні өтеу есебіне;

4) салықтардың және (немесе) бюджетке төленетін төлемдердің өзге де түрлері бойынша өсімпұлды өтеу есебіне;

5) артық төленген сома түзілген – белгілі бір салық түрі, төлемақы

бойынша және салықтардың және (немесе) бюджетке төленетін төлемдердің өзге де түрлері бойынша айыппұлды отеу есебіне жүргізіледі.

4. Салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың артық төленген (өндіріп алынған) сомасын есепке жатқызу салық төлеушінің салықтық өтініші бойынша:

1) бюджетке салықтық берешек болмаған кезде осындай өтініште көрсетілген салықтың және (немесе) бюджетке төленетін төлемнің тиісті түрі бойынша алдағы толемдер есебіне;

2) құрылымдық бөлімшесі (құрылымдық бөлімшелері) бар заңды тұлға болып табылатын салық төлеушінің салықтық өтініші бойынша – осындай өтініште көрсетілген салықтың және (немесе) бюджетке төленетін төлемнің тиісті түрі бойынша осындай заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің (құрылымдық бөлімшелерінің) салықтық берешегін өтеу есебіне;

3) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын салық төлеушінің салықтық өтініші бойынша – осындай өтініште көрсетілген салықтың және (немесе) бюджетке төленетін төлемнің тиісті түрі бойынша заңды тұлғаның салықтық берешегін өтеу есебіне жүргізіледі.

103-бап. Салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың қате төленген сомасын есепке жатқызу, қайтару

1. Аудару кезінде мынадай қателердің кез келгені жіберілген:

1) төлем құжатында:

салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі дұрыс көрсетілмеген;

орналасқан жері бойынша салық және бюджетке төленетін төлем, өсімпұл сомасы төленуге тиіс салық органының сәйкестендіру нөмірінің орнына басқа салық органының сәйкестендіру нөмірі көрсетілген;

төлемнің мәтіндік мақсаты төлем мақсатының кодына және (немесе) кірістердің бюджеттік сыныптамасының кодына сәйкес келмеген;

2) екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым салық төлеушінің төлем құжатын қате орындаған;

3) ақша жөнелтуші – салық төлеуші тіркеу есебінде тұрмаған салық органына төлем жүргізген;

4) ақша жөнелтуші – салық төлеуші салықтың немесе бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың осы түрі бойынша төлеуші болып табылмайтын кездегі сома салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың қате төленген сомасы болып табылады.

2. Салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың қате төленген сомасын есепке жатқызу, қайтару:

1) салық төлеушінің салықтық өтініші;

2) екінші деңгейдегі банктің немесе банк операцияларының жекелеген

түрлерін жүзеге асыратын ұйымның өтініші (бұдан әрі осы баптың мақсаты үшін – екінші деңгейдегі банктің өтініші);

3) қате фактісі анықталған жағдайда, салық органы жасаған салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың қате төленген сомасының туындау себептері туралы хаттама бойынша жүргізіледі.

3. Салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың қате төленген сомасын есепке жатқызу, қайтару:

салық төлеушінің салықтық өтініші, екінші деңгейдегі банктің өтініші ұсынылған;

салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың қате төленген сомасы түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

4. Салық төлеушінің салықтық өтініші, екінші деңгейдегі банктің өтініші салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың қате төленген сомасын есепке алу жүргізілетін салық органына ұсынылады.

5. Салық органы осы баптың 1-тармағында көрсетілген қателердің бірінің бар екенін растаған жағдайда, осы салық органы:

1) қате төленген соманы бюджет сыныптамасының тиісті кодына және (немесе) тиісті салық органына есепке жатқызуды жүргізеді;

2) салық төлеушінің банктік шотына қайтаруды жүргізеді.

6. Екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым сол бір төлем құжаты бойынша салық, бюджетке төленетін толем, осімпұл сомасын қайтадан аударуға алып келген салық төлеушінің төлем құжатын қате орындаған жағдайларда, салық органы қате фактісі расталған кезде екінші деңгейдегі банктің өтініші бойынша қате төленген соманы:

ақша банктік шоттан есептен шығарылған немесе төлем банкоматтар арқылы жүзеге асырылған жағдайда – салық төлеушінің банктік шотына;

ақша екінші деңгейдегі банкке қолма-қол ақшамен енгізілген немесе төлем электрондық терминалдар арқылы жүзеге асырылған жағдайда – екінші деңгейдегі банктің банктік шотына қайтаруды жүргізеді.

7. Салық органдары осы баптың 1-тармағында көрсетілген қателердің бар екендігін растамаган жағдайда, осы салық органы осы баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша салық төлеушіге қатенің расталмағаны туралы жазбаша хабарлама жібереді.

104-бап. Қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару

1. Қосылған құн салығын төлеушінің осы Кодекстің 431, 432, 433 және 434-баптарына сәйкес, қосылған құн салығы бойынша декларацияда көрсетілген қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талабы бойынша қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару осы Кодекстің 102-бабында көзделген есепке жатқызуды жүргізу және (немесе) салық төлеушінің банктік шотына аудару арқылы, ұсынылған салықтық

өтініш негізінде жүргізіледі.

2. Осы Кодекстің 429, 431, 432, 433 және 434-баптарына сәйкес қосылған құн салығының қайтаруға жататын асып кету сомасы салық органы қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтаруға төлем құжатын жасаған күнге қосылған құн салығы бойынша жеке шоттағы қосылған құн салығы бойынша асып кету сомасынан аспауға тиіс.

3. Қосылған құн салыгы бойынша асып кету сомасын қайтару салық төлеушінің тұрған жері бойынша, салықтық берешегі болмаған кезде қосылған құн салығы бойынша асып кету сомасын қайтарудың осы Кодексте козделген мерзімі ішінде оның банктік шотына жүргізіледі.

Салық органы салықтық берешек болған кезде, есепке жатқызуға арналған салықтық өтінішті ұсынбастан, орын алған салықтық берешекті, оның ішінде заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің салықтық берешегін өтеу есебіне қосылған құн салығы бойынша асып кетуді есепке жатқызуды жүргізеді.

Қосылған құн салығы бойынша асып кету сомасының қалдығы осы тармақта көзделген есепке жатқызу жүргізілгеннен кейін қайтарылуға жатады.

4. Салық органы қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтаруды жүргізу мерзімін бұзған кезде мерзімін бұза отырып қайтару жүргізілген осындай асып кету сомасына салық органы салық төлеушінің пайдасына мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін өсімпұлды есепке жазады. Өсімпұл қайтару күнін қоса алғанда, қайтару мерзімі аяқталғаннан кейінгі күннен бастап мерзімін өткізіп алған әрбір күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 1,25 еселенген мөлшерінде есепке жазылады.

5. Салық төлеушінің пайдасына есепке жазылған өсімпұл сомасы бюджет сыныптамасының тиісті коды бойынша бюджетке түсетін түсімдердің есебінен қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару күні салық төлеушінің банктік шотына аударылуға жатады.

105-бап. Қосылған құн салығын өзге де негіздер бойынша қайтару

1. Осы Кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген негіздер бойынша:

1) грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша төленген;

2) Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оган теңестірілген өкілдік төлеген қосылған құн салығының сомасы бюджеттен қайтарылуға жатады.

2. Грант алушыға қайтарылуға жататын қосылған құн салығын қайтаруды салық органы грант алушының тұрған жері бойынша оның банктік шотына осы Кодекстің 102-бабына сәйкес есепке жатқызулар жүргізілгеннен кейін осы Кодекстің 435-бабында белгіленген қайтару мерзімі ішінде

жүргізеді.

3. Қазақстан Республикасында акредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктеріне, шет мемлекеттің консулдық мекемелеріне және бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, осы өкілдіктердің дипломатиялық, әкімшілік-техникалық персоналына жататын адамдарға, бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, консулдық лауазымды адамдарға, консулдық қызметшілерге қосылған құн салығын қайтаруды салық органы олардың банктік шотына осы Кодекстің 436-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімде жүргізеді.

106-бап. Салық салу, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасы саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша құқыққа сыйымсыз салынған айыппұлдың төленген сомасын, сондай-ақ артық төленген соманы қайтару

1. Салық салу, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасы саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша құқыққа сыйымсыз салынған айыппұлдың төленген сомасын айыппұлдың күшін жою немесе оның мөлшерін азайту салдарынан қайтару салық төлеушінің салықтық өтініші (бұдан әрі осы баптың мақсаты үшін – айыппұл сомасын қайтаруға арналған өтініш) негізінде жүргізіледі.

Айыппұл сомасын қайтаруға арналған өтінішке айыппұлдың құқыққа сыйымсыз салынуы салдарынан оның күшін жоюды немесе мөлшерін азайтуды көздейтін заңды күшіне енген сот шешімі немесе жоғары тұрған салық органының (лауазымды адамның) шешімі қоса берілуге тиіс.

2. Айыппұл сомасын қайтаруға арналған өтінішті салық төлеуші жеке шоты бойынша қайтаруға жататын айыппұл сомасы есептеулі тұратын салық органына ұсынады.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес айыппұлдың төленген сомасын қайтаруды салық органы салық төлеушінің банктік шотына айыппұл сомасын қайтаруға арналған өтініш ұсынылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізеді.

4. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындау мақсатында айыппұлды төлеу кезінде артық төленген соманы қайтару осы баптың 3-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі.

107-бап. Сот шешімі бойынша электрондық аукциондар қорытындыларының күшін жою нәтижесінде салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың және айыппұлдың төленген сомасын қайтару

1. Соттың заңды күшіне енген шешімімен уәкілетті заңды тұлға өткізген электрондық аукцион қорытындыларының күші жойылған жағдайда, салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың және айыппұлдың төленген сомасын қайтару уәкілетті орган бекіткен нысандағы уәкілетті заңды тұлғаның салықтық өтініші (бұдан әрі осы баптың мақсаты үшін – қайтаруға арналған өтініш) негізінде жүргізіледі.

Қайтаруға арналған өтінішке:

1) заңды күшіне енген сот шешімінің көшірмесі;

2) уәкілетті заңды тұлғаның салықты, бюджетке төленетін төлемді, өсімпұлды және айыппұлды төлегені туралы төлем құжатының көшірмесі қоса беріледі.

2. Салықтың, бюджетке төленетін төлемнің, өсімпұлдың, айыппұлдың төленген сомасын қайтаруды төленген жердегі салық органы қайтаруға арналған өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті заңды тұлғаның банктік шотына ұлттық валютада жүргізеді.

108-бап. Мемлекеттік баждың төленген сомаларын қайтару ерекшеліктері

1. Мемлекеттік баждың артық төленген сомасы:

1) талап қоюшы сотқа талап арыздар және өзге де өтініштер (шағымдар) берген кезде өз талаптарын азайтатын жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік баж осы Кодекс бойынша талап етілгеннен көп мөлшерде енгізілген;

2) іс төрелікке берілген;

3) іс бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарда тараптардың татуласу келісімімен, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқталған жағдайда – толық көлемде, кассациялық сатыдағы сотта – сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхат берген кезде төленген соманың 50 пайызы мөлшерінде;

4) талап арыз немесе өзге де өтініш (шағым) қайтарылған немесе оны қабылдаудан бас тартылған, сондай-ақ нотариустар немесе осыған уәкілеттік берілген адамдар нотариаттық әрекеттерді жасаудан бас тартқан;

5) егер іс сотта қарауға жатпайтын болса, сондай-ақ егер талап қоюшы дауды алдын ала шешудің осы санаттағы істер үшін белгіленген тәртібін сақтамаған не талапты әрекетке қабілетсіз адам қойған болса, іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған немесе талап қою қараусыз қалдырылған;

6) мемлекеттік бажды төлеген адамдар заңдық мәні бар әрекеттерді жасаудан немесе осы заңдық мәні бар әрекеттерді жасайтын органға жүгінгенге дейін құжатты алудан бас тартқан;

7) сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхат қайтарылған;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда ішінара немесе толық қайтаруға жатады.

2. Мемлекеттік баж:

1) талап қоюшы талап қоюдан бас тартқан;

2) талап қоюшы өз талаптарын азайтқан;

3) сот бұйрығының күші жойылған жағдайларда қайтарылмайды.

3. Салық органы мемлекеттік баждың артық төленген сомасын қайтаруды салық төлеуші ұсынған салықтық өтініштің және тиісті мемлекеттік органның қайтарудың құқыққа сыйымдылығын растайтын құжатының негізінде жүргізеді.

4. Сот оның пайдасына іс бойынша тарап болып табылатын мемлекеттік мекемеден мемлекеттік бажды өндіріп алу туралы шешім шығарған салық төлеушіге мемлекеттік баждың артық төленген сомасын қайтаруды салық органы салық төлеуші ұсынған салықтық өтініштің және заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде жүргізеді.

5. Мемлекеттік баждың артық төленген сомасын қайтаруды оның төленген жері бойынша салық органы қайтаруға арналған салықтық өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік баж сомасы есепке жазылған бюджеттік сыныптаманың тиісті кодынан салық төлеушінің банктік шотына жүргізеді.

6. Осы бапта көзделген мемлекеттік баждың артық төленген сомасын қайтаруға арналған құжаттар салық органына мемлекеттік баждың мұндай сомасы бюджетке төленген күннен бастап үш жыл мерзім өткенге дейін ұсынылуға тиіс.

2-параграф. Жеке табыс салығы бойынша асып кетуді есепке жатқызу және (немесе) қайтару

109-бап. Жалпы ережелер

1. Жеке тұлға осы Кодекстің 640-бабында айқындалған жеке табыс салығы бойынша асып кету туындаған кезде салық органы осы тарауда айқындалған тәртіппен жүзеге асыратын салыстырып-тексеруді жүргізгеннен кейін жеке табыс салығы бойынша осындай асып кетуді осы параграфта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде есепке жатқызуға және (немесе) қайтаруға құқылы.

2. Кірістер мен мүлік туралы декларацияда мәлімделген жеке табыс

салығы бойынша асып кетуді есепке жатқызу және (немесе) қайтару туралы талап жеке табыс салығы бойынша салыстырып-тексеруді жүргізу үшін негіз болып табылады.

110-бап. Жеке табыс салығы бойынша салыстырып-тексеру

1. Жеке табыс салығы бойынша салыстырып-тексеру салық органы кірістер мен мүлік туралы декларацияда мәлімделген жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын растау мақсатында жүргізетін рәсім болып табылады.

2. Салыстырып-тексеру барысында:

1) кірістер мен мүлік туралы декларацияда көрсетілген мәліметтерді салық агенттері мен уәкілетті тұлғалардың деректерімен салыстыру;

2) салықтық шегерімдерді және осы Кодекстің 342-бабына сәйкес салықтық шегерімдер деп танылатын шығыстар сомаларын қолданудың негізділігін растау;

3) есепке жатқызу және (немесе) қайтару мәлімделген жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын растау жүргізіледі.

3. Осы баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мәліметтердің алшақтығы анықталған кезде жеке тұлғаға өсы Кодекстің 12-тарауына сәйкес хабарлама жіберіледі.

111-бап. Салық агенттерінің мәліметтері негізінде жеке табыс салығы бойынша салыстырып-тексеруді жүргізу тәртібі

Салық органы кірістер мен мүлік туралы декларацияда көрсетілген мынадай мәліметтерді:

1) төлем көзінен салық салуға жататын кірістерді;

2) осы Кодекстің 341-бабында козделген кірісті түзетуді;

3) осы Кодекстің 342-бабында белгіленген, төлем көзінен салық салуға жататын кіріске қолданылған салықтық шегерімдерді;

4) төлем көзінен салық салуға жататын кірістерден есептелген жеке табыс салығының сомасын салық агенттерінің тиісті мәліметтерімен салыстырып-тексереді.

112-бап. Білім беруге, медицинаға, ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалатын шығыстар бойынша салықтық шегерімдер сомасын растау үшін жеке табыс салығы бойынша салыстырып-тексеруді жүргізу тәртібі

1. Салық органы жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын қайтару және (немесе) есепке жатқызу туралы талапты көрсете отырып,

кірістер мен мүлік туралы декларация тапсырылған жылдың 15 қазанынан кешіктірмей:

1) тиісті уәкілетті тұлғаларға – жеке тұлға Қазақстан Республикасының аумағында жүргізген, білім беруге, медицинаға жұмсалатын шығыстар туралы мәліметтерді растау туралы талапты;

2) жеке тұлғаға – Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде медициналық көрсетілетін қызметтерді алғанын растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе нотариат куәландырған көшірмелерін ұсыну қажеттігі туралы сұрау салуды;

3) екінші деңгейдегі банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға – жеке тұлғаның кірістер мен мүлік туралы декларациясында көрсетілген жеке тұлғаның (шот иесінің) келісімі негізінде жеке тұлға Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алу үшін алған ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалатын шығыстарды растау туралы талапты жібереді.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға талап мынадай тәсілдердің бірімен:

1) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберіледі.

Бұл ретте пошта немесе озге байланыс ұйымы мұндай талапты пошта немесе озге де байланыс ұйымының қабылдағаны туралы белгі қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жеткізуге тиіс;

2) салық төлеушінің жеке өзіне қолын қойғызып табыс етеді;

3) веб-қосымшада электрондық тәсілмен жіберіледі.

3. Салық органдарының талабында көрсетілген, жеке тұлға Қазақстан Республикасының аумағында жүргізген, білім беруге, медицинаға, ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалатын шығыстар туралы мәліметтерді растауды уәкілетті тұлғалар, банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар осы Кодекстің 24 және 26-баптарында белгіленген мерзімдерде ұсынады.

4. Осы бапта көзделген салық органдары талаптарының нысандарын және оларды жасау қағидаларын уәкілетті орган тиісінше Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен, білім беру саласындағы уәкілетті органмен, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді.

5. Уәкілетті тұлғалар, банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар салық органдарының талабында көрсетілген мәліметтерді осы Кодекстің 24 және 26-баптарында белгіленген мерзімдерде ұсынбаған жағдайда, салық органы жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын қайтару және (немесе) есепке жатқызу туралы талапты көрсете отырып, кірістер мен мүлік туралы декларация тапсырылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан кешіктірмей жеке тұлғаға медициналық көрсетілетін қызметтерге және білім берудің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу бойынша шығыстарды, сондай-ак ипотекалық тұрғын

үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалатын шығыстарды растайтын құжаттардың түпнұсқаларын салық органына көрсете отырып, көшірмелерін ұсыну қажеттігі туралы сұрау салуды жібереді.

6. Осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайда, жеке тұлға жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын қайтару және (немесе) есепке жатқызу туралы талапты көрсете отырып, кірістер мен мүлік туралы декларация тапсырылған жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей келу тәртібімен тұрғылықты жері бойынша салық органына мынадай құжаттардың:

1) медициналық көрсетілетін қызметтерді, білім берудің көрсетілетін қызметтерін, ипотекалық тұрғын үй қарыздарын ұсынуға арналған шарттардың;

2) медициналық көрсетілетін қызметтерге, білім берудің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуге, ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жұмсалатын іс жүзіндегі шығыстарды растайтын құжаттардың;

3) медициналық көрсетілетін қызметтерді, білім берудің көрсетілетін қызметтерін алуды, ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуді растайтын өзге де құжаттардың түпнұсқаларын көрсете отырып, көшірмелерін ұсынуға міндетті.

Егер осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттар шет тілінде жасалған болса, осындай құжаттардың нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасының болуы міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдер жүргізілген кезде осындай көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге жұмсалатын іс жүзіндегі шығыстарды растайтын құжат ретінде мынадай құжаттардың бірі:

банктік шотты пайдалана отырып не банктік шотты пайдаланбай төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде жасалатын төлем құжаты;

төлем карточкасын пайдалана отырып не электрондық терминалдар арқылы төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде жасалатын чек (бұдан әрі – чек);

банктік шот бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді көшірме (бұдан әрі – үзінді көшірме) болып табылады, бұл ретте онда пайдасына осындай шығыстарға ақы төлеу жүргізілген тұлғаның атауы мен сәйкестендіру нөмірі болу керек.

Аталған қызметтер көрсету Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде алынған және оған ақы төленген жағдайда, чектерде және үзінді көшірмелерде өзінің пайдасына осындай қызметтер көрсетуге ақы төлеу жүргізілген тұлғаның сәйкестендіру нөмірін көрсету талап етілмейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттардың көшірмелерін белгіленген мерзімде ұсынбау және түпнұсқаларды көрсете

отырып олардың төлнұсқалығын растамау жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын растамауға және осы баптың 7-тармағының 3) тармақшасында көзделген қорытындыны жіберуге негіз болып табылады.

7. Салық органы уәкілетті тұлғалардың, банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың алынған мәліметтері, осы баптың 6-тармағына сәйкес ұсынылған жеке тұлға құжаттарының түпнұсқалары немесе нотариат куәландырған көшірмелері негізінде, жеке тұлғаның салықтық шегерімдерді қолдануының негізділігін тексереді, есепке жатқызуға және (немесе) қайтаруға өтініш берілген жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын растайды және мынадай:

1) жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын толығымен растау;

2) жеке табыс салыгы бойынша асып кету сомасын толық растамау себептерін көрсете отырып, бір бөлігін растау;

3) жеке табыс салыгы бойынша асып кету сомасын себептерін көрсете отырып, растамау туралы қорытындылар қалыптастырады.

8. Осы баптың 7-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген қорытындылар:

1) электрондық салық төлеушіге – веб-қосымша арқылы электрондық тәсілмен;

2) қалған салық төлеушілерге – хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберіледі.

113-бап. Жеке тұлғаның жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын есепке жатқызу және (немесе) қайтару тәртібі

1. Осы Кодекстің 640-бабында айқындалған жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын есепке жатқызу және (немесе) қайтару жеке тұлға өтініш берген жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасының шегінде, осы Кодекстің 112-бабының 7-тармағында көзделген, жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын толығымен немесе бір бөлігінде растау туралы қорытынды негізінде жүргізіледі.

2. Салық органы жеке тұлғаның салықтық берешегі болған кезде салықтың, бюджетке төленетін төлемдердің және өсімпұлдың артық төленген сомасын есепке жатқызуды жүргізу үшін осы Кодекстің 102-бабында айқындалған тәртіппен салықтар және бюджетке төленетін төлемдер бойынша орын алған салықтық берешекті отеу есебіне жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын есепке жатқызуды жүргізеді.

3. Орын алған салықтық берешек өтелгеннен кейін кірістер мен мүлік туралы декларацияда көрсетілген талапқа байланысты алдағы төлемдер есебіне есепке жатқызу және (немесе) банктік шотқа қайтару жүргізіледі.

4. Жеке табыс салыгы бойынша асып кету сомасын есепке жатқызу жеке тұлға жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын есепке жатқызу туралы талапта көрсеткен салықтар бойынша алдағы төлемдер есебіне

жүргізіледі.

5. Жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын қайтару жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын қайтару туралы талапта көрсетілген банктік шотқа жүргізіледі.

6. Жеке тұлға кірістер мен мүлік туралы декларацияда жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын есепке жатқызу және қайтару жөніндегі талапты бір мезгілде көрсеткен жағдайда, салық органы жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын алдағы төлемдер есебіне есепке жатқызуды, ал жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын есепке жатқызудан кейін қалған сома бөлігінде банктік шотқа қайтаруды дәйектілікпен жүргізеді.

7. Жеке тұлғаның жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын есепке жатқызу және (немесе) қайтару кірістер мен мүлік туралы декларация тапсырылған жылдан кейінгі жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын есепке жатқызу және (немесе) қайтару жөніндегі талап көрсетілген, бірақ банктік шоттың деректемелері көрсетілмеген кірістер мен мүлік туралы декларация тапсырылған жағдайда, жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын есепке жатқызу және (немесе) қайтару осы тармақтың үшінші бөлігіне сәйкес жүргізіледі.

Кірістер мен мүлік туралы декларация осы Кодекстің 635-бабында белгіленген мерзімнен кеш ұсынылған, сондай-ақ жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын есепке жатқызу және (немесе) қайтару жөніндегі талапты көрсету және банктік шоттың деректемелерін көрсету бөлігінде кірістер мен мүлік туралы қосымша декларация тапсырылған жағдайда, жеке тұлғаның жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын есепке жатқызу және (немесе) қайтару кірістер мен мүлік туралы осындай декларация тапсырылған күннен бастап он екі айдан кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

8. Егер мерзімнің соңғы күні жұмыс күніне келмесе, онда есепке жатқызу және (немесе) қайтару мерзімі келесі жұмыс күнінің соңында бітеді.

9. Жеке тұлғаның жеке табыс салығы бойынша асып кету сомасын есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

12-тарау. САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕНІ, ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІ ЕСЕПТЕУ, ҰСТАП ҚАЛУ ЖӘНЕ АУДАРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАБАРЛАМА

114-бап. Жалпы ережелер

1. Салық органы салық төлеушіге (салық агентіне) қағаз жеткізгіште немесе электрондық тәсілмен жіберген, оның салықтық міндеттемені орындау, сондай-ақ бақылау салық органдарына жүктелген әлеуметтік төлемдерді толық есептеу және уақтылы төлеу қажеттігі туралы хабары хабарлама деп танылады. Хабарламалардың нысандарын уәкілетті орган бекітеді.

2. Хабарлама төменде санамаланған түрлермен шектеледі және олар салық төлеушіге (салық агентіне) мынадай мерзімдерде:

1) осы Кодекстің 37-бабының 2-тармағына сәйкес салық органы есептеген салықтар сомасы туралы – есептеу күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей;

2) тексеру нәтижелері туралы – осы Кодекстің 159-бабының 4-тармағында белгіленген жағдайды қоспағанда, салық төлеушіге (салық агентіне) салықтық тексеру актісі табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей;

3) таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап таратудың салықтық тексеруі аяқталған күнге дейінгі кезеңде салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің және әлеуметтік төлемдердің есепке жазылған сомалары туралы – таратудың салықтық тексеруінің актісі салық төлеушіге (салық агентіне) табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей;

4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мәліметтері негізінде қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақының есепке жазылған сомасы туралы – осы Кодекстің 573-бабының 3-тармағында көрсетілген мәліметтер алынған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей;

5) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде салықтық есептіліктің ұсынылмауы туралы – хабарламаны жіберу мерзімі осы Кодексте белгіленген ұсыну мерзімінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілетін, корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша салықтық есептілікті қоспағанда, бұзушылық анықталған күннен бастап жіберіледі.

Уәкілетті орган растаған бағдарламалық қамтамасыз етуде техникалық қате туындауы себебінен осы тармақшада көрсетілген хабарламаны жіберу мерзімі бұзылған жағдайда, осы хабарлама мерзімінде жіберілді деп есептеледі. Бұл ретте осындай хабарлама бойынша салықтық

міндеттеме және (немесе) әлеуметтік төлемдерді есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттемелер салық төлеушінің осы Кодекстің 115-бабының 5-тармағында белгіленген мерзімде орындауына жатады.

6) жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде декларацияларды тапсырмауы туралы – декларация тапсырылған жылдың 15 қазанынан кешіктірілмей;

7) салықтық берешекті өтеу туралы – салықтық берешек түзілген немесе салық төлеуші тәуекел деңгейі төмен санаттан тәуекел деңгейі орташа немесе жоғары санатқа өткен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей;

8) жеке тұлғалардың салықтық берешегі туралы – салықтық берешек түзілген күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмей;

9) дебиторлардың банктік шоттардағы ақшасына өндіріп алуды қолдану туралы – өндіріп алуды қолдануға дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмей;

10) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы – осы Кодекстің 59-бабының 7-тармағында және 66-бабының 8-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, салықтық есептілікте бұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей;

11) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға салық төлеушінің (салық агентінің) шағымын қарау қорытындылары туралы – шағым бойынша шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей;

12) Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы – олар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей;

13) салық төлеушінің тұрған жерін (жоқтығын) растау туралы – салық органдарының лауазымды адамдары салықтық зерттеп-қарау актісін жасаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей;

14) деңгейлес мониторинг шеңберінде шешімнің нәтижелері бойынша шығарылған мониторингтің нәтижелері туралы (бұдан әрі осы Кодекстің мақсаттары үшін – деңгейлес мониторинг нәтижелері туралы хабарлама) – осындай шешім шығарылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

3. Хабарламада:

1) салық төлеушінің (салық агентінің) сәйкестендіру нөмірі;

2) салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса) немесе толық атауы;

3) салық органының атауы;

4) хабардар ету күні;

5) осы Кодексте және (немесе) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда – салықтық міндеттеменің және (немесе) әлеуметтік төлемдерді есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттемелердің

сомасы;

6) жеке тұлғалардың мүлік салығы, жер салығы және көлік құралы салығы бойынша салықтық берешегін өтеу үшін қажетті банктік деректемелер;

7) салықтық міндеттемені және (немесе) әлеуметтік төлемдерді есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттемелерді орындау туралы талап;

8) хабарлама жіберу үшін негіз;

9) шағым жасау тәртібі көрсетілуге тиіс.

4. Салық органдары осы Кодекстің 115-бабы 1-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, салық төлеушіге (салық агентіне) осы баптың 2-тармағының 4), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген хабарламалардың көшірмелерін жібереді.

Салық төлеуші (салық агенті) осы баптың 2-тармағының 4), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген хабарламалардың түпнұсқасын алу үшін салық органдарына жүгінуге құқылы.

115-бап. Хабарламаны табыс ету және орындау тәртібі

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, хабарлама салық төлеушінің (салық агентінің) жеке өзіне қолын қойғызып немесе жөнелту мен алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Бұл ретте төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген хабарлама салық төлеушіге (салық агентіне) мынадай жағдайларда:

1) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілгенде – салық төлеуші (салық агенті) пошта немесе озге де байланыс ұйымының хабарламасына белгі қойған күннен бастап табыс етілді деп есептеледі;

Бұл ретте пошта немесе өзге де байланыс ұйымы мұндай хабарламаны пошта немесе озге де байланыс ұйымының қабылдағаны туралы белгі қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жеткізуге тиіс;

2) электрондық тәсілмен жіберілгенде:

салық органы хабарламаны веб-қосымшаға жеткізген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

Бұл тәсіл Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес салық органдарымен электрондық тәсілмен өзара іс-қимыл жасайтын салық төлеушіге қолданылады;

«электрондық үкімет» веб-порталындағы пайдаланушының жеке кабинетіне хабарламаны жеткізген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

Бұл тәсіл «электрондық үкімет» веб-порталында тіркелген салық төлеушіге қолданылады;

3) «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы арқылы жіберілгенде – келу тәртібімен оны алған күннен бастап табыс етілді деп есептеледі. Бұл ретте осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген есепті салықтық кезеңде есептелген салықтар сомасы туралы хабарламаны жеке тұлға есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 15 шілдесінен басталатын кезеңде алуға тиіс.

2. Егер осы баптың 3 және 4-тармақтарында өзгеше белгіленбесе, салық органдары хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы салық төлеушіге (салық агентіне) жіберген, осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 2), 3), 7) және 10) тармақшаларында көзделген хабарламаларды пошта немесе өзге де байланыс ұйымы қайтарған жағдайда, осы Кодексте белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен куәгерлер тартыла отырып, салықтық зерттеп-қарауды жүргізу күні мұндай хабарламаларды табыс ету күні болып табылады.

3. Осы Кодекстің 158-бабының 3-тармағына сәйкес салықтық зерттеп-қарау актісінің негізінде салықтық тексеру аяқталған және салық органдары хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы салық төлеушіге (салық агентіне) жіберген, осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген хабарламаларды пошта немесе озге де байланыс ұйымы қайтарған жағдайда, мұндай хатты пошта немесе озге де байланыс ұйымының қайтару күні мұндай хабарламаларды табыс ету күні болып табылады.

4. Салық органдары хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы салық төлеушіге (салық агентіне) жіберген, осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 5) – 12) тармақшаларында көзделген хабарламаларды пошта немесе өзге де байланыс ұйымы қайтарған жағдайда, салық органы осындай хабарламаны қайтарған күннен кейінгі күннен кешіктірмей салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірін, атауын немесе тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса), хабарламаның қайтарылу күнін көрсете отырып, ол туралы ақпаратты уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырады.

5. Егер осы баптың 6-тармағында өзгеше белгіленбесе, салық органы осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 2) – 5), 10), 11), 12) және 14) тармақшаларында көрсетілген хабарламаларды жіберген жағдайда, салықтық міндеттеме және (немесе) әлеуметтік төлемдерді есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттемелер салық төлеушіге (салық агентіне) хабарлама табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде орындалуға жатады.

6. Салық төлеуші осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген таратудың салықтық тексеруінің нәтижелері туралы хабарламалармен толық келіскен жағдайда, салық төлеуші мұндай келісу туралы өтінішті хабарламаларда көрсетілген, салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеу жөніндегі салықтық

міндеттемелердің, сондай-ақ әлеуметтік төлемдерді аудару жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы растайтын құжаттарды қоса бере отырып ұсынады.

Бұл ретте салық төлеуші таратудың салықтық тексеруінің нәтижелері туралы хабарламалармен келісетіні туралы өтінішті хабарлама табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап жиырма бес жұмыс күнінен кешіктірмей салық органына ұсынады.

7. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген хабарламаларды табыс ету және орындау тәртібі осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 5), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген хабарламалардың көшірмелеріне де қолданылады.

8. Салық органдары осы Кодекстің 114-бабының 4-тармағында көрсетілген жағдайда салық төлеуші өтініш жасаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мұндай салық төлеушіге осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 5), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген хабарламалардың түпнұсқасын береді.

9. Осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 13) тармақшасында көзделген хабарламаны салық органы электрондық тәсілмен не хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберуге және салық төлеуші (салық агенті) хабарлама жіберілген күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде орындауға тиіс.

13-тарау. МЕРЗІМІНДЕ ОРЫНДАЛМАҒАН САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕНІҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТӘСІЛДЕРІ

116-бап. Мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері

1. Салық төлеушінің (салық агентінің) белгіленген мерзімде орындалмаған салықтық міндеттемесін орындау мынадай:

1) салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің, оның ішінде олар бойынша аванстық және (немесе) ағымдағы төлемдердің төленбеген сомасына өсімпұлды есепке жазу;

2) салық төлеуші (салық агенті) – заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттің, дара кәсіпкердің, жеке практикамен айналысатын адамның банктік шоттары (корреспонденттікті қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;

3) салық төлеуші (салық агенті) – заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттің, дара кәсіпкердің, жеке практикамен айналысатын адамның кассасы бойынша шығыс

операцияларын тоқтата тұру;

4) салық төлеуші (салық агенті) – заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттің, дара кәсіпкердің, жеке практикамен айналысатын адамның мүлікке билік етуін шектеу тәсілдерімен қамтамасыз етілуі мүмкін.

Егер салықтық міндеттемелерді орындау осы Кодекстің 722-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес операторға жүктелсе, онда мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің:

осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген тәсілдері операторға қатысты қолданылады;

осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген тәсілдері бір мезгілде операторға және жай серіктестіктің (консорциумның) әрбір қатысушысына қатысты қолданылады.

2. Осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері осы Кодекстің 118, 119 және 120-баптарында белгіленген мерзімдерде қолданылады.

Осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану басталғанға дейін тәуекел деңгейі орташа және жоғары салық төлеушіге (салық агентіне), осы баптың 3-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама жіберіледі.

Өсімпұлды есепке жазуды қоспағанда, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері осы тарауда көзделген мерзімдерде тәуекел деңгейі орташа және жоғары салық төлеушілерге (салық агенттеріне) салықтық берешегі түзілген күні немесе салық төлеуші (салық агенті) тәуекел деңгейі төмен санаттан тәуекел деңгейі орташа немесе жоғары санатқа өткен күні салық төлеуші (салық агенті) жатқызылған тәуекел деңгейіне қарай қолданылады.

3. Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі өзіне салықтық берешекті отеу туралы хабарлама табыс етілгеннен кейін отыз жұмыс күні ішінде салықтық берешекті өтемеген жағдайда, салық органы салық төлеушіге (салық агентіне) – осы құрылымдық бөлімшені құрған заңды тұлғаға осы баптың 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолданады.

Заңды тұлғада біреуден астам құрылымдық бөлімше болған кезде, осы тармақтың бірінші бөлігінде айқындалған тәртіппен мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін оған қолданғаннан кейін заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі

салықтық берешекті өтемеген жағдайда, салық органы мұндай заңды тұлғаның барлық құрылымдық бөлімшесіне бір мезгілде осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолданады.

Заңды тұлға өзіне салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілгеннен кейін отыз жұмыс күні ішінде салықтық берешекті өтемеген жағдайда, салық орғаны салық төлеуші – заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелеріне осы баптың 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолданады.

4. Осы баптың 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерінің мынадай:

1) банкрот деп танылған жағдайда – соттың салық төлеушіні банкрот деп тану туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап;

2) оңалту рәсімі қолданылған жағдайда – соттың оңалту жөспарын бекіту туралы ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап;

3) төлем қабілетсіздігін реттеу туралы келісімді сот бекіткен жағдайда – соттың осындай келісімді бекіту туралы ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап;

4) екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мәжбүрлеп таратылған жағдайда – соттың мәжбүрлеп тарату туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап күші жойылуға жатады.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында айқындалған жағдайларда, Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілмеген салықтық міндеттеменің сомасы бойынша және (немесе) сот бекіткен толем қабілетсіздігін реттеу туралы келісімге енгізілмеген салық төлеушінің салықтық міндеттемесінің сомасы бойынша салық төлеушіге осы тараудың ережелеріне сәйкес, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері қолданылады.

5. Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға немесе деңгейлес мониторинг нәтижелері туралы хабарламага шағым жасалған жағдайда, салық төлеушінің (салық агентінің) мүлкіне билік етуді шектеуді қоспағанда, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану шағымды қарау нәтижелері бойынша шешім шығарылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

6. Салық төлеуші (салық агенті) салықтық берешекті өтеу туралы хабарламаға шағым жасаған жағдайда, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдану шағымды қарау нәтижелері бойынша шешім шығарылғанға дейін тоқтатыла тұрмайды.

7. Осы тараудың мақсаты үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған мемлекеттік мекемелердің шоттары банктік шоттарға теңестіріледі, ал бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға теңестіріледі.

8. Өсімпұлды есепке жазуды қоспағанда, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшерінен кем салықтық берешегі бар салық төлеушілерге (салық агенттеріне) қатысты қолданылмайды.

117-бап. Салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің мерзімінде төленбеген сомасына өсімпұл

1. Осы баптың 2-тармағында белгіленген, салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің, оның ішінде олар бойынша аванстық және (немесе) ағымдағы төлемдердің мерзімінде төленбеген сомасына есепке жазылатын мөлшер өсімпұл деп танылады.

2. Өсімпұл:

1) салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді толеу бойынша мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің басқа да тәсілдерін, мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын және Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзғаны үшін өзге де жауаптылық шараларын қолдануға қарамастан;

2) салықты және бюджетке төленетін төлемді, оның ішінде олар бойынша аванстық және (немесе) ағымдағы төлемді төлеу мерзімі күнінен кейінгі күннен бастап, бюджетке төлеген күнді қоса алғанда, салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындаудың мерзімі өткен әрбір күні үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мерзімі өткен әрбір күнге белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 1,25 еселенген мөлшерінде;

3) салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімі өзгерген, салықтық есептілікті ұсыну мерзімі ұзартылған, қосымша салықтық есептілік ұсынылған кезде;

4) мыналарды:

екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар салық төлеушінің банктік шотынан ақшаны есептен шығарған;

салық төлеуші банкоматтар немесе электрондық терминалдар арқылы төлемді жүзеге асырған;

салық төлеуші, уәкілетті мемлекеттік орган көрсетілген сомаларды екінші деңгейдегі банктерге немесе банк операцияларының жекелеген

түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға енгізген;

салықтың, бюджетке төленетін төлемнің артық төленген сомасын есепке жатқызу жүргізілген;

инкассалық өкім орындалған күнді қоса алғанда, салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің, оның ішінде олар бойынша аванстық және (немесе) ағымдағы төлемдердің сомаларын төлеу кезінде;

5) салықтық және (немесе) кедендік тексеруді жүргізу кезінде – мұндай тексеру аяқталған күнге дейін өсімпұл есепке жазылады.

Салық төлеушінің жеке шотында тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген, есепке жазылған (есептелген) сомалар көрсетілгеннен кейін – төлеу күнін қоса алғанда, салықтық және (немесе) кедендік тексеру аяқталған күннен бастап;

6) екінші деңгейдегі банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға:

банктік шоттардан сомаларды есептен шығару кезектілігін сақтамағаны үшін;

оларды бюджетке аудармағаны (есепке жатқызбағаны) үшін;

мыналарды:

салық төлеушілердің банктік шоттарынан есептен шығарылған сомаларды;

салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді, оның ішінде олар бойынша аванстық және (немесе) ағымдағы төлемдерді, өсімпұлды, айыппұлдарды төлеу есебіне, екінші деңгейдегі банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кассаларына салынған қолма-қол ақшаны;

есепке жазылған банктік сыйақыларды бюджетке уақтылы аудармағаны үшін өсімпұл есепке жазылады.

3. Өсімпұл:

егер салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің мерзімінде төленбеген сомасының түзілуінің бірден-бір себебі қызмет көрсететін екінші деңгейдегі банктің таратылуы болып табылса, мәжбүрлеп таратылатын екінші деңгейдегі банктердің кредиторларына – соттың екінші деңгейдегі банкті мәжбүрлеп тарату туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап;

соттың жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару туралы шешімі күшіне енген кезде – жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару туралы сотқа талап арыз берілген күннен бастап және оларды орналастыру аяқталғанға дейін;

соттың жеке тұлғаны хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы шешімі күшіне енген кезде – сот шешімі күшіне енген күннен бастап оның күші жойылғанға дейін;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылық анықталған күнтізбелік жылға дейінгі бес салықтық кезеңнің алдындағы кезең үшін үстеме пайда салығы бойынша;

салық органдары жеке тұлғалардан алынатын мүлік салығының, жер салығының және көлік құралдары салығының есептелген сомаларын тиісті салықтық кезеңде осы салықтарды төлеу мерзімі басталғаннан кейін қайта қараған кезде;

салық төлеушіге қатысты «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлем қабілетсіздігін реттеу рәсімі қолданылған жағдайда, салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімі өзгерген кезде;

сот банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым шығарған кезде – мұндай ұйғарым шығарылған күннен бастап;

өңалту рәсімі қолданылған кезде – соттың мұндай рәсімді қолдану туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап;

төлем қабілетсіздігін реттеу рәсімі қолданылған кезде – сөт мұндай рәсімді қолдану туралы шешім қабылдаған күннен бастап;

бұрын белгісіз болған мән-жайларды анықтауды қоспағанда, салық төлеуші (салық агенті) алынған алдын ала түсіндірмеге сәйкес салықтық міндеттемелерді орындауы нәтижесінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзған кезде туындаған, салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің есептелген (есепке жазылған) сомасына өсімпұл есепке жазылмайды.

Осы баптың мақсаты үшін бұрын белгісіз болған мән-жайлар деп салық органының берген алдын ала түсіндірмеде көрсетілген ұстанымына әсер ететін, алдында:

салық төлеушінің (салық агентінің) алдын ала түсіндірме беру туралы сұрау салуында салық органдарының назарына жеткізілмеген;

салық төлеушінің (салық агентінің) алдын ала түсіндірме беру туралы сұрау салуын қарау шеңберінде салық органының немесе оның лауазымды адамдарының сұрау салуларына жазбаша түсіндірулерде жеткізілмеген мән-жайлар танылады.

4. Мынадай:

1) соттың салық төлеушіні банкрот деп танудан бас тарту туралы шешімі заңды күшіне енген жағдайда – сот банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап;

2) соттың оңалту жоспарын бекітуден бас тарту туралы ұйғарымы заңды күшіне енген жағдайда – соттың оңалту рәсімін қолдану туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап;

3) салық төлеуші «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде төлем қабілетсіздігін реттеу туралы келісімді жасаспаған не сот осындай келісімді бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарған жағдайда – сот төлем қабілетсіздігін реттеу рәсімін қолдану туралы шешім қабылдаған күннен бастап өсімпұлды есепке жазу қайта басталады.

118-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру

1. Салық төлеуші (салық агенті) – заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттің, дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның банктік шоттары (корреспонденттікті қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен мынадай:

1) салық төлеуші (салық агенті) осы Кодексте белгіленген мерзімде салықтық есептілікті ұсынбаған жағдайда – осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген хабарлама табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні өткен соң;

2) салық төлеуші қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтінішті ұсынбаған жағдайда – осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 12) тармақшасында көзделген хабарлама табыс етілген күннен бастап отыз жұмыс күні өткен соң;

3) тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес мынадай:

тәуекел деңгейі жоғары санатқа жатқызылған салық төлеуші (салық агенті) бюджетке салықтық берешекті өтемеген жағдайда – салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап бір жұмыс күні өткен соң;

тәуекел деңгейі орташа санатқа жатқызылған салық төлеуші (салық агенті) бюджетке салықтық берешекті өтемеген жағдайда – салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап он жұмыс күні өткен соң;

4) осы Кодексте белгіленген салықтық тексеру жүргізу тәртібін бұзу жағдайларынан басқа, салық органының лауазымды адамдарын салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді салықтық тексеруге және зерттеп-қарауға жібермеген жағдайда – жіберілмеген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде;

5) осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 7) және 13) тармақшаларында көзделген хабарламаны қоспағанда, салық төлеушінің (салық агентінің) тұрған жері бойынша болмауына байланысты пошта немесе өзге де байланыс ұйымы жіберілген хабарламаны қайтарған жагдайда – қайтарылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде;

6) салық төлеуші осы Кодекстің 70-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген талапты орындамаған жағдайда – осы Кодекстің 70-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде;

7) салық органдары камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалмаған жағдайда

– осы Кодекстің 96-бабы 2-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткен күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң жүргізіледі.

2. Банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, мыналардан:

1) осы Кодекстің 189-бабында көзделген салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кедендік төлемдерді, әлеуметтік төлемдерді, оларды уақтылы төлемегені үшін есепке жазылған өсімпұлды, сондай-ақ бюджетке енгізілуге жататын айыппұлдарды төлеу жөніндегі операциялардан;

2) ақшаны:

өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды, сондай-ақ алименттерді өндіріп алу жөніндегі талаптарды қанағаттандыруды көздейтін атқару құжаттары бойынша;

еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен есеп айырысу үшін, жұмыстан шығу жәрдемақыларын төлеу және еңбегіне ақы төлеу бойынша, авторлық шарт бойынша сыйақылар төлеу, әлеуметтік төлемдерді аудару жөніндегі клиенттің міндеттемелері бойынша ақшаны алып қоюды көздейтін атқару құжаттары бойынша, сондай-ақ мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы атқару құжаттары бойынша;

салықтық берешекті, әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті өтеу бойынша алып қоюдан басқа салық төлеушінің (салық агентінің) барлық шығыс операциясына қолданылады.

Осы баптың 1-тармағы 3) тармақшасында көзделген жағдайда салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органының өкімінде көрсетілген салықтық берешек сомасының шегінде жүргізіледі.

3. Салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органының өкімі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша шығарылады және екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларыныц жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым оны алған күннен бастап күшіне енеді.

Салық органы мұндай өкімді екінші деңгейдегі банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда телекоммуникация желілері бойынша беру арқылы жібереді. Салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органының өкімі электрондық нысанда жіберілген кезде мұндай өкім Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп уәкілетті орган белгілеген форматтарға сәйкес қалыптастырылады.

4. Салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттары бойынша

шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органының өкімі екінші деңгейдегі банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың бұлжытпай орындауына жатады және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген кезектілік тәртібімен орындалады.

5. Шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім шығарған салық органы банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру себептері жойылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімнің күшін жояды.

Бұл ретте осы баптың 1-тармағының 7) тармақшасында көзделген жағдайда шығарылған, банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімнің күші осы Кодекстің 96-бабында айқындалған тәртіппен, камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны салық төлеуші (салық агенті) орындамаған жағдайда жүзеге асырылатын жоспардан тыс салықтық тексеруді немесе камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламада көрсетілген мәселелер мен салықтық кезеңдерді қамтитын салықтық тексеруді тағайындау туралы нұсқама табыс етілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жойылады.

6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоты жабылған жағдайда, екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шотының жабылуы туралы хабарламамен бірге тиісті салық органына шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімді қайтарады.

Шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімде біреуден астам банктік шот көрсетілген кезде екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым мұндай өкімді тиісті салық органына банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімде көрсетілген банктік шоттардың соңғысы жабылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей қайтарады.

119-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру

1. Салық төлеушінің (салық агентінің) кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес мынадай:

тәуекел деңгейі жоғары санатқа жатқызылған салық төлеуші салықтық берешекті өтемеген жағдайда – салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап бір жұмыс күні өткен соң;

тәуекел деңгейі орташа санатқа жатқызылған салық төлеуші салықтық

берешекті өтемеген жағдайда – салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап он жұмыс күні өткен соң жүргізіледі.

Салық төлеушінің (салық агентінің) кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, мыналар:

осы Кодекстің 189-бабында көзделген салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кедендік төлемдерді, әлеуметтік төлемдерді, оларды уақтылы төлемегені үшін есепке жазылған өсімпұлды, сондай-ақ бюджетке енгізілуге жататын айыппұлдарды төлеу есебіне кейіннен аудару үшін ақшаны екінші деңгейдегі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға тапсыру;

егер касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім екінші деңгейдегі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға қатысты шығарылған болса, екінші деңгейдегі банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның клиенттердің қолма-қол ақшасын беруі жөніндегі операциялардан басқа, кассадағы қолма-қол ақшаның барлық шығыс операциясына қолданылады.

Салық төлеушінің (салық агентінің) кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша екі данада жасалады, оның бір данасы салық төлеушіге қолын қойғызылып немесе жөнелту мен алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен табыс етіледі.

2. Салық органының касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі салық төлеушінің (салық агентінің) түсетін қолма-қол ақшаны бюджетке аудару арқылы, қолма-қол ақша түскен күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей бұлжытпай орындауына жатады.

3. Салық төлеуші (салық агенті) осы баптың талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

4. Салық органы салық төлеуші бюджетке берешекті өтегеннен кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей салық органының касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімінің күшін жояды.

120-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) мүлікке билік етуін шектеу

1. Салық органы салық төлеушінің (салық агентінің) мүлікке билік етуін шектеуді осы баптың 4-тармағында көрсетілген шешімнің негізінде:

1) тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес мынадай:

тәуекел деңгейі жоғары санатқа жатқызылған салық төлеуші (салық агенті) салықтық берешекті өтемеген жағдайда – салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап бір жұмыс күні өткен соң;

тәуекел деңгейі орташа санатқа жатқызылған салық төлеуші (салық

агенті) салықтық берешекті өтемеген жағдайда – салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап он бес жұмыс күні өткен соң;

2) мониторингке жататын ірі салық төлеушіні қоспағанда, салық төлеуші (салық агенті) есепке жазылған салықтар және бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұл сомасы туралы, сондай-ақ бюджеттен қайтарылған және қайтаруға расталмаған қосылған құн салығының асып кету сомасы туралы мәліметтер қамтылған тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағым жасаған жағдайда жүргізеді.

Бұл ретте салық органы осы тармақшада көрсетілген жағдайда шектеуді салықтық берешекті өтеу туралы хабарламаны жібермей:

осы Кодекстің 21-тарауында айқындалған тәртіппен салық төлеуші (салық агенті) шағым берген күннен бастап;

салық төлеуші (салық агенті) ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілердің тізбесінен алып тасталған немесе деңгейлес мониторинг туралы келісімнің қолданысы тоқтатылған күннен бастап үш жұмыс күні өткен соң жүргізеді.

2. Салық төлеушінің (салық агентінің) мүлікке билік етуін шектеуді салық органы:

1) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда – осы салық төлеушіге (салық агентіне) меншік немесе шаруашылық жүргізу құқығында тиесілі және (немесе) оның балансында тұрған;

2) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес негізгі құрал, жылжымайтын мүлікке инвестиция және (немесе) биологиялық актив болып табылатын мүлікке қатысты жүргізеді.

3. Билік етуді шектеуге:

тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілері;

электр, жылу және өзге де энергия түрлері;

сақтау және (немесе) жарамдылық мерзімі бір жылдан аспайтын тамақ өнімдері немесе шикізат жатпайды.

Салық төлеушінің (салық агентінің) қаржы лизингіне берілген (алынған) не кепілге берілген, билік ету шектелген мүлкін салық органының лизинг және (немесе) кепіл шартының қолданысы тоқтатылғанға дейін алып қоюына тыйым салынады.

Салық органы мүлікке билік етуді шектеген күннен бастап және оның күшін жойғанға дейін салық төлеушінің (салық агентінің) шарт талаптарын (шарттың қолданылу мерзімін ұзарту, қосалқы лизинг және (немесе) қайта кепілге қою) өзгертуіне тыйым салынады.

4. Салық төлеушінің (салық агентінің) мүлікке билік етуін шектеу туралы шешім уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жасалады және оны

салық органы:

1) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда – мұндай шешім шығарылған күні салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шотында бар деректер бойынша салықтық берешек сомасына;

2) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда – осы Кодекстің 21-тарауында айқындалған тәртіппен салық төлеуші (салық агенті) шағым жасайтын салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің және өсімпұлдың сомасына қабылдайды.

5. Мүлікке билік етуді шектеу туралы шешім салық төлеушінің (салық агентінің) жеке өзіне қолын қойғызып немесе жөнелту және алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс. Бұл ретте төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген шешім салық төлеушіге (салық агентіне) мынадай жағдайларда:

1) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберілгенде – пошта немесе озге де байланыс ұйымының хабарламасына салық төлеуші (салық агенті) белгі қойған күннен бастап;

2) электрондық тәсілмен жіберілгенде – салық органы шешімді веб-қосымшаға жеткізген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі. Бұл тәсіл Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес салық органдарымен электрондық тәсілмен өзара іс-қимыл жасайтын салық төлеушіге (салық агентіне) қолданылады;

3) осындай шешімді алғанын растайтын қол қоюдан бас тарту немесе тұрған жері бойынша болмау себебіне байланысты табыс ету мүмкін болмаған кезде – осы Кодекстің 70-бабында айқындалған тәртіппен жүргізілген салықтық зерттеп-қарау күнінен бастап табыс етілді деп есептеледі.

6. Салық органы мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімді салық төлеушіге (салық агентіне) табыс еткен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей мұндай шешімнің көшірмесін уәкілетті мемлекеттік органдарға оған құқық немесе ол бойынша мәмілелер мемлекеттік тіркеуге жататын мүлікке не мемлекеттік тіркеуге жататын мүлікке құқықтық ауыртпалықтарды тіркеу үшін жібереді.

7. Салық төлеушінің (салық агентінің) мүлкіне билік етуді шектеу туралы шешім салық төлеушіге (салық агентіне) табыс етілген күннен бастап он жұмыс күні өткен соң салық органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша мүлік тізімдемесінің актісін жасау арқылы салық төлеушінің (салық агентінің) қатысуымен билік ету шектелген мүлікке тізімдеме жүргізеді.

Салық төлеушіде (салық агентінде) меншік құқығында оған құқық немесе ол бойынша мәмілелер мемлекеттік тіркеуге жататын мүлік не мемлекеттік тіркеуге жатқан мүлік болған кезде тізімдеме, бірінші кезекте, осындай мүлікке жүргізіледі.

Билік ету шектелген мүліктің тізімдемесі салық төлеушінің (салық агентінің) бухгалтерлік есепке алу деректері негізінде айқындалатын баланстық құны немесе нарықтық құны мүлік тізімдемесінің актісінде көрсетіле отырып жүргізіледі. Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған құн нарықтық құн болып табылады.

8. Салық төлеуші (салық агенті) билік ету шектелген мүлік тізімдемесінің актісін жасау кезінде салық органының лауазымды адамдарына танысу үшін мұндай мүлікке меншік және (немесе) оны шаруашылық жүргізу құқығын растайтын құжаттардың, баланстың түпнұсқаларын немесе нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынуға міндетті. Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелері билік ету шектелген мүлік тізімдеменің актісіне қоса беріледі.

Билік ету шектелген мүлік тізімдемесінің актісі екі данада жасалады және оған оны жасаған адам, сондай-ақ салық төлеуші (салық агенті) және (немесе) оның лауазымды адамы қол қояды.

Салық төлеуші (салық агенті) билік ету шектелген мүліктің, табиғи тозу және (немесе) қалыпты жағдайларда сақтау кезінде табиғи кему салдарынан болған өзгерістерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шектеу алынғанға дейін өзгермеген қалпында сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Бұл ретте салық төлеуші (салық агенті) көрсетілген мүлікке қатысты заңсыз әрекеттері үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Салықтық берешек өтелмеген және екі аукцион өткізілгеннен кейін билік ету шектелген мүлік өткізілмеген жағдайда, салық органы бастапқы тізімдеме актісінің күшін жою және мүлік тізімдемесінің жаңа актісін жасау күнгі салықтық берешек сомасы туралы салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шотындағы деректерді ескере отырып, мүлік тізімдемесінің жаңа актісін жасау арқылы салық төлеушінің (салық агентінің) басқа мүлкіне тізімдеме жүргізуге құқылы.

9. Салық органы мынадай:

1) салық төлеуші (салық агенті) салықтық берешек сомаларын өтеген жағдайда – осындай берешекті өтеген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) уәкілетті орган шешім шығарған немесе тексеру нәтижелері туралы хабарламаның шағым жасалатын бөлігінің күшін жоятын сот актісі заңды күшіне енген жағдайда – осындай шешім шығарылған немесе осындай сот актісі күшіне енген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей;

3) салық төлеуші (салық агенті) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға өз шағымын кері қайтарып алған жагдайда – осындай шағым кері қайтарып алынған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімнің және уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша осындай шешімнің негізінде жасалған мүлік тізімдемесі

актісінің күшін жояды.

10. Салық органы:

1) тізімдеме актісінде көрсетілмеген мүлікке құқықтық ауыртпалықтарды тоқтату үшін – мүлік тізімдемесінің актісі жасалған күннен бастап, осындай актінің көшірмесін қоса бере отырып, бес жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) осы баптың 9-тармағында көзделген жағдайларда билік етуді шектеу туралы шешімнің күші жойылған мүлікке құқықтық ауыртпалықтарды тоқтату үшін – мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімнің күшін жою туралы шешім қабылданған күннен бастап, осындай шешімнің көшірмесін қоса бере отырып, бес жұмыс күнінен кешіктірмей;

3) уәкілетті заңды тұлға өткізген, оның ішінде кедендік төлемдер, салықтар және өсімпұл бойынша берешек есебіне өткізілген мүлікке құқықтық ауыртпалықтарды тоқтату үшін – мүлікті сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап, осындай шарттың көшірмесін қоса бере отырып, бес жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті мемлекеттік органдарға хабар жібереді.

11. Салық органы осы баптың 6 және 10-тармақтарында белгіленген жағдайларда, тиісті хабарламаларды уәкілетті мемлекеттік органдарға қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда телекоммуникация желілері бойынша беру арқылы жібереді.

14-тарау. САЛЫҚТЫҚ БЕРЕШЕКТІ МӘЖБҮРЛЕП ӨНДІРІП АЛУ ШАРАЛАРЫ

121-бап. Салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары

1. Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға немесе деңгейлес мониторинг нәтижелері туралы хабарламаға шағым жасау жағдайларынан басқа, салық органдары салық төлеуші – заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттің, дара кәсіпкердің, жеке практикамен айналысатын адамның салықтық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданады.

Салықтық міндеттемелерді орындау осы Кодекстің 722-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес операторға жүктелген жағдайларда, жай серіктестік (консорциум) құрамында өнімді бөлу туралы келісім бойынша қызметті жүзеге асыратын салық төлеушінің салықтық берешегін өндіріп алу кезінде осы тарауда көзделген мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары салық төлеушіге және (немесе) операторға қатысты қолданылады.

2. Салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану тәуекелдерді басқару жүйесінің нәтижелері ескеріле отырып жүргізіледі.

Мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану басталғанға дейін тәуекел деңгейлері орташа және жоғары салық төлеушіге, осы баптың 4-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама жіберіледі.

Салық төлеушіге (салық агентіне) салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану салық төлеушіде салықтық берешек түзілген күні немесе салық төлеуші тәуекел деңгейі төмен санаттан тәуекел деңгейі орташа немесе жоғары санатқа өткен күні салық төлеуші жатқызылған тәуекел деңгейіне байланысты, осы тарауда көзделген мерзімдерде жүзеге асырылады.

3. Салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу мынадай тәртіппен:

1) банктік шоттардағы ақша есебінен;

2) дебитөрлар шоттарынан;

3) билік ету шектелген мүлікті өткізу есебінен;

4) жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару түрінде жүргізіледі.

4. Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі өзіне салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілгеннен кейін қырық жұмыс күні ішінде салықтық берешекті өтемеген жағдайда, салық органы салық төлеуші – осы құрылымдық бөлімшені құрған заңды тұлғаға мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану арқылы салықтық берешек сомасын өндіріп алады.

Заңды тұлғада біреуден астам құрылымдық бөлімше болған кезде, осы тармақтың бірінші бөлігінде айқындалған тәртіппен мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданғаннан кейін заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің салықтық берешегі өтелмеген жағдайда, салық органы мұндай заңды тұлғаның барлық құрылымдық бөлімшесіне бір мезгілде банктік шоттардағы ақша есебінен мәжбүрлеп өндіріп алу шарасын қолданады.

Заңды тұлға салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама өзіне табыс етілгеннен кейін қырық жұмыс күні ішінде салықтық берешекті өтемеген жағдайда, салық органы салық төлеуші – заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелеріне мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану арқылы салықтық берешек сомасын өндіріп алады.

5. Мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары мынадай:

1) банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалған жағдайда – сот банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап;

2) салық төлеушіге қатысты оңалту рәсімі қолданылған жағдайда – сот оңалту туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап;

3) сот төлем қабілетсіздігін реттеу туралы келісімді бекіткен жағдайда – соттың осындай келісімді бекіту туралы ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап;

4) екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мәжбүрлеп таратылған жағдайда – соттың мәжбүрлеп тарату

туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап күшін жоюға жатады.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында айқындалған жағдайларда, Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілмеген салықтық міндеттеме сомасы бойынша және (немесе) сот бекіткен, төлем қабілетсіздігін реттеу туралы келісімге енгізілмеген салық төлеушінің салықтық міндеттеме сомасы бойынша салық органы осы тараудың ережелеріне сәйкес мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданады.

6. Салық төлеуші (салық агенті) салықтық берешекті өтеу туралы хабарламаға шағым жасаған жағдайда, салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану шағымды қарау нәтижелері бойынша шешім шығарылғанға дейін тоқтатыла тұрмайды.

7. Осы тараудың мақсаты үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған мемлекеттік мекемелердің шоттары банктік шоттарға теңестіріледі, ал бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға теңестіріледі.

8. Мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары салық төлеушінің (салық агентінің) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын 6 еселенген айлық есептік көрсеткіштен кем мөлшерде салықтық берешегі болған кезде қолданылмайды.

122-бап. Банктік шоттардағы ақша есебінен бюджетке берешекті өндіріп алу

1. Салық органы салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттарынан салықтық берешек сомасын тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес:

тәуекел деңгейі жоғары санатқа жатқызылған салық төлеуші (салық агенті) салықтық берешек сомаларын төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда – салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң;

тәуекел деңгейі орташа санатқа жатқызылған салық төлеуші (салық агенті) салықтық берешек сомаларын төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда – салықтық берешекті өтеу туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап жиырма жұмыс күні өткен соң мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алады.

Осы тармақтың ережелері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес өндіріп алуды қолдануға жол берілмейтін банктік шоттарға қолданылмайды.

2. Салық төлеушінің (салық агентінің) екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылған банктік шоттарынан салықтық берешек сомасын өндіріп алу,

осындай екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым берген қарыздар бойынша қамтамасыз ету болып табылатын ақша сомасын қоспағанда, көрсетілген қарыздың өтелмеген негізгі борышы мөлшерінде салық органының инкассалық өкімі негізінде жүргізіледі.

3. Салық органы инкассалық өкімді оны жасау күнгі салықтық берешек сомасы туралы деректер негізінде жасайды.

4. Екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым салық төлеушінің (салық агентінің) бір банктік шотынан инкассалық өкімді орындаған кезде салық төлеушінің (салық агентінің) көрсетілген екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашқан басқа банктік шоттарына шығарылған инкассалық өкімдер, егер мұндай инкассалық өкімдер сол күнмен, сол сомаға, берешектің сол түрі бойынша шығарылған болса, салық органына орындалмай қайтарылады.

5. Екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым салық төлеушінің (салық агентінің) бірнеше банктік шотынан инкассалық өкімде көрсетілген жалпы сомаға ақшаны есептен шығару арқылы осындай инкассалық өкімді толық орындаған кезде, салық төлеушінің (салық агентінің) көрсетілген екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылған басқа банктік шоттарына сол күнмен, сол сомага, берешектің сол түрі бойынша шығарылған инкассалық өкімдер орындалмай қайтарылады.

6. Инкассалық өкім Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен нысан бойынша шығарылады және салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық берешек сомаларын өндіріп алу жүргізілетін сол банктік шотын көрсетуді қамтиды.

Салық органы инкассалық өкімді екінші деңгейдегі банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда телекоммуникация желілері бойынша беру арқылы жібереді. Электрондық нысанда инкассалық өкім Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген форматтарға сәйкес қалыптастырылады.

7. Салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шотында ұлттық валютада ақша болмаған жағдайда, салықтық берешекті өндіріп алу салық органдары ұлттық валютада шығарған инкассалық өкімдер негізінде шетел валютасындағы банктік шоттардан жүргізіледі.

8. Клиентке қойылған талаптардың барлығын қанағаттандыру үшін клиенттің екінші деңгейдегі банктегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы ақшасы жеткілікті болған кезде салықтық берешек сомасын өндіріп алу туралы инкассалық өкімді екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым бірінші кезектегі тәртіппен және көрсетілген өкімді

алған күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей, банктік шоттағы сомалар шегінде орындайды.

9. Клиентке бірнеше талап қойылған кезде салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттарында ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым осындай шоттарға ақша түсуіне қарай және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген кезектілік тәртібімен салықтық берешекті өтеу есебіне клиенттің ақшасын алып қоюды жүргізеді.

10. Екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоты жабылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілген инкассалық өкімді тиісті салық органына салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шотының жабылғаны туралы хабарламамен бірге қайтарады.

11. Салық органы салықтық берешек өтелген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей инкассалық өкімді кері қайтарып алады.

Салық органы инкассалық өкімді кері қайтарып алуды екінші деңгейдегі банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда телекоммуникация желілері бойынша беру арқылы жібереді. Электрондық нысанда инкассалық өкімді кері қайтарып алу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген форматтарға сәйкес қалыптастырылады.

123-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық берешегі сомасын оның дебиторларының шоттарынан өндіріп алу

1. Тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес тәуекел деңгейі жоғары немесе орташа санатқа жатқызылған салық төлеушіде (салық агентінде) банктік шоттар болмаған жағдайда, сондай-ақ осы Кодекстің 122-бабында айқындалған тәртіппен жүргізілген, банктік шоттарындағы ақша есебінен өндіріп алынғаннан кейін салықтық берешек өтелмеген кезде салық органы түзілген салықтық берешек шегінде салық төлеушіге (салық агентіне) берешегі бар үшінші тұлғалардың (бұдан әрі – дебиторлардың) банктік шоттарындағы ақшаға өндіріп алуды қолданады.

2. Салық төлеуші (салық агенті) салықтық берешекті өтеу туралы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осындай хабарлама жіберген салық органына дебиторлық берешек сомасын көрсете отырып, дебиторлар тізімін ұсынуға міндетті.

Дебиторлар тізімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, салық органы салық төлеушінің (салық

агентінің) дебиторларын анықтау мақсатында салық органдарының ақпараттық жүйелерінің деректерін пайдалануға, сондай-ақ салық төлеуші (салық агенті) мен оның дебиторлары арасындағы озара есеп айырысуларды айқындау мәселесі бойынша салық төлеушіге (салық агентіне) тексеру жүргізуге құқылы. Бұл ретте салық органы сотта дау айтылатын дебиторлық берешек сомасын растауға құқылы емес.

Салық төлеуші (салық агенті) салықтық берешекті өтеген жағдайда, дебиторлар тізімі немесе өзара есеп айырысуларды салыстырып-тексеру актісі ұсынылмайды.

3. Салық төлеуші (салық агенті) ұсынған дебиторлар тізімінің және (немесе) салық органдарының ақпараттық жүйелерінен алынған дебиторлар туралы мәліметтердің және (немесе) дебиторлық берешек сомасын растайтын салық төлеушіні (салық агентін) тексеру актісінің негізінде салық органы дебиторларға салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық берешегін өтеу есебіне олардың банктік шоттарындағы ақшаға дебиторлық берешек сомалары шегінде өндіріп алуды қолдану туралы хабарлама жібереді.

Дебиторлар хабарламаны алған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, хабарламаны жіберген салық органына хабарламаны алған күнге салық төлеушімен (салық агентімен) бірлесіп жасалған өзара есеп айырысуларды салыстырып-тексеру актісін қағаз немесе электрондық жеткізгіште ұсынуға міндетті.

Салық төлеуші мен оның дебиторының арасындағы өзара есеп айырысуларды салыстырып-тексеру актісінде мынадай мәліметтер:

1) салық төлеуші (салық агенті) мен оның дебиторының атауы, олардың сәйкестендіру нөмірлері;

2) дебитордың салық төлеуші (салық агенті) алдындағы берешегінің сомасы;

3) салық төлеуші (салық агенті) мен оның дебиторының заңдық деректемелері, мөрі (ол болған кезде) және қолтаңбалары не салық төлеуші мен оның дебиторының электрондық цифрлық қолтаңбалары;

4) бюджетке берешекті өтеу туралы хабарлама алынған күннен бұрын болмауға тиіс салыстырып-тексеру актісінің жасалған күні қамтылуға тиіс.

4. Дебиторлар өзара есеп айырысуларды салыстырып-тексеру актісін осы баптың 3-тармағының екінші бөлігінде көзделген мерзімде ұсынбаган жағдайда, салық органы көрсетілген дебиторларға салықтық тексеру жүргізеді. Бұл ретте салық органы сотта дау айтылатын дебиторлық берешек сомасын растауга құқылы емес.

5. Өзара есеп айырысуларды салыстырып-тексеру актісінің немесе дебиторлық берешек сомасын растайтын дебиторды тексеру актісінің негізінде салық органы дебитордың банктік шоттарына салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық берешегі сомасын өндіріп алу туралы инкассалық өкімдер шығарады.

Дебитор мен салық төлеуші (салық агенті) арасындағы өзара есеп айырысуларды салыстырып-тексеру актісінде көрсетілген дебиторлық берешек өтелген жағдайда, салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық берешегі сомасын өндіріп алу туралы дебитордың банктік шоттарына шығарылған инкассалық өкімдер дебитор немесе салық төлеуші (салық агенті) салық органына мұндай берешектің өтелгенін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, озара есеп айырысуларды салыстырып-тексеру актісін ұсынған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде кері қайтарып алуға жатады.

6. Салық төлеуші – дебитордың екінші деңгейдегі банкі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымы салық органы шығарған, осы Кодекстің 122-бабында белгіленген талаптарға сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық берешегі сомасын өндіріп алу туралы инкассалық өкімді орындауға міндетті.

Бұл ретте дебитордың бірнеше екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылған банктік шоттарынан ақшаны инкассалық өкімде көрсетілген сомадан асатын мөлшерде есептен шығарған жағдайда, артық есептен шығарылған соманы салық органы дебиторға оның өтініші негізінде қайтарады.

7. Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық берешегін осы бапта айқындалған тәртіппен оның дебиторларының шоттарынан өндіріп алу тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес дебитор жатқызылған тәуекел деңгейіне қарамастан жүзеге асырылады.

124-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) билік ету шектелген мүлкін бюджетке берешек есебіне өткізу есебінен өндіріп алу

1. Салық органы тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес тәуекел деңгейі жоғары немесе орташа санатқа жатқызылған салық төлеуші (салық агенті) – заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттің, дара кәсіпкердің, жеке практикамен айналысатын адамның банктік шоттарында және оның дебиторларының банктік шоттарында ақша болмаған немесе жеткіліксіз болган не оның және (немесе) оның дебиторларының банктік шоттары болмаған жағдайларда, оның келісімінсіз салық төлеушінің (салық агентінің) билік ету шектелген мүлкіне өндіріп алуды қолдану туралы қаулы шығарады.

Салық төлеушінің (салық агентінің) билік ету шектелген мүлкіне өндіріп алуды қолдану туралы қаулы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша екі данада жасалады, оның біреуі мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімнің және мүлік тізімдемесі актісінің көшірмелері қоса беріле отырып, уәкілетті заңды тұлғаға жіберіледі.

2. Салық төлеушінің (салық агентінің) билік ету шектелген мүлкін

салықтық берешек шотына өткізуді уәкілетті заңды тұлға сауда-саттық өткізу арқылы жүзеге асырады.

Салық төлеуші және (немесе) үшінші тұлға кепілге қойған мүлікті, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) билік ету шектелген мүлкін өткізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

3. Уәкілетті заңды тұлға сот орындаушысы тыйым салған, билік ету шектелген мүлікті өткізген жағдайда, осындай мүлікті өткізуден түскен ақша сомасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген борышкер мүлкінің есебінен талаптарды қанағаттандыру кезектілігіне сәйкес бөлінеді.

125-бап. Салық төлеуші (салық агенті) – жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғамның жарияланған акцияларын мәжбүрлеп шығарту

Осы Кодекстің 121-бабы 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген барлық шара қабылданғаннан кейін салық төлеуші (салық агенті) – жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғам салықтық берешек сомаларын өтемеген жағдайда, уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығарту туралы талап арызбен сотқа жүгінеді.

Сот шешімі бойынша оларды өтеу үшін жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шыгарту жүргізілетін салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді төлеу жөніндегі салықтық міндеттемелерді, сондай-ақ өсімпұлды, айыппұлдарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау мерзімдері соттың жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап және оларды орналастыру аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

126-бап. Салық төлеушіні (салық агентін) банкрот деп тану

1. Осы Кодекстің 121-бабында козделген барлық шара қабылданғаннан кейін салық төлеуші (салық агенті) бюджетке берешек сомасын өтемеген жағдайда, салық органы Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес оны банкрот деп тану жөнінде шаралар қабылдауға құқылы.

2. Банкрот деп танылған салық төлеушіні (салық агентін) тарату тәртібі Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

127-бап. Салықтық берешегі бар салық төлеушілердің (салық агенттерінің) тізімдерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

1. Салық органдары салықтық берешек туындаған күннен бастап төрт ай ішінде өтелмеген:

дара кәсіпкерлердің, жеке практикамен айналысатын адамдардың – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10 еселенген мөлшерінен асатын;

заңды тұлғалардың, олардың құрылымдық бөлімшелерінің – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 150 еселенген мөлшерінен асатын салықтық берешегі бар салық төлеушілердің (салық агенттерінің) тізімін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

Бұл ретте тізімдерде салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) не атауы, экономикалық қызмет түрі, сәйкестендіру нөмірі, салық төлеуші (салық агенті) басшысының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) және салықтық берешегінің жалпы сомасы көрсетіледі.

2. Уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған салық төлеушілердің (салық агенттерінің) тізімі осы бапта көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келетін салық төлеушілерді (салық агенттерін) қосу, сондай-ақ салықтық берешегін өтеген немесе салықтық міндеттемелері тоқтатылған салық төлеушілерді (салық агенттерін) шығару арқылы аяқталған тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірілмей тоқсан сайын жаңартылады.

128-бап. Салық төлеуші – дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам болып табылмайтын жеке тұлғаның салықтық берешегін өндіріп алу

1. Дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам болып табылмайтын жеке тұлға республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын 1 еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі салықтық берешегін жеке тұлғалардың салықтық берешегі туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап отыз жұмыс күні өткен соң төлемеген немесе толық төлемеген жағдайларда, салық органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығын шығарады (бұдан әрі – салық бұйрығы) және оны шығарған күннен бастап бес жұмыс күнінен

кешіктірмей жеке тұлғаға жібереді.

2. Жеке тұлға салықтық берешегін өтемеген кезде салық органы жеке тұлғаға салық бұйрығы табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей осындай салық бұйрығын Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен мәжбүрлеп орындау үшін атқарушылық іс жүргізу органдарына жібереді.

3. Салық бұйрығын шығарған салық органы жеке тұлға салықтық берешегін өтеген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей салық бұйрығының күшін жояды.

15-тарау. САЛЫҚТЫҚ МОНИТОРИНГ

129-бап. Жалпы ережелер

1. Салықтық мониторинг салық төлеушілердің қаржылық-шаруашылық қызметін талдау арқылы олардың нақты салық салынатын базасын айқындау, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының сақталуын және трансферттік баға белгілеу кезінде бақылауды жүзеге асыру мақсатында қолданылатын нарықтық бағаларды бақылау мақсатында жүзеге асырылады.

2. Салықтық мониторинг:

1) ірі салық төлеушілер мониторингінен;

2) деңгейлес мониторингтен тұрады.

130-бап. Ірі салық төлеушілер мониторингі

1. Ірі салық төлеушілер мониторингіне, егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, коммерциялық ұйымдар болып табылатын, осы Кодекстің 241-бабында көзделген түзету есепке алынбағанда жылдық жиынтық кірісі неғұрлым көп, бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін:

1) тіркелген активтерінің құндық балансының сомасы салықтық кезеңнің соңына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілердің тізбесі бекітілуге жататын жылдың соңында қолданыста болатын, кемінде 325 000 еселенген айлық есептік көрсеткішті құрайтын;

2) жұмыскерлерінің саны кемінде 250 адамды құрайтын салық төлеушілер жатады.

Осы баптың мақсаттары үшін:

1) осы Кодекстің 241-бабында көзделген түзетуді есепке алмағанда, жылдық жиынтық кіріс ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық

төлеушілердің тізбесі бекітілуге жататын жылдың алдындағы салықтық кезең үшін корпоративтік табыс салығы бойынша декларация деректерінің негізінде айқындалады;

2) тіркелген активтердің құндық баланстарының сомасы ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілердің тізбесі бекітілуге жататын жылдың алдындағы жыл үшін салықтық есептілік негізінде айқындалады;

3) жұмыскерлердің саны ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілердің тізбесі бекітілуге жататын жылдың бірінші тоқсанының соңғы айы үшін жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияның деректері негізінде айқындалады.

Осы тармақта белгіленген шарттардың сақталуына қарамастан, ірі салық төлеушілер мониторингіне:

1) 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган және жер қойнауын пайдаланушы арасында жасалған және міндетті салықтық сараптамадан өткен өнімді бөлу туралы келісімде (келісімшартта) көрсетілген, осы Кодекстің 241-бабында көзделген түзетуді есепке алмағанда жиынтық жылдық кірісі неғұрлым көп және (немесе) көрсетілген келісімдерге (келісімшарттарға) сәйкес мұнай-газ конденсаты кен орнында қызметін жүзеге асыратын сенім білдірілген тұлға (оператор) және (немесе) жер қойнауын пайдаланушы (жер қойнауын пайдаланушылар);

2) ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілердің тізбесі қолданысқа енгізілген жылдың алдындағы жылдың 1 қазанында мынадай шарттарға сәйкес келетін:

жер қойнауын пайдаланушымен, кең таралған пайдалы қазбаларды және жерасты суларын барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт жасалса;

жер қойнауын пайдаланушы өңірлік даму жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес қала құраушы заңды тұлғалар санатына жатқызылса, жер қойнауын пайдаланушы жатады.

2. Ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілердің тізбесіне:

1) осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген шарттарға сәйкес келетін ірі салық төлеушілердің ішінен, осы Кодекстің 241-бабында көзделген түзетуді есепке алмағанда жиынтық жылдық кірісі неғұрлым көп алғашқы үш жүз ірі салық төлеуші;

2) осы баптың 1-тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген салық төлеушілер кіреді.

3. Ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілердің тізбесі, көрсетілген тізбе қолданысқа енгізілетін жылдың алдындағы жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша ұсынылған салықтық есептілік деректерінің негізінде қалыптастырылады және оны уәкілетті орган көрсетілген тізбе

қолданысқа енгізілетін жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей бекітеді.

Егер ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілердің тізбесі қолданысқа енгізілетін жылдың алдындағы жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін салық төлеуші таратылу сатысында тұрған болса, мұндай салық төлеуші бұл тізбеге енгізілуге жатпайды.

Ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілердің бекітілген тізбесі оны бекіткен жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан кейін қолданысқа енгізіледі, қолданысқа енгізілген күнінен бастап екі жыл ішінде қолданыста болады және осы кезең ішінде қайта қаралуға жатпайды.

4. Ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеуші қайта ұйымдастырылған жағдайда, оның құқықтық мирасқоры (құқықтық мирасқорлары) ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілердің келесі тізбесі қолданысқа енгізілгенге дейін ірі салық төлеушілер мониторингіне жатады.

5. Ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеуші таратылған жағдайда, сондай-ақ соттың оны банкрот деп тану туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап осы салық төлеуші ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілердің тізбесінен шығарып тасталған деп танылады.

131-бап. Деңгейлес мониторинг

1. Деңгейлес мониторинг уәкілетті орган мен салық төлеуші арасында ақпарат және құжаттар алмасуды көздейді, ол мынадай:

ынтымақтастық;

негізделген сенім;

заңдылық;

айқындық;

кеңейтілген ақпараттық өзара іс-қимыл жасау қағидаттарына негізделеді.

Деңгейлес мониторинг туралы келісімнің нысанын уәкілетті орган белгілейді.

2. Деңгейлес мониторинг туралы келісім жасалған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап деңгейлес мониторинг жүргізіледі және ұзарту мүмкіндігімен үш жылдың ішінде қолданыста болады.

Бұл ретте деңгейлес мониторинг туралы келісімді жасасу және бұзу тәртібін, сондай-ақ деңгейлес мониторинг туралы келісім жасалатын салық төлеушілердің санатын уәкілетті орган белгілейді.

Деңгейлес мониторинг туралы келісім жасалған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап деңгейлес мониторингке жататын салық төлеушілер ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілер

болып табылмайды.

3. Салық төлеушінің Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу:

1) бір мезгілде мынадай шарттар сақталған:

деңгейлес мониторингте тұрған салық төлеушінің деңгейлес мониторинг нәтижелері бойынша хабарламамен келіскен;

деңгейлес мониторинг нәтижелері бойынша хабарламаға сот тәртібімен шағым жасау фактісі болмаған кезде деңгейлес мониторинг;

2) салық төлеуші деңгейлес мониторингте болған кезеңге салықтық тексеру нәтижелері бойынша осындай бұзушылық фактісі анықталған кезде басталмайды, ал басталған іс тоқтатылуға жатады.

132-бап. Ірі салық төлеушілер мониторингін жүргізу тәртібі

1. Ірі салық төлеушілер мониторинғін жүргізу барысында уәкілетті орган ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілерден салықтарды есептеудің дұрыстығын және салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді төлеудің (ұстап қалудың және аударудың) уақтылы болуын растайтын құжаттарды және жазбаша түсіндірулерді, сондай-ақ, еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігін қоса алғанда, салық төлеушінің (салық агентінің) қаржылық есептілігін ұсынуды талап етуге құқылы.

Бұл ретте осы талапты ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілер талап ету табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде орындауға тиіс.

2. Міндетті мониторинг нәтижелері бойынша бұзушылықтар мен алшақтықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган бұлар жөнінде ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушіге хабар береді.

Бұл ретте ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеуші осындай хабарлама табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде жазбаша түсінікті ұсынуға міндетті.

Уәкілетті орган ұсынылған түсінікпен келіспеген жағдайда, ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын осындай салық төлеушіні қосымша құжаттар мен түсініктерді ұсына отырып, туындаған мәселелерді талқылау үшін шақыруға құқылы.

Уәкілетті орган мониторинг нәтижелерін қарау қорытындылары бойынша жазбаша түрде уәжді шешім шығарады, ол шығарылған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушіге жіберіледі.

Ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеуші шешіммен келісу туралы хабарламаны алған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде ұсынады.

133-бап. Деңгейлес мониторингті жүргізу тәртібі

Деңгейлес мониторинг салық органы мен салық төлеуші арасындағы, оның ішінде салық органының лауазымды адамдарына салық төлеушінің тұрған жері бойынша оның бухгалтерлік және салықтық есепке алу ақпараттық жүйелеріне және есепке алу құжаттамасына қолжетімділік беру көзделетін кеңейтілген ақпараттық өзара іс-қимыл жасау арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте деңгейлес мониторингті жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

16-тарау. АЛДЫН АЛА ТҮСІНДІРМЕ

134-бап. Жалпы ережелер

1. Уәкілетті органның жоспарланып отырған мәмілелерге (операцияларға) қатысты салықтық міндеттеменің туындауы жөніндегі түсіндірмесі алдын ала түсіндірме болып табылады.

Уәкілетті орган:

деңгейлес мониторингте тұрған салық төлеушінің;

инвестициялық басым жобаны іске асыратын ұйымның сұрау салуы бойынша алдын ала түсіндірме береді.

2. Алдын ала түсіндірме беру туралы сұрау салуды салық төлеуші (салық агенті) уәкілетті органға жазбаша нысанда береді және онда мынадай мәліметтер:

1) салық төлеушінің (салық агентінің) сұрау салуға қол қойған күні;

2) салық төлеушінің деректемелері;

3) бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН);

4) мәміленің (операцияның) мақсаты мен шарттарының, оның ішінде жоспарланып отырған мәміле (операция) бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттерінің сипаттамасы;

5) салық төлеушінің (салық агентінің) жоспарланып отырған мәмілеге (операцияға) қатысты салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеу мәселесі бойынша ұстанымы;

6) қоса берілетін құжаттардың тізбесі қамтылуға тиіс.

3. Алдын ала түсіндірме беру туралы сұрау салуда осындай түсіндірмені дайындау үшін маңызы бар өзге мәліметтер де көрсетілуі мүмкін.

4. Алдын ала түсіндірме беру туралы сұрау салуға заңды тұлғаның басшысы немесе осындай заңды тұлға басшысының міндеттері жүктелген адам (растайтын құжаттарды қоса бере отырып) қол қояды.

5. Алдын ала түсіндірме беру туралы сұрау салуға осындай сұрау салуда көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар қоса беріледі.

6. Салық төлеуші (салық агенті) алдын ала түсіндірме беру туралы сұрау салуды уәкілетті органға жіберген күннен бастап уәкілетті орган алдын ала түсіндірмені берген күнге дейінгі кезеңде осындай сұрау салуды кері қайтаруды жүргізуге құқылы.

7. Уәкілетті орган салық төлеушінің (салық агентінің) алдын ала түсіндірме беру туралы сұрау салуын қараудан, осындай сұрау салу осы баптың 2, 4 және 5-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген кезде, бас тартуға құқылы.

135-бап. Алдын ала түсіндірме беру туралы сұрау салуды қарау тәртібі

1. Алдын ала түсіндірме беру туралы сұрау салуды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Уәкілетті орган алдын ала түсіндірмені дайындау барысында салық төлеушіні алдын ала түсіндірмені дайындау үшін маңызы бар қосымша мәліметтер алу үшін шақыруға құқылы.

3. Алдын ала түсіндірме салық төлеуші ұсынған мәліметтер мен құжаттардың шегінде жүзеге асырылады.

17-тарау. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

136-бап. Жалпы ережелер

1. Тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекелдерді бағалауға негізделген және салық органдары тәуекелді анықтау және алдын алу мақсатында әзірлейтін және (немесе) қолданатын шараларды қамтиды.

2. Салық төлеушінің (салық агентінің) мемлекетке нұқсан келтіруі мүмкін және (немесе) нұқсан келтіре алатын салықтық міндеттемені орындамау және (немесе) толық орындамау ықтималдығы тәуекел болып табылады.

3. Салық органдарының тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану мақсаттары:

1) назарды тәуекелі жоғары салаларға шоғырландыру және қолда бар ресурстарды анағұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

2) салық салу саласында бұзушылықтарды анықтау бойынша мүмкіндіктерді ұлғайту;

3) қызметі бойынша тәуекел дәрежесі төмен деп айқындалған салық төлеушілерге (салық агенттеріне) қатысты салықтық бақылауды барынша азайту.

4. Салық органдары салық төлеушілер (салық агенттері) ұсынған

салықтық есептіліктің деректерін, уәкілетті мемлекеттік органдардан, жергілікті атқарушы органдардан, уәкілетті тұлғалардан алынған мәліметтерді, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) қызметі туралы басқа құжаттарды және (немесе) мәліметтерді талдауды жүзеге асырады.

Салық органдары осындай талдау нәтижелерінің негізінде:

салық төлеушілерді (салық агенттерін) қызметін тәуекел дәрежесі төмен, орташа немесе жоғары санаттарға жатқызу арқылы оларды санаттарға бөлуді;

осы Кодексте белгіленген жағдайларда салықтық әкімшілендіру шараларын саралап қолдануды жүзеге асырады.

5. Тәуекелдерді басқару жүйесі осы Кодексте көзделген жағдайларда салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру кезінде пайдаланылады.

6. Тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекелдерді басқарудың ақпараттық жүйесі қолданыла отырып жүзеге асырылуы мүмкін.

137-бап.Тәуекел дәрежесінің өлшемшарттары

1. Салық төлеушілерді (салық агенттерін) бағалау және тәуекел дәрежелері бойынша оларды кейіннен санаттарға бөлу жүргізілетін белгілер жиынтығы тәуекелдер дәрежесінің өлшемшарттары болып табылады. Тәуекелдер дәрежесінің өлшемшарттары, мынадай өлшемшарттарды:

салықтық жүктемені;

бір жұмыскердің орташа айлық жалақысын;

салықтық есептілікте көрсетілетін шығыстар мен кірістер сомасын;

қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған, оның ішінде таратылған, әрекетсіз, банкрот болған тұлғалармен өзара есеп айырысуы бар салық төлеушілермен мәмілелерді;

салықтық есептілікте бірнеше салықтық кезең бойындағы залалдарды көрсетуді;

бұрын ұсынылған салықтық есептілікке бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізуді;

камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды;

арнаулы салық режимдерін қолдану құқығын беретін, осы Кодексте белгіленген көрсеткіштердің шекті мәніне бірнеше рет жақындауды;

тәуекел дәрежесін төмендетуі мүмкін өлшемшартты;

уәкілетті орган кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп бекітетін өлшемшарттарды;

қосылған құн салығының асып кету сомасының анықтығын растау мақсатындағы өлшемшартты қоспағанда, құпия ақпарат болып табылады.

2. Тәуекел дәрежесінің өлшемшарттарын және тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану тәртібін қосылған құн салығының асып кету сомасының анықтығын растау мақсатында уәкілетті орган айқындайды.

3. Осы баптың 2-тармағын қоспағанда, құпия ақпарат болып табылмайтын өлшемшарттар бойынша тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану тәртібін уәкілетті орган айқындайды және онда, соның ішінде мынадай ақпарат:

1) тәуекел дәрежесінің өлшемшарттары бойынша көрсеткіштер;

2) салық төлеушілерге санаттарға бөлу нәтижелері туралы ақпарат беру тәртібі және мерзімдері;

3) салық төлеушінің қызметі тиісті тәуекел дәрежесіне жатқызылған өлшемшарттар туралы осындай салық төлеушіге ақпарат беру тәртібі және мерзімдері;

4) салық төлеушілердің тәуекел дәрежесі туралы ақпартты жаңартып отырудың кезеңділігі қамтылады.

18-тарау. САЛЫҚТЫҚ ТЕКСЕРУЛЕР

1-параграф. Салықтық тексерулерді жүргізу бойынша жалпы ережелер

138-бап. Салықтық тексеру ұғымы

1. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы бойынша салықтық міндеттеменің орындалуын қоспағанда (жылжымалы көздерден шығатын ластағыш заттар шығарындылары үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы бойынша салықтық міндеттемеден басқа), салық органы жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының салық заңнамасы, сондай-ақ орындалуын бақылау салық органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасы нормаларының орындалуын тексеру салықтық тексеру болып табылады.

2. Салықтық тексерулерді тек қана салық органдары жүзеге асырады.

139-бап. Салықтық тексерулерге қатысушылар

1. Мыналар:

1) нұсқамада көрсетілген салық органының лауазымды адамдары және салық органдары осы Кодекске сәйкес салықтық тексеру жүргізуге тартатын өзге де адамдар;

2) салықтық тексерулер бойынша мынадай тексерілетін тұлғалар:

осы Кодекстің 142-бабы 1-тармағының 12) – 18) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша тақырыптық тексерулер кезінде – нұсқамада көрсетілген аумақ учаскесінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші;

салықтық тексерулердің басқа нысандары кезінде – нұсқамада көрсетілген салық төлеуші (салық агенті) салықтық тексерулерге

қатысушылар болып табылады.

2. Салық органы арнайы білімді және дағдыны талап ететін мәселелерді зерттеу және консультациялар алу үшін осындай арнайы білімі және дағдысы бар маманды, оның ішінде Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарының лауазымды адамдарын салықтық тексеруге тартуға құқылы.

Салықтық тексеруге қатысушы болып табылатын салық органының лауазымды адамы қойған жазбаша сұрақтар бойынша тексеруге тартылған маман қорытынды жасайды, ол салықтық тексеру барысында пайдаланылады. Мұндай жазбаша сұрақтар мен қорытындылардың көшірмелері салықтық тексеру актісіне, оның ішінде салық төлеушіге (салық агентіне) табыс етілетін салықтық тексеру актісінің данасына қоса беріледі.

3. Салықтық тексеру тексерілетін салық төлеушінің (салық агентінің) кәсіпкерлік қызметіне байланысты мәселелер бойынша тексерілетін салық төлеуші (салық агенті) туралы мәліметтер алу үшін, тексерілетін салық төлеушінің (салық агентінің) қызметіне қатысты құжаттарға, ақпаратқа ие адамдарға, оның ішінде осындай қызмет бойынша жиынтық салықтық есепке алуды жүргізуге жауапты жай серіктестік (консорциум) қатысушыларының уәкілетті өкіліне де қатысты жүзеге асырылады.

4. Салықтық тексерулер жүргізу үшін салық төлеушіні (салық агентін) іріктеу мақсатында салық органдары тәуекелдерді басқару жүйесін қолдануға құқылы.

140-бап. Салықтық тексерулердің нысандары

1. Салықтық тексерулер кешенді, тақырыптық, қарсы тексеру, хронометраждық зерттеп-қарау нысанында жүзеге асырылады.

2. Салықтық тексеруді жүргізу, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің (салық агентінің) қызметін тоқтата тұрмауға тиіс.

3. Салық органдары заңды тұлғаның өзіне салықтық тексерудің жүргізілуіне қарамастан, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелеріне салықтық тексерулерді жүзеге асыруға құқылы.

4. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша сот жасалуын іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жүзеге асырылды деп танылған шот-фактура жазып беру жөніндегі әрекет (әрекеттер) бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, салық органдары осы мәселе бойынша тақырыптық тексерулерді:

камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама салық төлеушіге (салық агентіне) жіберілгенге дейін;

осы Кодекстің 115-бабының 5-тармағында белгіленген камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы

хабарламаны орындау мерзімі өткенге дейін жүзеге асыруға құқылы емес.

5. Салықтық тексеруге жататын кезең осы Кодекстің 48-бабында айқындалған тәртіппен есептелетін мерзімнен аспауға тиіс.

Бұл ретте, шеңберінде осындай қарсы тексеру тағайындалған салық төлеушіге (салық агентіне) кешенді немесе тақырыптық тексеруді жүргізу кезінде тексерілетін кезеңге сәйкес келетін кезең үшін қарсы тексеру жүзеге асырылуы мүмкін.

6. Салықтардың және (немесе) бюджетке төленетін төлемдердің жекелеген түрлері бойынша кешенді тексеру, тақырыптық тексеру тағайындалған жағдайда, тексерілетін кезеңді айқындау кезінде салықтар бойынша аудитте қамтылған салықтық кезең қосылмайды.

Осы тармақтың ережесі осы Кодекстің 142-бабы 1-тармағының 2) – 24) тармақшаларында, 145-бабы 3-тармағының 2) – 12) тармақшаларында көрсетілген салықтық тексерулерге, сондай-ақ салықтық мониторингке жататын салық төлеушілерге, жер қойнауын пайдаланушыларға, акцизделетін өнімнің жекелеген түрлерінің, биоотынның өндірісі және айналымы бойынша қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушілерге қатысты қолданылмайды.

7. Салық органы кешенді немесе тақырыптық тексеру жүргізіп отырған салық төлеушімен (салық агентімен) операцияларды жүзеге асырған тұлғаларға салық органдары көрсетілген тұлғалардан осындай операциялар туралы қосымша ақпарат алу мақсатында сұрау салулар жіберуге құқылы.

Осы тармақта көрсетілген сұрау салуларды жіберу, сондай-ақ осындай сұрау салулар бойынша тұлғалардың мәліметтерді және (немесе) құжаттарды ұсыну тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

141-бап. Кешенді тексеру

1. Салық органы салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің және әлеуметтік төлемдердің барлық түрі бойынша салықтық міндеттеменің орындалу мәселелері бойынша салық төлеушіге (салық агентіне) қатысты жүргізетін тексеру кешенді тексеру болып табылады.

2. Кешенді тексеруге тақырыптық тексеру мәселелері, оның ішінде мынадай мәселелер:

банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың осы Кодексте, сондай-ақ «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы», «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» және «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген міндеттерді орындауы;

халықаралық шарттардың (келісімдердің) ережелерін қолданудың құқыққа сыйымдылығы;

трансферттік баға белгілеу;

акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің өндірісін және айналымын, сондай-ақ авиациялық отынның, биоотынның, мазуттың айналымын мемлекеттік реттеу;

орындалуын бақылау салық органдарына жүктелген Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуы бойынша өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

3. Салық төлеуші (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі) таратылған (қызметін тоқтатқан) кезде салықтық тексерулер тек қана кешенді тексеру (бұдан әрі – таратудың салықтық тексеруі) нысанында жүргізіледі.

Салық төлеушінің осындай тексеруді жүргізуге арналған салықтық өтінішті ұсыну жағдайларын қоспағанда, резидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі тіркеу есебінен шығарылған кезде кешенді тексеру жүргізілмейді.

142-бап. Тақырыптық тексеру

1. Тақырыптық тексеру – салық органы салық төлеушіге (салық агентіне) қатысты мынадай мәселелер:

1) салықтардың және (немесе) бюджетке төленетін төлемдердің жекелеген түрлері бойынша салықтық міндеттемені орындау;

2) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығы және (немесе) акциз бойынша салықтық міндеттемені орындау;

3) сот жасалуын іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиеп-жонелтпей жүзеге асырылды деп танығаң шот-фактура жазып беру жөніндегі әрекет (әрекеттер) бойынша салықтық міндеттемені айқындау;

4) салық төлеуші мен оның дебиторлары арасындағы өзара есеп айырысуларды айқындау;

5) халықаралық шарттардың (келісімдердің) ережелерін қолданудың құқыққа сыйымдылығы;

6) қосылған құн салығының асып кету сомаларының, оның ішінде қайтару ұсынылған соманың анықтығын растау;

7) бейрезидент қосарланған салық салуды болғызбау және салықтарды төлеуден жалтаруға жол бермеу мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелерін қолдануға байланысты бюджеттен қайтаруды ұсынған табыс салығын растау;

8) бейрезиденттің қосарланған салық салуды болғызбау және салықтарды төлеуден жалтаруға жол бермеу мәселелерін реттейтін халықаралық шарт ережелерін қолдануға байланысты бюджеттен табыс салығын қайтаруға арналған салықтық өтінішін қайтадан қарау туралы өтінішінде жазылған;

9) осы Кодекстің 115-бабында айқындалған тәртіппен камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы салық органдарының хабарламасын салық төлеушінің (салық агентінің) орындамауы;

10) осы Кодекстің 29-бабында көзделген талаптардың орындалуы;

11) салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымында жазылған;

12) салық органдарында тіркеу есебіне қою;

13) бақылау-касса машиналарының болуы мәселелері бойынша жүргізетін тексеру болып табылады.

Осы тармақшада көрсетілген мәселе бойынша тақырыптық тексеру ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді жедел режимде ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері бойынша салық органдарына беруді қамтамасыз ететін бақылау-касса машинасына қатысты жүргізілмейді;

14) төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді жүзеге асыруға арналған жабдықтың (құрылғының) болуы;

15) мынадай:

тауарларды Қазақстан Республикасының аумағы бойынша алып өткен, өткізген және (немесе) тиеп-жөнелткен кезде;

тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелген кезде;

тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына әкеткен кезде тауарларға ілеспе жүкқұжаттардың болуы және тауарлар атауының, санының (көлемінің) тауарларға ілеспе жүкқұжаттарда көрсетілген мәліметтерге сәйкес келуі;

16) тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына әкету кезінде Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды іске асыру үшін қабылданған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген құжаттардың болуы және тауарлардың құжаттарда көрсетілген мәліметтерге сәйкес келуі;

17) акциздік және есепке алу-бақылау маркаларының болуы және төлнұсқалығы, лицензияның болуы;

18) автокөлік құралдарын көліктік бақылау немесе жол полициясы бекеттерінде тексеру кезінде импортталатын тауарларға тауар-көлік жүкқұжаттарының болуы және тауар атауларының тауар-көлік жүкқұжаттарда көрсетілген мәліметтерге сәйкес келуі;

19) бақылау-касса машиналарын қолдану тәртібін сақтау;

20) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы

заңнамасын және акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін өндіру, сақтау және өткізу шарттарын сақтау;

21) касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органы шығарған өкімді орындау;

22) электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беру тәртібін сақтау;

23) Қазақстан Республикасыныц Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуына байланысты кедендік баждардың төмендетілген мөлшерлемелері қолданылатын тауарлар тізбесіне енгізілген тауарлар қалдықтарының болуын растау;

24) ірі салық төлеушілер мониторингі шеңберінде шешімді орындамау мәселелері бойынша жүргізетін тексеру болып табылады.

2. Тақырыптық тексеру мынадай:

1) әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалу мен аударудың толықтығы және уақтылы болуы;

2) банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың осы Кодексте, сондай-ақ «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» және «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы», «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген міндеттерді орындауы;

3) трансферттік баға белгілеу;

4) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын, сондай-ақ авиациялық отынның, биоотынның, мазуттың айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша да жүргізілуі мүмкін.

3. Тақырыптық тексеру осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген бірнеше мәселе бойынша бір мезгілде жүргізілуі мүмкін. Тақырыптық тексеру салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің барлық түрі бойынша міндеттемелердің орындалуына тексеру жүргізуді көздей алмайды.

4. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен келісу бойынша осындай бірлестіктердің өкілдері осы баптың 1-тармағының 12) – 18) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша тақырыптық тексерулерді жүргізу кезінде қатысуға тартылуы мүмкін.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің өкілдері көрсетілген тақырыптық тексерулерді жүргізу кезінде салық төлеуші құқықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Тақырыптық тексеру актісінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері өкілдерінің қатысу фактісі тіркеледі.

5. Салық төлеушінің тіркеу деректерінде көрсетілген тұрған жері бойынша және (немесе) салық салу объектісінің және (немесе) салық салуға байланысты объектінің орналасқан жері бойынша салық органының шешімі негізінде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, осы баптың

1-тармағының 12) – 23) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша тақырыптық тексерулер тағайындалады.

6. Тақырыптық тексеру осы Кодекстің 145-бабы 3-тармағының 2) немесе 7) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тағайындалған кезде осы баптың 1-тармағының 1) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша бір мезгілде жүргізіледі.

143-бап. Қарсы тексеру

1. Салық органы кешенді немесе тақырыптық тексеру жүргізіп отырған салық төлеушімен (салық агентімен) операцияларды жүзеге асыратын тұлғаларды салық органының осындай операциялар туралы қосымша ақпарат алу, көрсетілген салық төлеушіні (салық агентін) тексеру барысында туындайтын мәселелер бойынша операциялар мазмұны мен фактісін растау мақсатында тексеруі қарсы тексеру болып табылады.

2. Қарсы тексеру кешенді немесе тақырыптық тексеруге қатысты қосалқы тексеру болып табылады.

Қарсы тексерулер уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен тағайындалады.

3. Қарсы тексеру деп:

тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын, салық немесе құқық қорғау органдары арасындағы өзара ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарға (келісімдерге), сондай-ақ Қазақстан Республикасы халықаралық ұйымдармен жасасқан шарттарға сәйкес басқа мемлекеттердің салық немесе құқық қорғау органдарының, халықаралық ұйымдардың сұрау салулары бойынша;

камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған қосылған құн салығы жөніндегі салықтық міндеттеме бойынша және осындай операцияларға байланысты бұзушылықтарды жоймаған не осындай бұзушылықтардың жоқ екенін растамайтын түсіндіру ұсынған салық төлеушімен (салық агентімен) операцияларды жүзеге асыратын адамдарға қатысты жүргізілетін тексеру де танылады.

144-бап. Хронометраждық зерттеп-қарау

1. Салық органы салық төлеушінің зерттеп-қарау жүргізілетін кезең ішіндегі нақты кірісін және кіріс алуға бағытталған қызметпен байланысты нақты шығындарын анықтау мақсатында жүргізетін тексеру хронометраждық зерттеп-қарау болып табылады.

2. Салық органы хронометраждық зерттеп-қарауды жүргізу туралы шешімді уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, салық төлеушінің тіркеу деректерінде көрсетілген орналасқан жері бойынша және (немесе) салық салу объектісінің және (немесе) салық салуға байланысты объектінің орналасқан

жері бойынша шығарады.

145-бап. Салықтық тексерулердің түрлері

1. Салықтық тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) ішінара салықтық тексерулер;

2) жоспардан тыс салықтық тексерулер.

2. Салық органдары салықтық есептілікті, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ салық төлеушілердің (салық агенттерінің) қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді талдау нәтижелері бойынша салық төлеушілерге (салық агенттеріне) қатысты тағайындайтын тексерулер ішінара салықтық тексерулер болып табылады;

3. Жоспардан тыс салықтық тексерулер – осы баптың 2-тармағында көрсетілмеген, оның ішінде:

1) салық төлеушінің (салық агентінің) өзінің салықтық өтініші немесе шағымы бойынша, оның ішінде:

резидент-заңды тұлғаның, бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің бөліну арқылы қайта ұйымдастырылуына немесе таратылуына байланысты;

бейрезидент-заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын қызметін тоқтатуына байланысты;

дара кәсіпкер қызметінің тоқтатылуына байланысты;

қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен алынуына байланысты;

салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымына байланысты;

2) салық төлеушінің осы Кодекстің 432-бабының 1 және 2-тармақтарын өздеріне қолдануға байланысты ұсынылатын қосылған құн салығының асып кетуі сомаларының анықтығын растау жөніндегі салықтық өтініші бойынша жүзеге асырылатын тексерулер болып табылады.

Бұл ретте осы тармақшада көрсетілген салықтық өтініштер:

өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайлар пайдалануға қабылдап алынған;

жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарт шеңберінде өндірілген пайдалы қазбаларды экспорттау басталған күнге дейін берілуі мүмкін;

3) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша;

4) салық төлеуші (салық агенті) осы Кодекстің 115-бабында айқындалған тәртіппен камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы салық органдарының хабарламасын орындамаған жағдайда;

5) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу

мерзімінің өтуіне байланысты;

6) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық төлеуші (салық агенті) мен оның дебиторлары арасындағы өзара есеп айырысуларды айқындау мәселелері бойынша, оның ішінде:

салық төлеуші (салық агенті) салық органының талап етуі бойынша дебиторлар тізімін белгіленген мерзімде ұсынбаған не дебиторлардың жоқтығы туралы мәліметтерді ұсынған жағдайда;

дебитор салық органының талап етуі бойынша салық төлеушімен (салық агентімен) өзара есеп айырысуларды салыстырып-тексеру актісін белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда;

7) қосылған құн салығының қайтаруға ұсынылған асып кету сомаларының анықтығын растау бойынша қосылған құн салығы жөніндегі декларациядағы салық төлеушінің талабы бойынша;

8) бейрезиденттің қосарланған салық салуды болғызбау және салықтарды төлеуден жалтаруға жол бермеу мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелерін қолдануға байланысты бюджеттен табыс салығын қайтаруға арналған салықтық өтініші бойынша, сондай-ақ бейрезиденттің осындай салықтық өтінішті қайтадан қарау туралы өтініш жасауына байланысты;

9) банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының салық заңнамасында, сондай-ақ орындалуын бақылау салық органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген міндеттерді орындау мәселелері бойынша;

10) сот жасалуын іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жүзеге асырылды деп таныған шот-фактура жазып беру жөніндегі әрекет (әрекеттер) бойынша салықтық міндеттемені айқындау мәселелері бойынша;

11) уәкілетті органның шешімі негізінде;

12) осы Кодекстің 142-бабының 5-тармағында, 144-бабының 2-тармағында және осы баптың 7-тармағында белгіленген жағдайларда салық органының шешімі негізінде жүзеге асырылатын тексерулер болып табылады.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген жоспардан тыс салықтық тексерулер бұрын тексерілген кезеңге жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте бұрын тексерілген кезеңге жоспардан тыс (кешенді немесе тақырыптық) салықтық тексерулер:

салық төлеушінің (салық агентінің) өзінің өтініші бойынша;

қосылған құн салығы жөніндегі декларацияда көрсетілген қосылған құн салығының асып кету сомаларын қайтару туралы талап бойынша;

салық төлеушінің осы Кодекстің 432-бабының 1 және 2-тармақтарын өздеріне қолдануға байланысты ұсынылатын қосылған құн салығының асып кету сомаларының анықтығын растау жөніндегі салықтық өтініші бойынша;

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде

көзделген негіздер бойынша;

салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымына байланысты жүргізілетін салықтық тексерулерді қоспағанда, уәкілетті органның шешімі негізінде жүргізіледі.

5. Салық төлеуші (салық агенті) сотқа тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағым берген жағдайда, бұрын тексерілген кезеңге шағым жасалған мәселе бойынша жоспардан тыс кешенді және (немесе) тақырыптық тексерулер сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін жүргізілмейді.

6. Салық төлеуші деңгейлес мониторингте болған салықтық кезеңдерге мыналарды:

қарсы тексерулерді;

салық төлеушінің (салық агентінің) өзінің өтініші бойынша жүргізілетін салықтық тексерулерді;

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процесстік кодексінде, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша жүргізілетін салықтық тексерулерді;

салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымына байланысты жүргізілетін салықтық тексерулерді қоспағанда, салықтық тексеру жүргізілмейді.

7. Қосымша нұсқама ресімдеу арқылы тексерілетін кезең өзгертілген және осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі өткенге дейін тексерілетін кезеңге салықтық тексеру аяқталған жағдайда, алдыңғы салықтық тексеруді тағайындауға себеп болған негіздер бойынша салық органы тексерілетін кезең өзгергенге дейін бұрын нұсқамада көрсетілген, тексерілмеген салықтық кезеңге салықтық тексеруді тағайындауы мүмкін.

2-параграф. Салықтық тексерулерді жүргізу тәртібі мен мерзімдері

146-бап. Салықтық тексерулерді жүргізу мерзімі

1. Нұсқамада көрсетілетін салықтық тексерулерді жүргізу мерзімі, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, нұсқама табыс етілген күннен бастап отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс.

2. Салықтық тексеруді жүргізу мерзімін:

1) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, құрылымдық бөлімшелері жоқ заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер және Қазақстан Республикасында біреуден аспайтын тұрған жері болған кезде қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттер үшін:

салықтық тексеруді тағайындаған салық органы – қырық бес жұмыс күніне дейін;

жоғары тұрған салық органы – алпыс жұмыс күніне дейін;

2) құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғалар және Қазақстан Республикасында біреуден астам тұрған жері болған кезде қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттер, сондай-ақ салықтық мониторингке жататын салық төлеушілер үшін:

салықтық тексеруді тағайындаған салық органы – жетпіс бес жұмыс күніне дейін;

жоғары тұрған салық органы бір жүз сексен жұмыс күніне дейін ұзартуы мүмкін.

3. Уәкілетті орган өзі тағайындаған салықтық тексеру мерзімін:

1) осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген салық төлеушілер үшін – алпыс жұмыс күніне дейін;

2) осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген салық төлеушілер үшін бір жүз сексен жұмыс күніне дейін ұзартуы мүмкін.

4. Салықтық тексеруді жүргізу мерзімінің өту барысын салық органдары:

салық органының мәліметтерді және (немесе) құжаттарды ұсыну туралы талаптарын салық төлеушіге (салық агентіне) табыс ету және салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық тексеруді жүргізу кезінде сұратылған мәліметтерді және (немесе) құжаттарды ұсынуы;

салық органының сұрау салуын басқа аумақтық салық органдарына, мемлекеттік органдарға, банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға және Қазақстан Республикасы аумағында қызметін жүзеге асыратын өзге де ұйымдарға жіберу және көрсетілген сұрау салу бойынша мәліметтерді және (немесе) құжаттарды алу;

шет мемлекеттерге ақпарат беру туралы сұрау салу жіберу және халықаралық келісімдерге сәйкес салық органдарының ол бойынша мәліметтер алуы;

салықтық тексерудің алдын ала актісіне салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша қарсылықты дайындауы және оны салық органының Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен қарауы кезеңінде тоқтата тұруы мүмкін.

Бұл ретте салықтық тексеруді жүзеге асыратын салық органы салықтық тексеруді тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы хабарламаны салық төлеушіге (салық агентіне) құқықтық статистика органын хабардар ете отырып, тоқтата тұру немесе қайта бастау күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оған қолын қойғызып табыс етуге немесе хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы не электрондық тәсілмен жіберуге міндетті. Бұл ретте салықтық тексеруді тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы хабарлама салық органы веб-қосымшаға осындай хабарламаны жеткізген күннен бастап электрондық тәсілмен салық төлеушіге (салық агентіне) табыс етілді деп есептеледі. Бұл электрондық тәсіл осы Кодекстің 86-бабында айқындалған тәртіппен электрондық салық төлеуші ретінде тіркелген салық төлеушіге қолданылады.

5. Осы баптың 4-тармағында белгіленген негіздер бойынша тоқтата тұру мерзімі:

1) салықтық мониторингке жататын салық төлеушілерді;

2) резидент-заңды тұлғаның, бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің таратылуына, бейрезидент-заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын қызметін тоқтатуына, дара кәсіпкер қызметінің тоқтатылуына байланысты жүргізілетін;

3) мынадай:

трансферттік баға белгілеу;

қосылған құн салығының қайтаруға ұсынылған асып кету сомаларының анықтығын растау;

бейрезиденттің өтініші негізінде бюджеттен табыс салығын қайтару бойынша салық агенттерін тексеру;

тексеру нәтижелері туралы хабарламаға салық төлеушінің (салық агентінің) шағымында жазылған мәселелер бойынша тақырыптық тексерулердің;

4) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процесстік кодексінде көзделген негіздер бойынша жүргізілетін;

5) салық төлеушіге (салық агентіне) осы Кодекстің 161-бабына сәйкес салықтық тексерулер жүргізу барысында құжаттарды (мәліметтерді) ұсыну туралы салық органының талабын қойған жағдайда;

6) салық төлеушіге (салық агентіне) салықтық тексерудің алдын ала актісі шығарылған, сондай-ақ салық органы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен салықтық тексерудің алдын ала актісіне салық төлеушінің (салық агентінің) жазбаша қарсылығын қараған жағдайларда салықтық тексеру мерзіміне кірмейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) – 6) тармақшаларында көрсетілмеген салықтық тексерулер үшін тоқтата тұру мерзімі салықтық тексеру мерзіміне кіреді.

6. Егер осы баптың 5 және 7-тармағында өзгеше белгіленбесе, ұзарту немесе тоқтата тұру мерзімдерін ескере отырып, кешенді немесе тақырыптық тексеруді жүргізу мерзімі:

1) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, құрылымдық бөлімшелері жоқ заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер және Қазақстан Республикасында біреуден аспайтын тұрған жері болған кезде қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттер үшін – алпыс жұмыс күнінен;

2) құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғалар және Қазақстан Республикасында біреуден астам тұрған жері болған кезде қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттер, сондай-ақ салықтық мониторингке жататын салық төлеушілер үшін – бір жүз сексен жұмыс күнінен аспауға тиіс.

7. Қосылған құн салығының қайтаруға ұсынылған асып кету сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексерулерді жүргізу, оны ұзарту және тоқтата тұру мерзімі осы Кодекстің 431 және 433-баптарында көзделген мерзімдер сақтала отырып белгіленеді.

8. Хронометраждық зерттеп-қарауды жүргізу кезінде нұсқамада көрсетілген мерзім отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Бұл ретте хронометраждық зерттеп-қарау, егер тексерілетін тұлға көрсетілген уақытта және күндері өз қызметін жүзеге асыратын болса, жұмыстан тыс уақытта (түнгі уақыт, демалыс, мереке күндері) жүргізілуі мүмкін.

147-бап. Ішінара салықтық тексеру туралы хабарлама

1. Салық органдары, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, ішінара кешенді және (немесе) ішінара тақырыптық тексеруді жүргізу басталғанға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын салық төлеушіге (салық агентіне) уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ішінара салықтық тексеруді жүргізу туралы хабарлама жібереді немесе табыс етеді.

2. Хабарлама салық төлеушіге (салық агентіне) тіркеу деректерінде көрсетілген тұрған жері бойынша жіберіледі немесе табыс етіледі.

Хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберілген хабарлама пошта немесе озге байланыс ұйымының жауабы алынған күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

3. Салық төлеуші (салық агенті) тіркеу деректерінде көрсетілген тұрған жері бойынша болмаған жағдайда, ішінара кешенді және (немесе) ішінара тақырыптық тексеруді жүргізу хабарламай жүзеге асырылады.

4. Хабарламада салықтық тексерудің нысаны, тексерілуге жататын мәселелердің тізбесі, қажетті құжаттардың алдын ала тізбесі, салықтық тексеруді жүргізу кезіндегі салық төлеушінің (салық агентінің) құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ салықтық тексеруді жүргізу үшін қажетті басқа да деректер көрсетіледі.

5. Салық органы салық төлеушінің (салық агентінің) тексеруді жүргізу үшін қажетті, салық салуға байланысты құжаттарды жасырып қалуы немесе жойып жіберуі мүмкін деген негізделген тәуекел болған не тексеруді мүмкін етпейтін немесе оны толық көлемде жүргізуге мүмкіндік бермейтін басқа да мән-жайлар болған жағдайларда, салық төлеушіге (салық агентіне) тексерудің басталғаны туралы хабарламастан ішінара салықтық тексеруді бастауға құқылы.

Салық органы ішінара салықтық тексеруді жоғары тұрған салық органының жазбаша рұқсаты негізінде салық төлеушіге (салық агентіне) хабарламастан жүзеге асырады.

148-бап. Салықтық тексеруді жүргізу үшін негіз

1. Салықтық тексеру нұсқаманың негізінде жүргізіледі, онда мынадай мәліметтер:

1) нұсқаманың салық органында тіркелген күні мен нөмірі;

2) нұсқама шығарған салық органының атауы;

3) салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) не толық атауы;

4) сәйкестендіру нөмірі;

5) тексерудің нысаны мен түрі;

6) тексеретін тұлғалардың, сондай-ақ осы Кодекске сәйкес салықтық тексеруді жүргізуге қатысу үшін тартылатын мамандардың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса);

7) салықтық тексеруді жүргізу мерзімі;

8) хронометраждық зерттеп-қарауды қоспағанда, тексерілетін кезең қамтылуға тиіс.

Нұсқаманың нысанын уәкілетті орган бекітеді.

2. Тақырыптық тексерулерді тағайындау туралы нұсқамада:

1) осы Кодекстің 142-бабы 1-тармағының 12) – 18) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша тақырыптық тексерулер тағайындалған кезде аумақтың тексерілетін учаскесі, тексеру барысында анықтауға жататын мәселелер, сондай-ақ осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 3), 4), 7) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көзделген мәліметтер;

2) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 8) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, осы Кодекстің 142-бабы 1-тармағының 19) – 23) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша тақырыптық тексерулерді тағайындау кезінде осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көзделген мәліметтер;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілмеген мәселелер бойынша тақырыптық тексерулер тағайындалған кезде осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көзделген мәліметтер көрсетілуге тиіс.

3. Хронометраждық зерттеп-қарауды қоспағанда, салықтық тексерулер тағайындалған кезде нұсқамада тексеру нысанына қарай тексерілуге жататын мәселелер көрсетіледі.

Кешенді тексерулер жүргізу кезінде тексерілетін салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің және әлеуметтік төлемдердің түрлері нұсқамада көрсетілмейді.

4. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, нұсқамаға салық органының бірінші басшысы немесе оны алмастыратын адам қол қоюға тиіс.

Қарсы тексерулерді, сондай-ақ хронометраждық зерттеп-қарауды жүргізуге арналған нұсқамаға салық органы басшысының орынбасары не оны алмастыратын адам қол қоюы мүмкін.

Нұсқама Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес салық органының уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылуы мүмкін.

5. Осы Кодекстің 146-бабында көзделген салықтық тексеруді жүргізу мерзімдері ұзартылған және (немесе) тексеруді жүргізетін тұлғалар саны өзгертілген және (немесе) ауыстырылған және (немесе) тексерілетін кезең өзгерген жағдайда қосымша нұсқама ресімделеді, онда алдыңғы нұсқаманың нөмірі мен тіркелген күні, осы Кодексте сәйкес тексеруді жүргізуге тартылатын тұлғалардың тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) көрсетіледі.

Қосымша нұсқама нысанын уәкілетті орган бекітеді.

6. Осы Кодекстің 142-бабы 1-тармағының 12) – 18) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша тақырыптық тексерулерді қоспағанда, бір нұсқама негізінде бір ғана салықтық тексеру жүргізілуі мүмкін.

149-бап. Салықтық тексерулерді жүргізудің басталуы

1. Егер осы баптың 6-тармағында өзгеше белгіленбесе, салық төлеушіге (салық агентіне) нұсқама табыс етілген күн салықтық тексеру жүргізудің басталған күні болып есептеледі.

2. Тексеруді жүргізетін салық органының лауазымды адамы нұсқаманы салық төлеушіге (салық агентіне) табыс етеді.

Нұсқаманы табыс еткен кезде салық төлеуші (салық агенті) салық органы нұсқамасының данасына нұсқамамен танысқаны және оны алғаны туралы қолын, сондай-ақ нұсқаманы алған күні мен уақытын қояды.

Осы тармақтың ережелері осы Кодекстің 142-бабы 1-тармағының 12) – 18) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша тақырыптық тексерулерге қолданылмайды.

3. Осы Кодекстің 142-бабы 1-тармағының 12) – 18) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша тақырыптық тексерулер жүргізілген кезде салық төлеушіге (салық агентіне) немесе оның тауарларды өткізуді, жұмыстарды орындауды немесе қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жұмыскеріне нұсқаманың түпнұсқасы танысу үшін көрсетіледі және оның көшірмесі табыс етіледі.

Нұсқама түпнұсқасына салық төлеушінің (салық агентінің) немесе оның тауарларды өткізуді, жұмыстарды орындауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жұмыскерінің нұсқамамен танысқаны және оның көшірмесін алғаны туралы қолы, нұсқаманың көшірмесін алған күні мен уақыты қойылады.

4. Нұсқаманы алудан бас тартқан жағдайда, салық органының лауазымды адамы салық органы нұсқамасының данасына тиісті жазба жазады және куәгерлерді (кемінде екеу) тарта отырып, салық төлеушінің (салық

агентінің) нұсқаманы алудан бас тартуы туралы акт жасайды.

Бұл ретте салықтық тексеруді жүргізу туралы нұсқаманы алудан бас тарту туралы актіде:

1) жасалған орны мен күні;

2) акт жасаған салық органы лауазымды адамының тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса);

3) тартылған куәгерлердің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), жеке куәлігінің нөмірі, тұрғылықты жерінің мекенжайы;

4) нұсқаманың нөмірі, күні, салық төлеушінің (салық агентінің) атауы, оның сәйкестендіру нөмірі;

5) нұсқаманы алудан бас тартудың мән-жайлары көрсетіледі.

5. Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық тексеруді жүргізу туралы нұсқаманы алудан бас тартуы салықтық тексерудің күшін жою үшін негіз болып табылмайды.

Салық органының нұсқамасын алудан салық төлеушінің (салық агентінің) бас тартуы салық органының лауазымды адамдарын салықтық тексеруге жібермеуді білдіреді.

Осы тамақтың ережелері осы Кодекстің 154-бабының 3-тармағында көрсетілген жағдайларда қолданылмайды.

6. Салық төлеуші (салық агенті) нұсқаманы алудан бас тартқан жағдайда, салық төлеушінің (салық агентінің) нұсқаманы алудан бас тартуы туралы акт жасалған күн тексеру жүргізудің басталған күні болып есептеледі.

7. Салықтық тексеруді жүзеге асыру кезеңінде осы тексеруді:

1) салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық өтініші;

2) егер тексеру сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде жүргізілсе, қылмыстық істің тоқтатылуы бойынша тоқтатуға жол берілмейді.

150-бап. Тексерудің стандартты файлы

1. Тексерудің стандартты файлы салық органдарының ақпараттық жүйелері арқылы талдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, салық төлеушінің (салық агентінің) электрондық форматтағы бухгалтерлік есепке алу деректерін білдіреді.

Салық төлеуші (салық агенті) тексерудің стандартты файлын салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған осындай файлды салық органдарының ақпараттық жүйесіне жүктеу арқылы ерікті түрде ұсынады.

2. Салықтық тексеру, оның ішінде салық төлеуші (салық агенті) тексерудің стандартты файлын ұсынған жағдайда тексерудің стандартты файлы қолданыла отырып:

ішінара салықтық тексеруді жүргізу кезінде – нұсқама табыс етілген күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде;

жоспардан тыс салықтық тексеруді жүргізу кезінде – нұсқама табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жүзеге асырылады.

Стандартты файлдың нысанын және оны жасау тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

151-бап. Хронометраждық зерттеп-қарауды жүргізу ерекшеліктері

1. Хронометраждық зерттеп-қарау салық төлеушінің және (немесе) оның өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады.

2. Хронометраждық зерттеп-қарауды жүргізу үшін салық органдары зерттеп-қаралатын салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объекті бойынша мәселелерді өзі дербес айқындайды. Бұл ретте міндетті түрде мыналарға:

1) салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілерге зерттеп-қарау жүргізілуге тиіс. Салық органдарының, қажет болған кезде, салық төлеушінің тауарлық-материалдық құндылықтарына түгендеу жүргізуге құқығы бар;

2) ақшаның, ақша құжаттарының, бухгалтерлік кітаптардың, есептердің, сметалардың, бағалы қағаздардың, есеп-қисаптардың, декларациялардың және зерттеп-қаралатын салық салу объектісіне және (немесе) салық салуға байланысты объектіге байланысты өзге де құжаттардың болуына;

3) бақылау-касса машинасының фискалдық есебіне зерттеп-қарау жүргізілуге тиіс.

3. Хронометраждық зерттеп-қарауды жүргізетін салық органдарының лауазымды адамдары хронометраждық-байқау карталарына зерттеп-қарау барысында алынған мәліметтердің толық және дәл енгізілуін күн сайын қамтамасыз етуге тиіс. Әрбір салық салу объектісіне және (немесе) салық салуға байланысты объектіге, сондай-ақ басқа да әрбір кіріс алу көзіне бөлек хронометраждық-байқау картасы жасалады, онда мынадай мәліметтер:

1) салық төлеушінің атауы, сәйкестендіру нөмірі және қызмет түрі;

2) зерттеп-қарауды жүргізу күні;

3) салық салу объектісінің және (немесе) салық салуға байланысты объектінің орналасқан жері;

4) хронометраждық зерттеп-қараудың басталу және аяқталу уақыты;

5) өткізілетін тауарлардың, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны;

6) зерттеп-қаралатын салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объект жөніндегі деректер;

7) зерттеп-қарау нәтижелері қамтылады.

4. Күн сайын зерттеп-қаралатын күннің соңында барлық зерттеп-қаралатын салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты

объектілер, сондай-ақ басқа да кіріс алу көздері бойынша жиынтық кесте жасалады.

5. Хронометраждық-байқау картасы мен жиынтық кестеге салық органының лауазымды адамы және салық төлеуші немесе оның өкілі міндетті түрде қол қояды және ол хронометраждық салықтық зерттеп-қарау актісіне қоса беріледі.

Хронометраждық-байқау картасына, қажет болған кезде, хронометраждық-байқау картасында көрсетілген деректерді растайтын, зерттеп-қарау барысында алынған құжаттардың көшірмелері, есеп-қисаптар және басқа да материалдар қоса беріледі.

6. Салық төлеушілерді хронометраждық зерттеп-қарау нәтижелері кешенді немесе тақырыптық тексеру қорытындылары бойынша салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің сомаларын есепке жазуды жүргізу кезінде ескеріледі.

152-бап. Қосылған құн салығының асып кету сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексерулерді жүргізу ерекшеліктері

1. Қосылған құн салығының асып кету сомасының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру:

осы Кодекстің 432-бабының 1 және 2-тармақтарын өздеріне қолдануға байланысты салықтық өтінішті;

қосылған құн салығы бойынша декларацияда көрсетілген қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талапты (бұдан әрі – қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талап) ұсынған салық төлеушіге қатысты тәуекелдерді басқару жүйесін қолдана отырып жүргізіледі.

2. Тексерілетін кезеңге:

салық төлеуші осы Кодекстің 432-бабы 1 және 2-тармақтарының қолданылуына байланысты салықтық өтініште көрсеткен;

қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талап көрсетіле отырып, қосылған құн салығы бойынша декларация тапсырылған салықтық кезеңді қоса алғанда, салық төлеуші қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талапты ұсынған салықтық кезеңнен бастап салықтық кезең кіреді.

Егер осы баптың 3 және 4-тармақтарында өзгеше белгіленбесе, осы тармақта көрсетілген тексерілетін кезеңге салықтың осы түрі бойынша тексеру жүргізілмеген және осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімінен аспайтын салықтық кезеңдер де кіреді.

3. Осы Кодекстің 432-бабына сәйкес қосылған құн салығының қайтаруға ұсынылған асып кету сомасының анықтығын растау мақсатында тақырыптық тексеруді жүргізу кезінде тексерілетін кезеңге:

өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайлар салу басталған;

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жер қойнауын пайдалануға келісімшарт жасалған салықтық кезеңнен басталған уақыт кезеңі кіреді.

Осы Кодекстің 432-бабына сәйкес қосылған құн салығының қайтаруға ұсынылған асып кету сомасының анықтығын растау кезінде осы Кодекстің 145-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес салық төлеушінің салықтық өтініші бойынша жүргізілген салықтық тексерулердің нәтижелері ескеріледі.

2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі салықтық кезеңдерде түзілген, қосылған құн салығының асып кету сомасының анықтығын растау кезінде, қарсы тексерулерді қоса алғанда, салық төлеушіге бұрын жүргізілген салықтық тексерулердің нәтижелері ескеріледі.

4. Осы Кодекстің 433-бабына сәйкес қосылған құн салығының қайтаруға ұсынылған асып кету сомасының анықтығын растау мақсатында салықтық тексеруді жүргізу кезінде тексерілетін кезеңге қосылған құн салығының бақылау шоты пайдаланылған салықтық кезеңдер кіреді.

Осы Кодекстің 433-бабына сәйкес қосылған құн салығының қайтаруға ұсынылған асып кету сомасының анықтығын растау кезінде салық органы салық органдарының ақпараттық жүйелеріндегі:

қосылған құн салығы бойынша декларацияның;

қосылған құн салығының бақылау шоттары бойынша, оның ішінде бюджетке қосылған құн салығын толеу бойынша қосылған құн салығы сомаларының қозғалысын есепке алу үшін ашылған жеке шоттардың;

электрондық шот-фактуралардың деректеріне салыстырып-тексеру жүргізеді.

5. Тауарлар экспортталған жағдайда, осы Кодекске сәйкес қайтарылуға жататын қосылған құн салығының сомасын айқындау кезінде кеден органының Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тауарларды экспорттың кедендік рәсімімен әкету фактісін растайтын мәліметтері ескеріледі.

Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағына тауарлар экспортталған жағдайда, осы Кодекске сәйкес қосылған құн салығының қайтарылуға жататын сомасын айқындау кезінде осы Кодекстің 447-бабында көрсетілген құжаттардың мәліметтері ескеріледі.

6. Кейіннен басқа мемлекеттің аумағына қайта өңдеу өнімдері әкетіле отырып, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар орындалған жағдайда, осы Кодекске сәйкес қайтарылуға жататын қосылған құн салығының сомасын айқындау кезінде осы Кодекстің 449-бабында көрсетілген құжаттардың мәліметтері ескеріледі.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын

мемлекеттің аумағына қайта өңдеу өнімдері кейіннен өткізіле отырып, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше бір мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар орындалған жағдайда, осы Кодексте сәйкес қосылған құн салығының қайтарылуға жататын сомасын айқындау кезінде кеден органыныц қайта өңдеу өнімдерін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан экспорттың кедендік рәсімімен әкету фактісін растайтын мәліметтері ескеріледі.

7. Тауарлар экспортталған жағдайда, қосылған құн салығының қайтарылуға жататын сомасын айқындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде ашылған салық төлеушінің банктік шоттарына валюталық түсім түскен не сыртқы саудадағы тауар алмасу (бартерлік) операциялары бойынша экспортталған тауарларды сатып алушы қосылған құн салығын төлеушіге жеткізген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына іс жүзінде әкелу жүзеге асырылған тауарлардың экспорты ескеріледі.

Сыртқы саудадағы тауар алмасу (бартерлік) операциялары бойынша тауарлар экспортталған жағдайда, қосылған құн салығының қайтарылуға жататын сомасын айқындау кезінде сыртқы саудадағы тауар алмасу (бартерлік) операциясы жөніндегі шарттың (келісімшарттың), сондай-ақ сыртқы саудадағы тауар алмасу (бартерлік) операциясы бойынша экспортталған тауарларды сатып алушы қосылған құн салығын төлеушіге жеткізген тауарлар бойынша тауарларға арналған импорттық декларацияның болуы ескерілді.

Сыртқы саудадағы тауар алмасу (бартерлік) операциялары бойынша Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағына тауарлар экспортталған, зат түрінде қарыз берілген жағдайда, қосылған құн салығының қайтарылуға жататын сомасын айқындау кезінде сыртқы саудадағы тауар алмасу (бартерлік) операциясы жөніндегі шарттың (келісімшарттың), зат түрінде қарыз беру жөніндегі шарттың (келісімшарттың), сондай-ақ көрсетілген операциялар бойынша экспортталған тауарларды сатып алушы қосылған құн салығын төлеушіге жеткізген тауарлар бойынша тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің болуы ескеріледі.

Тауарға меншік құқығының лизинг алушыға өтуі көзделетін лизинг шарты (келісімшарты) бойынша Қазақстан Республикасының аумагынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағына тауарлар әкетілген жағдайда, лизингтік төлемдердің іс жүзінде түсуін растайтын (тауардың (лизинг нысанасының) бастапқы құнын өтеу бөлігінде), Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде ашылған салық төлеушінің банктік шоттарына валюталық түсімнің түсуі ескеріледі.

Қайта өңдеу өнімдері кейіннен басқа мемлекеттің аумағына не Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына әкетіле отырып, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар орындалған жағдайда, осы Кодекске сәйкес қосылған құн салығының қайтарылуға жататын сомасын айқындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде ашылған салық төлеушінің банктік шоттарына валюталық түсімнің түсуі туралы мәліметтер ескеріледі.

Валюталық түсімнің түсуі туралы салық органдарына қорытынды беруді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және екінші деңгейдегі банктер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган бекіткен тәртіппен және нысан бойынша жүзеге асырады.

Салық органдары осы қорытындыны алу үшін осындай қорытынды жасалған күнгі жағдай бойынша валюталық түсімнің түсуі туралы тиісті сұрау салу жібереді.

Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктердегі салық төлеушінің банктік шоттарына валюталық түсімнің түсуі жөніндегі осы тармақтың талаптары осы Кодекстің 393-бабының 2-тармағында аталған салық төлеушілерге қолданылмайды.

8. Салық органы тақырыптық тексеруді жүргізу барысында осы Кодекстің 143-бабында айқындалған тәртіппен тексерілетін салық төлеушінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тікелей берушілеріне қарсы тексерулер тағайындайды.

9. Тексерілетін салық төлеуші мен оның тікелей өнім берушісі – салықтық мониторингке жататын салық төлеуші арасындағы операциялар бойынша қосылған құн салығы сомасының анықтығын растауды тақырыптық тексеруді тағайындаған салық органы салықтық есептілік және (немесе) салық органдарындағы электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйелері деректерінің негізінде жүргізеді.

10. Салық органы тақырыптық тексеруді жүргізу барысында «Пирамида» талдамалық есебін талдау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, өнім берушілердің атына осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 10) тармақшасында көзделген хабарламаны жібереді.

Бұл ретте, егер тексерілетін салық төлеушінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушісі тұрған жері бойынша басқа салық органында тіркеу есебінде тұрса, тақырыптық тексеру тағайындаған салық органы тиісті салық органына тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осындай берушілердің «Пирамида» талдамалық есебін талдау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жоюы бойынша осы Кодексе сәйкес шаралар қабылдау туралы сұрау салу жібереді.

11. Осы Кодекстің мақсаты үшін салық төлеуші (салықтық агент)

ұсынған қосылған құн салығы бойынша салықтық есептілікті және (немесе) ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде салық органдары жүзеге асыратын бақылау нәтижелері «Пирамида» талдамалық есебі болып табылады.

Бұл ретте «Пирамида» талдамалық есебі осы баптың 2-тармағында көзделген салықтық кезеңге қалыптастырылады.

12. Салықтық тексеру аяқталған күні:

1) өнім берушімен өзара есеп айырысулардың анықтығын растау үшін қарсы тексерулер жүргізуге берілген сұрау салуларға жауаптар алынбаған;

2) тексерілетін салық төлеушінің өнім берушілері бойынша «Пирамида» талдамалық есебін талдау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған;

3) қосылған құн салығы сомаларының анықтығы расталмаған;

4) қарсы тексеру жүргізудің мүмкін болмауына байланысты, оның ішінде:

өнім берушінің тұрған жері бойынша болмауы;

өнім берушінің есепке алу құжаттамаларының жоғалуы себебінен қосылған құн салығы сомаларының анықтығы расталмаған сомалардың шегінде қосылған құн салығын қайтару жүргізілмейді.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігі 2) тармақшасының ережелері мынадай:

қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдануға құқығы бар;

құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің кемінде 150 000 000 еселенген мөлшерін құрайтын, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін республикалық индустрияландыру картасы шеңберінде инвестициялық жобаны іске асыратын;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде қызметін жүзеге асыратын және қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талап қойылған салықтық кезеңнің алдындағы соңғы 5 жылға есептелген салықтық жүктеменің орташа коэффициенті кемінде 20 пайыз болатын тексерілетін салық төлеушілердің тікелей өнім берушілері «Пирамида» талдамалық есебінің нәтижелері бойынша анықтаған бұзушылықтарды жойған жағдайда қолданылмайды.

Салықтық тексеру актісінде қосылған құн салығын қайтармау негіздері көрсетіледі.

13. Қосылған құн салығын қайтару уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салықтық тексеру актісіне қорытынды негізінде мынадай жағдайларда:

1) осы Кодекстің 393-бабының 6-тармағында көзделген жағдайда қайта өңдеу өнімдерін сатып алушыға қатысты салық органының сұрау салуына

жауап алынған кезде;

2) осы Кодекстің 432-бабын қолдану кезінде жүргізіледі.

14. Салықтық тексеру актісіне қорытынды тоқсанның соңғы айының 25-інен кешіктірілмей, кемінде екі данада жасалады және оған салық органының лауазымды адамы қол қояды. Салықтық тексеру актісіне қорытындының бір данасы салық төлеушіге табыс етіледі, ол аталған қорытындыны алғаны туралы басқа данада белгі қоюға міндетті.

15. Тақырыптық тексеру актісі және салықтық тексеру актісіне қорытынды бойынша расталған қосылған құн салығы асып кетуінің жалпы сомасы тексерілген кезеңге қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талапта көрсетілген сомадан аспауға тиіс.

16. Егер салықтық тексеруді жүргізу кезінде өнім беруші таратылуына байланысты қызметін тоқтатса және осындай өнім берушіге қатысты таратудың салықтық тексеруі жүргізілген болса, есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасын растау өткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер бойынша шот-фактуралар тізілімінің және (немесе) таратуды тексеру нәтижелері ескеріле отырып, электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйелерінің мәліметтері негізінде жүргізіледі.

17. Осы баптың ережелері қайтарудың оңайтылған тәртібі қолданылған, салық төлеушіге бюджеттен қайтарылған қосылған құн салығының асып кету сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру, қосылған құн салығының қайтаруға ұсынылған және қайтарылған асып кету сомаларының анықтығын растау бойынша жоспардан тыс тақырыптық тексеру жүргізілген, сондай-ақ салық органы қосылған құн салығының қайтаруға ұсынылған асып кету сомаларының анықтығын растау мәселесін кешенді тексеруге қосқан жағдайда да қолданылады.

153-бап. Қосарланған салық салуды болғызбау және салықтарды төлеуден жалтаруға жол бермеу мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелерін қолдануға байланысты бейрезидент бюджеттен қайтаруды ұсынған табыс салығын растау мәселесі бойынша салық агенттері болып табылатын салық төлеушілерге тақырыптық тексерулер жүргізу ерекшеліктері

1. Бейрезиденттің салықтық өтініші негізінде бюджеттен табыс салығын қайтару мәселесі бойынша тақырыптық тексеру осы Кодекстің 48-бабында айқындалған тәртіппен есептелетін кезеңге осындай салықтық өтініш берген бейрезиденттің кірісінен төлем көзінен табыс салығын есептеу, ұстап қалу және аудару бойынша салықтық міндеттемелерді орындауы тұрғысынан салық агентіне қатысты жүргізіледі.

2. Салық органы бейрезиденттің салықтық өтінішін алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде тақырыптық тексеру жүргізуді тағайындауға

міндетті.

3. Салық органы тақырыптық тексеруді жүргізу барысында құжаттарды мынадай тұрғыдан:

1) бейрезиденттің кірістерінен төлем көзінен табыс салығын есептеу, ұстап қалу және аудару бойынша салықтық міндеттемелерді салық агентінің толық орындауын;

2) бейрезиденттің осы Кодекстің 220-бабына немесе халықаралық шартқа сәйкес тұрақты мекеме құруын;

3) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасына сәйкес өтініш беруші бейрезиденттің есептік тіркелуін, осы Кодекстің 76-бабында айқындалған тәртіппен салық төлеуші ретінде тіркелуін;

4) бюджеттен табыс салығын қайтаруға арналған салықтық өтініште көрсетілген деректердің анықтығын тексереді.

154-бап. Салық органының және өзге де мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының салықтық тексеруді жүргізу үшін аумаққа және (немесе) үй-жайға кіруі

1. Салық төлеуші (салық агенті) салық органының лауазымды адамдары нұсқаманы және қызметтік куәліктерін көрсеткен кезде осы лауазымды адамдардың және өзге де мемлекеттік органдардың салықтық тексеруді жүргізуге қатысу үшін тартылатын лауазымды адамдарының кірістер алу үшін пайдаланылатын аумаққа немесе үй-жайға (тұрғын үй-жайлардан басқа) не салық салу объектілеріне және (немесе) салық салуға байланысты объектілерге зерттеп-қарау үшін кіруін қамтамасыз етуге міндетті.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) аумағына және (немесе) үй-жайына жіберілу үшін қажет болса, салық органының лауазымды адамдарында арнайы рұқсаттар болуға тиіс.

3. Салық төлеуші (салық агенті) салық органдары лауазымды адамдарының және өзге де мемлекеттік органдардың салықтық тексеруді жүргізуге қатысу үшін тартылатын лауазымды адамдарының салық төлеушінің (салық агентінің) аумағына және (немесе) үй-жайына кіруіне мынадай:

1) лауазымды адамдар нұсқаманы және (немесе) қызметтік куәліктерін көрсетпеген;

2) лауазымды адамдар нұсқамада көрсетілмеген;

3) лауазымды адамдардың салық төлеушінің (салық агентінің) аумағына және (немесе) үй-жайына арнайы рұқсаты болмаса, егер мұндай рұқсат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажет болған жағдайларда бас, тартуға құқылы.

4. Салық органдарының салықтық тексеру жүргізетін лауазымды адамдарының және өзге де мемлекеттік органдардың салықтық тексеруді жүргізуге қатысу үшін тартылатын лауазымды адамдарының салық төлеушінің (салық агентінің) аумағына және (немесе) үй-жайына кіруіне салық төлеуші (салық агенті) негізсіз бас тартқан және (немесе) кедергі келтірген жағдайда, рұқсат бермеу туралы акт жасалады.

5. Рұқсат бермеу туралы актіге салық органының салықтық тексеру жүргізетін лауазымды адамдары және салық төлеуші (салық агенті) қол қояды.

Салық төлеуші (салық агенті) көрсетілген актіге қол қоюдан бас тартқан кезде бас тарту себебі туралы жазбаша түсінік беруге міндетті.

Салық төлеуші (салық агенті) рұқсат бермеу туралы актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, тексеру жүргізетін салық органының лауазымды адамы көрсетілген актіде бұл туралы тиісті жазба жасайды. Бұл ретте көрсетілген актіге осы Кодексте айқындалған тәртіппен тартылған куәгерлер де қол қояды.

155-бап. Салық органының лауазымды адамдарының салықтық тексеруді жүргізу кезіндегі құқықтары мен міндеттері

1. Салық органының лауазымды адамдарының салықтық тексеруді жүргізу кезінде:

1) екінші деңгейдегі банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тексерілетін тұлғаның банктік шоттарының болуы және нөмірлері туралы құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ тексеруді жүргізу үшін қажетті, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік құпияны құрайтын салық төлеушілердің (тексерілетін тұлғалардың) шоттары бойынша ақша қалдықтары мен қозғалысына қатысты құжаттар және мәліметтерді талап етуге және алуға;

2) мемлекеттік органдардан тексеруді жүргізу үшін қажетті, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес коммерциялық, банктік, салықтық және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын құжаттар мен мәліметтерді сұратуға және алуға;

3) қағаз және электрондық жеткізгіштерде есепке алу құжаттамасын, сондай-ақ тексеру нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорларға (ақпараттық жүйелерге) қолжетімділікті талап етуге және алуға;

4) салықтық тексеру барысында туындайтын мәселелер бойынша салық төлеушіден, оның ішінде оның жұмыскерлерінен жазбаша түсініктемелер талап етуге және алуға;

5) салықтық тексеруді жүргізу барысында туындаған мәселелер бойынша мемлекеттік және шет мемлекеттердің озге де органдарына (ұйымдарына) сұрау салулар жіберуге;

6) екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан

Республикасының заңдарына сәйкес банктік құпияны құрайтын, өз клиенттерінің банктік шоттары туралы мәліметтерді қамтитын бағдарламалық қамтамасыз ету және (немесе) ақпараттық жүйесі деректерін көруге қол жеткізу құқығын қоспағанда, салық төлеушіден (салық агентінен) бастапқы есепке алу құжаттарының деректері, бухгалтерлік есепке алу тіркелімдері, салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы ақпарат қамтылатын бухгалтерлік және салықтық есепке алуды автоматтандыруға арналған, пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз етудің және (немесе) ақпараттық жүйенің деректерін көруге қол жеткізуді талап етуге құқығы бар.

Осы тармақшада белгіленген ерекшелік салық органдарының кірістер мен шығыстарға қатысты салықтық тексеруді жүргізу барысында қойылатын талаптарына қолданылмайды;

7) салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объект болып табылатын мүлікті тұрған жеріне қарамастан зерттеп-қарауға, тексерілетін тұлғаның мүлкіне (тұрғын үй-жайлардан басқа), оның ішінде тауар-көлік жүккұжаттарында көрсетілген мәліметтерге сәйкестігіне түгендеу жүргізуге;

8) салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді осы Кодексте айқындалған тәртіппен жанама әдіспен айқындауға құқығы;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген озге де құқықтары бар.

2. Салықтық тексеруді жүргізу кезінде салық органының лауазымды адамдары:

1) тексерілетін тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға, құқыққа сыйымсыз шешімдермен және әрекеттермен (әрекетсіздігімен) тексерілетін тұлғаға зиян келтіруге жол бермеуге;

2) салықтық тексеруді жүргізу кезінде алынған және жасалған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексерілетін тұлғаның келісімінсіз олардың мазмұнын жария етпеуге;

3) қызметтік әдепті сақтауға;

4) тексерілетін тұлғаға салықтық тексеруді жүргізу кезінде оның құқықтары және міндеттері туралы ақпарат беруге;

5) салық органының лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат беруге;

6) салықтық тексеруді жүргізу кезеңінде салық төлеушінің (тексерілетін тұлғаның) белгіленген жұмыс режимін бұзбауға;

7) тексерілетін тұлғаның талап етуі бойынша тексеруді жүргізу тәртібіне қатысты осы Кодекстің ережелері туралы қажетті ақпаратты ұсынуға;

8) салықтық тексеруді жүргізу кезінде тексерілетін тұлғаның

өкілдеріне нұсқаманы және өздерінің қызметтік куәліктерін көрсетуге;

9) осы Кодексте көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

156-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық тексеруді жүргізу кезіндегі құқықтары мен міндеттері

1. Салық төлеуші (салық агенті) салықтық тексеруді жүргізу кезінде:

1) тексеруді жүргізу тәртібіне қатысты осы Кодекстің және Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелері туралы ақпаратты салық органынан сұратуға және олардан алуға;

2) салықтық тексеруді жүргізетін салық органдарының лауазымды адамдарынан салықтық тексеру туралы нұсқаманы және қызметтік куәліктерін көрсетуді талап етуге;

3) салықтық тексеруді жүргізу кезінде қатысуға және салықтық тексеру нысанасына қатысты мәселелер бойынша түсінік беруге;

4) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған тәртіппен салықтық тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық беруге;

5) осы Кодексте көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

2. Салық төлеуші (салық агенті) салықтық тексерулер жүргізу кезінде:

1) салық органы лауазымды адамдарының талап етуі бойынша белгіленген мерзімдерде құжаттар мен мәліметтерді қағаз жеткізгіште, ал қажет болған кезде, электрондық жеткізгіште де ұсынуға;

2) осы Кодекстің 23-тарауына сәйкес салық төлеуші (салық агенті) жасаған есепке алу құжаттамасын ұсынуға;

3) салық органының салықтық тексеру жүргізетін лауазымды адамдарының және осындай тексеруді жүргізуге қатысу үшін тартылатын лауазымды адамдардың тексерілетін тұлғаның аумағына және (немесе) үй-жайына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге және оларға жұмыс орнын беруге;

4) салықтық тексерулер барысында түгендеу жүргізуді қамтамасыз етуге;

5) салық органының салықтық тексерулер жүргізетін лауазымды адамдарының талап етуі бойынша салық төлеуші (салық агенті) қызметінің мәселелері бойынша жазбаша және ауызша түсініктемелер беруге;

6) осы Кодекстің 155-бабы 1-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген бағдарламалық қамтамасыз ету және (немесе) ақпараттық жүйе деректерін көруге қолжетімділік беруге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

157-бап. Салықтық тексерудің алдын ала актісі

Осы Кодекстің 158-бабында көзделген салықтық тексеру актісі

жасалғанға дейін салық органының лауазымды адамы салық төлеушіге салықтық тексерудің алдын ала актісін табыс етеді.

Осы Кодекстің мақсаты үшін салықтық тексерудің алдын ала актісі деп Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес тексеруші жасаған, салықтық тексерудің алдын ала нәтижелері туралы құжат түсініледі.

Бұл ретте салық төлеуші салықтық тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық беруге құқылы.

Осы баптың ережелері қолданылатын салық төлеушілер санаттарын, сондай-ақ салық төлеушіге салықтық тексерудің алдын ала актісін табыс ету, салықтық тексерудің алдын ала актісіне жазбаша қарсылық беру, сондай-ақ осындай қарсылықты қарау тәртібі мен мерзімдерін уәкілетті орган бекітеді.

158-бап. Салықтық тексерудің аяқталуы

1. Салық органының лауазымды адамы салықтық тексеру аяқталған соң:

1) тексеру актісін жасау орны мен күнін;

2) тексерудің түрі мен нысанын;

3) салық органының салықтық тексеру жүргізген лауазымды адамдарының лауазымын, тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса);

4) салық органының атауын;

5) салық төлеушінің (салық агентінің) тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса) не толық атауын;

6) тексерілетін тұлғаның тұрған жерін, банктік деректемелерін, сондай-ақ оның сәйкестендіру нөмірін;

7) салық төлеушінің (салық агентінің) басшысы мен салықтық және бухгалтерлік есептілікті жүргізуге және салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді төлеуге жауапты лауазымды адамдарының тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса);

8) алдыңғы тексеру және бұрын анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметтерді (кешенді немесе тақырыптық тексерулер жүргізілген кезде);

9) тексерілетін кезеңді және тексеруді жүргізу үшін салық төлеуші (салық агенті) ұсынған құжаттар туралы жалпы мәліметтерді;

10) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары бұзылған тиісті ережелерін көрсете отырып, анықталған бұзушылықтардың егжей-тегжейлі сипаттамасын;

11) тексеру нәтижелерін көрсете отырып, салықтық тексеру актісін жасайды.

2. Салықтық тексеру актісі кемінде екі дана болатын санда жасалады, оған салық органының тексеру жүргізген лауазымды адамдары қол қояды.

3. Салық төлеушіге (салық агентіне) салықтық тексеру актісі табыс

етілген күн салықтық тексеру мерзімінің аяқталуы болып есептеледі.

Салықтық тексеру актісін алған кезде салық төлеуші (салық агенті) салық органдарының салықтық тексеру актісінің данасына қолын және оны алған күнін қоюға міндетті.

Салық төлеушінің (салық агентінің) тұрған жерінде болмауына байланысты оған салықтық тексеру актісін табыс ету мүмкін болмаған кезде осы Кодексте айқындалған тәртіппен куәгерлерді тарта отырып, салықтық зерттеп-қарау жүргізіледі. Бұл ретте салықтық зерттеп-қарау актісін жасау күні салықтық тексеру актісін табыс ету күні болып табылады.

4. Егер салықтық тексеру аяқталған соң Қазақстан Республикасының салық заңнмасын, сондай-ақ бақылау салық органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасын бұзушылық анықталмаса, салықтық тексеру актісіне бұл туралы тиісті жазба жасалады.

5. Салықтық тексеру аяқталған күні салық төлеушінің (салық агентінің) тұрған жері бойынша және (немесе) салықтық тексеруді жүргізу орны бойынша салық төлеуші (салық агенті) болмаған жағдайларда, салық органының салықтық тексеру жүргізген лауазымды адамы салықтық тексеру актісіне тиісті жазба жасайды.

6. Салықтық тексеру актісіне, осы Кодекстің 30-бабына сәйкес салықтық құпия болып табылатын мәліметтерді қоспағанда, құжаттардың қажетті көшірмелері, салық органының лауазымды адамы жүргізген есеп-қисаптар және салықтық тексеру барысында алынған басқа да материалдар қоса беріледі.

7. Егер таратудың салықтық есептілігі алынған күннен бастап таратудың салықтық тексеруі аяқталған күнге дейінгі кезеңде салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді және әлеуметтік төлемдерді есептеу және төлеу жөніндегі міндеттемелер туындаса, мұндай міндеттемелер өсімпұл есепке жазылмай және айыппұл санкциялары қолданылмай, салықтық тексеру актісіне қосымшада көрсетіледі.

159-бап. Салықтық тексерудің нәтижелері бойынша шешім

1. Салықтық тексеру аяқталған соң салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің сомаларын есепке жазуға, залалдардың азаюына, бейрезиденттердің кірістерінен төлем көзінен ұстап қалынған қосылған құн салығының және (немесе) корпоративтік (жеке) табыс салығының асып кету сомаларын қайтарудың расталмауына алып келетін бұзушылықтар анықталған жағдайда, салық органы тексеру нәтижелері туралы хабарлама шығарады, ол осы Кодекстің 114 және 115-баптарына сәйкес белгіленген тәртіппен және мерзімдерде салық төлеушіге (салық агентіне) жіберіледі (табыс етіледі).

2. Салық органы тексеру нәтижелері туралы хабарламаны және салықтық тексеру актісін тіркеуді бір нөмірмен жүзеге асырады.

3. Тексеру нәтижелері туралы хабарламада мынадай деректемелер мен мәліметтер қамтылуға тиіс:

1) хабарлама мен салықтық тексеру актісінің тіркелген күні және нөмірі;

2) салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса) не толық атауы;

3) салық төлеушінің (салық агентінің) сәйкестендіру нөмірі;

4) есепке жазылған салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің, әлеуметтік төлемдер мен өсімпұлдардың сомасы;

5) азайтылған залалдар сомасы;

6) қосылған құн салығының қайтаруға расталмаған асып кету сомасы;

7) бейрезиденттердің кірістерінен төлем көзінен ұстап қалынған корпоративтік (жеке) табыс салығының қайтаруға расталмаған сомасы;

8) төлеу туралы талап және толеу мерзімдері;

9) тиісті салықтардың және бюджетке төленетін төлемдер мен өсімпұлдардың деректемелері;

10) шағым жасау мерзімдері мен орны.

4. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде жүргізілетін салықтық тексеру жағдайында сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілетін салық төлеушіні тексеру нәтижелері туралы хабарлама қылмыстық істі қарау аяқталғаннан кейін шығарылады.

Бұл ретте тексеру нәтижелері туралы хабарлама қылмыстық істің аяқталғанын растайтын ресми құжат алынған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей шығарылады және салық төлеушіге табыс етіледі.

5. Тексеру нәтижелері туралы хабарлама салық төлеушінің (салық агентінің) жеке өзіне табыс етілуге және оның қолымен куәландырылуға немесе хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберілуге тиіс. Хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберілген тексеру нәтижелері туралы хабарлама, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, пошта байланысы немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасына салық төлеушінің (салық агентінің) алғандығы туралы белгі қойылған күннен бастап салық төлеушіге (салық агентіне) табыс етілді деп есептеледі.

6. Салық органдары хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы салық төлеушіге (салық агентіне) жіберген тексеру нәтижелері жөніндегі хабарламаларды пошта немесе өзге байланыс ұйымы қайтарған жағдайда:

1) осы Кодексте белгіленген негіздер және тәртіп бойынша куәгерлерді тарта отырып салықтық зерттеп-қарауды жүргізу;

2) егер салықтық тексеру актісі осы Кодекстің 158-бабының 3-тармағына сәйкес салықтық зерттеп-қарау актісінің негізінде табыс етілсе, осындай хатты пошта немесе өзге байланыс ұйымының қайтару күні осындай хабарламаларды табыс ету күні болып табылады.

7. Тексеру нәтижелері туралы хабарламаны алған салық төлеуші (салық агенті), егер тексеру нәтижелеріне шағым жасамаса, оны хабарламада

белгіленген мерзімдерде орындауға міндетті.

8. Салық төлеуші (салық агенті) тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің және (немесе) өсімпұлдың есепке жазылған сомасымен келіскен жағдайда, салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді төлеу жөніндегі салықтық міндеттемені, сондай-ақ өсімпұлды төлеу жөніндегі міндеттемені орындау мерзімдері, егер осы Кодекстің 51-бабында өзгеше белгіленбесе, төлеу графигі қоса беріле отырып, салық төлеушінің (салық агентінің) өтініші бойынша алпыс жұмыс күніне ұзартылуы мүмкін.

Бұл ретте көрсетілген сома төлеу мерзімі ұзартылған әрбір күнге өсімпұл есепке жазыла отырып, бюджетке төленуге жатады және көрсетілген кезеңнің әрбір он бес жұмыс күн сайын тең үлестермен төленіп отырады.

Мынадай:

тексеру нәтижелері бойынша есепке жазылған акциздің және төлем көзінен ұстап қалынатын салықтардың сомаларын төлеу бойынша;

тексеру нәтижелеріне шағым жасалғаннан кейін тексеру нәтижелері бойынша есепке жазылған салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің және өсімпұлдың сомаларын төлеу бойынша осы тармақта айқындалған тәртіппен салықтық міндеттемені орындау мерзімі ұзартылуға жатпайды.

9. Осы Кодекстің 158-бабының 7-тармағында көрсетілген міндеттемелердің сомасы осы Кодекстің 115-бабында айқындалған тәртіппен салық төлеушіге жіберілген, таратудың салықтық есептілігін ұсынған күннен бастап таратудың салықтық тексеруі аяқталған күнге дейінгі кезеңде салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің және әлеуметтік төлемдердің есепке жазылған сомасы туралы хабарламада көрсетіледі.

10. Егер осы Кодекстің 142-бабы 1-тармағының 8) және 11) тармақшаларында көрсетілген тақырыптық тексерулерден басқа, жоспардан тыс салықтық тексеруді жүргізу кезінде салық органы сол бір салықтық кезеңде сол бір мәселе бойынша салық төлеушінің (салық агентінің) алдыңғы салықтық тексерулердің кез келгенін жүргізу кезінде анықталмаған Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылық жасау фактісін анықтаса, салық төлеушіге қатысты мұндай бұзушылық үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу басталмайды, ал басталған іс тоқтатылуға жатады.

Осы тармақтың ережелері Қазақстан Республикасының салық заңнамасын:

1) салықтың немесе төлемнің осы түрі бойынша бұрын тексерілген салықтық кезеңге қосымша салықтық есептілікті ұсыну арқылы салық төлеушінің (салық агентінің) салықтың немесе бюджетке төленетін төлемнің төлеуге жататын сомасын азайтуы бөлігінде;

2) салық органының сол бір салықтық кезеңде алдыңғы салықтық тексерулердің кез келгенін жүргізу кезінде жіберген сұрау салуына жауаптың нәтижелері бойынша, егер көрсетілген жауап осындай тексеру аяқталғаннан

кейін алынған болса;

3) салықтың немесе бюджетке төленетін төлемнің төлеуге жататын сомасына әсер ететін және салық төлеуші (салық агенті) салықтың немесе төлемнің осы түрі бойынша сол бір салықтық кезеңде алдыңғы салықтық тексерулердің кез келгенін жүргізу барысында салық органының жазбаша сұрау салуына ұсынбаған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша;

4) соттың үкімі немесе қаулысы заңды күшіне енгеннен кейін жеке кәсіпкерлік субъектісі іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жасаған шот-фактура жазып беру жөніндегі әрекетке (әрекеттерге) қатысты, егер салық органы осындай әрекет (әрекеттер) туралы мәліметтерді мұндай әрекет (әрекеттер) жасалған салықтық кезеңде алдыңғы салықтық тексерулердің кез келгені аяқталғаннан кейін алғаш рет алса, анықталған бұзушылықтарға қолданылмайды.

3-параграф. Салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді жекелеген жағдайларда, оның ішінде жанама әдіспен айқындау

160-бап. Жалпы ережелер

1. Есепке алуды жүргізу тәртібі бұзылған жағдайда, есепке алу құжаттамасы жоғалған немесе жойылған кезде салық органдары салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді осы бапта және осы Кодекстің 161, 162 және 163-баптарында айқындалған тәртіппен жанама әдістер (активтер, міндеттемелер, айналымдар, шығындар, шығыстар) негізінде айқындайды.

2. Осы Кодекстің 161-бабына сәйкес салық органдарының талаптары негізінде сұратылатын салықтық міндеттемелерді есептеу үшін салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін негіз болып табылатын құжаттардың болмауы немесе оларды салық төлеушінің (салық агентінің) ұсынбауы есепке алуды жүргізу тәртібін бұзу, есепке алу құжаттамасын жоғалту немесе жою деп түсініледі.

3. Активтерді, міндеттемелерді, айналымды, шығыстарды бағалау, сондай-ақ осы Кодексте сәйкес нақты салыққа және бюджетке төленетін төлемге қатысты салықтық міндеттемені есептеу үшін қабылданатын басқа да салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді бағалау негізінде салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің сомаларын айқындау салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындаудың жанама әдістері деп түсініледі. Салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді бағалау салықтық есептіліктен және (немесе) бастапқы есепке алу құжаттарынан, сондай-ақ басқа да көздерден алынған ақпарат негізінде жүзеге

асырылады.

161-бап. Есепке алу құжаттары (мәліметтері) және өзге де құжаттар (мәліметтер) болмаған кездегі салықтық тексерулер

Егер салықтық тексеру барысында салық төлеуші (салық агенті) салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін қажетті құжаттардың барлығын немесе бір бөлігін ұсынбаған болса, салық төлеушіге (салық агентіне) көрсетілген құжаттарды ұсыну немесе қалпына келтіру туралы салық органының талабы, сондай-ақ салықтық тексеруді тоқтата тұру туралы хабарлама міндетті түрде табыс етіледі.

Салық төлеушіге (салық агентіне) талап ету табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде салық органының талабы орындалуға жатады.

Салық органының талабы бойынша салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған салық төлеуші (салық агенті) көрсетілген құжаттарды ұсынбау себептерін жазбаша түсіндіруге міндетті.

162-бап. Ақпарат көздері

1. Салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді жанама әдістер негізінде айқындау үшін салық органдары мәнжайларға, тексерілетін салық төлеуші (салық агенті) қызметінің сипаты мен тегіне қарай мынадай:

1) екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттарында ақшаның болуы және оның қозғалысы туралы үзінді көшірмелерді;

2) уәкілетті мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың, жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы;

3) салық төлеушінің (салық агентінің) бухгалтерлік есепке алу деректерімен салыстыруға жататын салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шоты негізінде салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер сомаларының есепке жазылуы және түсуі туралы;

4) салық төлеуші (салық агенті) мен оның өнім берушілері және сатып алушылар тексерілетін салықтық кезең үшін және алдыңғы салықтық кезеңдер үшін ұсынған салықтық есептілік нысандарынан алынған салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы;

5) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы, сондай-ақ өзге де көздерден алынған, тауарларды тиеп-жөнелтуді және

(немесе) жұмыстарды орындауды және (немесе) қызметтерді көрсетуді жүзеге асырған тұлғаларға қатысты қарсы тексерулер нәтижелері туралы;

6) салық органы бұрын жүргізілген салықтық тексерулер, оның ішінде тексерілетін салық төлеушінің (салық агентінің) салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объект болып табылатын мүлкін (тұрғын үй-жайлардан басқа) түгендеу кезінде алған;

7) салық органы салықтық және кедендік бақылаудың өзге де нысандарының нәтижелері бойынша алған мәліметтерді пайдалануы мүмкін.

2. Салық органдары:

1) банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға;

2) тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға, жергілікті атқарушы органдарға және Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын өзге де ұйымдарға;

3) тексерілетін салық төлеушінің өнім берушілерімен және сатып алушыларымен озара есеп айырысулар мәселесі бойынша қарсы салықтық тексерулер жүргізу туралы басқа да салық органдарына;

4) шет мемлекеттердің құзыретті органдарына сұрау салулар жібереді.

3. Қажетті ақпарат мынадай көздерден де (құжаттамалық расталған):

1) тексерілетін салық төлеуші (салық агенті) орындаған қызмет көрсетулер құны туралы тапсырыс берушілерден және сатып алынған өнімнің құны мен көлемі туралы сатып алушылардан;

2) тексерілетін салық төлеушіге (салық агентіне) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің өндірісі және айналымы саласында қызметтер көрсеткен, шикізатты, энергия ресурстарын және қосалқы материалдарды жіберуді жүзеге асырған жеке және заңды тұлғалардан алынуы мүмкін.

4. Ақпарат көздері мән-жайларға, тексерілетін салық төлеушінің (салық агентінің) қызмет сипаты мен тегіне қарай әрбір нақты жағдайда ерекшеленуі мүмкін.

163-бап. Салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау тәртібі

1. Салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау осы Кодекстің 162-бабында айқындалған тәртіппен алынған ақпараттың негізінде жүргізіледі.

2. Кірісті есептеу үшін салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттарына, төлем карточкаларына, сондай-ақ банктік шотынан үзінді көшірмемен расталатын өзге де төлем және есеп-қисап құжаттарынан ақшаның түсуі туралы ақпарат және салық төлеушінің (салық агентінің) ақшаны алу фактісін растайтын басқа да ақпарат (құжаттар) пайдаланылады.

3. Осы Кодекстің 162-бабында айқындалған жеке тұлғалар немесе

ұйымдар тексерілетін салық төлеушіде (салық агентінде) басқа да алынған (алынуға жататын) кірістердің бар екендігіне қатысты ақпарат берген кезде осы кірістердің сомасы кірістің жалпы сомасына (салық салынатын айналымға) енгізілуге жатады.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің салық органдары берген ақпарат негізінде салық төлеушінің (салық агентінің) экспорттық операциялары бойынша валюталық түсім сомаларының түсу фактісі анықталған жағдайда, валюталық түсімнің бұл сомасы өткізу бойынша айналым мөлшеріне және жиынтық кіріс құрамына енгізіледі.

5. Осы бапқа сәйкес салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау кезінде салық төлеушінің (салық агентінің) бастапқы құжаттармен расталмаған шығыстары корпоративтік табыс салығын есептеу үшін шегерімдерге және қосылған құн салығын есептеу үшін есепке жатқызуға жатпайды.

6. Акцизделетін тауарлар бойынша салық салынатын база осы Кодекстің 466-бабының негізінде айқындалады.

Бұл ретте өндірілген акцизделетін тауарлардың көлемі шикізаттың, энергия ресурстары мен қосалқы материалдардың шығыстары мен ысыраптарының салалық нормаларына сәйкес айқындалады.

7. Салық төлеушіде (салық агентінде) бастапқы құнын растайтын құжаттары жоқ негізгі құралдардың, оның ішінде құрылысы аяқталмаған объектілердің, көлік құралдарының, жер учаскелерінің, материалдық емес активтердің, инвестициялық жылжымайтын мүліктің бар екендігі анықталған кезде, көрсетілген мүліктің нарықтық құны осы салық төлеушінің жиынтық кірісіне қосылады.

Объектілердің нарықтық құны салық органдары тартатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметін жүзеге асыратын бағалаушы есебінің негізінде айқындалады.

8. Жалақы төлеуге арналған банктік шоттан ақша алу және (немесе) жеке тұлғалардың банктік шоттарына банктік шоттан ақша аудару фактілері анықталған кездегі ақша да жеке табыс салығын, әлеуметтік салықты салу объектісі болуы мүмкін. Бұл ретте салықтық міндеттеме салық төлеушіге (салық агентіне) немесе үшінші тұлғаларға тиісті ақша сомаларын аудару (беру) туралы салық төлеушінің (салық агентінің) өкімін екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым орындаған кезде туындайды.

9. Салық органдары жанама әдістер негізінде айқындаған салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтер салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық есептілік нысандарында көрсетілген тиісті деректермен және салық органдарына ұсынылған өзге де есептермен салыстырылады.

10. Егер салық төлеуші (салық агенті) салықтық есептілікте мәлімдеген

салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің сомасы жанама әдістерді қолдану негізінде айқындалған салықтардың сомасынан асып түскен жағдайда, тексеру кезінде салық төлеуші (салық агенті) салықтық есептілікте көрсеткен салықтардың сомасы қабылданады.

11. Егер салық төлеуші (салық агенті) салықтық есептілікте мәлімдеген кіріс сомасы басқа (қосымша) ақпарат көздерінен анықталған кіріс сомасынан асып түскен жағдайда, тексеру кезінде салықтық есептілікте көрсетілген кіріс сомасы қабылданады.

164-бап. Салық салу объектілерін жекелеген жағдайларда айқындау

1. Егер жеке тұлғаның салық декларациясында көрсетілген кірістері жеке тұтынуға, оның ішінде мүлік сатып алуға жұмсаған шығыстарына сәйкес келмесе, салық органдары кіріс пен салықты өткен кезеңдердегі кірістерді ескере отырып, оның жұмсаған шығыстары негізінде айқындайды.

2. Басқа да тұлғалар мен органдар көрсетілген кірісті алудың заңдылығына дау айтатын жағдайларда, кіріс салық салынуға жатады.

3. Егер кіріс сот шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда бюджетке алып қоюға жататын болса, онда көрсетілген кіріс одан толенген салық сомасы шегерілмей алып қойылады.

4. Салық органдары жеке тұлғаның толем көзінен жеке табыс салығын салуға жатпайтын дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелмей кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан, сондай-ақ осы Кодекстің 36-тарауында белгіленген мүліктік кіріске немесе өзге де кірістерге жатпайтын кірістер алу фактісін анықтаған кезде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына немесе Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелуге алып келетін кірістер шегінен асатын мөлшерде айқындалған осындай кіріс осы Кодекстің 320-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша жеке табыс салығын салуға жатады.

19-тарау. БАҚЫЛАУ-КАССА МАШИНАЛАРЫН ҚОЛДАНУ

165-бап. Осы тарауда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы тарауда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақшалай есеп айырысулар – қолма-қол ақша және (немесе) төлем карточкаларын пайдалана отырып есеп айырысулар арқылы тауарды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін жүзеге асырылатын есеп айырысулар;

2) бақылау-касса машиналарына техникалық қызмет корсету орталығы

(бұдан әрі – техникалық қызмет көрсету орталығы) – бақылау-касса машиналарына техникалық қызмет көрсету бойынша жарғыға (қызмет түріне) сәйкес қызметін жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъект;

3) бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізілімі (бұдан әрі – мемлекеттік тізілім) – уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат берген бақылау-касса машиналары модельдерінің тізбесі;

4) бақылау-касса машинасы – тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар туралы ақпаратты тіркеуді және көрсетуді қамтамасыз ететін, деректерді беру функциясы жоқ фискалдық жады блогы бар электрондық құрылғы, деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар (жоқ) аппараттық-бағдарламалық кешен, деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар электрондық құрылғы;

5) бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасы – бақылау-касса машинасының салық органында тіркелу (есептен шығарылу) фактісін растайтын есепке алу құжаты;

6) бақылау-касса машинасының чегі – сатушы (тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті беруші) мен сатып алушы (клиент) арасындағы ақшалай есеп айырысудың жүзеге асырылу фактісін растайтын, қағаз түрінде не электрондық түрде берілген бақылау-касса машинасының бастапқы есепке алу құжаты;

7) көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу терминалы – көрсетілген қызметтер үшін қолма-қол ақша қабылдауға не төлем карточкаларын пайдалана отырып есеп айырысуларға арналған электрондық-механикалық құрылғы;

8) қолма-қол ақшаны есепке алу кітабы – қолма-қол ақшаның, тауар чектерінің, бақылау-касса машинасының фискалдық жады немесе фискалдық деректерді жинақтауышы көрсеткіштерінің ауысым сайынғы айналымын есепке алу журналы;

9) салық органының пломбасы – фискалдық жады блогы бар бақылау-касса машинасының корпусын санкциясыз ашудан қорғау құралы;

10) сауда автоматы – автоматты режимде қолма-қол ақша немесе төлем картөчкаларын пайдалана отырып есеп айырысулар арқылы тауарларды өткізуді жүзеге асыратын электрондық-механикалық құрылғы;

11) тауар чегі – бақылау-касса машинасының техникалық ақауы болған немесе электр энергиясы болмаған жағдайларда пайдаланылатын ақшалай есеп айырысудың жүзеге асырылу фактісін растайтын бастапқы есепке алу құжаты;

12) тауар чектерінің кітабы – кітапқа біріктірілген тауар чектерінің жиынтығы;

13) фискалдық белгі – бақылау-касса машинасының фискалдық режимде жұмыс істейтінін растау ретінде бақылау-касса машинасының чектерінде көрсетілетін айрықша символ;

14) фискалдық деректер – фискалдық жады блогы бар бақылау-касса машинасының фискалдық жадында не деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машинасының фискалдық деректерді жинақтауышында тіркелетін және салық органдарына берілген, фискалдық белгісі бар ақшалай есеп айырысулар туралы ақпарат;

15) фискалдық деректерді жинақтауыш – деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машинасында жүргізілген ақшалай есеп айырысулар туралы ақпараттың түзетілмей тіркелуін және энергияға тәуелсіз ұзақ уақыт сақталуын қамтамасыз ететін бағдарламалық-аппараттық құралдар кешені;

16) фискалдық деректер операторы – ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері бойынша салық органдарына ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді жедел режимде беруді қамтамасыз ететін, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган айқындаған заңды тұлға;

17) фискалдық есеп – белгілі бір кезеңдегі фискалдық деректер көрсеткіштері туралы есеп;

18) фискалдық жады – деректерді беру функциясы жоқ бақылау-касса машинасында жүргізілген ақшалай есеп айырысулар туралы қорытынды ақпараттың ауысым сайын түзетілмей тіркелуін және энергияға тәуелсіз ұзақ уақыт сақталуын қамтамасыз ететін бағдарламалық-аппараттық құралдар кешені;

19) фискалдық режим – ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді фискалдық деректер операторы арқылы салық органдарына бір мезгілде бере отырып, ақпараттың фискалдық жадында не фискалдық деректерді жинақтауышта түзетілмей тіркелуін және энергияға тәуелсіз ұзақ уақыт сақталуын қамтамасыз ететін бақылау-касса машинасының жұмыс істеу режимі.

166-бап. Жалпы ережелер

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының аумағында ақшалай есеп айырысулар модельдері мемлекеттік тізілімге енгізілген, деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналары міндетті түрде қолданыла отырып жүргізіледі.

2. Осы баптың 1-тармағының ережесі:

1) жеке тұлғалардың;

2) адвокаттар мен медиаторлардың;

3) уәкілетті органмен келісу бойынша көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысан бойынша билеттерді бере отырып, қалалық қоғамдық көлікте тасымалдау бойынша халыққа қызмет көрсету бөлігінде;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің;

5) қызметі ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері жоқ жерлердегі салық төлеушілердің;

6) екінші деңгейдегі банктердің ақшалай есеп айырысуларына қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көрсетілген тұлғалар ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыру кезінде модельдері мемлекеттік тізілімге енгізілген, деректер беру функциясы жоқ бақылау-касса машиналарын қолданады.

Аумағында ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері жоқ Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктері туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады.

3. Салық төлеушілер қолданатын бақылау-касса машиналарын салық органдарында есепке алу:

1) бақылау-касса машинасын есепке қоюды;

2) тіркеу деректеріне өзгерістер енгізуді;

3) бақылау-касса машинасын есептен шығаруды қамтиды.

4. Сауда операциялары немесе қолма-қол ақша арқылы қызметтер көрсету кезінде ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыратын сауда автоматтары мен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу терминалдары деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарымен жарақтандыруға жатады.

5. Бақылау-касса машиналарын қолдану кезінде мынадай талаптар қойылады:

1) ақшалай есеп айырысулармен байланысты қызмет басталғанға дейін бақылау-касса машинасын салық органында есепке қою жүзеге асырылады;

2) тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет үшін төленген сомаға бақылау-касса машинасының чегін немесе тауар чегін беру жүзеге асырылады;

3) бақылау-касса машиналарына салық органдары лауазымды адамдарының қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

6. Бақылау-касса машинасының чегі мынадай ақпаратты:

1) салық төлеушінің атауын;

2) салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірін;

3) бақылау-касса машинасының зауыттық нөмірін;

4) бақылау-касса машинасының салық органындағы тіркеу нөмірін;

5) чектің реттік нөмірін;

6) тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жасалған күн мен уақытты;

7) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасын және (немесе) сатып алу сомасын;

8) фискалдық белгіні;

9) деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарының бақылау чегінің төлнұсқалығын тексеру үшін фискалдық деректер операторының атауын және фискалдық деректер операторы

интернет-ресурсының деректемелерін қамтуға тиіс.

Екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қолданатын аппараттық-бағдарламалық кешендердің бақылау чегінің нысаны мен мазмұнын уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

Валюта айырбастау, металл сынықтарын, шыны ыдысты қабылдау пункгерінде, ломбардтарда қолданылатын бақылау-касса машиналарының чегі сату сомасы және сатып алу сомасы туралы ақпаратты қосымша қамтуға тиіс.

7. Бақылау-касса машинасының чегі бақылау-касса машинасын дайындаушы зауыттың техникалық құжаттамасында көзделген, оның ішінде қосылған құн салығының сомасы туралы деректерді қосымша қамтуы мүмкін.

8. Бақылау-касса машиналарын қолдану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

167-бап. Бақылау-касса машиналарын салық органында есепке қою

1. Модельдері мемлекеттік тізілімге енгізілген, техникалық ақауы жоқ бақылау-касса машиналары пайдаланылатын жері бойынша салық органдарына есепке қоюға жатады.

2. Бақылау-касса машиналарын салық органында есепке қою мынадай негіздердің бірі:

1) деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналары бойынша – фискалдық деректер операторының мәліметтері;

2) деректерді беру функциясы жоқ бақылау-касса машиналары бойынша – бақылау-касса машинасын салық органында есепке қою туралы салықтық өтініш бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналары туралы мәліметтерді фискалдық деректер операторы салық органдарына уәкілетті орган айқындаған тәртіппен береді.

3. Аппараттық-бағдарламалық кешендерді қоспағанда, деректерді беру функциясы жоқ бақылау-касса машинасын салық органына есепке қою үшін:

1) бақылау-касса машинасын салық органында есепке қою туралы салықтық өтініш;

2) фискалдық режимді орнатпастан іске қосу мүмкін болатын, салық төлеуші туралы мәліметтер қамтылатын бақылау-касса машинасы;

3) нөмірленген, тігілген, салық төлеушінің қолымен және (немесе) мөрімен куәландырылған қолма-қол ақшаны есепке алу кітабы мен тауар чектерінің кітабы ұсынылады.

4. Деректерді беру функциясы жоқ аппараттық-бағдарламалық кешен болып табылатын бақылау-касса машинасын есепке қою кезінде салық органына мынадай құжаттар:

1) бақылау-касса машинасын салық органында есепке қою туралы

салықтық өтініш;

2) аппараттық-бағдарламалық кешеннің функционалдық мүмкіндіктері мен сипаттамаларының қысқаша сипаты;

3) салық органында есепке қою үшін өтініш жасалған аппараттық-бағдарламалық кешен моделінің «Салық инспекторының жұмыс орны» модулін пайдалану жөніндегі нұсқаулық ұсынылады.

5. Салық органы бақылау-касса машиналарын есепке қою кезінде осы баптың 2-тармағында көзделген негіздердің бірі туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бақылау-касса машинасының тіркеу нөмірін беруді және тіркеуші органның лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасын қалыптастыруды жүргізеді.

6. Бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасының, тауар чегінің, қолма-қол ақшаны есепке алу кітабы мен тауар чектері кітабының нысандарын уәкілетті орган белгілейді.

168-бап. Бақылау-касса машинасының тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу

1. Бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасында көрсетілген мәліметтерді өзгерту мынадай негіздердің бірі:

1) деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналары бойынша – фискалдық деректер операторының мәліметтері;

2) деректерді беру функциясы жоқ бақылау-касса машиналары бойынша – бақылау-касса машинасын салық органында есепке қою туралы салықтық өтініш бойынша жүзеге асырылады.

2. Бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасында көрсетілген мәліметтерді өзгертуді салық төлеуші өзгерістер туындаған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

3. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген салықтық өтініш салық органына келу тәртібімен қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда ұсынуға жатады.

4. Бақылау-касса машинасының есепке қойылған жері бойынша салық органы бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасын ауыстыруды:

1) бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасы жоғалған (бүлінген) жағдайда – бақылау-касса машинасын салық органында есепке қою туралы салықтық өтінішті алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде;

2) бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасында көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда – фискалдық деректер операторының мәліметтері не осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген салықтық өтінішті алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жүргізеді.

169-бап. Бақылау-касса машинасын салық органынан есептен шығару

1. Бақылау-касса машинасын есептен шығару мынадай жағдайларда:

1) сауда операциялары, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулармен байланысты қызметті жүзеге асыру тоқтатылған;

2) бақылау-касса машинасы пайдаланылатын жер немесе бақылау-касса машинасын сауда автоматында немесе көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу терминалында пайдаланатын салық төлеушінің тұрған жері өзгерген жағдайда, егер мұндай өзгеріс бақылау-касса машинасын басқа салық органында тіркеуді талап етсе;

3) бақылау-касса машинасын техникалық ақауы болуына байланысты одан әрі қолдану мүмкін болмаған;

4) бақылау-касса машинасы мемлекеттік тізілімнен алып тасталған;

5) бақылау-касса машинасының техникалық ақауы жоқ моделі бақылау-касса машинасының жаңа моделіне ауыстырылған;

6) ішкі істер органдарына берілген ұрланғаны туралы өтініштің көшірмесі және (немесе) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланған жоғалғаны туралы хабарландырудың көшірмесі болған кезде бақылау-касса машинасы ұрланған, жоғалған;

7) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына қайшы келмейтін өзге де жағдайларда жүргізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 2) тармақшасының ережелері деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарына қолданылмайды.

2. Салық органында бақылау-касса машинасын есептен шығару:

1) деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналары бойынша – фискалдық деректер операторының мәліметтері;

2) деректерді беру функциясы жоқ бақылау-касса машиналары бойынша – бақылау-касса машинасын есептен шығару туралы салықтық өтініш негізінде жүзеге асырылады.

3. Аппараттық-бағдарламалық кешенді қоспағанда, деректерді беру функциясы жоқ бақылау-касса машинасын есептен шығару үшін оны пайдалану жері бойынша салық органына:

1) бақылау-касса машинасын есептен шығару туралы салықтық өтініш;

2) салық органының пломбасы орнатылған фискалдық жады блогы бар бақылау-касса машинасы;

3) нөмірленген, тігілген, лауазымды адамның қолымен және салық органының мөрімен куәландырылған қолма-қол ақшаны есепке алу кітабы мен тауар чектері кітабы;

4) бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасы ұсынылады.

4. Аппараттық-бағдарламалық кешен болып табылатын, деректерді беру функциясы жоқ бақылау-касса машинасын есептен шығару үшін салық төлеуші салық органына бақылау-касса машинасын есептен шығару туралы салықтық өтінішті ұсынады және «Салық инспекторының жұмыс орны» модуліне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

5. Салық органы бақылау-касса машинасын есептен шығаруды:

1) фискалдық деректер операторының мәліметтерін;

2) бақылау-касса машинасын салық органында есептен шығару туралы салықтық өтінішті алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жүргізеді.

170-бап. Мемлекеттік тізілім

1. Уәкілетті орган бақылау-касса машиналарының модельдерін мемлекеттік тізілімге (тізілімнен) енгізу (алып тастау) арқылы мемлекеттік тізілімді жүргізеді.

2. Бақылау-касса машиналарының модельдерін мемлекеттік тізілімге (тізілімнен) енгізу (алып тастау) тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

171-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді қабылдау, сақтау және салық органдарына беру тәртібі

Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарынан тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді қабылдауды, сақтауды, сондай-ақ оларды салық органдарына беруді фискалдық деректер операторы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүргізеді.

20-тарау. САЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ӨЗГЕ ДЕ НЫСАНДАРЫ

172-бап. Қазақстан Республикасында өндірілген немесе Қазақстан Республикасына импортталған акцизделетін тауарларды бақылау

1. Салық органдары акцизделетін тауарларды өндірушілердің, олардың айналымын жүзеге асыратын тұлғалардың, борышкердің мүлкін (активтерін) өткізу кезінде банкроттықты және оңалтуды басқарушылардың осы бапта айқындалған акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін таңбалау, акцизделетін тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағында орын ауыстыру тәртібін сақтауы бөлігінде, сондай-ақ акциздік бекеттер орнату

арқылы акцизделетін тауарларға бақылауды жүзеге асырады.

2. Шарап материалын, сыраны және сыра сусынын қоспағанда, алкоголь өнімі – есепке алу-бақылау маркаларымен, темекі бұйымдары – акциздік маркалармен таңбалануға жатады.

3. Таңбалауды акцизделетін тауарларды өндірушілер мен импорттаушылар, борышкердің мүлкін (активтерін) өткізу кезінде банкроттықты және оңалтуды басқарушылар жүзеге асырады.

4. Мынадай алкоголь өнімі – есепке алу-бақылау маркаларымен және темекі бұйымдары акциздік маркалармен:

1) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспортталатын;

2) бажсыз сауданың кедендік рәсімімен орналастыруға арналған, бажсыз сауда дүкендерінің иелері Қазақстан Республикасының аумағына әкелетін;

3) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына уақытша әкелудің (рұқсат берудің) және уақытша әкетудің кедендік рәсімдерінде әкелінетін, оның ішінде жекелеген даналарда жарнама жасау және (немесе) демонстрациялау мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінетін;

4) кедендік транзиттің кедендік рәсімінде Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумагы арқылы өткізілетін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өткізілетін;

5) Қазақстан Республикасының аумағына жиырма бір жасқа толған жеке тұлға – үш литрден аспайтын шекте әкелетін (жөнелтетін) алкоголь өнімі, сондай-ақ он сегіз жасқа толған жеке тұлға екі жүз сиғареттен немесе елу сигарадан (сигарилладан) немесе темекінің екі жүз елу грамынан аспайтын шекте не көрсетілген бұйымдарды жалпы салмағы екі жүз елу грамнан аспайтын ассортиментте әкелетін (жөнелтетін) темекі мен темекі бұйымдары міндетті таңбалауға жатпайды.

5. Осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайлардан басқа, акциздік және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалауға жататын акцизделетін тауарлардың акциздік және (немесе) есепке алу-бақылау маркаларынсыз, сондай-ақ белгіленбеген үлгідегі және (немесе) сәйкестендіруге келмейтін маркалары бар акцизделетін өнімді сақтау, өткізу және (немесе) тасу түріндегі айналымына тыйым салынады.

6. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген акцизделетін тауарларды жаңа үлгідегі есепке алу-бақылау немесе акциздік маркалармен қайта таңбалау уәкілетті орган айқындайтын мерзімдерде жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасына алкоголь өнімінің импортын жүзеге асыратын тұлға Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалануы туралы міндеттемесін ұсынады.

8. Импорттаушының Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесі облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне есепке алу-бақылау маркаларын алғанға дейін ұсынылады.

9. Импорттаушы Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін ұсынбаған жағдайда импорттаушыға есепке алу-бақылау маркалары берілмейді.

10. Импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесі облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің ақшаны уақытша орналастыру шотына ақша салу арқылы, сондай-ақ импорттаушының таңдау бойынша мынадай тәсілдердің кез келгені:

1) банк кепілдігі;

2) кепілгерлік;

3) мүлік кепілі арқылы қамтамасыз етіледі.

11. Ақшаны уақытша орналастыру шотын облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ашады.

12. Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша уәкілетті органның ақшаны уақытша орналастыру шоты Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттауды жүзеге асыратын тұлғаның ақша салуына арналған.

Ақшаны уақытша орналастыру шотына ақша салу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі.

13. Импорттаушы ақшамен қамтамасыз етілген, Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін орындамаған кезде облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі бес жұмыс күні өткен соң ақшаны уақытша орналастыру шотынан ақшаны бюджет кірісіне аударады.

14. Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша уәкілетті органның ақшаны уақытша орналастыру шотына салынған ақшаны қайтару (есепке жатқызу) импорттаушының Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін орындағаны туралы есебі ұсынылғаннан кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

15. Осы бапқа сәйкес:

1) шарап материалын, сыраны және сыра сусынын қоспағанда, алкоголь өнімін – есепке алу-бақылау маркаларымен және темекі бұйымдарын акциздік маркалармен таңбалау (қайта таңбалау) қағидаларын, сондай-ақ

акциздік және есепке алу-бақылау маркаларының нысанын, мазмұнын және қорғау элементтерін уәкілетті орган бекітеді;

2) акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларын, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу тәртібі мен қамтамасыз ету мөлшерін уәкілетті орган бекітеді;

3) акциздік бекеттің қызметін ұйымдастыру тәртібін уәкілетті орган айқындайды;

4) тауарларға ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу жөніндегі міндеттеме қолданылатын акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбесі, сондай-ақ ресімдеу тәртібі мен олардың құжат айналымы осы Кодекстің 176-бабына сәйкес белгіленеді.

16. Салық органдары этил спирті мен алкоголь өнімін (сыradан және сыра сусынынан басқа), бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын және темекі бұйымдарын өндіруді жүзеге асыратын салық төлеушінің аумағына акциздік бекеттер орнатады.

17. Акциздік бекеттің орналасқан жерін және жұмыскерлерінің құрамын, оның жұмысы регламентін салық органы айқындайды.

Акциздік бекет жұмыскерлерінің құрамы салық органы лауазымды адамдарының арасынан қалыптастырылады.

18. Акциздік бекеттегі салық органының лауазымды адамы:

1) Қазақстан Республикасының акцизделетін тауарлардың өндірісі мен айналымын реттейтін заңнамасының талаптарын салық төлеушінің сақтауын;

2) акцизделетін тауарлардың тек қана өлшеуіш аппараттары арқылы бөлінуін және (немесе) босатылуын немесе есепке алу аспаптары арқылы өткізілуін (құйылуын), сондай-ақ осындай есепке алу аспаптарының пломбаланған түрде пайдаланылуын;

3) салық төлеушінің акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін таңбалау тәртібін сақтауын;

4) дайын өнімнің, есепке алу-бақылау маркаларының немесе акциздік маркалардың қозғалысын бақылауды жүзеге асырады.

19. Акциздік бекеттегі салық органының лауазымды адамы:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, акцизделетін тауарларды өндіру, сақтау және өткізу үшін пайдаланатын салық төлеушінің әкімшілік, өндірістік, қойма, сауда, қосалқы үй-жайларын зерттеп-қарауға;

2) акцизделетін тауарларды өткізу кезінде қатысуға;

3) салық төлеушінің аумағынан (аумағына) шығып бара жатқан (кіріп келе жатқан) жүк көлік құралдарын қарап-тексеруге құқылы.

20. Акциздік бекеттегі салық органы лауазымды адамының акциздік бекеттің қызметін ұйымдастыру тәртібінде көзделген өзге де құқықтары бар.

173-бап. Трансферттік баға белгілеу кезіндегі бақылау

Салық органдары мәмілелер бойынша трансферттік баға белгілеу кезіндегі бақылауды Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырады.

174-бап. Мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуын бақылау

1. Салық органы мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуын, ол өткізілген жағдайда ақшаның бюджетке толық және уақтылы түсуін, сондай-ақ мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мерзімдерде беру тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

2. Мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, багалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

175-бап. Уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылау

1. Салық органдары осы бапта айқындалған тәртіппен уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылауды жүзеге асырады.

Уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметін бақылау бюджетке төленетін төлемдердің дұрыс есептелуі, толық алынуы және уақтылы аударылуы, сондай-ақ салық органдарына мәліметтердің анық және уақтылы ұсынылуы мәселелері бойынша жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылау бюджетке төленетін төлемдердің дұрыс есептелуі, толық алынуы және уақтылы аударылуы, салық органдарына мүлік, көлік құралдары салығы, жер салығы және төлемдер бойынша мәліметтердің анық және уақтылы ұсынылуы мәселелері бойынша жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салық органдарының бақылауды тағайындау туралы шешімі (бұдан әрі – шешім) уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі осы баптың мақсаттарында – уәкілетті мемлекеттік органдар) қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін негіз болып табылады, онда мынадай деректемелер:

1) шешімнің салық органдарында тіркелген күні мен нөмірі;

2) уәкілетті мемлекеттік органның атауы және сәйкестендіру нөмірі;

3) бақылауды тағайындау негіздемесі;

4) салық органдарының бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарының, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдарының осы бапқа сәйкес бақылауды жүзеге асыруға тартылатын мамандарының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса);

5) бақылауды жүзеге асыру мерзімі;

6) бақылау кезеңі;

7) бақылауды жүзеге асыру мәселелері;

8) уәкілетті мемлекеттік органның шешіммен танысқаны және оны алғаны туралы белгісі қамтылады.

Шешім бақылауды жүзеге асыру басталғанға дейін құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органда мемлекеттік тіркелуге жатады.

2. Салық органдарының шешімде көрсетілген лауазымды адамдары, осы бапқа сәйкес бақылау жүргізуге тартылатын өзге де адамдар және уәкілетті мемлекеттік органдар бақылауға қатысушылар болып табылады.

Уәкілетті мемлекеттік органдар бақылауды жүзеге асыру кезінде салық органдарының бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді алуына, салық органдарының лауазымды адамдарын салық салу объектілерін зерттеп-қарауға жіберуге жәрдем көрсетеді.

Бұл ретте уәкілетті мемлекеттік органдарды бақылау салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің бір түрі бойынша да, бірнеше түрі бойынша да бір мезгілде жүргізілуі мүмкін.

Құжаттар мен мәліметтер алуға, сондай-ақ салық салу объектілерін зерттеп-қарауға кедергі келтірілген кезде салық органдарының лауазымды адамдарын бақылауды жүзеге асыру үшін жібермеу туралы акт жасалады.

Салық органдарының лауазымды адамдарын бақылауды жүргізу үшін жібермеу туралы актіге – бақылауды жүзеге асыратын салық органының және уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамдары қол қояды. Көрсетілген актіге қол қоюдан бас тартқан кезде уәкілетті мемлекеттік орган бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме беруге міндетті.

Уәкілетті мемлекеттік орган шешімнің данасын (көшірмесін) алған күн немесе уәкілетті мемлекеттік органның шешім данасына қол қоюдан бас тартуы туралы акт жасалған күн бақылау жүргізудің басталуы болып есептеледі.

Уәкілетті мемлекеттік орган шешімінің данасына қол қоюдан бас тартқан жағдайда, салық органының бақылау жүргізетін жұмыскері куәгерлерді (кемінде екеу) тарта отырып, қол қоюдан бас тарту туралы акт жасайды. Бұл ретте қол қоюдан бас тарту туралы актіде:

1) жасалған орны мен күні;

2) салық органының акт жасаған лауазымды адамының тегі, аты және

әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса);

3) тартылған куәгерлердің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), жеке куәлігінің нөмірі, тұрғылықты жерінің мекенжайы;

4) шешімнің нөмірі, күні, уәкілетті мемлекеттік органның атауы, оның сәйкестендіру нөмірі;

5) шешім данасына қол қоюдан бас тартудың мән-жайлары көрсетіледі.

Уәкілетті мемлекеттік органның шешімді алудан бас тартуы салықтық бақылаудың күшін жоюға негіз болып табылмайды.

3. Бақылауды жүргізу мерзімі уәкілетті мемлекеттік органға бақылауды тағайындау туралы шешім табыс етілген күннен бастап отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс. Бақылауды тағайындаған салық органы көрсетілген мерзімді елу жұмыс күніне дейін ұзартуы мүмкін.

Уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметін бақылау жылына бір реттен жиі жүзеге асырылмайды.

4. Бақылау жүргізу мерзімінің өтуі уәкілетті мемлекеттік органға салық органының құжаттарды ұсыну туралы талаптарын табыс ету күні мен уәкілетті мемлекеттік органның бақылауды жүргізу кезінде сұратылатын құжаттарды ұсыну күні арасындағы, сондай-ақ салық органының басқа аумақтық салық органдарына, мемлекеттік органдарға, банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға және Қазақстан Республикасы аумағында қызметін жүзеге асыратын өзге де ұйымдарға сұрау салуды жіберу күні мен көрсетілген сұрау салу бойынша мәліметтер мен құжаттарды алу күні арасындағы уақыт кезеңіне тоқтатыла тұрады.

5. Бақылау мерзімін тоқтата тұру (қайта бастау) кезінде салық органдары уәкілетті мемлекеттік органдарға хабарлама жібереді, онда мынадай деректемелер:

1) бақылауды жүргізу мерзімдерін тоқтата тұру (қайта бастау) туралы хабарламаның салық органында тіркелген күні мен нөмірі;

2) салық органының атауы;

3) тексерілетін уәкілетті мемлекеттік органның атауы және сәйкестендіру нөмірі;

4) тоқтатыла тұрған (қайта басталған) бұйрықтың күні мен тіркеу нөмірі;

5) бақылауды тоқтата тұру (қайта бастау) қажеттігінің негіздемесі;

6) бақылауды жүргізу мерзімдерін тоқтата тұру (қайта бастау) туралы хабарламаны табыс ету және алу күні туралы белгі көрсетіледі.

Бақылау мерзімін, кезеңін ұзарту, тоқтата тұру және (немесе) бақылауға қатысушылардың тізімін өзгерту кезінде шешімге уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қосымша шешім ресімделеді.

6. Бақылау аяқталған соң салық органының лауазымды адамы бақылау актісін жасайды, онда:

1) бақылау жүзеге асырылған жер, бақылау актісі жасалған күн;

2) салық органының атауы;

3) салық органының бақылауды жүргізген лауазымды адамдарының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса);

4) уәкілетті мемлекеттік органның атауы, сәйкестендіру нөмірі және мекенжайы;

5) уәкілетті мемлекеттік орган басшысының және лауазымды адамдарының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса);

6) келісімімен және қатысуымен бақылау жүзеге асырылған уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамдарының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса);

7) алдыңғы бақылау туралы және бұрын анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметтер;

8) жүргізілген бақылау нәтижелері;

9) басқа да мемлекеттік органдардың бақылауды жүзеге асыруға тартылатын мамандарының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) көрсетіледі.

7. Уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамы бақылау актісінің данасына қол қоюдан бас тартқан жағдайда, салық органының бақылауды жүзеге асыратын жұмыскері куәгерлерді (кемінде екеу) тарта отырып, қол қоюдан бас тарту туралы акт жасайды. Бұл ретте қол қоюдан бас тарту туралы актіде:

1) жасалған орны мен күні;

2) салық органының акт жасаған лауазымды адамының тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса);

3) тартылған куәгерлердің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, тұрғылықты жері;

4) шешімнің нөмірі, күні, уәкілетті мемлекеттік органның атауы, оның сәйкестендіру нөмірі;

5) шешім данасына қол қоюдан бас тартудың мән-жайлары көрсетіледі.

8. Бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар болған кезде салық органдары Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы талап шығарады.

Салық органы уәкілетті мемлекеттік органға бақылау актісінде көрсетілген бұзушылықтарды осы мемлекеттік органның жою қажеттігі туралы қағаз жеткізгіште жіберген хабарламасы Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы талап (бұдан әрі – талап) деп танылады. Талап нысанын уәкілетті орган белгілейді.

Талапта:

уәкілетті мемлекеттік органның атауы;

сәйкестендіру нөмірі;

талапты жіберу үшін негіз;

талап жіберілген күн;

уәкілетті мемлекеттік орган бюджетке өндіріп алуға жататын сома көрсетіледі.

Талап тексерілетін уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысына (бірінші басшыны алмастыратын адамға) бақылау актісі табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей, жеке өзіне қолын қойғызып не жөнелту және алу фактісін растайтын өзге тәсілмен жіберілуге тиіс.

Талапты уәкілетті мемлекеттік орган табыс етілген (алынған) күнінен бастап отыз жұмыс күні ішінде орындауға тиіс.

9. Бақылау нәтижелері бойынша анықталған салықтық берешек сомаларын өндіріп алуды салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің дұрыс есептелуі, толық алынуы және уақтылы аударылуы үшін жауапты уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

10. Уәкілетті мемлекеттік органдар салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің дұрыс есептелуі, толық алынуы және уақтылы аударылуы, сондай-ақ мәліметтердің салық органдарына анық және уақтылы ұсынылуы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

176-бап. Тауарларға ілеспе жүккұжаттарды ресімдеу тәртібінің сақталуын бақылау

Салық органдары:

1) Қазақстан Республикасының аумағымен тауарларды алып өту, өткізу және (немесе) тиеп-жөнелту кезінде;

2) тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде;

3) тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына әкету кезінде тауарларға ілеспе жүккұжаттарды ресімдеу тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

Тауарларға ілеспе жүккұжаттарды ресімдеу жөніндегі міндеттеме мынадай мерзімдерде:

1) тауарларды Қазақстан Республикасының аумағымен алып өту, өткізу және (немесе) тиеп-жөнелту кезінде – тауарларды алып өту, өткізу және (немесе) тиеп-жөнелту басталған күннен кешіктірілмей;

2) тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына:

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан әкелу кезде – тауарлар еркін айналысқа

шығарылған күннен кейінгі күннен кешіктірілмей;

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан әкелу кезде – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күннің алдындағы күннен кешіктірілмей;

3) тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына әкету кезінде – тауарларды алып өту, өткізу және (немесе) тиеп-жөнелту басталған күннен кешіктірілмей туындайды.

Тауарларға ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу жөніндегі міндеттеме қолданылатын тауарлардың тізбесін, сондай-ақ ресімдеу тәртібі мен олардың құжат айналымын уәкілетті орган белгілейді.

4-БӨЛІМ. ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ЖӘНЕ САЛЫҚ ОРГАНДАРЫ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ (ӘРЕКЕТСІЗДІГІНЕ) ШАҒЫМ ЖАСАУ

21-тарау. ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАҒА ШАҒЫМ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

177-бап. Жалпы ережелер

1. Тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағым беру және оны қарау осы Кодекстің 178 – 186-баптарында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

3. Салық төлеуші (салық агенті) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға сотқа шағым жасауға құқылы.

178-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) шағым беру тәртібі

1. Салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымы салық төлеушіге (салық агентіне) хабарлама табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте салық төлеуші (салық агенті) шағымның көшірмесін салықтық тексеру жүргізген және салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық тексерудің алдын ала актісіне қарсылығын қараған салық органдарына жіберуге тиіс.

Беру тәсіліне қарай уәкілетті органға шағымды беру күні:

1) келу тәртібімен берілгенде – уәкілетті орган шағымды тіркеген күн;

2) пошта арқылы берілгенде – пошта немесе өзге байланыс ұйымының қабылдау туралы белгісі қойылған күн болып табылады.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімді дәлелді себеппен

өткізіп алған жағдайда, шағымды беруші салық төлеушінің (салық агентінің) өтінішхаты бойынша осы мерзімді шағымды қарайтын уәкілетті орган қалпына келтіруі мүмкін.

3. Уәкілетті орган шағымды берудің өткізіп алған мерзімін қалпына келтіру мақсатында салықтық тексеру жүргізілген жеке тұлғаның, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) басшысының және (немесе) бас бухгалтерінің (ол болған кезде) еңбекке уақытша жарамсыздығын дәлелді себеп ретінде таниды.

Осы тармақтың ережесі салықтық тексеру жүргізілген жеке тұлғаларға, сондай-ақ ұйымдық құрылымы жоғарыда аталған адамдар болмаған кезде оларды алмастыратын адамдардың болуын көздемейтін салық төлеушілерге (салық агенттеріне) қолданылады.

Бұл ретте салық төлеуші (салық агенті) шағымды берудің өткізіп алған мерзімін қалпына келтіру туралы өтінішхатқа осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған адамдардың еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңін растайтын құжатты және осындай салық төлеушінің (салық агентінің) ұйымдық құрылымын белгілейтін құжатты қоса беруге тиіс.

4. Уәкілетті орган салық төлеушінің (салық агентінің) шағымды берудің өткізіп алған мерзімін қалпына келтіру туралы өтінішхатын, салық төлеуші (салық агенті) шағым мен өтінішхатты осы баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде аталған адамдардың еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңі аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей берген жағдайда, қанағаттандырады.

5. Уәкілетті органға шағымды берген салық төлеуші (салық агенті) осы шағым бойынша шешім қабылданғанға дейін өзінің жазбаша өтініші негізінде оны кері қайтарып ала алады. Салық төлеушінің (салық агентінің) шағымды кері қайтарып алуы осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімдер сақталған жағдайда, оны қайтадан шағым беру құқығынан айырмайды.

Салық төлеуші (салық агенті) тақырыптық тексеру тағайындалған күннен бастап оны аяқтаған күнге дейінгі кезеңде шағымды кері қайтарып алуды жүргізуге құқылы емес.

179-бап. Салық төлеуші (салық агенті) шағымының нысаны мен мазмұны

1. Салық төлеушінің (салық агентінің) шағымы жазбаша нысанда беріледі.

2. Шағымда:

1) шағым берілетін уәкілетті органның атауы;

2) шағым беретін тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) не толық атауы, оның тұрғылықты жері (орналасқан жері);

3) сәйкестендіру нөмірі;

4) салықтық тексеру жүргізген салық органының атауы;

5) шағым беруші тұлға өз талаптарын негіздейтін мән-жайлар және осы мән-жайларды растайтын дәлелдемелер;

6) салық төлеушінің (салық агентінің) шағымға қол қойған күні;

7) қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілуге тиіс.

3. Шағымда дауды шешу үшін маңызы бар өзге де мәліметтер көрсетілуі мүмкін.

4. Шағымға салық төлеуші (салық агенті) не оның өкілі болып табылатын адам қол қояды.

5. Шағымға:

1) салық төлеуші (салық агенті) өз талаптарын негіздейтін мән-жайларды растайтын құжаттар;

2) іске қатысы бар өзге де құжаттар қоса беріледі.

180-бап. Шағымды қараудан бас тарту

1. Уәкілетті орган мынадай:

1) салық төлеуші (салық агенті) шағымды осы Кодекстің 178-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген шағым жасау мерзімін өткізіп алып берген;

2) салық төлеушінің (салық агентінің) шағымы осы Кодекстің 179-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

3) салық төлеуші (салық агенті) үшін шағымды оның өкілі болып табылмайтын адам берген;

4) салық төлеуші (салық агенті) шағымда жазылған мәселелер бойынша сотқа талап арыз берген жағдайларда салық төлеушінің (салық агентінің) шағымын қараудан бас тартады.

2. Уәкілетті орган осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда, шағым тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде салық төлеушіге (салық агентіне) шағымды қараудан бас тарту туралы жазбаша нысанда хабар береді.

Уәкілетті орган осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда салық төлеушінің (салық агентінің) сотқа жүгіну фактісі белгіленген күннен бастап он жұмыс күні ішінде салық төлеушіге (салық агентіне) шағымды қараудан бас тарту туралы мұндай бас тартудың себебін көрсете отырып, жазбаша нысанда хабар береді.

3. Осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда уәкілетті органның шағымды қараудан бас тартуы, егер салық төлеуші (салық агенті) жол берілген бұзушылықтарды жойған болса, оны осы Кодекстің 178-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген мерзім шегінде шағымды қайтадан беру құқығынан айырмайды.

181-бап. Уәкілетті органға жіберілген шағымды қарау тәртібі

1. Осы Кодекстің 183-бабына сәйкес шағымды қарау мерзімдерін ұзарту және тоқтата тұру жағдайларын қоспағанда, салық төлеушінің (салық агентінің) шағымы бойынша – шағым тіркелген күннен бастап отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, ал салықтық мониторингке жататын салық төлеушілердің шағымдары бойынша шағым тіркелген күннен бастап қырық бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде уәжді шешім шығарылады.

2. Уәкілетті орган салық төлеушінің (салық агентінің) шағымын қарау кезінде осы Кодекстің 186-бабында айқындалған тәртіппен тақырыптық тексеру, сондай-ақ қайталама тақырыптық тексеру тағайындауға құқылы.

3. Шағым салық төлеуші (салық агенті) шағым жасаған мәселелер шегінде қаралады.

4. Салық төлеуші (салық агенті) шағымды қарауға салықтық тексеру барысында ұсынбаған құжаттарын берген жағдайда, уәкілетті орган мұндай құжаттардың анықтығын осы Кодекстің 186-бабында айқындалған тәртіппен тағайындалатын тақырыптық және (немесе) қайталама тақырыптық тексерулер барысында анықтауға құқылы.

5. Уәкілетті орган салық төлеушінің (салық агентінің) шағымын қарау кезінде, қажет болған жағдайда:

1) салық төлеушіге (салық агентіне) және (немесе) салықтық тексеру жүргізген және салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық тексерудің алдын ала актісіне қарсылығын қараған салық органдарына шағымда жазылған мәселелер бойынша жазбаша нысанда қосымша ақпарат не түсініктеме беру туралы сұрау салулар жіберуге;

2) мемлекеттік органдарға, шет мемлекеттердің тиісті органдарына және өзге де ұйымдарға осындай органдар мен ұйымдардың құзыретіндегі мәселелер бойынша сұрау салулар жіберуге;

3) шағымда жазылған мәселелер бойынша салық төлеушімен (салық агентімен) кездесулер өткізуге;

4) салықтық тексеруді жүргізуге қатысқан және салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық тексерудің алдын ала актісіне қарсылығын қараған салық органдарының қызметкерлерінен туындаған мәселелер бойынша қосымша ақпарат және (немесе) түсініктеме сұратуға құқылы.

6. Шағымды қарау бойынша өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде уәкілетті органның қызметіне араласуға және шағымды қарауға қатысы бар адамдарға қандай да бір ықпал етуге тыйым салынады.

182-бап. Шағымды қарау нәтижелері бойынша шешім шығару

1. Уәкілетті орган тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымды қарау үшін апелляциялық комиссия құрады.

Апелляциялық комиссияның құрамын және ол туралы ережені

уәкілетті орган айқындайды.

Уәкілетті орган шағымды қарау біткен соң апелляциялық комиссияның шешімін есекере отырып, уәжді шешім шығарады.

2. Уәкілетті орган тексеру нәтижелері туралы хабарламаға салық төлеушінің (салық агентінің) шағымын қарау қорытындылары бойынша мынадай шешімдердің бірін шығарады:

1) шағым жасалып отырған тексеру нәтижелері туралы хабарлама – өзгеріссіз, ал шағым қанағаттандырусыз қалдырылсын;

2) шағым жасалып отырған тексеру нәтижелері туралы хабарламаның толық немесе бір бөлігінің күші жойылсын.

3. Шағым бойынша шешім жазбаша нысанда салық төлеушіге (салық агентіне) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберіледі немесе қолын қойғызып табыс етіледі, ал көшірмесі салықтық тексеру жүргізген және салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық тексерудің алдын ала актісіне қарсылығын қараған салық органдарына жіберіледі.

4. Шағымды қарау нәтижелері бойынша шағым жасалған хабарламаның бір бөлігінің күші жойылған жағдайда, салықтық тексеру жүргізген салық органы тексеру нәтижелері туралы хабарламаға салық төлеушінің (салық агентінің) шағымын қарау қорытындылары туралы хабарлама шығарады және оны осы Кодекстің 114-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында белгіленген мерзімде салық төлеушіге (салық агентіне) жібереді.

5. Осы Кодексте айқындалған негізде және тәртіппен шығарылған уәкілетті органның шешімі салық органдарының орындауы үшін міндетті.

183-бап. Шағымды қарау мерзімін тоқтата тұру және (немесе) ұзарту

1. Осы Кодекстің 181-бабының 1-тармағында белгіленген шағымды қарау мерзімі мынадай:

1) тақырыптық және қайталама тақырыптық тексерулер жүргізген жағдайда – осы Кодекстің 186-бабында айқындалған тәртіппен осындай тексерулер тағайындалған күннен бастап уәкілетті орган тексеру актісін алғаннан кейін он бес жұмыс күні өткен күнге дейінгі уақыт кезеңіне;

2) мемлекеттік органдарға, шет мемлекеттердің тиісті органдарына және өзге де ұйымдарға осындай органдар мен ұйымдардың құзыретіндегі мәселелер бойынша сұрау салу жіберген жағдайда – осындай сұрау салу жіберілген күннен бастап жауап алынған күнге дейінгі уақыт кезеңіне тоқтатыла тұрады.

2. Уәкілетті орган шағымды қарау мерзімін тоқтата тұру туралы салық төлеушіге (салық агентіне) тоқтата тұру себептерін көрсете отырып, тексеру тағайындалған және (немесе) сұрау салу жіберілген күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде жазбаша нысанда хабарлайды.

3. Осы Кодекстің 181-бабының 1-тармағында белгіленген шағымды қарау мерзімі мынадай:

1) салық төлеуші (салық агенті) шағымға толықтыру (толықтырулар) ұсынған жағдайда он бес жұмыс күніне ұзартылады.

Бұл ретте осы Кодекстің 181-бабының 1-тармағында белгіленген мерзім шағымға кейіннен толықтырулар берудің әрбір жағдайында, осы тармақшада көрсетілген мерзімге ұзартылады;

2) уәкілетті орган шағым жасалған мәселені қосымша зерделеу қажет болған жағдайда тоқсан жұмыс күніне дейін ұзартады.

Осы тармақшаға сәйкес шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда уәкілетті орган шағымды қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде салық төлеушіге (салық агентіне) хабарлама жібереді.

184-бап.Уәкілетті орган шешімінің нысаны мен мазмұны

Уәкілетті органның шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімінде:

1) шешім қабылданған күн;

2) салық төлеушінің (салық агентінің) шағымы жіберілген уәкілетті органның атауы;

3) шағым берген салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) не толық атауы;

4) салық төлеушінің (салық агентінің) сәйкестендіру нөмірі;

5) шағым жасалып отырған тексеру нәтижелері туралы хабарламаның қысқаша мазмұны;

6) шағымның мәні;

7) шағым бойынша шешім шығару кезінде уәкілетті орган басшылыққа алған Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сілтеме жасалған негіздеме көрсетілуге тиіс.

185-бап. Уәкілетті органға немесе сотқа шағым (арыз) берудің салдары

Уәкілетті органға немесе сотқа салық төлеушінің (салық агентінің) шағым (арыз) беруі тексеру нәтижелері туралы хабарламаның шағым жасалған бөлігінде орындалуын тоқтата тұрады.

Уәкілетті органға шағым берілген кезде тексеру нәтижелері туралы хабарламаның шағым жасалған бөлігінде орындалуы шағым бойынша шешімі шығарылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Салық төлеуші (салық агенті) сотқа арыз берген жағдайда тексеру нәтижелері туралы хабарламаның шағым жасалатын бөлігінде орындалуы соттың арызды іс жүргізуге қабылдаған күнінен бастап сот актісі заңды күшіне

енгізілгенге дейін тоқтатыла тұрады.

186-бап.Тақырыптық тексеруді тағайындау және жүргізу тәртібі

1. Уәкілетті орган салық төлеушінің (салық агентінің) шағымын қарау кезінде, қажет болған жағдайда, тақырыптық тексеру тағайындауға құқылы.

2. Тақырыптық тексеру тағайындау туралы құжат тексеруге жататын мәселелер көрсетіле отырып, жазбаша нысанда ресімделеді.

Бұл ретте тақырыптық тексеруді жүргізу, шағым жасалатын салықтық тексеруді уәкілетті салық органы жүргізген жағдайды қоспағанда, нәтижелеріне шағым жасалған салықтық тексеруді жүргізген салық органына тапсырылмайды.

3. Тақырыптық тексеру осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімде жүргізіледі. Бұл ретте тақырыптық тексеру салық органы осындай тексеруді жүргізу туралы құжатты алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей басталуға тиіс.

4. Деректер жеткілікті дәрежеде айқын немесе толық болмаған, сондай-ақ тақырыптық тексеру барысында бұрын тексерілген мән-жайлар мен құжаттарға қатысты жаңа сұрақтар туындаған кезде уәкілетті орган оны қайтадан тағайындауға құқылы.

5. Шағымды қарау нәтижелері бойынша шешім тақырыптық және (немесе) қайталама тақырыптық тексерулердің нәтижелері ескеріле отырып шығарылады. Бұл ретте уәкілетті орган осындай тексерулердің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, ол шағым бойынша шешім қабылдау кезінде оларды ескермеуге құқылы, алайда мұндай келіспеу уәжді болуға тиіс.

22-тарау. САЛЫҚ ОРГАНДАРЫ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІНЕ (ӘРЕКЕТСІЗДІГІНЕ) ШАҒЫМ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

187-бап. Шағым жасау құқығы

Салық төлеушінің және салық агентінің салық органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған салық органына немесе сотқа шағым жасауға құқығы бар.

188-бап. Шағым жасау тәртібі

Салық органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен шағым жасалады.

2. ЕРЕКШЕ БӨЛІК

5-БӨЛІМ. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

189-бап. Салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің түрлері

1. Қазақстан Республикасында мынадай:
1) салықтар:
корпоративтік табыс салығы;
жеке табыс салығы;
қосылған құн салығы;
акциздер;
экспортқа рента салығы;
жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары;
әлеуметтік салық;
көлік құралы салығы;
жер салығы;
мүлік салығы;
ойын бизнесі салығы;
тіркелген салық;
бірыңғай жер салығы;
2) бюджетке төленетін төлемдер:
мемлекеттік баж;
алымдар;
мыналар:
жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны;
жер учаскелерін пайдаланғаны;
жерүсті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны;
қоршаған ортаға эмиссия;
жануарлар дүниесін пайдаланғаны;
орманды пайдаланғаны;
ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны;
радиожиілікті спектрді пайдаланғаны;
қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені;
сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақылар қолданылады.

2. Халықаралық шарттарды қолдану мақсаты үшін қосылған құн салығы, акциздер жанама салықтар деп танылады.

3. Салықтың, бюджетке төленетін төлемдердің сомасы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде және республикалық бюджет туралы

заңда айқындалған тәртіппен тиісті бюджеттердің кірістеріне түседі.

23-тарау. САЛЫҚТЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУ

190-бап. Салықтық есепке алу және есепке алу құжаттамасы

1. Салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты қорыту және жүйелеу, сондай-ақ салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді есептеу және салықтық есептілікті жасау мақсатында салық төлеушінің (салық агентінің) осы Кодекстің талаптарына сәйкес есепке алу құжаттамасын жүргізу процесі салықтық есепке алу болып табылады.

Бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың уәкілетті өкілі жай серіктестік нысанында осындай қызмет бойынша тұтастай және бірлескен қызмет туралы шартқа әрбір қатысушының қатысу үлесі бойынша да жүзеге асыратын салықтық есепке алу жиынтық салықтық есепке алу болып табылады.

2. Есепке алу құжаттамасы:

1) «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оны жүргізу жөніндегі міндет жүктелген тұлғалар үшін – бухгалтерлік құжаттаманы;

2) осы файлдарды ерікті түрде ұсынатын тұлғалар үшін – тексерудің стандартты файлы;

3) осы баптың 4-тармағында аталған тұлғалар үшін – бастапқы есепке алу құжаттарын;

4) салық нысандарын;

5) салықтық есепке алу саясатын;

6) салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін, сондай-ақ салықтық міндеттемені есептеу үшін негіз болып табылатын өзге де құжаттарды қамтиды.

3. Егер осы баптың 4-тармағында өзгеше белгіленбесе, салықтық есепке алу бухгалтерлік есепке алу деректеріне негізделеді. Бухгалтерлік құжаттаманы жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен белгіленеді.

4. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізу және қаржылық есептілікті жасау жөніндегі міндет жүктелмеген тұлғалар осы тарауға, осы Кодекстің 24-тарауына және уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес салықтық есепке алуды ұйымдастырады және жүргізеді.

5. Салық төлеуші (салық агенті) өзі дербес және (немесе) жиынтық салықтық есепке алуды жүргізуге жауапты, бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың уәкілетті өкілі арқылы салықтық есепке алуды

ұйымдастырады және мыналарды:

1) салықтық кезең ішінде салық төлеуші (салық агенті) жүзеге асырған операцияларды салық салу мақсатында есепке алу тәртібі туралы толық және анық ақпараттың қалыптастырылуын;

2) салықтық есептілік нысандарының әрбір жолының таратып жазылуын;

3) салықтық есептіліктің анық жасалуын;

4) салықтық бақылау үшін салық органдарына ақпарат беруді қамтамасыз ету үшін салықтық тіркелімдер түрінде ақпаратты қорыту мен жүйелеу нысандарын айқындайды.

6. Салықтық есепке алуды жүргізу тәртібі салық төлеуші (салық агенті) осы Кодекстің талаптарын ескере отырып өзі дербес бекіткен құжат – салықтық есепке алу саясатымен белгіленеді.

Салықтық есепке алу саясаты, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізу және қаржылық есептілікті жасау жөніндегі міндет жүктелмеген салық төлеушінің салықтық есепке алу саясатын қоспағанда, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген есепке алу саясатына жеке бөлім түрінде енгізілуі мүмкін.

7. Патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салықтық есепке алу саясатын бекітеді.

191-бап. Салықтық есепке алу саясатына қойылатын талаптар

1. Салықтық есепке алу саясатында мынадай ережелер:

1) салық төлеуші (салық агенті) өзі дербес әзірлеген салықтық тіркелімдердің нысандары мен жасалу тәртібі;

2) салықтық есепке алу саясатының сақталуына жауапты адамдардың лауазымдарының атауы;

3) осындай есепке алуды жүргізу жөніндегі міндет осы Кодексте көзделген жағдайларда, бөлек салықтық есепке алуды жүргізу тәртібі;

4) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүзеге асырылған жағдайда, бөлек салықтық есепке алуды жүргізу тәртібі;

5) корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында шығыстарды шегерімдерге жатқызудың, сондай-ақ қосылған құн салығын есепке жатқызудың салық төлеуші таңдаған әдістері;

6) хеджирленетін операцияларды жүзеге асырған жағдайда хеджирленетін тәуекелдерді айқындау саясаты, хеджирленетін құжаттар және оларға қатысты пайдаланылатын хеджирлеу құралдары, хеджирлеу

тиімділігінің дәрежесін бағалау әдістемесі;

7) исламдық бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асырған жағдайда исламдық бағалы қағаздар бойынша кірістерді есепке алу саясаты;

8) осы Кодекстің 271-бабы 2-тармағының ережелерін ескере отырып, тіркелген активтердің әрбір кіші тобы, тобы бойынша амортизация нормалары;

9) қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын резидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері осы Кодексе сәйкес шот-фактураларды жазып берген жағдайда, осындай құрылымдық бөлімшелерді сәйкестендіру үшін шот-фактураларды нөмірлегенде пайдаланылатын осындай құрылымдық бөлімшелердің әрқайсысының коды;

10) шот-фактураларды жазып берген кезде оларды нөмірлеуге қолданылатын цифрлардың ең жоғары саны көзделуге тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4), 8), 9) және 10) тармақшаларының ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізу және қаржылық есептілікті жасау жөніндегі міндет жүктелмеген тұлғаларға қолданылмайды.

2. Бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылар осы Кодексте белгіленген тәртіппен және негіздер бойынша бірлескен қызмет жөніндегі салықтық есепке алу саясатын бекітеді.

3. Өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде жай серіктестік (консорциум) құрамында жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде салықтық есепке алу саясатында осы баптың 1-тармағының талаптарымен қатар жай серіктестік қатысушыларының және (немесе) оператордың Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің әрбір түрі бойынша салықтық міндеттемені орындауының осы Кодекстің 722-бабының 3-тармағына сәйкес таңдап алынған тәсілін қамтуға тиіс.

4. Салықтық есепке алу саясатының мынадай ережелерінің күші кемінде бір күнтізбелік жыл мерзімге қолданылады:

бөлек салықтық есепке алуды жүргізу тәртібі;

корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында шығыстарды шегерімдерге жатқызудың салық төлеуші таңдаған әдістері.

Қосылға құн салығын есепке жатқызудың салық төлеуші таңдаған әдістерінің күші мынадай мерзімге:

осы Кодекстің 407-бабы 2-тармағының 6) тармақшасында және (немесе) 407-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда – қосылған құн салығын есептеу мақсатында белгіленген кемінде бір салықтық кезеңде;

қалған жағдайларда – кемінде бір күнтізбелік жыл қолданылады.

5. Салық төлеуші (салық агенті) салықтық есепке алу саясатына өзгерісті және (немесе) толықтыруды мынадай:

1) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы

заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген жаңа салықтық есепке алу саясатын немесе оның жаңа бөлімін бекіту;

2) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген қолданыстағы салықтық есепке алу саясатына немесе қолданыстағы есепке алу саясатының бөліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тәсілдерінің бірімен жүзеге асырады.

6. Салық төлеушінің (салық агентінің):

1) кешенді және тақырыптық тексерулер жүргізу кезеңінде – тексерілетін салықтық кезеңнің;

2) шағымды берудің қалпына келтірілген мерзімін ескере отырып, тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымды беру және оны қарау мерзімі кезеңінде шағым жасалатын салықтық кезеңнің;

3) салықтық тексеру жүргізілген салықтық кезеңдер бойынша салықтық есепке алу саясатына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуіне жол берілмейді.

7. Жер қойнауын пайдаланушы осы Кодекстің 259-бабының ережелерін қолдану туралы шешімді өзінің салықтық есепке алу саясатында көрсетуге міндетті.

192-бап. Салықтық есепке алу қағидалары

1. Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, салық төлеуші (салық агенті) салықтық есепке алуды жүргізуді осы Кодексте белгіленген тәртіппен және шарттарда есепке жазу әдісі бойынша теңгемен жүзеге асырады.

2. Есепке жазу әдісі операциялар мен өзге де оқиғалардың нәтижелері ақшаны немесе оның баламасын алған немесе төлеген күннен бастап емес, олардың жасалу фактісі бойынша, оның ішінде мүлікті өткізу немесе кіріске алу мақсатында жұмыстар орындалған, қызметтер ұсынылған, тауарлар сатып алушыға немесе оның сенім білдірілген тұлғасына тиеп-жөнелтілген және берілген күннен бастап танылатын есепке алу әдісі болып табылады.

3. Салық төлеуші (салық агенті) салықтық кезеңнің қорытындылары бойынша салықтық есепке алу негізінде салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындайды және салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді есептейді.

4. Салық салу мақсатында бағамдық айырманы есепке алу, оның ішінде бағамдық айырма сомасын айқындау халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Запастарды есепке алу халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу

және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте салық салу мақсатында запастардың құны – сатудың ықтимал таза бағасына дейін есептен шығару және сатудың ықтимал таза бағасының ұлғаюынан туындаған, бұрын есептен шығару жүргізілген запастарға қатысты қалпына келтіру арқылы запастар құнының өзгеруін есепке алмай айқындалады.

193-бап. Есепке алу құжаттамасын жасауға және сақтауға қойылатын талаптар

1. Салық төлеуші (салық агенті) есепке алу құжаттамасын қазақ және (немесе) орыс тілдерінде қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде жасайды.

Шет тілдерінде жасалған жекелеген құжаттар болған кезде салық органы салық төлеушіден (салық агентінен) оларды қазақ немесе орыс тіліне аударуды талап етуге құқылы.

2. Салық төлеуші (салық агенті) есепке алу құжаттамасын электрондық нысанда жасаған кезде салықтық тексеру барысында салық органдарының лауазымды адамдарының талап етуі бойынша электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде тіркелген шот-фактураларды қоспағанда, осындай құжаттаманың көшірмелерін қағаз жеткізгіштерде ұсынуға міндетті.

3. Салық төлеуші (салық агенті) салық салу объектілеріне немесе салық салуға байланысты объектілерге қатысты есепке алу құжаттамасын салықтың немесе бюджетке төленетін төлемнің әрбір түрі үшін осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі өткенге дейін, бірақ кемінде бес жыл сақтайды.

Есепке алу құжаттамасын сақтау мерзімі, егер олар белгілеген сақтау мерзімі осы тармақта белгіленген мерзімінен асып кетсе, осы баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, осындай есепке алу құжаттамасының негізінде салықтық міндеттеме есептелген кезеңнен кейінгі салықтық кезеңнен басталады.

4. Салық төлеуші I-топтың тіркелген активінің, осы Кодекстің 258, 259 және 260-баптарына сәйкес түзілген амортизацияланатын активтердің жекелеген топтарының, оның ішінде мүліктік жалдау (жалға беру) шарты бойынша берілген (алынған) тіркелген активтің құнын растайтын есепке алу құжаттамасын осындай актив бойынша амортизациялық аударымдар есептелген соңғы салықтық кезеңнен кейінгі салықтық кезеңнен бастап бес жыл откенге дейін сақтайды.

Салық төлеуші II, III және IV топтың тіркелген активінің, оның ішінде мүліктік жалдау (жалға беру) шарты бойынша берілген (алынған) тіркелген активінің құнын растайтын есепке алу құжаттамасын осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде, бірақ осындай

актив тіркелген активтер тобының құндық балансына қосылған салықтық кезеңнен кейінгі салықтық кезеңнен бастап кемінде бес жыл сақтайды.

5. Салық төлеуші салық салу мақсатында амортизациялауға жатпайтын активтердің құнын растайтын есепке алу құжаттамасын салық төлеушіде амортизациялауға жатпайтын активтің шығып қалуы болған салықтық кезеңнен кейінгі салықтық кезеңнен бастап бес жыл бойы сақтайды.

6. Салық төлеушіні қайта ұйымдастырған кезде қайта ұйымдастырылған тұлғаның есепке алу құжаттамасын сақтау жөніндегі міндеттеме оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) жүктеледі.

194-бап. Бөлек салықтық есепке алуды жүргізу қағидалары

1. Бөлек салықтық есепке алу – жалпыға бірдей белгіленгенге қарағанда осы Кодекспен өзге салық салу шарттары көзделген, мынадай бөлінетін санаттар:

қызметтің түрі немесе түрлерінің жиынтығы;

жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт;

рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, суландырылған, шағын дебитті және игерілген санаттарға жатқызылған кен орны (кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі);

сенімгерлік басқару шарты немесе сенімгерлік басқару туындайтын өзге де жағдай;

бірлескен қызмет туралы шарт;

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді өткізу жөніндегі айналым;

кірістің түрі;

құрылыс объектісі бойынша жеке салықтардың белгілі бір түрі бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу мақсатында салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді салықтық есепке алу болып табылады.

Жалпыға бірдей белгіленген салық салу шарттарына қарағанда өзге салық салу шарттарына салықтың сомасын азайту, салық салудан босату, арнаулы салық режимін қолдану да жатады.

Салық төлеуші (салық агенті) осы Кодекспен бөлек салықтық есепке алуды жүргізу жөніндегі талаптар белгіленген бөлінетін санаттар бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу мақсатында салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді біріктіруге құқылы емес.

2. Салық төлеуші (салық агенті) осы Кодексте көзделген жағдайларда бөлек салықтық есепке алуды жүргізуге міндетті.

Салық салу объектілеріне және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді бөлек салықтық есепке алуды:

бірлескен қызмет туралы шарт бойынша бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың уәкілетті өкілі;

сенімгерлік басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлік басқарушы жүргізуге міндетті.

3. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жататын кірістер пайда болған кезде шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режиміндегі салықтық міндеттемелерден жеке жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салықтық міндеттемелерді есептеу мақсатында салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді бөлек салықтық есепке алуды жүргізуге міндетті.

4. Салық төлеуші (салық агенті) салықтық есепке алу саясатында бөлек салықтық есепке алуды жүргізу тәртібін, оның ішінде жалпы кірістер мен шығыстар түрлерінің тізбесін, осындай кірістер мен шығыстарды осы Кодекспен салық салудың әртүрлі шарттары белгіленген бөлінетін санаттар мен өзге де қызмет арасында бөлу әдістерін өзі дербес белгілейді.

5. Жер қойнауын пайдаланушы осы Кодекстің 723-бабында айқындалған тәртіппен келісімшарттан тыс қызметтен жеке келісімшарттық қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу мақсатында салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді бөлек салықтық есепке алуды жүргізуге міндетті.

6. Туынды қаржы құралдарымен операциялар жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға (келісімшарттық қызметке) жатпайды.

7. Салық төлеушілер (салық агенттері) бөлек салықтық есепке алуды бекітілген салықтық есепке алу саясатына сәйкес және осы бапта белгіленген ережелерді ескере отырып, есепке алу құжаттамасы деректерінің негізінде жүргізеді.

8. Салық төлеуші (салық агенті) салықтық міндеттемені есептеу үшін бөлек салықтық есепке алуды жүргізу кезінде:

1) өзге қызметтен жеке әрбір бөлінетін санат бойынша – осы Кодекспен бөлек салықтық есепке алуды жүргізу туралы талап белгіленген салықтарды есептеу үшін салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді салықтық есепке алуда көрсетуді;

2) тұтастай бүкіл қызмет бойынша – осы Кодекспен бөлек салықтық есепке алуды жүргізу туралы талап белгіленбеген салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді есептеуді;

3) мыналарды:

корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны;

жеке табыс салығы бойынша декларацияны қоспағанда, тұтастай бүкіл қызмет бойынша – салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша салықтық есептілікті ұсынуды;

4) мыналарды:

оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимі қолданылатын кіріс түрлері бойынша – оңайлатылған декларацияны;

тіркелген шегерім пайдаланыла отырып, арнаулы салық режимі

қолданылатын кіріс түрлері бойынша – тіркелген шегерімі бар декларацияны;

шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі қолданылатын қызметтен түсетін кірістер бойынша – бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларацияны;

кірістің өзге түрлері бойынша – корпоративтік немесе жеке табыс салығы бойынша декларацияны жеке ұсынуды;

5) тұтастай бүкіл қызмет бойынша корпоративтік немесе жеке табыс салығы жөніндегі бірыңғай декларацияны және осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілмеген жағдайларда әрбір бөлінетін санат бойынша оған тиісті қосымшаларды ұсынуды қамтамасыз етуге міндетті.

195-бап. Корпоративтік табыс салығы бойынша бөлек салықтық есепке алуды жүргізудің жалпы қағидаттары

1. Осы баптың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар қолданылады:

1) жалпы кірістер мен шығыстар – бөлінетін санат бойынша қызметті және озге қызметті жүзеге асырумен бір мезгілде байланысты болатын және олардың арасында бөлуге жататын жалпы тіркелген активтер бойынша кірістер мен шығыстарды қоса алғанда, есепті салықтық кезеңдегі кірістер мен шығыстар;

2) жалпы тіркелген активтер – бөлінетін санат бойынша қызметті және озге қызметті жүзеге асырумен бір мезгілде байланысты болатын және оларды пайдаланудың өзіндік ерекшелігіне қарай нақты бөлінетін санатпен немесе өзге қызметпен тікелей себеп-салдарлық байланысы жоқ тіркелген активтер;

3) жанама кірістер мен шығыстар – есепті салықтық кезеңдегі кірістер мен шығыстар, оның ішінде бірнеше бөлінетін санатпен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар және осындай санаттар арасында ғана бөлінуге жататын тіркелген активтер бойынша кірістер мен шығыстар;

4) жанама тіркелген активтер – пайдаланудың өзіндік ерекшелігіне қарай бірнеше бөлінетін санатпен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар тіркелген активтер;

5) тікелей кірістер мен шығыстар – нақты бөлінетін санатпен немесе өзге қызметпен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар тіркелген активтер бойынша кірістер мен шығыстарды қоса алғанда, есепті салықтық кезеңдегі кірістер мен шығыстар.

2. Бөлек салықтық есепке алуды жүргізу мақсатында салық төлеушінің барлық кірісі мен шығысы тікелей, жанама және жалпы болып бөлінеді.

Салық төлеуші (салық агенті) кірістер мен шығыстарды тікелей, жанама және жалпы деп сыныптауды қызметтің өзіндік ерекшелігін негізге ала отырып, өзі дербес жүзеге асырады.

Тікелей кірістер мен шығыстар тікелей себеп-салдарлық байланысы бар бөлінетін санатқа немесе өзге қызметке ғана толық көлемде жатқызылуға тиіс.

Жалпы кірістер мен шығыстар бөлінетін санат пен өзге қызмет арасында бөлуге жатады және себеп-салдарлық байланысы бар сол бөлінетін санат пен өзге қызметтің кірістері мен шығыстарына тиісті үлесте жатады.

Жанама кірістер мен шығыстар бөлінетін санаттар арасында ғана бөлінуге жатады және себеп-салдарлық байланысы бар сол санаттың кірістері мен шығыстарына тиісті үлесте жатады.

Жалпы және жанама кірістер мен шығыстарды бөлу осы баптың 4-тармағында белгіленген әдістерге сәйкес және осы баптың 3-тармағының ережелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

3. Жалпы және жанама тіркелген активтер бойынша бөлінетін санат пен өзге қызмет арасында бөлуге – салық төлеуші осы тіркелген активтер бойынша шеккен шығыстар, оның ішінде амортизация бойынша шығыстар және бұдан кейінгі шығыстар жатады.

Сыйақылар бойынша жалпы және жанама шығыстар бойынша – осы Кодекстің 246-бабына сәйкес айқындалған, осындай сыйақылар бойынша шегерімнің жалпы сомасы бөлінуге жатады.

Егер бағамдық айырма тікелей себеп-салдарлық байланыс бойынша салық төлеушінің бөлінетін санатына және өзге қызметіне жатқызылмайтын болса, салықтық кезеңде оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі немесе теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асып кетуі түрінде алынған қорытынды (сальдоланған) нәтиже бағамдық айырма бойынша бөлуге жатады.

Жалпы немесе жанама шығыстар ретінде шегерімдерге жатқызылуға тиіс салықтар оларға тиісті салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер бөлінбей, осы баптың 4-тармағында белгіленген әдістерге сәйкес бөлуге жатады.

4. Салық төлеуші (салық агенті) әрбір бөлінетін санат пен өзге қызмет үшін жалпы және жанама кірістер мен шығыстарды бөлуді салықтық есепке алу саясатында қабылдаған бөлек салықтық есепке алуды жүргізудің бір немесе бірнеше әдісі негізінде, қызметтің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, оның ішінде:

1) салық төлеуші (салық агенті) салықтық кезеңде алған тікелей кірістердің жалпы сомасындағы, әрбір бөлінетін санат пен өзге қызметке келетін тікелей кірістердің үлес салмағы бойынша;

2) салық төлеуші (салық агенті) салықтық кезеңде жұмсаған тікелей шығыстардың жалпы сомасындағы, әрбір бөлінетін санатқа және өзге қызметке келетін тікелей шығыстардың үлес салмағы бойынша;

3) мына баптардың бірі бойынша шеккен шығыстардың үлес салмағы бойынша – салық төлеуші (салық агенті) салықтық кезеңде жұмсаған осы бап бойынша шығыстардың жалпы сомасындағы, әрбір бөлінетін санат пен өзге қызметке келетін тікелей өндірістік шығыстар, еңбекке ақы төлеу қоры немесе тіркелген активтердің құны бойынша;

4) салық төлеуші (салық агенті) жұмыскерлердің жалпы орташа

тізімдік санына бөлінетін санат пен өзге қызмет бойынша қызметке қатысатын жұмыскерлердің орташа тізімдік санының үлес салмағы бойынша;

5) өзге де әдістерді ескере отырып, өзі дербес жүргізеді.

Жалпы және жанама кірістер мен шығыстардың әр түріне қатысты оларды бөлудің салық төлеуші (салық агенті) айқындайтын саналуан әдістері қолданылуы мүмкін.

Жалпы және (немесе) жанама кірістер мен шығыстарды неғұрлым дәл бөлу үшін жоғарыда көрсетілген әдістердің бірін қолдану нәтижесінде алынған үлес салмақтың мәнін салық төлеуші (салық агенті) жүзден бір (0,01%) үлеске дейін пайызбен айқындайды.

Егер салықтық есепке алу саясатында жалпы кірістер мен шығыстарды бөлу әдісі белгіленбесе, онда салық органдары салықтық тексеруді жүргізу барысында осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында белгіленген әдіс негізінде осындай кірістер мен шығыстарды бөлуді жүзеге асырады.

5. Салық төлеушінің қызметі бойынша тұтастай корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде қандай да бір бөлінетін санат бойынша шеккен залалдар ескерілмейді, салық төлеушінің оларды осы Кодекстің 300-бабының ережелерін ескере отырып, кейінгі салықтық кезеңдерде осындай бөлінетін санат бойынша қызметтен алған кірістердің есебінен ғана өтеуге құқығы болады.

196-бап. Қаржы лизингі

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған лизинг шарты бойынша мүлікті беру, сондай-ақ лизинг нысанасын қайталама лизингке не қосалқы лизингке беру қаржы лизингі болып табылады.

2. Егер лизинг шартында лизинг алушының қаржы лизингінің мерзімін ұзарту құқығы айқындалса, онда қаржы лизингінің мерзімі іс жүзінде ұзарту жүзеге асырылған мерзім ескеріле отырып айқындалады.

3. Лизинг алушының лизинг шарты негізінде алуына жататын лизинг нысанасы қаржы лизингі бойынша берілетін мүлік болып табылады.

Салықтық есепке алу мақсаты үшін лизинг алушы лизинг нысанасын сатып алушы ретінде қаралады.

Лизинг шарты негізінде айқындалатын лизинг нысанасының құны лизинг нысанасы берілетін (алынатын) құн болып табылады. Егер лизинг шартында лизинг нысанасы берілетін (алуға жататын) құн жеке бөлініп көрсетілмесе, онда қосылған құн салығын қоспағанда, көрсетілген құн лизингтің бүкіл кезеңінде төлеуге жататын барлық лизингтік төлемдер сомасы ретінде айқындалады.

Салықтық есепке алу мақсаты үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лизинг шартына сәйкес келмейтін мүліктік жалдау шарты бойынша мүлікті беру қызметтерді көрсету ретінде, ал қосылған құн салығын қоспағанда, төлеуге жататын жалға беру төлемдері, тиісінше, көрсетілген

қызметтер үшін төлемақы ретінде қаралады.

197-бап. Салықтық жеңілдіктерді қолдану мақсаттары үшін мүлікті қаржы лизингіне беру шарттары

1. Осы Кодекстің 288-бабының 2-тармағының 1) тармақшасын, 398-бабын, 427-бабының 6-тармағын және 428-бабының 6-тармағын қолдану мақсаттары үшін мүлікті қаржы лизингіне беру осы бапта козделген шарттарға сәйкес келуге тиіс.

2. Егер осы тармақта және осы баптың 3-тармағында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үш жылдан астам мерзімге жасалған лизинг шарты бойынша мүлікті беру, егер ол мынадай шарттардың біріне сай келсе:

1) мүлікті лизинг алушының меншігіне беру және (немесе) лизинг алушыға тіркелген баға бойынша мүлікті сатып алу құқығын беру лизинг шартында айқындалса;

2) қаржы лизингінің мерзімі қаржы лизингі бойынша берілетін мүліктің пайдалы қызмет ету мерзімінің 75 пайызынан асып кетсе;

3) қаржы лизингінің бүкіл мерзімінде лизингтік төлемдердің ағымдағы (дисконтталған) құны қаржы лизингі бойынша берілетін мүлік құнының 90 пайызынан асып кетсе, қаржы лизингі болып табылады.

Қайталама лизинг деп лизинг шарты (бұдан әрі осы баптың мақсаттарында – бастапқы лизинг шарты) тоқтатылған, бұзылған не лизинг нысаналары санының өзгеруіне байланысты ол өзгертілген жағдайда, лизинг берушінің меншігінде қалған лизинг нысаналарын басқа лизинг алушыға (лизинг алушыларға) лизингке беру танылады, бұл ретте бір мезгілде мынадай талаптар сақталуы:

бастапқы лизинг шартын бұзу, тоқтату не өзгерту күні мен қайталама лизинг шартын (шарттарын) жасасу күні осы Кодекстің 423-бабында белгіленген бір салықтық кезеңге дәл келуі;

лизинг нысаналарының санына, лизингтік төлемдерге және лизинг мерзіміне арналған талаптарды қоспағанда, бастапқы лизинг шартында көзделген талаптар қайталама лизинг шартында (шарттарында) сақталуы;

бастапқы лизинг шарты бойынша олардың жалпы санынан аспайтын көлемде лизинг нысаналары қайталама лизингке берілуі;

қайталама лизингке берілетін лизинг нысанасының құны лизинг шарты бұзылған күні төленген, лизингтік төлемдердің сомасына азайтылған бастапқы лизинг шарты бойынша лизинг нысанасының құнынан аспауы, қайталама лизинг шарты (шарттары) бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері бастапқы лизинг шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерінен аспауы;

лизинг нысаналары кемінде үш жыл мерзімге қайталама лизингке берілуі керек.

3. Осы Кодекстің 288-бабы 2-тармағының 1) тармақшасын, 398-бабын, 427-бабының 6-тармағын және 428-бабының 6-тармағын қолдану мақсаттары үшін мыналар қаржы лизингі болып табылмайды:

1) мынадай:

лизинг алушы Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес банкрот деп танылған және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тасталған;

лизинг алушы – жеке тұлға соттың күшіне енген шешімі негізінде хабар-ошарсыз кеткен деп танылған немесе қайтыс болды, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп жарияланған, оған I, II топтағы мүгедектік белгіленген, сондай-ақ лизинг алушы – жеке тұлға қайтыс болған жағдайда;

лизинг алушыда өндіріп алуды қолдануға болатын мүліктің, оның ішінде ақшаның, бағалы қағаздардың немесе кірістердің болмауына байланысты лизинг берушіге атқару құжатын қайтару туралы сот орындаушысының қаулысы заңды күшіне енген және (немесе) сот орындаушысы нәтижесіз болған, Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында көзделген, оның мүлкін, соның ішінде ақшасын, бағалы қағаздарын немесе кірістерін анықтау жөнінде шараларды қабылдаған жағдайда;

лизинг алушының мүлкіне, оның ішінде ақшасына, бағалы қағаздарына немесе кірістеріне өндіріп алуды қолданудан лизинг берушіге бас тарту туралы сот шешімі заңды күшіне енген;

лизинг нысаналары қайталама лизингке берілген жағдайлардан басқа, осындай шарттарды жасасқан күннен бастап үш жыл өткенге дейін олар бойынша лизинг шарттары бұзылған (лизинг шарты бойынша міндеттемелер тоқтатылған) жағдайдағы лизингтік мәмілелер;

2) лизинг шарты қолданылған бірінші жылы лизингтік төлемдердің сомасы (шарт бойынша және (немесе) іс жүзіндегі) сыйақыны есепке алмағанда лизинг нысанасы құнының 50 пайызынан астамын құрайтын лизингтік мәмілелер;

3) лизинг алушыны қайта ұйымдастыру жағдайынан басқа, лизинг шартын жасасқан күннен бастап үш жыл өткенге дейін міндеттемедегі тұлғалардың ауысуы нәтижесінде лизинг алушы ауысқан лизингтік мәмілелер;

4) лизинг берушіні қайта құру арқылы қайта ұйымдастыру жағдайынан басқа, міндеттемедегі тұлғалардың ауысуы нәтижесінде лизинг беруші ауысқан лизингтік мәмілелер;

5) мүлікті қосалқы лизингке беру жөніндегі мәмілелер.

198-бап. Бірлескен кәсіпкерлік кезінде салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктері

1. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, бірлескен кәсіпкерлікті

жүзеге асырған жағдайда салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер осы бапта айқындалған тәртіппен есепке алынады және оларға салықтар салынады.

Бірлескен қызмет туралы шарт (жай серіктестік нысанында) негізінде бірлескен кәсіпкерлікті жүзеге асырған жағдайда салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер осы Кодекстің 199-бабында айқындалған тәртіппен есепке алынады және оларға салықтар салынады.

Осы Кодекстің ерекше бөлігінде салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді есепке алудың және оларға салықтар салудың өзгеше тәртібін көздейтін, шаруа және фермер қожалықтарына қатысты арнаулы салық режимдері белгіленуі мүмкін.

2. Бірлескен дара кәсіпкерлік шеңберіндегі қызмет бойынша, сондай-ақ бірлескен дара кәсіпкерлікте пайдаланылатын ортақ бірлескен меншікке қатысты салықтық міндеттемелерді орындауды:

1) шаруа қожалығы нысанында бірлескен дара кәсіпкерлікті жүзеге асырған кезде – шаруа қожалығының басшысы;

2) қалған жағдайларда – бірлескен дара кәсіпкерліктің уәкілетті тұлғасы жүзеге асырады.

3. Егер мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін және салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданғаннан кейін осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында аталған тұлғаның бірлескен дара кәсіпкерлік бойынша салықтық берешегі болса, осындай берешекті өтеу жөніндегі міндет бірлескен дара кәсіпкерліктің барлық мүшесіне тең үлестермен жүктеледі.

Бұл ретте осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында аталған тұлға бірлескен дара кәсіпкерліктің барлық мүшесін бірлескен дара кәсіпкерлік бойынша салықтық берешектің болуы және осындай берешектің сомасы туралы салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

199-бап. Бірлескен қызметті жүзеге асыру

1. Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, бірлескен қызметті жүргізу туралы уағдаластық не заңды тұлғаны құрмай бірлескен қызмет туралы шартқа екі және одан да көп қатысушыны көздейтін өзге де уағдаластық (бұдан әрі – бірлескен қызмет туралы шарт) болған жағдайда, салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер осы Кодексте айқындалған тәртіппен бірлескен қызмет туралы шартқа әрбір қатысушы бойынша тиісінше ескеріледі және оларға салықтар салынады.

2. Бірлескен қызмет туралы шартқа әрбір қатысушы өзінің қатысу үлесіне қатысты, егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау

үшін бірлескен қызмет бойынша активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды есепке алуды өзі дербес жүргізеді.

3. Бірлескен қызмет туралы шартта салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін бірлескен қызмет бойынша активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды бөлу тәртібі болмаған жағдайда, бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылар алғашқы салықтық есептілікті ұсынғанға дейін бірлескен қызмет бойынша салықтық есепке алу саясатын әзірлейді және бекітеді, онда осындай тәртіп және бірлескен қызмет нәтижесінде туындайтын салықтық міндеттеме көрсетіледі.

4. Бірлескен қызмет туралы шартта, егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың осындай қызмет немесе оның бір бөлігі бойынша салықтық есепке алуды жүргізуге жауапты уәкілетті өкілі айқындалуы мүмкін.

5. Бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың уәкілетті өкілі бірлескен қызмет немесе оның бір бөлігі бойынша активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды салық мақсатына орай осы уәкілетті өкілдің өзге қызметі бойынша активтерінен, міндеттемелерінен, кірістері мен шығыстарынан жеке есепке алады.

6. Салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін бірлескен қызмет бойынша активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылар арасында бөлуді бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылар және (немесе) егер болса, олардың уәкілетті өкілі бірлескен қызмет туралы шартта айқындалған тәртіппен әрбір салықтық кезеңнің қорытындылары бойынша жүзеге асырады.

Егер бірлескен қызмет туралы шарт талаптарында және (немесе) бірлескен қызмет бойынша салықтық есепке алу саясатында салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды бөлу тәртібі белгіленбесе, бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылар және (немесе) егер болса, мұндай қатысушылардың уәкілетті өкілі көрсетілген бөлуді бірлескен қызмет туралы шартқа сәйкес қатысу үлестеріне пропорционалды жүзеге асырады.

Салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылар арасында бөлу нәтижелері жазбаша түрде ресімделуге, оған бірлескен қызмет туралы шартқа барлық қатысушы және (немесе) егер болса, олардың уәкілетті өкілі қол қоюға, сондай-ақ мөрлермен бекітілуге (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайда олар болған кезде) тиіс. Активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды бөлу нәтижелері туралы құжатты бірлескен қызмет туралы шартқа әрбір қатысушы салықтық тексеруді жүргізу

кезінде салық органдарына ұсынады.

Бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың уәкілетті өкілінде, егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды бөлу соның негізінде жүзеге асырылған барлық құжаттың көшірмелері болуға тиіс.

200-бап. Жер қойнауын пайдаланушылардың бірлескен қызметті жүзеге асыру ерекшеліктері

1. Егер жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы жай серіктестік (консорциум) құрамындағы бірнеше жеке және (немесе) заңды тұлғаға тиесілі болса, жай серіктестікке (консорциумға) әрбір қатысушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген салықтар және бюджетке төленетін төлемдер бойынша салық төлеуші болады.

2. Егер жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы жай серіктестік (консорциум) құрамындағы бірнеше жеке және (немесе) заңды тұлғаға тиесілі болса, онда жер қойнауын пайдалануға арналған мұндай келісімшарт бойынша жүзеге асырылатын қызмет бойынша жай серіктестікке (консорциумға) қатысушылар осындай қызмет бойынша жиынтық салықтық есепке алуды жүргізуге жауапты жай серіктестікке (консорциумға) қатысушылардың уәкілетті өкілін айқындауға міндетті.

Жай серіктестікке (консорциумға) қатысушылардың уәкілетті өкілі осы Кодекстің талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша жүзеге асырылатын қызмет бойынша жиынтық салықтық есепке алуды жүргізуге міндетті.

Өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүзеге асырылған жағдайда, осындай уәкілетті өкіл ретінде оператор әрекет етеді.

Жай серіктестікке (консорциумға) қатысушылардың уәкілетті өкілінің, оның ішінде оператордың өкілеттіктері осы Кодекстің 16 немесе 17-баптарының талаптарына сәйкес расталуға тиіс.

3. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша салықтық міндеттемелерді орындауды осы Кодексте айқындалған тәртіппен жай серіктестікке (консорциумға) қатысушы (қатысушылар) және (немесе) осындай қызмет бойынша жиынтық салықтық есепке алуды жүргізуге жауапты жай серіктестікке (консорциумға) қатысушылардың уәкілетті өкілі жиынтық салықтық есепке алу деректерінің негізінде жүргізеді. Бұл ретте осы Кодекстің 722-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, салықтық есептілік нысандарын ұсыну жөніндегі салықтық міндеттемелерді орындауды жай серіктестікке (консорциумға) қатысушылар өзі дербес жүзеге асырады.

24-тарау. «БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ПЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПКЕ АЛУДЫ ЖҮРГІЗУДІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖАСАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРМАЙТЫН ДАРА КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ САЛЫҚТЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУДЫ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

201-бап. Жалпы ережелер

«Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды жүзеге асырмайтын дара кәсіпкерлердің салықтық есепке алуды жүргізуі және салықтық міндеттемелерін айқындау және орындау тәртібі бөлігінде осы Кодекстің нормаларын қолдану мақсатында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) активтер – дара кәсіпкер бақылап отыратын, болашақта экономикалық пайда алу күтілетін мүлік;

2) бастапқы есепке алу құжаттары – салықтық есепке алуды жүргізуге негіз болатын, операцияның немесе оқиғаның жасалу фактісін және оны жасауға құқықты қағаз жеткізгіште де, электрондық жеткізгіште де құжаттамалық куәландыру;

3) биологиялық актив – ауыл шаруашылығы қызметінде пайдалануға арналған жануар немесе өсімдік;

4) запастар – сатуға, сондай-ақ өндірістік процесте, әкімшілік мақсаттар үшін немесе жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде пайдалануға арналған активтер;

5) капитал – дара кәсіпкердің активтерінде барлық міндеттеме шегерілгеннен кейін қалатын үлес;

6) кірістер – есепті кезең ішінде активтердің түсуі немесе өсуі немесе міндеттемелердің азаюы нысанында экономикалық пайданың ұлғаюы, олар капиталға қатысушы тұлғаның жарналарымен байланысты ұлғаюдан өзгеше капиталдың ұлғаюына алып келеді;

7) материалдық емес актив – физикалық пішіні жоқ, өндірісте пайдалануға немесе әкімшілік мақсаттарға, оның ішінде басқа тұлғаларға мүліктік жалдауға (жалға) беруге арналған сәйкестендірілетін ақшалай емес актив;

8) міндеттеме – дара кәсіпкердің жүктелген міндеті, оны реттеу экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың шығып қалуына алып келеді;

9) негізгі құралдар – материалдық активтер:

олар тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде өндірісте пайдалануға немесе әкімшілік мақсаттарға, оның ішінде басқа тұлғаларға мүліктік жалдауға (жалға) беруге арналған;

оларды бір жылдан астам уақыт бойы пайдалану болжанады.

202-бап. Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандары және оларды жасау жөніндегі талаптар

1. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есепке алуды және қаржылық есептілікті жүргізуді жүзеге асырмайтын дара кәсіпкерлер бастапқы есепке алу құжаттарын қолданады, олардың нысандары мен оларды жасау жөніндегі талаптарды уәкілетті орган бекітеді.

2. Салықтық тіркелімдердегі жазбалар бастапқы құжаттардың негізінде жүргізіледі.

203-бап. Салықтық есепке алуды жүргізу ерекшеліктері

1. Дара кәсіпкерлер шетел валютасында жасалған операцияларды операция жасалған күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолдана отырып теңгемен қайта есептейді. Бағамдық айырма салық салу мақсатында ескерілмейді.

2. Салықтық есепке алуда запастар дара кәсіпкер не ол уәкілеттік берген тұлға оларды алған кезде, оның ішінде дара кәсіпкер құрамынан өзге де активтерді ауыстыру арқылы негізгі құралдарды бөлшектеу нәтижесінде оларды өндіргеннен кейін өзіндік құны бойынша танылады.

Запастардың өзіндік құны сатып алуға, қайта өңдеуге жұмсалатын шығындарды, запастарды ағымдағы жай-күйіне жеткізу және ағымдағы орналасу орнына дейін жеткізіп беру мақсатында жүргізілген өзге де шығындарды қамтиды.

Сатып алуға жұмсалатын шығындар импорттық баждарды, салықтарды (өтелетіндерінен басқа), тасуға, өңдеуге жұмсалатын шығыстарды және сатып алуға тікелей байланысты басқа да шығыстарды қамтиды. Өнім беруші ұсынған сауда шегерістері, өнім берушінің төлемдерді қайтаруы және өзге де осыған ұқсас шегерістер мен қайтарулар шығындарды айқындаған кезде шегеріп тасталады.

Запастарды қайта өңдеуге жұмсалатын шығындар шикізатты дайын өнім етіп қайта өңдеуге тікелей байланысты шығындарды, оның ішінде еңбекке ақы төлеуге жұмсалатын тікелей шығындарды, сондай-ақ өндірістік үстеме шығыстарды қамтиды.

Салықтық есепке алу мақсаты үшін запастар бірлігінің өзіндік құны запастардың осындай бірлігіне осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген іс жүзіндегі шығындар бойынша айқындалады.

Дара кәсіпкер салықтық есепке алу мақсаты үшін запастар бірлігінің өзіндік құнын орташа өлшемді құн әдісі бойынша айқындауға құқылы. Орташа өлшемді құн әдісі бойынша запастардың өзіндік құны кезең

басындағы запастардың және кезең ішінде сатып алынған (өндірілген) ұқсас запастардың өзіндік құнының орташа мәні ретінде айқындалады. Бұл әдісті таңдауды дара кәсіпкер салықтық есепке алу саясатында көрсету арқылы жүзеге асырады.

Тауарлар өндіруді жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, сондай-ақ орташа өлшемді құн әдісін таңдаған дара кәсіпкерлер запастарды олардың келіп түсуі мен шығып қалуы кезінде салықтық тіркелімдерде ескереді, олардың нысанын дара кәсіпкерлер өзі дербес әзірлейді.

Запастардың ішкі орын ауыстыру арқылы түсуі дара кәсіпкердің кірісі болып табылмайды. Запастардың ішкі орын ауыстыру деп олардың дара кәсіпкер тағайындаған бір материалдық жауапты тұлғадан сол дара кәсіпкер тағайындаған басқа материалдық жауапты тұлғаға ауысуы түсініледі.

Дара кәсіпкердің салықтық есепке алу мақсаты үшін запастарды сақтауға немесе алыс-беріс шикізаты ретінде беру запастардың шығып қалуы болып табылмайды.

Запастарды сақтауға алуды дара кәсіпкер сақтау шарты негізінде немесе егер дара кәсіпкер запастарды алса және осы запастарды берушілердің төлем талаптары шоттарының акцептінен және оларды төлеуден заңды негізде бас тартса, акцептен бас тарту туралы өтініш негізінде жүзеге асырады. Осындай запастардың құны дара кәсіпкердің кірісі болып табылмайды.

Мыналар:

1) актив ретінде тануды тоқтату, оның ішінде запастарды басқа жаққа өткізген, өтеусіз берген, өндіріс процесінде, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде және өзге де мақсаттар үшін пайдаланған, жарғылық капиталға жарна ретінде берген кезде, айырбастаған кезде, түгендеу кезінде жетіспеушіліктер анықталған, мүліктер ұрланған, бүлінген, сақтау мерзімдері өткен, моральдық тұрғыдан тозған кезде және тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан өзге де жағдайларда тануды тоқтату;

2) активті қайта сыныптау, оның ішінде негізгі құралдардың, өзге де активтердің құрамына аудару запастардың шығып қалуы болып табылады.

25-тарау. САЛЫҚ НЫСАНДАРЫ

204-бап. Салық нысандары

1. Салық нысандары салықтық өтінішті, салықтық есептілікті және салықтық тіркелімдерді қамтиды.

2. Салық төлеуші (салық агенті) не оның өкілі салық нысандарын қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасайды, қол қояды, куәландырады (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда мөрмен не электрондық цифрлық қолтаңбамен).

205-бап. Салық нысандарын сақтау мерзімі

1. Салық нысандары осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде, бірақ кемінде бес жыл салық төлеушіде (салық агентінде) сақталады.

2. Салық төлеуші, салық агенті, оператор – заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде, қайта ұйымдастырылған тұлғаның салық нысандарын сақтау жөніндегі міндеттеме оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) жүктеледі.

1-параграф. Салықтық өтініш, салықтық есептілік

206-бап. Жалпы ережелер

1. Салықтық өтініш осы Кодексте белгіленген жағдайларда салық төлеушінің (салық агентінің) өз құқықтарын іске асыру және міндеттерін орындау мақсатында салық органына ұсынатын құжаты болып табылады. Салықтық өтініштердің нысандарын уәкілетті орган бекітеді.

2. Салықтық есептілік салық төлеушінің (салық агентінің) осы Кодексте белгіленген тәртіпке сәйкес ұсынылатын құжаты болып табылады, онда салық төлеуші (салық агенті), салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы, активтер мен міндеттемелер туралы, сондай-ақ салықтық міндеттемелер мен әлеуметтік төлемдерді есептеу туралы мәліметтер қамтылады.

Салықтық есептілік салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің түрлері, әлеуметтік төлемдер бойынша салықтық декларацияларды, есеп-қисаптарды, оларға қосымшаларды, импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияны, тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті, жалға алу (пайдалану) шарттарының тізілімін қамтиды. Салықтық есептіліктің нысандарын және оларды жасау қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.

3. Салықтық есептілік (активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны, импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияны, тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қоспағанда) мынадай түрлерге бөлінеді:

1) бастапқы салықтық есептілік – салық төлеушіні (салық агентін) тіркеу есебіне қою жүргізілген және (немесе) салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің белгілі бір түрі бойынша салықтық міндеттеме, сондай-ақ әлеуметтік төлемдерді есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндет алғаш туындаған салықтық кезең үшін ұсынылатын салықтық есептілік;

2) кезекті салықтық есептілік – бастапқы салықтық есептілік

ұсынылғаннан кейін келесі салықтық кезеңдер үшін ұсынылатын салықтық есептілік;

Осы Кодекстің 50-тарауының мақсаттарында тауарларды импорттаған тұлға осындай тауарлар есепке қабылданған салықтық кезең үшін ұсынатын салықтық есептілік импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі кезекті декларация болып табылады;

3) қосымша салықтық есептілік – осы өзгерістер және (немесе) толықтырулар қатысты болатын салықтық кезең үшін бұрын ұсынылған салықтық есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде ұсынылатын салықтық есептілік;

4) хабарлама бойынша қосымша салықтық есептілік – салық органы камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған салықтық кезең үшін бұрын ұсынылған салықтық есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде ұсынылатын салықтық есептілік;

5) таратудың салықтық есептілігі – салық төлеуші (салық агенті) қызметін тоқтатқан, таратылған немесе қайта ұйымдастырылған кезде, сондай-ақ қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған кезде ұсынылатын салықтық есептілік.

207-бап. Салықтық есептілікті, оның ішінде жалға алу (пайдалану) шарттарының тізілімін жасау ерекшеліктері

1. Осы Кодексте көзделген жағдайларда салық салудың әртүрлі шарттары белгіленген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші (салық агенті) салықтық есептілікті әрбір қызмет түрі бойынша бөлек жасайды.

Күнтізбелік жыл ішінде ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимінен жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке ауыскан жағдайда, көрсетілген күнтізбелік жылда:

арнаулы салық режимін;

жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті қолданған кезең үшін салықтық есептілік жеке жасалады.

2. Осы Кодексте бөлек салықтық есепке алуды жүргізу қажеттігі көзделген жер қойнауын пайдаланушылар осы Кодексте айқындалған тәртіппен салықтық есептілікті жасайды.

3. Жалға алу (пайдалану) шарттарының тізілімін сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын уақытша иеленуге және пайдалануға беретін тұлғалар жасайды.

Жалға алу (пайдалану) шарттарының тізілімі сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) беретін салық төлеушінің тұрған жері бойынша есепті кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде жасалады және салық органына ұсынылады.

208-бап. Салықтық өтінішті, салықтық есептілікті ұсыну тәртібі

1. Салықтық өтініш, салықтық есептілік осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде салық органдарына ұсынылады.

2. Егер салық төлеуші (салық агенті) уәкілетті орган өздері үшін салықтық есептіліктің әртүрлі нысандарын белгілеген санаттарға жататын болса, онда мұндай жағдайда, салықтық есептілік салық төлеуші (салық агенті) жатқызылатын әрбір санат үшін көзделген нысандар бойынша ұсынылады.

3. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, салықтық өтініш пен салықтық есептілік тиісті салық органдарына таңдауы бойынша:

1) келу тәртібімен – қағаз жеткізгіште, оның ішінде «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы арқылы (қосылған құн салығы бойынша салықтық есептілікті қоспағанда);

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы – қағаз жеткізгіште;

3) ақпаратты компьютерлік өңдеуге жол беретін электрондық нысанда ұсынылады.

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы арқылы ұсынылатын салықтық өтініштердің тізбесін уәкілетті орган ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп белгілейді.

4. Салық органының шешімімен қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылғаннан кейін қосылған құн салыгы бойынша салықтық есептілік келу тәртібімен ұсынылады.

5. Уәкілетті орган арнаулы мемлекеттік органдармен, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдарымен, құқық қорғау органдарымен бірлесіп салықтық есептілікті ұсынудың ерекше тәртібін және осындай есептілікті ұсынатын тұлғалардың тізбесін айқындайды.

6. Салықтық өтініш және (немесе) салықтық есептілік келу тәртібімен қағаз жеткізгіште ұсынылған жағдайда, екі дана етіп ұсынылады, бір данасы салық органының белгісі қойылып салық төлеушіге (салық агентіне) қайтарылады.

7. Электрондық форматтың құрылымы, электрондық нысанда жасауға және ұсынуға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету және осы бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңарту уәкілетті органның интернет-ресурсына:

1) салықтық өтініш – ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан кешіктірілмей;

2) салықтық есептілік – салықтық есептілікті ұсыну мерзімі басталғанға дейін отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей орналастырылады.

8. Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, қосымша және (немесе) хабарлама бойынша қосымша есептілікті қоспағанда, салық төлеуші (салық агенті) таратудың салықтық есептілігін ұсынғаннан кейін салық органына келесі салықтық есептілікті ұсынуға құқылы емес.

Аяқталмаған салықтық кезең үшін ұсынылған таратудың салықтық есептілігі:

1) салық төлеуші (салық агенті) салықтық тексеру аяқталғаннан кейін тарату туралы, бөліну жолымен қайта ұйымдастыру туралы шешімін өзгерткен;

2) салық төлеуші (салық агенті) дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылғанға дейін кәсіпкерлік қызметті тоқтату туралы шешімін өзгерткен;

3) дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарудан бас тарту туралы шешім шығарылған жағдайларда, салықтық кезең үшін кезекті салықтық есептілікке теңестіріледі.

Таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күннен бастап келесі салықтық кезеңдер үшін салықтық есептілік осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тиісті салық органдарына ұсынылады.

9. Салық салу объектілері болмаған кезде:

мүлік салығы;

жер салығы;

көлік құралдары салығы;

экспортқа рента салығы;

жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары;

бюджетке төленетін төлемдер бойынша салықтық есептілік ұсынылмайды.

10. Акциз бойынша салықтық есептілікті ұсыну жөніндегі міндеттеме мынадай қызмет түрлерін:

бензин (авиациялық бензиннен басқа), дизель отынын өндіруді;

бензин (авиациялық бензиннен басқа), дизель отынын көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізуді;

этиль спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндіруді;

темекі бұйымдарын өндіруді;

осы Кодекстің 462-бабының 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды өндіруді, жинауды (жинақтауды) жүзеге асыратын салық төлеушілерге (салық агенттеріне) қолданылады.

Акциз бойынша салықтық есептілікті ұсыну жөніндегі міндеттеме шикі мұнай, газ конденсаты бойынша (экспортқа өткізілген шикі мұнайдан, газ конденсатынан басқа) салық салынатын операцияларды жүзеге асыратын салық төлеушілерге (салық агенттеріне) қолданылады.

Акциз бойынша салықтық есептілікті ұсыну жөніндегі міндеттеме темекі бұйымдарын, қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, электрондық сигареттерде пайдалануға арналған құрамында никотин бар сұйықтықты көтерме саудада өткізуді жүзеге асыратын салық төлеушілерге (салық агенттеріне) қолданылмайды.

11. Декларацияларға, есеп-қисаптарға қосымшалар оларда көрсетілуге жататын деректер болмаған кезде ұсынылмайды.

209-бап. Салықтық тіркелімдерді қоспағанда, салық нысандарын қабылдау

1. Салық нысандары салық органдарына осы Кодексте және уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарында белгіленген мерзімдерде ұсынылады.

2. Салық нысандарын салық органдарына ұсыну күні оларды ұсыну тәсіліне қарай:

1) келу тәртібімен ұсынған кезде – салық органдарының немесе «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының қабылдаған күні;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы ұсынған кезде – пошта немесе өзге байланыс ұйымының қабылдағаны туралы белгі қойылған күн;

3) электрондық нысанда ұсынған кезде – жүйеде қабылданған кезден бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде салық төлеушіге (салық агентіне) жіберілетін электрондық хабарламада көрсетілген, салықтық есептілікті қабылдау және өңдеу жүйесі орталық торабының қабылдаған күні болып табылады.

3. Салық органдарының жүйесі салық нысандарын қабылдаған және өңдеген кезде оның толықтығын және оны толтырудың дұрыстығын тексеруден тұратын форматтық-логикалық бақылау жүргізіледі.

4. Жеке тұлғалардың декларацияларды ұсынуы туралы ақпарат осы баптың 2-тармағында белгіленген, жеке тұлғалардың декларациялары ұсынылған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады.

5. Салық нысандары, мынадай жағдайлардың біреуі немесе бірнешеуі болған кезде:

1) салық нысандары уәкілетті орган белгілеген нысандарға сәйкес келмесе;

2) салық нысанында салық органының коды көрсетілмесе;

3) салық нысанында салық төлеушінің (салық агентінің) сәйкестендіру нөмірі көрсетілмесе немесе дұрыс көрсетілмесе;

4) салық нысанында салықтық кезең көрсетілмесе;

5) салық нысанында активтер мен міндеттемелер туралы декларация жасалған күн көрсетілмесе;

6) салық нысанында салықтық есептіліктің түрі көрсетілмесе;

7) салықтық есептілікке қол қойылмаса және (немесе) өзінің атауы бар мөрмен куәландырылмаса;

8) форматтық-логикалық бақылаудың салықтық есептілікті қабылдау және өңдеу жүйесі қабылдамаған кезде салықтық есептілікте «Өңдеуден бас тартылды» деген өңдеу мәртебесі болса;

9) салықтық есептілікті ұсыну мерзімі ұзартылған жағдайда салықтық

есептілікті ұсыну тәсіліне қатысты осы Кодекстің 212-бабы 1-тармағының талаптары бұзылса;

10) шот-фактуралар қағаз жеткізгіште алынған немесе жазып берілген жағдайда – салықтық кезең ішінде сатып алынған және өткізілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша шот-фактуралардың тізілімдері қосылған құн салығы бойынша декларациямен бірге бір мезгілде ұсынылмаса;

11) қосылған құн салығы бойынша салықтық есептілік салық органының шешімімен көрсетілген салық бойынша тіркеу есебінен шығарылғаннан кейін келу тәртібімен ұсынылмаса, салық органдарына ұсынылмады деп есептеледі.

210-бап. Салықтық есептілікті кері қайтарып алу тәртібі

1. Салық төлеуші (салық агенті) салықтық есептілікті кері қайтарып алу үшін салық органына:

1) өзі тіркеу есебіне қойылған жер бойынша салықтық өтінішті ұсынады.

Салық органының коды дұрыс көрсетілмеген салықтық есептілікті өзгерту әдісімен кері қайтарып алған жағдайда, салықтық өтініш осындай есептілікті ұсыну орны бойынша ұсынылады;

2) осы Кодекстің 208-бабы 2-тармағының шарттарын бұза отырып ұсынылған салықтық есептілікті жою әдісімен кері қайтарып алған жағдайда, салықтық есептілікті ұсынады.

Салықтық есептілік көрсетілген салықтық кезеңге ұсынылған салықтық есептіліктің барлық қосымша нысандары ескеріле отырып, салықтық есептілікті қабылдау және өңдеу жүйесінен салық органының кері қайтарып алуына жатады.

Салықтық есептілікті кері қайтарып алу мынадай әдістердің бірімен жүргізіледі:

1) жою әдісімен, бұл ретте кері қайтарылатын салықтық есептілік салықтық есептілікті қабылдау және өңдеу жүйесінің орталық торабынан жойылады;

2) өзгерту әдісімен, бұл ретте бұрын ұсынылған салықтық есептілікке салық төлеуші (салық агенті) мәлімдеген өзгерістер және (немесе) түзетулер енгізіледі.

2. Жою әдісімен мынадай:

1) салықтық тексеруді жүргізу басталғанға дейін қызметті қайта бастау туралы шешім қабылдаған жағдайда таратудың салықтық есептілігін;

2) осы Кодекстің 208-бабы 2-тармағының және 211-бабы 5-тармағының шарттарын бұза отырып ұсынылған;

3) осындай салықтық есептілікті ұсыну жөніндегі міндеттеме болмаған кезде ұсынылған;

4) осы Кодекстің 209-бабының 5-тармағына сәйкес ұсынылмады деп

есептелетін;

5) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органы анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламалар бойынша салықтық есептілікті қоспағанда, талап қоюдың ескіру мерзімі өткеннен кейін ұсынылған салықтық есептілікті кері қайтарып алу жүргізіледі.

Жою әдісімен салықтық есептілікті кері қайтарып алу кезінде салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шоттарында тіркеу есебіне қойылған жері бойынша салық органы кері қайтарып алынатын салықтық есептілік бойынша салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің, әлеуметтік төлемдердің есептелген (азайтылған) сомаларына түзетпе жасауды жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген салықтық есептілікті кері қайтарып алу туралы салықтық өтініш ұсынылмаған жағдайда, салық органы ұсынбау фактісі анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде салық төлеушіге (салық агентіне) Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жібереді.

Хабарлама орындалмаған кезде салық органы салықтық есептілікті кері қайтарып алуды салықтық өтінішсіз жою әдісімен жүргізеді. Кері қайтарып алу уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салықтық есептілікті кері қайтарып алуға салық органының шешімі негізінде жүргізіледі.

3. Өзгерту әдісімен мынадай салықтық есептілікті:

1) валютаның коды көрсетілмеген немесе дұрыс көрсетілмеген;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі және (немесе) күні көрсетілмеген немесе дұрыс көрсетілмеген;

3) резиденттік мәртебесі көрсетілмеген немесе дұрыс көрсетілмеген;

4) салық органының коды дұрыс көрсетілмеген;

5) салықтық кезең дұрыс көрсетілмеген;

6) салықтық есептіліктің түрі дұрыс көрсетілмеген;

7) салықтық тексеру жүргізілгеннен кейін немесе камералдық бақылау аяқталғаннан кейін қызметті қайта бастау туралы шешім қабылдаған жағдайда таратудың салықтық есептілігін кері қайтарып алу жүргізіледі.

Өзгерту әдісімен салықтық есептілікті кері қайтарып алу кезінде салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шоттарында тіркеу есебіне қойылған жері бойынша салық органы мәлімделген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, салықтық есептілік бойынша деректерді жеке шотта кейіннен көрсетіп, кері қайтарылатын салықтық есептілікте көрсетілген сомаларға түзетпе жасауды жүзеге асырады.

4. Мынадай:

1) тексеру жүргізуге арналған нұсқамада көрсетілген салықтардың және бюджетке төленетін төлемдер мен әлеуметтік төлемдердің түрлері бойынша кешенді және тақырыптық тексерулерді жүргізу кезеңінде – тексерілетін салықтық кезеңнің;

2) шағым берудің қалпына келтірілген мерзімін ескере отырып, тексеру

нәтижелері туралы хабарламаға шағымды беру және оны қарау мерзімі кезеңінде – шағым жасалатын салықтық кезеңнің;

3) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органы анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламалар бойынша ұсынылған салықтық есептілікті кері қайтарып алуға жол берілмейді.

5. Кері қайтарып алу туралы мәлімет уәкілетті органның интернет-ресурсында мынадай мерзімдерде:

1) осы баптың 1-тармағында көрсетілген салықтық өтініші негізінде салықтық есептілікті кері қайтарып алған жағдайда – осындай өтініш ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;

2) салық органының осы баптың 2-тармағында көрсетілген шешімі негізінде салықтық есептілікті кері қайтарып алған жағдайда – Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындау үшін көзделген мерзім аяқталған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жарияланады.

6. Осы Кодекстің 458-бабында көзделген жағдайларға осы бап қолданылмайды.

211-бап. Салықтық есептілікке өзгерістер мен толықтырулар енгізу

1. Салық төлеуші (салық агенті) өзгерістер мен толықтырулар қатысты болатын салықтық кезең үшін қосымша салықтық есептілік жасау арқылы салықтық есептілікке өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

2. Қосымша салықтық есептілікте:

1) сомалары өзгертілген кезде – салықтық кезеңдегі бұрын ұсынылған салықтық есептілікте көрсетілген сома мен іс жүзіндегі салықтық міндеттеме арасындағы айырма;

2) қалған деректер өзгертілген кезде, жаңа мән тиісті жолдар бойынша көрсетіледі.

3. Қосымша және (немесе) хабарлама бойынша қосымша салықтық есептілікті ұсынған кезде салық төлеуші (салық агенті) немесе салық органы камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықтаған салықтардың, төлемдердің сомасы бюджетке енгізілуге жатады, әлеуметтік төлемдердің сомасы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа салық төлеушіні (салық агентін) тартпай, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес төлеуге жатады.

4. Салық органы салық төлеушінің (салық агентінің) тарату, бөлу жолымен қайта ұйымдастыру немесе қызметті тоқтату туралы салықтық өтініші бойынша жүргізетін салықтық тексеру басталғанға дейін қосымша салықтық есептілікті ұсынуға жол беріледі.

5. Мынадай:

1) салықтық тексеруді жүргізуге арналған нұсқамада көрсетілген салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің, әлеуметтік төлемдердің

түрлері бойынша кешенді және тақырыптық тексерулерді жүргізу кезеңінде (ұзартуды және тоқтата тұруды ескере отырып) – тексерілетін салықтық кезеңнің;

2) шағым жасалатын салықтық кезеңнің:

салық төлеушінің (салық агентінің) шағымында көрсетілген салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің, сондай-ақ әлеуметтік төлемдердің түрлері бойынша шағымды берудің қалпына келтірілген мерзімін ескере отырып, тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымды беру және оны қарау мерзімі кезеңінде;

деңгейлес мониторингтің нәтижелері бойынша хабарламаға шағымды беру және оны қарау мерзімі кезеңінде;

3) қосылған құн салығын қайтару туралы талап ету бөлігінде;

4) осы тармақтың 5) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, аванстық төлемдерді төлеу мерзімі басталған салықтық кезеңдегі айлар үшін корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер бойынша – азайту жағына қарай;

5) алдыңғы салықтық кезең үшін корпоративтік табыс салығы жөніндегі декларация тапсырылғанға дейінгі кезеңге төлеуге жататын корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер бойынша – ағымдағы салықтық кезеңнің 20 қаңтарынан кешіктіріп;

6) алдыңғы салықтық кезең үшін корпоративтік табыс салығы жөніндегі декларация тапсырылғаннан кейінгі кезеңге төлеуге жататын корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер бойынша – ағымдағы салықтық кезеңнің 31 желтоқсанынан кешіктіріп;

7) мынадай:

жеке тұлғаның декларация ұсыну жөніндегі міндеттемесі туындаған жыл басталғанға дейін Қазақстан Республикасында нотариат куәландырған мәмілелер бойынша берешекті, сондай-ақ сот шешімі бойынша танылған берешектерді;

дебитор немесе кредитор болып табылатын жеке тұлғалардың активтер және міндеттемелері туралы бастапқы немесе кезекті декларацияларында көрсетілген берешекті қоспағанда, жеке тұлғамен арада туындаған қатынастар бойынша қалыптасқан, басқа тұлғалардың жеке тұлғаның алдындағы берешегін (дебиторлық берешекті) және жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдындағы берешегін (кредиторлық берешекті) жеке тұлғалардың декларацияларында көрсету бөлігінде;

8) бейрезидент-заңды тұлғаның басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстарын шегерімдерге жатқызу әдісін өзгерту бөлігінде тиісті салықтық есептілікке өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

6. Заңды тұлға таратылған күннен немесе дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған күннен кейін осындай таратылған (қызметін тоқтатқан) салық төлеушінің контрагенті болып табылатын салық төлеушінің корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша салықтық есептілікке (оның

ішінде сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша тізілімдерге) корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша салықтық міндеттемелердің азаюына алып келетін, осындай таратылған (қызметін тоқтатқан) салық төлеушімен мәмілелер бойынша тиісті сомаларды көрсету бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне жол берілмейді.

212-бап. Салықтық есептілікті ұсыну мерзімдерін ұзарту

1. Салық төлеуші (салық агенті) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды импорттау кезінде жанама салықтар бойынша салықтық есептілікті қоспағанда, салықтық есептілікті электрондық нысанда ұсынған кезде, оны ұсыну мерзімін ұзартуға құқылы.

2. Салықтық есептілікті ұсыну мерзімін ұзарту үшін тіркеу есебіне қойылған жері бойынша салық органына осы бапқа сәйкес уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша, оның ішінде «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы арқылы хабарлама жіберіледі.

Салықтық есептілікті ұсыну үшін осы Кодексте белгіленген мерзім өткенге дейін хабарлама қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жіберіледі.

Мерзімді ұзарту салық органына мерзімді ұзартуға хабарлама жіберілген күнтізбелік жыл ішінде салық төлеуші (салық агенті) ұсынатын салықтық есептілікке қолданылады.

3. Корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларының есеп-қисабын қоспағанда, салықтық есептілікті ұсыну мерзімі:

1) корпоративтік табыс салығы немесе жеке табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын;

2) салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің, әлеуметтік төлемдердің өзге де түрлері бойынша декларацияны және (немесе) есеп-қисапты ұсыну үшін белгіленген мерзімнен бастап күнтізбелік он бес күннен аспайтын;

3) тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша тәуекелдер деңгейі төмен салық төлеушілер үшін салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің, әлеуметтік төлемдердің өзге де түрлері бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын кезеңге ұзартылады.

4. Мерзімді ұзарту салықтарды, бюджетке төленетін төлемдер мен әлеуметтік төлемдерді төлеу мерзімін өзгертпейді.

5. Жеке тұлғалардың декларациялары бойынша мерзімді ұзарту құқығы салық органына мерзімді ұзарту туралы хабарлама жіберілместен, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге беріледі.

Жеке тұлғалардың декларацияларын әскери қызметшілердің ұсыну

мерзімі жергілікті әскери басқару органынан әскери қызметті өткеру орнына кетуі туралы бұйрық шығарылған күннен бастап мерзімді қызметті өткеру уақыты кезеңіне ұзартылады.

Әскери қызметшіні әскери бөлімнің жеке құрамының тізімдерінен шығару туралы бұйрықтың негізінде мерзімді қызметтегі әскери қызметші мәртебесінен айырылған кезде жеке тұлға ұсыну мерзімі ұзартылған жеке тұлғаның декларациясын әскери бөлімнің тізімдерінен шығару туралы бұйрық шыққан күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей ұсынады.

6. Арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерді қоспағанда, салықтық есептілікті ұсыну мерзімі тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша тәуекел деңгейі жоғары салық төлеушіге (салық агентіне) қатысты ұзартылмайды.

213-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық есептілікті ұсынуын тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) тәртібі

1. Салық төлеушінің (салық агентінің) осы бапта айқындалған тәртіппен салықтық өтініш негізінде:

1) салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұруға;

2) салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұру мерзімін ұзартуға;

3) егер осы бапта өзгеше көзделмесе, салықтық есептілікті ұсынуды қайта бастауға құқығы бар.

Салық төлеуші (салық агенті) өзінің тұрған жері бойынша салық органына:

1) қызметті тоқтата тұру немесе қайта бастау немесе салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұру мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданған жағдайда, салықтық өтінішті ұсынады.

Салықтық өтініш:

қызметті тоқтата тұру туралы шешім қабылданған жағдайда – алдағы кезеңге;

қызметті қайта бастау немесе салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұру мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдаған жағдайда қызметті тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін ұсынылады;

2) қызметті тоқтата тұру туралы шешім қабылданған жағдайда – салықтық кезеңнің басынан бастап салықтық өтініште көрсетілген қызметті тоқтата тұру күніне дейін салықтық есептілікті ұсынады.

Егер кезекті салықтық есептілікті ұсыну мерзімі салықтық өтініш ұсынылғаннан кейін басталатын болса, онда осындай есептілікті ұсыну салықтық өтініш ұсынылатын күнге дейін жүргізіледі;

3) қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын салық төлеуші (салық агенті) қызметті тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған жағдайда – қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару мақсатында осындай тіркеу есебі туралы салықтық өтінішті ұсынады.

Салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұрудың жалпы мерзімі, оны ұзартуды ескергенде, осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімінен аспауға тиіс. Мерзімді ұзарту жалпы мерзім ескеріле отырып, салықтық өтініште көрсетілген кезеңге жүзеге асырылады.

2. Салық органы салықтық өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұруды (ұзартуды, қайта бастауды) жүргізуге немесе салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұрудан бас тартуға міндетті.

3. Тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) туралы мәліметтер осындай шешім қабылданған күннен кешіктірілмей уәкілетті органның интернет-ресурсына жарияланады және салықтық өтініште көрсетілген кезең үшін салықтық есептілікті ұсынбау үшін негіз болып табылады.

4. Салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұрудан бас тарту салық төлеушіде (салық агентінде):

1) өтініш берілген күнге салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек;

2) мыналарды:

талап қоюдың ескіру мерзімін ескере отырып, осы баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген салықтық есептілікті;

осы баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 3) тармақшасында белгіленген жағдайда, қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебі туралы салықтық өтінішті ұсынбау фактісі;

3) осы Кодекстің 91-бабына сәйкес салық органының әрекетсіз деп тану фактісі;

4) салық органы жіберген, орындалмаған хабарламалар болған жағдайларда қабылданады.

5. Салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұрудан бас тартылған жағдайда, салықтық есептілік осы Кодексте айқындалған тәртіппен ұсынылады.

6. Қызметті тоқтата тұру кезеңінде салық органы салық төлеушінің (салық агентінің) қызметін қайта бастау фактілерін анықтаған жағдайда, салық органдары аталған тұлғаларды хабардар етпестен, салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұру мерзімін қызмет қайта басталған күннен бастап тоқтатылды деп таниды.

Осы тармақтың мақсаттары үшін, осы бапқа сәйкес қызметін тоқтата тұрған салық төлеушінің (салық агентінің) салықтарды, бюджетке төленетін төлемдер мен әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу жөніндегі міндеттемелердің туындауына алып келетін қызметті жүзеге асыруды бастауы қызметтің қайта басталуы деп танылады.

7. Осы баптың ережелері:

1) патент негізінде шағын бизнес субъектілері үшін бірыңғай жер салығын төлеу негізінде арнаулы салық режимдерін қолданатын дара

кәсіпкерге;

2) ойын бизнесі салығын төлеушіге;

3) ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушіге;

4) арнаулы салық режимдерін қолданатын дара кәсіпкерді қоспағанда, тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша тәуекел деңгейі жоғары салық төлеушіге (салық агентіне);

5) мүлік, көлік құралы салықтары мен жер салығы бойынша, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салықтық есептілікті ұсыну тәртібі мен мерзімдеріне қолданылмайды.

214-бап. Патент негізінде шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкердің салықтық есептілікті ұсынуын тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) тәртібі

1. Дара кәсіпкер осы бапта айқындалған тәртіппен салықтық өтініш негізінде:

1) салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұруға;

2) салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұру мерзімін ұзартуға құқылы.

Қызметті тоқтата тұру немесе патент құнының есеп-қисабын ұсынуды тоқтата тұру мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, дара кәсіпкер өзінің тұрған жері бойынша салық органына салықтық өтінішті ұсынады.

Салықтық өтініш:

қызметті тоқтата тұру туралы шешім қабылданған жағдайда – патенттің қолданылу мерзімі өткенге дейін алдағы кезеңге;

есеп-қисапты ұсынуды тоқтата тұру мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдаған жағдайда – қызметті тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін ұсынылады.

Есеп-қисапты ұсынуды тоқтата тұрудың жалпы мерзімі, оны ұзарту ескерілгенде, есеп-қисапты ұсынуды тоқтата тұру мерзімі басталған күннен бастап үш жылдан аспауға тиіс.

2. Салық органы салықтық өтініш берілген күні есеп-қисапты ұсынуды тоқтата тұруды (ұзартуды, қайта бастауды) жүргізуге немесе есеп-қисапты ұсынуды тоқтата тұрудан бас тартуға міндетті.

3. Есеп-қисапты ұсынуды тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) туралы мәліметтер осындай шешім қабылданған күннен кешіктірілмей уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланады және салықтық өтініште көрсетілген кезең үшін есеп-қисапты ұсынбау үшін негіз болып табылады.

4. Есеп-қисапты ұсынуды тоқтата тұрудан бас тарту дара кәсіпкерде:

1) салықтық өтініш берілген күнге салықтық берешек, әлеуметтік

төлемдер бойынша берешек болған;

2) талап қоюдың ескіру мерзімін ескере отырып салықтық есептілікті ұсынбау фактісі;

3) салық органы жіберген орындалмаған хабарламалар болған жағдайда қабылданады.

5. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, дара кәсіпкер қызметті тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін қызметін қайта бастаған болып танылады.

6. Дара кәсіпкер қызметін қайта бастаған күннен бастап алдағы кезеңге есеп-қисапты салық органына беру арқылы қызметін тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін қызметін қайта бастауға құқылы.

7. Есеп-қисапты ұсынуды тоқтата тұру кезеңінде оны ұсынған кезде дара кәсіпкер осы есеп-қисапта көрсетілген қызметтің басталған күнінен бастап қызметін қайта бастаған болып танылады.

8. Патенттің қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік алпыс күн ішінде салықтық өтінішті немесе кезекті есеп-қисапты ұсынбаған кезде дара кәсіпкер осы Кодекстің 67-бабында айқындалған тәртіппен дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылуға жатады.

9. Қызметті тоқтата тұру кезеңінде дара кәсіпкердің қызметін қайта бастау фактілері анықталған жағдайда, салық органы дара кәсіпкерді жазбаша хабардар ете отырып, есеп-қисапты ұсынуды тоқтата тұру мерзімін қызметті қайта бастаған күннен бастап тоқтатылды деп таниды.

Осы тармақтың мақсаттары үшін, осы бапқа сәйкес қызметін тоқтата тұрған дара кәсіпкердің салықтарды, бюджетке төленетін төлемдер мен әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу жөніндегі міндеттемелерінің туындауына алып келетін қызметті жүзеге асыруды бастауы қызметті қайта бастау деп танылады.

10. Осы баптың ережелері мүлік, көлік құралы салықтары мен жер салығы бойынша, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салықтық есептілікті ұсыну тәртібі мен мерзімдеріне қолданылмайды.

2-параграф. Салықтық тіркелімдер

215-бап. Салықтық тіркелімдер

1. Салықтық тіркелім салық төлеушінің (салық агентінің) салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы, сондай-ақ шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан алынған ақша және (немесе) мүлік туралы, сондай-ақ осы Кодекстің 29-бабының 1-тармағына сәйкес көрсетілген ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті жұмсау туралы мәліметтерді қамтитын құжаты болып табылады.

Салықтық тіркелімдер осы Кодекстің 190-бабының 5-тармағында

көрсетілген салықтық есепке алу мақсатын қамтамасыз ету үшін ақпаратты қорыту мен жүйелеуге арналған.

Салықтық есепке алу деректерін қалыптастыру салық салу мақсаты үшін пайдаланылатын ақпаратты хронологиялық тәртіппен көрсету арқылы және салықтық есепке алу деректерінің салықтық кезеңдер арасындағы (оның ішінде, нәтижелері бірнеше салықтық кезеңде ескерілетін, кейінгі салықтық кезеңдерде салық салу объектісінің мөлшеріне әсер ететін не бірқатар жылға ауысатын операциялар бойынша) сабақтастығын қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылады.

Салық төлеуші (салық агенті) салықтық тіркелімдерді арнаулы нысандар түрінде жасайды. Уәкілетті орган белгілеген салықтық тіркелімдердің нысандарын қоспағанда, салық төлеуші (салық агенті) салықтық тіркелімдердің нысандарын және оларда салықтық есепке алу деректерін көрсету тәртібін осы баптың ережелерін ескере отырып, өзі дербес әзірлейді және салықтық есепке алу саясатында бекітеді.

Салықтық тіркелімдерде шаруашылық операцияларының дұрыс көрсетілуін оларға қол қойған адамдар қамтамасыз етеді.

2. Салықтық тіркелімдер:

1) салық төлеуші (салық агенті) осы Кодекстің 190-бабының ережелерін ескере отырып, салықтық есепке алу саясатында белгілеген нысандар бойынша салық төлеуші (салық агенті) өзі дербес жасайтын салықтық тіркелімдерді;

2) салық төлеуші (салық агенті) жасайтын, жасалу нысандары мен қағидаларын уәкілетті орган бекітетін салықтық тіркелімдерді қамтиды.

3. Салықтық тіркелімдер мынадай міндетті деректемелерді қамтуға тиіс:

1) тіркелімнің атауы;

2) салық төлеушінің (салық агентінің) сәйкестендіру нөмірі;

3) тіркелім жасалған кезең;

4) тіркелімді жасауға жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса).

4. Уәкілетті орган:

1) салық салудан босатуды, корпоративтік табыс салығы, инвестициялық салықтық преференциялар бойынша салық салынатын кірісті азайтуды қолдану;

2) тіркелген активтер топтарының (кіші топтарының) баланстық құнын айқындау және тіркелген активтер бойынша кейінгі шығыстар;

3) туынды қаржы құралдары;

4) бейрезидент-заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесі шегерімге жатқызған басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы;

5) лизинг шарты бойынша берілген мүлік;

6) осы Кодекстің 232-бабы 5-тармағының 8) – 10) тармақшаларында

көзделген, борышкерлерге қойылатын талаптар мөлшерін азайтуларды есепке алу;

7) жазып берілген және қосылған құн салығын төлеуші алған шот-фактуралар;

8) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымның, ауыл шаруашылғы кооперативінің және (немесе) ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді жүзеге асыратын заңды тұлғаның жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын тұлғадан ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуын және оны өткізуін есепке алу;

9) шығу және келу туризмі бөлінісінде – туроператордың көрсетілетін қызметтері;

10) шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алу жөніндегі, сондай-ақ көрсетілген ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті жұмсау;

11) қосылған құн салығын есептеу мақсатында тауар қалдықтары түріндегі айналым;

12) тауар қалдықтары бойынша, есепке жатқызылған қосылған құн салығы;

13) ауыл шаруашылығы кооперативінің осы Кодекстің 698-бабы 2-тармағы 2) тармақшасының алтыншы абзацына сәйкес өз мүшелеріне тауарларды өткізуі, сондай-ақ осындай тауарларды пайдалануға, сенімгерлік басқаруға, жалга беру;

14) ауыл шаруашылығы кооперативінің өз мүшелері үшін осы Кодекстің 689-бабы 2-тармағы 2) тармақшасының бесінші абзацына сәйкес жұмыстарды (қызметтерді) орындауы (көрсетуі) жөніндегі ақпаратты көрсету үшін салықтық тіркелімдердің нысандарын белгілеуге құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 10) тармақшасында көзделген ақпаратты көрсетуге арналған салықтық тіркелімді қоспағанда, осы тармақтың ережесі «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізу мен қаржылық есептілік жасауды жүзеге асырмайтын дара кәсіпкерлерге қолданылмайды.

5. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізу мен қаржылық есептілік жасауды жүзеге асырмайтын дара кәсіпкерлер үшін уәкілетті орган мыналарды:

1) кірістерді, оның ішінде қолма-қол ақшасыз есеп айырысулар арқылы алынған кірістерді;

2) сатып алынған тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді;

3) төлем көзінен салық салуға жататын жеке тұлғалардың кірістерінен жеке табыс салыгын, сондай-ақ әлеуметтік салықты және әлеуметтік

төлемдерді салу объектілерін;

4) мыналар:

қоршаған ортаға эмиссиялар;

жерүсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы жөніндегі салықтық міндеттемелерді есепке алу жөніндегі ақпаратты көрсетуге арналған салықтық тіркелімдердің нысандарын белгілеуге құқылы.

6. Жеке практикамен айналысатын тұлғалар үшін уәкілетті орган:

1) жеке практикамен айналысудан түскен кірістерді;

2) осы Кодекстің 362, 363, 364 және 365-баптарында көзделген шығыстарды есепке алу бойынша салықтық тіркелімдердің нысандарын бекітеді.

7. Экспедитор тасымалдаушылар және (немесе) көлік экспедициясы шарты шеңберінде ұсынылатын жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушілер туралы, сондай-ақ осындай жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны туралы ақпаратты ашу үшін салықтық тіркелімді жүргізеді, онда мынадай деректер:

1) қосылған құн салығын төлеушілер болып табылатын тасымалдаушы және (немесе) жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беруші жазып берген шот-фактурасының реттік нөмірі мен күні;

2) тасымалдаушы және (немесе) жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беруші салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

3) тасымалдаушының және (немесе) жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) немесе атауы;

4) қосылған құн салығын төлеушілер болып табылатын тасымалдаушылар және (немесе) жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушілер жүзеге асыратын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шот-фактурада көрсетілген, салық салынатын (салық салынбайтын) айналымының мөлшеріне қосылатын құны;

5) қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын тасымалдаушы және (немесе) өнім беруші жүзеге асыратын, «ҚҚС-сыз» деген нұсқауы бар, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны;

6) бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша экспедитордың айналымы болып табылатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны көрсетілуге тиіс.

8. Салықтық тіркелімдер қағаз жеткізгіштерде жүргізілген жағдайда мұндай салықтық тіркелімдердегі қателерді түзету негізделген болуға және түзету енгізген жауапты адамның қолымен расталып, енгізілген түзетулердің күні мен негіздемесі көрсетілуге тиіс.

9. Осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, салықтық тіркелімдер тексеруді жүзеге асыратын салық органдары лауазымды адамдарының талап етуі бойынша салықтық тексерулерді жүргізу кезінде салық органдарының лауазымды адамдарына

қағаз жеткізгіштерде және (немесе) электрондық жеткізгіштерде ұсынылады.

Салық төлеушілер салықтық мониторинг шеңберінде салық органдарының немесе олардың лауазымды адамдарының талап етуі бойынша салықтық тіркелімдерді ұсынады.

Салық төлеуші (салық агенті) салықтық тіркелімдерді электрондық нысанда жасаған кезде салықтық тексеру барысында және салықтық мониторинг шеңберінде салық органдарының немесе олардың лауазымды адамдарының талап етуі бойынша салықтық тіркелімдерді электрондық жеткізгіштерде және осындай салықтық тіркелімдердің қағаз жеткізгіштегі көшірмелерін ұсынуға міндетті, олар басшысының және салық төлеушінің (салық агентінің) осы салықтық тіркелімдерін жасауға жауапты адамдардың (адамның) қолымен, сондай-ақ салық төлеушіде (салық агентінде) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша мөр болмаған жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің (салық агентінің) мөрімен куәландырылуға тиіс.

10. Тіркелген шегерімді пайдалана отырып арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер үшін уәкілетті орган мыналарды:

1) запастарды;

2) кірістерді;

3) төлем көзінен салық салуға жататын жеке тұлғалардың кірістерінен жеке табыс салығын, сондай-ақ әлеуметтік салық және әлеуметтік төлемдер салу объектілерін есепке алу жөніндегі ақпаратты көрсетуге арналған салықтық тіркелімдердің нысандарын белгілеуге құқылы.

11. Бірыңғай жер салығын төлеушілер қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы жөніндегі салықтық міндеттемелерді есепке алу бойынша салықтық тіркелімді қоспағанда, осы баптың 5-тармағында көзделген салықтық тіркелімдерді жүргізуге міндетті.

6-БӨЛІМ. РЕЗИДЕНТТЕР МЕН БЕЙРЕЗИДЕНТТЕРДІҢ КІРІСТЕРІНЕ САЛЫҚ САЛУ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

26-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

216-бап. Резиденттер мен бейрезиденттерге салық салудың негізгі қағидаттары

1. Қазақстан Республикасының резиденті Қазақстан Республикасында осы Кодекстің ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасындағы және оның шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған кірістерден салықтар төлейді.

2. Бейрезидент Қазақстан Республикасында осы Кодекстің ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістерден

салықтар төлейді.

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент Қазақстан Республикасында осы Кодекстің ережелеріне сәйкес мұндай тұрақты мекеменің қызметіне байланысты, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған кірістерден де салықтар төлейді.

3. Резиденттер мен бейрезиденттер Қазақстан Республикасында өзге де салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді, сондай-ақ әлеуметтік төлемдерді осындай міндеттемелер туындаған кезде төлейді.

217-бап. Резиденттер

1. Осы Кодекстің мақсаттарында мыналар Қазақстан Республикасының резиденті деп танылады:

1) мынадай:

Қазақстан Республикасында тұрақты болатын;

Қазақстан Республикасында тұрақты болмайтын, бірақ өмірлік мүдделерінің орталығы Қазақстан Республикасында болатын жеке тұлға;

2) мынадай:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған;

шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған, тиімді басқару орны (нақты басқару органының тұрған жері) Қазақстан Республикасында болатын заңды тұлға.

Нақты органның (директорлар кеңесінің немесе соған ұқсас органның) негізгі басқару және (немесе) бақылау жүзеге асырылатын, сондай-ақ заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүргізу үшін қажетті стратегиялық коммерциялық шешімдер қабылданатын жиналысы өткізілетін орын тиімді басқару орны (нақты басқару органының тұрған жері) деп танылады.

2. Егер жеке тұлға ағымдағы салықтық кезеңде аяқталатын кез келген қатарынан он екі айлық кезеңде кемінде күнтізбелік бір жүз сексен үш күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) Қазақстан Республикасында болса, ол ағымдағы салықтық кезеңде Қазақстан Республикасында тұрақты болған жеке тұлға деп танылады.

3. Бір мезгілде мынадай шарттарды орындаған кезде:

1) жеке тұлғада Қазақстан Республикасының азаматтығы немесе Қазақстан Республикасында тұруға рұқсаты (ықтиярхаты) болса;

2) жеке тұлғаның жұбайы (зайыбы) және (немесе) жақын туыстары Қазақстан Республикасында тұрса;

3) Қазақстан Республикасында жеке тұлғаның кез келген уақытта тұруы және (немесе) жұбайының (зайыбының) және (немесе) оның жақын туыстарының тұруы үшін қолжетімді, оған және (немесе) жұбайына (зайыбына) және (немесе) оның жақын туыстарына меншік құқығында немесе өзге де негіздерде тиесілі жылжымайтын мүлкі болса, жеке тұлғаның өмірлік

мүдделерінің орталығы Қазақстан Республикасында деп танылады.

4. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын жеке тұлға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдамай Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат ету туралы өтініш берген:

1) мемлекеттік билік органдары шет елге іссапарға жіберген жеке тұлға, оның ішінде дипломатиялық, консулдық мекемелердің, халықаралық ұйымдардың қызметкері, сондай-ақ аталған жеке тұлғаның отбасы мүшелері;

2) тұрақты халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына немесе азаматтарына тиесілі көлік құралы экипажының мүшесі;

3) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге көшірілген Қазақстан Республикасы әскери бөлімдерінің немесе әскери құрамаларының әскери қызметшілері мен азаматтық персоналы;

4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі және Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасы субъектілерінің меншігі болып табылатын объектілерде (оның ішінде концессиялық шарттар негізінде) жұмыс істейтін;

5) оқу, оның ішінде тағылымдамадан немесе практикадан өту, емделу немесе сауықтыру, профилактикалық рәсімдерден өту мақсатында, оқу, оның ішінде тағылымдамадан немесе практикадан өту, емделу немесе сауықтыру, профилактикалық рәсімдерден өту кезеңінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болатын жеке тұлға;

6) сабақ беру, консультациялар беру немесе ғылыми жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында аталған қызметтерді (жұмыстарды) көрсету (орындау) кезеңінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болатын оқытушы және (немесе) ғылыми қызметкер Қазақстан Республикасында тұрған уақытына және осы бапта көзделген басқа да кез келген өлшемшарттарға қарамастан, резидент-жеке тұлға деп танылады.

218-бап. Қазақстан Республикасының резиденттігін растау тәртібі

1. Резидент Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасасқан шет мемлекетте қызметін жүзеге асырған жағдайда, тиісті халықаралық шарттың талаптарын орындаған кезде резидент көрсетілген мемлекетте осындай халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқылы.

2. Халықаралық шартты қолдану мақсатында, сондай-ақ өзге де мақсаттарда тұлға Қазақстан Республикасының резиденттігін растау үшін, егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, осындай тұлға тұрған, болатын (тұрғылықты) жері бойынша тіркелген салық органына қатысты жоғары тұрған болып табылатын салық органына резиденттікті растауға арналған салықтық өтінішті ұсынады.

Егер тұлға уәкілетті органға сатылы түрде тікелей бағынатын салық

органында тұрған, болатын (тұрғылықты) жері бойынша тіркелген болса, резиденттікті растауға арналған салықтық өтініш осындай салық органына ұсынылады.

Бұл ретте төменде аталған тұлғалар салық органына резиденттікті растауға арналған салықтық өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

1) өзінің тиімді басқару орнының Қазақстан Республикасында болуы негізінде резидент болып табылатын шетелдік заңды тұлға – заңды тұлғаны тиімді басқару орнының (нақты басқару органы тұрған жер) Қазақстан Республикасында болуын растайтын құжаттың (өткізілген орны көрсетіле отырып, директорлар кеңесінің немесе соған ұқсас органның жалпы жиналысы хаттамасының немесе негізгі басқару және (немесе) бақылау, сондай-ақ заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүргізуі үшін қажетті стратегиялық коммерциялық шешімдер қабылдау орнын растайтын өзге де құжаттардың) нотариат куәландырған көшірмесін;

2) резидент болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматы – жеке куәлігінің немесе Қазақстан Республикасы паспортының көшірмесін;

3) резиденттер болып табылатын шетелдік және азаматтығы жоқ адам мыналардың:

шетел паспортының немесе азаматтыгы жоқ адам куәлігінің;

Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаттың (ол болған кезде);

Қазақстан Республикасында болу кезеңін растайтын құжаттың (визаның немесе өзге де құжаттардың) нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынуға міндетті.

3. Резиденттікті растауға арналған салықтық өтінішті қарау қорытындылары бойынша салық органы оны ұсынған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде:

1) тұлғаға уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша оның резиденттігін растайтын құжатты береді немесе шет мемлекеттің құзыретті органы белгіленген нысан бойынша оның резиденттігін растайды.

Резиденттікті растайтын құжат электрондық құжат нысанында берілген жағдайда, осындай құжатты уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастыру күні беру күні болып табылады;

2) тұлғаның резиденттігін растаудан бас тарту туралы негізделген шешім шығарады.

Тұлғаның резиденттігін растаудан бас тарту осы Кодекстің 217-бабында белгіленген шарттарға сәйкес келмеген жагдайда жүргізіледі.

4. Тұлғаның резиденттігі осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі шегінде, резиденттікті растауға арналған салықтық өтініште көрсетілген әрбір күнтізбелік жыл үшін расталады.

5. Резиденттікті растайтын құжат жоғалған жағдайда, осындай құжатты берген салық органы резиденттің өтініші ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның телнұсқасын береді.

219-бап. Бейрезиденттер

Осы Кодекстің мақсаттарында мыналар:

1) осы Кодекстің 217-бабының ережелеріне сәйкес резидент болып табылмайтын жеке немесе заңды тұлға;

2) осы Кодекстің 217-бабының ережелеріне қарамастан, қосарланған салық салуды болдырмау және салықтарды толеуден жалтаруға жол бермеу мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес бейрезидент болып танылатын шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам бейрезидент болып танылады.

220-бап. Бейрезиденттің тұрақты мекемесі

1. Егер халықаралық шартта өзгеше белгіленбесе, бейрезиденттің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мерзімдеріне қарамастан, ол осындай қызметті Қазақстан Республикасының аумағында өзі арқылы жүзеге асыратын мынадай қызмет орындарының бірі:

1) тауарларды өндіру, қайта өңдеу, жасақтау, орау, қаптау және (немесе) беру жүзеге асырылатын кез келген орын;

2) кез келген басқару орны;

3) жер қойнауы геологиялық зерделенетін, пайдалы қазбаларды барлау, өндіруге дайындық жұмыстары және (немесе) пайдалы қазбаларды өндіру жүзеге асырылатын және (немесе) пайдалы қазбаларды барлауды және (немесе) өндіруді бақылау және (немесе) байқау жөніндегі жұмыстар орындалатын, қызметтер көрсетілетін кез келген орын;

4) құбыржолға байланысты қызмет (оның ішінде бақылау немесе байқау қызметі) жүзеге асырылатын кез келген орын;

5) ойын автоматтарын (жалғамаларымен қоса), компьютерлік желілер мен байланыс арналарын, аттракциондарды орнатуға, баптауға және пайдалануға байланысты, сондай-ақ көліктік немесе өзге де инфрақұрылымға байланысты қызмет жүзеге асырылатын кез келген орын;

6) егер осы баптың 5-тармағында өзгеше белгіленбесе, тауарларды көрмелерде және жәрмеңкелерде өткізу жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында тауарлар өткізілетін орын;

7) құрылыс қызметі және (немесе) құрылыс-монтаждау жұмыстары жүзеге асырылатын, сондай-ақ осы жұмыстардың орындалуын байқау жөніндегі қызметтер көрсетілетін кез келген орын;

8) осы баптың 6-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асыратын өкілдікті қоспағанда, бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі орналасқан жер;

9) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында бейрезиденттің атынан делдалдық қызметті жүзеге асыратын тұлға орналасқан жер;

10) шет мемлекеттің заңнамасына не егер мұндай бірлескен қызмет Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бейрезидентпен жасалған бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы резидент орналасқан жер бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесі болып танылады.

2. Егер мұндай сипаттағы қызмет Қазақстан Республикасының аумағында бір жоба немесе байланысты жобалар шеңберінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру басталған күннен бастап кез келген қатарынан он екі айлық кезең шегінде күнтізбелік бір жүз сексен үш күннен астам жалғасатын болса, осындай мақсаттар үшін бейрезидент жалдаған жұмыскерлер немесе басқа персонал арқылы Қазақстан Республикасының аумағында осы баптың 1-тармағында көзделмеген қызметтер көрсетілетін, жұмыстар орындалатын орын бейрезиденттің тұрақты мекемесі болып танылады.

Өзара байланысты немесе өзара тәуелді келісімшарттар (шарттар) осы бөлімнің мақсаттарында байланысты жобалар болып танылады.

Бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін:

1) мұндай келісімшарттар (шарттар) бойынша бейрезидент немесе оның өзара байланысты тарапы бір ғана сол салық агентіне немесе оның өзара байланысты тарапына бірдей немесе біртекті қызметтер (жұмыстар) көрсететін (орындайтын);

2) бір келісімшарт (шарт) бойынша қызметтер көрсету (жұмыстар орындау) аяқталған күн мен басқа келісімшарт (шарт) жасалған күн арасындағы уақыт кезеңі қатарынан он екі айдан аспайтын келісімшарттар (шарттар) өзара байланысты келісімшарттар (шарттар) деп танылады.

Бейрезидент немесе оның өзара байланысты тарапы салық агентімен немесе оның өзара байланысты тарапымен жасасқан, олардың біреуі бойынша міндеттемелерді бейрезиденттің немесе оның өзара байланысты тарапының орындамауы мұндай бейрезиденттің немесе оның өзара байланысты тарапының басқа келісімшарт (шарт) бойынша міндеттемелерді орындауына әсер ететін келісімшарттар (шарттар) өзара тәуелді келісімшарттар (шарттар) болып танылады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, егер бейрезидент Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті тәуелді агент арқылы жүзеге асырған жағдайда, онда мұндай бейрезидент өзі үшін тәуелді агент жүзеге асыратын кез келген қызметке байланысты, осындай қызметтің жүзеге асырылу мерзімдеріне қарамастан, тұрақты мекемесі бар бейрезидент ретінде қарастырылатын болады.

Бір мезгілде мынадай:

1) шарттық қатынастар негізінде Қазақстан Республикасында бейрезиденттің мүдделерін білдіруге, бейрезиденттің атынан және есебінен әрекет етуге және (немесе) белгілі бір заңдық әрекеттер жасауға уәкілетті, оның ішінде өтеулі қызметтер көрсету шартын жасасуға немесе осындай

шартты жасасу немесе бейрезидентке меншік құқығы (пайдалану құқығы) негізінде тиесілі мүлікке меншік құқығын (пайдалану құқығын) беру кезінде негізгі рөл атқаруға уәкілетті;

2) сақтандыру брокерінің қызметін және осындай агент айрықша түрде немесе негізінен бейрезиденттің атынан әрекет ететін жағдайларды қоспағанда, ол осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қызметті кеден өкілінің, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының қызметі және өзге де брокерлік қызмет шеңберінде жүзеге асырмайды;

3) оның қызметі осы баптың 6-тармағында санамаланған қызмет түрлерімен шектелмейді деген шарттарға сай келетін жеке немесе заңды тұлға осы бөлімнің мақсаттары үшін тәуелді агент деп танылады.

4. Егер еншілес ұйым осы баптың 3-тармағына сәйкес тәуелді агент болып танылса, бейрезиденттің Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған еншілес ұйым арқылы жүзеге асырылатын қызметі бейрезиденттің тұрақты мекемесінің құрылуына алып келеді

5. Егер тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін көрмелерде және жәрмеңкелерде өткізу күнтізбелік он күннен астамға созылса, бейрезидент осындай өткізу кезінде Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрады.

6. Бейрезидент қызметінің дайындық немесе көмекші сипатқа қана ие, бейрезиденттің кәсіпкерлік қызметінің негізгі түрлерінің бір бөлігі болып табылмайтын және үш жылдан аспайтын мынадай түрлері:

1) кез келген орынды бейрезидентке тиесілі тауарды өткізбей, сақтау және (немесе) көрсету мақсаттары үшін ғана пайдалану;

2) тұрақты қызмет орнын тауарларды өткізбей, бейрезидент үшін сатып алу мақсаттарында ғана ұстау;

3) тұрақты қызмет орнын ақпарат жинау, өңдеу және (немесе) тарату, бейрезидент өткізетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жарнамалау немесе олардың нарығын зерделеу үшін ғана ұстау бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесінің құрылуына алып келмейді.

Бұл ретте дайындық немесе көмекші сипаттағы қызмет үшінші тұлғалар үшін емес, бейрезиденттің өзі үшін жүзеге асырылуға тиіс.

7. Бейрезиденттің заңды тұлғаға, оның ішінде Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидентке Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істеу үшін шетелдік персоналды ұсыну бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметі, бір мезгілде мынадай шарттар орындалған кезде:

1) егер мұндай персонал өзі ұсынылған заңды тұлғаның атынан және соның мүдделерін көздеп әрекет етсе;

2) шетелдік персоналды ұсыну бойынша қызметтер көрсететін бейрезидент ұсынылған персоналдың жұмыс нәтижелері үшін жауапты

болмаса;

3) салықтық кезең ішінде бейрезиденттің шетелдік персоналды ұсыну бойынша қызметтер көрсетуден түсетін кірісі бейрезиденттің көрсетілген кезең ішінде осындай персоналды ұсыну бойынша жалпы шығындары сомасының 10 пайызынан аспайтын болса, осындай көрсетілетін қызмет бойынша Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құруға алып келмейді.

Бұл ретте мұндай кірістің мөлшері салықтық кезең ішінде бейрезидент көрсеткен шетелдік персоналды ұсыну бойынша қызметтердің құны мен көрсетілген кезең ішінде бейрезиденттің персоналды ұсыну бойынша жалпы шығындары сомасының құны арасындағы оң айырма түрінде айқындалады.

Шетелдік персоналдың кірістерін қоса алғанда, осындай қызметтер көрсетуге арналған шығындардың сомасын растау үшін бейрезидент көрсетілетін қызметтерді алушыға Қазақстан Республикасының және (немесе) шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес жасалған бастапқы құжаттарының көшірмесін ұсынуға міндетті. Шетелдік персоналды ұсыну бойынша қызметтер көрсететін бейрезиденттің кірісінен корпоративтік табыс салығын есептеу мақсаттары үшін, осы тармақта белгіленген шарттар орындалған кезде, бейрезиденттің мұндай көрсетілетін қызметтері Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде көрсетілген қызметтер болып танылады.

8. Бейрезидент қызметті Қазақстан Республикасының аумағында бірлескен қызмет туралы шарт негізінде жүзеге асырған жағдайда:

1) осындай шартқа әрбір қатысушының қызметі осы бапта белгіленген ережелерге сәйкес тұрақты мекеме құрады;

2) осындай шартқа әрбір қатысушы салықтық міндеттемені орындауды осы Кодексте айқындалған тәртіппен өзі дербес жүзеге асырады.

9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құруға алып келетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бейрезидент осы Кодекстің 76-бабында айқындалған тәртіппен салық органында салық төлеуші ретінде тіркелуге міндетті.

Бейрезиденттің салық органдарында салық төлеуші ретінде тіркелуінің немесе әділет органдарында есептік тіркелуінің жоқтығына қарамастан, бейрезиденттің Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асыруы басталған күннен бастап бейрезиденттің қызметі осы баптың ережелеріне сәйкес тұрақты мекеме құрады.

Егер бейрезидент бір салық органында тіркелуге жататын екі және одан да көп тұрақты мекеме құруға алып келетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған жағдайда, онда бейрезиденттің осындай тұрақты мекемелерінің тобы бойынша жиынтық түрде бір тұрақты мекеме тіркелуге жатады.

Егер бейрезиденттің осы баптың 2, 3, 5 немесе 7-тармақтарында көрсетілген қызметті жүзеге асыратын тіркелген тұрақты мекемесі болса және ол ұқсас немесе осындай қызметті мұндай тұрақты мекеме тіркелген орыннан өзгеше орында жүзеге асырса, онда мұндай қызметті жүзеге асыру тұрақты

мекеме құруға алып келеді және ұқсас немесе осындай қызметті жүзеге асыру басталған күннен бастап тіркелуге жатады.

Егер бейрезиденттің тұрақты мекемесі салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорынан алып тасталған күннен кейін осындай бейрезидент осы баптың 2 және 5-тармақтарында көрсетілген қызметті қатарынан он екі айлық кезең ішінде қайта бастаған жағдайда, ол тұрақты мекеме құрған болып танылады және осындай қызмет жүзеге асырыла бастаған күннен бастап салық төлеуші ретінде тіркелуге жатады.

10. Осы Кодексті қолдану мақсаттарында:

1) мыналарға:

Қазақстан Республикасында, оның ішінде бірлескен қызмет туралы шарт шеңберінде жұмыстар орындауға, қызметтер көрсетуге;

өз атынан Қазақстан Республикасында әрекеттер жасауға өкілеттіктер беруге;

өткізу мақсатында Қазақстан Республикасында тауарлар сатып алуға;

Қазақстан Республикасында жұмыстар орындау, қызметтер көрсету мақсатында жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арнап кез келген мынадай келісімшартты (шартты, келісімді) жасасу;

2) Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асыру мақсаттарында алғашқы еңбек шартын (келісімін, келісімшартын) жасасу;

3) осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) немесе 2) тармақшаларында көрсетілген келісімшарттың (шарттың, келісімнің) шарттарын орындау үшін бейрезидент-жеке тұлғаның, бейрезиденттің жұмыскерінің немесе өзге жалданған персоналының Қазақстан Республикасына келуі;

4) бейрезиденттің осы баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген қызметті жүзеге асыруға құқығын куәландыратын құжаттың күшіне енген күні бейрезиденттің Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асыруды бастаған күні болып танылады.

Осы тармақтың бірнеше шарттары болған жағдайда, анағұрлым ерте, бірақ осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген күндердің ішінен бірінші басталғанынан ерте емес күн бейрезиденттің Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асыруы басталған күн болып танылады.

11. Егер бейрезидент қызметті қосарланған салық салуды болғызбау және салықтарды төлеуден жалтаруға жол бермеу мәселелерін реттейтін халықаралық шартқа немесе осы баптың 6-тармағына сәйкес тұрақты мекеменің құрылуына алып келмейтін құрылымдық бөлімше арқылы жүзеге асырған жағдайда, бейрезиденттің мұндай құрылымдық бөлімшесіне осы Кодекстің бейрезиденттің тұрақты мекемесі үшін көзделген ережелері қолданылатын болады. Бұл ретте мұндай құрылымдық бөлімшенің осы Кодекстің 672, 673 және 674-баптарына сәйкес қосарланған салық салуды болғызбау және салықтарды төлеуден жалтаруға жол бермеу мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқығы болады.

221-бап. Өзара келісу рәсімі

1. Қазақстан Республикасының резиденті немесе азаматы өзімен Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасасқан шет мемлекеттің құзыретті органымен:

1) егер уағдаласушы мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің әрекеттері осындай халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға алып келді немесе алып келеді деп есептесе, халықаралық шарттың ережелерін қолдану туралы мәселелені қарау үшін;

2) резиденттілік мәртебесін айқындау үшін өзара келісу рәсімін жүргізу туралы өтінішпен уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

2. Өтініште Қазақстан Республикасы резидентінің немесе азаматының талаптары негізделген мән-жайлар көрсетілуге тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ұсынылатын өтінішке Қазақстан Республикасының резиденті немесе азаматы өзімен Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасасқан шет мемлекетте алынған (алынуға жататын) кірістердің және (немесе) ұсталған салықтардың (олар ұсталған жағдайда) сомасын растайтын бухгалтерлік құжаттардың көшірмесін, сондай-ақ:

1) жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге немесе өзге де мақсаттарға арналған келісімшарттардың (шарттардың, келісімдердің);

2) заңды тұлғалар үшін – құрылтай құжаттарының не резидент-заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін корсете отырып, сауда тізілімінен үзінді-көшірмелердің;

3) осы Кодекстің 218-бабы 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың нотариат куәландырған көшірмесін қоса беруге міндетті.

Қазақстан Республикасының резиденті немесе азаматы өзара келісу рәсімін жүргізу үшін қажетті, осы тармақта көрсетілмеген өзге де құжаттарды ұсынуға құқылы.

4. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ұсынылған өтінішке Қазақстан Республикасының резиденті немесе азаматы осы баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса беруге міндетті.

5. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының резидентінен немесе азаматынан өзара келісу рәсімін жүргізу үшін қажетті қосымша құжаттарды ұсынуын жазбаша түрде талап етуге құқылы.

6. Уәкілетті орган мынадай:

1) Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасаспаған мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісу рәсімін жүргізуге өтініш ұсынылған;

2) осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген құжаттар ұсынылмаған жағдайларда, өтініш ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күні

ішінде Қазақстан Республикасының резидентіне немесе азаматына өтінішті қараудан бас тарту туралы шешімді жібереді.

Уәкілетті орган осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген негіз бойынша өтінішті қараудан бас тартқан жағдайда, Қазақстан Республикасының резиденті немесе азаматы, егер ол жол берген бұзушылықтарды жойған болса, өтінішті қайта беруге құқылы.

7. Уәкілетті орган, осы баптың 6-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, өтінішті алынған күнінен бастап күнтізбелік қырық бес күн мерзімі ішінде қарайды.

8. Уәкілетті орган өтінішті қарау қортындысы бойынша:

1) өзара келісу рәсімін жүргізуден бас тарту туралы;

2) өзара келісу рәсімін жүргізу туралы шешімдердің бірін шығарады.

9. Уәкілетті орган:

1) өтініште көрсетілген негіздер Қазақстан Республикасының халықаралық шартының ережелеріне сәйкес келмеген;

2) Қазақстан Республикасының резиденті немесе азаматы анық емес ақпарат берген;

3) өтінішті қарау барысында Қазақстан Республикасының резиденті немесе азаматы осы баптың 5-тармағында козделген құжаттарды ұсынбаған жағдайларда, озара келісу рәсімін жүргізуден бас тарту туралы шешім шығарады.

Мұндай шешім шығарылған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының резидентіне немесе азаматына жіберіледі.

10. Өзара келісу рәсімін жүргізу туралы шешім қабылданған жағдайда, уәкілетті орган шет мемлекеттің құзыретті органына осындай рәсім жүргізу туралы сұрау салумен жүгінеді.

11. Уәкілетті орган мынадай:

1) Қазақстан Республикасының резиденті немесе азаматы өзара келісу рәсімін жүргізуді тоқтату туралы өтініш ұсынған;

2) өзара келісу рәсімін жүргізу барысында Қазақстан Республикасы резидентінің немесе азаматының анық емес ақпарат беру фактісі анықталған;

3) өзара келісу рәсімін жүргізу барысында Қазақстан Республикасының резиденті немесе азаматы осы баптың 5-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбаған жағдайларда, шет мемлекеттің құзыретті органымен арада басталған өзара келісу рәсімін жүргізуді тоқтатады.

12. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының резидентіне немесе азаматына өзара келісу рәсімін жүргізу қорытындылары бойынша қабылданған шешім туралы ақпаратты осындай шешім қабылданған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жібереді.

13. Осы бапта айқындалған тәртіппен жүргізілген өзара келісу рәсімінің қорытындылары бойынша қабылданған шешім, сондай-ақ шет мемлекеттің құзыретті өрганының сұрау салуы негізінде жүргізілген өзара келісу рәсімінің қорытындылары бойынша қабылданған шешім салық

органдарының орындауы үшін міндетті.

7-БӨЛІМ. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ

27-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

222-бап.Төлеушілер

1. Мемлекеттік мекемелерді және орта білім беретін мемлекеттік оқу орындарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын немесе Қазақстан Республикасындағы көздерден кіріс алатын бейрезидент-заңды тұлғалар корпоративтік табыс салығын төлеушілер болып табылады.

2. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар осы Кодекстің 20-бөліміне сәйкес, көрсетілген режимдер шеңберінде салық салынатын кірістер бойынша корпоративтік табыс салығын есептейді және төлейді.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар осы Кодекстің 20-бөлімінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, көрсетілген режим шеңберінде салық салынатын кірістер бойынша корпоративтік табыс салығын және ол бойынша аванстық төлемдерді есептейді.

3. Ойын бизнесі салығын, тіркелген салықты төлеушілер осы Кодекстің 16 және 17-бөлімдерінде көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асырудан түсетін кірістер бойынша корпоративтік табыс салығын төлеушілер болып табылмайды.

223-бап. Салық салу объектілері

Мыналар корпоративтік табыс салығын салу объектілері болып табылады:

1) салық салынатын кіріс;

2) төлем көзінен салық салынатын кіріс;

3) Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаның таза кірісі.

28-тарау. САЛЫҚ САЛЫНАТЫН КІРІС

224-бап. Салық салынатын кіріс

Салық салынатын кіріс осы Кодекстің 241-бабында көзделген түзетулер ескеріле отырып, жылдық жиынтық кіріс пен осы бөлімде көзделген шегерімдер арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Салық салынатын кіріс бақыланатын шетелдік компаниялардың немесе бақыланатын шетелдік компаниялар тұрақты мекемелерінің осы Кодекстің 297-бабына сәйкес айқындалатын жиынтық пайдасын да қамтиды.

1-параграф. Жылдық жиынтық кіріс

225-бап. Жылдық жиынтық кіріс

1. Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғаның жылдық жиынтық кірісі осы тұлғаның салықтық кезең ішінде Қазақстан Республикасындағы және оның шегінен тыс жерлердегі көздерден алуына жататын (алынған) кірістерінен тұрады.

Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістер болып табылмайтын кірістердің барлық түрлері төленген жеріне қарамастан, осы бөлімнің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған кірістер болып танылады.

Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаның жылдық жиынтық кірісі осы Кодекстің 651-бабында көрсетілген кірістерден тұрады.

2. Мыналар салық салу мақсаттарында кіріс ретінде қарастырылмайды:

1) жарғылық капиталға салым ретінде алынған мүліктің құны;

2) акционер алатын (алған), оның ішінде заңды тұлғаны тарату немесе жарғылық капиталды азайту кезінде, сондай-ақ эмитент-заңды тұлға шығарған акцияларды осы эмитент акционерден сатып алған кезде мүлікті бөлу кезінде өзіне мүлікті бөлу жүзеге асырылатын акциялардың санына тура келетін төленген жарғылық капитал мөлшерінде, бұрын енгізілген мүліктің орнына алатын (алған) мүліктің құны;

3) қатысушы, құрылтайшы алатын (алған), оның ішінде заңды тұлғаны тарату немесе жарғылық капиталды азайту кезінде, сондай-ақ заңды тұлға құрылтайшыдан, қатысушыдан осы заңды тұлғаға қатысу үлестерін немесе олардың бір бөлігін сатып алу кезінде мүлікті бөлу кезінде өзіне мүлікті бөлу жүзеге асырылатын қатысу үлесіне тура келетін төленген жарғылық капитал мөлшерінде, бірақ өзінің пайдасына мүлікті бөлу жүзеге асырылатын қатысушы жүргізген оны сатып алуға және (немесе) жарғылық капиталға жарналарды төлеуге жұмсалған шығындар сомасынан аспайтын мөлшерде,

бұрын енгізілген мүліктің орнына алатын (алған) мүліктің құны;

4) эмитент өзі шығарған акцияларды орналастырудан алған мүліктің құны;

5) мүлікті беретін салық төлеуші үшін – өтеусіз негізде берілген мүліктің құны;

6) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептен шығарылған өсімпұл мен айыппұлдар сомасы;

7) егер жарнамалық мақсатта (оның ішінде сыйға тарту түрінде) өтеусіз алынған тауар бірлігінің құны тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген және тауарды осындай алу күнінде қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 5 еселенген мөлшерінен аспаса, осындай тауардың құны;

8) осы Кодексте көзделген жағдайларда, салықтық міндеттеменің мөлшерін азайту сомасы;

9) егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, басқа тұлғадан алынуға жататыннан (алынғаннан) басқа, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепке алуда кіріс деп танылатын, активтер және (немесе) міндеттемелер құнының өзгеруіне байланысты туындайтын кіріс;

10) бөлінбеген пайданың халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес активтерді қайта бағалауға арналған резервтерді азайту есебінен ұлғайтылуы;

11) міндеттеменің бухгалтерлік есепке алуда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес іс жүзінде орындалуға тиіс міндеттеме мөлшері мен бухгалтерлік есепке алуда танылған осы міндеттеменің құны арасындағы оң айырма түрінде танылуына байланысты туындайтын кіріс;

12) инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензия негізінде пайлық инвестициялық қор активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыратын басқарушы компания үшін – осындай басқарушы компанияның сыйақысын қоспағанда, Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңнамасына сәйкес пайлық инвестициялық қорлар алған және пайлық инвестициялық қордың кастодианы солай деп таныған инвестициялық кірістер;

13) алыс-беріс шикізатынан бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын өндірген тұлға үшін – осындай тұлғаның алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын акцизделетін тауарлар бойынша акциз төлеу жөніндегі салықтық міндеттемені орындау есебінен алынуға жататын (алынған) өтем сомасы;

14) мемлекеттік мекемеден мемлекеттік кәсіпорын:

осындай кәсіпорынға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында бекітіп берілген негізгі құралдар;

осындай кәсіпорынға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында бекітіп берілетін негізгі құралдарды сатып алуға арналған ақша түрінде алған мүліктің құны;

15) бар болған жағдайда, осы Кодекстің 234-бабында көзделген асып кету ескеріле отырып, осы Кодекстің 270-бабының 8-тармағына сәйкес топтың құндық балансын азайту жүргізілген сома шегінде алынған сақтандыру төлемі;

16) мемлекет атынан алушы үшін – жер қойнауын пайдаланушыдан салықтарды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау есебіне заттай нысанда алынған пайдалы қазбалардың құны (ақшалай көрінісі);

17) есепке жазылған, бірақ төленбеген және осы Кодекстің 258-бабына сәйкес амортизацияланатын активтердің жеке тобын қалыптастыру мақсаттары үшін есепке алынуға жататын сыйақы мөлшерінде – жер қойнауын пайдалану жөніндегі ұлттық компанияның немесе акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде осындай жер қойнауын пайдалану жөніндегі ұлттық компанияға тиесілі заңды тұлғаның міндеттемесін стратегиялық әріптесінің барлау кезеңінде коммерциялық табуға дейін есептен шығаруынан түсетін және «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес инвестициялық қаржыландыру бойынша сыйақы жөніндегі кіріс;

18) мемлекет атынан алушы немесе осындай өткізуді жүзеге асыруға мемлекет атынан алушы уәкілеттік берген тұлға жер қойнауын пайдаланушыдан салықтық міндеттемені орындау есебіне заттай нысанда алған пайдалы қазбаларды өткізуден түскен кіріс;

19) мемлекет атынан алушының немесе мемлекет атынан алушы уәкілеттік берген тұлғаның жер қойнауын пайдаланушыдан салықтық міндеттемені орындау есебіне заттай нысанда алынған пайдалы қазбаларды өткізуге байланысты шығыстарды өтеуді білдіретін комиссиялық сыйақысы;

20) осы Кодекстің 243-бабының 8-тармағына сәйкес алынған мүліктің оның ішінде жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны;

21) аяқталмаған құрылыс объектісінің құнын халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес сыйақының төленуге жататын (төленген) сомасы шегінде азайтатын, осындай объектінің құнын халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес ұлғайтатын, алынуға жататын (алынған) сыйақы;

22) жергілікті атқарушы органдардан электр беру ұйымының меншігіне өтеусіз негізде қабылдаған, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес иесіз деп танылған электр желілерінің құны;

23) Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы операторы болып табылатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен бағдарламаларға сәйкес кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қаржылық емес қолдау түрінде бюджет қаражаты есебінен алынған көрсетілетін қызметтердің құны;

24) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйымнан Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде активтерді өтеусіз алуға байланысты туындайтын, дауыс беретін акцияларының 100 пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі орнықтылық ұйымының кірісі;

25) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес:

екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйымнан активтерді өтеусіз беру туралы шарттың талаптарына сәйкес активтер сомасы

мен олардың әділ құнының арасындағы оң айырманың амортизациясына байланысты туындаған, дауыс беретін акцияларының 100 пайызы Қазақстан Республикасының Үлттық Банкіне тиесілі орнықтылық ұйымының кірісі;

26) мемлекеттік меншіктен өтеусіз берілген, алынған техногендік минералды түзілімдер.

226-бап. Жылдық жиынтық кіріске қосылатын кірістер

1. Жылдық жиынтық кіріске салық төлеуші кірістерінің барлық түрлері:

1) өткізуден түсетін кіріс;

2) сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымының сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша кірісі;

3) құн өсімінен түсетін кіріс;

4) туынды қаржы құралдары бойынша кіріс;

5) міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кіріс;

6) күмәнді міндеттемелер бойынша кіріс;

7) осы Кодекстің 250-бабының 1, 5, 6 және 7-тармақтарына сәйкес провизияларды (резервтерді) шегеруге құқығы бар салық төлеуші құрған провизиялардың (резервтердің) мөлшерлерін төмендетуден түсетін кіріс;

8) талап ету құқығын басқаға беруден түсетін кіріс;

9) тіркелген активтердің шығып қалуынан түсетін кіріс;

10) табиғи ресурстарды геологиялық зерделеуге және өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түсетін кіріс;

11) кен орындарын әзірлеу салдарын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарын жою жөніндегі іс жүзіндегі шығыстар сомасынан асып кетуінен түсетін кіріс;

12) бірлескен қызметті жүзеге асырудан түсетін кіріс;

13) егер бұрын бұл сомалар шегерімге жатқызылмаса, негізсіз ұсталып, бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, борышкерге ұйғарылған немесе борышкер таныған тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұл);

14) бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

15) өтеусіз алынған мүлік түріндегі кіріс;

16) дивидендтер;

17) депозит, борыштық бағалы қағаз, вексель, ислам жалдау сертификаты бойынша сыйақылар;

18) оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

19) ұтыстар;

20) әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған кіріс;

21) кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түсетін кіріс;

22) ислам банкінде орналастырылған инвестициялық депозит бойынша кіріс;

23) сенімгерлік басқару құрылтайшысы алған (оның алуына жататын), мүлікті сенімгерлік басқарудан түсетін таза кіріс;

24) мемлекеттік кәсіпорынға шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында бекітіп берілген негізгі құралдардың амортизациясына байланысты осындай кәсіпорынның халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес туындайтын кірісі;

25) осы тармақтың 1) – 24) тармақшаларында көрсетілмеген басқа да кірістер қосылған құн салығы мен акциз сомасы қосылмастан, қосылады.

2. Егер сол бір кірістер кірістердің бірнеше баптарында көрсетілуі ықтимал жағдайда, көрсетілген кірістер жылдық жиынтық кіріске бір рет қосылады.

Егер осы бөлімнің 227 – 240-баптарында, 5 және 6-параграфтарында өзгеше белгіленбесе, осы бөлімнің мақсаттары үшін кірісті тану күнін қоса алғанда, кірісті тану халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Кірісті халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес тану кірісті осы Кодекске сәйкес

айқындау және тану тәртібінен ерекшеленетін жағдайда, көрсетілген кіріс салық салу мақсаттары үшін осы Кодексте айқындалған тәртіппен есепке алынады.

3. Мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша сенімгерлік басқарушы мен сенімгерлік басқару құрылтайшысының жылдық жиынтық кірісі осы Кодекстің 40, 42, 43, 44 және 45-баптарының ережелері ескеріле отырып айқындалады.

4. Салық төлеушінің осы Кодекстің 286 және 287-баптарына сәйкес кірістерді түзетуге құқығы бар. Бұл ретте осы Кодекстің 286 және 287-баптарына сәйкес түзетулер ескерілген жылдық жиынтық кіріс теріс мәнге ие болуы мүмкін.

227-бап. Өткізуден түсетін кіріс

1. Осы Кодекстің 228 – 240-баптарына сәйкес жылдық жиынтық кіріске енгізілетін кірістерден, сондай-ақ осы Кодекстің 258-бабының 1-тармағында көрсетілген шығыстардың сомасынан аспайтын бөлікте осы Кодекстің 258-бабының 4-тармағында көрсетілген кірістерден басқа, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді өткізу кезінде туындайтын кіріс сомасы өткізуден түсетін кіріс болып танылады.

2. Өткізуден түсетін кіріс өткізілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер құнының мөлшерінде, оған қосылған құн салығы мен акциздің сомасы қосылмастан айқындалады.

3. Өткізуден түсетін кірісті тану күні халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалады.

4. Қызметтер көрсетуден түсетін кіріске осы бөлімнің мақсаттарында, сондай-ақ:

1) кредит (қарыз, микрокредит) бойынша, репо операциялары бойынша сыйақылар түріндегі кіріс;

2) мүлікті лизинг шарты бойынша беру жөніндегі сыйақылар түріндегі кіріс;

3) роялти;

4) мүлікті лизингтен басқа, мүліктік жалдауға (жалға беруге) тапсырудан түсетін кіріс жатады.

5. Өткізуден түсетін кіріс Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен түзетілуге жатады.

228-бап. Құн өсімінен түсетін кіріс

1. Құн өсімінен түсетін кіріс:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекет мұқтажы

үшін сатып алынған активтерді қоспағанда, амортизацияға жатпайтын активтерді өткізу;

2) амортизацияға жатпайтын активтерді жарғылық капиталға салым ретінде беру;

3) амортизацияға жатпайтын активтердің бірігу, қосылу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде шығып қалуы кезінде құралады.

2. Осы баптың мақсаттарында амортизацияға жатпайтын активтерге:

1) жер учаскелері;

2) аяқталмаған құрылыс объектілері;

3) орнатылмаған жабдық;

4) кіріс алуға бағытталған қызметте пайдаланылмайтын, қызмет мерзімі бір жылдан асатын активтер, оның ішінде сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер;

5) осы Кодекстің 266-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тіркелген активтерге жатқызылмайтын, қызмет мерзімі бір жылдан асатын активтер;

6) бағалы қағаздар;

7) қатысу үлесі;

8) инвестициялық алтын;

9) 2000 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес құны толығымен шегерімге жатқызылған негізгі құралдар;

10) Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімшарттар бойынша инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға енгізілген, құны толығымен шегерімге жатқызылған активтер;

11) осы Кодекстің 239-бабына сәйкес әлеуметтік сала объектілеріне жатқызылған мүлік жатады.

3. Осы баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген активтерді қоспағанда, амортизацияға жатпайтын активтер бойынша:

1) өткізу кезінде – өткізу құны мен бастапқы құн арасындағы оң айырма;

2) жарғылық капиталға салым ретінде беру кезінде – жарғылық капиталға салымның құны негізге алына отырып айқындалған активтің құны мен бастапқы құн арасындағы оң айырма;

3) заңды тұлғаны бірігу, қосылу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде шығып қалу кезінде – беру актісінде немесе бөлу балансында көрсетілген құн мен бастапқы құн арасындағы оң айырма әрбір актив бойынша өсім болып танылады.

4. Борыштық бағалы қағаздар бойынша:

1) өткізу кезінде – дисконттың амортизациясы және (немесе) өткізілген күнгі сыйлықақы ескеріле отырып, өткізілу құны мен бастапқы құн

арасындағы, купон ескерілмеген оң айырма;

2) жарғылық капиталға салым ретінде беру кезінде – дисконттың амортизациясы және (немесе) берілген күнгі сыйлықақы ескеріле отырып, жарғылық капиталға салымның құны негізге алына отырып айқындалған борыштық бағалы қағаздың құны мен бастапқы құн арасындағы, купон ескерілмеген оң айырма;

3) заңды тұлғаны бірігу, қосылу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде шығып қалу кезінде – дисконттың амортизациясы және (немесе) шығып қалу күнгі сыйлықақы ескеріле отырып, беру актісінде немесе бөліну балансында көрсетілген құн мен бастапқы құн арасындағы, купон ескерілмеген оң айырма әрбір бағалы қағаз бойынша құн өсімі болып танылады.

5. Осы баптың 2-тармағының 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген активтер бойынша:

1) өткізу кезінде – өткізу құны;

2) жарғылық капиталға салым ретінде беру кезінде – жарғылық капиталға салымның құны;

3) заңды тұлғаны бірігу, қосылу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде шығып қалу кезінде – беру актісінде немесе бөліну балансында көрсетілген құн әрбір актив бойынша құн өсімі болып танылады.

6. Осы баптың 2-тармағының 1) – 6) және 8) тармақшаларында көрсетілген активтердің бастапқы құны мынадай тәртіппен айқындалады:

сатып алуға, өндіруге, салуға арналған шығындар жиынтығы,

немесе

егер активтер жарғылық капиталға салым ретінде алынған жағдайда – жарғылық капиталға салымның құны,

немесе

егер активтер қайта ұйымдастыру нәтижесінде алынған жағдайда – беру актісінде немесе бөлу балансында көрсетілген құн,

немесе

егер активтерді акционер (қатысушы, құрылтайшы) заңды тұлға таратылған немесе жарғылық капитал азайтылған, сондай-ақ заңды тұлға құрылтайшыдан, қатысушыдан осы заңды тұлғаға қатысу үлесін немесе оның бір бөлігін сатып алған, эмитент-заңды тұлға осы эмитент шығарған акцияларды акционерден сатып алған кезде, мүлікті бөлу нәтижесінде алған жағдайда – мүлікті бөлу кезінде акционер, қатысушы, құрылтайшы алатын (алған), оның ішінде бұрын енгізілгеннің орнына алатын (алған) мүліктің, осындай мүліктің берілгенін растайтын және тараптардың қолдарымен куәландырылған құжатта көрсетілген қайта бағалау мен құнсыздану есепке алынбастан, беруші тұлғаның бухгалтерлік есепке алуында көрсетілуге жататын (көрсетілген) беру күніндегі баланстық құны,

немесе

егер автивтер өтеусіз алынған жағдайда – осы Кодекске сәйкес өтеусіз алынған мүліктің құны түрінде жылдық жиынтық кіріске қосылған құн,

қосу

мыналардан:

осы Кодекстің 264-бабының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларына сәйкес шегерімге жатқызуға жатпайтын шығындардан (шығыстардан);

амортизациялық аударымдардан басқа, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес олардың құнын, оның ішінде сатып алынғаннан кейін де ұлғайтатын басқа да шығындар.

7. Мыналар қатысу үлесінің бастапқы құны болып табылады:

оны сатып алуға арналған іс жүзіндегі шығындардың, қатысу үлесін сатып алуға байланысты және оның құнын халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес ұлғайтатын шығындардың жиынтығы,

немесе

егер қатысу үлесі жарғылық капиталға салым ретінде алынған жағдайда – жарғылық капиталға салымның құны,

немесе

егер қатысу үлесі қайта ұйымдастыру нәтижесінде алынған жағдайда – беру актісінде немесе бөлу балансында көрсетілген құн,

немесе

егер активтерді акционер (қатысушы, құрылтайшы) заңды тұлға таратылған немесе жарғылық капитал азайтылған, сондай-ақ заңды тұлға құрылтайшыдан, қатысушыдан осы заңды тұлғаға қатысу үлесін немесе оның бір бөлігін сатып алған, эмитент-заңды тұлға осы эмитент шығарған акцияларды акционерден сатып алған кезде, мүлікті бөлу нәтижесінде алған жағдайда – мүлікті бөлу кезінде акционер, қатысушы, құрылтайшы алатын (алған), оның ішінде бұрын енгізілгеннің орнына алатын (алған) мүліктің, осындай мүліктің берілгенін растайтын және тараптардың қолдарымен куәландырылған құжатта көрсетілген қайта бағалау мен құнсыздану есепке алынбастан, беруші тұлғаның бухгалтерлік есепке алуында көрсетілуге жататын (көрсетілген) беру күніндегі баланстық құны,

немесе

егер қатысу үлесі өтеусіз алынған жағдайда – осы Кодекске сәйкес өтеусіз алынған мүліктің құны түрінде жылдық жиынтық кіріске қосылған құн.

8. Осы Кодекстің 239-бабына сәйкес әлеуметтік сала объектілеріне жатқызылған мүліктің бастапқы құны мұндай активтердің шығып қалған күнгі, қайта бағалануы мен құнсыздануы ескерілмеген, баланстық құны болып табылады.

9. Осы баптың мақсаттарында «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 61-4-бабында көзделген операцияны жүзеге асырған банктің акцияларының және (немесе) бағалы қағаздарының бастапқы құны жарғылық капиталды ұлғайтуға арналған іс жүзіндегі шығындарды ескере отырып, осындай акцияларды және (немесе) бағалы қағаздарды сатып алудың бастапқы құны болып табылады.

10. Осы баптың мақсаттары үшін жарғылық капиталға салым ретінде берілген (алынған) активтің қабылдау-беру актісінде немесе активтің қабылданғанын және берілгенін растайтын өзге құжатта көрсетілген құны, оның, бірақ өзін төлеу есебіне актив берілген (алынған) жарғылық капиталға салымның сомасынан аспайтын құны жарғылық капиталға салымның құны болып табылады.

11. Құн өсімінен түсетін кіріс:

1) амортизацияға жатпайтын активті өткізу жүзеге асырылған салықтық кезеңде – осындай активті өткізу;

2) амортизацияға жатпайтын активті жарғылық капиталға салым ретінде беру жүзеге асырылған салықтық кезеңде – осындай активті жарғылық капиталға салым ретінде беру;

3) таратудың салықтық есептілігі ұсынылған салықтық кезеңде – амортизацияға жатпайтын активтің бірігу, қосылу, бөліну жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде шығып қалуы;

4) бөлу балансы бекітілген салықтық кезеңде – амортизацияға жатпайтын активтің бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде шығып қалуы кезінде танылады.

12. Бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер осы Кодекстің 300-бабы 3, 4, 5, 6 және 7-тармақтарының ережелері ескеріле отырып, жылдық жиынтық кіріске қосылады.

229-бап. Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кіріс

1. Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кіріске:

1) өзі бойынша кредитор салық төлеушіге оны орындау туралы талап етуді тоқтатқан міндеттеменің мөлшері;

2) егер осы тармақшада өзгеше көзделмесе, салық төлеуші таратылған кезде таратудың салықтық есептілігі ұсынылған күні кредитор талап етпеген міндеттеменің мөлшері жатады.

Осы Кодексе сәйкес салық төлеушіні тарату кезінде таратудың салықтық тексеруін жүргізу немесе камералдық бақылау нәтижесі бойынша қортынды беру көзделген жағдайда, мұндай міндеттеменің мөлшері:

салық төлеушінің бастапқы құжаттарына сәйкес төленуге жататын және аралық тарату балансын бекіту күні осындай баланста көрсетілуге жататын (көрсетілген) міндеттемелер сомасы (қосылған құн салығының сомасын қоспағанда),

алу

аралық тарату балансы бекітілген күннен бастап таратудың салықтық тексеруі немесе камералдық бақылау аяқталған күнге дейінгі кезеңде қанағаттандырылатын міндеттемелер сомасы ретінде айқындалады.

Таратудың салықтық тексеруінің нәтижесі бойынша міндеттеменің мөлшерін салық органы көрсетілген кезең ішінде қанағаттандырылған міндеттемелердің іс жүзіндегі сомасын негізге ала отырып айқындайды. Мұндай міндеттеменің мөлшері салықтық тексеру актінде көрсетіледі.

Камералдық бақылау нәтижесі бойынша міндеттеменің мөлшерін салық органы көрсетілген кезең ішінде қанағаттандырылған міндеттемелердің іс жүзіндегі сомасын негізге ала отырып айқындайды және ол камералдық бақылау нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламада көрсетіледі;

3) салықтық кезеңде өзі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі өткен міндеттеменің мөлшері;

4) заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде кредитор орындалуын талап етуге құқылы болмайтын міндеттеменің мөлшері жатады.

2. Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кіріс сомасы салық төлеушінің бастапқы құжаттарына сәйкес:

осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда – талап ету тоқтатылған күні;

осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда – Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі өткен күні;

осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда – сот шешімі заңды күшіне енген күні төленуге жататын міндеттемелер сомасына (қосылған құн салығының сомасын қоспағанда) тең.

3. Осы Кодексте сәйкес күмәнді деп танылған міндеттемелерге осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды.

4. Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кіріске кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелердің берілуіне байланысты олардың мөлшерін азайту жатпайды.

5. Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кіріске 2017 жылғы 1 қаңтарда «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 61-4-бабында көзделген операцияны жүзеге асырған банктің акцияларын және (немесе) өзге де бағалы қағаздарын тікелей немесе жанама түрде иеленген заңды тұлғаның акцияларын (қатысу үлестерін) сатып алуға байланысты туындаған берешек бойынша міндеттемелердің мөлшерін азайту жатпайды.

230-бап. Күмәнді міндеттемелер бойынша кіріс

1. Сатып алынған тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша, сондай-ақ жұмыскерлердің осы Кодекстің 322-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалатын, есепке жазылған кірістері бойынша туындаған және осы баптың 2-тармағына сәйкес есептелетін үш жылдық кезең ішінде қанағаттандырылмаған міндеттемелер күмәнді деп танылады. Алынған кредиттер (қарыздар, микрокредиттер) жөніндегі күмәнді міндеттемелер бойынша кіріске алынған кредиттің (қарыздың, микрокредиттің) сомасы қосылмайды.

Көрсетілген күмәнді міндеттемелер, осы Кодекстің 10-бөлімінде айқындалған тәртіппен есепке жатқызудан алып тасталуға жататын қосылған құн салығын қоспағанда, салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісіне қосуға жатады.

2. Күмәнді міндеттеме бойынша кіріс:

1) кредит (қарыз, микрокредит) шарттары бойынша туындаған күмәнді міндеттемелер бойынша – кредит (қарыз, микрокредит) шартының талаптарына сәйкес сыйақы төлеу мерзімі басталған күннен кейінгі күннен бастап;

2) лизинг шарттары бойынша туындаған күмәнді міндеттемелер бойынша – лизинг шартының талаптарына сәйкес лизингтік төлемді төлеу мерзімі басталған күннен кейінгі күннен бастап;

3) жұмыскерлердің есепке жазылған кірістері бойынша туындаған күмәнді міндеттемелер бойынша – осы Кодекстің 322-бабының 1-тармағына сәйкес жұмыскерлердің кірістерін есепке жазған күннен бастап;

4) осы тармақтың 1) – 3) тармақшаларында көрсетілмеген күмәнді міндеттемелер бойынша:

сатып алынған тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша орындау мерзімі айқындалған міндеттемені орындау мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап;

сатып алынған тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша орындау мерзімі айқындалмаған міндеттеме бойынша тауар берілген, жұмыстар орындалған, қызметтер көрсетілген күннен бастап есептелетін үш жылдық кезең аяқталған салықтық кезеңде танылады.

3. Осы баптың ережелері осы Кодекстің 246-бабы 3-тармағының ережелерін ескере отырып, шегерімге жатпайтын кредиттер (қарыздар) бойынша сыйақыға қолданылмайды.

231-бап. Сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымының сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша кірістері

1. Сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымының:

1) сақтандыру сыйлықақылары (жарналары);

2) еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша құрылған қайта сақтандыру активтері;

3) сақтандыру төлемдері бойынша шығыстарды өтеу;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша құрған сақтандыру резервтерін төмендетуден түсетін кірістер;

5) осы Кодекстің 237-бабында көрсетілген кірістерді қоспағанда, сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша өзге кірістер түріндегі кірістері сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымының сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша кірістері болып танылады.

2. Осы баптың ережелері өздері бойынша сақтандыру сыйақылары түріндегі кіріс халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін толық мөлшерде танылған сақтандыру, қайта сақтандыру шарттарына қолданылмайды.

3. Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша құрылған қайта сақтандыру активтерінің есепті салықтық кезеңнің соңында мөлшері мен осындай активтердің алдыңғы салықтық кезеңнің соңындағы мөлшері арасындағы оң айырма сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымының еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша құрылған қайта сақтандыру активтері түріндегі кірісі деп танылады.

4. Зиян келтірген тұлғаға кері талап қою (регресс) құқығы негізінде сақтандыру төлемдері бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымының және (немесе) қайта сақтандыру шартына сәйкес қайта сақтандыру ұйымының шығыстарын өтеу сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымының сақтандыру төлемдері бойынша шығыстарды өтеу түріндегі кірісі болып танылады.

Бұл ретте сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымының 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін күшіне енген, өздері бойынша сақтандыру жарналары түріндегі кірістер халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес, оның ішінде 2011 жылғы 31 желтоқсаннан кейін де танылатын, жинақтаушы сақтандыру, қайта сақтандыру шарты, жинақтаушы емес сақтандыру, өмірді қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдері жөніндегі шығыстарды өтеу түріндегі кірісі мынадай формула бойынша айқындалады:

К х (А/Б), мұнда:

К – есепті салықтық кезеңде алынуға жататын (алынған), сақтандыру

төлемдері бойынша шығыстарды өтеу түріндегі кіріс;

А – 2011 жылғы 31 желтоқсаннан кейін есепті салықтық кезеңде сақтандыру төлемдері бойынша шығыстарды өтеу түріндегі кірісті тану күнін қоса алғанда, алынуға жататын (алынған) сақтандыру жарналары;

Б – шарт күшіне енген күннен бастап есепті салықтық кезеңде сақтандыру төлемдері бойынша шығыстарды өтеу түріндегі кірісті тану күнін қоса алғанда, алынуға жататын (алынған) сақтандыру жарналары.

232-бап. Құрылған провизиялардың (резервтердің) мөлшерлерін төмендетуден түсетін кіріс

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, осы Кодекстің 250-бабының 1, 3, 6 және 7-тармақтарына сәйкес провизияларды (резервтерді) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар салық төлеуші құрған провизиялардың (резервтердің) мөлшерін төмендетуден түсетін кірістер деп:

1) борышкер талапты орындаған кезде – орындау сомасына пропорционалды мөлшерде есепті және (немесе) алдыңғы салықтық кезеңдерде шегерімге жатқызылған провизиялар (резервтер) сомасы;

2) борышкерге қойылатын талаптардың мөлшерін цессия шартын жасасу жолымен талап ету құқықтарын басқаға қайта табыстау туралы шарттың, жаңарту, басқаға қайта беру шартының негізінде және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздерде азайтқан кезде, есепті және (немесе) алдыңғы салықтық кезеңдерде талаптар мөлшерін азайту сомасына пропорционалды мөлшерде шегерімге жатқызылған провизиялар (резервтер) сомасы;

3) есепті және (немесе) алдыңғы салықтық кезеңдерде шегерімге жатқызылған провизияларды (резервтерді) күтілетін кредиттік залалдардың бағалануын өзгерту нәтижесінде азайту сомалары танылады.

2. Осы Кодекстің 250-бабының 2-тармағына сәйкес провизияларды (резервтерді) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар салық төлеуші құрған провизиялардың (резервтердің) мөлшерлерін төмендетуден түсетін кірістер деп:

1) борышкер талапты орындаған кезде – орындау сомасына пропорционалды мөлшерде есепті және (немесе) алдыңғы салықтық кезеңдерде шегерімге жатқызылған провизиялар (резервтер) сомалары;

2) борышкерге қойылатын талаптардың мөлшерін цессия шартын жасасу жолымен талап ету құқықтарын басқаға қайта табыстау туралы шарттың, жаңарту, басқаға қайта беру шартының негізінде және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздерде азайтқан кезде, талаптар мөлшерін азайту сомасына пропорционалды мөлшерде есепті және (немесе) алдыңғы салықтық кезеңдерде шегерімге жатқызылған провизиялар (резервтер) сомасы;

3) есепті және (немесе) алдыңғы салықтық кезеңдерде шегерімге

жатқызылған провизияларды (резервтерді) күтілетін кредиттік залалдардың бағалануын өзгерту нәтижесінде азайту сомалары;

4) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес 2026 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бухгалтерлік есепке алуда көрсетілген, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алуға банктің еншілес ұйымы ұсынған күмәнді және үмітсіз активтерге қарсы провизиялардың (резервтердің) есепті және (немесе) алдыңғы салықтық кезеңдерде шегерімге жатқызылған сомасы танылады. Осы тармақшада көрсетілген провизиялардың (резервтердің) сомасы банктің 2026 жылға тура келетін салықтық кезең үшін жылдық жиынтық кірісіне қосылады.

3. Кредит (қарыз) бойынша борыш осы тармақта айқындалған тәртіппен және шарттарда кешірілген жағдайда, осы Кодекстің 250-бабының 1-тармағына сәйкес провизияларды (резервтерді) құру бойынша шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар банк есепті және (немесе) алдыңғы салықтық кезеңдерде шегерімге жатқызылған провизиялар (резервтер) сомасын провизиялардың (резервтердің) мөлшерін төмендетуден түсетін кіріс деп танымайды.

Осы тармақтың ережелері 2013 жылғы 31 желтоқсанда дауыс беретін акцияларының 90 пайыздан астамы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, өзіне қатысты сот шешімімен қайта құрылымдау жүргізілген банкке немесе бұрын осындай банк болып табылған заңды тұлғаға қолданылады.

Осы тармақтың ережелері банк оларға қарсы есепті және (немесе) алдыңғы салықтық кезеңдерде осы Кодекстің 250-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылған провизияларды (резервтерді) құрған кредит (қарыз) бойынша мыналардан:

негізгі борыш бойынша берешектен;

2012 жылғы 31 желтоқсаннан кейін есепке жазылған сыйақы бойынша берешектен тұратын борышқа қатысты қолданылады.

Осы тармақ бір мезгілде мынадай шарттар орындалған кезде:

1) кредит (қарыз) 2009 жылғы 1 қазанға дейін берілсе;

2) кредит (қарыз) бойынша борышкер осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген банктің басқару органы 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін бекіткен және 2015 жылғы 1 ақпаннан кешіктірілмей уәкілетті органға ұсынылған, өздері бойынша борыш кешірілуге жататын кредиттер (қарыздар) бойынша борышкерлер тізбесінде (тізбелерінде) көрсетілсе;

3) кредит (қарыз) бойынша борышты кешіру осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген банктің басқару органы 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін бекіткен және 2015 жылғы 1 ақпаннан кешіктірілмей уәкілетті органға ұсынылған, өздері бойынша борыш кешірілуге жататын кредиттер (қарыздар) бойынша борышкерлер тізбесінде (тізбелерінде) көрсетілген сома шегінде жүргізілсе;

4) мыналар:

бейрезидентке берілген кредит (қарыз) бойынша бір және (немесе)

одан да көп құжат:

шет мемлекеттің құқық қорғау органына борышкер-жеке тұлғаға және (немесе) борышкер-заңды тұлға қабылдаған шешімдерді өзгеше түрде тікелей немесе жанама айқындауға мүмкіндігі бар лауазымды адамға немесе тұлғаға қатысты қылмыстық іс қозғау туралы арыз;

Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің сотына борышты өндіріп алу туралы, кепілге өндіріп алуды қолдану және (немесе) кепілге қатысты жойылған құқықтарды қалпына келтіру туралы талап қою;

борышкердің және банк алдында борышкермен бірге ынтымақты немесе субсидиарлық жауапкершілігі бар үшінші тұлғалардың өндіріп алуды қолдануға болатын мүлкі, оның ішінде ақшасы, бағалы қағаздары немесе кірістері болмаған және оның мүлкін немесе кірістерін анықтау бойынша қабылданған шаралар нәтижесіз болған жағдайда, атқарушылық құжатты аталған банкке қайтару туралы сот орындаушысының заңды күшіне енген қаулысы немесе шет мемлекеттің өзге құжаты;

шет мемлекет сотының борышты өндіріп алудан, кепілге қатысты жойылған құқықтарды қалпына келтіруден, борышкердің мүлкіне, оның ішінде ақшасына, бағалы қағаздарына немесе кірістеріне өндіріп алуды қолданудан бас тарту туралы заңды күшіне енген шешімі;

шет мемлекет сотының борышкерді банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген шешімі және (немесе) конкурстық іс жүргізуді аяқтау туралы ұйғарым;

шет мемлекеттің құзыретті органының борышкерді немесе кепіл берушіні таратылуына байланысты заңды тұлғалар тізілімінен шығару туралы құжаты болса;

резидентке берілген кредит (қарыз) бойынша бір және (немесе) одан да көп құжат:

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органына борышкер-жеке тұлғаға және (немесе) борышкер-заңды тұлға қабылдаған шешімдерді өзге түрде тікелей немесе жанама айқындауға мүмкіндігі бар лауазымды адамға немесе тұлғаға қатысты қылмыстық іс қозғау туралы арыз;

банктің арызы бойынша Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының шаралар жүргізгенін немесе қылмыстық іс қозғалғанын растайтын құжат болса, кредит (қарыз) бойынша борышты кешіру жағдайына қолданылады.

Бейрезиденттерге берілген кредиттер (қарыздар) бойынша:

ипотекалық шарт жасасқан күнге негізгі борышты толықтай қамтамасыз еткен кепіл мүлікті соттан тыс тәртіппен сауда-саттықта негізгі борыш сомасынан төмен бағамен сатқаннан кейін кредит бойынша өтелмеген борыш сомасын кешіру кезінде;

банк талап ету құқығы басқаға берілген күні бейрезидент болып табылған үшінші тұлғаға кредит (қарыз) бойынша талап ету құқығын дисконтпен бірге берген кезде, егер басқаға беру жүргізілген кредит (қарыз)

бойынша талап ету құқығының құны бағалаушы мен осындай үшінші тұлға немесе банк не банктің мүдделерін білдіретін немесе осындай банктің мүдделерінде мүлікті басқару үшін шет мемлекеттің соты тағайындаған тұлға арасындағы шарт бойынша Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған банктің талап ету құқығының нарықтық құнына тең болса, осы тармақшада көзделген құжаттардың болуы талап етілмейді.

Осы тармақшаның екінші бөлігінің мақсаттары үшін өзі бойынша банк басқаға беруді жүргізген кредит (қарыз) бойынша талап ету құқығының құны мен кредит бойынша талап ету құқығының құны арасындағы теріс айырма дисконт болып танылады;

банктің басқару органы мыналардың:

Қазақстан Республикасы мен осындай шет мемлекет арасында қылмыстық және (немесе) азаматтық істер бойынша құқықтық көмек туралы келісімнің;

кредиттің (қарыздың) берілгенін растайтын шарттың түпнұсқасының болмауына байланысты шет мемлекеттің құқық қорғау органына немесе сотына жүгіне алмайтындығын құжаттық растаған жағдайда;

егер:

өзі бойынша кредит (қарыз) берілген шартқа борышкер қол қойған, борыштың қалған бөлігін (бұдан әрі – борыш қалдығын) өтеу шартымен борыштың бір бөлігін кешіруді көздейтін өзгеріс болған;

осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген банк:

осы баптың 1-тармағына сәйкес, құрылған провизиялардың (резервтердің) мөлшерін төмендетуден түсетін кірісті борыш қалдығы мөлшерінде таныған;

кіріске осы Кодекстің 286 және 287-баптарында көзделген түзету жүргізбеген;

борыштың бір бөлігі кешірілгеннен кейін құрылған, борыш қалдығының сомасына қарсы провизиялар (резервтер) бойынша шығыстар сомасын шегерімге жатқызбаған жағдайларда, борышты кешіру күнінде бейрезидент болып табылатын борышкерге кредит (қарыз) бойынша борыш сомасы мен банктің осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген талап ету құқығының бағалаушы және борышкер немесе осындай банк арасындағы шарт бойынша Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған нарықтық құны арасындағы айырма ретінде айқындалатын борыштың бір бөлігін кешіру кезінде, осы тармақшада көзделген құжаттардың болуы талап етілмейді;

5) кредит (қарыз) бойынша кредиттік бюрода Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасына сәйкес банк берген осындай кредит (қарыз) бойынша

борыш сомасы туралы ақпарат болса;

6) кредит (қарыз) бойынша бастапқы бухгалтерлік құжат болса, соның негізінде осындай кредит (қарыз) бойынша осы Кодекстің 250-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылған провизиялар (резервтер) құрылған болса;

7) кредит (қарыз) бойынша кредиттік тіркелімде банк Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне берген ақпарат болса, кредит (қарыз) бойынша борышты кешіру жағдайына қолданылады.

Бұл ретте өздері бойынша борыш кешірілуге жататын кредиттер (қарыздар) бойынша борышкерлер тізбесінде әрбір кредит (қарыз) бойынша:

1) кредит дерекнамасының нөмірі;

2) кредит (қарыз) берілген күн;

3) қарыз алушының (бірлесіп қарыз алушының) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және (немесе) атауы;

4) кредит (қарыз) бойынша 2012 жылғы 31 желтоқсаннан кейін есепке жазылған сыйақы мен негізгі борыш бөлінісінде кешірілуге жататын шекті борыш сомасы көрсетіледі.

Осы тармақтың ережелері банк жұмыскеріне, банк жұмыскерінің жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына берілген кредиттерге (қарыздарға) қолданылмайды.

4. Осы баптың 1 және 5-тармақтарында көзделген ережелер өзіне қатысты сот шешімімен қайта құрылымдау жүргізілген, 2013 жылғы 31 желтоқсанда дауыс беретін акцияларының 90 пайыздан астамы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі болған, бұрын банк болып табылған заңды тұлғаға қолданылады.

5. Есепті және (немесе) алдыңғы салықтық кезеңдерде шегерімге жатқызылған провизиялар (резервтер) сомасы борышкерге қойылатын талаптар мөлшері мынадай жағдайларда азайтылған кезде осы Кодекстің 250-бабының 1, 3, 6 және 7-тармақтарына сәйкес провизияларды (резервтерді) құру бойынша шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар салық төлеуші құрған провизиялардың (резервтердің) мөлшерлерін төмендетуден түсетін кіріс деп танылмайды:

1) борышкер-заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер бойынша сот шешімімен таратылуына байланысты оны Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тастау;

2) борышкер-жеке тұлғаны заңды күшіне енген сот шешімі негізінде хабарсыз кеткен, әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі деп тану немесе оны заңды күшіне енген сот шешімі негізінде қайтыс болды деп жариялау;

3) борышкер-жеке тұлғаға I, II топтағы мүгедектік белгілеу, сондай-ақ борышкер-жеке тұлғаның қайтыс болу жағдайы;

4) борышкердің және осы Кодекстің 250-бабының 1, 3, 6 және 7-тармақтарына сәйкес провизияларды (резервтерді) құру бойынша шығыстар

сомасын шегеруге құқығы бар салық төлеуші алдында борышкермен бірлесіп ынтымақты немесе субсидиарлық жауапкершілігі бар үшінші тұлғалардың өндіріп алуды қолдануға болатын мүлкі, оның ішінде ақшасы, бағалы қағаздары немесе кірістері болмаған және оның мүлкін немесе кірістерін анықтау бойынша сот орындаушысы қабылдаған, Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында көзделген шаралар нәтижесіз болған жағдайда, сот орындаушысының осы Кодекстің 250-бабының 1, 3, 6 және 7-тармақтарына сәйкес провизияларды (резервтерді) құру бойынша шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар салық төлеушіге атқарушылық құжатты қайтару туралы қаулысының заңды күшіне енуі;

5) осы Кодекстің 250-бабының 1, 3, 6 және 7-тармақтарына сәйкес провизияларды (резервтерді) құру бойынша шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар салық төлеушіге борышкердің мүлкіне, оның ішінде ақшасына, бағалы қағаздарына немесе кірістеріне өндіріп алуды қолданудан бас тарту туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;

6) борышкер-дара кәсіпкердің Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес банкрот деп танылуына байланысты оны дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығару;

7) екінші деңгейдегі банктің, микроқаржы ұйымының бастапқы құжаттарына сәйкес кредит (қарыз, микрокредит) бойынша талап ету құқығы басқаға берілген күні екінші деңгейдегі банк, микроқаржы ұйымы басқаға беруді жүргізген кредит (қарыз, микрокредит) бойынша талап ету құқығының құны мен екінші деңгейдегі банктің, микроқаржы ұйымының борышкерден алуына жататын кредит (қарыз, микрокредит) бойынша талап ету құны арасындағы теріс айырма бөлігінде екінші деңгейдегі банктің, микроқаржы ұйымының кредит (қарыз, микрокредит) бойынша талап ету құқықтарын «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Микроқаржы ұйымдары туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген заңды тұлғаларға беруі;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепті салықтық кезеңде борышкерге салық төлеушінің мұндай талап қою құқығын толық немесе ішінара тоқтатуы болмаған жағдайда, осы Кодекстің 250-бабының 1-тармағына сәйкес провизиялар (резервтер) құру бойынша шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар салық төлеушінің бухгалтерлік есепке алуда төленбеген, мерзімі өткен кредит (қарыз) және ол бойынша сыйақы, құжаттық есеп айырысулар және кепілдіктер бойынша дебиторлық берешек түрінде борышкерге қойылатын талаптың мөлшерін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес азайтуы;

9) осы Кодекстің 250-бабының 1-тармағына сәйкес провизиялар (резервтер) құру бойынша шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар салық төлеушінің кредит (қарыз) бойынша үмітсіз берешекті және ол бойынша

сыйақыны кешіруіне байланысты борышкерге қойылатын талап мөлшерін кредиттер (қарыздар) бойынша үмітсіз берешектің және олар бойынша сыйақының салықтық кезеңде кешірілген жалпы сомасының салықтық кезеңнің басындағы кредиттер (қарыздар) бойынша негізгі борыш сомасына және олар бойынша сыйақыларға арақатынасының ең жоғары мөлшері шегінде азайту. Бұл ретте мұндай арақатынастың ең жоғары мөлшері 0,1 коэффициентке тең;

10) осы Кодекстің 250-бабының 3-тармағына сәйкес провизиялар (резервтер) құру бойынша шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар салық төлеушінің кредит (қарыз) бойынша үмітсіз берешекті және ол бойынша сыйақыны кешіруіне байланысты, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық тұрғынжай қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде қайта қаржыландырылуға жататын ипотекалық тұрғынжай қарызы (ипотекалық қарыз) бойынша борышкерге қойылатын талап мөлшерін кредиттер (қарыздар) бойынша үмітсіз берешектің және олар бойынша сыйақының салықтық кезеңде кешірілген жалпы сомасының салықтық кезеңнің басындағы кредиттер (қарыздар) бойынша негізгі борыш сомасына және олар бойынша сыйақыларға арақатынасының ең жоғары мөлшері шегінде азайту. Бұл ретте мұндай арақатынастың ең жоғары мөлшері 0,1 коэффициентке тең;

11) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 61-4-бабында көзделген операцияны жүзеге асырған, осы Кодекстің 250-бабының 1-тармағына сәйкес провизияларды (резервтерді) құру жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар банктің 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кредит (қарыз) бойынша үмітсіз берешекті және ол бойынша сыйақыны кешіруі.

6. Еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес құрылған, бұрын шегерімге жатқызылған сақтандыру резервтерінің есепті салықтық кезеңнің соңындағы мөлшері мен осындай резервтердің алдыңғы салықтық кезең соңындағы мөлшері арасындағы теріс айырма сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымының сақтандыру резервтерін төмендетуден түсетін кірісі болып танылады.

233-бап. Талап ету құқығын басқаға беруден түсетін кіріс

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, мыналар:

1) талап ету құқығын сатып алатын салық төлеуші үшін – негізгі борышты талап ету бойынша борышкерден алынуға жататын сома, оның ішінде талап ету құқығын басқаға берген күнгі негізгі борыштан тыс сома мен талап ету құқығын сатып алу құны арасындағы оң айырма;

2) талап ету құқығын басқаға берген салық төлеуші үшін – салық

төлеушінің бастапқы құжаттарына сәйкес, басқаға беру жүргізілген талап ету құқығының құны мен талап ету құқығы басқаға берілген күні борышкерден алынуға жататын талап ету құны арасындағы оң айырма талап ету құқығын басқаға беруден түсетін кіріс болып табылады.

Талап ету құқығын басқаға беруден түсетін кіріс талап ету құқығын басқаға беру жүргізілген салықтық кезеңде танылады.

Егер 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған кредит (қарыз) бойынша талап ету құқықтарын басқаға беру жөніндегі осындай мәміленің тарапы болып табылатын банктердің бірі – өзіне қатысты сот шешімімен қайта құрылымдау жүргізілген, 2013 жылғы 31 желтоқсанда дауыс беретін акцияларының 90 пайыздан астамы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі банк бөлып табылған және егер басқаға беру жүргізілген кредит (қарыз) бойынша талап ету құқығының құны Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған талап ету құқығының нарықтық құнынан төмен болмаған жағдайда, борышкер іс жүзінде төлеген сома мен талап ету құқығын сатып алу құны арасындағы оң айырма күмәнді және үмітсіз активтер деп танылған кредиттер (қарыздар) бойынша талап ету құқығын басқаға беруден түсетін кіріс болып табылады.

Борышкер іс жүзінде төлеген сома мен талап ету құқығын сатып алу құны арасындағы оң айырма, егер мұндай талап ету құқығы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 61-4-бабында көзделген операцияны жүзеге асырған банктен сатып алынған жагдайда, кредиттер (қарыздар) бойынша талап ету құқығын басқаға беруден түсетін кіріс болып табылады.

2. Борышкер іс жүзінде төлеген сома мен талап ету құқығын сатып алу құны арасындағы оң айырма кредиттер (қарыздар, микрокредитдар) бойынша талап ету құқығын сатып алатын және «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Микроқаржы ұйымдары туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген салық төлеушінің талап ету құқығын басқаға беруден түсетін кірісі болып табылады.

Талап ету құқығын басқаға беруден түсетін кіріс оң айырма туындайтын (ұлғаятын) салықтық кезеңде танылады. Бұл ретте бұрын алдыңғы салықтық кезеңдерде танылған оң айырма ескерілмейді.

234-бап. Тіркелген активтердің шығып қалуынан түсетін кіріс

Егер кіші топтың (I топ бойынша) немесе топтың (II, III және IV топтар бойынша) шығып қалған тіркелген активтерінің осы Кодекстің 270-бабына сәйкес айқындалған құны кіші топтың (I топ бойынша) немесе топтың (II, III және IV топтар бойынша) салықтық кезеңнің басындағы, салықтық кезеңде келіп түскен тіркелген активтер құны, сондай-ақ салықтық кезеңде жүргізілген және осы Кодекстің 272-бабының 2-тармағына сәйкес

есепке алынатын кейінгі шығыстар есепке алынған құндық балансынан асып кетсе, асып кету шамасы жылдық жиынтық кіріске қосуға жатады. Осы кіші топтың (I топ бойынша) немесе топтың (II, III және IV топтар бойынша) құндық балансы салықтық кезеңнің соңында нөлге тең болады.

Тіркелген активтердің шығып қалуынан түсетін кіріс осы Кодекстің 270-бабына сәйкес мұндай активтердің шығып қалуы орын алған салықтық кезеңде танылады.

235-бап. Табиғи ресурстарды геологиялық зерделеуге және оларды өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түсетін кіріс

Егер осы Кодекстің 258-бабына сәйкес жеке топты түзетін шығыстарды түзететін сомалардың мөлшері осы жеке топтың салықтық кезеңнің басындағы салықтық кезеңде жүргізілген шығыстар есепке алынған мөлшерінен асып кетсе, асып кету шамасы жылдық жиынтық кіріске қосуға жатады. Бұл топтың мөлшері салықтық кезеңнің соңында нөлге тең болады.

236-бап. Кен орындарын әзірлеу салдарын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарын жою бойынша іс жүзіндегі шығыстар сомасынан асып кетуінен түсетін кіріс

Егер жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың бүкіл қолданылу кезеңіне қалыптастырылған кен орындарын әзірлеу салдарын жою қоры есебінен жүргізілген, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың бүкіл қолданылу кезеңінде кен орындарын әзірлеу салдарын жою бойынша іс жүзіндегі шығыстары көрсетілген қорға жүргізілген аударымдардан төмен болса, онда айырма жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылуы тоқтайтын салықтық кезеңнің жылдық жиынтық кірісіне қосуға жатады.

Бұл ретте жылдық жиынтық кіріске қосуға жататын мұндай айырманың сомасы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу кезеңі ішінде, жер қойнауын пайдаланушының жою қорының қаражатын мақсатсыз пайдалануына байланысты жер қойнауын пайдаланушы осы Кодекстің 252-бабына сәйкес жүргізген жылдық жиынтық кірісті түзету сомасына азайтылады.

237-бап. Бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар

1. Бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша өтемақы түрінде алынған кірістерге:

1) бұрын шегерімге жатқызылған және кейінгі салықтық кезеңдерде, оның ішінде мұндай талап ету құқықтарын басқаға беру жолымен өтелген, күмәнді деп танылған талап етулер сомасы;

2) шығындарды (шығыстарды) жабу үшін мемлекеттік бюджет қаражатынан алынған сомалар;

3) осы Кодекстің 270-бабында көрсетілген сақтандыру төлемдерін қоспағанда, сақтандыру ұйымы немесе нұқсан келтірген тұлға төлеген нұқсанды өтеу сомасы;

4) бұрын шегерімге жатқызылған шығындарды өтеу бойынша алынған басқа да өтемақылар жатады.

Алынған өтемақы ол алынған салықтық кезеңнің кірісі болып табылады.

2. Салық төлеуші осы Кодекстің 288-бабы 1-тармағы 4) тармақшасының ережелерін қолданған оқыту шығыстарын жеке тұлға өтеген болса, жеке тұлға мұндай өтеуді өзін оқыту аяқталған (еңбек шарты жасалған күнінен бастап үш жыл өткенге дейін бұзылған) салықтық кезеңді, сондай-ақ одан кейінгі салықтық кезеңді қамтитын уақыт кезеңі ішінде жүргізген жағдайда, мұндай өтеу сомасы алдыңғы салықтық кезеңдердің салық салынатын кірісін азайтуға жатқызылған осындай шығыстар сомасы бөлігінде салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісіне қосылады.

3. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жинақтаушы емес сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру ұйымының сақтанушыға қайтаруына жататын немесе ол қайтарған және сақтанушы бұрын шегерімге жатқызған сақтандыру сыйақыларының сомасы олар сақтанушыға қайтарылуға жатқан немесе қайтарылған салықтық кезеңнің жылдық жиынтық кірісіне қосылады.

238-бап. Өтеусіз алынған мүлік

1. Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, салық төлеуші өтеусіз алған кез келген мүліктің, оның ішінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құны оның кірісі болып табылады.

2. Өтеусіз алынған мүлік, оның ішінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер түріндегі кіріс осындай мүлік алынған, жұмыстар орындалған, қызметтер көрсетілген салықтық кезеңде танылады.

3. Өтеусіз алынған мүлік түріндегі кіріс мөлшерін айқындау мақсаттары үшін өтеусіз алынған мүліктің, оның ішінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құны халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша, бірақ беруші тараптың құжаттарында көрсетілген қосылған құн салығы ескеріле отырып, осындай мүлікті қабылдап алу-беру актісінде (ол болған кезде) көрсетілген құннан төмен емес болып

айқындалады.

4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарына сәйкес алынған парниктік газдар шығарындыларына квота түрінде өтеусіз алынған мүліктің құны нөлге тең деп танылады.

239-бап. Әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған кіріс

Егер әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде басқа тұлғадан алынуға жататын (алынған) кірістер, осындай кірістерді қоса алғанда, жылдық жиынтық кірістің 5 пайызынан аспайтын болса, онда салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісіне осындай кірістердің әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде іс жүзінде шегілген, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын шығыстардан асып кетуі қосылады.

2. Салық төлеушіге меншік құқығында тиесілі:

1) мына қызмет түрлерінің бірінде немесе бірнешеуінде:

демалысты, ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы;

ғылым, мәдениет, дене шынықтыру және спорт саласындағы, тарихи-мәдени мұраны, архив құндылықтарын сақтау жөніндегі қызметте пайдаланылатын;

2) тұрғынжай қорының объектісі болып табылатын мүлік әлеуметтік сала объектісі болып табылады.

240-бап. Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түсетін кіріс (залал)

1. Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түсетін кіріс кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатып алу-сату шарты бойынша өткізу құны мен берілетін міндеттемелердің өткізу күнгі бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша баланстық құнына азайтылған, берілетін активтердің баланстық құны арасындағы оң айырма ретінде айқындалады.

2. Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан болатын залал кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатып алу-сату шарты бойынша өткізу құны мен берілетін міндеттемелердің өткізу күнгі бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша баланстық құнына азайтылған, берілетін активтердің баланстық құны арасындағы теріс айырма ретінде айқындалады.

Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан болатын залалды ауыстыру осы Кодекстің 300-бабында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

241-бап. Жылдық жиынтық кірісті түзету

1. Салық төлеушілердің жылдық жиынтық кірісінен:

1) егер тұтастай алғанда дивидендтер төлеуші заңды тұлға бойынша есептелген корпоративтік табыс салығының жалпы сомасында 100 пайызға азайтылған корпоративтік табыс салығының үлесі 50 пайыздан аз болу шартымен, азайту жүргізілген кезең үшін осындай дивидендтер есепке жазылған жағдайда, дивидендтер, оның ішінде қызмет, оның ішінде осындай азайту көзделген инвестициялық келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша есептелген корпоративтік табыс салығын 100 пайызға азайтуды жүргізетін заңды тұлға төлейтін дивидендтер;

2) мынадай шарттар бір мезгілде орындалған кезде:

дивидендтерді есепке жазу күніне салық төлеуші осындай тәуекелдік инвестициялаудың акционерлік инвестициялық қорының акцияларын немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленсе;

технологиялық дамыту саласындағы ұлттық даму институтының осындай тәуекелдік инвестициялаудың акционерлік инвестициялық қорының жарғылық капиталына қатысуы 25 пайыздан астамды құраса, тәуекелдік инвестициялаудың акционерлік инвестициялық қорлары төлейтін дивидендтер;

3) жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым алған банктердің міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарының сомасы;

4) Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры кепілдікті жағдайларды реттеу үшін резервті ұлғайтуға бағытталған қаражат шегінде алған кепілдікті жарналар сомасы;

5) Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры алған сақтандыру ұйымдарының міндетті, қосымша және төтенше жарналарының сомасы;

6) жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым мен Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры өздерінің өтелген депозиттер мен жүзеге асырылған кепілдікті және өтемақы төлемдері бойынша талаптарын қанағаттандыру тәртібімен алған ақша сомасы;

7) Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры тұрғын үйлердің (тұрғын үй ғимараттарының) құрылысы аяқталғаннан кейін төлемдер бойынша талаптарды қанағаттандыру тәртібімен алған ақша сомасы;

8) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес алынған және жеке зейнетақы шоттарына бағытталған инвестициялық кірістер;

9) Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес алынған және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін ұлғайтуға бағытталған инвестициялық кірістер;

10) Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық

сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес алынған және Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтерін ұлғайтуға бағытталған инвестициялық кірістер;

11) акционерлік инвестициялық қорлар Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық қызметтен алған және акционерлік инвестициялық кордың кастодианы ескерген инвестициялық кірістер;

12) арнайы қаржы компаниясы Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес секьюритилендіру мәмілесі бойынша алған, борышты талап ету құқықтарын басқаға беруден түсетін кірістер;

13) сенімгерлік басқару құрылтайшысы алған (оның алуына жататын), мүлікті сенімгерлік басқарудан түсетін таза кіріс;

14) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры мақта өңдеу ұйымдарынан алған жыл сайынғы міндетті жарналар сомасы;

15) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры астық қабылдау кәсіпорындарынан алған жыл сайынғы міндетті жарналар сомасы;

16) мақта (астық) қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры жүзеге асырылған кепілдік төлемдері жөніндегі талаптарды қанағаттандыру тәртібімен алған ақша сомасы;

17) мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясы осы Кодекстің 519-бабы 3-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген жылжымайтын мүлікті және осындай мүлік орналасқан жер учаскелерін мүліктік жалға тапсырудан (жалға беруден) және (немесе) өткізу кезінде алған кірістер;

18) инвестициялық депозиттер түрінде алынған ақшаларды басқару процесінде ислам банкі алған, осы инвестициялық депозиттер депозиторларының шоттарына бағытталған және соларда болатын кірістер алып тасталуға жатады. Мұндай кірістерде ислам банкінің сыйақысы қамтылмайды;

19)· Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес құрылған ислам арнайы қаржы компаниясы алған борышты талап ету құқығын басқаға беруден түсетін кірістер;

20) жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым арнайы резерв активтерін орналастыру нәтижесінде алған, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қосылу шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін екінші деңгейдегі банктерге қолданылатын тұрақсыздық айыбы түрінде алған кірістер алып тасталуға жатады.

Осы тармақшаның ережелері көрсетілген кірістер арнайы резервті

ұлғайтуға бағытталған жағдайда қолданылады;

21) трансұлттық корпорациялардың қатысуымен бірлескен кәсіпорындар құру үшін, сондай-ақ шетелдік инвестициялық қорларға үлестік қатысу үшін ғана бюджеттен нысаналы аударым түрінде алынған, Қазақстан Республикасының инновациялық кластер туралы заңнамасында айқындалған дербес кластерлік қордың кірісі;

22) «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорының кепілдікті жағдайларды реттеу үшін резервті ұлғайтуға бағытталған қаражат шегіндегі инвестициялық кірістері;

23) осы Кодекстің 289-бабында белгіленген шарттар сақталған кезде, коммерциялық ұйымның осы Кодекстің 289-бабының 2-тармағында көзделген кірістері;

24) білім беру саласындағы уәкілетті органның сенім білдірілген өкілінің (агентінің) бюджет қаражатының шығыстарын өтеу жөніндегі, сондай-ақ мемлекеттік білім беру кредиттері мен мемлекеттік студенттік кредиттерді қайтару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты ұйғарылған тұрақсыздық айыбы түріндегі кірістері алып тасталуға жатады.

Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымының жылдық жиынтық кірісінен Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асырудан түсетін, осындай ұйымның жылдық жиынтық кірісіне қосылған және бас банкке аударылған кірістері алып тасталады.

Бұл ретте, алынуға жататын кірістерді Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асырудан түсетін кірістерге жатқызу уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындаған тәртіппен жүргізіледі.

Банктің жылдық жиынтық кірісінен екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйымнан осындай ұйымға бұрын берілген, кредиттер (қарыздар) бойынша талап ету құқықтарын сатып алуға байланысты алынған талап ету құқығын беруден түсетін кірістер алып тасталады.

2. Жылдық жиынтық кірістен:

1) егер осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, тәуекелдік инвестициялаудың жабық пайлық инвестициялық қорлары мен тәуекелдік инвестициялаудың акционерлік инвестициялық қорлары төлейтін;

2) егер тұтастай алғанда дивидендтер төлейтін заңды тұлға бойынша есептелген корпоративтік табыс салығының жалпы сомасында 100 пайызға азайтылған корпоративтік табыс салығының үлесі 50 пайыздан аз болу шартымен, өзінде азайту жүргізілген кезең үшін осындай дивидендтер есепке

жазылған жағдайда, қызмет, оның ішінде осындай азайту көзделген инвестициялық келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша есептелген корпоративтік табыс салығын 100 пайызға азайтуды жүргізетін заңды тұлға төлейтін дивидендтер алып тасталуға жатпайды.

3. Салық төлеуші осының алдындағы салықтық кезеңде қолданған запастарды бағалау әдісінен өзге әдіске ауысқан кезде, салық төлеушінің жылдық жиынтық кірісі жаңа бағалау әдісін қолдану нәтижесінде түзілген оң айырма сомасына ұлғайтылуға және теріс айырма сомасына азайтылуға жатады.

Салық төлеуші запастарды бағалаудың өзге әдісіне ауысуды салықтық кезеңнің басынан бастап жүргізеді.

2-параграф. Шегерімдер

242-бап. Жалпы ережелер

1. Осы Кодекске сәйкес шегерімге жатпайтын шығыстарды қоспағанда, салық төлеушінің кіріс алуға бағытталған қызметті жүзеге асыруға байланысты шығыстары салық салынатын кірісті айқындау кезінде осы Кодекстің осы бабында және 243 – 263-баптарында белгіленген ережелер ескеріле отырып, шегерімге жатады.

Осы тармақтың ережелері салық төлеушінің Қазақстан Республикасында да, оның шегінен тыс жерлерде де шеккен шығыстарына қолданылады.

Салық төлеушінің тіркелген активтерді салуға, сатып алуға арналған шығындары және күрделі сипаттағы басқа да шығындары осы Кодекстің 265 – 276-баптарына сәйкес шегерімге жатқызылады.

2. Салық төлеушінің шет мемлекетте қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыруға байланысты шығыстары осы Кодексте сәйкес шегерімге жатады.

Резидент-заңды тұлғаның шет мемлекеттегі тұрақты мекемесінің салық салынатын кірісін айқындау кезінде осындай шет мемлекеттің салық заңнамасының немесе халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес осындай салық салынатын кірісті алу мақсатында Қазақстан Республикасында да, оның шегінен тыс жерлерде де шегілген басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстарды шегеруге жол беріледі.

Басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстардың сомасы өзінің көздерінен резидент-заңды тұлға кіріс алған шет мемлекетте осындай шет мемлекеттің салық заңнамасында айқындалған тәртіппен шегерілуге жатады.

Егер өзінің көздерінен резидент-заңды тұлға кіріс алған шет мемлекеттің салық заңнамасында немесе халықаралық шартта басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстарды шегеруге жол берілген, бірақ бұл ретте

шет мемлекеттің салық заңнамасында мұндай шығыстарды шегерімге жатқызу тәртібі көзделмеген жағдайда, резидент-салық төлеуші көрсетілген шет мемлекетте басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстарды осы Кодекстің 662 – 665-баптарында айқындалған тәртіппен шегерімге жатқызады.

3. Шегерімдерді салық төлеуші өзінің кіріс алуға бағытталған қызметіне байланысты шығыстарды растайтын құжаттары болған кезде іс жүзінде жүргізілген осындай шығыстар бойынша жүргізеді.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын болашақ кезеңдердің шығыстары өздері жататын салықтық кезеңде шегерімге жатады.

4. Егер осы Кодекстің осы бабында және 243 – 263-баптарында өзгеше белгіленбесе, осы бөлімнің мақсаттары үшін шығыстарды тану күнін қоса алғанда, шығыстарды тану халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Шығыстарды халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес тану тәртібі шегерімдерді осы Кодексте сәйкес айқындау тәртібінен ерекшеленген жағдайда, көрсетілген шығыстар осы Кодексте айқындалған тәртіппен салық салу мақсаттары үшін есепке алынады.

5. Егер осы Кодекстің 192-бабының 4-тармағында өзгеше көзделмесе, төленуге жататын (төленген) шығындардан басқа, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасын қолдану кезінде активтер және (немесе) міндеттемелер құнының өзгеруіне байланысты бухгалтерлік есепке алуда туындайтын шығындар салық салу мақсаттарында шығындар ретінде қаралмайды.

6. Егер шығыстардың сол бір түрлері шығыстардың бірнеше баптарында көзделсе, онда көрсетілген шығыстар салық салынатын кірістің есеп-қисабында бір рет шегеріледі.

7. Салық төлеуші осы Кодекстің 287-бабына сәйкес шегерімдерді түзетуді жүзеге асырады. Бұл ретте осы түзетулер ескерілген шегерімдер сомасы теріс мәнге ие болуы мүмкін.

243-бап. Шығыстардың жекелеген түрлері бойынша шегерімдер

1. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, салық төлеуші шеккен тауарлар ысырабы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген табиғи кему нормалары шегінде шегерімге жатады.

2. Табиғи монополия субъектісі реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну мақсатында шеккен ысыраптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілеген нормативтік техникалық ысыраптар шегінде және (немесе) шектеулер ескеріле отырып, шегерімге жатады.

3. Салық төлеушінің бұрын шегерімге жатқызылмаған тауарлардың жойылуына, бүлінуіне байланысты немесе ол бойынша нұқсан келтірген тұлғадан немесе сақтандыру ұйымынан нұқсанды отеу сомасы алынған сақтандыру жағдайының басталуына байланысты олардың баланстық құны мөлшеріндегі шығыстары нұқсанды отеу сомасының алыну күні тура келетін кезеңде алынған өтемақы сомасы шегінде шегерімге жатады.

Осы бөлімнің мақсаттары үшін:

тауардың бүлінуі тауардың барлық немесе жекелеген сапасының (қасиетінің) нашарлауын білдіреді, оның салдарынан осы тауарды кіріс алуға бағытталған қызметте пайдалану мүмкін болмайды;

тауардың жоғалуы деп өзінің нәтижесінде тауардың жойылуы немесе жоғалуы орын алған оқиға түсініледі. Салық төлеуші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген табиғи кему нормалары шегінде шеккен тауар ысырабы жоғалту болып табылмайды.

4. Салық төлеушінің келісімде, ұжымдық шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, жұмыскерлерді міндетті, мерзімді (еңбек қызметі ішінде) медициналық тексеріп-қарауға және ауысым алдындағы, ауысымнан кейінгі және өзге де медициналық куәландыруға (тексеріп-қарауға), медициналық пункттерді ұстауға немесе оларды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстары шегерімге жатады.

5. Салық төлеушінің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, еңбек шартына, ұжымдық шартқа немесе жұмыс берушінің актілеріне сәйкес жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және еңбек гигиенасы талаптарына, оның ішінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға жауап беретін еңбек жағдайларымен қамтамасыз ету жөніндегі, жұмыскерлерді арнайы жабдықталған жерде демалу және тамақтану мүмкіндігімен қамтамасыз ету жөніндегі шығыстары шегерімге жатады..

6. Салық төлеушінің жұмыскерлерді қоғамдық тамақтандыруды, мектепке дейін тәрбиелеу мен оқытуды, балаларды, карттар мен мүгедектерді әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік қамсыздандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты шығыстары шегерімге жатқызылуға жатады.

7. Егер осы Кодекстің 246 және 264-баптарында өзгеше белгіленбесе, ұйғарылған немесе танылған тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұл) шегерімге жатады.

8. Егер мәміле шарттарында салық төлеушінің өткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер сапасына кепілдік беруі

көзделген жағдайда, онда мәміледе белгіленген кепілдік мерзімі ішінде жүргізілген салық төлеушінің өткізілген тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің кемшіліктерін жою бойынша іс жүзіндегі шығыстарының сомасы осы Кодекске сәйкес шегерімге жатқызылуға жатады.

9. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер құнында қосылған құн салығы жөніндегі мынадай шығындар:

осы Кодекстің 402-бабының 1-тармағына сәйкес есепке жатқызуға жатпайтын қосылған құн салығының сомасы;

осы Кодекстің 408, 409 және 410-баптарына сәйкес есепке жатқызуға жатқызылуына рұқсат берілмеген қосылған құн салығының сомасы;

осы Кодекстің 404-бабы 2-тармағының 1) және 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, есепке жатқызуға жатқызылған қосылған құн салығын азайту жағына қарай түзету сомасы есепке алынады.

Қосылған құн салығын төлеуші:

1) егер бухгалтерлік есепке алуда осындай салық сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер құнында есепке алынбаған болса, осы Кодекстің 408-бабына сәйкес пропорционалды әдіс қолданылған кезде есепке жатқызуға жатқызылуына рұқсат берілмеген қосылған құн салығының;

2) кіріс алуға бағытталған қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылған тіркелген активтер, запастар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша, есепке жатқызуға жатқызылған қосылған құн салығын осы Кодекстің 404-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда азайту жағына қарай түзету;

3) амортизацияға жатпайтын активтерді жарғылық капиталға салым ретінде беруді қоспағанда, осы Кодекстің 404-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, есепке жатқызуға жатқызылған қосылған құн салығын азайту сомасын шегерімге жатқызуға құқылы.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген шегерім осы Кодекстің 408-бабына сәйкес есепке жатқызуға жатқызудың пропорционалды әдісі қолданылған кезде есепке жатқызуға жатқызылуына рұқсат берілмеген қосылған құн салығы туындайтын салықтық кезеңде жүргізіледі.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларында көзделген шегерімдер есепке жатқызуға жатқызылған қосылған құн салығының сомасы түзетілуге жататын салықтық кезеңде жүргізіледі.

Амортизацияға жатпайтын активтер бойынша есепке жатқызуға жатқызылған қосылған құн салығын осы Кодекстің 404-бабы 2-тармағының 1) және 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайда азайту жағына қарай түзету сомасы осы Кодекстің 228-бабының 6-тармағына сәйкес есепке алынады.

Егер корпоративтік табыс салығын төлеуші жай серіктестік

(консорциум) құрамында өнімдерді бөлу туралы келісім (келісімшарт) бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы болып табылған және қосылған құн салығы бойынша салықтық міндеттемелерді орындау осы Кодекстің 426-бабының 3-тармағына сәйкес операторға жүктелген жағдайда, осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген қосылған құн салығы оператордың қосылған құн салығы бойынша декларациясының деректері бойынша көрсетілген жер қойнауын пайдаланушының үлесіне тиесілі мөлшерде шегерімге жатады.

Осы баптың ережелері құны осы Кодекстің 258-бабының 3-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуға жататын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қосылған құн салығы бойынша қолданылмайды.

10. Салық төлеуші:

1) Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне жұмыскерлердің бір жыл ішіндегі орташа тізімдік санын негізге ала отырып бір жұмыскерге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен міндетті мүшелік жарналардың шекті мөлшерінен аспайтын мөлшерде төлеген, жеке кәсіпкерлік субъектерінің мүшелік жарналары шегерімге жатады.

11. Салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған мөлшерде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есепке жазылған әлеуметтік аударымдар жөніндегі шығыстары шегерімге жатады.

12. Салық төлеушінің Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленген аударымдар бойынша:

1) есепті салықтық кезеңде – есепті салықтық кезең және (немесе) есепті салықтық кезеңнен алдыңғы салықтық кезеңдер үшін есепке жазылғандар және (немесе) есептелгендер шегіндегі;

2) есепті салықтық кезеңнен алдыңғы салықтық кезеңдерде – есепті салықтық кезең үшін есепке жазылғандар және (немесе) есептелгендер шегіндегі шығыстары шегерімге жатады.

13. Жарнамалық мақсатта өтеусіз (оның ішінде сыйға тарту түрінде) берілген тауардың құны, егер осындай тауар бірлігінің құны тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген және осындай беру күнінде қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 5 еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, осындай тауарды беру жүзеге асырылған салықтық кезеңде шегерімге жатқызылуға жатады.

14. Энергия беруші ұйымның жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын субъектілерге электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді

өтеусіз көрсетуге байланысты шеккен шығыстары шегерімге жатады.

15. Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тіркелген лицензиялық немесе қосалқы лицензиялық шарт (келісім) негізінде тауар өндіруге және (немесе) өткізуге құқығы бар салық төлеуші осындай тауарға меншік құқығының бар-жоғына қарамастан, оны сату көлемдерін ұстап тұруға және (немесе) ұлғайтуға бағытталған қызмет бойынша шығыстарды шегерімге жатқызады.

16. Осы бөлімнің мақсаттарында сенімгерлік басқарушыға осы Кодексте мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша салықтық міндеттемені орындау жүктелген жағдайда, осындай сенімгерлік басқарушының шығыстары шегерімге жатқызу мақсаттары үшін осы Кодекстің 40, 42, 43, 44 және 45-баптарының ережелері ескеріле отырып айқындалады.

244-бап. Салық төлеушінің басқару органы мүшелерінің қызметтік іссапарлары және сапарлары кезіндегі өтемақылар сомасының шегерімі

1. Қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақылар бойынша мынадай шығыстар шегерімге жатады:

1) жол жүруге арналған және броньға жұмсалған шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде, броньға жұмсалған шығыстардың төлемақысын қоса алғанда, іссапарда болатын жерге және кері жол жүру шығыстары. Жол жүру электрондық билетпен немесе электрондық жол жүру құжатымен ресімделген жағдайда, жол жүруге арналған және броньға жұмсалған шығыстарды растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

электрондық билет, электрондық жол жүру құжаты;

электрондық билеттің, электрондық жол жүру құжатының құнын төлеу фактісін растайтын құжат;

тасымалдаушы немесе өзінен электрондық билет немесе электрондық жол жүру құжаты сатып алынған тұлға берген, жол жүру фактісін растайтын, қағаз жеткізгіштегі немесе электрондық түрдегі құжат (оның ішінде отырғызу талоны).

Осы тармақшада көзделген шығыстарға бір елді мекен шегінде жол жүру жөніндегі шығыстар жатпайды;

2) тұрғынжайды жалдауға арналған және броньға жұмсалған шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде, броньға жұмсалған шығыстардың төлемақысын қоса алғанда, іссапарда болу уақыты ішінде жұмыскердің тұрақты жұмыс орнынан тыс жерде тұрғын үй-жайды жалдауға арналған шығыстар. Мұндай шығыстар, оның ішінде іссапарға жіберілген жұмыскердің еңбекке уақытша жарамсыздық күндері үшін (іссапарға жіберілген жұмыскер стационарлық емдеуде болған жағдайлардан басқа) тұрғын үй-жайды жалдауға арналған шығыстарды қамтиды;

3) іссапарға жіберілген жұмыскердің еңбекке уақытша жарамсыздық күндерін қоса алғанда, жұмыскерге іссапарда болған уақытта төленетін, салық төлеушінің шешімі бойынша белгіленген мөлшердегі тәулікақы;

4) салық төлеуші келуге және кетуге рұқсаттар (визалар) ресімдеген кезде жүргізген шығыстарды растайтын құжаттар негізінде осындай шығыстар (визаның, консулдық көрсетілетін қызметтердің, міндетті медициналық сақтандырудың құны).

2. Осы баптың 1-тармағының мақсаттарында:

1) жұмыс берушінің жұмыскерді іссапарға жіберу туралы бұйрығында немесе жазбаша өкімінде көрсетілген, жұмыскер еңбек міндеттерін орындайтын, оны оқыту, біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау жүзеге асырылатын межелі жер іссапарда болатын жер болып табылады;

2) іссапарда болу уақыты:

жұмыс берушінің жұмыскерді іссапарға жіберу туралы бұйрығы немесе жазбаша өкімі;

кету және келу күнін қоса алғанда, жол жүруді растайтын құжаттарда көрсетілген іссапарда болатын жерге кету және кері қайтып келу күндерін негізге ала отырып, іссапарда болу күндерінің саны негізінде айқындалады. Мұндай құжаттар болмаған кезде іссапарда болу күндерінің саны салық төлеушінің салықтық есепке алу саясатында көзделген, іссапарда болатын жерге кету күнін және (немесе) кері қайтып келу күнін растайтын басқа құжаттар негізге алына отырып айқындалады.

3. Салық төлеушінің директорлар кеңесі мүшелерінің немесе жоғары басқару органы болып табылмайтын, өзге басқару органы мүшелерінің сапарлары кезінде, қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақыдан басқа, олар өздеріне жүктелген басқарушылық міндеттерді орындауға байланысты шеккен өтемақылар жөніндегі мынадай шығыстар шегерімге жатады:

1) жол жүруге арналған және броньға жұмсалған шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде, броньға жұмсалған шығыстардың төлемақысын қоса алғанда, басқарушылық міндеттер орындалатын жерге және кері жол жүру шығыстары. Жол жүру электрондық билетпен немесе электрондық жол жүру құжатымен ресімделген жағдайда, жол жүруге арналған және броньға жұмсалған шығыстарды растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

электрондық билет, электрондық жол жүру құжаты;

электрондық билеттің, электрондық жол жүру құжатының құнын төлеу фактісін растайтын құжат;

тасымалдаушы немесе өзінен электрондық билет немесе электрондық жол жүру құжаты сатып алынған тұлға берген, жол жүру фактісін растайтын, қағаз жеткізгіштегі немесе электрондық түрдегі құжат (оның ішінде отырғызу талоны).

Осы тармақшада көзделген шығыстарға бір елді мекен шегінде жол жүру жөніндегі шығыстар жатпайды;

2) тұрғынжайды жалдауға арналған және броньға жұмсалған шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде, броньға жұмсалған шығыстардың төлемақысын қоса алғанда, басқарушылық міндеттерді орындау үшін сапарда болу уақыты ішінде тұрғын үй-жайды жалдауға арналған шығыстар;

3) басқарушылық міндеттерді орындау үшін сапарда болған уақыт ішінде басқару органының мүшесіне төленетін, салық төлеушінің шешімі бойынша белгіленген мөлшердегі ақша сомасы;

4) салық төлеуші келуге және кетуге рұқсаттар (визалар) ресімдеген кезде жүргізген шығыстарды растайтын құжаттар негізінде осындай шығыстар (визаның, консулдық көрсетілетін қызметтердің, міндетті медициналық сақтандырудың құны).

4. Осы баптың 3-тармағының мақсаттары үшін:

1) салық төлеуші дербес ресімдеген, басқару органының мүшесін басқарушылық міндеттерді орындау үшін іс-шараға шақыру, осындай іс-шараның өткізілетін жері мен күні қамтылған құжатта көрсетілген межелі жер басқарушылық міндеттер орындалатын жер болып табылады;

2) басқарушылық міндеттерді орындау үшін сапарда болу уақыты кету және келу күндерін қоса алғанда, жол жүруді растайтын құжаттарда көрсетілген басқарушылық міндеттер орындалатын жерге кету және кері қайтып келу күндері негізге алына отырып, күндер саны негізінде айқындалады.

245-бап. Өкілдік шығыстар сомасының шегерімі

1. Өкілдік шығыстарға мынадай:

1) өзара ынтымақтастықты орнату немесе қолдап отыру бойынша;

2) салық төлеушінің директорлар кеңесінің, атқарушы органдарынан басқа, өзге басқару органының отырыстарын ұйымдастыру және (немесе) өткізу бойынша өкілдік іс-шараларын өткізу кезінде, олардың өткізілу орнына қарамай жүргізілетін, адамдарды, оның ішінде салық төлеушінің штатында тұрмайтын жеке тұлғаларды қабылдау және оларға қызмет көрсету жөніндегі шығыстар жатады.

Өкілдік шығыстарға, оның ішінде:

1) осы Кодекстің 244-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақыларға жатқызылатын шығыстарды қоспағанда, өкілдік іс-шараларға қатысушы адамдарды көлікпен қамтамасыз етуге;

2) өкілдік іс-шараларды өткізу барысында мұндай адамдарды тамақтандыруға;

3) ұйымның штатында тұрмайтын аудармашылардың көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуге;

4) өкілдік іс-шараларды өткізу үшін үй-жайларды жалдауға және

(немесе) безендіруге арналған шығыстар да жатады.

2. Шақырылған адамдардың тұруына, мұндай адамдар үшін визалар ресімдеуге, бос уақытын, ойын-сауықты, демалысты ұйымдастыруға арналған шығыстар, сондай-ақ осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес өкілдік іс-шараларға қатысушы адамдарды көлікпен қамтамасыз ету шығыстарына жатқызылмайтын шығыстар өкілдік шығыстарына кірмейді және шегерімге жатпайды.

Өкілдік іс-шараларға қатысушылардың теміржол, теңіз және әуе көлігімен жол жүру шығыстары көлікпен қамтамасыз ету шығыстарына жатпайды.

3. Мыналар:

1) салық төлеушінің өкілдік іс-шараны өткізу мақсаты және оны өткізуге жауапты адамдар көрсетілген, оны өткізу туралы жазбаша бұйрығы немесе жазбаша өкімі;

2) салық төлеуші бекіткен осындай іс-шара шығыстарының сметасы;

3) жауапты адамдардың өткізілген өкілдік іс-шара туралы оның өткізілген күні мен орны, өткізілген іс-шараның нәтижелері, қатысушылар құрамы, іс-шаралар бағдарламасы, іс жүзінде жүргізілген шығыстар көрсетілген есебі;

4) өкілдік шығыстардың негіздері мен жүзеге асырылуын растайтын бастапқы және өзге де құжаттар өкілдік шығыстарын шегеруді жүзеге асыру үшін негіз болып табылады.

4. Өкілдік шығыстар салықтық кезең ішінде жұмыс берушінің осы Кодекстің 322-бабының 1-тармағында көрсетілген, жұмыскерлердің салық салынуға жататын кірістері бойынша шығыстары сомасының 1 пайызынан аспайтын мөлшерде шегерімге жатады.

246-бап. Сыйақы бойынша шегерім

1. Осы баптың мақсаттары үшін мыналар сыйақылар болып танылады:

1) осы Кодекстің 1-бабының 62) тармақшасында айқындалған сыйақылар;

2) өзара байланысты тараптар арасындағы кредит (қарыз) шарты бойынша тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);

3) өзара байланысты тарапқа берілетін кепілдік үшін төлемақы.

2. Егер осы баптың 3-тармағында өзгеше белгіленбесе, шегерімге жатқызылуға жататын сыйақы сомасы осы Кодекстің 192-бабының 2-тармағына сәйкес есепке жазу әдісі бойынша айқындалады.

3. Осы Кодекстің 250-бабының 1 және 6-тармақтарына сәйкес шегерімге жатқызылуға жататын провизияларды (резервтерді) құруға құқылы тұлғаға және (немесе) осы Кодекстің 233-бабының 2-тармағында көрсетілген тұлғаға міндеттемелер бойынша сыйақылар салық төлеуші немесе үшінші тұлға осындай салық төлеушінің міндеттемелері есебіне іс жүзінде төлеген:

1) есепті салықтық кезеңде салық төлеуші есепті салықтық кезеңде және (немесе) есепті салықтық кезеңнің алдындағы салықтық кезеңдерде шығыстар деп таныған шығыстар сомасы шегіндегі;

2) есепті салықтық кезеңнің алдындағы салықтық кезеңдерде салық төлеуші есепті салықтық кезеңде шығыстар деп таныған шығыстар сомасы шегіндегі мөлшерде шегерімге жатқызылуға жатады.

4. Сыйақыны шегеру осы баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген ережелер ескеріле отырып, мынадай формула бойынша есептелетін сома шегінде жүргізіледі:

(А+Д)+(КС/МС) х (ШК) х (Б+В+Г),

мұнда:

А – Б, В, Г, Д көрсеткіштеріне енгізілген сомаларды қоспағанда, сыйақы сомасы;

Б – Д көрсеткішіне енгізілген сомаларды қоспағанда, өзара байланысты тарапқа осы баптың 3-тармағының ережелері ескеріле отырып төленген (төленуге жататын) сыйақы сомасы;

В – Б көрсеткішіне енгізілген сомаларды қоспағанда, осы Кодекстің 294-бабына сәйкес айқындалатын жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаларға осы баптың 3-тармағының ережелері ескеріле отырып төленген (төленуге жататын) сыйақы сомасы;

Г – В көрсеткішіне енгізілген сомаларды қоспағанда, осы баптың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, Г1 және Г2 көрсеткіштерінің сомасы;

Г1 – өзара байланысты тараптың депозитімен берілген қарыздар бойынша тәуелсіз тарапқа төленген (төленуге жататын) сыйақы сомасы;

Г2 – есепті салықтық кезеңде өзара байланысты тарап кепілдік, кепілгерлік немесе өзге қамтамасыз ету нысаны бойынша міндеттемелерді орындаған (қарыз бойынша төлемдерді жүзеге асырған) жағдайда, өзара байланысты тараптардың қамтамасыз етілген кепілдігімен, кепілгерлігімен немесе өзге қамтамасыз ету нысанымен берілген қарыздар бойынша тәуелсіз тарапқа төленген (төленуге жататын) сыйақы сомасы;

Д – Қазақстан Республикасында құрылған кредиттік серіктестік беретін, акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұлттық даму институты болып табылатын банк беретін кредиттер (қарыздар) үшін сыйақы сомасы;

ШК – шекті коэффициент;

КС – меншікті капиталдың орташа жылдық сомасы;

МС – міндеттемелердің орташа жылдық сомасы.

А, Б, В, Г, Д сомаларын есептеу кезінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес құрылыс объектісінің құнына енгізілетін сыйақылар алып тасталады. Өзара байланысты болып табылмайтын тарап осы баптың мақсаттары үшін тәуелсіз тарап деп

танылады.

5. Осы баптың 4-тармағының мақсаттары үшін:

1) меншікті капиталдың орташа жылдық сомасы меншікті капиталдың есепті салықтық кезеңнің әрбір айының соңындағы орташа арифметикалық сомасына тең. Меншікті капиталдың орташа жылдық сомасының теріс мәні осы баптың мақсаттары үшін нөлге тең деп танылады;

2) міндеттемелердің орташа жылдық сомасы міндеттемелердің есепті салықтық кезеңнің әрбір айындағы орташа арифметикалық ең үлкен сомасына тең. Міндеттемелердің орташа жылдық сомасын есептеу кезінде мыналар:

салықтар және бюджетке төленетін төлемдер;

жұмыскерлердің жалақысы және өзге де кірістері;

өзара байланысты тараптан алынатын кірістерді қоспағанда, болашақ кезеңдердің кірістері;

сыйақылар мен комиссиялар;

дивидендтер;

бухгалтерлік есепке алуда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес есепке жазылған бағалау міндеттемелері бойынша есепке жазылған міндеттемелер есепке алынбайды;

3) шекті коэффициент қаржылық ұйымдар үшін – 7-ге, өзге заңды тұлғалар үшін 4-ке тең.

6. Бейрезидент-заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесінің меншікті капиталының сомасы осы баптың 4-тармағының мақсаттары үшін осындай тұрақты мекеменің активтері мен міндеттемелері арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Бұл ретте бейрезидент-заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесінің меншікті капиталының сомасы осы тармақтың қолданылу мақсаттары үшін осы тұрақты мекеме оқшауландырылған және жеке заңды тұлға болғандай және өзі тұрақты мекемесі болып табылатын бейрезидент-заңды тұлғадан тәуелсіз әрекет ететіндей түрде қарастырылады.

247-бап. Төленген күмәнді міндеттемелер бойынша шегерім

1. Егер салық төлеуші бұрын кіріс деп танылған күмәнді міндеттемелерді кредиторға төлеген жағдайда, онда осы Кодекстің 405-бабының 2-тармағына сәйкес есепке жатқызуға жатқызылған қосылған құн салығының сомасын қоспағанда, жүргізілген төлемнің мөлшеріндегі сома шегерімге жатады.

Мұндай шегерім төлем жасалған салықтық кезеңде бұрын кіріске жатқызылған сома шегінде жүргізіледі.

2. Осы бапта көзделген шегерімдерге жатқызу тәртібі осы Кодекстің 229-бабына сәйкес бұрын кіріс деп танылған міндеттемелерді төлеген

жағдайда да қолданылады.

248-бап. Күмәнді талаптар бойынша шегерім

1. Егер осы баптың 6-тармағында өзгеше белгіленбесе:

1) заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметті заңды тұлғаның тұрақты мекемесі, құрылымдық бөлімшесі арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаларға тауарлар өткізуге, жұмыстар орындауға, қызметтер көрсетуге байланысты туындаған және осы баптың 4-тармағына сәйкес есептелетін үш жылдық кезең ішінде қанағаттандырылмаған;

2) заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге тауарлар өткізуге, жұмыстар орындауға, қызметтер көрсетуге байланысты туындаған және салық төлеуші-дебиторды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банкрот деп тануға байланысты қанағаттандырылмаған;

3) банктік кредит (қарыз) шарттары бойынша және микрокредиттер беру туралы шарттар бойынша заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде айыппұлдар мен өсімпұлды жылдық жиынтық кіріс құрамына қосуға байланысты және осы баптың 4-тармағына сәйкес есептелетін үш жыл ішінде қанағаттандырылмаған талаптар күмәнді талаптар болып танылады.

2. Мыналарды:

1) тауарлар өткізуді, жұмыстар орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асырған және осындай талап ету құқығын басқаға бермеген;

2) тауарлар өткізуді, жұмыстар орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асырған және осындай талап ету құқығын басқаға берген;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген тұлғадан өткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша талап ету құқығын сатып алуды;

4) банктік кредит (қарыз) шарттары бойынша және микрокредиттер беру туралы шарттар бойынша заңды күшіне енген сот шешімі негізінде айыппұлдар мен өсімпұлды жылдық жиынтық кіріс құрамына қосуды жүзеге асырған тұлғада күмәнді талаптар шегерімге жатады.

3. Мыналарда:

1) осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған тұлғада – өткізілген тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құнын, сондай-ақ тауарларды осындай өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты туындаған басқа да талаптар сомасын, оның ішінде тұрақсыздық айыптарының (айыппұлдардың, өсімпұлдың) сомасын қамтитын, бірақ бұрын танылған кіріс мөлшерінен аспайтын мөлшерде;

2) осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында айқындалған тұлғада – өткізілген тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құнын және тауарларды осындай өткізуге, жұмыстарды орындауға,

қызметтерді көрсетуге байланысты туындаған басқа да талаптар сомасын, оның ішінде тұрақсыздық айыптарының (айыппұлдардың, өсімпұлдың) сомасын қамтитын, бірақ бұрын танылған кіріс мөлшерінен аспайтын мөлшердегі сома мен өзі бойынша басқаға беру жүргізілген талап ету құқығының құны арасындағы оң айырма мөлшерінде;

3) осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында айқындалған тұлғада – өткізілген тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құнын, сондай-ақ тауарларды осындай өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты туындаған басқа да талаптар сомасын, оның ішінде тұрақсыздық айыптарының (айыппұлдардың, өсімпұлдың) сомасын қамтитын, бірақ осы Кодекстің 233-бабына сәйкес бұрын танылған кірістің талап ету құқығын сатып алу құнына ұлғайтылған мөлшерінен аспайтын мөлшерде;

4) осы баптың 2-тармағының 4) тармақшасында айқындалған тұлғада – осы Кодекстің 226-бабы 1-тармағының 13) тармақшасында айқындалған кіріс ретінде танылған сомалар мөлшерінде күмәнді талаптар шегерімге жатады.

4. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда, күмәнді талаптар:

1) осы баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында айқындалған тұлғаларда:

кредит (қарыз) шарттары бойынша туындаған күмәнді талаптар бойынша – кредит (қарыз) шартының талаптарына сәйкес сыйақы төлеу мерзімі басталған күннен кейінгі күннен бастап;

лизинг шарттары бойынша туындаған күмәнді талаптар бойынша – лизинг шартының талаптарына сәйкес лизингтік төлемді төлеу мерзімі басталған күннен кейінгі күннен бастап;

қалған жағдайларда:

өткізілген тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша орындалу мерзімі айқындалған талап етуді орындау мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап;

өткізілген тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша орындалу мерзімі айқындалмаған талап ету бойынша тауарлар берілген, жұмыстар орындалған, қызметтер көрсетілген күннен бастап;

2) осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында айқындалған тұлғаларда:

кредит (қарыз) шарттары бойынша туындаған күмәнді талаптар бойынша – кредит (қарыз) шартының талаптарына сәйкес сыйақы төлеу мерзімі басталған күннен кейінгі күннен бастап;

лизинг шарттары бойынша туындаған күмәнді талаптар бойынша – лизинг шартының талаптарына сәйкес лизингтік төлемді төлеу мерзімі басталған күннен кейінгі күннен бастап;

қалған жағдайларда – мына күндердің:

өткізілген тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша

орындалу мерзімі айқындалған талап етуді орындау мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннің;

өткізілген тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша орындалу мерзімі айқындалмаған талап ету құқығы басқаға берілген күннің ішінде ең кеш болатын күннен бастап есептелетін үш жылдық кезең өткен салықтық кезеңде шегерімге жатады.

5. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларда, күмәнді талаптар соттың банкроттық рәсімін аяқтау туралы ұйғарымы заңды күшіне енген салықтық кезеңде шегерімге жатады.

6. Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда, күмәнді талаптар соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап есептелетін үш жылдық кезең өткен салықтық кезеңде шегерімге жатады.

7. Осы Кодекстің 250-бабының 1-тармағына сәйкес провизиялар (резервтер) құру бойынша шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар салық төлеушілердің 2012 жылғы 31 желтоқсаннан кейін есепке жазылған:

1) басқа банктерде орналастырылған, корреспонденттік шоттардағы қалдықтарды қоса алғанда, депозиттер бойынша сыйақыларды;

2) басқа банктер мен клиенттерге берілген кредиттер (қаржы лизингін қоспағанда) бойынша сыйақыларды;

3) құжаттық есеп-қисаптар мен кепілдіктер бойынша дебиторлық берешекті;

4) жабылмаған аккредитивтер, шығарылған немесе расталған кепілдіктер бойынша шартты міндеттемелерді төлеу жөніндегі талаптары күмәнді талаптар болып танылмайды.

8. Егер осы баптың 9-тармағында өзгеше көзделмесе, салық төлеушінің күмәнді талаптарды шегерімге жатқызуы бір мезгілде мынадай шарттар сақталған:

1) талаптардың туындауын растайтын құжаттар болған;

2) талаптар шегерімдерге жатқызу кезінде бухгалтерлік есепке алуда көрсетілген не осындай талаптар алдыңғы кезеңдердегі бухгалтерлік есепке алуда шығыстарға жатқызылған кезде жүргізіледі.

9. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда, осы баптың 8-тармағында көрсетілген құжаттардан бөлек, оған қосымша банкроттық рәсімінің аяқталғаны туралы сот ұйғарымының көшірмесі болуы қажет.

249-бап. Сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымының шегерімдері

1. Сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымы мынадай есепке жазылған шығыстарды:

1) сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қайтаруға жататын (қайтарылған) сатып алу сомалары мен сақтандыру сыйақыларын (жарналарын);

3) қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушыға төленуге жататын (төленген) сақтандыру сыйақыларын (жарналарын);

4) осы Кодекстің 250-бабының 5-тармағына сәйкес сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервтерін құру жөніндегі шығыстарды;

5) сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру агенттеріне және сақтандыру брокерлеріне төлемдерді;

6) сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымының кіріс алуға бағытталған қызметке байланысты өзге шығыстарын шегерімге жатқызуға құқылы.

2. Осы баптың ережелері өздері бойынша сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кіріс 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес толық мөлшерде танылған сақтандыру, қайта сақтандыру шарттарына қолданылмайды.

3. 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін күшіне енген, өздері бойынша сақтандыру жарналары түріндегі кірістер халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес, оның ішінде 2011 жылғы 31 желтоқсаннан кейін де танылатын жинақтаушы сақтандыру, қайта сақтандыру шарты, жинақтаушы емес сақтандыру, өмірді қайта сақтандыру шарты бойынша:

1) осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген шығыстарды шегеру мынадай формула бойынша айқындалады:

Ш х (А/Б), мұнда:

Ш – есепті салықтық кезеңде төленуге жататын (төленген) шығыстар;

А – 2011 жылғы 31 желтоқсаннан кейін есепті салықтық кезеңде шығыстар есепке жазылған күнге дейін алынуға жататын (алынған) сақтандыру жарналары;

Б – шарт күшіне енген күннен бастап есепті салықтық кезеңде шығыстар есепке жазылған күнге дейін алынуға жататын (алынған) сақтандыру жарналары;

2) осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген шығыстарды шегеру 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес танылған сақтандыру сыйлықақысы (жарнасы) түріндегі кіріс сомасынан аспауға тиіс.

250-бап. Резервтік қорларға аударымдар бойынша шегерім

1. Ұлттық даму институты болып табылатын, акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі банкті қоспағанда, банктердің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес және уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындаған тәртіппен құрылған провизиялар (резервтер) бойынша шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар.

Кепілдің және басқа қамтамасыз етудің құны провизиялар (резервтер) құру қағидаларында айқындалған жағдайларда және тәртіппен, провизиялар (резервтер) сомасын айқындау кезінде есепке алынады.

Осы тармақтың ережелері, өзара байланысты тараптардың пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді қоспағанда, мынадай активтерге, шартты міндеттемелерге:

1) басқа банктерде орналастырылған, корреспонденттік шоттардағы қалдықтарды қоса алғанда, депозиттерге, сондай-ақ осындай депозиттер бойынша 2012 жылғы 31 желтоқсаннан кейін есепке жазылған сыйақыларға;

2) басқа банктер мен клиенттерге берілген кредиттерге (қаржы лизингін қоспағанда), сондай-ақ осындай кредиттер бойынша 2012 жылғы 31 желтоқсаннан кейін есепке жазылған сыйақыларға;

3) құжаттық есеп-қисаптар мен кепілдіктер бойынша дебиторлық берешекке;

4) жабылмаған аккредитивтерге, шығарылған немесе расталған кепілдіктер бойынша шартты міндеттемелерге қарсы провизиялар (резервтер) бойынша қолданылады.

Осы тармақтың ережелері:

өзіне қатысты сот шешімімен қайта құрылымдау жүргізілген, 2013 жылғы 31 желтоқсанда дауыс беретін акцияларының 90 пайыздан астамы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі банктің;

бұрын өзіне қатысты сот шешімімен қайта құрылымдау жүргізілген, 2013 жылғы 31 желтоқсанда дауыс беретін акцияларының 90 пайыздан астамы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі банк болып табылған заңды тұлғаның пайдасына берілген активтер мен шартты міндеттемелерге қарсы провизиялар (резервтер) бойынша да қолданылады.

2. Банктердің бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алу үшін банктің еншілес ұйымына берілген күмәнді және үмітсіз активтерге қарсы провизиялар (резервтер) құру бойынша шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар.

Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға берілген рұқсаттар тізбесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде

айқындалады.

Бұл ретте халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бас банктің күмәнді немесе үмітсіз активтерін сатып алу үшін осындай бас банк еншілес ұйымға берген күмәнді немесе үмітсіз активтерге қарсы провизиялар (резервтер) құру бойынша шығыстар сомасы шегерімге жатады.

Банктер бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алу үшін еншілес ұйымдарға берген активтерді күмәнді және үмітсіз активтер санатына жатқызу тәртібін, сондай-ақ бас банктер еншілес ұйымдарға берген активтерге қарсы провизиялар (резервтер) қалыптастыру тәртібін уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындайды.

Банктер екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандатын, жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын ұйымнан сатып алынған активтерге қарсы провизиялар (резервтер) құру бойынша шығыстар сомасын шегерімге жатқызуға құқылы емес.

3. Банктік қарыз операцияларын жүргізуге арналған лицензия негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың:

1) қаржы лизингін;

2) өзара байланысты тараптардың пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген кредиттерді (қарыздарды) қоспағанда, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес және уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындаған тәртіппен кредиттерге (қарыздарға) қарсы құрылған провизиялар (резервтер) жөніндегі шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар.

Кепілдің және басқа қамтамасыз етудің құны провизиялар (резервтер) құру қағидаларында белгіленген жағдайларда және тәртіппен, провизиялар (резервтер) сомасын айқындау кезінде есепке алынады.

4. Осы баптың 1-тармағының ережелері бұрын өзіне қатысты сот шешімімен қайта құрылымдау жүргізілген, 2013 жылғы 31 желтоқсанда дауыс беретін акцияларының 90 пайыздан астамы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі еншілес банк болып табылған заңды тұлғаға қолданылады.

5. Сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша сақтандыру резервтерін құру жөніндегі шығыстардың сомасын еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес құрылған сақтандыру резервтерінің есепті салықтық кезеңінің соңындағы мөлшері мен осындай

резервтердің алдыңғы салықтық кезеңнің соңындағы мөлшері арасындағы оң айырма ретінде айқындалған мөлшерде шегеруге құқығы бар.

Осы тармақтың ережелері өздері бойынша сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кіріс 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес толық мөлшерде танылған сақтандыру, қайта сақтандыру шарттарына қолданылмайды.

6. Микроқаржы ұйымдарының, өзара байланысты тарапқа не өзара байланысты тараптың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтерді қоспағанда, берілген микрокредиттер бойынша күмәнді және үмітсіз активтерге қарсы провизиялар (резервтер) құру бойынша шығыстар сомасын, сондай-ақ олар бойынша сыйақыларды шегеруге құқығы бар.

Берілген микрокредиттер бойынша активтерді күмәнді және үмітсіз активтерге жатқызу тәртібін, сондай-ақ оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру тәртібін уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындайды.

7. Ұлттық басқарушы холдингтің, сондай-ақ негізгі қызмет түрі қарыз операцияларын жүзеге асыру немесе талап ету құқықтарын сатып алу болып табылатын және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 100 пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалардың, өзара байланысты тараптар пайдасына не өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға берілген активтер мен шартты міндеттемелерді (кредиттік серіктестіктердің активтері мен шартты міндеттемелерінен басқа) қоспағанда, мынадай күмәнді және үмітсіз активтерге, шартты міндеттемелерге:

банктерде орналастырылған, корреспонденттік шоттардағы қалдықтарды қоса алғанда, депозиттерге;

банктер мен клиенттерге берілген кредиттерге (қаржы лизингін қоспағанда);

құжаттық есеп-қисаптар мен кепілдіктер бойынша дебиторлық берешекке;

жабылмаған аккредитивтер, шығарылған немесе расталған кепілдіктер бойынша шартты міндеттемелерге қарсы провизиялар (резервтер) құру бойынша шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар.

Провизиялар (резервтер) құру бойынша шығыстар сомасын шегеру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен құрылған провизиялар (резервтер) сомасы шегінде жүзеге асырылады.

Осы тармақта көрсетілген заңды тұлғалардың тізбесін және осындай тізбені қалыптастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Осы тармақтың ережелері осы баптың 1, 5 және 6-тармақтарында көрсетілген салық төлеушілерге қолданылмайды.

8. Осы баптың 1, 3, 6 және 7-тармақтарында көрсетілген провизиялар

(резервтер) құру бойынша шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар салық төлеушілер халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизияларды қалыптастырудың жаңа стандартына көшу нәтижесінде туындаған провизиялар мөлшерін біржолғы ұлғайту сомасын шегерімге жатқызуға құқылы.

251-бап. Қайта сақтандыру активтерін азайту бойынша шегерім

Сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша бұрын осы Кодекстің 231-бабына сәйкес кіріс деп танылған қайта сақтандыру активтерін азайту сомасын еңбекпен табылмаған сыйлықақылар, болмаған залалдар, мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар, болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес құрылған қайта сақтандыру активтерінің есепті салықтық кезеңнің соңындағы мөлшері мен осындай активтердің алдыңғы салықтық кезеңнің соңындағы мөлшері арасындағы теріс айырма ретінде айқындалған мөлшерде шегерімге жатқызуға құқығы бар.

252-бап. Кен орындарын әзірлеу салдарын жоюға арналған шығыстар бойынша шегерімдер және жою қорларына аударымдар сомасының шегерімдері

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт негізінде қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы салдарды жою қорына аударымдар сомасын жылдық жиынтық кірістен шегерімге жатқызады. Көрсетілген шегерім жер қойнауын пайдаланушы салықтық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген екінші деңгейдегі банктегі арнаулы депозиттік шотқа іс жүзінде жүргізген аударымдар мөлшерінде жүргізіледі.

Жою қорына аударымдардың мөлшері мен тәртібі жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленеді.

Осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімінен асып кететін, өзі бойынша мақсатсыз пайдаланылған қаражат сомасы жер қойнауын пайдаланушының өзі бойынша талап қоюдың ескіру мерзімі ағымдағы салықтық кезеңнен кейінгі салықтық кезеңде бітетін салықтық кезеңдегі жылдық жиынтық кірісіне қосуға жататын салықтық кезеңде анықталған мақсатсыз пайдалану фактісін қоспағанда, жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жер қойнауын пайдаланушының жою қорының қаражатын мақсатсыз пайдалану фактісін анықтаған жағдайда, мақсатсыз пайдаланылған қаражат сомасы жер қойнауын

пайдаланушының оған жол берілген салықтық кезеңнің жылдық жиынтық кірісіне қосуға жатады.

Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты беру кезінде басқа жер қойнауын пайдаланушыдан жою қорының қаражатын алған жағдайда, оны алған жер қойнауын пайдаланушыдағы осындай қаражат:

алынған жылы жою қорын қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген екінші деңгейдегі банктегі арнайы депозиттік шотта орналастырылған жағдайда, жылдық жиынтық кіріске қосылмайды;

шегеруге жатқызуға жатпайды.

2. Жер қойнауын пайдаланушының салықтық кезең ішінде кен орындарын әзірлеу салдарын жоюға іс жүзінде шеккен шығыстары, жою қорының арнайы депозиттік шотта орналастырылған қаражаты есебінен жүргізілген шығыстарды қоспағанда, сол шығыстар шегілген салықтық кезеңде шегерімге жатады.

253-бап. Қалдықтарды орналастыру полигондарын жоюға арналған шығыстар бойынша шегерімдер және қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорына аударымдар сомасының шегерімдері

1. Салық төлеуші Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген екінші деңгейдегі банктегі арнайы депозиттік шотқа аударылған, қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорына аударымдар сомасын шегерімге жатқызады.

2. Қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорына аударымдардың мөлшері мен тәртібі, сондай-ақ қор қаражатын пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган салық төлеушінің қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорының қаражатын мақсатсыз пайдалану фактісін анықтаған жағдайда, мақсатсыз пайдаланылған қаражат сомасы салық төлеушінің оған жол берілген салықтық кезеңінің жылдық жиынтық кірісіне қосуға жатады.

4. Салық төлеушінің салықтық кезең ішінде қалдықтарды орналастыру полигондарын жоюға іс жүзінде шеккен шығыстары, жою қорының арнайы депозиттік шотта орналастырылған қаражаты есебінен жүргізілген шығыстарды қоспағанда, сол шығыстар шегілген салықтық кезеңде шегерімге жатады.

254-бап. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына, ғылыми-техникалық жұмыстарға арналған және зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтарды сатып алуға арналған шығыстар бойынша шегерім

1. Тіркелген активтерді сатып алуға, оларды орнатуға және күрделі сипаттағы басқа шығыстардан бөлек, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ғылыми-техникалық жұмыстарға арналған шығыстар шегерімге жатады.

Осындай шығыстарды шегерімге жатқызуға ғылыми-зерттеу жұмысы мен ғылыми-техникалық жұмысқа арналған, іс жүзінде орындалған техникалық тапсырма және осындай жұмыстардың аяқталған кезеңдерін қабылдап алу актілері негіз болып табылады.

2. Зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтарды лицензиялық шарт немесе айрықша құқықты басқаға беру шарты бойынша жоғары оқу орындарынан, ғылыми ұйымдардан және стартап-компаниялардан сатып алуға арналған, оларды одан әрі коммерцияландыруға бағытталған шығыстар шегерімге жатады.

Осындай шығыстарды шегерімге жатқызуға Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген лицензиялық шарт немесе басқаға беру (ішінара беру) шарты негіз болып табылады.

255-бап. Жер қойнауын пайдаланушының ғылыми-зерттеу жұмыстарын, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру, сондай-ақ дербес кластерлік қорға ақша аудару жөніндегі шығыстарын шегеру

1. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық қызмет бойынша Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес:

ғылым саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген, ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың;

«Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластеріне қатысушылардың жобаларын қаржыландыру үшін дербес кластерлік қордың ғылыми зерттеулерін қаржыландыруға (ақша аударуға) арналған шығыстарды шегеруге құқығы бар.

2. Осы бапта көзделген шығыстарды шегеру мынадай:

есепті салықтық кезеңнің алдындағы салықтық кезеңнің қорытындысы бойынша келісімшарттық қызмет бойынша жылдық жиынтық кірістің 1 пайызына тең сома,

алу

есепті салықтық кезеңде осы Кодекстің 254-бабына сәйкес шегерімге

жатқызылған шығыстар деген тәртіппен айқындалған оң айырма мөлшерінен аспауға тиіс.

256-бап. Кепілдік беру жүйелеріне қатысушылардың сақтандыру сыйлықақылары мен жарналары бойынша шығыстарды шегеру

1. Жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларын қоспағанда, сақтандыру шарттары бойынша сақтанушының төлеуіне жататын немесе ол төлеген сақтандыру сыйлықақылары шегерімге жатады.

2. Жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушыда – банкте жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік беруге байланысты аударылған міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың сомасы шегерімге жатады.

3. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысушы болып табылатын сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарында сақтандыру төлемдеріне кепілдік беруге байланысты аударылған міндетті, төтенше және қосымша жарналардың сомасы шегерімге жатады.

4. Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысушыда – мақта өңдеу ұйымында мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беруге байланысты аударылған жыл сайынғы міндетті жарналар сомасы шегерімге жатады.

5. Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысушыда – астық қабылдау кәсіпорнында астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беруге байланысты аударылған жыл сайынғы міндетті жарналар сомасы шегерімге жатады.

257-бап. Жұмыскерлердің есепке жазылған кірістері және жеке тұлғаларға озге төлемдер бойынша шығыстарды шегеру

1. Жұмыс берушінің:

1) мыналарды:

тіркелген активтердің;

преференциялар объектілерінің;

амортизацияға жатпайтын активтердің бастапқы құнына қосылатындарды;

2) запастардың өзіндік құнына қосылатындарды және осындай запастардың халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын, өзіндік құны арқылы шегерімге жатқызылуға жататындарды;

3) осы Кодекстің 272-бабының 5-тармағына сәйкес келесі шығыстар

болып танылатындарды қоспағанда, жұмыскердің осы Кодекстің 322-бабының 1-тармағында көрсетілген, салық салынуға жататын кірістері бойынша шығыстары (оның ішінде жұмыскердің осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының 20), 22), 23) және 24) тармақшаларында көрсетілген кірістері бойынша жұмыс берушінің шығыстары) шегерімге жатады.

Шегерімге, оның ішінде жұмыс берушінің жұмыскерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің қызметіне байланысты мамандық бойынша оқытуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға бағытталған шығыстары түріндегі жұмыскердің кірісі де жатады.

2. Салық төлеушінің осы Кодекстің 319-бабы 2-тармағының 1), 5), 7), 8), 9), 10) және 12) тармақшаларында, 341-бабы 1-тармағының 46) және 48) тармақшаларында айқындалған жеке тұлғаларға төлемдер түріндегі шығыстары шегерімге жатады.

3. Салық төлеушінің бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидалары бойынша төлеген міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген шекте шегерімге жатады.

258-бап. Табиғи ресурстарды геологиялық зерделеуге, барлауға және оларды өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстар бойынша шегерімдер және жер қойнауын пайдаланушының басқа да шегерімдері

1. Жер қойнауын пайдаланушының коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезге дейін іс жүзінде жүргізген, бағалау, абаттандыру жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, пайдалы қазбаларды геологиялық зерделеуге, барлауға, оларды өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстары, жалпы әкімшілік шығыстар, төленген қол қойылған бонустың және коммерциялық табу бонусының сомалары, осы Кодекстің 266-бабы 2-тармағының 2) – 6), 8) – 15) тармақшаларында көрсетілген активтерді қоспағанда, негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу және (немесе) құру жөніндегі шығындар және осы Кодексте сәйкес шегерімге жататын өзге де шығыстар амортизацияланатын активтердің жеке тобын түзеді. Бұл ретте осы тармақта көрсетілген шығыстарға:

1) осы Кодекстің 266-бабы 2-тармағының 2) – 6), 8) – 15) тармақшаларында көрсетілген активтерді қоспағанда, негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу және (немесе) құру жөніндегі шығындар жатады. Осындай шығындарға осы Кодекстің 268-бабының 2-тармағына сәйкес осы активтердің бастапқы құнына қосуға жататын шығындар, сондай-ақ осындай активтер бойынша осы Кодекстің 272-бабына сәйкес жүргізілген келесі шығыстар жатады;

2) басқа да шығыстар жатады.

Бұл ретте, осы Кодексте көзделген жағдайларда, осы тармақшада

көрсетілген, амортизацияланатын активтердің жеке тобына жатқызылатын шығыстардың мөлшері осындай шығыстарды корпоративтік табыс салығының мақсаттарында шегерімге жатқызу үшін белгіленген нормалардан аспауға тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген шығыстар пайдалы қазбаларды коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезден бастап жылдық жиынтық кірістен амортизациялық аударымдар түрінде шегеріледі. Амортизациялық аударымдардың сомасы салықтық кезеңнің соңында, осы тармақта көзделген амортизацияланатын активтер тобы бойынша жинақталған шығыстар сомасына жер қойнауын пайдаланушының қалауы бойынша айқындалатын, бірақ 25 пайыздан аспайтын амортизация нормасын қолдану арқылы есептеледі.

Көрсетілген тәртіп:

егер жер қойнауын пайдаланушы барлауға арналған келісімшарт шеңберінде кен орнын табу мен бағалау негізінде жасалған өндіруге арналған келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асырған жағдайда да қолданылады. Барлауға арналған осындай келісімшарт бойынша соңғы салықтық кезеңнің соңында қалыптасқан амортизацияланатын активтер тобы бойынша жинақталған шығыстар сомасы осы өндіруге арналған келісімшарт шеңберінде амортизациялық аударымдар түрінде жылдық жиынтық кірістен шегерімге жатады;

Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес өзінен барлау учаскесінің бөлігін бөліп беру жүргізілетін барлауға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізу арқылы осындай учаске бөліп берілген және бөліп берілген жер қойнауы учаскесі бойынша өндіруге жеке келісімшарт жасалған жағдайда да қолданылады. Бұл ретте амортизацияланатын активтер тобы бойынша жинақталған шығыстардың өндіруге арналған келісімшарт бойынша шегерімге жатқызу мақсаттары үшін ауыстырылуға жататын сомасы жер қойнауын пайдаланушы барлауға арналған тиісті келісімшарт бойынша бөліп беру кезіне дейін жұмсаған тікелей шығыстардың жалпы сомасында барлау учаскесінің осындай бөліп берілетін бөлігіне тиесілі тікелей шығыстардың үлес салмағы бойынша айқындалады.

Өндіруге немесе бірлескен барлауға және өндіруге арналған жеке келісімшарт шеңберінде жер қойнауын пайдалану қызметін аяқтау жағдайында, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану бойынша қызметті осы бапта белгіленген коммерциялық табудан кейін өндіруді бастаған соң аяқтаған жағдайда, амортизацияланатын активтер тобының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысы тоқтатылған соңғы салықтық кезеңнің соңында қалыптасқан құндық балансы шегерімге жатады.

Осы Кодекстің осы бабының және 260-бабының мақсаттары үшін коммерциялық табудан кейінгі өндіру:

1) барлауға арналған, сондай-ақ запастары бекітілмеген пайдалы қазбаларды бірлесіп барлауға және өндіруге арналған келісімшарттар бойынша – осы мақсаттар үшін уәкілеттік берілген мемлекеттік орган запастарды бекіткеннен кейін пайдалы қазбаларды өндірудің басталғанын;

2) қосымша геологиялық зерделеуді және геологиялық-экономикалық қайта бағалауды талап ететін запастарды қоса алғанда, пайдалы қазбалардың запастары мемлекеттік баланста тіркелген және осы мақсаттар үшін уәкілеттік берілген мемлекеттік органның сарапшылық қорытындысымен расталған бірлескен барлауға және өндіруге арналған келісімшарттар бойынша – егер мұндай жұмыстар келісімшарттың жұмыс бағдарламасында көзделсе және жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісілген болса, осы келісімшарттар жасалғаннан кейін пайдалы қазбаларды өндірудің басталғанын білдіреді.

3. Егер ұңғыма Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес оны сынау кезінде көмірсутектердің өнеркәсіптік ағынының алынбауына байланысты жойылған болса (бұдан әрі осы тармақтың мақсаттары үшін – өнімсіз ұңғыма), онда осындай ұңғыманы салуға және жоюға іс жүзінде жүргізілген шығыстар қосылған құн салығы есепке алына отырып, мынадай тәртіппен шегерімге жатқызылады:

1) өнімсіз ұңғыманы салуға және (немесе) жоюға арналған шығыстар немесе осындай шығыстардың коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезге дейін шегілген бір бөлігі осы баптың 1-тармағында айқындалған тәртіппен шегерімге жатқызылады;

2) коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезден соң шегілген, өнімсіз ұңғыманы салуға және (немесе) жоюга арналган шыгыстар немесе осындай шығыстардың бір бөлігі осындай ұңғыма жойылған салықтық кезеңде шегерімге жатқызылады.

Бұл ретте коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезге дейін шегілген, өнімсіз ұңғыманы салуға және (немесе) жоюға арналган шыгыстар осы баптың 1-тармағына сәйкес түзілген амортизацияланатын активтердің жеке тобынан алып тасталмайды.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген шығыстар (Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық қаржыландыру бойынша есепке жазылған, бірақ төленбеген сыйақыдан басқа):

1) осы Кодекстің 241-бабына сәйкес жылдық жиынтық кірістен алып тасталуға жататын кірістерді қоспағанда, геологиялық зерделеуді және өндіруге дайындық жұмыстарын жүргізу кезеңінде алынған кірістердің;

2) коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезге дейін өндірілген пайдалы қазбаларды өткізуден алынған кірістердің;

3) жер қойнауын пайдалану құқығын немесе оның бір бөлігін өткізуден алынған кірістердің;

4) амортизацияланатын активтердің осы баптың 1-тармағына сәйкес түзілген жеке тобында есепке алынған активтердің жарғылық капиталға салым ретінде берілу кезіндегі құнының сомасына азайтылады. Бұл ретте мұндай құн заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген салымның құны негізінде айқындалады;

5) амортизацияланатын активтердің осы баптың 1-тармағына сәйкес түзілген жеке тобында есепке алынатын, өтеусіз берілген активтердің аталған активтерді қабылдап алу-беру актісінде көрсетілген, бірақ аталған активтердің берілу күнгі бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша баланстық құнынан кем емес құнының сомасына азайтылады.

5. Осы баптың 1-тармағында айқындалған тәртіп жер қойнауын пайдалану құқығын алуға байланысты салық төлеуші шеккен, материалдық емес активтерді сатып алуға және (немесе) құруға арналған шығыстарға да қолданылады.

259-бап. Табиғи ресурстарды геологиялық зерделеуге және оларды өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстарды шегерудің және көмірсутектерді барлауға және (немесе) бірлескен барлауға және өндіруге арналған келісімшарт шеңберінде қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының басқа да шегерімдерінің ерекшеліктері

1. Осы Кодекстің 258-бабы 1-тармағында көрсетілген, жер қойнауын пайдаланушы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап барлауға және (немесе) бірлескен барлауға және өндіруге (барлау кезеңінде) арналған келісімшарт шеңберінде шеккен шығыстар бойынша жер қойнауын пайдаланушы оларды осы жер қойнауын пайдаланушының өндіруге және (немесе) бірлескен барлауға және өндіруге (өндіру кезеңінде) арналған басқа келісімшарттары бойынша шегерімге жатқызу мақсаттарында амортизацияланатын активтердің жеке тобын түзуге құқылы.

Көрсетілген шығыстар бойынша жер қойнауын пайдаланушы әрбір салықтық кезеңнің соңында осы тармақта көзделген амортизацияланатын активтер тобы бойынша жинақталған шығыстар сомасына жер қойнауын пайдаланушының қалауы бойынша айқындалатын, бірақ 25 пайыздан аспайтын амортизация нормасын қолдану арқылы амортизациялық аударымдарды есептейді.

Бұл ретте осы амортизациялық аударымдар оларды жер қойнауын пайдаланушы салықтық кезеңде осындай келісімшарттар бойынша алған тікелей кірістердің жалпы сомасында өндіруге және (немесе) бірлескен барлауға және өндіруге арналған әрбір нақты келісімшартқа тиесілі (өндіру кезеңінде алынған) тікелей кірістердің үлес салмағы бойынша бөлу арқылы осы жер қойнауын пайдаланушының өндіруге және (немесе) бірлескен барлауға және өндіруге (өндіру кезеңінде) арналған басқа келісімшарттары

бойынша шегерімге жатады.

2. Осы бапта белгіленген жеке топты түзу құқығы осы баптың 1-тармағында көрсетілген алғашқы шығындар шегілген салықтық кезеңде беріледі. Бұл ретте, егер осындай жеке топты түзу кезінде жер қойнауын пайдаланушыда өндіруге және (немесе) бірлескен барлауға және өндіруге (өндіру кезеңінде) арналған басқа келісімшарт болмаған жағдайда, онда мұндай жеке топты түзу құқығы өндіруге арналған келісімшарт жасалған және (немесе) бірлескен барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша өндіру кезеңі басталған салықтық кезеңде беріледі.

Бұл ретте мұндай құқық барлауға арналған келісімшарттың немесе бірлескен барлауға және өндіруге (өндіру кезеңі басталғанға дейін) арналған келісімшарттың қолданылуы аяқталғанға дейін қайта қаралуға жатпайды.

3. Амортизацияланатын активтердің осы бапқа сәйкес түзілген жеке тобы салықтық кезең үшін амортизациялық аударымдар есептелгенге дейін тиісті келісімшарт бойынша алынған, осы Кодекстің 258-бабының 4-тармағында көрсетілген кірістер сомасына азайтылады.

Егер осындай кірістердің сомасы амортизацияланатын активтердің осы бапқа сәйкес түзілген жеке тобының мөлшерінен асып кеткен жағдайда, асып кету шамасы барлауға арналған тиісті келісімшарт бойынша немесе бірлескен барлауға және өндіруге (өндіру кезеңі басталғанға дейін) арналған тиісті келісімшарт бойынша амортизацияланатын активтердің осы Кодекстің 258-бабына сәйкес түзілген жеке тобын азайтады. Амортизацияланатын активтердің осы Кодекстің 258-бабына сәйкес түзілген жеке тобы болмаған жағдайда, осындай асып кету шамасы жылдық жиындық кіріске қосылады.

4. Жер қойнауын пайдаланушы барлауға және (немесе) бірлескен барлауға және өндіруге (барлау кезеңінде) арналған тиісті келісімшарт шеңберінде, амортизацияланатын активтердің осы бапқа сәйкес түзілген жеке тобының және амортизацияланатын активтердің осы Кодекстің 258-бабына сәйкес түзілген жеке тобының бөлек салықтық есепке алынуын жүргізуге міндетті.

5. Бірлескен барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша өндіру кезеңі басталған немесе барлауға арналған келісімшарт шеңберінде кен орнын табу және бағалау негізінде өндіруге арналған келісімшарт жасалған салықтық кезеңнен бастап амортизацияланатын активтердің осы бапқа сәйкес түзілген жеке тобының бұрын шегерімге жатқызылмаған құны өндіруге немесе бірлескен барлауға және өндіруге арналған осындай келісімшарт шеңберінде, осы Кодекстің 258-бабында айқындалған тәртіппен шегерімге жатады.

6. Барлауға және (немесе) бірлескен барлауға және өндіруге (барлау кезеңінде) арналған келісімшарттың қолданысы тоқтатылған жағдайда, осы баптың 5-тармағында белгіленген жағдайды қоспағанда, амортизацияланатын активтердің осы бапқа сәйкес түзілген жеке тобының шегерімге жатқызылмаған құны осындай тоқтатылу кезінде шегерімге жатпайды.

260-бап. Коммерциялық табудан кейін өндіру басталған соң уранды жерасты ұңғымалық сілтілеу әдісімен өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстар бойынша шегерімдер

1. Коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезден кейінгі кезеңде пайдалану блоктарын (полигондарын) уранды жерасты ұңғымалық сілтілеу әдісімен өндіруге дайындау кезінде жер қойнауын пайдаланушы іс жүзінде шеккен, амортизацияланатын активтерді сатып алуға және (немесе) құруға арналған шығындар (шығыстар) жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарт шеңберінде амортизацияланатын активтердің жеке тобын түзеді.

Осы тармақта көрсетілген амортизацияланатын активтерге:

1) блоктарда (полигондарда) салынған сору, айдау және технологиялық байқау ұңғымалары, пайдалану-барлау ұңғымалары, оның ішінде олар бойынша геофизикалық зерттеулер жөніндегі шығындар;

2) пайдалану блоктарынан (полигондарынан) бастап өнімдік ерітінділерді қайта өңдеу учаскесінің өнеркәсіптік алаңындағы құм тоғанға дейін салынған технологиялық құбыржолдар, оның ішінде блоктардағы (полигондардағы) айдау және сору коллекторлары;

3) блоктар (полигон учаскелері) арасына салынған технологиялық құбыржолдар;

4) блоктарда (полигондарда) салынған технологиялық құбыржолдар;

5) блоктарда (полигондарда) салынған қышқылданудың технологиялық тораптары;

6) блоктарда (полигондарда) салынған өнімдік ерітінділерді тарату тораптары;

7) блоктарда (полигондарда) салынған техникалық ерітінділерді қабылдау тораптары;

8) блоктарда (полигондарда) салынған қышқылды қабылдау тораптары және сұйық реагенттер қоймасы, сондай-ақ қышқылкұбыржолдары;

9) блоктарда (полигондарда) орнатылған, жабдық пен бақылау-өлшеу аппаратурасы бар технологиялық сорғы станциялары;

10) тау-кен дайындық жұмыстары кезеңінде блоктарда (полигондарда) орнатылған, жабдық пен бақылау-өлшеу аппаратурасы бар ерітінділерді айдауға арналған сорғылар;

11) тау-кен дайындық жұмыстары кезеңінде салынған ұңғымаларда орнатылған, басқару шкафтары бар батырып соратын сорғылар;

12) блоктарда (полигондарда) орнатылған немесе салынған энергетикалық жабдықтау объектілері: трансформаторлық кіші станциялар, компрессорлық станциялар, әуе электр желілері, кәбілдік желілер;

13) блоктарда (полигондарда) орнатылатын процестерді бақылау және автоматтандыру аппаратурасы;

14) блоктардағы (полигондардағы) ауа құбыржолдары;

15) блоктарға (полигондарға) апаратын және блоктар ішіндегі технологиялық кірме автожолдар;

16) блоктардағы (полигондардағы) құм тоғандар немесе өнімдік ерітінділер және сілтілендіру ерітінділері құйылатын ыдыстар;

17) блоктардағы (полигондардағы) құмның ұшырылып әкетілуіне қарсы қорғаныш жатады.

Осы тармақта көрсетілген амортизацияланатын активтер құнына активтерді сатып алуға және (немесе) құруға арналған шығындар (шығыстар), сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес осындай активтердің құнына қосуға жататын басқа да шығындар (шығыстар) қосылады.

Бұл ретте осы Кодексте көзделген жағдайларда, осы тармақта көрсетілген, амортизацияланатын активтердің жеке тобына жатқызылатын шығыстардың мөлшері осындай шығыстарды корпоративтік табыс салығының мақсаттарында шегерімге жатқызу үшін белгіленген нормалардан аспауға тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген шығындар (шығыстар) пайдалы қазбаларды коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезден бастап амортизациялық аударымдар түрінде жылдық жиынтық кірістен шегеріледі.

Бұл ретте осы бапқа сәйкес есептелген амортизациялық аударымдар сомасы салық төлеушінің бухгалтерлік есепке алуының деректері бойынша есептелген активтердің осындай тобының амортизациялық аударымдар сомасы шегінде шегерімге жатқызылады.

Амортизациялық аударымдар сомасы амортизацияланатын активтердің осы баптың 1-тармағына сәйкес түзілген тобын блоктар немесе тұтас кен орны (полигон) бойынша есепке алу әдісіне сәйкес мына формула бойынша айқындалады:

$$S = \frac{C1 + C2 + C3}{V1 + V2 + V3} \times V4,$$ мұнда:

S – амортизациялық аударымдар сомасы;

C1 – амортизацияланатын активтердің жеке тобының салықтық кезеңнің басындағы құны;

C2 – осы баптың 1-тармағында көрсетілген, өндіруге дайындық жұмыстарына арналған, ағымдағы салықтық кезеңде жүргізілген шығындар (шығыстар);

C3 – жер қойнауын пайдалану құқығын иемденуге байланысты үшінші тұлғалардан сатып алынған немесе жарғылық капиталға салым ретінде алынған, осы баптың 3-тармағында көрсетілген амортизацияланатын активтердің жеке тобының құны;

V1 – уран запастарының салықтық кезеңнің басындағы өндіруге дайын физикалық көлемі;

V2 – салықтық кезеңде өзі бойынша өндіруге дайындық жұмыстарының бүкіл көлемі аяқталған уран запастарының өндіруге дайын физикалық көлемі;

V3 – жер қойнауын пайдалану құқығын иемденуге байланысты үшінші тұлғалардан сатып алынған немесе жарғылық капиталға салым ретінде алынған уран запастарының өндіруге дайын физикалық көлемі;

V4 – салықтық кезеңде жер қойнауындағы нормаланатын ысыраптар ескеріле отырып, уранның өтелген запастарының физикалық көлемі.

2009 жылғы салықтық кезең үшін амортизацияланатын активтердің жеке тобының салықтық кезеңнің басындағы құны деп уран өндіруге дайындық бойынша жинақталған шығындардың (шығыстардың) 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осы баптың 1-тармағына сәйкес айқындалатын сомасы танылады.

2009 жылдан кейінгі келесі салықтық кезеңдерде амортизацияланатын активтердің жеке тобының салықтық кезеңнің басындағы құны көрсетілген активтер тобының алдыңғы салықтық кезеңнің соңындағы құны болып табылады, ол мынадай тәртіппен айқындалады:

амортизацияланатын активтердің жеке тобының салықтық кезеңнің басындағы құны

қосу

өндіруге дайындық жұмыстарына арналған, осы баптың 1-тармағында көрсетілген, ағымдағы салықтық кезеңде жүргізілген шығындар (шығыстар),

қосу

осы баптың 3-тармағында көрсетілген, амортизацияланатын активтер тобын үшінші тұлғалардан сатып алу жөніндегі шығындар,

қосу

осы баптың 3-тармағында көрсетілген, жарғылық капиталға салым ретінде алынған амортизацияланатын активтер тобының құны,

алу

салықтық кезеңдегі амортизациялық аударымдар сомасы.

2009 жылғы салықтық кезең үшін уран запастарының салықтық кезеңнің басындағы өндіруге дайын физикалық көлемі деп 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша уран запастарының өндіруге дайын физикалық көлемі танылады.

2009 жылдан кейінгі келесі салықтық кезеңдерде уран запастарының салықтық кезеңнің басындағы өндіруге дайын көлемі запастардың алдыңғы салықтық кезеңнің соңындағы өндіруге дайын физикалық көлемі болып табылады, ол мынадай тәртіппен айқындалады:

уран запастарының салықтық кезеңнің басындағы өндіруге дайын физикалық көлемі

қосу

салықтық кезеңде өздері бойынша өндіруге дайындық жұмыстарының бүкіл көлемі аяқталған уран запастарының физикалық көлемі,

қосу

жер қойнауын пайдалану құқығын иемденуге байланысты үшінші тұлғалардан сатып алынған немесе жарғылық капиталға салым ретінде алынған уран запастарының өндіруге дайын физикалық көлемі,

алу

салықтық кезең ішінде жер қойнауындағы нормаланатын ысыраптар ескеріле отырып, уранның өтелген запастарының көлемі.

Егер пайдалану блогы жұмысының бүкіл кезеңінде уранның өтелген запастарының іс жүзіндегі көлемінің саны осы пайдалану блогының уран запастарының өндіруге дайын іс жүзіндегі көлемінің санынан аз болған жағдайда, осы пайдалану блогы активтерінің амортизацияланатын тобы құнының қалған бөлігі ол салық төлеушінің бухгалтерлік есепке алуында өндірудің және бастапқы қайта өңдеудің (байытудың) өндірістік өзіндік құны есебінен шығарылатын салықтық кезеңде шегерімге жатқызылады.

Өндіруге немесе бірлескен барлауға және өндіруге арналған жеке келісімшарт шеңберінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызмет аяқталған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы коммерциялық табудан кейін өндіруді бастаған соң жер қойнауын пайдалану қызметін аяқтаған жағдайда, амортизацияланатын активтердің жеке тобының салықтық кезеңнің соңындағы құны осындай қызмет аяқталған салықтық кезеңде шегерімге жатады.

3. Осы бапта белгіленген тәртіп жер қойнауын пайдалану құқығын иемденуге байланысты үшінші тұлғалардан сатып алынған және (немесе) жарғылық капиталға салым ретінде алынған, осы баптың 1-тармағында көрсетілген амортизацияланатын активтердің жеке тобына да қолданылады.

Үшінші тұлғалардан сатып алуға байланысты осы баптың 1-тармағында көрсетілген амортизацияланатын активтердің жеке тобы келіп түскен кезде, оның халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын сатып алу құны осындай активтер тобының құны болып табылады. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген амортизацияланатын активтердің жеке тобы жарғылық капиталға салым ретінде алынған кезде, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген салымның құны осындай активтер тобының құны болып табылады.

261-бап. Жер қойнауын пайдаланушының қазақстандық кадрларды оқытуға және өңірлердің әлеуметтік саласын дамытуға арналған шығыстары бойынша шегерім

1. Жер қойнауын пайдаланушының өзінің жұмыскерлері болып

табылмайтын қазақстандық кадрларды оқытуға, сондай-ақ өңірлердің әлеуметтік саласын дамытуға іс жүзінде шеккен шығыстары шығыстары жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген сомалар шегінде шегерімге жатқызылады.

Жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерді жер қойнауын пайдаланушының өндіріс қызметімен байланысты мамандық бойынша оқытуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға бағытталған шығыстары осы Кодекстің 257-бабына сәйкес шегерімге жатқызылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, жер қойнауын пайдаланушы коммерциялық табудан кейін өндіру басталғанға дейін іс жүзінде шеккен шығыстар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген сомалар шегінде, осы Кодекстің 258-бабында айқындалған тәртіппен шегерімге жатқызылады.

3. Осы баптың мақсаттары үшін жер қойнауын пайдаланушының:

1) қазақстандық кадрларды оқытуға іс жүзінде шеккен шығыстары деп:

Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға бағытталған ақша;

Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға арнап мемлекеттік бюджетке аударылған ақша;

Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушының міндеттерін тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында жер қойнауын пайдалану саласымен тікелей байланысты мамандықтар бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары ұсынған және құзыретті органмен келісілген тізбе бойынша сатып алу түрінде Қазақстан Республикасының азаматтарын даярлау мен қайта даярлауды қаржыландыру бөлігінде орындау мақсаттарында салық төлеуші шеккен іс жүзіндегі шығыстар танылады;

2) өңірдің әлеуметтік саласын дамытуға шеккен іс жүзіндегі шығыстары деп – өңірдің әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін дамытуға және қолдауға арналған шығыстар, сондай-ақ осы мақсатқа арнап мемлекеттік бюджетке аударылған ақша танылады.

262-бап. Теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асып кетуін шегеру

Егер теріс бағамдық айырманың сомасы оң бағамдық айырма сомасынан асып кеткен жағдайда, асып кету шамасы шегерімге жатады.

263-бап. Салықтардың және бюджетке
төленетін төлемдердің шегерімі

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, есепті салықтық кезеңде Қазақстан Республикасының немесе өзге мемлекеттің бюджетіне төленген салықтар және бюджетке төленетін төлемдер:

1) есепті салықтық кезеңде – есепті салықтық кезең және (немесе) есепті салықтық кезеңнің алдындағы салықтық кезеңдер үшін есепке жазылған және (немесе) есептелген шекте;

2) есепті салықтық кезеңнің алдындағы салықтық кезеңдерде – есепті салықтық кезең үшін есепке жазылған және (немесе) есептелген шекте шегерімге жатады.

Бұл ретте салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің төленген сомасы осы Кодекстің 102 және 103-баптарында айқындалған тәртіппен есепке жатқызу жүргізілгені ескеріле отырып айқындалады.

Салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеу және есепке жазу Қазақстан Республикасының немесе өзге мемлекеттің (өзге мемлекеттің бюджетіне төленген салықтар және төлемдер үшін) салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

2. Қарыз шартын жасасу кезінде жарғылық капиталына шет мемлекет қатысқан бейрезидент-банктен алынған қарыз бойынша осындай қарыз шартына сәйкес төлем көзінен алынатын корпоративтік табыс салығы қарыз алушының меншікті қаражаты есебінен бейрезидент-банкке төленуге жататын сыйақы сомасынан төленсе, егер мұндай қарыздың сомасы республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген, тиісті салықтық кезеңнің 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10 000 000 еселенген мөлшерінен асқан жағдайда, төлем көзінен алынатын көрсетілген салық шегерімге жатқызылады.

3. Мыналар:

1) жылдық жиынтық кіріс айқындалғанға дейін алып тасталатын салықтар;

2) корпоративтік табыс салығы және Қазақстан Республикасының аумағында және басқа мемлекеттерде төленген, заңды тұлғалардың кірістеріне (пайдасына) салынатын, корпоративтік табыс салығына ұқсас салықтар;

3) жеңілдікті салық салынатын мемлекеттерде төленген салықтар;

4) үстеме пайда салығы;

5) жер қойнауын пайдалануға балама салықтар шегерімге жатпайды.

264-бап. Шегерімге жатпайтын шығындар

Мыналар:

1) кіріс алуға бағытталған қызметке байланысты емес шығындар;

2) сөт тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің осындай

салық төлеушіден іс жүзінде алынғанын анықтаған операцияларды қоспағанда, соттың заңды күшіне енген шешімімен анықталған, басшысы және (немесе) құрылтайшысы (қатысушысы) осындай заңды тұлғаны тіркеуге (қайта тіркеуге) және (немесе) оның қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға қатысты болмайтын салық төлеушімен іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтер көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жасалған операциялар бойынша шығыстар;

3) осы Кодекстің 91-бабында айқындалған тәртіппен әрекет етпейтін деп танылған салық төлеушіні әрекет етпейтін деп тану туралы бұйрық шығарылған күннен бастап онымен жасалған операциялар бойынша шығыстар;

4) заңды күшіне енген сот актісімен танылған, жеке кәсіпкерлік субъектісі іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтер көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жасаған шот-фактура немесе өзге құжат жазып беру жөніндегі әрекет (әрекеттер) бойынша шығыстар;

5) соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде жарамсыз деп танылған мәміле бойынша шығыстар;

6) мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша бюджетке енгізілуге жататын (енгізілген) тұрақсыздық айыптарын (айыппұлдарды, өсімпұлды) қоспағанда, бюджетке енгізілуге жататын (енгізілген) тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімпұл);

7) осы Кодексте өздері үшін шегерімге жатқызу нормалары белгіленген шығыстардың көрсетілген нормалар қолданыла отырып есептелген шегерімнің шекті сомасынан асып кету сомасы;

8) Қазақстан Республикасының немесе өзге мемлекеттің (өзге мемлекеттің бюджетіне төленген салықтар және төлемдер үшін) заңнамасында белгіленген мөлшерлерден артық есептелген (есепке жазылған) және төленген салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер сомасы;

9) осы Кодекстің 239-бабында көзделген әлеуметтік сала объектілерінің құнына енгізілетін сатып алу, өндіру, салу, монтаждау, орнату жөніндегі шығындар және басқа да шығындар, сондай-ақ оларды пайдалану жөніндегі шығыстар;

10) егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, салық төлеуші өтеусіз негізде берген мүліктің құны шегерімге жатпайды. Өтеусіз орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны осындай жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты шегілген шығыстар мөлшерінде айқындалады;

11) осы Кодекстің 411-бабын қолданатын салық төлеушіде туындаған, есепке жатқызуға жататын қосылған құн салығы сомасының салықтық кезеңде есепке жазылған қосылған құн салығы сомасынан асып кетуі;

12) осы Кодекстің 250, 252 және 253-баптарында көзделген шегерімдерді қоспағанда, резервтік қорларға аударымдар;

13) кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатып алу-сату шарты бойынша берілетін запастардың баланстық құны;

14) өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының төленген қосымша төлемінің сомасы;

15) салық төлеушінің осы Кодекстің 228-бабына сәйкес амортизацияға жатпайтын активтердің бастапқы құнына қосылатын шығындары;

16) жер қойнауын пайдаланушы салықтық міндеттемені орындау есебіне заттай нысанда берген пайдалы қазбаларды өткізуге байланысты шығыстар;

17) мемлекет атынан алушыда – жер қойнауын пайдаланушы салықтық міндеттемені орындау есебіне заттай нысанда беретін пайдалы қазбалар көлемінің құны;

18) лизинг шартынан басқа, мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша уақытша иеленуге және пайдалануға берілетін активтердің баланстық құны;

19) жер қойнауын пайдаланушы салықтық міндеттемені орындау есебіне заттай нысанда беретін пайдалы қазбалар көлемінің құны;

20) бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымының:

осы ұйым Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасына сәйкес алған және бас банкке аударылған ақша түріндегі;

Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыруға байланысты емес шығыстары;

21) коммерциялық емес ұйымдардың осы Кодекстің 289-бабында көрсетілген кірістер есебінен жүргізілген шығыстары шегерімге жатпайды.

3-параграф. Тіркелген активтер бойынша шегерімдер

265-бап. Тіркелген активтер бойынша шегерімдер

Шегерімге:

1) осы Кодекстің 271-бабына сәйкес есептелген амортизациялық аударымдар;

2) осы Кодекстің 273-бабының 2 және 4-тармақтарына сәйкес кіші топтың (топтың) салықтық кезеңнің соңындағы құндық балансы;

3) осы Кодекстің 272-бабына сәйкес келесі шығыстар жатады.

266-бап. Тіркелген активтер

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, мыналар тіркелген активтерге жатады:

1) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген активтерді

қоспағанда, келіп түскен кезде салық төлеушінің бухгалтерлік есепке алуында халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес есепке алынған және есепті және (немесе) алдағы кезеңдерде кіріс алуға бағытталған қызметте пайдалануға арналған негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, материалдық емес және биологиялық активтер;

2) концессия шарты шеңберінде концедент концессионердің (құқық мирасқорының немесе концессия шартын іске асыру үшін тек қана концессионер арнайы құрған заңды тұлғаның) иеленуіне және пайдалануына берген, қызмет мерзімі бір жылдан асатын активтер;

3) кіріс алуға бағытталған қызметте бір жылдан астам уақыт бойы пайдалануға арналған, сенімгерлік басқарушы сенімгерлік басқаруға алған, қызмет мерзімі бір жылдан асатын активтер;

4) лизинг шартынан басқа, мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша алынған және бухгалтерлік есепке алуда ұзақ мерзімді актив ретінде танылған мүлікке қатысты шегілген келесі шығыстар;

5) жалға берушіде – лизинг шарты бойынша берілген мүліктен басқа, мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша берілген, осындай шарт бойынша берілгеннен кейін бухгалтерлік есепке алуда негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, материалдық емес және биологиялық активтер ретінде есепке алынбайтын мүлік.

2. Мыналар тіркелген активтерге жатпайды:

1) жер қойнауын пайдаланушы коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезге дейін пайдалануға енгізетін және осы Кодекстің 258-бабына сәйкес салық салу мақсаттарында есепке алынатын негізгі құралдар және материалдық емес активтер;

2) мыналарды:

осы баптың 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген активтерді;

осындай активтерді халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес әділ құны бойынша есепке алуға байланысты өздері бойынша амортизациялық аударымдарды есептеу жүргізілмейтін биологиялық активтерді, жылжымайтын мүлікке инвестицияларды қоспағанда, өздері бойынша халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес амортизациялық аударымдарды есептеу жүргізілмейтін активтер;

3) жер;

4) музей құндылықтары;

5) сәулет және өнер ескерткіштері;

6) ортақ пайдаланымдағы құрылысжайлар: концессия шарты

шеңберінде концессионер құрған және (немесе) алған, концессия объектілері болып табылатын автомобиль жолдарын қоспағанда, автомобиль жолдары, тротуарлар, бульварлар, гүлзарлар;

7) аяқталмаған күрделі құрылыс;

8) фильм қорына жататын объектілер;

9) Қазақстан Республикасы шама бірліктерінің мемлекеттік эталондары;

10) Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған салық заңнамасына сәйкес бұрын құны толығымен шегерімге жатқызылған негізгі құралдар;

11) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік балансында пайдалы қызмет мерзімі айқындалмаған деп танылған және солай деп ескерілетін, пайдалы қызмет мерзімі айқындалмаған материалдық емес активтер;

12) Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес жылдық жиынтық кірістен қосымша шегерімдер құқығы беріле отырып, 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімшарттар бойынша инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға енгізілген активтер;

13) 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін шегерімге жатқызылған құн бөлігінде Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес корпоративтік табыс салығын төлеуден босату ұсыныла отырып, 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімшарттар бойынша инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға енгізілген активтер;

14) осы Кодекстің 268-бабының 14-тармағында көзделген жағдайлардан басқа, осындай объектілер пайдалануға енгізілген салықтық кезеңнен кейінгі үш салықтық кезең ішіндегі преференциялар объектілері;

15) осы Кодекстің 239-бабында көзделген әлеуметтік сала объектілері болып табылатын, қызмет мерзімі бір жылдан асатын активтер;

16) осы Кодекстің 260-бабында көрсетілген активтер;

17) жалға алушыда – лизинг шарты бойынша алынған активтерден басқа, мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша уақытша иеленуге және пайдалануға алынған, осындай шарт бойынша алынғаннан кейін бухгалтерлік есепке алуда негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, материалдық емес және биологиялық активтер ретінде есепке алынатын активтер.

267-бап. Құндық балансты айқындау

1. Тіркелген активтерді есепке алу техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген сыныптамаға сәйкес қалыптастырылатын топтар бойынша мынадай тәртіппен

жүзеге асырылады:

Р/с №	Топтың №	Тіркелген активтердің атауы
1	2	3
1.	I	Мұнай, газ ұңғымаларын және беру құрылғыларын қоспағанда, ғимараттар, құрылысжайлар
2.	II	Мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдықтарын, сондай-ақ ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер мен жабдықтарды қоспағанда, машиналар мен жабдық
3.	III	Ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер, бағдарламалық қамтылым және жабдық
4.	IV	Басқа топтарға енгізілмеген тіркелген активтер, оның ішінде мұнай, газ ұңғымалары, беру құрылғылары, мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдығы

I топтың әрбір объектісі кіші топқа теңестіріледі.

2. Әрбір кіші топ (I топтың), топ бойынша салықтық кезеңнің басында және аяғында кіші топтың (I топтың), топтың құндық балансы деп аталатын қорытынды сомалар айқындалады.

I топтың құндық балансы негізгі құралдардың әрбір объектісі бойынша кіші топтардың құндық баланстарынан және осы Кодекстің 272-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қалыптастырылған кіші топтың құндық балансынан тұрады.

3. Кіші топтардың салықтық кезеңнің басындағы осы Кодекстің 272-бабына сәйкес салықтық кезеңде жүргізілген түзетулер ескерілетін құндық балансы I топтың тіркелген активтерінің қалдық құны болып табылады.

4. Тіркелген активтер:

1) I топ бойынша – әрқайсысы топтың құндық балансының жеке кіші тобын түзетін тіркелген активтер объектілері бөлінісінде;

2) II, III және IV топтар бойынша – топтардың құндық баланстары бөлінісінде есепке алынады.

5. Келіп түскен тіркелген активтер кіші топтардың (I топ бойынша), топтардың (қалған топтар бойынша) тиісті баланстарын осы бапта айқындалған тәртіппен, осы Кодекстің 268-бабына сәйкес айқындалатын құнға ұлғайтады.

6. Шығып қалған тіркелген активтер кіші топтардың (I топ бойынша),

топтардың (қалған топтар бойынша) тиісті баланстарын осы бапта айқындалған тәртіппен, осы Кодекстің 270-бабына сәйкес айқындалатын құнға азайтады.

7. Кіші топтың (I топтың), топтың салықтық кезеңнің басындағы құндық балансы былайша айқындалады:

кіші топтың (I топтың), топтың алдыңғы салықтық кезеңнің аяғындағы құндық балансы

алу

алдыңғы салықтық кезеңде есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы,

алу

осы Кодекстің 273-бабына сәйкес жүргізілетін түзетулер.

Кіші топтың (I топтың), топтың салықтық кезеңнің басындағы құндық балансының мәні теріс болмауға тиіс.

8. Кіші топтың (I топтың), топтың салықтық кезеңнің аяғындағы құндық балансы былайша айқындалады:

кіші топтың (I топтың), топтың салықтық кезеңнің басындағы құндық балансы

қосу

салықтық кезеңде келіп түскен тіркелген активтер

алу

салықтық кезеңде шығып қалған тіркелген активтер

қосу

осы Кодекстің 272-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізілген түзетулер.

9. Сенімгерлік басқарушы осы Кодекстің 266-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тіркелген активтер бойынша топтардың (кіші топтардың) жеке құндық баланстарын қалыптастыруға және осындай активтер бойынша осы Кодекстің 194 және 195-баптарының негізінде бөлек салықтық есепке алуды жүргізуге міндетті.

10. Салық төлеуші Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес корпоративтік табыс салығын төлеуден бөсату ұсынылa отырып, 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімшарттар бойынша инвестициялық жоба шеңберінде 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін және (немесе) одан кейін пайдалануға енгізілген тіркелген активтер бойынша 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін шегерімге жатқызылмаған құн бөлігінде топтардың (кіші топтардың) жеке құндық баланстарын қалыптастыруға міндетті.

268-бап. Тіркелген активтердің келіп түсуі

1. Лизинг шарты бойынша, сондай-ақ запастардың құрамынан аудару арқылы келіп түсуді қоса алғанда, тіркелген активтер келіп түскен кезде топтардың (кіші топтардың) құндық балансын аталған активтердің бастапқы

құнына ұлғайтады.

Тіркелген активтердің келіп түсуін салық салу мақсаттарында тану келіп түскен активтерді тіркелген активтердің құрамына қосуды білдіреді.

2. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, тіркелген активтердің бастапқы құны тіркелген актив осы Кодекстің 266-бабының 1-тармағына сәйкес танылған күнге дейін салық төлеуші шеккен шығындар сомасы ретінде айқындалады. Мұндай шығындарға:

осы Кодекстің 264-бабының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларына сәйкес шегерімге жатқызуға жатпайтын шығындардан (шығыстардан);

амортизациялық аударымдардан басқа, тіркелген активті сатып алуға, өндіруге, салуға, монтаждауға және орнатуға арналған шығындар, сондай-ақ оның құнын халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес ұлғайтатын басқа да шығындар жатады.

3. Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, запастардың немесе сатуға арналған активтердің құрамынан аудару арқылы келіп түскен тіркелген активтің бастапқы құны оның осындай келіп түсу күнінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалған баланстық құны болып табылады.

Бұрын өзі бойынша тіркелген актив ретінде тану тоқтатылған, запастардың немесе сатуға арналған активтердің құрамынан аудару арқылы келіп түскен тіркелген активтің бастапқы құны оның осындай келіп түсу күнінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалған, осы Кодекстің 270-бабының 2-тармағында көрсетілген құннан аспайтын баланстық құны болып табылады.

4. Тіркелген активтер өтеусіз алынған кезде, осы баптың 2-тармағының негізінде тіркелген активтердің бастапқы құнына қосылмайтын шығындарды (шығыстарды) қоспағанда, оның халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бастапқы тану кезінде осындай активтердің құнын ұлғайтатын іс жүзіндегі шығындар есепке алына отырып, өтеусіз алынған мүлік түрінде осы Кодекстің 238-бабына сәйкес жылдық жиынтық кіріске қосылған құны тіркелген активтердің бастапқы құны болып табылады.

5. Мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттік мекемеден осындай кәсіпорынға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында бекітіп берілген тіркелген активтерді алған кезде, осы баптың 2-тармағының негізінде тіркелген активтердің бастапқы құнына қосылмайтын шығындарды (шығыстарды) қоспағанда, алынған активтердің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп

пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бастапқы тану кезінде осындай активтердің құнын ұлғайтатын іс жүзіндегі шығындар есепке алына отырып, аталған активтерді қабылдап алу-беру актісінде көрсетілген баланстық құны тіркелген активтердің бастапқы құны болып табылады.

6. Жарғылық капиталға салым ретінде алу кезінде, осы баптың 2-тармағының негізінде тіркелген активтердің бастапқы құнына қосылмайтын шығындарды (шығыстарды) қоспағанда, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бастапқы тану кезінде мұндай активтердің құнын ұлғайтатын іс жүзіндегі шығындар есепке алына отырып, қабылдап алу-беру актісінде немесе ондай акт болмаған кезде, салымның және актив құнының іс жүзінде енгізілгенін растайтын өзге құжатта көрсетілген активтің құны тіркелген активтердің бастапқы құны болып табылады.

Жарғылық капиталға салымның төлемі ретінде алынған активтердің құны өзіне төлем ретінде осы актив алынған жарғылық капиталға салым сомасы шегінде ескеріледі.

7. Салық төлеушіні бірігу, қосылу, бөліну немесе бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдастыруға байланысты тіркелген актив алынған кезде, осы баптың 2-тармағының негізінде тіркелген активтердің бастапқы құнына қосылмайтын шығындарды (шығыстарды) қоспағанда, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бастапқы тану кезінде осындай активтердің құнын ұлғайтатын іс жүзіндегі шығындар есепке алына отырып, осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осындай активтің беру актісінде немесе бөлу балансында көрсетілген баланстық құны оның бастапқы құны болып табылады.

Берілетін тіркелген активтердің салықтық есепке алу деректері бойынша құны осы Кодекстің 270-бабының 6-тармағының екінші бөлігіне сәйкес беру актісінде көрсетілген жағдайда, бірігу арқылы құрылып, жаңадан пайда болған заңды тұлғаның немесе өзіне басқа заңды тұлға қосылған заңды тұлғаның кіші тобының (тобының) құндық балансы осындай құнға ұлғайтылады.

Берілетін тіркелген активтердің салықтық есепке алу деректері бойынша құны осы Кодекстің 270-бабының 6-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес беру актісінде көрсетілген жағдайда, осындай құн Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес бөлініп шығу арқылы құрылып, жаңадан пайда болған заңды тұлғаның кіші тобының (тобының) құндық балансына қосылады.

8. Сенімгерлік басқарушы тіркелген активтерді сенімгерлік басқаруға алған кезде:

1) егер беретін тұлғада осы активтер тіркелген активтер болып табылған жағдайда – осы Кодекстің 270-бабының 10-тармағына сәйкес айқындалған құн;

2) өзге жағдайларда – аталған активтерді қабылдап алу-беру актісінің деректері бойынша айқындалған құн осындай тіркелген активтердің бастапқы құны болып табылады.

9. Сенімгерлік басқару бойынша міндеттемелердің тоқтатылуына байланысты сенімгерлік басқарушыдан тіркелген активтерді алған кезде:

1) егер сенімгерлік басқарушыда осы активтер тіркелген активтер болып табылған жағдайда – осы Кодекстің 270-бабының 11-тармағына сәйкес айқындалған құн;

2) өзге жағдайларда – осы Кодекстің 270-бабының 10-тармағына сәйкес айқындалған, амортизациялық аударымдар сомасына азайтылған құн осындай тіркелген активтердің бастапқы құны болып табылады. Бұл ретте, амортизациялық аударымдар сенімгерлік басқарудың есепті салықтық кезеңнің алдындағы әрбір салықтық кезеңі үшін осы Кодексте тіркелген активтердің тиісті тобына көзделген, алдыңғы кезеңдердегі амортизациялық аударымдар сомасына азайтылған, бастапқы құнға қолданылатын амортизацияның шекті нормасы негізге алына отырып есептеледі.

10. Концессионер (құқық мирасқоры немесе концессия шартын іске асыру үшін тек қана концессионер арнайы құрған заңды тұлға) концессия шарты бойынша тіркелген активтерді алған кезде осы Кодекстің 270-бабының 12-тармағына сәйкес айқындалған құн, ал мұндай құн болмаған жағдайда – уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес құн осындай тіркелген активтердің бастапқы құны болып табылады.

11. Концессия шарты тоқтатылған кезде концендент тіркелген активтерді алған кезде осы Кодекстің 270-бабының 13-тармагына сәйкес айқындалған құн осындай тіркелген активтердің бастапқы құны болып табылады.

12. Сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымының тіркелген активтерінің 2012 жылгы 1 қаңтардағы бастапқы құны осындай күнгі қайта бағалау мен құнсыздану есепке алынбай, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалған негізгі құралдардың, жылжымайтын мүлікке инвестициялардың, материалдық емес активтердің баланстық құны болып табылады.

13. Кіріс алуға бағытталған қызметте пайдаланылуы уақытша тоқтатылуына байланысты бұрын шығып қалған тіркелген активтер осындай тіркелген активтерді кіріс алуға бағытталған қызметте пайдалану үшін пайдалануға енгізу жүзеге асырылған салықтық кезеңде тіркелген активтер тобының құндық балансына осы Кодекстің 272-бабына сәйкес осындай активтердің құнын ұлғайтуға жатқызуға жататын шығыстар есепке алына отырып, шығып қалу құны бойынша қосуға жатады.

14. Өздері бойынша преференциялардың күші жойылған активтер осы Кодекстің 276-бабының 4-тармағында көрсетілген жағдайларда, топтың (кіші топтың) құндық балансына осы бапқа сәйкес айқындалатын бастапқы құны бойынша қосуға жатады.

15. Осы баптың 13-тармағында көрсетілген активтерден басқа, преференциялар объектісі, осы Кодекстің 276-бабының 6-тармағында көрсетілген жағдайда осы объект пайдалануға енгізілген салықтық кезеңнен кейінгі үш салықтық кезең өткен соң топтың (кіші топтың) құндық балансына нөлдік құн бойынша қосуға жатады.

16. Лизинг шартынан басқа, мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша алынған мүлікке қатысты салық төлеуші шеккен жөндеу, реконструкциялау, жаңғырту, күтіп-ұстау жөніндегі шығындар және басқа да шығындар осы Кодекстің 266-бабы 1-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген тіркелген активтің бастапқы құны болып табылады. Осы тармаққа сәйкес олар бухгалтерлік есепке алуда ұзақ мерзімді актив ретінде танылған күнге дейін шегілген, оның құнын халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес ұлғайтатын шығындар есепке алынады.

17. Өзі бойынша лизингтің нысанасы алынған құн лизинг шарты бойынша келіп түскен тіркелген активтің бастапқы құны болып табылады.

18. Лизинг алушы лизинг нысанасын лизинг берушіге қайтарған кезде, лизинг нысанасын лизинг шарты бойынша берген құн мен лизинг нысанасын берген күннен бастап қайтарған күнге дейінгі кезеңдегі лизингтік төлемдер сомасына қосылған лизинг нысанасының құны арасындағы оң айырма тіркелген активтің бастапқы құны болып табылады.

269-бап. Жекелеген жағдайларда топтың (кіші топтың) құндық балансын қалыптастыру

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін немесе шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке ауысқан кезде, тіркелген активтердің амортизацияның есеп айырысу сомасына азайтылған сатып алыну құны олардың бастапқы құны болып табылады.

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, осы Кодекстің 264-бабының 1) – 6) және 8) тармақшаларында көрсетілген шығындардан (шығыстардан) басқа, активтің пайдаланылуы басталғанға дейін жасалған сатып алуға, өндіруге, салуға, монтаждауға, орнатуға, реконструкциялауға және жаңғыртуға арналған шығындардың жиынтығы активті сатып алу құны болып табылады.

Егер актив бұрын өтеусіз алынған болса, осы баптың мақсаттары үшін

оның осы Кодекстің 681-бабының 2-тармағына сәйкес өтеусіз алынған мүлік түрінде салық салу объектісіне қосылған құны осындай активті сатып алу құны болып табылады.

Қайырымдылық көмек, мұрагерлік түрінде алынған активтер бойынша, осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, активтің осы активке меншік құқығы туындаған күнгі Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы мен салық төлеуші арасындағы шарт бойынша жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған нарықтық құны активті сатып алу құны болып табылады.

Амортизацияның есеп айырысу сомасы мынадай шамалардың:

осы тармаққа сәйкес айқындалған активті сатып алу құнының;

осы баптың 3-тармағында көзделген амортизацияның шекті айлық нормасының;

осындай салық төлеуші активті алғаш пайдалануға енгізген күннен бері өткен айлар санының көбейтіндісі ретінде айқындалады.

2. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, тіркелген активтің пайдалануы басталғаннан кейін жасалған оны реконструкциялауға және жаңғыртуға арналған шығыстар, амортизацияның есеп айырысу құнына азайтылған, осы Кодекстің 264-бабының 1) – 6) және 8) тармақшаларында көрсетілген шығындардан (шығыстардан) басқа, осындай шығыстардың сомасына тең бастапқы құны бар жеке тіркелген актив болып танылады.

Амортизацияның есеп айырысу сомасы мынадай шамалардың:

осы тармаққа сәйкес айқындалған реконструкциялауға және жаңғыртуға арналған шығыстар сомасының;

осы баптың 3-тармағымен көзделген амортизацияның шекті айлық нормасының;

реконструкциялау, жаңғырту аяқталған күннен бері өткен айлар санының көбейтіндісі ретінде айқындалады.

Осы тармақтың, осы Кодекстің 334-бабы 3-тармағының және 520-бабы 6-тармағының мақсаттары үшін реконструкциялау және жаңғырту деп нәтижелері бір мезгілде:

негізгі құралдың конструкциясын өзгерту, оның ішінде жаңарту;

негізгі құралдың қызмет мерзімін үш жылдан астам уақытқа ұзарту;

реконструкциялауды және жаңғыртуды жүзеге асыру үшін осы негізгі құрал пайдаланудан уақытша шығарылған күнтізбелік айдың басындағы техникалық сипаттамаларымен салыстырғанда негізгі құралдың техникалық сипаттамаларының жақсаруы болып табылатын реконструкциялау және жаңғырту танылады.

3. Тіркелген актив осы Кодекстің 267-бабының 1-тармағына сәйкес енгізілуге жататын топқа қарай амортизацияның мынадай айлық нормалары қолданылады:

Р/с №	Топтың №	Тіркелген активтердің атауы	Амортизацияның айлық нормасы %
1.	I	Мұнай, газ ұңғымаларын және беру құрылғыларын қоспағанда, ғимараттар, құрылысжайлар	0,83
2.	II	Мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдықтарын, сондай-ақ ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер мен жабдықтарды қоспағанда, машиналар мен жабдық	2,08
3.	III	Ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер, бағдарламалық қамтылым және жабдық	3,33
4.	IV	Басқа топтарға енгізілмеген тіркелген активтер, оның ішінде мұнай, газ ұңғымалары, беру құрылғылары, мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдығы	1,25

Реконструкциялау және жаңғырту нәтижесінде құрылған тіркелген актив осы баптың 2-тармағын қолдану мақсаттарында реконструкциялауға және жаңғыртуға ұшыраған тіркелген актив енгізілуге жататын топқа енгізіледі.

4. Тіркелген активтердің бастапқы құны мынадай шарттар бір мезгілде орындалған:

шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін немесе шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке ауысқан;

салық төлеуші шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін немесе шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін күнтізбелік 12 айдан аз уақыт қолданған;

салық төлеуші шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режиміне немесе шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режиміне ауысқанға дейін жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті қолданған кезде осы тармаққа сәйкес айқындалады.

Тіркелген активтердің бастапқы құны шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимі немесе шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі қолданыла бастаған күннің алдындағы күнгі құндық топтардың (кіші топтардың) және шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимі немесе шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық

режимі қолданылған кезеңде осы Кодекстің 266 – 268 және 270 – 273-баптарына сәйкес айқындалған тіркелген активтер бойынша шегерімдердің мөлшері негізге алына отырып айқындалады.

270-бап. Тіркелген активтердің шығып қалуы

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, мыналар:

1) танылуы толық амортизация және (немесе) құнсыздану нәтижесінде тоқтатылған, мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша берілген жағдайларды қоспағанда, осы активтерді бухгалтерлік есепке алуда негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, материалдық емес және биологиялық активтер ретінде тануды тоқтату;

2) осы активтерді лизинг шарты бойынша беру;

3) осы активтерді сатуға арналған активтердің, запастардың құрамына ауыстыру тіркелген активтердің шығып қалуы болып табылады;

4) осы Кодекстің 266-бабы 1-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген тіркелген активтерге қатысты – егер мүліктік жалдау (жалға алу) шарты тоқтатылғаннан кейін бухгалтерлік есепке алуда танылған актив тіркелген активтерге жатпаса, мүліктік жалдау (жалға алу) шартының тоқтатылуы тіркелген активтердің шығып қалуы болып табылады.

Тіркелген активтердің шығып қалуын салық салу мақсаттарында тану шығып қалған активтерді тіркелген активтердің құрамынан алып тастауды білдіреді.

2. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, кіші топтың (топтың) құндық балансы:

1) шығып қалатын тіркелген активтердің;

2) осы Кодекстің 266-бабы 1-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген тіркелген активтерге қатысты мүліктік жалдау (жалға алу) шарты тоқтатылған кезде есепке алынған активтің шығып қалу күніндегі халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалған баланстық құнына азайтылады.

3. Тіркелген активтерді, лизинг шарты бойынша беруден басқа, өткізу кезінде кіші топтың (топтың) құндық балансы, қосылған құн салығын қоспағанда, өткізу құнына азайтылады.

Егер кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатып алу-сату шартын қоса алғанда, сатып алу-сату шартында өткізу құны тіркелген активтердің объектілері бөлінісінде айқындалмаса, кіші топтың (топтың) құндық балансы шығып қалатын тіркелген активтердің өткізу күнінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалған баланстық құнына азайтылады.

Тіркелген активтерді лизинг шарты бойынша беру кезінде кіші топтың (топтың) құндық балансы осы шартқа сәйкес лизинг нысанасы берілген құнға азайтылады.

4. Тіркелген активтерді өтеусіз беру кезінде кіші топтың (топтың) құндық балансы аталған активтерді қабылдап алу-беру актісінде көрсетілген берілген активтердің құнына, бірақ аталған активтердің беру күнінде бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша баланстық құнынан кем емес құнға азайтылады.

5. Тіркелген активтерді жарғылық капиталға салым ретінде беру кезінде кіші топтың (топтың) құндық балансы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес айқындалатын құнға азайтылады.

6. Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, тіркелген активтер бірігу, қосылу, бөліну немесе бөліп шығару арқылы қайта ұйымдастыру нәтижесінде шығып қалған кезде қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның кіші тобының (тобының) құндық балансы берілген активтердің беру актісінде немесе бөлу балансында көрсетілген баланстық құнына азайтылады.

Бірігу, қосылу арқылы қайта ұйымдастыру кезінде салық төлеушілер салықтық есепке алу мақсаттары үшін, беру актісінде берілетін тіркелген активтердің қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның салықтық есепке алу деректері бойынша құнын:

1) I топтың тіркелген активтері бойынша – тіркелген активтердің осы Кодекстің 267-бабының 3-тармағында айқындалған тәртіппен есептелген қалдық құнын;

2) II, III, IV топтардың тіркелген активтері бойынша топтың барлық тіркелген активтерін беру шартымен – осы Кодекстің 267-бабының 8-тармағында айқындалған тәртіппен есептелген топтың құндық балансының шамасын көрсетуге құқылы.

Бірігу, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның кіші тобының (тобының) құндық балансы берілетін тіркелген активтердің осы тармаққа сәйкес беру актісінде көрсетілген салықтық есепке алу деректері бойынша құнына азайтылады.

Заңды тұлғаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес бөліп шығару арқылы қайта ұйымдастыру кезінде салық төлеуші салықтық есепке алу мақсаттары үшін беру актісінде салықтық есепке алу деректері бойынша I топтың тіркелген активтерінің осы Кодекстің 267-бабының 3-тармағында айқындалған тәртіппен есептелген қалдық құнын көрсетуге құқылы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес бөліп шығару арқылы қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның кіші тобының (тобының) құндық балансы берілетін тіркелген активтердің салықтық есепке алу деректері бойынша, осы тармаққа сәйкес беру актісінде көрсетілген құнына азайтылады.

7. Құрылтайшы, қатысушы мүлікті алып қойған кезде, кіші топтың

(топтың) құндық балансы құрылтайшылардың, қатысушылардың келісуі бойынша айқындалған құнға азайтылады.

8. Өзіне байланысты активтің бухгалтерлік есепке алуда танылуы тоқтатылатын тіркелген активтер жоғалған, бүлінген кезде:

1) тіркелген активтер сақтандырылған жағдайларда – кіші топтың (топтың) құндық балансы сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру ұйымы сақтанушыға төлеген сақтандыру төлемдерінің сомасына тең құнға азайтылады;

2) I топтың тіркелген активтерін сақтандыру болмаған кезде – тиісті кіші топтардың құндық балансы тіркелген активтердің осы Кодекстің 267-бабының 3-тармағында айқындалған тәртіппен есептелген қалдық құнына азайтылады;

3) I топтың тіркелген активтерінен басқа, тіркелген активтерді сақтандыру болмаған кезде шығып қалу көрсетілмейді.

9. Лизинг алушы лизинг нысанасын лизинг берушіге қайтарған кезде кіші топтың (топтың) құндық балансы осы актив салықтық есепке алуда танылған бастапқы құн мен лизинг нысанасы алынған күннен қайтарылған күнге дейінгі кезеңде лизингтік төлемдер сомасына енгізілген лизинг нысанасының құны арасындағы оң айырмаға азайтылады.

10. Тіркелген активтер сенімгерлік басқаруға берілген кезде топтың (кіші топтың) құндық балансы:

1) I топ бойынша – тіркелген активтердің қалдық құнына;

2) II, III және IV топтар бойынша – берілу күнінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалған баланстық құнға азайтылады.

11. Сенімгерлік басқарушы сенімгерлік басқару жөніндегі міндеттемелер тоқтатылған кезде топтың (кіші топтың) құндық балансын:

1) I топ бойынша – тіркелген активтердің осы Кодекстің 267-бабының 3-тармағында айқындалған тәртіппен есептелген қалдық құнына;

2) II, III және IV топтар бойынша:

топтың барлық активтерін беру кезінде – топтың осы Кодекстің 267-бабының 8-тармағында айқындалған тәртіппен есептелген құндық балансының шамасына;

қалған жағдайларда – берілетін активтердің осы Кодекстің 268-бабына сәйкес айқындалған, амортизациялық аударымдар сомасына азайтылған бастапқы құнына азайтады. Бұл ретте амортизациялық аударымдар осы Кодексте тіркелген активтердің тиісті тобы үшін көзделген, алдыңғы кезеңдер үшін амортизациялық аударымдар сомасына азайтылған бастапқы құнға қолданылатын амортизацияның шекті нормасы негізге алына отырып, сенімгерлік басқарудың есепті салықтық кезеңнің алдындағы әрбір салықтық кезеңі үшін есептеледі.

12. Тіркелген активтер концессия шарты бойынша концессионерге берілген кезде концденттің тобының (кіші тобының) құндық балансы:

1) I топ бойынша – тіркелген активтердің осы Кодекстің 267-бабының 3-тармағында айқындалған тәртіппен есептелген қалдық құнына;

2) II, III және IV топтар бойынша – уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес құнға азайтылады.

13. Концессия шарты тоқтатылған кезде тіркелген активтер концдентке берілген кезде концессионердің тобының (кіші тобының) құндық балансы:

1) I топ бойынша – тіркелген активтердің осы Кодекстің 267-бабының 3-тармағында айқындалған тәртіппен есептелген қалдық құнына;

2) II, III және IV топтар бойынша – уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес құнға азайтылады.

14. Тіркелген активтерді кіріс алуға бағытталған қызметте пайдалануды уақытша тоқтатқан кезде:

1) маусымдық өндірісте пайдаланылатын I топтың тіркелген активтері бойынша – шығып қалу көрсетілмейді;

2) I топтың басқа тіркелген активтері бойынша – тиісті кіші топтардың құндық балансы тіркелген активтердің осы Кодекстің 267-бабының 3-тармағында айқындалған тәртіппен есептелген қалдық құнына азайтылады. Кіші топтың құндық балансын азайту активті пайдаланудан уақытша шығарудың және оны пайдалану уақытша тоқтатылғаннан кейін пайдалануға енгізудің салықтық кезеңдері сәйкес келмеген жағдайда жүргізіледі;

3) II, III және IV топтар бойынша шығып қалу көрсетілмейді.

Тіркелген активтерді пайдалануды уақытша тоқтатуға тіркелген активтерді бухгалтерлік есепке алуда негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, материалдық емес және биологиялық активтер ретінде тануды тоқтатпай, мұндай активтерді пайдаланудан уақытша шығару жатады.

Бір мезгілде мынадай:

техникалық құжаттамада көрсетілген белгілі бір температуралық режимдерде пайдалану туралы талаптарға байланысты есепті кезеңнің соңында пайдаланыла алмайды;

күнтізбелік жылдың белгілі бір, бірақ үш айдан кем емес кезеңі ішінде климаттық, табиғи немесе технологиялық жағдайларға байланысты өндірістік процеске қатысады;

есепті салықтық кезеңде кіріс алуға бағытталған қызметте пайдаланылған деген шарттарға сәйкес келетін I топтың тіркелген активтері осы тармақтың мақсаттарында маусымдық өндірісте пайдаланылатын I топтың тіркелген активтері болып табылады.

271-бап. Амортизациялық аударымдарды есептеу

1. Тіркелген активтердің құны осы Кодексте айқындалған тәртіппен және шарттарда амортизациялық аударымдарды есептеу арқылы шегерімге жатады.

2. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, әрбір кіші топ, топ бойынша амортизациялық аударымдар тіркелген активтер топтарының (кіші топтарының) құндық баланстарын айқындау және тіркелген активтер жөніндегі келесі шығыстар бойынша салықтық тіркелімде көрсетілген, осы тармақта белгіленген шекті нормалардан аспауға тиіс амортизация нормаларын кіші топтың, топтың салықтық кезеңнің соңындағы құндық балансына қолдану арқылы айқындалады:

Р/с №	Топтың №	Тіркелген активтердің атауы	Амортизацияның шекті нормасы (%)
1	2	3	4
1.	I	Мұнай, газ ұңғымаларын және беру құрылғыларын қоспағанда, ғимараттар, құрылысжайлар	10
2.	II	Мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдықтарын, сондай-ақ ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер мен жабдықтарды қоспағанда, машиналар мен жабдық	25
3.	III	Ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер, бағдарламалық қамтылым және жабдық	40
4.	IV	Басқа топтарға енгізілмеген тіркелген активтер, оның ішінде мұнай, газ ұңғымалары, беру құрылғылары, мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдығы	15

3. Осы Кодекстің 267-бабының 10-тармағында көрсетілген топтардың (кіші топтардың) құндық баланстары бойынша амортизациялық аударымдар топтардың (кіші топтардың) салықтық кезеңнің соңындағы осындай құндық баланстарына осы бапта белгіленген амортизацияның шекті нормаларын қолдану арқылы айқындалады.

4. Мұнай, газ ұңғымаларын және беру құрылғыларын қоспағанда, ғимараттар мен құрылысжайлар бойынша амортизациялық аударымдар әрбір

объект бойынша жеке айқындалады.

5. Салық төлеуші таратылған немесе қайта ұйымдастырылған, оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлға осы бөлімге сәйкес корпоративтік табыс салығын есептеуге көшкен жағдайда, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолдануды тоқтатқан кезде амортизациялық аударымдар салықтық кезеңдегі қызмет кезеңіне түзетіледі.

6. Салық төлеуші Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға енгізілетін, осы Кодекстің 274-бабы 2-тармағының ережелеріне сәйкес келетін өндірістік мақсаттағы ғимараттарды және құрылысжайларды, машиналар мен жабдықты:

тіркелген активтер деп тануға және олардың құнын осы бөлімнің 3-параграфында айқындалған тәртіппен шегерімге жатқызуға немесе

преференциялар объектілері деп тануға және олардың құнын осы бөлімнің 4-параграфында белгіленген шарттар сақталған кезде және тәртіппен шегерімге жатқызуға құқылы.

7. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға енгізілген тіркелген активтер бойынша пайдаланудың бірінші салықтық кезеңде, осы тіркелген активтерді жылдық жиынтық кіріс алу мақсатында кемінде үш жыл пайдалану шартымен амортизацияның қосарлы нормалары бойынша амортизациялық аударымдар есептеуге құқылы. Осы тіркелген активтер пайдаланудың бірінші салықтық кезеңде топтың құндық балансынан бөлек есепке алынады. Келесі салықтық кезеңде осы тіркелген активтер тиісті топтың құндық балансына қосуға жатады.

Өзі бойынша амортизациялық аударымдарды есептеу осы тармаққа сәйкес жүргізілген, алғаш рет пайдалануға енгізілген тіркелген актив шығып қалған жағдайда, үш жылдық кезең өткенге дейін көрсетілген тіркелген актив бойынша жүргізілген шегерудің осы бапта көзделген амортизацияның шекті нормалары бойынша айқындалған амортизациялық аударымдар сомасынан асып кету сомасы өзінде амортизацияның қосарлы нормасы қолданылған салықтық кезеңнің жылдық жиынтық кірісіне қосуға жатады.

Осы тармақтың ережелері бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін:

1) өздерін пайдаланудың өзіндік ерекшеліктеріне орай жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (келісімшарттар) бойынша қызметті жүзеге асырумен тікелей себептік-салдарлық байланысы бар активтер болып табылатын;

2) салықтық есепке алуда жер қойнауын пайдаланушы осы активтер бойынша шеккен келесі шығыстар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (келісімшарттар) бойынша қызмет пен келісімшарттан тыс қызмет арасында бөлінуге жатпайтын тіркелген активтерге ғана қолданылады.

8. Осы Кодекстің 302-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығын 100 пайызға азайту көзделген қызмет бойынша салық төлеушілер:

инвестициялық басым жобаны іске асырып жатқан және арнаулы салық режимін қолданбайтын ұйым – амортизацияның осы бапта белгіленген шекті нормаларының 50 пайызынан кем емес мөлшерінде;

өзге де салық төлеушілер – амортизацияның осы бапта белгіленген шекті нормалары мөлшерінде амортизация нормаларын қолдану арқылы амортизациялық аударымдарды есептеуді жүргізеді.

272-бап. Келесі шығыстар шегерімі

1. Мына активтер:

1) тіркелген активтер, оның ішінде олардың пайдалануы уақытша тоқтатылған кезеңде;

2) мыналарда:

коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезге дейінгі кезеңде - осы Кодекстің 266-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында;

осы Кодекстің 266-бабы 2-тармағының 7) және 15) тармақшаларында көрсетілген активтерді қоспағанда, салық төлеушінің бухгалтерлік есепке алуында халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес есепке алынатын және кіріс алуға бағытталған қызметте пайдалануға арналған, тіркелген активтерге жатпайтын негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, материалдық емес және биологиялық активтер;

3) осы Кодекстің 260-бабында көрсетілген активтер бухгалтерлік есепке алуда танылғаннан кейін оларға қатысты шегілген пайдалану, жөндеу, реконструкциялау, жаңғырту, күтіп-ұстау, жою жөніндегі шығындар және басқа да шығындар келесі шығыстар болып танылады.

Келесі шығыстарға, оның ішінде, жер қойнауын пайдаланушылардың өзіне жасалатын аударымдар осы Кодекстің 252-бабына сәйкес шегерімге жататын жою қорының қаражаты есебінен жүргізілген шығыстарын қоспағанда, салық төлеушінің резервтік қорлары есебінен жүргізілетін шығыстар жатады.

Мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша алынған мүлікке қатысты шегілген пайдалану, жөндеу, реконструкциялау, жаңғырту, күтіп-ұстау, жою жөніндегі шығындар және басқа шығындар да келесі шығыстар болып танылады.

2. Егер осы баптың 3 және 4-тармақтарында өзгеше көзделмесе, бухгалтерлік есепке алуда тіркелген активтерге, осы Кодекстің 266-бабы 2-тармағының 14) тармақшасында көрсетілген активтерге жатқызылатын активтердің баланстық құнын ұлғайтуға жатқызылатын келесі шығыстардың, сондай-ақ осы Кодекстің 276-бабының 5-тармағында көрсетілген келесі

шығыстардың сомасы:

1) актив түріне сәйкес келетін топтың (кіші топтың) құндық балансын ұлғайтады;

2) актив түріне сәйкес келетін топтың (кіші топтың) құндық балансы болмаған кезде, актив түріне сәйкес келетін топтың (кіші топтың) ағымдағы салықтық кезеңнің соңындағы құндық балансын қалыптастырады.

Осы Кодекстің 268-бабының 13-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, осы тармақта көзделген келесі шығыстар салық салу мақсаттарында өздері бухгалтерлік есепке алуда активтердің баланстық құнын ұлғайтуға жатқызылған салықтық кезеңде танылады.

Лизинг шартынан басқа, мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша алынған және бухгалтерлік есепке алуда ұзақ мерзімді актив ретінде танылған мүлікке қатысты шегілген келесі шығыстардың сомасы осы Кодекстің 266-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес тіркелген актив ретінде есепке алынады.

3. Инвестициялық салықтық преференцияларды қолдануға құқығы бар салық төлеуші өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайларды, сондай-ақ машиналар мен жабдықтарды реконструкциялауға, жаңғыртуға арналған келесі шығыстарды өзі таңдауы бойынша осы баптың 2-тармағына немесе осы Кодекстің 274 – 276-баптарына сәйкес шегерімге жатқызуға құқылы.

4. Осы Кодекстің 266-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген активтер бойынша пайдалы қазбаларды коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезден бастап шегілген келесі шығыстардың бухгалтерлік есепке алуда мұндай активтердің баланстық құнын ұлғайтуға жатқызуға жататын сомасы осы Кодекстің 258-бабының 1-тармағында көзделген амортизацияланатын активтердің тобы бойынша жинақталған шығыстардың салықтық кезеңнің соңындағы сомасын, оның ішінде мұндай сома салықтық кезеңнің соңында нөлге тең болған жағдайда да ұлғайтады.

Осы тармақта көзделген келесі шығыстар салық салу мақсаттарында өздері бухгалтерлік есепке алуда активтердің баланстық құнын ұлғайтуға жатқызылған салықтық кезеңде танылады.

5. Осы баптың 2 және 4-тармақтарында көрсетілген келесі шығыстарды, сондай-ақ осы Кодекстің 228-бабының 6-тармағына сәйкес амортизацияға жатпайтын активтердің бастапқы құнын ұлғайтатын келесі шығыстарды қоспағанда, келесі шығыстар, оның ішінде жалға алушы жалға алынған мүлікке қатысты жүргізген келесі шығыстар өздері жүргізілген салықтық кезеңде шегерімге жатқызылуға жатады.

273-бап. Тіркелген активтер бойынша басқа да шегерімдер

1. Өтеусіз беруді қоспағанда, кіші топтың (I топ бойынша) тіркелген активі шығып қалғаннан кейін кіші топтың салықтық кезең соңындағы құндық

балансы мөлшеріндегі сома I топтың тіркелген активтерінің шығып қалуынан болған залал деп танылады.

Осы кіші топтың құндық балансы нөлге теңестіріледі және шегерімге жатпайды.

2. Топтың (II, III және IV топтар бойынша) барлық тіркелген активтері шығып қалғаннан кейін тиісті топтың салықтық кезең соңындағы құндық балансы, егер осы бапта өзгеше көзделмесе, шегерімге жатады.

3. Кіші топтың (I топ бойынша) немесе топтың (II, III және IV топтар бойынша) барлық тіркелген активтерін өтеусіз берген кезде тиісті кіші топтың немесе топтыц салықтык кезең соңындағы құндық балансы нөлге теңестіріледі және шегерімге жатпайды.

4. Салық төлеуші кіші топтың (топтың) салықтық кезең соңындағы құндық балансының республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген және салықтық кезеңнің соңғы күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 300 еселенген мөлшерінен аз соманы құрайтын шамасын шегерімге жатқызуға құқылы.

5. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы кіші топтың (топтың) салықтық кезең соңындағы құндық балансының шамасын шегерімге жатқызуға құқылы. Шегерім өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлық кен орындарын әзірлеу салдарларын жою жөніндегі жұмыс аяқталған салықтық кезеңде жүргізіледі.

Өндіруге арналған көрсетілген келісімшарт бойынша жылдық жиынтық кіріс болмаған немесе залал болған жагдайда, шегерім осындай жер қойнауын пайдаланушының өндіруге арналган басқа келісімшарты бойынша жүргізіледі.

Бұл ретте шегерім мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген және салықтық кезеңнің соңғы күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 150 000 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

4-параграф. Инвестициялық салықтық преференциялар

274-бап. Инвестициялық салықтық преференциялар

1. Инвестициялық салықтық преференциялар (бұдан әрі осы параграфта – преференциялар) салық төлеушінің таңдауы бойынша осы бапқа және осы Кодекстің 275 және 276-баптарына сәйкес қолданылады және преференциялар объектілерінің құнын және (немесе) реконструкциялауға, жаңғыртуға арналған келесі шығыстарды шегеруге жатқызуды білдіреді.

Осы баптың 6-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары преференцияларды қолдану құқығына ие болады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға

енгізілетін өндірістік мақсаттағы ғимараттар және құрылысжайлар, машиналар мен жабдық өздері пайдалануға енгізілген салықтық кезеңнен кейінгі кемінде үш салықтық кезең ішінде бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келсе:

1) концессия шарты шеңберінде концеденттің концессионерге (құқық мирасқорына немесе концессия шартын іске асыру үшін тек қана концессионер арнайы құрған заңды тұлғаға) иеленуге немесе пайдалануға берген, қызмет ету мерзімі бір жылдан асатын активтер немесе негізгі құралдар болып табылса;

2) преференцияларды қолданған салық төлеуші кіріс алуға бағытталған қызметте пайдаланып жатса;

3) өздерін пайдаланудың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (келісімшарттар) бойынша қызметті жүзеге асырумен тікелей себептік-салдарлық байланысы бар активтер болып табылмаса;

4) жер қойнауын пайдаланушы осы активтер бойынша шеккен келесі шығыстар салықтық есепке алуда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (келісімшарттар) бойынша қызмет пен келісімшарттан тыс қызмет арасында бөлінуге жатпаса;

5) Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімшарттар бойынша инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға енгізілетін активтер болып табылмаса;

6) Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес 2014 жылғы 31 желтоқсаннан кейін жасалған инвестициялық келісімшарт бойынша инвестициялық басым жоба шеңберінде пайдалануға енгізілген активтер болып табылмаса, преференциялар объектілеріне жатқызылады.

3. Өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайларды, машиналар мен жабдықты реконструкциялауға, жаңғыртуға арналған келесі шығыстар, мұндай ғимараттар мен құрылысжайлар, машиналар мен жабдықтар бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келген кезде:

1) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік есепке алуында негізгі құралдар ретінде есепке алынса;

2) реконструкциялау, жаңғырту жүзеге асырылғаннан соң пайдалануға енгізілген салықтық кезеңнен кейінгі кемінде үш салықтық кезең ішінде кіріс алуға бағытталған қызметте пайдалануға арналған болса;

3) реконструкциялауды, жаңғыртуды жүзеге асыру кезеңінде пайдаланудан уақытша шығарылса;

4) өздерін пайдаланудың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (келісімшарттар) бойынша

қызметті жүзеге асырумен тікелей себептік-салдарлық байланысы бар активтер болып табылмаса;

5) жер қойнауын пайдаланушы осы активтер бойынша шеккен келесі шығыстар салықтық есепке алуда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (келісімшарттар) бойынша қызмет пен келісімшарттан тыс қызмет арасында бөлінуге жатпаса, өздері іс жүзінде жүргізілген салықтық кезеңде шегерімге жатқызылуға жатады.

Преференцияларды қолдану мақсаттары үшін негізгі құралды реконструкциялау, жаңғырту – келесі шығыстардың бір түрі, олардың нәтижелері бір мезгілде:

негізгі құралдың конструкциясын өзгерту, оның ішінде жаңарту;

негізгі құралдың қызмет мерзімін үш жылдан астам уақытқа ұзарту;

реконструкциялауды, жаңғыртуды жүзеге асыру үшін осы негізгі құрал пайдаланудан уақытша шығарылған күнтізбелік айдың басындағы техникалық сипаттамаларымен салыстырғанда негізгі құралдың техникалық сипаттамаларының жақсаруы болып табылады.

4. Преференцияларды қолдану мақсаттары үшін, мыналардан:

сауда ғимараттарынан (осындай ғимараттардың бөліктерінен);

мәдени-ойын-сауық мақсатындағы ғимараттардан (осындай ғимараттардың бөліктерінен);

қонақ үй, мейрамхана ғимараттарынан және қысқа мерзімде тұруға, қоғамдық тамақтануға арналған басқа да ғимараттардан (осындай ғимараттардың бөліктерінен);

офистік ғимараттардан (осындай ғимараттардың бөліктерінен);

автомобильдерге арналған гараждардан (осындай ғимараттардың бөліктерінен);

автотұрақтардан (осындай ғимараттардың бөліктерінен) басқа тұрғынжай емес ғимараттар (тұрғынжай емес ғимараттардың бөліктері) өндірістік мақсаттағы ғимараттарға жатады.

Преференцияларды қолдану мақсаттары үшін, спортқа арналған құрылысжайлар мен демалу орындарынан, мәдени-ойын-сауық, қонақ үй, мейрамхана мақсатындағы, әкімшілік мақсаттарға, автомобильдер тұрағына немесе аялдауына арналған құрылысжайлардан басқа құрылысжайлар өндірістік мақсаттағы құрылысжайларға жатады.

5. Преференцияларды қолдану мақсаттары үшін:

1) құрылыс мердігерлігі шартын жасасу жолымен салу кезінде – Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес ғимаратты (ғимараттың бөлігін) пайдалануға енгізу актісіне қол қойылғаннан кейін құрылыс салушының құрылыс объектісін тапсырыс берушіге беруі;

2) қалған жағдайларда – Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес ғимаратты (ғимараттың бөлігін) пайдалануға енгізу актісіне қол қою Қазақстан

Республикасының аумағында жаңадан тұрғызылған ғимараттың (ғимарат бөлігінің) алғаш рет пайдалануға енгізілуі болып табылады.

6. Мынадай шарттардың біреуіне немесе бірнешеуіне сәйкес келсе:

1) салық төлеушіге салық салу осы Кодекстің 21-бөліміне сәйкес жүзеге асырылса;

2) салық төлеуші спирттің, алкоголь өнімінің, темекі бұйымдарының барлық түрлерін өндіруді және (немесе) өткізуді жүзеге асырса;

3) салық төлеуші осы Кодекстің 78-тарауында көзделген арнаулы салық режимін қолданса, салық төлеушілердің преференцияларды қолдануға құқығы болмайды.

275-бап. Преференцияларды қолдану

1. Преференцияларды қолдану мынадай әдістердің бірі:

1) объект пайдалануға енгізілгеннен кейінгі шегерім әдісі;

2) объект пайдалануға енгізілгенге дейінгі шегерім әдісі бойынша жүзеге асырылады.

2. Объект пайдалануға енгізілгеннен кейінгі шегерім әдісін қолдану преференциялар объектілерінің осы Кодекстің 276-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес айқындалған бастапқы құнын пайдаланудың алғашқы үш салықтық кезеңі ішінде тең үлеспен немесе пайдалануға енгізу жүзеге асырылған салықтық кезеңде біржолғы ретпен шегерімге жатқызуды білдіреді.

3. Объект пайдалануға енгізілгенге дейінгі шегерім әдісін қолдану преференция объектілерін салуға, өндіруге, сатып алуға, монтаждауға және орнатуға арналған шығындарды, сондай-ақ өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайлар, машиналар мен жабдықтар пайдалануға енгізілгенге дейін осындай шығындар іс жүзінде жүргізілген салықтық кезеңде оларды реконструкциялауға, жаңғыртуға арналған келесі шығыстарды шегерімге жатқызуды білдіреді.

4. Егер осы баптың 5-тармағында өзгеше көзделмесе, егер преференциялар қолданылған өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайлар, машиналар мен жабдықтар пайдалануға енгізілген салықтық кезеңнен кейінгі үш салықтық кезең ішінде мына жағдайлардың бірінде:

1) салық төлеуші осы Кодекстің 274-бабы 2 – 4-тармақтарының ережелерін бұзуға жол берсе;

2) преференцияларды қолданған салық төлеуші немесе мұндай салық төлеуші қайта ұйымдастырылған жағдайда, оның құқық мирасқоры осы Кодекстің 274-бабының 6-тармағы ережелерінің кез келгеніне сәйкес келетін жағдай басталса, преференциялар қолданыла бастаған күннен бастап жойылады және салық төлеуші шегерімдерді преференциялар қолданылған әрбір салықтық кезең үшін олардың сомасына азайтуға міндетті.

5. Заңды тұлға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес

бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған кезде, егер осы Кодекстің 274-бабының 2-тармағында белгіленген преференциялар объектілерін пайдалануға енгізілген салықтық кезеңнен кейінгі кемінде үш салықтық кезең ішінде кіріс алуға бағытталған қызметте пайдалану туралы талап осындай қайта ұйымдастыру салдарынан орындалмаған жағдайда, қайта ұйымдастырылған тұлғада преференцияларды жою жүргізілмейді.

Осы тармақ мынадай шарттар бір мезгілде сақталған кезде:

1) қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға акцияларының бақылау пакеті қайта ұйымдастырылу күнінде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі болса;

2) қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға преференциялар қолданылған объектілерді қайта ұйымдастырылу нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғаларға берсе;

3) преференциялар объектілерін беру қайта ұйымдастырылу нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғалар әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жыл ішінде жүзеге асырылса, қолданылады.

276-бап. Преференциялар объектілерін салықтық есепке алу ерекшеліктері

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, салық төлеуші преференциялар объектілерін, сондай-ақ өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайларды, машиналар мен жабдықтарды реконструкциялауға, жаңғыртуға арналған келесі шығыстарды есепке алуды өздері бойынша преференциялар қолданылған өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайлар, машиналар мен жабдықтар пайдалануға енгізілген салықтық кезеңнен кейінгі үш салықтық кезең ішінде тіркелген активтерден бөлек жүзеге асырады.

Преференциялар объектілері және өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайларды, машиналар мен жабдықтарды реконструкциялауға, жаңғыртуға арналған келесі шығыстар өзіне преференциялар қолданылған әрбір объект бөлінісінде есепке алынады.

2. Негізгі құрал болып табылатын преференциялар объектісінің бастапқы құнына салық төлеуші осы объект пайдалануға енгізілген күнге дейін шеккен шығындар қосылады. Мұндай шығындарға объектіні сатып алуға, оны өндіруге, салуға, монтаждауға және орнатуға арналған шығындар, сондай-ақ:

осы Кодекстің 264-бабының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларына сәйкес шегерімге жатқызуға жатпайтын шығындардан (шығыстардан);

амортизациялық аударымдардан;

бухгалтерлік есепке алуда туындайтын және осы Кодекстің 242-бабының 5-тармағына сәйкес салық салу мақсаттарындағы шығыс ретінде

қарастырылмайтын шығындардан (шығыстардан) басқа, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес оның құнын ұлғайтатын басқа да шығындар жатады.

3. Концессия шарты шеңберінде концеденттер концессионерге (құқық мирасқорына немесе концессия шартын іске асыру үшін тек қана концессионер арнайы құрған заңды тұлғаға) иеленуге немесе пайдалануға берген, қызмет ету мерзімі бір жылдан асатын активтердің бастапқы құны осы Кодекстің 268-бабының 10-тармағына сәйкес айқындалады.

4. Өздері бойынша преференциялар жойылған активтер осы Кодекстің 266-бабы 1-тармағының ережелеріне сай болғанда пайдалануға енгізілген күнінен бастап тіркелген активтер болып танылады және осы Кодекстің 267 және 268-баптарында айқындалған тәртіппен осындай актив түріне сәйкес келетін топтың (кіші топтың) құндық балансына қосылады.

5. Өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайларды, машиналар мен жабдықтарды реконструкциялауға, жаңғыртуға арналған келесі шығыстар бойынша преференциялар жойылған кезде мұндай шығыстар осы Кодекстің 272-бабының 2-тармағында айқындалған тәртіппен есепке алынады.

6. Преференциялар объектісі осы баптың 4-тармағында көрсетілгендерден басқа, преференциялар объектісі пайдалануға енгізілген салықтық кезеңнен кейінгі үш салықтық кезең өткен соң осы Кодекстің 266-бабы 1-тармағының ережелеріне сай болғанда тіркелген актив болып танылады және осы Кодекстің 267 және 268-баптарында айқындалған тәртіппен осындай актив түріне сәйкес келетін топтың (кіші топтың) құндық балансына қосылады.

5-параграф. Туынды қаржы құралдары

277-бап. Жалпы ережелер

1. Салық салу мақсаттарында туынды қаржы құралдары:

1) хеджирлеу мақсаттарында;

2) базалық активті беру мақсаттарында;

3) өзге де мақсаттарда пайдаланылатын туынды қаржы құралдарына бөлінеді.

2. Әрбір туынды қаржы құралы бойынша осы Кодекстің 278, 279-баптарына және 299-бабының 3-тармағына сәйкес кіріс немесе залал айқындалады.

3. Туынды қаржы құралы хеджирлеу немесе базалық активті беру мақсаттарында қолданылған жағдайда, туынды қаржы құралының салықтық есепке алынуы осы Кодекстің 280 және 281-баптарына сәйкес жүзеге

асырылады.

4. Туынды қаржы құралдары бойынша кіріс хеджирлеу немесе базалық активті беру мақсаттарынан өзге мақсаттарда пайдаланылатын туынды қаржы құралдары жөніндегі кірістер бойынша түзіледі және ол мынадай тәртіппен айқындалады:

хеджирлеу немесе базалық активті беру мақсаттарынан өзге мақсаттарда пайдаланылатын, осы Кодекстің 278 және 279-баптарына сәйкес айқындалған туынды қаржы құралдары бойынша кірістердің жалпы сомасы,

алу

хеджирлеу немесе базалық активті беру мақсаттарынан өзге мақсаттарда пайдаланылатын туынды қаржы құралдары бойынша есепті салықтық кезеңдегі залалдардың жалпы сомасы

алу

туынды қаржы құралдары бойынша алдыңғы салықтық кезеңдерден ауыстырылған залалдар.

278-бап. Орындалу мерзімі ұзақ туынды қаржы құралын қоспағанда, туынды қаржы құралы бойынша кіріс

1. Өзі бойынша кіріс осы Кодекстің 279-бабына сәйкес айқындалатын туынды қаржы құралын қоспағанда, туынды қаржы құралы бойынша кіріс туынды қаржы құралы бойынша түсімдердің шығыстардан асып кетуі ретінде айқындалады.

Салықтық есепке алу мақсаттары үшін мұндай кіріс салық төлеушінің туынды қаржы құралы бойынша құқықтары немесе міндеттемелері орындалған, мерзімінен бұрын немесе өзгедей тоқтатылған күні, сондай-ақ өзі бойынша талаптар туынды қаржы құралымен бұрын жасалған мәміле бойынша міндеттемелерді толығымен немесе ішінара өтейтін туынды қаржы құралымен мәміле жасасу күні танылады.

2. Туынды қаржы құралы бойынша мәміле мерзімі ішінде аралық есеп айырысулар кезінде, сондай-ақ орындау немесе мерзімінен бұрын тоқтату күні алынуға жататын (алынған) төлемдер осы туынды қаржы құралы бойынша түсімдер болып табылады.

3. Туынды қаржы құралы бойынша мәміле мерзімі ішінде аралық есеп айырысулар кезінде, сондай-ақ орындау немесе мерзімінен бұрын тоқтату күні төленуге жататын (төленген) төлемдер осы туынды қаржы құралы бойынша шығыстар болып табылады.

279-бап. Орындалу мерзімі ұзақ туынды қаржы құралы бойынша кіріс

1. Своп бойынша, сондай-ақ қолданылу мерзімі жасалған күнінен бастап он екі айдан асатын және орындалуы қаржы құралының қолданылу

мерзімі аяқталғанға дейін мөлшерлері бағаның, валюта бағамының, пайыздық мөлшерлемелер көрсеткіштерінің, индекстердің және осындай туынды қаржы құралы белгілеген өзге де көрсеткіштің өзгеруіне байланысты болатын төлемдерді жүзеге асыруды көздейтін өзге туынды қаржы құралы бойынша кіріс осы бапта белгіленген ережелерді ескере отырып, түсімдердің шығыстардан асып кетуі ретінде айқындалады.

Салықтық есепке алу мақсаттарында осы тармақта көрсетілген туынды қаржы құралы бойынша кіріс осы тармақта көрсетілген асып кету пайда болатын әрбір салықтық кезеңде танылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген туынды қаржы құралы бойынша түсімдер есепті салықтық кезең ішінде осы туынды қаржы құралы бойынша алынуға жататын (алынған) төлемдер болып табылады.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген туынды қаржы құралы бойынша шығыстар есепті салықтық кезең ішінде осы туынды қаржы құралы бойынша төленуге жататын (төленген) төлемдер болып табылады.

280-бап. Хеджирлеу операциялары бойынша салықтық есепке алу ерекшеліктері

1. Бағаның, валюта бағамының, пайыздық мөлшерлеменің қолайсыз өзгеруі немесе хеджирлеу объектісінің өзге көрсеткішінің қолайсыз өзгеруі нәтижесіндегі ықтимал залалдарды азайту мақсатында туынды қаржы құралдарымен жасалатын және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік есепке алуында хеджирлеу құралдары болып танылған операциялар хеджирлеу болып табылады. Активтер және (немесе) міндеттемелер, сондай-ақ көрсетілген активтерге және (немесе) міндеттемелерге немесе күтілетін мәмілелерге байланысты ақша ағындары хеджирлеу объектілері болып табылады.

2. Туынды қаржы құралдарымен жасалатын операцияларды хеджирлеу операцияларына жатқызудың негізділігін растау үшін салық төлеуші осы операцияларды жасау хеджирлеу объектісімен жасалатын мәмілелер бойынша ықтимал залалдардың (пайданы толық алмаудың) мөлшерін төмендетуге алып келетінін (алып келуі мүмкін екенін) растайтын есеп-қисап жасайды.

3. Өзі бойынша хеджирлеу объектісі нақты мәміле болып табылатын туынды қаржы құралы бойынша кіріс немесе залал салықтық есепке алуда хеджирлеу мәмілесінің нәтижесі танылған күні осы Кодекстің хеджирлеу объектісі үшін белгіленген нормаларына сәйкес есепке алынады.

4. Өзі бойынша хеджирлеу объектісі нақты мәміле болып табылмайтын туынды қаржы құралы бойынша кіріс немесе залал мұндай кіріс немесе залал тиісінше осы Кодекстің 278 және 279-баптарына сәйкес танылған салықтық кезеңде тиісінше жылдық жиынтық кіріске қосылады немесе шегерімге

жатады.

281-бап. Базалық активті беру жолымен орындау кезіндегі салықтық есепке алу ерекшеліктері

1. Егер туынды қаржы құралы базалық активті сатып алу немесе өткізу мақсаттарында қолданылатын болса, онда көрсетілген базалық активті сатып алу немесе өткізу нәтижесінде төленуге жататын (шегілген) шығыстар және алынуға жататын (алынған) төлемдер туынды қаржы құралдары бойынша шығыстарға және түсімдерге жатпайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген операциялардан болатын түсімдер мен шығыстар салықтық есепке алу мақсаттарында осы Кодекстің базалық актив үшін белгіленген нормаларына сәйкес есепке алынады.

6-параграф. Ұзақ мерзімді келісімшарттар

282-бап. Жалпы ережелер

1. Келісімшарт бойынша козделген өндіру, орнату, салу басталған салықтық кезең шегінде аяқталмаған өндіруге, орнатуға, салуға арналған келісімшарт (шарт) ұзақ мерзімді келісімшарт болып табылады.

2. Салықтық есепке алу әрбір ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша жеке жүргізіледі.

3. Ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша кіріс салық төлеушінің таңдауы бойынша іс жүзіндегі әдіс немесе аяқтау әдісі бойынша әрбір ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша жеке айқындалады.

Кірістерді айқындаудың таңдап алынған әдісі әрбір ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша қолданылатын әдістерді көрсетуге арналған салықтық тіркелімде көрсетіледі және оны ұзақ мерзімді келісімшартты қолдану мерзімі ішінде өзгертуге болмайды.

Осындай салықтық тіркелім немесе онда таңдап алынған әдіс туралы ақпарат болмаған кезде іс жүзіндегі әдіс осындай әдіс болып танылады.

4. Салықтық кезеңде ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша шегілген шығыстар сомасы осы бөлімнің 2, 3 және 4-параграфтарына сәйкес шегерімге жатқызуға жатады.

283-бап. Іс жүзіндегі әдісті қолданған кезде ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша кірісті айқындау тәртібі

1. Есепті салықтық кезеңде алынуға жататын (алынған), бірақ ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша осындай кезеңде шегілген шығыстар сомасынан кем емес кіріс іс жүзіндегі әдіс бойынша есепті салықтық кезеңдегі

ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша кіріс болып танылады.

2. Егер ұзақ мерзімді келісімшарттың қолданыс мерзімі ішінде осындай келісімшарт бойынша, осы баптың 1-тармағына сәйкес айқындалған кіріс ұзақ мерзімді келісімшарттың бүкіл қолданылу кезеңінде ол бойынша айқындалатын жалпы кіріс сомасынан асып кеткен жағдайда:

1) осындай асып кету болған салықтық кезеңде – ұзақ мерзімді келісімшарттың бүкіл қолданылу кезеңінде ол бойынша айқындалатын жалпы кіріс сомасы мен ұзақ мерзімді келісімшарт қолданылған алдыңғы салықтық кезеңдерде жылдық жиынтық кіріске қосылған осындай келісімшарт бойынша кіріс сомасы арасындағы оң айырма мөлшеріндегі кіріс;

2) ұзақ мерзімді келісімшарт қолданылған кейінгі салықтық кезеңдерде – нөлге тең сома ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша кіріс болып танылады.

284-бап. Аяқтау әдісін қолданған кезде ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша кірісті айқындау тәртібі

1. Аяқтау әдісін қолданған кезде есепті салықтық кезеңде салық салу мақсаттары үшін ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша кіріс мынадай тәртіппен айқындалады:

ұзақ мерзімді келісімшарттың бүкіл қолданылу кезеңінде ол бойынша алынуға жататын осы келісімшарт бойынша жалпы кіріс сомасы мен ағымдағы салықтық кезеңде осындай келісімшартты орындау үлесінің көбейтіндісі

алу

алдыңғы салықтық кезеңдерде салық салу мақсаттарында осындай ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша кіріс.

2. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, ұзақ мерзімді келісімшартты орындау үлесі мынадай формула бойынша есептеледі:

А/(А+Б), мұнда:

А – ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша алдыңғы және есепті салықтық кезеңдер үшін осы Кодекске сәйкес шегерімге жатқызылған шығыстар;

Б – ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша жұмыстарды аяқтау үшін кейінгі салықтық кезеңдерде жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жүргізілуге тиіс, ұзақ мерзімді келісімшартты қолданудың кейінгі салықтық кезеңдерінде шегерімге жатқызуға жататын, ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша шығыстар.

3. Ұзақ мерзімді келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталатын салықтық кезеңде осындай ұзақ мерзімді келісімшарттың орындалу үлесі бірге тең.

285-бап. Салықтық міндеттеме заттай нысанда орындалған жағдайда, көмірсутектерді беру кезінде корпоративтік табыс салығының мақсаттары үшін жылдық жиынтық кіріс пен шегерімдердің мөлшерін айқындау ерекшеліктері

Жер қойнауын пайдаланушы салықтарды төлеу бойынша салықтық міндеттемені заттай нысанда орындаған жағдайда, пайдалы қазбаларды мемлекет атынан алушыға беру күнінде:

1) заттай нысанда орындалған, салықтарды төлеу бойынша орындалған салықтық міндеттеме сомасы жылдық жиынтық кіріске қосуға жатады;

2) салықтарды төлеу есебіне заттай нысанда берілген пайдалы қазбалардың өзіндік құны шегерімге жатқызылады;

3) салықтарды төлеу бойынша заттай нысанда орындалған салықтық міндеттеменің сомасы осы Кодекстің 263-бабында айқындалған тәртіппен шегерімге жатқызылады.

7-параграф. Кірістер мен шегерімдерді түзету

286-бап. Жалпы ережелер

Осы Кодекстің 287-бабында белгіленген жағдайларда, есепті салықтық кезеңдегі кірістің немесе шегерімнің мөлшерін бұрын танылған кірістің немесе шегерімнің сомасы шегінде ұлғайту немесе азайту түзету болып танылады.

287-бап. Кірістер мен шегерімдерді түзету

1. Кірістер немесе шегерімдер мынадай жағдайларда:

1) тауарлар толық немесе ішінара қайтарылғанда;

2) мәміле шарттары өзгертілгенде;

3) өткізілген немесе сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін баға, өтемақы өзгертілгенде түзетілуге жатады. Осы тармақшаның ережесі өткізілген немесе сатып алынған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің ұлттық валютада төленуге жататын құнының сомасы шарттың талаптары негізге алына отырып өзгертілген кезде де қолданылады;

4) бағадан шегерістер, сатудан шегерістер жасалғанда;

5) өзі бойынша кірісті түзету осы баптың 2-тармағына сәйкес жүргізілетін талапты есептен шығарғанда түзетілуге жатады.

2. Кірісті түзетуді салық төлеуші – кредитор:

заңды тұлғадан;

дара кәсіпкерден;

Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғадан осындай тұрақты мекеменің қызметіне қатысты талаптар бойынша талапты есептен шығарған кезде жүргізеді.

Осы тармақта көзделген кірісті түзету:

1) дебитор-салық төлеуші таратылған кезде оның тарату балансын бекіту күні кредитор-салық төлеуші талапты талап етпеген;

2) талап заңды күшіне енген сот шешімі бойынша есептен шығарылған жағдайларда жүзеге асырады.

Түзету бір мезгілде мынадай шарттар сақталған:

1) талаптардың туындауын растайтын бастапқы құжаттар болған;

2) талап бухгалтерлік есепке алуда кірісті түзету күнінде көрсетілген не алдыңғы кезеңдердегі бухгалтерлік есепке алуда шығысқа жатқызылған (есептен шығарылған) кезде жүргізіледі. Кірісті түзету есептен шығарылған талаптың және осындай талап бойынша бұрын танылған кірістің сомасы шегінде жүргізіледі.

Осы Кодексте сәйкес күмәнді деп танылған талаптарға осы тармақтың ережелері қолданылмайды.

3. Талаптардың кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатып алу-сату шарты бойынша берілуіне байланысты олардың мөлшерін азайту кезінде кірісті түзету жүргізілмейді.

4. Кірістер мен шегерімдерді түзету осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдайлар басталған салықтық кезеңде жүргізіледі.

29-тарау. САЛЫҚ САЛЫНАТЫН КІРІСТІ АЗАЙТУ НЕМЕСЕ ҰЛҒАЙТУ (ЗАЛАЛДЫ АЗАЙТУ) ЖӘНЕ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ КЕЙБІР САНАТТАРЫН САЛЫҚ САЛУДАН БОСАТУ

288-бап. Салық салынатын кірісті азайту

1. Салық төлеушінің салық салынатын кірісті мынадай шығыстар түрлеріне:

1) салықтық кезеңде ірі салық төлеушілер мониторингінде тұрған салық төлеушілердің – мынадай:

осы Кодекстің 239-бабында көзделген әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде іс жүзінде шегілген шығыстардың алынуға жататын (алынған) кірістерден асып кеткен сомасын;

алушысы:

коммерциялық емес ұйым;

әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйым болып табылатын, өтеусіз берілген мүліктің құнын;

көмекті алатын тұлғаның тарапынан өтініш жасалу негізінде салық

төлеушінің шешімі болған кезде қайырымдылық көмекті салық салынатын кірістің 3 пайызынан аспайтын жалпы сомасы мөлшерінде азайтуға құқығы бар.

Осы тармақшаның ережесі жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық қызметі бойынша салық салынатын кірісіне қатысты да қолданылады;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген салық төлеушілерді қоспағанда, салық төлеушілердің – мынадай:

осы Кодекстің 239-бабында көзделген әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде іс жүзінде шегілген шығыстардың алынуға жататын (алынған) кірістерден асып кеткен сомасын;

алушысы:

коммерциялық емес ұйым;

әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйым болып табылатын, өтеусіз берілген мүліктің құнын;

көмекті алатын тұлғаның тарапынан өтініш жасалу негізінде салық төлеушінің шешімі болған кезде қайырымдылық көмекті салық салынатын кірістің 4 пайызынан аспайтын жалпы сомасы мөлшерінде азайтуға құқығы бар.

Осы тармақшаның ережесі жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық қызметі бойынша салық салынатын кірісіне қатысты да қолданылады;

3) мүгедектердің еңбегіне ақы төлеуге жұмсалған шығыстардың 2 еселенген мөлшерін және мүгедектерге төленетін жалақыға және басқа да төлемдерге есептелген әлеуметтік салық сомасының 50 пайызын;

4) жеке тұлға салық төлеушіде кемінде үш жыл жұмыспен өтеу міндеттемесі туралы шарт жасасқан жағдайда, салық төлеушімен еңбек қатынастарында тұрмайтын жеке тұлғаны оқытуға арналған шығыстарды азайтуға құқығы бар.

Осы тармақшаның мақсаттарында оқытуға арналған шығыстар:

оқытуға ақы төлеуге іс жүзінде жұмсалған шығыстарды;

тұруға уәкілетті орган белгілеген нормалар шегінде іс жүзінде жұмсалған шығыстарды;

білім алатын адамға салық төлеуші айқындаған, бірақ уәкілетті орган белгілеген нормалардан аспайтын мөлшерлерде ақша сомасын төлеуге арналған шығыстарды;

оқуға түскен кезде оқу орнына баруы және оқу аяқталғаннан кейін қайтуына іс жүзінде жұмсалған шығыстарды қамтиды.

Осы тармақшаның ережелері:

жеке тұлға оқыту шығыстарын жеке тұлғаның оқуы аяқталған салықтық кезеңді, сондай-ақ кейінгі салықтық кезеңді қамтитын уақыт кезеңі ішінде толық немесе ішінара өтеген жағдайды қоспағанда, өзін оқыту шығыстары бойынша осы тармақшаның ережелері қолданылған жеке

тұлғамен еңбек шарты жеке тұлғаның оқуы аяқталған күннен бастап үш ай ішінде жасалмаған жағдайда қолданылмайды. Мұндай өтеу жағдайында осы тармақшаның ережелері оқыту шығыстарының жеке тұлға өтемеген сомасының мөлшерінде қолданылмайды;

жеке тұлға оқыту шығыстарын еңбек шарты бұзылған салықтық кезеңді, сондай-ақ кейінгі салықтық кезеңді қамтитын уақыт кезеңі ішінде толық немесе ішінара өтеген жағдайды қоспағанда, өзін оқыту шығыстары бойынша осы тармақшаның ережелері қолданылған жеке тұлғамен еңбек шарты мұндай тұлғамен еңбек шарты жасалған күннен бастап үш жыл өткенге дейін бұзылған жағдайда қолданылмайды. Мұндай өтеу жағдайында осы тармақшаның ережелері оқыту шығыстарының жеке тұлға өтемеген сомасының мөлшерінде қолданылмайды;

жер қойнауын пайдаланушы мұндай оқыту шығыстарына қатысты осы Кодекстің 261-бабының ережелерін қолданған жағдайда қолданылмайды.

5) алушысы осы Кодекстің 291-бабының 1-тармағында айқындалған дербес білім беру ұйымы болып табылатын, өтеусіз берілген мүліктің құны;

6) өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган берген өнеркәсіптік меншік объектілеріне қорғау құжаты бар өнеркәсіптік меншік объектісін құруға байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарына және ғылыми-техникалық жұмыстарға, сондай-ақ жоғары оқу орындарынан, ғылыми ұйымдардан және стартап-компаниялардан ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мақсатында лицензиялық шарт немесе айрықша құқықты басқаға беру шарты бойынша зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтарды сатып алуға арналған шығыстардың (шығындардың) осы Кодекстің 254-бабына сәйкес шегерімге жатқызылған сомасының 50 пайызы мөлшерінде азайтуға құқығы бар.

Осы тармақшаның ережелері көрсетілген жұмыстардың нәтижесі және (немесе) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері Қазақстан Республикасының аумағында енгізілген жағдайда қолданылады.

Көрсетілген жұмыстардың нәтижесін және (немесе) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін енгізуді растау тиісті саланың уәкілетті органдарымен келісу бойынша ғылыми-техникалық даму саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша жасалған және тәртіппен келісілген енгізу актісі болып табылады.

Осы тармақтың мақсаттарында, өтеусіз берілген мүліктің құны:

ақша беру кезінде – берілген ақшаның мөлшерімен;

жұмыстар орындау, қызметтер көрсету кезінде – осындай жұмыстарды орындауға, осындай қызметтерді көрсетуге шегілген шығыстардың мөлшерімен;

өзге мүлік бойынша аталған мүліктің қабылдап алу-беру актісінде көрсетілген, берілген мүліктің баланстық құнының мөлшерімен айқындалады.

2. Салық төлеушінің мынадай кіріс түрлеріне салық салынатын кірісті

азайтуға құқығы бар:

1) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, лизинг шарты бойынша сыйақы;

2) осындай сыйақы есепке жазылған күні Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде болған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы;

3) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар, агенттік облигациялар бойынша сыйақы;

4) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізуден шеккен залалдарға азайтылған кірістер;

5) агенттік облигацияларды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін, агенттік облигацияларды өткізуден туындаған залалдарға азайтылған кірістер;

6) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда гуманитарлық көмек түрінде алынған және мақсаты бойынша пайдаланылған мүліктің құны;

7) республикалық мемлекеттік кәсіпорын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде мемлекеттік органнан немесе республикалық мемлекеттік кәсіпорыннан өтеусіз негізде алған негізгі құралдардың құны;

8) егер осы тармақтың 9) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, бір мезгілде мынадай:

акцияларды немесе қатысу үлестерін өткізу күніне салық төлеуші осы акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленеді;

осындай эмитент-заңды тұлға немесе қатысу үлесі өткізілетін осындай заңды тұлға немесе осындай консорциумға қатысу үлесін өткізетін осындай консорциумға қатысушы жер қойнауын пайдаланушы болып табылмайды;

жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі осындай эмитент-заңды тұлға немесе қатысу үлесі өткізілетін осындай заңды тұлға активтерінің құнында немесе қатысу үлесі өткізілетін осындай консорциум қатысушылары активтерінің жалпы құнында осындай өткізу күніне 50 пайыздан аз болады деген шарттар орындалған кезде резидент-заңды тұлға шығарған акцияларды немесе резидент-заңды тұлғаға немесе Қазақстан Республикасында құрылған консорциумға қатысу үлестерін өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер.

Салық төлеушінің акцияларды немесе қатысу үлестерін иеленуінің осы тармақшада көрсетілген мерзімі, егер мұндай акцияларды немесе қатысу үлестерін салық төлеуші бұрынғы меншік иелерінің қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде алса, бұрынғы меншік иелерінің акцияларды немесе қатысу үлестерін иелену мерзімдері ескеріле отырып, жиынтық түрде айқындалады.

Жерасты суларын және (немесе) кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтажы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан ғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы, сондай-ақ акциялар немесе қатысу үлестері өткізілген айдың бірінші күнінің алдындағы он екі

айлық кезең ішінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан өзінің және (немесе) өзара байланысты тарап болып табылатын резидент-заңды тұлғаға тиесілі өндірістік қуаттарда көрсетілген кезеңде көмірді қоса алғанда, өндірілген минералды шикізаттың кемінде 70 пайызын кейінгі қайта өңдеуді (бастапқы қайта өңдеуден кейін) жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы осы тармақшаның мақсатында жер қойнауын пайдаланушы деп танылмайды.

Көмірді қоса алғанда, кейінгі қайта өңдеуге жіберілген минералды шикізаттың көлемін айқындаған кезде:

бастапқы қайта өңдеуден кейінгі кез келген қайта өңдеу нәтижесінде алынған өнімді өндіруге тікелей жіберілген;

бастапқы қайта өңдеу өнімін кейінгі қайта өңдеуде одан әрі пайдалану мақсатында өндіруге пайдаланылған шикізат ескеріледі.

Бұл ретте акциялары немесе қатысу үлестері өткізілетін заңды тұлға немесе консорциум активтерінің құнындағы жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалар (тұлға) мүлкінің үлесі осы Кодекстің 650-бабына сәйкес айқындалады;

9) өткізу күнінде Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізуден туындайтын залалдарға азайтылған, өткізу күнінде Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер;

10) дауыс беретін акцияларының 100 пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі орнықтылық ұйымы Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде алған, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйым берген банктік салым шарты бойынша сыйақы.

289-бап. Коммерциялық емес ұйымдарға салық салу

1. Акционерлік қоғамдарды, мекемелерді және пәтерлер (үй-жайлар) меншік иелерінің кооперативтерінен басқа тұтыну кооперативтерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында коммерциялық емес ұйым үшін белгіленген нысанда тіркелген, қызметін қоғамдық мүддені көздеп жүзеге асыратын және мынадай шарттарға сай келетін:

1) кіріс ретінде кіріс алу мақсаты жоқ;

2) алынған таза кірісті немесе мүлікті қатысушылар арасында бөлмейтін ұйым осы Кодекстің мақсаттары үшін коммерциялық емес ұйым

болып танылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген шарттар сақталған кезде коммерциялық емес ұйымның мына кірістері жылдық жиынтық кірістен алып тасталуға жатады:

мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарт бойынша кіріс;

депозиттер бойынша сыйақы;

кіру жарналары және мүшелік жарналар;

кондоминиумға қатысушылардың жарналары;

депозитке салынған ақшалар бойынша, оның ішінде олар жөніндегі сыйақы бойынша туындаған оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

өтеусіз алынған мүлік, оның ішінде қайырымдылық көмек, осы Кодекстің 1-бабы 1-тармағының 13) тармақшасында көрсетілгенді қоса алғанда, грант, демеушілік көмек, өтеусіз негізде алынған ақша және басқа мүлік.

Осы тармақтың мақсаттары үшін мыналар кондоминиумға қатысушылардың жарналары болып танылады:

үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің ортақ мүлікті күтіп-ұстау және пайдалану бойынша ортақ шығыстарды жабуға бағытталған міндетті төлемдері;

үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің міндетті және тұтас үйдің қажетті пайдаланылуын қамтамасыз ететін шығыстар қатарына жатпайтын, үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелеріне олардың келісуімен жүктелген, қосымша шығыстарды жабуға бағытталған төлемдері;

үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері ортақ шығыстарды жабуға бағытталған міндетті төлемдер мерзімін өткізіп алған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған мөлшерде есепке жазылған өсімпұл.

Кондоминиумға қатысушылар жарналарының мөлшері және оларды енгізу тәртібі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің кооперативі мүшелерінің жалпы жиналысында бекітіледі.

Осы баптың 1-тармағында көрсетілген шарттар сақталмаған жағдайда, осы тармақта көзделген жылдық жиынтық кірістен алып тастау жүргізілмейді.

3. Коммерциялық емес ұйымның осы баптың 2-тармағында көрсетілмеген кірістері жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салынуға жатады.

Бұл ретте коммерциялық емес ұйым шығыстарының шегерімге жатқызуға жататын сомасы мына тәсілдердің бірімен:

осы баптың 2-тармағында көрсетілмеген кірістердің коммерциялық емес ұйым кірістерінің жалпы сомасындағы үлес салмағы негізге алына отырып;

осы баптың 2-тармағында көрсетілген кірістер есебінен жүргізілген шығыстардың және басқа кірістер есебінен жүргізілген шығыстардың бөлек есепке алынуын көздейтін салықтық есепке алу деректері негізінде айқындалады.

4. Осы баптың ережелері:

1) осы Кодекстің 291-бабына сәйкес дербес білім беру ұйымдары;

2) осы Кодекстің 290-бабына сәйкес әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар болып танылатын коммерциялық емес ұйымдарға қолданылмайды.

290-бап. Әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу

1. Осы бапқа сәйкес әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар болып табылатын салық төлеушілер бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасын айқындаған кезде, осы Кодекстің 302-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100 пайызға азайтады.

2. Осы Кодекстің мақсаттары үшін әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыратын, олардан алынған, өтеусіз алынған мүлік және депозиттер бойынша сыйақылар түріндегі кірістері ескерілген кірістері осындай ұйымдардың жылдық жиынтық кірісінің кемінде 90 пайызын құрайтын ұйымдар жатады.

Әлеуметтік саладағы қызметке мынадай қызмет түрлері жатады:

1) медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар денсаулық сақтау субъектісінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес (оның ішінде лицензиялауға жатпайтын медициналық қызметті жүзеге асыру кезінде) медициналық көмек нысанында қызметтер көрсетуі;

2) білім беру қызметін жүргізу құқығына арналған тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, сондай-ақ қосымша білім беру, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызметтер көрсету;

3) ғылым саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері жүзеге асыратын ғылым (ғылыми зерттеулер жүргізуді, автордың ғылыми зияткерлік меншікті пайдалануын, оның ішінде өткізуін қоса алганда), спорт (коммерциялық сипаттағы спорттық ойын-сауық іс-шараларынан басқа), мәдениет (кәсіпкерлік қызметтен басқа), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген тарихи-мәдени мұра объектілері мен мәдени құндылықтарды сақтау (ақпарат таратуды және насихатты қоспағанда) бойынша қызметтер көрсету

салаларындағы, сондай-ақ балаларды, қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қызмет;

4) кітапхананың қызмет көрсетуі.

Осы тармақта көзделген ұйымдардың кірістері көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыруға бағытталған кезде салық салынуға жатпайды.

3. Осы Кодекстің мақсаттары үшін әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға:

1) салықтық кезеңде мүгедектердің орташа саны жұмыскерлердің жалпы санының кемінде 51 пайызын құрайды;

2) салықтық кезеңде мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар еңбекке ақы төлеу жөніндегі жалпы шығыстардың кемінде 51 пайызын (есту, сөйлеу, сондай-ақ көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда – кемінде 35 пайызын) құрайды деген шарттардың біріне сай келетін ұйымдар да жатады.

4. Әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға акцизделетін тауарларды өндіру және өткізу жөніндегі қызметтен кірістер алатын ұйымдар жатпайды.

5. Осы бапта көзделген шарттар бұзылған кезде, алынған кірістер осы Кодексте айқындалған тәртіппен салық салынуға жатады.

6. Осы баптың ережелері осы Кодекстің 291-бабына сәйкес дербес білім беру ұйымдары болып танылатын ұйымдарға қолданылмайды.

291-бап. Дербес білім беру ұйымдарына салық салу

1. Осы Кодекстің мақсаттары үшін:

1) осы тармақтың 2) – 5) тармақшаларында айқындалған дербес білім беру ұйымдарын қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының бастамасы бойынша құрылған, жоғары басқару органы Жоғары қамқоршылық кеңес болып табылатын коммерциялық емес ұйым;

2) бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде:

Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған Жоғары қамқоршылық кеңес жоғары басқару органы болып табылатын;

мынадай:

қосымша білім беру;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтитын, бастауыш мектеп;

негізгі мектеп;

жоғары мектеп;

орта білімнен кейінгі білім беру;

жоғары білім беру;

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлері бойынша білім беру

қызметінің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыратын коммерциялық емес білім беру ұйымы;

3) бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған акционерлік қоғам болып табылатын;

осындай қоғамның дауыс беретін акцияларының 50 және одан да көп пайызы осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген тұлғаға тиесілі болатын;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген ұйымды қоспағанда, егер ұйым бір мезгілде мынадай шарттарға сай келсе:

осындай ұйымның дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан да көп пайызы осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға тиесілі болса не ол осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар ғана құрған коммерциялық емес ұйым болып табылса;

жылдық жиынтық кірісінде алынған кірістерінің кемінде 90 пайызын осындай ұйымның өтеусіз алынған мүлік, депозиттер бойынша сыйақылары түріндегі кірістері, сондай-ақ мынадай қызмет түрлерінің біреуін немесе бірнешеуін:

медициналық қызметтер көрсетуді (косметологиялық, санаторийлік-курорттық көрсетілетін қызметтерді қоспағанда);

қосымша білім беруді;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтитын, бастауыш мектеп;

негізгі мектеп;

жоғары мектеп;

орта білімнен кейінгі білім беру;

жоғары білім беру;

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлері бойынша білім беру қызметін жүзеге асырудан алынған кірістері құраса;

ғылым саласындағы қызметті, атап айтқанда:

іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-техникалық, инновациялық қызметті, ғылыми-зерттеу жұмыстарын;

осы тармақшада көрсетілген қызмет түрлері бойынша консультациялық қызметтер көрсетуді жүзеге асырса, осы ұйым дербес білім беру ұйымы деп танылады.

Осы тармақшада көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыруға алынған және бағытталған, құрылтайшыдан (қатысушыдан) түскен түсімдер де осы тармақшаның мақсаттары үшін жоғарыда көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған кірістер болып танылады;

5) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген ұйымды қоспағанда, егер ұйым бір мезгілде мынадай шарттарға сай келсе:

осындай ұйымның дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан да көп пайызы осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға тиесілі болса не ол осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар ғана құрған коммерциялық емес ұйым болып табылса;

ғылым саласындағы мынадай:

ғылыми-техникалық;

инновациялық қызмет;

іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-зерттеу қызметі түрлерінің біреуін немесе бірнешеуін жүзеге асырса, осы ұйым дербес білім беру ұйымы болып танылады.

Жүзеге асырылатын қызмет түрлерін осы тармақшада көрсетілген ғылым саласындағы қызмет түрлеріне жатқызу ғылым саласындағы уәкілетті органның қорытындысымен расталады.

Егер ұйымдар мына қызмет түрлерінің біреуін немесе бірнешеуін:

медициналық қызметтер көрсетуді (косметологиялық, санаторийлік-курорттық қызметтерді қоспағанда);

қосымша білім беруді;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтитын, бастауыш мектеп;

негізгі мектеп;

жоғары мектеп;

орта білімнен кейінгі білім беру;

жоғары білім беру;

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлері бойынша білім беру қызметін;

осы қызмет түрлері бойынша консультациялық қызметтер көрсетуді жүзеге асырса, оларға осы тармақша қолданылмайды;

6) егер ұйым бір мезгілде мынадай шарттарға сай келсе:

осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар ғана құрған коммерциялық емес ұйым болып табылса;

тек қана мынадай жұмыстар мен қызметтерді орындаса және көрсетсе:

кітапханалық қорды, оның ішінде электрондық нысанда уақытша пайдалануға берсе;

ақпаратты өңдеу үшін компьютерлерді, бағдарламалық қамтылым мен жабдықтарды уақытша пайдалануға берсе;

жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тек мынадай ұйымдарға:

осы тармақтың 1) – 5) тармақшаларында айқындалған дербес білім беру ұйымдарына;

өзіне әкімшілік-шаруашылық қызметті қамтамасыз ету мен оған қызмет етілуін ұйымдастыру жөніндегі жұмыстар мен қызметтердің көрсетілуі мақсатында осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген тұлға 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін құрған коммерциялық емес ұйымға ғана көрсетсе, осы ұйым дербес білім беру ұйымы болып танылады.

2. Дербес білім беру ұйымы бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасын айқындаған кезде осы Кодекстің 302-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы 100 пайызға азайтылады.

Осы баптың 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген дербес білім беру ұйымы алған таза кіріс немесе мүлік қатысушылар арасында бөлінген салықтық кезеңдер бойынша осы тармақтың ережесі қолданылмайды.

292-бап. Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйымға салық салу

1. Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйым бюджетке төленге жататын корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде мына қызмет түрлерінен түсетін кірістер бойынша осы Кодекстің 302-бабына сәкес есптелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100 пайызға азайтады:

1) жарғылық капиталды қалыптастыру үшін акцияларды, сондай-ақ осы тармақта көрсетілген қызметті қаржыландыру үшін облигацияларды шығару;

2) орналастырылған меншікті акциялар мен аблигацияларды сатып алу;

3) сатып алу туралы шешім қабылдау мақсатында банктердің және (немесе) бұрын банктер болып табылған заңды тұлғалардың активтерінің сапасын, талап қою құқықтарын бағалау;

4) банктерден күмәнді және үмітсіз активтерді, өзге де талап ету құқықтары мен активтерді сатып алу, оларды, оның ішінде сенімгерлік басқаруға беру жолымен басқару, иелену және (немесе) өткізу;

5) банктер шығарған және (немесе) банктер, бұрын банктер болып табылған заңды тұлғалар орналастырған акциялардың және (немесе) облигациялардың сапасын бағалау;

6) заңды тұлғалардың, оның ішінде талап ету құқықтары банктерден және (немесе) бұрын банктер болып табылған заңды тұлғалардан сатып алынған заңды тұлғалардың акцияларын және (немесе) жарғылық капиталына қатысу үлестерін сатып алу, оларды, оның ішінде сенімгерлік басқаруға беру жолымен басқару, иелену және (немесе) өткізу;

7) банктер шығарған және орналастырған акцияларды және (немесе) облигацияларды сатып алу, оларды, оның ішінде сенімгерлік басқаруға беру жолымен басқару, иелену және (немесе) өткізу;

8) банктерден және (немесе) бұрын банктер болып табылған заңды тұлғалардан сатып алынған және (немесе) алынған мүлікті мүліктік жалдауға

(жалға беруге) ұсыну немесе осындай мүлікті өзге уақытша өтеулі пайдалану нысанын пайдалану, оны сенімгерлік басқаруға беру;

9) банктерден және (немесе) бұрын банктер болып табылған заңды тұлғалардан сатып алынған талап ету құқықтары мен басқа да активтерді секьюритилендіру жөніндеі операциялар жүргізу;

10) бұрын банктер болып табылған заңды тұлғалардан заңды тұлғалардың акцияларын және (немесе) жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоса алғанда, талап ету құқықтары мен активтерді сатып алу, иелену, күтіп-ұстау, сақталуын қамтамасыз ету, оларды, оның ішінде сенімгерлік басқаруға беру жолымен басқару және (немесе) өткізу;

11) ақшаны бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына, сондай-ақ банктерге, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне банктік шот пен банктік салым шарттары талаптарымен орналастыру;

12) банктерді және (немесе) бұрын банктер болып табылған заңды тұлғаларды төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен қаржыландыруды жүзеге асыру.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген қызмет түрлерін жүзеге асырудан түсетін кірістер жалпыға бірдей айқындалған тәртіппен салық салынуға жатады. Бұл ретте екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйым осы бапқа сәйкес салық салынудан босатылатын кірістер бойынша және жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салынуға жататын кірістер бойынша бөлек есепке алуды жүргізуге міндетті.

3. Жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салынуға жататын кірістер алынған кезде екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйым шығыстарының шегерімге жатқызуға жататын сомасы осындай ұйымның таңдауы бойынша пропорционалды немесе бөлек әдіс бойынша айқындалады.

4. Шығыстардың жалпы сомасындағы шегерімге жатқызуға жататын шығыстар сомасы пропорционалды әдіс бойынша осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған кірістердің жалпы кіріс сомасындағы үлес салмағы негізге алына отырып айқындалады.

5. Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйым бөлек әдіс бойынша осы баптың 1-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған кірістерге жататын шығыстар және жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салынуға жататын кірістерге жататын шығыстар бойынша бөлек есепке алуды жүргізеді.

293-бап. Салық төлеушілердің басқа санаттарына салық салу

1. Осы баптың ережелерін мынадай:

1) Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелген теңіз кемесімен жүк тасымалдауды жүзеге асыратын;

2) тауарлармен электрондық сауданы жүзеге асыратын салық төлеушілер;

3) Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрме ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым қолданады.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген салық төлеуші Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелген теңіз кемесімен жүк тасымалдау жөніндегі қызмет бойынша және басқа қызмет түрлері бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің бөлек салықтық есепке алынуын жүргізеді.

Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелген теңіз кемесімен жүк тасымалдау жөніндегі қызмет бойынша осы Кодекстің 302-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығы 100 пайызға азайтылуға жатады.

3. Тауарлармен электрондық сауданы жүзеге асыратын салық төлеуші осы Кодекстің 302-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығын 100 пайызға азайтады.

Егер тауарлармен электрондық сауданы жүзеге асырудан түсетін, осындай қызмет жөніндегі операциялар бойынша туындаған оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі ескерілген кірістер жылдық жиынтық кірістің кемінде 90 пайызын құраған жағдайда, осы тармақтың ережелері қолданылады. Осы шарт сақталмаған кезде, салық төлеуші осы баптың ережелерін қолдануға құқылы емес.

4. Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрме ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым осы Кодекстің 302-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығын 100 пайызға азайтады.

Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, негізгі қызмет нысанасы Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрме ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ халықаралық мамандандырылған көрменің аумағын көрмеден кейін пайдалану болып табылатын заңды тұлға осы Кодекстің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрме ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым болып танылады.

5. Осы баптың ережелерін қолданатын салық төлеушілер осы Кодекстің 302-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығын

азайтуды көздейтін осы Кодекстің басқа ережелерін қолдануға құқылы емес.

30-тарау. БАҚЫЛАНАТЫН ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯНЫҢ ПАЙДАСЫНА САЛЫҚ САЛУ

294-бап. Осы тарауда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін тұлға:

1) осындай тұлға мынадай тұлғалардың бірі болып табылғанда:

бейрезидент-заңды тұлға;

заңды тұлғаны құрмай кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың өзге шетелдік нысаны (бұдан әрі – ұйымның өзге нысаны);

2) осындай тұлға мынадай шарттардың біріне жауап бергенде:

тұлғаға қатысу үлесінің (дауыс беретін акциялардың) 25 және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының резиденті (бұдан әрі осы тараудың мақсаттарында – резидент) болып табылатын заңды немесе жеке тұлғаға тікелей немесе жанама немесе конструктивті тиесілі;

резидентпен бақылау арқылы байланысты тұлға (егер резиденттің тұлғаға тікелей немесе жанама немесе конструктивті бақылауы болған жағдайда);

3) осындай тұлға мынадай шарттардың біріне сай келгенде:

осы баптың 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалатын бейрезидент-заңды тұлғаның немесе ұйымның өзге нысанының пайдасына салынатын тиімді салық мөлшерлемесі 10 пайыздан аз болса;

бейрезидент-заңды тұлға немесе ұйымның өзге нысаны жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелсе немесе өнда оның құрылтай құжаты (құрылуы туралы құжаты) тіркелсе немесе өзіне осындай ұйымның өзге нысаны бойынша кірістер мен шығыстарды есепке алуды жүргізу немесе активтерді басқару жүктелген қатысушы тіркелсе, ол бақыланатын шетелдік компания болып танылады.

Бақыланатын шетелдік компанияны айқындау мақсаттарында «бақылау» ұғымы осы баптың 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес айқындалады.

2. Мынадай:

1) ол жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген;

2) ол шет мемлекетте тіркелген және онда осы баптың 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалған тиімді пайда салығының мөлшерлемесі он пайыздан аз болады деген шарттардың біріне жауап беретін құрылымдық бөлімше немесе тұрақты мекеме бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесі болып танылады.

Бұл ретте осындай құрылымдық бөлімшені немесе тұрақты мекемені бір мезгілде осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігі 1) және 2) тармақшаларының

шарттарына жауап беретін тұлға құруға тиіс.

3. Мынадай:

1) осындай мемлекетте немесе осындай аумақта пайда салығының мөлшерлемесі 10 пайыздан аз мөлшерде белгіленген;

2) осындай мемлекетте немесе осындай аумақта қаржылық ақпараттың құпиялылығы туралы заңдар немесе мүліктің, кірістің іс жүзіндегі иеленушісі немесе заңды тұлғаның (компанияның) іс жүзіндегі иеленушілері, қатысушылары, құрылтайшылары, акционерлері туралы құпияны сақтауға мүмкіндік беретін заңдар болады деген шарттардың біріне жауап беретін шет мемлекет немесе шетелдік аумақ осы жеңілдікті салық салынатын мемлекет болып танылады.

Салық салу мақсаттары үшін уәкілетті органмен ақпарат алмасуды қамтамасыз етпейтін шет мемлекетті және шетелдік аумақты қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігі 2) тармақшасының ережелері өзімен Қазақстан Республикасының құзыретті органдар арасында салық салу мәселелері бойынша ақпарат алмасу туралы ереже көзделетін халықаралық шарты қолданылатын шет мемлекетке немесе шетелдік аумаққа қатысты қолданылмайды.

Мынадай шарттардың бірі орындалған:

1) уәкілетті орган шет мемлекеттің немесе шетелдік аумақтың құзыретті немесе уәкілетті органынан алмасылуы халықаралық шартта көзделген мәліметтерді ұсынудан жазбаша бас тарту алған;

2) уәкілетті орган тиісті сұрау салуды жолдағаннан кейін екі жылдан астам уақыт ішінде шет мемлекеттің немесе шетелдік аумақтың құзыретті немесе уәкілетті органы талап етілетін мәліметтерді бермеген кезде, мемлекет немесе аумақ салық салу мақсаттары үшін уәкілетті органмен ақпарат алмасуды қамтамасыз етпеген немесе қамтамасыз етпейтін мемлекет немесе аумақ болып танылады.

Осы тармаққа сәйкес айқындалған жеңілдікті салық салынатын мемлекеттер тізбесін уәкілетті орган бекітеді.

4. Осы Кодекстің осы тарауының және 32-тарауының мақсаттарында пайдаланылатын өзге де ұғымдар:

1) бақыланатын тұлға – мынадай шарттардың біріне жауап беретін тұлға:

резидентпен бақылау арқылы байланысты тұлға (егер резиденттің тұлғаға тікелей немесе жанама немесе конструктивті бақылауы болған жағдайда);

өзіне резиденттің қатысу үлесі тікелей немесе жанама немесе конструктивті түрде 50 пайыздан астамды құрайтын тұлға;

резидентпен (резидент-жеке тұлғаға қатысы бойынша) жақын туысы ретінде байланысты тұлға;

2) бақыланатын шетелдік компанияның тиімді салық мөлшерлемесі немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің тиімді

салық мөлшерлемесі – бақыланатын шетелдік компанияның тиімді пайда салығы мөлшерлемелерінің немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің тиімді пайда салығы мөлшерлемелерінің есепті кезең және есепті кезеңнің алдындағы қатарынан екі кезең үшін осы тармақтың 12) тармақшасына сәйкес айқындалатын орташа арифметикалық мәні.

Егер тиісті кезеңнің (кезеңдердің) қорытындысы бойынша бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасы нөлге тең болса немесе қаржылық залалы бар болса, тиімді мөлшерлеменің есеп-қисабында осындай кезеңдегі (кезеңдердегі) тиісті көрсеткіштер есепке алынбайды. Мұндай жағдайда, бақыланатын шетелдік компанияның тиімді пайда салығының мөлшерлемесі немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің тиімді пайда салығының мөлшерлемесі өздерінде қаржылық пайда алынған қалған кезеңдер санының тиісті көрсеткіштері негізге алына отырып айқындалады.

Егер бақыланатын шетелдік компания тіркелген мемлекеттің заңнамалық актілерінде еншілес (қауымдастырылған, бірлескен) ұйымдардың деректерін шоғырландырылмаған жеке қаржылық есептілік жасамай көрсете отырып, шоғырландырылған қаржылық есептілік жасау бойынша міндеттеме белгіленген жағдайда, бақыланатын шетелдік компанияның тиімді салық мөлшерлемесін есептеу үшін салық салынғанға дейінгі қаржылық пайда және пайда салығы көрсеткіштері мынадай тәртіппен қайта есептеледі:

егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі шоғырландырылған қаржылық пайдасы осындай сомаларды есепке алған жағдайда, салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдадан бақыланатын шетелдік компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігі бойынша танылған, еншілес ұйымдардың салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасының (залалының) топішілік операциялардың болатын пайда (залал) сомасына азайтылған сомасы, қауымдастырылған (бірлескен) ұйымдардың кірістеріндегі үлес алып тасталады;

егер бақыланатын шетелдік компанияның шоғырландырылған пайда салығының сомасы осындай сомаларды қамтыған жағдайда, пайда салығынан бақыланатын шетелдік компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігі бойынша, кейінге қалдырылатын салықтарды қоспағанда, ағымдағы салықтық шығыс ретінде танылған еншілес ұйымдардың пайда салығының сомасы алып тасталады;

3) бақылау – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына не бағалы қағаздарды сауда-саттыққа жіберу үшін қор биржалары қабылдайтын қаржылық есептілікті жасаудың халықаралық танылған өзге стандарттарына сәйкес айқындалатын бақылау;

4) есепті кезең – қаржылық пайда танылған қаржы кезеңі;

5) жақын туыстар:

жұбай (зайып);

балалар, оның ішінде асырап алынған балалар;

жұбайының (зайыбының), оның ішінде асырап алынған балалары;

немерелер;

жұбайының (зайыбының) немерелері;

асырауындағылар;

жұбайының (зайыбының) асырауындағылары;

ата-аналар;

жұбайының (зайыбының) ата-аналары;

бірге туған, бірге тумаған аға-інілер, апа-қарындастар-сіңлілер;

жұбайының (зайыбының) бірге туған, бірге тумаған аға-інілері, апа-қарындастары-сіңлілері;

6) жанама бақылау – резидентте бақыланатын тұлға (бақыланатын тұлғалар) арқылы бақылаудың болуы;

7) жанама иелену (жанама қатысу) – резиденттің бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін бақыланатын тұлға (бақыланатын тұлғалар) арқылы иеленуі;

8) конструктивті бақылау – резидентте тікелей және жанама бақылаудың болуы немесе резидентте және жақын туыста (туыстарда) (екеуінде бірлесіп) тікелей және (немесе) жанама бақылаудың болуы;

9) конструктивті иелену (конструктивті қатысу) – резиденттің бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін тікелей және жанама иеленуі немесе резиденттің және жақын туыстың (туыстардың) бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін тікелей және (немесе) жанама иеленуі (бірлесіп иеленуі);

10) қатысу үлесі (қатысу) – жарғылық капиталға қатысу үлесі (қатысу), дауыс беретін акциялардың жарғылық (акционерлік) капиталдағы үлесі (қатысуы) немесе ұйымның өзге нысанына қатысу үлесі (қатысу);

11) пайда салығы – шетелдік пайда салығы немесе үстеме пайда салығын немесе жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдері мен салықтарын қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы корпоративтік немесе жеке табыс салығына ұқсас өзге шетелдік салық;

12) тиімді мөлшерлеме – мынадай:

бекітілген қаржылық есептілік бойынша, кейінге қалдырылған салықтарды қоспағанда, ағымдағы салықтық шығыс ретінде қарастырылатын, есепті кезеңдегі пайда салығы сомасының есепті кезеңде бекітілген қаржылық есептіліктен есептелген, салық салынғанға дейінгі қаржылық пайданың оң шамасына қатынасы ретінде есептелген;

шет мемлекетте төленген, есепті кезеңдегі пайда салығы сомасының есепті кезеңде бекітілген қаржылық есептіліктен есептелген, салық салынғанға дейінгі қаржылық пайданың оң шамасына қатынасы ретінде есептелген мөлшерлемелердің ең азы ретінде айқындалатын пайда салығының мөлшерлемесі.

Егер салық салынғанға дейінгі қаржылық пайда ағымдағы немесе алдыңғы кезеңде төлем көзінен ұсталған салық салынған кірістерді қамтитын (қамтыған) жағдайда, пайда салығының сомасы осы тармақшаның мақсаттары үшін пайда салығын және төлем көзінен ұсталған салықты қамтиды;

13) тұлға:

жеке тұлға;

бейрезидент-заңды тұлға;

ұйымның өзге нысаны;

14) тікелей бақылау – егер номиналды ұстаушыдағы немесе сенімгерлік басқарушыдағы осындай бақылау іс жүзінде осындай резидентке тиесілі болса, резидентте тікелей немесе сенімгерлік басқарушы немесе номиналды ұстаушы арқылы бақылаудың болуы;

15) тікелей иелену (тікелей қатысу) – егер номиналды ұстаушыдағы немесе сенімгерлік басқарушыдағы осындай қатысу үлестері іс жүзінде осындай резидентке тиесілі болса, резиденттің қатысу үлестерін тікелей немесе сенімгерлік басқарушы немесе номиналды ұстаушы арқылы иеленуі.

295-бап. Жалпы ережелер

Бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасы немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасы екі рет салық салуға жатпайды.

Қосарланған салық салу мынадай тәртіппен жойылады:

1) бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан пайда салығы шет мемлекетте:

20 пайыздан аз тиімді мөлшерлеме бойынша төленген жағдайда – осындай пайда салығы осы Кодекстің 303-бабының 4-тармағында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығын төлеу есебіне есепке жатқызуға жатады;

20 және одан да көп пайыздық тиімді мөлшерлеме бойынша толенген жағдайда – осы Кодекстің 296-бабына сәйкес салық салудан босату қолданылады;

2) дивидендтер төлейтін бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасында салық салынған қаржылық пайдасынан резиденттің бақыланатын бір шетелдік компаниясы басқа осындай компанияға дивидендтер төлеген жағдайда – мұндай дивидендтер осы Кодекстің 297-бабының 4-тармағына сәйкес, дивидендтер алатын бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан шегеріледі;

3) егер бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасында Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған, Қазақстан Республикасында:

20 пайыз мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынған

кірістер, сондай-ақ дивидендтер түріндегі кірістер есепке алынған жағдайда – осындай кірістер осы Кодекстің 297-бабының 4-тармағына сәйкес бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан шегеріледі;

20 пайыздан аз мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынған кірістер есепке алынған жағдайда – осындай салық осы Кодекстің 302-бабына сәйкес резиденттің корпоративтік табыс салығынан шегерілуге жатады.

296-бап. Салық салудан босату

1. Мынадай шарттардың бірі орындалған кезде:

1) резидент бақыланатын шетелдік компанияға басқа резидент арқылы жүзеге асырылатын жанама қатысқан немесе бақылау жасаған кезде;

2) резидент бақыланатын шетелдік компанияға бақыланатын тұлға болып табылмайтын тұлға арқылы жүзеге асырылатын жанама қатысқан немесе бақылау жасаған кезде;

3) егер тұрақты мекеме құрған бақыланатын шетелдік компания тіркелген мемлекетте бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасына 20 және одан да көп пайызды құрайтын тиімді мөлшерлеме бойынша пайда салығы салынған болса;

4) егер өзі арқылы резидент бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін жанама иеленетін немесе бақылау жасауға жанама ие болатын бақыланатын тұлға тіркелген мемлекетте бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасына немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасына 20 және одан да көп пайызды құрайтын тиімді мөлшерлеме бойынша салық салынған болса;

5) егер жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасына немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасына 20 және одан да көп пайызды құрайтын тиімді молшерлеме бойынша салық салынған болса, бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасы немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасы Қазақстан Республикасында салық салудан босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағын қолдану мақсаттары үшін резидентте мыналар:

1) осы баптың 1-тармағының 1) немесе 2) тармақшасын қолдану жағдайында:

резиденттің осы баптың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген бақыланатын шетелдік компанияға жанама қатысатынын немесе жанама бақылау жасайтынын растайтын құжаттардың көшірмесі немесе

шоғырландырылған топтың барлық қатысушыларының атауын және олардың географиялық тұрған жерін (шоғырландырылған топ қатысушылары жасалған (құрылған) мемлекеттердің (аумақтардың) атауын),

шоғырландырылған топтың барлық қатысушыларының қатысу үлестерінің мөлшерлерін немесе бақылауының бар-жоғын және мемлекеттік және салықтық тіркелу нөмірлерін (салықтық тіркелу болған кезде) көрсете отырып, резидент қатысушысы (акционері) болып табылатын осындай шоғырландырылған топтың ұйымдық құрылымын көрсететін құжаттың көшірмесі;

2) осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасын қолдану жағдайында:

тұрақты мекемені құрған бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық есептілігінің көшірмесі;

бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық есептілігінің көшірмесі;

тұрақты мекемені құрған бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасына осындай тұрақты мекеменің қаржылық пайдасының қосылғанын растайтын, шет тілде жасалған ішкі құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

тұрақты мекемені құрған бақыланатын шетелдік компания тіркелген шет мемлекетте бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан пайда салығының төленгенін растайтын, шет тілде жасалған құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

мынадай құжаттардың бірі:

уәкілетті органның интернет-ресурсында, шет мемлекеттің заңнамалық актілерінде резиденттердің әлемдік кірістеріне салық салу туралы нормалардың бар-жоғы бөлігінде ақпарат;

тұрақты мекемені құрған бақыланатын шетелдік компания тіркелген мемлекетте резиденттердің әлемдік кірістеріне салық салу туралы нормаларды белгілейтін немесе белгілеу бөлігінде шет тілде жасалған заңнамалық актінің (актілердің) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі болуға тиіс.

Осы тармақшаның бірінші бөлігі сегізінші абзацының ережелері мыналар:

уәкілетті органның интернет-ресурсында, шет мемлекеттің заңнамалық актілерінде резиденттердің әлемдік кірістеріне салық салу туралы нормалардың бар-жоғы бөлігінде ақпарат немесе

шет мемлекеттің заңнамалық актілерінде резиденттердің әлемдік кірістеріне салық салу туралы нормаларының бар екені туралы резидентте бар мәліметтер уәкілетті органда болмаған жағдайларда қолданылады.

Тиімді мөлшерлемені айқындау кезінде, төлем көзінен алынатын салықты қосу жағдайында, резидентте:

салық салынғанға дейін қаржылық пайдаға қосылған кірістен (кірістерден) төлем көзінен алынатын салықтың ұсталғанын және шет мемлекеттің (шет мемлекеттердің) бюджетіне аударылғанын растайтын, шет тілде жасалған құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті

түрде аударма жасалған) көшірмесі;

төлем көзінен салық салынған кірістің (кірістердің) салық салынғанға дейін қаржылық пайдаға қосылғанын растайтын, шет тілде жасалған ішкі құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі болуға тиіс;

3) осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасын қолдану жағдайында:

бақыланатын шетелдік компанияға жанама иелену немесе жанама бақылау өзі арқылы жүзеге асырылатын бақыланатын тұлғаның шоғырландырылған қаржылық есептілігінің көшірмесі;

бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық есептілігінің немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық есептілігінің көшірмесі;

өзі арқылы резидент бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін жанама иеленетін немесе бақылау жасауға жанама ие болатын бақыланатын тұлғаның шоғырландырылған қаржылық пайдасына бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасының немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасының қосылғанын растайтын, шет тілде жасалған ішкі құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

өзі арқылы резидент бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін жанама иеленетін немесе бақылау жасауға жанама ие болатын бақыланатын тұлға тіркелген шет мемлекетте бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан пайда салығының төленгенін растайтын, шет тілде жасалған құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

мынадай құжаттарының бірі:

уәкілетті органның интернет-ресурсында, шет мемлекеттің заңнамалық актілерінде бақыланатын шетелдік компаниялардың қаржылық немесе салық салынатын пайдасына салық салу туралы нормалардың бар-жоғы бөлігінде ақпарат;

өзі арқылы резидент бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін жанама иеленетін немесе бақылау жасауға жанама ие болатын бақыланатын тұлға тіркелген мемлекетте бақыланатын шетелдік компаниялардың қаржылық немесе салық салынатын пайдасына салық салу туралы нормаларды белгілейтін немесе белгілеу бөлігінде шет тілде жасалған заңнамалық актінің (актілердің) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі болуға тиіс.

Осы тармақшаның бірінші бөлігі сегізінші абзацының ережелері:

уәкілетті органның интернет-ресурсында, шет мемлекеттің заңнамалық актілерінде бақыланатын шетелдік компаниялардың қаржылық немесе салық салынатын пайдасына салық салу туралы нормалардың бар-жоғы бөлігінде

ақпарат немесе

шет мемлекеттің заңнамалық актілерінде бақыланатын шетелдік компаниялардың қаржылық немесе салық салынатын пайдасына салық салу туралы нормалардың бар екені туралы резидентте бар мәліметтер уәкілетті орғанда болмаған жағдайларда қолданылады.

Тиімді мөлшерлемені айқындау кезінде, төлем көзінен алынатын салықты қосу жағдайында, резидентте:

салық салынғанға дейін қаржылық пайдаға қосылған кірістен (кірістерден) төлем көзінен алынатын салықтың ұсталғанын және шет мемлекеттің (шет мемлекеттердің) бюджетіне аударылғанын растайтын, шет тілде жасалған құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

төлем көзінен салық салынған кірістің (кірістердің) салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдаға қосылғанын растайтын, шет тілде жасалған ішкі құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі болуға тиіс;

4) осы баптың 1-тармағының 5) тармақшасын қолдану жағдайында:

бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық есептілігінің немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық есептілігінің көшірмесі;

бақыланатын шетелдік компания тіркелген немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесі тіркелген шет мемлекетте бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан пайда салығының төленгенін растайтын, шет тілде жасалған құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

тиімді мөлшерлемені айқындау кезінде, төлем көзінен алынатын салықты қосу жағдайында:

салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдаға қосылған кірістен (кірістерден) төлем көзінен алынатын салықтың ұсталғанын және шет мемлекеттің (шет мемлекеттердің) бюджетіне аударылғанын растайтын, шет тілде жасалған құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

төлем көзінен салық салынған кірістің (кірістердің) салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдаға қосылғанын растайтын, шет тілде жасалған ішкі құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі болуға тиіс.

3. Осы тарауды қолдану мақсаттары үшін уәкілетті орган өзінің интернет-ресурсында өздерінің заңнамалық актілерінде:

резиденттердің әлемдік кірістеріне;

бақыланатын шетелдік компаниялардың қаржылық немесе салық салынатын пайдасына салық салу туралы нормалар белгіленген шет

мемлекеттердің тізбесін орналастырады.

Осындай ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастыру мақсаттарында уәкілетті орган оны халықаралық шарттар негізінде ақпарат алмасу бойынша шет мемлекеттердің құзыретті органдарынан сұратуға немесе осындай ақпаратты осындай ақпараты бар халықаралық ұйымдардың интернет-ресурстарынан немесе олардан сұрау салу бойынша алуға құқылы.

297-бап. Бақыланатын шетелдік компанияның пайдасына салық салу

1. Бақыланатын шетелдік компаниялардың немесе бақыланатын шетелдік компаниялардың тұрақты мекемелерінің жиынтық пайдасы резидент-заңды тұлғаның салық салынатын кірісіне немесе резидент-жеке тұлғаның жылдық кірісіне қосылады және оған Қазақстан Республикасында корпоративтік немесе жеке табыс салығы салынады. Бұл ретте, резиденттің салық салынатын кірісі болмаған жағдайда, бақыланатын шетелдік компаниялардың немесе бақыланатын шетелдік компаниялардың тұрақты мекемелерінің жиынтық пайдасы резиденттің кәсіпкерлік қызметінен болатын залал сомасын азайтады. Бақыланатын шетелдік компаниялардың немесе бақыланатын шетелдік компаниялардың тұрақты мекемелерінің жиынтық пайдасы мен резиденттің кәсіпкерлік қызметінен болатын залал арасындағы оң айырма резиденттің салық салынатын кірісі болып танылады.

2. Бақыланатын шетелдік компаниялардың немесе бақыланатын шетелдік компаниялардың тұрақты мекемелерінің жиынтық пайдасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$П = П_1 \times Д_1 + П_2 \times Д_2 + ... + П_n \times Д_n$,

$П_1, П_2, ..., П_n = П_{сд} - А$, мұнда:

П – қаржылық пайдасы осы Кодекстің 296-бабына сәйкес салық салынудан босатылатын бақыланатын шетелдік компанияларды немесе бақыланатын шетелдік компаниялардың тұрақты мекемелерін қоспағанда, барлық бақыланатын шетелдік компаниялардың немесе бақыланатын шетелдік компаниялардың тұрақты мекемелерінің жиынтық пайдасы;

$П_1, П_2, ..., П_n$ – әрбір бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның әрбір тұрақты мекемесінің Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын қаржылық пайдасының оң шамасы;

$Д_1, Д_2, ..., Д_n$ – резиденттің әрбір бақыланатын шетелдік компанияға тікелей, жанама, конструктивті қатысу немесе тікелей, жанама, конструктивті бақылау жасау коэффициенті;

$П_{сд}$ – бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің есепті кезеңде салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасының оң шамасы;

А – резидент осы баптың 4-тармағына сәйкес, есепті кезеңде

бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасынан немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасынан жүргізген азайту сомасы.

3. Есепті кезеңде бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасын немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасын айқындау мынадай талаптар ескеріле отырып жүзеге асырылады:

1) егер осы тармақшаның үшінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, бақыланатын шетелдік компания тіркелген немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесі тіркелген елдің заңнамасында белгіленген стандартқа сәйкес жасалған, бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің бекітілген шоғырландырылмаған жеке қаржылық есептілігінің негізінде.

Егер бақыланатын шетелдік компания тіркелген немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесі тіркелген елдің заңнамасында қаржылық есептілікті жасау стандарты белгіленбеген жағдайда, бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасы немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына не бағалы қағаздарды сауда-саттыққа жіберу үшін қор биржалары қабылдайтын қаржылық есептілікті жасаудың халықаралық танылған өзге стандарттарына сәйкес жасалған қаржылық есептілік деректері бойынша айқындалады.

Осы тармақшаның екінші бөлігінің ережесі мына жағдайларда:

егер бақыланатын шетелдік компания тіркелген немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесі тіркелген елдің заңнамасында қаржылық есептілікті ішкі заңнамада белгіленген стандартқа сәйкес және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына не бағалы қағаздарды сауда-саттыққа жіберу үшін қор биржалары қабылдайтын қаржылық есептілікті жасаудың халықаралық танылған өзге стандарттарына сәйкес жасау міндеті көзделген;

егер бақыланатын шетелдік компания тіркелген немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесі тіркелген елдің заңнамасында қаржылық есептілікті халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына не бағалы қағаздарды сауда-саттыққа жіберу үшін қор биржалары қабылдайтын қаржылық есептілікті жасаудың халықаралық танылған өзге стандарттарына сәйкес жасау міндеті көзделген жагдайларда қолданылады;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген, бақыланатын шетелдік компания немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесі тіркелген елдің заңнамасында белгіленген стандартқа сәйкес жасалған қаржылық есептілік аудитінің болуы.

Егер бақыланатын шетелдік компания тіркелген немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесі тіркелген елдің заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік міндетті аудитке жатпаған жағдайда, бақыланатын

шетелдік компанияның қаржылық пайдасы немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасы өзінің аудиті халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген қаржылық есептілік деректері бойынша айқындалады.

Егер бақыланатын шетелдік компания тіркелген мемлекеттің заңнамасында еншілес (қауымдастырылған, бірлескен) ұйымдардың деректерін шоғырландырылмаған жеке қаржылық есептілік жасамай көрсете отырып, шоғырландырылған қаржылық есептілік жасау бойынша міндеттеме белгіленген жағдайда, осы тармақта белгіленген талаптар бақыланатын шетелдік компанияның осындай шоғырландырылған қаржылық есептілігіне және бақыланатын шетелдік компанияның еншілес (қауымдастырылған, бірлескен) ұйымдарының жекелеген қаржылық есептіліктеріне қолданылады.

Осы тармақта белгіленген талаптар орындалмаған кезде, сондай-ақ жеңілдікті салық салынатын мемлекеттің заңнамасында қаржылық есептілікті дайындау (қалыптастыру) туралы талап болмаған және бақыланатын шетелдік компанияда немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінде қаржылық есептілік болмаған жағдайларда, резиденттің салықтық кезеңі есепті кезең болып танылады. Бұл ретте осындай есепті кезеңде бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасының немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасының сомасын резидент өз таңдауы бойынша мына тәртіптердің бірімен:

1) осы Кодекстің ережелеріне сәйкес салық салынатын кірісті айқындау тәртібіне ұқсас тәртіппен айқындайды;

2) салық салынғанға дейінгі қаржылық пайданың сомасы есепті кезеңдегі бақыланатын шетелдік компания кірісінің немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесі кірісінің сомасы мен 0,5 коэффициенттің көбейтіндісі ретінде айқындалады. Кіріс сомасы есепті кезеңде бақыланатын шетелдік компанияның банктік шоттарына немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің банктік шоттарына ақша түсімдері негізге алына отырып айқындалады.

4. Резиденттің растайтын құжаттары болған кезде бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасын мынадай сомаларға:

1) егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі шоғырландырылған қаржылық пайдасы осындай соманы есепке алған жағдайда, бақыланатын шетелдік компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде танылған, топішілік операциялардан болатын пайда (залал) сомасына, қауымдастырылған (бірлескен) ұйымдардың кірістеріндегі үлеске азайтылған еншілес ұйымдардың салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасының (залалының) сомаларына азайтуға құқығы бар. Осы тармақшаның ережесі, егер бақыланатын шетелдік компания тіркелген мемлекеттің заңнамалық актілерінде еншілес (қауымдастырылған, бірлескен) ұйымдардың

деректерін шоғырландырылмаған жеке қаржылық есептілік жасамай көрсете отырып, шоғырландырылған қаржылық есептілік жасау бойынша міндеттеме белгіленген жағдайда қолданылады;

2) егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасы осы тармақшада көрсетілген салық салынатын кірісті есепке алған жағдайда, бақыланатын шетелдік компанияның филиал, өкілдік, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметтен алынатын, Қазақстан Республикасында 20 пайыз молшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынған салық салынатын кірісі;

3) егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасы осы тармақшада көрсетілген кірісті қамтыған жағдайда, бақыланатын шетелдік компания Қазақстан Республикасындағы көздерден алған, бұдан бұрын Қазақстан Республикасында төлем көзінде 20 пайыз мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынған, Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрмай қызметтер көрсетуден (жұмыстар орындаудан) алынатын, шығыстар сомасына азайтылған кіріс сомаларына азайтуға құқығы бар.

Осы тармақшаның мақсаттары үшін шығыстар сомасы бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық есептілік бойынша тікелей шығыстарының үлесі мен жалпы сомасының көбейтіндісі ретінде пропорционалды әдіспен айқындалады. Үлес осы тармақшада көрсетілген кіріс сомасының қаржылық есептілік бойынша бақыланатын шетелдік компания кірістерінің жиынтық сомасына қатынасы ретінде айқындалады;

4) егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасы осындай дивидендтерді қамтыған жағдайда, бақыланатын шетелдік компания Қазақстан Республикасындағы көздерден алған дивидендтер;

5) егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанга дейінгі қаржылық пайдасы осы тармақшада көрсетілген кірісті қамтыған жағдайда, бақыланатын шетелдік компания Қазақстан Республикасындағы көздерден алған, бұдан бұрын Қазақстан Республикасында төлем көзінен 20 пайыз мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынған, осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделгеннен өзге кіріс;

6) мынадай:

егер дивидендтер сомасы резиденттің басқа бақыланатын шетелдік компаниясының бұдан бұрын, есепті немесе алдыңғы салықтық кезеңде Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығы салынған қаржылық пайдасынан төленген жагдайда, осындай бақыланатын шетелдік компаниядан алынған дивидендтер сомасы,

көбейту

резиденттің дивидендтер төлейтін бақыланатын шетелдік компанияға жанама қатысу немесе жанама бақылау жасау коэффиценті деген формула бойынша айқындалатын шама сомаларына азайтуға құқығы бар.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 6) тармақшасында белгіленген азайту, егер мұндай қаржылық пайда осы тармақтың бірінші бөлігі 6) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген дивидендтер сомасын қамтитын болса, дивидендтер алушының – бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасына қолданылады.

5. Шет мемлекеттегі есепті кезең мен Қазақстан Республикасындағы осы Кодекстің 314-бабына сәйкес айқындалатын есепті салықтық кезеңнің ұзақтығы немесе басталу және аяқталу күндері сәйкес келмеген жағдайда, салық төлеуші Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын, әрбір бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасының немесе бақыланатын шетелдік компанияның әрбір тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасының мөлшерін ($К_1$, $К_2$) түзету коэффициенттерін қолдану арқылы, былайша:

$П_1, П_2, \ldots, П_n = П_б \times К_1 + П_{б+1} \times К_2$,

$К_1 = СК\ (БЕ)_1 / СК\ (БЕ)_3$,

$К_2 = СК\ (БЕ)_2 / СК\ (БЕ)_3$ түзетуге міндетті, мұнда:

$П_1, П_2, \ldots, П_n$ – әрбір бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның әрбір тұрақты мекемесінің Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын қаржылық пайдасының оң шамасы;

$П_б$ – Қазақстан Республикасындағы есепті салықтық кезеңнің шеңберіне кіретін бір есепті кезеңде, Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын, бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасының немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасының оң шамасы;

$П_{б+1}$ – Қазақстан Республикасындағы есепті салықтық кезеңнің шеңберіне кіретін басқа есепті кезеңде, Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын, бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасының немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасының оң шамасы;

$СК\ (БЕ)_1$ – Қазақстан Республикасындағы есепті салықтық кезеңнің шеңберіне кіретін, өзінің шегінде резидент бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін иеленетін немесе бақылау жасауға ие болатын, шет мемлекеттегі бір есепті кезең айларының саны;

$СК\ (БЕ)_2$ – Қазақстан Республикасындағы есепті салықтық кезеңнің шеңберіне кіретін, өзінің шегінде резидент бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін иеленетін немесе бақылау жасауға ие болатын, шет мемлекеттегі келесі есепті кезең айларының саны;

$СК\ (БЕ)_3$ – шет мемлекеттегі есепті кезең айларының жалпы саны.

Егер резидент толық емес (он екі айдан аз) есепті кезеңде бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін иеленген немесе бақылау жасауға ие болған жағдайда, резидент Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын әрбір бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасының

немесе бақыланатын шетелдік компанияның әрбір тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасының мөлшерін былайша:

$П_1, П_2, ..., П_n = П \times СК (БЕ)_4 / СК (БЕ)_3$ түзетуге құқылы, мұнда:

$П_1, П_2, ..., П_n$ – әрбір бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның әрбір тұрақты мекемесінің Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын қаржылық пайдасының оң шамасы;

П – есепті кезеңде бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын қаржылық пайдасының оң шамасы;

$СК (БЕ)_3$ – шет мемлекеттегі есепті кезең айларының жалпы саны;

$СК (БЕ)_4$ – Қазақстан Республикасындағы есепті салықтық кезеңнің шеңберіне кіретін, өзінің шегінде резидент бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін иеленетін немесе бақылау жасауға ие болатын, шет мемлекеттегі есепті кезең айларының саны.

6. Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын, әрбір бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасының немесе бақыланатын шетелдік компанияның әрбір тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасының шетелдік валютада көрсетілген сомасын резидент есепті кезеңдегі валюта айырбастаудың орташа арифметикалық нарықтық бағамын қолдана отырып теңгеге қайта есептейді.

7. Резиденттің әрбір бақыланатын шетелдік компанияға тікелей қатысу немесе тікелей бақылау жасау коэффициенті мынадай формула бойынша айқындалады:

$Д_1, Д_2, ..., Д_n = Х/100$ %, мұнда:

$Д_1, Д_2, ..., Д_n$ – резиденттің әрбір бақыланатын шетелдік компанияға тікелей қатысу немесе тікелей бақылау жасау коэффициенті;

Х – резиденттің әрбір бақыланатын шетелдік компанияға тікелей қатысу немесе тікелей бақылау жасау үлесі, пайызбен.

Резиденттің әрбір бақыланатын шетелдік компанияға жанама қатысу немесе жанама бақылау жасау коэффициенті мынадай формула бойынша айқындалады:

$Д_1, Д_2, ..., Д_n = Х_1/100$ % х $Х_2/100$ % х...х $Х_n/100$ %, мұнда:

$Д_1, Д_2, ..., Д_n$ – резиденттің әрбір бақыланатын шетелдік компанияға жанама қатысу немесе жанама бақылау жасау коэффициенті;

$Х_1$ – резиденттің жанама қатысу немесе жанама бақылау жасау өзі арқылы жүзеге асырылатын тұлғаға тікелей қатысу немесе тікелей бақылау жасау үлесі, пайызбен;

$Х_2$, ... – жанама қатысу немесе жанама бақылау жасау өздері арқылы жүзеге асырылатын әрбір алдыңғы тұлғаның әрбір келесі тұлғаға тиісті реттілікпен тікелей қатысу немесе тікелей бақылау жасау үлесі, пайызбен;

$Х_n$ – алдыңғы тұлғаның бақыланатын шетелдік компанияға тікелей

қатысу немесе тікелей бақылау жасау үлесі, пайызбен.

Резиденттің әрбір бақыланатын шетелдік компанияға конструктивті қатысу немесе конструктивті бақылау жасау коэффициенті мынадай тәртіптердің бірімен есептеледі:

1) резиденттің бақыланатын шетелдік компанияға тікелей қатысу немесе тікелей бақылау жасау коэффициенті

қосу

резиденттің бақыланатын шетелдік компанияға жанама қатысу немесе жанама бақылау жасау коэффициенті;

2) резиденттің бақыланатын шетелдік компанияға тікелей және (немесе) жанама қатысу немесе тікелей және (немесе) жанама бақылау жасау коэффициенті

қосу

егер бақыланатын тұлға резиденттің жақын туысы және Қазақстан Республикасының резиденті болып табылған жағдайда, бақыланатын тұлғаның бақыланатын шетелдік компанияға тікелей және (немесе) жанама қатысу немесе тікелей және (немесе) жанама бақылау жасау коэффициенті.

Резидент-жеке тұлға кәмелеттік жасқа толмаған резидент-жақын туыстар қатысатын бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін конструктивті иеленген кезде немесе резидент-жеке тұлғада осы компанияға конструктивті бақылау жасау болған кезде, осы баптың ережелері осындай конструктивті иеленуге немесе осындай конструктивті бақылау жасауға қолданылады. Резидент-жеке тұлға кәмелеттік және (немесе) зейнеткерлік жасқа толған резиденттер-жақын туыстар қатысатын бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін конструктивті иеленген кезде немесе резидент-жеке тұлғада осы компанияға конструктивті бақылау жасау болған кезде, осы тармақтың ережелері, осындай жақын туыстардың жазбаша келісуі болған жағдайда, осындай конструктивті иеленуге немесе осындай конструктивті бақылау жасауға қолданылады. Осындай жақын туыстың (жақын туыстардың) жазбаша келісуі болмаған кезде, осы тарауға сәйкес салықтық міндеттемені әрбір тұлға (резидент және резиденттің осындай жақын туысы (туыстары)), егер резиденттің және осындай жақын туыстың (туыстардың) бақыланатын шетелдік компанияға жиынтық қатысу үлесі 25 пайыздан асқан немесе резидент пен жақын туыс (туыстар) жиналып бақыланатын шетелдік компанияға бақылау жасауға ие болған жағдайда, бақыланатын шетелдік компаниядағы иелену немесе бақылау жасау үлесіне мөлшерлес түрде өзі дербес орындайды.

8. Осы баптың ережелері бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесіне қолданылады.

9. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасы резидентке берген және (немесе) резидент үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктерге, инвестициялық салықтық преференцияларға, барынша қолайлылық режиміне, сондай-ақ осы Кодексте көзделгеннен

анағұрлым қолайлырақ өзге де салық салу шарттарына қарамастан қолданылады.

10. Осы баптың мақсаттары үшін мына құжаттар растайтын құжаттар болып түсініледі:

1) осы баптың 3-тармағы үшінші бөлігінің 1) тармақшасын қолдану үшін:

бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің салық салынғанға дейінгі қаржылық пайда сомасын айқындауға мүмкіндік беретін құжаттар көшірмесі. Бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің банктік шоттарынан үзінді-көшірмелер, бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің іскерлік айналым ғұрыптарына сәйкес жүргізген операцияларын растайтын бастапқы құжаттар осындай құжаттар бола алады;

2) осы баптың 3-тармағы үшінші бөлігінің 2) тармақшасын қолдану үшін:

есепті кезеңде бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің банктік шоттарынан ай сайынғы үзінді-көшірмелердің көшірмесі;

3) осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасын қолдану үшін:

бақыланатын шетелдік компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігінің көшірмесі;

топішілік активтер мен міндеттемелердің, меншікті капиталдың, кірістердің, пайда салығы жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, шығыстардың және шоғырландырылған топ ұйымдары арасындағы операцияларға жататын ақша ағындарының (топішілік операциялар нәтижесінде туындайтын пайда немесе залал) бақыланатын шетелдік компания және оның барлық еншілес ұйымдары бөлінісінде таратып жазылуының (таратып жазылуларының) көшірмесі;

бақыланатын шетелдік компанияның еншілес (қауымдастырылған, бірлескен) ұйымдарының бекітілген қаржылық есептіліктерінің көшірмесі;

осы тармақшада көрсетілген әрбір қаржылық есептілікке аудиторлық есептің көшірмесі;

бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі шоғырландырылған қаржылық пайдасына еншілес ұйымдардың топішілік операциялардан болатын пайда (залал) сомасына, қауымдастырылған (бірлескен) ұйымдардың кірістеріндегі үлеске азайтылған, салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасының (залалының) қосылғанын растайтын, шет тілде жасалған ішкі құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

4) осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасын қолдану үшін:

бақыланатын шетелдік компанияның филиал, өкілдік, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен алынатын, салық салынатын кірісінен Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығының есептелгенін және төленгенін растайтын құжаттардың, оның ішінде корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияның көшірмесі;

бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын (салық салынған) қаржылық пайдасына Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістердің қосылғанын растайтын, шет тілде жасалған ішкі құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

5) осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 3), 4) және 5) тармақшаларын қолдану үшін:

Қазақстан Республикасында осындай кіріске салық салынған жағдайда, бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірісінен төлем көзінен корпоративтік табыс салығының ұсталғанын және Қазақстан Республикасының бюджетіне аударылғанын растайтын құжаттың көшірмесі;

бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған дивидендтерді бөлгенін және төлегенін растайтын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі (дивидендтерге қатысты ғана қолданылады);

бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын (салық салынған) қаржылық пайдасына Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістердің қосылғанын растайтын, шет тілде жасалған ішкі құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

6) осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 6) тармақшасын қолдану үшін:

резиденттің бақыланатын екі шетелдік компаниясының арасында дивидендтердің бөлінгенін және төленгенін растайтын құжаттардың көшірмесі;

бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын (салық салынған) қаржылық пайдасына резиденттің басқа бақыланатын шетелдік компаниясы төлеген (төлейтін) дивидендтердің қосылғанын растайтын, шет тілде жасалған ішкі құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі.

Осы баптың 3 немесе 4-тармақтарының ережелерін қолданатын резидентте осы тармақта көрсетілген құжаттар немесе олардың көшірмесі болуға тиіс.

11. Резидент бақыланатын шетелдік компаниялардың немесе бақыланатын шетелдік компаниялардың тұрақты мекемелерінің жиынтық пайдасы қосылған корпоративтік немесе жеке табыс салығы бойынша декларацияларды тапсырғаннан кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей,

уәкілетті органға нотариат куәландырылған қазақ немесе орыс тіліне аудармасын қоса бере отырып, мына құжаттардың:

1) резидент-заңды тұлғаның шоғырландырылған қаржылық есептілігінің;

2) егер бақыланатын шетелдік компания тіркелген мемлекеттің заңнамасында еншілес (қауымдастырылған, бірлескен) ұйымдардың деректерін шоғырландырылмаған жеке қаржылық есептілік жасамай көрсете отырып, шоғырландырылған қаржылық есептілік жасау белгіленген жағдайда, әрбір бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның әрбір тұрақты мекемесінің шоғырландырылмаған жеке қаржылық есептілігінің немесе бақыланатын шетелдік компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігінің;

3) егер бақыланатын шетелдік компания тіркелген мемлекеттің заңнамасында еншілес (қауымдастырылған, бірлескен) ұйымдардың деректерін шоғырландырылмаған жеке қаржылық есептілік жасамай көрсете отырып, шоғырландырылған қаржылық есептілік жасау жөнінде міндеттеме белгіленген жағдайда, бақыланатын шетелдік компанияның еншілес (қауымдастырылған, бірлескен) ұйымдарының қаржылық есептіліктерінің;

4) осы тармақта көрсетілген әрбір қаржылық есептілікке аудиторлық есептің көшірмесін ұсынуға міндетті.

Егер салық декларациясын беру күнінде қаржылық есептіліктің аудиті аяқталмаған жағдайда, аудиторлық есеп қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп бекітілген күннен кейінгі отыз жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынылады.

12. Егер бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің алдыңғы есепті кезеңдегі қаржылық есептілігінің немесе бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін жанама иелену немесе жанама бақылау жасау өзі арқылы жүзеге асырылатын бақыланатын тұлғаның алдыңғы есепті кезеңдегі қаржылық есептілігінің аудитінің қорытындысы бойынша осындай қаржылық есептілікке түзету жүргізіліп, ол есепті кезеңде көрсетілген жағдайда, онда осындай түзетулер салық салу мақсаттарында есепті кезеңде қабылданады.

Егер халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына не бағалы қағаздарды сауда-саттыққа жіберу үшін қор биржалары қабылдайтын қаржылық есептілікті жасаудың халықаралық танылған өзге стандарттарына сәйкес осындай аудит қорытындысы бойынша жүргізілген түзетулерді ескере отырып, жаңартылған түзетілген қаржылық есептілік жасау (қалыптастыру) талап етілген жағдайда, осы баптың ережелері, оның ішінде аудиторлық есептің болуы туралы талап осындай жаңартылған қаржылық есептілікке қолданылады.

13. Резидент-заңды тұлғаның салық салынатын кірісіне немесе резидент-жеке тұлғаның салық декларациясы бойынша жылдық кірісіне осы бапта айқындалған тәртіппен салық салынуға жататын, бақыланатын шетелдік

компанияның қаржылық пайдасын немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасын қоспау немесе резиденттің салық декларациясында бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің осындай қаржылық пайдасының сомасын төмендету Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

14. Егер бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық есептілігіне аудиторлық есепті бекіту мерзімі Қазақстан Республикасында корпоративтік немесе жеке табыс салығы бойынша декларация беру мерзімінен кейін басталған жағдайда, егер резидент мұндай аудиторлық есеп бекітілген күннен кейінгі отыз жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде осы тарауға сәйкес салықтық міндеттемені орындаса, осындай резидент жауаптылықтан және өсімпұлдың есепке жазылуынан босатылады.

15. Резидент бір мезгілде мынадай шарттар орындалған кезде:

1) егер осы баптың 16-тармағына сәйкес уәкілетті органда бар мәліметтер негізінде, халықаралық шартқа сәйкес шет мемлекеттің құзыретті немесе уәкілетті органымен жүргізілген ақпарат алмасу нәтижелері бойынша уәкілетті орган:

резиденттің бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін тікелей немесе жанама немесе конструктивті иеленетіні не резидентте осы компанияға тікелей немесе жанама немесе конструктивті бақылаудың бар екені туралы;

пайда салығының тиімді мөлшерлемесі туралы;

бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасы туралы ақпарат алған жагдайда;

2) резиденттің осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген ақпаратты өзі дербес алуы мүмкін болмаған жағдайда;

3) резидент тиісті салық органына бақыланатын шетелдік компанияға қатысу (бақылау жасау) туралы өтініш және резидент-заңды тұлғаның салық салынатын кірісіне немесе резидент-жеке тұлғаның жылдық кірісіне салық салынуға жататын бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасын немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасын қоса отырып, алдыңғы және (немесе) есепті салықтық кезең (кезеңдер) үшін корпоративтік немесе жеке табыс салыгы бойынша декларацияны салық органының хабарламасында белгіленген мерзімдерде берген жағдайда, жауаптылықтан және өсімпұлдың есепке жазылуынан босатылады.

Бір мезгілде мынадай шарттардың орындалуы:

1) резиденттің бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлесінің мөлшері немесе бақылау жасау және (немесе) бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты

мекемесінің тиісті кезең (кезеңдер) үшін жеке қаржылық есептілік ұсынуы бөлігінде бақыланатын шетелдік компанияға өзі дербес және (немесе) бақыланатын тұлға арқылы бір реттен көп сұрау салу жіберуі және өзінің сұрау салуларына жауап алмауы;

2) бақыланатын шетелдік компанияның жариялануды қаламайтыны себепті интернет-ресурстарда, бұқаралық ақпарат құралдарында және өзге ақпарат көздерінде бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық есептілік деректері туралы ақпараттың болмауы ақпарат алу мүмкіндігінің болмауы деп түсініледі.

16. Резиденттің өзімен арада Қазақстан Республикасының халықаралық шарты қолданылатын шет мемлекеттің құзыретті немесе уәкілетті органынан мынадай:

1) резиденттің бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлесінің мөлшері не резиденттің оған бақылауының бар екені туралы;

2) тиісті кезеңде (кезеңдерде) бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің пайда салығының тиімді мөлшерлемесі туралы (қажет болған кезде);

3) тиісті кезеңде (кезеңдерде) бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасы туралы (қажет болған кезде);

4) тиісті кезеңде (кезеңдерде) бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің аудиттен өткен қаржылық есептілігі туралы ақпарат және (немесе) құжаттар алу бөлігінде оған сұрау салуды жіберу туралы өтінішпен уәкілетті органға жүгінуге құқығы бар.

Резидент уәкілетті органға берілетін жолданымға жанама немесе конструктивті қатысу не жанама немесе конструктивті бақылау өздері арқылы жүзеге асырылатын, барлық қатысы бар бақыланатын тұлғаларды ашып көрсете отырып, бақыланатын шетелдік компания туралы ақпаратты қоса береді. Резидент жолданымға, сондай-ақ, бақыланатын шетелдік компанияның атына өзі дербес жіберген немесе бақыланатын тұлға арқылы жіберілген бақыланатын шетелдік компанияның осы тармақта көрсетілген ақпаратты және (немесе) құжаттарды беруі туралы сұрау салулардың көшірмесін қоса беруге құқылы.

298-бап. Бақыланатын шетелдік компанияға қатысу (бақылау жасау) туралы өтініш

1. Резидент:

1) бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерінің 25 және одан да көп пайызын тікелей немесе жанама немесе конструктивті сатып алған не бақылау жасауды тікелей немесе жанама немесе конструктивті сатып алған;

2) бақыланатын шетелдік компания құрылған (жасалған);

3) бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлесі не бақылау өзгертілген;

4) бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерінің 25 және одан да көп пайызы не бақылау жасау тоқтатылған;

5) бақыланатын шетелдік компания тоқтатылған (таратылған) күннен кейінгі алпыс жұмыс күнінен кешіктірмей, бақыланатын шетелдік компанияға қатысу (бақылау жасау) туралы өтініш ұсынуға міндетті.

2018 жылғы 1 қаңтарға дейін сатып алынған, бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін тікелей немесе жанама немесе конструктивті иеленетін не оған тікелей немесе жанама немесе конструктивті бақылауы бар резидент бақыланатын шетел компаниясына қатысу (бақылау жасау) туралы өтінішті 2018 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей ұсынуға міндетті.

Келесі салықтық кезеңдерде бақыланатын шетелдік компанияға қатысу (бақылау жасау) туралы өтініш есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде ұсынылады.

Бақыланатын шетелдік компанияға қатысу (бақылау жасау) туралы өтініш салық органына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ұсынылады.

2. Егер осы тармақтың екінші бөлігінде өзгеше көзделмесе, резидент бақыланатын шетелдік компанияға қатысу (бақылау жасау) туралы өтінішті тұрғылықты немесе тұрған жері бойынша салық органына ұсынады.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес ірі салық төлеушілер санатына жатқызылған резидент-заңды тұлға бақыланатын шетелдік компанияға қатысу (бақылау жасау) туралы өтінішті ірі салық төлеушілердің мониторингін жүзеге асыратын уәкілетті органға ұсынуға міндетті. Бұл ретте резидент-салық төлеуші өтініштің көшірмесін өзінің тұрған жеріндегі салық органына жіберуге тиіс.

3. Бақыланатын шетелдік компанияға қатысу (бақылау жасау) туралы ұсынылған өтініште мәліметтердің толық еместігі, оны толтырудағы дәлсіздіктер не қателер анықталған жағдайда, резидент жаңартылған ақпарат ескеріле отырып түзетілген өтініш ұсынуға құқылы.

4. Салық органында, оның ішінде тараптарының бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық шартқа сәйкес салық салу мақсаттарында ақпарат алмасу шеңберінде шет мемлекеттің құзыретті немесе уәкілетті органынан алынған, бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлесінің не тікелей немесе жанама немесе конструктивті бақылау жасаудың резидентке тікелей немесе жанама немесе конструктивті тиесілі екенін куәландыратын ақпарат болған кезде және осындай резидент осы бапқа сәйкес бақыланатын шетелдік компанияға қатысу (бақылау жасау) туралы өтінішті белгіленген мерзімдерде ұсынбаған жағдайда, салық органы осындай резидент-салық төлеушіге Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жібереді, онда мынадай ақпарат көрсетілуге тиіс:

1) хабарлама жіберілетін резиденттің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) салық органында осы компанияға немесе тұрақты мекемеге қатысты резиденттің бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін тікелей немесе жанама немесе конструктивті иеленетінін не оған тікелей немесе жанама немесе конструктивті бақылауы бар екенін куәландыратын ақпарат бар, бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің атауы;

3) бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің мемлекеттік және (немесе) салықтық тіркелу нөмірлері (салықтық тіркелу болған кезде);

4) бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін не бақылау жасауды резиденттікі деп тану бойынша салық органдарында бар негіздердің сипаттамасы;

5) бақыланатын шетелдік компанияға қатысу (бақылау жасау) туралы өтінішті ұсыну туралы талап;

6) осы Кодекстің 297-бабына сәйкес салықтық міндеттемені көрсете отырып, корпоративтік немесе жеке табыс салығы бойынша декларацияны ұсыну туралы талап.

5. Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіскен жағдайда, резидент Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы хабарлама алынған күннен кейінгі отыз жұмыс күнінен кешіктірмей, тиісті салық органына бақыланатын шетелдік компанияға қатысу (бақылау жасау) туралы өтініш, бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін тікелей немесе жанама немесе конструктивті иелену не оған тікелей немесе жанама немесе конструктивті бақылауы болу кезеңі үшін, осы Кодекстің 297-бабына сәйкес туындайтын салықтық міндеттемені қосу бөлігінде салық декларациясын ұсынады.

6. Хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, резидент мына құжаттардың бірін ұсынады:

1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберген салық органына – анықталған бұзушылықтар бойынша қағаз жеткізгіште жазбаша нысанда немесе электрондық құжат нысанында түсінік;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберген салық органының лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) уәкілетті органға немесе сотқа шағым.

Бұл ретте резидент түсініктермен бірге резиденттің бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін тікелей немесе жанама немесе конструктивті иеленуі не резидентте оған тікелей немесе жанама немесе конструктивті бақылау жоқ екенін куәландыратын құжаттарды ұсынуға міндетті.

7. Салық органы резидент ұсынған түсініктерді және растайтын құжаттарды қарауға міндетті.

8. Резидент-салық төлеуші мынадай шарттардың бірі орындалған кезде:

хабарлама жіберген салық органының лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым болмаған және салық төлеуші хабарламаны орындамаған кезде;

резидент-салық төлеушінің түсініктерін және растайтын құжаттарын қарау қорытындысы бойынша, салық органында бар және (немесе) болған, осы баптың 4-тармағында көрсетілген, бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерінің резидентке тікелей немесе жанама немесе конструктивті тиесілі екені не оның осы компанияға тікелей немесе жанама немесе конструктивті бақылауы бар екені туралы ақпаратты теріске шығаратын негіздер болмаған кезде, бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін тікелей немесе жанама немесе конструктивті иеленуші не оған тікелей немесе жанама немесе конструктивті бақылауы бар болып танылады.

Осы тарауға сәйкес резидентті бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін тікелей немесе жанама немесе конструктивті иеленуші деп таныған не резиденттің оган тікелей немесе жанама немесе конструктивті бақылауы бар деп таныған жагдайда, осындай резидентке осы тараудың ережелері қолданылады. Бұл ретте салық органы осындай резидент-салық төлеушіге оны бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін тікелей немесе жанама немесе конструктивті иеленуші не оған тікелей немесе жанама немесе конструктивті бақылауы бар деп тану туралы шешімді осындай тану туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

9. Бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін тікелей немесе жанама немесе конструктивті иеленуші не оған тікелей немесе жанама немесе конструктивті бақылауы бар деп танылған резидент-салық төлеуші осындай шешімді алған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей, осы шешімге уәкілетті органға шағым жасауға құқылы.

10. Осы баптың 8-тармағының ережелері бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін:

1) резидент мынадай түрдегі:

соттың;

жоғары тұрған салық органының;

уәкілетті органның шағымды қанағаттандырудан бас тартуының бірін алған кездегі;

2) салық төлеуші Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны немесе салық органының резидент-салық төлеушіні бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін тікелей немесе жанама немесе конструктивті иеленуші не оған тікелей немесе жанама немесе конструктивті бақылауы бар деп тану туралы

шешімін орындамаған кездегі жағдайларға да қолданылады.

11. Осы баптың 4 – 10-тармақтарының ережелері резидент өзінде бір немесе бірнеше бақыланатын шетелдік компания туралы мәліметтер берілмеген бақыланатын шетелдік компанияға қатысу (бақылау жасау) туралы өтінішті уақтылы ұсынған жағдайларға да қолданылады.

31-тарау. ЗАЛАЛДАР

299-бап. Залал ұғымы

1. Мыналар:

1) осы Кодекстің 241-бабында көзделген түзетулер ескерілгенде, шегерімдердің жылдық жиынтық кірістен асып кетуі;

2) кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан шегілетін залал кәсіпкерлік қызметтен шегілетін залал болып танылады.

2. Мыналар:

1) борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздар бойынша – өткізу құны мен сатып алу құны арасындағы теріс айырма;

2) борыштық бағалы қағаздар бойынша – өткізу күніндегі дисконт амортизациясы мен (немесе) сыйлықақы ескерілгенде, өткізу құны мен сатып алу құны арасындағы теріс айырма бағалы қағаздарды өткізуден шегілетін залал болып табылады.

3. Туынды қаржы құралы бойынша залалдар осы Кодекстің 278 және 279-баптарына сәйкес айқындалатын шығыстардың түсімдерден асып кетуі ретінде айқындалады.

Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, туынды қаржы құралы бойынша залалдар құқықтар орындалған, мерзімінен бұрын немесе өзгеше тоқтатылған күні, сондай-ақ өзі бойынша талаптар туынды қаржы құралымен бұрын жасалған мәміле бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара өтейтін туынды қаржы құралымен мәміле жасалған күні танылады.

Своп бойынша, сондай-ақ қолданылу мерзімі жасалған күнінен бастап он екі айдан асатын, орындалуы қаржы құралының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін мөлшері бағаның, валюта бағамының, пайыздық мөлшерлемелер көрсеткіштерінің, индекстердің және осындай туынды қаржы құралы белгілеген өзге көрсеткіштің өзгеруіне байланысты болатын төлемдерді жүзеге асыруды көздейтін өзге туынды қаржы құралы бойынша залалдар осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген асып кету пайда болатын әрбір салықтық кезеңде танылады.

Бұл ретте хеджирлеу немесе базалық активті беру мақсаттарынан өзге мақсаттарда пайдаланылатын туынды қаржы құралы бойынша залалдар осы Кодекстің 300-бабының 12-тармағында айқындалған тәртіппен ауыстырылады.

Хеджирлеу мақсаттарында қолданылатын туынды қаржы құралы бойынша залалдар осы Кодекстің 280-бабына сәйкес есепке алынады.

4. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін сатып алынған активтерді қоспағанда, жер учаскелерін, аяқталмаған құрылыс объектілерін, орнатылмаған жабдықты өткізуден шегілген залал осындай активтердің өткізілу құны мен бастапқы құнының арасындағы теріс айырма болып табылады.

5. Осы баптың 2, 3 және 4-тармақтарында көрсетілген залалдар, сондай-ақ I топтың тіркелген активтерінің шығып қалуынан шегілген залалдар кәсіпкерлік қызметтен шегілген залал болып табылмайды.

300-бап. Залалдарды ауыстыру

1. Кәсіпкерлік қызметтен шегілген залалдар, сондай-ақ I топтың тіркелген активтерінің шығып қалуынан шегілген залалдар және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін сатып алынған активтерді қоспағанда, аяқталмаған құрылыс объектілерін, орнатылмаған жабдықты өткізуден шегілген залалдар осы салықтық кезеңдердің салық салынатын кірісі есебінен өтеу үшін соңғы жылы қоса алынатын келесі он жылға ауыстырылады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін сатып алынған жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін өткізуден шегілген залалдар осындай активтерді өткізу кезінде алынған, құн өсімінен түсетін кіріс есебінен өтеледі.

Егер бұл залалдар өздері орын алған кезеңде өтеле алмаса, онда олар соңғы жылы қоса алынатын келесі он жылға ауыстырылуы және жер учаскелерін өткізу кезінде алынған, құн өсімінен түсетін кірістер есебінен өтелуі мүмкін.

3. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, бағалы қағаздарды өткізу кезінде туындайтын залалдар осы баптың 4, 5, 6 және 7-тармақтарында көрсетілген бағалы қағаздарды өткізу кезінде алынған, құн өсімінен түсетін кірісті қоспағанда, басқа бағалы қағаздарды өткізу кезінде алынған, құн өсімінен түсетін кіріс есебінен өтеледі.

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, егер осы залалдар өздері орын алған кезеңде өтеле алмаса, онда олар соңғы жылы қоса алынатын келесі он жылға ауыстырылуы және басқа бағалы қағаздарды өткізу кезінде алынған, құн өсімінен түсетін кірістер есебінен өтелуі мүмкін.

4. Акцияларды, резидент-заңды тұлғаға немесе Қазақстан Республикасында құрылған консорциумға қатысу үлестерін өткізуден туындаған залалдар акцияларды, резидент-заңды тұлғаға немесе Қазақстан Республикасында құрылған консорциумға қатысу үлестерін өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер есебінен өтеледі. Осы тармақ бір мезгілде мынадай шарттар орындалған кезде қолданылады:

акциялар немесе қатысу үлестері өткізілетін күні салық төлеуші осы акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленеді;

осындай эмитент-заңды тұлға немесе қатысу үлесі өткізіліп жатқан осындай заңды тұлға немесе осындай консорциумға қатысу үлесін өткізетін осындай консорциум қатысушысы жер қойнауын пайдаланушы болып табылмайды;

жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі осындай эмитент-заңды тұлға немесе қатысу үлесі өткізілетін осындай заңды тұлға активтерінің құнында немесе қатысу үлесі өткізілетін консорциум қатысушылары активтерінің жалпы құнында осындай өткізу күніне 50 пайыздан аз болады.

Салық төлеушінің акцияларды немесе қатысу үлестерін иеленудің осы тармақта көрсетілген мерзімі, егер мұндай акцияларды немесе қатысу үлестерін салық төлеуші бұрынғы меншік иелерінің қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде алса, бұрынғы меншік иелерінің акцияларды немесе қатысу үлестерін иелену мерзімдері ескеріле отырып, жиынтық түрде айқындалады.

Жерасты суларын және (немесе) кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтажы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан ғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы, сондай-ақ акциялар немесе қатысу үлестері өткізілген айдың бірінші күнінің алдындағы он екі айлық кезең ішінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан өзінің және (немесе) өзара байланысты тарап болып табылатын резидент-заңды тұлғаға тиесілі өндірістік қуаттарда көрсетілген кезеңде көмірді қоса алғанда, өндірілген минералды шикізаттың кемінде 70 пайызын кейінгі қайта өңдеуді (бастапқы қайта өңдеуден кейін) жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы осы тармақтың мақсатында жер қойнауын пайдаланушы деп танылмайды.

Көмірді қоса алғанда, кейінгі қайта өңдеуге жіберілген минералды шикізаттың көлемін айқындаған кезде:

бастапқы қайта өңдеуден кейінгі кез келген қайта өңдеу нәтижесінде алынған өнімді өндіруге тікелей жіберілген;

бастапқы қайта өңдеу өнімін кейінгі қайта өңдеуде одан әрі пайдалану мақсатында өндіруге пайдаланылған шикізат ескеріледі.

Бұл ретте акциялары немесе қатысу үлестері өткізілетін заңды тұлға немесе консорциум активтерінің құнындағы жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалар (тұлға) мүлкінің үлесі осы Кодекстің 650-бабына сәйкес айқындалады.

5. Өткізу күні Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізуден туындайтын залалдар өткізу күні Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін

кіріс есебінен өтеледі.

6. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізуден туындайтын залалдар мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кіріс есебінен өтеледі.

7. Агенттік облигацияларды өткізуден туындайтын залалдар агенттік облигацияларды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кіріс есебінен өтеледі.

8. Егер осы баптың 4, 5, 6 және 7-тармақтарында көрсетілген залалдар өздері орын алған кезеңде өтеле алмаса, онда олар келесі салықтық кезеңдерге ауыстырылмайды.

9. Арнаулы қаржы компаниясының Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын қызметтен алынған залалдары бөлінген активтермен қамтамасыз етілген облигациялардың айналысы мерзімі ішінде секьюритилендіру мәмілелерінде ауыстырылуы мүмкін.

10. Ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолдану шеңберінде алынған залалдар келесі салықтық кезеңдерге ауыстырылмайды.

11. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымы алған залалдар келесі салықтық кезеңдерге ауыстырылмайды.

12. Хеджирлеу немесе базалық активті беру мақсаттарынан өзге мақсаттарда пайдаланылатын туынды қаржы құралдары бойынша залалдар хеджирлеу немесе базалық активті беру мақсаттарынан өзге мақсаттарда пайдаланылатын туынды қаржы құралдары бойынша кірістер есебінен өтеледі.

Егер осындай залалдар өздері туындаған кезеңде өтеле алмаса, онда олар соңғы жылы қоса алынатын келесі он жылға ауыстырылуы және хеджирлеу немесе базалық активті беру мақсаттарынан өзге мақсаттарда пайдаланылатын туынды қаржы құралдары бойынша кірістер есебінен өтелуі мүмкін.

13. Осы баптың 10-тармағында көрсетілгенді қоспағанда, заңды тұлғаның осы Кодекстің 302-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығын 100 пайызға азайту көзделген қызмет бойынша кәсіпкерлік қызметтен шеккен залалдары келесі салықтық кезеңдерге ауыстырылмайды.

14. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес жасалған инвестициялық келісімшарт шеңберінде инвестициялық басым жобаны іске асыратын ұйым алған залалдар осындай инвестициялық келісімшарттың қолданылуы тоқтатылған салықтық кезеңнен кейінгі салықтық кезеңдерге ауыстырылмайды.

301-бап. Қайта ұйымдастыру кезінде залалдарды ауыстыру

1. Бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастыруға

байланысты берілетін залалдар жаңадан құрылған салық төлеушілер арасында бөлу балансы негізінде берілетін активтер құнының бөлу балансы жасалған күннің алдындағы күнгі жағдай бойынша қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға активтерінің құнындағы үлес салмағына пропорционал түрде бөлінеді және осы Кодекстің 300-бабында айқындалған тәртіппен ауыстырылады.

2. Заңды тұлға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес қосылу немесе бірігу жолымен қайта ұйымдастырылған кезде, қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның залалдары құқық мирасқорына әрбір қайта ұйымдастыру кезінде бір рет беріледі және оларды құқық мирасқоры осы Кодекстің 300-бабында айқындалған тәртіппен ауыстырады.

32-тарау. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ МЕРЗІМДЕРІ

302-бап. Корпоративтік табыс салығының сомасын есептеу

1. Таза кіріске салынатын корпоративтік табыс салығын және толем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын қоспағанда, салықтық кезең үшін корпоративтік табыс салығы мынадай тәртіппен есептеледі:

осы Кодекстің 313-бабының 1 немесе 2-тармағында белгіленген мөлшерлеменің және осы Кодекстің 288-бабында көзделген кірістер мен шығыстар сомасына азайтылған, сондай-ақ осы Кодекстің 300-бабына сәйкес ауыстырылатын залалдар сомасына азайтылған салық салынатын кірістің көбейтіндісі,

алу

осы Кодекстің 303-бабына сәйкес есепке жатқызу жүзеге асырылатын корпоративтік табыс салығының сомасы,

алу

салықтық кезеңде ұтыс түріндегі кірістен төлем көзінен ұсталған, осы баптың 2-тармағына сәйкес азайту жүзеге асырылатын корпоративтік табыс салығының сомасы,

алу

сыйақылар, дивидендтер түріндегі кірістен төлем көзінен ұсталған, осы баптың 3-тармағына сәйкес өткен салықтық кезеңдерден ауыстырылған корпоративтік табыс салығының сомасы,

алу

салықтық кезеңде сыйақылар, дивидендтер түріндегі кірістен төлем көзінен ұсталған, осы баптың 2-тармағына сәйкес азайту жүзеге асырылатын корпоративтік табыс салығының сомасы,

алу

мынадай тәртіптердің бірімен айқындалатын шама:

1) Қазақстан Республикасында дивидендтер түріндегі кірістерден

төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығы сомасын қоспағанда, салықтық кезеңде бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған, осы Кодекстің 297-бабына сәйкес бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасында есепті немесе алдыңғы салықтық кезеңде салық салынуға жататын (салық салынған) қаржылық пайдасына қосылған кірісінен немесе салық салынатын кірісінен Қазақстан Республикасында төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығы сомасы. Осы тармақшаның ережесі 20 пайыздан азды құрайтын мөлшерлеме қолданыла отырып есептелген, төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасына және егер резидент осы Кодекстің 303-бабы 4-тармағының ережелерін қолданбаған жағдайда қолданылады;

2) мынадай тәртіппен айқындалатын шама:

Сш = К х (Мк - Мт)/100%, мұнда:

Сш – осы тармақшаға сәйкес шегерілуге жататын салық;

К – дивидендтер түріндегі кірістерді қоспағанда, бақыланатын шетелдік компания Қазақстан Республикасындағы көздерден алған кіріс немесе салық салынатын кіріс;

Мк – бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірісінен немесе салық салынатын кірісінен, Қазақстан Республикасында 20 пайыздан азды құрайтын мөлшерлеме бойынша ұсталған корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі (бұдан әрі – корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі);

Мт – пайда салығының немесе осы Кодекстің 303-бабының 4-тармағына сәйкес есептелген Қазақстан Республикасындағы корпоративтік табыс салығына ұқсас өзге шетелдік салықтың тиімді мөлшерлемесі (бұдан әрі – пайда салығының тиімді мөлшерлемесі).

Егер резидент осы Кодекстің 303-бабы 4-тармағының ережелерін қолданса және егер бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірісінен немесе немесе салық салынатын кірісінен Қазақстан Республикасында ұсталған корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі пайда салығының тиімді мөлшерлемесінен көп болса, осы тармақтың бірінші бөлігі 2) тармақшасының ережесі пайдаланылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) немесе 2) тармақшасының ережесі резидентте мынадай:

резиденттің бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірісінен немесе салық салынатын кірісінен төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстағанын және Қазақстан Республикасының бюджетіне аударғанын растайтын;

бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын (салық салынған) қаржылық пайдасына Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістің немесе салық салынатын кірістің қосылғанын растайтын, шет тілде жасалған ішкі құжаттың

(құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған);

осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасын қолданған жағдайда, осы Кодекстің 303-бабы 4-тармағының бесінші бөлігінде көрсетілген құжаттардың көшірмелері болған кезде қолданылады.

2. Бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасы ұтыс, сыйақы, дивидендтер түріндегі кірістен төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығын төлем көзі ұстап қалғанын растайтын құжаттар болған кезде, осы салықтың сомасына азайтылады.

Осы тармақтың ережелері әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымға, депозиттер бойынша сыйақы түріндегі кірістен төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығы бойынша коммерциялық емес ұйымға қолданылмайды.

3. Егер сыйақы, дивидендтер түріндегі кірістен төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы есептелген корпоративтік табыс салығының сомасынан артық болса, төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы мен бюджетке толенуге жататын, есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы арасындағы айырма соңғы кезеңі қоса алынатын келесі он салықтық кезеңге ауыстырылады және осы салықтық кезеңдердің бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомаларын бірте-бірте азайтады.

303-бап. Шетелдік салықты есепке жатқызу

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, резидент-салық төлеушінің Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алған кірістерінен Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде төленген кіріс немесе пайда салығының немесе корпоративтік немесе жеке табыс салығына ұқсас өзге шетелдік салықтың (бұдан әрі осы баптың мақсаттарында – шетелдік табыс салығы) сомалары осындай шетелдік табыс салығының төленгенін растайтын құжат болған кезде Қазақстан Республикасында корпоративтік немесе жеке табыс салығын төлеу есебіне есепке жатқызылуға жатады.

Мұндай құжат шет мемлекеттің салық органы берген және (немесе) куәландырған, шет мемлекеттегі көздерден алынған кірістердің және төленген салықтардың сомасы туралы анықтама болып табылады.

Егер шет мемлекеттің салық органы берген және (немесе) куәландырған, шет мемлекеттегі көздерден алынған кірістердің және толенген салықтардың сомасы туралы анықтама шет тілде жасалса, оның Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен нотариус куәландырған, қазақ немесе орыс тіліне аудармасының болуы міндетті.

Шет мемлекетте төленген шетелдік табыс салығының сомаларын корпоративтік немесе жеке табыс салығын төлеу есебіне есепке жатқызуға жатқызу кезінде салық төлеуші салық органының камералдық бақылау

жүргізу мақсатында талап етуі бойынша осы тармақта көрсетілген анықтаманы ұсынуға құқылы.

2. Резидент-салық төлеушінің Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған:

осы Кодекстің ережелеріне сәйкес салық салудан босатылған;

осы Кодекстің 241-бабына сәйкес түзетілуге жататын;

шет мемлекетте осындай кірістерден шетелдік табыс салығының төлену және (немесе) ұсталу фактісіне қарамастан, халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын кірістерінен есептелген шетелдік табыс салығына Қазақстан Республикасында шет мемлекетте артық төленген салық сомасы шегінде есепке жатқызу берілмейді. Бұл ретте салықтың артық төленген сомасы шетелдік табыс салығының іс жүзінде төленген сомасы мен халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес шет мемлекетте төленуге жататын шетелдік табыс салығы сомасының арасындағы айырма ретінде айқындалады.

3. Осы бапта көзделген, есепке жатқызылатын сомалардың мөлшері әрбір шет мемлекет бойынша жеке айқындалады.

Бұл ретте, шетелдік табыс салығының есепке жатқызылатын сомасының мөлшері мынадай сомалардың:

1) резидент-салық төлеуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алған кірістерден шет мемлекетте іс жүзінде төленген шетелдік табыс салығы сомасының;

2) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған кірістерден Қазақстан Республикасының халықаралық шартының ережелеріне сәйкес шет мемлекетте төленуге жататын шетелдік табыс салығы сомасының;

3) Қазақстан Республикасында осы Кодексте белгіленген молшерлеме бойынша есептелген, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған кірістерден корпоративтік немесе жеке табыс салыгы сомасының ең азын білдіреді.

Салық төлеуші осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде көрсетілген кіріс алынуға жататын (алынған) салықтық кезеңде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған кірістерден шетелдік табыс салығын есепке жатқызуды жүргізеді.

Кіріс шет мемлекетте көрсетілген кіріс осы Кодексте сәйкес танылатын салықтық кезеңнен ерекшеленетін салықтық кезеңде танылған жағдайда, резидент-салық төлеуші Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес осындай кіріс есепке жазылған салықтық кезеңде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден алынған кірістерден шетелдік табыс салығын есепке жатқызуды жүргізуге құқылы.

Осы тармақтың ережелері осы баптың 4-тармағының ережелеріне қолданылмайды.

4. Бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан немесе

бақыланатын шетелдік компания тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан шетелдік табыс салығының мынадай формула бойынша есептелген сомасы Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығын төлеу есебіне есепке жатқызылуға жатады:

Се = П х У х Мт/100%, мұнда:

Се – есепке жатқызылуға жататын шетелдік табыс салығының сомасы;

П – осы Кодекстің 297-бабына сәйкес резидент-заңды тұлғаның салық салынатын кірісіне қосылған, бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасының оң шамасы немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасының оң шамасы;

У – осы Кодекстің 297-бабына сәйкес айқындалатын, резиденттің бақыланатын шетелдік компанияға тікелей немесе жанама немесе конструктивті қатысу немесе тікелей немесе жанама немесе конструктивті бақылау жасау коэффициенті;

Мт – осы Кодекстің 294-бабына сәйкес айқындалатын тиімді молшерлеме.

Осы тармақтың ережелері мыналар:

1) бақыланатын шетелдік компания немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесі;

2) тұрақты мекеме құрған бақыланатын шетелдік компания;

3) өзі арқылы резидент бақыланатын шетелдік көмпанияға қатысу үлестерін (дауыс беретін акцияларды) жанама иеленетін не жанама бақылау жасауға ие болатын бақыланатын тұлға тіркелген мемлекеттерде бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан 20 пайыздан азды құрайтын тиімді мөлшерлеме бойынша шетелдік табыс салығы төленген жағдайда қолданылады.

Егер бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасына немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасына екі және одан көп шет мемлекетте шетелдік табыс салығы салынған жағдайда, онда тиімді мөлшерлемесі осындай шет мемлекеттерде толенген шетелдік табыс салығыныц тиімді мөлшерлемелерінің ішінен ең үлкен шамасын құрайтын шетелдік табыс салығы ғана есепке жатқызуға қабылданады. Осы абзацтың ережелері:

1) бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін (дауыс беретін акцияларды) жанама иелену немесе жанама бақылау жасау кезінде және бақыланатын шетелдік компанияныц қаржылық пайдасынан немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан шетелдік табыс салығы екі және одан көп мемлекетте (осындай жанама иелену немесе осындай жанама бақылау өзі (өздері) арқылы жүзеге асырылатын бақыланатын тұлға (тұлғалар) тіркелген) төленген кезде немесе

2) бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін (дауыс беретін акцияларды) тікелей иелену немесе оған тікелей бақылау жасау кезінде

бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан шетелдік табыс салығы:

бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесі;

тұрақты мекеме құрған бақыланатын шетелдік компания тіркелген шет мемлекеттерде төленген кезде қолданылады.

Резидент бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін (дауыс беретін акцияларды) тікелей және жанама иеленген не резидентте осы компанияға тікелей немесе жанама бақылау болған жағдайда, бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан шетелдік табыс салығының осы тармаққа сәйкес есепке жатқызылуға жататын сомасы бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін (дауыс беретін акцияларды) әрбір тікелей және жанама иелену не осы компанияны тікелей және жанама бақылау бойынша жеке есептеледі. Бұл ретте бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін (дауыс беретін акцияларды) тікелей және жанама иелену не осы компанияны тікелей және жанама бақылау бойынша жеке есептелген осындай шетелдік табыс салығы шамаларының сомасы осы тармаққа сәйкес есепке жатқызуға жатады.

Осы тармақты қолдану үшін резидентте:

1) осы тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасы қолдану жағдайында – бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық есептілігінің немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық есептілігінің көшірмесі;

бақыланатын шетелдік компания тіркелген немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесі тіркелген шет мемлекетте бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан шетелдік табыс салығының төленгенін растайтын, шет тілде жасалған құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

тиімді мөлшерлемені айқындау кезінде, төлем көзінен алынатын салықты қосу жағдайында:

салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдаға қосылған кірістен (кірістерден) төлем көзінен алынатын салықтың ұсталғанын және шет мемлекеттің (шет мемлекеттердің) бюджетіне аударылғанын растайтын, шет тілде жасалған құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

төлем көзінен салық салынған кірістің (кірістердің) салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдаға қосылғанын растайтын, шет тілде жасалған ішкі құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі болуға тиіс;

2) осы тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасын қолдану жағдайында:

тұрақты мекеме құрған бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық есептілігінің көшірмесі;

бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық есептілігінің көшірмесі;

тұрақты мекеме құрған бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасына осындай тұрақты мекеменің қаржылық пайдасының қосылғанын растайтын, шет тілде жасалған ішкі құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

тұрақты мекеме құрған бақыланатын шетелдік компания тіркелген шет мемлекетте бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан шетелдік табыс салығының төленгенін растайтын, шет тілде жасалған құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

мынадай құжаттардың бірі:

уәкілетті органның интернет-ресурсында, шет мемлекеттің заңнамалық актілерінде резиденттердің әлемдік кірістеріне салық салу туралы нормалардың бар-жоғы бөлігінде ақпарат;

тұрақты мекемені құрған бақыланатын шетелдік компания тіркелген мемлекетте резиденттердің әлемдік кірістеріне салық салу туралы нормаларды белгілейтін немесе белгілеу бөлігінде шет тілде жасалған заңнамалық актінің (актілердің) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі болуға тиіс.

Осы тармақшаның бірінші бөлігі сегізінші абзацының ережелері мыналар:

уәкілетті органның интернет-ресурсында, шет мемлекеттің заңнамалық актілерінде резиденттердің әлемдік кірістеріне салық салу туралы нормалардың бар-жоғы бөлігінде ақпарат немесе

шет мемлекеттің заңнамалық актілерінде резиденттердің әлемдік кірістеріне салық салу туралы нормаларының белгіленгені туралы резидентте бар мәліметтер уәкілетті органда болмаған жағдайларда қолданылады.

Тиімді мөлшерлемені айқындау кезінде, төлем көзінен алынатын салықты қосу жағдайында, резидентте:

салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдаға қосылған кірістен (кірістерден) төлем көзінен алынатын салықтың ұсталғанын және шет мемлекеттің (шет мемлекеттердің) бюджетіне аударылғанын растайтын, шет тілде жасалған құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

төлем көзінен салық салынған кірістің (кірістердің) салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдаға қосылғанын растайтын, шет тілде жасалған ішкі құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі болуға тиіс;

3) осы тармақтың екінші бөлігінің 3) тармақшасын қолдану жағдайында:

өзі арқылы резидент бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін (дауыс беретін акцияларды) жанама иеленетін немесе оны жанама бақылауға ие болатын бақыланатын тұлғаның шоғырландырылған қаржылық есептілігінің көшірмесі;

бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық есептілігінің немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық есептілігінің көшірмесі;

өзі арқылы резидент бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін (дауыс беретін акцияларды) жанама иеленетін немесе оны жанама бақылауға ие болатын бақыланатын тұлғаның шоғырландырылған қаржылық пайдасына бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасының немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасының қосылғанын растайтын, шет тілде жасалған ішкі құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

өзі арқылы резидент бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін (дауыс беретін акцияларды) жанама иеленетін немесе оны жанама бақылауға жанама ие болатын бақыланатын тұлға тіркелген шет мемлекетте бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан шетелдік табыс салығының төленгенін растайтын, шет тілде жасалған құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

мынадай құжаттарының бірі:

уәкілетті органның интернет-ресурсында, шет мемлекеттің заңнамалық актілерінде бақыланатын шетелдік компаниялардың қаржылық немесе салық салынатын пайдасына салық салу туралы нормалардың бар-жоғы бөлігінде ақпарат;

өзі арқылы резидент бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін (дауыс беретін акцияларды) жанама иеленетін немесе оны жанама бақылауға ие болатын бақыланатын тұлға тіркелген шет мемлекетте бақыланатын шетелдік компаниялардың қаржылық немесе салық салынатын пайдасына осындай мемлекетте салық салу туралы нормаларды белгілейтін немесе белгілеу бөлігінде шет тілде жасалған заңнамалық актінің (актілердің) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі болуға тиіс.

Осы тармақшаның бірінші бөлігі сегізінші абзацының ережелері:

уәкілетті органның интернет-ресурсында, шет мемлекеттің заңнамалық актілерінде бақыланатын шетелдік компаниялардың қаржылық немесе салық салынатын пайдасына салық салу туралы нормалардың бар-жоғы бөлігінде ақпарат;

шет мемлекеттің заңнамалық актілерінде бақыланатын шетелдік компаниялардың қаржылық немесе салық салынатын пайдасына салық салу

туралы нормалардың белгіленгені туралы резидентте бар мәліметтер уәкілетті органда болмаған жағдайларда қолданылады.

Тиімді мөлшерлемені айқындау кезінде, төлем көзінен алынатын салықты қосу жағдайында, резидентте:

салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдаға қосылған кірістен (кірістерден) төлем көзінен алынатын салықтың ұсталғанын және шет мемлекеттің (шет мемлекеттердің) бюджетіне аударылғанын растайтын, шет тілде жасалған құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі;

төлем көзінен салық салынған кірістің (кірістердің) салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдаға қосылғанын растайтын, шет тілде жасалған ішкі құжаттың (құжаттардың) (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) көшірмесі болуға тиіс.

Осы тарауды қолдану мақсаттары үшін уәкілетті орган өзінің интернет-ресурсында өздерінің заңнамалық актілерінде:

резиденттердің әлемдік кірістеріне;

бақыланатын шетелдік компаниялардың қаржылық немесе салық салынатын пайдасына салық салу туралы нормалар белгіленген шет мемлекеттердің тізбесін орналастырады.

Осындай ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастыру мақсаттарында уәкілетті орган оны қолданыстағы халықаралық шарттар шеңберінде ақпарат алмасу бойынша шет мемлекеттердің құзыретті органдарынан сұратуға немесе осындай ақпаратты осындай ақпараты бар халықаралық ұйымдардың интернет-ресурстарынан немесе олардан сұрау салу бойынша алуға құқылы.

304-бап. Салық төлеушілердің жекелеген санаттарының корпоративтік табыс салығын есептеу және толеу ерекшеліктері

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер корпоративтік табыс салығын (осы Кодекстің 33-тарауында айқындалған тәртіппен есептелетіннен басқа) осы Кодекстің 78-тарауының ережелерін ескере отырып есептейді.

305-бап. Аванстық төлемдердің сомасын есептеу

1. Осы баптың 2-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, салық төлеушілер осы бапта айқындалған тәртіппен:

1) осы Кодекстің 306-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімдерде:

есепті салықтық кезеңнің бірінші тоқсанының әрбір айы үшін тең үлестермен төлеуге жататын корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді (бұдан әрі осы баптың мақсаттары үшін – декларацияға дейінгі

аванстық төлемдер);

есепті салықтық кезеңнің екінші, үшінші, төртінші тоқсандарының әрбір айы үшін тең үлестермен төлеуге жататын корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді (бұдан әрі осы баптың мақсаттары үшін – декларациядан кейінгі аванстық төлемдер) есептейді және төлейді;

2) мыналарды:

алдыңғы салықтық кезең үшін корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсырылғанға дейінгі кезең үшін төлеуге жататын корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының есеп-қисабын (бұдан әрі осы баптың мақсаттары үшін – декларацияға дейінгі аванстық төлемдердің есеп-қисабы);

алдыңғы салықтық кезең үшін корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсырылғаннан кейінгі кезең үшін төлеуге жататын корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының есеп-қисабын (бұдан әрі осы баптың мақсаттары үшін – декларациядан кейінгі аванстық төлемдердің есеп-қисабы) жасайды және салық төлеушінің тұрған жеріндегі салық органына ұсынады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген салықтық міндеттемелерді:

1) егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, түзетулер ескеріле отырып, алдыңғы салықтық кезеңнің алдындағы салықтық кезең үшін жылдық жиынтық кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және алдыңғы қаржы жылының алдындағы қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 325 000 еселенген мөлшеріне тең сомадан аспайтын салық төлеушілер;

2) егер осы баптың 3-тармағында өзгеше белгіленбесе, жаңадан құрылған (пайда болған) салық төлеушілер – әділет органында мемлекеттік (есептік) тіркеу жүзеге асырылған салықтық кезең ішінде, сондай-ақ кейінгі салықтық кезең ішінде;

3) салық төлеушілер ретінде салық органдарында жаңадан тіркелген, Қазақстан Республикасында қызметін заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесін ашпай тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғалар – салық органдарында тіркеу жүзеге асырылған салықтық кезең ішінде, сондай-ақ кейінгі салықтық кезең ішінде;

4) осы Кодекстің 289-бабы 1-тармағының шарттарына сәйкес келетін салық төлеушілер;

5) осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының шарттарына сәйкес келетін салық төлеушілер;

6) осы Кодекстің 290-бабы 2 және 3-тармақтарының шарттарына сәйкес келетін салық төлеушілер;

7) осы Кодекстің 708-бабы 1-тармағының шарттарына сәйкес келетін салық төлеушілер орындамайды.

3. Осы баптың 2-тармағы 1) тармақшасының мақсаттары үшін жылдық жиынтық кірісті айқындаған кезде мемлекеттік ислам арнайы қаржы

компаниясының осы Кодекстің 519-бабы 3-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген жылжымайтын мүлікті және осындай мүлік орналасқан жер учаскелерін мүліктік жалдаудан (жалға беруден) және (немесе) өткізу кезінде алынған кірістері есепке алынбайды.

4. Бөліну немесе бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдастыру нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлға осы баптың 1-тармағында көзделген салықтық міндеттемелерді осындай қайта ұйымдастыру жүзеге асырылған салықтық кезеңде, сондай-ақ егер бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған заңды тұлға осындай қайта ұйымдастыру жүзеге асырылған салықтық кезеңде корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептеген жағдайда, кейінгі екі салықтық кезең ішінде орындайды.

5. Аванстық төлемдердің сомасы:

1) декларацияға дейін, осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, алдыңғы салықтық кезең үшін аванстық төлемдер сомаларының есеп-қисаптарында есептелген аванстық төлемдердің жалпы сомасының төрттен бір бөлігі мөлшерінде есепті салықтық кезеңнің бірінші тоқсаны үшін есептеледі (есепке жазылады). Егер салық төлеуші декларацияға дейінгі аванстық төлемдердің есеп-қисабында аванстық төлемдердің сомасын төмендеткен жағдайда, салық органы көрсетілген кезең үшін аванстық төлемдердің сомасын есепке жазуды осы тармақшаға сәйкес айқындалған, аванстық төлемдердің сомасы мен осындай есеп-қисапта көрсетілген аванстық төлемдердің сомасы арасындағы оң айырма мөлшерінде осы Кодекстің 306-бабының 2-тармағында белгіленген төлеу мерзімдері бойынша жүргізуге құқылы;

2) декларацияға дейін:

алдыңғы салықтық кезеңде корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептемеген;

бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастыру жүзеге асырылған салықтық кезеңде, сондай-ақ кейінгі екі салықтық кезең ішінде – осы баптың 3-тармағында көрсетілген салық төлеушілер ағымдағы салықтық кезең үшін корпоративтік табыс салығының болжамды сомасы негізге алына отырып есептеледі;

3) декларациядан кейін, осы тармақтың 4) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 302-бабының 1-тармағына және 652-бабына сәйкес алдыңғы салықтық кезең үшін есептелген корпоративтік табыс салығы сомасының төрттен үш бөлігі мөлшерінде есептеледі;

4) декларациядан кейін:

егер осы Кодекстің 302-бабының 1-тармағына және 652-бабына сәйкес алдыңғы салықтық кезең үшін есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы нөлге тең болған;

бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастыру жүзеге асырылған салықтық кезеңде, сондай-ақ кейінгі екі салықтық кезең ішінде – осы баптың 3-тармағында көрсетілген;

алдыңғы салықтық кезең үшін корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру мерзімі ұзартылған жағдайларда ағымдағы салықтық кезең үшін корпоративтік табыс салығының болжамды сомасы негізге алына отырып есептеледі.

6. Аванстық төлемдердің есеп-қисабы:

1) декларацияға дейін есепті салықтық кезеңнің 20 қаңтарынан кешіктірілмей ұсынылады;

2) декларациядан кейін есепті салықтық кезеңнің 20 сәуірінен кешіктірілмей ұсынылады.

7. Салық төлеушілер есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанынан кешіктірмей декларациядан кейінгі аванстық төлемдердің қосымша есеп-қисабын ұсынуға құқылы.

306-бап. Корпоративтік табыс салығын төлеу мерзімдері мен тәртібі

1. Салық төлеушілер осы Кодекстің 302-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығын төлеуді тұрған жері бойынша жүзеге асырады.

2. Осы Кодекстің 305-бабының 1-тармағында көрсетілген салық төлеушілер корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді бюджетке осы Кодекстің 314-бабында белгіленген салықтық кезең ішінде, осы Кодекстің 305-бабына сәйкес айқындалған мөлшерде, әрбір айдың 25-інен кешіктірмей әрбір ай үшін енгізуге міндетті.

3. Салықтық кезең ішінде бюджетке енгізілген аванстық төлемдердің сомасы есепті салықтық кезең үшін корпоративтік табыс салығы жөніндегі декларация бойынша есептелген корпоративтік табыс салығын төлеу есебіне есепке жатқызылады.

Салық төлеуші салықтық кезеңнің қорытындылары бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша төлеуді декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

33-тарау. ТӨЛЕМ КӨЗІНЕН ҰСТАЛАТЫН КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ

307-бап. Төлем көзінен салық салынатын кірістер

1. Егер осы баптың 2-тармағында өзгеше көзделмесе, төлем көзінен салық салынатын кірістерге мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғасы, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғасына, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы

жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаға төлейтін ұтыстар;

2) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілгендерді қоспағанда, бейрезиденттердің осы Кодекстің 644-бабына сәйкес айқындалатын, осындай бейрезиденттердің тұрақты мекемесімен байланысты емес Қазақстан Республикасындағы көздерден алған кірістері;

3) осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесіне немесе бейрезиденттің тұрақты мекемесіне төленетін кірістер;

4) Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғасы, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғасына, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаға төлейтін сыйақы;

5) осы Кодекстің 241-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген дивидендтер.

2. Мыналар төлем көзінен салық салуға жатпайды:

1) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар және агенттік облигациялар бойынша сыйақы;

2) орналастырылған зейнетақы активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін сыйақы, дивидендтер, сондай-ақ орналастырылған зейнетақы активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына, өмірді сақтандыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарына, пайлық және акционерлік инвестициялық қорларға, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленетін сыйақы;

3) жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға төленетін сыйақы;

4) осындай сыйақы есепке жазылған күнге Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде болатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы;

5) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға төленетін кредиттер (қарыздар) бойынша сыйақы;

6) кредиттік серіктестіктерге төленетін кредиттер (қарыздар) бойынша сыйақы;

7) резидент-банкке төленетін кредит (қарыз), депозит бойынша сыйақы;

8) бұрын еншілес банк болып табылған, өзіне қатысты сот шешімі бойынша қайта құрылымдау жүргізілген, 2013 жылғы 31 желтоқсанға дауыс беретін акцияларының 90 пайыздан астамы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғаға төленетін кредит (қарыз), депозит бойынша сыйақы;

9) резидент-лизинг берушіге төленетін лизинг шарты бойынша сыйақы;

10) репо операциялары бойынша сыйақы;

11) микроқаржы ұйымдарына төленетін микрокредиттер бойынша сыйақы;

12) мыналарға:

бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға;

бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйымдар арқылы заңды тұлғаларға төленетін борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы;

13) мыналарға:

үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің кооперативтерінен басқа, акционерлік қоғамдар, мекемелер мен тұтыну кооперативтері нысанында тіркелгендерді қоспағанда, коммерциялық емес ұйымдарға;

осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген дербес білім беру ұйымдарына төленетін депозиттер бойынша сыйақы;

14) талап ету құқығы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Микроқаржы ұйымдары туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген заңды тұлғаға берілген кредит (қарыз, микрокредит) бойынша төленетін сыйақы;

15) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйымға төленетін сыйақы;

16) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйым берген Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде, дауыс беретін акцияларының 100 пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі орнықтылық ұйымына банктік салым шарты бойынша төленетін сыйақы.

308-бап. Төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын есептеу тәртібі

1. Төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығының сомасын салық агенті төлем көзінен салық салынатын төленетін кіріс сомасына осы Кодекстің 313-бабының 3-тармағында белгіленген мөлшерлемені қолдану арқылы айқындайды.

2. Салық агенті, осы Кодекстің 307-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген кірістерді қоспағанда, осы Кодекстің 307-бабында көрсетілген кірістерді төлеу кезінде төлем көзінен ұсталатын салықты кірісті төлеу нысаны мен орнына қарамастан, ұстап қалуға міндетті.

3. Заңды тұлға өзінің құрылымдық бөлімшесі төлеген (төлеуге жататын) төлем көзінен салық салынатын кірістер бойынша осындай

құрылымдық бөлімшесін өз шешімімен төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша салық агенті деп тануға құқылы.

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғаның шешімі немесе мұндай шешімнің күшін жою мұндай шешім қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егер заңды тұлғаның жаңадан құрылған құрылымдық бөлімшесі салық агенті деп танылған жағдайда, онда заңды тұлғаның мұндай тану туралы шешімі осы құрылымдық бөлімше құрылған күннен бастап немесе осы құрылымдық бөлімше құрылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы тармақтың ережелері Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме құрмай жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаға төленетін (төлеуге жататын) кірістерден төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығына қолданылмайды.

309-бап. Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме құрмай жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғалардың кірістеріне салық салу тәртібі

Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме құрмай жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғалардың осы Кодекстің 307-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген кірістерінен корпоративтік табыс салығын есептеу, ұстап қалу және аудару, сондай-ақ салықтық есептілікті ұсыну осы Кодекстің 72-тарауында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

310-бап. Депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша дивидендтер түрінде резидентке төленетін кірістер бойынша салық агентінің салықтық міндеттемені орындау, сондай-ақ төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару тәртібі

1. Депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша дивидендтер түріндегі кірістерді резидентке – кірісті түпкілікті (нақты) алушыға (иеленушіге) депозитарлық қолхаттарды номиналды ұстаушы арқылы төлеу кезінде салық агентінің бір мезгілде мынадай шарттар орындалған:

1) мыналар:

депозитарлық қолхаттарды ұстаушылар болып табылатын жеке тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе заңды тұлғалардың атаулары;

депозитарлық қолхаттардың саны мен түрі туралы ақпарат;

депозитарлық қолхаттарды ұстаушылар болып табылатын жеке

тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттардың атаулары және деректемелері немесе заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу нөмірлері мен күндері қамтылатын депозитарлық қолхаттарды ұстаушылардың тізімі немесе депозитарлық қолхаттарға меншік құқығын растайтын құжат болған;

2) депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша дивидендтерді түпкілікті (нақты) алушы (иеленуші) тұлғаның Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжаты болған кезде осы Кодексте көзделген жағдайларда және тәртіппен мұндай кірістерге төлем көзінен табыс салығын салмауға немесе резидент-жеке тұлғаның кірістеріне осы Кодекстің 320-бабының 2-тармағында көзделген табыс салығының мөлшерлемесін қолдануға құқығы бар.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжат салық агентіне осы Кодекстің 666-бабының 4-тармағында көрсетілген, бірінші болып басталатын күндердің бірінен кешіктірілмей ұсынылады.

Егер депозитарлық қолхаттарға меншік құқықтарын есепке алуды және растауды жүзеге асыруға арналған шарт депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялардың резидент-эмитенті мен осындай ұйым арасында жасалған жағдайда, депозитарлық қолхаттарды ұстаушылардың осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген тізімін Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің бағалы қағаздар нарығында депозитарлық қызметті жүзеге асыру құқығына ие ұйым жасайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген, депозитарлық қолхаттарға меншік құқығын растайтын құжатты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес номиналды ұстау қызметтерін көрсететін мынадай тұлғалардың бірі береді:

Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің бағалы қағаздар нарығында депозитарлық қызметті жүзеге асыру құқығына ие ұйым;

клиенттердің қаржы құралдары мен ақшасын есепке алуды және оларға құқықтарды растауды, олардың сақталуы бойынша өзіне міндеттемелер қабылдай отырып, клиенттердің құжаттық қаржы құралдарын сақтауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы;

бағалы қағаздарды номиналды ұстау бойынша қызметтер көрсететін, сондай-ақ осындай ұстаушылардың бағалы қағаздарына құқықтарды есепке алу мен растауды және багалы қағаздарымен жасалатын мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын өзге де ұйым.

2. Салық агенті салық органына ұсынатын салықтық есептілікте осы Кодекске сәйкес есепке жазылған (төленген) кірістердің және ұсталған, ұстап қалудан босатылған салықтардың сомаларын, табыс салығының мөлшерлемелерін көрсетуге міндетті.

3. Салық агенті осы баптың 1-тармағында айқындалған тәртіппен депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша дивидендтер түріндегі кірістерді бейрезидент – депозитарлық

қолхаттарды номиналды ұстаушы арқылы резидентке төлеу кезінде осы Кодекстің ережелерін қолданбаған жағдайда, салық агенті осы Кодекстің 646-бабында белгіленген мөлшерлеме бойынша төлем көзінен табыс салығын ұстап қалуға міндетті.

Ұсталған табыс салығының сомасы осы Кодекстің 647-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзімде аударуға жатады.

4. Салық агенті резиденттің – түпкілікті (нақты) кіріс алушының кірістерінен ұсталған табыс салығын бюджетке аударған жағдайда, осы Кодекске сәйкес мұндай резиденттің төлем көзінен артық ұсталған табыс салығын қайтаруға құқығы бар.

Бұл ретте резидент өзі дивидендтер түріндегі кіріс алған кезең үшін салық агентіне:

1) депозитарлық қолхаттарға меншік құқығын растайтын құжаттың;

2) Қазақстан Республикасының резиденттігін растайтын құжаттың;

3) депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша дивидендтер түріндегі кірістің алынғанын растайтын құжаттың нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынуға міндетті.

Осы тармақта көрсетілген құжаттарды резидент төлем көзінен ұсталған табыс салығының бюджетке соңғы аударылған күнінен бастап осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі өткенге дейін ұсынады.

Бұл ретте резидентке артық ұсталған табыс салығын қайтаруды салық агенті жүргізеді.

5. Салық агенті өзінің тұрған жеріндегі салық органына депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша дивидендтер түріндегі резиденттің кірістерінен табыс салығын ұстап қалу және аудару жүргізілген салықтық кезең үшін резиденттер үшін көзделген салықтық мөлшерлеме қолданылған кезде салық салуды азайту немесе одан босату сомасына төлем көзінен ұсталатын табыс салығы бойынша қосымша есеп-қисап ұсынуға құқылы.

Аталған жағдайда төлем көзінен ұсталған табыс салығының артық төленген сомасын есепке жатқызу салық агентіне осы Кодекстің 102-бабында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

311-бап. Төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығын аудару тәртібі

1. Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, салық агенті төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасын төлем көзінен салық салынатын кірісті төлеу жүзеге асырылған ай аяқталғаннан кейін күнтізбелік жиырма бес күннен кешіктірмей аударуға міндетті.

2. Төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасын аудару салық агентінің тұрған жері бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге

асыратын бейрезидент-заңды тұлға төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасын бюджетке аударуды тұрақты мекеменің орналасқан жері бойынша жүргізеді.

312-бап. Төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығы бойынша есеп-қисап

Салық агенттері төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомалары бойынша есеп-қисапты төлем көзінен салық салынатын кірісті төлеу жүргізілген тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

34-тарау. САЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ, САЛЫҚТЫҚ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ САЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

313-бап. Салық мөлшерлемелері

1. Егер осы баптың 2-тармағында өзгеше белгіленбесе, салық төлеушінің осы Кодекстің 288-бабында көзделген кірістер мен шығыстар сомасына және осы Кодекстің 300-бабында айқындалған тәртіппен ауыстырылатын залалдар сомасына азайтылған салық салынатын кірісіне 20 пайыз мөлшерлеме бойынша салық салуға жатады.

2. Ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалардың осы Кодекстің 288-бабында көзделген кірістер мен шығыстар сомасына және осы Кодекстің 300-бабында айқындалған тәртіппен ауыстырылатын залалдар сомасына азайтылған салық салынатын кірісіне, егер мұндай кіріс ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіру, өзі өндірген аталған өнімді, сондай-ақ осындай қайта өңдеу өнімдерін қайта өңдеу мен өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудан алынса, 10 пайыз мөлшерлеме бойынша салық салуға жатады.

Осы Кодекстің мақсаттары үшін, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге мынадай бағыттар бойынша берілген бюджеттік субсидиялар осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген қызметті жүзеге асырудан алынған кіріс деп танылады:

1) агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін ауыл шаруашылығы техникасының, технологиялық жабдықтың лизингі бойынша, сондай-ақ технологиялық жабдыққа арналған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін арзандату;

2) өсімдіктердің жоғары бағалы сорттары мен ауыл шаруашылығы малының, құстар мен балықтар тұқымдарының тектік қорларын сақтау және дамыту;

3) тұқым шаруашылығын дамыту;

4) мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыру;

5) акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығының) өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыру;

6) басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыру, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандату;

7) отандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын арзандату;

8) өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандату;

9) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту;

10) жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру);

11) ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өсіру;

12) ауыл шаруашылығы өнімін экспорттау кезінде көлік шығыстарына жұмсалатын шығындардың құнын арзандату;

13) ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін жаңа өндірістік қуаттарды құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге бағытталған инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін отеу.

3. Бейрезиденттердің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын кірістерін қоспағанда, төлем көзінен салық салынатын кірістерге төлем көзінен 15 пайыз мөлшерлеме бойынша салық салуға жатады.

4. Бейрезиденттердің осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының 1) – 9), 11) – 34) тармақшаларында айқындалатын Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын, осындай бейрезиденттердің тұрақты мекемесімен байланысты емес кірістеріне, сондай-ақ осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген кірістерге осы Кодекстің 646-бабында белгіленген мөлшерлемелер бойынша салық салынады.

5. Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаның таза кірісіне осы Кодекстің 652-бабында белгіленген мөлшерлеме бойынша және тәртіппен корпоративтік табыс салығын салуға жатады.

314-бап. Салықтық кезең

1. Корпоративтік табыс салығы үшін 1 қаңтар – 31 желтоқсан

аралығындағы күнтізбелік жыл салықтық кезең болып табылады.

2. Егер заңды тұлға күнтізбелік жыл басталғаннан кейін құрылған болса, құрылған күнінен бастап күнтізбелік жылдың соңына дейінгі уақыт кезеңі ол үшін бірінші салықтық кезең болып табылады.

Бұл ретте заңды тұлғаның әділет органында мемлекеттік тіркелген күні оның құрылған күні болып есептеледі.

3. Егер заңды тұлға күнтізбелік жылдың соңына дейін таратылған, қайта ұйымдастырылған болса, жыл басталғаннан бастап тарату, қайта ұйымдастыру аяқталған күнге дейінгі уақыт кезеңі ол үшін соңғы салықтық кезең болып табылады.

4. Егер күнтізбелік жыл басталғаннан кейін құрылған заңды тұлға осы жылдың соңына дейін таратылған, қайта ұйымдастырылған болса, құрылған күнінен бастап тарату, қайта ұйымдастыру аяқталған күнге дейінгі уақыт кезеңі ол үшін салықтық кезең болып табылады.

5. Егер заңды тұлға күнтізбелік жыл ішінде қызметін шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимінде және жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүзеге асырған болса, қызмет шагын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимінде жүзеге асырылған уақыт кезеңі салықтық кезеңге енгізілмейді.

315-бап. Салық декларациясы

1. Қазақстан Республикасындағы көздерден тек қана төлем көзінен салық салуға жататын кірістер алатын және Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырмайтын бейрезидентті қоспағанда, корпоративтік табыс салығын төлеуші, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, тұрған жеріндегі салық органына корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей тапсырады.

2. Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация салық салу объектілері және (немесе) салық салумен байланысты объектілер туралы ақпаратты ашып көрсету жөніндегі декларациядан және оған қосымшалардан тұрады.

3. Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлға осы Кодекстің 681-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес салық салынатын кірістер бойынша корпоративтік табыс салығы жөніндегі декларацияны тапсырмайды.

8-БӨЛІМ. ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ

35-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

316-бап. Төлеушілер

1. Жеке тұлғаның төлем көзінен және дербес салық салу кезіндегі салық салынатын кірісі түріндегі салық салу объектілері бар жеке тұлғалар жеке табыс салығын төлеушілер болып табылады.

2. Шаруа және фермерлік қожалықтар үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызметті жүзеге асырудан түсетін кірістер бойынша жеке табыс салығын төлеушілер болып табылмайды.

317-бап. Жекелеген жағдайларда кірістерге салық салу ерекшеліктері

1. Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын Қазақстан Республикасы азаматының, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның (бұдан әрі – резидент-жеке тұлға) төлем көзінен салық салуға жататын кірістері бойынша жеке табыс салығын есептеуді, ұстап қалуды және аударуды, сондай-ақ салықтық есептілікті ұсынуды салық агенті осы Кодекстің 320-бабында көзделген мөлшерлемелер бойынша осы тарауда, осы Кодекстің 36-тарауының 1-параграфында, 38-тарауында және 657-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүргізеді.

2. Резидент-жеке тұлға дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеу және толеу, сондай-ақ салықтық есептілікті ұсыну осы Кодекстің 320-бабында козделген молшерлемелер бойынша осы Кодекстің 36-тарауының 2-параграфында, 39 және 40-тарауларында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі.

3. Бейрезидент-жеке тұлғаның кірістері бойынша жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және аудару, сондай-ақ салықтық есептілікті ұсыну осы Кодекстің 320 және 646-баптарында көзделген мөлшерлемелер бойынша осы Кодекстің 74-тарауында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі.

4. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкердің кірістері бойынша жеке табыс салыгын есептеу және төлеу, сондай-ақ салықтық есептілікті ұсыну осы Кодекстің 77-тарауында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі.

5. Ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкердің кірістері бойынша жеке табыс салығын есептеу осы Кодекстің 78-тарауында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүргізіледі.

318-бап. Салық салу объектілері

Мыналар жеке табыс салығы салынатын объектілер болып табылады:
1) жеке тұлғаның төлем көзінен салық салынатын кірісі;
2) жеке тұлғаның дербес салық салу кезіндегі салық салынатын кірісі.

319-бап. Жеке тұлғаның жылдық кірісі

1. Жеке тұлғаның жылдық кірісі осы тұлға Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерде салықтық кезең ішінде:
1) төлем көзінен;
2) жеке тұлға дербес салық салуға жататын кірістер түрінде алуға жататын (алған) кірістерінен тұрады.
2. Мыналар жеке тұлғаның кірісі ретінде қарастырылмайды:
1) жұмыскерлердің жұмысы жол бойында өтетін, жол жүру сипатына ие, қызмет көрсетілетін учаскелер шегіндегі қызметтік сапарларға байланысты болатын жағдайларда, оларға осындай жұмыстың әрбір күніне республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және мұндай төлемдерді есепке жазу күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 0,35 мөлшерінде өтемақы төлемдері;
2) егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, қызметтік, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыскерді оқыту, біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау мақсатындағы іссапарлар кезіндегі:
осы Кодекстің 244-бабы 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында және 3-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында белгіленген өтемақылар;
Қазақстан Республикасының шегіндегі іссапар бойынша – іссапарда болған күнтізбелік қырық күннен аспайтын кезең ішінде іссапарда болған әрбір күнтізбелік күн үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшерінен аспайтын тәуліктік өтемақылар;
Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі іссапар бойынша – іссапарда болған күнтізбелік қырық күннен аспайтын кезең ішінде іссапарда болған әрбір күнтізбелік күн үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 8 еселенген мөлшерінен аспайтын тәуліктік өтемақылар;
3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бюджетінің қаражаты (шығыстар сметасы) есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде жүргізетін қызметтік, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыскерді оқыту, біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау мақсатындағы іссапарлар кезіндегі өтемақылар;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бюджетінің қаражаты (шығыстар сметасы) есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мөлшерлерде және тәртіппен жүргізетін қызметтік, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыскерді оқыту, біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау мақсатындағы іссапарлар кезіндегі өтемақылар;

5) жұмыскер басқа жерге жұмысқа ауысқан не жұмыс берушімен бірге басқа жерге көшкен кездегі жол жүру, мүлкін көшіру, күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге тұрғынжайды жалдау (жалға алу) бойынша құжатпен расталған шығыстар өтемақылары;

6) жұмыс берушінің кіріс алуға бағытталған қызметті жүзеге асырумен байланысты емес және нақты жеке тұлғаларға бөлінбейтін шегерімдерге жатқызылмайтын шығыстары;

7) далалық жағдайда геологиялық-барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен айналысатын жұмыскерлердің мұндай жұмыстың әрбір күнтізбелік күні үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2 еселенген мөлшерінде далалық үлесі;

8) жұмыс берушінің вахталық әдіспен жұмыс істейтін адамдардың өндіріс объектісінде болу кезеңінде жұмыстарды орындауы мен ауысымаралық демалысы үшін жағдай жасай отырып, тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін:

тұрғынжайды мүліктік жалдау (жалға алу) бойынша;

осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген тәуліктік өтемақы шегінде тамақтануға шығыстары;

9) жұмыс беруші контрагентпен жұмыскерлерді жұмыс орнына дейін және кері қарай жеткізу бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт жасасу талаптарын сақтаған кезде жұмыс берушінің жұмыскерлерді Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты (болатын) жерінен жұмыс орнына дейін және кері қарай жеткізумен байланысты шығыстары;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар бойынша, берілген арнаулы киімнің, арнаулы аяқкиімнің, оның ішінде оларды жөндеудің, жеке қорғану құралдарының, жуу және дезинфекциялау құралдарының, профилактикалық өңдеу құралдарының, медициналық қобдишаның, сүттің немесе бағасы тең басқа да тамақ өнімдерінің және (немесе) диеталық (емдік және профилактикалық) тамақтануға арналған мамандандырылған өнімдердің құны;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының өмірді сақтандыру жөніндегі сақтандыру ұйымдарына, жасалған жинақтаушы сақтандыру (зейнетақы аннуитеті) шарты бойынша сақтандыру сыйлықақыларын төлеу үшін жіберген зейнетақы жинақтарының сомалары, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарына жіберілген,

зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша өтеу сомалары;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде әлеуметтік төлемдерді уақтылы есептемегені, ұстап қалмағаны, аудармағаны үшін есепке жазылған өсімпұл сомалары;

13) егер көрсетілген шығыстар жалға алу төлемақысынан жеке жүргізілсе, дара кәсіпкер болып табылмайтын жалға алушы жеке тұлғаның шеккен немесе дара кәсіпкер болып табылмайтын жалға беруші жеке тұлғаға тұрғынжайды, тұрғын үй-жайды (пәтерді) мүліктік жалдау (жалға алу) кезінде оның өтеген мынадай:

Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға;

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге;

тұрғынжайды, тұрғын үй-жайды (пәтерді) жөндеуге шығыстары;

14) опционды орындау кезіне опционның базалық активі нарықтық құнының опционды орындау бағасынан асып кетуі (опционды жеке тұлғаға беруге негіз болған тиісті құжатта опционның базалық активі тіркелген баға опционды орындау бағасы болып табылады);

15) жарнама мақсатында өтеусіз (оның ішінде сыйға тарту түрінде) берілген тауардың құны, егер мұндай тауар бірлігінің құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және мұндай беру күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 5 еселенген мөлшерінен аспаса;

16) адамдарды қабылдау және оларға қызмет көрсету бойынша осы Кодекстің 245-бабына сәйкес жүргізілген өкілдік шығыстар;

17) заңды тұлғалардан және дара кәсіпкерлерден алынған, оның ішінде жұмыскердің өзінің жұмыс берушісінен алған кредиттерді (қарыздарды, микрокредиттерді) пайдаланғаны үшін сыйақыны үнемдеуден түсетін материалдық пайда;

18) мұндай тұлғаға кредит (қарыз, микрокредит) берілгеннен кейін басталған мынадай:

қарыз алушы жеке тұлға соттың күшіне енген шешімі негізінде хабарсыз кеткен, әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі деп танылған немесе соттың күшіне енген шешімі негізінде ол қайтыс болды деп жарияланған;

қарыз алушы жеке тұлғаға I немесе II топтағы мүгедектік белгіленген, сондай-ақ қарыз алушы жеке тұлға қайтыс болған;

асыраушысынан, жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылған жағдайларда «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әлеуметтік төлемдер алатын қарыз алушы жеке тұлғаның көрсетілген төлемдерден басқа кірісі болмаған;

қарыз алушы жеке тұлғаның және қарыз алушы жеке тұлғамен бірлесіп екінші деңгейдегі банк (микроқаржы ұйымы) алдында ынтымақты немесе субсидиарлық жауапты болатын үшінші тұлғалардың өндіріп алу қолданылуы мүмкін мүлкі, оның ішінде ақшасы, бағалы қағаздары немесе кірістері болмаған және оның мүлкін немесе кірістерін анықтау бойынша сот орындаушысы Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес қабылдаған шаралар нәтижесіз болған жағдайда, атқарушылық құжатты екінші деңгейдегі банкке (микроқаржы ұйымына) қайтару туралы сот орындаушысының қаулысы заңды күшіне енген;

ипотекалық шарт жасалған күнге негізгі міндеттемені толық қамтамасыз еткен кепілге салынған мүлік негізгі міндеттеме сомасынан төмен бағамен соттан тыс тәртіппен сауда-саттықта сатылған немесе кепілге салынған мүлік сатылғаннан кейін өтелмеген кредиттің (микрокредиттің) сомасына «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мұндай мүлік кепіл ұстаушының меншігіне өткен жағдайларда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес кредит (қарыз, микрокредит) бойынша, оның ішінде негізгі борыш, сыйақы, комиссия және тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) бойынша міндеттемелер тоқтатылған кездегі кіріс.

Осы тармақшаның бірінші бөлігі бесінші, алтыншы абзацтарының ережелері:

екінші деңгейдегі банктің (микроқаржы ұйымының) жұмыскеріне, екінші деңгейдегі банк (микроқаржы ұйымы) жұмыскерінің жұбайына (зайыбына), жақын туыстарына, екінші деңгейдегі банкпен (микроқаржы ұйымымен) өзара байланысты тарапқа берілген;

талап ету құқығын басқаға беру және (немесе) борышты аудару жүргізілген кредит (қарыз, микрокредит) бойынша міндеттемелердің тоқтатылуына қолданылмайды;

19) екінші деңгейдегі банк (микроқаржы ұйымы):

негізгі борышты кешіру;

сыйақы, комиссия, тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) бойынша берешекті кешіру;

қарыз алушы үшін екінші деңгейдегі банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, сондай-ақ коллекторлық агенттіктің сотқа берілетін талап қою арызынан алынатын мемлекеттік бажды төлеуі нәтижесінде мұндай адам алған кіріс түрінде берген кредит (қарыз, микрокредит) бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес міндеттемелер тоқтатылған кезде түзілген кіріс;

20) 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін алынған, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде қайта қаржыландыруға жататын ипотекалық тұрғын үй қарызы (ипотекалық қарыз)

бойынша:

бұрын капиталдандырылған сыйақы, комиссия, тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасы бөлігінде негізгі борышты кешіру;

сыйақы, комиссия, тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) бойынша берешекті кешіру;

шетел валютасымен алынған ипотекалық тұрғын үй қарызының (ипотекалық қарыздың) негізгі борыш сомасы бойынша осындай соманы 2015 жылғы 18 тамыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамын қолдана отырып қайта есептеу нәтижесінде қарыз алушыға қойылатын талаптың мөлшерін азайту;

Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары туралы заңнамасына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын қарыз алушы үшін банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, сондай-ақ уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясын ерікті түрде қайтарған ұйымның сотқа берілетін талап қою арызынан алынатын мемлекеттік бажды төлеуі түрінде мұндай адам алған кіріс түрінде түзілген кіріс;

21) «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жария етілген мүліктің құны, оның ішінде ақша;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары;

24) жеке тұлға Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде өзіне медициналық көмек көрсету кезінде алған кірісі;

25) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы нысанында жүзеге асырылатын мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, жұмыскерлер мен мамандардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау, сондай-ақ оқу орындарының дайындық бөлімдерінде оқыту бойынша көрсетілетін қызметтердің көлемін ұсыну;

тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін ұсыну;

мемлекеттің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға

жарналарын төлеу;

санаторийлік-курорттық мақсаттағы объектілерде оңалту емін, сауықтыру мен демалуды ұсыну;

дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды ұсыну;

Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан мүгедек алған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құнын төлеу кезінде алынған материалдық пайда;

26) жеке тұлғаларға өздерінен жеке тұлғаның жеке мүлкін сатып алғаны үшін төлемдер.

Осы тармақшада көзделген төлемді салық агенті жүргізген жағдайда, осы тармақшаның ережелері өткізілетін жеке заттар кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтыны және жеке тұлға дербес салық салуға жататын кірістерден жеке табыс салығын есептеу үшін салық салынатын объект болып табылмайтыны көрсетілетін өтінішті салық агентіне ұсынған жеке тұлғаға қатысты қолданылады;

27) жұмыс берушінің қызметімен байланысты мамандық бойынша жұмыскерді оқуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға жіберген кезде басқа жерге қызметтік іссапарды ресімдей отырып жасалған, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің оқытуға, біліктілікті арттыруға немесе қайта даярлауға ақы төлеуге іс жүзінде жұмсаған шығыстары;

28) шартта белгіленген кезең ішінде – екінші деңгейдегі банк пен клиент арасында жасалған шарт бойынша пайызсыз кезең берілуіне байланысты төлем карточкасын ұстаушы банктік қарыз бойынша алған, сыйақыны үнемдеуден түсетін материалдық пайда;

29) эмитент банк төлем карточкасын пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асырғаны үшін төлем карточкасын ұстаушының шотына эмитент банктің қаражаты есебінен есепке жатқызатын сома;

30) мемлекеттік қызметшілер, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, судьялар мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға байланысты қызметтік іссапарға жіберілген жағдайда мынадай шарттар орындалған кезде жұмыс беруші болып табылмайтын салық агентінің аталған адамдарға жол жүру мен тұруға ақы төлеуі түріндегі кірістер:

жұмыс беруші болып табылмайтын салық агентінің есебінен мемлекетішілік және шетелдік сапарларға шақыру салық агентінің қаражаты есебінен ғылыми, спорттық, шығармашылық, кәсіби, гуманитарлық іс-шараларға, оның ішінде осындай салық агентінің жарғылық қызметі шеңберінде жүзеге асырылатын сапарларға қатысу үшін жоғары тұрған лауазымды адамның не органның келісімімен жүзеге асырылуы;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органның лауазымды адамы бұйрығының (өкімінің) болуы;

31) Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша – жұмыс берушінің кінәсінан жұмыста мертігуге ұшырау немесе кәсіптік ауруға шалдығу салдарынан мүгедек деп танылған жұмыскерге жұмыс беруші өтеусіз берген техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының құны;

32) Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес, жұмыс берушінің кінәсінан жұмыста мертігуге ұшырау немесе кәсіптік ауруға шалдығу салдарынан мүгедек деп танылған жұмыскерге жұмыс беруші өтеусіз көрсеткен протездік-ортопедиялық көмек түріндегі көрсетілетін қызметтердің құны;

33) «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құпия көмекшілерге төлемдер;

34) жұмыс берушінің қызметімен байланысты мамандық бойынша оқыту, біліктілікті арттыру немесе қайта даярлау жағдайында, қызметтік іссапарды ресімдемей жасалған, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыскерді оқуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға жіберу бойынша жұмыс берушінің шығыстары:

жұмыскерді окытуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға ақы төлеуге іс жүзінде жұмсалған шығыстар;

уәкілетті орган белгілеген нормалар шегінде жұмыскердің тұруына іс жүзінде жұмсалған шығыстар;

жұмыскер оқуға түскен кезде оқу орнына баруға және оқу, біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау аяқталғаннан кейін кері қайтуына іс жүзінде жұмсалған шығыстар;

жұмыс беруші:

жұмыскердің Қазақстан Республикасының шегінде оқудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өту мерзімі ішінде – жұмыскер оқудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен әрбір күнтізбелік күн үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшері;

жұмыскердің Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде оқудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өту мерзімі ішінде – жұмыскер оқудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен әрбір күнтізбелік күн үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 8 еселенген мөлшері шегінде жұмыскерге төлеуге тағайындаған ақша сомасы;

35) осы Кодекстің 291-бабының 1-тармағында аталған дербес білім беру ұйымы тұруға, медициналық сақтандыруға, оның ішінде ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі

тұрғылықты жерінен (ел, елді мекен) Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын жерге дейін және кері қайтқанда әуе көлігімен жол жүруге шығыстарды төлеу (өтеу) түрінде нақты жұмсаған:

осындай дербес білім беру ұйымының жұмыскері болып табылатын;

осындай дербес білім беру ұйымының жұмыстарын орындау, қызметтерін көрсету бойынша Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын;

осындай дербес білім беру ұйымының жұмыстарын орындайтын, қызметтерін көрсететін бейрезидент-заңды тұлғаның жұмыскері болып табылатын және тікелей осындай жұмыстарды орындайтын және осындай қызметтерді көрсететін резидент-шетелдік тұлға алған материалдық пайда;

36) осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында айқындалған дербес білім беру ұйымымен еңбек қатынастарында тұрмаған, бірақ осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 1) – 5) тармақшаларында айқындалған басқа дербес білім беру ұйымымен еңбек қатынастарында тұрған жеке тұлғаны оқуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға осындай шығыстарды жүзеге асыратын дербес білім беру ұйымының шешімімен, мамандық көрсетіле отырып жіберілген кезде осы дербес білім беру ұйымының шығыстары:

жеке тұлғаны оқытуға ақы төлеуге, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға іс жүзінде жұмсалған шығыстар;

уәкілетті орган белгілеген нормалар шегінде тұруға іс жүзінде жұмсалған шығыстар;

жеке тұлға оқуға түскен кезде оқу орнына баруға және оқу, біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау аяқталғаннан кейін кері қайтуына іс жүзінде жұмсалған шығыстар;

дербес білім беру ұйымы:

оқитын адамның Қазақстан Республикасының шегінде оқудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өту мерзімі ішінде – жұмыскер оқудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен әрбір күнтізбелік күн үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшері;

оқитын адамның Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде оқудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өту мерзімі ішінде – жеке тұлға оқудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен әрбір күнтізбелік күн үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 8 еселенген мөлшері шегінде жеке тұлғаға төлеуге тағайындаған ақша сомасы;

37) осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында айқындалған дербес білім беру ұйымы жүргізген мынадай түрдегі төлемдер:

мынадай білім беру деңгейлері бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша

білім беру бағдарламасында көзделген оқуға және (немесе) кәсіптік практикадан өтуге ақы төлеуге іс жүзінде жұмсалған шығыстар:

орта білімнен кейінгі білім беру;

жоғары білім беру;

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру;

сабақтан тыс қызмет іс-шарасына қатысуға ақы төлеуге іс жүзінде жұмсалған шығыстар;

жол жүруге және бронь үшін шығыстарды растайтын құжаттар (оның ішінде құнын төлеу фактісін растайтын құжат болған кезде электрондық билет) негізінде – бронь үшін шығыстарға ақы төлеуді қоса алғанда, осы тармақшада көзделген оқу және (немесе) кәсіптік практикадан өту орнына, сондай-ақ сабақтан тыс қызмет іс-шарасы өтетін орынға баруға және кері қайтуға іс жүзінде жұмсалған шығыстар;

уәкілетті орган белгілеген нормалар шегінде тұруға іс жүзінде жұмсалған шығыстар;

мынадай:

жеке тұлға Қазақстан Республикасының шегінде жіберілген кезде осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында айқындалған дербес білім беру ұйымының шешімінде көзделген мерзім ішінде – оқыған және (немесе) кәсіптік практикадан өткен, сабақтан тыс қызмет іс-шарасына қатысқан әрбір күні үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшері;

жеке тұлға Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге жіберілген кезде осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында айқындалған дербес білім беру ұйымының шешімінде көзделген мерзім ішінде – оқыған және (немесе) кәсіптік практикадан өткен, сабақтан тыс қызмет іс-шарасына қатысқан әрбір күні үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 8 еселенген мөлшері;

растайтын құжаттар негізінде келуге және кетуге арналған рұқсатты (визаны) ресімдеу кезінде жұмсалған шығыстар (визаның, консулдық көрсетілетін қызметтердің, міндетті медициналық сақтандырудың құны) шегінде жеке тұлғаға төлеуге тағайындалған ақша сомалары.

Осы тармақшаның ережелері осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында айқындалған дербес білім беру ұйымы шешім қабылдаған күніне және оқу және (немесе) кәсіптік практикадан өту, сабақтан тыс қызмет іс-шарасына қатысу кезеңінде мұндай дербес білім беру ұйымында:

дайындық бөлімінде;

мынадай білім беру деңгейлері бойынша:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтитын бастауыш мектеп;

негізгі мектеп;

жоғарғы мектеп;

мынадай білім беру деңгейлері:

орта білімнен кейінгі білім беру;

жоғары білім беру;

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын жеке тұлғаларға қолданылады;

38) осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында айқындалған дербес білім беру ұйымының дайындық бөлімінде оқитын жеке тұлға, каникул кезеңін қоспағанда, оқу жылының әрбір күні үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2 еселенген мөлшері шегінде тамақтануға шығыстарды төлеу (өтеу) түрінде алған материалдық пайда;

39) осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында айқындалған дербес білім беру ұйымында күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын жеке тұлға:

медициналық сақтандыруға, оның ішінде ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларына ақы төлеуге;

осы Кодекстің 291-бабының 1-тармағында айқындалған дербес білім беру ұйымының жатақханасында тұруға шығыстарды төлеу (өтеу) түрінде алған материалдық пайда;

40) байланыс операторы абонент қолма-қол ақшасыз операцияларды жүзеге асырғаны үшін абоненттің мобильдік балансына байланыс операторының қаражаты есебінен есепке жатқызатын сома;

41) осы Кодекстің ережелеріне сәйкес резидент-жеке тұлғаның кірістерінен есептелген және салық агенті оны ұстап қалмай, өз қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының бюджетіне төлеген жеке табыс салығының сомасы;

42) талап ету құқығын екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйым сатып алған кредит (қарыз) бойынша міндеттемелер тоқтатылған кезде:

негізгі борышты кешіру;

сыйақы, комиссия, тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) бойынша кешіру түрінде түзілген кіріс;

43) операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы болып табылатын Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту саласындағы мемлекеттік бағдарламаға, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен бағдарламаларға сәйкес кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қаржылық емес қолдау түрінде бюджет қаражаты есебінен алынған көрсетілетін қызметтердің құны.

320-бап. Салық мөлшерлемелері

1. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген кірістерді қоспағанда, салық төлеушінің кірістеріне 10 пайыз мөлшерлеме бойынша салық салынады.

2. Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған дивидендтер түріндегі кірістерге 5 пайыз мөлшерлеме бойынша салық салынады.

321-бап. Жеке тұлғаның жылдық кірісіне кіретін кірістер

Жеке тұлғаның жылдық кірісіне мынадай кірістерінің барлық түрі кіреді:

1) жұмыскердің кірісі, оның ішінде үй жұмыскерінің кірісі және резидент-еңбекші көшіп келушінің кірісі;

2) дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам болып табылмайтын жеке тұлға алған, мүліктік кірістен басқа, тауарларды өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түсетін кіріс;

3) жеке тұлға алған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құнын үшінші тұлғаның төлеуі түріндегі кіріс;

4) жеке тұлға алдындағы берешекті өтеу есебіне орындалған (көрсетілген) жұмыстар, қызметтер түріндегі кіріс;

5) өтеусіз алынған мүлік, оның ішінде жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түріндегі кіріс;

6) борышты кешіру түріндегі кіріс;

7) есептен шығарылған айыппұлды, өсімпұлды және басқа да санкция түрлерін қоспағанда, борышкерге қойылатын талап мөлшерін азайту түріндегі кіріс;

8) репо операциялары бойынша сыйақы төлеу түріндегі кіріс;

9) зейнетақы төлемдері түріндегі кіріс;

10) дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі кіріс;

11) стипендия түріндегі кіріс;

12) жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша кіріс;

13) мүліктік кіріс;

14) дара кәсіпкердің кірісі;

15) жеке практикамен айналысатын адамның кірісі;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаруашылық бойынша есепке алу кітабында есепке алынған жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін, салық салуға жататын, оның ішінде жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын тұлғаның салық агентіне анық емес мәліметтерді ұсынуына байланысты төлем көзінен жеке табыс салығын ұстап қалу жүргізілмеген кірістер;

17) осы баптың 1) – 16) тармақшаларында көрсетілмеген, салық агентінен немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі көздерден алынған басқа да кірістер;

18) бақыланатын шетелдік компаниялардың немесе бақыланатын шетелдік компаниялар тұрақты мекемелерінің осы Кодекстің 340-бабына сәйкес айқындалатын жиынтық пайдасы.

36-тарау. КІРІСТЕР

1-параграф. Төлем көзінен салық салуға жататын кірістер

322-бап. Жұмыскердің кірісі

1. Салық агенті болып табылатын жұмыс беруші есепке жазған және, оның ішінде Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің бухгалтерлік есебінде шығыстар (шығындар) ретінде танылған мынадай кірістер жұмыскердің салық салуға жататын кірістері болып табылады:

1) еңбек қатынастарының болуына байланысты жұмыс беруші жұмыскердің меншігіне беруге жататын, қолма-қол және (немесе) қолма-қолсыз нысандарындағы ақша;

2) осы Кодекстің 323-бабына сәйкес жұмыскердің заттай нысандағы кірістері;

3) осы Кодекстің 324-бабына сәйкес жұмыскердің материалдық пайда түріндегі кірістері.

2. Қазақстан Респбликасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес жасалған еңбек шарты (келісімшарты) бойынша алынған (алуға жататын) кіріс салық агенттері болып табылмайтын тұлғалардан алынған (алуға жататын) жұмыскердің салық салуға жататын кірісі болып табылады.

3. Жұмыскердің салық салуға жататын кірісіне мынадай кірістер жатпайды:

1) жеке тұлғаның салық агентінен алатын кірісі;

2) зейнетақы төлемдері түріндегі кіріс;

3) дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі кіріс;

4) стипендиялар;

5) жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша кіріс;

6) жеке тұлға дербес салық салуға жататын кірістер.

323-бап. Жұмыскердің заттай нысандағы кірісі

Мыналар жұмыскердің салық салуға жататын, заттай нысандағы кірісі болып табылады:

1) тауарлардың, бағалы қағаздардың, қатысу үлесінің және еңбек қатынастарының болуына байланысты жұмыс беруші жұмыскердің меншігіне беруге жататын өзге де мүліктің (ақшадан басқа) құны. Мұндай мүліктің құны

қосылған құн салығының тиісті сомасы мен акциздер ескеріле отырып, мынадай мөлшерде айқындалады:

мүліктің баланстық құны;

мұндай мүліктің баланстық құны болмаған жағдайда, мүліктің жұмыскерге берілуіне негіз болған шартта немесе өзге құжатта айқындалған мүлік құны;

2) еңбек қатынастарының болуына байланысты жұмыс берушінің жұмыскер пайдасына жұмыстарды орындауы, қызметтерді көрсетуі. Орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны қосылған құн салығының тиісті сомасы мен акциздер ескеріле отырып, жұмыс берушінің жұмыстарды осындай орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты шеккен шығыстары мөлшерінде айқындалады;

3) жұмыс берушіден өтеусіз негізде алынған мүліктің құны. Жұмыскер жұмыс берушіден өтеусіз негізде алған, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны жұмыс берушінің жұмыстарды осындай орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты шеккен шығыстары мөлшерінде айқындалады;

4) жұмыскер жұмыс берушіден немесе үшінші тұлғалардан алған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құнын жұмыс берушінің жұмыскерге немесе үшінші тұлғаларға төлеуі. Мұндай тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны қосылған құн салығының тиісті сомасы мен акциздер ескеріле отырып, жұмыс берушінің жұмыстарды осындай орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты шеккен шығыстары мөлшерінде айқындалады.

324-бап. Жұмыскердің материалдық пайда түріндегі кірісі

Мыналар, оның ішінде:

1) жұмыскерге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу кезінде – жұмыскерге өткізілген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны мен осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бағасы немесе олардың баланстық құны арасындағы теріс айырма;

2) жұмыскерге борыш сомасын есептен шығару кезінде – жұмыс берушінің шешімі бойынша борыш сомасын немесе жұмыскердің оның алдындағы міндеттемесін есептен шығару;

3) сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының сомасын төлеу кезінде – жұмыс берушінің өз жұмыскерлерінің, оның ішінде жұмыскерлер жасасқан сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге шығыстары;

4) жұмыскерге шығындарды өтеу кезінде – жұмыскердің жұмыс берушінің қызметімен байланысты емес шығындарын өтеуге жұмыс берушінің шығыстары жұмыскердің салық салуға жататын, материалдық

пайда түріндегі кірісі болып табылады.

325-бап. Өтеусіз алынған мүлік, оның ішінде жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түріндегі кіріс

Өтеусіз алынған мүлік, оның ішінде жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түріндегі кіріс қосылған құн салығының тиісті сомасы мен акциздер ескеріле отырып, мынадай мөлшерде айқындалады:

мүліктің баланстық құны;

мұндай мүліктің баланстық құны болмаған жағдайда, мүліктің жеке тұлғаға берілуіне негіз болған шартта немесе өзге құжатта айқындалған мүлік құны.

326-бап. Зейнетақы төлемдері түріндегі кіріс

Салық салуға жататын, зейнетақы төлемдері түріндегі кіріске бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары:

1) салық төлеушілердің:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналары;

2014 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары;

ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт талаптарына сәйкес ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан;

2) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұрғылықты жерге кеткен Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғаларына;

3) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес зейнеткерлік жасқа толмаған және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұрғылықты жерге кеткен Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғаларына;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен мұраға қалған зейнетақы жинақтары түрінде жеке тұлғаларға жүзеге асыратын төлемдер жатады.

327-бап. Дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі кіріс

Мыналар салық салуға жататын, дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі кіріс болып табылады:

1) осы Кодекстің 1-бабы 1-тармағының 16) тармақшасында айқындалған, төленген (төлуге жататын) дивидендтер;

2) төленген (төлуге жататын) сыйақылар;

3) төленген (төлуге жататын) ұтыстар.

Осы тараудың мақсаттары үшін салық салуға жататын, дивидендтер түріндегі кіріске сенімгерлік басқарушы болып табылатын заңды тұлғадан алынған, сенімгерлік басқару құрылтайшысының сенімгерлік басқарудан алған таза кірісі де жатады.

328-бап. Стипендия түріндегі кіріс

Салық агенті:

Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасына сәйкес білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәдениет, ғылым қайраткерлеріне, бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыскерлеріне және басқа да жеке тұлғаларға төлеуге тағайындаған ақша сомасы салық салуға жататын, стипендия түріндегі кіріс болып табылады.

329-бап. Жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша кіріс

Мыналар салық салуға жататын, жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша кіріс болып табылады:

1) сақтандыру ұйымдары жүзеге асыратын, сақтандыру сыйлықақылары:

бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларындағы зейнетақы жинақтары есебінен;

жеке тұлға жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша өз пайдасына енгізетін сақтандыру сыйлықақылары есебінен;

жұмыс беруші жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша жұмыскердің пайдасына енгізетін сақтандыру сыйлықақылары есебінен төленген сақтандыру төлемдері;

2) осындай шарттар мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда төленетін өтеу сомалары;

3) сақтандыру ұйымы жүзеге асыратын сақтандыру төлемдері сомасының осы баптың 1) тармақшасында көрсетілмеген қаражат есебінен төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасынан асып кетуі.

2-параграф. Жеке тұлға дербес салық салуға жататын кірістер

330-бап. Мүліктік кіріс

1. Жеке тұлғаның салық салуға жататын мүліктік кірісіне мыналар жатады:

1) жеке тұлға осы Кодекстің 331-бабында көрсетілген Қазақстан Республикасындағы мүлікті өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кіріс;

2) жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі көздерден алынған, осы Кодекстің 332-бабында көрсетілген мүлікті өткізуден алған кірісі;

3) жеке тұлға осы Кодекстің 333-бабында көрсетілген мүлікті (ақшадан басқа) жарғылық капиталға салым ретінде беру кезінде құн өсімінен түсетін кіріс;

4) дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға мүлікті салық агенттері болып табылмайтын тұлғаларға мүліктік жалдауға (жалға) беруден алған кіріс;

5) талап ету құқығын, оның ішінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын үйдегі (ғимараттағы) үлесті талап ету құқығын басқаға беруден түсетін кіріс;

6) шағын бизнес субъектілері үшін не шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкердің осы Кодекстің 334-бабында көрсетілген өзге активтерін өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кіріс.

2. Осы баптың 1-тармағы 1), 2) және 3) тармақшаларының ережелері жеке тұлғаларға, оның ішінде шағын бизнес субъектілері үшін не шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерге қатысты қолданылады.

3. Мүліктік кіріс дара кәсіпкердің кірісі, жеке практикамен айналысатын адамның кірісі болып табылмайды.

4. Жеке тұлға шетел валютасымен алған (алуға жататын) мүліктік кіріс мүлікті өткізу бойынша мәміле жасалған күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы қолданыла отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен қайта есептеледі.

331-бап. Жеке тұлға Қазақстан Республикасындағы мүлікті өткізген кезде құн өсімінен түсетін кіріс

1. Жеке тұлға мүлікті өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кіріс мынадай мүлікті өткізген кезде туындайды:

1) меншік құқығы тіркелген күннен бастап бір жылдан аз уақыт Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында болған тұрғынжайлар, саяжай құрылыстары, гараждар, жеке қосалқы шаруашылық

объектілері;

2) меншік құқығы туындаған күннен бастап өткізу күніне дейін нысаналы мақсаты жеке тұрғын үй құрылысы, саяжай құрылысы, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, гараж салу болып табылатын, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген объектілер орналасқан, меншік құқығы тіркелген күннен бастап бір жылдан аз уақыт Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында болған жер учаскелері және (немесе) жер үлестері;

3) меншік құқығы туындаған күннен бастап өткізу күніне дейін нысаналы мақсаты жеке тұрғын үй құрылысы, саяжай құрылысы, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, бақ шаруашылығы, гараж салу болып табылатын, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген объектілер орналаспаған, меншік құқығы тіркелген күннен бастап бір жылдан аз уақыт Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында болған жер учаскелері және (немесе) жер үлестері;

4) Қазақстан Республикасының аумағындағы, осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілмеген нысаналы мақсаты бар жер учаскелері және (немесе) жер үлестері;

5) Қазақстан Республикасының аумағындағы инвестициялық алтын;

6) осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілгенді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлік;

7) Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуге жататын, бір жылдан аз уақыт меншік құқығында болған механикалық көлік құралдары және тіркемелер;

8) эмитенттері Қазақстан Республикасында тіркелген бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары (базалық активті сатып алу немесе өткізу арқылы орындалатын туынды қаржы құралдарын қоспағанда), Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) – 7) тармақшаларында көрсетілген мүлікті өткізу кезінде мүлікті өткізу бағасы (құны) мен оны сатып алу бағасы (құны) арасындағы оң айырма құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады.

Осы тармақтың ережелері осы баптың 5, 6 және 7-тармақтарына сәйкес айқындалатын өтеусіз алынған мүлікті өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кіріске қолданылмайды.

3. Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу арқылы сатып алынған жылжымайтын мүлік өткізілген жағдайда, мүлікті өткізу бағасы (құны) мен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бағасы арасындағы оң айырма құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады.

4. Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын ғимараттағы үлесті талап ету құқығын басқаға беру нәтижесінде сатып алынған жылжымайтын мүлік өткізілген жағдайда, мүлікті өткізу бағасы (құны) мен салық төлеуші тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт

бойынша тұрғын ғимараттағы үлесті талап ету құқығын сатып алған күн арасындағы оң айырма күн өсімінен түсетін кіріс болып табылады.

5. Жеке тұлға осы баптың 1-тармағында көрсетілген, бұрын осы Кодекстің 681-бабының 2-тармағына сәйкес өтеусіз алынған мүлік түрінде салық салу объектісіне енгізілген немесе бұрын осы Кодекстің 238-бабына сәйкес өтеусіз алынған мүлік түріндегі кіріс айқындалған мүлікті өткізген жағдайда, мүлікті өткізу бағасы (құны) мен өтеусіз алынған мүліктің бұрын кіріске енгізілген құны арасындағы оң айырма күн өсімінен түсетін кіріс болып табылады.

6. Жеке тұрғын үйді өткізетін тұлға салған жеке тұрғын үй, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 1) – 7) тармақшаларында көрсетілген, мұра, қайырымдылық көмек түрінде алынған мүлік өткізілген жағдайларда (осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда), мүлікті өткізу бағасы (құны) мен меншік құқығы туындаған күнге өткізілетін мүліктің нарықтық құны арасындағы оң айырма күн өсімінен түсетін кіріс болып табылады.

Бұл ретте мұндай нарықтық құнды салық төлеуші осындай мүлік өткізілген салықтық кезең үшін кірістер және мүлік туралы декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кешіктірмей айқындауға тиіс. Осы тармақтың мақсатында Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы мен салық төлеуші арасындағы шарт бойынша жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған күн нарықтық күн болып табылады.

7. Осы баптың 6-тармағында көрсетілген жағдайда осы баптың 1-тармағының 1) – 7) тармақшаларында көрсетілген өткізілген мүлікке меншік құқығы туындаған күнге айқындалған нарықтық құны болмаған кезде не нарықтық құнды айқындаудың осы баптың 6-тармағында белгіленген мерзімі сақталмаған кезде, сондай-ақ осы баптың 6-тармағында көрсетілмеген, мүлікті сатып алу бағасы (құны) болмаған басқа да жағдайларда, мыналар күн өсімінен түсетін кіріс болып табылады:

1) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мүлік бойынша – мүлікті өткізу бағасы (құны) мен бағалау құны арасындағы оң айырма. Бұл ретте «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы өткізілген мүлікке меншік құқығы туындаған жылдың 1 қаңтарына мүлік салығын есептеу үшін айқындаған күн бағалау құны болып табылады;

2) осы баптың 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген мүлік бойынша – мүлікті өткізу бағасы (құны) мен жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны арасындағы оң айырма. Бұл ретте мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы неғұрлым кеш болатын мынадай күндердің біріне айқындаған күн кадастрлық күн (бағалау құны) болып табылады:

жер учаскесіне меншік құқығы туындаған күн;

жер учаскесіне меншік құқығы туындаған күннің алдындағы соңғы

күн;

3) осы баптың 1-тармағының 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген мүлік бойынша – осындай мүлікті өткізу бағасы (құны).

Тұрғын емес үйді (ғимаратты) өткізетін, дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға салған тұрғын емес үйді (ғимаратты) өткізген кезде осындай мүлікті өткізу бағасы (құны) мен осындай тұрғын емес үйді (ғимаратты) салу үшін сатып алынған жер учаскесінің құны арасындағы оң айырма құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады.

Кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын, бұрын тұрғын үйден (ғимараттан) реконструкцияланған тұрғын емес үй (ғимарат) өткізілген жағдайда, осындай мүлікті өткізу бағасы (құны) мен оны тұрғын үй (ғимарат) ретінде сатып алу құны арасындағы оң айырма құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады.

8. Жеке тұлға осы баптың 1-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген, бұрын осындай тұлға Қазақстан Республикасының аумағына әкелген мүлікті өткізген жағдайда, мыналар оны сатып алу бағасы (құны) болып табылады:

1) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағынан әкелінген механикалық көлік құралдары және (немесе) тіркемелер бойынша – Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағында механикалық көлік құралының және (немесе) тіркеменің сатып алынғанын растайтын шартта (келісімшартта) немесе өзге құжатта көрсетілген баға (құн) мен тауарларға арналған декларацияда көрсетілген және осындай механикалық көлік құралдарын және (немесе) тіркемелерді әкелу кезінде төленген қосылған құн салығы мен акциздің сомалары;

2) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағынан әкелінген механикалық көлік құралдары және тіркемелер бойынша – Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағында механикалық көлік құралының және (немесе) тіркеменің сатып алынғанын растайтын шартта (келісімшартта) немесе өзге құжатта көрсетілген баға (құн) мен импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі салық декларациясында көрсетілген және осы Кодексте айқындалған тәртіппен төленген қосылған құн салығы мен акциздің сомалары.

9. Осы баптың 1-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген мүлікті өткізу кезінде мыналар құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады:

1) сатып алу (салым) бағасы (құны) болған жағдайда – өткізу бағасы (құны) мен оны сатып алу (салым) бағасы (құны) арасындағы оң айырма. Жеке тұлға опцион бойынша сатып алған бағалы қағаздарды өткізу кезінде сатып алу құны опционды орындау бағасы мен опционның сыйлықақысы мөлшерінде айқындалады;

2) мүлікті сатып алу (салым) бағасы (құны) болмаған жағдайда – мүлікті өткізу бағасы (құны).

Ескертпе.

Осы баптың және осы Кодекстің 333-бабының мақсатында заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген, бірақ нақты енгізілген салым мөлшерінен аспайтын құн жарғылық капиталға салым құны болып табылады.

332-бап. Жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі көздерден алған, мүлікті өткізуден түсетін кірісі

1. Егер осы бапта және осы Кодекстің 331-бабында өзгеше белгіленбесе, мүлікті өткізу құны жеке тұлғаның мүлікті өткізген кезде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі көздерден алған кірісі болып табылады.

2. Жеке тұлғаның мүлікті өткізген кезде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі көздерден алған кірісі мынадай:

1) құқықтары және (немесе) мәмілелері шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шет мемлекеттің құзыретті органында мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі;

2) шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шет мемлекеттің құзыретті органында мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі мүлікті өткізген кезде мүлікті өткізу құны мен оны сатып алу құны арасындағы оң айырма ретінде айқындалады.

3. «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен жария етілген, сатып алу бағасы (құны) болмаған және жария еткені үшін алым толеу жөніндегі міндеттеме орындалған мүлікті жария еткен адам оны өткізген жағдайларда, мүлікті өткізу бағасы (құны) мен өткізілетін мүлікті жария еткені үшін алымды есептеуге теңгемен айқындалған бағалау құны арасындағы оң айырма құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады.

4. Борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, жеке тұлғаның бағалы қағаздар өткізген кезде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі көздерден алған кірісі өткізу құны мен сатып алу құны арасындағы оң айырма ретінде айқындалады.

5. Жеке тұлғаның борыштық бағалы қағаздар өткізген кезде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі көздерден алған кірісі дисконттың амортизациясы және (немесе) өткізу күніне сыйлықақы ескеріле отырып, купонды есепке алмай өткізу құны мен сатып алу құны арасындағы оң айырма ретінде айқындалады.

6. Жеке тұлғаның қатысу үлесін өткізген кезде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі көздерден алған кірісі өткізу құны мен сатып алу (салым) құны арасындағы оң айырма ретінде айқындалады.

7. Осы баптың 2-тармағының ережесі мынадай жағдайларда:

1) жылжымайтын мүлік жеңілдікті салық салынатын мемлекеттің аумағында болса;

2) жылжымалы мүлікке құқықтар немесе жылжымалы мүлік бойынша мәмілелер жеңілдікті салық салынатын мемлекеттің құзыретті органында тіркелген болса, қолданылмайды.

8. Егер осы баптың 4, 5 және 6-тармақтарында көрсетілген кірістер жеңілдікті салық салынатын мемлекеттегі көздерден алынса, осы баптың 4, 5 және 6-тармақтарының ережелері қолданылмайды.

9. Осы баптың 2, 4, 5 және 6-тармақтарының ережелері:

1) мүлікті сатып алу құнын (салым құнын);

2) мүлікті өткізу құнын;

3) шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шет мемлекеттің құзыретті органының мүлікті және (немесе) мүлікке меншік құқығын және (немесе) мүлік бойынша мәмілені тіркегенін растайтын құжаттар негізінде қолданылады.

333-бап. Жеке тұлғаның мүлікті (ақшадан басқа) жарғылық капиталға салым ретінде беруі кезінде құн өсімінен түсетін кіріс

1. Жеке тұлғаның мүлікті (ақшадан басқа) жарғылық капиталға салым ретінде беруі кезінде құн өсімінен түсетін кіріс мынадай мүлікті берген кезде туындайды:

1) меншік құқығы тіркелген күннен бастап бір жылдан аз уақыт меншік құқығында болған тұрғынжайлар, саяжай құрылыстары, гараждар, жеке қосалқы шаруашылық объектілері;

2) меншік құқығы туындаған күннен бастап өткізу күніне дейін нысаналы мақсаты жеке тұрғын үй құрылысы, саяжай құрылысы, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, гараж салу болып табылатын, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген объектілер орналасқан, меншік құқығы тіркелген күннен бастап бір жылдан аз уақыт меншік құқығында болған жер учаскелері және (немесе) жер үлестері;

3) меншік құқығы туындаған күннен бастап өткізу күніне дейін нысаналы мақсаты жеке тұрғын үй құрылысы, саяжай құрылысы, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, бақ шаруашылығы, гараж салу болып табылатын, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген объектілер орналаспаған, меншік құқығы тіркелген күннен бастап бір жылдан аз уақыт меншік құқығында болған жер учаскелері және (немесе) жер үлестері;

4) осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілмеген нысаналы мақсаты бар жер учаскелері және (немесе) жер үлестері;

5) инвестициялық алтын;

6) осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген мүлікті қоспағанда, жылжымайтын мүлік;

7) мемлекеттік тіркеуге жататын, бір жылдан аз уақыт меншік құқығында болған механикалық көлік құралдары және (немесе) тіркемелер;

8) бағалы қағаздар, қатысу үлестері, сондай-ақ туынды қаржы құралдары (базалық активті сатып алу немесе өткізу арқылы орындалатын туынды қаржы құралдарын қоспағанда).

2. Осы баптың 1-тармағының 1) – 7) тармақшаларында көрсетілген мүлікті жарғылық капиталға салым ретінде беру кезінде заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген салым құны негізге алына отырып айқындалған мүлік құны мен оны сатып алу құны арасындағы оң айырма жеке тұлғаның құн өсімінен түсетін кірісі болып табылады.

Осы тармақтың ережелері осы баптың 5, 6 және 7-тармақтарына сәйкес айқындалатын өтеусіз алынған мүлікті жарғылық капиталға салым ретінде беру кезінде құн өсімінен түсетін кіріске қолданылмайды.

3. Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу арқылы сатып алынған жылжымайтын мүлік заңды тұлғаның жарғылық капиталына салым ретінде берілген кезде заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген салым құны негізге алына отырып айқындалған мүлік бағасы (құны) мен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бағасы арасындағы оң айырма құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады.

4. Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын ғимараттағы үлесті талап ету құқығын басқаға беру нәтижесінде сатып алынған жылжымайтын мүлік заңды тұлғаның жарғылық капиталына салым ретінде берілген кезде заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген салым құны негізге алына отырып айқындалған мүлік бағасы (құны) мен салық төлеуші тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын ғимараттағы үлесті талап ету құқығын сатып алған құн арасындағы оң айырма құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады.

5. Жеке тұлға осы баптың 1-тармағында көрсетілген, бұрын осы Кодекстің 681-бабының 2-тармағына сәйкес өтеусіз алынған мүлік түрінде салық салу объектісіне енгізілген немесе бұрын осы Кодекстің 238-бабына сәйкес өтеусіз алынған мүлік түріндегі кіріс айқындалған мүлікті жарғылық капиталға салым ретінде берген жағдайда, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген салым құны негізге алына отырып айқындалған мүлік бағасы (құны) мен өтеусіз алынған мүліктің бұрын кіріске енгізілген құны арасындағы оң айырма құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады.

6. Жеке тұрғын үйді беретін тұлға салған жеке тұрғын үйді, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 1) – 7) тармақшаларында көрсетілген, мұра, сыйға тарту және қайырымдылық көмек түрінде алынған мүлік жарғылық капиталға салым ретінде берілген кезде (осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда) заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген салым құны негізге алына отырып айқындалған мүлік бағасы (құны) мен меншік құқығы туындаған күнге жарғылық капиталға салым ретінде берілетін мүліктің нарықтық құны арасындағы оң айырма құн өсімінен

түсетін кіріс болып табылады.

Бұл ретте мұндай нарықтық құнды салық төлеуші мүлікті жарғылық капиталға салым ретінде беру жүргізілген салықтық кезең үшін кіріс және мүлік туралы декларацияны тапсыруға белгіленген мерзімнен кешіктірмей айқындауға тиіс. Осы тармақтың мақсатында Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы мен салық төлеуші арасындағы шарт бойынша жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған құн нарықтық құн болып табылады.

7. Мүлікті жария еткен адам «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен жария етілген, сатып алу бағасы (құны) болмаған және жария еткені үшін алым төлеу жөніндегі міндеттеме орындалған мүлікті жарғылық капиталға салым ретінде берген кезде заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген салым құны негізге алына отырып айқындалған мүлік бағасы (құны) мен берілетін мүлікті жария еткені үшін алымды есептеуге теңгемен айқындалған бағалау құны арасындағы оң айырма құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады.

8. Осы баптың 6-тармағында көрсетілген жағдайда, осы баптың 1-тармағының 1) – 7) тармақшаларында көрсетілген, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес жарғылық капиталға салым ретінде енгізілген мүліктің меншік құқығы туындаған күнге айқындалған нарықтық құны болмаған кезде не нарықтық құнды айқындаудың осы баптың 6-тармағында белгіленген мерзімі сақталмаған кезде, сондай-ақ осы баптың 6-тармағында көрсетілмеген, мүлікті сатып алу бағасы (құны) болмаған басқа да жағдайларда, мыналар құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады:

1) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мүлік бойынша – заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген, жарғылық капиталға салым құны негізге алына отырып айқындалған мүлік бағасы (құны) мен бағалау құны арасындағы оң айырма. Бұл ретте «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жарғылық капиталға салым ретінде берілген мүлікке меншік құқығы туындаған жылдың 1 қаңтарына мүлік салығын есептеу үшін айқындаған құн бағалау құны болып табылады;

2) осы баптың 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген мүлік бойынша – заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген салым құны негізге алына отырып айқындалған мүлік бағасы (құны) мен жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны арасындағы оң айырма. Бұл ретте мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы неғұрлым кеш болатын мынадай күндердің біріне айқындаған құн кадастрлық құн (бағалау құны) болып табылады:

жер учаскесіне меншік құқығы туындаған күн;

жер учаскесіне меншік құқығы туындаған күннің алдындағы соңғы күн;

3) осы баптың 1-тармағының 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген мүлік бойынша – заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес жарғылық капиталға салым ретінде енгізілген мүлік бағасы (құны) мөлшерінде.

Тұрғын емес үйді (ғимаратты) беретін, дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға салған тұрғын емес үйдің (ғимараттың) мүлкі жарғылық капиталға салым ретінде берілген кезде заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес жарғылық капиталға салым ретінде енгізілген осындай мүліктің бағасы (құны) мен осындай тұрғын емес үйді (ғимаратты) салу үшін сатып алынған жер учаскесінің құны арасындағы оң айырма құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады.

Кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын, бұрын тұрғын үйден (ғимараттан) реконструкцияланған тұрғын емес үй (ғимарат) жарғылық капиталға салым ретінде берілген жағдайда, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген салым құны негізге алына отырып айқындалған мүлік бағасы (құны) мен оны тұрғын үй (ғимарат) ретінде сатып алу құны арасындағы оң айырма құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады.

9. Осы баптың 1-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген мүлік жарғылық капиталға салым ретінде берілген кезде мыналар құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады:

1) сатып алу бағасы (құны) болған жағдайда – заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген салым құны негізге алына отырып айқындалған мүлік бағасы (құны) мен сатып алу құны арасындағы оң айырма. Бұл ретте жеке тұлға опцион бойынша сатып алған бағалы қағаздарды жарғылық капиталға салу кезінде сатып алу құны опционды орындау бағасы мен опционның сыйлықақысы мөлшерінде айқындалады;

2) мүлікті сатып алу бағасы (құны) болмаған жағдайда – заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген салым құнының мөлшерінде айқындалған мүлік бағасы (құны).

10. Сенім білдірілген өкіл иеліктен шығару құқығымен механикалық көлік құралын және (немесе) тіркемені басқаруға арналған сенімхат негізінде алынған механикалық көлік құралын және (немесе) тіркемені өткізген, жарғылық капиталға салым ретінде берген жағдайда, жеке табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін мүліктік кірісті айқындау үшін көлік құралының (тіркеменің) меншік иесіне көлік құралының (тіркеменің) өткізілген, жарғылық капиталға салым ретінде берілген құнын және оның өткізілген, жарғылық капиталға салым ретінде берілген күнін хабарлайды немесе көлік құралы (тіркеме) меншік иесінің атынан жеке табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру және жеке табыс салығын төлеу жөніндегі салықтық міндеттемені орындайды, бұл көлік құралы меншік иесінің салықтық міндеттемесін орындау болып табылады.

334-бап. Шағын бизнес субъектілері үшін не шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкердің өзге активтерді өткізуі кезінде құн өсімінен түсетін кіріс

1. Осы баптың мақсатында өзге активтерге тауар-материалдық запастар және талаптар болып табылмайтын мынадай активтер:

1) кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын негізгі құралдар;

2) аяқталмаған құрылыс объектілері;

3) орнатылмаған жабдық;

4) материалдық емес активтер;

5) биологиялық активтер;

6) 2000 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес құны толығымен шегерімге жатқызылған негізгі құралдар, егер осындай негізгі құралдар дара кәсіпкер бюджетпен есеп айырысуды жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүзеге асырған салықтық кезеңдерде тіркелген активтер болып табылса және актив тіркелген актив болып табылса;

7) Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімшарттар бойынша инвестициялық жоба шеңберінде пайдалануға берілген, құны толығымен шегерімге жатқызылған активтер, егер дара кәсіпкер бұрын бюджетпен есеп айырысуды жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүзеге асырса және актив тіркелген актив болып табылса, жатады.

2. Шағын бизнес субъектілері үшін не шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкер өзге активтерді өткізген кезде, өсім әрбір актив бойынша өткізу бағасы (құны) мен бастапқы құн арасындағы оң айырма ретінде айқындалады.

3. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, осы баптың мақсатында, осы Кодекстің 264-бабының 1) – 6) және 8) тармақшаларында көрсетілген шығындардан (шығыстардан) басқа, сатып алуға, өндіруге, салуға, монтаждауға, орнатуға, реконструкциялауға және жаңғыртуға арналған шығындар жиынтығы өзге активтердің бастапқы құны болып табылады.

Бұл ретте реконструкциялауды, жаңғыртуды тану осы Кодекстің 269-бабының 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Егер өзге актив өтеусіз алынған болса, осы баптың мақсатында осы Кодекстің 681-бабының 2-тармағына сәйкес өтеусіз алынған мүлік түрінде салық салу объектісіне енгізілген, осы активтің құны бастапқы құн болып табылады.

5. Осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, мұра, қайырымдылық көмек түрінде алынған өзге актив өткізілген кезде шағын бизнес субъектілері үшін не шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы

салық режимін қолданатын дара кәсіпкердің осы активке меншік құқығы туындаған күнге мұндай активтің Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы мен дара кәсіпкер арасындағы шарт бойынша жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған нарықтық құны бастапқы құн болып табылады.

Бұл ретте өзге активтің нарықтық құны осындай активтер өткізілген салықтық кезең үшін жеке табыс салығы бойынша декларацияны тапсыруға белгіленген мерзімнен кешіктірілмей айқындалуға тиіс.

6. Өзге активтің бастапқы құны мынадай жағдайларда:

1) өзге активтің меншік құқығы туындаған күнге айқындалатын нарықтық құны болмаған кезде;

2) нарықтық құнды айқындаудың осы баптың 5-тармағында белгіленген мерзімі сақталмаған кезде;

3) осы баптың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, осы баптың 3-тармағында көзделген шығындарды растайтын бастапқы құжаттар болмаған жағдайларда;

4) осы баптың 1-тармағының 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген активтер бойынша нөлге тең болады.

335-бап. Талап ету құқығын, оның ішінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын ғимараттағы үлесті талап ету құқығын басқаға беруден түсетін кіріс

1. Талап ету құқығын басқаға беру құны мен жеке тұлға осындай құқықты сатып алған құн арасындағы оң айырма талап ету құқығын басқаға беруден түсетін кіріс болып табылады.

2. Талап ету құқығын басқаға беру құны мен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бағасы арасындағы оң айырма тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын ғимараттағы үлесті талап ету құқығын басқаға беруден түсетін кіріс болып табылады.

3. Талап ету құқығын басқаға беру құны мен жеке тұлға бұрын осындай құқықты сатып алған құн арасындағы оң айырма тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша талап ету құқығын басқаға беру жолымен бұрын сатып алынған, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын ғимараттағы үлесті талап ету құқығын басқаға беруден түсетін кіріс болып табылады.

336-бап. Жеке практикамен айналысатын адамның кірісі

Жеке практикамен айналысатын адамның кірісіне мыналар жатады:

1) жекеше нотариустың кірісі;

2) жеке сот орындаушысының кірісі;

3) адвокаттың кірісі;

4) кәсіпқой медиатордың кірісі.

Заңгерлік көмек көрсеткені, нотариаттық әрекеттерді жасағаны үшін тиісінше ақы төлеуді қоса алғанда, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметті, нотариаттық, адвокаттық қызметті, кәсіпқой медиатор қызметін жүзеге асырудан алынған кірістердің барлық түрі, сондай-ақ қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеуден алынған сомалар жеке практикамен айналысатын адамдардың кірісі болып табылады.

337-бап. Дара кәсіпкердің кірісі

Жалпыға бірдей белгіленген режимді қолданатын дара кәсіпкердің салықтық кезең үшін жиынтық түрде алған кірісі осы адамның салықтық кезең ішінде Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерде алуға жататын (алған) кірістерінен тұрады.

338-бап. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі көздерден түсетін басқа да кірістер

Осы Кодекстің 321-бабының 1) – 16) тармақшаларында көрсетілмеген, резидент-жеке тұлға салық агенті болып табылмайтын тұлғадан есепті салықтық кезең ішінде алған (алуға жататын) және төленген жеріне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы көздерден түсетін кірістер болып табылмайтын кірістердің барлық түрі Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі көздерден түсетін басқа да кірістер деп танылады.

339-бап. Бақыланатын шетелдік компания бойынша жалпы ережелер

Бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасына немесе бақыланатын шетелдік компания тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасына екі рет салық салынбауға тиіс.

Қосарланған салық салу мынадай тәртіппен жойылады:

1) бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан немесе бақыланатын шетелдік компания тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан пайда салығы шет мемлекетте:

10 пайыздан аз тиімді мөлшерлеме бойынша төленген жағдайда – мұндай пайда салығы осы Кодекстің 638-бабының 2-тармағында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасындағы жеке табыс салығын төлеу есебіне есепке жатқызылуға тиіс;

10 және одан көп пайыз тиімді мөлшерлеме бойынша төленген жагдайда – осы Кодекстің 340-бабының 2-тармағына сәйкес салық салудан босату қолданылады;

2) дивидендтер төлейтін бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасында салық салынған қаржылық пайдасынан

резиденттің бір бақыланатын шетелдік компаниясы екінші осындай компанияға дивидендтер төлеген жағдайда – мұндай дивидендтер осы Кодекстің 340-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің 6) тармақшасына сәйкес дивидендтер алатын бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан шегеріледі;

3) егер бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасына Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған, Қазақстан Республикасындағы корпоративтік табыс салығы:

10 және одан көп пайыз молшерлеме бойынша салынған кірістер, сондай-ақ дивидендтер түріндегі кірістер есепке алынса, онда мұндай кірістер осы Кодекстің 340-бабының 3-тармағына сәйкес бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан шегеріледі;

10 пайыздан аз мөлшерлеме бойынша салынған кірістер енгізілсе, мұндай салық осы Кодекстің 639-бабына сәйкес резиденттің жеке табыс салығынан шегеруге жатады.

Ескертпе.

Осы бапта пайдаланылатын ұғымдар осы Кодекстің 294-бабында айқындалады.

340-бап. Бақыланатын шетелдік компанияның пайдасына салық салу

1. Бақыланатын шетелдік компаниялардың немесе бақыланатын шетелдік компаниялар тұрақты мекемелерінің осы баптың және осы Кодекстің 297-бабының ережелері ескеріле отырып есептелген жиынтық пайдасы резидент-жеке тұлғаның жылдық кірісіне кіреді және оған Қазақстан Республикасындағы жеке табыс салығы салынады.

Бақыланатын шетелдік компаниялардың немесе бақыланатын шетелдік компаниялар тұрақты мекемелерінің мұндай жиынтық пайдасы жеке тұлғалардың кірістері және мүлкі туралы декларацияға енгізуге жатады.

2. Бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасы немесе бақыланатын шетелдік компания тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасы мынадай шарттардың бірі орындалған кезде:

1) басқа резидент арқылы жүзеге асырылатын бақыланатын шетелдік компанияға резидент жанама қатысқан немесе жанама бақыланған кезде;

2) бақыланатын тұлға болып табылмайтын тұлға арқылы жүзеге асырылатын бақыланатын шетелдік компанияға резидент жанама қатысқан немесе жанама бақыланған кезде;

3) егер бақыланатын шетелдік компания тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасына тұрақты мекемені құрған бақыланатын шетелдік компания тіркелген мемлекетте пайда салығы 10 және одан көп пайызды құрайтын тиімді мөлшерлеме бойынша салынса;

4) егер бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасына немесе бақыланатын шетелдік компания тұрақты мекемесінің қаржылық

пайдасына сол арқылы резидент бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін жанама иеленетін немесе жанама бақылау жасайтын бақыланатын тұлға тіркелген мемлекетте салық 10 және одан көп пайызды құрайтын тиімді мөлшерлеме бойынша салынса;

5) егер жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасына немесе бақыланатын шетелдік компания тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасына пайда салығы 10 және одан коп пайызды құрайтын тиімді молшерлеме бойынша салынса, Қазақстан Республикасында салық салудан босатылады.

Осы тармақты қолдану мақсаттары үшін резидент-жеке тұлғаның осы Кодекстің 296-бабының 2-тармағында көрсетілген растайтын құжаттары болуға тиіс.

3. Резидент-жеке тұлғаның бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасын немесе бақыланатын шетелдік компания тұрақты мекемесінің салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасын мынадай сомаларға азайтуға құқығы бар:

1) егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі шоғырландырылған қаржылық пайдасында мұндай сомалар ескерілген жағдайда, бақыланатын шетелдік компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде танылған, еншілес ұйымдардың салық салынғанга дейінгі қаржылық пайдасының (залалының) топшілік операциялардан пайда (залалдар) сөмаларына азайтылған сомалары, қауымдастырылған (бірлескен) ұйымдардың кірістеріндегі үлестер. Егер бақыланатын шетелдік компания тіркелген мемлекеттің заңнамалық актілерінде жеке шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті жасамай, еншілес (қауымдастырылған, бірлескен) ұйымдардың деректері көрсетіле отырып, шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау жөніндегі міндеттеме белгіленсе, осы тармақшаның ережесі қолданылады;

2) егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасында осы тармақшада көрсетілген салық салынатын кіріс ескерілген жағдайда, 10 және одан коп пайызды құрайтын мөлшерлеме бойынша Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығы салынған, бақыланатын шетелдік компанияның филиал, өкілдік, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметінен түсетін салық салынатын кірісі;

3) егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасында осы тармақшада көрсетілген кіріс қамтылған жағдайда, бақыланатын шетелдік компания Қазақстан Республикасындағы көздерден алған, бұрын Қазақстан Республикасында 10 және одан көп пайызды құрайтын мөлшерлеме бойынша төлем көзінен корпоративтік табыс салығы салынған, шығыстар сомасына азайтылған, тұрақты мекеме құрмай Қазақстан Республикасында қызметтер көрсетуден (жұмыстар орындаудан) түсетін кіріс.

Осы тармақшаның мақсаттары үшін шығыстар сомасы үлес пен

бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық есептілік бойынша тікелей шығыстары жалпы сомасының көбейтіндісі ретінде пропорционалды әдіспен айқындалады. Үлес осы тармақшада көрсетілген кіріс сомасының бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық есептілік бойынша кірістерінің жиынтық сомасына қатынасы ретінде айқындалады;

4) егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасында осындай дивидендтер қамтылған жағдайда, бақыланатын шетелдік компания Қазақстан Республикасындағы көздерден алған дивидендтер;

5) егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасында осы тармақшада көрсетілген кіріс қамтылған жағдайда, бақыланатын шетелдік компания Қазақстан Республикасындағы көздерден алған, бұрын Қазақстан Республикасында 10 және одан көп пайызды құрайтын мөлшерлеме бойынша толем көзінен корпоративтік табыс салығы салынған, осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделгеннен өзге кіріс;

6) мынадай формула бойынша айқындалатын шама:

егер дивидендтер сомасы осындай бақыланатын шетелдік компанияның бұрын есепті немесе алдыңғы салықтық кезеңде Қазақстан Республикасында жеке табыс салығы салынған қаржылық пайдасынан төленген жағдайда, басқа бақыланатын шетелдік компаниядан алынған дивидендтердің

дивидендтер төлейтін бақыланатын шетелдік компанияға резиденттің жанама қатысу немесе жанама бақылау коэффициентіне

көбейтілген сомасы.

Егер мұндай қаржылық пайдада осы тармақтың бірінші бөлігі 6) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген дивидендтер сомасы қамтылған жағдайда, осы тармақтың бірінші бөлігінің 6) тармақшасында белгіленген азайту дивидендтерді алушы бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасына қолданылады.

Осы тармақты қолдану үшін резидент-жеке тұлғаның осы Кодекстің 297-бабының 10-тармағында көрсетілген растайтын құжаттары болуға тиіс.

4. Резидент-жеке тұлға осы Кодекстің 298-бабында айқындалған тәртіппен бақыланатын шетелдік компанияға қатысу (бақылау) туралы өтініш ұсынуға міндетті.

Ескертпе.

Осы бапта пайдаланылатын ұғымдар осы Кодекстің 294-бабында айқындалады.

3-параграф. Кірісті түзету

341-бап. Кірісті түзету

1. Жеке тұлғаның салық салуға жататын кірістерінен мынадай кіріс түрлері алып тасталады (бұдан әрі – кірісті түзету):

1) балаларға және асырауындағы адамдарға алынған алименттер;

2) жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген екінші деңгейдегі банктердегі және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы өздерінің салымдары (депозиттері) бойынша төленетін сыйақылар;

3) борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар;

4) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар, агенттік облигациялар бойынша сыйақылар;

5) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер;

6) агенттік облигацияларды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер;

7) осындай дивидендтер мен сыйақылар есепке жазылған күнге Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде болатын бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен сыйақылар;

8) бір мезгілде мынадай шарттар орындалған кездегі дивидендтер:

дивидендтерді есепке жазу күніне салық төлеуші дивидендтер төленетін акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленеді;

дивидендтер төлейтін резидент-заңды тұлға дивидендтер төленетін кезең ішінде жер қойнауын пайдаланушы болып табылмайды;

жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі дивидендтер төлейтін резидент-заңды тұлға активтерінің құнында дивидендтерді төлеу күніне 50 пайыздан аз болады.

Осы тармақшаның ережелері резидент-заңды тұлғадан:

акциялар бойынша, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активтері болып табылатын акциялар бойынша төлуге жататын таза кіріс немесе оның бір бөлігі;

резидент-заңды тұлға құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлетін таза кіріс немесе оның бір бөлігі;

резидент-заңды тұлға таратылған кезде немесе жарғылық капитал азайтылған кезде, сондай-ақ заңды тұлға құрылтайшыдан, қатысушыдан осы резидент-заңды тұлғаға қатысу үлесін немесе оның бір бөлігін сатып алған кезде және осындай эмитент-заңды тұлға акционерден осы эмитент шығарған

акцияларды сатып алған кезде мүлікті бөлуден түсетін кіріс түрінде алынған дивидендтерге қолданылады.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалар (тұлға) мүлкінің дивидендтер төлейтін резидент-заңды тұлға активтерінің құнындағы үлесі осы Кодекстің 650-бабына сәйкес айқындалады.

Осы тармақшаның мақсатында жерасты суларын және (немесе) кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтажы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан ғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы жер қойнауын пайдаланушы деп танылмайды.

Егер дивидендтер төлейтін резидент-заңды тұлға есептелген корпоративтік табыс салығын қызмет бойынша, оның ішінде осындай азайту көзделген инвестициялық келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша 100 пайызға азайтуды жүргізсе, онда осы тармақшаның ережелері мынадай тәртіппен қолданылады:

егер тұтастай алғанда дивидендтер төлейтін резидент-заңды тұлға бойынша есептелген корпоративтік табыс салығының жалпы сомасында 100 пайызға азайтылған корпоративтік табыс салығының үлесі 50 және одан көп пайызды құраса, онда осы тармақшада көзделген, осындай заңды тұлға төлейтін дивидендтерді босату қолданылмайды;

егер тұтастай алғанда дивидендтер төлейтін резидент-заңды тұлға бойынша есептелген корпоративтік табыс салығының жалпы сомасында 100 пайызға азайтылған корпоративтік табыс салығының үлесі 50 пайыздан аз болса, онда осы тармақшада көзделген, осындай заңды тұлға төлейтін дивидендтерді босату дивидендтердің бүкіл сомасына қолданылады;

9) әскери қызмет міндеттерін орындауына байланысты әскери қызметшінің, қызметтік міндеттерін орындауына байланысты арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерінің, құқық қорғау органдары қызметкерінің (кеден органдарының қызметкерін қоспағанда), мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерінің кірістері;

10) әскери, арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киімді киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда, құқық қорғау органдарында (кеден органдарын қоспағанда), мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызметтік міндеттерін орындауына байланысты алатын төлемдердің барлық түрі;

11) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен жалақы мөлшерінің 50 пайызы шегінде бір лотерея бойынша ұтыс;

12) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына болатын ең төмен жалақы мөлшерінде бюджет және (немесе) гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, қоғамдық жұмыстарды орындауға және кәсіптік оқытуға байланысты төлемдер;

13) «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» және «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес төлемдер.

Осы тармақшаның ережелері жеке тұлға:

«Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» және «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекте кірісті түзету мөлшерін көрсете отырып өтініште;

растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынған кезде қолданылады;

14) жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын әрбір тұлғаның жеке қосалқы шаруашылығынан түсетін – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен жалақының 24 еселенген мөлшері шегіндегі бір жылғы кірісі.

Бұл ретте жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын тұлға агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымға, ауыл шаруашылығы кооперативіне және (немесе) ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді жүзеге асыратын заңды тұлғаға жеке қосалқы шаруашылықтан алған мынадай ауыл шаруашылығы өнімін өткізуден түсетін кіріс жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін кіріс деп танылады:

тірі сауынды табын ірі қара мал;

тірі ірі қара мал;

тірі жылқы және өзге жылқы тұқымдас жануарлар;

тірі түйе және түйе тектілер;

тірі қой мен ешкі;

тірі шошқа;

тірі үй құстары;

тауықтың шағылмаған жаңа жұмыртқасы;

ірі қара малдың, шошқаның, қойдың, ешкінің, жылқының және жылқы тұқымдас жануарлардың жас немесе тоңазытылған еті;

сауынды табын ірі қара малдың шикі сүті;

үй құстарының жас немесе тоңазытылған еті;

картоп;

сәбіз;

қырыққабат;

баялды;

қызанақ;

қияр;

сарымсақ;

пияз;

қант қызылшасы;
алма;
алмұрт;
айва;
өрік;
шие;
шабдалы;
қара өрік;
ірі қара малдың, жылқы тұқымдас жануарлардың, қойдың, ешкінің түтілген жүні, терілері, иленбеген былғарысы.

Осы тармақшаны қолдану мақсатында өнім түрлерін айқындау техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім сыныптауышына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы тармақшаның ережелерін бір ғана салық агенті – агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйым, ауыл шаруашылығы кооперативі және (немесе) ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді жүзеге асыратын заңды тұлға агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымға, ауыл шаруашылығы кооперативіне және (немесе) ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді жүзеге асыратын заңды тұлғаға мынадай құжаттарды:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке қосалқы шаруашылығының бар екендігі туралы анықтаманы;

жергілікті атқарушы органның жеке қосалқы шаруашылықта пайдаланылатын:

алаңы көрсетіле отырып, жер учаскесінің;

саны көрсетіле отырып, үй жануарларының;

саны көрсетіле отырып, үй құстарының бар екендігі туралы растауын;

салық салуға жататын кірістерге түзету қолдануға арналған өтінішті ұсынған жеке тұлғаға қатысты қолданады.

Бұл ретте құжаттар салық агентіне осындай түзету қолданылған күнтізбелік жылда кемінде бір рет ұсынылады;

15) акцияларды, резидент-заңды тұлғаға немесе Қазақстан Республикасында құрылған консорциумға қатысу үлестерін өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер. Осы тармақша бір мезгілде мынадай шарттар орындалған кезде қолданылады:

акцияларды немесе қатысу үлестерін өткізу күніне салық төлеуші осы акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленеді;

осындай эмитент-заңды тұлға немесе қатысу үлесі өткізілетін осындай заңды тұлға немесе осындай консорциумға қатысу үлесін өткізетін осындай консорциумға қатысушы жер қойнауын пайдаланушы болып табылмайды;

жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі осындай эмитент-заңды тұлға немесе қатысу үлесі өткізілетін осындай заңды тұлға активтерінің құнында

немесе қатысу үлесі өткізілетін осындай консорциумға қатысушылар активтерінің жалпы құнында осындай өткізу күніне 50 пайыздан аз болады.

Осы тармақшаның мақсатында жерасты суларын және (немесе) кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтажы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан ғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы жер қойнауын пайдаланушы деп танылмайды.

Бұл ретте акциялары немесе қатысу үлестері өткізілетін заңды тұлға немесе консорциум активтерінің құнындағы жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалар (тұлға) мүлкінің үлесі осы Кодекстің 650-бабына сәйкес айқындалады;

16) өткізу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер;

17) Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуге жататын және бір жыл және одан көп уақыт меншік құқығында болған механикалық көлік құралдарын және тіркемелерді өткізу (заңды тұлғаның жарғылық капиталына салым ретінде беру) кезіндегі құн өсімі;

18) меншік құқығы тіркелген күннен бастап бір жыл және одан көп уақыт Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында болған тұрғынжайларды, саяжай құрылыстарын, гараждарды, жеке қосалқы шаруашылық объектілерін өткізу (заңды тұлғаның жарғылық капиталына салым ретінде беру) кезіндегі құн өсімі;

19) бір жыл және одан көп уақыт Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында болған, меншік құқығы туындаған күннен бастап өткізу (заңды тұлғаның жарғылық капиталына салым ретінде беру) күніне дейін нысаналы мақсаты жеке тұрғын үй құрылысы, саяжай құрылысы, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, бақ шаруашылығы, гараж салу болып табылатын, осы Кодекстің 331-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген объектілер орналасқан жер учаскелерін және (немесе) жер үлестерін өткізу (заңды тұлғаның жарғылық капиталына салым ретінде беру) кезіндегі құн өсімі;

20) бір жыл және одан көп уақыт Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында болған, меншік құқығы туындаған күннен бастап өткізу (заңды тұлғаның жарғылық капиталына салым ретінде беру) күніне дейін нысаналы мақсаты жеке тұрғын үй құрылысы, саяжай құрылысы, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, бақ шаруашылығы, гараж салу болып табылатын, осы Кодекстің 331-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген объектілер орналаспаған жер учаскелерін және (немесе) жер үлестерін өткізу (заңды тұлғаның жаргылық капиталына салым ретінде беру) кезіндегі құн өсімі;

21) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін сатып алынған мүлік құнының өсімі;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен (еңбекке ақы төлеу түріндегі төлемдерден басқа):

инфляция деңгейі ескеріле отырып, нақты енгізілген әлеуметтік төлемдердің сомасы мен Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес алушының зейнетақы төлемдеріне құқық алу кезіне бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырма түрінде;

өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген кезде – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде мемлекеттік қызметшілерге, оның ішінде арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, олардың отбасы мүшелеріне, асырауындағы адамдарға, мұрагерлері мен оларды алуға құқығы бар адамдарға;

көтермелеу түрінде – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауда өзгеше түрде жәрдем көрсететін адамдарға;

дүлей зілзалаға немесе басқа да төтенше мән-жайларға байланысты залалдардың орнын толтыру түрінде;

өтемақы төлемдері түрінде – еңбек шартының қолданылуы тоқтатылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде;

көтермелеу түрінде – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде халықаралық жарыстардағы жоғары нәтижелері үшін универсиада жүлдегерлері мен қатысушыларына және Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларының мүшелеріне;

төленетін өмір бойғы ай сайынғы қамтылым түрінде – зейнеткерлік жасқа толған, отставкадағы судьяларға;

Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын мемлекеттік сыйлықақылар, мемлекеттік стипендиялар түрінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде төленетін төлемдер;

23) күнтізбелік жыл ішінде салық агенті жүргізген әрбір төлем түрі бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен жалақының 8 еселенген мөлшері шегіндегі:

жеке тұлға медициналық көрсетілетін қызметтерді (косметологиялықтан басқа) алғанын және оларға ақы төленген нақты шығыстарын растайтын құжаттарды берген кезде – жеке тұлғаның медициналық көрсетілетін қызметтерге (косметологиялықтан басқа) шығыстарын немесе ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру шарты және ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақыларының төленгенін растайтын құжат болған

кезде – жұмыс берушінің ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру шарттары бойынша жұмыскердің пайдасына сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге арналған шығыстарын жабу үшін;

жұмыскер баланың (балалардың) тууы туралы куәліктің (куәліктердің) көшірмесін берген кезде – баласы туған кезде жұмыскерге материалдық көмек көрсету түріндегі;

жұмыскердің немесе оның отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының қайтыс болуы туралы анықтама немесе қайтыс болуы туралы куәлік болған кезде – жұмыскерді немесе оның отбасы мүшелерін, жақын туыстарын жерлеуге арналған төлемдер.

Кіріске түзету қолдану туралы өтініш негізінде және растайтын құжаттар болған кезде көрсетілген кірістер салық салудан босатылады;

24) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын дипломатиялық немесе консулдық жұмыскерлердің ресми кірістері;

25) кірісі салық салуға жататын шет мемлекеттің мемлекеттік қызметіндегі шетелдіктердің ресми кірістері;

26) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын және Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінде қызмет істейтін жеке тұлғалардың бюджет қаражаты есебінен төленетін шетел валютасындағы ресми кірістері;

27) жасына байланысты зейнетақы төлемдері, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері және (немесе) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі;

28) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде бюджет қаражаты есебінен төленетін тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдар бойынша сыйлықақылар (мемлекеттің сыйлықақысы);

29) «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мөлшерлерде бюджет қаражаты есебінен төленетін білім беру жинақтау салымдары бойынша мемлекеттің сыйлықақылары;

30) осы Кодекстің 288-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес жұмсалған, оқытуға жіберілген шығыстар;

31) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;

32) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және кірісті есепке жазу күніне қолданыста болатын ең төмен жалақының мөлшері шегінде – Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған, жүктілігі мен босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты кірісінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем сомасы шегеріле отырып, жұмыс берушінің жүктілік пен босану бойынша демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлердің демалысына ақы төлеуге арналған

шығыстары түріндегі кірістер.

Егер жұмыс берушінің осы тармақшада көрсетілген шығыстары еңбек және (немесе) ұжымдық шарттың талаптарында, жұмыс берушінің актісінде көзделсе, осы тармақшаның ережелері қолданылады;

33) мемлекеттік стипендиялар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде ұйымдар білім беру ұйымдарында білім алатын адамдарға төлейтін стипендиялар;

34) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын, білім беру ұйымдары осындай ұйымдардағы білім алушыларға төлейтін Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы стипендиялары мен Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиялары;

35) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын, білім беру ұйымдары осындай ұйымдардағы білім алушыларға төлейтін мемлекеттік атаулы стипендиялар;

36) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындауға арналған конкурс жеңімпаздарын оқытуды және олардың тағылымдамалардан өтуін ұйымдастыруға байланысты шығыстарды төлеуге арналған төлемдер;

37) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде төленетін, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алатын адамдарға жол жүру шығыстарының өтемақылары;

38) жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, жеке тұлға басқа жеке тұлғадан өтеусіз негізде, оның ішінде сыйға алу және мұраға қалдыру түрінде алған мүлік.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінің ережелері:

дара кәсіпкер алған және кәсіпкерлік мақсаттарда пайдалануға арналған мүлікке;

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен мұраға қалған, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары төлейтін зейнетақы жинақтарына қолданылмайды;

39) қайырымдылық және демеушілік көмек түрінде алынған мүліктің құны;

40) осы Кодекстің 329-бабында көзделген кірістерді қоспағанда, шарттың қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайына байланысты, кез келген сақтандыру түрі кезінде төленетін сақтандыру төлемдері;

41) мыналар:

сақтандыру сыйлықақылары жеке тұлға жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша және (немесе) жұмыс беруші жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша жұмыскердің пайдасына енгізетін сақтандыру

сыйлықақылары есебінен төленген сақтандыру ұйымдары жүзеге асыратын;

сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда жүзеге асырылатын жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша төленетін сақтандыру төлемдері немесе осындай шарттар мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда төленетін өтеу сомалары;

42) сенімгерлік басқару құрылтайшысының сенімгерлік басқарудан түсетін, резидент-жеке тұлғадан, оның ішінде сенімгерлік басқарушы болып табылатын дара кәсіпкерден алған таза кірісі;

43) бақыланатын шетелдік компаниядан алынған, осы Кодекстің 340-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында жеке табыс салығы салынған қаржылық пайдадан немесе оның бір бөлігінен бөлінген дивидендтер;

44) ислам банкінде орналастырылған инвестициялық депозит бойынша кіріс;

45) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде бюджет қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, жәрдемақылар мен өтемақылар;

46) моральдық зиянды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жеке тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянға өтем;

47) жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауына байланысты оның өміріне және (немесе) денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бөлігінде жұмыс беруші жасасқан жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру шарттары және аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдері;

48) материалдық нұқсанды өтеудің сот шешімі бойынша тағайындалатын, сондай-ақ сот шығыстарының сомалары;

49) гуманитарлық көмек түрінде алынған мүліктің құны;

50) жұмыс беруші өз жұмыскерлерін міндетті сақтандыру шарттары бойынша төлейтін сақтандыру сыйлықақылары;

51) гранттар қаражаты есебінен төленетін төлемдер (еңбекке ақы төлеу түріндегі төлемдерден басқа).

2. Егер салық агенті жеке тұлғаның кірісіне осы баптың 1-тармағының 13), 14) және 23) тармақшаларында көзделген кіріс түзетуді жеке тұлғаның осындай кірістен жеке табыс салығын ұстап қалу күнінен кеш өтініш жасауы себебінен қолданбаған болса, жеке тұлға осындай кірістен жеке табыс алығын ұстап қалуды жүргізген салық агентіне кіріс төлеу жүргізілген күнтізбелік жыл ішінде өтінішті және растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы, солардың негізінде салық агенті салық салуға жататын кірістерді қайта есептеуді жүргізеді.

37-тарау. САЛЫҚТЫҚ ШЕГЕРІМДЕР

342-бап. Салықтық шегерімдер бойынша жалпы ережелер

1. Жеке тұлғаның мынадай салықтық шегерім түрлерін қолдануға құқығы бар:

1) міндетті зейнетақы жарналары түріндегі салықтық шегерім – Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген мөлшерде;

2) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша салықтық шегерім;

3) стандартты салықтық шегерімдер (бұдан әрі – стандартты шегерімдер);

4) көп балалы отбасылар үшін салықтық шегерімдер;

5) өзге салықтық шегерімдер (бұдан әрі – өзге шегерімдер), олар:

ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерімді;

оқытуға арналған салықтық шегерімді;

медицинаға арналған салықтық шегерімді;

сыйақылар бойынша салықтық шегерімді қамтиды.

2. Жеке тұлға:

1) салық агентінде – міндетті зейнетақы жарналары түріндегі, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша, стандартты шегерімдерді, көп балалы отбасылар үшін;

2) салық агентінде қолданбаған кезде дербес – міндетті зейнетақы жарналары түріндегі, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша, стандартты шегерімдерді, көп балалы отбасылар үшін;

3) дербес – осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілмеген салықтық шегерімдерді қолданады.

3. Салық агентінде, сол сияқты жеке тұлға дербес күнтізбелік жылда қолданған көп балалы отбасылар үшін салықтық шегерім мен өзге шегерімдер жалпы сомасының шекті мөлшері ең төмен жалақының 48 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

4. Салықтық шегерімдерді қолдану құқығын растайтын құжаттар (бұдан әрі – растайтын құжаттар) негізінде салықтық шегерімдер қолданылады. Мұндай құжаттардың түпнұсқалары осы Кодекстің 48-бабының 2-тармағында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде жеке тұлғада сақталады.

5. Салықтық шегерімдер осы баптың 1-тармағында көрсетілген тәртіптегі реттілікпен қолданылады.

Ескертпе.

Осы Кодекстің 37-тарауын қолдану мақсатында ең төмен жалақы мөлшері деп республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен жалақы мөлшері

түсініледі.

343-бап. Салық агентінде салықтық шегерімдерді қолдану ерекшеліктері

1. Міндетті зейнетақы жарналары және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар түріндегі салықтық шегерімді қоспағанда, салық агенті салықтық шегерімдерді төлем көзінен:

1) жеке тұлғаның уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салықтық шегерімдерді қолдану туралы өтініші;

2) растайтын құжаттардың көшірмелері негізінде қолданады. Мұндай көшірмелер үш жылды құрайтын талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде салық агентінде сақталады.

2. Күнтізбелік жыл ішінде салық агенті ауысқан кезде, оның қайта ұйымдастырылу жағдайларын қоспағанда, алдыңғы салық агентінде түзілген, салықтық шегерімнің қолданылмаған сомасы жаңа салық агентінде есепке алынбайды.

Осы тармақтың ережесі осы Кодекстің 346-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген стандартты шегерімдерге қолданылмайды, олар бойынша алдыңғы салық агентінде түзілген салықтық шегерімнің асып кетуі осы Кодексте белгіленген шекте жаңа салық агентінде есепке алынады. Бұл ретте жеке тұлға осы Кодекстің 359-бабында айқындалған тәртіппен алдыңғы салық агенті берген жеке тұлғамен есеп айырысулар туралы анықтаманы береді.

3. Жеке тұлға салықтық шегерімнің белгілі бір түрін бір салық агентінде ғана қолдануға құқылы.

4. Салық агенті жеке тұлғаның кірісіне салықтық шегерімдерді жеке тұлғаның осындай кірістен жеке табыс салығын ұстап қалу күнінен кеш өтініш жасауы себебінен қолданбаған жағдайда, жеке тұлға кірістен жеке табыс салығын ұстап қалуды жүргізген салық агентіне кіріс төлеу жүргізілген күнтізбелік жыл ішінде осындай өтінішті және растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы, солардың негізінде салық агенті салық салуға жататын кірістерді қайта есептеуді жүргізеді.

344-бап. Жеке тұлғаның салықтық шегерімдерді дербес қолдану ерекшеліктері

Салық агентінде түзілген, салықтық шегерімдердің асып кету сомасын, сондай-ақ салық агентінде салықтық шегерімнің қолданылмаған сомасын жеке тұлғаның салық салынатын кірісін есептеу кезінде жеке тұлға дербес есепке алады.

345-бап. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша салықтық шегерім

1. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша салықтық шегерім салық агентінде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналардың сомасына оларды есептеу күніне тура келетін салықтық кезеңде қолданылады.

2. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша салықтық шегерімді жеке тұлға «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналардың сомасына неғұрлым кеш болатын мынадай күндердің біріне тура келетін салықтық кезеңде осындай жарналардың төленгенін растайтын құжат негізінде дербес қолданады:

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарды есептеу күні;

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарды төлеу күні.

346-бап. Стандартты шегерімдер

1. Мыналар стандартты шегерімдер болып табылады:

1) ең томен жалақы мөлшері. Стандартты шегерім әрбір күнтізбелік ай үшін қолданылады. Күнтізбелік жыл үшін стандартты шегерімнің жалпы сомасы ең төмен жалақының 12 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс;

2) осы тармақшаны қолдану күніне мұндай адамның:

Ұлы Отан соғысына қатысушы және оған теңестірілген адам;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адам;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адам;

I, II немесе III топтағы мүгедек;

мүгедек бала болып табылатыны негізінде күнтізбелік жыл үшін ең төмен жалақының 75 еселенген мөлшері.

Жеке тұлғаның осы тармақшаны қолдануға бірнеше негіздері болған жағдайда, кірістерді алып тастау осы тармақшада белгіленген кіріс шегінен аспауға тиіс;

3) осы тармақшаны қолдану күніне мұндай адамның:

мүгедек бала он сегіз жасқа толғанға дейін әрбір осындай мүгедек бала

үшін – оның ата-анасының, қорғаншыларының, қамқоршыларының бірі;

«бала кезінен мүгедек» деген себеппен мүгедек деп танылған адамның өмір бойына әрбір осындай адам үшін – оның ата-анасының, қорғаншыларының, қамқоршыларының бірі;

асырап алынған бала он сегіз жасқа толғанға дейін әрбір осындай адам үшін – бала асырап алушылардың бірі;

жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасыға беру туралы шарттың қолданылу мерзімі кезеңінде әрбір осындай адам үшін – жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды баланы қабылдайтын отбасыға қабылдап алған ата-аналардың бірі болып табылатыны негізінде күнтізбелік жыл үшін ең төмен жалақының 75 еселенген мөлшері.

Осы тармақшаның ережелері:

қорғаншылыққа және қамқоршылыққа мұқтаж адамдардың қорғаншылары және қамқоршылары болып табылатын тиісті білім беру ұйымдары, медициналық ұйымдар, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары әкімшіліктерінің жұмыскерлеріне қатысты олардың осындай ұйымдармен еңбек қатынастарында болуына байланысты;

Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасына сәйкес асырап алынатын баланың (балалардың) анасымен немесе әкесімен некеге тұратын (ерлі-зайыптылықта болатын) адамдарға қатысты қолданылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген стандартты шегерімдер осы салықтық шегерімдерді қолдану үшін негіз туындаған, бар немесе болған күнтізбелік жылда қолданылады.

347-бап. Көп балалы отбасы үшін салықтық шегерім

1. Көп балалы отбасы үшін салықтық шегерім мынадай тәртіптердің бірімен:

1) әрбір ай үшін ең төмен жалақының 2 еселенген мөлшерінде көп балалы отбасы ата-анасының біріне;

2) әрбір ай үшін ең төмен жалақының 1 еселенген мөлшерінде көп балалы отбасының әрбір ата-анасына күнтізбелік жыл үшін айқындалған ең төмен жалақының 24 еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде жиынтығында екі ата-анаға қолданылады.

2. Шегерім қолданылатын күнтізбелік жылдың 1 қаңтарына жеке тұлғаның кәмелетке толмаған төрт және одан көп баласы болған жағдайда көп балалы отбасы үшін салықтық шегерім қолданылады, ол осындай балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелерімен расталады.

348-бап. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерім

1. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерімді

Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғасы Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес өз пайдасына жұмсалған ерікті зейнетақы жарналарын төлеуге арналған шығыстар бойынша қолданады.

2. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерімді қолдану үшін мыналар растайтын құжаттар болып табылады:

ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт;

ерікті зейнетақы жарналарының төленгенін растайтын құжат.

3. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерім ерікті зейнетақы жарналарын төлеу күніне тура келетін салықтық кезеңде қолданылады.

349-бап. Оқытуға арналған салықтық шегерім

1. Оқытуға арналған салықтық шегерім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім берудің мынадай деңгейлері бойынша қолданылады:

1) Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатын мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;

2) Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарында осындай қызмет түрлерін жүргізу құқығына арналған тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын техникалық және кәсіптік білім беру;

3) Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарында осындай қызмет түрлерін жүргізу құқығына арналған тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру;

4) осы Кодекстің 291-бабының 1-тармағында айқындалған дербес білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатын мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру.

2. Оқытуға арналған салықтық шегерімді:

1) Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғасы өз пайдасына жұмсалған оқытуға ақы төлеуге арналған шығыстар бойынша;

2) заңды өкілдердің бірі асырауындағы жиырма бір жасқа толмаған Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғасының пайдасына оқытуға ақы төлеуге жұмсалған шығыстар бойынша қолданады. Жиырма бір жасқа толмаған адам оқытуға арналған салықтық шегерімді дербес қолданған жағдайда заңды өкіл көрсетілген салықтық шегерімді қолданбайды.

3. Оқытуға арналған салықтық шегерім күнтізбелік жылға айқындалған ең төмен жалақының 10 еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде қолданылады.

4. Қызметтер көрсетуге арналған шарт және осындай көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу фактісін растайтын құжат оқытуға арналған салықтық шегерімді қолдану үшін растайтын құжаттар болып табылады.

5. Оқытуға арналған шығыстар бойынша салықтық шегерімдер неғұрлым кеш болатын мынадай күндердің біріне тура келетін салықтық кезеңде қолданылады:

оқытудың көрсетілетін қызметтерін алу күні;

оқытудың көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу күні.

350-бап. Медицинаға арналған салықтық шегерім

1. Медицинаға арналған салықтық шегерім:

1) медициналық көрсетілетін қызметтерге (косметологиялықтан басқа);

2) ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларына ақы төлеуге арналған шығыстар бойынша қолданылады.

2. Медицинаға арналған салықтық шегерімді:

1) Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғасы өз пайдасына жұмсалған медицинаға арналған шығыстар бойынша;

2) заңды өкілдердің бірі асырауындағы он сегіз жасқа толмаған Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғасының пайдасына медицинаға жұмсалған шығыстар бойынша қолданады. Он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам медицинаға арналған салықтық шегерімді дербес қолданған жағдайда заңды өкіл көрсетілген салықтық шегерімді қолданбайды.

3. Медицинаға арналған салықтық шегерім күнтізбелік жылға айқындалған ең төмен жалақының 10 еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде қолданылады.

Бұл ретте медицинаға арналған салықтық шегерімнің және осы Кодекстің 341-бабы 1-тармағының 23) тармақшасына сәйкес жеке тұлғаның медициналық көрсетілетін қызметтерге (косметологиялықтан басқа) шығыстарын жабу үшін кірісті түзетудің жалпы сомасы жиынтығында күнтізбелік бір жылда республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен жалақының 10 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

4. Медицинаға арналған салықтық шегерімді қолдану үшін мыналар растайтын құжаттар болып табылады:

1) жазбаша нысанда жасалған жағдайда – медициналық көрсетілетін қызметтердің құны бөліп көрсетілген, ақылы медициналық қызметтерді көрсетуге арналған шарт;

2) медициналық көрсетілетін қызметтердің құны туралы ақпаратты қамтитын ауру тарихынан үзінді көшірме;

3) адам осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген салықтық шегерімді қолданған кезде ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру шарты;

4) ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру шарты бойынша медициналық

көрсетілетін қызметтерді немесе сақтандыру сыйлықақыларын төлеу фактісін растайтын құжат.

5. Медициналық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге арналған шығыстар бойынша салықтық шегерімдер неғұрлым кеш болатын мынадай күндердің біріне тура келетін салықтық кезеңде қолданылады:

медициналық көрсетілетін қызметтерді алу күні;

медициналық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу күні.

6. Ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге арналған шығыстар бойынша салықтық шегерімдер неғұрлым кеш болатын мынадай күндердің біріне тура келетін салықтық кезеңде қолданылады:

ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру шартында белгіленген, сақтандыру сыйлықақыларын өтеу күні;

сақтандыру сыйлықақыларын төлеу күні.

7. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде ұсынылған медициналық көрсетілетін қызметтерге шетел валютасымен ақы төленген кезде осы баптың 1-тармағында көрсетілген шығыстарды теңгемен қайта есептеу төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамы қолданыла отырып жүзеге асырылады.

351-бап. Сыйақылар бойынша салықтық шегерім

1. Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғасы сыйақылар бойынша салықтық шегерімді банктерден және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алған ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны төлеуге арналған шығыстар бойынша қолданады.

2. Сыйақылар бойынша салықтық шегерім күнтізбелік жылға айқындалған ең төмен жалақының 10 еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде қолданылады.

3. Сыйақылар бойынша салықтық шегерімді қолдану үшін мыналар растайтын құжаттар болып табылады:

1) банкпен немесе қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ипотекалық тұрғын үй қарызы шарты;

2) сыйақы сомасы бөліп көрсетілген ипотекалық тұрғын үй қарызын өтеу кестесі;

3) осындай қарыз бойынша сыйақының өтелгенін растайтын құжат.

4. Салықтық шегерімдер неғұрлым кеш болатын мынадай күндердің біріне тура келетін салықтық кезеңде қолданылады:

ипотекалық тұрғын үй қарызын өтеу кестесі бойынша сыйақыны өтеу күні;

сыйақыны төлеу күні.

5. Сыйақы шетел валютасымен төленген кезде осы баптың 1-тармағында көрсетілген шығыстарды теңгемен қайта есептеу төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамы қолданыла отырып жүзеге асырылады.

38-тарау. ТӨЛЕМ КӨЗІНЕН ҰСТАЛАТЫН ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ, ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ОЛ БОЙЫНША САЛЫҚТЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

352-бап. Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы бойынша жалпы ережелер

1. Жеке табыс салығын есептеуді, ұстап қалуды және бюджетке төлеуді төлем көзінен салық агенті осы Кодекстің 321-бабының 1) – 12) және 17) тармақшаларында көрсетілген кірістер бойынша, егер мұндай кірістерді аталған салық агенті төлеуге тиіс болса (төлесе), жүзеге асырады.

2. Егер осы баптың 3-тармағында өзгеше белгіленбесе, резидент-жеке тұлғаға кіріс төлейтін мынадай тұлғалар салық агенттері деп танылады:

1) дара кәсіпкер;

2) жеке практикамен айналысатын адам;

3) заңды тұлға, оның ішінде Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент.

Бұл ретте бейрезидент-заңды тұлға құрылымдық бөлімшесі немесе құрылымдық бөлімше ашпай тұрақты мекемесі Қазақстан Республикасының салық органдарында тіркеу есебіне қойылған күннен бастап салық агенті деп танылады;

4) егер осы құрылымдық бөлімше қосарланған салық салуды болғызбау және салықтарды төлеуден жалтаруға жол бермеу мәселелерін реттейтін халықаралық шартқа немесе осы Кодекстің 220-бабына сәйкес тұрақты мекеме құрмаса, Қазақстан Республикасында қызметін құрылымдық бөлімше арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға.

3. Мыналар салық агенттері деп танылмайды:

1) Қазақстан Республикасында аккредиттелген, шет мемлекеттің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, шет мемлекеттің консулдық мекемелері;

2) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес төлем көзінен жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттемеден босатылған халықаралық және мемлекеттік

ұйымдар, шетелдік және қазақстандық үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар және қорлар.

4. Резидент-заңды тұлға өз шешімімен құрылымдық бөлімшесінің бір мезгілде мынадай міндетті орындағанын тануға құқылы:

төлем көзінен салық салуға жататын, осындай құрылымдық бөлімше есепке жазған, төлеген кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және аудару;

осындай құрылымдық бөлімшенің шығыстары болып табылатын салық салу объектілері бойынша әлеуметтік салықты есептеу және төлеу.

Бұл ретте резидент-заңды тұлғаның осындай шешімі:

заңды тұлғаның жаңадан құрылған құрылымдық бөлімшесіне қатысты – осы құрылымдық бөлімше құрылған күннен бастап немесе осы құрылымдық бөлімше құрылған тоқсаннан кейінгі тоқсанның басынан бастап;

қалған жағдайларда – осындай шешім қабылданған тоқсаннан кейінгі тоқсанның басынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Резидент-заңды тұлғаның осындай шешімінің күшін жою осындай шешімнің күші жойылған тоқсаннан кейінгі тоқсанның басынан бастап қолданысқа енгізіледі.

5. Депозитарлық қолхаттар бойынша кірістерден жеке табыс салығын есептеуді және ұстап қалуды осындай депозитарлық қолхаттардың базалық активінің эмитенті жүргізеді.

353-бап. Жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және төлеу

1. Төлем көзінен салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеуді салық агенті салық салуға жататын кірісті есепке жазу кезінде жүргізеді.

Жеке табыс салығының сомасы осы бөлімге сәйкес айқындалатын толем көзінен салық салынатын кіріс сомасына осы Кодекстің 320-бабында белгіленген мөлшерлемелерді қолдану арқылы есептеледі.

2. Жеке табыс салығын ұстап қалуды салық агенті төлем көзінен салық салуға жататын кірісті төлеу күнінен кешіктірмей жүргізеді.

3. Салық агенті төленген кірістер бойынша жеке табыс салығын аударуды кіріс толеу жүзеге асырылған ай аяқталғаннан кейін күнтізбелік жиырма бес күннен кешіктірмей өзінің тұрған жері бойынша жүзеге асырады.

4. Салық агентінің құрылымдық бөлімшелері жұмыскерлерінің кірістері бойынша жеке табыс салыгын аудару осы құрылымдық бөлімшелердің орналасқан жері бойынша тиісті бюджеттерге жүргізіледі.

5. Осы Кодекстің ережелеріне сәйкес салық агенті төлем көзінен салық салуға жататын кірістерден есептелген жеке табыс салығы сомасын оны ұстап қалмай өз қаражаты есебінен төлеген кезде салық агентінің төлем көзінен жеке табыс салығын ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеті орындалды деп есептеледі.

354-бап. Салық агентінің депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша дивидендтер түрінде резидентке төленетін кірістер бойынша салықтық міндеттемені орындау, сондай-ақ төлем көзінен ұсталған жеке табыс салығын қайтару тәртібі

Салық агентінің депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша дивидендтер түрінде резидентке төленетін кірістер бойынша салықтық міндеттемені орындау, сондай-ақ төлем көзінен ұсталған жеке табыс салығын қайтару тәртібі осы Кодекстің 310-бабына сәйкес айқындалады.

355-бап. Мемлекеттік мекемелердің жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және төлеу ерекшеліктері

1. Мемлекеттік органның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері және (немесе) аумақтық органдары өздеріне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер жұмыскерлерінің кірістері бойынша салық агенттері ретінде қарастырылуы мүмкін.

2. Жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері және (немесе) аумақтық (төмен тұрған) органдары өздеріне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер жұмыскерлерінің кірістері бойынша салық агенттері ретінде қарастырылуы мүмкін.

Бұл ретте осы бапта айқындалған тәртіппен салық агенттері деп танылған мемлекеттік мекемелер осы Кодекстің 12-бөлімінің мақсаттары үшін әлеуметтік салықты төлеушілер деп танылады.

Жеке табыс салығын төлеу салық агентінің тұрған жері бойынша тиісті бюджеттерге жүргізіледі.

3. Жеке табыс салығын есептеуді, ұстап қалуды және төлеуді салық агенті осы Кодекстің 352, 353 және 354-баптарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүргізеді.

4. Салық агенті жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияны осы Кодекстің 358-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тапсырады.

356-бап. Төлем көзінен салық салынатын кірісті айқындау

1. Жұмыскердің салық салынатын кірісінің сомасы мынадай тәртіппен айқындалады:

жұмыскердің төлем көзінен салық салуға жататын, ағымдағы салықтық кезеңде алған кірістерінің сомасы,

алу

осы Кодекстің 341-бабының 1-тармағында көзделген, ағымдағы салықтық кезеңде кірісті түзету сомасы,

алу

Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген мөлшерде міндетті зейнетақы жарналары түріндегі салықтық шегерімдер сомасы,

алу

осы Кодекстің 345-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша салықтық шегерімдер сомасы,

алу

осы Кодекстің 346-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде стандартты шегерімдер сомасы,

алу

осы Кодекстің 347-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде көп балалы отбасылар үшін салықтық шегерім сомасы,

алу

осы баптың 2-тармағына сәйкес айқындалатын өзге шегерімдердің алдын ала сомасы.

2. Жеке тұлға өзге шегерімдердің алдын ала сомасын ең төмен жалақының 24 еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде күнтізбелік жылдағы өзге шегерімдердің жоспарланған сомасы ретінде айқындайды. Жеке тұлға мұндай соманы өтініште көрсетеді және оны салық агентіне береді. Өтініштің нысанын уәкілетті орган белгілейді.

Салық агенті растайтын құжаттарсыз жеке тұлғаның өтініші негізінде салық салынатын кірісті өзге салықтық шегерімдердің алдын ала сомасына азайтады.

Жеке тұлға барлық салық агенттеріне берілген өтініштерде көрсеткен күнтізбелік жылдағы өзге салықтық шегерімдердің алдын ала сомаларының жиынтық сомасы:

ең төмен жалақының 24 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс;

жеке тұлға күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша кірістер және мүлік туралы декларацияда өзге шегерімдерді қолданған кезде кейіннен құжатпен расталуға тиіс.

3. Жұмыскердің кірісінен басқа, жеке тұлғаның төлем көзінен салық салынатын кірісінің сомасы мынадай тәртіппен айқындалады:

төлем көзінен салық салуға жататын, ағымдағы салықтық кезеңде алынған кірістер сомасы,

алу

осы Кодекстің 341-бабының 1-тармағында көзделген, ағымдағы салықтық кезеңде кірісті түзету сомасы,

алу

Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы

заңнамасында белгіленген мөлшерде міндетті зейнетақы жарналары түріндегі салықтық шегерімдер сомасы,

алу

осы Кодекстің 345-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша салықтық шегерімдер сомасы,

алу

осы Кодекстің 346-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде стандартты шегерімдер сомасы.

4. Төлем көзінен салық салуға жататын кірістің шетел валютасындағы сомасы кіріс төленген күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы қолданыла отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен қайта есептеледі.

5. Егер осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарына сәйкес айқындалған сома теріс болып табылса, онда мұндай сома салықтық шегерімдердің асып кетуі деп танылады.

Салықтық шегерімдердің асып кету сомасы осы салықтық кезеңдерде салық салынатын кіріс есебінен өтеу үшін күнтізбелік жыл шегінде кейінгі салықтық кезеңдерге ауыстырылады.

357-бап. Салықтық және есепті кезеңдер

1. Салық агенттері төлем көзінен салық салуға жататын кірістерден жеке табыс салығын есептеу үшін күнтізбелік ай салықтық кезең болып табылады.

2. Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияны жасау үшін күнтізбелік тоқсан есепті кезең болып табылады.

358-бап. Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация

1. Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияны салық агентінің тұрған жеріндегі салық органдарына есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей:

салық агенттері, оның ішінде оңайлатылған декларация негізінде шағын бизнес субъектілері;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әлеуметтік төлемдердің агенттері немесе оларды төлеушілер, оның ішінде өз пайдасына тапсырады.

2. Салық агенті кірістерді алушы болып табылатын Қазақстан Республикасының әрбір резидент-жеке тұлғасы бойынша жеке табыс салығының сомаларын есептеу, ұстап қалу және аудару туралы деректерді:

1) күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша жасалатын және күнтізбелік жылдың осы Кодекстің 357-бабының 2-тармағында белгіленген

соңғы есепті кезеңі үшін жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларациямен бірге ұсынылатын;

2) таратудың салықтық есептілігі ұсынылған кезде жасалатын және жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларациямен бірге ұсынылатын жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияға қосымша түрінде ұсынады.

3. Құрылымдық бөлімшелері бар салық агенттері осы құрылымдық бөлімшенің орналасқан жеріндегі салық органына жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияға құрылымдық бөлімше бойынша жеке табыс салығы мен әлеуметтік салықтың сомасын есептеу жөніндегі қосымшаны ұсынады.

39-тарау. ЖЕКЕ ТҰЛҒАМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР ТУРАЛЫ АНЫҚТАМАНЫ БЕРУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ САЛЫҚ САЛЫНАТЫН КІРІСІН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

359-бап. Салық агентінің жеке тұлғамен есеп айырысулар туралы анықтаманы беру тәртібі

1. Күнтізбелік жыл ішінде жеке тұлғаға төлем көзінен салық салуға жататын кіріс есепке жазылған және (немесе) төленген жағдайда, салық агенті жеке тұлғамен есеп айырысулар туралы анықтаманы беруге міндетті.

2. Жеке тұлғамен есеп айырысулар туралы анықтамада:

1) толем көзінен салық салуға жататын кірістің;

2) кірісті түзетудің;

3) есептелген міндетті зейнетақы жарналарының;

4) міндетті зейнетақы жарналарын қоспағанда, қолданылған салықтық шегерімдердің;

5) алдын ала өзге шегерімдердің;

6) салықтық шегерімдердің асып кетуін ауыстырудың;

7) жеке тұлғаның салық салынатын кірісінің;

8) есептелген жеке табыс салығының;

9) төленген кірістің сомалары туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

3. Жеке тұлғамен есеп айырысулар туралы анықтаманың нысанын уәкілетті орган бекітеді.

4. Осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, салық агенті жеке тұлғамен есеп айырысулар туралы анықтаманы жеке тұлғаға кіріс есепке жазылған және (немесе) төленген жылдан кейінгі жылдың 20 ақпанынан кешіктірмей береді.

5. Салық агенті жеке тұлғаға кіріс есепке жазылған және (немесе) төленген күнтізбелік жыл ішінде жеке тұлғамен есеп айырысулар туралы анықтаманы:

1) жұмыскер:

еңбек шартының қолданылуын тоқтату туралы жұмыс берушінің актісі шыққаннан;

мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді жұмыстан шығару туралы бұйрық шыққаннан;

мемлекеттік саяси қызметшілер отставкаға шыққаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жұмыстан шығарылған;

2) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес мынадай құжаттардың:

орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер туралы актінің;

төлем құжатының соңғысы ресімделген күннен кешіктірілмей, жеке тұлғаның кірісін салық агенті есепке жазған және (немесе) төлеген;

3) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес жасалған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен кешіктірілмей – осындай шарттың қолданылуы тоқтатылған;

4) кіріс төленген күннен кешіктірілмей – дивидендтер, ұтыстар төленген;

5) банк салымы шартының қолданылуы тоқтатылған күннен кешіктірілмей – осындай шарттың қолданылуы тоқтатылған немесе мерзімі аяқталған;

6) білім алушы (тәрбиеленуші) оқудан шығарылған немесе білім туралы құжат табыс етілген күннен кешіктірілмей – стипендиялар түріндегі кірісті төлеу жүргізілген оқу аяқталған;

7) жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылған күннен кешіктірілмей – осындай шарттың қолданылуы тоқтатылған немесе мерзімі өткен жағдайларда береді.

6. Жеке тұлға осы баптың 5-тармағында белгіленген жағдайларда, жеке тұлғаға кіріс есепке жазылған және (немесе) төленген күнтізбелік жыл аяқталған соң жеке тұлғамен есеп айырысулар туралы анықтаманы беру талабымен салық агентіне жүгінуге құқылы, ал салық агенті мұндай анықтаманы жеке тұлға жүгінген күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде беруге міндетті.

360-бап. Жеке тұлға дербес салық салуға жататын жеке тұлғаның салық салынатын кірісін айқындау

1. Жеке тұлға жеке табыс салығын есептеуді және бюджетке төлеуді мыналар:

1) осы Кодекстің 321-бабының 1) – 12) және 17) тармақшаларында көрсетілген кірістерді салық агенті болып табылмайтын тұлғадан алған жағдайда – осындай кірістер бойынша;

2) осы Кодекстің 321-бабының 13) – 18) тармақшаларында көрсетілген

кірістер бойынша дербес жүзеге асырады.

2. Жеке тұлға дербес салық салуға жататын, шетел валютасымен алынған (алуға жататын) кіріс кірісті төлеу (алу) күнінің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы қолданыла өтырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен қайта есептеледі.

3. Жеке тұлға дербес салық салуға жататын жеке тұлғаның салық салынатын кірісін айқындау тәртібі осы Кодекстің 71-тарауына сәйкес айқындалады.

9-БӨЛІМ. ЖЕКЕ ПРАКТИКАМЕН АЙНАЛЫСАТЫН АДАМНЫҢ ЖӘНЕ ДАРА КӘСІПКЕРДІҢ КІРІСТЕРІНЕН АЛЫНАТЫН ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ

40-тарау. ЖЕКЕ ПРАКТИКАМЕН АЙНАЛЫСАТЫН АДАМНЫҢ ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛУДЫҢ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ БЕЛГІЛЕНГЕН РЕЖИМІН ҚОЛДАНАТЫН ДАРА КӘСІПКЕРДІҢ КІРІСІ

361-бап. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі сияқты кепіл ретінде жеке практикамен айналысатын адамның қызметтерді көрсеткені үшін алған ақша сомасы көрсетілген қызметтер актісінде немесе қызметтердің көрсетілгенін растайтын құжатта көрсетілген кепіл ақшадан көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу күнінен бастап кіріс деп танылады.

2. Жеке практикамен айналысатын адамның кірісін тану күні мыналар болып табылады:

1) көрсетілген қызметтердің қол қойылған актісінде көрсетілген қызметтер көрсету күні;

2) есепті салықтық кезеңде көрсетілген қызметтердің актісі болмаған жағдайда, бірақ осындай кезеңде шеккен шығыстар сомасынан кем емес ақша алу күні;

3) көрсетілген қызметтердің актісі болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес ресімделген қызметтерді көрсету фактісін растайтын құжатта көрсетілген қызметтер көрсету күні.

3. 2020 жылғы 1 қаңтардан кейін сатып алынған және жеке практикамен айналысудан кірістер алумен байланысты қызметте пайдаланылатын:

1) компьютерлер, ноутбуктер, мониторлар, проекторлар;

2) басып шығаруға, көруге, көшіруге, факспен жөнелтуге арналған құрылғылар;

3) сейфтер жеке практикамен айналысатын адамның активтері деп танылады.

Осы тармақта көрсетілген активтердің салықтық кезеңнің басындағы құны:

осы тармақта көрсетілген активтердің салықтық кезеңнің соңындағы құны,

қосу

салықтық кезең ішінде активтерді қолдап отыруға, жөндеуге және пайдалануға жұмсалған шығыстар сомасы,

алу

алдыңғы салықтық кезеңде есептелген амортизациялық аударымдар сомасы ретінде айқындалады.

Осы тармақта көрсетілген активтердің салықтық кезеңнің соңындағы құны:

осы тармақта көрсетілген активтердің салықтық кезеңнің басындағы құны,

қосу

осы тармақта көрсетілген, салықтық кезеңде түскен активтер,

алу

осы тармақта көрсетілген, салықтық кезеңде шығып қалған активтер ретінде айқындалады.

4. Жеке практикамен айналысатын адамдардың амортизациялық аударымдарын есептеу салықтық кезеңнің соңындағы активтер құнының 25 пайызы мөлшерінде жүргізіледі.

5. Осы Кодекстің 362, 363, 364 және 365-баптарының мақсаттары үшін қызметтік іссапарлар кезінде шегерімге жататын өтемақыларға мыналар жатады:

1) бронь үшін шығыстарға ақы төлеуді қоса алғанда, жол жүруге және бронь үшін шығыстарды растайтын құжаттар негізінде іссапарға баратын жерге жетуге және кері қайтуға нақты жүргізілген шығыстар. Жол жүру электрондық билетпен немесе электрондық жол жүру құжатымен ресімделген жағдайда, мыналар жол жүруге және бронь үшін шығыстарды растайтын құжаттар болып табылады:

электрондық билет, электрондық жол жүру құжаты;

электрондық билеттің, электрондық жол жүру құжатының құнын төлеу фактісін растайтын құжат;

тасымалдаушы немесе электрондық билет немесе электрондық жол жүру құжаты сатып алынған тұлға берген, жол жүру фактісін растайтын қағаз жеткізгіштегі немесе электрондық түрдегі құжат, оның ішінде отырғызу талоны.

Осы тармақшада көзделген шығыстарға бір елді мекеннің шегінде жол жүру бойынша шығыстар жатпайды;

2) бронь үшін шығыстарға ақы төлеуді қоса алғанда, тұрғын

үй-жайды жалдауға және бронь үшін шығыстарды растайтын құжаттар негізінде тұрғынжайды жалдауға (жалға алуға) нақты жүргізілген шығыстар;

3) іссапарда болған күнтізбелік қырық күннен аспайтын кезең ішінде – іссапарда болған әрбір күнтізбелік күн үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшерінен аспайтын тәулікақылар.

Іссапарда болу уақыты:

салық төлеушінің жеке практикамен айналысатын адамды, сондай-ақ оның жұмыскерлерін іссапарға жіберу туралы бұйрығы немесе жазбаша өкімі;

жол жүруді растайтын құжаттарда көрсетілген, іссапар орнына кету мен қайтып келу күндері негізге алына отырып, іссапар күндерінің саны негізінде айқындалады.

362-бап. Жекеше нотариустың салық салынатын кірісі

1. Жекеше нотариустың салықтық кезеңдегі салық салынатын кірісі жекеше нотариустың кәсіптік шегерімдері сомасына азайтылған нотариаттық қызметті жүзеге асырудан алуға жататын (алынған) кірістер сомасы ретінде айқындалады.

2. Жекеше нотариус қызметін жүзеге асырудан түсетін кірістерге мыналар жатады:

1) нотариаттық әрекеттерге ақы төлеу түріндегі кіріс;

2) жекеше нотариус нотариаттық әрекеттер жасаған кезде құқықтық және техникалық сипаттағы көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу түріндегі кіріс;

3) нотариаттық қызметті жүзеге асыру кезінде алуға жататын (алынған) басқа да кірістер.

3. Жекеше нотариус осы баптың 4-тармағында көзделген, бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін:

1) жекеше нотариус қызметін жүзеге асырудан түсетін кірісті алуға байланысты жүргізілген;

2) құжатпен расталған;

3) жекеше нотариустың салықтық тіркелімдерінде көрсетілген шығыстар бойынша кәсіптік шегерімдерді қолдануға құқылы.

4. Жекеше нотариустың кәсіптік шегерімдеріне мыналар жатады:

1) кеңсе керек-жарақтарын сатып алуға арналған шығыстар;

2) нотариаттық қызметтер көрсету үшін үй-жайды мүліктік жалдау (жалға алу) бойынша шығыстар;

3) салықтық кезеңнің соңына активтер құнының 25 пайызы мөлшерінде есептелген амортизациялық аударымдар;

4) екінші деңгейдегі банктің, банк операцияларының жекелеген

түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың көрсетілетін қызметтеріне, байланыс қызметтеріне, коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар;

5) жұмыскердің төлем көзінен салық салуға жататын кірісі бойынша салық төлеушінің шығыстары;

6) осы Кодекстің 243-бабының 11-тармағында және 263-бабында көзделген шығыстар;

7) осы Кодекстің 361-бабының 5-тармағына сәйкес қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақылар;

8) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1 еселенген шегінде нотариаттық палатаға енгізілетін мүшелік жарналар;

9) «Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру бойынша шығыстар.

363-бап. Жеке сот орындаушысының салық салынатын кірісі

1. Жеке сот орындаушысының салықтық кезеңдегі салық салынатын кірісі жеке сот орындаушысының кәсіптік шегерімдері сомасына азайтылған жеке сот орындаушысы қызметін жүзеге асырудан алуға жататын (алынған) кірістер сомасы ретінде айқындалады.

2. Жеке сот орындаушысы қызметін жүзеге асырудан түсетін кірістерге мыналар жатады:

1) жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу;

2) атқарушылық әрекеттерді жасау бойынша шығыстарды, оның ішінде бюджет қаражаты есебінен отеу;

3) «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында жеке сот орындаушысы үшін көзделген қызметті жүзеге асыру кезінде алуға жататын (алынған) басқа да кірістер.

3. Жеке сот орындаушысы осы баптың 4-тармағында көзделген, бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін:

1) жеке сот орындаушысы қызметін жүзеге асырудан түсетін кірісті алуға байланысты жүргізілген;

2) құжатпен расталған;

3) жеке сот орындаушысының салықтық тіркелімдерінде көрсетілген шығыстар бойынша кәсіптік шегерімдерді қолдануға құқылы.

4. Жеке сот орындаушысының кәсіптік шегерімдеріне мыналар жатады:

1) кеңсе керек-жарақтарын сатып алуға арналған шығыстар;

2) жеке сот орындаушысы қызметін корсету үшін үй-жайды мүліктік

жалдау (жалға алу) бойынша шығыстар;

3) салықтық кезеңнің соңына активтер құнының 25 пайызы мөлшерінде есептелген амортизациялық аударымдар;

4) екінші деңгейдегі банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың көрсетілетін қызметтеріне, байланыс қызметтеріне, коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар;

5) жұмыскердің төлем көзінен салық салуға жататын кірісі бойынша салық төлеушінің шығыстары;

6) осы Кодекстің 243-бабының 11-тармағында және 263-бабында көзделген шығыстар;

7) осы Кодекстің 361-бабының 5-тармағына сәйкес қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақылар;

8) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1 еселенген шегінде Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасына енгізілетін мүшелік жарналар;

9) «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру бойынша шығыстар;

10) осы тармақтың 1) – 9) тармақшаларында көзделмеген, атқарушылық әрекеттерді жасау бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтелген шығыстар.

364-бап. Адвокаттың салық салынатын кірісі

1. Адвокаттың салықтық кезеңдегі салық салынатын кірісі адвокаттың кәсіптік шегерімдері сомасына азайтылған адвокаттық қызметті жүзеге асырудан алуға жататын (алынған) кірістер сомасы ретінде айқындалады.

2. Адвокаттық қызметті жүзеге асырудан түсетін кірістерге мыналар жатады:

1) адвокаттың заң көмегін көрсетуінен түсетін кіріс;

2) Қазақстан Республикасының мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы заңнамасына сәйкес қорғауға және өкілдік етуге, құқықтық ақпарат беруге және құқықтық консультация беруге байланысты шығыстарды, оның ішінде бюджет қаражаты есебінен өтеу түріндегі кіріс;

3) адвокаттық қызметті жүзеге асыру кезінде алуға жататын (алынған) басқа да кірістер.

3. Адвокат осы баптың 4-тармағында көзделген, бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін:

1) адвокаттық қызметті жүзеге асырудан түсетін кірісті алуға байланысты жүргізілген;

2) құжатпен расталған;

3) адвокаттың салықтық тіркелімдерінде көрсетілген шығыстар бойынша кәсіптік шегерімдерді қолдануға құқылы.

4. Адвокаттың кәсіптік шегерімдеріне мыналар жатады:

1) кеңсе керек-жарақтарын сатып алуға арналған шығыстар;

2) адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін үй-жайды мүліктік жалдау (жалға алу) бойынша шығыстар;

3) салықтық кезеңнің соңына активтер құнының 25 пайызы мөлшерінде есептелген амортизациялық аударымдар;

4) екінші деңгейдегі банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың көрсетілетін қызметтеріне, байланыс қызметтеріне, коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар;

5) жұмыскердің төлем көзінен салық салуға жататын кірісі бойынша салық төлеушінің шығыстары;

6) осы Кодекстің 243-бабының 11-тармағында және 263-бабында көзделген шығыстар;

7) осы Кодекстің 361-бабының 5-тармағына сәйкес қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақылар;

8) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1 еселенген шегінде адвокаттар алқасына енгізілетін мүшелік жарналар;

9) осы тармақтың 1) – 8) тармақшаларында көзделмеген, қорғауға және өкілдік етуге байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтелген шығыстар.

365-бап. Кәсіпқой медиатордың салық салынатын кірісі

1. Кәсіпқой медиатордың салықтық кезеңдегі салық салынатын кірісі кәсіпқой медиатордың кәсіптік шегерімдері сомасына азайтылған кәсіпқой медиатор қызметін жүзеге асырудан алуға жататын (алынған) кірістер сомасы ретінде айқындалады.

2. Кәсіпқой медиатор осы баптың 3-тармағында көзделген, бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін:

1) кәсіпқой медиатор қызметін жүзеге асырудан түсетін кірісті алуға байланысты жүргізілген;

2) құжатпен расталған;

3) кәсіпқой медиатордың салықтық тіркелімдерінде көрсетілген шығыстар бойынша кәсіптік шегерімдерді қолдануға құқылы.

3. Кәсіпқой медиатордың кәсіптік шегерімдеріне мыналар жатады:

1) кеңсе керек-жарақтарын сатып алуға арналған шығыстар;

2) кәсіпқой медиатор қызметтерін көрсету үшін үй-жайды мүліктік жалдау (жалға алу) бойынша шығыстар;

3) салықтық кезеңнің соңына активтер құнының 25 пайызы мөлшерінде

есептелген амортизациялық аударымдар;

4) екінші деңгейдегі банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың көрсетілетін қызметтеріне, байланыс қызметтеріне, коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар;

5) жұмыскердің төлем көзінен салық салуға жататын кірісі бойынша салық төлеушінің шығыстары;

6) осы Кодекстің 243-бабының 11-тармағында және 263-бабында көзделген шығыстар;

7) осы Кодекстің 361-бабының 5-тармағына сәйкес қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақылар;

8) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1 еселенген шегінде кәсіпқой медиаторлар ұйымына енгізілетін мүшелік жарналар.

366-бап. Дара кәсіпкердің кірісі

1. Жалпыға бірдей белгіленген салық салу режимін қолданатын дара кәсіпкердің салықтық кезеңдегі салық салынатын кірісі мынадай тәртіппен айқындалады:

дара кәсіпкердің осы баптың 2-тармағына сәйкес айқындалған салық салынатын кірісі,

алу

корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында осы Кодекстің 288-бабында белгіленген, салық салынатын кірісті азайтуды айқындау тәртібіне ұқсас тәртіппен айқындалған, дара кәсіпкердің салық салынатын кірісін азайту,

қосу

бақыланатын шетелдік компаниялардың немесе бақыланатын шетелдік компаниялар тұрақты мекемелерінің осы Кодекстің 340-бабына сәйкес айқындалатын жиынтық пайдасы,

алу

корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында осы Кодекстің 299 және 300-баптарында белгіленген, залалдарды ауыстыру тәртібіне ұқсас тәртіппен айқындалған, ауыстыруға жататын залалдар.

2. Дара кәсіпкердің салықтық кезеңдегі салық салынатын кірісі мынадай тәртіппен айқындалады:

осы Кодекстің 226 – 240-баптарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында осы Кодекстің 225-бабында белгіленген, жылдық жиынтық кірісті айқындау тәртібіне ұқсас тәртіппен айқындалған, салықтық кезең үшін жиынтық түрде алынған дара кәсіпкердің кірісі,

алу

корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында осы Кодекстің 241-бабының 1-тармағында белгіленген, жылдық жиынтық кірісті түзетуді айқындау тәртібіне ұқсас тәртіппен айқындалған, салықтық кезең үшін жиынтық түрде алынған дара кәсіпкердің кірісін түзету,

қосу (алу)

корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында осы Кодекстің 241-бабының 2-тармағында белгіленген, жылдық жиынтық кірісті түзетуді айқындау тәртібіне ұқсас тәртіппен айқындалған, салықтық кезең үшін жиынтық түрде алынған дара кәсіпкердің кірісін түзету,

алу

корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында осы Кодекстің 242 – 276-баптарында белгіленген, шегерімдерге жатқызылатын шығыстарды айқындау тәртібіне ұқсас тәртіппен айқындалған шегерімдер,

қосу (алу)

корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында осы Кодекстің 287-бабында белгіленген, кірістер мен шегерімдерді түзетуді айқындау тәртібіне ұқсас тәртіппен айқындалған, кірістер мен шегерімдерді түзету.

10-БӨЛІМ. ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ

41-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

367-бап. Төлеушілер

1. Мыналар қосылған құн салығын төлеушілер болып табылады:

1) Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою жүргізілген мынадай тұлғалар:

дара кәсіпкерлер;

мемлекеттік мекемелерді және орта білім беретін мемлекеттік оқу орындарын қоспағанда, резидент-заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасында қызметін құрылымдық бөлімше арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттер;

2) Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды импорттайтын тұлғалар.

2. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою осы Кодекстің 82 және 83-баптарына сәйкес жүргізіледі.

368-бап. Салық салу объектілері

Мыналар қосылған құн салығы салынатын объектілер болып

табылады:

1) салық салынатын айналым;

2) салық салынатын импорт.

369-бап. Салық салынатын айналымды айқындау

1. Мыналар салық салынатын айналым болып табылады:

1) осы Кодекстің 370-бабында көрсетілген салық салынбайтын айналымды қоспағанда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша қосылған құн салығын төлеуші жасайтын айналым.

Осы Кодекстің 197-бабында белгіленген талаптар сақталмаған жағдайда, бұрын мүлікті қаржы лизингіне беру кезінде босатылған айналым өткізу бойынша айналым жасалған күннен бастап ретроспективті түрде салық салынатын айналым деп танылады;

2) осы Кодекстің 373-бабына сәйкес бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қосылған құн салығын төлеуші жасайтын айналым;

3) тауарлардың қалдықтары түріндегі айналым. Егер осы тармақшада өзгеше көзделмесе, қосылған құн салығы есепке жатқызылатын қосылған құн салығы ретінде есепке алынған және қосылған құн салығын төлеуші қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен:

қосылған құн салығы бойынша таратудың салықтық есептілігі ұсыныла отырып шығарылған кезде – осындай есептілік ұсынылған күннің алдындағы күнге;

салық органының шешімі бойынша шығарылған кезде – осы Кодекстің 85-бабының 6-тармагында көрсетілген күнге оған меншік құқығымен тиесілі болатын тауарлар тауарлардың қалдықтары түріндегі айналым деп танылады.

Осы тармақшада көзделген айналымға осы Кодекстің 370-бабының 3) тармақшасында көрсетілген салық салынбайтын айналым енгізілмейді.

Осы тармақтың ережесі бірігу нәтижесінде жаңадан құрылған барлық заңды тұлғалар немесе өзіне басқа заңды тұлға (заңды тұлғалар) қосылған заңды тұлға қайта ұйымдастырудан кейін қосылған құн салығын төлеушілер болып табылады деген шарт орындалған кезде, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуына байланысты оны қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару кезінде қолданылмайды.

2. Мыналарды:

жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

ұлттық және шетел валютасындағы ақшаны, оның ішінде аванстарды қоспағанда, осы бөлімнің мақсаттары үшін тауарларға негізгі құралдар, материалдық емес және биологиялық активтер, жылжымайтын мүлікке инвестициялар және басқа да мүлік жатады.

370-бап. Салық салынбайтын айналым

Мыналар салық салынбайтын айналым болып табылады:

1) осы Кодексте сәйкес қосылған құн салығынан босатылған, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым;

2) өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылмайтын, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым.

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны осы Кодекстің 378-бабына сәйкес айқындалады.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны осы Кодекстің 441-бабына сәйкес айқындалады;

3) осы Кодекстің 394-бабында санамаланған тауарлар болып табылатын тауарлардың қалдықтары түріндегі айналым.

371-бап. Салық салынатын импортты айқындау

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына әкелінетін немесе әкелінген (осы Кодекстің 399-бабына сәйкес қосылған құн салығынан босатылғандарды қоспағанда), Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес декларациялауға жататын тауарлар салық салынатын импорт болып табылады.

42-тарау. ТАУАРЛАРДЫ, ЖҰМЫСТАРДЫ, КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ӨТКІЗУ БОЙЫНША АЙНАЛЫМ ЖӘНЕ БЕЙРЕЗИДЕНТТЕН ЖҰМЫСТАРДЫ, КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУ БОЙЫНША АЙНАЛЫМ

372-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым

1. Тауарларды өткізу бойынша айналым:

1) мыналарды:

тауарды сатуды, тауарды тиеп-жөнелтуді, оның ішінде төлемді бөліп төлеу шарттарымен және (немесе) басқа тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге айырбастай отырып, тауарды сатуды, тиеп-жөнелтуді;

кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде тұтастай сатуды;

тауарды өтеусіз беруді;

жұмыс берушінің жұмыскер алдындағы берешекті өтеу есебіне жұмыскерге тауарды беруін;

кепіл берушінің кепілге салынған мүлікті сатып алушының немесе кепіл ұстаушының меншігіне беруін қоса алғанда, тауарға меншік құқығын беруді;

2) тауар экспортын;

3) тауарды тиеп-жөнелтуді, оның ішінде төлемді бөліп төлеу шарттарымен және (немесе) басқа тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге айырбастай отырып, тауарды тиеп-жөнелтуді;

4) лизинг нысанасы берілген құн бөлігінде мүлікті қаржы лизингіне беруді;

5) тауарды комиссия шарты немесе тапсырма шарты бойынша тиеп-жөнелтуді;

6) бұрын экспорт кедендік рәсімімен орналастырыла отырып әкетілген тауарды кері импорт кедендік рәсімімен орналастыруды;

7) осы Кодекстің 394-бабында көрсетілген тауардан басқа, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырыла отырып, қосылған құн салығынсыз сатып алынған тауарды жоғалтуды білдіреді.

2. Жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым кез келген жұмыстар орындауды немесе қызметтер көрсетуді, оның ішінде өтеусіз орындауды немесе көрсетуді, сондай-ақ тауарды өткізуден ерекшеленетін, сыйақы үшін кез келген қызметті, оның ішінде:

1) лизинг шарттарынан басқа, мүліктік жалдау шарттары бойынша мүлікті уақытша иеленуге және пайдалануға беруді;

2) лизинг шарты бойынша мүлікті қаржы лизингіне беру кезіндегі сыйақыны;

3) зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар беруді;

4) жұмыс берушінің жұмыскер алдындағы берешекті өтеу есебіне жұмыскерге жұмыстарды орындауын, қызметтер көрсетуін;

5) аванстарды және айыппұл санкцияларын қоспағанда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуге байланысты талап ету құқықтарын басқаға беруді;

6) кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісуді;

7) кредит (қарыз, микрокредит) беруді;

8) Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасына сәйкес ислам банкінің үшінші тұлғаға тауарды кейіннен сату шарттарымен не мұндай шарттарсыз коммерциялық кредит беру арқылы сауда делдалы ретінде жеке және заңды тұлғаларды қаржыландыруын білдіреді.

3. Шет мемлекеттің аумағында тіркелген резидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің өткізу орны Қазақстан Республикасы болып танылмайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымы осындай заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымы болып табылмайды.

4. Қазақстан Республикасында қызметін құрылымдық бөлімше арқылы

жүзеге асыратын бейрезиденттер мынадай шарттардың бірі сақталған кезде:

бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі жасасқан келісімшарт болса;

бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша жазып берген шот-фактура болса;

бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі қол қойған орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісі болса;

бейрезидент-заңды тұлғамен жасалған, жұмыстар орындауды, қызметтер көрсетуді осындай бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады деп көзделген келісімшарт болса;

бейрезидент-заңды тұлға қол қойған орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісінде осындай бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі жұмыстарды орындады, қызметтерді көрсетті деп көрсетілсе;

орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін кірісті төлеу бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесіне жүзеге асырылса, осындай құрылымдық бөлімшенің жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымын таниды.

5. Мыналар өткізу бойынша айналым болып табылмайды:

1) мүлікті жарғылық капиталға салым ретінде беру;

2) мүлікті бөлу кезінде акционерге, қатысушыға, құрылтайшыға тауарды:

заңды тұлға таратылған кезде немесе жарғылық капитал азайтылған кезде – жарғылық капиталды азайту жүзеге асырылатын қатысу үлесіне, акциялар санына тура келетін, төленген жарғылық капитал мөлшерінің шегінде;

заңды тұлға құрылтайшыдан, қатысушыдан осы заңды тұлғадағы қатысу үлесін немесе оның бір бөлігін сатып алған кезде – сатып алынатын қатысу үлесіне тура келетін, төленген жарғылық капитал мөлшерінің шегінде;

эмитент-заңды тұлға акционерден осы эмитент шығарған акцияларды сатып алған кезде – сатып алынатын акциялар санына тура келетін, төленген жарғылық капитал мөлшерінің шегінде беру;

3) егер тауар бірлігінің құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және осындай беру күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 5 еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, осындай тауарды жарнама мақсатында өтеусіз беру;

4) тапсырыс берушінің мердігерге дайын өнімді соңғысының дайындауы, қайта өңдеуі, құрастыруы (монтаждауы, орнатуы), жөндеуі және (немесе) объектілер салуы үшін алыс-беріс тауарларын тиеп-жөнелтуі. Тауарлар Еуразиялық экономикалық одақтан тыс жерде дайындалған, қайта өңделген, құрастырылған, жөнделген жағдайда, егер оларды әкету Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік аумақтан тыс жерде

қайта өңдеу кедендік рәсімінде жүзеге асырылса, көрсетілген тауарларды тиеп-жөнелту өткізу бойынша айналым болып табылмайды;

5) қайтарылатын ыдысты тиеп-жөнелту. Құны онымен жіберілетін өнімді өткізу құнына енгізілмейтін және осы өнімді жеткізуге арналған шартта (келісімшартта) белгіленген талаптармен және мерзімдерде, бірақ ұзақтығы алты айдан аспайтын мерзімде өнім берушіге қайтаруға жататын ыдыс қайтарылатын ыдыс болып табылады. Егер ыдыс белгіленген мерзімде қайтарылмаса, мұндай ыдыстың құны осы Кодекстің 381-бабының 14-тармағына сәйкес өткізу бойынша айналымға енгізіледі;

6) қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын алушының (сатып алушының) тауарды қайтаруы;

7) бұрын «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы» арнайы экономикалық аймағының аумағына еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінде әкелінген тауарды тиеп-жөнелту;

8) егер мұндай әкету Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес уақытша әкету кедендік рәсімінде ресімделсе, шартта белгіленген талаптармен және мерзімдерде қайта әкелуге жататын тауарды көрмелер, басқа да мәдени және спорттық іс-шараларды өткізу үшін Еуразиялық экономикалық одақтан тыс жерге әкету;

9) жер қойнауын пайдаланушы жаңадан жасаған және (немесе) сатып алған, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды орындау үшін пайдаланылған және жер қойнауын пайдалануға арналған жасалған келісімшарт талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасына беруге жататын мүлікті жер қойнауын пайдаланушының Қазақстан Республикасының меншігіне беруі;

10) эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруы;

11) қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның негізгі құралдарын, материалдық емес активтерін және өзге де мүлкін, оның ішінде осы Кодекстің 369-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес тауарлардың қалдықтары түріндегі айналым танылған тауарларды оның құқықтық мирасқорына (құқықтық мирасқорларына) беру;

12) концессия объектісін концедентке беру, сондай-ақ концессия шарты шеңберінде пайдалану үшін концессия объектісін кейіннен концессионерге (құқықтық мирасқорға немесе концессия шартын іске асыру үшін тек қана концессионер арнайы құрған заңды тұлғаға) беру;

13) дара кәсіпкер болып табылатын жеке тұлғаның жеке мүлкін осындай жеке тұлғаның өткізуі бойынша айналым;

14) сенімгерлік басқару құрылтайшысының мүлікті сенімгерлік басқарушыға беруі;

15) сенімгерлік басқарудың туындау негізі қолданылуын тоқтатқан кезде сенімгерлік басқарушының мүлікті қайтаруы;

16) сенімгерлік басқарушының сенімгерлік басқарудан түсетін таза

кірісті сенімгерлік басқару құрылтайшысына беруі;

17) салымшының (клиенттің) банктік шот және (немесе) банктік салым шарттары бойынша өзіне есепке жазылған және (немесе) толенген сыйақы сомасын алуы;

18) концессионердің мемлекеттік меншіктегі объектіні пайдалануды тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ерекше маңызды концессиялық жобалар бойынша қолжетімділік үшін төлемақыны қолдана отырып жүзеге асыруы;

19) концессионердің концессия объектісін тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ерекше маңызды концессиялық жобалар бойынша қолжетімділік үшін төлемақыны қолдана отырып басқаруы;

20) тауарлардың бір заңды тұлға шегінде берілуіне (өткізілуіне) байланысты оларды Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына әкету;

21) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторларының қалдықтарды жинауды, тасуды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы алуы;

22) Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарының (4 және одан жоғары экологиялық сыныпқа сай келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарының өндірісін ынталандыру шеңберінде кәсіпорындардың қаржыландыруды алуы:

23) жер қойнауын пайдаланушының салықтарды төлеу жөніндегі салықтық міндеттемені заттай нысанда орындау есебіне пайдалы қазбаларды мемлекет атынан алушыға беруі;

24) мемлекет атынан алушының немесе мемлекет атынан алушы осындай өткізуге уәкілеттік берген тұлғаның жер қойнауын пайдаланушы салықтарды төлеу жөніндегі салықтық міндеттемені заттай нысанда орындау есебіне берген пайдалы қазбаларды өткізуі;

25) мемлекет атынан алушының немесе мемлекет атынан алушы осындай өткізуге уәкілеттік берген тұлғаның жер қойнауын пайдаланушы салықтарды төлеу жөніндегі салықтық міндеттемені заттай нысанда орындау есебіне берген пайдалы қазбаларды өткізуге байланысты шығыстарды өтеуді білдіретін комиссиялық сыйақы үшін осындай пайдалы қазбаларды өткізу бойынша қызметтер корсетуі;

26) қаржыландырылуы өтеусіз негізде Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген нысаналы салым есебінен қамтамасыз етілетін қызмет;

27) Қазақстан Республикасының инновациялық кластер туралы заңнамасында айқындалған дербес кластерлік қордың тек қана трансұлттық корпорациялардың қатысуымен бірлескен кәсіпорындарды құру үшін, сондай-ақ шетелдік инвестициялық қорларға үлестік қатысу үшін нысаналы аударымға бағытталған бюджеттік бағдарлама шеңберінде бюджеттен

төлемдер алуы;

28) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымның есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасының бюджеттік субсидиясы;

29) демеушілік көмекті алушының шартта көзделген оны көрсету талаптарын орындауы;

30) кірістер мен шығыстар арасындағы теріс айырма түрінде айқындалған залалдар және (немесе) шығыстар бойынша бюджеттік субсидия.

Осы тармақшаның мақсаттары үшін кірістер мен шығыстар халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалады;

31) энергия беруші ұйымдардың жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын субъектілерге электр энергиясын беру бойынша қызметтерді өтеусіз көрсетуі;

32) Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның қаржыландырылуын қамтамасыз ету үшін ғана қор ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйымның осындай коммерциялық емес ұйым нысаналы аударымға бағытталған бюджеттік бағдарлама шеңберінде алған ақшаны алуы;

33) Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның осы тармақтың 32) тармақшасында көрсетілген ұйымнан осындай коммерциялық емес ұйым нысаналы аударымға бағытталған бюджеттік бағдарлама шеңберінде алған ақшаны алуы;

34) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандырылған, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйымның Ипотекалық тұргын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасын іске асыру шеңберінде талап қою құқықтарын және мүлікті дауыс беретін акцияларының 100 пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі орнықтылық ұйымына өтеусіз беруі.

373-бап. Бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша айналым

1. Егер осы баптың 2-тармағында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы өткізу орны болып танылатын бейрезидент өтеулі негізде орындаған жұмыстарды, көрсеткен қызметтерді қосылған құн салығын төлеуші сатып алған кезде олар осы Кодекске сәйкес қосылған құн салығы салуға жататын, қосылған құн салығын осындай төлеушінің бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша айналымы болып

табылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, егер:

1) орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер осы Кодекстің 394-бабында санамаланған жұмыстар, көрсетілетін қызметтер болып табылса;

2) осындай жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес айқындалатын, әкелінетін тауарларға қосылған құн салығы Қазақстан Республикасының бюджетіне төленген және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес қайтаруға жатпайтын импортталатын тауарлардың кедендік құнына енгізілсе;

3) мыналардың:

осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген дербес білім беру ұйымдарының;

осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында айқындалған қызмет түрлері бойынша осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген дербес білім беру ұйымдарының жұмыстары орындалса және қызметтері көрсетілсе;

4) осындай жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны осы Кодекстің 444-бабына сәйкес айқындалатын, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден әкелінетін тауарларға қосылған құн салығы Қазақстан Республикасының бюджетіне төленген және осы Кодекстің 50-тарауына сәйкес қайтаруға жатпайтын салық салынатын импорттың мөлшеріне енгізілсе;

5) орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер осы Кодекстің 372-бабының 3-тармағына сәйкес бейрезидент-заңды тұлға құрылымдық бөлімшесінің айналымы болып табылса, бейрезиденттен тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша айналым болып табылмайды.

374-бап. Тапсырма шарттары бойынша жүзеге асырылатын өткізу (сатып алу) бойынша айналымдар

1. Сенім білдірушінің атынан және есебінен тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сенім білдірілген өкілдің сенім білдіруші үшін сатып алынған тауарларды сенім білдірушіге беруі, сондай-ақ сенім білдірілген өкіл сенім білдірушінің атынан және есебінен үшінші тұлғамен жасасқан мәміле бойынша осындай үшінші тұлғаның сенім білдіруші үшін жұмыстарды орындауы, қызметтерді көрсетуі сенім білдірілген өкілдің өткізу (сатып алу) бойынша айналымы болып табылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағының ережесі:

1) Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын және қызметті құрылымдық бөлімше арқылы жүзеге

асырмайтын бейрезидент-сенім білдірушіден алынған тауарларды өткізуге қатысты қолданылмайды. Бұл жағдайда тауарды тиеп-жөнелту сенім білдірілген өкілдің өткізу бойынша айналымы болып табылады;

2) осы Кодекстің 426-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда оператордың тауарларды өткізуіне, жұмыстарды орындауына, қызметтерді көрсетуіне, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуына қатысты қолданылмайды.

375-бап. Комиссия шартының талаптарына сәйкес келетін талаптармен жүзеге асырылатын өткізу бойынша айналымдар

1. Мыналар комиссионердің өткізу бойынша айналымы болып табылмайды:

комитенттің тапсырмасы бойынша комиссионердің комиссия шартының талаптарына сәйкес келетін талаптармен тауарларды өткізуі, жұмыстарды орындауы, қызметтерді көрсетуі;

комиссионердің комиссия шартының талаптарына сәйкес келетін талаптармен комитент үшін сатып алынған тауарларды комитентке беруі;

осындай жұмыстар, көрсетілетін қызметтер комиссионердің бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша айналымы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлға комиссионермен жасасқан мәміле бойынша осындай үшінші тұлғаның комитент үшін жұмыстарды орындауы, қызметтерді көрсетуі.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын және қызметін құрылымдық бөлімше арқылы жүзеге асырмайтын бейрезидент-комитенттен алынған тауарды өткізуге қатысты қолданылмайды. Бұл жағдайда тауарды өткізу комиссионердің өткізу бойынша айналымы болып табылады.

376-бап. Көлік экспедициясы шарты бойынша жүзеге асырылатын өткізу (сатып алу) бойынша айналымдар

Тасымалдаушының және (немесе) басқа да өнім берушілердің көлік экспедициясы шарты бойынша клиент болып табылатын тарап үшін көлік экспедициясы шартында айқындалған жұмыстарды орындауы, қызметтерді көрсетуі экспедитордың өткізу бойынша айналымы болып табылмайды.

Экспедитор бейрезиденттен көлік экспедициясы шартында айқындалған, өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылатын орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді көлік экспедициясы шарты бойынша клиент болып табылатын тарап үшін сатып алған кезде олар экспедитордың бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша айналымы болып табылады.

377-бап. Мүлікті сенімгерлік басқаруды құру нәтижесінде жүзеге асырылатын өткізу (сатып алу) бойынша айналымдар

Мүлікті сенімгерлік басқару шартына сәйкес немесе мүлікті сенімгерлік басқару туындайтын өзге де жағдайларда сенімгерлік басқарушы жүзеге асыратын тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу сенімгерлік басқарушының өткізу (сатып алу) бойынша айналымы болып табылады.

378-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны

1. Осы бөлімнің мақсаттары үшін, егер:

1) өнім беруші, алушы немесе үшінші тұлға тасымалдайтын (жіберетін) тауарлар бойынша – тасу басталған орын Қазақстан Республикасы болып табылса;

2) қалған жағдайларда – тауар алушыға Қазақстан Республикасының аумағында берілсе, Қазақстан Республикасы тауарларды өткізу орны болып танылады.

2. Осы бөлімнің мақсаттары үшін, егер:

1) жұмыстар, көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлікке тікелей байланысты болса, Қазақстан Республикасы жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны болып танылады.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу орны немесе осындай мүлікті мемлекеттік тіркеу жөніндегі міндеттеме болмаған жағдайда нақты орналасқан жері жылжымайтын мүліктің орналасқан жері болып танылады.

Осы баптың мақсатында ғимараттар, құрылыстар, көп жылдық екпелер және жермен тығыз байланысты өзге де мүлік, яғни олардың пайдаланылу мақсатына мөлшерлес емес нұқсан келтірмей көшіру мүмкін болмайтын объектілер, сондай-ақ құбыржолдар, электр беру желілері, ғарыш объектілері, мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорын жылжымайтын мүлік болып танылады. Бұл ретте осы баптың мақсатында осы тармақшада жылжымайтын мүлікке жатқызылмаған мүлік жылжымалы мүлік деп танылады;

2) жылжымалы мүлікке байланысты жұмыстар, көрсетілетін қызметтер іс жүзінде Қазақстан Республикасының аумағында көрсетілсе, Қазақстан Республикасы жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны болып танылады.

Мұндай жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге монтаждау, құрастыру, жөндеу, техникалық қызмет көрсету жатады;

3) көрсетілетін қызметтер мәдениет, ойын-сауық, ғылым, өнер, білім,

дене тәрбиесі немесе спорт саласындағы көрсетілетін қызметтерге жатса және іс жүзінде Қазақстан Республикасының аумағында көрсетілсе;

4) жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушы Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік немесе кез келген басқа да қызметті жүзеге асырса, Қазақстан Республикасы жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны болып танылады.

Осы тармақшаның мақсатында ойын-сауық саласындағы көрсетілетін қызметтерге ойын-сауық орындарында (ойын мекемелері, түнгі клубтар, кафе-барлар, мейрамханалар, интернет-кафелер, компьютер, бильярд, боулинг клубтары және кинотеатрлар, өзге де ғимараттар, үй-жайлар, құрылыстар) көрсетілетін ойын-сауық-демалу мақсатындағы көрсетілетін қызметтер жатады.

Осы тармақшаның мақсатында жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушы Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік (есептік) тіркелу негізінде немесе салық органдарында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қойылу негізінде Қазақстан Республикасының аумағында болған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағы жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушының кәсіпкерлік немесе басқа да қызметті жүзеге асыру орны болып танылады.

Егер бейрезидент жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушы болып табылған, ал есептік тіркелуі Қазақстан Республикасының әділет органдарында жүргізілген оның құрылымдық бөлімшесі алушы болып табылған жайдайда, онда Қазақстан Республикасы жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны болып танылады.

Осы тармақшаның ережелері мынадай жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қатысты қолданылады:

зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқықтарын беру; бағдарламалық қамтылымға техникалық қызмет көрсету және оны жаңарту бойынша;

интернет-ресурстарға қол жеткізуді беру;

консультациялық, аудиторлық, инжинирингтік, дизайнерлік, маркетингтік, заңдық, бухгалтерлік, адвокаттық, жарнамалық көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін таратудан, сондай-ақ интернет-ресурста орналастырылған бұқаралық ақпаратқа қол жеткізуді беруден басқа, ақпарат беру және (немесе) өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтер;

персоналды беру;

жылжымалы мүлікті (көлік құралдарынан басқа) мүліктік жалдауға (жалға) беру;

агенттің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ осы тармақшада көзделген көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру үшін шартқа (келісімшартқа) негізгі қатысушының атынан адамдар тарту бойынша көрсетілетін қызметтері;

байланыс қызметтері;

сыйақы үшін кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісу;

радио көрсетілетін қызметтері және телевизиялық көрсетілетін қызметтер;

жүк вагондары мен контейнерлерді жалға және (немесе) пайдалануға беру бойынша көрсетілетін қызметтер;

5) осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында және осы баптың 4-тармағында көзделмеген жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік немесе кез келген басқа да қызметті жүзеге асыратын тұлға орындаса немесе көрсетсе, Қазақстан Республикасы жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны болып танылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделмеген жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін тұлғаның:

осындай тұлға Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік (есептік) тіркелу негізінде немесе салық органдарында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қойылу негізінде Қазақстан Республикасының аумағында болған жағдайда және мынадай шарттардың бірі немесе бірнешеуі сақталған кезде:

жолаушылар, тасылатын тауарлар (пошта, багаж) Қазақстан Республикасының аумағына әкелінсе;

жолаушылар, тасылатын тауарлар (пошта, багаж) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге әкетілсе;

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жолаушылар тасымалданса, тауарлар (пошта, багаж) тасылса – жолаушылар мен багажды тасымалдау, тауарларды, оның ішінде поштаны тасу бойынша көрсетілетін қызметтерге қатысты;

осындай тұлға Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік (есептік) тіркелу негізінде немесе салық органдарында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қойылу негізінде Қазақстан Республикасының аумағында болған жағдайда – өзге жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қатысты кәсіпкерлік немесе басқа да қызметті жүзеге асыру орны Қазақстан Республикасының аумағы болып есептеледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 2) және 3) тармақшаларының мақсаттары үшін жұмыстарды, қызметтерді көрсететін тұлғаның болатын орны осындай жұмыстарды, қызметтерді көрсетудің іс жүзіндегі орны деп танылады.

3. Егер тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу басқа да негізгі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуге қатысты көмекші сипатта болса, негізгі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны осындай өткізу орны болып танылады.

4. Қазақстан Республикасының аумағында қызметті құрылымдық бөлімше ашпай тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің жұмыстарын орындаған,

қызметтерін көрсеткен кезде Қазақстан Республикасы жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны болып танылады.

5. Осы баптың 2-тармағы қолданылған кезде көрсетілген баптың біреуден артық тармақшасының ережелеріне сәйкес келетін жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету орны осы тармақшалардың реті бойынша біріншісіне сәйкес айқындалады.

379-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымды жасау күні

1. Осы баптың 2, 5, 7 – 12 және 14-тармақтарында көрсетілген айналымдарды қоспағанда, мыналар:

1) егер шарттың талаптарына сәйкес өнім берушінің (сатушының) тауарды жеткізу жөніндегі міндеті көзделсе – мынадай күндердің бірі:

өнім беруші (сатушы) айқындаған, тауарды жеткізуді жүзеге асыратын тұлғаға, оның ішінде оның сенім білдірілген тұлғасына тауар берілген күн;

тауар өнім берушінің (сатушының) көлік құралына тиелген күн;

2) егер шарт бойынша өнім берушінің (сатушының) тауарды жеткізу жөніндегі міндеті болмаса:

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес тауарды беру фактісін растайтын құжат ресімдеуге жататын кезде – өнім беруші (сатушы) және алушы (сатып алушы) осындай құжатқа қол қойған күн;

қалған жағдайларда – Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес алушының (сатып алушының) немесе ол айқындаған адамның, оның ішінде осындай тауарды жеткізуді жүзеге асырған адамның билігіне тауар берілген күн тауарларды өткізу бойынша айналымды жасау күні болып табылады.

2. Сатып алушының билігіне сәйкестендірілген тауарлардың берілгенін растайтын тауарға билік ету құжаттарын беру арқылы тауарлар өткізілген кезде осындай тауарлар сатып алушыға іс жүзінде берілген күн өткізу бойынша айналымды жасау күні болып табылады.

3. Осы баптың 4, 5, 6 және 13-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету күні жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымды жасау күні болып табылады.

Бұл ретте:

орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісінде;

орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісі болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес ресімделген жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету фактісін растайтын құжатта (шот-фактурадан басқа) көрсетілген қол қою күні жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету күні деп

танылады.

4. Банк операцияларын жүзеге асыру, кредит (қарыз, микрокредит) беру бойынша қызметтерді, теміржол көлігімен жолаушыларды, багажды, жүк багажын және пошта жөнілтілімдерін тасымалдау бойынша қызметтерді, ойын автоматтарын ұтысынсыз, дербес компьютерлерді, ойын жолдарын (боулинг (кегельбан), карттарды (картинг), бильярд үстелдерін (бильярд) пайдалануға беру бойынша қызметтерді көрсету кезінде неғұрлым ерте болатын мынадай күндердің бірі көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымды жасау күні болып табылады:

1) әрбір төлем (есеп айырысу нысанына қарамастан) алынған күн;

2) бухгалтерлік есепте қызметтерді көрсету танылған күн.

5. Электр және (немесе) жылу энергиясын, суды, газды, коммуналдық көрсетілетін қызметтерді, байланыс қызметтерін, әуе көлігімен жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді, жүктерді магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді өткізу кезінде тауарлар жеткізілген, жұмыстар орындалған, қызметтер көрсетілген күнтізбелік айдың соңғы күні тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымды жасау күні болып табылады.

Осы бөлімнің мақсаттары үшін ағынды жүйелерді және кәрізді тазалау бойынша жұмыстар, қалдықтарды жинау бойынша көрсетілетін қызметтер (қоқысты жою), лифтілерге, домофондарға қызмет көрсету бойынша қызметтер коммуналдық көрсетілетін қызметтер деп түсініледі.

6. Жүзеге асырылуы кезінде құжаттар Қазақстан Республикасының теміржол көлігі туралы заңнамасына сәйкес ресімделетін жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде (теміржол көлігімен жолаушыларды, багажды, жүк багажын және поштаны тасымалдаудан басқа) жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету фактісін растайтын құжатта көрсетілген неғұрлым кеш болатын күн жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымды жасау күні болып табылады.

7. Жалпыға бірдей қолжетімді телекоммуникациялық желілердегі интернет-ресурста орналастыруды қоса алғанда, мерзімді баспасөз басылымдарын немесе бұқаралық ақпарат құралдарының өзге де өнімін өткізу кезінде мерзімді баспасөз басылымы берілген күн немесе бұқаралық ақпарат құралдарының өнімі электрондық поштаға немесе электрондық абоненттік пошта жәшігіне жіберілген күн және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдарының өнімі жалпыға бірдей қолжетімді телекоммуникациялық желілердегі интернет-ресурста орналастырылған күн айналымды жасау күні болып табылады.

8. Тауарлар экспорт кедендік рәсімімен орналастырыла отырып әкетілген жағдайда:

1) Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес

айқындалатын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасын өткізу пунктінде іс жүзінде кесіп өту күні;

2) мынадай жағдайларда:

тауарлар мерзімдік кедендік декларациялау пайдаланыла отырып, экспорт кедендік рәсімімен орналастырыла отырып әкетілген жағдайда;

тауарлар уақытша кедендік декларациялау пайдаланыла отырып, экспорт кедендік рәсімімен орналастырыла отырып әкетілген жағдайда, кедендік декларациялауды жүргізген кеден органының белгілері бар тауарларға арналған толық декларацияның тіркелген күні тауарды өткізу бойынша айналымды жасау күні болып табылады.

9. Бұрын экспорт кедендік рәсіммен орналастырыла отырып әкетілген тауарлар кері импорт кедендік рәсімімен орналастырыла отырып әкелінген жағдайда:

1) Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес айқындалатын, тауар мерзімдік немесе уақытша декларациялау пайдаланылмай, экспорт кедендік рәсімімен орналастырыла отырып әкетілген кезде Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасын өткізу пунктінде іс жүзінде кесіп өту күні;

2) тауарлар мерзімдік немесе уақытша декларациялау пайдаланыла отырып, экспорт кедендік рәсімімен орналастырыла отырып әкетілген кезде кедендік декларациялауды жүргізген кеден органының белгілері бар тауарларға арналған толық декларацияның тіркелген күні тауарларды өткізу бойынша айналымды жасау күні болып табылады.

10. Кепіл беруші кепілге салынған мүлікті (тауарды) берген кезде кепіл затына меншік құқығы кепіл берушіден кепілге салынған мүлікті өндіріп алуды қолдану процесінде жүргізілген сауда-саттықтың жеңімпазына немесе кепіл ұстаушыға ауысқан күн кепіл беруші үшін өткізу бойынша айналымды жасау күні болып табылады.

11. Мүлік қаржы лизингіне берілген кезде:

1) осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сыйақы сомасы есепке алынбай, лизинг шартында белгіленген мерзімдік лизингтік төлем сомасы бөлігінде – осындай төлемді алу мерзімі басталған күн;

2) сыйақы сомасы есепке алынбай, лизинг шарты бойынша алу мерзімінің басталу күні мүлікті лизинг алушыға беру күніне дейін белгіленген барлық мерзімдік лизингтік төлемдер сомасы бөлігінде – мүлік қаржы лизингіне берілген күн;

3) осы Кодекстің 197-бабының талаптары сақталған кезде, сыйақы сомасы есепке алынбай, лизинг шартында көзделген лизингтік төлемдердің мерзімінен бұрын өтелген сомалары бөлігінде – осындай төлемді (есеп айырысу нысанына қарамастан) алу күні;

4) сыйақының есепке жазылған сомасы бөлігінде – неғұрлым ерте

болатын мынадай күндердің бірі:

есепті салықтық кезеңнің соңғы күні;

қаржы лизингі шарты бойынша сыйақыны есепке жазу тоқтатылған соңғы күн өткізу бойынша айналымды жасау күні болып табылады.

12. Осы Кодекстің 394-бабында санамаланған тауарлар болып табылатын тауарлардан басқа, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырыла отырып, қосылған құн салығынсыз сатып алынған тауар жоғалған кезде, салық төлеуші жоғалу фактісін анықтаған күн тауарды өткізу бойынша айналымды жасау күні болып табылады.

13. Бейрезидент орындаған және көрсеткен жұмыстар мен қызметтер осы Кодекстің 373-бабына сәйкес қосылған құн салығын төлеушінің айналымы деп танылған жағдайда, мынадай күндердің бірі осындай айналымды жасау күні болып табылады:

шарттың тараптары болып табылатын өнім беруші (сатушы) және алушы (сатып алушы) орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күн;

орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісі болмаған жағдайда, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету фактісін растайтын өзге де құжат болған кезде – бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша шығындарды бухгалтерлік есепте тану күні.

14. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарған кезде:

1) қосылған құн салығын төлеуші қосылған құн салығы бойынша тарату декларациясын тапсырған күннің;

2) осы Кодекстің 85-бабының 6-тармағында көрсетілген, салық органының шешімі бойынша қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған күннің алдындағы күн осы Кодекстің 369-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген айналымды жасау күні болып табылады.

15. Егер осы баптың 3, 5 және 13-тармақтарында айқындалған құжаттарда бірнеше күн көрсетілсе, онда көрсетілген күндердің неғұрлым кеш болатыны құжатқа қол қойылған күн болып табылады.

43-тарау. АЙНАЛЫМНЫҢ ЖӘНЕ ИМПОРТТЫҢ МӨЛШЕРІН АЙҚЫНДАУ

380-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымның мөлшері

1. Егер осы Кодекстің 381-бабында өзгеше көзделмесе, өткізу бойынша айналымның мөлшері, егер Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, мәміле тараптары бағалар мен тарифтерге қосылған құн салығын қоспай қолданатын бағалар мен

тарифтерді негізге ала отырып, өткізілетін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны ретінде айқындалады.

Тауар төлемді бөліп төлеу талаптарымен өткізілген кезде өткізілетін тауардың құны шарттың талаптарында көзделген барлық төлемдер ескеріле отырып айқындалады.

2. Үшінші тұлғалар үшін төлеу бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде өткізу бойынша айналымның мөлшері комиссиялық сыйақы мөлшерінде айқындалады.

3. Осы Кодекстің ережелеріне сәйкес төлеуге жататын (төленген) акциз сомасы:

1) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын беру кезінде алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша қызметтер көрсететін осындай акцизделетін тауарды өндірушінің өткізу бойынша айналымының мөлшеріне енгізілмейді;

2) қалған жағдайларда – өткізу бойынша айналымның мөлшеріне енгізіледі.

4. Қосылған құн салығын төлеушінің тауарлардың қалдықтары түріндегі айналымының мөлшері қосылған құн салығын осындай төлеушінің бухгалтерлік есебінде көрсетуге жататын (көрсетілген), осындай тауарлардың айналымды жасау күніне баланстық құны мөлшерінде айқындалады.

Осы тармақтың мақсаттары үшін қосылған құн салығын төлеушіде:

1) қайта ұйымдастыруға байланысты, ол қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған кезде, сондай-ақ бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдастыру кезінде – бөлу балансында немесе беру актісінде көрсетілген, бірақ қосылған құн салығын осындай төлеушінің бухгалтерлік есебінде көрсетуге жататын (көрсетілген) баланстық құннан төмен емес тауардың айналымды жасау күніне құны;

2) қалған жағдайларда – қосылған құн салығын осындай төлеушінің бухгалтерлік есебінде көрсетуге жататын (көрсетілген), тауардың айналымды жасау күніне баланстық құны тауардың баланстық құны болып табылады.

Қосылған құн салығын төлеуші тауарлардың қалдықтары түріндегі айналым бойынша осы Кодекстің 215-бабына сәйкес тауарлардың қалдықтары жөніндегі салықтық тіркелімді жасайды.

5. Қосылған құн салығын төлеуші бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жасайтын айналымның мөлшері осы Кодекстің 382-бабына сәйкес айқындалады.

6. Осы бөлімнің мақсатында шетел валютасындағы операция айналымды жасау күнінің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы қолданыла отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен қайта есептеледі.

381-бап. Жекелеген жағдайларда өткізу бойынша айналымның мөлшерін айқындау ерекшеліктері

1. Кепіл беруші кепілге салынған мүлікті сатып алушының немесе кепіл ұстаушының меншігіне берген кезде өткізу бойынша айналымның мөлшері кепіл берушіде:

1) кепіл мүлкін өткізу кезінде – оған қосылған құн салығы қосылмай, қолданылған өткізу бағасы негізге алына отырып, өткізілетін кепілге салынған мүліктің құны мөлшерінде;

2) кепілге салынған мүлікті кепіл ұстаушының меншігіне айналдыру кезінде – мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғаның қорытындысы негізінде сот шешімімен белгіленетін немесе сенім білдірілген тұлға белгілейтін ағымдағы бағалау құны мөлшерінде айқындалады. Бұл ретте сенім білдірілген тұлға кепілге салынған мүлік соттан тыс мәжбүрлі тәртіппен сауда-саттық арқылы өткізілген кезде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес айқындалады.

2. Бұрын экспорт кедендік рәсімімен орналастырыла отырып әкетілген тауарды кері импорт кедендік рәсімімен орналастыру кезінде салық төлеушідегі өткізу бойынша айналымның мөлшері тауарды экспорт кедендік рәсімімен орналастыру кезінде қолданылған өлшем бірліктерімен, қосылған құн салығы бойынша декларацияда тауарды экспортқа өткізу жөніндегі айналым көрсетілген осы тауардың құны негізінде кері импорт кедендік рәсімімен орналастырылатын тауардың көлеміне пропорционалды айқындалады.

3. Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде тұтастай сату кезінде өткізу бойынша айналымның мөлшері бұрын қосылған құн салығы есепке жатқызылған, сату кезінде берілетін мүліктің:

1) кәсіпорынды сатып алу-сату шарты бойынша өткізу құны мен өткізу күніне бухгалтерлік есептің деректері бойынша берілетін міндеттемелердің баланстық құнына азайтылған, берілетін активтердің баланстық құны арасындағы оң айырмаға ұлғайтылған;

2) кәсіпорынды сатып алу-сату шарты бойынша өткізу құны мен өткізу күніне бухгалтерлік есептің деректері бойынша берілетін міндеттемелердің баланстық құнына азайтылған, берілетін активтердің баланстық құны арасындағы теріс айырмаға азайтылған баланстық құны мөлшерінде айқындалады.

4. Мүлікті қаржы лизингіне беру кезінде өткізу бойынша айналымның мөлшері:

1) осы Кодекстің 379-бабы 11-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген, айналымды жасау күніне – қаржы лизингі бойынша сыйақының және қосылған құн салығының сомасы енгізілмеген, қаржы лизингі шартына

сәйкес белгіленген лизингтік төлемнің мөлшері негізінде;

2) осы Кодекстің 379-бабы 11-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген, айналымды жасау күніне – қаржы лизингі бойынша сыйақының және қосылған құн салығының сомасы енгізілмеген, қаржы лизингі шартына сәйкес оларды алу мерзімінің басталу күні мүлік лизинг алушыға берілетін күнге дейін белгіленген барлық мерзімді лизингтік төлемдердің сомасы негізінде;

3) осы Кодекстің 379-бабы 11-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген, айналымды жасау күніне – қаржы лизингі бойынша сыйақының және қосылған құн салығының сомасы енгізілмеген, қаржы лизингі шарты бойынша алынған (алынуға жататын) барлық лизингтік төлемдердің жалпы сомасы мен осы шартқа сәйкес өткізу бойынша айналымды жасаудың алдыңғы күндеріне тура келетін салық салынатын айналымдар мөлшерлерінің сомасы ретінде айқындалатын салық салынатын айналымның мөлшері арасындағы айырма ретінде;

4) осы Кодекстің 379-бабы 11-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген, айналымды жасау күніне – сыйақының есепке жазылған сомасы мөлшерінде айқындалады.

5. Егер Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, тауарларды өтеусіз беру кезінде өткізу бойынша айналымның мөлшері оларды беру күніне салық төлеушінің бухгалтерлік есебінде көрсетуге жататын (көрсетілген) берілетін тауарлардың баланстық құны мөлшерінде айқындалады.

Өтеусіз орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша өткізу бойынша айналымның мөлшері бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келген жағдайда:

жұмыстарды өтеусіз орындауға, қызметтерді көрсетуге пайдаланылса;

осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қосылған құн салығы, пропорционалды әдіспен айқындалғанды қоса алғанда, есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығы ретінде есепке алынса;

халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік есебінде шығыстарға жатқызылуға тиіс болса (жатқызылса), тауарлардың баланстық құны, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны негізге алына отырып айқындалады.

Тіркелген активтер, сондай-ақ осы Кодекстің 228-бабы 2-тармағының 2), 3), 4), 9), 10) және 11) тармақшаларында көзделген активтер салық салынатын айналымға қосу үшін өтеусіз пайдалануға берілген жағдайда олардың құны мынадай тәртіппен айқындалады:

Қа = (ҚҚС са/Мп) х Тн/мөлшерлеме,

мұнда:

Қа – өтеусіз пайдалануға беру кезінде салық салынатын айналымға енгізілетін актив құны;

ҚҚС са – өтеусіз пайдалануға берілетін активті сатып алу кезінде есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы;

Мп – күнтізбелік айлармен есептелген активті пайдалану мерзімі, ол:

бухгалтерлік есепте амортизацияға жататын активтер бойынша – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес амортизация үшін бухгалтерлік есепте айқындалған активті пайдалы пайдалану мерзімі ретінде;

өзге активтер бойынша – активке техникалық құжаттама негізінде айқындалған актив қызметінің мерзімі ретінде, ал мұндай құжаттама болмаған кезде – 120 ай деп айқындалады;

Тн – есепті салықтық кезеңге тура келетін пайдалануға берілетін айлардың нақты саны;

молшерлеме – пайдалануға беру күніне қолданыста болатын қосылған құн салығының пайызбен мөлшерлемесі.

6. Аванстар мен айыппұл санкцияларынан басқа, қосылған құн салығы салынатын өткізілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша талап ету құқығын басқаға беру кезінде өткізу бойынша айналымның мөлшері ол бойынша басқаға беру жүргізілген талап ету құқығының құны мен салық төлеушінің бастапқы құжаттарына сәйкес талап ету құқығын басқаға беру күніне борышкерден алуға жататын талап ету құны арасындағы оң айырма ретінде айқындалады.

7. Өткізу бойынша айналымның мөлшері мыналарда:

1) кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келіскен кезде – кәсіпкерлік қызметті шектеу немесе тоқтату туралы шартта;

2) кредит (қарыз, микрокредит) берілген кезде – кредит (қарыз, микрокредит) беру туралы шартта;

3) сенім білдірілген өкіл сенім білдірушінің атынан және есебінен тауарларды өткізген, жұмыстарды орындаған, қызметтерді көрсеткен, сенім білдірілген өкіл сенім білдіруші үшін сатып алған тауарларды сенім білдірушіге берген, сондай-ақ сенім білдірілген өкіл сенім білдірушінің атынан және есебінен үшінші тұлғамен жасасқан мәміле бойынша осындай үшінші тұлғаның сенім білдіруші үшін жұмыстарды орындауы, қызметтерді көрсетуі кезінде – тапсырма шартында көзделген сыйақы мөлшерінде, оған қосылған құн салығы қосылмай айқындалады.

8. Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасына сәйкес ислам банкі осы Кодекстің 372-бабы 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес комерциялық кредит беру арқылы сауда делдалы ретінде жеке және заңды тұлғаларды қаржыландырған кезде өткізу бойынша айналымның мөлшері ислам банкі алуға тиіс кіріс мөлшерінде айқындалады.

Осы тармақтың мақсатында ислам банкі алуға тиіс кіріске Қазақстан

Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасына сәйкес жасалған ислам банкінің коммерциялық кредит туралы шартының талаптарында айқындалатын, сатып алушыға өткізілетін тауарға үстеме бағаның сомасы жатады.

Осы тармақтың ережелері сатып алушы коммерциялық кредит туралы шартты орындаудан бас тартқан кезде ислам банкі тауарды үшінші тұлғаға өткізген жағдайларға қолданылмайды.

9. Комиссия шартының талаптарына сәйкес келетін талаптармен тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету, комиссионердің комиссия шартының талаптарына сәйкес келетін талаптармен комитент үшін сатып алынған тауарларды комитентке беруі кезінде, сондай-ақ үшінші тұлға комиссионермен жасасқан мәміле бойынша осындай үшінші тұлғаның комитент үшін жұмыстарды орындауы, қызметтерді көрсетуі кезінде комиссионердің өткізу бойынша айналымының мөлшері мынадай сомалардың бірінің:

оған қосылған құн салығын қоспай оның комиссиялық сыйақысының;

бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша комиссионердің айналымы болып табылатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер құнының мөлшерінде айқындалады.

10. Көлік экспедициясы шарты бойынша клиент болып табылатын тарап үшін тасымалдаушының және (немесе) басқа да өнім берушілердің көлік экспедициясы шартында айқындалған жұмыстарды орындауы, қызметтерді көрсетуі кезінде экспедитордың өткізу бойынша айналымының мөлшері мынадай сомалардың бірінің:

көлік экспедициясы шартында көзделген, оған қосылған құн салығын қоспай оның сыйақысының;

бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша экспедитордың айналымы болып табылатын жұмыстардың, қызметтердің құны мөлшерінде айқындалады.

11. Жалпыға бірдей қолжетімді телекоммуникациялық желілердегі интернет-ресурста орналастырылғанды қоса алғанда, мерзімді баспасөз басылымдарын және бұқаралық ақпарат құралдарының өзге де өнімін өткізу бойынша айналымның мөлшері мәміле тараптары қолданатын бағалар мен тарифтерді негізге ала отырып, оларға қосылған құн салығын қоспай, есепті салықтық кезеңде берілген (тиеп-жөнелтілген, орналастырылған) мерзімді баспасөз басылымдарын және бұқаралық ақпарат құралдарының өзге де өнімін өткізу құны ретінде айқындалады.

12. Жұмыс берушінің жұмыскер алдындағы берешекті өтеу есебіне жұмыскерге тауарды беруі, жұмыстарды орындауы, қызметтерді көрсетуі кезінде өткізу бойынша айналымның мөлшері мынадай формула бойынша айқындалады:

Аө = Жж х 100/(100+мөлшерлемесі), мұнда:

Аө – жұмыс берушінің жұмыскер алдындағы берешекті өтеу есебіне

жұмыскерге тауарды беруі, жұмыстарды орындауы, қызметтерді көрсетуі кезіндегі өткізу бойынша айналым;

мөлшерлеме – қосылған құн салығының тауар берілген күнге қолданыста болатын пайызбен мөлшерлемесі;

Жж – жұмыскерге төлеуге жататын, өтеу есебіне тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жүзеге асырылатын сома.

13. Осы Кодекстің 394-бабында санамаланған тауарлар болып табылатын тауарлардан басқа, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырыла отырып, қосылған құн салығынсыз сатып алынған тауар жоғалған кезде өткізу бойынша айналымның мөлшері салық төлеушінің бухгалтерлік есебінде көрсетуге жататын (көрсетілген), берілетін тауарларды беру күніне олардың баланстық құны мөлшерінде айқындалады.

14. Осы Кодекстің 372-бабы 5-тармағының 5) тармақшасына сәйкес қайтарылатын ыдыс деп танылған және белгіленген мерзімде қайтарылмаған ыдысты өткізу бойынша айналымның мөлшері бухгалтерлік есепте көрсетуге жататын (көрсетілген), осындай ыдысты қайтару күніне оның баланстық құны ретінде айқындалады.

15. Қалған жағдайларда, осы баптың 1 – 14-тармақтарының ережелеріне қарамастан, өткізу бойынша айналымның мөлшері:

1) заңды тұлға жеке тұлғалардан сатып алған автомобильдер жеке тұлғаға өткізілген кезде – автомобильдерді өткізу құны мен сатып алу құны арасындағы оң айырма ретінде;

2) туроператордың шығу туризмі бойынша қызметтері көрсетілген кезде – туристік өнімді өткізу құны мен жолаушыларды сақтандыру, тасымалдау және тұру, оның ішінде егер осындай тамақтану құны тұру құнына енгізілген болса, тамақтану бойынша көрсетілетін қызметтердің құны арасындағы оң айырма ретінде;

3) бағалы қағаздармен, қатысу үлесімен жасалатын операциялар жүзеге асырылған кезде – осы Кодекстің 228-бабына сәйкес айқындалатын, бағалы қағаздарды, қатысу үлесін өткізу кезіндегі құн өсімі ретінде;

4) тауарларды сатып алу күніне қолданыста болған Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес осы тауарларды сатып алу кезінде жазып берілген шот-фактураларда көрсетілген қосылған құн салығы есепке жатқызылатын қосылған құн салығы деп танылмайтын тауарлар өткізілген кезде – тауардың өткізу құны мен ол берілген күнге бухгалтерлік есепте көрсетілген баланстық құны арасындағы оң айырма ретінде;

5) тауар:

заңды тұлға таратылған кезде немесе жарғылық капиталды азайту кезінде мүлікті бөлу кезінде акционерге, қатысушыға, құрылтайшыға берілген кезде – қайта бағалау мен құнсыздануды есепке алмай, оны беру күніне осындай тауарды беретін заңды тұлғаның бухгалтерлік есебінде көрсетуге жататын (көрсетілген), берілетін тауардың баланстық құны мен мүлікті бөлу соларға пропорционалды жүзеге асырылатын қатысу үлесіне, акциялардың

санына тура келетін төленген жарғылық капиталдың мөлшері арасындағы оң айырма ретінде;

заңды тұлға құрылтайшыдан, қатысушыдан осы заңды тұлғадағы қатысу үлесін немесе оның бір бөлігін сатып алған кезде осындай қатысушыға, құрылтайшыға берілген кезде – қайта бағалау мен құнсыздануды есепке алмай, оны беру күніне осындай тауарды беретін заңды тұлғаның бухгалтерлік есебінде көрсетуге жататын (көрсетілген), берілетін тауардың баланстық құны мен сатып алынатын қатысу үлесіне тура келетін төленген жарғылық капиталдың мөлшері арасындағы оң айырма ретінде;

эмитент-заңды тұлға акционерден осы эмитент шығарған акцияларды сатып алған кезде акционерге берілген кезде – қайта бағалау мен құнсыздануды есепке алмай, оны беру күніне осындай тауарды беретін заңды тұлғаның бухгалтерлік есебінде көрсетуге жататын (көрсетілген), берілетін тауардың баланстық құны мен сатып алынатын акциялар санына тура келетін төленген жарғылық капиталдың мөлшері арасындағы оң айырма ретінде айқындалады.

382-бап. Бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша айналымның мөлшері

Бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша айналымның мөлшері төлем көзінен ұстап қалуға жататын корпоративтік немесе жеке табыс салығын қоса алганда, осы Кодекстің 373-бабының 1-тармағында көрсетілген жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу құны негізге алына отырып айқындалады. Бұл ретте сатып алу құны:

орындалган жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісі;

орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісі болмаған кезде – жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету фактісін растайтын өзге де құжат негізінде айқындалады.

Алынған жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу шетел валютасымен жүргізілген жағдайда, салық салынатын айналым айналымды жасау күнінің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы қолданыла отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен қайта есептеледі.

383-бап. Айналымның мөлшерін түзету

1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымның мөлшері осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда белгілі бір жаққа өзгерген кезде, ол жасалған күннен кейін айналымның мөлшері тиісті түрде түзетіледі.

2. Мынадай:

1) тауарды кері импорт кедендік рәсімімен орналастыра отырып әкелуді қоспағанда, бұрын экспорт кедендік рәсімімен орналастырыла отырып әкетілген тауар толық немесе ішінара қайтарылған;

2) мәміленің шарттары өзгерген;

3) өткізілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін баға, өтемақы өзгерген жағдайларда түзету жүргізіледі. Осы тармақшаның ережесі шарттың талаптарын негізге ала отырып, оның ішінде коэффициентті (индексті) қолдануға байланысты, өткізілген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің төлеуге жататын құны өзгерген кезде де қолданылады;

4) бағадан жеңілдіктер, сатудан жеңілдіктер жасалған;

5) осы Кодекстің 372-бабы 5-тармағының 5) тармақшасына сәйкес өткізу бойынша айналымға енгізілген ыдыс қайтарылған;

6) нәтижесінде айналым мөлшерінің өзгеруі болатын өзге де жағдайлар басталған жағдайларда түзету жүргізіледі.

3. Осы баптың ережелері қателерді түзету нәтижесінде салық салынатын (салынбайтын) айналымның мөлшері өзгерген жағдайда қолданылмайды.

4. Салық төлеуші айналымының мөлшерін түзету солардың негізінде салық салынатын (салынбайтын) айналымның мөлшері өзгертілетін құжаттар болған кезде жүргізіледі.

5. Салық салынатын (салынбайтын) айналымның мөлшерін түзету сомасы осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайлар басталатын күнге тура келетін салықтық кезеңнің салық салынатын (салынбайтын) айналымына енгізіледі. Мұндай күн түзету сомасына айналымды жасау күні болып табылады.

6. Салық салынатын (салынбайтын) айналымның мөлшерін азайту жағына қарай түзету тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша бұрын көрсетілген салық салынатын (салынбайтын) айналымның мөлшерінен аспауға тиіс.

7. Салық салынатын айналымның мөлшерін ұлғайту жағына қарай түзету кезінде осындай айналым бойынша қосылған құн салығының сомасы осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайлар басталатын күнге қолданыста болатын мөлшерлеме бойынша айқындалады.

384-бап. Күмәнді талаптар бойынша салық салынатын айналымның мөлшерін түзету

1. Егер өткізілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша талаптың бір бөлігі немесе бүкіл мөлшері күмәнді талап болып табылса, қосылған құн салығын төлеушінің осындай талап бойынша салық салынатын айналымның мөлшерін:

1) мыналар:

егер мұндай мерзім айқындалған болса, өткізілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша талапты орындау мерзімі;

орындау мерзімі айқындалмаған, тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету күні тура келетін салықтық кезеңнің басынан бастап үш жыл өткен соң;

2) банкрот деп танылған дебиторды Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тастау туралы әділет органдарының шешімі шығарылған салықтық кезеңде азайтуға құқығы бар.

Осы тармаққа сәйкес салық салынатын айналымның мөлшерін түзету осы Кодекстің 248-бабында көрсетілген шарттар сақталған кезде жүргізіледі.

2. Күмәнді талап бойынша салық салынатын айналымның мөлшерін азайту қосылған құн салығының өткізу бойынша айналымды жасау күніне қолданыста болған мөлшерлемесі қолданыла отырып, тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету бойынша бұрын көрсетілген салық салынатын айналымның мөлшері шегінде жүргізіледі.

3. Өткізілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін төлемақы қосылған құн салығын төлеуші осы баптың 1-тармағына сәйкес өзіне берілген құқықты пайдаланғаннан кейін алынған жағдайда, салық салынатын айналымның мөлшері қосылған құн салығының өткізу бойынша айналымды жасау күніне қолданыста болатын мөлшерлемесі қолданыла отырып, төлемақы алынған салықтық кезеңде көрсетілген төлемақының құнына ұлғайтуға жатады.

385-бап. Салық салынатын импорттың мөлшері

Салық салынатын импорттың мөлшеріне Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасы ескеріле отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес айқындалатын импортталатын тауарлардың кедендік құны, сондай-ақ, импортқа арналған қосылған құн салығын қоспағанда, Қазақстан Республикасына тауарларды импорттау кезінде бюджетке төлеуге жататын салықтық және кедендік төлемдердің сомалары енгізіледі.

44-тарау. НӨЛДІК МӨЛШЕРЛЕМЕ БОЙЫНША САЛЫҚ САЛЫНАТЫН АЙНАЛЫМДАР

386-бап. Тауарларды экспортқа өткізу бойынша айналым

1. Осы Кодекстің 394-бабында көзделген тауарларды өткізу бойынша айналымдарды қоспағанда, тауарларды экспортқа өткізу бойынша айналымға нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынады.

Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тауарларды әкету тауарлар экспорты болып табылады.

2. Мыналар тауарлар экспортын растайтын құжаттар болып табылады:

1) экспортталатын тауарларды жеткізуге арналған шарт (келісімшарт);

2) осы тармақтың 3) және 6) тармақшаларында көрсетілген жағдайлардан басқа, тауарлар шығаруды экспорт кедендік рәсімімен орналастыра отырып жүзеге асыратын кеден органының белгілері бар, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан Қазақстан Республикасы кеден органының немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің кеден органының белгісі бар тауарларға арналған декларацияның көшірмесі;

3) экспорт кедендік рәсімімен орналастырыла отырып, тауарлар:

магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы немесе электр беру желілері арқылы;

мерзімдік кедендік декларациялау пайдаланылып;

уақытша кедендік декларациялау пайдаланылып әкетілген кезде кедендік декларациялауды жүргізген кеден органының белгілері бар тауарларға арналған толық декларацияның көшірмесі;

4) тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері.

Тауарлар экспорт кедендік рәсімімен орналастырыла отырып, магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы немесе электр беру желілері арқылы әкетілген жағдайда тауарға ілеспе құжаттар көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдап алу-тапсыру актісі ұсынылады;

5) зияткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның зияткерлік меншік объектісіне құқық туралы, сондай-ақ зияткерлік меншік объектісі экспортталған жағдайда – оның құнын растауы;

6) тауарлар шығаруды экспорт кедендік рәсімінде жүзеге асыратын кеден органының белгілері бар, сондай-ақ «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы» арнайы экономикалық аймағының бақылау-өткізу пунктінде орналасқан кеден органының белгісі бар тауарларға арналған декларацияның көшірмелері.

3. Кедендік аумақтан тыс жерде қайта өңдеу кедендік рәсімімен орналастырыла отырып, бұрын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерге әкетілген тауарларды немесе олардың қайта өңдеу өнімдерін одан әрі экспорттау жүзеге асырылған жағдайда, экспортты растау осы баптың 2-тармағына сәйкес, сондай-ақ мынадай құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

1) соған сәйкес кедендік аумақтан тыс жерде қайта өңдеу кедендік рәсімін экспорт кедендік рәсіміне өзгерту жүргізілетін тауарларға арналған декларацияның көшірмесі;

2) кедендік аумақтан тыс жерде қайта өңдеу кедендік рәсімімен орналастырыла отырып ресімделген тауарларға арналған декларацияның көшірмесі;

3) кедендік аумақта қайта өңдеу (тауарларды ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу) кедендік рәсімімен орналастырыла отырып, тауарларды шет мемлекеттің аумағына әкелу кезінде ресімделген, осындай ресімдеуді жүзеге асырған шет мемлекеттің кеден органы куәландырған тауарларға арналған декларацияның көшірмесі;

4) соған сәйкес шет мемлекеттің аумағында ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу кедендік рәсімін шет мемлекеттің аумагында ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне немесе экспорт кедендік рәсіміне өзгерту жүргізілетін тауарларға арналған декларацияның көшірмесі.

4. Салық органдарының ақпараттық жүйелерінде кеден органдарының тауарларды іс жүзінде әкету туралы хабарламасы бар, электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларация да тауарлардың экспортын растайтын құжат болып табылады. Осы тармақта көзделген, электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларация болган кезде осы баптың 2-тармағының 2), 3) және 6) тармақшаларында және 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларында белгіленген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

387-бап. Халықаралық тасымалдарға салық салу

1. Халықаралық тасымалдар бойынша көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымға нөлдік молшерлеме бойынша салық салынады.

Мыналар халықаралық тасымал деп танылады:

1) Қазақстан Республикасының аумағынан экспортталатын және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларды, оның ішінде пошта жөнелтілімдерін тасу;

2) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жүктерді тасу;

3) халықаралық қатынаста жолаушыларды, багажды және жүк багажын тасымалдау;

4) халықаралық қатынаста жолаушылар поездарының (вагондарының) жүріп өтуі бойынша көрсетілетін қызмет.

Егер тасымалды ресімдеу осы баптың 4-тармағында белгіленген бірыңғай халықаралық тасымалдау құжаттарымен жүзеге асырылса, осы тараудың мақсаттары үшін тасымал халықаралық тасымал болып есептеледі.

2. Осы баптың 3-тармағында белгіленген жағдайды қоспағанда, халықаралық тасымалды бірнеше тасымалдаушы жүзеге асырган жағдайда, халықаралық тасымалға Қазақстан Республикасының шекарасына дейін тасымалдаушы немесе соның көлігі арқылы жолаушылар, тауарлар (пошта жөнелтілімдері, багаж, жүк багажы) Қазақстан Республикасының аумагына әкелінген тасымалдаушы жүзеге асыратын тасымал жатады.

3. Тікелей халықаралық теміржол-паром қатынасында халықаралық тасымалды бірнеше тасымалдаушы жүзеге асырған жағдайда, тасымалдаушылар теміржол және су көлігімен жүзеге асыратын тасымал халықаралық тасымал деп танылады.

4. Осы баптың мақсаттары үшін мыналар халықаралық тасымалдарды растайтын құжаттар болып табылады:

1) жүктерді тасымалдау кезінде:

халықаралық автомобиль қатынасында – тауар-көлік жүкқұжаты;

халықаралық теміржол қатынасында, оның ішінде тікелей халықаралық теміржол-паром қатынасында – бірыңғай үлгідегі жүкқұжат;

әуе көлігімен – жүкке арналған жүкқұжат (әуе жүкқұжаты);

теңіз көлігімен – коносамент немесе теңіз жүкқұжаты;

көліктің екі немесе одан көп түрімен транзитпен (аралас тасымал) – бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (бірыңғай коносамент);

магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы:

есеп айырысу кезеңі ішіндегі экспорт және ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімдерімен орналастырылған тауарларға арналған декларацияның көшірмесі не есеп айырысу кезеңі ішіндегі кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға арналған декларация;

орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілері, жүктерді сатушыдан не көрсетілген жүктерді бұрын жеткізуді жүзеге асырған басқа да тұлғалардан сатып алушыға не көрсетілген жүктерді одан әрі жеткізуді жүзеге асыратын басқа да тұлғаларға қабылдап алу-тапсыру актілері;

2) жолаушыларды, багажды және жүк багажын тасымалдау кезінде:

автомобиль көлігімен:

тұрақты тасымалдар кезінде – Қазақстан Республикасында сатылған жол жүру билеттерін сату туралы есеп, сондай-ақ жол жүру бойындағы автовокзалдар (автостанциялар) жасаған жолаушылар билеттері туралы есеп айырысу ведомостары;

тұрақты емес тасымалдар кезінде – халықаралық қатынаста көлік қызметтерін көрсету туралы шарт;

теміржол көлігімен:

Қазақстан Республикасында сатылған жол жүру, тасымалдау және пошта құжаттарын сату туралы есеп;

Қазақстан Республикасында халықаралық қатынаста сатылған жолаушылар билеттері туралы есеп айырысу ведомосы;

теміржол әкімшіліктері арасындағы жолаушылар тасымалдары үшін өзара есеп айырысу жөніндегі баланстық ведомость пен жол жүру және тасымалдау құжаттарын ресімдеу туралы есеп;

әуе көлігімен:

бас декларация;

жолаушы манифесі;

карго-манифест;

лоджит (орталық-тиеу кестесі);

жинақтау-тиеу ведомосы (жол жүру билеті және багаж квитанциясы);

халықаралық қатынаста жолаушылар поездарының (вагондарының) жүріп өтуі бойынша көрсетілетін қызмет кезінде:

жолаушылар поезының заттай парағы.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық нысанда жасалуы мүмкін.

5. Салық органдарының ақпараттық жүйелерінде кеден органдарының тауарларды іс жүзіндегі әкету туралы хабарламасы бар, электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларация да тауарлардың экспортын растайтын құжат болып табылады. Осы тармақта көзделген, электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларация болған кезде осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігі 1) тармақшасының сегізінші абзацында белгіленген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

388-бап. Халықаралық ұшуды, халықаралық әуе тасымалдарын орындайтын шетелдік авиакомпаниялардың әуе кемелеріне жанармай құю кезінде әуежайлар жүзеге асыратын жанар-жағармай материалдарын өткізуге салық салу

1. Халықаралық ұшуды, халықаралық әуе тасымалдарын орындайтын шетелдік авиакомпаниялардың әуе кемелеріне жанармай құю кезінде әуежайлар жүзеге асыратын жанар-жағармай материалдарын өткізу бойынша айналымға нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынады.

Осы баптың ережелері халықаралық ұшуды, халықаралық әуе тасымалдарын орындайтын шетелдік авиакомпаниялардың әуе кемелеріне жанармай құю кезінде жанар-жағармай материалдарын өткізетін әуежайларға қатысты қолданылады.

2. Осы баптың мақсаттары үшін:

1) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерді қоса алғанда, шет мемлекеттердің авиакомпаниялары шетелдік авиакомпаниялар деп танылады;

2) әуе кемесі шет мемлекеттің шекарасын кесіп өтетін әуе кемесінің ұшуы халықаралық ұшу деп танылады;

3) тасымалдауда немесе қайта тиеуде үзілістің бар-жоғына қарамастан, тасымалды орындау кезінде жөнелту және межелі пункттері:

екі немесе одан көп мемлекеттің аумағында;

егер басқа мемлекет аумағында аялдау көзделсе, бір мемлекеттің аумағында орналасқан әуе тасымалы халықаралық әуе тасымалы деп танылады.

Егер Қазақстан Республикасының аумағы жөнелту және межелі пункттер болып табылса, осы тармақшаның үшінші абзацының ережесі

қолданылмайды.

3. Халықаралық ұшуды, халықаралық әуе тасымалдарын орындайтын шетелдік авиакомпаниялардың әуе кемелеріне жанармай құю кезінде әуежайлар жүзеге асыратын жанар-жағармай материалдарын өткізу кезінде нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

1) тұрақты рейстерді жүзеге асыру кезінде – әуежайдың шетелдік авиакомпаниямен жанар-жағармай материалдарын өткізуді көздейтін және (немесе) қамтитын шарты;

тұрақты емес рейстерді жүзеге асыру кезінде – шетелдік авиакомпанияның өтінімі және (немесе) әуежайдың шетелдік авиакомпаниямен шарты (келісімі).

Бұл ретте өтінімде мынадай мәліметтер көрсетілуге тиіс:

тіркелген мемлекеті көрсетіле отырып, авиакомпанияның атауы;

әуе кемесінің болжамды қону күні.

Форс-мажорлық мән-жайлар салдарынан шетелдік әуе кемесі қонған кезде осы тармақшада көзделген өтінім толтырылмайды.

Осы тармақшаның мақсаттары үшін:

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен авиакомпания белгілеген және жариялаған кестеге сәйкес орындалатын рейс тұрақты рейс деп танылады;

тұрақты рейс анықтамасына кірмейтін рейс тұрақты емес рейс деп танылады;

2) әуе кемесіне жанар-жағармай материалдарының құйылғанын растайтын кеден органының белгісі бар шетелдік әуе кемесіне жанармай құюға арналған шығыс ордері немесе талап, онда мынадай мәліметтер көрсетілуге тиіс:

авиакомпанияның атауы;

құйылған жанар-жағармай материалдарының мөлшері;

әуе кемесіне май құйылған күн;

әуе кемесі командирінің немесе шетелдік авиакомпания өкілінің және әуежайдың жанармай құюды жүзеге асырған тиісті қызметі қызметкерінің қолтаңбалары.

Осы тармақшаның ережелері Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес оларға қатысты кедендік ресімдеу және кедендік бақылау көзделмеген халықаралық ұшуды, халықаралық әуе тасымалдарын орындайтын авиакомпаниялардың әуе кемелеріне жанармай құю кезінде қолданылмайды;

3) әуежай өткізген жанар-жағармай материалдары үшін ақы төлеу фактісін растайтын құжат;

4) қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамының шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру фактісін және уәкілетті орган азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекіткен нысан бойынша және тәртіппен өткізілген жанар-жағармай материалдарының (авиакомпаниялар бөлінісінде) мөлшерін растайтын қорытындысы.

Бұл ретте Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес оларға қатысты кедендік ресімдеу және кедендік бақылау көзделмеген рейстер жүзеге асырылған жағдайларда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамы осы тармақшада көзделген қорытындыны ұсынады.

389-бап. Арнайы экономикалық аймақтың аумағына өткізілетін тауарларға салық салу

1. Арнайы экономикалық аймақтарды құру мақсаттарына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде толық тұтынылатын тауарларды арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және оларды тарату саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган уәкілетті органмен және салық саясаты саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша айқындаған тауарлар тізбесі бойынша арнайы экономикалық аймақтың аумағына өткізуге қосылған құн салығы нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады.

Осы баптың мақсаттары үшін еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған) және кедендік бақылаудағы тауарлар осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тауарлар деп түсініледі.

2. Арнайы экономикалық аймақтарды құру мақсаттарына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде толық тұтынылатын тауарларды өткізу кезінде нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

1) арнайы экономикалық аймақтардың аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдармен тауарларды жеткізуге арналған шарт (келісімшарт);

2) еркін кедендік аймақ кедендік рәсімі бойынша тауарлар шығаруды жүзеге асыратын кеден органының белгілері бар тауарлар тізбесі қоса беріле отырып, тауарларға арналған декларацияның және (немесе) көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттардың көшірмелері;

3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдарға тауарларды тиеп-жөнелтуді растайтын тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері;

4) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдардың тауарларды алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері.

3. Салық органдары ақпараттық байланыс арналары арқылы кеден органдарынан алған электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған

декларация да нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды растайтын құжат болып табылады. Осы тармақта көзделген, электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларация болған кезде осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген тауарларға арналған декларацияның көшірмесін ұсыну талап етілмейді.

4. Арнайы экономикалық аймақтың аумағына өткізілетін тауарларды өнім берушілерге қосылған құн салығының асып кетуін қайтару арнайы экономикалық аймақтарды құру мақсаттарына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде іс жүзінде тұтынылған әкелінген тауарлар бөлігінде жүргізіледі.

5. Осы бапқа сәйкес қайтаруға жататын қосылған құн салығының сомасын айқындау кезінде арнайы экономикалық аймақтарды құру мақсаттарына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде әкелінген тауарлардың іс жүзінде тұтынылғанын растайтын, арнайы экономикалық аймаққа қатысушы ұсынған деректер негізінде қалыптастырылатын кеден органының мәліметтері есепке алынады.

Арнайы экономикалық аймаққа қатысушы осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көзделген шарттарды орындамаған жағдайда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар салық салынатын импорт деп танылады және Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен және мөлшерде импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу үшін белгіленген мерзімнен бастап өсімпұл есепке жазыла отырып, арнайы экономикалық аймақтың аумағына тауарлар әкелінген күннен бастап оларға қосылған құн салығы салуға жатады.

390-бап. «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағына өткізілетін тауарларға салық салу ерекшеліктері

1. Егер осы Кодекстің 389 және 391-баптарында өзгеше көзделмесе, жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес инфрақұрылым объектілерін, ауруханаларды, емханаларды, мектептерді, балабақшаларды, музейлерді, театрларды, жоғары және орта оқу орындарын, кітапханаларды, оқушылар сарайларын, спорт кешендерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу және пайдалануға беру процесінде толық тұтынылатын тауарларды арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және оларды тарату саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган уәкілетті органмен және салық саясаты саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша айқындаған тауарлар тізбесі бойынша «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағына өткізуге қосылған құн салығы нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады.

Осы баптың мақсаттары үшін мұндай тауарлар еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған және кедендік бақылауда болған жағдайда инфрақұрылым объектілерін, ауруханаларды, емханаларды,

мектептерді, балабақшаларды, музейлерді, театрларды, жоғары және орта оқу орындарын, кітапханаларды, оқушылар сарайларын, спорт кешендерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін тұрғызу процесіне тікелей тартылған тауарлар (электр энергиясын, бензинді, дизель отыны мен суды қоспағанда) құрылыс процесінде толық тұтынылатын тауарлар деп түсініледі.

2. Мыналар осы бапқа сәйкес нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды растайтын құжаттар болып табылады:

1) «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағында осы баптың 1-тармағында көрсетілген объектілер салуды жүзеге асыратын ұйымдармен тауарларды жеткізуге арналған шарт (келісімшарт);

2) еркін кедендік аймақ кедендік рәсімі бойынша тауарлар шығаруды жүзеге асыратын кеден органының белгілері бар тауарлар тізбесі қоса беріле отырып, тауарларға арналған декларацияның және (немесе) көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттардың көшірмелері;

3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдарға тауарлардың тиеп-жөнелтілгенін растайтын тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері;

4) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдардың тауарларды алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері.

3. Салық органдары ақпараттық байланыс арналары арқылы кеден органдарынан алған электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларация да нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды растайтын құжат болып табылады. Осы тармақта көзделген, электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларация болған кезде осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген тауарларға арналған декларацияның көшірмесін ұсыну талап етілмейді.

4. «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағына өткізілетін тауарларды берушілерге қосылған құн салығының асып кетуін қайтару осы бапқа сәйкес «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағындағы салық органынан растау алынғаннан кейін инфрақұрылым объектілерін, ауруханаларды, емханаларды, мектептерді, балабақшаларды, музейлерді, театрларды, жоғары және орта оқу орындарын, кітапханаларды, оқушылар сарайларын, спорт кешендерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу процесінде іс жүзінде тұтынылған әкелінген тауарлар бөлігінде жүргізіледі. «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағындағы салық органының сұрау салуы бойынша астананың жергілікті атқарушы органы беретін, әкелінген тауарлардың инфрақұрылым объектілерін, ауруханаларды, емханаларды, мектептерді, балабақшаларды, музейлерді, театрларды, жоғары және орта оқу орындарын, кітапханаларды, оқушылар сарайларын, спорт кешендерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу процесінде іс жүзінде тұтынылғаны туралы құжат растау үшін негіз болып табылады.

391-бап. «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы» арнайы экономикалық аймағының аумағына өткізілетін тауарларға салық салу ерекшеліктері

1. «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы» арнайы экономикалық аймағын құру мақсаттарына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде тұтынылатын немесе өткізілетін тауарларды осындай арнайы экономикалық аймақтың аумағына өткізуге қосылған құн салығы нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады.

Осы баптың мақсаттары үшін еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған) және кедендік бақылаудағы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тауарлар деп тауарлар түсініледі.

2. Мыналар «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы» арнайы экономикалық аймағын құру мақсаттарына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде тұтынылатын немесе өткізілетін тауарларды өткізу кезінде нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымды растайтын құжаттар болып табылады:

1) «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы» арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдармен және (немесе) тұлғалармен тауарларды жеткізуге арналған шарт (келісімшарт);

2) еркін кедендік аймақ кедендік рәсімі бойынша тауарлар шығаруды жүзеге асыратын кеден органының белгілері бар тауарлар тізбесі қоса беріле отырып, тауарларға арналған декларацияның және (немесе) көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттардың көшірмелері;

3) осы баптың 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдарға және (немесе) тұлғаларға тауарлардың тиеп-жөнелтілгенін растайтын тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері;

4) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдардың және (немесе) тұлғалардың тауарларды алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері.

3. «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы» арнайы экономикалық аймағының аумағына өткізілетін тауарларды берушілерге қосылған құн салығының асып кетуін қайтару арнайы экономикалық аймақтарды құру мақсаттарына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде іс жүзінде тұтынылған әкелінген тауарлар бөлігінде жүргізіледі.

4. Осы бапқа сәйкес қайтаруға жататын қосылған құн салығының сомасын айқындау кезінде арнайы экономикалық аймақты құру мақсаттарына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде әкелінген тауарлардың өткізілгенін немесе іс жүзінде тұтынылғанын растайтын, арнайы экономикалық аймаққа қатысушы ұсынған деректер негізінде қалыптастырылатын кеден органының мәліметтері есепке алынады.

Арнайы экономикалық аймаққа қатысушы осы баптың 1-тармағының

бірінші бөлігінде көзделген шарттарды орындамаған жағдайда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар салық салынатын импорт деп танылады және Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен және мөлшерде импортталатын тауарларға қосылған құн салыгын төлеу үшін белгіленген мерзімнен бастап өсімпұл есепке жазыла отырып, «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы» арнайы экономикалық аймағының аумағына тауарлар әкелінген күннен бастап оларға қосылған құн салығы салуға жатады.

392-бап. Аффинирленген алтынды өткізу бойынша айналым

1. Бағалы металдар өндірісінің субъектілері және оны қайта өңдеу нәтижесінде аффинирленген алтынның меншік иелеріне айналған тұлғалар болып табылатын салық төлеушілердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін өз өндірісінің шикізатынан алынған аффинирленген алтынды өткізуі бойынша айналымға қосылған құн салығы нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады.

2. Мыналар нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын, осы баптың 1-тармағында көрсетілген айналымды растайтын құжаттар болып табылады:

1) салық төлеуші мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында жасалған бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін аффинирленген алтынды сатып алу-сатудың жалпы талаптары туралы шарт;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өткізілген аффинирленген алтынның құнын растайтын құжаттардың көшірмелері;

3) аффинирленген алтын саны корсетіле отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аффинирленген алтынды алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері.

Осы баптың мақсатында салық төлеуші дербес өндірген немесе қайта өңдеу мақсатында меншігіне сатып алған шикізат өз өндірісінің шикізаты деп түсініледі.

393-бап. Жекелеген жағдайларда салық салу

1. Талаптарына сәйкес импортталатын тауарлар қосылған құн салығынан босатылатын, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілерге өз өндірісінің тауарларын өткізу бойынша айналымға қосылған құн салығы нөлдік молшерлеме бойынша салынады.

Егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта, өнімді бөлу туралы келісімде (келісімшартта) қосылған құн салығынан босатылатын

импортталатын тауарлардың тізбесі айқындалған жағдайда, осы тізбеде көрсетілген тауарларды өткізу бойынша айналымдарға нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынады.

Осы баптың мақсатында салық төлеуші өндірген, шығарылған жері сертификаты бар өнім (тауар) өз өндірісінің тауары болып танылады.

Осы тармақта көрсетілген салық төлеушілердің тізбесін мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган уәкілетті органмен және салық саясаты саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді.

2. Осы Кодекстің 722-бабының 1-тармағында көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы өндірген және өткізген тұрақсыз конденсатты Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағына өткізу бойынша айналымға қосылған құн салығы нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады.

Осы тармақта көрсетілген салық төлеушілердің тізбесін мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган уәкілетті органмен және салық саясаты саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді.

3. Газ саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісім шеңберінде қызметін жүзеге асыратын салық төлеушінің бұрын осы салық төлеуші Қазақстан Республикасының аумағынан әкеткен және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағында өңделген алыс-беріс шикізатынан алынған қайта өңдеу өнімдерін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше осындай басқа мемлекеттің аумағында өткізуі бойынша айналымға қосылған құн салығы нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады.

Осы тармақта көрсетілген салық төлеушілердің тізбесін мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган уәкілетті органмен және салық саясаты саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді.

4. Мыналар осы баптың 1-тармағында көрсетілген салық төлеушілерге тауарлардың өткізілгенін растайтын құжаттар болып табылады:

1) жеткізілетін тауарлардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың, өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) жұмыс бағдарламасын орындауға арналғаны көрсетіле отырып, талаптарына сәйкес импортталатын тауарлар қосылған құн салығынан босатылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілерге тауарларды жеткізуге арналған шарт;

2) салық төлеушілерге тауарлардың тиеп-жөнелтілгенін растайтын тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері;

3) салық төлеушілердің тауарларды алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері.

5. Мыналар осы баптың 2-тармағында көрсетілген тұрақсыз конденсаттың өткізілгенін растайтын құжаттар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағына әкетілген (әкетілетін) тұрақсыз конденсатты жеткізуге арналған шарт (келісімшарт);

2) құбыржолдар жүйесі арқылы өткізілген тұрақсыз конденсаттың мөлшерін есепке алу аспаптарының көрсетілімдерін алу актісі;

3) Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағына құбыржолдар жүйесі арқылы әкетілген тұрақсыз конденсатты қабылдап алу-тапсыру актісі.

Құбыржолдар жүйесі арқылы өткізілген тұрақсыз конденсаттың мөлшерін есепке алу аспаптарының көрсетілімдерін алу тәртібін мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

6. Мыналар осы баптың 3-тармағында көрсетілген тауарлардың өткізілгенін растайтын құжаттар болып табылады:

1) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттар (келісімшарттар);

2) солардың негізінде қайта өңдеу өнімдерін өткізу жүзеге асырылатын шарттар (келісімшарттар);

3) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстардың орындалу фактісін растайтын құжаттар;

4) алыс-беріс шикізатының Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына әкетілгенін растайтын тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері.

Алыс-беріс шикізаты магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы әкетілген жағдайда тауарға ілеспе құжаттар көшірмелерінің орнына осындай алыс-беріс шикізатын қабылдап алу-тапсыру актісі ұсынылады;

5) аумағында алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жүзеге асырылған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің салық төлеушісіне – оларды сатып алушыға қайта өңдеу өнімдерінің тиеп-жөнелтілгенін растайтын құжаттар;

6) салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен ашылған, Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктердегі банктік шоттарына өткізілген қайта өңдеу өнімдері бойынша валюталық түсімнің түскенін растайтын құжаттар;

7) осы Кодекстің 449-бабының 8-тармағында көзделген, тиісті уәкілетті мемлекеттік органның Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағында тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы қорытындысы.

Қайтаруға жататын қосылған құн салығының асып кету сомасын айқындау кезінде Қазақстан Республикасы салық органының сұрау салуы бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің салық қызметі қайта өңдеу өнімдерін сатып алушыға қатысты жүзеге асырған тексерудің нәтижелері ескеріледі.

45-тарау. САЛЫҚ САЛЫНБАЙТЫН АЙНАЛЫМ ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛЫНБАЙТЫН ИМПОРТ

394-бап. Қосылған құн салығынан босатылған, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымдар

Өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылатын мынадай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді:

1) осы Кодекстің 395 – 398-баптарында көрсетілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

2) акциздік маркаларды (осы Кодекстің 172-бабына сәйкес акцизделетін тауарларды таңбалауға арналған есепке алу-бақылау маркаларын);

3) мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясы мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өткізетін, мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару талаптарына сәйкес жасалған шарттар бойынша бұрын сатып алынған ғимаратты, құрылысты және осындай мүлік орналасқан жер учаскелерін;

4) мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясының мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару талаптарына сәйкес жасалған шарттар бойынша сатып алынған ғимаратты, құрылысты және осындай мүлік орналасқан жер учаскелерін мүліктік жалдау (жалға алу) шарттары бойынша уақытша иеленуге және пайдалануға беруі бойынша көрсетілетін қызметтерді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекемеге немесе мемлекеттік кәсіпорынға өтеусіз негізде берілетін мүлікті;

6) лотерея операторының лотерея қатысушысына беретін ұтыстар түріндегі мүлікті;

7) төлем карточкаларымен және электрондық ақшамен жасалатын операциялар бойынша ақпаратты жинау, өңдеу және есеп айырысуларға қатысушыларға таратып беру бойынша қызметтер көрсетуді қоса алғанда, есеп айырысуларға қатысушылар арасында ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтерді;

8) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына кедендік аумақта қайта өңдеу кедендік рәсімімен орналастырыла отырып әкелінген тауарларды қайта өңдеу және (немесе) жөндеу бойынша көрсетілетін қызметтерді;

9) Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқару бойынша үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелері кооперативінің қызметі шеңберінде көрсетілетін қызметтерді;

10) ұлттық валюта банкноттары мен монеталарын;

11) егер өткізу жүзеге асырылған салықтық кезеңде, сондай-ақ

алдындағы төрт салықтық кезең ішінде мынадай талаптардың бірі сақталса:

мүгедектердің орташа саны жұмыскерлердің жалпы санының кемінде 51 пайызын құраса;

мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстар еңбекке ақы төлеу бойынша жалпы шығыстардың кемінде 51 пайызын (есту, сөйлеу, көру қабілетінен айырылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда – кемінде 35 пайызын) құраса, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылады.

Осы тармақшаның ережелері акцизделетін тауарларды өткізу бойынша айналымдарға қолданылмайды.

Ұзақ мерзімді келісімшарттар шеңберінде өткізу бойынша айналымдарға қатысты осы тармақшаның ережелері осы тармақта белгіленген талаптар сақталған кезде, осындай келісімшарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде қолданылады;

12) егер мәміле шарттарында салық төлеушінің өткізілген тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің сапасына кепілдік беруі көзделсе, тауарларды пайдаланудың мәміледе белгіленген кепілдік мерзімі кезеңінде, қосалқы бөліктері мен бөлшектерінің құнын қоса алғанда, оларды өтеусіз жөндеу және (немесе) оларға техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

13) егер осы Кодекстің 392-бабында өзгеше белгіленбесе, қор биржасында жасалған мәміле негізінде не егер осындай мәміле тараптарының бірі екінші деңгейдегі банк, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған аффинирленген құйма алтынды өздерінің айырбастау пункттері арқылы сатып алуды және сатуды жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғалар, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы – заңды тұлға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылса, құймалар мен тілімдер түріндегі инвестициялық алтынды;

14) құмар ойындарын ұйымдастыру және бәс тігу бойынша көрсетілетін қызметтерді;

15) туроператордың келу туризмі бойынша көрсетілетін қызметтерін;

16) ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен берілетін ақшалай нысандағы қарыз операцияларын;

17) бажсыз сауда кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды;

18) түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни бірлестіктердің діни жоралар мен рәсімдер өткізуі бойынша көрсетілетін қызметтерді;

20) Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген діни бірлестіктердің діни мақсаттағы заттарды өткізуі бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылады.

Көрсетілген тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру өлшемшарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді;

21) жерлеу бюроларының жерлеу қызметтерін, зираттар мен крематорийлердің көрсетілетін қызметтерін;

22) Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасына сәйкес коммерциялық емес ұйымдар жүзеге асыратын арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді;

23) Қазақстан Республикасының мәдениет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік тапсырма шеңберінде жүзеге асырылатын мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу бойынша көрсетілетін қызметтерді;

24) музейлердің мәдени, білім беру, ғылыми-зерттеу функцияларды жүзеге асыруы және Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының кеңінен танылуын қамтамасыз етуі бойынша көрсетілетін қызметтерді;

25) кітапханалардың ақпараттық, мәдени, білім беру функцияларды жүзеге асыруы бойынша көрсетілетін қызметтерді;

26) театрлар, филармониялар, мәдени-демалыс ұйымдары жүзеге асыратын мәдениет және білім беру саласындағы көрсетілетін қызметтер мен жұмыстарды;

27) қызметтің осы түрін жүзеге асыру құқығына арналған лицензия негізінде жүргізілетін тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстарын;

28) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы білім берудің көрсетілетін қызметтерін;

29) білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензиясы бар білім беру ұйымы көрсететін қосымша білім беру бойынша көрсетілетін қызметтерді;

30) қызметтің осы түрлерін жүзеге асыру құқығына арналған тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы білім берудің көрсетілетін қызметтерін;

31) осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағы 2) немесе 4) тармақшасының шарттарына сәйкес келетін дербес білім беру ұйымдарының осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында айқындалған қызмет түрлерін жүзеге асыруы бойынша көрсетілетін қызметтерді;

32) білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензиясы бар білім беру ұйымдарының, сондай-ақ осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 2), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген дербес білім беру ұйымдарының кітапхана қорын, оның ішінде электрондық нысанда уақытша пайдалануға беруі бойынша көрсетілетін қызметтерді;

33) кез келген нысандағы дәрілік заттарды, оның ішінде дәрілік субстанцияларды, сондай-ақ оларды өндіруге арналған материалдар мен

жинақтаушы заттарды;

34) протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдарды, сурдотифлотехниканы және медициналық (ветеринариялық) техниканы; кез келген нысандағы дәрілік заттарды, оның ішінде дәрілік субстанцияларды, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдарды және медициналық (ветеринариялық) техниканы өндіруге арналған материалдар мен жинақтаушы заттарды;

35) медициналық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар денсаулық сақтау субъектісі көрсететін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес (оның ішінде лицензиялауға жатпайтын медициналық қызметті жүзеге асыру кезінде) медициналық көмек нысанындағы көрсетілетін қызметтерді;

36) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік ұйымы көрсететін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы көрсетілетін қызметтерді;

37) мыналар:

ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасының ветеринария саласындагы заңнамасында көзделген, ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға арналған рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне енгізілген жеке және заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы зацнамасына сәйкес құрылған мемлекеттік ветеринария ұйымдары ветеринария саласында көрсететін қызметтерді;

38) бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде:

өткізілетін көлік құралының және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасының құрамына осы Кодекстің 399-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына немесе 451-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес қосылған құн салығынан босатылатын бұрын әкелінген шикізат және (немесе) материалдар кірсе;

өткізілетін көлік құралының және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасының құрамындағы шикізатты және (немесе) материалдарды әкелуді көрсетілген көлік құралдарын және (немесе) ауыл шаруашылыгы техникасын өткізетін заңды тұлға жүзеге асырса;

көлік құралдары және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасы индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша бекіткен, өткізілуі қосылған құн салығынан босатылатын көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасының тізбесіне енгізілсе, көлік құралдарын және (немесе) ауыл

шаруашылығы техникасын;

39) «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы» арнайы экономикалық аймағының аумағында өткізілетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

40) мемлекеттік тапсырманы жүзеге асыруға арналған шарттар негізінде жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын;

41) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйым осы Кодекстің 292-бабында көзделген қызмет түрлері бойынша өткізетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

42) мемлекеттік тапсырманы жүзеге асыруға арналған шарттар негізінде дене шынықтыру-спорт ұйымдары көрсететін қызметтерді;

43) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне ақы төлеуге әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына бюджеттен трансферттер шеңберіндегі фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылады.

Осы баптың бірінші бөлігінің 33) және 34) тармақшаларында көрсетілген тауарлардың тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органмен, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді.

395-бап. Халықаралық тасымалдарға байланысты айналымдар

Өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылатын, осы Кодекстің 387 және 448-баптарына сәйкес халықаралық тасымалдар болып табылатын тасымалдарға байланысты мынадай жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылады:

тиеу, түсіру, қайта тиеу (ағызу, құю, өнімді басқа магистральдық құбыржолдарға беру, басқа көлік түріне ауыстырып тиеу);

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кедендік шекарасын кесіп өту кезінде вагондарды арбаларға немесе жолтабанының ені басқа дөңгелек жұптарына ауыстыру;

Қазақстан Республикасының аумағынан экспортталатын, Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларды, оның ішінде поштаны, сондай-ақ транзиттік жүктерді экспедициялау;

вагондар (контейнерлер) операторының көрсетілетін қызметтері;

техникалық және аэронавигациялық қызмет көрсетудің көрсетілетін қызметтері, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

әуежай қызметінің құрамына кіретін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша қызметтер;

халықаралық рейстерге қызмет көрсету бойынша теңіз порттарының көрсетілетін қызметтері;

пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері;

тіркелетін пошта жөнелтілімдерін жіберу бойынша көрсетілетін қызметтер.

Жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру мақсатында өзі кешенді түрде көрсететін және тасымалдау құжатында тасымалдау процесіне қатысушы ретінде көрсетілген вагондар (контейнерлер) операторы ұсынатын мынадай көрсетілетін қызметтер осы бөлімнің мақсатында вагондар (контейнерлер) операторының көрсетілетін қызметтері болып табылады:

1) вагондарды (контейнерлерді) пайдалануға беру жоспарын қалыптастыру және оны тасымалдау процесіне қатысушылар арасында келісу;

2) вагондарды (контейнерлерді) пайдалануға беру;

3) жүк тиелген және бос вагондардың (контейнерлердің) іс жүзіндегі қозғалысын орталықтан жедел бақылау және қашықтықтан басқару арқылы диспетчерлік ету.

396-бап. Жерге және тұрғын ғимараттарға байланысты өткізу бойынша айналымдар

1. Мыналар қосылған құн салығынан босатылады:

1) тұрғын ғимараттың тек қана тұрғын емес үй-жайлардан тұратын бөлігінен басқа, тұрғын ғимаратты (тұрғын ғимараттың бөлігін) өткізу;

2) тұрғын ғимараттың тек қана тұрғын емес үй-жайлардан тұратын бөлігінен басқа, тұрғын ғимаратты (тұрғын ғимараттың бөлігін) жалға (қосалқы жалға) беру;

3) студенттік және мектеп жатақханаларында, жұмысшылар кенттерінде, балалар демалыс үйлерінде, теміржол жатын вагондарында тұруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер.

2. Мыналарды:

1) автомобильдерді, сондай-ақ өзге де көлік құралдарын қоюға немесе сақтауға жер учаскесін беру үшін төлемақыны;

2) тұрғын ғимараттың тек қана тұрғын емес үй-жайлардан тұратын бөлігін өткізу кезінде жер учаскесін иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығын немесе жер учаскесіне ортақ меншік құқығындағы (ортақ жер пайдалану құқығындағы) үлесті беруді;

3) тұрғын ғимаратқа жатпайтын ғимарат (ғимараттың бөлігі) орналасқан жер учаскесін иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығын беруді, оның ішінде қосалқы жалға беруді қоспағанда, жер учаскесін иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығын беру және (немесе) жер учаскесін жалға беру, оның ішінде қосалқы

жалға беру қосылған құн салығынан босатылады.

397-бап. Қосылған құн салығынан босатылатын, қаржылық операцияларды өткізу бойынша айналымдар

1. Осы баптың 2-тармағында көзделген қаржылық операциялар қосылған құн салығынан босатылады.

2. Қосылған құн салығынан босатылатын қаржылық операцияларға мыналар жатады:

1) банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар лицензия негізінде жүзеге асыратын мынадай банк операциялары мен өзге де операциялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктер шегінде озге де заңды тұлғалар лицензиясыз жүргізетін операциялар:

жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;

заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;

банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;

жеке және заңды тұлғаларға тиесілі аффинирленген бағалы металдардың және бағалы металдардан жасалған монеталардың физикалық саны көрсетілетін аталған тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу;

аударым операциялары, оның ішінде пошталық ақша аударымдары;

банктік қарыз операциялары;

кассалық операциялар;

шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру;

төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) инкассоға қабылдау;

аккредитивті ашу (ұсыну) және растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;

банктердің ақшалай нысанда орындауды көздейтін банк кепілдіктерін беруі;

банктердің үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындауды көздейтін банк кепілгерліктерін және өзге де міндеттемелерді беруі;

банктер жүзеге асыратын факторингтік және форфейтингтік операциялар;

2) ислам банкінің лицензия негізінде жүзеге асырылатын мынадай банк операциялары:

жеке және заңды тұлғалардың талап етілгенге дейін пайызсыз депозиттерін қабылдау, жеке және заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;

жеке және заңды тұлғалардың инвестициялық депозиттерін қабылдау;

банктік қарыз операциялары: мерзімділік, қайтарымдылық

шарттарымен және сыйақы өндіріп алмай ақшалай нысанда кредиттер беру;

3) бағалы қағаздармен жасалатын операциялар;

4) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиясыз жүзеге асыратын тұлғалардың көрсетілетін қызметтері;

5) туынды қаржы құралдарымен жасалатын операциялар;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) жөніндегі операциялар, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасасу және орындау бойынша сақтандыру брокерлерінің (сақтандыру агенттерінің) көрсетілетін қызметтері;

7) банкаралық клиринг бойынша көрсетілетін қызметтер;

8) төлем карточкаларымен, электрондық ақшамен, чектермен, вексельдермен, депозиттік сертификаттармен жасалатын операциялар;

9) ерікті зейнетақы жарналарын (ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры) тарту құқығымен инвестициялық портфельдерді, сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін басқару жөніндегі қызмет;

10) ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын басқару бойынша көрсетілетін қызметтер;

11) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының әлеуметтік төлемдерді және ерікті зейнетақы жарналарын тарту, зейнетақы активтерінен алынған инвестициялық кірісті бөлу және есепке жатқызу бойынша көрсетілетін қызметтері;

12) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен жарналарды шоғырландыру, денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық көмек көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды іске асыру бойынша көрсетілетін қызметтері;

13) қатысу үлесін өткізу;

14) микрокредиттер беру жөніндегі операциялар;

15) ломбардтардың жылжымалы мүлікті кепілге алу арқылы қысқа мерзімді қарыздар беруі бойынша көрсетілетін қызметтер;

16) кредиттік серіктестіктер өздерінің қатысушылары үшін жүзеге асыратын мынадай операциялар:

төлемдер және ақша аударымдары бойынша тапсырмаларды орындау түріндегі аударым операциялары;

ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысанда кредиттер беру түріндегі қарыз операциялары;

кассалық операциялар;

кредиттік серіктестікке қатысушылардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;

кредиттік серіктестікке қатысушылар үшін ақшалай нысанда

орындауды көздейтін кепілдіктерді, кепілгерліктерді және өзге де міндеттемелерді беру;

17) екінші деңгейдегі банктерде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде қызмет көрсетілетін заңды тұлғалар санаты үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған металл шоттар арқылы инвестициялық алтынды өткізу;

18) кредиттер (қарыздар, микрокредиттер) бойынша талап ету құқықтарын басқаға беру;

19) осы баптың 3-тармағында көрсетілген операциялар.

3. Ислам банкі сатып алушыға өткізетін тауардың үстеме бағасының Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасына сәйкес жасалған коммерциялық кредит туралы шарттың талаптарында айқындалатын сомасы қосылған құн салығынан босатылады.

Осы тармақтың ережелері:

1) тауарды кейіннен үшінші тұлғаға сату туралы шарттарсыз;

2) тауарды кейіннен үшінші тұлғаға сату шарттарымен коммерциялық кредит беру арқылы сауда делдалы ретінде жеке және заңды тұлғаларды қаржыландыру шеңберінде Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасына сәйкес ислам банкі мүлікті берген жағдайда қолданылады.

Осы тармақтың ережелері сатып алушы коммерциялық кредит туралы шартты орындаудан бас тартқан кезде ислам банкінің тауарды үшінші тұлғаға өткізуі жағдайларына қолданылмайды.

398-бап. Мүлікті қаржы лизингіне беру

1. Мүлікті қаржы лизингіне беру, егер мұндай беру осы Кодекстің 197-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келсе, лизинг беруші алуға жататын сыйақы сомасы бөлігінде қосылған құн салығынан босатылады.

2. Мүлікті қаржы лизингіне беру бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде:

1) мұндай беру осы Кодекстің 197-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келсе;

2) берілетін мүлік осы Кодекстің 394-бабы бірінші бөлігінің 38) тармақшасына сәйкес қосылған құн салығынсыз сатып алынса, қосылған құн салығынан босатылады.

399-бап. Қосылған құн салығынан босатылатын импорт

1. Мыналардың:

1) ұлттық және шетел валютасы банкноттары мен монеталарының (мәдени-тарихи құндылықты білдіретін банкноттар мен монеталардан басқа), сондай-ақ бағалы қағаздардың;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және оның ұйымдары жүзеге асыратын, ақша белгілерін шығаруға арналған шикізаттың;

3) Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден зацнамасына сәйкес бекітілген, тауарларды бажсыз әкелу нормалары бойынша жеке тұлғалар жүзеге асыратын тауарлардыц;

4) акцизделетіндерді тауарларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен гуманитарлық көмек ретінде әкелінетін тауарлардың;

5) акцизделетін тауарларды қоспағанда, қайырымдылық көмек, техникалық жәрдем көрсету мақсатында мемлекеттердің, мемлекеттер үкіметтерінің, халықаралық ұйымдардың желісі бойынша әкелінетін тауарлардың;

6) мемлекеттердің, мемлекеттердің үкіметтері мен халықаралық ұйымдардың желісі бойынша берілген гранттардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын тауарлардың;

7) Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің, шет мемлекеттің консулдық мекемелерінің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық персоналына жататын адамдардың, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, консулдық лауазымды адамдардың, консулдық қызметшілердің жеке пайдалануы үшін әкелінетін және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатылатын тауарлардың;

8) салық төлеуден босатуды көздейтін кедендік рәсіммен орналастырыла отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік декларациялауға жататын тауарлардың;

9) ғарыш қызметіне қатысушылар әкелетін, тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған ғарыш объектілерінің, жербеті ғарыш инфрақұрылымы объектілері жабдығының импорты қосылған құн салығынан босатылады. Осы тармақшаның ережелері нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті органның осындай ғарыш объектілері мен жабдықтың ғарыш қызметінің мақсаттары үшін әкелінгені туралы растауы негізінде қолданылады;

10) мынадай:

Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мемлекеттік тізілімінде тіркелген;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытынды (рұқсат беру құжаты) негізінде, Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мемлекеттік тізілімінде тіркелмеген кез келген нысандағы дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар

мен медициналық техниканың импорты қосылған құн салығынан босатылады.

Осы тармақшада көрсетілген тауарлардың тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органмен, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

11) ветеринария саласында пайдаланылатын (қолданылатын) дәрілік заттардың; протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, ветеринариялық мақсаттағы бұйымдардың және ветеринариялық техниканың, мүгедектерге берілетін арнайы қозғалыс құралдарының, сурдотифлотехниканың; кез келген нысандағы дәрілік заттарды, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдарды және медициналық (ветеринариялық) техниканы өндіруге арналған материалдардың, жабдықтар мен жинақтаушы зарттардың импорты қосылған құн салығынан босатылады.

Осы тармақшада көрсетілген тауарлардың тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органмен, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

12) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, екінші деңгейдегі банк немесе бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы – заңды тұлға импорттайтын инвестициялық алтынның;

13) Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген діни бірлестіктер әкелетін діни мақсаттағы заттардың импорты қосылған құн салығынан босатылады.

Көрсетілген тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру өлшемшарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді;

14) бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келген кезде:

шикізат және (немесе) материалдар импорты инвестициялық келісімшарт шеңберінде қосылған құн салығынан босатылатын шикізаттың және (немесе) материалдардың инвестициялар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша бекіткен тізбесіне енгізілсе;

шикізатты және (немесе) материалдарды әкелу Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген құжаттармен ресімделсе;

әкелінген шикізатты және (немесе) материалдарды қосылған құн салығын төлеуші талап қоюдың ескіру мерзімі шегінде тек қана инвестициялық келісімшарт шеңберінде қызметін жүзеге асыру кезінде қолданса, инвестициялық келісімшарт шеңберіндегі (инвестициялық басым жобаны және инвестициялық стратегиялық жобаны қоспағанда) шикізаттың және (немесе) материалдардың импорты қосылған құн салығынан босатылады.

Инвестициялық келісімшарт шеңберінде шикізаттың және (немесе) материалдардың импортын қосылған құн салығынан босату Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес жасалған инвестициялық келісімшартқа қосымша болып табылатын жұмыс бағдарламасында көзделген тіркелген активтер пайдалануға берілген айдың 1-күнінен бастап қатарынан бес жыл бойғы мерзімге беріледі. Егер жұмыс бағдарламасында екі және одан көп тіркелген активті енгізу көзделген жағдайда, инвестициялық келісімшарт шеңберінде шикізаттың және (немесе) материалдардың импортын қосылған құн салығын төлеуден босату мерзімін есептеу жұмыс бағдарламасы бойынша алғашқы тіркелген актив пайдалануға берілген айдың 1-күнінен бастап жүргізіледі.

Тауарлар еркін айналым үшін не ішкі тұтыну үшін Қазақстан Республикасының аумағына шығарылған күннен бастап бес жыл ішінде осы тармақшада белгіленген талаптар бұзылған жағдайда, импортталатын шикізат және (немесе) материалдар бойынша қосылған құн салығы Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен және молшерде импортталатын тауарлар әкелінген кезде оларға қосылған құн салығын төлеу үшін белгіленген мерзімнен бастап өсімпұл есепке жазыла отырып төлеуге жатады;

15) мынадай шарттар сақталған кезде:

көлік құралдарын өндірушілерге қатысты – индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім болса;

ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілерге қатысты – индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен ауыл шаруашылығы техникасын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім болса, инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен жасалған арнайы инвестициялық шарт шеңберінде заңды тұлға еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырған көлік құралдарының және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасының құрамындағы шикізаттың және (немесе) материалдардың;

16) егер:

оларды «Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалы металдарды өндіру субъектілерінің тізбесіне енгізілген заңды тұлға әкелсе;

олар Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне өткізу үшін аффинирленген алтынды өндіру кезінде ғана пайдаланылса, өңделмеген бағалы металдардың, бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарының және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының импорты қосылған құн салығынан босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) – 13) тармақшаларында көрсетілген тауарлардың импортын қосылған құн салығынан босату тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

3. Инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен арнайы инвестициялық келісімшарт жасасқан заңды тұлға бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде:

1) тауарлар еркін кедендік аймақ немесе еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырылса;

2) еркін кедендік аймақ немесе еркін қойма кедендік рәсімі ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен аяқталса;

3) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес дайын өнім құрамындағы тауарларды сәйкестендіру жүзеге асырылса, арнайы экономикалық аймақтың немесе еркін қойманың аумағында өндірілген дайын өнім құрамындағы тауарлардың импорты кезінде қосылған құн салығын төлеуден босатуды қолдануға құқылы.

46-тарау. ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ БОЙЫНША ЕСЕПКЕ ЖАТҚЫЗУ

400-бап. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығы

1. Егер алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер өткізу бойынша салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылса немесе пайдаланылатын болса, солар үшін төлеуге жататын және мыналарда:

1) осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алынған жағдайда – қосылған құн салығы бөліп көрсетіліп және өнім беруші салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі көрсетіле отырып, мынадай құжаттардың бірінде:

шот-фактураны жазып беру күніне қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын өнім беруші жазып берген шот-фактурада немесе жол жүру билетінде (қағаз жеткізгіште, электрондық билетте, электрондық жол жүру құжатында);

жалпыға бірдей қолжетімді телекоммуникациялық желілердегі интернет-ресурста орналастырылғандарды қоса алғанда, есепті салықтық кезеңде алынған мерзімді баспасөз басылымдарының және бұқаралық ақпарат құралдарының өзге де өнімінің құнына тура келетін бөлікте осы Кодекстің 414-бабында сәйкес жазып берілген шот-фактурада;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі жазып берген мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды шығаруға арналған құжатта көрсетілген қосылған құн салығының

сомасы осы Кодекстің 367-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы есепке жатқызатын қосылған құн салығының сомасы деп танылады. Қосылған құн салығының сомасы мынадай формула бойынша, бірақ осы тауарларды мемлекеттік материалдық резервке жеткізу кезінде төленген салық сомасынан аспайтындай айқындалады:

ҚҚС = $К_{шт}$ х $М_{ҚҚС}$ / (100 % + $М_{ҚҚС}$), мұнда:

ҚҚС – қосылған құн салығының сомасы;

$К_{шт}$ – қосылған құн салығы салынатын шығарылатын тауарлардың құны;

$М_{ҚҚС}$ – тауарлар шығарылған күнге қолданыста болатын қосылған құн салығының мөлшерлемесі;

2) тауарлар импортталған жағдайда – Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес ресімделген тауарларға арналған декларацияда, бірақ Қазақстан Республикасының бюджетіне төленген және кедендік рәсімнің шарттарына сәйкес қайтаруға жатпайтын салық сомасынан аспайтындай немесе тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініште (өтініштерде) көрсетілген салық сомасымен сәйкес келетін, импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияда, бірақ Қазақстан Республикасының бюджетіне төленген және қайтаруға жатпайтын салық сомасынан аспайтындай;

3) бейрезидент берген және осындай жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушының айналымы болып табылатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алынған жағдайда – қосылған құн салығы бойынша декларацияда, бірақ төлем құжатында немесе салық органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша берген және қосылған құн салығының төленгенін растайтын құжатта көрсетілген салық сомасынан аспайтындай;

4) осы Кодекстің 367-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлға қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қойылған жағдайда – қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қойылған күнге дейін салық төлеуші сатып алған, жасаған, салған және қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қойылған күнге меншік құқығында болатын тауарлар бойынша, осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының біріне сәйкес осындай сома расталған жагдайда, осындай тұлға осы Кодекстің 215-бабының 4-тармағына сәйкес жасаған салықтық тіркелімде көрсетілген қосылған құн салығының сомасы осы Кодекстің 367-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы есепке жатқызатын қосылған құн салығының сомасы деп танылады.

Осы тармақшаның ережелері қайта ұйымдастыру нәтижесінде жаңадан құрылған заңды тұлға алған тауарларға қатысты қолданылмайды.

2. Жеке тұлға олар бойынша шығыстар халықаралық қаржылық

есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес қосылған құн салығын төлеушінің шығыстары деп танылған және осы Кодекстің 244-бабына сәйкес қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақылар ретінде шегерімдерге жатқызылуға тиіс көрсетілетін қызметтерді алған жағдайда, қосылған құн салығын осындай төлеушінің осы баптың 1-тармағы 1) тармақшасының талаптарын сақтаған кезде аталған көрсетілетін қызметтер бойынша қосылған құн салығының сомасын есепке жатқызуға құқығы бар.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қосылған құн салығының сомаларын есепке жатқызу үшін бірнеше негіз болған кезде қосылған құн салығының сомасын есепке жатқызу неғұрлым ерте болатын негіз бойынша бір рет жүргізіледі.

4. Осы Кодекстің 401-бабына сәйкес айқындалған дәл сол салықтық кезеңде осы Кодекстің 403, 404 және 405-баптарында көзделген жағдайлар басталған кезде, есепке жатқызылатын қосылған құн салығының мөлшері осы Кодекстің 403, 404 және 405-баптарында көзделген алып тастау, ұлғайту немесе азайту ескеріле отырып айқындалады.

5. Қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызу салық төлеуші қызметінің тоқтатылуына байланысты осы Кодекстің 369-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген талаптар орындалғаннан кейін, салық төлеуші қызметінің тоқтатылуына байланысты тарату декларациясы берілген салықтық кезеңде қосылған құн салығының асып кету сомасына азайтуға жатады.

6. Осы баптың ережелеріне сәйкес келмейтін қосылған құн салығының, сондай-ақ осы Кодекстің 402-бабында көрсетілген қосылған құн салығының сомасы есепке жатқызылмайтын қосылған құн салығының сомасы деп танылады.

401-бап. Қосылған құн салығын есепке жатқызу күні

1. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығы неғұрлым кеш болатын мынадай күндердің біріне тура келетін салықтық кезеңде есепке алынады:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алу күні;

2) осы Кодекстің 400-бабының 1-тармағына сәйкес қосылған құн салығын есепке жатқызу үшін негіз болып табылатын шот-фактураны немесе өзге де құжатты жазып беру күні.

Осы тармақтың мақсаттары үшін түзетілген болып табылмайтын шот-фактуралар есепке алынады.

Егер электрондық нысанда жазып берілген шот-фактурада қағаз жеткізгіште жазып беру күні көрсетілсе, онда осы тармақтың мақсаттары үшін осындай күн шот-фактураны жазып беру күні болып танылады.

Осы тармақтың ережелері осы баптың 2 – 6-тармақтарында белгіленген жағдайларда қолданылмайды.

2. Осы Кодекстің 400-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда, есепке жатқызылатын қосылған құн салығы неғұрлым кеш болатын мынадай күндердің біріне тура келетін салықтық кезеңде есепке алынады:

1) бюджетке төленетін төлемді, оның ішінде осы Кодекстің 102 және 103-баптарында айқындалған тәртіппен есепке жатқызуларды жүргізу арқылы салықты төлеу есебіне жүзеге асыру күні;

2) Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жүргізілген кедендік ресімдеу күні немесе импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияда осындай салық есептелген салықтық кезеңнің соңғы күні.

3. Осы Кодекстің 400-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда, есепке жатқызылатын қосылған құн салығы негұрлым кеш болатын мынадай күндердің біріне тура келетін салықтық кезеңде есепке алынады:

1) бюджетке төленетін төлемді, оның ішінде осы Кодекстің 102 және 103-баптарында айқындалған тәртіппен есепке жатқызуларды жүргізу арқылы салықты төлеу есебіне жүзеге асыру күні;

2) қосылған құн салығы бойынша декларацияда осындай салық есептелген салықтық кезеңнің соңғы күні.

4. Осы Кодекстің 400-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында козделген жағдайда, есепке жатқызылатын қосылған құн салығы қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою күні тура келетін салықтық кезеңде есепке алынады.

5. Қосымша шот-фактура бойынша, есепке жатқызылатын қосылған құн салығы осындай шот-фактураны жазып беру күні тура келетін салықтық кезеңде есепке алынады.

6. «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электр және (немесе) жылу энергиясын, жүйелік көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде, есепке жатқызылатын қосылған құн салығы осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымды жасау күні тура келетін салықтық кезеңде есепке алынады.

402-бап. Есепке жатқызылмайтын қосылған құн салығы

1. Мыналарды:

1) егер қосылған құн салығын төлеуші осы Кодекстің 407 және 409-баптарына сәйкес бөлек есепке алуды жүргізу арқылы әдісін қолданса, салық салынбайтын айналым мақсатында пайдаланылып жатқан немесе пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

2) негізгі құралдар ретінде есепке алынған (есепке алынатын) жеңіл автомобильдерді;

3) мыналар:

есепке жатқызу үшін негіз болып табылатын құжатта осындай құжатты

жазып берген тұлғаның және (немесе) осындай құжат жазып берілген тұлғаның сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген немесе дұрыс көрсетілмеген;

шот-фактурада құжатты жазып беру күні, шот-фактураның нөмірі, тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауы, салық салынатын айналымның мөлшері туралы деректер көрсетілмеген;

шот-фактура осы Кодекстің 412-бабының талаптарына сәйкес куәландырылмаған;

шот-фактура осы Кодекстің 412-бабының талаптарын бұза отырып, қағаз жеткізгіште жазып берілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

4) төлемнің мерзімділігіне қарамастан, азаматтық-құқықтық мәміле бойынша төлемі қосылған құн салығы ескеріле отырып, қолма-қол есеп айырысу арқылы жүргізілген және республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төлемді жасау күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1 000 еселенген мөлшерінен асып кететін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

5) қосылған құн салығынан босатылатын, сол сияқты қосылған құн салығы салынатын айналымдар түрінде өткізуге арналған тұрғын ғимаратты салу үшін пайдаланылып жатқан немесе пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

6) осы Кодекстің 252 және 253-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағындағы банктегі арнайы депозиттік шотта орналастырылған тарату қорының қаражаты есебінен сатып алынған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

7) осы Кодекстің 291-бабының 1-тармағында айқындалған дербес білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген, өздері алған нысаналы салым немесе осындай нысаналы салымның қаражатынан өтеусіз негізде қаржыландыру есебінен сатып алған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алуға байланысты төлеуге жататын қосылған құн салығы есепке жатқызылмайтын қосылған құн салығы деп танылады.

2. Мыналар:

1) комиссионерден – комиссия шартының талаптарына сәйкес келетін талаптармен комитент үшін сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша төлеуге жататын қосылған құн салығы;

2) экспедитордан – көлік экспедициясы шарты бойынша клиент болып табылатын тарап үшін осындай шарт бойынша міндеттерді орындау кезінде тасымалдаушыдан және (немесе) басқа да өнім берушілерден сатып алынған жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша төлеуге жататын қосылған құн салығы есепке жатқызылатын қосылған құн салығы деп танылмайды.

3. Тұрғын ғимаратты салуды жүзеге асыратын қосылған құн салығын төлеуші қосылған құн салығынан босатылатын, сол сияқты қосылған құн салығы салынатын айналымдар түрінде өткізуге арналған тұрғын ғимаратты

салу үшін пайдаланылып жатқан немесе пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қосылған құн салығын осы Кодекстің 410-бабында көрсетілген мақсаттар үшін салықтық тіркелімде бөлек есепке алады және декларацияда:

тұрғын ғимараттың тек қана тұрғын емес үй-жайлардан тұратын бөлігін өткізу немесе жалға беру жағдайы басталғанға;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұндай тұрғын ғимарат пайдалануға қабылданғанға дейін көрсетеді.

Мұндай қосылған құн салығы одан әрі осы Кодекстің 410-бабында айқындалған тәртіппен есепке алынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жағдайлар басталғанға дейін мұндай құрылыс объектісі немесе оның бір бөлігі аяқталмаған құрылыс объектісі түрінде өткізілген кезде осындай өткізу күніне бөлек есепке алынатын қосылған құн салығының сомасы есепке жатқызуға рұқсат етілген, осы Кодекстің 410-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалатын қосылған құн салығының сомасына азайтылады.

403-бап. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасынан алып тастау

Бұрын есепке жатқызылатын қосылған құн салығы деп танылған қосылған құн салығы мынадай жағдайларда:

1) шот-фактураны және (немесе) өзге де құжатты жазып беру әрекетін (әрекеттерін) сот жеке кәсіпкерлік субъектісі іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жасады деп таныған мәміле (операция) бойынша;

2) соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде жарамсыз деп танылған мәміле бойынша;

3) қосылған құн салығын есепке жатқызу үшін негіз болып табылатын құжатта қате көрсетілген сома бөлігінде;

4) сот осындай салық төлеушіден тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің іс жүзінде алынғанын анықтаған мәмілелерді қоспағанда, басшысы және (немесе) құрылтайшысы (қатысушысы) мұндай заңды тұлғаның заңды күшіне енген сот шешімімен анықталған тіркелуіне (қайта тіркелуіне) және (немесе) қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыруына қатысы болмаған, осы Кодекстің 85-бабы 6-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес салық органының шешімі негізінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен алынған салық төлеушімен іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жасалған мәмілелер бойынша алып тастауға жатады.

Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасынан осы бапта көзделген алып тастау ол үшін декларацияда қосылған құн салығы есепке жатқызылатын қосылған құн салығы ретінде танылған салықтық кезеңде

жүргізіледі.

404-бап. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын түзету

1. Осы бапта және осы Кодекстің 405-бабында белгіленген жағдайларда есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын ұлғайту немесе азайту есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын түзету болып табылады.

2. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын азайту мынадай жағдайларда:

1) болуына байланысты салық төлеуші осы Кодекстің 407 және 408-баптарына сәйкес пропорционалды әдісті қолданған салық салынбайтын айналымның мақсатында пайдаланылғандарды қоспағанда, салық салынатын айналым мақсатынсыз пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша;

2) өздері бүлінген, жоғалған жағдайда (төтенше жағдайлардың салдарынан туындаған жағдайларды қоспағанда) тауарлар бойынша жүргізіледі. Бұл ретте тауардың бүлінуі тауардың барлық немесе жекелеген сапасының (қасиетінің) нашарлауын білдіреді, соның салдарынан аталған тауар салық салынатын айналымның мақсаттары үшін пайдаланылмайды. Соның салдарынан тауар жойылған немесе ысырап болған оқиға тауардың жоғалуы деп түсініледі. Салық төлеуші табиғи кемудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалары шегінде шеккен тауарлар ысырабы жоғалу болып табылмайды;

3) табиғи монополия субъектісі шеккен нормативтен тыс ысыраптар бойынша;

4) жарғылық капиталға салым ретінде берілген мүлік бойынша;

5) жер қойнауын пайдаланушы салықтық міндеттемені заттай нысанда орындау есебіне беретін пайдалы қазбалардың көлемдері бойынша;

6) осы Кодекстің 383-бабының 2-тармағында козделген жағдайлар басталған кезде жүргізіледі.

3. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын ұлғайту осы Кодекстің 383-бабының 2-тармағында козделген жағдайлар басталған кезде жүргізіледі.

Осы Кодекстің 383-бабының 2-тармағында козделген жагдайлар басталған кезде, есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын ұлғайту немесе азайту салық салынатын айналымның мөлшерін ұлғайту немесе азайту жағына қарай түзетуге байланысты, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беруші жазып берген қосымша шот-фактурада көрсетілген қосылған құн салығының сомасы мөлшерінде жүргізіледі.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген жағдайларда, есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын түзету осындай

жағдайлар басталған салықтық кезеңде жүргізіледі.

5. Осы баптың 2-тармағының 1) – 5) тармақшаларында белгіленген жағдайларда, сатып алынған, салынған, жасалған тауарлар бойынша, есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын түзету қайта бағалау мен құнсыздану есепке алынбай, сол күнге бухгалтерлік есептің деректері бойынша тауарлардың баланстық құнына түзетуді жүзеге асыру күніне қолданыста болатын қосылған құн салығының мөлшерлемесін қолдану арқылы айқындалатын қосылған құн салығы сомасының мөлшерінде жүргізіледі.

6. Егер өткізу бойынша осындай айналым жасалғанға дейін қосылған құн салығы есепке жатқызылған бөлінетін жер учаскесінің бір бөлігін иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығын беру жөніндегі өткізу бойынша айналым осы Кодекстің 409-бабына сәйкес бөлек есепке алуды жүргізу жүзеге асырылатын осы Кодекстің 396-бабына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған болып табылған жагдайда, онда есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын түзету осындай жер учаскесіне тура келетін қосылған құн салығының сомасына жүргізіледі, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

ҚҚСтүз = ҚҚСеж/ Sжер х Sжал, мұнда:

ҚҚСтүз – қосылған құн салығын түзету сомасы;

ҚҚСеж – бұрын есепке жатқызылатын деп танылған қосылған құн салығының сомасы;

Sжал – жер учаскесі бөлінгенге дейін оның жалпы алаңы;

Sжер – иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) билік ету құқығын беру бойынша айналымы осы Кодекстің 409-бабына сәйкес бөлек есепке алуды жүргізу жүзеге асырылатын осы Кодекстің 396-бабына сәйкес қосылған құн салығынан босатылатын жер учаскесінің алаңы.

7. Осы Кодекстің 372-бабы 5-тармағының 1) және 6) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, осы Кодекстің 372-бабының 5-тармағында көрсетілген жағдайларда, осы бапта көзделген түзету жүргізілмейді.

8. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы осы бапта козделген түзету ескеріле отырып, теріс мәнге ие болуы мүмкін.

405-бап. Күмәнді міндеттемелер бойынша, міндеттемелерді есептен шығару кезінде есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомаларын түзету

1. Егер сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша міндеттеменің бір бөлігі немесе бүкіл мөлшері осы Кодекстің 230-бабына сәйкес күмәнді болып танылса, онда осы Кодекстің 400-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшалары негізінде бұрын есепке жатқызылатын деп танылған қосылған құн салығынан басқа, есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын күмәнді міндеттеменің

мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде осындай тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша бұрын есепке жатқызылатын деп танылған қосылған құн салығының сомасына азайту жағына қарай түзету жүргізіледі. Осы тармақта көзделген түзету мынадай:

орындау мерзімі айқындалған, сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер жөніндегі міндеттемені орындау мерзімі аяқталған күннен кейінгі;

орындау мерзімі айқындалмаған, сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер жөніндегі міндеттеме бойынша тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету күнінен бастап есептелетін үш жылдық кезең өткен салықтық кезеңде жүргізіледі.

2. Егер есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы азайту жағына қарай түзетілгеннен кейін қосылған құн салығын төлеуші тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеуді жүргізген жағдайда, есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын ақы төлеу жүргізілген салықтық кезеңде ақы толеу сомасына сәйкес келетін мөлшерде аталған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша салық сомасына ұлғайту жағына қарай түзету жүргізіледі.

3. Осы Кодекстің 229-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайларда, осы баптың 1-тармағына сәйкес түзету жүргізілмеген міндеттемелер есептен шығарылған кезде есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын азайту жағына қарай түзету бұрын есепке жатқызылатын деп танылған, осындай міндеттеменің құрамында төлеуге жататын қосылған құн салығы сомасының мөлшерінде жүргізіледі. Осы тармақта көзделген түзету осындай жағдайлар басталған кезеңде жүргізіледі.

4. Егер сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша міндеттеме әділет органдарының банкрот деп танылған қосылған құн салығын төлеушіні-өнім берушіні Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тастау туралы шешімі шығарылған күнге толық немесе ішінара қанағаттандырылмаған жағдайда, онда есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын азайту жағына қарай түзету, егер мұндай түзету осы баптың 1-тармағына сәйкес жүргізілмесе, бұрын есепке жатқызылатын деп танылған, осындай тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша төлеуге жататын қосылған құн салығының сомасы мөлшерінде жүргізіледі. Осы тармақта көзделген түзету әділет органдарының көрсетілген шешімі шығарылған салықтық кезеңде жүргізіледі.

5. Осы бапта көзделген түзету олар бойынша түзету жүргізілетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым жасалған кезде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беруші жазып берген шот-фактурада көрсетілген, қосылған құн салығының мөлшерлемесі бойынша жүргізіледі.

406-бап. Түзету ескеріле отырып, есепке жатқызылатын қосылған құн салығы

1. Түзету ескеріле отырып, есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы салықтық кезең үшін мынадай тәртіппен есептеледі:

осы Кодекстің 400-бабына сәйкес айқындалған, есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы,

алу

осы Кодекстің 403, 404 және 405-баптарында көзделген, есепке жатқызылатын қосылған құн салығын азайту жағына қарай түзету сомасы,

қосу

осы Кодекстің 404-бабының 3-тармағында және 405-бабының 2-тармагында көзделген, есепке жатқызылатын қосылған құн салығын ұлғайту жағына қарай түзету сомасы.

2. Осы бапқа сәйкес айқындалған, түзету ескеріле отырып, есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы теріс мәнге ие болуы мүмкін.

407-бап. Есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомаларын айқындау әдістері

1. Егер осы баптың 2-тармағында өзгеше көзделмесе, осы баптың 3-тармағында көрсетілгеннен басқа қосылған құн салығын төлеуші есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылган құн салығының сомасын мынадай әдістердің бірімен:

пропорционалды әдіспен;

салық салынатын және салық салынбайтын айналымдардыц мақсаттары үшін пайдаланылып жатқан немесе пайдаланылатын, тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қосылған құн салығының сомаларын бөлек есепке алуды жүргізу арқылы айқындайды.

2. Есепке жатқызудың пропорционалды әдісін пайдаланатын мынадай тұлғалар бөлек есепке алуды жүргізу арқылы айналымдардың жекелеген түрлері бойынша есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомаларын айқындауға құқылы:

1) кепіл мүлкін (тауарларды) алуға және өткізуге байланысты айналымдар бойынша – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларыныц жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микроқаржы ұйымдары;

2) мыналарды:

осындай банктен активтер бойынша сатып алынған талап ету құқықтары бойынша банктен алынған кепіл мүлкін (тауарды);

кепілге салынган мүлікке өндіріп алуды қолдану нәтижесінде банктің меншігіне өткен және екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйым осындай банктен күмәнді және

үмітсіз активтер бойынша сатып алынған талап ету құқықтары бойынша алған мүлікті (тауарды) сатып алуға, иеленуге және (немесе) өткізуге байланысты айналымдар бойынша – екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын, есепке жатқызудың пропорционалды әдісін пайдаланатын ұйым;

3) мыналарды:

бас банктен күмәнді және үмітсіз активтер бойынша сатып алынған талап ету құқықтары бойынша өндіріп алуды қолдану нәтижесінде алынған кепіл мүлкін (тауарды);

кепілге салынған мүлікке өндіріп алуды қолдану нәтижесінде бас банктің меншігіне өткен және банктің еншілес ұйымы бас банктен сатып алған мүлікті (тауарды) сатып алуға, иеленуге және (немесе) өткізуге байланысты айналымдар бойынша – бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымы;

4) мүлікті қаржы лизингіне беруге байланысты айналымдар бойынша – лизинг беруші. Қаржы лизингіне беруге жататын мүлікті сатып алуға байланысты лизинг берушінің шығындары салық салынатын айналымның мақсаттары үшін шеккен шығындар ретінде қарастырылады;

5) Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасына сәйкес тауарды үшінші тұлғаға кейіннен сату туралы шартсыз коммерциялық кредит беру арқылы сауда делдалы ретінде жеке және заңды тұлғаларды қаржыландыру бойынша – ислам банкі;

6) Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасына сәйкес тауарды үшінші тұлғаға кейіннен сату шарттарымен коммерциялық кредит беру арқылы сауда делдалы ретінде жеке және заңды тұлғаларды қаржыландыру шеңберінде тауарды сатып алу-сату операциялары бойынша – қосылған құн салығын төлеуші;

7) Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасына сәйкес туристік операторлық қызметке (туроператорлық қызметке) арналған лицензиясы бар дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар туроператордың қызметтерін көрсету мақсатында тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша есепке алуды қалған қызметтен бөлек жүргізеді. Туроператордың қызметтерін көрсету мақсатында тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша есепке алу осы Кодекстің 394-бабының 15) тармақшасына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған айналым және салық салынатын айналым бойынша бөлек жүргізіледі.

3. Өткізу бойынша айналымдары осы Кодекстің 396-бабының 1-тармағына сәйкес қосылған құн салығын салудан босатылатын объектілер салуды жүзеге асыратын тұлға:

осы Кодекстің 396-бабының 1-тармағына сәйкес қосылған құн салығынан босатылатын айналымдар мен өзге айналымның мақсаттары үшін;

әрбір құрылыс объектісін салу процесінде – осы Кодекстің

402-бабының 3-тармағын және 410-бабын қолдану мақсаттары үшін пайдаланылып жатқан немесе пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қосылған құн салығының сомаларын бөлек есепке алуды жүргізуді жүзеге асыруға міндетті.

Өзге айналым бойынша қосылған құн салығын осындай төлеуші осы Кодекстің 408-бабына сәйкес пропорционалды әдіспен есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомасын айқындауға құқылы.

408-бап. Есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомаларын пропорционалды әдіспен айқындау тәртібі

1. Пропорционалды әдіс бойынша есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомасы салықтық кезең үшін мынадай формула бойынша айқындалады:

ҚҚСер = ҚҚСеж х А сс/ А жал, мұнда:

ҚҚСер – есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомасы. Бұл сома теріс мәнге ие болуы мүмкін;

ҚҚСеж – түзету ескеріле отырып, есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы. Бұл сома теріс мәнге ие болуы мүмкін;

А сс – салық салынатын айналымның сомасы;

А жал – салық салынатын және салық салынбайтын айналымдардың сомасы ретінде айқындалатын айналымның жалпы сомасы.

Бұл ретте осы Кодекстің 407-бабының 2-тармағында көрсетілген тұлғалар А сс және А жал мәндерін айқындау кезінде осы Кодекстің 409-бабына сәйкес олар бойынша болек есепке алуды жүргізу жүзеге асырылатын айналымдарды есепке алмайды.

Салықтық кезеңде өткізу бойынша айналым болмаған кезде есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомасы түзету ескеріле отырып, есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының мөлшерінде айқындалады.

2. Есепке жатқызуға рұқсат етілмеген қосылған құн салығы салықтық кезең үшін мынадай формула бойынша айқындалады:

ҚҚСере = ҚҚСеж – ҚҚСер, мұнда:

ҚҚСере – есепке жатқызуға рұқсат етілмеген қосылған құн салығының сомасы. Бұл сома теріс мәнге ие болуы мүмкін;

ҚҚСеж – түзету ескеріле отырып, есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы. Бұл сома теріс мәнге ие болуы мүмкін;

ҚҚСер – осы баптың 1-тармағына сәйкес айқындалатын, есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомасы. Бұл сома теріс мәнге ие болуы мүмкін.

Есепке жатқызуға рұқсат етілмеген қосылған құн салығының сомасы, оның ішінде оның теріс мәні осы Кодекстің 243-бабының 9-тармағында айқындалған тәртіппен есепке алынады.

409-бап. Есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомаларын бөлек есепке алуды жүргізу арқылы айқындау тәртібі

1. Есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомасын бөлек есепке алуды жүргізу арқылы айқындау кезінде қосылған құн салығын төлеуші салық салынатын және салық салынбайтын айналымдардың мақсаттары үшін пайдаланылатын алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қосылған құн салығының сомаларын бөлек есепке алуды жүргізеді.

2. Осы Кодекстің 410-бабында көзделген жағдайлардан басқа, бөлек есепке алуды жүргізу кезінде:

1) есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомасы түзету ескеріле отырып, салық салынатын айналымның мақсаттары үшін пайдаланылатын алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша есепке жатқызылатын қосылған құн салығының мөлшерінде айқындалады;

2) есепке жатқызуға рұқсат етілмеген қосылған құн салығының сомасы салық салынбайтын айналымның мақсаттары үшін пайдаланылатын алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша есепке жатқызылмайтын қосылған құн салығының мөлшерінде айқындалады;

3) бір мезгілде салық салынатын және салық салынбайтын айналымдардың мақсаттары үшін пайдаланылатын алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қосылған құн салығының сомасы есепке жатқызуға рұқсат етілген және есепке жатқызуға рұқсат етілмеген қосылған құн салығының сомасына бөлінеді, олар мынадай формулалар бойынша айқындалады:

ҚҚСер = ҚҚСеж х А сс / А жал;

ҚҚСере = ҚҚСеж – ҚҚСер, мұнда:

ҚҚСер – есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомасы. Бұл сома теріс мәнге ие болуы мүмкін;

ҚҚСеж – бір мезгілде салық салынатын және салық салынбайтын айналымдардың мақсаттары үшін пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша түзету ескеріле отырып, есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы. Бұл сома теріс мәнге ие болуы мүмкін;

А сс – салық салынатын айналымның салықтық кезеңдегі сомасы. Бұл ретте осы Кодекстің 407-бабының 2-тармағында көрсетілген тұлғалар А сс-ны осы бапқа сәйкес олар бойынша бөлек есепке алуды жүргізу жүзеге асырылатын айналымдар ретінде айқындайды;

А жал – салық салынатын және салық салынбайтын айналымдардың сомасы ретінде айқындалатын, айналымның жалпы сомасы;

ҚҚСере – есепке жатқызуға рұқсат етілмеген қосылған құн салығының сомасы. Бұл сома теріс мәнге ие болуы мүмкін.

Есепке жатқызуға рұқсат етілмеген қосылған құн салығының сомасы осы Кодекстің 243-бабының 9-тармағында айқындалған тәртіппен есепке алынады.

410-бап. Тұрғын ғимаратты (тұрғын ғимараттың бөлігін) салуды жүзеге асыратын қосылған құн салығын төлеушінің есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомаларын айқындау тәртібі

1. Тұрғын ғимаратының аяқталмаған құрылыс объектісі өткізілген жағдайда осы объектіні салу процесінде пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығы осы бапқа сәйкес айқындалады және аяқталмаған құрылыс объектісін өткізу жүзеге асырылатын салықтық кезеңде:

1) осы Кодекстің 396-бабына сәйкес бұрын қосылған құн салығынан босатылатын айналым түрінде өткізуге арналған аяқталмаған құрылыс объектісін өткізу кезінде – көрсетілген тауарлар бойынша оларды сатып алу күніне қолданыста болатын мөлшерлеме бойынша есепке жатқызылатын қосылған құн салығының мөлшерінде;

2) бұрын қосылған құн салығынан босатылатын, сол сияқты қосылған құн салығы салынатын айналымдар түрінде өткізуге арналған аяқталмаған құрылыс объектісінің бөлігі болып табылатын аяқталмаған құрылыс объектісін өткізу кезінде – аяқталмаған құрылыс объектісінің өткізілетін бөлігіне тура келетін қосылған құн салығының мөлшерінде есепке алынады, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

ҚҚС ақер = ҚҚСже х Sақб / Sақ, мұнда:

ҚҚС ақер – бұрын қосылған құн салығынан босатылатын, сол сияқты қосылған құн салығы салынатын айналымдар түрінде өткізуге арналған аяқталмаған құрылыс объектісінің бөлігі бойынша есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығы;

ҚҚСже – құрылысқа пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша осы Кодекстің 402-бабының 3-тармағына сәйкес өткізу күніне жеке есепке алынатын қосылған құн салығының сомасы;

Sақб – бұрын қосылған құн салығынан босатылатын, сол сияқты қосылған құн салығы салынатын айналымдар түрінде өткізуге арналған аяқталмаған құрылыс объектісінің бөлігі болып табылатын аяқталмаған құрылыс объектісінің жобалау-сметалық құжаттама бойынша алаңы;

Sақ – бұрын қосылған құн салығынан босатылатын, сол сияқты қосылған құн салығы салынатын айналымдар түрінде өткізуге арналған аяқталмаған құрылыс объектісінің жалпы алаңы.

2. Тұрғын ғимаратты (тұрғын ғимараттың бөлігін) салуды жүзеге

асыратын қосылған құн салығын төлеуші тұрғын ғимараттың тек қана тұрғын емес үй-жайлардан тұратын бөлігін өткізу немесе жалға беру жағдайы басталған салықтық кезеңде, бірақ тұрғын ғимаратты пайдалануға қабылдау күнінен бұрын емес осындай тұрғын ғимараттың (тұрғын ғимарат бөлігінің) бөлігі болып табылатын тұрғын емес үй-жайдың құрылысына пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомасын мынадай формула бойынша айқындауға құқылы:

ҚҚСер = (ҚҚСеж – ҚҚСақер) х Sтеү / Sтғ, мұнда:

ҚҚСер – тұрғын ғимараттың (тұрғын ғимарат бөлігінің) бөлігі болып табылатын тұрғын емес үй-жай бойынша есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомасы;

ҚҚСеж – тұрғын ғимараттың (тұрғын ғимарат бөлігінің) құрылысына пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша, есепке жатқызылатын, жеке есепке алынатын қосылған құн салығының сомасы. Салық сомасы тұрғын ғимараттың тек қана тұрғын емес үй-жайлардан тұратын бөлігін өткізу немесе жалга беру жағдайы басталған күнге айқындалады, бірақ тұрғын ғимаратты Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес пайдалануға қабылдау күнінен бұрын емес;

ҚҚСақер – бұрын қосылған құн салығынан босатылатын, сол сияқты бұрын қосылған құн салығы салынатын айналымдар түрінде өткізуге арналған аяқталмаған құрылыс объектісінің бөлігі бойынша есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығы. Салық сомасы осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайда және тәртіппен айқындалады;

Sтеү – тұрғын ғимараттағы (тұрғын ғимараттың бөлігіндегі) тұрғын емес үй-жайлардың алаңы;

Sтғ – тұрғын ғимараттың (тұрғын ғимарат бөлігінің) жалпы алаңы.

Бұл ретте есепке жатқызуға рұқсат етілмеген қосылған құн салығының сомасы осы Кодекстің 243-бабының 9-тармағында айқындалған тәртіппен есепке алынады және мынадай формула бойынша айқындалады:

ҚҚСере = ҚҚСеж – ҚҚСақер – ҚҚСер, мұнда:

ҚҚСере – тұрғын емес үй-жайы да бар тұрғын ғимараттың (тұрғын ғимарат бөлігінің) бөлігі болып табылатын тұрғын үй-жай бойынша есепке жатқызуға рұқсат етілмеген қосылған құн салығының сомасы.

411-бап. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының қосымша сомасы

1. Мынадай тұлғалар қосылған құн салығының қосымша сомасын есепке жатқызуға құқылы:

1) ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығының) өнімін өндіру, өз өндірісінің көрсетілген өнімін қайта

өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру нәтижесі болып табылатын тауарларды өткізу жөніндегі айналымдар бойынша – шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғанда, ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығының) өнімін өндірушілер;

2) ауыл шаруашылығы өнімін, балық өсіру шаруашылығының өнімін қайта өңдеуді жүзеге асырудың нәтижесі болып табылатын тауарларды өткізу жөніндегі айналымдар бойынша – заңды тұлғалар. Қоғамдық тамақтану саласындағы қызметті қоспағанда, ауыл шаруашылығы өнімін, балық өсіру шаруашылығының өнімін қайта өңдеуге мынадай қызмет түрлері жатады:

ет пен ет өнімдерін өндіру;

жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу және консервілеу;

өсімдіктер мен жануарлардың майларын және тоңмайларды өндіру;

сүтті қайта өңдеу мен ірімшік өндіру;

ұн-жарма өнеркәсібінің өнімдерін өндіру;

жануарлар үшін дайын жемшөп өндіру;

нан өндіру;

балалар тағамын және диеталық тамақ өнімдерін өндіру;

крахмал-сірне өнеркәсібінің өнімдерін өндіру;

ауыл шаруашылығы малдарының терілерін және жүндерін қайта өңдеу;

мақтаны тұқымдарынан тазарту;

тірі балықты қайта өңдеу;

3) мыналар:

өз өндірісінің, сондай-ақ осындай кооперативтің мүшелері өндірген ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығының) өнімін өткізу;

өз өндірісінің ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығының) өнімін қайта өңдеу нәтижесінде алынған, осындай өнімді отандық өндірушіден сатып алынған және (немесе) осындай кооперативтің мүшелері өндірген өнімді өткізу;

агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша айқындаған тізбе бойынша осындай кооператив мүшелеріне осы тармақшада көрсетілген айналымдарды олардың жүзеге асыруы мақсатында жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жөніндегі айналымдар бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтері.

Осы тармақтың ережелері акцизделетін тауарларды және оларды қайта өңдеу өнімдерін өткізу бойынша айналымдарға қолданылмайды.

Осы тармақты қолдану мақсатында қызмет түрлерін айқындау техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген салық төлеушілер:

осы баптың 1-тармағында көзделген қызмет және өзге де қызмет

бойынша өткізу жөніндегі айналымдарды;

осы баптың 1-тармағында көзделген қызметте және өзге де қызметте пайдаланылып жатқан немесе пайдаланылатын алуға жататын (алынған) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бөлек есепке алуды жүргізген жағдайда осы баптың ережелерін қолдануға құқылы.

3. Егер заңды тұлға шетелдік, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға болып табылса, осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген салық төлеушілер, осы баптың ережелерін қолдануға құқылы емес.

4. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының қосымша сомасын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

ҚҚСек = (ҚҚСсс – ҚҚСер – ҚҚСак) х 70 %, мұнда:

ҚҚСек – есепке жатқызылатын қосылған құн салығының қосымша сомасы;

ҚҚСсс – осы баптың 1-тармағында көзделген қызмет бойынша салық салынатын өткізу бойынша айналымнан есептелген қосылған құн салығының сомасы;

ҚҚСер – есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының осы Кодекстің 408, 409 және 410-баптарына сәйкес айқындалған сомасы. Мұндай сома осы баптың 1-тармағында көзделген қызметте пайдаланылып жатқан немесе пайдаланылатын алуға жататын (алынған) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша айқындалады;

ҚҚСак – есепке жатқызылған қосылған құн салығы сомасының осы баптың 1-тармағында көзделген қызмет бойынша есепті салықтық кезеңнің басында өспелі қорытындысымен қалыптасқан есепке жазылған салық сомасынан асып кету сомасы.

Алынған нөлдік немесе теріс мән салықтық кезең үшін қосылған құн салығын есептеу кезінде есепке алынбайды.

47-тарау. ШОТ-ФАКТУРА

412-бап. Жалпы ережелер

1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым жасалған кезде мыналар шот-фактура жазып беруге міндетті:

1) осы Кодекстің 367-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген қосылған құн салығын төлеушілер;

2) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды іске асыру мақсатында қабылданған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда салық төлеушілер;

3) осы Кодекстің 416-бабында белгіленген жағдайларда, қосылған құн

салығын төлеуші болып табылмайтын комиссионер;

4) осы Кодекстің 415-бабында белгіленген жағдайларда, қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын экспедитор;

5) импортталған тауарларды өткізген жағдайда салық төлеушілер.

2. Салық төлеуші шот-фактураны қағаз жеткізгіште жазып беруге құқылы болатын мынадай жағдайларды:

1) салық төлеушінің тұрған жері бойынша Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктері шекарасында жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі болмаған жағдайды қоспағанда, шот-фактура электрондық нысанда жазып беріледі.

Аумағында жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктері туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады;

2) электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде уәкілетті орган растаған техникалық қателіктер туындаған жағдайды қоспағанда, шот-фактура электрондық нысанда жазып беріледі.

Техникалық қателіктер жойылғаннан кейін қағаз жеткізгіште жазып берілген шот-фактура техникалық қателіктер жойылған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде тіркеуге жатады.

3. Электрондық нысандағы шот-фактура уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және нысан бойынша электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде жазып беріледі.

4. Шот-фактураны қағаз жеткізгіште жазып беру осы баптың 5 – 12-тармақтарында айқындалған тәртіппен, салық төлеуші дербес айқындайтын нысан бойынша жүргізіледі.

5. Шот-фактурада мыналар көрсетілуге тиіс:

1) шот-фактураның реттік нөмірі;

2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушінің және алушының сәйкестендіру нөмірі;

3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушылар болып табылатын жеке тұлғаларға қатысты – тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушілер немесе алушылар болып табылатын дара кәсіпкерлерге қатысты – салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және (немесе) атауы;

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушілер немесе алушылар болып табылатын заңды тұлғаларға (заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелеріне) қатысты – атауы. Бұл ретте ұйымдық-құқықтық нысанды көрсету бөлігінде дағдыларға, оның ішінде іскерлік айналымның дағдыларына сәйкес аббревиатура пайдаланылуы мүмкін;

4) шот-фактура жазып берілген күн;

5) осы Кодекстің 416-бабында көзделген жағдайларда, өнім берушінің мәртебесі – комитент немесе комиссионер;

6) акцизделетін тауарларды өткізген жағдайда шот-фактурада акциздің сомасы қосымша көрсетіледі;

7) өткізілетін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы;

8) салық салынатын (салық салынбайтын) айналымның мөлшері;

9) қосылған құн салығының мөлшерлемесі;

10) қосылған құн салығының сомасы;

11) қосылған құн салығы ескеріле отырып, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны;

12) тауарларға қатысты – сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасының коды.

6. Салық салынатын айналымның мөлшері шот-фактурада тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің әрбір атауы бойынша жеке көрсетіледі.

Шот-фактуралар қағаз жеткізгіште жазып берілген жағдайда, егер мұндай шот-фактураға осы баптың 5-тармағының 7) – 11) тармақшаларында көрсетілген деректерді қамтитын құжат қоса берілсе, айналымның жалпы мөлшерін көрсетуге жол беріледі. Бұл ретте шот-фактурада құжаттың нөмірі мен күнін көрсету, сондай-ақ оның атауы қамтылуға тиіс.

7. Қағаз жеткізгіште жазып берілген шот-фактурадағы құндық және сомалық мәндер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

Мынадай:

1) өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде жасалған (орындалған) мәмілелер (операциялар) бойынша;

2) осы Кодекстің 386, 447 және 449-баптарына сәйкес қосылған құн салығының нөлдік мөлшерлемесі бойынша салық салынатын, тауарларды экспортқа өткізу жөніндегі мәмілелер (операциялар) бойынша;

3) осы Кодекстің 387-бабына сәйкес қосылған құн салығының нөлдік мөлшерлемесі бойынша салық салынатын, халықаралық тасымалдар бойынша көрсетілетін қызметтерді өткізу жөніндегі айналымдар бойынша;

4) осы Кодекстің 393-бабының 3-тармағына сәйкес қосылған құн салығының нөлдік мөлшерлемесі бойынша салық салынатын өткізу жөніндегі айналымдар бойынша шетел валютасымен көрсету мүмкін болатын жағдайларды қоспағанда, электрондық нысанда жазып берілген шот-фактурадағы құндық және сомалық мәндер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

8. Егер заңды тұлғаның атынан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беруші ретінде оның құрылымдық бөлімшесі әрекет еткен және заңды тұлғаның шешімі бойынша шот-фактуралар жазып беруді осындай құрылымдық бөлімше жүргізген жағдайда, сондай-ақ, егер заңды тұлғаның

атынан құрылымдық бөлімше тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы болған жағдайда, мыналарды:

1) осы баптың 5-тармағының 3) және 5) тармақшаларында белгіленген талаптарды орындау мақсатында шот-фактурада заңды тұлға құрылымдық бөлімшесінің деректемелерін көрсетуге жол беріледі;

2) осы баптың 5-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талапты орындау мақсатында шот-фактурада заңды тұлғаның сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Бұл ретте осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес заңды тұлға құрылымдық бөлімшесінің деректемелері көрсетілген жағдайда осындай құрылымдық бөлімшенің сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

9. Салық төлеушілер шот-фактурада немесе осы Кодекстің 400-бабының 1-тармағында көзделген өзге де құжатта:

1) қосылған құн салығы салынатын айналымдар бойынша – қосылған құн салығының сомасын;

2) салық салынбайтын, оның ішінде қосылған құн салығынан босатылған айналымдар бойынша – «ҚҚС-сыз» деген белгіні көрсетеді.

10. Салық төлеушілер қағаз жеткізгіште жазып берілетін шот-фактурада осы бапта көзделмеген қосымша мәліметтерді көрсетуге құқылы.

11. Қағаз жеткізгіштегі шот-фактура екі данада жазып беріледі, олардың біреуі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушыға беріледі.

12. Қағаз жеткізгіште жазып берілген шот-фактура:

заңды тұлғалар үшін – басшысы мен бас бухгалтерінің қолтаңбаларымен, сондай-ақ, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы тұлғада мөр болуға тиіс болса, атауы және ұйымдық-құқықтық нысанын көрсету қамтылған мөрмен;

дара кәсіпкерлер үшін – тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және (немесе) атауы қамтылған мөрмен (ол болған жағдайда), сондай-ақ дара кәсіпкердің қолтаңбасымен куәландырылады.

Шот-фактура салық төлеушінің бұйрығымен осыған уәкілеттік берілген жұмыскердің қолтаңбасымен куәландырылуы мүмкін. Бұл ретте бұйрықтың көшірмесі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушылардың көріп-танысуы үшін қолжетімді болуға тиіс.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы шот-фактураға қол қоюға уәкілетті адамды тағайындау туралы бұйрықтың осыған уәкілеттік берілген адам куәландырған көшірмесін ұсыну талабымен осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушіге жүгінуге құқылы, ал өнім беруші бұл талапты тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы жүгінген күні орындауға міндетті.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беруші болып табылатын заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі, егер Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес осы тұлғада мөр болуға тиіс болса, салық төлеуші жазып берген шот-фактураларды оның шешімі бойынша осындай құрылымдық бөлімшенің заңды тұлғаның атауы және ұйымдық-құқықтық нысанын көрсету қамтылған мөрімен куәландыруға құқылы.

Жай серіктестікке (консорциумға) қатысушылардың уәкілетті өкілі осы Кодекстің 200-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жазып берген шот-фактура уәкілетті өкілдің атауы және ұйымдық-құқықтық нысанын көрсету қамтылған мөрімен, сондай-ақ осындай уәкілетті өкіл басшысының және бас бухгалтерінің қолтаңбаларымен куәландырылады.

Егер Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына және есептік саясатқа сәйкес басшы немесе дара кәсіпкер бухгалтерлік есепті жеке өзі жүргізген жағдайда, бас бухгалтер қолтаңбасының орнына «көзделмеген» деп көрсетіледі.

Электрондық нысанда жазып берілген шот-фактура электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылады.

13. Шот-фактураны жазып беру мынадай жағдайларда:

1) есеп айырысулары:

сатып алушыға бақылау-касса машинасының чегін ұсына отырып, қолма-қол ақшамен және (немесе) көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу терминалдары арқылы;

төлем карточкаларын пайдаланып, төлемдерді жүзеге асыруға арналған жабдықты (құрылғыны) қолдана отырып жүзеге асырылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер өткізілген;

2) есеп айырысулары электрондық ақшамен немесе электрондық төлем құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер жеке тұлғаларға өткізілген;

3) жеке тұлғаға ұсынылған коммуналдық көрсетілетін қызметтер, байланыс қызметтері үшін есеп айырысулар екінші деңгейдегі банктер, пошта операторы арқылы жүзеге асырылған;

4) теміржол немесе әуе көлігімен жолаушыны тасымалдау қағаз жеткізгіштегі жол жүру билетімен, электрондық билетпен немесе электрондық жол жүру құжатымен ресімделген;

5) тауар дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам болып табылмайтын жеке тұлғаға өтеусіз берілген;

6) осы Кодекстің 397-бабында козделген қызметтер көрсетілген жағдайларда талап етілмейді.

Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер осы Кодекстің 436-бабының 1-тармағында көрсетілген тұлғаларға өткізілген жағдайда, осы тармақтың бірінші бөлігі 1) және 2) тармақшаларының ережелері қолданылмайды.

14. Осы баптың 13-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда тауарларды, жұмыстарды,

көрсетілетін қызметтерді алушы шот-фактураны жазып беру талабымен осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушіге жүгінуге құқылы, ал өнім беруші бұл талапты осы баптың ережелерін ескере отырып, оның ішінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы туралы мәліметтерде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу сенім білдірілген тұлғасы арқылы жүзеге асырылатын заңды тұлғаның немесе тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алатын дара кәсіпкердің деректемелерін көрсету бөлігінде орындауға міндетті. Бұл ретте осы баптың 13-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда шот-фактураны жазып беру тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өткізілетін жері бойынша жүзеге асырылады.

Осы баптың 13-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайда, көрсетілетін қызметтерді алушы жеке тұлғаның жол жүру фактісін растайтын құжатты немесе шот-фактураны жазып беру талабымен осындай көрсетілетін қызметтерді берушіге жүгінуге құқылы, ал өнім беруші бұл талапты осы баптың ережелерін ескере отырып, оның ішінде жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы туралы мәліметтерде тасымалдау бойынша қызмет көрсетілген жеке тұлғаның деректемелерін көрсету бөлігінде орындауға міндетті.

15. Жекелеген жағдайларда шот-фактураларды жазып беру ерекшеліктері осы Кодекстің 414 – 418-баптарында белгіленеді.

413-бап. Шот-фактураларды жазып беру мерзімдері

1. Шот-фактура:

1) электр және (немесе) жылу энергиясын, суды, газды, коммуналдық көрсетілетін қызметтерді, байланыс қызметтерін, теміржол көлігімен тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді, әуе көлігімен жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді, көлік экспедициясы шарты бойынша көрсетілетін қызметтерді, вагондар (контейнерлер) операторының көрсетілетін қызметтерін, магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы жүктерді тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді, жүйелік оператор көрсететін жүйелік қызметтерді, кредит (қарыз, микрокредит) беру бойынша көрсетілетін қызметтерді, қосылған құн салығы салынатын банк операцияларын өткізу кезінде, сондай-ақ осы Кодекстің 436-бабының 1-тармағында көрсетілген тұлғаларға бір жыл немесе одан көп мерзімге жасалған шарттар бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу кезінде – тауарлар жеткізілген, қызметтер көрсетілген айдың қорытындысы бойынша осындай тауарлар, көрсетілетін қызметтер бойынша өткізу жөніндегі айналымды жасау күні тура келетін айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмей;

2) тауарлар экспорт кедендік рәсімімен орналастырыла отырып әкетілген жағдайда, шот-фактура өткізу бойынша айналымды жасау күнінен

кейін күнтізбелік жиырма күннен кешіктірілмей;

3) есепке жазылған сыйақы сомасы бөлігінде мүлікті қаржы лизингіне беру кезінде – қорытындылары бойынша шот-фактура жазып берілетін тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей күнтізбелік тоқсанның қорытындылары бойынша;

4) қалған жағдайларда – өткізу бойынша айналымды жасау күнінен ерте емес және осындай күннен кейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмей жазып беріледі.

2. Осы Кодекстің 412-бабы 14-тармағының талаптарын орындау мақсатында шот-фактураны жазып беру айналымды жасау күні немесе одан кейін, бірақ осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі шегінде жүзеге асырылады.

3. Түзетілген шот-фактура бұрын жазып берілген шот-фактураға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет болған кезде жазып беріледі.

4. Қосымша шот-фактураны жазып беру мерзімдері осы Кодекстің 420-бабында белгіленеді.

Осы Кодекстің 197-бабының талаптары сақталмаған кезде қосымша шот-фактураны лизинг беруші осындай жағдай басталған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде жазып береді.

414-бап. Баспасөз басылымдарын және бұқаралық ақпарат құралдарының өзге де өнімін өткізу кезінде шот-фактураларды жазып беру ерекшеліктері

Жалпыға бірдей қолжетімді телекоммуникациялық желілердегі интернет-ресурста орналастырылғандарды қоса алғанда, мерзімді баспасөз басылымдарын немесе бұқаралық ақпарат құралдарының өзге де өнімін өткізген жағдайда, шот-фактура өткізу бойынша айналым жасалған күннен кейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмей жазып беріледі.

Салық төлеуші жасау күні күнтізбелік жылға тура келетін өткізу бойынша бүкіл айналымға шот-фактураны айналымды жасау күнінен бұрын жазып беруге құқылы. Бұл ретте шот-фактурада осындай күнтізбелік жылға кіретін әрбір салықтық кезеңге тура келетін өткізу бойынша айналымның мөлшері және қосылған құн салығының тиісті сомасы жеке көрсетіледі.

415-бап. Экспедиторлардың шот-фактураларды жазып беру ерекшеліктері

1. Көлік экспедициясы шарты бойынша клиент болып табылатын тарап үшін осындай шарт бойынша жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде шот-фактураларды жазып беруді экспедитор жүзеге асырады.

Экспедитор шот-фактураны қосылған құн салығын төлеушілер болып табылатын тасымалдаушылар және жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді

басқа да берушілер жазып берген шот-фактуралар негізінде жазып береді.

Егер тасымалдаушы (өнім беруші) қосылған құн салығын төлеуші болып табылмаған жағдайда, экспедитор шот-фактураны жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құнын растайтын құжат негізінде жазып береді.

2. Экспедитор жазып беретін шот-фактурада салық салынатын (салық салынбайтын) айналым:

қосылған құн салығын төлеушілер болып табылатын;

қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын тасымалдаушылар және (немесе) өнім берушілер көлік экспедициясы шартының шеңберінде орындаған және көрсеткен жұмыстар мен қызметтердің құны ескеріле отырып көрсетіледі.

Осы Кодекстің 412-бабы 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларының талаптарын орындау мақсатында экспедитор жазып беретін шот-фактурада:

өнім берушінің деректемелері ретінде экспедитордың деректемелері көрсетіледі;

алушының деректемелері ретінде көлік экспедициясы шарты бойынша клиент болып табылатын салық төлеушінің деректемелері көрсетіледі.

3. Көлік экспедициясы шарты бойынша қызметті жүзеге асыру кезінде экспедитор осы Кодекстің 215-бабына сәйкес тасымалдаушылар және (немесе) осындай шарт шеңберінде көрсетілетін жұмыстарды, қызметтерді берушілер, сондай-ақ олардың құны туралы ақпаратты ашатын салықтық тіркелімді жасайды.

4. Көрсетілген талаптарға сәйкес жазып берілген шот-фактура көлік экспедициясы шарты бойынша клиент болып табылатын тараптың қосылған құн салығының сомасын есепке жатқызуы үшін негіз болып табылады.

416-бап. Талаптары комиссия шартының талаптарына сәйкес келетін шарттар бойынша шот-фактураларды жазып беру ерекшеліктері

Комиссия шартының талаптарына сәйкес келетін шарттармен тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде, егер комитент және (немесе) комиссионер қосылған құн салығын төлеушілер болып табылса, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушыға шот-фактураларды жазып беруді комиссионер жүзеге асырады.

Комиссионер жазып беретін шот-фактурадағы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым мөлшері комиссионер тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушыға өткізуді жүзеге асыратын олардың құны негізге алынып көрсетіледі.

Комиссионер шот-фактураны:

қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын комитент комиссионерге жазып берген шот-фактураның деректерін ескере отырып жазып береді. Бұл жағдайда комитент комиссионерге жазып берген

шот-фактурада көрсетілген салық салынатын (салынбайтын) айналым сомасы комиссионер сатып алушыға жазып беретін шот-фактурадағы салық салынатын (салынбайтын) айналымға қосылады;

қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын комитент жазып берген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құнын растайтын құжаттың деректерін ескере отырып жазып береді. Бұл жағдайда мұндай құжатта көрсетілген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны комиссионер сатып алушыға жазып беретін шот-фактурадағы салық салынбайтын айналымға қосылады.

Комитент комиссионерге жазып беретін шот-фактурадағы айналым мөлшері өткізу мақсатында комиссионерге ұсынылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны негізге алынып көрсетіледі.

Комиссионер комитентке жазып беретін шот-фактурадағы айналым мөлшері комиссионердің комиссиялық сыйақысының сомасы және бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша комиссионердің айналымы болып табылатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны негізге алынып көрсетіледі.

Комитент комиссионердің атына осы Кодекстің 412-бабы 5-тармағы 2) және 3) тармақшаларының талаптарын орындау мақсатында комиссия шартының талаптарына сәйкес келетін шарттармен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуге арналған шот-фактураны жазып берген кезде:

онім берушінің деректемелері ретінде «комитент» мәртебесі көрсетіле отырып, комитенттің деректемелері көрсетіледі;

алушының деректемелері ретінде «комиссионер» мәртебесі көрсетіле отырып, комиссионердің деректемелері көрсетіледі.

Осы Кодекстің 412-бабы 5-тармағы 2) және 3) тармақшаларының талаптарын орындау мақсатында тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушыға комиссионер шот-фактура жазып беру кезінде өнім берушінің деректемелері ретінде «комиссионер» мәртебесі көрсетіле отырып, комиссионердің деректемелері көрсетіледі.

Комиссия шартының талаптарына сәйкес келетін шарттарда комитент үшін сатып алынған тауарларды комиссионер комитентке берген кезде, сондай-ақ үшінші тұлға комиссионермен жасаған мәміле бойынша комитент үшін осындай үшінші тұлғаның жұмыстарды орындауы, қызметтерді көрсетуі кезінде комитент атына шот-фактуралар жазып беруді комиссионер жүзеге асырады.

Егер комиссионер және (немесе) комиссионер комитент үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алған адам қосылған құн салығын төлеушілер болып табылған жағдайда, осы тармақтың ережелері қолданылады.

Комиссионер жазып беретін шот-фактурадағы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым мөлшері

комиссия шартының талаптарында комитент үшін комиссионер сатып алған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны ескеріле отырып көрсетіледі.

Комиссионер шот-фактураны:

қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын үшінші тұлға комиссионерге жазып берген шот-фактураның деректерін ескере отырып жазып береді. Бұл жағдайда үшінші тұлға комиссионерге жазып берген шот-фактурада көрсетілген салық салынатын (салынбайтын) айналым сомасы комиссионер комитентке жазып беретін шот-фактурадағы салық салынатын (салынбайтын) айналымға енгізіледі;

қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын үшінші тұлға жазып берген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құнын растайтын құжаттың деректерін ескере отырып жазып береді. Бұл жағдайда комиссионердің бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша айналымы болып табылатын жұмыстардан, көрсетілетін қызметтерден басқа, мұндай құжатта көрсетілген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны комиссионер комитентке жазып беретін шот-фактурадағы салық салынбайтын айналымға енгізіледі;

комиссионердің бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша айналымы болып табылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құнын растайтын құжаттың деректерін ескере отырып жазып береді.

Комиссионердің комиссиялық сыйақы сомасы және комиссионердің бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша айналымы болып табылатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны комитентке жазып берілген шот-фактурада жеке жолдармен көрсетіледі. Бұл ретте, егер комиссионер қосылған құн салығын төлеуші болып табылмаса, сыйақы сомасы «ҚҚС-сыз» деген белгімен көрсетіледі.

Осы Кодекстің 412-бабы 5-тармағы 2) және 3) тармақшаларының талаптарын орындау мақсатында комиссия шартының талаптарында комитент үшін сатып алынған тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге шот-фактураны комиссионер комитентке жазып берген кезде:

өнім берушінің деректемелері ретінде «комиссионер» мәртебесі көрсетіле отырып, комиссионердің деректемелері көрсетіледі;

алушының деректемелері ретінде «комитент» мәртебесі көрсетіле отырып, комитенттің деректемелері көрсетіледі.

Осы Кодекстің 412-бабы 5-тармағы 2 және 3) тармақшаларының талаптарын орындау мақсатында тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беруші болып табылатын үшінші тұлға комиссионерге шот-фактураны жазып берген кезде алушының деректемелері ретінде комиссионердің деректемелері көрсетіледі.

417-бап. Бірлескен қызмет туралы шарттардың шеңберінде жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өткізу (сатып алу) кезінде шот-фактураларды жазып беру ерекшеліктері

1. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өткізуді бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушының (қатысушылардың) атынан және (немесе) тапсырмасы бойынша сенім білдірілген өкіл жүзеге асыратын жағдайларда:

1) шот-фактура бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың бірінің атынан немесе өнім беруші (сатушы) үшін бөлініп берілген жолда бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушының (қатысушылардың) деректемелері көрсетіле отырып, сенім білдірілген өкілдің атынан жазылады;

2) шот-фактураларды жазып беру кезінде айналымның жалпы сомасы, сондай-ақ бірлескен қызмет туралы шарттың талаптарына сәйкес қатысушылардың әрқайсысына тиесілі айналым сомасы көрсетіледі.

2. Шот-фактура қағаз жеткізгіште жазып берілген жағдайда, шот-фактураның түпнұсқасы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алушыға да, бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың әрқайсысына да жазып беріледі.

3. Бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы (қатысушылар) немесе сенім білдірілген өкіл тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді осындай қызмет шеңберінде сатып алған жағдайларда, өнім берушіден (сатушыдан) алынатын шот-фактураларда:

1) бірлескен қызметке қатысушылардың санына қарай бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушының (қатысушылардың) не сенім білдірілген өкілдің деректемелері;

2) сатып алу сомасы, оның ішінде бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың әрқайсысына тиесілі қосылған құн салығының сомасы бөлініп көрсетілуге тиіс.

4. Шот-фактура қағаз жеткізгіште жазып берілген жағдайда, жазып берілетін шот-фактуралар түпнұсқаларының саны тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер соны жүзеге асыру үшін сатып алынатын бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың санына сәйкес келуге тиіс.

5. Осы баптың ережелері осы Кодекстің 426-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді оператор өткізген (сатып алған) кезде қолданылмайды.

418-бап. Жекелеген жағдайларда шот-фактураларды жазып беру ерекшеліктері

1. Осы Кодекстің 426-бабының 3-тармагында козделген жагдайларда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді оператор өткізген (сатып

алған) кезде шот-фактура оператордың өнім беруші (сатып алушы) ретіндегі деректемелері көрсетіле отырып, осы тараудың талаптарына сәйкес жазып беріледі.

2. Тапсырма шартына сәйкес келетін талаптарда өткізілетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушыға шот-фактураны жазып беруді – сенім білдірілген өкіл, ал осы Кодекстің 374-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда, осы бөлімде айқындалған тәртіппен сенім білдіруші жүзеге асырады.

419-бап. Шот-фактураға өзгерістер мен толықтырулар енгізу

1. Түзетілген шот-фактура бұрын жазып берілген шот-фактураға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушіні және (немесе) алушыны ауыстыруға әкеп соқпайтын қателерді түзету қажет болған жағдайда жазып беріледі.

Түзетілген шот-фактура жазып берілген кезде бұрын жазып берілген шот-фактураның күші жойылады.

2. Түзетілген шот-фактура:

1) шот-фактураларды жазып беруге қойылатын, осы тарауда белгіленген талаптарға сәйкес келуге;

2) мынадай ақпаратты:

шот-фактура түзетілген болып табылатыны туралы белгіні;

түзетілген шот-фактураның реттік нөмірі мен жазып берілген күнін;

алғашқы шот-фактураның реттік нөмірі мен жазып берілген күнін;

күші жойылатын шот-фактураның реттік нөмірі мен жазып берілген күнін қамтуға тиіс.

3. Қағаз жеткізгіште жазып берілген түзетілген шот-фактура бойынша осындай шот-фактураны тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының алғаны туралы төменде санамаланған растаулардың бірінің:

1) осы Кодекстің 412-бабының 12-тармағына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының осындай шот-фактураны қолтаңбаларымен және мөрімен растауы;

2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушінің осындай шот-фактураны тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының мекенжайына тапсырысты хатпен жіберуі және оның алынғаны туралы хабарламаның болуы;

3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының қол қойылған және:

заңды тұлғалар үшін – егер осы тұлғада Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мөр болуға тиіс болса, оның атауы қамтылған және ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетілген;

дара кәсіпкерлер үшін – мөрі болған кезде, тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және (немесе) атауы

қамтылған мөр басылған осындай шот-фактураны алғандығы туралы хаты болуы міндетті.

4. Электрондық нысанда жазып берілген түзетілген шот-фактура бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы осындай түзетілген шот-фактураны алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымы тәртібіне сәйкес осындай шот-фактураның жазып берілуіне келіспейтінін көрсетуге құқылы.

Осы баптың ережелері осы Кодекстің 420-бабында көзделген жағдайларда қолданылмайды.

420-бап. Қосымша шот-фактураны жазып беру

1. Қосымша шот-фактураны өнім беруші:

1) осы Кодекстің 383-бабына сәйкес айналым мөлшері түзетілген;

2) осы Кодекстің 197-бабының талаптары сақталмаған жағдайларда жазып береді.

2. Қосымша шот-фактура:

1) шот-фактураларды жазып беруге қойылатын, осы тарауда белгіленген талаптарға сәйкес келуге;

2) мына ақпаратты:

шот-фактура қосымша болып табылатыны туралы белгіні;

қосымша шот-фактураның реттік нөмірі мен жазып берілген күнін;

қосымша шот-фактура жазып берілетін шот-фактураның реттік нөмірі мен жазып берілген күнін;

айналым мөлшері өзгертілген жағдайда, оны түзету сомасын;

қосылған құн салығы өзгертілген жағдайда, оны түзету сомасын;

электрондық нысанда жазып берілген кезде айналым мөлшерін түзету сомасына айналым жасалған күнді;

осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген жағдайда, «Салық кодексінің 197-бабын сақтамау» деген белгіні қамтуға тиіс.

3. Қосымша шот-фактура айналым жасалған күннен ерте емес және көрсетілген айналым жасалған күннен кейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмей жазып беріледі.

4. Қағаз жеткізгіште жазып берілген қосымша шот-фактура бойынша осындай шот-фактураны тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының алғаны туралы төменде санамаланған растаулардың бірінің:

1) осы Кодекстің 412-бабының 12-тармағына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының осындай шот-фактураны қолтаңбаларымен және мөрімен растауының;

2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушінің шот-фактураны тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының мекенжайына тапсырысты хатпен жіберуі және оның алынғаны

туралы хабарламаның болуы;

3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының қол қойылған және:

заңды тұлғалар үшін – егер осы тұлғада Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мөр болуға тиіс болса, оның атауы қамтылған және ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетілген;

дара кәсіпкерлер үшін – мөрі болған кезде, тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және (немесе) атауы қамтылған мөр басылған осындай шот-фактураны алғандығы туралы хаты болуы міндетті.

5. Электрондық нысанда жазып берілген қосымша шот-фактура бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы осындай қосымша шот-фактураны алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымы тәртібіне сәйкес осындай шот-фактураның жазып берілуіне келіспейтінін көрсетуге құқылы.

48-тарау. САЛЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

421-бап. Қосылған құн салығын есептеу

1. Салық салынатын импорт бөйынша есептелген қосылған құн салығын қоспағанда, қосылған құн салығы салықтық кезең үшін мынадай тәртіппен есептеледі:

салық салынатын айналымнан есептелген қосылған құн салығының сомасы

алу

осы Кодекстің 408, 409 және 410-баптарына сәйкес айқындалған есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салыгының сомасы

алу

осы Кодекстің 411-бабына сәйкес айқындалған есепке жатқызылған қосылған құн салығының қосымша сомасы.

2. Салық салынатын айналымнан есептелген қосылған құн салығының сомасы мынадай тәртіппен айқындалады:

осы Кодекстің 422-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлемені және осы Кодекстің 44-тарауында көрсетілген өткізу бойынша айналымдарды қоспағанда, осы Кодекстің 383 және 384-баптарында көзделген айналымдар сомасына азайтылған және (немесе) ұлғайтылған салық салынатын айналымды көбейту

қосу

осы Кодекстің 422-бабының 2-тармағында белгіленген мөлшерлемені және осы Кодекстің 44-тарауында көрсетілген, осы Кодекстің 383 және

384-баптарында көзделген айналымдар сомасына азайтылған және (немесе) ұлғайтылған өткізу бойынша айналымдарды көбейту.

3. Егер осы баптың 1-тармағында көзделген есеп айырысу нәтижесі:

1) оң мәнге ие болса, мұндай нәтиже осы Кодексте айқындалған тәртіппен бюджетке төленуге жататын салық сомасы болып табылады;

2) теріс мәнге ие болса, мұндай нәтиже есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының есептелген салық сомасынан асып кетуі болып табылады.

4. Бейрезидент үшін қосылған құн салығының сомасы осы Кодекстің 422-бабының 1-тармағында көзделген мөлшерлемені бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша айналым мөлшеріне қолдану арқылы есептеледі.

422-бап. Қосылған құн салығының мөлшерлемелері

1. Қосылған құн салығының мөлшерлемесі 12 пайызды құрайды және салық салынатын айналым мен салық салынатын импорттың мөлшеріне қолданылады.

2. Осы Кодекстің 44-тарауында көрсетілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымдарға қосылған құн салығы нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады.

Осы Кодекстің 44-тарауына сәйкес нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым расталмаған жағдайда, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша көрсетілген айналым осы баптың 1-тармағында көрсетілген мөлшерлеме бойынша қосылған құн салығын салуға жатады.

Кедендік баждардың, салықтардың бірыңғай мөлшерлемелерінің, сондай-ақ жиынтық кедендік төлемнің мөлшері мен оларды төлеу тәртібі Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленеді.

3. Тұлғаны қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарған кезде осы Кодекстің 380-бабының 4-тармағына сәйкес айқындалатын салық салынатын айналым мөлшеріне қосылған құн салығының:

1) тауар-материалдық қорлар бойынша – тұлғаны қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарған күні қолданыста болатын;

2) негізгі қорлар, материалдық емес және биологиялық активтер, жылжымайтын мүлікке инвестициялар бойынша – оларды сатып алған күні қолданыста болатын мөлшерлемесі қолданылады.

423-бап. Салықтық кезең

Күнтізбелік тоқсан қосылған құн салығы бойынша салықтық кезең болып табылады.

424-бап. Салық декларациясы

1. Осы Кодекстің 367-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қосылған құн салығын төлеуші, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, қосылған құн салығы бойынша декларацияны орналасқан жері бойынша салық органына есепті салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей әрбір салықтық кезең үшін ұсынуға міндетті.

Қосылған құн салығы бойынша декларацияны ұсыну жөніндегі міндеттеме осы Кодекстің 367-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген, қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою жүргізілмеген тұлғаларға қолданылмайды.

Осы Кодекстің 426-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда, оператор жай серіктестіктің (консорциумның) барлық қатысушылары бойынша келісімшарттық қызмет бойынша қосылған құн салығы декларациясын ұсынады.

2. Декларациямен бір мезгілде декларацияға қосымша болып табылатын, салықтық кезең ішінде сатып алынған және өткізілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша шот-фактуралардың тізілімдері ұсынылады. Сатып алынған және өткізілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша шот-фактуралар тізілімдерінің нысандарын уәкілетті орган белгілейді.

Шот-фактуралардың нөмірлерін көрсетуге арналған ұяшықтардың саны:

1) есепті салықтық кезең ішінде сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша шот-фактуралардың тізілімін (мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды шығаруға арналған құжаттарды);

2) есепті салықтық кезең ішінде өткізілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша шот-фактуралардың тізілімін электрондық нысанда ұсынған кезде шектелмейді.

Егер қосылған құн салығын төлеуші:

салықтық кезең ішінде шот-фактураларды электрондық нысанда және қағаз жеткізгіште жазып берсе, онда салықтық кезең ішінде өткізілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша шот-фактуралардың тізілімінде қағаз жеткізгіште жазып берілген шот-фактуралар көрсетіледі;

салықтық кезең ішінде шот-фактураларды электрондық нысанда және қағаз жеткізгіште алса, онда салықтық кезең ішінде сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша шот-фактуралардың тізілімінде қағаз жеткізгіште жазып берілген шот-фактуралар көрсетіледі.

Егер қосылған құн салығын төлеуші:

салықтық кезең ішінде шот-фактураларды электрондық нысанда ғана жазып берген жағдайда, онда салықтық кезең ішінде өткізілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша шот-фактуралардың тізілімі

салық органдарына ұсынылмайды;

салықтық кезең ішінде шот-фактураларды электрондық нысанда ғана алған жағдайда, онда салықтық кезең ішінде сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша шот-фактуралардың тізілімі салық органдарына ұсынылмайды.

3. Осы Кодекстің 400-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының төртінші абзацында көзделген жағдайларда, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі өзіне мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды шығаруға жазып берілген құжаттар тізілімін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысан бойынша ұсынады.

4. Осы Кодекстің 85-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда, салық органының шешімі бойынша тіркеу есебінен шығарылған салық төлеуші осындай есептен шығару жүргізілген есепті салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 15-і күнінен кешіктірмей орналасқан жері бойынша салық органына қосылған құн салығы бойынша тарату декларациясын ұсынуға міндетті. Тарату декларациясы салық төлеуші тіркеу есебінен шығарылған салықтық кезеңнің басынан бастап оны осындай есептен шығарған күнге дейінгі кезең үшін жасалады.

425-бап. Қосылған құн салығын толеу мерзімдері

Қосылған құн салығы бюджетке салық төлеушінің орналасқан жері бойынша мынадай мерзімдерде:

1) есепті салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 25-і күнінен кешіктірмей – әрбір салықтық кезең үшін бюджетке төленуге тиіс қосылған құн салығының, сондай-ақ осы баптың бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген қосылған құн салығын қоспағанда, бейрезидент үшін есептелген қосылған құн салығының сомасы;

2) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған мерзімдерде – импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығының сомасы;

3) қосылған құн салығы бойынша тарату декларациясын салық органына ұсынған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей – осы Кодекстің 85-бабына сәйкес қосылған құн салығын төлеушіні қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарған жағдайда, осындай декларацияда көрсетілген қосылған құн салығының сомасы төленуге жатады.

Егер қосылған құн салығы бойынша тарату декларациясы ұсынылған салықтық кезеңнің алдындағы салықтық кезең үшін ұсынылған қосылған құн салығы бойынша декларацияда көрсетілген осындай салықты төлеу мерзімі осы баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталса, салықты төлеу салық органына тарату декларациясы ұсынылған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүргізіледі.

426-бап. Жай серіктестік (консорциум) құрамында өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың қосылған құн салығы бойынша салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктері

1. Өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) бойынша қызметтің шеңберінде қосылған құн салығы бойынша салықтық нысандарды жасау мен ұсыну жөніндегі салықтық міндеттемені мынадай тәсілдердің бірімен:

жай серіктестікке қатысушының әрқайсысына келетін қосылған құн салығының үлесі бөлігінде аталған қатысушы;

өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша, егер өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) талаптарында оператор осындай салықтық міндеттемені орындауға уәкілетті болса, оператор жиынтықтап орындауға тиіс.

2. Жай серіктестікке (консорциумға) әрбір қатысушы қосылған құн салығы бойынша салық нысандарын жасау мен ұсыну жөніндегі салықтық міндеттемені орындаған кезде:

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу (сатып алу) бойынша шот-фактуралар осы Кодекстің 417-бабының талаптарына сәйкес жазып беріледі;

қосылған құн салығы бойынша декларация мен декларацияға қосымша болып табылатын шот-фактуралардың тізілімдерін жай серіктестікке (консорциумға) қатысушының үлесіне келетін бөлігінде осындай қатысушының әрқайсысы тапсырады;

қосылған құн салығының есептелген, есепке жазылған (азайтылған), аударылған және төленген (есепке жатқызылғандары және қайтарылғандары ескеріле отырып) сомасы жай серіктестікке қатысушының әрқайсысының үлесіне келетін бөлігінде аталған тұлғаның жеке шотында көрсетіледі;

қосылған құн салығының асып кету сомасы декларацияны ұсынған жай серіктестікке (консорциумға) қатысушыға қайтарылады;

салықтық әкімшілік ету тәртібі, оның ішінде нұсқаманы, хабарламаны және салықтық тексеру актісін табыс ету осы Кодексте айқындалған тәртіппен жай серіктестікке (консорциумға) әрбір қатысушыға қатысты қолданылады.

3. Қосылған құн салығы бойынша салық нысандарын жасау мен ұсыну жөніндегі салықтық міндеттемені оператор өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жиынтықтап орындаған кезде:

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу (сатып алу) бойынша шот-фактураларды осы Кодекстің 412-бабының талаптарына сәйкес жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен операторлың деректемелерін көрсете отырып, жазып береді;

қосылған құн салығы бойынша декларация мен декларацияға қосымша

болып табылатын шот-фактуралардың тізілімдерін өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша оператор жиынтықтап тапсырады;

қосылған құн салығының есептелген, есепке жазылған (азайтылған), аударылған және толенген (есепке жатқызылғандары және қайтарылғандары ескеріле отырып) сомасы оператордың жеке шотында көрсетіледі;

қосылган құн салығының асып кету сомасы операторға қайтарылады;

салықтық әкімшілік ету тәртібі, оның ішінде нұсқаманы, хабарламаны және салықтық тексеру актісін табыстау осы Кодексте салық төлеушілер (салық агенттері) үшін көзделген тәртіпке сәйкес операторға қатысты қолданылады және бұл ретте көрсетілген құжаттар өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) бойынша салық төлеуші ретінде жай серіктестікке (консорциумға) әрбір қатысушыға табыс етілді деп есептеледі.

4. Осы бапқа сәйкес қосылған құн салығы бойынша салық нысандарын жасау мен ұсыну жөніндегі салықтық міндеттемені орындаудың таңдап алынған тәсілі салықтық есеп саясатында көрсетілуге және өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) қолданылу кезеңі өткенге дейін өзгеріссіз қалуға тиіс.

427-бап. Импортталатын тауарларға қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төлеу

1. Ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылатын мынадай тауарлар:

1) жабдықтар;

2) ауыл шаруашылығы техникасы;

3) автомобиль көлігінің жылжымалы жүк құрамы;

4) тікұшақтар мен ұшақтар;

5) теміржол локомотивтері мен вагондар;

6) теңіз кемелері;

7) қосалқы бөлшектер;

8) пестицидтер (улы химикаттар);

9) асыл тұқымды малдың барлық түрлері мен қолдан ұрықтандыруға арналған жабдық;

10) тірі ірі қара мал бойынша қосылған құн салығын төлеушілер қосылған құн салығын осы бапта айқындалған тәртіппен есепке жатқызу әдісімен төлейді.

Көрсетілген тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру тәртібін салық саясаты саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Бұл ретте бұл тізбеге Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін немесе Қазақстан Республикасының қажеттіліктерін жаппайтын тауарлар енгізіледі.

2. Осы баптың қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төлеу

бөлігіндегі ережелері қосылған құн салығын төлеуші әкелетін:

1) одан әрі өткізуге арналмаған;

2) халықаралық қаржы лизингіне беруді қоспағанда, қаржы лизингіне беру мақсатындағы;

3) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында көрсетілген, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша белгілеген тізбеге енгізілген, ауыл шаруашылығы техникасын жасауда пайдаланылатын тауарларға қатысты қолданылады.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару, белгіленген тәртіппен кедендік төлемдер мен акцизделетін тауарлар бойынша акциздер төленген жағдайда, қосылған құн салығын іс жүзінде төлемей жүргізіледі.

4. Есепке жатқызу әдісімен төленген қосылған құн салығының сомасы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған тәртіппен қосылған құн салығы бойынша декларацияда бір мезгілде есептеу мен есепке жатқызуда көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының аумағында ішкі тұтыну үшін тауарлар шығарылған күннен бастап бес жыл ішінде осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген талаптар бұзылған жағдайда, импортталатын тауарларға қосылған құн салығы Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен және мөлшерде, импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу үшін белгіленген мерзімнен бастап өсімпұл есептеле отырып төленуге жатады.

Бұл ретте:

1) осы баптың 1-тармағының 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген малды амалсыз сою нәтижесінде алынған ет және ет өнімдерін өткізу,

немесе осындай малдардың агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган бекіткен табиғи кему нормалары шегінде кемуі (қырылуы);

2) бұрын әкелінген тауарларды кері экспорт рәсіміне сәйкес әкету;

3) тауарлар шығарылғаннан кейін қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару осы бапта белгіленген талаптарды бұзушылық болып табылмайды.

5. Импортталатын тауарларға қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында ішкі тұтыну үшін шығарылған күннен бастап бес жыл өткен соң өткізу импортталатын тауарларға қосылған құн салығын салуға жатпайды.

Осы тармақтың ережелері импорттау кезінде қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленген, өз өндірістік мұқтаждары үшін 2008 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда әкелінген тауарларды 2008 жылғы 31 желтоқсаннан кейін өткізу кезінде де қолданылады.

6. Қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленген осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарларды өткізу бойынша айналымдар қаржы лизингіне беру кезінде қосылған құн салығынан босатылады.

Осы тармақтың ережесі қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленген, өз өндірістік мұқтаждары үшін 2008 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда әкелінген тауарларды 2008 жылғы 31 желтоқсаннан кейін қаржы лизингіне беру кезінде де қолданылады.

428-бап. Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарларға қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төлеу

1. Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын мынадай тауарлар:

1) жабдықтар;

2) ауыл шаруашылығы техникасы;

3) автомобиль көлігінің жылжымалы жүк құрамы;

4) тікұшақтар мен ұшақтар;

5) теміржол локомотивтері мен вагондар;

6) теңіз кемелері;

7) қосалқы бөлшектер;

8) пестицидтер (улы химикаттар);

9) асыл тұқымды малдың барлық түрлері мен қолдан ұрықтандыруға арналған жабдықтар;

10) тірі ірі қара мал бойынша қосылған құн салығын төлеушілер қосылған құн салығын осы бапта айқындалған тәртіппен есепке жатқызу әдісімен төлейді.

Көрсетілген тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру тәртібін салық саясаты саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Бұл ретте бұл тізбеге Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін немесе Қазақстан Республикасының қажеттіліктерін жаппайтын тауарлар енгізіледі.

2. Осы баптың қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төлеу бөлігіндегі ережелері қосылған құн салығын төлеуші әкелетін:

1) одан әрі өткізуге арналмаған;

2) халықаралық қаржы лизингіне беруді қоспағанда, қаржы лизингіне беру мақсатындағы;

3) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында көрсетілген, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша белгілеген тізбеге енгізілген ауыл шаруашылығы техникасын жасауда пайдаланылатын тауарларға қатысты қолданылады.

3. Қосылған құн салығын төлеуші импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларациямен бір мезгілде салық органына:

1) осы Кодекстің 456-бабының 2-тармағында көрсетілген құжаттарды;

2) тауарлардың негізгі техникалық, коммерциялық сипаттамаларын беретін, тауарды Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының нақты тауар кіші субпозициясына жатқызуға мүмкіндік беретін құжаттарды ұсынады. Қажет болған жағдайда бұйымдардың фотосуреттері, суреттері, сызбалары, паспорттары, тауарлардың сынамалары, үлгілері және басқа да құжаттар ұсынылады.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарларды әкелу акцизделетін тауарлар бойынша акциздер белгіленген тәртіппен төленген жағдайда қосылған құн салығы іс жүзінде төленбей жүргізіледі.

5. Есепке жатқызу әдісімен төленген қосылған құн салығының сомасы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған тәртіппен қосылған құн салығы бойынша декларацияда бір мезгілде есептеу мен есепке жатқызуда көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының аумағына тауарлар әкелінген күннен бастап бес жыл ішінде осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген талаптар бұзылған жағдайда, әкелінетін тауарларға қосылған құн салығы тауарларды әкелу кезінде қосылған құн салығын төлеу үшін белгіленген мерзімнен бастап өсімпұл есептеле отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған тәртіппен және мөлшерде төленуге жатады.

Бұл ретте:

1) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген малды амалсыз сою нәтижесінде алынған ет және ет өнімдерін өткізу немесе осындай малдардың агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган бекіткен табиғи кему нормалары шегінде кемуі (қырылуы);

2) осы Кодекстің 442-бабына сәйкес айқындалған импортталған тауарлар есепке қабылданған күннен кейін қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару осы бапта белгіленген талаптарды бұзушылық болып табылмайды.

6. Қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленген осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарларды өткізу бойынша айналымдар қаржы лизингіне беру кезінде қосылған құн салығынан босатылады.

7. Осы баптың ережелері лизинг шартында көзделген лизингтік төлем сомасына тура келетін қосылған құн салығының сомасы бөлігінде сыйақы есептелмей, лизинг шарттары (келісімшарттары) бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарларға да қолданылады.

49-тарау. ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ БОЙЫНША БЮДЖЕТПЕН ӨЗАРА ҚАТЫНАС

429-бап. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының салықтық кезең үшін есепке жазылған салық сомасынан асып кетуі

1. Егер осы тарауда өзгеше көзделмесе, есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының есептік салықтық кезеңнің соңында декларация бойынша өсу қорытындысымен қалыптасқан есепке жазылған салық сомасынан асып кетуі (бұдан әрі – қосылған құн салығының асып кетуі) қосылған құн салығы бойынша алдағы төлемдер есебіне жатқызылады.

Қосылған құн салығының асып кетуі импортталатын тауарлар бойынша және (немесе) бейрезиденттен жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алу кезінде қосылған құн салығын төлеу есебіне жатқызылмайды.

2. Нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын өткізу бойынша айналымдар жасалған салықтық кезеңнің соңында қалыптасқан қосылған құн салығының асып кетуі, егер бір мезгілде мынадай талаптар орындалатын болса:

1) қосылған құн салығын төлеуші нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тұрақты түрде өткізуді жүзеге асырса;

2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тұрақты түрде өткізу жүзеге асырылған салықтық кезеңде нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын өткізу бойынша айналым өткізу бойынша салық салынатын жалпы айналымның кемінде 70 пайызын құрайтын болса, осы Кодекстің 431-бабында айқындалған тәртіппен өткізу бойынша салық салынатын айналымдар мақсатында пайдаланылатын сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша қайтарылуға жатады.

Осы тармақтың мақсаттарында нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тұрақты өткізуге, әрбір тоқсанда бір реттен сиретпей кезекті үш салықтық кезең ішінде жүзеге асырылатын нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді корсету жатады. Бұл ретте көрсетілген әрбір салықтық кезеңдегі осындай өткізу тұрақты өткізу деп танылады.

3. Осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптар орындалмаған жағдайда, қосылған құн салығы сомасының асып кетуі нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын өткізу бойынша айналым мақсаттары үшін пайдаланылған тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша есепке жатқызылған салық сомасының бөлігінде қайтарылуға жатады.

Халықаралық тасымалдарды жүзеге асыру кезінде қайтаруға жататын қосылған құн салығының асып кету сомасы қосылған құн салығы бойынша

декларацияда қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талап ұсынылған салықтық кезең үшін есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасына тасымалдаудың жалпы көлемінде халықаралық тасымалдардың іс жүзіндегі көлемінің үлес салмағын қолдану арқылы есептеледі.

4. Нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын өткізу бойынша айналымдар мақсатында пайдаланылмайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты қалыптасқан қосылған құн салығының асып кетуін қайтару осы Кодекстің 373-бабына сәйкес бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде төленген есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомалары шегінде жүргізіледі.

5. Осы Кодекстің 434-бабының 2-тармағында көрсетілген қосылған құн салығын төлеуші осы Кодекстің 431-бабына сәйкес қосылған құн салығының асып кетуін қайтару тәртібін ол қосылған құн салығының асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібі құқығын пайдаланбаған жағдайда да қолдануға құқылы.

6. Осы баптың 2, 3 және 4-тармақтарының ережелері:

осы Кодекстің 432 және 433-баптарына сәйкес қайтару жүзеге асырылатын қосылған құн салығының асып кету сомасына;

осы Кодекстің 434-бабында көзделген қосылған құн салығының асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдануға құқығы бар салық төлеушілерге қолданылмайды.

7. Бюджеттен қайтарылуға жататын қосылған құн салығының асып кету сомасын айқындаған кезде:

агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйым жазып берген шот-фактуралар;

салықтық міндеттемені орындау есебіне заттай нысанда берілетін пайдалы қазбалар бойынша тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер (оның ішінде осындай пайдалы қазбаларды өткізуге байланысты тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы ескерілмейді.

8. Салық органының шешімі бойынша қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған салық төлеушілер бойынша қосылған құн салығының асып кетуі өтуі қосылған құн салыгы бойынша тіркеу есебінен шығарылған күннен бастап басталатын осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қою мерзімі өткен соң есептен шығарылуға жатады.

Салық төлеушілердің жеке шоттарынан қосылған құн салығының асып кетуін есептен шығару уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Салық төлеуші қызметінің тоқтатылуына байланысты осы Кодекстің 369-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген талаптар орындалғаннан кейін қалыптасқан қосылған құн салығының асып кетуі салық

төлеуші қызметінің тоқтатылуына байланысты тапсырылған тарату декларациясында көрсетілген қалыптасқан қосылған құн салығының асып кетуі мөлшерінде азайтылуға жатады.

10. Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.

430-бап. Жекелеген негіздер бойынша қосылған құн салығын қайтару

Мыналар:

1) осы Кодекстің 435-бабында айқындалған тәртіппен грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушілерге төленген;

2) Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген шет мемлекеттердің өкілдіктері, шет мемлекеттердің консулдық мекемелері және олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, дипломатиялық және осы өкілдіктердің әкімшілік-техникалық персоналына жататын адамдар, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, консулдық лауазымды адамдар, консулдық қызметшілер Қазақстан Республикасының аумағында сатып алған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді берушілерге осы Кодекстің 436-бабында айқындалған тәртіппен төлеген;

3) осы Кодекстің 101 және 102-баптарында айқындалған тәртіппен бюджетке артық төленген қосылған құн салығы бюджеттен қайтарылуға жатады.

431-бап. Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару тәртібі мен мерзімдері

1. Қосылған құн салығының асып кетуін салық төлеушіге қайтару:

1) егер осы Кодекстің 432, 433 және 434-баптарында өзгеше белгіленбесе, осы бапта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде;

2) салықтық кезеңдегі қосылған құн салығы бойынша декларацияда көрсетілген оның қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талабы негізінде жүзеге асырылады.

2. Егер осы Кодекстің 432, 433 және 434-баптарында өзгеше белгіленбесе, тексеру нәтижелерімен расталған қосылған құн салығының асып кету сомасын салық төлеушіге қайтару мынадай мерзімдерде жүргізіледі:

қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талап қойылған салықтық кезең үшін шот-фактураларды жазып беру мен алуды электрондық нысанда ғана жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын тәуекел аймағындағы салық төлеушілердің санатына жатқызылмаған салық төлеушіге – отыз жұмыс күні ішінде;

қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талап қойылған салықтық кезең үшін өткізу бойынша жалпы салық салынатын айналымда кемінде 70 пайызды құрайтын нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын өткізу бойынша айналымдарды жүзеге асыратын салық төлеушіге – елу бес жұмыс күні ішінде;

қалған жағдайларда – күнтізбелік бір жүз елу бес күн ішінде.

Бұл ретте қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару мерзімінің өтуі осы Кодекстің 212-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ұзарту кезеңін ескере отырып, осы Кодексте қосылған құн салығы бойынша декларацияны салық органына ұсыну үшін белгіленген соңғы күн өткеннен кейін басталады.

Осы тармақтың мақсатында мыналар қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару үшін негіздер болып табылады:

1) шағым жасау (салық төлеуші шағым жасаған кезде) нәтижелерін ескере отырып, қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығының асып кету сомасының анықтығын растау жөніндегі салықтық тексеру актісі;

2) осы Кодекстің 152-бабының 13-тармағында көзделген жағдайда ресімделген салықтық тексеру актісіне қорытынды.

3. Қосылған құн салығының асып кетуін:

1) мыналар:

шағын бизнес субъектілері;

шаруа немесе фермер қожалықтары;

ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) онімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін белгіленген арнаулы салық режимдерінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын салық төлеушіге;

2) осы Кодекстің 411-бабының ережелерін қолданған салық кезеңдері үшін салық төлеушіге қайтару жүргізілмейді.

4. Бюджеттен қайтаруға расталған қосылған құн салығының асып кету сомасы осы Кодекстің 104-бабында айқындалған тәртіппен салық төлеушіге қайтарылады.

5. Салық төлеуші декларацияда қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талапты көрсеткен, бюджеттен қайтарылған, бірақ кейіннен салықтық бақылау нәтижелері бойынша расталмаған қосылған құн салығының асып кету сомасын салық төлеуші осы Кодекстің 96-бабы 2-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес ол келіскен жағдайда камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама немесе тексеру нәтижелері туралы хабарлама негізінде бюджетке төлеуге тиіс.

Егер қосылған құн салығының асып кету сомасын салық төлеушіге қайтару бұрын осы Кодекстің 104-бабының 4-тармағына сәйкес осы салық төлеушінің пайдасына өсімпұлды есепке жазу және аудару арқылы жүргізілген болса, бұрын салық төлеушіге аударылған және салықтық бақылау

нәтижелері бойынша расталмаған, қосылған құн салығының асып кетуінің қайтарылған сомасына тура келетін өсімпұл осы Кодекстің 96-бабы 2-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес ол келіскен жағдайда камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама немесе тексеру нәтижелері туралы хабарлама негізінде бюджетке төленуге жатады.

6. Осы баптың 5-тармағында көрсетілген сомалар осы Кодекстің 104-бабының 4-тармағында көрсетілген мөлшерде бюджеттен қайтарылған күннен бастап әрбір күн үшін өсімпұлды есептей отырып бюджетке төленуге жатады.

432-бап. Салық төлеушілердің жекелеген санаттарына қосылған құн салығының асып кетуін қайтару ерекшеліктері

1. Егер қосылған құн салығының асып кетуі Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілетін өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды салуға байланысты салық төлеуші сатып алған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қалыптасса, мұндай салық төлеушіге құрылыс кезеңінде қалыптасқан қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару осы баптың 3-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

Осы баптың мақсаттары үшін өндірістік мақсаттағы ғимараттарға:

1) өнеркәсіптік ғимараттар мен қоймалар;

2) көлік, байланыс және коммуникациялар ғимараттары;

3) тұрғын емес ауыл шаруашылығы ғимараттары жатады.

Осы баптың мақсаттары үшін өндірістік мақсаттағы құрылыстарға, спорт пен демалыс орындарына, әкімшілік мақсаттарға, автомобиль тұрағына немесе орынтұрағына арналған, сондай-ақ мәдени-ойын сауық, қонақ үй, мейрамхана мақсатындағы құрылыстардан басқа құрылыстар жатады.

Өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген ғимараттар мен құрылыстарға жатқызу техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген сыныптамаға сәйкес жүргізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық аяқталған құрылыс кезінде де қолданылады.

Бұл ретте құрылыстың басталуы мен ғимараттарды, құрылыстарды пайдалануға беру күні арасындағы уақыт кезеңі құрылыс кезеңі деп түсініледі.

Осы баптың мақсаттары үшін мына күндердің неғұрлым ертерегі:

1) құрылысты жүзеге асыруға арналған келісімшарт (шарт) жасалған күн;

2) жобалау жұмыстарын жүзеге асыруға арналған келісімшарт (шарт)

жасалған күн құрылыстың басталуы деп танылады.

Осы тармақтың ережелері бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде:

1) салық төлеуші қызметін арнайы экономикалық аймақтың аумағында жүзеге асыратын немесе жаңадан құрылған, инвестициялық басым жобаны іске асыратын ұйым болып табылса;

2) құрылыс осы Кодекстің 282-бабының 1-тармағында көрсетілген ұзақ мерзімді келісімшарттың негізінде жүзеге асырылса;

3) ғимараттар, құрылыстар негізгі құралдар деп танылса;

4) ғимараттар, құрылыстар пайдалануға қабылданса, қолданылады.

Осы тармақта көзделген қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талап ғимараттар, құрылыстар пайдалануға берілген салықтық кезеңнен кейінгі салық кезеңдері үшін қосылған құн салығы бойынша кезекті декларацияда осы Кодекстің 48-бабының ережелері ескеріле отырып көрсетіледі.

2. Егер қосылған құн салығының асып кетуі салық төлеуші геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу мен кен орнын жайластыру кезеңінде сатып алған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қалыптасса, мұндай қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару осы баптың 3-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарт жасалған күн мен кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын және емдік балшықтарды қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарт шеңберінде өндірілген пайдалы қазбалардың экспорты басталған күн арасындағы уақыт кезеңі геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу мен кен орнын жайластыру кезеңі деп түсініледі.

Осы тармақтың ережесі қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын және емдік балшықтарды барлауға және (немесе) өндіруге арналған келісімшарттарды қоспағанда) шеңберінде жүзеге асыратын салық төлеушілерге қатысты қолданылады.

Салық төлеуші осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талапты кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын және емдік балшықтарды қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарт шеңберінде өндірілген пайдалы қазбалардың экспорты басталған күнге тура келетін салықтық кезеңнен кейінгі салық кезеңдері үшін қосылған құн салығы бойынша кезекті декларацияда осы Кодекстің 48-бабының ережелерін ескере отырып көрсетеді.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген қосылған құн салығының асып кетуін қайтару жиырма салықтық кезең ішінде қайтаруға

көрсетілген қосылған құн салығының асып кетуінің жинақталған сомасының анықтығы расталған салықтық кезеңнен бастап тең үлестермен жүзеге асырылады.

4. Осы баптың ережелері қайтарылуы осы Кодекстің 429 және 433-баптарына сәйкес жүзеге асырылатын қосылған құн салығының асып кету сомасына, сондай-ақ осы Кодекстің 434-бабында көзделген қосылған құн салығының асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдануға құқығы бар салық төлеушілерге қосылған құн салығының асып кетуін қайтарған кезде қолданылмайды.

433-бап. Қосылған құн салығын төлеуші қосылған құн салығының бақылау шотын пайдаланған кезде қосылған құн салығының асып кетуін қайтару ерекшеліктері

1. Осы бап қосылған құн салығын төлеуші қосылған құн салығының бақылау шотын (бұдан әрі – бақылау шоты) пайдаланған кезде қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару ерекшеліктерін белгілейді.

Осы баптың мақсаттары үшін бақылау шоты қосылған құн салығын төлеуші Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банкте ашқан және қосылған құн салығы бойынша есеп айырысулардың қозғалысын есепке алу үшін, оның ішінде:

импортқа және бейрезидент үшін қосылған құн салығын қоса алғанда, бюджетке қосылған құн салығын төлеу;

тауарларды берушілерге қосылған құн салыгын төлеу;

тауарларды сатып алушылардың (алушылардың) қосылған құн салығын толеу;

қосылған құн салығын төлеушінің өзге банктік шотынан ақшаны есепке жатқызу үшін пайдаланатын банктік шот болып табылады.

2. Қосылған құн салығының сомасы бойынша есеп айырысу қосылған құн салығын төлеушілер арасында бақылау шоттарын пайдалану арқылы жүргізіледі.

Бұл ретте бақылау шотын пайдалану құқығына электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесіне қатысушылар болып табылатын қосылған құн салығын төлеушілер ие болады.

Егер тауарларды сатып алушы қосылған құн салығын төлеуші болып табылмаса, қосылған құн салығының сомасы бойынша есеп айырысу оның банктік шотынан тауарды берушінің бақылау шоты болып табылмайтын өзге банктік шотына жүргізіледі. Бұл ретте бақылау шотын пайдаланатын тауарды беруші қосылған құн салығының мұндай сомасын өзінің бақылау шотына есепке жатқызуға құқылы.

3. Осы бапқа сәйкес қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтаруға:

1) сатып алынған (алынган) тауарларды (лизинг нысаналарын) басқа

тауарларды өндіруде пайдаланатын салық төлеушілер құқылы. Сатып алынған (алынған) тауарлардың (лизинг нысандарының) тізбесін уәкілетті органмен және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп бекітеді.

Осы тармақшада көрсетілген сатып алынған (алынған) тауарлар (лизинг нысаналары) сатып алынған (алынған) күннен бастап екі жыл ішінде одан әрі өткізілуге жатпайды;

2) тауарларды экспортқа өткізетін;

3) халықаралық ұшуларды, халықаралық әуе тасымалдарын орындайтын шетелдік авиакомпанияларға әуе кемелеріне құю үшін жанар-жағар май материалдарын өткізетін;

4) салық төлеуші өзі өндірген немесе қайта өңдеу мақсатында меншігіне сатып алған шикізаттан өндірілген тазартылған алтынды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өткізетін;

5) арнайы экономикалық аймақтар құру мақсаттарына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде толық тұтынылатын тауарларды арнайы экономикалық аймақ аумағына өткізетін салық төлеушілер құқылы.

4. Осы бапқа сәйкес қосылған құн салығының асып кетуін қайтару осы баптың 3-тармағында көрсетілген, осындай тауарларды өткізу бойынша айналым жасаған өнім берушілердің бақылау шоттарына қосылған құн салығын төлеуді жүргізген салық төлеушілер сатып алған (алған) тауарлар бойынша қалыптасқан қосылған құн салығының асып кету сомасы бөлігінде жүргізіледі.

Осы баптың мақсаттары үшін қосылған құн салығын төлеуші бақылау шотын пайдаланып және пайдаланбай сатып алған және өткізген тауарлар бойынша қосылған құн салығының сомалары бойынша бөлек есепке алуды жүргізеді.

5. Осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген салық төлеушілер сатып алған (алған) тауарлар бойынша қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару үшін растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

тауарды беруге арналған шарт (лизинг шарты);

тауарды (лизинг нысанасын) алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері;

тауардың (лизинг нысанасының) тиеп-жөнелтілгенін растайтын, тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері;

сатып алынған тауар (лизинг нысанасы) үшін өнім берушінің бақылау шотына қосылған құн салығы сомасының аударылу фактісін растайтын құжат.

Осы Кодекстің 44-тарауында көзделген құжаттар осы баптың 3-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген салық төлеушілер сатып алған (алған) тауарлар бойынша қосылған құн салығының

асып кету сомасын қайтару үшін растайтын құжаттар болып табылады.

6. Тексеру нәтижелерімен расталған қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару бақылау шотын пайдаланатын қосылған құн салығын төлеушіге он бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Бұл ретте қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару мерзімінің өтуі осы Кодекстің 212-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ұзарту кезеңін ескере отырып, қосылған құн салығы бойынша декларацияны салық органына ұсыну үшін осы Кодексте белгіленген соңғы күн өткеннен кейін басталады.

7. Егер бақылау шотын пайдаланатын қосылған құн салығын төлеушінің қосылған құн салығы бойынша салықтық міндеттемелерді орындағаннан және салықтық кезеңнің қорытындылары бойынша тауарларды берушілермен және (немесе) сатып алушылармен есеп айырысқаннан кейін бақылау шотында ақша қалдығы болса, онда көрсетілген қосылған құн салығының сомалары салық төлеушінің қалауы бойынша бюджетке аударылады және осы Кодекстің 101-бабында айқындалған тәртіппен қайтарылуға жатады.

Осы тармақтың ережесі, қайта құрылу арқылы қайта ұйымдастыруды қоспағанда, бақылау шотын пайдаланатын салық төлеуші таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда да қолданылады.

8. Осы баптың ережелері осы Кодекстің 434-бабына сәйкес салық төлеушілерге қосылған құн салығының асып кетуін қайтару кезінде қолданылмайды.

9. Қосылған құн салығын төлеуші осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген шарттарды орындамаған жағдайда, бюджеттен өтелген қосылған құн салығының асып кету сомасы осы Кодекстің 104-бабының 4-тармағында көрсетілген мөлшерде бюджеттен қайтарылған күннен бастап әрбір күн үшін өсімпұл есептей отырып, бюджетке төленуге жатады.

434-бап. Қосылған құн салығының асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібі

1. Қосылған құн салығының асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібі қосылған құн салығының асып кетуін қайтаруды салықтық тексеру жүргізбей жүзеге асыруды білдіреді.

2. Қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талапты көрсете отырып, қосылған құн салығы бойынша декларацияны ұсынған, салықтық мониторингте кемінде қатарынан он екі ай тұрған және қосылған құн салығы бойынша декларацияны ұсынатын күнге салықтық есептілікті ұсыну бойынша орындалмаған салықтық міндеттемесі жоқ қосылған құн салығын төлеушілердің қосылған құн салығының асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдануға құқығы бар.

Осы тармақшада көзделген талаптарға сәйкес келетін салықтық мониторингке жататын, салық төлеушіні бөлу, бөліп шығару, қайта құру арқылы қайта ұйымдастырған кезде, қосылған құн салығының асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдану құқығы қайта ұйымдастырылған тұлғаның құқықтық мирасқорына (құқықтық мирасқорларына) өтеді.

Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, салықтық мониторинғке жататын, осы тармақта көзделген талаптарға сәйкес келетін салық төлеушілерді біріктіру немесе қосу арқылы қайта ұйымдастырған кезде, егер біріктіру немесе қосу арқылы қайта ұйымдастырылатын барлық заңды тұлғалар қайта ұйымдастырылғанға дейін салықтық мониторингке жататын салық төлеушілер болып табылса, қосылған құн салығының асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдану құқығы құқықтық мирасқорға өтеді.

Салық мониторингіне жататын салық төлеуші заңды тұлға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес біріктіру немесе қосу арқылы қайта ұйымдастырылған кезде қосылған құн салығының асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдану құқығы құқықтық мирасқорға өтеді.

Мынадай шарттар бір мезгілде сақталған кезде:

біріктіру және (немесе) қосу арқылы қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғалардың біреуі салық мониторинғіне жататын салық төлеуші болып табылса және осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген талаптарға сәйкес келсе;

біріктіру және (немесе) қосу арқылы қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғалардың бірінің акцияларының бақылау пакеті қайта ұйымдастырылу күніне ұлттық басқарушы холдингке тиесілі болса, осы тармақтың төртінші бөлігінің ережелері қолданылады.

Осы тармақтың екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде көрсетілген құқықтық мирасқорға (құқықтық мирасқорларға) қатысты қосылған құн салығының асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдану құқығы ірі салық төлеушілердің мониторингіне жататын салық төлеушілер тізбесінің немесе көлденең мониторинг туралы келісімнің қолданысы тоқтатылғанға дейін қолданылады.

Бұл ретте:

ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілер үшін – есепті салықтық кезеңде қалыптасқан қосылған құн салығының асып кету сомасының 70 пайызынан аспайтын мөлшерде;

көлденең мониторингте тұратын салық төлеушілер үшін – есепті салықтық кезеңде қалыптасқан қосылған құн салығының асып кету сомасының 90 пайызынан аспайтын молшерде қосылған құн салығының асып кетуі оңайлатылған тәртіппен қайтарылуға жатады.

3. Қосылған құн салығының асып кету сомасын оңайлатылған тәртіппен қайтару қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талап көрсетілген салықтық кезең үшін қосылған құн салығы бойынша

декларацияны салық органына ұсыну үшін осы Кодексте белгіленген соңғы күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде ұзарту кезеңі ескеріле отырып жүргізіледі.

435-бап. Грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар,көрсетілетін қызметтер бойынша төленген қосылған құн салығын қайтару

1. Грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша төленген қосылған құн салығы:

1) грант алушыға – Қазақстан Республикасына грант беру туралы халықаралық шартқа сәйкес бенефициар болып табылатын мемлекеттік органға және егер Қазақстан Республикасының көрсетілген халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, орындаушыны тағайындаушыға;

2) орындаушыға – грантты іске асыру мақсаты үшін ғрант алушы болып тағайындалған тұлғаға (бұдан әрі – орындаушы) қайтарылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген, грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушілерге төленген қосылған құн салығын қайтаруды салық органдары, егер бір мезгілде мынадай шарттар сақталса:

1) қаражаты есебінен тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алынған грант мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық ұйымдар желісінен берілсе;

2) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер оларды өткізу үшін грант берілген мақсаттарда ғана сатып алынса;

3) тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету грант алушымен не грант мақсаттарын жүзеге асыру үшін грант алушы тағайындаған орындаушымен жасалған шартқа (келісімшартқа) сәйкес жүзеге асырылса, грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толенген қосылған құн салығын қайтару туралы салықтық өтініш ұсынылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жүргізеді.

3. Осы бапқа сәйкес қосылған құн салығын грант алушыларға немесе орындаушыларға қайтару осы Кодекстің 101 және 102-баптарында айқындалған тәртіппен, қосылған құн салығының грант қаражаты есебінен төленгенін растайтын құжаттар негізінде жүргізіледі.

4. Осы бапқа сәйкес қосылған құн салығын қайтару үшін грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша төленген қосылған құн салығын қайтару туралы салықтық өтінішке грант алушы немесе орындаушы орналасқан жері бойынша салық органына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қазақстан Республикасы мен шет мемлекет, шет мемлекеттің үкіметі не Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген

халықаралық ұйым арасындағы грант беру туралы шарттың көшірмесін;

2) ғрант алушы не орындаушы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушімен жасасқан шарттың (келісімшарттың) көшірмесін;

3) қосылған құн салығын қайтару туралы салықтық өтінішпен жүгінген кезде оның орындаушы ретінде тағайындалуын растайтын құжаттың көшірмесін;

4) тауарлардың тиеп жөнелтілгенін, жұмыстардың орындалғанын, қызметтердің көрсетілгенін және осы тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің алынғанын растайтын құжаттарды;

5) қосылған құн салығының сомасын жеке жолмен бөліп көрсете отырып, қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын өнім беруші жазып берген шот-фактураны;

6) жүккұжатты, тауар-көлік жүккұжатын;

7) грант алушының немесе орындаушының материалдық жауапты адамының тауарды алғанын растайтын құжатты;

8) орындалған және грант алушы немесе орындаушы қабылдаған жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің белгіленген тәртіппен ресімделген актілерін;

9) алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін ақы төленгенін, оның ішінде қосылған құн салығының төленгенін растайтын құжаттарды.

Осы бапта көзделген қосылған құн салығын қайтару қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын грант алушыларға немесе орындаушыларға да жүргізіледі.

436-бап. Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктеріне, шет мемлекеттің консулдық мекемелеріне және олардың персоналына қосылған құн салығын қайтару

1. Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктеріне, шет мемлекеттің консулдық мекемелеріне (бұдан әрі – өкілдік) және олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, осы өкілдіктердің дипломатиялық, әкімшілік-техникалық персоналына жататын адамдарға, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, консулдық лауазымды адамдарға, консулдық қызметшілерге (бұдан әрі – персонал) Қазақстан Республикасының аумағында сатып алған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін қосылған құн салығын қайтару, егер осындай қайтару Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда немесе қосылған құн салығы бойынша жеңілдіктер беру кезінде өзаралық қағидатты растайтын құжаттарда көзделген болса, жүргізіледі.

Қосылған құн салығын қайтаруды Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі бекіткен тізбеге енгізілген өкілдіктердің орналасқан жері бойынша салық органдары жүзеге асырады.

2. Кейбір өкілдіктерге қатысты өзаралық қағидат негізге алынып, қосылған құн салығын қайтарудың мөлшері мен шарттары бойынша шектеулер белгіленуі мүмкін.

Қосылған құн салығын қайтару бойынша шектеулер белгіленетін өкілдіктердің тізбесін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді.

3. Егер осы баптың 2-тармағында өзгеше белгіленбесе, өкілдіктерге қосылған құн салығын қайтару, егер осы Кодексте айқындалған тәртіппен жазып берілген әрбір жеке шот-фактурада және төлеу фактісін растайтын құжаттарда сатып алынған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің сомасы қосылған құн салығын қоса алғанда, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және шот-фактураны жазып беру күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 8 еселенген мөлшерін құрағанда немесе одан асып кеткенде жүргізіледі.

Осы тармақта белгіленген шектеулер байланыс, электр энергиясы, су, газ және өзге де коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін төлемақыға қолданылмайды.

4. Салық органдары қосылған құн салығын қайтаруды өкілдіктер жасаған жиынтық ведомостардың (тізілімдердің) және қосылған құн салығының төленгенін растайтын құжаттар (осы Кодексте айқындалған тәртіппен жазып берілген шот-фактуралар, төлеу фактісін растайтын құжаттар) көшірмелерінің негізінде жүзеге асырады.

Өкілдік персоналының мүшелеріне қатысты Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі берген аккредиттеу құжаттарының көшірмелері қосымша ұсынылады.

Есепті тоқсанда сатып алынған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша жиынтық ведомостарды (тізілімдерді) өкілдіктер уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қағаз жеткізгіште тоқсан сайын жасайды, өкілдіктің мөрімен куәландырылады және оған басшысы не соған уәкілеттік берген өзге лауазымды адамы қол қояды.

Өкілдіктер жасаған жиынтық ведомостар (тізілімдер) қосылған құн салығының төленгенін растайтын құжаттардың (осы Кодексте айқындалған тәртіппен жазып берілген шот-фактуралардың, төлеу фактісін растайтын құжаттардың) көшірмелерін қоса бере отырып, өкілдік персоналы мүшесінің (мүшелерінің) Қазақстан Республикасында болу мерзімінің аяқталу жағдайларын қоспағанда, есепті тоқсаннан кейінгі айдың ішінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі ұйымына беріледі.

5. Өзаралық қағидат расталғаннан кейін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі ұйымы Қазақстан Республикасында аккредиттелген өкілдіктердің орналасқан

жері бойынша салық органына ілеспе құжатпен бірге қосылған құн салығының төленгенін растайтын құжаттардың (осы Кодексте айқындалған тәртіппен жазып берілген шот-фактуралардың, төлеу фактісін растайтын құжаттардың) көшірмелерін қоса бере отырып, жиынтық ведомостарды (тізілімдерді) береді.

6. Өкілдіктерге қосылған құн салығын қайтаруды салық органдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі ұйымынан жазбаша хабарламасы бар жиынтық ведомостарды (тізілімдерді) және қосылған құн салығының төленгенін растайтын құжаттарды алғаннан кейін отыз жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Салық органдары жиынтық ведомостарды (тізілімдерді) және қосылған құн салығының төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелерін тексергеннен кейін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі ұйымына қосылған құн салығының сомаларын қайтару және (немесе) қайтарудан бас тарту туралы хабарлайды.

Қосылған құн салығының сомаларын қайтарудан бас тартқан жағдайда, салық органдары қандай бұзушылықтар жіберілгенін және оларға қандай құжаттар бойынша жол берілгенін хабарлайды.

7. Өкілдіктер ұсынған құжаттарда бұзушылықтар анықталған, оның ішінде қосылған құн салығының сомалары бөлек жолмен бөліп көрсетілмеген жағдайда, салық органдары тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушіге қарсы тексеру жүргізеді.

Егер қарсы тексеру жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар осы баптың 6-тармағында белгіленген қайтару мерзімі ішінде жойылмаған болса, қосылған құн салығын қайтару бұзушылық анықталмаған не жойылған сомалар шегінде жүргізіледі.

Егер бұзушылықтар қарсы тексеру аяқталғаннан кейін жойылса, қосылған құн салығын қайтару қосылған құн салығының төленгенін растайтын құжаттардың (осы Кодексте айқындалған тәртіппен жазып берілген шот-фактуралардың, төлеу фактісін растайтын құжаттардың) көшірмелерін қоса бере отырып ұсынылған қосымша жиынтық ведомостың (тізілімнің) негізінде жүргізіледі.

Тауарлар сатып алынған, жұмыстар орындалған, қызметтер көрсетілген тоқсанда қайтаруға ұсынылмаған қосылған құн салығының сомасын өкілдіктер қосылған құн салығының төленгенін растайтын құжаттардың (осы Кодексте айқындалған тәртіппен жазып берілген шот-фактуралардың, төлеу фактісін растайтын құжаттардың) көшірмелерін қоса бере отырып, ұсынылған жиынтық ведомостың (тізілімнің) негізінде қайтаруға ұсынуы мүмкін.

8. Өкілдіктер құжаттарды салық органдарына қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жібереді.

Шет тілдерінде жасалған жекелеген құжаттар бар болған кезде

өкілдіктің мөрімен расталған қазақ және (немесе) орыс тілдеріндегі аудармасы ұсынылады.

9. Қосылған құн салығын қайтаруды салық органдары өкілдіктердің және (немесе) өкілдіктер персоналының Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының банктерінде ашылған тиісті шоттарына жүргізеді.

50-тарау. ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТА ТАУАРЛАРДЫ ЭКСПОРТТАУ МЕН ИМПОРТТАУ, ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ, ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕ ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫН САЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

437-бап. Жалпы ережелер

1. Осы тараудың ережелері Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасында жасалған халықаралық шарттар негізінде белгіленген және тауарларды экспорттау мен импорттау, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде қосылған құн салығы бөлігінде салық салуды, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара саудасында оны салықтық әкімшілендіруді реттейді.

Егер осы тарауда тауарларды экспорттау мен импорттау, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде қосылған құн салығын салу, сондай-ақ оған салықтық әкімшілендіру бөлігінде осы Кодекстің басқа тарауларында қамтылғандағыдан өзгеше нормалар белгіленсе, осы тараудың нормалары қолданылады.

Осы тарауда тауарларды экспорттау мен импорттау, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде қосылған құн салығын салуға, сондай-ақ оны салықтық әкімшілендіруге қатысты реттелмеген мәселелер осы Кодекстің басқа тарауларымен, сондай-ақ осы Кодексті қолданысқа енгізу туралы Қазақстан Республикасының заңымен реттеледі.

Осы тарауда қолданылатын ұғымдар Қазақстан Республикасы ратификациялаған, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында жасалған халықаралық шарттарда көзделген.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында жасалған халықаралық шарттарда осы тарауда пайдаланылатын ұғымдар көзделмесе, осы Кодекстің тиісті баптарында, Қазақстан Республикасының азаматтық және басқа да салаларындағы заңнамасында козделген ұғымдар қолданылады.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығын алуды салық органдары салық салынатын импорттың мөлшеріне қолданылатын, осы Кодекстің 422-бабы 1-тармағында белгіленген

мөлшерлеме бойынша жүзеге асырады.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара саудасында тауарларды экспорттау мен импорттау, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде салық төлеушінің қосылған құн салығы бойынша салықтық міндеттемені орындауына салықтық бақылауды салық органдары салық төлеуші ұсынған салықтық есептіліктің, сондай-ақ мемлекеттік органдардан және өзге де тұлғалардан алынған салық төлеушінің қызметі туралы мәліметтердің және (немесе) құжаттардың негізінде жүзеге асырады.

Осы тараудың мақсаты үшін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің ш етел валютасындағы құны тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым, салық салынатын импорт жасалған күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі.

2. Осы тараудың мақсатында лизинг шарты бойынша мүлікті (лизинг нысанасын) үш жылдан астам мерзімге беру, егер ол мынадай талаптардың біріне сай келсе:

1) мүлікті (лизинг нысанасын) лизинг алушының меншігіне тіркелген баға бойынша беру лизинг шартында айқындалса;

2) лизинг мерзімі мүлік лизингі (лизинг нысанасы) бойынша берілетін пайдалы қызмет мерзімінің 75 пайызынан асса;

3) лизингтік төлемдердің ағымдағы (дисконтталған) құны лизингтің бүкіл мерзімінде мүлік лизингі (лизинг нысанасы) бойынша берілетін құнның 90 пайызынан асса лизинг деп танылады.

Осы тараудың мақсаттарында мұндай беру лизинг берушінің мүлікті (лизинг нысанасын) сатуы және лизинг алушының осы мүлікті (лизинг нысанасын) сатып алуы ретінде қарастырылады. Бұл ретте лизинг алушы – лизинг нысанасының иесі ретінде, ал лизингтік төлемдер лизинг алушыға тауарлар құны бөлігінің мөлшерінде берілген кредит бойынша төлемдер ретінде қарастырылады.

Осы тараудың мақсаттарында лизингтік төлем деп лизинг шартында (келісімшартында) козделген сыйақы ескеріле отырып, тауар (лизинг нысанасы) құнының бір бөлігі түсініледі.

Осы тараудың мақсаттарында жоғарыда көрсетілген талаптар сақталмаған жағдайда немесе олар бойынша лизинг шарты осындай шарттар жасалған күннен бастап үш жыл өткенге дейін бұзылған (лизинг шарты бойынша міндеттемелер тоқтатылған) жағдайда лизингтік мәмілелер лизинг деп танылмайды.

Осы тараудың мақсаттарында осындай мүлік (лизинг нысанасы) алынған (берілген) құнды, лизинг алушы үшін лизинг беруші, өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға төленетін төлемдерді қоспағанда, мүлікті (лизинг нысанасын) лизингке беруге байланысты барлық толемдер лизинг шарты бойынша сыйақы деп түсініледі.

438-бап. Еуразиялық экономикалық одақта қосылған құн салығын төлеушілер

Мыналар Еуразиялық экономикалық одақта қосылған құн салығын төлеушілер болып табылады:

1) осы Кодекстің 367-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында аталған тұлғалар;

2) тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын тұлғалар:

резидент-заңды тұлға;

егер ол шарттың (келісімшарттың) тарапы болып табылған жағдайда, резидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі;

егер резидент-заңды тұлға мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің салық төлеушісі арасындағы шарттың (келісімшарттың) талаптары бойынша резидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі тауарларды алушы болып табылған жағдайда, осындай заңды тұлғаның тиісті шешімінің негізінде резидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі;

қызметін құрылымдық бөлімше ашпай тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының салық органдарында салық төлеуші ретінде тіркелген бейрезидент-заңды тұлға;

Қазақстан Республикасында қызметін құрылымдық бөлімше арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға;

қызметін тұрақты мекеме құрмай жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға;

сенімгерлік басқару құрылтайшыларымен не сенімгерлік басқару туындайтын өзге де жагдайларда пайда алушылармен сенімгерлік басқару шарттары бойынша қызметін жүзеге асыру шеңберінде тауарларын импорттайтын сенімгерлік басқарушылар;

Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттің дипломатиялық және оган теңестірілген өкілдігі, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, осы өкілдіктердің дипломатиялық, әкімшілік-техникалық персоналына жататын адамдар; Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттің консулдық мекемесі, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, консулдық лауазымды адамдар, консулдық қызметшілер;

нотариаттық қызметті, атқару құжаттарын орындау жөніндегі қызметті, адвокаттық қызметті жүзеге асыру мақсатында жеке практикамен айналысатын, тауарларды импорттайтын адамдар;

медиатордың қызметін жүзеге асыру мақсатында тауарларды импорттайтын медиаторлар;

кәсіпкерлік қызмет мақсатында тауарларды импорттайтын жеке тұлға. Тауарларды кәсіпкерлік қызмет мақсатында импортталатын тауарларға жатқызу өлшемшарттарын уәкілетті орган белгілейді.

439-бап. Салық салу объектілері, салық салынатын айналымды айқындау

Егер осы Кодекстің 440-бабында өзгеше белгіленбесе, Еуразиялық экономикалық одақта қосылған құн салығы салынатын объектілер, сондай-ақ салық салынатын айналым осы Кодекстің 368, 369 және 373-баптарына сәйкес айқындалады.

440-бап. Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымды және салық салынатын импортты айқындау

1. Тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына экспорттау тауарларды өткізу бойынша айналым болып табылады.

2. Кейіннен Қазақстан Республикасының аумағына қасиеттері мен сипаттамаларын өзгертпей әкелінетін тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына уақытша әкету өткізу бойынша айналым болып табылмайды.

3. Егер осы Кодекстің 441-бабы 2-тармағының негізінде жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны Қазақстан Республикасы болып танылса, осы Кодекстің 372-бабының 2-тармағына сәйкес айналымдар Еуразиялық экономикалық одақта жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым болып табылады.

4. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген (әкелінетін) тауарлар (осы Кодекстің 451-бабының 2-тармағына сәйкес қосылған құн салығынан босатылғандарды қоспағанда).

Осы тармақшаның ережесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында мемлекеттік тіркелуге жататын, әкелінген (әкелінетін) көлік құралдарына қатысты да қолданылады;

2) Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдері болып табылатын тауарлар салық салынатын импорт болып табылады.

5. Мыналар салық салынатын импорт болып табылмайды:

1) кейіннен Қазақстан Республикасының аумағынан қасиеттері мен сипаттамаларын өзгертпей әкетілетін тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелу;

2) бұрын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің

аумағына уақытша әкетілген тауарларды қасиеттері мен сипаттамаларын өзгертпей Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелу.

Осы тармақтың ережелері:

1) жылжымалы мүлік пен көлік құралдарын мүліктік жалдау (жалға алу) шарттары бойынша;

2) көрмелер мен жәрмеңкелерге тауарларды уақытша әкелу кезінде қолданылады.

Осы тармақтың ережелері осы Кодекстің 387-бабының 2-тармағында көзделген халықаралық тасымалдар бойынша қызметтер көрсетілетін көлік құралдарына қолданылмайды.

Осы тармақта көрсетілген тауарлар өткізілген жағдайда, осындай тауарларды әкелу салық салынатын импорт болып танылады және осындай тауарларды есепке алуға қабылдаған күннен бастап импортталған тауарлар бойынша осы Кодексте айқындалған тәртіппен және мөлшерде қосылған құн салығын салуға жатады.

6. Жанама салықтар Қазақстан Республикасының аумағына:

1) жеке тұлғалар кәсіпкерлік қызметті мақсат етпей әкелетін тауарларды;

2) тауарларды бір заңды тұлға шегінде беруге байланысты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағынан әкелінетін тауарларды импорттау кезінде алынбайды.

7. Салық төлеуші осы баптың 5-тармағы екінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында және 6-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тауарларды әкелу (әкету) кезінде салық органдарын хабардар етуге міндетті.

Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрмай қызметін жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға тауарларды уақытша әкелген кезде, тауарларды уақытша пайдалануға алған Қазақстан Республикасының салық төлеушісінде хабарлама беру міндеті туындайды.

Тауарларды әкелу (әкету) туралы хабарламаның нысанын, оны салық органдарына ұсыну тәртібі мен мерзімдерін уәкілетті орган бекітеді.

441-бап. Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер өткізілетін орын

1. Тауарлар өткізілетін орын осы Кодекстің 378-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалады.

2. Егер:

1) жұмыстар, көрсетілетін қызметтер осы мемлекеттің аумағында орналасқан жылжымайтын мүлікпен тікелей байланысты болса;

Осы тармақшаның ережелері жылжымайтын мүлікті жалдау, жалға

беру және өзге де негіздермен пайдалануға беру бойынша көрсетілетін қызметтерге қатысты да қолданылады.

Осы тармақшаның мақсаттары үшін жер учаскелері, жер қойнауы учаскелері, оқшауланған су объектілері және жермен тығыз байланыстының барлығы, яғни пайдаланылу мақсатына мөлшерлес емес нұқсан келтірмей көшіру мүмкін болмайтын объектілер, оның ішінде ормандар, көпжылдық екпелер, ғимараттар, құрылыстар, құбыржолдар, электр беру желілері, мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорындар және ғарыш объектілері жылжымайтын мүлік деп танылады;

2) жұмыстар, көрсетілетін қызметтер осы мемлекеттің аумағында орналасқан жылжымалы мүлікке, көлік құралдарына тікелей байланысты болса (жылжымалы мүлікті және көлік құралдарын жалға беру, олардың лизингі бойынша және өзге де негіздерде пайдалануға беру бойынша көрсетілетін қызметтерден басқа);

Осы тармақшаның мақсаттары үшін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жылжымайтын мүлікке, көлік құралдарына жатпайтын заттар жылжымалы мүлік болып танылады.

Осы тармақшаның мақсаттары үшін теңіз және әуе кемелері, ішкі жүзу кемелері, аралас (өзен-теңіз) жүзу кемелері; теміржол немесе трамвай жылжымалы құрамының бірліктері; автобустар; тіркемелер мен жартылай тіркемелерді қоса алғанда, автомобильдер; жүк контейнерлері; карьерлік өзі аударғыштар көлік құралдары деп танылады.

3) мәдениет, өнер, оқыту (білім беру), дене шынықтыру, туризм, демалыс және спорт саласындағы қызметтер осы мемлекеттің аумағында көрсетілсе;

4) осы мемлекеттің салық төлеушісі мыналарды:

консультациялық, заң, бухгалтерлік, аудиторлық, инжинирингтік, жарнамалық, дизайнерлік, маркетингтік қызметтерді, ақпаратты өңдеу жөніндегі қызметтерді, сондай-ақ ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және тәжірибелік-технологиялық (технологиялық) жұмыстарды;

ЭЕМ мен дерекқорларға арналған бағдарламаларды (есептеу техникасының бағдарламалық құралдары мен ақпараттық өнімдерін) әзірлеу, оларды бейімдеу және түрлендіру, осындай бағдарламалар мен дерекқорларды қолдап отыру жөніндегі жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

егер персонал сатып алушының қызмет орнында жұмыс істейтін жағдайда, персонал беру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алса;

Осы тармақшаның ережелері:

патенттерді, лицензияларды, мемлекет қорғайтын өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтарды куәландыратын өзге де құжаттарды, сауда маркаларын, тауар белгілерін, фирмалық атауларды, қызмет көрсету белгілерін, авторлық, сабақтас құқықтарды немесе өзге де осыған ұқсас құқықтарды беру, ұсыну, басқаға беру;

көлік құралдарын жалға беруді, олардың лизингін және өзге де негіздерде пайдалануға беруді қоспағанда, жылжымалы мүлікті жалга беру, лизингке және өзге де негіздерде пайдалануға беру;

шартқа (келісімшартқа) негізгі қатысушының атынан осы тармақшада көзделген жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін басқа тұлғаны тартатын тұлғаның қызметтер көрсетуі кезінде де қолданылады;

5) егер осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында өзгеше көзделмесе, осы мемлекеттің салық төлеушісі жұмыстарды орындаса, қызметтерді көрсетсе, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағы жұмыстар, көрсетілетін қызметтер өткізілетін орын деп танылады.

Осы тармақшаның ережелері көлік құралдарын жалға беру, лизингке және өзге негіздерде пайдалануға беру кезінде де қолданылады.

3. Мыналар:

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің салық толеушісі арасында жасалған жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге арналған шарт (келісімшарт);

жұмыстардың орындалу, қызметтердің көрсетілу фактісін растайтын құжаттар;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құжаттар жұмыстар, көрсетілетін қызметтер өткізілетін орынды растайтын құжаттар болып табылады.

4. Егер салық төлеуші салық салу тәртібі, осы бөлімде реттелетін жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірнеше түрін орындаса, көрсетсе және кейбір жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізудің басқа жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуге қатысты қосымша сипаты бар болса, онда негізгі жұмыстар, көрсетілетін қызметтер өткізілетін орын қосымша жұмыстар, көрсетілетін қызметтер өткізілетін орын болып танылады.

442-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым, салық салынатын импорт жасалған күн

1. Тауарларды экспортқа өткізу кезінде қосылған құн салығын есептеу мақсатында тауарлардың тиеп-жөнелтілгенін растайтын, тауарларды сатып алушыға (бірінші тасымалдаушыға) ресімделген бастапқы бухгалтерлік (есептік) құжаттың жасалу уақыты бойынша алгашқы күн ретінде айқындалатын тиеп-жөнелту күні тауарларды өткізу бойынша айналым жасалған күн болып табылады.

2. Егер осы бапта озгеше белгіленбесе, салық төлеуші импортталған тауарларды (оның ішінде оларды дайындау туралы шарттар (келісімшарттар) бойынша жұмыстарды орындау нәтижесі болып табылатын тауарларды), сондай-ақ алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын заттар, тауарлар түрінде қарыз беруді көздейтін шарт (келісімшарт) бойынша алынған

тауарларды есепке қабылдаған күн салық салынатын импорт жасалған күн болып табылады.

Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, осы тараудың мақсаттары үшін:

1) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес осындай тауарларды бухгалтерлік есепте тану (корсету) күндерінің неғұрлым ертерегі;

2) мұндай тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу күні импортталған тауарларды есепке қабылдаған күн болып табылады.

Салық төлеушіде осы тармақтың екінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген күндердің екеуі де болған жағдайда, көрсетілген күндердің неғұрлым кешіреғі импортталған тауарларды есепке қабылдаған күн болып табылады.

Осы тармақтың мақсаттары үшін мыналар тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелген күн болып табылады:

тауарларды әуе немесе теңіз кемелерімен тасымалдау кезінде – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан әуежайға немесе портқа әкелген күн;

тауарларды халықаралық автомобиль қатынасымен тасымалдау кезінде – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күн.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту күні Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің аумақтық бөлімшелері беретін мемлекеттік бақылаудан өту туралы талонның (не мемлекеттік бақылаудан өту туралы талон көшірмесінің) негізінде айқындалады, оның нысанын және ұсыну тәртібін уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті бірлесіп белгілейді. Салықтық әкімшілендіру мақсатында уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мәліметтерді бірыңғай ақпараттық жүйе арқылы беру бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

тауарларды халықаралық және мемлекетаралық теміржол көлігі қатынасымен тасымалдау кезінде – Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шекара маңындағы бірінші өткізу пунктіне (станциясына) әкелген күн;

тауарларды магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы немесе электр беру желілері арқылы тасымалдау кезінде – тауарларды тапсыру пунктіне әкелген күн;

тауарларды халықаралық пошта жөнелтілімдері арқылы жіберу кезінде – Қазақстан Республикасының пошта туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында пошта штемпелі қойылған күн импортталған тауарларды есепке қабылдаған күн болып табылады.

Тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу күні туралы мәліметтер болмаған кезде осы тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген күн импортталған тауарларды есепке қабылдаған күн болып табылады.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес тауарларды бухгалтерлік есепте тану (корсету) болмаған кезде осы тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген күн импортталған тауарларды есепке қабылдаған күн болып табылады.

Осы тармақтың екінші – жетінші бөліктерінде көрсетілмеген өзге де жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында бухгалтерлік есеп жүргізуді жүзеге асыру міндеті көзделмеген тұлғалар үшін импортталған тауарларды есепке қабылдаған күн осындай тауарларды алуды (не сатып алуды) растайтын құжат жазып берілген күн бойынша айқындалады. Бұл ретте тауарлардың жеткізілуін растайтын құжаттар болған кезде тасымалдаушының тауарларды сатып алушыға берген күні импортталған тауарларды есепке қабылдаған күн деп танылады.

3. Сыйақыны есепке алмағандағы лизинг шартында көзделген (төлемнің іс жүзіндегі мөлшері мен жүзеге асырылу күніне қарамастан) тауарлар (лизинг нысаналары) құнының бір бөлігін төлеу күні лизинг алушыға осы тауарларға (лизинг нысаналарына) меншік құқығының өтуін көздейтін лизинг шарты бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды (лизинг нысаналарын) әкелген кезде салық салынатын импорт жасалған күн болып табылады.

Егер лизинг шарты бойынша тауарлар (лизинг нысаналары) құнының бір бөлігін толеу мерзімінің басталу күні тауарларды (лизинг нысанасын) Қазақстан Республикасының аумагына әкелетін күнге дейін белгіленсе, импортталған тауарларды есепке қабылдаған күн салық салынатын импортты жасаудың бірінші күні болып табылады.

Егер лизинг алушы лизинг шартында көзделген лизингтік төлемдерді мерзімінен бұрын өтеуді үш жыл өткеннен кейін жүзеге асырса, түпкілікті есеп айырысу күні осы лизинг шарты бойынша салық салынатын импортты жасаудың соңғы күні болып табылады.

Осы Кодекстің 437-бабының 2-тармагында белгіленген талаптар сақталмаған жағдайда, сондай-ақ мүлікті (лизинг нысанасын) берген кезден бастап үш жыл өткеннен кейін лизинг шарты (келісімшарты) бұзылған жағдайда, импортталған тауарларды (лизинг нысаналарын) есепке қабылдаған күн салық салынатын импорт жасалган күн болып табылады.

4. Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, жұмыстарды орындаған, қызметтерді көрсеткен күн жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым жасалган күн болып табылады.

Жұмыстардың орындалу, қызметтердің көрсетілу фактісін растайтын құжатқа қол қойылған күн жұмыстар орындалған, қызметтер көрсетілген күн деп танылады.

Егер жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тұрақты (үздіксіз) негізде өткізілетін болса, онда:

шот-фактура жазып берілген күннің;

әрбір төлемді (есеп айырысу нысанына қарамастан) алған күннің бірінші басталатын күні өткізу бойынша айналым жасалған күн болып табылады.

Тұрақты (үздіксіз) негізде өткізу жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы олардың нәтижелерін өзінің өндірістік қызметінде жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету күні пайдалана алатын жағдайда, он екі ай және одан астам мерзімге жасалған ұзақ мерзімді келісімшарт негізінде жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді білдіреді.

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын, қызметін құрылымдық бөлімше арқылы жүзеге асырмайтын және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің салық төлеушісі (төлеушісі) болып табылатын бейрезиденттен сатып алған жағдайда жұмыстардың орындалу, қызметтердің көрсетілу фактісін растайтын құжаттарға қол қою күні айналым жасалған күн болып табылады.

443-бап. Тауарлардың экспорты кезінде салық салынатын айналымның мөлшерін айқындау

1. Тауарлардың экспорты кезінде салық салынатын айналым мөлшері, егер осы бапта және Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, мәміле жасасқан тараптар қолданатын бағалар мен тарифтер негізге алына отырып өткізілетін тауарлардың құны негізінде айқындалады.

2. Тауарларға (лизинг нысаналарына) меншік құқығының лизинг алушыға ауысуы көзделетін лизинг шарты (келісімшарты) бойынша олардың экспорты кезінде салық салынатын айналым мөлшері тауарлардың (лизинг нысаналарының) бастапқы құнының әрбір лизингтік төлемге тура келетін бір бөлігі мөлшерінде әрбір лизингтік төлемді төлеуге арналған үшін лизинг шартында (келісімшартында) көзделген күнге айқындалады.

Бұл ретте тауардың (лизинг нысанасының) бастапқы құны деп сыйақыны есепке алмай, шартта көрсетілген лизинг нысанасының құнын түсіну керек.

3. Заттар түрінде қарыз беруді көздейтін шарттар (келісімшарттар) бойынша тауарлардың экспорты кезінде салық салынатын айналым мөлшері шартта (келісімшартта) көзделген табыс етілетін (берілетін) тауарлардың құны, шартта (келісімшартта) құны көрсетілмеген жағдайда – тауарға ілеспе

құжаттарда көрсетілген құн, шарттарда (келісімшарттарда) және тауарларға ілеспе құжаттарда құны көрсетілмеген жағдайда тауарлардың бухгалтерлік есепте көрсетілген құны ретінде айқындалады.

Бұл ретте осы тараудың мақсаттары үшін тауарға ілеспе құжаттар деп халықаралық автомобиль жүкқұжаты, темір жол көлігінің жүкқұжаты, тауар-көлік жүкқұжаты, бірыңғай үлгідегі жүкқұжат, багаж ведомосы, пошта ведомосы, багаж түбіртегі, әуе жүкқұжаты, коносамент, сондай-ақ тауарларды құбыржол көлігімен және электр беру желілері арқылы өткізу кезінде пайдаланылатын құжаттар және акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін өткізу кезінде пайдаланылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген тасымалдар кезінде тауарлар мен көлік құралдарына ілесіп жүретін өзге де құжаттар; шот-фактуралар, ерекшеліктер, тиеп-жөнелту және орау парақтары, сондай-ақ тауарлар туралы мәліметтерді, оның ішінде тауарлардың құнын растайтын және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес пайдаланылатын басқа да құжаттар түсініледі.

4. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, өткізілген тауарлар бағасы ұлғайту (азайту) жағына өзгерген кезде не өткізілген тауарлардың саны (көлемі) олардың тиісті сапасының және (немесе) жинағының болмауы себебінен қайтарылуына байланысты азайған кезде тауарлар экспорты кезіндегі салық салынатын айналымның мөлшері шарт (келісімшарт) қатысушылары экспортталған тауарлардың бағасын өзгерткен (қайтаруды келіскен) салықтық кезеңде түзетіледі.

444-бап. Салық салынатын импорттың мөлшерін айқындау

1. Тауарлардың, оның ішінде оларды дайындау туралы шарт (келісімшарт) бойынша жұмыстарды орындау нәтижесі болып табылатын тауарлардың салық салынатын импортының мөлшері сатып алынған тауарлардың құны негізінде айқындалады.

2. Осы баптың мақсаттары үшін сатып алынған тауарлардың құны салық салу мақсатында бағаны айқындау қағидаты негізінде айқындалады.

Салық салу мақсатында бағаны айқындау қағидаты шарттың (келісімшарттың) талаптарына сәйкес тауарлар үшін төленуге жататын мәміле бағасының негізінде сатып алынған тауарлар құнын айқындауды білдіреді.

Егер шарттың (келісімшарттың) талаптары бойынша мәміле бағасы сатып алынған тауарлардың, сондай-ақ басқа да шығыстардың құнынан тұратын болса және бұл ретте сатып алынған тауарлардың құны және (немесе) басқа да шығыстардың құны бөлек көрсетілсе, онда сатып алынған тауарлардың құны ғана салық салынатын импорттың мөлшері болып табылады.

Егер шарттың (келісімшарттың) талаптары бойынша мәміле бағасы

сатып алынған тауарлардың, сондай-ақ басқа да шығыстардың құнынан тұратын болса және бұл ретте сатып алынған тауарлардың құны және (немесе) басқа да шығыстардың құны бөлек көрсетілмесе, онда шартта (келісімшартта) көрсетілген мәміле бағасы салық салынатын импорттың мөлшері болып табылады.

3. Тауарлардың салық салынатын импортының мөлшеріне акцизделетін тауарлар бойынша акциз сомалары енгізіледі.

Лизинг шарттары бойынша тауарлардың (лизинг нысаналарының) салық салынатын импортының мөлшеріне акцизделетін тауарлар бойынша акциздің есептелген сомалары импортталған акцизделетін тауарларды (лизинг нысаналарын) есепке қабылдаған күнге енгізіледі.

4. Тауар алмасу (бартерлік) шарттары (келісімшарттары), сондай-ақ заттар түрінде қарыз беруді көздейтін шарттар (келісімшарттар) бойынша алынған тауарлардың салық салынатын импортының мөлшері осы баптың 2-тармағында көзделген салық салу мақсатында баға айқындау қағидатын ескере отырып, тауарлар құнының негізінде айқындалады.

Бұл ретте тауарлардың құны – шартта (келісімшартта) козделген тауарлар бағасы, шартта (келісімшартта) тауарлардың бағасы көрсетілмеген кезде – тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілген тауарлардың бағасы, шарттарда (келісімшарттарда) және тауарға ілеспе құжаттарда тауарлардың бағасы көрсетілмеген кезде тауарлардың бухгалтерлік есепте көрсетілген бағасы негізінде айқындалады.

5. Алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдері болып табылатын тауарлардың салық салынатын импортының мөлшері акцизделетін қайта өңдеу өнімдері бойынша төленуге жататын акциздерді қоса алғанда, осы алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстардың құны негізінде айқындалады.

6. Тауарларға меншік құқығының лизинг алушыға өтуін көздейтін лизинг шарты бойынша тауарлардың (лизинг нысаналарының) салық салынатын импортының мөлшері осы баптың 2-тармағында көзделген салық салу мақсатында баға айқындау қағидаты негізінде сыйақы есепке алынбай, осы Кодекстің 442-бабының 3-тармағында белгіленген күнге көзделген тауар (лизинг нысанасы) құнының бір бөлігі мөлшерінде айқындалады.

Егер лизинг шарты (келісімшарты) бойынша тауарлар (лизинг нысаналары) құнының бір бөлігін төлеу мерзімінің басталу күні тауарларды (лизинг нысанасын) Қазақстан Республикасының аумағына әкелу күніне дейін белгіленген жағдайда, тауарлардың (лизинг нысаналарының) салық салынатын импортын жасаудың алғашқы күніндегі салық салынатын импорттың мөлшері толеу мерзімінің басталған күні лизинг шартына (келісімшартына) сәйкес тауарларды (лизинг нысаналарын) лизинг алушыға беру күніне дейін белгіленген лизинг шарты (келісімшарты) бойынша сыйақы есепке алынбаған барлық лизингтік толемдер сомасы ретінде айқындалады.

Осы Кодекстің 437-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес келетін

лизинг шартында (келісімшартында) көзделген лизингтік төлемдерді лизинг алушы мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, салық салынатын импортты жасаудың соңғы күніндегі оның мөлшері лизинг шарты (келісімшарты) бойынша сыйақы есепке алынбаған барлық лизингтік төлемдер мен сыйақы есепке алынбаған өтелген төлемдер сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Осы Кодекстің 437-бабының 2-тармағында белгіленген талаптар сақталмаған жағдайда, сондай-ақ мүлікті (лизинг нысанасын) берген кезден бастап үш жыл өткеннен кейін лизинг шарты (келісімшарты) бұзылған жағдайда, салық салынатын импорттың мөлшері Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, салық салу мақсатында баға айқындау қағидаты ескеріле отырып, олар бойынша бұрын жанама салықтар төленген лизинг шарты (келісімшарты) бойынша лизингтік төлемдердің (сыйақы есепке алынбаған) сомасына азайтылған тауарлардың (лизинг нысаналарының) құны негізінде айқындалады. Бұл ретте лизинг шартында (келісімшартында) көзделген сыйақы көрсетілген жағдайлар басталғанға дейін салық салынатын импорт мөлшеріне қосылады.

7. Салық органдары тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорттау кезінде қосылған құн салығы бойынша салықтық міндеттемелердің орындалуын бақылауды жүзеге асыру кезінде уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және (немесе) Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, салық салынатын импорттың мөлшерін түзетуге құқылы.

Бұл ретте салық төлеуші уәкілетті орган айқындаған жоғарыда көрсетілген тәртіпті және (немесе) Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, салық салынатын импорттың мөлшерін өз бетінше түзетеді.

8. Импортталған тауарлар есепке қабылданған ай өткеннен кейін шартқа (келісімшартқа) қатысушылар осындай тауарлардың бағасын ұлғайту жағына өзгерткен жағдайда, салық салынатын импорттың мөлшері тиісті түрде түзетіледі.

445-бап. Жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша салық салынатын айналымның мөлшерін айқындау

Егер осы тарауда өзгеше белгіленбесе, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша салық салынатын айналымның мөлшері осы Кодекстің 380, 381 және 382-баптарына сәйкес айқындалады.

446-бап. Еуразиялық экономикалық одақтағы тауарлардың экспорты

1. Тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына экспорттау кезінде қосылған құн салығының нөлдік мөлшерлемесі қолданылады.

Егер осы тарауда өзгеше белгіленбесе, тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына экспорттау кезінде қосылған құн салығын төлеушінің осы Кодекстің 46-тарауына сәйкес қосылған құн салығын есепке жатқызуға құқығы бар.

2. Осы баптың ережелері оларды дайындау туралы шарттар бойынша жұмыстарды орындау нәтижесі болып табылатын, аумағында оларды дайындау бойынша жұмыстар орындалған Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына әкетілетін тауарларға қатысты да қолданылады. Көрсетілген тауарларға алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау нәтижесі болып табылатын тауарлар жатпайды.

3. Тауарларға меншік құқығының лизинг алушыға өтуін көздейтін лизинг шарты (келісімшарты) бойынша, заттар түрінде қарыз беруді көздейтін шарт (келісімшарт) бойынша, тауарларды дайындау туралы шарт (келісімшарт) бойынша тауарларды (лизинг нысаналарын) Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына әкету кезінде қосылған құн салығының нөлдік мөлшерлемесі қолданылады.

447-бап. Тауарлар экспортын растау

1. Мыналар:

1) өзгерістер, толықтырулар және оларға қосымшалар ескеріле отырып, солардың негізінде тауарлар экспорты жүзеге асырылатын шарттар (келісімшарттар) (бұдан әрі – шарттар (келісімшарттар), ал тауарлар лизингі немесе заттар түрінде қарыз берілетін жағдайда – лизинг шарттары (келісімшарттары), заттар түрінде қарыз беруді көздейтін шарттар (келісімшарттар), тауарларды дайындауға арналған шарттар (келісімшарттар);

2) аумағына тауарлар импортталған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің салық органының белгісі бар тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы, жанама салықтарды төлеу және (немесе) оларды төлеуден босату және (немесе) төлеудің өзге тәсілі туралы өтініш (қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасы немесе көшірмелері) не өтініштер тізбесі (қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда);

3) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше бір мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына тауарлардың өткізілуін растайтын тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері

тауарлар экспортын растайтын құжаттар болып табылады.

Тауарларды магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы немесе электр беру желілері арқылы экспорттаған жағдайда тауарларға ілеспе құжаттар көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдап алу-тапсыру актісі ұсынылады;

4) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның зияткерлік меншік объектісіне құқығы туралы, сондай-ақ зияткерлік меншік объектісін экспорттаған жағдайда оның құны туралы растамасы тауарлар экспортын растайтын құжаттар болып табылады.

2. Осы Кодекстің 393-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына қайта өңдеу үшін бұрын әкетілген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдерін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында өткізген жағдайда, қайта өңдеу өнімдерінің экспортын растау мынадай құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

1) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттар (келісімшарттар);

2) солардың негізінде қайта өңдеу өнімдерінің экспорты жүзеге асырылатын шарттар (келісімшарттар);

3) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растайтын құжаттар;

4) Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына алыс-беріс шикізатының әкетілуін растайтын тауарларға ілеспе құжаттардың көшірмелері.

Алыс-беріс шикізатын магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы немесе электр беру желілері арқылы әкеткен жағдайда тауарларға ілеспе құжаттар көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдап алу-тапсыру актісі ұсынылады;

5) тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (аумағына қайта өңдеу өнімдері импортталған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің салық органының жанама салықтарды толеу (төлеуден босату немесе салықтық міндеттемелерді орындаудың өзге тәртібі) туралы белгісі бар қағаз жеткізгіште);

6) қайта өңдеу өнімдерінің Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағынан әкетілуін растайтын тауарларға ілеспе құжаттардың көшірмелері.

Егер қайта өңдеу өнімдері аумағында алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар орындалған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің салық төлеушісіне өткізілсе – осындай қайта өңдеу өнімдерінің тиеп-жөнелтілгенін растайтын құжаттардың негізінде.

Қайта өңдеу өнімдерін магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы немесе электр беру желілері арқылы әкеткен жағдайда, тауарларға ілеспе

құжаттар көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдап алу-тапсыру актісі ұсынылады;

7) салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде ашылған банктік шоттарына валюталық түсімнің түскенін растайтын құжаттар.

Қайта өңдеу өнімдерін сыртқы сауда тауар алмасу (бартерлік) операциялары бойынша экспорттаған жағдайда қосылған құн салығының қайтарылуға жататын сомасын айқындау кезінде шарттың (келісімшарттың), сондай-ақ көрсетілген операция бойынша алынған тауарлардың импортын (жұмыстардың орындалуын, қызметтердің көрсетілуін) растайтын құжаттардың болуы ескеріледі.

3. Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына қайта өңдеу үшін бұрын әкетілген алыс-беріс шикізатының қайта өңдеу өнімдерін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына одан әрі экспорттаған жағдайда, қайта өңдеу өнімдерінің экспортын растау мынадай құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

1) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттар (келісімшарттар);

2) солардың негізінде қайта өңдеу өнімдерінің экспорты жүзеге асырылатын шарттар (келісімшарттар);

3) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстардың орындалу фактісін растайтын құжаттар;

4) Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына алыс-беріс шикізатын әкетуді растайтын тауарларға ілеспе құжаттардың көшірмелері.

Алыс-беріс шикізатын магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы немесе электр беру желілері арқылы әкеткен жағдайда тауарларға ілеспе құжаттар көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдап алу-тапсыру актісі ұсынылады;

5) қайта өңдеу өнімдерінің Еуразиялық экономикалық одақтың шегінен тыс жерлерге әкетілуін растайтын тауарларға ілеспе құжаттардың көшірмелері.

Қайта өңдеу өнімдерін магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы немесе электр беру желілері арқылы әкеткен жағдайда, тауарларға ілеспе құжаттар көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдап алу-тапсыру актісі ұсынылады;

6) тауарларды экспорттың кедендік рәсімінде шығаруды жүзеге асыратын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің кеден органының белгілері бар, сондай-ақ осы тармақтың 7) тармақшасында көрсетілген жағдайлардан басқа, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан Еуразиялық экономикалық

одаққа мүше мемлекеттің кеден органының белгісі бар тауарларға арналған декларациялар;

7) мынадай жағдайларда:

тауарларды магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы немесе электр беру желілері арқылы экспорттың кедендік рәсімінде әкету;

кезең-кезеңмен декларациялау рәсімін қолдана отырып, тауарларды экспорттың кедендік рәсімінде әкету;

уақытша декларациялау рәсімін қолдана отырып, тауарларды экспорттың кедендік рәсімінде әкету кезінде кедендік декларациялауды жүргізген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің кеден органының белгілері бар тауарларға арналған толық декларация;

8) салық органдарының ақпараттық жүйелерінде ол бойынша кеден органдарынан тауарлардың іс жүзінде әкетілуі туралы хабарлама болатын, сондай-ақ тауарлардың экспортын растайтын құжат болып табылатын электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларациялар. Осы тармақшада көзделген электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларация бар болған кезде осы тармақтың 6) және 7) тармақшаларында белгіленген құжаттарды ұсыну талап етілмейді;

9) салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде ашылған банктік шоттарына валюталық түсімнің түскенін растайтын құжаттар.

4. Қайта өңдеу өнімдерін сыртқы сауда тауар алмасу (бартерлік) операциялары бойынша экспорттаған жағдайда қосылған құн салығының қайтарылуға жататын сомасын айқындау кезінде шарттың (келісімшарттың), сондай-ақ көрсетілген операция бойынша алынған тауарлардың импортын (жұмыстардың орындалуын, қызметтердің көрсетілуін) растайтын құжаттардың болуы ескеріледі.

448-бап. Еуразиялық экономикалық одақта халықаралық тасымалдарға салық салу

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, Еуразиялық экономикалық одақта халықаралық тасымалдарға салық салу осы Кодекстің 387-бабына сәйкес жүргізіледі.

2. Экспортталатын немесе импортталатын тауарларды Еуразиялық экономикалық одақта магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы тасымалдау, егер тасымалдауды ресімдеу сатып алушыға не көрсетілген тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың аумағындағы сатып алушыға дейін одан әрі жеткізуді жүзеге асыратын басқа тұлғаларға экспортталатын немесе импортталатын тауарлар берілгенін растайтын құжаттармен жүзеге асырылған болса, халықаралық тасымал деп есептеледі.

3. Осы баптың 2-тармағының мақсаттары үшін мыналар растайтын

құжаттар болып табылады:

1) экспорттау жағдайында – тауарларды импорттаушыдан экспорттаушы алған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің көшірмесі;

2) импорттау жағдайында – тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына импорттаған салық төлеушіден алынған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің көшірмесі;

3) орындалған жұмыстардың актілері, жүктерді сатушыдан не көрсетілген жүктерді бұдан бұрын жеткізуді жүзеге асырған басқа тұлғалардан сатып алушыға не көрсетілген жүктерді одан әрі жеткізуді жүзеге асыратын басқа тұлғаларға қабылдап алу-тапсыру актілері;

4) шот-фактуралар.

4. Жүктерді магистральдық құбыржолдар жүйесі арқылы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің бірінің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше сол немесе басқа мемлекеттің аумағына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдау, егер тасымалдауды ресімдеу мынадай құжаттармен:

1) орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің, жүктерді сатушыдан не көрсетілген жүктерді бұдан бұрын жеткізуді жүзеге асырған басқа тұлғалардан сатып алушыға не көрсетілген жүктерді одан әрі жеткізуді жүзеге асыратын басқа тұлғаларға қабылдап алу-тапсыру актілерімен;

2) шот-фактуралармен жүзеге асырылса, халықаралық тасымал деп есептеледі.

449-бап. Еуразиялық экономикалық одақта алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарға салық салу

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына қайта өңдеу өнімдерін кейіннен басқа мемлекеттің аумағына әкету үшін әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарға осы баптың 7-тармағында және осы Кодекстің 450-бабында көзделген тауарларды қайта өңдеу шарттары мен алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу мерзімі сақталған жағдайда қосылған құн салығы нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады.

2. Қазақстан Республикасының салық төлеушісі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумагына қайта өңдеу өнімдерін кейіннен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше сол мемлекеттің аумағына әкету үшін әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындаған жағдайда мыналар Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растау болып табылады:

1) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің салық

төлеушілері арасында жасалған шарттар (келісімшарттар);

2) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растайтын құжаттар;

3) алыс-беріс шикізатын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді растайтын құжаттар (оның ішінде қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттеме);

4) қайта өңдеу өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуді растайтын құжаттар (оның ішінде қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттемені орындау);

5) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстардың құнынан қосылған құн салығының төленгенін растайтын тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасы немесе көшірмесі) не өтініштер тізбесі (қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда).

Алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдерін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына әкеткен жағдайда осы тармақшада көрсетілген өтініш не өтініштер тізбесі ұсынылмайды;

6) осы Кодекстің 152-бабының 7-тармағында көзделген, салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде ашылған банктік шоттарына валюталық түсімнің түскенін растайтын құжаттар;

7) тиісті уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы қорытындысы.

3. Қазақстан Республикасының салық төлеушісі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше бір мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды қайта өңдеу өнімдерін кейіннен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше екінші мемлекеттің аумағына өткізе отырып орындаған жағдайда, алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растау үшін Қазақстан Республикасының салық төлеушісі:

1) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің салық төлеушілері арасында жасалған алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге, дайын өнімді беруге арналған шарттарды (келісімшарттарды);

2) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растайтын құжаттарды;

3) алыс-беріс шикізатын және дайын өнімді қабылдап алу-тапсыру актілерін;

4) Қазақстан Республикасының аумағына алыс-беріс шикізатының әкелінуін растайтын құжаттарды (оның ішінде қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттемені);

5) Қазақстан Республикасының аумағынан қайта өңдеу өнімдерінің әкетілуін растайтын құжаттарды (оның ішінде қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттеменің орындалуы);

6) алыс-беріс шикізатының меншік иесінен алынған, алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстардың құнынан қосылған құн салығының төленгенін растайтын тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті;

7) тиісті уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы қорытындысын;

8) осы Кодекстің 152-бабының 7-тармағында көзделген, салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде ашылған банктік шоттарына валюталық түсімнің түскенін растайтын құжаттарды ұсынады.

4. Қазақстан Республикасының салық төлеушісі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды қайта өңдеу өнімдерін кейіннен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына өткізе отырып орындаған жағдайда, алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растау үшін Қазақстан Республикасының салық төлеушісі:

1) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің салық төлеушілері арасында жасалған шарттарды (келісімшарттарды);

2) алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растайтын құжаттарды;

3) Қазақстан Республикасының аумағына алыс-беріс шикізатының әкелінуін растайтын құжаттарды (оның ішінде қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттемені);

4) Қазақстан Республикасының аумағынан қайта өңдеу өнімдерінің әкетілуін растайтын құжаттарды (оның ішінде қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттеменің орындалуы);

5) тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына экспорттың кедендік рәсімінде әкету кезінде ресімделген тауарларға арналған декларацияның Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің кедендік декларациялауды жүзеге асырған кеден органы растаған көшірмесін;

6) салық органдарының ақпараттық жүйелерінде кеден органдарының тауарларды іс жүзінде әкету туралы хабарламасы бар электрондық құжат түріндегі, сондай-ақ тауарлар экспортын растайтын құжат болып табылатын тауарларға арналған декларацияны ұсынады. Осы тармақшада козделген электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларация болган кезде осы баптың 4-тармағының 5) тармақшасында белгіленген құжатты ұсыну

талап етілмейді;

7) осы Кодекстің 152-бабының 7-тармағында көзделген, салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде ашылған банктік шоттарына валюталық түсімнің түскенін растайтын құжаттарды;

8) тиісті уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы қорытындысын ұсынады.

5. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына қайта өңдеу өнімдерін кейіннен Қазақстан Республикасының аумағында өткізе отырып әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарға осы Кодекстің 422-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша қосылған құн салығы салынуға жатады.

6. Қазақстан Республикасының салық төлеушісі алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге әкелуді (әкетуді) жүзеге асырған жағдайда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орғанмен келісу бойынша уәкілетті орган бекіткен тәртіппен, нысан бойынша және мерзімдерде қайта өңдеу өнімдерін әкету (әкелу) туралы міндеттемені, сондай-ақ оның орындалуын ұсынады.

7. Алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу уәкілетті орган белгілеген тауарларды қайта өңдеу шарттарына сәйкес келуге тиіс.

8. Тиісті уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы қорытындысы мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

1) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тауарлар мен қайта өңдеу өнімдерінің атауы, сыныптамасы, олардың саны және құны;

2) қайта өңдеуге арналған шарттың (келісімшарттың) күні мен нөмірі, қайта өңдеу мерзімі;

3) қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормалары;

4) қайта өңдеу сипаттамасы;

5) қайта өңдеуді жүзеге асыратын тұлға туралы мәліметтер.

9. Тұлғаның уәжді сұрау салуы бойынша салық органының рұқсатымен, егер қайта өңдеу өнімдері өзінің сипаты, саны, құны, сапасы мен техникалық сипаттамалары бойынша қайта өңдеу өнімдеріне сәйкес келетін болса, оларды бұрын қайта өңдеуші өндірген тауарлармен алмастыруға жол беріледі.

450-бап Алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу мерзімі

1. Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағына әкетілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше

мемлекеттердің аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу мерзімі алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттың (келісімшарттың) талаптарына сәйкес айқындалады және алыс-беріс шикізатын есепке қабылдау және (немесе) тиеп-жөнелту күнінен бастап екі жылдан аспайды.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімнен асып кеткен жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағына қайта өңдеу үшін әкелінген алыс-беріс шикізаты салық салу мақсатында салық салынатын импорт деп танылады және тауарлар осы тарауға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген күннен бастап оған қосылған құн салығы салынуға жатады.

3. Көрсетілген баптың 1-тармағында белгіленген мерзімнен асып кеткен жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағына қайта өңдеу үшін әкетілген алыс-беріс шикізаты салық салу мақсатында өткізу бойынша салық салынатын айналым деп танылады және осы Кодекстің 393-бабының 3-тармағында және осы Кодекстің 447-бабының 2 және 3-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағынан алыс-беріс шикізаты әкетілген күннен бастап осы Кодекстің 422-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша оған қосылған құн салығы салынуға жатады.

Осы тармақтың мақсаттарында белгіленген мерзімдерде Қазақстан Республикасының аумағына қайта әкелінбеген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдерінің көлеміне тура келетін алыс-беріс шикізаты бойынша салық салынатын айналымның мөлшері халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген есеп саясаты негізінде осындай қайта өңдеу өнімдерінің өзіндік құнына енгізілген алыс-беріс шикізаты құнының мөлшерінде айқындалады.

Осы бапты қолдану мақсаттары үшін салық төлеушінің есепке алу саясатында белгіленген өзіндік құнды айқындау әдісі күнтізбелік бір жыл ішінде өзгертілуге жатпайды.

451-бап. Еуразиялық экономикалық одақта қосылған құн салығынан босатылған айналымдар мен импорт

1. Мыналарды:

1) егер Қазақстан Республикасы оларды өткізу орны болып табылса, осы Кодекстің 45-тарауында көрсетілген жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

2) Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген тауарды жөндеу бойынша, оны қалпына келтіруді, құрамдас бөліктерін ауыстыруды қоса алғанда,

көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылады.

Осы Кодекстің 441-бабының 3-тармағында көзделген құжаттар осы тармақшада көрсетілген қызметтердің көрсетілгенін растайтын құжаттар болып табылады.

Осы тармақшада көрсетілген қызметтердің тізбесін уәкілетті орган бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының салық төлеушісі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің салық төлеушісіне көрсететін халықаралық байланыс қызметтерін өткізу бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылады.

2. Мынадай тауарлар импорты қосылған құн салығынан босатылады:

1) осы Кодекстің 399-бабы 1-тармағының 1), 2), 4) – 13) және 15) тармақшаларында көзделген.

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде осы тармақшада көрсетілген тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату тәртібін уәкілетті орган айқындайды;

2) шартта (келісімшартта) көзделген кепілдендірілген қызмет көрсету шеңберінде импортталатын.

Тауарды сатып алуға негіз болған, кепілдендірілген қызмет көрсетуді көздейтін шарт (келісімшарт), тауарға ілеспе құжаттар, шартқа (келісімшартқа) қатысушылар растаған кінә қою және ақау актісі кепілдендірілген қызмет көрсету шеңберінде тауарлардың импортын растау болып табылады;

3) инвестициялық келісімшарт шеңберінде бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін:

шикізат және (немесе) материалдар мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша инвестициялар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен инвестициялық келісімшарт шеңберінде импорты қосылған құн салығынан босатылатын шикізат және (немесе) материалдар тізбесіне енгізілген;

әкелінген шикізатты және (немесе) материалдарды қосылған құн салығын төлеуші қызметті инвестициялық келісімшарт шеңберінде жүзеге асыру кезінде ғана талап қою мерзімінің шегінде пайдаланатын шикізат және (немесе) материалдар.

Инвестициялық келісімшарт шеңберінде шикізат және (немесе) материалдар импортын қосылған құн салығынан босату Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес жасалған инвестициялық келісімшартқа қосымша болып табылатын жұмыс бағдарламасында көзделген тіркелген активтер пайдалануға енгізілген айдың 1-күнінен бастап үздіксіз бес жыл бойғы мерзімге ұсынылады. Егер жұмыс бағдарламасында екі және одан

да көп тіркелген активтерді енгізу көзделген жағдайда, инвестициялық келісімшарт шеңберінде шикізат және (немесе) материалдар импортын қосылған құн салығын төлеуден босату мерзімін есептеу жұмыс бағдарламасы бойынша алғашқы тіркелген активті пайдалануға берілген айдың 1-күнінен бастап жүргізіледі.

Салық төлеуші импортталған тауарларды есепке қабылдаған күннен бастап бес жыл ішінде осы тармақшада белгіленген талаптар бұзылған жағдайда, импортталатын шикізат және (немесе) материалдар бойынша қосылған құн салығы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған тәртіппен және мөлшерде импортталатын тауарларға, оларды әкелген кезде қосылған құн салығын төлеу үшін белгіленген мерзімнен бастап өсімпұл есептеле отырып төленуге жатады;

4) мынадай шарттар сақталған кезде:

көлік құралдарын өндірушілерге қатысты – индустрия және индустриялық-инновациялық даму саласындағы уәкілетті органмен моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім болса;

ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілерге қатысты – индустрия және индустриялық-инновациялық даму саласындағы уәкілетті органмен ауыл шаруашылығы техникасын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім болса, инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен жасалған арнайы инвестициялық келісімшарт шеңберінде заңды тұлға еркін қойма кедендік рәсімімен орналастырған көлік құралдарының және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасының құрамындағы шикізат және (немесе) материалдар.

3. Қазақстан Республикасының аумағына бұрын әкелінген тауарлар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес импорт бойынша қосылған құн салығынан босатылғаннан өзге мақсаттарда пайдаланылған жағдайда, мұндай тауарлардың импорты бойынша қосылған құн салығы тауарды әкелген кезде қосылған құн салығын толеу үшін осы Кодексте белгіленген мерзімнің соңғы күніне төленуге жатады.

4. Қазақстан Республикасының салық төлеушісі – лизинг алушысы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің лизинг берушісіне лизинг шарты бойынша төлейтін сыйақы қосылған құн салығынан босатылады.

5. Инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен арнайы инвестициялық келісімшарт жасасқан заңды тұлға мынадай шарттар сақталған кезде:

1) тауарлар арнайы экономикалық аймақтың немесе еркін қойманың кедендік рәсімімен орналастырылса;

2) еркін кедендік аймақтың немесе еркін қойманың кедендік рәсімі ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен аяқталса;

3) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес дайын өнім құрамындағы тауарларды сәйкестендіру жүзеге асырылса, арнайы экономикалық аймақтың немесе еркін қойманың аумағында өндірілген дайын

өнім құрамындағы тауарлардың импорты кезінде қосылған құн салығын төлеуден босатуды қолдануға құқылы.

452-бап. Еуразиялық экономикалық одақта қосылған құн салығының сомаларын есепке жатқызу тәртібі

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, қосылған құн салығы осы Кодекстің 46-тарауында айқындалған тәртіппен есепке жатқызылады.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың импорты кезінде Қазақстан Республикасының бюджетіне белгіленген тәртіппен төленген импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығының сомасы есептелген және (немесе) есепке жазылған сомалар шегінде есепке жатқызылады.

Бюджетке төленген, бірақ осы Кодекстің 444-бабының 6-тармағына сәйкес айқындалатын салықтық кезең үшін салық салынатын импорттың мөлшеріне тура келетін қосылған құн салығының сомасынан аспайтын қосылған құн салығының сомасы лизинг шарты (келісімшарты) бойынша тауарлардың импорты кезінде есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы болып табылады. Бұл ретте алдыңғы салық кезеңдері үшін есепке жазылған (есептелген) және, оның ішінде осы Кодекстің 101, 102 және 103-баптарында айқындалған тәртіппен ағымдағы салықтық кезеңде есепке жатқызу арқылы төленген қосылған құн салығының сомалары ағымдағы салықтық кезеңде есепке жатқызылуға тиіс.

3. Қазақстан Республикасының салық төлеушісі – лизинг берушісі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің лизинг алушысы – салық төлеушісі алуға жататын тауарларды (лизинг нысаналарын) лизингке берген кезде Қазақстан Республикасының салық төлеушісі – лизинг берушісі есепке жатқызуға тиіс қосылған құн салығының сомасы тауарлардың (лизинг нысаналарының) құнына тура келетін бөлігінде сыйақыны есепке алмай әрбір лизингтік төлем бойынша айқындалады.

453-бап. Шот-фактура

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, шот-фактураларды жазып беру тәртібі осы Кодекстің 47-тарауына сәйкес айқындалады.

2. Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына тауарлардың экспорты жағдайында шот-фактура:

қағаз жеткізгіште – өткізу бойынша айналым жасалған күннен ерте емес және айналым жасалған күннен кейін күнтізбелік жеті күннен кешіктірілмей;

электрондық нысанда – өткізу бойынша айналым жасалған күннен ерте емес және айналым жасалған күннен кейін күнтізбелік жиырма күннен

кешіктірілмей жазып беріледі.

3. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына қайта өңдеу өнімдерін кейіннен басқа мемлекеттің аумағына әкету үшін әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындаған жағдайда, шот-фактура алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстардың орындалғандығын растайтын құжатқа қол қойылған күні жазып беріледі.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген жағдайларда жазып берілетін шот-фактура осы Кодекстің 412-бабының 5-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келуге, сондай-ақ онда:

1) өткізу бойынша айналым жасалған күн;

2) тұлғаны Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекетте сатып алушы салық төлеуші ретінде сәйкестендіретін нөмір көрсетілуге тиіс.

5. Қазақстан Республикасының салық төлеушісі – лизинг берушісі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің салық төлеушісі – лизинг алушысы алуға жататын тауарларды (лизинг нысанасын) лизингке берген кезде шот-фактура сыйақы есепке алынбай әрбір лизингтік төлемнің күніне лизинг шартында көзделген тауардың (лизинг нысанасының) бастапқы құнының бір бөлігі мөлшерінде, бірақ іс жүзінде алынған төлем сомасынан аспайтын мөлшерде жазып беріледі.

Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің – лизинг берушісінің сыйақы сомасы шот-фактурада жеке жолмен бөліп көрсетілуге тиіс.

6. Импорттаушы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарларды өткізген кезде шот-фактура электронды түрде салықтық кезеңнен кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмей жазып беріледі.

454-бап. Тауарлардың импорты кезінде қосылған құн салығын төлеушілерді айқындау ерекшеліктері

1. Егер тауарларды Қазақстан Республикасының салық төлеушісі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің салық төлеушісімен жасасқан шарт (келісімшарт) негізінде сатып алған жағдайда, қосылған құн салығын төлеуді тауарлар аумағына импортталған Қазақстан Республикасының салық төлеушісі (тауарлардың меншік иесі не комиссионер, сенім білдірілген өкіл, оператор) жүзеге асырады.

Осы тараудың мақсаты үшін тауарлардың меншік иесі деп тауарларға меншік құқығы бар немесе тауарларға меншік құқығының өтуі шартпен (келісімшартпен) көзделген тұлға түсінілуі керек.

2. Егер тауарларды Қазақстан Республикасының салық төлеушісі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің салық төлеушісімен жасасқан шарт (келісімшарт) негізінде сатып алған жағдайда және бұл ретте тауарлар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше үшінші

мемлекеттің аумағынан импортталса, қосылған құн салығын аумағына тауарлар импортталған Қазақстан Республикасының салық төлеушісі – тауарлардың меншік иесі төлейді.

3. Егер тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше бір мемлекеттің салық төлеушісі комиссия, тапсырма шарты негізінде Қазақстан Республикасының салық төлеушісіне өткізсе және тауарлар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше үшінші мемлекеттің аумағынан импортталса, қосылған құн салығын төлеуді аумағына тауарлар импортталған Қазақстан Республикасының салық төлеушісі – комиссионер, сенім білдірілген өкіл жүзеге асырады.

4. Егер Қазақстан Республикасының салық төлеушісі Қазақстан Республикасының басқа салық төлеушісі ұйымдастырған көрме-жәрмеңкелік саудада Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің салық төлеушісі Қазақстан Республикасының аумағына бұрын импорттаған, олар бойынша қосылған құн салығы төленбеген тауарларды сатып алған жағдайда, егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, қосылған құн салығын төлеуді Қазақстан Республикасының салық төлеушісі – тауарлардың меншік иесі не комиссионер, сенім білдірілген өкіл (оператор) жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ұйымдастырған көрме-жәрмеңкелік саудада Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына бұрын импортталған, олар бойынша қосылған құн салығы төленбеген тауарларды Қазақстан Республикасының салық төлеушісі сатып алған кезде қосылған құн салығын төлеуді бейрезидентпен оларды сатып алу-сату шарттары (келісімшарттары) болған кезде тауарлардың меншік иесі жүзеге асырады.

Тауарларды сатып алуға-сатуға арналған шарттар (келісімшарттар) болмаған кезде мұндай тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеуді көрме-жәрмеңкелік сауданы ұйымдастырған Қазақстан Республикасының салық төлеушісі жүзеге асырады.

Көрме-жәрмеңкелік сауданы ұйымдастыратын Қазақстан Республикасының салық төлеушісі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден саудаға қатысушылардың тізімін қоса тіркей отырып, оны өткізерден он жұмыс күні бұрын орналасқан жері бойынша салық органын осындай сауда өткізілетіні туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

Көрме-жәрмеңкелік сауда бойынша қосылған құн салығының төленуін бақылау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

5. Егер тауарлар Қазақстан Республикасының салық төлеушісі мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің салық төлеушісі арасындағы шарт негізінде сатып алынған жағдайда және бұл ретте тауарлар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағынан импортталса, қосылған құн салығын аумағына тауарлар импортталған Қазақстан Республикасының салық төлеушісі – тауарлардың меншік иесі не комиссионер, сенім білдірілген өкіл (оператор) төлейді.

455-бап. Еуразиялық экономикалық одақта комиссия (тапсырма) шарттары бойынша тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағына импорты кезінде қосылған құн салығын есептеу ерекшеліктері

1. Комиссионер (сенім білдірілген өкіл) тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына комиссия (тапсырма) шарттары негізінде әкелген кезде импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын есептеу және бюджетке аудару жөніндегі міндет комиссионерге (сенім білдірілген өкілге) жүктеледі.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлар бойынша комиссионер (сенім білдірілген өкіл) төлеген қосылған құн салығының сомасы осындай тауарларды сатып алушы комиссионер (сенім білдірілген өкіл) сатып алушының атына жазып берген шот-фактураның, сондай-ақ импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларация көшірмесінің және осы Кодекстің 456-бабының 8-тармағында козделген, салық органының белгісі бар тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш көшірмесінің негізінде есепке жатқызылуға тиіс.

2. Комиссионердің өз атынан және комитент есебінен тауарларды өткізуі, жұмыстарды орындауы немесе қызметтер көрсетуі комиссионердің өткізу бойынша айналымы болып табылмайды.

3. Сенім білдірілген өкілдің сенім білдірушінің атынан және есебінен тауарларды өткізуі, жұмыстарды орындауы немесе қызметтер көрсетуі сенім білдірілген өкілдің өткізу бойынша айналымы болып табылмайды.

4. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің салық төлеушісі-комитент (сенім білдіруші) пен Қазақстан Республикасының аумағында тауарларды өткізетін Қазақстан Республикасының салық төлеушісі-комиссионер (сенім білдірілген өкіл) арасында жасалған комиссия (тапсырма) шарттары бойынша Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлар бойынша шот-фактураларды жазып беруді комиссионер (сенім білдірілген өкіл) жүзеге асырады. Бұл ретте шот-фактура өнім берушінің «комиссионер» («сенім білдірілген өкіл») деген мәртебесін көрсете отырып жазып беріледі.

Комиссионер (сенім білдірілген өкіл) сатып алушыға жазып беретін шот-фактурада осы Кодекстің 412-бабы 5-тармағының 1) – 7) тармақшаларында белгіленген деректемелер, тауарлардың қосылған құн салығын есепке алмағандағы құны, сондай-ақ шот-фактураға қоса берілетін тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің нөмірі мен күні көрсетілуге тиіс.

Импортталатын тауарлар бойынша комиссионер (сенім білдірілген өкіл) төлеген қосылған құн салығының сомасы шот-фактурада жеке жолмен

бөліп көрсетіледі.

Мұндай шот-фактураға комиссионерден (сенім білдірілген өкілден) алынған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің көшірмесі мен тауарларды импорттаған кезде комиссионер (сенім білдірілген өкіл) төлеген қосылған құн салығын есепке жатқызу үшін негіз болып табылатын импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияның көшірмесі қоса беріледі.

Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың импорты кезінде комиссионер (сенім білдірілген өкіл) төлеген импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын комиссионер (сенім білдірілген өкіл) есепке жатқызбайды.

5. Импортталған тауарларды комиссионер (сенім білдірілген өкіл) есепке қабылдаған күн комиссия (тапсырма) шарттары негізінде тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелген кезде салық салынатын импорттың жасалған күні болып табылады.

Осы тармақтың мақсаттары үшін комитент (сенім білдіруші) комиссионердің (сенім білдірілген өкілдің) атына жасаған тауарлардың берілгенін растайтын бастапқы құжаттың күні есепке қабылдаған күн болып табылады.

6. Комиссия (тапсырма) шартының талаптарына сәйкес келетін жағдайларда тауарларды өткізген, жұмыстарды орындаған, қызметтерді көрсеткен кезде комиссионердің (сенім білдірілген өкілдің) салық салынатын айналымының мөлшері комиссия (тапсырма) шарты бойынша сыйақы негізінде айқындалады.

456-бап. Еуразиялық экономикалық одақта тауарлардың импорты кезінде қосылған құн салығын есептеу және төлеу тәртібі

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, Еуразиялық экономикалық одақта қосылған құн салығын есептеу және төлеу тәртібі осы Кодекстің 48-тарауына сәйкес айқындалады.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың, оның ішінде алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдері болып табылатын тауарлардың импорты кезінде салық төлеуші орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органына импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі, оның ішінде лизинг шарттары (келісімшарттары) бойынша декларацияны, егер осы тармақта озгеше белгіленбесе, салықтық кезеңнен кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей, қағаз жеткізгіште және электрондық нысанда не тек электрондық нысанда ұсынуға міндетті.

Салық төлеуші салық органына импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларациямен бір мезгілде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті (өтініштерді) қағаз жеткізгіште (төрт данада) және электрондық нысанда не тек электрондық нысанда.

Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің нысанын, оны толтыру және ұсыну қағидаларын уәкілетті орган бекітеді;

2) импортталған тауарлар бойынша жанама салықтардың іс жүзінде төленгенін растайтын банктің үзінді көшірмесін және (немесе) Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында көзделген, импортталған тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу жөніндегі салықтық міндеттеменің орындалуын растайтын өзге де төлем құжатын немесе уәкілетті орган берген, салық төлеушіге салық төлеу мерзімін өзгертуге құқық берілгенін растайтын өзге де құжатты немесе осы Кодекстің 451-бабының талаптарын ескере отырып, қосылған құн салығынан босатылғанын растайтын құжатты.

Бұл ретте көрсетілген құжаттар қосылған құн салығын төлеудің өзге тәртібінде, сондай-ақ салық төлеуші салық және бюджетке төленетін төлемдердің басқа түрлері бойынша аталған артық төленген сомаларды есепке жатқызуға немесе есептік шотқа қайтаруға өтініш бермеген кезде импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығы бойынша алдағы толемдер есебіне жатқызылуға тиісті импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығы бойынша жеке шоттарда артық төленген толемдер болған жағдайда ұсынылмайды.

Лизинг шарттары (келісімшарттары) бойынша осы тармақшада көрсетілген құжаттар есепті салықтық кезеңге келетін лизинг шартында (келісімшартында) көзделген лизингтік төлемнің мерзімі бойынша осы тармақта белгіленген мерзімде ұсынылады;

3) тауарлардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше бір мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына өткізілгенін растайтын тауарға ілеспе және (немесе) өзге де құжаттарды. Егер тауарлардың жекелеген түрлерінің өткізілуі, оның ішінде тауарлардың көлік құралдарын пайдаланбай өткізілуі үшін мұндай құжаттарды ресімдеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмесе, көрсетілген құжаттар ұсынылмайды;

4) егер оларды ұсыну (жазып беру) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген жағдайда, тауарларды тиеп-жөнелту кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес ресімделген шот-фактураларды.

Егер шот-фактураларды ұсыну (жазып беру) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасында көзделмеген болса не тауарлар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекет болып табылмайтын мемлекеттің салық төлеушісінен сатып алынса, онда шот-фактуралардың орнына сатушы ұсынған (жазып берген), импортталған тауарлардың құнын растайтын өзге құжат ұсынылады;

5) солардың негізінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлар сатып алынған шарттарды (келісімшарттарды), тауарлар лизингі (лизинг нысаналары) жағдайында – лизинг шарттарын (келісімшарттарын), заттар түрінде қарыз берілген жағдайда – қарыз шарттарын, тауарларды дайындау туралы шарттарды (келісімшарттарды), алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттарды (келісімшарттарды);

6) Қазақстан Республикасының салық төлеушісіне Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің салық төлеушісі не Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің салық төлеушісі ұсынған, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше үшінші мемлекеттің аумағынан импортталған тауарларды өткізетін ұйымның басшысы (дара кәсіпкер) қол қойған және ұйымның мөрімен расталған, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше үшінші мемлекеттің салық төлеушісі және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше осы үшінші мемлекеттің салық төлеушісімен импортталған тауарды сатып алу туралы жасалған шарт (келісімшарт) туралы мынадай:

тұлғаны Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің салық төлеушісі ретінде сәйкестендіруші нөмір;

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің салық төлеушісінің (ұйымның, дара кәсіпкердің) атауы;

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің салық толеушісінің орналасқан (тұрғылықты) жері;

келісімшарттың (шарттың) нөмірі мен күні;

ерекшелік нөмірі мен күні туралы мәліметтерді қамтыған ақпараттық хабарламаны (осы Кодекстің 454-бабының 2, 3, 4 және 5-тармақтарында көзделген жағдайларда).

Егер одан тауар сатып алынатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің салық төлеушісі өткізетін тауардың меншік иесі болмаған жағдайда (комиссионер, сенім білдірілген өкіл болып табылса), онда осы тармақшаның бірінші бөлігінің екінші – алтыншы абзацтарында көрсетілген мәліметтер өткізілетін тауардың меншік иесіне қатысты да ұсынылады.

Ақпараттық хабарлама шет тілінде ұсынылған жағдайда қазақ және орыс тілдеріне аудармасының болуы міндетті.

Егер осы тармақшада көзделген мәліметтер осы тармақтың екінші бөлігінің 5) тармақшасында көрсетілген шартта (келісімшартта) қамтылса, ақпараттық хабарлама ұсынылмайды;

7) комиссия немесе тапсырма шарттарын (келісімшарттарын) (олар жасалған жағдайда);

8) солардың негізінде комиссия немесе тапсырма шарттары бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлар сатып алынған шарттарды (келісімшарттарды) (қосылған құн салығын комиссионер, сенім

білдірілген өкіл төлейтін жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 454-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларда).

Бөлшек саудамен сатып алу-сату жағдайында осы тармақтың екінші бөлігінің 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттар болмаған кезде Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлардың алынғанын (не сатып алынғанын) растайтын құжаттар (оның ішінде бақылау-касса машинасының чектері, тауар чектері, сатып алу актілері) ұсынылады.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 2) – 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттар салық төлеушінің басшысы мен бас бухгалтерінің (ол бар болған кезде) не салық төлеушінің шешімі бойынша оған уәкілеттік берілген өзге де адамдардың қолтаңбаларымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша салық төлеушінің мөрі болмаған жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің мөрімен расталған көшірмелерде ұсынылуы мүмкін.

Бұл ретте көрсетілген құжаттардың көшірмелері соңғы парағында парақтардың жалпы саны көрсетіле отырып, тігілген, нөмірленген және соңғы парағын салық төлеушінің басшысы мен бас бухгалтерінің (ол болған кезде) не салық төлеушінің шешімі бойынша оған уәкілеттік берілген өзге де адамдардың қолтаңбаларымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша салық төлеушінің мөрі болмаған жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің мөрімен расталған кітап (кітаптар) түрінде ұсынылуы мүмкін.

Лизинг шарттары (келісімшарттары) бойынша салық төлеуші салық органына импортталған тауарларды (лизинг нысаналарын) есепке қабылдаған айдан – салықтық кезеңнен кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларациямен бір мезгілде осы тармақтың екінші бөлігінің 1) – 8) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсынады. Кейіннен салық төлеуші салық органына лизинг шартында (келісімшартында) көзделген төлем мерзімінің айынан – салықтық кезеңнен кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларациямен бір мезгілде осы тармақтың екінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген құжаттарды (олардың көшірмелерін) ұсынады.

Егер лизинг шартында (келісімшартында) көзделген тауарлар (лизинг нысаналары) құнының бір бөлігін төлеу мерзімі тауарларды (лизинг нысаналарын) Қазақстан Республикасының аумағына әкелгеннен кейін басталған жағдайда, салық төлеуші салық органына импортталған тауарларды (лизинг нысаналарын) есепке қабылдаған айдан – салықтық кезеңнен кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларациямен бір мезгілде осы тармақтың екінші бөлігінің 1), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсынады. Бұл ретте салық төлеуші импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар

жөніндегі декларацияда және тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініште қосылған құн салығы бойынша салықтық базаны көрсетпейді.

Егер лизинг шарты (келісімшарты) бойынша тауарлар (лизинг нысаналары) құнының бір бөлігін төлеу мерзімінің күні тауарларды (лизинг нысаналарын) Қазақстан Республикасының аумағына әкелген күнге дейін белгіленген жағдайда, салық төлеуші салық органына импортталған тауарларды (лизинг нысаналарын) есепке қабылдаған айдан – салықтық кезеңнен кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларациямен бір мезгілде осы тармақтың екінші бөлігінің 1) – 5) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсынады.

Кейіннен салық төлеуші салық органына лизинг шартында (келісімшартында) көзделген толем мерзімінің айынан – салықтық кезеңнен кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей, импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларациямен бір мезгілде осы тармақтың екінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген құжаттарды (олардың көшірмелерін) ұсынады.

Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияның нысанын, оны жасау және ұсыну қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.

3. Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияны қағаз жеткізгіште және электрондық нысанда, тауарларды әкелу және жанама салықтарды толеу туралы өтінішті (өтініштерді) қағаз жеткізгіште (төрт данада) және электрондық нысанда:

1) тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын тұлғалар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен қосылған құн салығын төлеуден босата отырып және (немесе) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өзге төлеу тәсілімен;

2) осы Кодекстің 458-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда салық төлеуші;

3) осы Кодекстің 444-бабының 8-тармағында козделген жағдайда салық төлеуші ұсынады.

4. Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларация мен тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (өтініштер) электрондық нысанда ғана ұсынылған кезде осы баптың 2-тармағы екінші бөлігінің 2) – 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттар ұсынылмайды.

Осы тармақтың ережесі осы баптың 3-тармағында белгіленген жағдайларда қолданылмайды.

5. Импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығы салық төлеушілердің орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салықтық кезеңнен

кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмей төленеді.

Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияда төлеуге есептелген жанама салықтардың сомасы тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініште (өтініштерде) есептелген жанама салықтардың сомасына сәйкес келуге тиіс.

Импортталған тауарлардың бағасы осы Кодекстің 444-бабының 8-тармағына сәйкес ұлғайту жағына өзгертілген жағдайда импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығы шартқа (келісімшартқа) қатысушылар импортталған тауарлардың бағасын өзгерткен айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмей төленеді.

6. Тауарларды, оның ішінде алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдері болып табылатын тауарларды, лизинг шарттары (келісімшарттары) бойынша тауарларды (лизинг нысаналарын) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорттау кезінде жанама салықтарды есептеу мен төлеуге арналған салықтық кезең осындай импортталған тауарлар есепке қабылданған немесе лизинг шартында (келісімшартында) көзделген толем мерзімі басталатын күнтізбелік ай болып табылады.

Бұл ретте салықтық міндеттемені салықтық кезең ішінде орындауға жол беріледі.

7. Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларация осы Кодекстің 209-бабының 5-тармағында көрсетілген жағдайларда, сондай-ақ тауарларды әкелу және жанама салықтарды толеу туралы өтініш ұсынылмаған жағдайда салық орғандарына ұсынылмаған болып есептеледі.

Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш осы Кодекстің 209-бабының 5-тармағында көрсетілген жағдайларда, сондай-ақ импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларация ұсынылмаған жағдайда салық органдарына ұсынылмаған болып есептеледі.

8. Салық органдарының тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініште импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеу фактісін тиісті белгі қою арқылы растауы не растаудан уәжді бас тартуы уәкілетті орган көздеген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.

Қағаз жеткізгіште және электрондық нысанда ұсынылған өтініштер бойынша қосылған құн салығын төлеу фактісін растауды салық органы өтініш қағаз жеткізгіште келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде осындай өтінішке тиісті белгі қою арқылы жүргізеді.

Осы баптың 4-тармағына сәйкес ұсынылған өтініштер бойынша қосылған құн салығын төлеу фактісін растауды салық органы өтініш электрондық нысанда келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде салық төлеушіге жанама салықтарды төлеу фактісін растау туралы электрондық нысанда хабарлама жіберу арқылы жүргізеді.

9. Қағаз жеткізгіште және электрондық нысанда ұсынылған өтініштер бойынша қосылған құн салығын төлеу фактісін растаудан бас тартуды салық органы өтініш қағаз жеткізгіште келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде салық төлеушіге қағаз жеткізгіште уәжді бас тартуды жіберу арқылы жүргізеді.

Осы баптың 4-тармағына сәйкес ұсынылған өтініштер бойынша қосылған құн салығын төлеу фактісін растаудан бас тартуды салық органы өтініш электрондық нысанда келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде салық төлеушіге электрондық нысанда уәжді бас тартуды жіберу арқылы жүргізеді.

10. Осы баптың 9-тармағында көрсетілген жағдайларда, салық төлеуші салық органына уәжді бас тартуды алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде бұзушылықтарды жоя отырып, тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті ұсынуға міндетті.

11. Осы Кодекстің 444-бабының 8-тармағына сәйкес импортталған тауарлардың бағасы ұлғайту жағына өзгертілген жағдайда, импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларация және тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш қағаз жеткізгіште және электрондық нысанда шартқа (келісімшартқа) қатысушылар импортталған тауарлар бағасын өзгерткен айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

Бұл ретте импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияда және тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініште сатып алынған импортталған тауарлардың өзгертілген құны көрсетіледі.

Бағаны өзгерту туралы шарт (келісімшарт), салық салынатын импорт және қосылған құн салығы бойынша өзгертілген мән қамтылған қосымша шот-фактура (егер шот-фактураны ұсыну (жазып беру) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасында көзделсе) және (немесе) импортталған тауарлар бағасының өзгергенін растайтын өзге де құжат импортталған тауарлар бағасының ұлғайғанын растайтын құжаттар болып табылады.

457-бап. Еуразиялық экономикалық одақта тауарлардың экспорты кезінде қосылған құн салығын есептеу және төлеу тәртібі

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге тауарлардың экспорты немесе алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде қосылған құн салығын төлеуші салық органына осы Кодекстің 424-бабында көзделген қосылған құн салығы бойынша декларациямен бір мезгілде қосылған құн салығы бойынша декларацияға қосымша болып табылатын өтініштердің тізбесін ұсынуға міндетті.

2. Салық төлеушілері тауарларды импорттаған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің салық органдарынан тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш электрондық нысанда алынған жағдайда, тауарлардың экспортын жүзеге асырған Қазақстан Республикасының салық төлеушісіне Қазақстан Республикасының салық органы осындай өтінішті алғандығы туралы хабарлама жібереді.

Осы тармақта көрсетілген хабарлама осындай өтініш келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жіберіледі.

3. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш Қазақстан Республикасының салық органына тауарлардың экспорты кезінде оларды өткізу бойынша, алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар орындалған жағдайда жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым жасалған күннен бастап күнтізбелік бір жүз сексен күн ішінде электрондық нысанда келіп түспеген кезде қосылған құн салығын төлеуші осы Кодекстің 425-бабында көзделген мерзімде осы Кодекстің 422-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша салық төлеуге міндетті.

Осы тармақта көрсетілген қосылған құн салығы сомаларын есептеуді салық органы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүргізеді.

4. Осы баптың 3-тармағына сәйкес есептелген қосылған құн салығының сомалары уақтылы және толық төленбеген жағдайда, салық органы осы Кодексте айқындалған тәртіппен мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттемені орындауды қамтамасыз ету тәсілдерін және мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданады.

5. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш Қазақстан Республикасының салық органына осы баптың 3-тармағында көзделген мерзім өткен соң электрондық нысанда келіп түскен жағдайда, қосылған құн салығының төленген сомалары осы Кодекстің 101 және 102-баптарына сәйкес есепке жатқызылуға және қайтарылуға жатады.

Бұл ретте осы баптың 4-тармағына сәйкес есептелген өсімпұлдың төленген сомалары қайтарылуға жатпайды.

458-бап. Еуразиялық экономикалық одақта тауарлардың импорты кезінде тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті кері қайтарып алу

1. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш салық төлеушінің орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органына ұсынылған салық төлеушінің салықтық есептілікті кері қайтарып алу туралы салықтық өтініші негізінде салық органдарынан кері қайтарылуға жатады.

2. Салық төлеуші осы баптың 1-тармағында көрсетілген салықтық өтінішті:

1) тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш қате ұсынылған;

2) тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішке өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларда, оның ішінде осы Кодекстің 459-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда;

3) осы Кодекстің 459-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті кері қайтарып алу жағдайларында ұсынуға құқылы.

3. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті кері қайтарып алу мынадай:

1) қате ұсынылған немесе тиісті сапада және (немесе) жинақта болмауы себебінен толық көлемде қайтарылған импортталған тауарлар бойынша ұсынылған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштер бойынша қолданылатын салықтық есептілікті қабылдау және өңдеу жүйесінің орталық торабынан алып тастау;

2) тауарларды әкелу және жанама салықтарды толеу туралы өтінішке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді салық төлеуші бір мезгілде жаңа өтінішті ұсына өтырып, бұрын ұсынылған өтінішті кері қайтарып алу арқылы жүргізетін ауыстыру әдістерінің бірімен жүргізіледі.

Осы тармақтың мақсаттарында тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш, егер мұндай өтінішті ұсыну жөніндегі міндет осы Кодексте көзделмеген жағдайда, қате ұсынылған болып есептеледі.

4. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішке өзгерістер мен төлықтырулар енгізумен бір мезгілде салық төлеуші импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі қосымша декларацияны ұсынуға міндетті.

Осы тараудың мақсаттарында тұлға бұрын ұсынылған салықтық есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде осы тұлға салық төлеуші болып табылатын осы импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі өзгерістер және (немесе) толықтырулар жататын кезең үшін ұсынатын салықтық есептілік импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі қосымша декларация болып табылады.

Бұл ретте тұлға бұрын ұсынылған салықтық есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде салық органы осы тұлға салық төлеуші болып табылатын импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған кезең үшін ұсынатын салықтық есептілік хабарлама бойынша импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі қосымша декларация болып табылады.

5. Салық төлеушінің тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішке:

1) тексерілетін салық кезеңі – қосылған құн салығы және салықтық тексеру жүргізуге арналған нұсқамада көрсетілген акциздер бойынша кешенді

тексерулер мен тақырыптық тексерулер жүргізу кезеңінде;

2) шағым жасалатын салық кезеңі – қосылған құн салығы және салық төлеушінің шағымында көрсетілген акциздер бойынша шағым берудің қалпына келтірілген мерзімін ескере отырып, тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағым беру және оны қарау мерзімі кезеңінде өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне жол берілмейді.

6. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті кері қайтарып алу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

459-бап. Тауарлардың импорты кезінде төленген қосылған құн салығының сомаларын түзету тәртібі

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлардың тиісті сапада және (немесе) жинақта болмауы себебінен өсындай тауарларды әкелінген ай өткенге дейін ішінара және (немесе) толық қайтару жүзеге асырылған жағдайда, осындай тауарлар жөніндегі мәліметтер импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияда, сондай-ақ тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініште көрсетілмейді.

2. Тауарлар тиісті сапада және (немесе) жинақта болмауы себебінен осындай тауарлар әкелінген ай өткеннен кейін ішінара қайтарылған кезде осындай тауарлар жөніндегі мәліметтер импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі қосымша декларацияда, сондай-ақ кері қайтарып алынған өтініштің орнына ұсынылған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініште көрсетілуге тиіс.

3. Тауарлар тиісті сапада және (немесе) жинақта болмауы себебінен осындай тауарлар әкелінген ай өткеннен кейін толық қайтарылған кезде осындай тауарлар жөніндегі мәліметтер импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі қосымша декларацияда көрсетілуге жатады. Осындай тауарлар бойынша ұсынылған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш осы Кодекстің 458-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес алып тастау әдісімен кері қайтарып алынады.

4. Осы баптың мақсаттарында мыналар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлардың тиісті сапада және (немесе) жинақта болмауы себебінен толық және (немесе) ішінара қайтарылуын растайтын құжаттар болып табылады:

1) экспорттаушы салық төлеушімен және импорттаушы салық төлеушімен келісілген, тиісті сапада және (немесе) жинақта болмауы себебінен қайтарылуға жататын импортталған тауарлардың саны туралы мәліметтерді қамтитын кінә қою;

2) тауарды қабылдап алу-беру актілері (қайтарылған тауарларды

тасымалдау болмаған жағдайда);

3) көліктік (тауарға ілеспе) құжаттар (қайтарылған тауарлар тасымалданған жағдайда);

4) жою актілері (тауарлар жойылған жағдайда).

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелері қағаз жеткізгіште салық органына осы Кодекстің 456-бабы 2-тармағы екінші бөлігінің 2) – 8) тармақшаларында көзделген құжаттармен бір мезгілде ұсынылады.

5. Мыналарға қосылған құн салығы салынбайды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген табиғи кему нормалары шегінде салық төлеуші шеккен тауарлардың шығыны;

2) тауарлардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан туындаған бүлінуі.

Осы баптың мақсаттары үшін салдарынан тауар жойылған немесе жоғалған оқиға тауар шығыны деп түсініледі. Тауардың бүлінуі тауардың бүкіл немесе жекелеген сапасының (қасиетінің) нашарлауын білдіреді, оның салдарынан осы тауарды салық салынатын айналым мақсаттары үшін пайдалану мүмкін емес.

11-БӨЛІМ. АКЦИЗДЕР

51-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

460-бап. Акциздерді қолдану

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын, осы Кодекстің 462-бабында көрсетілген тауарларға акциздер салынады.

461-бап. Төлеушілер

1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының аумағында акцизделетін тауарлар шығаратын;

2) акцизделетін тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын;

3) Қазақстан Республикасының аумағында бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын котерме, бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын;

4) осы Кодекстің 462-бабы бірінші бөлігінің 5) – 7) тармақшаларында көрсетілген және олар бойынша акциз Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұрын төленбеген, Қазақстан Республикасының аумағында тәркіленген, иесіз, мұрагерлік құқығы

бойынша мемлекетке өткен және мемлекет меншігіне өтеусіз берілген акцизделетін тауарларды өткізуді жүзеге асыратын;

5) осы Кодекстің 462-бабында көрсетілген және олар бойынша акциз Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұрын төленбеген, акцизделетін тауарлардың мүліктік массасын өткізуді жүзеге асыратын;

6) осы Кодекстің 462-бабы бірінші бөлігінің 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды жинауды (жинақтауды) жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар акциз төлеушілер болып табылады.

2. Кәсіпкерлік қызмет мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан акцизделетін тауарларды импорттайтын жеке тұлғалар да акциз төлеушілер болып табылады.

Акцизделетін тауарларды кәсіпкерлік қызмет мақсатында импортталатындарға жатқызу өлшемшарттарын уәкілетті орган белгілейді.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері ескеріле отырып, бейрезидент-заңды тұлғалар мен олардың құрылымдық бөлімшелері де акциз төлеушілер болып табылады.

4. Осы Кодекстің 462-бабы бірінші бөлігінің 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген тәркіленген, иесіз, мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен және мемлекет меншігіне өтеусіз берілген акцизделетін тауарларды өткізуді, Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын салуды және шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар акциздерді төлеушілер болып табылмайды.

462-бап. Акцизделетін тауарлардың тізбесі

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, мыналар акцизделетін тауарлар болып табылады:

1) спирттің барлық түрлері;

2) алкоголь өнімі;

3) темекі бұйымдары;

4) қыздырылатын темекісі бар өнімдер, электрондық сигареттерде пайдалануға арналған құрамында никотині бар сұйықтық;

5) бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны;

6) шағын автобустарды, автобустар мен троллейбустарды қоспағанда, қозғалтқышының көлемі 3000 текше сантиметрден асатын, 10 және одан да көп адам тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары;

қозғалтқышының көлемі 3000 текше сантиметрден асатын, адамдар тасымалдауға арналған жеңіл автомобильдер және өзге де моторлы көлік құралдары (арнайы мүгедектерге арналған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқару адаптері бар автомобильдерден басқа);

қозғалтқышының көлемі 3000 текше сантиметрден асатын, жүкке

арналған платформасы және жүк бөлігінен қатты стационарлық қабырғамен бөлінген жүргізуші кабинасы бар жеңіл автомобиль шассиіндегі моторлы көлік құралдары (арнайы мүгедектерге арналған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқару адаптері бар автомобильдерден басқа);

7) шикі мұнай, газ конденсаты;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген, құрамында спирті бар медициналық мақсаттағы өнім.

Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын импортталатын тауарлардың қосымша тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен айқындайды.

Осы баптың екінші бөлігіне сәйкес айқындалған импортталатын тауарлардың қосымша тізбесінде көрсетілген тауарларға акциздердің мөлшерлемелерін сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

463-бап. Акциздердің мөлшерлемелері

1. Акциздердің мөлшерлемелері заттай түрдегі олшем бірлігіне абсолюттік сомада белгіленеді.

2. Алкоголь өніміне акциздердің мөлшерлемелері осы баптың 1-тармағына сәйкес не оның құрамындағы сусыз (жүз пайыздық) спирттің көлемдік үлесіне қарай бекітіледі.

3. Спирттің барлық түріне және шарап материалына акциз мөлшерлемелері спиртті және шарап материалын одан әрі пайдалану мақсаттарына қарай сараланады.

4. Акциз сомаларын есептеу мынадай мөлшерлемелер бойынша жүргізіледі:

1) осы Кодекстің 462-бабы бірінші бөлігінің 1) – 4), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген акцизделетін тауарларға:

Р/с №	ЕАЭО СЭҚ ТН коды	Акцизделетін тауарлардың түрлері	Акциздердің мөлшерлемелері (олшем бірлігі үшін теңгемен)
1	2	3	4
1.	2207-ден	80 көлемдік пайыз немесе одан жоғары спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті (алкоголь өнімін, емдік және фармацевтикалық препараттарды өндіру үшін өткізілетін немесе пайдаланылатын, белгіленген	600 теңге/литр

		квоталар шегінде мемлекеттік медициналық мекемелерге берілетін денатураттalмаған этил спиртінен басқа), этил спирті және кез келген концентрациядағы денатураттalған өзге де спирттер (ішкі нарықта тұтыну үшін денатураттalған отындық этил спиртінен (этанолдан) басқа (түссіз емес, боялған))	
2.	2207-ден	Денатураттalған отындық этил спирті (этанол) (түссіз емес, ішкі нарықта тұтыну үшін боялған)	1,0 теңге/литр
3.	2208-ден	Денатураттalмаған этил спирті, спирт тұнбалары және 80 көлемдік пайыздан төмен спирт концентрациясы бар өзге де спиртті ішімдіктер (алкоголь өнімін, емдік және фармацевтикалық препараттарды өндіру үшін өткізілетін немесе пайдаланылатын, белгіленген квоталар шегінде мемлекеттік медициналық мекемелерге берілетін денатураттalмаған этил спиртінен басқа)	750 теңге/литр 100% спирт
4.	2207-ден	Алкоголь өнімін өндіру үшін өткізілетін немесе пайдаланылатын 80 көлемдік пайыз немесе одан жоғары спирт концентрациясы бар денатураттalмаған этил спирті	0 тецге/литр
5.	2208-ден	Денатураттalмаған этил спирті, алкоголь өнімін өндіру үшін өткізілетін немесе пайдаланылатын, спирт тұнбалары және 80 көлемдік пайыздан төмен спирт концентрациясы бар озге де спиртті ішімдіктер	75 теңге/литр 100% спирт
6.	3003, 3004-ден	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген, құрамында спирті бар медициналық мақсаттағы өнім	500 теңге/литр 100% спирт
7.	2208	Алкоголь өнімі (коньяктан, брендиден, шараптан, шарап материалынан, сырадан және сыра сусынынан басқа)	2550 теңге/литр 100% спирт
8.	2208	Коньяк, бренди	250 теңге/литр 100% спирт

9.	2204, 2205, 2206 00	Шараптар	35 теңге/литр
10.	2204, 2205, 2206 00-ден	Шарап материалы (этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру үшін өткізілетіннен немесе пайдаланылатыннан басқа)	170 теңге/литр
11.	2204, 2205, 2206 00-ден	Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру үшін өткізілетін немесе пайдаланылатын шарап материалы	0 теңге/литр
12.	2203 00	Сыра және сыра сусыны	57 теңге/литр
13.	2202 90 100 1	Құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 пайыздан аспайтын сыра	0 теңге/литр
14.	2402-ден	Фильтрлі сигареттер	12 300 теңге/ 1 000 дана
15.	2402-ден	Фильтрсіз сигареттер, папиростар	12 300 теңге/ 1 000 дана
16.	2402-ден	Сигариллалар	6 225 теңге/ 1 000 дана
17.	2402-ден	Сигаралар	750 теңге/дана
18.	2403-тен	Құрамында никотині бар фармацевтикалық өнімді қоспағанда, тұтыну ыдысына қапталған және түпкілікті тұтынуға арналған түтіктік, шегетін, шайнайтын, соратын, иіскейтін, қорқорлы және өзге де темекі	7345 теңге/ килограмм
19.	2709 00-ден	Шикі мұнай, газ конденсаты	0 теңге/тонна
20.	8702-ден	Микроавтобустарды, автобустар мен троллейбустарды қоспағанда, 10 және одан көп адамды тасымалдауға арналған, қозғалтқышының көлемі 3000 текше см.-ден асатын моторлы көлік құралдары	100 теңге/текше см
	8703-тен	Қозғалтқышының көлемі 3000 текше см.-ден асатын, негізінен адамдарды тасымалдауға арналған жеңіл автомобильдер және өзге де моторлы көлік құралдары (арнайы мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын немесе қолмен басқару адаптері бар автомобильдерден басқа)	
	8704-тен	Қозғалтқышының көлемі 3000 текше см.-ден асатын, жүкке арналған	

		платформасы және жүк бөлігінен қатты стационарлық қабырғамен бөлінген жүргізуші кабинасы бар жеңіл автомобиль шассиіндегі моторлы көлік құралдары (арнайы мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын немесе қолмен басқару адаптері бар автомобильдерден басқа)	
21.	2403	Қыздырылатын темекісі бар бұйымдар (қыздырылатын темекі таяқшасы, темекісі бар қыздырылатын капсула және тағы басқалар)	7345 теңге/1 кг темекі қоспасы
22.	3824	Электрондық сигареттерде пайдалануға арналған картриджердегі, резервуарлардағы және басқа да контейнерлердегі құрамында никотин бар сұйықтық	5 теңге/ сұйықтық миллилитрі

2) осы Кодекстің 462-бабы бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көрсетілген акцизделетін тауарларға акциздер мөлшерлемелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескертпе.

Тауар номенклатурасы Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының кодымен және (немесе) тауардың атауымен айқындалады.

52-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӨНДІРІЛЕТІН, ӨТКІЗІЛЕТІН АКЦИЗДЕЛЕТІН ТАУАРЛАРҒА САЛЫҚ САЛУ

464-бап. Салық салу объектісі

1. Мыналар акциз салынатын объект болып табылады:

1) акциз төлеуші өзі шығарған және (немесе) өндірген және (немесе) ыдысқа құйған акцизделетін тауарлармен жүзеге асыратын мынадай операциялар:

акцизделетін тауарларды өткізу;

акцизделетін тауарларды алыс-беріс негізінде қайта өңдеуге беру;

алыс-берістік, оның ішінде акцизделетін шикізат пен материалдарды қайта өңдеу өнімі болып табылатын акцизделетін тауарларды беру;

жарғылық капиталға жарна;

акцизделетін тауарларды заттай нысанда пайдалы қазбаларды өндіру салығын, экспортқа рента салығын төлеу есебіне беру жағдайларынан басқа,

акцизделетін тауарларды заттай ақы төлеген кезде пайдалану;

өндіруші өзінің құрылымдық бөлімшелеріне жүзеге асыратын акцизделетін тауарларды тиеп-жөнелту;

өндірушінің жасап шығарған және (немесе) өндірген және (немесе) ыдысқа құйған акцизделетін тауарларды өздерінің өндірістік мұқтаждары үшін және акцизделетін тауарларды өздері өндіруі үшін пайдалануы;

өндіруші жүзеге асыратын акцизделетін тауарлардың лицензияда көрсетілген өндіріс мекенжайынан орын ауыстыруы;

2) бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме саудада өткізу;

3) бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын бөлшек саудада өткізу;

4) мүліктік массаны, тәркіленген және (немесе) иесіз, мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен және мемлекет меншігіне өтеусіз берілген акцизделетін тауарларды өткізу;

5) акцизделетін тауарлардың бүлінуі, жоғалуы;

6) акцизделетін тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағына импорты.

2. Акциздік маркалардың, есепке алу-бақылау маркаларының бүлінуі, жоғалуы акцизделетін тауарларды өткізу ретінде қаралады.

3. Мыналар акциз салудан босатылады:

1) егер осы Кодекстің 471-бабында белгіленген талаптарға сай келсе, акцизделетін тауарлардың экспорты;

2) этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын квоталар шегінде:

тиісті қызмет түріне лицензиясы болған жағдайда дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіру үшін;

өз қызметін бастағаны туралы белгіленген тәртіппен хабарлаған мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына берілетін этил спирті;

3) жаңа үлгідегі есепке алу-бақылау немесе акциздік маркалармен қайта таңбалауға жататын, осы Кодекстің 172-бабының 2-тармағында көрсетілген акцизделетін тауарлар, егер аталған тауарлар бойынша акциз бұрын төленсе;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген медициналық мақсаттағы құрамында спирті бар өнім (бальзамдардан басқа).

465-бап. Операция жасалған күн

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, барлық жағдайларда акцизделетін тауарларды алушыға тиеп-жөнелту (беру) күні операция жасалған күн болып табылады.

2. Өндіруші өзі өндірген акцизделетін тауарларды өздерінің құрылымдық бөлімшелер желісі арқылы өткізген жағдайда, тауарларды заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелеріне тиеп-жөнелту күні операция жасалған күн болып табылады.

3. Алыс-беріс шикізаты болып табылатын акцизделетін тауарларды беру кезінде көрсетілген тауарларды мердігерге (қайта өңдеушіге) беру күні операция жасалған күн болып табылады.

Алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын, осы Кодекстің 462-бабының 5) тармақшасында көрсетілген акцизделетін тауарларды дайындау кезінде Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес ресімделген құжатта көрсетілген тапсырыс берушіге дайындалған акцизделетін тауарларды беру күні операция жасалған күн болып табылады. Тапсырыс берушіге меншік құқығында немесе қабылдап алу-беру актілерімен расталған өзге заңды негіздерде тиесілі мұнайды автомобиль және (немесе) теміржол цистерналарына құю не құбыржол бойымен өнім берушінің резервуарына немесе құю станциясына айдау арқылы заттай түрдегі акцизделетін тауарларды іс жүзінде тиеп-жөнелту дайындалған акцизделетін тауарларды беру деп түсініледі.

Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағына әкетілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген акцизделетін алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу мерзімі алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттың (келісімшарттың) талаптарына сәйкес айқындалады және алыс-беріс шикізаты есепке қабылданған және (немесе) тиеп-жөнелтілген күннен бастап екі жылдан аспайды.

Алыс-беріс шикізатын қайта өңдеудің белгіленген мерзімінен асып кеткен жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мөлшерлемелер бойынша шарттың (келісімшарттың) талаптарына сәйкес қайта өңдеу өнімінің болжалды көлемі акциз салу объектісі болып табылады.

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге әкелу (әкету) жүзеге асырылған жағдайда қайта өңдеу өнімдерін әкету (әкелу) туралы міндеттеме, сондай-ақ оны мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган бекіткен тәртіппен, нысан бойынша және мерзімдерде орындау ұсынылады.

4. Акцизделетін тауарларды өздерінің өндірістік мұқтаждары және акцизделетін тауарларды өзі өндіруі үшін пайдаланған кезде көрсетілген тауарларды осындай пайдалануға беру күні операция жасалған күн болып табылады.

5. Өндіруші жүзеге асыратын акцизделетін тауарлар өндіріс мекенжайынан орын ауыстырған кезде акцизделетін тауарлардың лицензияда көрсетілген өндіріс мекенжайынан орын ауыстыру күні операция жасалған

күн болып табылады.

6. Акцизделетін тауарлар, акциздік маркалар, есепке алу-бақылау маркалары бүлінген жағдайда, бүлінген акцизделетін тауарларды есептен шығару туралы акт, акциздік маркаларды, есепке алу-бақылау маркаларын есептен шығару және жою туралы акт жасалған күн немесе оларды өндірістік процесте одан әрі пайдалану туралы шешім қабылданған күн операция жасалған күн болып табылады.

Акцизделетін тауарлар, акциздік маркалар, есепке алу-бақылау маркалары жоғалған жағдайда, акцизделетін тауарлар, акциздік маркалар, есепке алу-бақылау маркалары жоғалған күн операция жасалған күн болып табылады.

7. Акцизделетін тауарлардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорты кезінде салық төлеуші импортталған акцизделетін тауарларды есепке қабылдаған күн операция жасалған күн болып табылады.

Бұл ретте осы бөлімнің мақсаттары үшін импортталған акцизделетін тауарлар халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес кіріске алынған күн осындай тауарлар есепке қабылданған күн болып табылады.

466-бап. Салықтық база

Акцизделетін тауарлар бойынша салықтық база өндірілген, өткізілген акцизделетін тауарлардың заттай түрдегі көлемі (саны) ретінде айқындалады.

Алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отыны бойынша салықтық база берілген акцизделетін тауарлардың заттай түрдегі көлемі (саны) ретінде айқындалады.

467-бап. Әртүрлі мөлшерлемелер белгіленген жағдайда спирттің барлық түріне және шарап материалына салық салу ерекшеліктері

1. Осы Кодекстің 463-бабының 3-тармағына сәйкес спирттің барлық түріне және шарап материалына әртүрлі акциз мөлшерлемелері белгіленген жағдайда, салықтық база сол бір мөлшерлемемен салық салынатын операциялар бойынша жеке айқындалады.

2. Алкоголь өнімін өндірушілер базалық мөлшерлемеден төмен акцизбен сатып алған спирт пен шарап материалын этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндіруден басқа мақсатқа пайдаланған кезде, осы спирт пен шарап материалы бойынша акциз сомасы қайта есептелуге және алкоголь өнімін өндірушілер болып табылмайтын тұлғаларға өткізілетін спирттің

барлық түрі мен шарап материалы үшін белгіленген акциздің базалық мөлшерлемесі бойынша бюджетке төленуге жатады. Акцизді қайта есептеуді және төлеуді спиртті немесе шарап материалын алушы жүргізеді.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелері емдік және фармацевтикалық препараттар шығару және медициналық қызметтер көрсету үшін сатып алынған спирт мақсатқа сай пайдаланылмаған жағдайда да қолданылады. Емдік және фармацевтикалық препараттарды өндірушілер мен спиртті акцизсіз алған мемлекеттік медициналық мекемелер осы спирт бойынша акциз төлеушілер болып табылады.

468-бап. Акцизделетін тауарлардың бүлінуі, жоғалуы

1. Төтенше оқиғалар салдарынан туындаған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және импортталатын, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін акцизделетін тауарлар бүлінген, жоғалған кезде акциз толық мөлшерде төленеді.

Осы ереже одан әрі өткізу үшін сатып алынған бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны бүлінген, жоғалған жағдайда да қолданылады.

2. Осы баптың мақсаттары үшін:

1) тауардың барлық немесе жекелеген сапасының (қасиетінің), оның ішінде оны өндірудің барлық технологиялық сатыларында нашарлауы акцизделетін өнімнің бүлінуі деп түсініледі;

2) оның салдарынан тауардың, оның ішінде оны өндірудің барлық технологиялық сатыларында жойылуы немесе ысырабы болған оқиға акцизделетін тауардың жоғалуы деп түсініледі.

Салық төлеуші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген табиғи кему нормалары шегінде шеккен акцизделетін тауарлардың ысырабы, сондай-ақ өндірушінің нормативтік және техникалық құжаттамасында регламенттелетін нормалар шегіндегі ысыраптар жоғалу болып табылмайды.

469-бап. Акциздік маркалардың, есепке алу-бақылау маркаларының бүлінуі, жоғалуы

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, акциздік маркалар, есепке алу-бақылау маркалары бүлінген, жоғалған кезде акциз мәлімделген ассортимент мөлшерінде төленеді.

Осы Кодекстің 172-бабына сәйкес алкоголь өнімін таңбалауға арналған бүлінген немесе жоғалған (оның ішінде ұрланған) есепке алу-бақылау маркалары бойынша акцизді есептеу маркада көрсетілген сауыттың (ыдыстың) көлеміне қолданылатын белгіленген мөлшерлемелер негізге алына отырып жүргізіледі.

2. Темекі бұйымдарының импорты кезінде берілген акциздік маркалар, есепке алу-бақылау маркалары бүлінген, жоғалған кезде төленген акциз сомалары мынадай:

1) акциздік маркалардың, есепке алу-бақылау маркаларының бүлінуі, жоғалуы төтенше жағдайлар салдарынан туындаған;

2) бүлінген акциздік маркаларды, есепке алу-бақылау маркаларын салық органдары есептен шығару және жою туралы актінің негізінде қабылдаған жағдайларда қайта есептеуге жатады.

3. Темекі бұйымдарына берілген акциздік маркалар бүлінген, жоғалған кезде мынадай:

1) акциздік маркалардың бүлінуі, жоғалуы төтенше жағдайлар салдарынан туындаған;

2) бүлінген акциздік маркаларды салық органдары есептен шығару және жою туралы актінің негізінде қабылдаған жағдайларда акциз толенбейді.

470-бап. Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме және бөлшек саудада өткізуге жатқызу өлшемшарттары

1. Егер сатып алу-сату (айырбастау) шарты бойынша сатып алушы бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын қабылдауға және оларды одан әрі өткізу үшін, осы сатып алу-сату (айырбастау) шарты бойынша:

1) бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын өндіруші;

2) өзіне меншік құқығында тиесілі алыс-беріс шикізатын оларды одан әрі өткізу мақсатында қайта өңдеу нәтижесінде бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) және (немесе) дизель отынын алған мұнай беруші;

3) осы Кодекстің 88-бабына сәйкес жекелеген қызмет түрлері бойынша тіркеу есебінде тұрған және Қазақстан Республикасының аумағына меншікті бензинін (авиациялық бензинді қоспағанда) және (немесе) дизель отынын одан әрі өткізу мақсатында әкелуді жүзеге асырған салық төлеуші өнім берушілер болып табылады деген шартпен пайдалануға міндеттенсе, аталған акцизделетін тауарларды өткізу көтерме саудада өткізу саласына жатқызылады.

Көтерме саудада өткізу саласына бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын одан әрі өткізу үшін заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелеріне тиеп-жөнелту де жатады.

2. Бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын бөлшек саудада өткізу саласына осы баптың 1-тармағында көрсетілген өнім берушілер жүзеге асыратын мынадай операциялар жатады:

1) мұнай өнімдерін өндірушінің алыс-беріс шикізаты мен

материалдарынан дайындалған бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын тұлғаларға олардың өндірістік мұқтаждары үшін өткізуі, сондай-ақ беруі;

2) бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын жеке тұлғаларға өткізу;

3) өндірілген немесе одан әрі өткізу үшін сатып алынған бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын өзінің өндірістік мұқтаждарына пайдалану.

471-бап. Акцизделетін тауарлар экспортын растау

1. Акцизделетін тауарлар экспортын растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

1) экспортталатын акцизделетін тауарларды беруге арналған шарт (келісімшарт);

2) акцизделетін тауарларды экспорттың кедендік рәсімінде шығаруды жүзеге асырған кеден органының белгісі бар тауарларға арналған декларация немесе кеден органы растаған оның көшірмесі.

Акцизделетін тауарларды экспорттың кедендік рәсімінде магистральдық құбыржолдар жүйесімен не толық емес мерзімдік декларациялау рәсімін қолдана отырып әкеткен жағдайда, кедендік декларациялауды жүргізген кеден органының белгісі бар тауарларға арналған толық декларация экспортты растау болады;

3) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан кеден органының белгісі бар тауардың ілеспе құжаттарының көшірмелері.

Акцизделетін тауарларды экспорттың кедендік рәсімінде магистральдық құбыржолдар жүйесімен әкеткен жағдайда тауардың ілеспе құжаттары көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдап алу-тапсыру актісі ұсынылады;

4) салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ашылған Қазақстан Республикасындағы банктік шоттарына акцизделетін тауарларды өткізуден түсетін түсімнің іс жүзінде түскенін растайтын төлем құжаттары мен банктің үзінді көшірмесі.

2. Акцизделетін тауарлардың Қазақстан Республикасы акцизделетін тауарлар экспортын акцизден босатуды көздейтін халықаралық шарттар жасасқан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерді қоспағанда) экспорты кезінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан экспорттың кедендік рәсімінде әкетілген, акцизделетін тауарлар импортының елінде ресімделген тауарларға арналған декларация акцизделетін тауарлар экспортын растайтын қосымша құжат болып табылады.

3. Акцизделетін тауарлардыц Еуразиялық экономикалық одаққа мүше

мемлекеттің аумағына экспорты кезінде осы Кодекстің 464-бабының 3-тармағына сәйкес акциз төлеуден босатудың негізділігін растау үшін салық төлеуші орналасқан жері бойынша салық органына акциз бойынша декларациямен бір мезгілде осы Кодекстің 447-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, осы Кодекстің 447-бабында көзделген құжаттарды ұсынады.

Бұл ретте салық төлеуші акциз бойынша декларацияны қоспағанда, көрсетілген құжаттарды салық органына операция жасалған күннен бастап күнтізбелік бір жүз сексен күн ішінде ұсынуға құқылы.

4. Салық органдарының ақпараттық жүйелерінде кеден органдарының тауарларды іс жүзінде әкету туралы хабарламасы бар электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларация да акцизделетін тауарлар экспортын растайтын құжат болып табылады. Осы тармақта көзделген электрондық құжат түріндегі тауарларға арналған декларация болған кезде осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

5. Акцизделетін тауарларды экспортқа өткізу осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарына сәйкес расталмаған жағдайда, мұндай өткізуге Қазақстан Республикасының аумағында акцизделетін тауарларды өткізу үшін осы бөлімде айқындалған тәртіппен акциз салынуға жатады.

6. Акцизделетін тауарларды экспортқа өткізу осы баптың 3-тармағында белгіленген мерзімдер өткен соң расталған жағдайда, осы баптың 5-тармағына сәйкес төленген акциз сомалары осы Кодекстің 101 және 102-баптарына сәйкес есепке жатқызуға және қайтаруға жатады.

Бұл ретте акцизделетін тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағына экспортқа өткізуді растамауға байланысты есепке жазылған өсімпұлдың толенген сомасы қайтаруға жатпайды.

472-бап. Акциз сомасын есептеу

Акциз сомасын есептеу белгіленген акциз мөлшерлемесін салықтық базаға қолдану арқылы жүргізіледі.

473-бап. Салықтық базаны түзету

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, салықтық база акцизделетін тауарды қайтару жүргізілген салықтық кезеңде түзетіледі.

Осы бапқа сәйкес салықтық базаның мөлшерін түзету түзетуге жататын акциз сомасы болек жолмен бөліп көрсетілген қосымша шот-фактураның, сондай-ақ акцизделетін тауарды қайтару үшін негізді растайтын екіжақты актілердің және шартта (келісімшартта) көрсетілген қайтару жағдайларының туындағанын растайтын басқа да құжаттардың негізінде жүргізіледі.

Акцизделетін тауарларды өндіріс мекенжайына өндірушіге қайтарған кезде салықтық базаның мөлшерін түзету, егер өндіруші акцизделетін тауарлардың өндіріс мекенжайынан орнын ауыстырған, бірақ оларды өткізбеген жағдайда, өндірушінің тауарларға ілеспе құжаттарының негізінде жүргізіледі.

Акцизделетін тауарлардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден импорты кезінде салықтық базаныың мөлшерін түзету осы Кодекстің 459-бабының 1, 2, 3 және 4-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

2. Осы Кодекстің 462-бабының 3) тармақшасында көрсетілген акцизделетін тауар бойынша салықтық базаны, егер осындай акцизделетін тауар бойынша лицензияда көрсетілген өндірістің мекенжайынан өндіруші жүзеге асырған оның орын ауыстыруына байланысты бұрын акциз төленген жағдайда, акцизделетін тауарды өндіруші экспортқа өткізілген акцизделетін тауар көлеміне түзетеді.

Осы тармақта көзделген салықтық базаны түзету осындай акцизделетін тауар экспортқа өткізілген салықтық кезеңде жүргізіледі.

Бұл ретте осындай түзету ескеріле отырып, салықтық базаның теріс мәні болуы мүмкін.

474-бап. Салықтан шегеру

1. Салық төлеушінің осы Кодекстің 472-бабына сәйкес есептелген акциз сомасын осы бапта белгіленген шегерулерге азайтуға құқығы бар.

2. Осы бапқа сәйкес басқа акцизделетін тауарларды өндіру үшін негізгі шикізат ретінде пайдаланылған акцизделетін тауарлар бойынша Қазақстан Республикасында төленген акциз сомалары шегеруге жатады.

3. Мыналар:

1) акцизделетін тауарларды сатып алған немесе Қазақстан Республикасының аумағына импорттау кезінде Қазақстан Республикасының аумағында;

2) өзі өндірген акцизделетін шикізат үшін;

3) акцизделетін алыс-беріс шикізатынан дайындалған акцизделетін тауарларды беру кезінде төленген акциз сомалары шегеруге жатады.

Спирттің барлық түріне, шикі мұнайға, газ конденсатына акциз сомалары шегеруге жатпайды.

4. Шегеру салық кезеңінде акцизделетін тауарлар дайындауға іс жүзінде пайдаланылған акцизделетін шикізат көлемі негізге алынып есептелген акциз сомасына жүргізіледі.

5. Акцизделетін шикізатты Қазақстан Республикасының аумағында сатып алу кезінде төленген акциз сомасын шегеру мынадай құжаттар болған кезде жүзеге асырылады:

1) акцизделетін шикізатты сатып алу-сату шарты;

2) акцизделетін шикізатқа төлем жасалғанын растайтын төлем

құжаттары немесе бақылау-касса машинасының чектері қоса берілген кіріс-кассалық ордерге түбіртек;

3) акцизделетін шикізат беруге тауар-көлік жүккұжаттары;

4) акциз сомасы бөлек жолмен бөліп көрсетілген шот-фактура;

5) купаж парақтары (алкоголь өнімін өндірген кезде);

6) акцизделетін шикізатты өндіріске есептен шығару туралы акт.

6. Өзі өндірген акцизделетін шикізат үшін төленген акциз сомаларын шегеру мынадай құжаттар болған кезде жүзеге асырылады:

1) акциздің бюджетке төленгенін растайтын төлем құжаттары немесе өзге де құжаттар;

2) купаж парақтары (алкоголь өнімін өндірген кезде);

3) акцизделетін шикізатты өндіріске есептен шығару туралы акт.

7. Акцизделетін шикізатты Қазақстан Республикасының аумағына импорттаған кезде Қазақстан Республикасында төленген акциз сомасын шегеру мынадай құжаттар болған кезде жүзеге асырылады:

1) акцизделетін шикізатты сатып алу-сату шарты;

2) кедендік декларациялау кезінде акциздің бюджетке төленгенін растайтын төлем құжаттары немесе өзге де құжаттар;

3) акцизделетін шикізат Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған кезде импортталатын акцизделетін шикізатқа тауарларға арналған декларация немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған кезде тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш;

4) купаж парақтары (алкоголь өнімін өндірген кезде);

5) акцизделетін шикізатты өндіріске есептен шығару туралы акт.

8. Қазақстан Республикасының аумағында акцизделетін алыс-беріс шикізатынан дайындалған акцизделетін тауарларды беру кезінде төленген акциз сомасы да мынадай құжаттар болған кезде шегеруге жатады:

1) акцизделетін алыс-беріс шикізатының меншік иесі мен қайта өңдеуші арасындағы алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу туралы шарт;

2) акцизделетін алыс-беріс шикізаты меншік иесінің акцизді бюджетке төлегенін растайтын төлем құжаттары немесе өзге де құжаттар;

3) акцизделетін шикізатты беруге арналған жүккұжат немесе қабылдап алу-беру актісі.

9. Акцизделетін тауарларды өндірушілер акцизделетін шикізатты Қазақстан Республикасының аумағында сатып алған немесе импорттаған кезде төлеген акциз сомалары осы шикізаттан дайындалған акцизделетін тауарлар үшін есептелген акциз сомасынан асып кеткен жағдайда, мұндай асып кету сомасы шегеруге жатпайды.

475-бап. Акциз төлеу мерзімдері

1. Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, акцизделетін тауарларға арналған акциз есепті салықтық кезеңнен кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей бюджетке аударылуға жатады.

2. Алыс-беріс шикізаты мен материалдардан өндірілген акцизделетін тауарлар бойынша акциз өнім тапсырыс берушіге немесе тапсырыс беруші көрсеткен тұлғаға берілген күні төленеді.

3. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шикі мұнайды, газ конденсатын өнеркәсіптік қайта өңдеуге беру кезінде акциз олар берілген күні төленеді.

4. Шарап материалын, сыраны және сыра сусынын қоспағанда, осы Кодекстің 462-бабының 2) тармақшасында белгіленген акцизделетін тауарларға акциз есепке алу-бақылау маркаларын алғанға дейін төленеді.

5. Салық органдарының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан импортталған акцизделетін тауарлар бойынша акциздің толену фактісін тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініште тиісті белгі қою арқылы растауы не растаудан уәжді бас тартуы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

476-бап. Акциз төленетін жер

1. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, акциз төлеу салық салу объектісінің орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

2. Бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме, бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын акциз төлеушілер акцизді салық салуға байланысты объектілердің орналасқан жері бойынша төлейді.

3. Акцизделетін тауарлар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан импортталған жағдайда акциз төлеу акциз төлеушінің орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша жүргізіледі.

477-бап. Салық төлеушілердің құрылымдық бөлімшелер, салық салуға байланысты объектілер үшін акциз есептеу мен төлеу тәртібі

1. Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі, сондай-ақ салық салуға байланысты объектілер салықтық кезең ішінде жасаған акциз салынатын операциялар бойынша акциздің есеп-қисаптары (бұдан әрі бөлім бойынша – акциз бойынша есеп-қисап) жеке-жеке жасалады.

Акциз бойынша есеп-қисап негізінде заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі, сондай-ақ салық салуға байланысты объектілер үшін төленуге жататын акциз сомасы айқындалады.

2. Акциз төлеушілер заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, салық

салуға байланысты объектілердің орналасқан жері бойынша салық органдарына акциз бойынша есеп-қисапты осы Кодекстің 478-бабында белгіленген мерзімдерде ұсынуға міндетті.

Бір салық органында тіркелген салық салуға байланысты бірнеше объектісі бар акциз төлеушілер барлық объектілер үшін акциз бойынша бір есеп-қисап ұсынады.

3. Ағымдағы төлемдерді қоса алғанда, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері, салық салуға байланысты объектілер үшін акциз төлеуді акциз төлеуші заңды тұлға тікелей өзінің банктік шотынан жүргізеді немесе ол заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесіне жүктеледі.

4. Дара кәсіпкерлер салық салуға байланысты объектілер үшін төленуге жататын акциз бойынша есеп-қисапты салық салуға байланысты объектілердің орналасқан жері бойынша ұсынады.

478-бап. Салықтық кезең және акциз бойынша салық декларациясы

1. Акцизге қатысты күнтізбелік ай салық кезеңі болып табылады.

2. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, әрбір салықтық кезең аяқталған соң акциз төлеушілер өзінің орналасқан жері бойынша салық органына акциз жөніндегі декларацияны есепті салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

3. Акциз төлеушілер декларациямен бір мезгілде акциз бойынша есеп-қисаптарды ұсынады.

4. Акцизделетін тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын салық төлеушілер импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияны орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органына осы Кодекстің 456-бабының 6-тармағында белгіленген нысан бойынша және тәртіппен, импортталған акцизделетін тауарларды есепке қабылдаған айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынуға міндетті. Осындай декларациямен бір мезгілде осы Кодекстің 456-бабының 2-тармағында көзделген құжаттар ұсынылады.

Бұл ретте импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларация мен тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш осы Кодекстің 456-бабының 7-тармағында козделген жағдайларда салық органына ұсынылмаған болып есептеледі.

53-тарау. АКЦИЗДЕЛЕТІН ТАУАРЛАРДЫҢ ИМПОРТЫНА САЛЫҚ САЛУ

479-бап. Импортталатын акцизделетін тауарлардың салықтық базасы

Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын акцизделетін тауарлар бойынша салықтық база импортталатын акцизделетін тауарлардың заттай түрдегі көлемі, саны ретінде айқындалады.

480-бап. Импортталатын акцизделетін тауарларға акциз төлеу мерзімдері

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан импортталатын акцизделетін тауарларға акциздер осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында кедендік төлемдерді төлеу үшін айқындалған күні уәкілетті орган айқындаған тәртіппен төленеді.

2. Осы Кодекстің 172-бабына сәйкес таңбалануға жататын импортталатын акцизделетін тауарларға акциз акциз маркаларын, есепке алу-бақылау маркаларын алғанға дейін төленеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген акцизделетін тауарлар импортын жүзеге асырған кезде акциз сомасы нақтылануға жатады және акцизделетін тауарларды импорттау күні қолданыста болатын акциз мөлшерлемесі қолданылады.

3. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан импортталған акцизделетін тауарлар бойынша (таңбаланатын акцизделетін тауарларды қоспағанда) акциздер импортталған акцизделетін тауарлар есепке қабылданған айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде төленеді.

Таңбаланатын акцизделетін тауарлар бойынша акциздер төлеу осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасының аумағына импорты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акцизді төлемей жүзеге асырылған акцизделетін тауарлар оларға байланысты төлеуден босату немесе төлеудің өзге тәртібі берілген мақсаттардан өзге мақсаттарда пайдаланылған жағдайда, осы акцизделетін тауарлар осы Кодекстің 463 және 479-баптарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленген тәртіппен және акциздер мөлшерлемелері бойынша акциз салынуға жатады.

481-бап. Акцизден босатылған акцизделетін тауарлардың импорты

1. Жеке тұлғалар Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген нормалар бойынша импорттайтын акцизделетін тауарларға акциздер салынбайды.

2. Мынадай импортталатын акцизделетін тауарлар акциз толеуден босатылады:

1) халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын көлік құралдарын жолда жүру уақытында және аралық аялдама пункттерінде пайдалану үшін қажетті акцизделетін тауарлар;

2) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізгенге дейін бүлінуі салдарынан бұйымдар және материалдар ретінде пайдалануға жарамсыз болып қалған;

3) шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ осы өкілдіктердің бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, дипломатиялық және әкімшілік-техникалық персоналы қатарындағы адамдардың жеке пайдалануы үшін әкелінген. Көрсетілген тауарлар Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес акциз төленуден босатылады;

4) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін, ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімін қоспағанда, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген кедендік рәсімдер шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында акциз төлеуден босатылатын;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген құрамында спирті бар медициналық мақсаттағы өнім (бальзамдардан басқа).

12-БӨЛІМ. ӘЛЕУМЕТТІК САЛЫҚ

54-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

482-бап. Төлеушілер

1. Мыналар әлеуметтік салық төлеушілер болып табылады:

1) дара кәсіпкерлер;

2) жеке практикамен айналысатын адамдар;

3) егер осы баптың 3-тармағында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғалары;

4) Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғалар;

5) тұрақты мекеме құруға әкеп соқпайтын құрылымдық бөлімше арқылы қызметін жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғалар.

2. Мынадай салық төлеушілер әлеуметтік салық төлеушілер болып табылмайды:

1) арнаулы салық режимін:

патент негізінде;

шаруа немесе фермер қожалықтары үшін қолданатындар;

2) осы Кодекстің 290-бабы 3-тармағының шарттарына сәйкес келетін тірек-қимыл аппараты бұзылған, есту, сөйлеу, көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдар.

3. Резидент-заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесінің:

осындай құрылымдық бөлімшенің шығыстары болып табылатын салық салу объектілері бойынша әлеуметтік салықты есептеу мен төлеу;

осындай құрылымдық бөлімше есепке жазған, төлеген төлем көзінен салық салынуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттемелерді бір мезгілде орындауын тануға құқылы.

Резидент-заңды тұлғаның мұндай шешімін қабылдау немесе оның күшін жою осындай шешім қабылданған тоқсаннан кейінгі тоқсанның басынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егер жаңадан құрылған құрылымдық бөлімше әлеуметтік салық төлеуші деп танылса, онда заңды тұлғаның осындай тану туралы шешімі осы құрылымдық бөлімшенің құрылған күнінен бастап немесе осы құрылымдық бөлімше құрылған тоқсаннан кейінгі тоқсанның басынан бастап қолданысқа енгізіледі.

483-бап. Арнаулы салық режимдерін қолданатын төлеушілердің әлеуметтік салық бойынша салықты есептеу, төлеу және салықтық есептілік ұсыну ерекшеліктері

Әлеуметтік салық бойынша салықты есептеуді, төлеуді және салықтық есептілікті ұсынуды арнаулы салық режимдерін қолданатын төлеушілер:

1) ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін – осы Кодекстің 78-тарауының ережелерін ескере отырып;

2) оңайлатылған декларация негізінде осы Кодекстің 687 – 689-баптарына сәйкес жүргізеді.

Осы Кодекстің 484 – 488-баптарының ережелерін осы баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген төлеушілер қолданбайды.

484-бап. Салық салу объектісі

1. Төлеушілердің өздерін қоса алғанда, жұмыскерлердің саны

оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, дара кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын адамдар үшін салық салу объектісі болып табылады.

2. Мыналардың:

1) жұмыскердің осы Кодекстің 322-бабының 1-тармағында көрсетілген кірістері (оның ішінде жұмыс берушінің осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының 20), 23) және 24) тармақшаларында көрсетілген шығыстары) бойынша жұмыс берушінің;

2) осы Кодекстің 220-бабының 7-тармағында көрсетілген шетелдік персоналдың кірістері бойынша салық агентінің шығыстары осы Кодекстің 482-бабы 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген төлеушілер үшін салық салу объектісі болып табылады.

3. Мыналар салық салу объектісінен алып тасталады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін міндетті зейнетақы жарналары;

2) Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға төленетін жарналар;

3) осы Кодекстің 341-бабы 1-тармағының 10) тармақшасында белгіленген кірістерді қоспағанда, осы Кодекстің 341-бабының 1-тармағында белгіленген кірістер;

4) осы Кодекстің 654-бабы 1-тармағының 10) тармақшасында белгіленген кірістер;

5) гранттар қаражаты есебінен жүргізілетін төлемдер.

Егер төлемдер грант алушымен не гранттың мақсаттарын (міндеттерін) жүзеге асыру үшін грант алушы тағайындаған орындаушымен жасалған шартқа (келісімшартқа) сәйкес жүргізілсе, осы тармақшаның ережелері қолданылады.

4. Егер осы баптың 2-тармағында көрсетілген, осы баптың 3-тармағы ескеріле отырып айқындалған салық салу объектісі күнтізбелік ай үшін бір теңгеден бастап республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және осы күнтізбелік айдың бірінші күніне қолданыста болатын ең төменгі жалақы мөлшеріне дейінгі соманы құраса, онда салық салу объектісі осындай ең төменгі жалақы мөлшері негізге алына отырып айқындалады.

485-бап. Салық мөлшерлемелері

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, әлеуметтік салық:

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 9,5 пайыз;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 11 пайыз мөлшерлемесі бойынша есептеледі.

2. Дара кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын адамдар әлеуметтік салықты республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және

төленетін күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2 еселенген мөлшерінде өзі үшін және айлық есептік көрсеткіштің 1 еселенген мөлшерінде әрбір жұмыскер үшін есептейді.

Осы тармақтың ережесі:

1) өздері осы Кодекстің 213-бабына сәйкес салықтық есептілікті ұсынуды уақытша тоқтата тұруы кезеңінде салық төлеушілерге;

2) оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерге;

3) есепті салықтық кезеңде кіріс алмаған адамдарға қолданылмайды.

3. Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын төлеушілер үшін әлеуметтік салықтық мөлшерлемелер осы Кодекстің 61-тарауында белгіленген.

55-тарау. САЛЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

486-бап. Әлеуметтік салықты есептеу тәртібі

1. Бюджетке төлеуге жататын әлеуметтік салық сомасы осы Кодекстің 484-бабы 3-тармағының ережелері ескеріле отырып, осы Кодекстің 484-бабының 2-тармағында айқындалған салық салу объектісіне осы Кодекстің 485-бабының 1-тармағында белгіленген тиісті мөлшерлемелерді қолдану арқылы айқындалады.

2. Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатындарды қоспағанда, дара кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын адамдар әлеуметтік салықты есептеуді осы Кодекстің 484-бабының 1-тармағында айқындалған әлеуметтік салық салу объектісіне осы Кодекстің 485-бабының 2-тармағында белгіленген мөлшерлемелерді қолдану арқылы жүргізеді.

3. Бюджетке төлеуге жататын әлеуметтік салық сомасы есептелген әлеуметтік салық пен «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдардың сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасы есептелген әлеуметтік салықтың сомасынан асып кеткен немесе олардың сомалары тең болған кезде бюджетке төлеуге жататын әлеуметтік салық сомасы нөлге тең деп есептеледі.

4. «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар әлеуметтік салықты осы Кодекстің 709-бабының 9-тармағында белгіленген ережелерді ескере отырып есептейді.

5. Мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган өз шешімімен өздерінің құрылымдық бөлімшелерінің және (немесе) аумақтық

органдарының мыналар:

осындай құрылымдық бөлімшелердің және (немесе) аумақтық органдардың шығыстары болып табылатын салық салу объектілері бойынша әлеуметтік салықты есептеу мен төлеу;

осындай құрылымдық бөлімшелердің және (немесе) аумақтық органдардың жұмыскерлеріне есепке жатқызылған, төленген төлем көзінен салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және аудару бойынша міндеттерді бір мезгілде орындауын тануға құқылы.

6. Мемлекеттік мекемелер салықтық кезең үшін есептеген әлеуметтік салық сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленген еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша әлеуметтік жәрдемақы сомасына азайтылады.

7. Салықтық кезеңде осы баптың 6-тармағында көрсетілген төленген әлеуметтік жәрдемақы сомасы есептелген әлеуметтік салық сомасынан асып кеткен жағдайда, асып кеткен сома келесі салықтық кезеңге ауыстырылады.

487-бап. Әлеуметтік салықты төлеу

1. Әлеуметтік салықты төлеу салық төлеушінің орналасқан жері бойынша салықтық кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

2. Құрылымдық (аумақтық) бөлімшенің шығыстары болып табылатын салық салу объектілері бойынша әлеуметтік салықты төлеу осындай құрылымдық (аумақтық) бөлімшенің орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

56-тарау. САЛЫҚТЫҚ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ САЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

488-бап. Салықтық кезең

1. Күнтізбелік ай әлеуметтік салықты есептеу үшін салықтық кезең болып табылады.

2. Күнтізбелік тоқсан жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация жасау үшін есепті кезең болып табылады.

489-бап. Жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларация

1. Төлеушілер жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияны орналасқан жері бойынша салық органдарына есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 15 күнінен кешіктірмей тоқсан сайын ұсынады.

2. Әлеуметтік салықты есептеу және төлеу жөніндегі міндет жүктелмеген құрылымдық бөлімшелері бар төлеушілер осындай құрылымдық

(аумақтық) бөлімше орналасқан жердегі салық органына жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларацияға осындай құрылымдық (аумақтық) бөлімше бойынша әлеуметтік салық сомасын есептеу жөніндегі қосымшаны ұсынады.

13-БӨЛІМ. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ САЛЫҒЫ

57-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

490-бап. Салық төлеушілер

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар және меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында салық салу объектілері бар заңды тұлғалар көлік құралдары салығын төлеушілер болып табылады.

Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасына сәйкес осындай құрылымдық бөлімшеге тіркелген көлік құралдары бойынша көлік құралдары салығын өз бетінше төлеуші деп тануға құқылы.

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғаның осындай тану немесе осындай тануды тоқтату туралы шешімі осындай шешім қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егер жаңадан құрылған құрылымдық бөлімше көлік құралдары салығын өз бетінше төлеуші деп танылса, онда заңды тұлғаның осындай тану туралы шешімі осы құрылымдық бөлімше құрылған күннен бастап немесе осы құрылымдық бөлімше құрылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Қаржы лизингі шарты бойынша берілген (алынған) салық салу объектілері бойынша көлік құралы салығын төлеуші лизинг алушы болып табылады.

3. Егер осы бапта озгеше белгіленбесе, мыналар көлік құралы салығын төлеушілер болып табылмайды:

1) осы Кодекстің 697-бабында көрсетілген ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығының басшысы және (немесе) мүшелері – агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті орғанмен келісу бойынша белгілеген тізбеге енгізілген ауыл шаруашылығы өнімін өзі өндіру процесінде пайдаланылатын мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникасы бойынша;

2) шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалығының басшысы және (немесе) мүшелері – осындай арнаулы салық режимінің әрекеті қолданылатын,

қызметте пайдаланылатын төмендегі қажеттілік нормативтері шегіндегі жеңіл және жүк көлік құралдары бойынша:

бір шаруа немесе фермер қожалығына қозғалтқышының көлемі 2500 текше сантиметрге дейін қоса алғанда бір жеңіл автомобиль бойынша;

бір шаруа немесе фермер қожалығына 1:1 арақатынасты сақтай отырып, қозғалтқышының шекті жиынтық қуаты егіндіктің (шабындықтардың, жайылымдардың) 1000 гектарына 1000 кВт мөлшеріндегі жүк автомобильдері бойынша.

Бұл ретте, егер есеп-қисап қорытындылары бойынша көлік құралдарының саны бөлшекті мәні 0,5-тен бастап және одан жоғары бір бірліктен көп болса, мұндай мән тұтас бірліктерге дейін дөңгелектеуге жатады, егер 0,5-тен томен болса, дөңгелектеуге жатпайды.

Егер есеп-қисап қорытындылары бойынша жүк автомобильдерінің саны бір бірліктен кем болса, қозғалтқышының қуаты барынша аз бір жүк автомобилі босатылуға жатады;

3) мемлекеттік мекемелер және орта білім беретін мемлекеттік оқу орындары;

4) осы Кодекстің 289-бабының 1-тармағына сәйкес келетін мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері – қозғалтқышының көлемі 3000 текше сантиметрден аспайтын бір жеңіл автокөлік және бір автобус бойынша;

5) Ұлы Отан соғысының қатысушылары және мүгедектері және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңестірілетін адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, Кеңес Одағының батырлары мен Социалистік Еңбек ерлері, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтарына ие болған, үш дәрежелі Даңқ орденімен және «Отан» орденімен наградталған адамдар, «Батыр ана» атағына ие болған немесе «Алтын алқа» не «Күміс алқа» алқаларымен наградталған көп балалы аналар – салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша;

6) меншігінде мотоколяскалары мен автомобильдері бар мүгедектер – салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 1), 2) және 4) тармақшаларының ережелері осындай көлік құралдары пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе жалға берілген жағдайларда қолданылмайды.

4. Осы баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 5) және 6) тармақшаларының ережелері осындай тармақшалардың ережелерін қолдану құқығы бар жеке тұлғаның оларда көрсетілген бір немесе бірнеше санаттарға жататынына-жатпайтынына қарамастан, салықтық кезең ішінде бір

автокөлік құралы бойынша (қозғалтқышының көлемі 4000 текше сантиметрден асатын, оған қатысты 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін уәкілетті мемлекеттік органда көлік құралының меншік иесінің ауысуына байланысты тіркеу әрекеттері жүргізілген жеңіл автомобильден басқа) қолданылады.

5. Осы баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 5) және 6) тармақшаларының ережелерін қолдануға құқығы бар адамның меншік құқығында салықтық кезең ішінде бірнеше автокөлік құралы болған жағдайда, осы ережелер есептелген салық сомасы барынша көп автокөлік құралдарының біреуіне қатысты қолданылады.

6. Осы баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 5) және 6) тармақшаларының ережелерін қолдану құқығы салықтық кезең ішінде туындаған немесе тоқтатылған жағдайда, осындай ережелер:

құқық туындаған кезде – осындай құқық туындаған айдың 1-күнінен бастап салықтық кезең аяқталғанға дейін немесе осындай құқық тоқтатылатын айдың 1-күніне дейін қолданылады;

құқық тоқтатылған кезде – осындай құқық тоқтатылатын айдың 1-күнінен бастап қолданылмайды.

7. Мемлекеттік мекемелер сенімгерлік басқаруға берген көлік құралдары бойынша салық төлеуші осы Кодекстің 41-бабына сәйкес анықталады.

491-бап. Салық салу объектілері

1. Тіркемелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасында тіркелген және (немесе) есепте тұрған көлік құралдары салық салу объектілері болып табылады.

2. Мыналар салық салу объектілері болып табылмайды:

1) 40 тонна және одан жоғары жүк көтеретін карьерлік автосамосвалдар;

2) мамандандырылған медициналық көлік құралдары;

3) Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелген теңіз кемелері;

4) мүлік салығын салу объектісі болып табылатын арнайы автомобильдер.

58-тарау. САЛЫҚТЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР, САЛЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ МЕН ТӨЛЕУ МЕРЗІМДЕРІ

492-бап. Салықтық мөлшерлемелер

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, салықты есептеу айлық есептік

көрсеткіштермен белгіленген мынадай мөлшерлемелер бойынша жүргізіледі:

Р/с №	Салық салу объектісі	Салықтық мөлшерлеме (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Қозғалтқышының көлемі бойынша мынадай сараланған жеңіл автомобильдер (текше см.):	
	1 100-ге дейін қоса алғанда	1
	1 100-ден жоғары 1 500-ге дейін қоса алғанда	2
	1 500-ден жоғары 2 000-ға дейін қоса алғанда	3
	2 000-нан жоғары 2 500-ға дейін қоса алғанда	6
	2 500-ден жоғары 3000-ға дейін қоса алғанда	9
	3 000-нан жоғары 4 000-ға дейін қоса алғанда	15
	4 000-нан жоғары	117
2.	Жүк көтергіштігі бойынша мынадай сараланған жүк, арнайы автомобильдер (тіркемелерді есептемегенде):	
	1 тоннаға дейін қоса алғанда	3
	1 тоннадан жоғары 1,5 тоннаға дейін қоса алғанда	5
	1,5 тоннадан жоғары 5 тоннаға дейін қоса алғанда	7
	5 тоннадан жоғары	9
3.	Тракторлар, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдер, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналар және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында жүруге арналмаған басқа да автокөлік құралдары	3
4.	Отыратын орындардың саны бойынша мынадай сараланған автобустар:	
	отыратын 12 орынға дейін қоса алғанда	9

	отыратын 12-ден жоғары 25 орынға дейін қоса алғанда	14
	отыратын 25 орыннан жоғары	20
5.	Қозғалтқышының қуаты бойынша мынадай сараланған мотоциклдер, мотороллерлер, мотошаналар, шағын кемелер:	
	55 кВт-ға (75 ат күшіне) дейін қоса алғанда	1
	55 кВт-дан (75 ат күшінен) асатын	10
6.	Қозғалтқышының қуаты бойынша мынадай сараланған катерлер, кемелер, буксирлер, баржалар, яхталар (ат күшімен);	
	160-қа дейін қоса алғанда	6
	160-тан жоғары 500-ге дейін қоса алғанда	18
	500-ден жоғары 1 000-ға дейін қоса алғанда	32
	1000-нан жоғары	55
7.	Ұшу аппараттары	қуаттың әрбір киловатынан айлық есептік көрсеткіштің 4 пайызы
8.	Мыналар: кез келген санаттағы поездарды магистральдық жолдармен жүргізу үшін; магистральдық, станциялық және тар және (немесе) кең табанды кірме жолдарда маневр жұмыстарын жүргізу үшін; өнеркәсіптік теміржол көлігі жолдары мен магистральдық және станциялық жолдарға шықпайтын жолдарда пайдаланылатын теміржолдың жылжымалы тартқыш құрамы	көлік құралының жалпы қуатының әрбір киловатынан айлық есептік көрсеткіштің 1 пайызы
	Тар және кең табанды магистральдық және станциялық жолдармен жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру үшін пайдаланылатын моторлы-вагонды жылжымалы құрам, сондай-ақ қалалық рельстік көліктің көлік құралдары	көлік құралының жалпы қуатының әрбір киловатынан айлық есептік көрсеткіштің 1 пайызы

2. Қазақстан Республикасында 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін шығарылған (жасалған немесе құрастырылған) немесе Қазақстан Республикасының аумағына 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін әкелінген, қозғалтқышының көлемі 3000 текше сантиметрден асатын жеңіл автомобильдер үшін салықты есептеу айлық есептік көрсеткіштермен белгіленген мынадай мөлшерлемелер бойынша жүргізіледі:

Р/с №	Салық салу объектісі	Салықтық мөлшерлеме (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Қозғалтқышының көлемі мынадай сараланған жеңіл автомобильдер (текше см):	
	3 000-нан жоғары 3 200-ді қоса алғанда	35
	3 200-ден жоғары 3 500-ді қоса алғанда	46
	3 500-ден жоғары 4 000-ды қоса алғанда	66
	4 000-нан жоғары 5 000-ды қоса алғанда	130
	5 000-нан жоғары	200

3. Салықты есептеу үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш қолданылады.

4. Осы Кодекстің мақсаттары үшін:

1) жеңіл автомобильдерге:

В санатындағы (BE, B1-ді қоса алғанда) автомобильдер;

жүкке арналған платформасы және жүк бөлігінен қатты стационарлық қабырғамен бөлінген жүргізуші кабинасы бар жеңіл автомобиль шассиіндегі моторлы көлік құралдары (пикап автомобильдер);

рұқсат етілген ең жоғары массасы және (немесе) жолаушылар орындарының саны бойынша В санатына (BE-ні қоса алғанда) қойылатын талаптардан асып кететін, сыйымдылығы ұлғайтылған және жүріп өту мүмкіндігі жоғары автомобильдер (жолсыз жермен де жүретін автомобильдер, оның ішінде джиптер, сондай-ақ кроссоверлер мен лимузиндер) жатады;

2) егер осы тармақтың 1) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, жүк автомобильдеріне С санатындағы (CE, C1E, C1-ді қоса алғанда) автомобильдер жатады;

3) егер осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында озгеше белгіленбесе, арнайы автомобильдерге белгілі бір технологиялық процестерді немесе операцияларды орындауға арналған арнайы жабдығы бар автомобильдер жатады;

4) егер осы тармақтың 1) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, автобустарға D санатындағы (DE, D1E, D1-ді қоса алғанда) автомобильдер жатады.

5. Қозғалтқышының көлемі 1500 текше сантиметрден асатын жеңіл автомобильдер бойынша салық сомасы осы баптың 1 немесе 2-тармағында белгіленген қозғалтқыш көлемі бойынша тиісті саралаудың төменгі шекарасынан асып кеткен әрбір бірлік үшін 7 теңгеге ұлғаяды.

6. Осы баптың мақсатында Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген жеңіл автомобильдерді бастапқы мемлекеттік тіркеу күні оларды әкелу күні болып есептеледі.

7. Пайдаланылу мерзіміне қарай ұшу аппараттарына салықтық мөлшерлемелерге мынадай түзету коэффициенттері қолданылады:

1999 жылғы 1 сәуірден кейін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде сатып алынған ұшу аппараттарына:

пайдаланылу мерзімі 5 жылдан жоғары 15 жылға дейін қоса алғанда – 2,0;

пайдаланылу мерзімі 15 жылдан жоғары – 3,0.

8. Көлік құралының пайдаланылу мерзімі көлік құралының паспортында (әуе кемесін ұшуда пайдалану жөніндегі нұсқамада) көрсетілген шығарылған жылы негізге алына отырып есептеледі.

9. Жүк және арнайы автомобильдер бойынша салықты есептеу үшін көлік құралын пайдалану жөніндегі нұсқаулықта және (немесе) нұсқамада көрсетілген көлік құралының жүк көтергіштігінің көрсеткіші пайдаланылады. Егер көлік құралын пайдалану жөніндегі нұсқаулықта (нұсқамада) жүк көтергіштігінің көрсеткіші көрсетілмесе, ол көлік құралының рұқсат етілген ең жоғарғы массасы мен көлік құралының жүктемесіз массасы (жабдықталған көлік құралының массасы) арасындағы айырма ретінде есептеледі.

493-бап. Салықты есептеу тәртібі

1. Салық төлеуші осы Кодекстің 492-бабына сәйкес салық салу объектісіне салықтық мөлшерлемелерді қолдану арқылы салықтық кезең үшін салық сомасын өз бетінше есептейді.

2. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер көлік құралы салығын есептеуді осы Кодекстің 490-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген көлік құралдарын қоспай, осы Кодекстің 78-тарауының ережелерін ескере отырып жүргізеді.

3. Көлік құралы салық кезеңінен аз уақыт меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында болған жағдайда, салық сомасы көлік құралы осындай құқықта іс жүзінде болған кезең үшін жылдық салық сомасын он екіге бөлу және көлік құралы осындай құқықта іс жүзінде болған айлардың санына көбейту арқылы есептеледі.

4. Салықтық кезең ішінде меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын басқаға берген кезде салық салу объектілеріне салық сомасы мынадай тәртіппен есептеледі:

1) беруші тарап үшін:

салық кезеңінің басында болған көлік құралдары бойынша салық сомасы салық кезеңінің басынан бастап көлік құралына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы берілген айдың 1-күніне дейінгі кезең үшін есептеледі;

салық кезеңінің ішінде беруші тарап сатып алған көлік құралдары бойынша салық сомасы көлік құралына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы алынған айдың 1-күнінен бастап осындай құқық басқаға берілген айдың 1-күніне дейінгі кезең үшін есептеледі;

2) алушы тарап үшін – салық сомасы көлік құралына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы алынған айдың 1-күнінен бастап салық кезеңінің соңына дейін немесе алушы тарап кейіннен осындай құқықты басқаға берген айдың 1-күніне дейінгі кезең үшін есептеледі.

5. Жеке тұлғалар сатып алу кезінде Қазақстан Республикасында есепте тұрмаған көлік құралын сатып алған кезде салық сомасын көлік құралына меншік құқығы туындаған айдың 1-күнінен бастап салық кезеңінің соңына дейінгі немесе меншік құқығы тоқтатылған айдың 1-күніне дейінгі кезең үшін есептейді.

6. Көлік құралдарын тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган салық органдарына беретін көлік құралын айдап әкету (ұрлау) туралы қылмыстық іс қозғау фактісін (күнін) растайтын мәліметтер иелерінен айдап әкетілген және (немесе) ұрланған деп саналған көлік құралын іздестіру кезеңінде салық төлеуден босату үшін негіз болып табылады.

Бұл ретте мұндай салықты есептеу (есепке жазу) көлік құралын айдап әкету (ұрлау) туралы қылмыстық іс қозғалған күннен бастап тоқтатылады.

Салықты есептеу (есепке жазу) көлік құралдарын тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның салық органдарына берген мәліметтер негізінде көлік құралын айдап әкету (ұрлау) және оны қайтару туралы қылмыстық істі тоқтатқан күннен бастап бастап қайта басталады.

7. Заңды тұлғалар салықтық кезеңнің басында меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында болған көлік құралдары бойынша, сондай-ақ салықтық кезеңнің басынан бастап салықтық кезеңнің 1 шілдесіне дейінгі кезеңде мұндай құқықтар туындаған және (немесе) тоқтатылған көлік құралдары бойынша ағымдағы төлемдерді:

1) егер көлік құралдарына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы салықтық кезеңнің басынан бастап салықтық кезеңнің 1 шілдесіне дейінгі кезеңде туындаған және салықтық кезеңнің 1 шілдесіне дейін тоқтатылмаған жағдайда – осындай құқық туындаған айдың 1-күнінен бастап салықтық кезеңнің соңына дейінгі кезең

үшін есептелген салық сомасы мөлшерінде;

2) егер салықтық кезеңнің басынан бастап салықтық кезеңнің 1 шілдесіне дейінгі кезеңде көлік құралдарына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы:

тоқтатылған жағдайда – салықтық кезеңнің басынан бастап осындай құқық тоқтатылған айдың 1-күніне дейінгі кезең үшін есептелген салық сомасы мөлшерінде;

туындаған және тоқтатылған жағдайда – көлік құралдарына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы туындаған айдың 1-күнінен бастап осындай құқық тоқтатылған айдың 1-күніне дейінгі кезең үшін есептелген салық сомасы мөлшерінде;

3) қалған жағдайларда – жылдық салық сомасы мөлшерінде есептейді. Бұл ретте салықтық кезеңнің 1 шілдесінен бастап салықтық кезеңнің соңына дейінгі кезеңде көлік құралдарына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы тоқтатылған жағдайда, декларацияда салықтық кезеңнің басынан бастап осындай құқық тоқтатылған айдың 1-күніне дейінгі кезең үшін есептелген салық сомасы көрсетіледі.

8. Заңды тұлғалар салықтық кезеңнің 1 шілдесінен бастап салықтық кезеңнің соңына дейінгі кезеңде меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе жедел басқару құқығы туындаған көлік құралдары бойынша ағымдағы төлемдерді есептемейді және ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын ұсынбайды. Бұл ретте декларацияда осы баптың 4-тармағының 2) тармақшасында айқындалған тәртіппен есептелген салық сомасы көрсетіледі.

9. Есепті салықтық кезең үшін жеке тұлғалардың көлік құралдары салығы бойынша есеп-қисаптар сальдосын айқындау мақсатында салық органдары көлік құралдарын есепке алуды және тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдар автоматтандырылған режимде ұсынатын мәліметтердің негізінде есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмейтін мерзімде салық есептеуді жүргізеді.

494-бап. Салық төлеу мерзімдері мен тәртібі

1. Заңды тұлғалар ағымдағы төлемдер сомасын төлеуді салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша ағымдағы төлемдерді салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірмей енгізу арқылы жүргізеді.

2. Көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе жедел басқару құқығын салықтық кезеңнің 1 шілдесінен кейін алған жағдайда, заңды тұлғалар көрсетілген көлік құралы бойынша салық төлеуді салықтық кезең үшін декларацияны ұсыну мерзімі басталғаннан кейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүргізеді.

3. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, салықтық кезеңнің 31 желтоқсанынан кешіктірмейтін күн жеке тұлғалар үшін бюджетке салық

төлеу мерзімі болып табылады.

Салық салу объектісі болып табылатын көлік құралына қатысты Қазақстан Республикасының жол жүрісі туралы заңнамасына сәйкес тіркеу әрекеттері жүзеге асырылған жағдайда, меншік құқығын беретін тұлға осындай объектіні иеленген іс жүзіндегі кезең үшін төленуге жататын салық сомасы осы Кодексте айқындалған тәртіппен көрсетілген әрекеттер жасалғанға дейін бюджетке енгізілуге тиіс.

4. Жеке тұлғалар салық төлеуді тұрғылықты жері бойынша жүргізеді.

5. Көлік құралының меншік иесі атынан иеліктен шығару құқығымен көлік құралын басқаруға арналған сенімхат негізінде сенім білдірілген болып табылатын жеке тұлғаның салықтық кезең үшін көлік құралдарына салық төлеуі көлік құралы меншік иесінің осы салық кезеңі үшін салық міндеттемесін орындауы болып табылады.

59-тарау. САЛЫҚТЫҚ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ САЛЫҚТЫҚ ЕСЕПТІЛІК

495-бап. Салықтық кезең

1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл көлік құралдары салығын есептеу үшін салық кезеңі болып табылады.

496-бап. Салықтық есептілік

1. Төлеуші – заңды тұлғалар көлік құралдары салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын – ағымдағы салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірмей, сондай-ақ декларацияны есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша салық органдарына ұсынады.

2. Бірыңғай жер салығын төлеу негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер көлік құралдары салығы бойынша салықтық есептілікті бірыңғай жер салығы бойынша декларацияға тиісті қосымша түрінде ұсынады.

14-БӨЛІМ. ЖЕР САЛЫҒЫ

60-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

497-бап. Жалпы ережелер

1. Салық салу мақсатында барлық жерлер олардың нысаналы мақсатына және тиісті санаттарға тиесілі болуына қарай қарастырылады.

2. Жердің белгілі бір санатқа тиесілігі Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленеді. Елді мекендердің жерлері салық салу мақсаты үшін мынадай екі топқа бөлінген:

1) тұрғын үй қорын, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жері;

2) тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жер.

3. Жердің мынадай санаттары салық салуға жатпайды:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері;

2) орман қорының жері;

3) су қорының жері;

4) босалқы жер.

Көрсетілген жерлер (запастағы жерді қоспағанда) тұрақты жер пайдалануға немесе бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалануға берілген жағдайда, олар осы Кодекстің 508-бабында айқындалған тәртіппен салық салуға жатады.

4. Жер салығы:

1) сәйкестендіру құжаттары: меншік құқығының актісі, тұрақты жер пайдалану құқығының актісі, өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығының актісі;

2) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган әрбір жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша берген жердің мемлекеттік сандық және сапалық есебінің деректері негізінде есептеледі.

498-бап. Төлеушілер

1. Мынадай:

1) жеке меншік құқығында;

2) тұрақты жер пайдалану құқығында;

3) бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығында салық салу объектілері бар тұлғалар жер салығын төлеушілер болып табылады.

2. Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін жер салығын өз бетінше төлеуші деп тануға құқылы.

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғаның осындай тану немесе осындай тануды тоқтату туралы шешімі осындай шешім қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егер жаңадан құрылған заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі жер салығын өз бетінше төлеуші деп танылса, онда заңды тұлғаның осындай тану туралы шешімі осы құрылымдық бөлімше құрылған күннен бастап немесе осы құрылымдық бөлімше құрылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, мыналар жер салығын төлеушілер болып табылмайды:

1) шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер – осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын жер учаскелері бойынша;

2) мемлекеттік мекемелер және орта білім беретін мемлекеттік оқу орындары;

3) қылмыстық жазаларды атқару саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары;

4) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің, мүгедек балалардың ата-анасының біреуі, жетім балалар және кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар:

тұрғын-үй қоры, оның ішінде, оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жер учаскелері;

үй маңындағы жер учаскелері;

құрылыс алып жатқан жерді қоса алғанда, жеке (қосалқы) үй шаруашылығын жүргізу, бағбандық және саяжай құрылысы үшін берілген жер учаскелері;

гараждар орналасқан жер учаскелері бойынша;

5) «Батыр ана» атағына ие болған, «Алтын алқа» алқасымен наградталған көп балалы аналар:

тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жер учаскелері;

үй маңындағы жер учаскелері бойынша;

6) жеке тұратын зейнеткерлер:

тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жер учаскелері;

үй маңындағы жер учаскелері бойынша;

7) діни бірлестіктер.

Осы Кодекстің мақсаттары үшін заңды мекенжайы (олардың тұратын жерінің мекенжайы) бойынша тек қана зейнеткерлер тіркелген зейнеткерлер жеке тұратын зейнеткерлер деп танылады.

4. Осы баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 3) – 7) тармақшаларында көрсетілген салық төлеушілер пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе мүлікті жалға беру (жалдау) шарты бойынша берілген жер учаскелері бойынша салық төлеушілер болып табылады.

5. Мемлекеттік мекемелер сенімгерлік басқаруға берген жер учаскелері

бойынша салық төлеуші осы Кодекстің 41-бабына сәйкес айқындалады.

499-бап. Жекелеген жағдайларда төлеушіні айқындау

1. Егер жер учаскелерін иелену немесе пайдалану құқығын куәландыратын құжаттарда немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін жер учаскесін қоспағанда, бірнеше тұлғаның ортақ меншігіндегі (пайдалануындағы) жер учаскесі бойынша осы тұлғалардың әрқайсысы жер салығын төлеуші болып табылады.

Пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін жер учаскесі бойынша осы пайлық инвестициялық қорды басқарушы компания жер салығын төлеуші болып табылады.

2. Жеке тұлғалардың бірлескен ортақ меншігіндегі салық салу объектілері бойынша осы салық салу объектісінің меншік иелерінің арасындағы келісіммен олардың біреуі салық төлеуші болуы мүмкін.

Бұл ретте меншік құқығын мемлекеттік тіркеу 2017 жылғы 31 желтоқсаннан кейін жүргізілген бірлескен ортақ меншіктегі салық салу объектілері бойынша меншік иелері осындай объектіге меншік құқығын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруға өтініште көрсеткен осы салық салу объектісінің меншік иелерінің бірі салық төлеуші болуы мүмкін.

3. Жер учаскесіне арналған сәйкестендіру құжаттары болмаған жағдайда пайдаланушыны жер учаскесіне қатысты жер салығын төлеуші ретінде тану үшін:

1) жер учаскесі мемлекеттік меншіктен берілген кезде – мемлекеттік органдардың жер учаскесін беру туралы актілері;

2) қалған жағдайларда – азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген озге де негіздерде осындай учаскені іс жүзінде иелену және пайдалану негіз болып табылады.

4. Қаржы лизингінің шартына сәйкес жылжымайтын мүлік объектісімен бірге қаржы лизингіне берілген (алынған) жер учаскесі бойынша лизинг алушы жер салығын төлеуші болып табылады.

500-бап. Салық салу объектісі

1. Жер учаскесі (жер учаскесіне ортақ үлестік меншік кезінде – жер үлесі) салық салу объектісі болып табылады.

2. Мыналар салық салу объектісі болып табылмайды:

1) елді мекендердің ортақ пайдалануындағы жер учаскелері.

Алаңдар, көшелер, өткелдер, жолдар, жағалаулар, саябақтар, скверлер, гүлзарлар, су айдындары, жағажайлар, зираттар және халықтың қажеттерін қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (су құбырлары, жылу

құбырлары, электр беру желілері, тазарту құрылғылары, күл-қоқыс құбырлары, жылу трассалары және басқа да ортақ пайдаланудағы инженерлік жүйелер) алып жатқан және соларға арналған жер елді мекендердің ортақ пайдалануындағы жерге жатады;

2) ортақ пайдаланудағы мемлекеттік автомобиль жолдарының желісі алып жатқан жер учаскелері.

Бөлінген белдеудегі ортақ пайдаланудағы мемлекеттік автомобиль жолдарының желісі алып жатқан жерге жер алаптары, жол тарамдары, өткерме жолдар, жасанды құрылғылар, жол бойындағы резервтер мен өзге де жол қызметін көрсету жөніндегі құрылғылар, жол қызметінің қызметтік және тұрғын үй-жайлары, қардан қорғайтын және әсемдік екпелер орналасқан жер жатады;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша консервацияланған объектілер орналасқан жер учаскелері;

4) жалға берілетін үйлерді күтіп-ұстау үшін сатып алынған жер учаскелері;

5) осы Кодекстің 519-бабы 3-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген ғимараттар, құрылыстар орналасқан жер учаскелері.

501-бап. Жекелеген жағдайларда салық салу объектісін айқындау

1. Теміржолдар, оқшаулау белдеулері, теміржол станциялары, вокзалдар орналасқан жер учаскелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен теміржол көлігі ұйымдарының объектілеріне берілген жер учаскелері теміржол көлігінің ұйымдары үшін салық салу объектісі болып табылады.

2. Электр беру желілерінің тіректері мен кіші станциялар алып жатқан жер учаскелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген жер учаскелері балансында электр беру желілері бар энергетика және электрлендіру жүйесінің ұйымдары үшін салық салу объектісі болып табылады.

3. Мұнай құбырлары, газ құбырлары алып жатқан жер учаскелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген жер учаскелері балансында мұнай құбырлары, газ құбырлары бар, мұнай мен газ өндіруді, тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдар үшін салық салу объектісі болып табылады.

4. Байланыс желілерінің тіректері алып жатқан жер учаскелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен берілген жер учаскелері балансында радиорелелік, әуе, кәбілдік байланыс желілері бар байланыс ұйымдары үшін салық салу объектісі болып табылады.

502-бап. Салықтық база

Жер салығын айқындау үшін жер учаскесінің және (немесе) жер үлесінің алаңы салықтық база болып табылады.

61-тарау. САЛЫҚТЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР

503-бап. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер

1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге арналған жер салығының базалық мөлшерлемелері бір гектарға есептеліп белгіленеді және топырақтың сапасы бойынша сараланады.

2. Далалық және қуаң далалық аймақтардың жеріне бонитет балдарына пропорционалды түрде жер салығының мынадай базалық салықтық мөлшерлемелері белгіленеді:

Р/с №	Бонитет балы	Базалық салықтық мөлшерлеме (теңге)
1	2	3
1.	1	2,4
2.	2	3,35
3.	3	4,35
4.	4	5,3
5.	5	6,25
6.	6	7,25
7.	7	8,4
8.	8	9,65
9.	9	10,8
10.	10	12,05
11.	11	14,45
12.	12	15,45
13.	13	16,4
14.	14	17,35
15.	15	18,35
16.	16	19,3
17.	17	20,45
18.	18	21,7
19.	19	22,85
20.	20	24,1
21.	21	26,55

22.	22	28,95
23.	23	31,35
24.	24	33,75
25.	25	36,2
26.	26	38,6
27.	27	41
28.	28	43,4
29.	29	45,85
30.	30	48,25
31.	31	72,35
32.	32	77,7
33.	33	82,95
34.	34	90,4
35.	35	93,8
36.	36	99,1
37.	37	104,4
38.	38	110
39.	39	115,3
40.	40	120,6
41.	41	144,75
42.	42	150,05
43.	43	155,35
44.	44	160,85
45.	45	166,15
46.	46	171,45
47.	47	176,8
48.	48	182,4
49.	49	187,7
50.	50	193
51.	51	217,1
52.	52	222,45
53.	53	227,75
54.	54	233,25
55.	55	238,55
56.	56	243,85
57.	57	249,15
58.	58	254,75
59.	59	260,05
60.	60	265,35
61.	61	289,5
62.	62	303,15

63.	63	316,3
64.	64	329,75
65.	65	343,05
66.	66	356,55
67.	67	369,8
68.	68	383,3
69.	69	396,6
70.	70	410,1
71.	71	434,25
72.	72	447,75
73.	73	460,95
74.	74	474,45
75.	75	487,8
76.	76	501,3
77.	77	514,55
78.	78	528,05
79.	79	541,35
80.	80	554,85
81.	81	579
82.	82	595,1
83.	83	611,05
84.	84	627,25
85.	85	643,35
86.	86	659,3
87.	87	675,5
88.	88	691,6
89.	89	707,55
90.	90	723,75
91.	91	747,85
92.	92	772
93.	93	796,1
94.	94	820,25
95.	95	844,35
96.	96	868,5
97.	97	892,6
98.	98	916,75
99.	99	940,85
100.	100	965
101.	100-ден жоғары	1 013,3

3. Шөлейтті, шөлді және тау бөктеріндегі шөлді аймақтардың жеріне

бонитет балдарына пропорционалды түрде жер салығының мынадай базалық салықтық мөлшерлемелер белгіленеді:

Р/с №	Бонитет балы	Базалық салықтық мөлшерлеме (теңге)
1	2	3
1.	1	2,4
2.	2	2,7
3.	3	2,9
4.	4	3,1
5.	5	3,35
6.	6	3,65
7.	7	3,85
8.	8	4,05
9.	9	4,35
10.	10	4,8
11.	11	7,25
12.	12	9,15
13.	13	11,1
14.	14	12,75
15.	15	14,65
16.	16	16,6
17.	17	18,55
18.	18	20,25
19.	19	22,2
20.	20	24,1
21.	21	26,55
22.	22	28,95
23.	23	31,35
24.	24	33,75
25.	25	36,2
26.	26	38,6
27.	27	41
28.	28	43,4
29.	29	45,85
30.	30	48,25
31.	31	50,65
32.	32	53,05
33.	33	55,45

34.	34	57,9
35.	35	60,3
36.	36	62,7
37.	37	65,15
38.	38	67,55
39.	39	69,95
40.	40	72,35
41.	41	74,8
42.	42	77,2
43.	43	79,6
44.	44	82
45.	45	84,45
46.	46	86,85
47.	47	89,25
48.	48	91,65
49.	49	94,1
50.	50	96,5
51.	51	98,9
52.	52	101,3
53.	53	103,75
54.	54	106,15
55.	55	108,55
56.	56	110,95
57.	57	113,4
58.	58	115,8
59.	59	118,2
60.	60	120,6
61.	61	123,05
62.	62	126,4
63.	63	129,1
64.	64	132,2
65.	65	135,1
66.	66	138,2
67.	67	141,1
68.	68	144,25
69.	69	147,45
70.	70	150,35
71.	71	153,45
72.	72	156,35
73.	73	159,4
74.	74	162,3

75.	75	165,45
76.	76	168,4
77.	77	171,55
78.	78	174,65
79.	79	177,55
80.	80	180,75
81.	81	183,55
82.	82	186,7
83.	83	189,6
84.	84	192,8
85.	85	195,9
86.	86	198,8
87.	87	201,9
88.	88	204,75
89.	89	207,95
90.	90	210,85
91.	91	210,9
92.	92	216,95
93.	93	220
94.	94	223,1
95.	95	226
96.	96	229,2
97.	97	231,9
98.	98	235,15
99.	99	238,05
100.	100	241,25
101.	100-ден жоғары	250,9

504-бап. Жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге, сондай-ақ жеке тұлғаларға тиісті қора-қопсы салынған жерді қоса алғанда, жеке (қосалқы) үй шаруашылығын, бағбандық және саяжай құрылысын жүргізу үшін берілген елді мекендердің жеріне арналған базалық салықтық мөлшерлемелер мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

1) 0,50 гектарға дейін қоса алғанда алаң болған кезде – 0,01 гектар үшін 20 теңге;

2) 0,50 гектардан асатын алаңға – 0,01 гектар үшін 100 теңге.

505-бап. Елді мекендердің жеріне (үй маңындағы учаскелерді қоспағанда) арналған базалық салықтық мөлшерлемелер

1. Елді мекендердің жеріне (үй маңындағы учаскелерді қоспағанда) арналған базалық салықтық мөлшерлемелер алаңның бір шаршы метріне есептегенде мына мөлшерлерде белгіленеді:

Р/с №	Елді мекеннің санаты	Тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жеріне арналған базалық салықтық мөлшерлемелер (теңге)	Тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер (теңге)
1	2	3	4
	Қалалар:		
1.	Алматы	28,95	0,96
2.	Астана	19,30	0,96
3.	Ақтау	9,65	0,58
4.	Ақтөбе	6,75	0,58
5.	Атырау	8,20	0,58
6.	Қарағанды	9,65	0,58
7.	Қызылорда	8,68	0,58
8.	Көкшетау	5,79	0,58
9.	Қостанай	6,27	0,58
10.	Павлодар	9,65	0,58
11.	Петропавл	5,79	0,58
12	Талдықорған	9,17	0,58
13.	Тараз	9,17	0,58
14.	Орал	5,79	0,58
15.	Өскемен	9,65	0,58
16.	Шымкент	9,17	0,58
17.	Алматы облысы		
18.	облыстық маңызы бар қалалар	6,75	0,39
19.	аудандық маңызы бар қалалар	5,79	0,39

20.	Ақмола облысы:		
21.	облыстық маңызы бар қалалар	5,79	0,39
22.	аудандық маңызы бар қалалар	5,02	0,39
23.	Облыстық маңызы бар қалған қалалар	облыс орталығы үшін белгіленген мөлшерлеменің 85 пайызы	0,39
24.	Аудандық маңызы бар қалған қалалар	облыс орталығы үшін белгіленген мөлшерлеменің 75 пайызы	0,19
25.	Кенттер	0,96	0,13
26.	Ауылдар	0,48	0,09

Бұл ретте елді мекендердің санаты техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышына сәйкес белгіленеді.

2. Үй іргесіндегі жер учаскелері мынадай базалық салықтық мөлшерлемелер бойынша салық салынуға жатады:

1) Астана, Алматы қалалары және облыстық маңызы бар қалалар үшін:

1000 шаршы метрге дейін қоса алғандағы алаң болғанда – 1 шаршы метр үшін 0,20 теңге;

1000 шаршы метрден асатын алаңға – 1 шаршы метр үшін 6,00 теңге.

Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша 1000 шаршы метрден асатын жер учаскелеріне арналған салықтық мөлшерлемелер 1 шаршы метр үшін 6,0 теңгеден 0,20 теңгеге дейін төмендетілуі мүмкін.

2) қалған елді мекендер үшін:

5000 шаршы метрге дейін қоса алғандағы алаң болғанда – 1 шаршы метр үшін 0,20 теңге;

5000 шаршы метрден асатын алаңға – 1 шаршы метр үшін 1,00 теңге.

Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша 5000 шаршы метрден асатын жер учаскелеріне арналған салықтық мөлшерлемелер 1 шаршы метр үшін 1,00 теңгеден 0,20 теңгеге дейін төмендетілуі мүмкін.

Елді мекендердің тұрғын үйге (тұрғын ғимаратқа) қызмет көрсетуге арналған және тұрғын үй (тұрғын ғимарат), оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналаспаған жеріне жататын жер учаскесінің бір бөлігі үй іргесіндегі жер учаскесі болып есептеледі.

506-бап. Елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерге (бұдан әрі – өнеркәсіп жері) арналған базалық салықтық мөлшерлемелер

1. Елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жеріне арналған базалық салықтық мөлшерлемелер бір гектарға есептегенде бонитет балдарына пропорционалды түрде мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

Р/с №	Бонитет балы	Базалық салықтық мөлшерлеме (теңге)	Р/с №	Бонитет балы	Базалық салықтық мөлшерлеме (теңге)
1	2	3	4	5	6
1.	0	48,25	52.	51	2634,45
2.	1	91,67	53.	52	2690,23
3.	2	135,1	54.	53	2745,95
4.	3	178,52	55.	54	2801,72
5.	4	221,95	56.	55	2857,46
6.	5	265,37	57.	56	2913,24
7.	6	308,8	58.	57	2968,96
8.	7	352,22	59.	58	3024,73
9.	8	395,65	60.	59	3080,47
10.	9	439,07	61.	60	3136,25
11.	10	482,5	62.	61	3188,36
12.	11	530,75	63.	62	3247,75
13.	12	592,41	64.	63	3325,49
14.	13	654,08	65.	64	3364,61
15.	14	715,68	66.	65	3423,05
16.	15	777,35	67.	66	3489,25
17.	16	839,01	68.	67	3539,95
18.	17	900,67	69.	68	3598,39
19.	18	962,29	70.	69	3656,81
20.	19	1023,96	71.	70	3715,25
21.	20	1084,66	72.	71	3769,29
22.	21	1138,7	73.	72	3829,64
23.	22	1189,07	74.	73	3890,53
24.	23	1239,35	75.	74	3951,67
25.	24	1287,73	76.	75	4012,79
26.	25	1340,29	77.	76	4073,88
27.	26	1390,66	78.	77	4135,02

28.	27	1441,07	79.	78	4196,15
29.	28	1491,45	80.	79	4257,23
30.	29	1541,88	81.	80	4319,34
31.	30	1592,25	82.	81	4371,45
32.	31	1646,29	83.	82	4432,57
33.	32	1693,03	84.	83	4493,66
34.	33	1740,76	85.	84	4554,8
35.	34	1788,47	86.	85	4615,92
36.	35	1836,2	87.	86	4677,01
37.	36	1883,87	88.	87	4738,15
38.	37	1931,58	89.	88	4799,27
39.	38	1979,31	90.	89	4860,36
40.	39	2027,02	91.	90	4921,5
41.	40	2074,75	92.	91	4975,54
42.	41	2126,86	93.	92	5054,48
43.	42	2178,19	94.	93	5134,32
44.	43	2228,61	95.	94	5214,22
45.	44	2278,98	96.	95	5294,09
46.	45	2329,41	97.	96	5373,99
47.	46	2379,79	98.	97	5453,83
48.	47	2340,22	99.	98	5533,73
49.	48	2480,57	100.	99	5613,59
50.	49	2531	101.	100	5693,5
51.	50	2582,34	102.	100-ден жоғары	5790

2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес басқа жер пайдаланушылар уақытша пайдаланатын жерді қоспағанда, қорғаныс мұқтажы үшін берілген жер осы баптың 1-тармағында белгіленген мөлшерлемелер бойынша салық салынуға жатады.

3. Қорғаныс мұқтажы үшін берілген, қорғаныс мұқтажы үшін уақытша пайдаланылмайтын және ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін басқа да жер пайдаланушыларға берілген жер осы Кодекстің 510-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, осы Кодекстің 503-бабында белгіленген мөлшерлемелер бойынша салық салынуға жатады.

4. Магистральды теміржолдарды бойлай қорғаныштық екпе ағаштар алып жатқан теміржол көлігі кәсіпорындарының жеріне осы Кодекстің 510-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, осы Кодекстің 503-бабында белгіленген мөлшерлемелер бойынша салық салынады.

507-бап. Елді мекендер шегінде орналасқан өнеркәсіп жеріне арналған салықтық мөлшерлемелер

1. Осы баптың 3-тармағында және осы Кодекстің 509-бабында көрсетілген жерді қоспағанда, өнеркәсіп жеріне (шахталарды, карьерлерді қоса алғанда) осы Кодекстің 510-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, осы Кодекстің 505-бабында белгіленген базалық мөлшерлемелер бойынша салық салынады.

2. Осы баптың 3-тармағында және осы Кодекстің 509-бабында көрсетілген жерді қоспағанда, өнеркәсіп жеріне (шахталарды, карьерлерді қоса алғанда) базалық мөлшерлемелер жергілікті өкілді органдардың шешімдерімен төмендетілуі мүмкін. Осы Кодекстің 510-бабының 1-тармағында көзделген азайту ескеріле отырып, көрсетілген жерге салықтық мөлшерлемелерді жалпы азайту базалық мөлшерлеменің 30 пайызынан аспауға тиіс.

3. Елді мекен шегінде орналасқан, әуеайлақтар алып жатқан өнеркәсіп жеріне осы Кодекстің 510-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, осы Кодекстің 506-бабында белгіленген базалық мөлшерлемелер бойынша салық салынады.

Әуеайлақтар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекен шегінде орналасқан, әуежайлар алып жатқан өнеркәсіп жеріне осы Кодекстің 510-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, осы Кодекстің 505-бабында белгіленген базалық мөлшерлемелер бойынша салық салынады.

Осы Кодекстің мақсаттары үшін әуе кемелерінің ұшуын, қонуын, бұрылуын, тұрағын қамтамасыз ету және оларға қызмет көрсету үшін арнайы дайындалған және жабдықталған жер учаскесі әуеайлақ деп түсініледі.

508-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қорының жеріне арналған салықтық мөлшерлемелер

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қорының ауыл шаруашылығы мақсаттарында пайдаланылатын жеріне осы Кодекстің 510-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, осы Кодекстің 503-бабында белгіленген базалық мөлшерлемелер бойынша жер салығы салынады.

2. Жеке және заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсаттарынан басқа озге де мақсаттар үшін пайдалануға берілген ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қорының жері осы Кодекстің 510-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, осы Кодекстің 506-бабында белгіленген мөлшерлемелер бойынша салық салынуға жатады.

509-бап. Автотұрақтарға (паркингтерге), автожанармай құю станцияларына бөлінген, казино орналасқан, сондай-ақ тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелеріне арналған салықтық мөлшерлемелер

1. Елді мекендердің автожанармай құю станцияларына бөлінген жеріне осы Кодекстің 505-бабы кестесінің 3-бағанында белгіленген елді мекендер жеріне арналған, он есе ұлғайтылған базалық мөлшерлемелер бойынша салық салынуға жатады.

Автожанармай құю станцияларына бөлінген басқа санаттардағы жер жақын орналасқан елді мекеннің жері үшін осы Кодекстің 505-бабы кестесінің 3-бағанында белгіленген елді мекендер жеріне арналған, он есе ұлғайтылған базалық мөлшерлемелер бойынша салық салынуға жатады. Бұл ретте салықты есептеу кезінде жеріне базалық мөлшерлемелер қолданылатын жақын орналасқан елді мекенді жергілікті өкілді орган айқындайды.

Жергілікті өкілді органның шешімі бойынша салық мөлшерлемелері төмендетілуі мүмкін, бірақ ол осы Кодекстің 505-бабында белгіленгеннен кем болмайды.

2. Елді мекендердің казино орналасқан жеріне осы Кодекстің 505-бабында белгіленген елді мекендер жеріне арналған, он есе ұлғайтылған базалық мөлшерлемелер бойынша салық салынуға жатады.

Казино орналасқан басқа да санаттардағы жерге, тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерді қоспағанда, жақын орналасқан елді мекеннің жері үшін осы Кодекстің 505-бабында белгіленген елді мекендердің жеріне арналған, он есе ұлғайтылған базалық мөлшерлемелер бойынша салық салынуға жатады.

Елді мекеннің жеріне салықты есептеу кезінде қолданылатын базалық мөлшерлемелерді жергілікті өкілді орган белгілейді.

Жергілікті өкілді органның шешімі бойынша салық мөлшерлемелері төмендетілуі мүмкін, бірақ ол осы Кодекстің 505-бабында белгіленгеннен кем болмайды.

3. Елді мекендердің автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген жеріне осы Кодекстің 505-бабы кестесінің 3-бағанында белгіленген елді мекендердің жеріне арналған базалық мөлшерлемелер бойынша салық салынуға жатады.

Автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген басқа санаттардағы жерге жақын орналасқан елді мекеннің жері үшін осы Кодекстің 505-бабы кестесінің 3-бағанында белгіленген елді мекендердің жеріне арналған базалық мөлшерлемелер бойынша салық салынуға жатады. Бұл ретте салықты есептеу кезінде жеріне базалық мөлшерлемелер қолданылатын жақын орналасқан елді мекенді жергілікті өкілді орган айқындайды.

Автотұрақтар (паркингтер) орналасқан жерге арналған базалық салық

мөлшерлемесі жергілікті өкілді органның шешімі бойынша ұлғайтылуы мүмкін, бірақ ол он еседен артық болмайды. Осы тармақта көзделген, жергілікті өкілді орган белгілейтін мөлшерлемелерді ұлғайту автотұрақтар (паркингтер) санаттарына қарай жүргізіледі.

Бұл ретте жекелеген салық төлеушілер үшін жер салығының мөлшерлемелерін жеке-дара азайтуға немесе арттыруға тыйым салынады.

4. Объектілер салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелері бойынша осы Кодекстің 505-бабы кестесінің 23 – 26-жолдарында көрсетілген мөлшерлемелерден басқа, осы Кодекстің 505, 506 және 507-баптарында және осы бапта белгіленген базалық салық мөлшерлемелері жерді пайдалану мен қорғауды бақылау жөніндегі уәкілетті орган меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалану және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықты жою қажеттігі туралы жазбаша ескертуді табыс еткен күннен бастап он есеге ұлғайтылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің мақсаттары үшін тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау тәртібін жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды.

5. Жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары негізінде жергілікті өкілді органдардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге осы Кодекстің 503-бабында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерін он еседен асырмай арттыруға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша осы тармақтың ережелеріне сәйкес арттырылған базалық салық мөлшерлемелері жерді пайдалану мен қорғауды бақылау жөніндегі уәкілетті орган меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалану және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықты жою қажеттігі туралы жазбаша ескертуді табыс еткен күннен бастап қолданылады.

6. Осы баптың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген жер учаскелері бойынша мәліметтерді жерді пайдалану мен қорғауды бақылау жөніндегі уәкілетті органның салық органдарына ұсыну тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

510-бап. Базалық салықтық мөлшерлемелерді түзету

1. Жергілікті өкілді органдардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары)

негізінде жер салығының мөлшерлемелерін осы Кодекстің 504, 505 және 506-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерінің 50 пайызынан асырмай азайтуға немесе арттыруға құқығы бар.

Бұл ретте жекелеген салық төлеушілер үшін жер салығының мөлшерлемелерін жеке-дара азайтуға немесе арттыруға тыйым салынады.

Бұл ретте жер салығының мөлшерлемелерін азайту немесе арттыру туралы мұндай шешімді жергілікті өкілді орган ол енгізілетін жылдың алдындағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей қабылдайды және ол қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Жергілікті өкілді органның жер салығының мөлшерлемелерін азайту немесе арттыру туралы шешімі ресми жариялануға жатады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері осы Кодекстің 509-бабында көрсетілген жер учаскелеріне қолданылмайды.

2. Мына төлеушілер жер салығын есептеген кезде тиісті мөлшерлемелерге 0 коэффициентін қолданады:

1) осы Кодекстің 290-бабының 3-тармағында және 291-бабының 1-тармағында айқындалған заңды тұлғалар;

2) арнайы экономикалық аймақтар аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар – арнайы экономикалық аймақтың аумағында орналасқан және осы Кодекстің 79-тарауында белгіленген ережелерді ескере отырып, осы Кодекстің 708-бабында көрсетілген қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдаланатын жер учаскелері бойынша;

3) инвестициялық басым жобаны іске асыратын ұйымдар – осы Кодекстің 712-бабында белгіленген ережелерді ескере отырып, инвестициялық басым жобаны іске асыру үшін пайдаланатын жер учаскелері бойынша.

4) Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым.

3. Мына төлеушілер салықты есептеген кезде тиісті мөлшерлемелерге 0,1 коэффициентін қолданады:

1) балаларды сауықтыру мекемелері – осындай балаларды сауықтыру мекемелерінің балаларды сауықтыру жөніндегі өздерінің қызметінде пайдаланатын жер учаскелері бойынша;

2) негізгі қызмет түрі ормандарды өртке қарсы жайластыру, өртке, орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес, табиғи биологиялық ресурстардың өсімін молайту және ормандардың экологиялық әлеуетін арттыру жөніндегі жұмыстарды орындау болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар – өздері осы қызметте пайдаланатын жер учаскелері бойынша;

3) балықты ұдайы молайту мақсатындағы мемлекеттік кәсіпорындар – өздері балықты ұдайы молайту жөніндегі қызметте пайдаланатын жер учаскелері бойынша;

4) психоневрологиялық және туберкулез мекемелері жанындағы емдеу-өндірістік кәсіпорындары;

5) технологиялық парктер – Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген негізгі қызмет түрін жүзеге асыру үшін пайдаланылатын жер учаскелері бойынша.

Осы тармақшаның ережелерін бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін технологиялық парктер қолдануға құқылы:

мұндай технологиялық парктер Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес құрылған;

осындай технологиялық парктердің дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан көп пайызы технологиялық дамыту саласындағы ұлттық даму институтына тиесілі;

6) осы Кодекстің 289-бабының 4-тармағында көрсетілген діни бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдарды қоспағанда, осы Кодекстің 289-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған коммерциялық емес ұйымдар;

7) осы Кодекстің 290-бабының 2-тармағында айқындалған заңды тұлғалар – осы Кодекстің 290-бабының 2-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асырған кезде пайдаланылатын жер учаскелері бойынша.

4. Осы баптың 2-тармағы 1) тармақшасының және 3-тармағы 4) және 6) тармақшаларының ережелері жер учаскесін және (немесе) оның бір бөлігін мүліктік жалдау (жалга беру) шарты бойынша берілгеннен, өзге де негіздерде пайдалануға берілгеннен түскен кіріс мемлекеттік бюджеттің есебіне жатқызылатын жағдайды қоспағанда, жер учаскесін және (немесе) оның бір бөлігін (ондағы ғимараттармен, құрылыстармен, құрылысжайлармен бірге не оларсыз) мүліктік жалдау (жалға беру) шарты бойынша берілген, өзге де негіздерде пайдалануға берген немесе оларды коммерциялық мақсаттарда пайдаланған жағдайларда қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелерін қолданған кезде:

салық төлеушілер салық салу объектілерін бөлек-бөлек есепке алуды жүргізуге міндетті;

жер учаскесінің бөлігі бойынша жер салығының мөлшері осындай учаске бөлігі алаңының бүкіл жер учаскесінің жалпы алаңына үлестік салмағы бойынша айқындалады.

62-тарау. САЛЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ МЕН ТӨЛЕУ МЕРЗІМДЕРІ

511-бап. Салықты есептеу мен төлеудің жалпы тәртібі

1. Салықты есептеу осы тараудың ережелерін ескере отырып, әрбір жер учаскесі бойынша жеке-жеке салықтық базаға тиісті салық мөлшерлемесін

қолдану арқылы жүргізіледі.

2. Егер осы тарауда өзгеше белгіленбесе, мемлекет жер учаскесіне меншік құқығын, тұрақты немесе бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығын берген кезде салық төлеуші жер салығын жер учаскесіне осындай құқықтар берілген айдан кейінгі айдан бастап есептейді.

3. Жер учаскесін иелену құқығы немесе пайдалану құқығы тоқтатылған жағдайда жер салығы жер учаскесін пайдаланудың іс жүзіндегі кезеңі үшін есептеледі.

4. Жер салығы бюджетке жер учаскесінің орналасқан жері бойынша төленеді.

5. Салық жылы ішінде елді мекенді қоныстың бір санатынан басқасына ауыстырған кезде осындай ауыстыру жүргізілген салықтық кезең үшін жер салығы осы елді мекен осындай ауыстыруға дейін жатқызылған елді мекен санаты үшін белгіленген мөлшерлемелер бойынша есептеледі.

6. Әкімшілік-аумақтық бірліктің шекаралары өзгерген кезде аумағы осындай өзгеріске байланысты басқа әкімшілік-аумақтық бірліктің шекарасына ауыстырылған елді мекенде орналасқан жер учаскелері бойынша осындай өзгеріс жүргізілген салықтық кезең үшін жер салығы осындай өзгеріс күніне дейін осы елді мекен шекарасында болған елді мекен санаты үшін белгіленген мөлшерлемелер бойынша есептеледі.

7. Салық төлеушілер иеленетін жер учаскелері бонитетінің балын анықтау мүмкін болмаған кезде жер салығының мөлшері шектесіп орналасқан жердің бонитет балы негізге алына отырып айқындалады.

8. Ортақ үлестік меншіктегі салық салу объектілері бойынша салық осындай объектілердің жалпы алаңындағы әрбір меншік иесінің үлесіне пропорционалды есептеледі.

9. Кондоминиум объектісінің бір бөлігі болып табылатын жер учаскесіне, пәтердің (тұрғынжайдың) меншік иесі – жеке тұлғаны қоспағанда, кондоминиум объектісінің бір бөлігі болып табылатын ортақ мүліктегі үй-жайдың (ғимараттың бір бөлігінің) әрбір меншік иесінің үлесіне пропорционалды жер салығы салынуға тиіс.

Бұл ретте:

1) жеке тұлғаны қоспағанда, ортақ мүліктегі тұрғын үй меншік иесінің үлесіне сәйкес келетін жер учаскесінің бір бөлігіне осы Кодекстің 505-бабында келтірілген кестенің 4-бағанында белгіленген елді мекендердің жеріне арналған базалық салықтық мөлшерлемелер бойынша жер салығы салынуға жатады;

2) ортақ мүліктегі тұрғын емес үй-жайдың (тұрғын емес ғимараттың бір бөлігінің) меншік иесінің үлесіне сәйкес келетін жер учаскесінің бір бөлігіне осы Кодекстің 505-бабы кестесінің 3-бағанында белгіленген елді мекендердің жеріне арналған базалық салықтық мөлшерлемелер бойынша жер салығы салынуға жатады.

512-бап. Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің салықты есептеу тәртібі мен төлеу мерзімдері

1. Салық төлеушілер жер салығының сомаларын салықтық базаға тиісті салық мөлшерлемесін қолдану арқылы өз бетінше есептейді.

2. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер жер салығы бойынша ағымдағы төлемдерді салықтық кезең ішінде есептеуге және төлеуге міндетті.

3. Ағымдағы төлемдердің мөлшері салықтық кезеңнің басында болған салық салу объектілері бойынша салықтық базаға тиісті салықтық мөлшерлемелерді қолдану арқылы айқындалады.

4. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимдерін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, салық төлеушілер ағымдағы салық төлемдерінің сомаларын салықтық кезеңнің 25 ақпанынан, 25 мамырынан, 25 тамызынан және 25 қарашасынан кешіктірмей тең үлестермен төлейді.

5. Салықтық кезең ішінде салықтық міндеттемелер туындаған кезде, оның ішінде осы Кодекстің 498-бабы 3-тармағының 3) және 7) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар салық салу объектілерін пайдалануға, сенімгерлік басқаруға берген немесе мүліктік жалдау (жалға беру) шарты бойынша берілген кезде:

1) осындай салықтық кезең ішінде ағымдағы салық сомаларын төлеудің келесі кезекті мерзімі оларды бірінші төлеу мерзімі болып табылады;

2) ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін осы баптың 8-тармағында көзделген мерзімдерде тек түпкілікті есеп айырысу және салық сомасын толеу жүргізіледі.

6. Жер салығы бойынша міндеттемелер салықтық кезең ішінде өзгерген кезде агымдағы төлемдер, егер осы баптың 7-тармағында өзгеше белгіленбесе, салықтық міндеттемелердің өзгеру сомасына осындай салықтық кезеңде жер салығын төлеудің алдағы мерзімдері бойынша тең үлестермен түзетіледі.

7. Салық салу объектілеріне құқықтар салықтық кезеңнің ішінде берілген жағдайда салық сомасы жер учаскесіне иелік етудің іс жүзіндегі кезеңі үшін есептеледі.

Осы құқықтарды беретін тұлғаның жер учаскесіне іс жүзінде иелік еткен кезеңі үшін төлеуге жататын салық сомасы құқықтарды мемлекеттік тіркеуге дейін немесе тіркеген кезде бюджетке енгізілуге тиіс. Бұл ретте осы құқықтарды беретін тұлға салық сомасын ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап өзі жер учаскесін беретін айдың басына дейін есептейді. Осындай құқықтарды алған тұлға салық сомасын оның жер учаскесіне құқығы туындаған айдың басынан басталатын кезең үшін есептейді.

8. Салық төлеуші салықтық кезең үшін декларацияны ұсыну мерзімі басталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей түпкілікті есеп

айырысуды жүргізеді және жер салығын төлейді.

9. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер салықтық кезең үшін декларация ұсыну мерзімі басталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей жер салығын төлейді.

513-бап. Жекелеген жағдайларда салықты есептеудің, төлеудің және салық бойынша есептілікті ұсыну ерекшеліктері

1. Бірнеше салық төлеушінің пайдалануындағы үйлер, құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жер учаскелері үшін жер салығы олардың бөлек пайдалануындағы үйлер мен құрылыстардың алаңына пропорционалды түрде әрбір салық төлеуші бойынша жеке-жеке есептеледі.

2. Осы Кодекстің 498-бабы 3-тармағының 3) және 7) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар үйдің бір бөлігін не ғимараттың бір бөлігін пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе жалға берген кезде жер салығы осы жер учаскесінде орналасқан барлық үйлердің, ғимараттардың жалпы алаңындағы пайдалануға, сенімгерлікпен басқаруға немесе жалға берілген үйдің бір бөлігі не ғимараттың бір бөлігі алаңының үлес салмағына қарай есептелуге жатады.

3. Заңды тұлға тұрғын үй қорының құрамындағы жылжымайтын мүлікті сатып алған жағдайда, жер салығы тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жеріне осы Кодекстің 505-бабында белгіленген салықтың базалық мөлшерлемелері бойынша есептелуге жатады.

514-бап. Жеке тұлғалардың салықты есептеу тәртібі мен төлеу мерзімдері

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, жеке тұлғалар төлеуге жататын жер салыгын есептеуді салық органдары тиісті салықтық мөлшерлемелер мен салықтық базаны негізге ала отырып, есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей жүргізеді.

Осы тармақтың ережелері кәсіпкерлік қызметте және (немесе) осындай жеке практикаға байланысты қызметте пайдаланылатын (пайдалануға жататын) жер учаскелері бойынша жеке тұлғаларға (оның ішінде дара кәсіпкерлерге және жеке практикамен айналысатын адамдарға) қолданылмайды.

Бұл ретте осы тараудың мақсаттары үшін мұндай учаске:

салықтық база осы Кодекстің 529-бабына сәйкес айқындалатын және салық есептеуді салық органдары жүргізетін тұрғын үй және басқа да объектілер алып жатқан;

тұру мақсатында ғана жалға (пайдалануға) берілген және тұрғын үй қорынан шығарылмаған деген талаптар бір мезгілде сақталғанда жер учаскесі

кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын (пайдалануға жататын) жер учаскесі деп танылмайды.

2. Салықтық кезең ішінде салық салу объектілеріне құқықтар берілген жағдайда салық сомасы осы Кодекстің 512-бабы 7-тармағының ережелері ескеріле отырып есептеледі.

3. Жеке тұлғалар салық органдары есептеген жер салығын есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 қазанынан кешіктірмей бюджетке төлейді.

4. Кәсіпкерлік қызметте және (немесе) осындай жеке практикаға байланысты қызметте пайдаланылатын (пайдалануға жататын) жер учаскелері бойынша жеке тұлғалар (оның ішінде жеке практикамен айналысатын адамдар) жер салығын осы Кодекстің 512-бабында шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер үшін айқындалған тәртіппен есептейді және төлейді.

5. Осы Кодекстің 498-бабы 3-тармағы 4) тармақшасының ережелерін қолдану құқығы салықтық кезең ішінде туындаған немесе тоқтатылған жағдайда, осындай ережелер:

құқық туындаған кезде – осындай құқық туындаған айдың 1-күнінен бастап салықтық кезең аяқталғанға дейін немесе осындай құқық тоқтатылатын айдың 1-күніне дейін қолданылады;

құқық тоқтатылған кезде – осындай құқық тоқтатылатын айдың 1-күнінен бастап қолданылмайды.

63-тарау. САЛЫҚТЫҚ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ САЛЫҚТЫҚ ЕСЕПТІЛІК

515-бап. Салықтық кезең

1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл жер салығын есептеу үшін салықтық кезең болып табылады.

516-бап. Салықтық есептілік

1. Кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын (пайдалануға жататын) жер учаскелері бойынша дара кәсіпкерлер (шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда) және заңды тұлғалар жер учаскелерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына салықтық кезеңнің басындағы жағдай бойынша айқындалған салықтық міндеттемелер бойынша ағымдағы салықтық кезеңнің 15 ақпанынан кешіктірмей жер салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын ұсынады.

2. Салық төлеуші ағымдағы төлемдерді кезекті (салықтық кезең ішінде) төлеу мерзімі басталғанға дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмейтін

мерзімде:

ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын – ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін туындағандарды қоспағанда, салықтық кезең ішінде салықтық міндеттемелер туындаған кезде;

ағымдағы төлемдердің мөлшерлерін тиісті түзетумен және оларды алдағы төлеу мерзімдеріне тең үлестермен бөле отырып, осындай төлемдердің қосымша есеп-қисабын – салықтық кезең ішінде жер салығы бойынша салықтық міндеттемелер өзгерген кезде ұсынады.

Ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін салықтық міндеттемелер туындаған кезде салық төлеушілер ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын ұсынбайды.

3. Декларацияны жер учаскелерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде:

1) заңды тұлғалар;

2) дара кәсіпкерлер – кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын (пайдалануға жататын) жер учаскелері бойынша айқындалған салықтық міндеттемелер бойынша;

3) жеке тұлғалар (оның ішінде жеке практикамен айналысатын адамдар) – кәсіпкерлік қызметте және (немесе) осындай жеке практикаға байланысты қызметте пайдаланылатын (пайдалануға жататын) жер учаскелері бойынша айқындалған салықтық міндеттемелер бойынша ұсынады.

15-БӨЛІМ. МҮЛІК САЛЫҒЫ

64-тарау. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР МЕН ДАРА КӘСІПКЕРЛЕРГЕ САЛЫНАТЫН МҮЛІК САЛЫҒЫ

517-бап. Салық төлеушілер

1. Мыналар мүлік салығын төлеушілер болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының аумағында меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында салық салу объектісі бар заңды тұлғалар;

2) Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында салық салу объектісі бар дара кәсіпкерлер;

3) концессия шартына сәйкес концессия объектісі болып табылатын салық салу объектісін иеленуге, пайдалануға құқығы бар концессионер;

4) осы Кодекстің 518-бабында көрсетілген тұлғалар.

2. Заңды тұлға оз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін мүлік салығын өз бетінше төлеуші деп тануға құқылы.

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғаның осындай тану

немесе осындай тануды тоқтату туралы шешімі осындай шешім қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егер жаңадан құрылған заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі мүлік салығын өз бетінше төлеуші деп танылса, онда заңды тұлғаның осындай тану туралы шешімі осы құрылымдық бөлімше құрылған күннен бастап немесе осы құрылымдық бөлімше құрылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, мыналар мүлік салығын төлеушілер болып табылмайды:

1) өздері ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау және қайта өңдеу процесінде тікелей пайдаланатын меншік құқығындағы салық салу объектілері бойынша шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер.

Осы тармақшада көрсетілген салық төлеушілер өзінің ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау және қайта өңдеу процесінде тікелей пайдаланылмайтын салық салу объектілері бойынша мүлік салығын осы бөлімде айқындалған тәртіппен төлейді;

2) мемлекеттік мекемелер және орта білім беретін мемлекеттік оқу орындары;

3) қылмыстық жазаларды атқару саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары;

4) діни бірлестіктер.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша салық төлеушілер болып табылады.

518-бап. Жекелеген жағдайларда салық төлеушіні айқындау

1. Мемлекеттік мекеме салық салу объектісін сенімгерлік басқаруға берген кезде салық төлеуші осы Кодекстің 41-бабына сәйкес айқындалады.

2. Егер салық салу объектісі, пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін салық салу объектілерін қоспағанда, бірнеше тұлғаның ортақ үлестік меншігінде болса, осы тұлғалардың әрқайсысы салық төлеуші деп танылады.

3. Ортақ бірлескен меншіктегі салық салу объектілері бойынша осы салық салу объектілері меншік иелерінің бірі олардың арасындағы келісу бойынша салық төлеуші бола алады.

4. Қаржылық лизингке берілген объектілер бойынша лизинг алушы салық төлеуші болып табылады.

5. Пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін салық салу объектілері бойынша пайлық инвестициялық қорды басқарушы компания салық төлеуші болып табылады.

6. Мемлекеттік тіркеуге жататын ғимараттарға, құрылыстарға

құқықтардың осындай тіркелуі болмаған жағдайда:

1) жаңадан тұрғызылған (салынған) объектілер үшін – мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісі және (немесе) салынған объектіні пайдалануға қабылдау (іске қосу) актісі;

2) қалған жағдайларда – азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздерде осы объектіні іс жүзінде иеленетін және пайдаланатын (іске қосатын) тұлға мұндай объектіге салық төлеуші болып танылады.

519-бап. Салық салу объектісі

1. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды жүзеге асырмайтын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының аумағындағы:

1) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес негізгі қаражат, жылжымайтын мүлікке инвестициялар құрамында есепке алынатын, техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген сыныптамаға сәйкес осындайларға жататын ғимараттар, құрылыстар, осындай ғимараттардың бөліктері;

2) халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес ұзақ мерзімді дебиторлық берешек ретінде есепке алынатын тұрғынжайды сатып алу құқығымен ұзақ мерзімді жалдау шарттары бойынша жеке тұлғаларға берілген техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген сыныптамаға сәйкес осындайларға жататын ғимараттар, осындай ғимараттардың бөліктері;

3) иелік ету, пайдалану құқықтары концессия шарты бойынша берілген, концессия объектілері болып табылатын ғимараттар, құрылыстар;

4) осы Кодекстің 260-бабында көрсетілген активтер;

5) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ғимараттарды (ғимараттардың бөліктерін) және құрылыстарды қоспағанда, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес екінші деңгейдегі банктер активтерінің құрамында есепке алынатын, кепіл, өзге де қамтамасыз ету ретіндегі мүлікке өндіріп алу нәтижесінде меншікке өткен техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген сыныптамаға сәйкес осындайларға жататын ғимараттар, құрылыстар, осындай гимараттардың

бөліктері;

6) осы Кодекстің 518-бабының 6-тармағында көрсетілген ғимараттар, құрылыстар салық салу объектісі болып табылады.

2. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды жүзеге асырмайтын дара кәсіпкерлер үшін техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген сыныптамаға сәйкес осындайларға жататын және осы Кодекстің 201-бабының 9) тармақшасына сәйкес негізгі қаражат болып табылатын Қазақстан Республикасының аумағындағы ғимараттар, құрылыстар салық салу объектісі деп танылады.

3. Мыналар салық салу объектілері болып табылмайды:

1) осы Кодекстің 500 және 501-баптарына сәйкес жер салығын салу объектісі ретіндегі жер;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша консервацияда тұрған ғимараттар, құрылыстар;

3) ортақ пайдаланылатын мемлекеттік автомобиль жолдары мен олардағы жол құрылыстары:

бұрылу белдеуі;

жолдардың конструкциялық элементтері;

жол жағдайы мен оны абаттандыру;

көпірлер;

өткерме жолдар;

виадуктар;

жол тарамдары;

тоннельдер;

қорғаныш галереялары;

жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға арналған құрылыстар мен құрылғылар;

су бұрғыш және су өткізгіш құрылыстар;

жол бойындағы орман алаптары;

желілік тұрғын үйлер және жол пайдалану қызметінің кешендері;

4) 518-баптың 6-тармағында және осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген объектілерді қоспағанда, аяқталмаған құрылыс объектілері;

5) метрополитеннің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін көліктік кешеннің ажырамас бөлігі болып табылатын ғимараттар, құрылыстар;

6) мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару талаптарына сәйкес жасалған шарттар бойынша мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясы сатып алған ғимараттар, құрылыстар;

7) салықтық база осы Кодекстің 529-бабына сәйкес айқындалатын және салық есептеуді салық органдары осы Кодекстің 532-бабына сәйкес жүргізетін жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын тұрғынжайлары мен

басқа да объектілері;

8) концессия объектілерінің құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 50 000 000 еселенген мөлшерінен асып кеткен жағдайда, оларға иелік ету, пайдалану құқықтары қолжетімділік үшін төлемақы қолданыла отырып, концессия шарты бойынша тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ерекше маңызды концессиялық жобалар бойынша берілген концессия объектілері болып табылатын ғимараттар, құрылыстар.

520-бап. Салықтық база

1. Егер осы бапта озгеше белгіленбесе, бухгалтерлік есептің деректері бойынша айқындалатын салық салу объектілерінің жылдық орташа баланстық құны осы Кодекстің 519-бабы 1-тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салықтық база болып табылады.

Концессия объектілерінің жылдық орташа баланстық құны болмаған жағдайда осындай объектілердің Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіпке сәйкес белгіленген құны салықтық база болып табылады.

2. Осы Кодекстің 519-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салықтық база халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің жылдық орташа сомасы мөлшерінде белгіленеді.

3. Салық салу объектілерінің жылдық орташа баланстық құны ағымдағы салық кезеңінің әрбір айының 1-күні мен есептіден кейінгі салықтық кезең айының 1-күніндегі салық салу объектілерінің баланстық құндарын қосу кезінде алынған соманың он үштен бірі ретінде айқындалады.

Егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт талаптарында салық салу объектілерін бөлшектеу және жою жөніндегі міндеттемелерді орындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің ережелерінде қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорына байланысты іс-шараларды орындау көзделген болса, онда осындай міндеттемелердің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалған бағалауы жеке есеп жүргізу кезінде салық салу объектілерінің баланстық құнына кірмейді.

Егер «Магистральдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелерінде магистральдық құбырды жою жөніндегі міндеттемелерді орындау көзделген жағдайда, онда осындай міндеттемелердің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалған бағалауы осындай міндеттемелер құнының жеке есебін жүргізу кезінде салық салу объектілерінің баланстық құнына кірмейді.

Егер энергия беруші ұйым Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес иесіз деп танылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеусіз негізде алынған электр желілерін өз балансына қабылдаған жағдайда, мұндай желілердің құны «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-1-бабының 8-тармағына сәйкес тарифтік сметада мұндай желілер бойынша мүлік салығының сомалары есепке алынғанға дейін салықтық базаға кірмейді.

4. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленетін ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің жылдық орташа сомасы ағымдағы салықтық кезеңнің әрбір айының 1-күні және есептіден кейінгі салықтық кезең айының 1-күніндегі ұзақ мерзімді дебиторлық берешек сомаларын қосқан кезде алынған он үштен бір сома ретінде айқындалады.

5. Осы Кодекстің 517-бабы 3-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салықтық база пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе жалға берілген осы салық салу объектілерінің үлесі негізге алына отырып айқындалады.

6. Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды жүзеге асырмайтын дара кәсіпкерлердің салық салу объектілері бойынша оларды сатып алуға, өндіруге, салуға, монтаждауға, орнатуға, сондай-ақ реконструкциялауға және жаңғыртуға жұмсалған шығындардың жиынтығы салықтық база болып табылады.

Бұл ретте реконструкциялауды, жаңғыртуды тану осы Кодекстің 269-бабының 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Сатып алуға, өндіруге, салуға, монтаждауға, орнатуға, реконструкциялауға және жаңғыртуға жұмсалған шығындарды растайтын, сондай-ақ бағасы (құны) белгісіз мәмілелер бойынша не өтеусіз, оның ішінде сыйға тарту, мұраға қалдыру, қайырмалдық, қайырымдылық көмек түрінде алынған салық салу объектілері бойынша бастапқы құжаттар болмаған кезде:

1) осы активке меншік құқығы туындаған күнге салық салу объектісінің;

2) осындай объектілер бойынша төлеушілер деп тану күніне осы Кодекстің 518-бабының 6-тармағында көрсетілген төлеушілердің салық салу объектісінің нарықтық құны салықтық база болып табылады.

Бұл ретте нарықтық құн Қазақстан Республикасының бағалау қызметі

туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы мен салық төлеуші арасындағы шарт бойынша жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалады.

7. Осы Кодекстің 41-бабының ережелеріне сәйкес мүлік салығы бойынша салықтық міндеттемелерін сенімгер басқарушы орындайтын жағдайда, осы баптың 3-тармағында айқындалған тәртіппен:

1) егер осындай мүлік оның балансына берілген жағдайда сенімгер басқарушы өз бетінше;

2) балансында осындай мүлік бар мемлекеттік мекеме белгілеген осындай салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны салықтық база болып табылады. Бұл ретте осындай мүліктің салықтық база бойынша деректері сенімгер басқарушыға жыл сайын, 1 ақпаннан кешіктірілмейтін мерзімде берілуге тиіс.

Мүлік салығы бойынша салықтық есептілікті жасау кезінде осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген мүліктің жылдық орташа баланстық құны бойынша деректер болмаған жағдайда, оның осы Кодекстің 41-бабының 4-тармағына сәйкес қабылдап алу-беру актісінде көрсетілген баланстық құны осындай мүлік бойынша салықтық база болып табылады.

521-бап. Салықтық мөлшерлемелер

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, заңды тұлғалар мүлік салығын салықтық базаға 1,5 пайыз молшерлеме бойынша есептейді.

2. Мүлік салығын салықтық базаға 0,5 пайыз мөлшерлеме бойынша мына төлеушілер есептейді:

1) дара кәсіпкерлер;

2) оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар.

3. Төменде көрсетілген заңды тұлғалар мүлік салығын салықтық базаға 0,1 пайыз молшерлеме бойынша есептейді:

1) діни бірлестіктерді және осы Кодекстің 289-бабының 4-тармағында көрсетілген коммерциялық емес ұйымдарды қоспағанда, осы Кодекстің 289-бабында айқындалған заңды тұлғалар;

2) осы Кодекстің 290-бабында айқындалған заңды тұлғалар;

3) негізгі қызмет түрі кітапханалық қызмет көрсету саласындағы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын ұйымдар;

4) мемлекеттік меншіктегі және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын су қоймаларының, су тораптарының объектілері бойынша заңды тұлғалар;

5) ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші заңды тұлғалардың және шаруа немесе фермер қожалықтарының жерін суару үшін пайдаланылатын гидромелиоративтік құрылыс объектілері бойынша заңды тұлғалар;

6) ауыз сумен жабдықтау объектілері бойынша заңды тұлғалар;

7) тиісті объект бойынша салықтық міндеттеме туындаған салықтық кезеңді қоса алғанда, бес салықтық кезең ішіндегі салық салу объектілері бойынша – егер осы тармақтың 8) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, арнайы экономикалық аймақтарды басқарушы компаниялар;

8) тиісті объект бойынша салықтық міндеттеме туындаған салықтық кезеңді қоса алғанда, он салықтық кезеңнің ішіндегі салық салу объектілері бойынша – «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын басқарушы компания;

9) Астана және Алматы қалаларының әуеайлақтарындағы ұшу-қону жолақтарын және әуежайларының терминалдарын қоспағанда, әуеайлақтардағы ұшу-қону жолақтары және әуежайлардың терминалдары бойынша заңды тұлғалар;

10) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген негізгі қызмет түрін өздері жүзеге асырған кезде пайдаланатын объектілер бойынша технологиялық парктер.

Осы тармақшаның ережелерін бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін:

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес құрылған;

осындай технологиялық парктердің дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан көп пайызы технологиялық дамыту саласындағы ұлттық даму институтына тиесілі технологиялық парктер қолдануға құқылы.

Осы тармақшаның ережелері салық салу объектілерін пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе жалға беру жағдайларында қолданылмайды;

11) Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген заңды тұлғалар пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша:

1) егер мұндай пайдалану, сенімгерлік басқару немесе жалға беру үшін төлемақы мемлекеттік бюджетке түсетін жағдайда – осы Кодекстің 290-бабының 2-тармағында;

2) осы Кодекстің 290-бабының 3-тармағында айқындалған заңды тұлғаларды қоспағанда, осы баптың 1-тармағында белгіленген салық мөлшерлемесі бойынша мүлік салығын есептейді және төлейді.

5. Мүлік салығын салықтық базаға 0 пайыз мөлшерлеме бойынша:

1) осы Кодекстің 291-бабының 1-тармағында айқындалған заңды тұлғалар;

2) осы Кодекстің 79-тарауында белгіленген ережелер ескеріле отырып, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар есептейді.

6. Тұрғын үй қатынастары саласындағы басшылықты және салааралық

үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган салық саясаты саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекіткен тізбеде айқындалған заңды тұлғалар салықты мемлекеттік және (немесе) үкіметтік тұрғын үй құрылысы бағдарламаларын іске асыру шеңберінде осы бағдарламаға қатысушы болып табылатын жеке тұлғаға тұрғынжайды ұзақ мерзімді жалдау шарттары бойынша берілген салық салу объектілері бойынша осы Кодекстің 531-бабында белгіленген мөлшерлемелер бойынша есептейді.

522-бап. Салықты есептеу мен төлеу тәртібі

1. Салық төлеушілер салықты есептеуді салықтық базаға тиісті салық мөлшерлемесін қолдану арқылы өз бетінше жүргізеді.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер мүлік салығын есептеуді осы Кодекстің 78-тарауы 1-параграфының ережелерін ескере отырып жүргізеді.

2. Осы Кодекстің 521-бабының 6-тармағында айқындалған тұлғалар салық сомасын:

салық салу объектілері жеке тұлғаларға сатып алу құқығынсыз тұрғынжайды ұзақ мерзімді жалға беру шарты бойынша жалға берілген жағдайда – осы Кодекстің 520-бабының 1-тармағына;

салық салу объектілері жеке тұлғаларға сатып алу құқығымен тұрғынжайды ұзақ мерзімді жалға беру шарты бойынша жалға берілген жағдайда – ос ы Кодекстің 520-бабының 2-тармағына сәйкес әрбір объект бойынша жеке-жеке айқындалатын салықтық базаға осы Кодекстің 531-бабында белгіленген мөлшерлемелерді қолдану арқылы есептейді.

3. Ортақ үлестік меншіктегі салық салу объектілері бойынша мүлік салығы әрбір салық төлеуші үшін оның мүлік құнындағы үлесіне пропорционалды есептеледі.

4. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, салық төлеушілер салықтық кезең ішінде мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдерді төлеуге міндетті, олар салық салу объектілерінің салықтық кезеңнің басындағы бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалған баланстық құнына тиісті салық мөлшерлемесін қолдану арқылы айқындалады.

5. Салық бюджетке салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша төленеді.

6. Ағымдағы төлемдердің мөлшері салықтық кезеңнің басындағы салық салу объектілері бойынша салықтық базаға тиісті салықтық мөлшерлемелерді қолдану арқылы айқындалады.

7. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимдерін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, салық төлеушілер ағымдағы салық төлемдерінің сомаларын салықтық кезеңнің 25 ақпанынан, 25 мамырынан, 25 тамызынан және 25 қарашасынан кешіктірмей, тең

үлестермен төлейді.

8. Салықтық кезең ішінде салықтық міндеттемелер туындаған кезде, оның ішінде осы Кодекстің 517-бабы 3-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар салық салу объектілерін пайдалануға, сенімгерлік басқаруға берген немесе олар мүліктік жалдау (жалға беру) шарты бойынша берілген кезде:

1) осындай салықтық кезеңнің ішінде ағымдағы салық сомаларын төлеудің келесі кезекті мерзімі оларды төлеудің алғашқы мерзімі болып табылады;

2) ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін салық сомасын тек түпкілікті есептеу және осы баптың 11-тармағында көзделген мерзімдерде төлеу жүргізіледі.

9. Мүлік салығы бойынша міндеттемелер салықтық кезең ішінде өзгерген кезде ағымдағы төлемдер, егер осы баптың 8-тармағында өзгеше белгіленбесе, осындай салықтық кезеңде салық төлеудің алдағы мерзімдері бойынша тең үлестермен салықтық міндеттемелердің өзгеру сомасына түзетіледі.

10. Салықтық кезең ішінде салық салу объектілері келіп түскен жағдайда, мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер бухгалтерлік есеп деректері бойынша келіп түсетін күнге айқындалған келіп түскен салық салу объектілерінің бастапқы құнының 1/13-і салық салу объектілері келіп түскен айдан бастап салықтық кезеңнің соңына дейінгі ағымдағы салықтық кезең айларының санына көбейтілген салық мөлшерлемесін қолдану арқылы айқындалатын сомаға ұлғайтылады. Ағымдағы төлемдер ұлғайтылуға жататын сома осы баптың 7-тармағында белгіленген мерзімдер бойынша тең үлестермен бөлінеді, бұл ретте салық салу объектілері келіп түскен күннен кейінгі кезекті мерзім ағымдағы төлемдерді төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.

Салықтық кезең ішінде салық салу объектілері шығып қалған жағдайда, ағымдағы төлемдер шығып қалған салық салу объектілері құнының 1/13-і салық салу объектілері шығып қалған айдан бастап салықтық кезеңнің соңына дейінгі ағымдағы салықтық кезең айларының санына көбейтілген салық мөлшерлемесін қолдану арқылы айқындалатын сомаға азайтылады.

Бұл ретте мыналар шығып қалған салық салу объектілерінің құны болып табылады:

бухгалтерлік есеп деректері бойынша келіп түсетін күнге бастапқы құн – ағымдағы салықтық кезеңде келіп түскен салық салу объектілері бойынша;

бухгалтерлік есеп деректері бойынша салықтық кезеңнің басындағы баланстық құн – қалған салық салу объектілері бойынша.

Ағымдағы төлемдер азайтылуға жататын сома ағымдағы төлемдерді төлеудің қалған мерзімдеріне тең үлестермен бөлінеді.

11. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, салық төлеушілер мүлік салығын

есептеу жөніндегі түпкілікті есеп-қисапты жүргізеді және салықтық кезең үшін декларация тапсыру мерзімі басталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей төлейді.

12. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер мүлік салығын салықтық кезең үшін декларация тапсыру мерзімі басталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей төлейді.

13. Осы Кодекстің 518-бабы 6-тармағы 2) тармақшасының негізінде салық төлеуші болып табылатын тұлға үшін салық сомасы тіркелмеген салық салу объектісіне құқықтар берілген жағдайда:

1) беруші тарап үшін – осындай салық салу объектісін іс жүзінде иеленген және (немесе) пайдаланған (іске қосқан) айдың 1-күнінен бастап осындай объект қабылдап алу-беру актісінің немесе өзге де құжаттың негізінде берілген айдың 1-күніне дейінгі кезең үшін;

2) қабылдаушы тарап үшін – осындай объект қабылдап алу-беру актісінің немесе өзге де құжаттың негізінде берілген айдың 1-күнінен басталған кезең үшін есептеледі.

523-бап. Жекелеген жағдайларда салықты есептеу және төлеу

Дара кәсіпкер кәсіпкерлік қызметте пайдаланатын (пайдалануға жататын) салық салу объектілері бойынша салықты осы тарауда белгіленген мөлшерлемелер бойынша және тәртіппен есептейді және төлейді.

Бұл ретте осы тараудың мақсаттары үшін, егер салық салу объектісі:

салықтық база осы Кодекстің 529-бабына сәйкес айқындалатын тұрғынжай болып табылған және салықты салық органдары есептеген;

тек қана тұру мақсатында жалға (пайдалануға) берілген және тұрғын үй қорынан шығарылмаған жағдайларды бір мезгілде сақтаған кезде мұндай объект кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын (пайдалануға жататын) салық салу объектісі деп танылмайды.

524-бап. Салықтық кезең

1. 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл мүлік салығын есептеу үшін салықтық кезең болып табылады.

2. Осы Кодекстің 517-бабы 3-тармағының 3) және 4) тармақшаларында аталған заңды тұлғалар үшін салықтық кезең салық салу объектілерін пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе жалға берген кезден бастап мұндай пайдалану аяқталған кезге дейін айқындалады.

525-бап. Салықтық есептілік

1. Кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын (пайдалануға жататын) салық

салу объектілері бойынша дара кәсіпкерлер (шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда) және заңды тұлғалар салық салу объектілері орналасқан жер бойынша салық органдарына салықтық кезеңнің басындағы жағдай бойынша айқындалған салықтық міндеттемелер бойынша ағымдағы салықтық кезеңнің 15 ақпанынан кешіктірмей салық бойынша ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын ұсынады.

2. Салық төлеуші ағымдағы төлемдерді кезекті (салықтық кезең ішінде) төлеу мерзімі басталғанға дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмейтін мерзімде:

ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін туындағандарды қоспағанда, салықтық кезең ішінде салықтық міндеттемелер туындаған кезде – ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын;

салықтық кезең ішінде жер салығы бойынша салықтық міндеттемелер өзгерген кезде – ағымдағы төлемдердің мөлшерлерін тиісті түзетіп және оларды алдағы төлеу мерзімдеріне тең үлестермен бөле отырып, ағымдағы төлемдердің қосымша есеп-қисабын ұсынады.

Ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін салықтық міндеттемелер туындаған кезде салық төлеушілер ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын ұсынбайды.

3. Салық бойынша декларацияны салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмейтін мерзімде:

1) заңды тұлғалар;

2) дара кәсіпкерлер – кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын (пайдалануға жататын) салық салу объектілері бойынша айқындалған салықтық міндеттемелер бойынша;

3) жеке тұлғалар (оның ішінде жеке практикамен айналысатын адамдар) – кәсіпкерлік қызметте және (немесе) осындай жеке практикаға байланысты қызметте пайдаланылатын (пайдалануға жататын) салық салу объектілері бойынша айқындалған салықтық міндеттемелер бойынша ұсынады.

65-тарау. ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МҮЛІК САЛЫҒЫ

526-бап. Салық төлеушілер

1. Осы Кодекстің 528-бабына сәйкес салық салу объектісі бар жеке тұлғалар жеке тұлғалардың мүлік салығын төлеушілер болып табылады.

2. Мыналар жеке тұлғалардың мүлік салығын төлеушілер болып табылмайды:

1) Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, «Халық

қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтарына ие болған, үш дәрежелі Даңқ орденімен және «Отан» орденімен наградталған адамдар, «Батыр ана» атағына ие болған, «Алтын алқа» алқасымен наградталған көп балалы аналар, бөлек тұратын зейнеткерлер – меншік құқығындағы барлық салық салу объектісінің жалпы құнынан республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшері шегінде;

2) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер – меншік құқығындағы барлық салық салу объектісінің жалпы құнынан республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1 500 еселенген мөлшері шегінде;

3) жетім балалар және 18 жасқа толғанға дейінгі кезеңге ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

4) салықтық база осы Кодекстің 529-бабына сәйкес айқындалатын және салықты салық органдары осы Кодекстің 532-бабына сәйкес есептейтін тұрғынжайларды және басқа да объектілерді қоспағанда, кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын салық салу объектілері бойынша дара кәсіпкерлер.

3. Осы баптың 2-тармағы 2) және 3) тармақшаларының ережелері пайдалануға немесе мүліктік жалдауға (жалға) берілген салық салу объектілері бойынша қолданылмайды.

527-бап. Жекелеген жағдайларда салық төлеушіні айқындау

1. Мемлекеттік мекеме салық салу объектілерін сенімгерлік басқаруға берген кезде салық төлеуші осы Кодекстің 41-бабына сәйкес айқындалады.

2. Егер салық салу объектісі бірнеше тұлғаның ортақ үлестік меншігінде болса, осы тұлғалардың әрқайсысы салық төлеуші деп танылады.

3. Бірлескен ортақ меншіктегі салық салу объектілері бойынша өздерінің арасындағы келісу бойынша осы салық салу объектісі меншік иелерінің бірі салық төлеуші бола алады.

Бұл ретте меншік құқықтарын мемлекеттік тіркеу 2016 жылғы 31 желтоқсаннан кейін жүргізілген бірлескен ортақ меншіктегі салық салу объектілері бойынша меншік иелері осындай объектіге меншік құқықтарын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруға арналған өтініште көрсеткен осы салық салу объектісі меншік иелерінің бірі салық төлеуші бола алады.

528-бап. Салық салу объектісі

Жеке тұлғаларға меншік құқығымен тиесілі Қазақстан Республикасының аумағындағы тұрғынжайлар, үйлер, саяжай құрылыстары, гараждар және өзге де ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар жеке тұлғаларға мүлік салығын салу объектісі болып табылады.

529-бап. Салықтық база

1. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы есепті жылдан кейінгі әрбір жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша айқындайтын салық салу объектілерінің құны жеке тұлғалар үшін тұрғынжайлар, саяжай құрылыстары бойынша салықтық база болып табылады, бұл мынадай тәртіппен айқындалады:

Қ = Қ б х S х К физ х К функц х К айм х К аек. өзг, мұнда:

Қ – салық салу мақсаттарына арналған мүлік құны;

Қ б – тұрғынжайдың, саяжай құрылысының бір шаршы метрінің базалық құны;

S – тұрғынжайдың, саяжай құрылысының шаршы метрмен көрсетілетін пайдалы алаңы;

К физ – физикалық тозу коэффициенті;

К функц – функционалдық тозу коэффициенті;

К айм – аймаққа бөлу коэффициенті;

К аек. өзг – айлық есептік көрсеткіштің өзгеру коэффициенті.

2. Тұрғынжайдың, саяжай құрылысының бір шаршы метрінің ұлттық валютадағы базалық құны (Қ б) елді мекеннің түріне қарай мынадай мөлшерлерде айқындалады:

Р/с №	Елді мекеннің санаты	Теңгемен базалық құны
1	2	3
	Қалалар:	
1.	Алматы	60 000
2.	Астана	60 000
3.	Ақтау	36 000
4.	Ақтөбе	36 000
5.	Атырау	36 000
6.	Қарағанды	36 000
7.	Қызылорда	36 000
8.	Көкшетау	36 000
9.	Қостанай	36 000

10.	Павлодар	36 000
11.	Петропавл	36 000
12.	Талдықорған	36 000
13.	Тараз	36 000
14.	Орал	36 000
15.	Өскемен	36 000
16.	Шымкент	36 000
17.	Облыстық маңызы бар қалалар	12 000
18.	Аудандық маңызы бар қалалар	6 000
19.	Кенттер	4 200
20.	Ауылдар	2 700

Бұл ретте елді мекендердің санаттары техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптамасына сәйкес айқындалады.

3. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы есепті жылдан кейінгі әрбір жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша айқындайтын тұрғынжайдың салқын жапсаржайының, шаруашылық (қызметтік) құрылысының, астыңғы қабатының, жертөлесінің, гараждың құны осындай объект бойынша салықтық база болып табылады, бұл мынадай формуламен есептеледі:

Қ = Қ б х S х К физ х К аек. өзг х К айм, мұнда:

Қ – салық салу мақсаттарына арналған құн;

Қ б – осы баптың 2-тармағында белгіленген базалық құннан мынадай мөлшерде айқындалатын бір шаршы метрдің базалық құны:

тұрғынжайдың салқын жапсаржайы, шаруашылық (қызметтік) құрылысы, астыңғы қабаты, жертөлесі бойынша – 25 пайыз,

гараж бойынша – 15 пайыз;

S – тұрғынжайдың салқын жапсаржайының, шаруашылық (қызметтік) құрылысының, астыңғы қабатының, жертөлесінің, гараждың шаршы метрмен көрсетілетін жалпы алаңы,

К физ – осы баптың 4-тармағында айқындалған тәртіппен белгіленген физикалық тозу коэффициенті;

К аек. өзг – осы баптың 7-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалған айлық есептік көрсеткіштің өзгеру коэффициенті;

К айм – осы баптың 6-тармағында айқындалған тәртіппен белгіленген аймаққа бөлу коэффициенті.

4. Тұрғынжайдың, саяжай құрылысының физикалық тозу коэффициенті амортизация нормалары және мына формула бойынша тиімді пайдаланылған мерзімі ескеріле отырып айқындалады:

К физ = 1 - Т физ, мұнда:

Т физ – тұрғынжайдың, саяжай құрылысының физикалық тозуы.

Физикалық тозу мына формула бойынша айқындалады:

Т физ = (Т баз - Т беру) х Н аморт/100, мұнда:

Т баз – салық есепке жазылған жыл;

Т беру – салық салу объектісінің пайдалануға берілген жылы;

Н аморт – амортизация нормасы.

Ғимараттың сипаттамасына қарай физикалық тозуын айқындаған кезде мынадай амортизация нормалары қолданылады:

Р/с №	Күрделілік тобы	Ғимараттың сипаттамасы	Н аморт, %	Қызмет ету мерзімі
1	2	3	4	5
1.	1.	Тас, ерекше күрделі, қабырғаларының қалыңдығы 2,5-тен артық кірпіштен қаланған кірпіш немесе темір-бетон немесе металл қаңқасы бар кірпіш, жабындары темір-бетон және бетон ғимараттар; қабырғалары ірі панельді, жабындары темір-бетон ғимараттар	0,7	143
2.	2.	Қабырғаларының қалыңдығы 1,5-2,5 кірпіштен қаланған кірпіш, жабындары темір-бетон, бетон немесе ағаш ғимараттар; қабырғалары ірі блокты, жабындары темір-бетон ғимараттар	0,8	125
3.	3.	Қабырғалары кірпіштен, монолитті шлак-бетоннан, жеңіл шлак-блоктардан, ұлутастардан жеңіл қаланған, жабындары темір-бетон немесе бетон ғимараттар; қабырғалары ірі блокты немесе кірпіштен жеңіл қаланған, монолитті шлак-бетон, ұсақ шлак-блок ғимараттар	1,0	100
4.	4.	Аралас, кесілген ағаштан жасалған немесе төсемтас	2,0	50

		қабырғалары бар ғимараттар		
5.	5.	Шитіден жасалған, жиналмалы-қалқанды, құйма қаңқалы, балшықтан соғылған, саман ғимараттар	3,3	30
6.	6.	Қамыс қаңқалы және басқа да жеңілдетілген ғимараттар	6,6	15

Егер тұрғынжайдың, саяжай құрылысының тас немесе тіреу панельдерінің физикалық тозуы 70 пайыздан, өзге материалдардың тозуы 65 пайыздан асып кетсе, онда физикалық тозу коэффициенті 0,2-ге тең деп қабылданады.

5. Тұрғынжайдың, саяжай құрылысының сапасына қойылатын талаптардың өзгеруін ескеретін физикалық тозу коэффициенті (К функц) мына формула бойынша есептеледі:

К функц = К қабат х К бұрыш. х К қабырғ. мат х К абат. х К жылыт, мұнда:

К қабат – тұрғынжайдың орналасу қабатына қарай базалық құнның өзгеруін ескеретін коэффициент;

К бұрыш – тұрғынжайдың ғимарат бұрышындағы учаскелерде орналасуын ескеретін коэффициент;

К қабырғ.мат – қабырғалардың материалын ескеретін коэффициент;

К абат. – тұрғынжайдың, саяжай құрылысының абаттандырылуы мен оның инженерлік-техникалық құрылғылармен қамтамасыз етілу деңгейін ескеретін коэффициент;

К жылыт – жылыту түрін ескеретін коэффициент.

Қабатына қарай қабаттың мынадай түзету коэффициенттері қолданылады (К қабат):

Р/с №	Қабаты	Ккабат
1	2	3
1.	Бірінші	0,95
2.	Аралық немесе жеке тұрғын үй	1,00
3.	Соңғы	0,9

Биіктігі үш қабаттан аспайтын көппәтерлі тұрғын ғимараттар үшін кез келген қабат үшін қабат коэффициенті 1-ге тең деп алынады.

Тұрғынжайдың ғимарат бұрышындағы учаскелерде орналасуына қарай мынадай түзету коэффициенттері (Кбұрыш) қолданылады:

Р/с №	Тұрғынжайдың ғимарат бұрышындағы учаскелерде орналасуы	К бұрыш
1	2	3
1.	Бұрышта орналасқан	0,95
2.	Бұрышта орналаспаған немесе жеке тұрғын үй	1,0

Қабырғаларының материалына қарай мынадай түзету коэффициенттері (К қаб. мат) қолданылады:

Р/с №	Қабырғаларының материалы	Коэффициент
1	2	3
1.	Кірпіштен	1,1
2.	Керамзит-бетон блоктардан құрама	1,0
3.	Керамзит-бетон блоктардан құрама, кірпішпен қапталған	1,05
4.	Темір-бетон панельдер	1,0
5.	Темір-бетон панельдерден,кірпішпен қапталған	1,05
6.	Балшықтан соғылған саман	0,5
7.	Саман, сыртынан 0,5 кірпішпен қапталған	0,6
8.	Монолитті шлак-бетон	0,7
9.	Темір-бетон блоктардан	1,0
10.	Жиналмалы-қалқанды	0,6
11.	Жиналмалы-қалқанды, 0,5 кірпішпен қапталған	0,75
12.	Кесілген ағаштан	0,85
13.	Шпалдан	0,75
14.	Шпалдан, кірпішпен қапталған	0,95
15.	Қамыс қаңқалы	0,6
16.	Өзгелері	1,0

Тұрғынжайды, саяжай құрылысын барлық тиісті инженерлік жүйелермен және техникалық құрылғылармен қамтамасыз ету кезінде абаттандырудың түзету коэффициенті (К абат) 1-ге тең деп алынады.

Адамдардың тұруына (тұрмысына), болуына нормативтік не жайлы жағдайлар жасайтын инженерлік жүйелер мен техникалық құрылғылар (су құбыры, кәріз, басқа абаттандыру түрлері) болмаған жағдайда К абат 0,8-ге тең деп алынады.

Жылыту түріне қарай жылытудың мынадай түзету коэффициенттері (К жылыт) қолданылады:

Р/с №	Жылыту түрлері	К жылыт
1	2	3
1.	Орталықтан жылыту	1,0
2.	Газбен немесе мазутпен жергілікті жылыту	0,98
3.	Қатты отынды қолданып, сумен жергілікті жылыту	0,95
4.	Пешпен жылыту	0,9

6. Салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін (К айм.) жергілікті атқарушы органдар уәкілетті органмен келісу бойынша осындай коэффициент енгізілетін жылдың алдындағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмейтін мерзімде аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесіне сәйкес бекітеді және ол бекітілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Бекітілген аймаққа бөлу коэффициенттері ресми жариялануға тиіс.

Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін орталық мемлекеттік органдар арасынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалатын уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

7. Айлық есептік көрсеткіштің өзгеру коэффициенті (бұдан әрі – К аек. өзг) мынадай формула бойынша айқындалады:

К аек. өзг = аға. ж. аек/алдың ж. аек.,

мұнда:

аға. ж. аек – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш;

алдың ж. аек – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және алдыңғы қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш.

8. Тұрғын үйдің салқын жапсаржайы, шаруашылық (қызметтік) құрылысы, астыңғы қабаты, жертөлесі, гараж тұрғынжайдың бір бөлігі болып табылған жағдайда, салықтық базаны «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы осы бапқа сәйкес есептелетін осындай салық салу объектілерінің жиынтық құны ретінде айқындайды.

9. Бір жеке тұлға бірнеше салық салу объектілері бойынша салық төлеуші болып табылатын жағдайда салықтық база әрбір объект бойынша жеке-жеке есептеледі.

530-бап. Жекелеген жағдайларда салықты есептеу және төлеу

Жеке тұлға, оның ішінде жеке практикамен айналысатын адам кәсіпкерлік қызметте (жеке практикаға байланысты қызметте)

пайдаланылатын (пайдалануға жататын) салық салу объектілері бойынша мүлік салығын есептейді және төлейді және шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер үшін осы Кодекстің 64-тарауында айқындалған тәртіппен осы салық түрі бойынша салықтық есептілік ұсынады.

Мұндай салық салу объектілері бойынша салықтық база осы Кодекстің 520-бабының 6-тармағына сәйкес айқындалады.

531-бап. Салықтық мөлшерлемелер

Салықтық база осы Кодекстің 529-бабына сәйкес айқындалатын жеке тұлғалардың мүлік салығы салық салу объектілерінің құнына қарай, мынадай мөлшерлемелер бойынша есептеледі:

1	2	3
1.	2 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	салық салу объектілері құнының 0,05 пайызы
2.	2 000 000 теңгеден жоғары 4 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	1 000 теңге + 2 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,08 пайыз
3.	4 000 000 теңгеден жоғары 6 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	2600 теңге + 4 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,1 пайыз
4.	6 000 000 теңгеден жоғары 8 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	4600 теңге + 6 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,15 пайыз
5.	8 000 000 теңгеден жоғары 10 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	7600 теңге + 8 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,2 пайыз
6.	10 000 000 теңгеден жоғары 12 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	11600 теңге + 10 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,25 пайыз
7.	12 000 000 теңгеден жогары 14 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	16600 теңге + 12 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,3 пайыз
8.	14 000 000 теңгеден жоғары 16 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	22600 теңге + 14 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,35 пайыз
9.	16 000 000 теңгеден жоғары 18 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	29600 теңге + 16 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,4 пайыз
10.	18 000 000 теңгеден жогары	37600 теңге + 18 000 000

	20 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	теңгеден асатын сомадан 0,45 пайыз
11.	20 000 000 теңгеден жоғары 75 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	46600 теңге + 20 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,5 пайыз
12.	75 000 000 теңгеден жоғары 100 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	321600 теңге + 75 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,6 пайыз
13.	100 000 000 теңгеден жоғары 150 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	471 600 теңге + 100 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,65 пайыз
14.	150 000 000 теңгеден жоғары 350 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	796 600 теңге + 150 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,7 пайыз
15.	350 000 000 теңгеден жоғары 450 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	2 196 600 теңге + 350 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,75 пайыз
16.	450 000 000 теңгеден жоғары	2 946 600 теңге + 450 000 000 теңгеден асатын сомадан 2 пайыз

532-бап. Салықты есептеу мен төлеу тәртібі

1. Жеке тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салықты есептеуді салық органдары салық төлеушінің тұрғылықты жеріне қарамастан, салық салу объектісінің орналасқан жері бойынша есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 қаңтарына дейін құқықтары тіркелген жеке тұлғалардың салық салу объектілері бойынша меншік құқығында иеленудің іс жүзіндегі мерзімін ескере отырып, салықтық базаға тиісті салық мөлшерлемесін қолдану арқылы жүргізеді.

2. Егер салықтық кезең ішінде салық салу объектісі меншік құқығында он екі айдан аз болса, осындай объектілер бойынша төленуге жататын мүлік салығы осы баптың 1-тармағына сәйкес айқындалған салық сомасын он екіге бөлу және салық салу объектісінің меншік құқығында болуының іс жүзіндегі кезеңі айларының санына көбейту арқылы есептеледі.

Бұл ретте объектінің меншік құқығында болуының іс жүзіндегі кезеңі салықтық кезеңнің басынан бастап (егер объект осындай күнге меншік құқығында болса) немесе объектіге меншік құқығы туындаған айдың 1-күнінен бастап осындай объектіге меншік құқығы берілген айдың 1-күніне дейін немесе салықтық кезеңнің соңына дейін (егер объект осындай күнге меншік құқығында болса) айқындалады.

3. Бірнеше жеке тұлғаның ортақ үлестік меншігіндегі салық салу объектісі үшін салық олардың осы мүліктегі үлесіне пропорционалды есептеледі.

4. Салық салу объектісі жойылған, қираған, бұзылған кезде салық сомасын қайта есептеу уәкілетті мемлекеттік орган беретін, жойылу, қирау, бұзылу фактілерін растайтын құжаттар болған кезде жүргізіледі.

5. Осы Кодекстің 526-бабы 2-тармағы 1), 2) және 3) тармақшаларының ережелерін қолдану құқығы салықтық кезең ішінде туындаған немесе тоқтатылған жағдайда, осындай ережелер:

құқық туындаған кезде – осындай құқық туындаған айдың 1-күнінен бастап салықтық кезең аяқталғанға дейін немесе осындай құқық тоқтатылатын айдың 1-күніне дейін қолданылады;

құқық тоқтатылған кезде – осындай құқық тоқтатылатын айдың 1-күнінен бастап қолданылмайды.

6. Егер осы баптың 7-тармағында өзгеше белгіленбесе, бюджетке салық төлеу салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 қазанынан кешіктірмей жүргізіледі.

7. Меншік құқығын беретін тұлға салық салу объектісін иеленуінің іс жүзіндегі кезеңі үшін төлеуге жататын салық сомасы меншік құқықтары мемлекеттік тіркелген күннен кешіктірілмей бюджетке енгізілуге тиіс.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайда жеке тұлғалардың мүлік салығын есептеу мақсатында салық салу объектісіне меншік құқығын беру жүргізілген жылдың алдындағы салықтық кезең үшін айқындалған салықтық база қолданылады.

8. Әкімшілік-аумақтық бірліктің шекаралары өзгерген кезде шекаралардың осындай өзгеруі нәтижесінде басқа әкімшілік-аумақтық бірліктің шекараларына ауыстырылған аумақтың елді мекеніндегі жеке тұлғалардың мүлкіне салық осындай өзгеріс жүргізілген салықтық кезең үшін осындай өзгеріс күніне дейін осы елді мекен орналасқан шекаралардағы елді мекен санаты үшін белгіленген базалық құн негізге алына отырып есептеледі.

533-бап. Салықтық кезең

1. 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл жеке тұлғалардың мүлік салығын есептеу үшін салық кезеңі болып табылады.

2. Жеке тұлғалардың салық салу объектілері жойылған, қираған, бұзылған кезде салық салу объектілерінің жойылу, қирау, бұзылу фактісі болған ай салық кезеңінің есеп-қисабына кіреді.

16-БӨЛІМ. ОЙЫН БИЗНЕСІ САЛЫҒЫ

66-тарау. ОЙЫН БИЗНЕСІ САЛЫҒЫ

534-бап. Төлеушілер

Мынадай:
1) казино;
2) ойын автоматтары залы;
3) тотализатор;
4) букмекерлік кеңсе қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар ойын бизнесі салығын төлеушілер болып табылады.

535-бап. Салық салу объектілері

Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде мыналар ойын бизнесіне салық салу объектілері болып табылады:
1) ойын үстелі;
2) ойын автоматы;
3) тотализатордың кассасы;
4) тотализатордың электрондық кассасы;
5) букмекерлік кеңсенің кассасы;
6) букмекерлік кеңсенің электрондық кассасы.

536-бап. Салық мөлшерлемелері

1. Салық салу объектісінің бір бірлігінен ойын бизнесі салығының мөлшерлемесі мыналарды құрайды:
1) ойын үстелі – айына айлық есептік көрсеткіштің 1 660 еселенген мөлшері;
2) ойын автоматы – айына айлық есептік көрсеткіштің 60 еселенген мөлшері;
3) тотализатордың кассасы – айына айлық есептік көрсеткіштің 300 еселенген мөлшері;
4) тотализатордың электрондық кассасы – айына айлық есептік көрсеткіштің 4 000 еселенген мөлшері;
5) букмекерлік кеңсенің кассасы – айына айлық есептік көрсеткіштің 300 еселенген мөлшері;
6) букмекерлік кеңсенің электрондық кассасы – айына айлық есептік көрсеткіштің 3 000 еселенген мөлшері.

Осы баптың 1-тармағында белгіленген салық мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салықтық кезеңнің 1-күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш мөлшері негізге алына

отырып айқындалады.

537-бап. Салықтық кезең

Күнтізбелік тоқсан ойын бизнесі салығы үшін салықтық кезең болып табылады.

538-бап. Салықты есептеу тәртібі

1. Ойын бизнесі салығын есептеу, егер осы баптың 2-тармағында өзгеше белгіленбесе, әрбір салық салу объектісіне осы Кодекстің 535-бабында айқындалған тиісті салық мөлшерлемесін қолдану арқылы жүргізіледі.

2. Салық салу объектілері айдың 15-күніне дейін қоса алғанда пайдалануға берілген кезде ойын бизнесі салығы – белгіленген мөлшерлеме бойынша, 15-күннен кейін белгіленген мөлшерлеменің 1/2 мөлшерінде есептеледі.

Салық салу объектілері айдың 15-күніне дейін қоса алғанда шығып қалған кезде ойын бизнесі салығы – белгіленген мөлшерлеменің 1/2 мөлшерінде, 15-күннен кейін белгіленген мөлшерлеме бойынша есептеледі.

539-бап. Ойын бизнесі салығын төлеушілердің қосымша төлемі

1. Қосымша төлем ойын бизнесі саласындағы қызметтен алынған кірістің сомасы кірістің шекті мөлшерінен асып кеткен жағдайда есептеледі.

2. Қосымша төлемді есептеу мақсаттарында ойын бизнесі салығын төлеушілер үшін салықтық кезеңдегі кірістің шекті мөлшері мыналарды құрайды:

1) казино қызметінен – айлық есептік көрсеткіштің 135 000 еселенген мөлшері;

2) ойын автоматтары залы қызметінен – айлық есептік көрсеткіштің 25000 еселенген мөлшері;

3) тотализатор қызметінен – айлық есептік көрсеткіштің 2500 еселенген мөлшері;

4) букмекерлік кеңсе қызметінен – айлық есептік көрсеткіштің 2000 еселенген мөлшері.

3. Осы баптың 2-тармағында белгіленген кірістің шекті мөлшерлері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салықтық кезеңнің бірінші күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің мөлшері негізге алына отырып айқындалады.

4. Қосымша төлемді есептеу мақсатында салықтық кезең ішінде ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кіріс сомасы

мен құмар ойынына және (немесе) бәс тігуге қатысушыларға төлемдер сомасы арасындағы оң айырма осындай қызметтен алынған кіріс деп танылады.

540-бап. Қосымша төлемді есептеу мен төлеу тәртібі

1. Қосымша толем кірістің шекті мөлшерінен асып кететін сомаға осы Кодекстің 313-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі және ол есепті салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірілмей төленуге жатады.

2. Ойын бизнесі салығын төлеушілер ойын бизнесі саласындағы бірнеше қызмет түрін жүзеге асырған кезде қосымша төлем ойын бизнесі саласындағы әрбір қызмет түрінен алынған кірістен жеке-жеке есептеледі.

3. Осы Кодекстің 534-бабында көрсетілмеген және ойын бизнесі саласына жатпайтын кәсіпкерлік қызметтің өзге де түрлерін жүзеге асыру кезінде ойын бизнесі салығын төлеушілер қызметтің көрсетілген түрлері бойынша кірістер мен шығыстардың бөлек есебін жүргізуге және жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен бюджетпен есеп айырысу жүргізуге міндетті.

541-бап. Салық декларациясын тапсыру мерзімі

Ойын бизнесі салығы бойынша декларация жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебі жеріндегі салық органына есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірілмей тапсырылады.

542-бап. Салықты төлеу мерзімі

Ойын бизнесі салығы есепті салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірілмей салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша бюджетке төленуге жатады.

17-БӨЛІМ. ТІРКЕЛГЕН САЛЫҚ

67-тарау. ТІРКЕЛГЕН САЛЫҚ

543-бап. Осы тарауда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы тарауда қолданылатын негізгі ұғымдар мыналарды білдіреді:

1) арнайы аймақ – аумағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттері бар елді мекендер (Астана, Алматы қалаларын және облыстардың әкімшілік орталықтарын қоспағанда);

2) бильярд үстелі – торлары (жақтауларда саңылаулары) бар және оларсыз бильярд ойынына арналған арнаулы үстел;

3) карт – шанақсыз, дифференциалсыз және дөңгелектерінде серпінді аспа жоқ, жұмыс көлемі 250 текше сантиметрге дейін және ең жоғары жылдамдығы сағатына 150 километр болатын екітактілі қозғалтқышы бар, көлемі шағын жарыс автомобилі

4) ойын жолы – боулинг ойынына арналған арнаулы жол (кегельбан);

5) уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын, қолма-қол шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы және оған уәкілетті ұйымның айырбастау пункті (айырбастау пункттері) көрсетілген қосымшасы (қосымшалары) бар заңды тұлға;

6) ұтыссыз ойын автоматы – ойындар өткізу үшін пайдаланылатын арнаулы жабдық (механикалық, электрлі, электрондық және өзге де техникалық жабдық).

544-бап. Төлеушілер

Уәкілетті ұйымдар, сондай-ақ:

1) ұтыссыз ойын автоматтарын;

2) ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютерлерді;

3) ойын жолдарын (боулинг (кегельбан);

4) карттарды (картинг);

5) бильярд үстелдерін (бильярд) пайдалана отырып, қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар тіркелген салықты төлеушілер болып табылады.

545-бап. Тіркелген салық салу объектілері

Мыналар:

1) бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы;

2) біреуден коп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналган ұтыссыз ойын автоматы;

3) ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер;

4) ойын жолы;

5) карт;

6) бильярд үстелі;

7) уәкілетті ұйымның айырбастау пункті тіркелген салық салу объектісі болып табылады.

546-бап. Тіркелген салықтың мөлшерлемелері

1. Айына салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың ең

төмен және ең жоғары базалық мөлшерлемелерінің мөлшері:

Р/с №	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық мөлшерлемелерінің ең төмен мөлшері (айлық есептік көрсеткіш-термен)	Тіркелген салықтың базалық мөлшер-лемелерінің ең жоғары мөлшері (айлық есептік көрсеткіш-термен)
1	2	3	4
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1	12
2.	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1	18
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1	4
4.	Ойын жолы	5	83
5.	Карт	2	12
6.	Бильярд үстелі	3	25
7.	Уәкілетті ұйымның Астана немесе Алматы қалаларында орналасқан айырбастау пункті	30	100
8.	Уәкілетті ұйымның арнайы аймақта орналасқан айырбастау пункті	1	20
9.	Астана және Алматы қалаларын және арнайы аймақты қоспағанда, уәкілетті ұйымның елді мекенде орналасқан айырбастау пункті	10	50

2. Салық мөлшерлемесі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салықтық кезеңнің 1-күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш мөлшері негізге алына отырып айқындалады.

3. Бекітілген базалық мөлшерлемелер шегінде жергілікті өкілді органдар бір әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілейді.

Тіркелген салық мөлшерлемелеріне өзгерістер енгізуді салық органы ұсынған хронометраждық зерттеу деректерінің негізінде жергілікті өкілді

органдар жүргізеді.

Жергілікті өкілді органдар белгілеген тіркелген салық мөлшерлемелері болмаған жағдайда, салықты есептеу кезінде тіркелген салықтың базалық мөлшерлемелерінің ең төмен мөлшерлері қолданылады.

547-бап. Салықтық кезең

Күнтізбелік тоқсан тіркелген салық үшін салықтық кезең болып табылады.

548-бап. Тіркелген салықты есептеу тәртібі мен төлеу мерзімі

1. Тіркелген салықты есептеу, егер осы баптың 2-тармағында өзгеше белгіленбесе, осы Кодекстің 545-бабында айқындалған әрбір салық салу объектісіне тиісті салық мөлшерлемесін қолдану арқылы жүргізіледі.

2. Салық салу объектілері айдың 15-күнін қоса алғанға дейін пайдалануға берілген кезде тіркелген салық – белгіленген мөлшерлеме бойынша, 15-күнінен кейін белгіленген мөлшерлеменің 1/2 мөлшерінде есептеледі.

Салық салу объектілері айдың 15-күнін қоса алғанға дейін шығып қалған кезде тіркелген салық – белгіленген мөлшерлеменің 1/2 мөлшерінде, 15-күнінен кейін белгіленген мөлшерлеме бойынша есептеледі.

3. Тіркелген салық есепті салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 25-күнін кешіктірілмей салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша бюджетке төленуге жатады.

4. Кәсіпкерлік қызметтің осы Кодекстің 543-бабының 5) тармақшасында және 544-бабында көрсетілмеген өзге де түрлерін жүзеге асыру кезінде тіркелген салықты төлеушілер қызметтің осындай түрлері бойынша кірістер мен шығыстардың бөлек есебін жүргізуге және жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен бюджетпен есеп айырысу жүргізуге міндетті.

549-бап. Салық декларациясын тапсыру мерзімі

Тіркелген салық бойынша декларация жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебі жеріндегі салық органына есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірілмей тапсырылады.

18-БӨЛІМ. БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМДЕР

68-тарау. АЛЫМДАР

550-бап. Алымдар туралы жалпы ережелер

1. Салық органдары және басқа да уәкілетті мемлекеттік органдар:

1) тіркеу әрекеттері;

2) рұқсат құжаттарын немесе олардың телнұсқаларын беру бойынша әрекеттер жасалған кезде алатын, бюджетке төленетін бір реттік төлемдер алымдар болып табылады.

Бұл ретте осы тараудың мақсаттары үшін рұқсат құжаттары деп Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган беретін, рұқсаттарға қатысы жоқ келісімдер де түсініледі.

2. Осы тараудың мақсаттары үшін тіркеу әрекеттері деп уәкілетті мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен мынадай әрекеттер жасауы түсініледі:

1) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу, сондай-ақ оларды қайта тіркеу;

2) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу;

3) жылжымалы мүлік кепілін және кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ әуе кемесін тіркеуден алып тастауға және әкетуге кері қайтарып алынбайтын өкілеттікті мемлекеттік тіркеу;

4) ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу;

5) көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ оларды қайта тіркеу;

6) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ оларды қайта тіркеу;

7) авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ оларды қайта тіркеу;

8) теле- радиоарнаны, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою;

9) микроқаржы ұйымдарын есептік тіркеу.

3. Алымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар мынадай құжаттарды немесе олардың телнұсқаларын берген кезде алынады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензиялар;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган банк және сақтандыру нарықтарына қатысушылар үшін беретін рұқсат құжаттары, келісімдер;

3) автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өткені үшін берілетін рұқсат құжаттары (бұдан әрі – автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өткені үшін алым):

халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы;

халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) кіруі (шығуы), Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиті;

ірі габаритті және (немесе) салмағы ауыр отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуі;

4) байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган (өздеріне жүктелген функционалдық міндеттерді орындау үшін радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат алатын мемлекеттік мекемелерден басқа) телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожиілік спектрін пайдалануға беретін рұқсаттар;

5) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды және авиация қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сертификаттау талаптарына сәйкестігіне беретін сертификаттар;

6) Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға (оны ұзартуға) рұқсаттар.

4. Жасау кезінде алым алу көзделген тиісті әрекеттерді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алым сомаларын есептеуді және есепке жазуды жүргізеді, сондай-ақ есептелген (есепке жазылған) алымдардың толық алынуы, бюджетке уақтылы төленуі үшін, сондай-ақ осы баптың 5-тармағына сәйкес мемлекеттік кіріс органдарына берілетін мәліметтердің анықтығы үшін жауапты болады.

5. Осы Кодекстің 26-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті мемлекеттік органдар тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей өзінің орналасқан жері бойынша (беру толық автоматтандырылғанға дейін) салық органына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша алымды төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәлімет ұсынады.

551-бап. Алым төлеушілер

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асыру кезінде алымдар алу көзделген әрекеттерді олардың мүдделері үшін жасайтын тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалардың құрылымдық

бөлімшелері алым төлеушілер болып табылады.

2. «Халықты жұмыспен қамту туралы» және «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын жағдайларда жергілікті атқарушы органның рұқсатынсыз шетелдік жұмыс күшін тартатын тұлғалар Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым төлеушілер болып табылмайды.

552-бап. Алымдарды есептеу мен төлеу тәртібі

1. Алым сомалары белгіленген мөлшерлемелер бойынша есептеледі және уәкілетті мемлекеттік органға тиісті құжаттар берілгенге дейін немесе рұқсат құжаттары алынғанға дейін алым төлеушінің тұрған жері бойынша төленеді.

2. Тиісті рұқсат құжаттары ресімделмей, сондай-ақ автомобиль көлігі саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген автокөлік құралының жол берілетін өлшемдерін бұза отырып, автокөлік құралының жүріп өту фактісі анықталған жағдайда, автокөлік құралының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өткені үшін алым сомасы осындай факт анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бюджетке төленеді.

3. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өткені үшін алым сомасын бюджетке толеу банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару жолымен не уәкілетті мемлекеттік органның бақылау-өткізу пункттерінде не өзге де арнайы жабдықталған орындарында уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қатаң есептілік бланкілері негізінде қолма-қол ақшаны енгізу жолымен жүргізіледі.

Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өткені үшін қолма-қол ақшамен қабылданған алым сомаларын автомобиль көлігі саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган ақша қабылдау жүзеге асырылған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей күн сайын банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға оларды кейіннен бюджетке есепке жатқызу үшін тапсырады. Егер қолма-қол ақшаның күн сайынғы түсімдері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және алым төлеу күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10 еселенген мөлшерінен аз болса, ақшаны есепке жатқызу ақша қабылдау жүзеге асырылған күннен бастап операциялық үш күнде бір рет жүзеге асырылады.

Жеке тұлғалар автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өткені үшін алым сомаларын қолма-қол ақшамен төлеген кезде қатаң есептілік бланкілерінде уәкілетті мемлекеттік органның бизнес-

сәйкестендіру нөмірі қойылады.

4. Жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы және халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасында айқындалатын тәртіппен жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты беру не ұзарту туралы шешім қабылдағаны туралы хабарламасы алынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде алынады.

553-бап. Тіркеу алымдарының мөлшерлемелері

1. Тіркеу алымдарының мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және осындай алымдарды төлеу күніне қолданыста болатын еселенген айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі осы тараудың мәтіні бойынша – АЕК) мөлшерінде айқындалады.

2. Заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Тіркеу әрекеттерінің түрлері	Мөлшер-лемелер (АЕК)
1	2	3
1.	Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені), олардың қызметінің тоқтатылуын (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде) мемлекеттік тіркегені, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркегені (қайта тіркегені), есептік тіркеуден шығарғаны үшін: *	
1.1.	заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін	6,5
1.2.	шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін	2
1.3.	саяси партияларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін	14

2.	Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерді, қазыналық кәсіпорындарды және үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің кооперативтерін мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені), олардың қызметінің тоқтатылуын (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде) мемлекеттік тіркегені, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркегені (қайта тіркегені), есептік тіркеуден шығарғаны үшін:	
2.1.	мемлекеттік тіркегені, қызметінің тоқтатылуын тіркегені, есептік тіркегені, есептік тіркеуден шығарғаны үшін	1
2.2.	қайта тіркегені үшін	0,5
3.	Балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерін, сондай-ақ мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерін мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені), олардың қызметінің тоқтатылуын (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде) мемлекеттік тіркегені, олардың филиалдары мен өкілдіктерін, республикалық және өңірлік ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестіктердің филиалдарын есептік тіркегені (қайта тіркегені), есептік тіркеуден шығарғаны үшін:	
3.1.	тіркегені үшін (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде)	2
3.2.	қызметтің тоқтатылуын (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде) қайта тіркегені, мемлекеттік тіркегені, есептік тіркеуден шығарғаны үшін:	1

Ескертпе.

*Нөлдік мөлшерлеме шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеген және олардың қызметінің тоқтатылуын тіркеген кезде қолданылады.

3. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с	Тіркеу әрекеттерінің түрлері	Мөлшер-

№		лемелер (АЕК)
1	2	3
1.	Мыналарға меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару, сенімгерлік басқару, кепіл, рента, пайдалану (сервитуттардан басқа) құқығының пайда болуын тіркегені үшін:	
1.1.	пәтерге, жеке тұрғын үйге (шаруашылық құрылыстары және басқа да осыған ұқсас объектілері бар), шаруашылық құрылыстарға:	
1.1.1.	жеке және заңды тұлғалар үшін*	0,5
1.1.2.	жеке тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	5
1.1.3.	заңды тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	15
1.2.	көппәтерлі тұрғын үйге (шаруашылық құрылыстары және басқа да осыған ұқсас объектілері бар), тұрғын үйдегі тұрғын емес үй-жайға, тұрғын емес құрылысқа	
1.2.1.	жеке және заңды тұлғалар үшін*	8
1.2.2.	жеке тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	15
1.2.3.	заңды тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	20
1.3.	гараждарға:	
1.3.1.	жеке және заңды тұлғалар үшін*	0,5
1.3.2.	жеке тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	4
1.3.3.	заңды тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	8
1.4.	мыналарды қамтитын, тұрғын емес мақсаттағы мүліктік кешендерге (үйлер, құрылыстар, ғимараттар):	
1.4.1.	бір объект:	
1.4.1.1.	жеке және заңды тұлғалар үшін	10
1.4.1.2.	жеке тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	20
1.4.1.3.	заңды тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	30
1.4.2.	екіден беске дейінгі жеке тұрған объектілер:	
1.4.2.1.	жеке және заңды тұлғалар үшін	15
1.4.2.2.	жеке тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	22
1.4.2.3.	заңды тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	32
1.4.3.	алтыдан онға дейінгі жеке тұрған объектілер:	
1.4.3.1.	жеке және заңды тұлғалар үшін	20
1.4.3.2.	жеке тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	30
1.4.3.3.	заңды тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	40
1.4.4.	оннан көп жеке тұрған объектілер:	
1.4.4.1.	жеке және заңды тұлғалар үшін	25

1.4.4.2.	жеке тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	35
1.4.4.3.	заңды тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	45
2.	Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін:	
2.1.	көппәтерлі тұрғын үйге (шаруашылық құрылыстары және басқа да осыған ұқсас объектілері бар), тұрғын үйдегі тұрғын емес үй-жайға, тұрғын емес құрылысқа, тұрғын емес мақсаттағы мүліктік кешендерге (үйлер, құрылыстар, ғимараттар) меншік, сенімгерлік басқару, кепіл, рента, пайдалану (сервитуттардан басқа) құқығының пайда болуын тіркегені үшін	1
3.	Жер учаскесіне меншік, жер пайдалану құқығын, өзге де құқықтарды (құқық ауыртпалықтарын) тіркегені үшін	
3.1.	жеке және заңды тұлғалар үшін*	0,5
3.2.	жеке тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	5
3.3.	заңды тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	15
4.	Сервитутты (объектілерге қарамастан) тіркегені үшін	0,5
5.	Кондоминиум объектісін тіркегені үшін	1
6.	Ипотекалық куәлік беруді және оны кейіннен басқа иелерге беруді тіркегені үшін	
6.1.	жеке және заңды тұлғалар үшін*	0,25
6.2.	жеке тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	5
6.3.	заңды тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	15
7.	Құқық иеленуші деректерінің, жылжымайтын мүлік объектісінің сәйкестендіру сипаттамасының өзгерістерін тіркегені үшін:	
7.1.	жеке және заңды тұлғалар үшін*	0,25
7.2.	жеке тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	5
7.3.	заңды тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	15
8.	Жылжымайтын мүліктің апатқа ұшырауына (бүлінуіне) немесе оған құқықтан бас тартылуына байланысты және құқықтың ауысуымен байланысты емес өзге де жағдайларда жылжымайтын мүлікке құқықты тоқтатуды тіркегені үшін:	
8.1.	жеке және заңды тұлғалар үшін*	0,25
8.2.	жеке тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	5
8.3.	заңды тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	15
9.	Құқықтың үшінші тұлғаға ауысуымен байланысты емес ауыртпалықты тоқтатуды тіркегені үшін, оның	

	ішінде жылжымайтын мүліктің ипотекасын тоқтатуды тіркегені үшін:	
9.1.	жеке және заңды тұлғалар үшін	0,25
9.2.	жеке тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	5
9.3.	заңды тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	15
10.	Міндеттемелері ипотекамен қамтамасыз етілген банктік қарыз шарты бойынша талаптар құқығын басқаға беруді тіркегені үшін	
10.1.	жеке және заңды тұлғалар үшін	0,25
10.2.	жеке тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	5
10.3.	заңды тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	15
11.	Құқықтың пайда болуына (құқық ауыртпалығына) негіз болып табылатын шарт талабының немесе өзге де заңдық фактілердің өзгеруі нәтижесінде құқықтың өзгеруін немесе құқық ауыртпалығын тіркегені үшін:	
11.1.	жеке және заңды тұлғалар үшін	0,25
11.2.	жеке тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	5
11.3.	заңды тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	15
12.	Жылжымайтын мүлікке өзге де құқықтарды, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке құқық ауыртпалықтарын тіркегені үшін:	
12.1.	жеке және заңды тұлғалар үшін	0,5
12.2.	жеке тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	5
12.3.	заңды тұлғалар үшін жеделдетілген тәртіппен	15
13.	Заңды талаптарды тіркегені үшін	0,25
14.	Мыналарды: «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен мемлекеттік органдар салатын (туындататын) жылжымайтын мүлікке құқық ауыртпалығын (ауыртпалығын тоқтатқаны); «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйым салатын (туындататын) жылжымайтын мүлікке құқық ауыртпалығын (ауыртпалығын тоқтатқаны); осы Кодекстің 519-бабы 3-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген жылжымайтын	0

	мүлікке және осындай мүлік орналасқан жер учаскелеріне құқық ауыртпалығын (ауыртпалығын тоқтатқаны); мемлекеттік мекемелердің жылжымайтын мүлікке құқықты; екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйымның жылжымайтын мүлікке құқықты; осы Кодекстің 519-бабы 3-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген жылжымайтын мүлікке және осындай мүлік орналасқан жер учаскелеріне құқықты; мемлекеттік органдардың шешімдері негізінде, оның ішінде елді мекендердің атауы, көше аттары, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыстардың реттік нөмірі (мекенжайлары) өзгерген кезде немесе Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын реформалауға байланысты кадастрлық нөмірлер өзгерген кезде жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру сипаттамаларының өзгерістерін тіркегені үшін	
15.	Жылжымайтын мүлікке бұрын пайда болған құқықтарды (құқық ауыртпалықтарын) жүйелі түрде тіркегені үшін	0
16.	Жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын бергені үшін*	0,25
17.	Жылжымалы мүлік кепілін және кеме ипотекасын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ әуе кемесін тіркеуден алып тастауға және әкетуге кері қайтарып алынбайтын өкілеттікті мемлекеттік тіркегені үшін:	
17.1.	жылжымалы мүлік кепілін және кеме ипотекасын, әуе кемесін тіркеуден алып тастауға және әкетуге кері қайтарып алынбайтын өкілеттікті, сондай-ақ тіркелген кепілдің өзгерістерін, толықтыруларын және тоқтатылуын немесе әуе кемесін тіркеуден алып тастауға және әкетуге қайтарып алынбайтын өкілеттіктің өзгерістерін, толықтыруларын және мемлекеттік тізілімнен алып тастауды тіркегені үшін:	
17.1.1.	жеке тұлғалардан**	1
17.1.2.	заңды тұлғалардан	5

17.1.3.	екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйымнан	0
17.2.	жылжымалы мүлік кепілінің және кеме ипотекасының, сондай-ақ әуе кемесін тіркеуден алып тастауға және әкетуге кері қайтарып алынбайтын өкілеттіктің мемлекеттік тіркелгенін куәландыратын құжаттың телнұсқасын бергені үшін**	0,5

Ескертпе.

Нөлдік мөлшерлеме мыналарды мемлекеттік тіркеген кезде қолданылады:

1) мына адамдардың жылжымайтын мүлікке құқықтары: *

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің, мүгедек баланың ата-анасының бірі;

кәмелет жасқа толғанға дейін жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

бөлек тұратын зейнеткерлер;

оралмандар;

2) мына адамдардың жылжымалы мүлік кепілі, кеменің немесе салынып жатқан кеменің ипотекасы: **

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің, мүгедек баланың ата-анасының бірі;

оралмандар.

4. Ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды, көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым

мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Тіркеу әрекеттерінің түрлері	Мөлшер-лемелер (АЕК)
1	2	3
1.	Мыналарды мемлекеттік тіркегені үшін:	
1.1.	механикалық көлік құралын (бастапқы мемлекеттік тіркеу жүргізілетін көлік құралынан басқа) немесе тіркемені	0,25
1.2.	теңіз кемелерін	60
1.3.	өзен кемелерін	15
1.4.	шағын көлемді флот кемелерін:	
1.4.1.	қуаты 50 ат күшінен (37 кВт) жоғары өздігінен жүретін шағын көлемді кемелерді	3
1.4.2.	қуаты 50 ат күшіне (37 кВт) дейінгі өздігінен жүретін шағын көлемді кемелерді	2
1.4.3.	өздігінен жүрмейтін шағын көлемді кемелерді	1,5
1.5.	азаматтық әуе кемелерін	7
1.6.	ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды	14
1.7.	қалалық рельсті көлікті	0,25
1.8.	теміржолдың тартқыш, сондай-ақ моторлы-вагонды жылжымалы құрамын	0,25
2.	Қайта тіркегені үшін:	
2.1.	механикалық көлік құралын немесе тіркемені	0,25
2.2.	теңіз кемелерін	30
2.3.	өзен кемелерін	7,5
2.4.	шағын көлемді флот кемелерін:	
2.4.1.	қуаты 50 ат күшінен (37 кВт) жоғары өздігінен жүретін шағын көлемді кемелерді	1,5
2.4.2.	қуаты 50 ат күшіне (37 кВт) дейінгі өздігінен жүретін шағын көлемді кемелерді	1
2.4.3.	өздігінен жүрмейтін шағын көлемді кемелерді	0,75
2.5.	азаматтық әуе кемелерін	7
2.6.	қалалық рельсті көлікті	0,25
2.7.	теміржолдың тартқыш, сондай-ақ моторлы-вагонды жылжымалы құрамын	0,25
3.	Мемлекеттік тіркелгенін куәландыратын құжаттың телнұсқасын бергені үшін:	
3.1.	механикалық көлік құралын немесе тіркемені	0,25
3.2.	теңіз кемелерін	15
3.3.	өзен кемелерін	3,75

3.4.	шағын көлемді флот кемелерін:	
3.4.1.	қуаты 50 ат күшінен (37 кВт) жоғары өздігінен жүретін шағын көлемді кемелерді	0,75
3.4.2.	қуаты 50 ат күшіне (37 кВт) дейінгі өздігінен жүретін шағын көлемді кемелерді	0,5
3.4.3.	өздігінен жүрмейтін шағын көлемді кемелерді	0,38
3.5.	азаматтық әуе кемелерін	3,5
3.6.	ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды	3,5
3.7.	қалалық рельсті көлікті	0,25
3.8.	теміржолдың тартқыш, сондай-ақ моторлы-вагонды жылжымалы құрамын	0,25
4.	Механикалық көлік құралдарын бастапқы мемлекеттік тіркегені үшін:	
4.1.	гибридті көлік құралдарын қоспағанда, электр қозғалтқыштары бар М1 санатындағы көлік құралдары:	
4.1.1.	шығарылған жылын қоса алғанда, 2 жылға дейін	0,25
4.1.2.	шығарылған жылын қоса алғанда, 2 жылдан 3 жылға дейін	25
4.1.3.	шығарылған жылын қоса алғанда, 3 жыл және одан жоғары	250
4.2.	электр қозғалтқыштары бар көлік құралдарын қоспағанда, М1 санатындағы көлік құралдары	
4.2.1.	шығарылған жылын қоса алғанда, 2 жылға дейін	0,25
4.2.2.	шығарылған жылын қоса алғанда, 2 жылдан 3 жылға дейін	50
4.2.3.	шығарылған жылын қоса алғанда, 3 жыл және одан жоғары	500
4.3.	М2, М3, N1, N2, N3 санатындағы көлік құралдары:	
4.3.1.	шығарылған жылын қоса алғанда, 2 жылға дейін	0,25
4.3.2.	шығарылған жылын қоса алғанда, 2 жылдан 3 жылға дейін	240
4.3.3.	шығарылған жылын қоса алғанда, 3 жылдан 5 жылға дейін	350
4.3.4.	шығарылған жылын қоса алғанда, 5 жыл және одан жоғары	2500

5. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Тіркеу әрекеттерінің түрлері	Мөлшер-лемелер

		(АЕК)
1	2	3
1.	Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы тіркегені үшін	11
2.	Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы қайта тіркегені үшін	5
3.	Мемлекеттік тіркелгенін куәландыратын құжаттың телнұсқасын бергені үшін:	0,7

6. Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Тіркеу әрекеттерінің түрлері	Мөлшер-лемелер (АЕК)
1	2	3
1.	Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды тіркегені (қайта тіркегені) үшін*	3
2.	Мемлекеттік тіркелгенін куәландыратын құжаттың телнұсқасын бергені үшін	2

Ескертпе.

Нөлдік мөлшерлеме мына адамдардың авторлық құқықпен қорғалатын туындыларына құқықтарды мемлекеттік тіркеген кезде қолданылады:*

Ұлы Отан соғысының қатысушылары және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің, мүгедек баланың ата-анасының бірі;

оралмандар;

кәмелетке толмағандар.

7. Теле-, радиоарнаны, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қойғаны үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Тіркеу әрекеттерінің түрлері	Мөлшерлемелер (АЕК)
1	2	3
1.	Теле-, радиоарнаны, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою:	
1.1.	балаларға арналған және ғылыми тақырыптағы	2
1.2.	өзге тақырыптағы	5
2.	Мерзімді баспасөз басылымының, ақпараттық агенттіктің және желілік басылымның есепке қойылғанын куәландыратын құжаттың телнұсқасын беру:	
2.1.	балаларға арналған және ғылыми тақырыптағы	1,6
2.2.	өзге тақырыптағы	4

8. Микроқаржы ұйымдарын есептік тіркеуден өткізгені және оларды микроқаржы ұйымдарының тізіліміне енгізгені үшін алым мөлшерлемесі мыналарды құрайды:

Р/с №	Тіркеу әрекеттерінің түрлері	Мөлшерлемелер (АЕК)
1	2	3
1.	Микроқаржы ұйымын есептік тіркеу	10

554-бап. Рұқсат құжаттарын бергені үшін алым мөлшерлемелері

1. Рұқсат құжаттарын бергені үшін алым мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және өсындай алымдар төлеу күніне қолданыста бөлатын еселенген АЕК мөлшерінде айқындалады.

2. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өткені үшін алым мөлшерлемелері:

1) мыналарды:

халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шыққаны үшін – 3 еселенген АЕК мөлшерін;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес

күнтізбелік бір жылға шетелдік рұқсатты ала отырып, тұрақты негізде халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шыққаны үшін - 10 еселенген АЕК мөлшерін;

2) халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) кіргені (шықаны), Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиті үшін – 20 еселенген АЕК мөлшері;

3) ірі габаритті және (немесе) салмағы ауыр отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өткені үшін – осы баптың 3-тармағында белгіленген мөлшерлерді құрайды.

3. Ірі габаритті және (немесе) салмағы ауыр отандық және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жол жүргені үшін алым мөлшерлемелері:

1) автокөлік құралының (жүкпен немесе жүксіз) жалпы нақты массасының жол берілетін жалпы массадан асып кеткені үшін – асып кеткен әрбір тонна (толық еместі қоса алғанда) үшін 0,005 еселенген АЕК мөлшерін құрайды.

Автокөлік құралының (жүкпен немесе жүксіз) жалпы нақты массасының жол берілетін жалпы массадан асып кеткені үшін алым сомасы көрсетілген алым мөлшерлемесін осындай асып кету мөлшеріне және маршрут бойынша тасымалдаудың тиісті арақашықтығына (километрмен) көбейту арқылы айқындалады;

2) автокөлік құралының (жүкпен немесе жүксіз) нақты осьтік жүктемелерінің жол берілетін осьтік жүктемелерден асып кеткені үшін (әрбір артық жүк тиелген жеке, қосарланған және үштіктелген осьтер үшін):

Р/с №	Жол берілетін осьтік жүктемелерден нақты асып кету, %	Жол берілетін осьтік жүктемелерден асып кеткені үшін тариф (АЕК)
1	2	3
1.	10 %-ды қоса алғанға дейін	0,011
2.	10,0 %-дан 20,0 %-ды қоса алғанға дейін	0,014
3.	20,0 %-дан 30,0 %-ды қоса алғанға дейін	0,190
4.	30,0 %-дан 40,0 %-ды қоса алғанға дейін	0,380
5.	40,0 %-дан 50,0 %-ды қоса алғанға дейін	0,500

6.	50,0 %-дан жоғары	1

Алым сомасы жол берілетін осьтік жүктемелерден нақты асып кеткен мөлшерге сәйкес келетін мөлшерлемені маршрут бойынша тасымалдаудың арақашықтығына (километрмен) көбейту арқылы айқындалады;

3) автокөлік құралы (жүкпен немесе жүксіз) габариттерінің автокөлік құралдарының биіктігі, ені және ұзындығы бойынша жол берілетін габариттік өлшемдерден асып кеткені үшін:

Р/с №	Автокөлік құралдарының габариттік өлшемдері, метрмен	Жол берілетін габариттік өлшемдерден асып кеткені үшін мөлшерлемелер (АЕК)
1	2	3
1.	Биіктігі:	
1.1.	4-тен жоғары 4,5-ті қоса алғанға дейін	0,009
1.2.	4,5-тен жоғары 5-ті қоса алғанға дейін	0,018
1.3.	5-тен жоғары	0,036
2.	Ені:	
2.1.	2,55-тен (изометриялық шанақтар үшін 2,6-дан) жоғары 3-ті қоса алғанға дейін	0,009
2.2.	3-тен жоғары 3,75-ті қоса алғанға дейін	0,019
2.3.	3,75-тен жоғары	0,038
3.	Ұзындығы:	
3.1.	Жол берілетін ұзындықтан асып кететін әрбір метр үшін (толық еместі қоса алғанда)	0,004

Автокөлік құралы (жүкпен немесе жүксіз) габариттерінің автокөлік құралдарының биіктігі, ені және ұзындығы бойынша жол берілетін габариттік өлшемдерден асып кеткені үшін алым сомасы мынадай тәртіппен айқындалады:

биіктік бойынша автокөлік құралының нақты габариттік мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерлемені маршрут бойынша тасымалдау арақашықтығына (километрмен) көбейту жолымен алынған, автокөлік құралы (жүкпен немесе жүксіз) габариттерінің биіктік бойынша жол берілетін габариттік өлшемдерден асып кеткені үшін алым сомасы,

қосу

ені бойынша автокөлік құралының нақты габариттік мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерлемені маршрут бойынша тасымалдау арақашықтығына (километрмен) көбейту жолымен алынған, автокөлік құралы (жүкпен немесе жүксіз) габариттерінің мөлшеріне ені бойынша жол берілетін габариттік өлшемдерден асып кеткені үшін алым сомасы,

қосу

ұзындық бойынша автокөлік құралының нақты габариттік мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерлемені маршрут бойынша тасымалдау арақашықтығына (километрмен) көбейту жолымен алынған, автокөлік құралы (жүкпен немесе жүксіз) габариттерінің ұзындық бойынша жол берілетін габариттік өлшемдерден асып кеткені үшін алым сомасы.

4. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым (жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензиялар бергені үшін алым) мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Лицензияланатын қызмет түрлері	Алым мөлшер-лемелері (АЕК)
1	2	3
1.	Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым мөлшерлемелері:	
1.1.	Тау-кен өндірістерін (көмірсутек шикізаты) және мұнай-химия өндірістерін (технологиялық) жобалау	10
1.2.	Тау-кен өндірістерін (көмірсутек шикізаты), мұнай-химия өндірістерін пайдалану, мұнай және газ саласындағы магистральдық газ құбыржолдарын, мұнай құбыржолдарын, мұнай өнімдері құбыржолдарын пайдалану	100
1.3.	Тау-кен және химия өндірістерін пайдалану	10
1.4.	Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу	10
1.5.	Атом энергиясы пайдаланылатын объектілердің өмірлік циклінің кезеңдерімен байланысты жұмыстарды орындау	100
1.6.	Ядролық материалдармен жұмыс істеу	50
1.7.	Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу	10
1.8.	Иондандырушы сәулені генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу	5
1.9.	Атом энергиясын пайдалану саласында көрсетілетін	5

	қызметтерді ұсыну	
1.10.	Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу	50
1.11.	Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондандырушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдау	50
1.12.	Бұрынғы ядролық сынақ полигондары аумақтарындағы және жүргізілген ядролық сынақтардың салдарынан ластанған басқа да аумақтардағы қызмет	10
1.13.	Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау	10
1.14.	Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау	5
1.15.	Уларды өндіру, қайта өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою	10
1.16.	Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану	10
1.17.	Жолаушыларды қалааралық облысаралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақсыз тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау	3
1.18.	Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызмет	6
1.19.	Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымына байланысты қызмет	20
1.20.	Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу және өткізу (оның ішінде өзге де беру)	9
1.21.	Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу	20
1.22.	Ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау жөнінде қызметтер көрсету	20

1.23.	Ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге қорытынды (рұқсат құжатын) беру	0
1.24.	Шифрлау (криптографиялық) құралдарын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге қорытынды (рұқсат құжатын) беру	0
1.25.	Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу нысанасына техникалық зерттеу жүргізу	0
1.26.	Шифрлау (криптографиялық) құралдарын қамтитын тауарлардың (өнімдердің) сипаттамалары туралы нотификацияларды тіркеу	0
1.27.	Монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және өткізу	22
1.28.	Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау	22
1.29.	Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақты, әскери техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу	22
1.30.	Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекциялау, экспонаттау	10
1.31.	Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану	10
1.32.	Ғарыш кеңістігін пайдалану саласындағы қызмет	186
1.33.	Байланыс саласында қызметтер көрсету	6
1.34.	Білім беру қызметі	10
1.35.	Теле-, радио арналарын тарату жөніндегі қызмет	6
1.36.	Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі	10

	бойынша қызметтер корсету	
1.37.	Медициналық қызмет	10
1.38.	Фармацевтикалық қызмет	10
1.39.	Адвокаттық қызмет	6
1.40.	Нотариаттық қызмет	6
1.41.	Атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызмет	6
1.42.	Мүлікті бағалау (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда)	6
1.43.	Зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын бағалау	6
1.44.	Аудиторлық қызмет	10
1.45.	Қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету	50
1.46.	Заңды тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыруы	6
1.47.	Туроператорлық қызмет	10
1.48.	Ветеринария саласындағы қызмет	6
1.49.	Сот-сараптама қызметі	6
1.50.	Тарих және мәдениет ескерткіштеріне археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүзеге асыру	10
1.51.	Мыналар жүзеге асыратын банк операциялары*:	
1.51.1.	екінші деңгейдегі банктер	800
1.51.2.	банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар	400
1.52.	Банктердің бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыру жөніндегі операциялары	800
1.53.	Банктер жүзеге асыратын өзге де операциялар	800
1.54.	Қызметінің ерекше түрі шетелдік қолма-қол валютамен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғалардың операциялары	40
1.55.	Өмірді сақтандыру саласындағы қызмет**	500
1.56.	Жалпы сақтандыру саласындағы қызмет**	500
1.57.	Ерекше қызмет түрі ретінде қайта сақтандыру жөніндегі қызмет	500
1.58.	Қайта сақтандыру жөніндегі қызмет	200
1.59.	Сақтандыру брокерінің қызметі	300
1.60.	Актуарийлік қызмет	10
1.61.	Брокерлік қызмет	30
1.62.	Дилерлік қызмет	30
1.63.	Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет	30

1.64.	Кастодиан қызметі	30
1.65.	Трансфер-агенттік қызмет	10
1.66.	Бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен жасалатын сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызмет	10
1.67.	Қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клиринг қызметі	40
1.68.	Іздестіру қызметі	10
1.69.	Құрылыс-монтаждау жұмыстары	10
1.70.	Жобалау қызметі	10
1.71.	Тұрғын үй ғимараттарының құрылысын үлескерлердің ақшасын тарту есебінен ұйымдастыру жөніндегі қызмет	10
1.72.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау	10
1.73.	Этил спиртін өндіру	3 000
1.74.	Сырадан және сыра сусынынан басқа, алкоголь өнімін өндіру	3 000
1.75.	Сыра және сыра сусынын өндіру	2 000
1.76.	Алкоголь өнімін өндіру аумағында сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспаганда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада өткізу, әрбір қызмет объектісі үшін	200
1.77.	Алкоголь өнімін өндіру аумағында сақтау және бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспаганда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада өткізу, қызметін мыналарда жүзеге асыратын субъектілерге әрбір қызмет объектісі үшін:	
1.77.1.	астанада, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда	100
1.77.2.	аудандық маңызы бар қалаларда және кенттерде	70
1.77.3.	ауылдық елді мекендерде	30
1.78.	Темекі бұйымдарын өндіру	500
1.79.	Тауарлардың экспорты мен импорты	10
1.80.	Экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импорты	10
1.81.	Астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету	10
1.82.	Ойын бизнесі саласындағы қызмет:	
1.82.1.	казино және ойын автоматтары залы үшін	3 845
1.82.2.	тотализатор және букмекерлік кеңсе үшін	640

1.83.	Тауар биржалары саласындагы қызмет:	
1.83.1.	тауар биржасы үшін	10
1.83.2.	биржа брокері үшін	5
1.83.3.	биржа дилері үшін	5
1.84.	Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, сатып алу	22
2.	Лицензияның телнұсқасын бергені үшін алым мөлшерлемелері:	
2.1.	1.51. – 1.53., 1.55. – 1.59., 1.79. – 1.80-тармақтарда көрсетілгендерді қоспағанда, барлық қызмет түрлеріне	Лицензия берген кездегі мөлшер-лемеден 100%
2.2.	1.51. – 1.53., 1.55. – 1.59-тармақтарда көрсетілген қызмет түрлеріне	Лицензия берген кездегі мөлшер-лемеден 10 %
2.3.	1.79. – 1.80-тармақтарда көрсетілген қызмет түрлеріне	1
3.	Лицензияларды қайта ресімдегені үшін мөлшерлемелер:	
3.1.	тауарлардың экспорты мен импортына, сондай-ақ экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импортына лицензияны қайта ресімдеуді қоспағанда, барлық лицензия түрлері үшін	Лицензия берген кездегі мөлшер-лемеден 10 %
3.2.	тауарлардың экспорты мен импортына, сондай-ақ экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импортына лицензияны қайта ресімдегені үшін	1

Ескертпе.

* Әрбір банктік операция үшін; ** әрбір сақтандыру сыныбы үшін.

5. Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

1) радиожиіліктің метрлік диапазонды телевизия үшін:

Р/с	Халық саны	Хабар таратқыш	Бір арна үшін

№	(мың адам)	құралдың қуаты (Вт)	алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3	4
1.	10-ды қоса алғанға дейін	100-ді қоса алғанға дейін	20
2.	10-нан 50-ді қоса алғанға дейін	500-ді қоса алғанға дейін	41
3.	10-нан 50-ді қоса алғанға дейін	500-ден жоғары	83
4.	50-ден 100-ді қоса алғанға дейін	1000-ды қоса алғанға дейін	124
5.	50-ден 100-ді қоса алғанға дейін	1000-нан жоғары	249
6.	100-ден 200-ді қоса алғанға дейін	1000-нан жоғары	290
7.	100-ден 200-ді қоса алғанға дейін	1000-нан жоғары	435
8.	200-ден 500-ді қоса алғанға дейін	2000-ды қоса алғанға дейін	828
9.	200-ден 500-ді қоса алғанға дейін	2000-нан жоғары	1243
10.	500-ден жоғары	5000-ды қоса алғанға дейін	2367
11.	500-ден жоғары	5000-нан жоғары	3550

2) радиожиіліктің дециметрлік диапазонды телевизия үшін:

Р/с №	Халық саны (мың адам)	Хабар таратқыш құралдың қуаты (Вт)	Бір арна үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3	4
1.	10-ды қоса алғанға	100-ді қоса алғанға дейін	13

	дейін		
2.	10-нан 50-ді қоса алғанға дейін	500-ді қоса алғанға дейін	26
3.	10-нан 50-ді қоса алғанға дейін	500-ден жоғары	52
4.	50-ден 100-ді қоса алғанға дейін	1000-ды қоса алғанға дейін	78
5.	50-ден 100-ді қоса алғанға дейін	1000-нан жоғары	155
6.	100-ден 200-ді қоса алғанға дейін	1000-ды қоса алғанға дейін	181
7.	100-ден 200-ді қоса алғанға дейін	1000-нан жоғары	272
8.	200-ден 500-ді қоса алғанға дейін	2000-ды қоса алғанға дейін	518
9.	200-ден 500-ді қоса алғанға дейін	2000-нан жоғары	777
10.	500-ден жоғары	5000-ды қоса алғанға дейін	1479
11.	500-ден жоғары	5000-нан жоғары	2219

3) Радиожиіліктің УҚТ ЖМ (FM) диапазонды радио хабарларын тарату:

Р/с №	Халық саны (мың адам)	Хабар таратқыш құралдың қуаты (Вт)	Бір арна үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3	4
1.	10-ды қоса алғанға дейін	100-ге дейін	5
2.	10-нан 50-ді қоса алғанға дейін	500-ді қоса алғанға дейін	9
3.	10-нан 50-ді қоса алғанға дейін	500-ден жоғары	18

4.	50-ден 100-ді қоса алғанға дейін	1000-ды қоса алғанға дейін	27
5.	50-ден 100-ді қоса алғанға дейін	1000-нан жоғары	53
6.	100-ден 200-ді қоса алғанға дейін	1000-ды қоса алғанға дейін	62
7.	100-ден 200-ді қоса алғанға дейін	1000-нан жоғары	93
8.	200-ден 500-ді қоса алғанға дейін	2000-ды қоса алғанға дейін	178
9.	200-ден 500-ді қоса алғанға дейін	2000-нан жоғары	266
10.	500-ден жоғары	5000-ды қоса алғанға дейін	488
11.	500-ден жоғары	5000-нан жоғары	732

4) радиожиіліктің ҚТ, ОТ, ҰТ диапазонды радио хабарларын тарату үшін:

Р/с №	Халық саны (мың адам)	Хабар таратқыш құралдың қуаты (Вт)	Бір арна үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3	4
1.	500-ден жоғары	100-ді қоса алғанға дейін	5
2.		100-ден 1000-ды қоса алғанға дейін	15
3.		1000-нан 10000-ды қоса алғанға дейін	30
4.		10000-нан 100000-ды қоса алғанға дейін	45
5.		100000-нан бастап	89

6. Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожиілік

спектрін пайдалануға арналған рұқсаттың телнұсқасын бергені үшін алым мөлшерлемесі 2 АЕК құрайды.

7. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды және авиация қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сертификаттау талаптарына сәйкестігіне беретін сертификаттарды бергені үшін алым мөлшерлемелері:

1) азаматтық әуе кемесін пайдаланушыны, авиациялық жұмыстарды жүзеге асыратын пайдаланушыны сертификаттау туралы құжаттарды берғені үшін:

Р/с №	Пайдаланушының штат саны (адам)	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3
1.	Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау:	
1.1.	50 адамды қоса алғанға дейін	1 144
1.2.	51 адамнан 200 адамды қоса алғанға дейін	1 232
1.3.	201 адамнан 400 адамды қоса алғанға дейін	1 272
1.4.	401 адамнан 600 адамды қоса алғанға дейін	1 319
1.5.	601 адамнан 1 200 адамды қоса алғанға дейін	1 363
1.6.	1201 адамнан 2000 адамды қоса алғанға дейін	1 407
1.7.	2001 адамнан көп	1 458
2.	Авиациялық жұмыстарды орындайтын пайдаланушыны сертификаттау:	
2.1.	50 адамды қөса алғанға дейін	78
2.2.	51 адамнан 200 адамды қоса алғанға дейін	831
2.3.	201 адамнан 400 адамды қоса алғанға дейін	871
2.4.	401 адамнан 600 адамды қоса алғанга дейін	918
2.5.	601 адамнан 1 200 адамды қоса алғанға дейін	962
2.6.	1 201 адамнан 2000 адамды қоса алғанға дейін	1 006
2.7.	2 001 адамнан көп	1 057

2) азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығына сертификаттар берғені үшін:

Р/с №	Әуе кемелерін сертификаттау түрі (санаты, салмағы)	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3

1.	Ұшақтың ұшуға жарамдылығы	
1.1.	136 000 килограмнан астам	450
1.2.	75000 килограмнан астам 136 000 килограмды қоса алғанға дейін	437
1.3.	2 қозғалтқышымен 30 000 килограмнан астам, 75 000 килограмды қоса алғанға дейін	328
1.4.	3 қозғалтқышымен 30 000 килограмнан астам, 75 000 килограмды қоса алғанға дейін	364
1.5.	4 қозғалтқышымен 30 000 килограмнан астам, 75 000 килограмды қоса алғанға дейін	401
1.6.	2 қозғалтқышымен 10 000 килограмнан астам, 30 000 килограмды қоса алғанға дейін	291
1.7.	3 қозғалтқышымен 10 000 килограмнан астам, 30000 килограмды қоса алғанға дейін	328
1.8.	4 қозғалтқышымен 10 000 килограмнан астам, 30000 килограмды қоса алғанға дейін	364
1.9.	5 700 килограмнан астам 10 000 килограмды қоса алғанға дейін	54
2.	Тікұшақтың ұшуға жарамдылығы	
2.1.	10 000 килограмнан астам	145
2.2.	1 қозғалтқышымен 5 000 килограмнан астам, 10000 килоғрамды қоса алғанға дейін	91
2.3.	2 қозғалтқышымен 5 000 килограмнан астам, 10000 килограмды қоса алғанға дейін	127
2.4.	1 қозғалтқышымен 3 180 килограмнан астам, 5000 килограмды қоса алғанға дейін	54
2.5.	2 қозғалтқышымен 3 180 килограмнан астам, 5000 килограмды қоса алғанға дейін	72

3) азаматтық әуе кемесінің типіне сертификаттар берғені үшін:

Р/с №	Әуе кемелерін сертификаттау түрі (санаты)	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3
1.	Ұшақ	10 000
2.	Тікұшақ	5 000
3.	Басқа да ұшу аппараттары	1000

4) азаматтық әуе кемесінің данасына сертификаттар бергені үшін:

Р/с №	Әуе кемелерін сертификаттау түрі (санаты)	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3
1.	Ұшақ	10
2.	Тікұшақ	20
3.	Басқа да ұшу аппараттары	5

5) азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымға сертификаттар бергені үшін:

Р/с №	Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымның штат саны	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3
1.	Әуе кемелеріне жедел техникалық қызмет көрсету:	
1.1.	10 адамға дейін	346
1.2.	11-ден 40 адамға дейін	364
1.3.	41-ден 70 адамға дейін	382
1.4.	71-ден 100 адамға дейін	400
1.5.	101-ден 150 адамға дейін	419
1.6.	151-ден 200 адамға дейін	437
1.7.	201 адамнан көп	455
2.	Әуе кемелеріне кезеңдік техникалық қызмет көрсету	
2.1.	10 адамға дейін	418
2.2.	11-ден 40 адамға дейін	436
2.3.	41-ден 70 адамға дейін	454
2.4.	71-ден 100 адамға дейін	472
2.5.	101-ден 150 адамға дейін	491
2.6.	151-ден 200 адамға дейін	509
2.7.	201 адамнан көп	527
3.	Жеңіл және аса жеңіл авиацияның әуе кемелерін қоспағанда, демонтаждалған компоненттеріне техникалық қызмет көрсету	218
4.	Жеңіл және аса жеңіл авиацияның әуе кемелерін қоспағанда, бұзбай бақылау	145
5.	Күрделі жөндеусіз пайдаланылатын әуе кемесінің планеріндегі, авиақозғалтқыштардағы және авиациялық техниканың жинақтаушы бұйымдарындағы бақылау-қалпына келтіру жұмыстары (жөндеу-	

	қалпына келтіру жұмыстары):	
5.1.	10 адамға дейін	47
5.2.	11-ден 40 адамға дейін	69
5.3.	41-ден 70 адамға дейін	272
5.4.	71-ден 100 адамға дейін	290
5.5.	101-ден 150 адамға дейін	309
5.6.	151-ден 200 адамға дейін	327
5.7.	201 адамнан көп	345
6.	Әуе кемесінің интерьерін жаңарту (қайта жабдықтау)	145
7.	Әуе кемесін жаңғырту жөніндегі жұмыстарды және авиациялық техника әзірлеушісінің бюллетеньдері мен құжаттамасы бойынша пысықтауды орындау	218
8.	Әуе кемелерін, авиақозғалтқыштарды және жинақтаушы бұйымдарды (агрегаттарды) оларға жаңа ресурстар (қызмет мерзімдері) орнатыла отырып күрделі жөндеу:	
8.1.	10 адамға дейін	528
8.2.	11-ден 40 адамға дейін	546
8.3.	41-ден 70 адамға дейін	564
8.4.	71-ден 100 адамға дейін	582
8.5.	101-ден 150 адамға дейін	601
8.6.	151-ден 200 адамға дейін	619
8.7.	201 адамнан көп	637

6) әуеайлақтың жарамдылығына сертификаттар бергені үшін:

Р/с №	Әуеайлақ сыныбы (санаты)	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3
1.	А немесе Б немесе В сыныбы /санатталмаған	1 349
2.	А немесе Б немесе В сыныбы - I санат	1 604
3.	А немесе Б немесе В сыныбы - II немесе III санат	2 078

7) тікұшақ айлағының жарамдылығына сертификаттар бергені үшін:

Р/с №	Тікұшақ айлағының типі	Тікұшақ айлағының сыныбы	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі

			(АЕК)
	2	3	4
1.	Жер беті деңгейінде орналасқан	Жабдықталмаған I, II, III сынып	364
2.		Ішінара жабдықталған I, II, III сынып	419
3.		Жабдықталған I, II, III сынып	510
4.	Жерден сәл биікте	Жабдықталмаған I, II, III сынып	328
5.		Ішінара жабдықталған I, II, III сынып	382
6.		Жабдықталған I, II, III сынып	437
7.	Палубалық тікұшақ айлағы немесе тікұшақ палубасы	Жабдықталмаған I, II, III сынып	255
8.		Ішінара жабдықталған I, II, III сынып	309
9.		Жабдықталған I, II, III сынып	328

8) әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің жете тексеруді ұйымдастыруы бойынша сертификаттарды бергені үшін:

Р/с №	Әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің жете тексеру бөлімшесінің штат саны	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі(АЕК)
1	2	3
1.	251 адамнан және одан көп	235
2.	201 адамнан 250 адамға дейін	224
3.	151 адамнан 200 адамға дейін	213
4.	101 адамнан 150 адамға дейін	202
5.	51 адамнан 100 адамға дейін	191
6.	50 адамға дейін	180

9) аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілерге сертификаттар бергені үшін:

Р/с №	Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің штат саны	Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3
1.	201 адамнан және одан көп	12 600
2.	101 адамнан 200 адамға дейін	324
3.	51 адамнан 100 адамға дейін	313
4.	21 адамнан 50 адамға дейін	302
5.	11 адамнан 20 адамға дейін	190
6.	10 адамға дейін	180
Ескертпе: сертификаттың қызмет аясы кеңейтілген кезде		Сертификаттау үшін алым мөлшерлемесінен 10%

8. Банк және сақтандыру нарықтарына қатысушылар үшін рұқсат құжаттарын, келісім бергені үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Рұқсат құжаттарының түрлері	Алым мөлшерлемелері (АЕК)
	2	3
1.	Банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйымды құруына немесе сатып алуына рұқсат	50
2.	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру холдингінің еншілес ұйымды құруына немесе сатып алуына рұқсат	50
3.	Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ұйымдардың капиталына елеулі қатысуына рұқсат	50
4.	Банк холдингі немесе банктің ірі қатысушысы мәртебесін сатып алуға келісім:	
4.1.	жеке тұлғалар үшін	100
4.2.	заңды тұлғалар үшін	500
5.	Сақтандыру холдингі немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін сатып алуға келісім:	
5.1.	жеке тұлғалар үшін	50

5.2.	заңды тұлғалар үшін	50
6.	Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, банк, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін сайлауға (тағайындауға) келісім	25

9. Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым мөлшерлемелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

69-тарау. ТӨЛЕМАҚЫЛАР

1-параграф. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы

555-бап. Жалпы ережелер

1. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі осы параграфтың мақсаттарында – төлемақы) мынадай:

1) ойын бизнесі саласында;

2) алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі;

3) алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде алынады.

2. Лицензиарлар тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей салық төлеушінің тұрған жеріндегі салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәлімет береді.

556-бап. Төлемақы төлеушілер

Осы Кодекстің 555-бабының 1-тармағында көрсетілген тиісті қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензия алған жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

557-бап. Төлемақы мөлшерлемелері

Төлемақы мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және осындай төлемақы төлеу күніне қолданыста болатын еселенген айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі осы тараудың мақсаттарында – АЕК) мөлшерінде айқындалады және мыналарды құрайды:

Р/с №	Лицензияланатын қызмет түрлері	Төлемақы мөлшерлемелері, жылына (АЕК)
1	2	3
1.	Ойын бизнесі саласындағы қызмет:	
1.1.	казино және ойын автоматтары залы үшін	3 845
1.2.	тотализатор және букмекерлік кеңсе үшін	640
2.	Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада өткізу, әрбір қызмет объектісі үшін	200
3.	Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада өткізу, қызметті мыналарда жүзеге асыратын субъектілерге әрбір қызмет объектісі үшін:	
3.1.	астанада, республикалық маңызы бар қалаларда және облыс орталықтарында	100
3.2.	басқа да қалалар мен кенттерде	60
3.3.	ауылдық елді мекендерде	20

558-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі

1. Төлемақы төлеушілер төлемақы сомаларын өзінің тұрған жері бойынша ағымдағы жылғы 25 наурыздан, 25 маусымнан, 25 қыркүйектен және 25 желтоқсаннан кешіктірмей тең үлестермен жыл сайын төлейді.

2. Егер есепті салықтық кезеңде лицензияны пайдалану кезеңі бір жылдан аз болса, төлемақы сомасы бір жылға есептелген төлемақы сомасын

он екіге бөлу және бір жылда лицензия пайдаланылған (толық немесе толық емес) айлардың тиісті санына көбейту жолымен айқындалады.

Бұл ретте лицензия алу кезінде төлемақы төлеу жөніндегі міндеттеме лицензия алған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдан бастап туындайды.

3. Төлемақы алу көзделген лицензияны беру бойынша тиісті әрекеттерді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар төлемақыны есептеуді, есепке жазуды жүргізеді және төлемақы мөлшерлемелерін қолдану дұрыстығына бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ өндіріп алудың толықтығы, төлемақыларды бюджетке төлеудің уақтылығы үшін және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік кіріс органдарына ұсынылатын мәліметтердің анықтығы үшін жауапты болады.

2-параграф. Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы

559-бап. Жалпы ережелер

1. Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі осы параграфтың мақсаттарында – төлемақы) мемлекет:

жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға);

Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия негізінде жер қойнауы учаскесін бергені үшін алынады.

2. Жер учаскелерін және жер қойнауы учаскелерін беру тәртібі Қазақстан Республикасының Жер кодексінде және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленеді.

3. Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар, ал арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жергілікті атқарушы органдар немесе арнайы экономикалық аймақтардың әкімшіліктері, жергілікті атқарушы органдар тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өзінің тұрған жеріндегі салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер, салық салу объектілері және жер учаскелері уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалга) берілген кезеңдер туралы мәліметтерді ұсынады.

4. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде төлемақы төлеушілердің тұрған жеріндегі салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер, салық салу объектілері, пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге лицензияның қолданылу кезеңі, блоктардың сәйкестендіруші координаталары және олардың дара кодтары туралы

мәліметтерді ұсынады.

560-бап. Төлемақы төлеушілер

1. Мыналарды:

жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға);

пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия негізінде жер қойнауы учаскесін алған тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

2. Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін төлемақыны дербес төлеуші ретінде тануға құқылы.

Заңды тұлғаның шешімі немесе осындай шешімнің күшін жою мұндай шешім қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егер заңды тұлға өз шешімімен заңды тұлғаның жаңадан құрылған құрылымдық бөлімшесін төлемақыны дербес төлеуші ретінде таныса, онда мұндай шешім осы құрылымдық бөлімше құрылған күннен бастап немесе осы құрылымдық бөлімше құрылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы тармақтың ережелері пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия негізінде жер қойнауы учаскесін алған салық төлеушілерге қолданылмайды.

3. Мыналар төлемақы төлеушілер болып табылмайды:

шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын жер учаскелері бойынша – осы арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған концессия шартын іске асыру мақсатында берілген жер учаскелері бойынша концессия шартында көрсетілген мерзім, бірақ жергілікті атқарушы орган уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жылдан аспайтын мерзім ішінде – концессионер.

561-бап. Салық салу объектісі

Мыналар салық салу объектісі болып табылады:

мемлекет уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) беретін жер учаскесі;

пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия негізінде берілген жер қойнауы учаскесі.

562-бап. Салықтық кезең

Салықтық кезең осы Кодекстің 314-бабына сәйкес айқындалады.

563-бап. Төлемақы мөлшерлемелері

1. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия негізінде берілген жер қойнауы учаскесі бойынша төлемақы мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салықтық кезеңнің 1-күніне қолданыста болатын АЕК мөлшері негізге алына отырып айқындалады және мынаны құрайды.

Р/с №	Кезең	Төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)
1	2	3
1.	барлауға арналған лицензия қолданысының 1-айынан бастап 36-айы аралығында, 1 блок үшін	15
2.	барлауға арналған лицензия қолданысының 37-айынан бастап 60-айы аралығында, 1 блок үшін	23
3.	барлауға арналған лицензия қолданысының 61-айынан бастап 84-айы аралығында, 1 блок үшін	32
4.	барлауға арналған лицензия қолданысының 85-айынан бастап және әрі қарай, 1 блок үшін	60
5.	Өндіруге арналған лицензия қолданысының 1-айынан бастап және әрі қарай, 1 км^2	450

Осы тараудың мақсаттары үшін блок Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия берілген аумақты білдіреді. Әрбір блоктың оны сәйкестендіретін координаттары және жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган беретін жеке коды болады.

2. Қалған жер учаскелері бойынша төлемақы мөлшерлемелері Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес айқындалады. Бұл ретте төлемақы мөлшерлемелері осы Кодекстің 510-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген ережелер ескерілмей, жер салығының мөлшерлемелерінен томен емес молшерде белгіленеді.

564-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі

1. Уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) алынған жер учаскелері бойынша төлемақы сомасы – жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органмен, ал арнайы экономикалық аймақ аумағында жергілікті атқарушы органмен немесе арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігімен жасалған уақытша өтеулі жер пайдалану шарттарының негізінде есептеледі.

Уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) алынған жер учаскелері бойынша жыл сайынғы төлемақы сомалары – жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдар, ал арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жергілікті атқарушы органдар немесе арнайы экономикалық аймақтардың әкімшіліктері жасайтын есеп-қисаптарда белгіленеді.

Жер салығы сомаларының өзгеруіне алып келетін, шарттардың талаптары, сондай-ақ осы Кодексте белгіленген жер салығын есептеудің тәртібі өзгерген жағдайларда, уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалга) алынған жер учаскелері бойынша төлемақы сомасының есеп-қисаптарын – жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдар, ал арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жергілікті атқарушы органдар немесе арнайы экономикалық аймақтардың әкімшіліктері қайта қарайды.

2. Салықтық кезеңде төлеуге жататын уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) алынған жер учаскелері бойынша төлемақы мөлшері осы баптың 1-тармағында көрсетілген есеп-қисаптарда белгіленген төлемақы мөлшерлемелері және салықтық кезеңде жер учаскесін пайдаланудың нақты мерзімі негізге алына отырып айқындалады.

Бұл ретте жер учаскесін пайдаланудың нақты мерзімі салықтық кезеңнің басынан бастап (егер жер учаскесі салықтық кезең басталатын күні бастапқы өтеулі жер пайдалану құқығында болса) немесе жер учаскесіне мұндай құқық туындаған айдың 1-күнінен бастап мұндай құқық тоқтатылған айдың 1-күніне дейін немесе салықтық кезеңнің соңына дейін (егер жер учаскесі салықтық кезең аяқталатын күні осындай құқықта болса) айқындалады.

3. Уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) алынған жер учаскелері бойынша төлемақы мөлшері осы Кодекске сәйкес осындай жер учаскелері бойынша есептелген жер салыгы сомасының мөлшерінен төмен белгіленбейді.

4. Егер осы баптың 5, 6, 9, 10 және 12-тармақтарында озгеше белгіленбесе, төлемақы төлеушілер ағымдағы жылғы 25 ақпаннан, 25 мамырдан, 25 тамыздан және 25 қарашадан кешіктірмей тең үлестермен төлемақы сомасын бюджетке төлейді.

Мемлекет төлемақы төлеудің жоғарыда санамаланған мерзімдерінің бірінен кейін жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалануға берген жағдайларда, төлеудің келесі кезекті мерзімі төлемақыны бюджетке енгізудің алғашқы мерзімі болып табылады.

5. Жеке тұлғалар өтеулі жер пайдалануға алынған және кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын (пайдалануға жатпайтын) жер учаскелері бойынша төлемақы сомасын 25 ақпаннан кешіктірмей төлейді.

Уақытша өтеулі жер пайдалану шарты осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген мерзімнен кейін жасалған жағдайда, жеке тұлғаның осындай шарт жасалған салықтық кезең үшін төлемақы төлеуі осындай шарт жасалған айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

6. Уақытша өтеулі жер пайдалану шартының қолданылу мерзімі өткен немесе салықтық кезең аяқталғанға дейін ол бұзылған жағдайда, уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) алынған жер учаскелері бойынша төлемақы сомасы шарттың қолданылу мерзімі өткен немесе осындай шарт бұзылған айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірілмей сол жылы жер пайдаланудың нақты кезеңі үшін бюджетке төленуге жатады.

7. Төлемақы сомасы:

1) жер учаскесінің орналасқан жері бойынша – уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) берілген жер учаскесі бойынша есептелген төлемақы бойынша;

2) жер қойнауы учаскесінің орналасқан жері бойынша – пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия негізінде берілген жер қойнауы учаскесінің төлемақысы бойынша бюджетке төленеді.

8. Қызметін арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жүзеге асыратын ұйымдар жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны осы Кодекстің 79-тарауында белгіленген ережелерді ескере отырып есептейді.

9. Жер қойнауын пайдаланушылар пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия негізінде берілген жер қойнауы учаскесі бойынша төлемақының жылдық сомасын есепті жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша лицензия қолданылған және оның қолданылуы аяқталған жағдайда – есепті салықтық кезеңнің 25 ақпанынан кешіктірмей немесе лицензияны есепті жылдың 1 ақпанын қоса алғанға дейін алған кезде – осы Кодекстің 563-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлемелер бойынша айқындалатын төлемақының жылдық сомасы мөлшерінде төлейді.

10. Егер есепті салықтық кезеңнің 1 ақпанындағы жағдай бойынша пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензияның қолданылу мерзімі ағымдағы салықтық кезеңде өтетіні белгілі болса, онда есепті салықтық кезеңнің 25 ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде мұндай лицензияның нақты қолданылу мерзімі үшін осы баптың 11-тармағына сәйкес есептелген төлемақы төленуге тиіс.

11. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия есепті салықтық кезеңнің 1 ақпанынан кейін алынған немесе есепті салықтық кезең ішінде лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы төлемақы сомасын осы Кодекстің 563-бабының 1-тармағында белгіленген төлемақы мөлшерлемелерін және осындай

лицензияның есепті салықтық кезеңде нақты қолданылу кезеңін негізге ала отырып айқындайды.

Бұл ретте лицензияның нақты қолданылу кезеңі салықтық кезеңнің басынан бастап (егер мұндай лицензия салықтық кезең басталатын күнге қолданыста болса) немесе мұндай лицензия қолданыла бастаған айдың 1-күнінен бастап мұндай лицензияның қолданылуы тоқтатылған айдың 1-күніне дейін немесе салықтық кезеңнің соңына дейін (егер мұндай лицензия салықтық кезең аяқталатын күнге қолданыста болса) айқындалады.

12. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензияның қолданылуы есепті салықтық кезеңнің 1 ақпанынан кейін тоқтатылған жағдайларда, осындай лицензияның нақты қолданылу кезеңі үшін төлемақы сомасы лицензияның қолданылу мерзімі өткен тоқсаннан кейінгі тоқсанның екінші айының 25-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бюджетке енгізілуге жатады.

565-бап. Салықтық есептілік

1. Дара кәсіпкерлер болып табылмайтын жеке тұлғаларды, сондай-ақ мүлік салығы бойынша салықтық база осы Кодекстің 529-бабына сәйкес есептелетін салық салу объектілері орналасқан және (немесе) жеке тұрғын үй құрылысына бөлінген жер учаскелері бойынша дара кәсіпкерлерді қоспағанда, төлемақы төлеушілер салық органдарына:

1) жер учаскесінің орналасқан жері бойынша – уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) берілген жер учаскесі бойынша есептелген төлемақы бойынша;

2) жер қойнауы учаскесінің орналасқан жері бойынша – жер қойнауын пайдаланушыға пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия негізінде берілген жер қойнауы учаскесінің төлемақысы бойынша ағымдағы төлемдер сомаларының есеп-қисабын ұсынады.

2. Төлемақы төлеушілер ағымдағы төлем сомаларының есеп-қисабын есепті салықтық кезеңнің 20 ақпанынан кешіктірмей ұсынады.

3. Есепті салықтық кезеңнің 20 ақпанынан кейін уақытша өтеулі жер пайдалану туралы шарт жасасқан немесе пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия алған тұлғалар ағымдағы төлем сомаларының есеп-қисабын шарт жасалған немесе лицензия алынған айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей ұсынады.

4. Есепті салықтық кезеңнің 20 ақпанынан кейін жергілікті атқарушы органмен немесе арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігімен уақытша жер пайдалану туралы шарт бұзылған немесе пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензияның қолданылуы тоқтатылған кезде шарт қолданылуының мерзімі аяқталған (бұзылған) күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей ағымдағы төлем сомаларының қосымша есеп-қисабы ұсынылады.

3-параграф. Жерүсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы

566-бап. Жалпы ережелер

1. Жерүсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі осы параграфтың мақсаттарында – төлемақы) су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органның рұқсат құжаты негізінде жүзеге асырылатын арнайы су пайдалану түрлері үшін алынады.

2. Ресімделген рұқсат құжатынсыз арнайы су пайдалану суды алудың нақты көлемдерін белгіленген лимиттерден асып кететін су пайдалану ретінде қаралады.

3. Су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органның өңірлік органдары тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірмей өзінің тұрған жеріндегі салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер және салық салу объектілері, олардың орналасқан жері, арнайы су пайдалануға берілген рұқсаттар, су пайдаланудың белгіленген лимиттері, су пайдаланудың рұқсаттары мен лимиттеріне енгізілген өзгерістер туралы, Қазақстан Республикасының су заңнамасының сақталуын тексерулер нәтижелері, Қазақстан Республикасының су заңнамасының сақталуын тексерулер нәтижелеріне шағым жасау бойынша сот шешімдері туралы мәліметтерді табыс етеді.

567-бап. Төлемақы төлеушілер

1. Мынадай:

1) суды жер үсті және теңіз суларынан механикалық және өз ағысымен алу жөніндегі стационарлық, жылжымалы және жүзбелі құрылыстарды қолдана отырып;

2) гидравликалық электр станцияларын қолдана отырып;

3) балық шаруашылығын жүргізу үшін су шаруашылығы құрылыстарын қолдана отырып;

4) су көлігінің мұқтаждықтары үшін жерүсті көздерінің су ресурстарын пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар (бастапқы су пайдаланушылар) төлемақы төлеушілер болып табылады.

2. Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін төлемақыны дербес төлеуші ретінде тануға құқылы.

Заңды тұлғаның шешімі немесе осындай шешімнің күшін жою мұндай шешім қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егер заңды тұлға өз шешімімен заңды тұлғаның жаңадан құрылған құрылымдық бөлімшесін төлемақыны дербес төлеуші ретінде таныса, онда мұндай шешім осы құрылымдық бөлімше құрылған күннен бастап немесе осы құрылымдық бөлімше құрылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

568-бап. Салық салу объектілері

1. Мыналар салық салу объектілері болып табылады:

1) мыналарды:

бөгеттерге және басқа да тежейтін гидротехникалық және су реттейтін құрылыстарға жинақталатын су көлемін;

ағынды бассейнаралық бұруды жүзеге асыратын арналарда және ағынды реттеуді жүзеге асыратын ернеуден тыс су қоймаларында сүзуге және булануға кететін, су шаруашылығы жүйелерінің жобалық деректері негізінде су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган растаған су шығындарын;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган бекіткен табиғат қорғау және (немесе) санитариялық-эпидемиологиялық су ағызу көлемін;

су тасқынын, су басуды және су астында қалуды болғызбау мақсатында жүзеге асырылатын, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган растаған суару жүйелеріне мәжбүрлі түрде су жинау көлемін қоспағанда, жер үсті су көзінен алынған судың көлемі;

2) өндірілген электр энергиясының көлемі;

3) су көлігімен тасымалдау көлемі.

2. Төлемақы:

1) кеме тартқышынсыз сүректі ағызуға, рекреацияға;

2) жер қазатын техниканы қолдануға;

3) батпақты құрғатуға алынбайды.

569-бап. Төлемақы мөлшерлемелері

Төлемақы мөлшерлемелерін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдары су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган бекіткен төлемақы есеп-қисабының әдістемесі негізінде белгілейді.

Нақты су алу көлемі су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган белгілеген су пайдалану лимиттерінен асып кеткен кезде осындай асып кету көлеміне бес есе ұлғайтылған төлемақы мөлшерлемелері қолданылады.

570-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі

1. Төлемақы сомасын төлеушілер нақты пайдаланылған су көлемі мен белгіленген мөлшерлемелерді негізге ала отырып есептейді.

2. Тежейтін гидротехникалық және су реттейтін құрылыстары бар су объектілерінде су көлігімен тасымалдау көлемі үшін төлемақы сомасы тасымалданған жүктердің бір тоннасы/километр үшін есептеледі.

3. Төлеушілер (шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілерден басқа) нақты пайдаланылған су көлемі үшін ағымдағы төлемақы сомаларын су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган белгілеген ай сайынғы су пайдалану лимиттері негізінде есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірмей бюджетке төлейді.

4. Төлемақы сомасы рұқсат құжатында көрсетілген арнайы су пайдалану жері бойынша бюджетке төленеді.

5. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер төлемақы төлеуді осы Кодекстің 706-бабында белгіленген мерзімде жүргізеді.

6. Жылу энергетика кәсіпорындары тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық мұқтаждықтар үшін жылу энергиясын өндіруге, сондай-ақ су жинау лимиті шегінде агрегаттарды салқындату (қайтарымды су тұтыну) үшін технологиялық мұқтаждықтарға жұмсалатын суға төлемақы мөлшерін тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер көрсететін ұйымдар үшін көзделген мөлшерлемелер бойынша айқындайды.

Қайтарымсыз су тұтынғаны үшін төлемақы мөлшері өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін белгіленген мөлшерлемелер бойынша айқындалады.

571-бап. Салықтық кезең

Салықтық кезең осы Кодекстің 314-бабына сәйкес айқындалады.

572-бап. Салықтық есептілік

1. Төлемақы төлеушілер арнайы су пайдалану жері бойынша салық органдарына төлемақы бойынша декларацияны тапсырады.

2. Төлемақы төлеушілер шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілерді қоспағанда, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде декларация тапсырады.

3. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер төлемақы бойынша салықтық есептілікті бірыңғай жер салығы бойынша декларацияға тиісті қосымша түрінде

ұсынады.

4. Декларация мемлекеттік кіріс органына тапсырылғанға дейін су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органның өңірлік органында куәландырылады.

4-параграф. Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы

573-бап. Жалпы ережелер

1. Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы (бұдан әрі осы параграфтың мәтіні бойынша – төлемақы) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын арнайы табиғат пайдалану тәртібімен қоршаған ортаға эмиссия үшін алынады.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өзінің тұрған жеріндегі салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер және салық салу объектілері, берілген экологиялық рұқсаттар, қоршаған ортаға эмиссиялардың белгіленген нормативтері, экологиялық рұқсаттарға және қоршаған ортаға эмиссиялардың белгіленген нормативтеріне енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер, сондай-ақ өндіріс пен тұтыну қалдықтарын уақытша сақтауына қатысты табиғат пайдаланушылар жөніндегі мәліметтерді (уақытша сақтаудың көлемдері, белгіленген мерзімдері, нақты орналастыру кезеңі) ұсынады.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық органдары өзінің тұрған жеріндегі салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және тәртіппен Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының сақталуына тексерулерді (мемлекеттік экологиялық бақылау) жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осындай тексерулердің нәтижелеріне шағым жасау ескеріле отырып, белгіленген қоршаған ортаға эмиссиялардың нақты көлемдері туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген осындай тексерулердің нәтижелеріне шағым жасау мерзімдері өткен соң он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынады.

574-бап. Төлемақы төлеушілер

1. Қоршаған ортаға эмиссияны жүзеге асыратын тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

2. Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін осындай құрылымдық бөлімшенің қоршаған ортаға эмиссиясының көлемі бойынша толемақыны дербес төлеуші деп тануға құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген заңды тұлғаның шешімі немесе осындай шешімнің күшін жою мұндай шешімді қабылдаған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егер заңды тұлға өз шешімімен заңды тұлғаның жаңадан құрылған құрылымдық бөлімшесін төлемақыны дербес төлеуші деп таныса, онда мұндай шешім осы құрылымдық бөлімше құрылған күннен бастап немесе осы құрылымдық бөлімше құрылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі қолданылатын қызметті жүзеге асыру нәтижесінде қалыптасатын қоршаған ортаға эмиссиялар бойынша шаруа және фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер төлемақы төлеушілер болып табылмайды.

575-бап. Салық салу объектісі

Мыналар:

1) ластаушы заттардың шығарындылары;

2) ластаушы заттардың төгінділері;

3) өндіріс пен тұтынудың орналастырылған қалдықтары;

4) мұнай операцияларын жүргізу кезінде түзілетін, орналастырылған күкірт түрінде қоршаған ортаға эмиссиялардың, оның ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық органдары Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының сақталуына тексерулерді (мемлекеттік экологиялық бақылау) жүзеге асыру нәтижелері бойынша белгіленген нақты көлемі салық салу объектісі болып табылады.

576-бап. Төлемақы мөлшерлемелері

1. Төлемақы мөлшерлемелері осы Кодекстің 577-бабы 2-тармағының ережелері ескеріле отырып, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салықтық кезеңнің бірінші күніне қолданыста болатын еселенген АЕК мөлшерінде айқындалады.

2. Стационарлық көздерден ластаушы заттарды шығарғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Ластаушы заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшер-лемелері (АЕК)	1 килограмм үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)
1	2	3	4

1.	Күкірт тотықтары	10	
2.	Азот тотықтары	10	
3.	Шаң және күл	5	
4.	Қорғасын және оның қосындылары	1 993	
5.	Күкіртсутек	62	
6.	Фенолдар	166	
7.	Көмірсутектер	0,16	
8.	Формальдегид	166	
9.	Көміртегі тотықтары	0,16	
10.	Метан	0,01	
11.	Күйе	12	
12.	Темір тотықтары	15	
13.	Аммиак	12	
14.	Алты валентті хром	399	
15.	Мыс тотықтары	299	
16.	Бенз(а)пирен		498,3

3. Ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағудан ластаушы заттарды шығарғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Ластаушы заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)
1	2	3
1.	Көмірсутектер	44,6
2.	Көміртегі тотықтары	14,6
3.	Метан	0,8
4.	Күкірт диоксиді	200
5.	Азот диоксиді	200
6.	Күйе	240
7.	Күкіртсутек	1 240
8.	Меркаптан	199 320

4. Жылжымалы көздерден атмосфералық ауаға ластаушы заттарды шығарғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Отын түрлері	Пайдаланылған отынның 1 тоннасы үшін мөлшерлеме (АЕК)
1	2	3
1.	Этилденбеген бензин үшін	0,33
2.	Дизель отыны үшін	0,45

3.	Сұйытылған, сығылған газ, керосин үшін	0,24

5. Ластаушы заттарды төккені үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Ластаушы заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)
1	2	3
1.	Нитриттар	670
2.	Мырыш	1 340
3.	Мыс	13 402
4.	Оттегіне биологиялық қажеттілік	4
5.	Тұзды аммоний	34
6.	Мұнай өнімдері	268
7.	Нитраттар	1
8.	Жалпы темір	134
9.	Сульфаттар (анион)	0,4
10.	Өлшенген заттар	1
11.	Синтетикалық бетүсті-белсенді заттар	27
12.	Хлоридтер (анион)	0,1
13.	Алюминий	27

6. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Қалдықтардың түрлері	Төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)	
		1 тонна үшін	1 гигабек-керель (Гбк) үшін
1.	Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы бөлінген орындарда орналастырғаны үшін:		
1.1.	Коммуналдық қалдықтар (тұрмыстық қатты қалдықтар, тазарту құрылыстарының кәріздік тұнбасы)	0,19	
1.2.	Осы тармақтың 1.3-жолында көрсетілген қалдықтарды қоспағанда, қауіптілік		

	деңгейі ескеріле отырып, қалдықтар		
1.2.1.	«қызыл» тізім	7	
1.2.2.	«жақұт» тізім	4	
1.2.3.	«жасыл» тізім	1	
1.2.4.	сынып талмағандар	0,45	
1.3.	Төлемақысы есептелген кезде белгіленген қауіптілік деңгейі ескерілмейтін қалдықтар:		
1.3.1.	Тау-кен өндіру өнеркәсібінің және карьерлерді игеру қалдықтары (мұнай мен табиғи газды өндіруден басқа):		
1.3.1.1.	аршынды жыныстар	0,002	
1.3.1.2.	жанас таужыныстары	0,013	
1.3.1.3.	байыту қалдықтары	0,01	
1.3.1.4.	шлактар, шламдар	0,019	
1.3.2.	Құрамында пайдалы қазбалар бар кенді, концентраттарды, агломераттарды және шекемтастарды қайта өңдеу, қорытпалар мен металдар өндірісі кезінде металлургиялық қайта жасауда түзілетін шлактар, шламдар	0,019	
1.3.3.	күл мен күлшлактар	0,33	
1.3.4.	ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары, оның ішінде көң, құс саңғырығы	0,001	
2.	Радиоактивті қалдықтарды орналастырғаны үшін, гигабеккерельмен (Гбк):		
2.1.	Трансуранды		0,38
2.2.	Альфа-радиоактивті		0,19
2.3.	Бета-радиоактивті		0,02
2.4.	Шынақты радиоактивті көздер		0,19

7. Мұнай операцияларын жүргізу кезінде түзілетін күкіртті орналастырғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері бір тонна үшін 3,77 АЕК құрайды.

8. Жергілікті өкілді органдардың, осы баптың 3-тармағында белгіленген мөлшерлемелерді қоспағанда, осы бапта белгіленген мөлшерлемелерді екі еседен аспайтындай етіп көтеруге құқығы бар.

577-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі

1. Төлемақы сомасын:

1) төлеушілер қоршаған ортаға нақты эмиссия көлемдерін және белгіленген төлемақы мөлшерлемелерін негізге ала отырып есептейді;

2) салық органдары белгіленген төлемақы мөлшерлемелерін және осы Кодекстің 573-бабының 3-тармағында белгіленген тәртіппен, нысан бойынша және мерзімдерде ұсынылған, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық органдарының Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының сақталуына тексерулерді (мемлекеттік экологиялық бақылау) жүзеге асыру нәтижелері бойынша мәліметтерінде көрсетілген, қоршаған ортаға декларацияланбаған эмиссия көлемдерін негізге ала отырып есепке жазады.

Салық органы төлемақы сомаларын осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында белгіленген негіздер бойынша есепке жазған жағдайда, салық органы осы Кодекстің 573-бабының 3-тармағында көрсетілген мәліметтерді алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мәліметтері негізінде қоршаған ортаға эмиссиялар үшін есепке жазылған төлемақы сомасы туралы хабарлама шығарады.

2. Коммуналдық қызметтер корсету кезінде табиғи монополиялар субъектілері және электр энергиясын өндіру кезінде Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдары түзетін эмиссия көлемі үшін төлемақы сомасын есептеу кезінде төлемақы мөлшерлемелеріне:

осы Кодекстің 576-бабының 8-тармағына сәйкес жергілікті өкілді органдардың оларды көтеруін ескере отырып, осы Кодекстің 576-бабының 2-тармағында белгіленген мөлшерлемелерге – 0,3 коэффициенті;

осы Кодекстің 576-бабының 8-тармагына сәйкес жергілікті өкілді органдардың оларды көтеруін ескере отырып, осы Кодекстің 576-бабының 5-тармағында белгіленген мөлшерлемелерге – 0,43 коэффициенті;

осы Кодекстің 576-бабының 8-тармагына сәйкес жергілікті өкілді органдардың оларды көтеруін ескере отырып, осы Кодекстің 576-бабы 6-тармағының 1.3.3-жолында белгіленген мөлшерлемелерге 0,05 коэффициенті қолданылады.

Коммуналдық қалдықтарды орналастыруды жүзеге асыратын полигондар төлемақы сомасын есептеу кезінде тұрғылықты жері бойынша жеке тұлғалардан жиналатын тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі үшін осы Кодекстің 576-бабы 6-тармағының 1.1-жолында белгіленген төлемақы мөлшерлемесіне 0,2 коэффициенті қолданылады.

Бұл ретте осы тармақта белгіленген коэффициенттер салық төлеушілердің экологиялық рұқсаттарында белгіленген нормативтер шегінде қоршаған ортаға эмиссия көлемдеріне қолданылады.

3. Жылдық жиынтық көлемі 100 АЕК-ке дейінгі төлемдер көлемінде

төлемақы төлеушілер рұқсат құжатын беретін орган белгілеген қоршаған ортаға эмиссиялар нормативін сатып алуға құқылы. Нормативті сатып алу рұқсат құжаты есепті салықтық кезеңнің 20 наурызынан кешіктірілмей ресімделген кезде ағымдағы жыл үшін алдын ала толық ақы төлене отырып жүргізіледі.

Рұқсат құжаты көрсетілген мерзімнен кейін алынған кезде нормативті сатып алу рұқсат құжаты алынған айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

4. Ластаудың жылжымалы көздерін қоспағанда, төлемақы сомасы рұқсат құжатында көрсетілген қоршаған ортаға эмиссия көзінің (объектісінің) орналасқан жері бойынша бюджетке төленеді.

Ластаудың жылжымалы көздері бойынша төлемақы сомасы бюджетке:

1) мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымалы көздер бойынша – мұндай тіркеуді жүргізу кезінде уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын жылжымалы көздерді тіркеу орны бойынша;

2) мемлекеттік тіркеуге жатпайтын ластаудың жылжымалы көздері бойынша – салық төлеушінің тұрған жері бойынша, оның ішінде заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің (егер оған салық міндеттемесін орындау жүктелсе) тұрған жері бойынша енгізіледі.

5. Осы баптың 3-тармағында аталған төлеушілерді қоспағанда, қоршаған ортаға нақты эмиссиялар көлемі үшін төлемақының ағымдағы сомаларын төлеушілер есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірмей енгізеді.

578-бап. Салықтық кезең

Салықтық кезең осы Кодекстің 314-бабына сәйкес айқындалады.

579-бап. Салықтық есептілік

1. Ластаудың жылжымалы көздері бойынша декларацияны қоспағанда, төлемақы төлеушілер ластау объектісінің орналасқан жеріндегі салық органдарына декларация тапсырады.

Декларация салық органдарына:

1) мемлекеттік тіркеуге жататын ластаудың жылжымалы көздері бойынша – мұндай тіркеуді жүргізу кезінде уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын жылжымалы көздерді тіркеу орны бойынша;

2) мемлекеттік тіркеуге жатпайтын ластаудың жылжымалы көздері бойынша – салық төлеушінің тұрған жері бойынша тапсырылады.

2. Осы баптың 3-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, төлемақы төлеушілер декларацияны тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей тапсырады.

3. Жылдық жиынтық көлемдері 100 АЕК-ке дейінгі төлемдер көлемінде төлемақы төлеушілер декларацияны есепті салықтық кезеңнің 20 наурызынан кешіктірмей тапсырады.

Рұқсат құжаты көрсетілген мерзімнен кейін ресімделген жағдайда, төлеушілер декларацияны рұқсат құжаты алынған айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей тапсырады.

5-параграф. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы

580-бап. Жалпы ережелер

1. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі осы параграфтың мақсаттарында – төлемақы) жануарлар дүниесін арнайы пайдалану тәртібімен жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін алынады.

2. Жануарлардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін пайдаланғаны үшін төлемақыны әрбір жекелеген жағдайда осы жануарларды табиғи ортадан алып қоюға рұқсат беру кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Төлемақы:

1) жануарларды табиғи ортадан ғылыми-зерттеу және шаруашылық мақсаттарында ен салу, сақина салу, қоныс аударту, қолдан өсіру және шағылыстыру мақсаттары үшін алып, кейіннен табиғи ортаға жіберген кезде;

2) жеке және заңды тұлғалардың меншігі болып табылатын, қолдан өсірілген әрі еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын жануарлар дүниесі объектілерін пайдаланған кезде;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган балық ресурстарын және су жануарларының басқа да түрлерін пайдалануға арналған биологиялық негіздеу мақсатында балықтар мен басқа да су жануарларын бақылау үшін аулауды жүзеге асырған кезде;

4) халық денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурулардан қорғау, қоршаған ортаға зиянды болғызбау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай залал келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге жататын жануарлар түрлерін алып қойған кезде алынбайды.

4. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен жергілікті атқарушы органдар тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өзінің тұрған жеріндегі салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер мен салық салу объектілері туралы мәліметтерді ұсынады.

581-бап. Төлемақы төлеушілер

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жануарлар дүниесін арнайы пайдалануға құқық алған тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

582-бап. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

1. Төлемақы мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және осындай төлемақыны төлеу күніне қолданыста болатын еселенген АЕК мөлшерінде айқындалады.

2. Қазақстан Республикасында кәсіпшілік, әуесқойлық және спорттық аң аулауды жүргізу кезінде төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Жабайы жануарлардың түрлері	Төлемақы мөлшерлемесі, бір дара нұсқасы үшін (АЕК)	
		Кәсіпшілік аң аулау	Әуесқойлық және спорттық аң аулау
1	2	3	4
1.	Сүтқоректілер:		
1.1.	бұлан (еркегі)	-	16
1.2.	бұлан (ұрғашысы)	-	11
1.3.	бұлан (бір жасар төлі)	-	6
1.4.	марал (еркегі)	-	13
1.5.	марал (ұрғашысы)	-	7
1.6.	марал (бір жасар төлі)	-	4
1.7.	аскания бұғысы (еркегі)	-	9
1.8.	аскания бұғысы (ұрғашысы)	-	5
1.9.	аскания бұғысы (бір жасар төлі)	-	3,5
1.10.	елік (таралу аймағының солтүстік бөлігі, еркегі)	-	4
1.11.	елік (таралу аймағының солтүстік бөлігі, ұрғашысы, бір жасар төлі)	-	3
1.12.	елік (таралу аймағының оңтүстік бөлігі, еркегі)	-	3
1.13.	елік (таралу аймағының оңтүстік бөлігі, ұрғашысы, бір жасар төлі)	-	2

1.14.	сібір тау ешкісі (еркегі)	-	4
1.15.	сібір тау ешкісі (ұрғашысы, бір жасар төлі)	-	3,5
1.16.	құдыр	-	2
1.17.	қабан (еркегі)	-	4
1.18.	қабан (ұрғашысы, бір жасар төлі)	-	3
1.19.	киік (еркегі)	4	5
1.20.	киік (ұрғашысы, бір жасар төлі)	3	4
1.21.	қоңыр аю (Тянь-Шань аюынан басқа)	-	14
1.22.	өзен құндызы, кәмшат (ортаазиялықтан басқа)	1	2
1.23.	бұлғын	2	4
1.24.	суырлар (Мензбир суырынан басқа)	0,060	0,12
1.25.	ондатр	0,045	0,9
1.26.	борсық, түлкі	0,10	0,20
1.27.	қарсақ	0,045	0,10
1.28.	американдық су күзені	0,12	0,25
1.29.	сілеусін (Түркістан сілеусінінен басқа)	-	0,45
1.30.	қояндар (құмқоян, орқоян, ақ қоян)	0,010	0,045
1.31.	жанат тектес ит, шайқағыш жанат, құну, сарғыш күзен, ақ қалақ, аққіс, сары күзен, сасық күзен, кәдімгі тиін	0,020	0,35
1.32.	саршұнақ (құм саршұнағы)	0,015	0,025
1.33.	қасқыр	0	0
1.34.	шибөрі	0	0
2.	Құстар		
2.1.	маймақ қаз (қызыл жемсаулы, қара жемсаулы)	0,015	0,030
2.2.	саңырау құр	-	0,15
2.3.	құр	-	0,055
2.4.	Гималай ұлары	-	0,20
2.5.	қырғауыл	0,020	0,060
2.6.	қаздар* (сұр қаз, ақмандайлы қаз, қырманқаз), қарашақаз	0,020	0,045
2.7.	үйректер* (сарыалақаз, италақаз, барылдауық, қырылдақ шүрегей, ысылдақ шүрегей, боз үйрек, сары айдар үйрек, қылқұйрық, даурықпа	0,010	0,020

	шүрегей, жалпақ тұмсық, қызылтұмсық сүңгуір, бізқұйрық сүңгуір, айдарлы сүңгуір, теңіз сүңгуірі, ұшқыр үйрек, сусылдақ, мамыққаз, қара тұрпан, кіші бейнарық, секпілтөс бейнарық, үлкен бейнарық)		
2.8.	қасқалдақ, қызғыш, шілдер (аққұр, тундра шілі, дала шілі, сұр шіл, сақалды шіл), кекілік, сұр құр, кептерлер (дыркептер, түзкептер, көк кептер, құз кептер), түркептер (кәдімгі, үлкен түркептер), шалшықшылар (күржікей, шаушалшық, тауқұдірет, орман маңқысы, азиялық тауқұдірет, тау маңқысы, маңқы, жылқышы, үлкен шалшықшы, қасқа шалшықшы, үлкен шырғалақ, кіші шырғалақ)	0,005	0,010
2.9.	бөдене	0,005	0,010

Ескертпе.

* Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген түрлерінен басқа.

3. Балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың түрлерін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Су жануарларының түрлері	Төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)	
		бір дара нұсқасы үшін	бір килограмы үшін
1	2	3	4
1.	Кәсіпшілік және ғылыми мақсаттарда:		
1.1.	бекіре тұқымдас балықтар (қортпа, бекіре, шоқыр, сүйрік, пілмай)		0,064
1.2.	майшабақтар (қарынсау, бражников шабағы, қаражон), тікенді балық, камбала, шабақ		0
1.3.	албырт балықтар (құбылмалы бақтақ, майқан,		0,017

	хариус)		
1.4.	ақсақа балықтар (көкшұбар, көкшарбы, пайдабалық, шыр, мұқсын), ұзын саусақты шаян		0,012
1.5.	қаракөз		0,004
1.6.	итбалық	1,93	
1.7.	ірі балықтар:		
1.7.1.	ақ амур, сазан, тұқы, ақмарқа, беріш, жайын, нәлім, дөңмаңдай, шортан, жыланбас балық, көксерке		0,013
1.8.	ұсақ балықтар:		
1.8.1.	табан, торта, тұрпа балық, майбалық, көкбас, қызылкөз, аққайран, мөңке, алабұға, оңғақ, кәдімгі және талас тарғақ балығы, қызылқанат, балпан балық, білеу балық, айнакөз, көктыран, қылыш балық, буффало, шармай		0,004
2.	Спорттық-әуесқойлық (рекреациялық) балық аулауды жүргізу кезінде:		
2.1.	алып қоя отырып:		
2.1.1.	ірі балықтар		0,017
2.1.2.	қортпа		6,5
2.1.3.	бекіре тұқымдас балықтар		5,5
2.1.4.	ақсақа, албырт балықтар		0,042
2.1.5.	ұсақ балықтар		0,008
2.1.6.	шаян	0,008	
2.2.	«ұстап алу-қоя беру» қағидаты негізінде:		
2.2.1.	ірі балықтар		0,1
2.2.2.	бекіре тұқымдас балықтар (қортпа, бекіре, шоқыр, сүйрік, пілмай)	4,97	
2.2.3.	ақсақа және албырт балықтар		0,27
2.2.4.	ұсақ балықтар		0,068

4. Өзге де шаруашылық мақсаттарда (аң аулаудан және балық аулаудан басқа) пайдаланылатын жануарлар түрлеріндың пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Жануарлардың түрлері	Төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)	
		бір дара нұсқа-	бір килог-рамы

		сы үшін	үшін
1	2	3	4
1.	Сүтқоректілер:		
1.1.	шұбар мысық немесе дала мысығы	0,030	-
1.2.	қарақас	0,015	-
2.	Құстар:		
2.1.	кішкене, қарамойын, қызылмойын, сұржақ, үлкен сұқсыр, үлкен суқұзғын, үлкен көлбұқа, бақылдақ құтан, көккұтан және қошқыл құтан	0,010	-
2.2.	үлкен аққұтан	0,015	-
2.3.	маусымқұс, қошқылқанат және алтынжон татрең, шүрілдек, шаушүрілдек, моңғол шүрілдегі, сарысағақ шүрілдек, шығыс шүрілдегі, теңіз шүрілдегі, алқалы татрең, тасшарлаған, сутартар, тартар, кішкене тартар, титтей тартар, қызылқасқа сутартар, дала қарақасы, қарала балшықшы, сауысқан, бұлыңғыр, бөрте балшықшы, үлкен балшықшы, шөпілдек, тәкілдек балшықшы, бұлақшы, мамыркұс, қайқытұмсық балшықшы, ақжағал қалытқы, ақтамақ қалытқы, құмғақша, қызылмойын құмдауық, ұзынсаусақ құмдауық, аққұйрық құмдауық, қызылтөс құмдауық, қаратөс құмдауық, бізқұйрық құмдауық, құмқұс, тұнбашы, шабындық және дала қарақасы, сақиналы түркептер, сарыжағал қараторғай, сарытұмсық шауқарға, қараторғай, пайызторғай, қызылтелпекті құнақ, көккарға, бозторғайлар (айдарлы, теңбілтөс, нәзіктұмсықты, сұр, сор, дала бозторғайы, қостеңбілді, аққанат, қара, құлақты, орман бозторғайы, шабындық бозторғайы, үнді бозторғайы), қызылтұмсық шауқарға, алабажақ сайрауық	0,005	
2.4.	қаршыға	0,010	
2.5.	қырғи, маубас жапалақ, байғыз, жүнбалақ байғыз, құлақты жапалақ, саз жапалағы, жамансары	0,045	
3.	Бауырымен жорғалаушылар:		
3.1.	Орта Азия тасбақасы, саз тасбақасы	0,020	-
3.2.	ешкіемер, бат-бат кесіртке, жұмырбас құм	0,010	-

	кесіртке, сығыркөз		
3.3.	бозша жылан	0,045	-
3.4.	өрнекті қарашұбар жылан, шығыс және құм жыланы	0,035	-
3.5.	көлбақа	0,005	-
4.	Омыртқасыз су жануарлары:		
4.1.	артемия (цисталар)	-	0,045
4.2.	гаммарус, шашақ мұрт шаяндар	-	0,010
4.3.	сүліктер	-	0,030
4.4.	басқа да су омыртқасыздары мен цисталар	-	0,005

583-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі

1. Төлеушілер төлемақы сомасын белгіленген мөлшерлемелерді және жануарлардың санын немесе салмағын (су жануарларының жекелеген түрлері үшін) негізге ала отырып есептейді.

Қазақстан Республикасында аң аулауды жүргізу кезінде шетелдіктер үшін төлемақы сомасын есептеу кезінде белгіленген мөлшерлемелерге 10-ға тең коэффициент қолданылады.

2. Төлемақы сомасы жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алған жер бойынша бюджетке төленеді. Төлеу рұқсат алғанға дейін екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару жолымен жүргізіледі.

6-параграф. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы

584-бап. Жалпы ережелер

1. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі осы параграфтың мақсаттарында – төлемақы) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланудың мынадай түрлері үшін алынады:

1) сүрек дайындау;

2) шайыр мен ағаш шырындарын дайындау;

3) қосалқы ағаш ресурстарын дайындау (ағаштар мен бұталардың қабықтарын, бұтақтарын, томарларын, тамырларын, жапырақтарын, бүршіктерін);

4) орманды жанама пайдалану (шоп шабу, мал жаю, марал шаруашылығы, аң шаруашылығы, омарталар мен ара ұяларын орналастыру, бау шаруашылығы, бақша шаруашылығы, бақ шаруашылығы және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, дәрілік өсімдіктер мен техникалық

шикізат, жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер мен басқа да тағамдық өнімдер, мүктер, өрман жамылғы мен түскен жапырақтар, қамыс дайындау және жинау);

5) мемлекеттік орман қоры учаскелерін:

мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар;

аңшылық шаруашылығының мұқтаждығы;

ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану;

6) мемлекеттік орман қоры учаскелерін ағаш және бұта тұқымдас екпе материалдарын және арнаулы мақсаттағы плантациялық көшеттер өсіру үшін пайдалану.

2. Осы тараудың мақсаттары үшін орман пайдалануға Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімі негізінде өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын алып қою да жатқызылады.

Табиғи ортадан өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын алып қою туралы шешім қабылданған кезде мұндай алып қоюдың көлемдерін, төлемақы мөлшерін және оны төлеу мерзімін Қазақстан Республикасының Үкіметі әрбір жекелеген жағдайда белгілейді.

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының орман заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде берілетін ағаш кесу билеті мен орман билеті (бұдан әрі – рұқсат құжаты) негізінде беріледі.

4. Мемлекеттік орман иеленушілер (жергілікті атқарушы органдардың орман шаруашылыгы мемлекеттік мекемелері; орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелері және орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік ұйымдары; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның табиғат қорғау мекемелері; көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның және автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік ұйымдары ведомстволық бағыныстылығына сәйкес) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өзінің тұрған жеріндегі салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәліметтерді ұсынады.

5. Орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган жыл сайын, есепті жылдан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өзінің тұрған жеріндегі салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша мөлшері осы баптың 2-тармағына сәйкес айқындалатын төлемақыны төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәліметтерді ұсынады.

585-бап. Төлемақы төлеушілер

1. Мыналар төлемақы төлеушілер болып табылады:

мемлекеттік орман иеленушілер және Қазақстан Республикасының Орман кодексінде айқындалған тәртіппен орман пайдалану құқығын алған тұлғалар;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімі негізінде өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын алып қоюға құқық алған тұлғалар.

2. Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес өз меншігіндегі немесе ұзақ мерзімді жер пайдаланудағы жеке орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыратын орман иеленушілер орман өсіру үшін нысаналы мақсатты орман пайдалану құқығын алған кезде төлемақы төлеушілер болып табылмайды.

586-бап. Салық салу объектісі

Мыналарды:

1) көшеттердің құрамы мен пішінін күтіп-баптау мақсатында кесуді жүзеге асыру, сондай-ақ оның жас талдары ішіндегі толықтығын (жарық түсіру, тазалау) және құндылығы аз ағаш көшеттерін реконструкциялауға және ландшафттарды қалыптастыруға байланысты кесуді реттеу кезінде түбірімен босатылатын сүрек көлемін;

2) ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін алынған ағаш ресурстарының, шайырдың, қосалқы орман ресурстарының көлемін қоспағанда, орманды пайдалану көлемі және (немесе) пайдалануға берілетін мемлекеттік орман қоры учаскелерінің, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы алаңы төлемақы салу объектісі болып табылады.

587-бап. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

1. Осы баптың 2-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, төлемақы мөлшерлемелерін орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес жергілікті атқарушы органдар жасаған есеп-қисаптар негізінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдары белгілейді.

2. Түбірімен босатылатын сүрек үшін төлемақы мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және орман пайдалануға құқығы туындайтын тиісті қаржы жылының бірінші күніне қолданыста болатын еселенген АЕК мөлшерінде бір тығыз текше метр үшін айқындалады және мыналарды құрайды:

Р/с №	Ағаш-бұта тұқымдастарының атауы	Жоғарғы бөлігіндегі дің кесіндісінің диаметріне қарай іске жарамды ағаш, қабықсыз (АЕК)			Қабықты отындық ағаш (АЕК)
		ірі (25 см және одан жуан)	орташа (13-тен 24 см-ге дейін)	ұсақ (3-тен 12 см-ге дейін)	
1	2	3	4	5	6
1.	Қарағай	1,48	1,05	0,52	0,21
2.	Шренк шыршасы	1,93	1,37	0,68	0,27
3.	Сібір шыршасы, майқарағай	1,34	0,95	0,48	0,16
4.	Балқарағай	1,19	0,85	0,41	0,15
5.	Самырсын	2,67	1,91	0,93	0,23
6.	Ағаш тектес арша	1,79	1,26	0,63	0,27
7.	Емен, шаған	2,67	1,91	0,93	0,41
8.	Қара қандыағаш, үйеңкі, шегіршін, жөке	0,60	0,42	0,21	0,14
9.	Сексеуіл				0,60
10.	Қайың	0,69	0,48	0,23	0,16
11.	Көктерек, ағаш тектес тал, терек	0,52	0,37	0,18	0,11
12.	Грек жаңғағы, пісте	3,24	2,32	1,15	0,35
13.	Өрік, аққарағаң, алша, долана, шие, жиде, шетен, алхоры, мойыл, тұт ағашы, алма ағашы, өзге де ағаш тұқымдастар	1,90	1,35	0,68	0,23
14.	Арша, самырсын өскіні			0,34	0,18
15.	Жыңғыл			0,3	0,25
16.	Сары қарағаң, бұта тектес талдар, шырғанақ, жүзгін, шеңгел және өзге де бұталар			0,19	0,12

3. Төлемақы мөлшерлемелеріне мынадай коэффициенттер қолданылады:

1) кеспеағаш аймағының жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдардан қашықтығына қарай:

Р/с	Қашықтық	Коэффициент

№		
1	2	3
1.	10 км-ге дейін	1,30
2.	10,1 - 25 км	1,20
3.	25,1 - 40 км	1,00
4.	40,1 - 60 км	0,75
5.	60,1 - 80 км	0,55
6.	80,1 - 100 км	0,40
7.	100 км-ден көп	0,30

Кеспеағаш аймағының жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдардан қашықтығы кеспеағаш аймағының ортасынан жолға дейінгі қысқа аралық бойынша картографиялық материалдармен айқындалады және жергілікті жердің бедеріне қарай мынадай коэффициенттер бойынша түзету жасалады:

жазық бедер - 1,1;

жоталы бедер немесе батпақты жер - 1,25;

таулы бедер - 1,5;

2) аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді жүргізу кезінде - 0,6;

3) басты мақсатта пайдалану үшін іріктеп ағаш кесуді жүргізу кезінде - 0,8;

4) сүректі 20 градустан жоғары беткейлі тау жоталарынан босату кезінде - 0,7.

4. Сүректі түбірімен босату кезінде пайда болған кесілген ағаш қалдықтары (ұшар басынан алынған отын) үшін төлемақы мөлшерлемесі осы баптың 2-тармағында көрсетілген тиісті ағаш тұқымдас отындық ағашқа арналған мөлшерлеменің 20 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

588-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі

1. Төлемақы сомасын мемлекеттік орман иеленушілер есептейді және мөлшері осы баптың 2-тармағына сәйкес белгіленетін төлемақыны қоспағанда, рұқсат құжатында көрсетіледі.

2. Төлемақы мөлшері:

сүректі түбірімен босатқан кезде – осы Кодекстің 587-бабында белгіленген коэффициенттер ескеріле отырып, орман пайдалану көлемі және төлемақы мөлшерлемелері негізге алына отырып;

төлемақы мөлшері осы Кодекстің 587-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалатын орманды пайдалануды қоспағанда, орман пайдаланудың өзге де түрлері кезінде – орман пайдаланудың көлемі және (немесе) алаңы, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдары белгілейтін орман пайдаланудың өзге де түрлері үшін төлемақы мөлшерлемелері негізге алына отырып айқындалады.

3. Төлемақы сомасы бюджетке орман пайдалану объектісінің тұрған жері бойынша мынадай мерзімдерде:

1) ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде – орман пайдаланудың жыл сайынғы көлемінің жалпы сомасының тең үлестерімен тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде;

2) қысқа мерзімді орман пайдалану кезінде – рұқсат құжаттарын алғанға дейін немесе алған күні төленеді. Бұл ретте рұқсат құжатында төлем құжатының деректемелері көрсетіле отырып, ақы төлеудің жүргізілгені туралы белгі қойылады;

3) түбірімен босатылатын сүрек үшін – жазылып берілген ағаш кесу билеттері бойынша жылдық төлемақы сомасының тең үлестерімен тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде;

4) өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын алып қойғаны үшін – әрбір жекелеген жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімі негізінде белгіленетін мерзімдерде төленеді.

4. Егер сүректі түбірімен, шайырды, ағаш шырындарын және қосалқы орман ресурстарын босату кезінде дайындалған сүректің, шайырдың, ағаш шырындарының және қосалқы орман ресурстарының жалпы көлемі ағаш кесу билетінде көзделген көлеммен (алаңмен) сәйкес келмесе, мемлекеттік орман иеленушілер нақты дайындалған көлем үшін төлемақы сомасын қайта есептеуді жүргізеді. Қайта есептеу кезінде белгіленген төлемақы сомасы оны төлеудің кезекті мерзімінде төленеді.

5. Кезекті мерзімге кесуге берілетін кесілмеген ағаштар, сондай-ақ алдыңғы жылы кесу басталмаған кеспеағаш аймағы үшін төлемақы сомасын төлеу осы Кодекстің 587-бабында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

6. Төлемақы сомасын төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару не оны орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қатаң есептілік бланкілері негізінде мемлекеттік орман иеленушілер кассаларына қолма-қол ақшалай енгізу жолымен жүргізіледі.

Қолма-қол ақшамен қабылданған төлемақы сомаларын мемлекеттік орман иеленушілер ақша қабылдау жүзеге асырылған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей екінші деңгейдегі банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға кейіннен оларды бюджетке есепке жатқызу үшін тапсырады. Егер қолма-қол ақшаның күн сайынғы түсімдері АЕК-тің 10 еселенген мөлшерінен аз болса, бюджетке есепке жатқызу үшін ақшаны тапсыру ақша қабылдау жүзеге асырылған күннен бастап операциялық үш күнде бір рет жүзеге асырылады.

7. Жеке тұлғалар төлемақы сомасын қолма-қол ақшамен төлеген кезде қатаң есептілік бланкілеріне мемлекеттік орман иеленушілердің бизнес-сәйкестендіру нөмірі қойылады.

7-параграф. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы

589-бап. Жалпы ережелер

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі осы параграфтың мақсаттарында – төлемақы) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың (мемлекеттік табиғи ескерткіштердің, мемлекеттік табиғи қаумалдардың, мемлекеттік қорықтық аймақтардың аумақтарын қоспағанда) сыртқы шекаралары шегінде Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған ғылыми, экологиялық-ағарту, мәдени-ағарту, оқыту, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдаланғаны үшін алынады.

2. Жер учаскелерінің нысаналы мақсатына және олардың қандай да бір жер санатына жататындығына қарамастан, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың сыртқы шекаралары шегіндегі жер учаскелерінде орналасқан және осы баптың 1-тармағында көрсетілген мақсаттарда пайдаланылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы алынады.

3. Табиғат қорғау ұйымдары тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей өзінің тұрған жеріндегі салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер мен салық салынатын объектілер туралы мәліметтерді ұсынады.

590-бап. Төлемақы төлеушілер

1. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

2. Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін төлемақыны дербес төлеуші деп тануға құқылы.

Заңды тұлғаның шешімі немесе осындай шешімнің күшін жою мұндай шешім қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егер заңды тұлға өз шешімімен заңды тұлғаның жаңадан құрылған құрылымдық бөлімшесін төлемақыны дербес төлеуші деп таныса, мұндай шешім осы құрылымдық бөлімше құрылған күннен бастап немесе осы құрылымдық бөлімше құрылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Мыналар:

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың шекараларында орналасқан

елді мекендерде тұрақты тұратын және (немесе) саяжай учаскелері бар жеке тұлғалар;

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған табиғат қорғау ұйымдары төлемақы төлеушілер болып табылмайды.

591-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

1. Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану қажеттігі туындайтын тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын 0,1 АЕК есебінен ерекше қорғалатын табиғи аумақта болған әрбір күн үшін айқындалады.

2. Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының ұсынуы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдары белгілейді.

592-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі

1. Осы тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, төлеушілер төлемақы сомасын белгіленген мөлшерлемелерді және ерекше қорғалатын табиғи аумақта болған күн санын негізге ала отырып, дербес есептейді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың шекараларындағы жер учаскелерінің меншік иесі мен жер пайдаланушы жеке және заңды тұлғалар үшін:

1) өздерінің жұмыскерлерінің саны;

2) осындай ерекше қорғалатын табиғи аумақтағы стационарлық емдеу, демалыс мекемелерінде, спорттық-сауықтыру мекемелерінде болатын жеке тұлғалардың саны төлемақы салу объектісі болып табылады.

2. Төлемақы сомасы ерекше қорғалатын табиғи аумақтың орналасқан жері бойынша бюджетке төленеді.

3. Төлемақы сомасын бюджетке төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару не оны бақылау-өткізу пункттерінде не «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған табиғат қорғау ұйымдары орнататын өзге де арнайы жабдықталған орындарда қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қатаң есептілік бланкілері немесе көрсетілген төлемді растайтын бақылау-кассалық машинаның,

терминалдардың чектері негізінде қолма-қол ақша енгізу жолымен жүргізіледі.

4. Қолма-қол ақшамен қабылданған төлемақы сомаларын «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған табиғат қорғау ұйымдары ақша қабылдау жүзеге асырылған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей екінші деңгейдегі банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға кейіннен оларды бюджетке есепке жатқызу үшін тапсырады. Егер қолма-қол ақшаның күн сайынғы түсімдері АЕК-тің 10 еселенген мөлшерінен аз болса, ақшаны тапсыру ақша қабылдау жүзеге асырылған күннен бастап операциялық үш күнде бір рет жүзеге асырылады.

5. Жеке тұлғалар төлемақы сомасын қолма-қол ақшамен төлеген кезде қатаң есептілік бланкілерінде жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірінің орнына «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған табиғат қорғау ұйымдарының сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

8-параграф. Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы

593-бап. Жалпы ережелер

1. Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі осы параграфтың мақсаттарында – төлемақы) байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бөлген радиожиілік спектрінің номиналдары (белдеулер, диапазондар) (бұдан әрі – радиожиілік спектрінің номиналдары) үшін алынады.

2. Радиожиілік спектрін пайдалану құқығы «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган берген рұқсат құжаттарымен куәландырылады.

3. «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес радиожиілік спектрін пайдалана отырып байланыс саласындағы қызметтер көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін бюджетке төлеуге жататын біржолғы төлемақы сомасы төлемақы есебіне есепке жатқызылмайды.

4. Байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері төлеушілердің тұрған жеріндегі салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлеушілер туралы, салық салу объектілері, берілген рұқсаттар, олардың қолданылу кезеңі, берілген рұқсаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, салық төлеушілерге жіберілген хабарламалар туралы және төлемақы сомалары туралы мәліметтерді

мынадай мерзімдерде:

1) осы Кодекстің 596-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген жағдайда – салықтық кезеңнің 25 ақпанынан кешіктірмей;

2) осы Кодекстің 596-бабы 3-тармағының екінші бөлігінде белгіленген жағдайда, салық төлеуші радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат алған айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей ұсынады.

5. Байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде төлеушілердің тұрған жеріндегі салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша радиожиілік спектрін пайдалана отырып, байланыс саласындағы қызметтер көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін биржолғы төлемақыны төлеушілер, бюджетке төлеуге жататын осындай биржолғы төлемақы сомалары және оны төлеу мерзімдері туралы мәліметтерді ұсынады.

594-бап. Төлемақы төлеушілер

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен радиожиілік спектрін пайдалану құқығын алған тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

2. Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін осындай құрылымдық бөлімше пайдаланатын радиожиілік спектрінің номиналдары үшін төлемақыны дербес төлеуші деп тануға құқылы.

Заңды тұлғаның шешімі немесе осындай шешімнің күшін жою мұндай шешім қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егер заңды тұлға өз шешімімен заңды тұлғаның жаңадан құрылған құрылымдық бөлімшесін төлемақыны дербес төлеуші деп таныса, онда мұндай шешім осы құрылымдық бөлімше құрылған күннен бастап немесе осы құрылымдық бөлімше құрылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Мыналар:

1) өздеріне жүктелген негізгі функционалдық міндеттерді орындаған кезде радиожиілік спектрін пайдаланатын мемлекеттік мекемелер;

2) осы Кодекстің 550-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсаттар берілген кезде алынатын алымды төлеушілер;

3) бір станцияға пайдаланылатын жиіліктер үшін ОТ-диапазонды (27 МГц) радиостанциялардың иелері төлемақы төлеушілер болып табылмайды.

595-бап. Төлемақы мөлшерлемелері

1. Жылдық төлемақы мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салықтық кезеңнің бірінші күніне қолданыста болатын АЕК-тің еселенген мөлшерінде айқындалады.

2. Радиобайланыстың мынадай түрлеріне жылдық төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Радиобайланыс түрлері	Пайдалану аумағы	Төлемақы мөлшер-лемесі (АЕК)
1	2	3	4
1.	Дербес радиошақыру радиожүйелері (ені 25 кГц жиілік берілгені үшін)	облыс, Астана, Алматы қалалары	10
2.	Транкинг байланысы (қабылдауға ені 25 кГц/беруге 25 кГц радиоарна үшін)		
2.1.		Астана, Алматы қалалары	140
2.2.		халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекен	80
2.3.		қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл, ауылдық округ)	10
3.	УҚТ-диапазонды радиобайланыс (қабылдауға ені 25 кГц/беруге 25 кГц дуплексті арна үшін)		
3.1.		Астана, Алматы қалалары	80
3.2.		халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекен	60
3.3.		қалған әкімшілік-аумақтық	15

		бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл, ауылдық округ)	
4.	УҚТ-диапазонды радиобайланыс (ені 25 кГц симплексті арна үшін)		
4.1.		Астана, Алматы қалалары	30
4.2.		халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекен	20
4.3.		қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл, ауылдық округ)	10
5.	Таратқыштың шығу қуаты: - 50 Вт-қа дейін; - 50 Вт-тан астам болған кезде ҚТ-байланыс (бір жиілік берілгені үшін)	облыс, Астана, Алматы қалалары	10 20
6.	Радиоұзартқыштар (арна үшін)	облыс, Астана, Алматы қалалары	2
7.	Ұялы байланыс (қабылдауға ені 1 МГц/беруге 1 МГц жиілік белдеуі үшін)	облыс, Астана, Алматы қалалары	2 300
8.	Жаһандық дербес жылжымалы спутниктік байланыс (қабылдауға ені 100 кГц/беруге 100 кГц жиіліктердің дуплексті белдеуі үшін)	Қазақстан Республикасы	20
9.	HUB-технологиясы бар спутниктік байланыс (HUB-қа пайдаланылатын қабылдауға белдеуі 100 кГц/беруге 100 кГц болатын ені үшін)	Қазақстан Республикасы	30
10.	HUB-технологиясынсыз спутниктік байланыс (бір	Қазақстан Республикасы	100

	станция пайдаланатын жиіліктер үшін)		
11.	Радиорелелі желілер (бір аралықтағы дуплексті арна үшін):		
11.1.	жергілікті	аудан, қала, кент, ауыл, ауылдық округ	40
11.2.	аймақтық және магистральдық	Қазақстан Республикасы	10
12.	Сымсыз радиоға қолжетімділік жүйелері (қабылдауға ені 25 кГц/беруге 25 кГц дуплексті арна үшін)		
12.1.		халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекен	25
12.2.		қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл, ауылдық округ)	2
13.	КБС-технологиясы пайдаланылған кезде сымсыз радиоға қолжетімділік жүйелері (қабылдауға ені 2 МГц/беруге 2 МГц дуплексті арна үшін)		
13.1.		Астана, Алматы қалалары	140
13.2.		халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекен	70
13.3.		қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл, ауылдық округ)	5
14.	Эфирлік-кәбілдік телевизия (8		

	МГц жиіліктер белдеуі үшін)		
14.1.		халқының саны 200 мың адамнан асатын елді мекен	300
14.2.		халқының саны 50 мыңнан 200 мың адамға дейінгі елді мекен	135
14.3.		халқының саны 50 мың адамға дейінгі аудандық маңызы бар қала; аудан	45
14.4.		қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (кент, ауыл, ауылдық округ)	5
15.	Теңіздегі радиобайланыс (радиомодем, жағалаулық байланыс, телеметрия, радиолокациялық және т.б.), бір радиоарна үшін	облыс	10

3. Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға арналған жылдық төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға арналған жиілік диапазоны	Пайдалану аумағы	Төлемақы мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3	4
1.	Телевизия/жиіліктердің метрлік диапазоны		
1.1.	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 50 Вт-ты қоса алғанға дейін	Астана, Алматы қалалары	81
		облыс	15
1.2.	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 250 Вт-ты қоса алғанға дейін	Астана, Алматы қалалары	361

		облыс	65
1.3.	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 500 Вт-ты қоса алғанға дейін	Астана, Алматы қалалары	957
		облыс	174
1.4.	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 1000 Вт-ты қоса алғанға дейін	Астана, Алматы қалалары	1 353
		облыс	245
1.5.	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 1000 Вт-тан жоғары	Астана, Алматы қалалары	2 344
		облыс	425
2.	Телевизия/ жиіліктердің дециметрлік диапазоны		
2.1.	Таратқыш радиоэлектрондық құралдың қуаты 50 Вт-ты қоса алғанға дейін	Астана, Алматы қалалары	51
		облыс	9
2.2.	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 250 Вт-ты қоса алғанға дейін	Астана, Алматы қалалары	228
		облыс	41
2.3.	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 500 Вт-ты қоса алғанға дейін	Астана, Алматы қалалары	605
		облыс	110
2.4.	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 1000 Вт-ты қоса алғанға дейін	Астана, Алматы қалалары	855
		облыс	155
2.5.	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 1000 Вт-тан жоғары	Астана, Алматы қалалары	1 481
		облыс	269

4. Алты айды қоса алғанға дейінгі мерзімде тәжірибелік пайдалануды, жарыстарды, көрмелер мен өзге де іс-шараларды өткізу кезеңіне радиожиілік спектрін пайдаланған кезде төлемақы радиобайланыстың түріне, радиожиілік спектрін пайдалану аумағына және таратушы радиоэлектрондық құралдың қуатына қарай, оны нақты пайдалану мерзіміне сәйкес келетін мөлшерде, бірақ жылдық төлемақы мөлшерлемесінің кемінде 1/12 мөлшерінде

белгіленеді.

Ені осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілгеннен ерекшеленетін дуплексті (симплексті) арнаның белдеуін пайдалана отырып технологиялар қолданылған жағдайда, төлемақы мөлшерлемелері төлеуші осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген дуплексті (симплексті) арна белдеуінің еніне нақты қолданатын дуплексті (симплексті) арна белдеуі енінің үлес салмағы негізге алына отырып айқындалады.

Кең белдеулі сигнал технологиясы пайдаланылған кезде төлемақы қабылдауға ені 2 МГц/беруге 2 МГц болатын белдеу үшін алынады.

596-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі

1. Төлемақы сомасын байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган рұқсат құжаттарында көрсетілген техникалық өлшемдерге, оның ішінде таратушы радиоэлектрондық құралдың қуатына сәйкес радиобайланыс түріне және радиожиілік спектрін пайдалану аумағына қарай жылдық төлемақы мөлшерлемелерінің негізінде есептейді.

2. Егер салықтық кезеңде радиожиілік спектрін пайдалану кезеңі бір жылдан аз болса, төлемақы сомасы бір жылға есептелген төлемақы сомасын он екіге бөліп, бір жылда радиожиілік спектрі пайдаланылған нақты кезең айларының тиісті санына көбейту арқылы айқындалады.

Бұл ретте радиожиілік спектрін пайдаланудың нақты кезеңі салықтық кезеңнің басынан бастап (егер рұқсат құжатының негізінде радиожиілік спектрін пайдалану құқығы салықтық кезең басталатын күнге қолданыста болса (пайда болса)) немесе осындай құқық пайда болған айдың 1-күнінен бастап осындай құқық тоқтатылатын (тоқтатылған) айдың 1-күніне дейін немесе салықтық кезеңнің соңына дейін (егер осындай құқық салықтық кезең аяқталатын күні болса (қолданыста болса)) айқындалады.

3. Байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар жылдық төлемақы сомасын көрсете отырып, хабарлама жазады және оны төлемақы төлеушілерге ағымдағы есепті кезеңнің 20 ақпанынан кешіктірмей жібереді.

Радиожиілік спектрін пайдалану құқығын куәландыратын рұқсат құжаты көрсетілген мерзімнен кейін алынған жағдайда, байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган салық төлеушіге төлемақы сомасын көрсете отырып, салық төлеуші радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат алған айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей хабарлама жібереді.

4. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, жылдық төлемақы сомасы төлемақы төлеушінің тұрған жері бойынша бюджетке тең үлестермен ағымдағы жылғы 25 наурыздан, 25 маусымнан, 25 қыркүйектен және 25 желтоқсаннан кешіктірілмей төленеді.

Радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат құжаты жоғарыда санамаланған төлеу мерзімдерінің бірінен кейін алынған жағдайларда, осы баптың 3-тармағында көрсетілген хабарлама алынғаннан кейінгі келесі кезекті төлеу мерзімі төлемақыны бюджетке енгізудің алғашқы мерзімі болып табылады.

Бұл ретте бюджетке төлеуге жататын төлемақы сомасы ағымдағы салықтық кезеңдегі алдағы төлеу мерзімдеріне тең үлестермен қайта бөлінеді.

5. Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асырмайтын және Қазақстан Республикасының салық төлеушілері ретінде тіркелмеген шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар және бейрезидент-заңды тұлғалар төлемақыны радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат құжатында көрсетілген радиожиілік спектрін пайдалануға құқықтың бүкіл қолданылу кезеңі үшін, бірақ осындай рұқсат алынған айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, кемінде 1 ай бұрын байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның тұрған жері бойынша бюджетке төлейді.

597-бап. Салықтық кезең

Салықтық кезең осы Кодекстің 314-бабына сәйкес айқындалады.

9-параграф. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы

598-бап. Жалпы ережелер

1. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы (бұдан әрі осы параграфтың мақсаттарында – төлемақы):

1) қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын;

2) ұялы байланысты беру құқығы үшін алынады.

2. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты беру құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган берген рұқсат құжаттарымен куәландырылады.

3. Байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері төлемақы төлеушілердің тұрған жеріндегі салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлеушілер, төлемақы салынатын объектілері, берілген рұқсаттар, олардың қолданылу кезеңі, берілген рұқсаттарға

енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, төлемақы сомалары туралы мәліметтерді мынадай мерзімдерде:

1) осы Кодекстің 602-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген жағдайда – салықтық кезеңнің 25 ақпанынан кешіктірмей;

2) осы Кодекстің 602-бабы 3-тармағының екінші бөлігінде белгіленген жағдайда, салық төлеуші қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты беруге рұқсат алған айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей ұсынады.

599-бап. Төлемақы төлеушілер

«Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты беру құқығын алған қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысы, сондай-ақ ұялы байланыс операторлары болып табылатын заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

600-бап. Салықтық кезең

Төлемақыны есептеу үшін 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл салықтық кезең болып табылады.

601-бап. Төлемақы мөлшерлемелері

Төлемақы мөлшерлемелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

602-бап. Есептеу мен төлеу тәртібі

1. Төлемақы сомасын байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган төлеушілердің алдыңғы жыл үшін электр байланысы (телекоммуникациялар) қызметтерін көрсетуден түскен кірістерін және белгіленген төлемақы мөлшерлемелерін негізге ала отырып есептейді.

2. Егер есепті салықтық кезеңде қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты беру кезеңі бір жылдан аз болса, төлемақы сомасы бір жылға есептелген төлемақы сомасын он екіге бөліп, есепті кезеңде қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысы, сондай-ақ ұялы байланыс берілген айлардың нақты санына көбейту арқылы айқындалады.

Бұл ретте есепті салықтық кезеңде қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты берудің

нақты кезеңі салықтық кезеңнің басынан бастап (егер рұқсат құжатының негізінде қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты беру құқығы салықтық кезең басталатын күнге қолданыста болса (пайда болса)) немесе осындай құқық пайда болған айдың 1-күнінен бастап осындай құқық тоқтатылған айдың 1-күніне дейін немесе салықтық кезеңнің соңына дейін (егер осындай құқық салықтық кезең аяқталатын күні болса (қолданыста болса)) айқындалады.

3. Байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган жылдық төлемақы сомасын көрсете отырып, хабарлама жазады және оны төлеушіге ағымдағы есепті кезеңнің 20 ақпанынан кешіктірмей жібереді.

Құқықты куәландыратын рұқсат құжаты осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген мерзімнен кейін алынған жағдайда байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган төлеушіге төлемақы сомасын көрсете отырып, салық төлеуші қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты беруге рұқсат алған айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде хабарлама жібереді.

4. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, жылдық төлемақы сомасы төлемақы төлеушінің тұрған жері бойынша бюджетке тең үлестермен ағымдағы жылғы 25 наурыздан, 25 маусымнан, 25 қыркүйектен және 25 желтоқсаннан кешіктірілмейтін мерзімде төленеді.

Қалааралық және (немеес) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты беру құқығын куәландыратын рұқсат құжаты жоғарыда санамаланған төлемақы төлеу мерзімдерінің бірінен кейін алынған жағдайларда, осы баптың 3-тармағында көрсетілген хабарлама алынғаннан кейінгі келесі кезекті төлеу мерзімі бюджетке төлемақы енгізудің алғашқы мерзімі болып табылады.

Бұл ретте бюджетке төлеуге жататын төлемақы сомасы агымдагы жылы алдағы толеу мерзімдеріне тең үлестермен қайта бөлінеді.

10-параграф. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы

603-бап. Жалпы ережелер

1. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы (бұдан әрі осы параграфтың мақсаттарында – төлемақы) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін алынады.

2. Тиісті рұқсат құжаты болмаған кезде сыртқы (көрнекі) жарнаманы

нақты орналастыру төлемақы сомасын өндіріп алу және бюджетке енгізу үшін негіз болып табылады.

3. Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор және жергілікті атқарушы органдар ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырылған жер бойынша салық органдарына төлемақы төлеушілер, сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналастырылу кезеңі мен орны, рұқсат құжаттарының бар (жоқ) екендігі туралы мәліметті уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ұсынады.

604-бап. Төлемақы төлеушілер

1. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыратын тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

2. Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін төлемақыны дербес төлеуші деп тануға құқылы.

Заңды тұлғаның шешімі немесе осындай шешімнің күшін жою мұндай шешім қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егер заңды тұлға заңды тұлғаның жаңадан құрылған құрылымдық бөлімшесін төлемақы төлеуші деп таныса, онда мұндай шешім осы құрылымдық бөлімше құрылған күннен бастап немесе осы құрылымдық бөлімше құрылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары өздеріне жүктелген функционалдық міндеттерді іске асыруға байланысты орналастырылатын сыртқы (көрнекі) жарнама бойынша төлемақы төлеушілер болып табылмайды.

605-бап. Төлемақы мөлшерлемелері

1. Төлемақы мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру жүзеге асырылатын тиісті күнтізбелік айдың бірінші күніне қолданыста болатын АЕК-тің еселенген мөлшерінде айқындалады.

2. Республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырылатын сыртқы (көрнекі) жарнама жағының ауданы үш шаршы метрге дейін болатын сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін базалық ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Жолдар санаты	Төлемақы мөлшерлемесі (АЕК)

1	2	3
1.	Қалаға кіреберістер	8
2.	I, II	7
3.	III	3
4.	IV	2

Сыртқы (көрнекі) жарнама жағының ауданы үш және одан да көп шаршы метр болатын мұндай жарнаманы орналастыру кезінде базалық ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелері орналастырылатын сыртқы (көрнекі) жарнама жағы ауданының үш шаршы метрге қатысты ұлғаюына пропорционалды түрде көтеріледі.

3. Облыстық және аудандық маңызы бар ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, сондай-ақ елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін базалық ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелері сыртқы (көрнекі) жарнаманың орнатылған жері және оны орналастыру жағының ауданы негізге алына отырып белгіленеді:

Р/с №	Сыртқы (көрнекі) жарнама түрлері	Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың бір жағы үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)		
		Республикалық маңызы бар қалада және астанада	Облыстық маңызы бар қалада және облыстық маңызы бар жолдарда	Аудандық маңызы бар қалада, ауылда, кентте және аудандық маңызы бар жолдарда
1	2	3	4	5
1.	Сыртқы (көрнекі) жарнама 2ш.м-ге. дейін	2	1	0,5
2.	Лайтбокстар (сити-форматтағы)	3	2	1
3.	Ауданы мынадай сыртқы (көрнекі) жарнама:			
3.1.	2-ден 5 ш.м-ге дейін	5	3	1
3.2.	5-тен 10 ш.м-ге дейін	10	5	2

3.3.	10-нан 20 ш.м-ге дейін	20	10	3
3.4.	20-дан 30 ш.м-ге дейін	30	15	5
3.5.	30-дан 50 ш.м-ге дейін	50	20	7
3.6.	50-ден 70 ш.м-ге дейін	70	30	12
3.7.	70 ш.м-ден жоғары	100	50	25
4.	Шатырүсті жарықты сыртқы (көрнекі) жарнама құрылғылары (жарық-динамикалық панно немесе көлемді неонды әріптер):			
4.1.	30 ш. м-ге дейін	30	20	6
4.2.	30 ш.м-ден жоғары	50	30	8
5.	Палаткалардағы, тенттердегі, шатырлардағы, бастырмалардағы, қалқа-шатырлардағы, тулардағы, жалаушалардағы, штандарттардағы сыртқы (көрнекі) жарнама:			
5.1.	5 ш.м-ге дейін	1	1	0
5.2.	5-тен 10 ш.м-ге дейін	2	1	0
5.3.	10 ш.м-ден жоғары	3	2	1
6.	Уақытша типтегі дүңгіршектер мен павильондардағы сыртқы (көрнекі) жарнама:			
6.1.	2 ш.м-ге дейін	2	1	0
6.2.	2-ден 5 ш.м-ге дейін	2	1	0
6.3.	5-тен 10 ш.м-ге дейін	3	2	1
6.4.	10 ш.м-ден жоғары	8	4	2
7.	Жылжымалы жайма жарнама	10	5	1

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдарының облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және елді мекендерде орналастырылатын сыртқы (көрнекі) жарнама бойынша базалық ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелерінің мөлшерін сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналасқан жеріне қарай екі еседен асырмай арттыруға құқығы

бар.

606-бап. Есептеу, төлеу тәртібі мен төлеу мерзімдері

1. Төлемақы мөлшері төлемақы мөлшерлемелері және:

1) сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға арналған рұқсат құжатында белгіленген;

2) сыртқы (көрнекі) жарнама рұқсат құжатынсыз орналастырылған жағдайда – Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор немесе жергілікті атқарушы органдар белгілеген сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың нақты мерзімі негізге алына отырып есептеледі.

Сыртқы (көрнекі) жарнама күнтізбелік бір айдан аз мерзімге орналастырылған кезде төлемақы мөлшері күнтізбелік бір ай үшін айқындалады.

2. Бюджетке енгізілуге жататын төлемақы сомасы ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде төленеді.

Бұл ретте сыртқы (көрнекі) жарнама рұқсат құжаты негізінде орналастырылған жағдайда, жарнаманы орналастырудың алғашқы айы үшін төлемақы төлеу осындай рұқсат құжаты алынғанға дейін жүргізілуге тиіс.

3. Рұқсат құжатын алған кезде төлемақы төлеушілер Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық операторға немесе жергілікті атқарушы органдарға сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың алғашқы айы үшін төлемақы сомасының бюджетке енгізілгенін растайтын құжатты ұсынады.

4. Төлемақы сомасы сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналасқан жері бойынша бюджетке төленеді.

70-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК БАЖ. КОНСУЛДЫҚ АЛЫМ

1-параграф. Мемлекеттік баж

607-бап. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік баж уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар, оның ішінде құжаттарды (олардың көшірмелерін, телнұсқаларын) берумен байланысты әрекеттер жасағаны үшін алынатын, бюджетке төленетін төлем болып табылады.

2. Уәкілетті мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өзінің тұрған жеріндегі салық органына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша мемлекеттік баж төлеушілер және олар есептеген мемлекеттік баж сомалары туралы ақпарат береді.

608-бап. Мемлекеттік бажды төлеушілер

1. Уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға заңдық мәні бар әрекеттер жасау жөнінде өтініш жасайтын тұлғалар мемлекеттік баж төлеушілер болып табылады.

2. Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесіне мемлекеттік баж сомаларын төлеу жөніндегі міндетті осындай құрылымдық бөлімше мүддесі үшін тиісті уәкілетті орғандар заңдық мәні бар әрекеттер жасаған кезде жүктеуге құқылы.

609-бап. Алу объектілері

1. Мемлекеттік баж:

1) сотқа берілетін талап қою арыздарынан, ерекше талап қою ісін жүргізу арыздарынан, ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы арыздардан, атқару парағының телнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парақтарын беру туралы арыздардан, сот актілерінің, атқару парақтарының және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздардан;

2) нотариаттық әрекеттер жасағаны үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені үшін;

3) азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтамалар мен қайтадан куәліктер бергені және азаматтық хал актілері жазбаларын өзгертуге, толықтыруға, түзетуге және қалпына келтіруге байланысты куәліктер бергені үшін;

4) Қазақстан Республикасынан тұрақты тұрғылықты жерге кетуге құжаттар ресімдегені үшін;

5) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша келуіне шақыруларды ресімдегені, Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдағаны және келіскені үшін;

6) Қазақстан Республикасының аумағында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасынан кету және Қазақстан Республикасына келу құқығына визалар бергені, оны қалпына келтіргені немесе ұзартқаны үшін;

7) Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату туралы құжаттарды ресімдегені үшін;

8) аңшы куәлігін (аңшы куәлігінің телнұсқасын) бергені (қайта ресімдегені) үшін;

9) өсімдіктердің, жануарлардың және бекіре тұқымдас балықтардың

сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін, сондай-ақ олардың бөліктері мен дериваттарын әкелуге және әкетуге рұқсаттар бергені үшін;

10) жеке басты куәландыратын құжаттар бергені үшін;

11) азаматтық, қызметтік қару мен оның патрондарын иеленуге, сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсаттар бергені үшін;

12) азаматтық, қызметтік қаруды және оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге қорытындылар бергені үшін;

13) азаматтық, қызметтік қаруды және оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдама бергені үшін;

14) жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының (аңшылық суық қаруды, белгі беретін қаруды, механикалық шашыратқыштарды, аэрозольді және көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған басқа құрылғыларды, үрлемелі энергиясы 7,5 Дж-дан аспайтын және калибрі 4,5 мм-ді қоса алғанға дейінгі пневматикалық қаруды қоспағанда) әрбір бірлігін тіркегені және қайта тіркегені үшін;

15) Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасында жасалған ресми құжаттарға апостиль қойғаны үшін;

16) жүргізуші куәліктерін, тракторшы-машинист куәліктерін, механикалық көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер бергені үшін;

17) ішкі істер органдарының тіркеу-емтихан қабылдау бөлімшелерінде отыз күннен аспайтын мерзімде сақтауда тұрған автомобильге мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін қоспағанда, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін (телнұсқаларын) бергені үшін;

18) зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның осы Кодекстің 614-бабында көзделген заңдық мәні бар әрекеттер жасағаны үшін;

19) жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін және оның телнұсқасын бергені үшін;

20) теңізшінің жеке куәлігін, Қазақстан Республикасының теңізде жүзу кітапшасын және кәсіби диплом бергені үшін;

21) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсаттар бергені үшін алынады.

2. Егер осы Кодекстің 610-бабында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік баж мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және мемлекеттік баж төлеу күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі осы тараудың мәтіні бойынша – АЕК) еселенген

мөлшерінде немесе талап қою сомасының пайызымен айқындалады.

610-бап. Соттардағы мемлекеттік баж мөлшерлемелері

1. Сотқа берілетін талап қою арыздарынан, ерекше талап қою ісін жүргізу арыздарынан, ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы арыздардан, атқару парағының телнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парақтарын беру туралы арыздардан, сот актілерінің, атқару парақтарының және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздардан мемлекеттік баж мынадай мөлшерлеме алынады:

1) егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, мүліктік сипаттағы талап қою арыздарынан:

жеке тұлғалар үшін – талап қою сомасының 1 пайызы;

заңды тұлғалар үшін – талап қою сомасының 3 пайызы;

2) мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының жеке тұлғалардың құқықтарына нұқсан келтіретін құқыққа сыйымсыз әрекетіне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдардан – 0,3 АЕК;

3) мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының заңды тұлғалардың құқықтарына нұқсан келтіретін құқыққа сыйымсыз әрекетіне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдардан – 5 АЕК;

4) тексеру актілері бойынша хабарламаларға және (немесе) деңгейлес мониторинг нәтижелері бойынша хабарламаларға дау айту туралы арыздардан:

дара кәсіпкерлер мен шаруа немесе фермер қожалықтары үшін – хабарламада көрсетілген салықтардың, кедендік төлемдердің және бюджетке төленетін төлемдердің (өсімпұлды қоса алғанда) даулы сомасының 0,1 пайызы, бірақ 500 АЕК-тен аспайтын мөлшер;

заңды тұлғалар үшін – хабарламада көрсетілген салықтардың, кедендік төлемдердің және бюджетке төленетін төлемдердің (өсімпұлды қоса алғанда) даулы сомасының 1 пайызы, бірақ 20 мың АЕК-тен аспайтын мөлшер;

5) некені бұзу туралы талап қою арыздарынан – 0,3 АЕК.

Неке бұзылған кезде мүлік бөлінген жағдайларда баж осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес талап қою бағасынан айқындалады;

6) белгіленген тәртіппен хабарсыз кеткен деп немесе жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдармен не үш жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдармен некені бұзу кезінде мүлікті бөлу туралы талап қою арыздарынан – осы баптың 1) тармақшасына сәйкес;

7) тұрғынжайды жалдау шартын өзгерту немесе бұзу туралы, мұраны қабылдау мерзімін ұзарту туралы, мүлікті тыйым салудан босату туралы

талап қою арыздарынан және мүліктік емес сипаттағы немесе бағалауға жатпайтын басқа да талап қою арыздарынан – 0,5 АЕК;

8) осы тармақтың 2), 3), 4) және 13) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, ерекше талап қою ісін жүргізу арыздарынан, ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан (шағымдардан) – 0,5 АЕК;

9) төрелік шешімдерінің күшін жою туралы өтінішхаттардан – Қазақстан Республикасының сотына мүліктік емес сипаттағы талап қою арызы берілген кезде алынатын мемлекеттік баж мөлшерінің, ал мүліктік сипаттағы даулар бойынша – Қазақстан Республикасының сотына мүліктік сипаттағы талап қою арызы берілген кезде алынатын және арыз беруші даулап отырған соманы негізге ала отырып есептелген мемлекеттік баж мөлшерінің – 50 пайызы;

10) сот бұйрығын шығару туралы арыздардан – осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген мемлекеттік баж мөлшерлемелерінің 50 пайызы;

11) атқару парағының телнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парақтарын беру туралы арыздардан – 5 АЕК;

12) сот шешімдерінің, үкімдерінің, ұйғарымдарының, соттардың өзге де қаулыларының көшірмелерін (телнұсқаларын), сондай-ақ іске қатысатын тараптар мен басқа да тұлғалардың өтінімі бойынша соттар беретін істің басқа да құжаттарының көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздардан – әрбір құжат үшін 0,1 АЕК, сондай-ақ әрбір дайындалған бет үшін 0,03 АЕК;

13) заңды тұлғаларды банкрот деп тану, оңалту рәсімін қолдану, жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану туралы арыздардан – 0,5 АЕК;

14) абыройды, қадір-қасиетті және іскерлік беделді түсіретін мәліметтерді таратудан келтірілген моральдық зиянды ақшалай мәнде өтеуді өндіріп алу туралы жеке тұлғалардың талап қою арыздарынан – талап қою сомасының 1 пайызы;

15) іскерлік беделді түсіретін мәліметтерді таратудан келтірілген залалдарды өндіріп алу туралы заңды тұлғалардың талап қою арыздарынан – талап қою сомасының 3 пайызы.

2. Төрелік шешімдерінің күшін жою және төреліктің және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға атқару парақтарын беру мәселелері жөніндегі ұйғарымдарға, мүліктік емес және мүліктік сипаттағы даулар бойынша соттардың шешімдеріне және қаулыларына сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхаттардан мемлекеттік баж осындай даулар бойынша талап қою арызы (арыз) берілген кезде осы баптың 1-тармағында белгіленген мемлекеттік баждың тиісті мөлшерлемесінің 50 пайызы мөлшерінде алынады.

3. Бір мезгілде мүліктік сипаттағы және мүліктік емес сипаттағы талаптарды қамтитын талап қою арыздары үшін мүліктік сипаттағы талап

қою арыздары үшін және мүліктік емес сипаттағы талап қою арыздары үшін белгіленген мемлекеттік баж бір мезгілде алынады.

611-бап. Нотариаттық әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж мөлшерлемелері

Нотариаттық әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж мынадай мөлшерлерде алынады:

1) қалалық жерлердегі жылжымайтын мүлікті (жер учаскелерін, тұрғынжайларды, саяжайларды, гараждарды, құрылыстар мен өзге де жылжымайтын мүлікті) иеліктен шығару туралы шарттарды куәландырғаны үшін:

егер тараптардың бірі заңды тұлға болып табылса – 10 АЕК;

құны 30 АЕК-ке дейін:

балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері және апа-қарындастары мен сіңлілеріне, немерелеріне – 1 АЕК;

басқа адамдарға – 3 АЕК;

құны 30 АЕК-тен жоғары:

балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері және апа-қарындастары мен сіңлілеріне, немерелеріне – 5 АЕК;

басқа адамдарға – 7 АЕК;

егер мәміле ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша алынған қаражат есебінен жылжымайтын мүлікті сатып алу мақсатында жасалатын болса – 2 АЕК;

2) ауылдық жерлердегі жылжымайтын мүлікті (жер учаскелерін, тұрғынжайларды, саяжайларды, гараждарды, құрылыстар мен өзге де жылжымайтын мүлікті) иеліктен шығару туралы шарттарды куәландырғаны үшін:

егер тараптардың бірі заңды тұлға болып табылса – 1 АЕК;

балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері және апа-қарындастары мен сіңлілеріне, немерелеріне – 0,5 АЕК;

басқа адамдарға – 0,7 АЕК;

3) автомотокөлік құралдарын иеліктен шығару шарттарын куәландырғаны үшін:

егер тараптардың бірі заңды тұлға болып табылса – 7 АЕК;

балаларына, жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері және апа-қарындастары мен сіңлілеріне, немерелеріне – 2 АЕК;

басқа адамдарға – 5 АЕК;

4) жалдау, қарыз, (ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттарын қоспағанда), кепілақы, лизинг, мердігерлік шарттарын, неке келісімшарттарын, ортақ меншіктегі мүлікті бөлу, мұрагерлік мүлікті бөлу шарттарын, алименттерді төлеу жөніндегі келісімдерді, құрылтай шарттарын куәландырғаны үшін – 5 АЕК;

5) ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттарын куәландырғаны үшін – 2 АЕК;

6) өсиетхаттарды куәландырғаны үшін – 1 АЕК;

7) мұрагерлікке құқық туралы куәліктер бергені үшін – әрбір берілген куәлік үшін 1 АЕК;

8) ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлеске және бірлескен ортақ меншік құқығында мүлкі бар өзге адамдардың меншік құқығы туралы куәліктер бергені үшін – 1 АЕК;

9) мүлікті пайдалану және оған билік ету құқығына сенімхаттарды куәландырғаны үшін – 0,5 АЕК;

10) автокөлік құралдарын сату құқығынсыз пайдалану және басқару құқығына сенімхаттарды куәландырғаны үшін – 1 АЕК;

11) автокөлік құралдарын сатуға, сыйға тартуға, айырбастауға сенімхаттарды куәландырғаны үшін – 2 АЕК;

12) өзге сенімхаттарды куәландырғаны үшін:

жеке тұлғалар үшін – 0,1 АЕК;

заңды тұлғалар үшін – 0,5 АЕК;

13) мұрагерлік мүлікті қорғау жөнінде шаралар қолданғаны үшін – 1 АЕК;

14) теңіздік наразылығын жасағаны үшін – 0,5 АЕК;

15) құжаттардың көшірмесі мен құжаттардың үзінді көшірмесінің дұрыстығын куәландырғаны үшін (әр бетіне):

жеке тұлғалар үшін – 0,05 АЕК;

заңды тұлғалар үшін – 0,1 АЕК;

16) құжаттардағы қойылған қолдың төлнұсқалығын, сондай-ақ құжаттардың бір тілден екінші тілге аудармасының дұрыстығын куәландырғаны үшін (әрбір құжат үшін):

жеке тұлғалар үшін – 0,03 АЕК;

заңды тұлғалар үшін – 0,1 АЕК;

17) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға бергені үшін – 0,2 АЕК;

18) құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін бергені үшін – 0,2 АЕК;

19) телнұсқа бергені үшін – 1 АЕК;

20) екінші деңгейдегі банктерде шоттар ашқан кезде қойылған қолдардың төлнұсқалығын куәландырғаны үшін (әрбір құжат үшін):

жеке тұлғалар үшін – 0,1 АЕК;

заңды тұлғалар үшін – 0,5 АЕК;

21) жылжымайтын мүлік кепілі шарттарын, ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтары мен ипотекалық куәліктерді куәландырғаны үшін – 2 АЕК; өзге де кепіл шарттарын куәландырғаны үшін – 7 АЕК;

22) вексель наразылығын жасағаны үшін және чектің төленбегенін

куәландырғаны үшін – 0,5 АЕК;

23) атқарушылық жазба жасағаны үшін – 0,5 АЕК;

24) құжаттарды және бағалы қағаздарды сақтағаны үшін - әрбір айға 0,1 АЕК;

25) кепілгерлік пен кепілдік шарттарын куәландырғаны үшін – 0,5 АЕК;

26) Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген басқа да нотариаттық әрекеттерді жасағаны үшін – 0,2 АЕК.

612-бап. Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін мемлекеттік баж мөлшерлемелері

Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайтадан куәліктер, сондай-ақ азаматтық хал актілерінің жазбаларын өзгертуге, толықтыруға, түзетуге және қалпына келтіруге байланысты куәліктер бергені үшін мемлекеттік баж мынадай мөлшерде алынады:

1) неке қиюды тіркегені үшін – 1 АЕК;

2) неке бұзуды тіркегені үшін:

кәмелетке толмаған балалары жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша – 2 АЕК;

сот шешімі негізінде – 1,5 АЕК (ерлі-зайыптылардың біреуінен немесе екеуінен);

белгіленген тәртіппен хабарсыз кеткен деп немесе жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдармен не қылмыс жасағаны үшін үш жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдармен сот шешімі негізінде – 0,1 АЕК;

3) тегін, атын немесе әкесінің атын өзгертуді тіркегені үшін – 2 АЕК;

4) азаматтық хал актілерінің жазбаларын өзгертуге, толықтыруға, түзетуге және қалпына келтіруге байланысты куәліктер бергені үшін – 0,5 АЕК;

5) азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайтадан куәліктерді бергені үшін – 1 АЕК;

6) шетел азаматтарының ұл бала (қыз бала) асырап алуын тіркегені үшін – 2 АЕК;

7) азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтамалар бергені үшін – 0,3 АЕК;

8) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді талап еткені үшін – 0,5 АЕК;

9) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерін қоспағанда, шет мемлекеттерден азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді талап еткені үшін – 1 АЕК.

613-бап. Қазақстан Республикасының визаларын берген, Қазақстан Республикасынан тұрақты тұрғылықты жерге кетуге құжаттарды ресімдеген, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларды ресімдеген және келіскен, Қазақстан Республикасының азаматтығын алған, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтірген немесе Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан кездегі мемлекеттік баж мөлшерлемелері

Қазақстан Республикасының визаларын беруге, Қазақстан Республикасынан тұрақты тұрғылықты жерге кетуге құжаттарды ресімдеуге, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларды ресімдеуге және келісуге, Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруге немесе Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға байланысты әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж мынадай мөлшерлерде алынады:

1) Қазақстан Республикасының аумағында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға мынадай құқыққа визалар бергені, қалпына келтіргені немесе ұзартқаны үшін:

Қазақстан Республикасынан кетуге – 0,5 АЕК;

Қазақстан Республикасына келуге және Қазақстан Республикасынан кетуге – 7 АЕК;

көп рет Қазақстан Республикасына келуге және Қазақстан Республикасынан кетуге – 30 АЕК;

2) Қазақстан Республикасының азаматтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасынан тұрақты тұрғылықты жерге кетуге құжаттарды ресімдегені үшін – 1 АЕК;

3) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша келуіне шақыруларды ресімдегені, Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын келіскені үшін – әрбір шақырылушы үшін 0,5 АЕК;

4) Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы құжаттарды ресімдегені үшін – 1 АЕК.

614-бап. Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның заңдық мәні бар әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж мөлшерлемелері

Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның заңдық мәні бар әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж мынадай мөлшерлерде алынады:

1) патент бергені үшін, тауар белгісін, тауар шығарылатын жердің атауын тіркегені үшін – 1 АЕК;

2) жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін тіркегені үшін – 1 АЕК;

3) өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға байланысты басқаға беру, кепіл, кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) шарттарын, лицензиялық, қосалқы лицензиялық шарттарды тіркегені үшін – 1,5 АЕК;

4) патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттағаны үшін – 15 АЕК;

5) патенттік сенім білдірілген өкілді тіркеу туралы куәлік бергені үшін – 1 АЕК.

615-бап. Өзге де әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж мөлшерлемелері

Өзге де әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж мынадай мөлшерлерде алынады:

1) аңшы куәлігін (аңшы куәлігінің телнұсқасын) бергені (қайта ресімдегені) үшін – 2 АЕК;

2) өсімдіктердің, жануарлардың және бекіре тұқымдас балықтардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін, сондай-ақ олардың бөліктері мен дериваттарын әкелуге және әкетуге рұқсаттар бергені үшін – 2 АЕК;

3) мыналарды:

Қазақстан Республикасы азаматының паспортын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін бергені үшін – 8 АЕК;

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхатты, уақытша жеке куәлік бергені үшін – 0,2 АЕК;

4) мыналарға:

заңды тұлғаларға:

азаматтық, қызметтік қарудың және оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге қорытынды бергені үшін – 2 АЕК;

азаматтық, қызметтік қаруды және оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге қорытынды бергені үшін – 2 АЕК;

азаматтық, қызметтік қаруды және оның патрондарын сақтауға рұқсат бергені үшін – 1 АЕК;

азаматтық, қызметтік қаруды және оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсат бергені үшін – 1 АЕК;

азаматтық, қызметтік қаруды және оның патрондарын тасымалдауға рұқсат бергені үшін – 2 АЕК;

азаматтық, қызметтік қаруды және оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдама бергені үшін – 1 АЕК;

азаматтық, қызметтік қаруды және оның патрондарын иеленуге рұқсат бергені үшін – 3 АЕК;

азаматтық пиротехникалық заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсат бергені үшін – 3 АЕК;

жеке тұлғаларға:

азаматтық қаруды және оның патрондарын сатып алуға рұқсат бергені үшін – 0,5 АЕК;

азаматтық қаруды және оның патрондарын сақтауға рұқсат бергені үшін – 0,5 АЕК;

азаматтық қаруды және оның патрондарын сақтау мен алып жүруге рұқсат бергені үшін – 0,5 АЕК;

азаматтық қаруды және оның патрондарын тасымалдауға рұқсат бергені үшін – 0,1 АЕК;

азаматтық қаруды және оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдама бергені үшін – 0,5 АЕК;

5) жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының (аңшылық суық қаруды, белгі беретін қаруды, механикалық шашыратқыштарды, аэрозольді және көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған басқа құрылғыларды, үрлемелі энергиясы 7,5 Дж-дан аспайтын және калибрі 4,5 мм-ді қоса алғанға дейінгі пневматикалық қаруды қоспағанда) әрбір бірлігін тіркегені және қайта тіркегені үшін – 0,1 АЕК;

6) жеке басты куәландыратын құжаттарға өзгерістер енгізгені үшін – 0,1 АЕК;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасында жасалған ресми құжаттарға апостиль қойғаны үшін – әрбір құжат үшін 0,5 АЕК;

8) мыналарды:

жүргізуші куәлігін бергені үшін – 1,25 АЕК;

көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті бергені үшін – 1,25 АЕК;

егер осы тармақшада өзгеше белгіленбесе, автомобильге мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісін бергені үшін – 2,8 АЕК;

автомобильге мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісінің телнұсқасын 2 бірлікте бергені үшін - 2,8 АЕК;

автомобильге мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісінің телнұсқасын

1 бірлікте бергені үшін – 1,4 АЕК;

автомобильге цифрлық белгіленуі 010, 020, 030, 040, 050, 060, 070, 077, 080, 090, 707 мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бергені үшін - 57 АЕК;

автомобильге әріптік белгіленуі бірдей, цифрлық белгіленуі 010, 020, 030, 040, 050, 060, 070, 077, 080, 090, 707 мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бергені үшін - 114 АЕК;

автомобильге цифрлық белгіленуі 100, 111, 200, 222, 300, 333, 400, 444, 500, 555, 600, 666, 700, 800, 888, 900, 999 мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бергені үшін – 137 АЕК;

автомобильге әріптік белгіленуі бірдей, цифрлық белгіленуі 100, 111, 200, 222, 300, 333, 400, 444, 500, 555, 600, 666, 700, 800, 888, 900, 999 мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бергені үшін – 194 АЕК;

автомобильге цифрлық белгіленуі 001, 002, 003, 004, 005, 006, 007, 008, 009, 777 мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бергені үшін – 228 АЕК;

автомобильге әріптік белгіленуі бірдей, цифрлық белгіленуі 001, 002, 003, 004, 005, 006, 007, 008, 009, 777 мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бергені үшін – 285 АЕК;

автомобильге әріптік белгіленуі бірдей (цифрлық белгіленуі 001, 002, 003, 004, 005, 006, 007, 008, 009, 010, 020, 030, 040, 050, 060, 070, 077, 080, 090, 100, 111, 200, 222, 300, 333, 400, 444, 500, 555, 600, 666, 700, 777, 800, 888, 900, 999 мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін қоспағанда) мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бергені үшін – 57 АЕК;

мотокөлікке, автомобиль тіркемесіне мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісін бергені үшін – 1,4 АЕК;

мотокөлікке, автомобиль тіркемесіне мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісінің телнұсқасын бергені үшін – 1,4 АЕК;

көлік құралын айдап әкелуге арналған мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісін (транзиттік) бергені үшін – 0,35 АЕК.

Бұл ретте мемлекеттік органның қарамағындағы автомобильге мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісін бергені үшін мемлекеттік баж мөлшері 2,8 АЕК-ті құрайды;

9) мыналарды:

тракторшы-машинист куәлігін бергені үшін – 0,5 АЕК;

тракторларға, олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, олардың тіркемелеріне (арнайы жабдықпен монтаждалған тіркемелерді қоса алғанда), өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісін бергені үшін – 1 АЕК;

тракторларды, олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, олардың тіркемелерін (арнайы жабдықпен монтаждалған тіркемелерді қоса алғанда), өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен

механизмдерді мемлекеттік тіркеу үшін техникалық паспорт бергені үшін – 0,5 АЕК;

10) жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін және оның телнұсқасын бергені үшін – 0,25 АЕК;

11) мыналарды:

теңізшінің жеке куәлігін бергені үшін – 5 АЕК;

Қазақстан Республикасының теңізде жүзу кітапшасын бергені үшін – 3,5 АЕК;

кәсіби дипломды бергені үшін – 2 АЕК.

616-бап. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату

Соттарда мыналар мемлекеттік баж төлеуден босатылады:

1) талапкерлер – еңбекке ақы төлеу сомаларын өндіріп алу туралы талап қою және еңбек қызметіне байланысты басқа да талаптар бойынша;

2) талапкер авторлар, орындаушылар және олардың мүліктік құқықтарын ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар – авторлық құқықтан және аралас құқықтардан туындайтын талап қою бойынша;

3) талапкерлер – өнеркәсіптік меншік объектілерінің авторлары – өнертабысқа, пайдалы модельдерге және өнеркәсіптік үлгілерге құқықтан туындайтын талап қою бойынша;

4) талапкерлер – алименттерді өндіріп алу туралы талап қою бойынша;

5) талапкерлер – мертігуден немесе денсаулығын озге де зақымдаудан, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу туралы талап қою бойынша;

6) талапкерлер – қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген материалдық залалды өтеу туралы талап қою бойынша;

7) іске қатысы жоқ тұлғалардан басқа жеке және заңды тұлғалар – оларға қылмыстық істерге және алимент бойынша істерге байланысты құжаттар берілгені үшін;

8) талапкерлер – Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңнамасын бұзу арқылы мемлекетке келтірілген залалды өтеу есебіне мемлекет кірісіне қаражат өндіріп алу туралы талап қою бойынша;

9) арыз берушілер – азаматтардың және қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарының, азаматтардың және қоғамдық бірлестіктердің республикалық референдумға қатысу құқықтарының бұзылуы туралы арыздар бойынша;

10) білікті еңбек жұмыскерлерін және біліктілігі жоғары деңгейдегі жұмысшы кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін кәсіптік мектептер мен кәсіптік лицейлер – оқу орындарын өз бетінше тастап кеткен немесе олардан шығарылған оқушыларды ұстауға мемлекет шеккен шығыстарды өндіріп алу

туралы талап қою бойынша;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда басқа тұлғалардың немесе мемлекеттің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауға сотқа арызбен жүгінген жеке және заңды тұлғалар;

12) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджеттік кредиттерді, сондай-ақ мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды қайтару жөнінде талап қоюмен сотқа жүгінген сенім білдірілген өкіл (агент);

13) талапкерлер – Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің, мүгедек баланың ата-анасының бірі – барлық істер мен құжаттар бойынша;

14) талапкерлер-оралмандар – Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға байланысты барлық істер мен құжаттар бойынша;

15) жеке және заңды тұлғалар – сотқа мынадай арыздар бергені үшін:

іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы сот ұйғарымының күшін жою немесе арызды қараусыз қалдыру туралы;

шешім орындауды кейінге қалдыру немесе оның мерзімін ұзарту туралы;

шешімді орындаудың тәсілі мен тәртібін өзгерту туралы;

талап қоюды қамтамасыз ету немесе қамтамасыз етудің бір түрін басқаларымен ауыстыру туралы;

жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша соттың шешімдерін, ұйғарымдарын немесе қаулыларын қайта қарау туралы;

сот ұйғарымдарымен салынған айыппұлдарды қосу немесе азайту туралы;

өткізіп алған мерзімдерді қалпына келтіру туралы сот шешімдерінің орындалуын бұру туралы;

соттың сырттай жасалған шешімінің күшін жою туралы;

арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына орналастыру туралы;

сондай-ақ:

сот орындаушыларының әрекеттеріне шағымдар;

соттардың айыппұлдарды қосудан немесе азайтудан бас тарту туралы ұйғарымдарына жеке шағымдар;

сот ұйғарымдарына басқа да жеке шағымдар;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыларға шағымдар;

16) прокуратура органдары – барлық талап қоюлар бойынша;

17) мемлекеттік мекемелер және орта білім беретін мемлекеттік оқу орындары – үшінші тұлғалардың мүдделерін қорғау жағдайларын қоспағанда, талап қойған және сот шешімдеріне шағым жасаған кезде;

18) мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері және (немесе) кемінде 35 пайызы есту, сөйлеу, сондай-ақ көру қабілетінен айырылған мүгедектер жұмыс істейтін, өздері құрған ұйымдар – өздерінің мүдделері үшін талап қоюды берген кезде;

19) сақтандырушылар мен сақтанушылар – міндетті сақтандыру шарттарынан туындайтын талап қою бойынша;

20) талапкерлер мен жауапкерлер – азаматқа заңсыз сотталудан, күзетпен қамауға алу түрінде бұлтартпау шарасын заңсыз қолданудан не қамаққа алу түріндегі әкімшілік жазаны заңсыз қолданудан келтірілген залалды өтеуге байланысты даулар бойынша;

21) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, оның филиалдары, өкілдіктері мен ведомстволары – өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талап қою берген кезде;

22) мәжбүрлеп таратылатын қаржы ұйымдарының тарату комиссиялары – тарату ісін жүргізу мүддесінде берілген талап қою, арыздар, шағымдар бойынша;

23) мәжбүрлеп таратылатын қаржы ұйымдарының уақытша әкімшіліктері – уақытша әкімшіліктің мүддесінде берілген талап қою, арыздар, шағымдар бойынша;

24) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілеттік берілген банктер - мынадай талап қоюды берген кезде:

бюджет қаражаты есебінен қайтарымды негізде берілген кредиттер бойынша берешекті өндіріп алу туралы;

мүлікке өндіріп алуды қолдану туралы;

борышкерлердің сыртқы мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен берілген қарыздар бойынша міндеттемелерді орындамауына байланысты олардың банкроттығы туралы;

25) облигация ұстаушылардың өкілдері – эмитенттердің облигация шығару проспектісінде белгіленген міндеттемелерді орындамауы мәселелері бойынша облигация ұстаушылардың атынан талап қоюды берген кезде;

26) банкроттықты және оңалтуды басқарушылар — Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген өз өкілеттіктері шегінде банкроттық рәсімі, оңалту рәсімі мүддесінде талап қоюды берген кезде;

27) ішкі істер органдары – Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан

Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберуге байланысты мәселелер бойынша арыздар берген кезде;

28) талап қоюшылар (арыз берушілер) – қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, оның ішінде белгіленбеген тұлғалар тобының мүдделерін көздей отырып қорғау туралы талап қоюлар (арыздар) бойынша;

29) екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйым – талаптар қою және сот шешімдеріне шағым жасау кезінде.

Осы баптың бірінші бөлігінде аталған тұлғалар сот актілеріне шағым жасаған кезде де соттарда мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

617-бап. Нотариаттық әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден босату

Нотариаттық әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден мыналар босатылады:

1) жеке тұлғалар - өздерінің мүлікті мемлекет пайдасына сыйға тарту өсиеттерін, шарттарын куәландырғаны үшін;

2) мемлекеттік мекемелер - оларға мемлекеттің мұраға құқығы туралы куәліктерді (куәліктердің телнұсқаларын) бергені үшін, сондай-ақ осы куәліктерді (куәліктердің телнұсқаларын) алу үшін қажетті барлық құжаттар үшін;

3) жеке тұлғалар - оларға:

Қазақстан Республикасын қорғау кезінде, өзге де мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындауға байланысты не адам өмірін құтқарып қалу, мемлекеттік меншікті және құқықтық тәртіпті қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасы азаматының борышын орындауға байланысты қаза тапқан адамдардың мүлкіне;

егер мұрагер мұра қалдырушы қайтыс болған күнге мұра қалдырушымен кемінде үш жыл тұрған болса және ол қайтыс болғаннан кейін де осы тұрғынжайда тұрып жатса, тұрғынжайға немесе тұрғын үй-құрылыс кооперативіндегі пайға;

сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдеріне, мемлекеттік қарыз облигацияларына, еңбекке ақы төлеу сомаларына, авторлық құқықтарға, авторлық гонорар және ашқан жаңалықтар, өнертабыстар мен өнеркәсіптік үлгілер үшін сыйақы сомаларына;

ақталған азаматтардың мүлкіне мұрагерлік құқық туралы куәліктер бергені үшін;

4) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңестірілген адамдар, Ұлы

Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің, мүгедек баланың ата-анасының бірі - барлық нотариаттық іс-әрекеттер бойынша;

5) оралмандар - Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға байланысты барлық нотариаттық әрекеттер бойынша;

6) «Батыр Ана» атағына ие болған, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған көп балалы аналар - барлық нотариаттық әрекеттер бойынша;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қорғаншылық тағайындалған созылмалы жүйке ауруымен ауыратын жеке тұлғалар - өздерінің мүлікке мұрагерлігі туралы куәліктер алғаны үшін;

8) «Қазақстан мүгедектерінің ерікті қоғамы» одағы (ҚМЕҚ), Қазақ саңыраулар қоғамы (ҚСҚ), Қазақ зағиптар қоғамы (ҚЗҚ), сондай-ақ олардың өндірістік кәсіпорындары – барлық нотариаттық іс-әрекеттер бойынша;

9) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар он сегіз жасқа толғанға дейін – оларға мұрагерлікке құқық туралы куәліктер берілгені үшін.

618-бап. Азаматтық хал актілерін тіркеген кезде мемлекеттік баж төлеуден босату

Азаматтық хал актілерін тіркеген кезде мыналар растайтын құжаттарын көрсеткен кезде мемлекеттік баж төлеуден босатылады:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет откерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің, мүгедек баланың ата-анасының бірі, қорғаншылар (қамқоршылар), мемлекеттік ұйымдар - туу туралы куәліктер тіркелгені және қайтадан берілгені үшін;

2) жеке тұлғалар - азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде жіберілген қателерге байланысты азаматтық хал актілерінің жазбалары өзгертілген,

толықтырылған, қалпына келтірілген және түзетілген кезде өздеріне куәліктер берілгені үшін;

3) жеке тұлғалар - туыстарының қайтыс болуы туралы куәліктер өздеріне қайтадан берілгені немесе бұрын берілгендерін ауыстырғаны үшін;

4) жеке тұлғалар - ұл бала (қыз бала) асырап алуға және әкесін анықтауға байланысты туу туралы куәліктер қайтадан берілгені үшін.

619-бап. Қазақстан Республикасының азаматтығын алу туралы құжаттарды ресімдеген кезде мемлекеттік баж төлеуден босату

1. Мемлекеттік баж төлеуден мыналар босатылады:

1) жаппай қуғын-сүргін, күштеп ұжымдастыру кезеңдерінде, адамгершілікке жат өзге де саяси акциялар салдарынан Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге мәжбүр болған адамдар және олардың ұрпақтары – Қазақстан Республикасының азаматтығын алу туралы құжаттарды ресімдегені үшін;

2) оралмандар – Қазақстан Республикасының азаматтығын алу туралы құжаттарды ресімдегені үшін.

2. Көрсетілген мемлекеттік баж төлеуден босату бір рет беріледі.

620-бап. Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган заңдық мәні бар әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден босату

Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган заңдық мәні бар әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден мыналар босатылады:

1) қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын қарттар мен мүгедектер;

2) мемлекеттің толық қамсыздандыруындағы және жатақханаларда тұратын мектеп-интернаттардың, кәсіптік мектептер мен кәсіптік лицейлердің оқушылары;

3) оралмандар;

4) Кеңес Одағының батырлары, Социалистік Еңбек ерлері, үш дәрежелі Даңқ және үш дәрежелі Еңбек Даңқы, «Алтын Қыран», «Отан» ордендерімен наградталған, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтарына ие болған, «Батыр Ана» атағына ие болған, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған көп балалы аналар;

5) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен

наградталған адамдар, 1941 жылгы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің, мүгедек баланың ата-анасының бірі, сондай-ақ Чернобыль апатының салдарынан зардап шеккен азаматтар.

621-бап. Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын келіскен кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының визаларын берген, қалпына келтірген немесе ұзартқан кезде мемлекеттік баж төлеуден босату

Мемлекеттік баж төлеуден мыналар босатылады:

1) Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын келіскен кезде:

Қазақстан Республикасымен консулдық алымдар алудан өзара бас тарту туралы келісім бар елдердің жеке және заңды тұлғалары;

мыналарға:

Қазақстан Республикасына баратын шетелдік ресми делегациялардың мүшелеріне және олармен бірге жүретін адамдарға;

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің, мемлекеттік органдардың, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдіктерінің шақырулары бойынша Қазақстан Республикасына баратын шетелдіктер;

Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен келісілген гуманитарлық көмекпен Қазақстан Республикасына баратын шетелдіктерге;

шетелдік инвесторларға;

этникалық қазақтарға;

өзара түсіністік қағидаты негізінде 16 жасқа дейінгі балаларға Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша шақыруларды келісу туралы өтінішхат беретін қабылдаушы тұлғалар;

2) мыналарға:

Қазақстан Республикасына келетін шетелдік ресми делегациялардың мүшелеріне және олармен бірге жүретін адамдарға;

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің,

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің, мемлекеттік органдардың, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдіктерінің шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына келетіндерге;

Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен келісілген гуманитарлық көмекпен Қазақстан Республикасына баратын шетелдіктерге;

этникалық қазақтарға;

өзара түсіністік қағидаты негізінде 16 жасқа дейінгі балаларға;

шетелде тұрақты тұратын және Қазақстан Республикасына жақын туыстарының жерлеуіне баратын, бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болған адамдарға;

шетелдік инвесторларға Қазақстан Республикасының аумағында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға виза бергені, қалпына келтіргені немесе ұзартқаны үшін;

3) Қазақстан Республикасы консулдық мекемелерінің, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қызметкерлері жіберген қателері бар бастапқы визалардың орнына қайтадан визалар бергені үшін.

622-бап. Өзге де әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден босату

Мемлекеттік баж төлеуден мыналар босатылады:

1) қылмыстық істе азаматтық талап қоюды қойған кезде;

2) Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері арқылы апостильдеуге түсетін құжаттарға апостиль қойған кезде;

3) азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктер қайтадан берілген кезде - Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері арқылы өтініш жасаған азаматтар;

4) Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттары мен жеке куәліктері, сондай-ақ шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат және азаматтығы жоқ адамның куәліктері берілген кезінде:

Кеңес Одағының батырлары, Социалистік Еңбек ерлері;

үш дәрежелі Даңқ орденінің және үш дәрежелі Еңбек Даңқы, «Алтын Қыран», «Отан» ордендерімен наградталған, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтарына ие болған;

«Батыр Ана» атағына ие болған, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған көп балалы аналар;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің, мүгедек баланың ата-анасының бірі;

қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын қарттар, балалар үйлерінде және (немесе) интернаттарда тұратын, мемлекеттің толық қамсыздандыруындағы және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

Чернобыль апатының салдарынан зардап шеккен азаматтар;

5) автомобильге, автомобильдің тіркемесіне, мотокөлікке мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі берілген кезде:

Кеңес Одағының батырлары, Социалистік Еңбек ерлері, үш дәрежелі Даңқ және үш дәрежелі Еңбек Даңқы, «Алтын Қыран», «Отан» ордендерімен наградталған, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтарына ие болған адамдар;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің, мүгедек баланың ата-анасының бірі;

Чернобыль апатының салдарынан зардап шеккен азаматтар.

623-бап. Мемлекеттік бажды төлеу тәртібі

1. Мемлекеттік баж:

1) соттар қарайтын істер бойынша – Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 106-бабының үшінші бөлігінде көзделген істерді қоспағанда, тиісті арыз (шағым) немесе сот бұйрығын шығару туралы арыз берілгенге дейін, сондай-ақ сот құжаттардың көшірмелерін берген кезде;

2) нотариаттық әрекеттерді орындағаны үшін, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін, телнұсқаларды бергені үшін – жасалған нотариаттық әрекетті

тіркеген кезде;

3) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркегені үшін, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар, қалпына келтірулер мен түзетулер енгізгені үшін, сондай-ақ анықтамалар және қайтадан куәліктер бергені үшін – оларды берген кезде;

4) кәмелетке толмаған балалары жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша неке бұзуды мемлекеттік тіркегені үшін – актіні тіркеген кезде;

5) мыналарды:

Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттары мен жеке куәліктерін, азаматтығы жоқ адамның куәліктерін, шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат бергені үшін;

жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін (рұқсат беру куәлігінің телнұсқасын) бергені үшін;

аңшы куәлігін (аңшы куәлігінің телнұсқасын) бергені (қайта ресімдегені) үшін;

өсімдіктердің, жануарлардың және бекіре тұқымдас балықтардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін, сондай-ақ олардың бөліктері мен дериваттарын әкелуге және әкетуге рұқсаттар бергені үшін;

азаматтық, қызметтік қаруды және оның патрондарын иеленуге, сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсаттар, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге қорытындылар, сондай-ақ комиссиялық сатуға жолдама бергені үшін;

азаматтық пиротехникалық заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсаттар бергені үшін;

жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының (аңшылық суық қаруды, белгі беретін қаруды, механикалық шашыратқыштарды, аэрозольді және көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған басқа да құрылғыларды, үрлемелі энергиясы 7,5 Дж-дан аспайтын және калибрі 4,5 мм-ді қоса алғанға дейінгі пневматикалық қаруды қоспағанда) әрбір бірлігін тіркегені және қайта тіркегені үшін;

Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан кетуге және Қазақстан Республикасына келуге байланысты істер бойынша;

зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның патенттер беруге, тауар белгілерін және тауарлар шығарылатын жердің атауларын тіркеуге, жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін тіркеуге, шарттарды тіркеуге, патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттауға және патенттік сенім білдірілген өкілді тіркеу туралы куәлік беруге байланысты

заңдық мәні бар әрекеттер жасағаны үшін;

теңізшінің жеке куәлігін, Қазақстан Республикасының теңізде жүзу кітапшасын және кәсіби дипломды бергені үшін тиісті құжаттарды бергенге дейін;

6) жүргізуші куәліктерін, тракторшы-машинист куәліктерін, механикалық көлік құралдарын және тіркемелерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін, сондай-ақ мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісінің телнұсқасын бергені үшін – тиісті құжаттарды, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісінің телнұсқасын бергенге дейін;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен нотариустарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қойғаны үшін - апөстиль қойғанға дейін төленеді.

2. Мемлекеттік баж уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар әрекеттер жасаған және (немесе) құжаттарды берген жері бойынша есепке жатқызылады.

3. Мемлекеттік баж сомаларын бюджетке төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару не оны уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қатаң есептілік бланкілері негізінде қолма-қол ақшаны енгізу жолымен жүргізіледі.

4. Мемлекеттік баж сомалары қолма-қол ақшамен төленген кезде мұндай қабылданған мемлекеттік баж сомаларын уәкілетті мемлекеттік органдар ақша қабылдау жүзеге асырылған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей екінші деңгейдегі банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға кейіннен оларды бюджетке есепке жатқызу үшін тапсырады. Егер қолма-қол ақшаның күн сайынғы түсімдері АЕК-тің 10 еселенген мөлшерінен аз болса, ақшаны тапсыру ақша қабылдау жүзеге асырылған күннен бастап операциялық үш күнде бір рет жүзеге асырылады.

2-параграф. Консулдық алым

624-бап. Жалпы ережелер

Консулдық алым Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері консулдық әрекеттер жасағаны және заңдық маңызы бар құжаттар бергені үшін шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан, бейрезидент-шетелдік заңды тұлғалардан, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларынан алатын, бюджетке төленетін төлем болып табылады.

625-бап. Консулдық алым төлеушілер

Осы Кодекстің 626-бабында көзделген консулдық әрекеттер өздерінің мүдделері үшін жасалатын шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар және бейрезидент-шетелдік заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары консулдық алым төлеушілер болып табылады.

626-бап. Алу объектілері

Консулдық алым мынадай консулдық әрекеттер жасағаны үшін алынады:

1) Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеуді қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматының паспортын ресімдеу;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың визалар беру туралы өтініштерін пысықтау және Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне визалар беру (визалық қолдау) туралы нұсқама жіберу;

3) Қазақстан Республикасының визаларын беру;

4) Қазақстан Республикасына қайта оралуға куәлік беру;

5) шетелде болу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының өтінішхаттарын ресімдеу;

6) Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері бойынша құжаттарды ресімдеу;

7) азаматтық хал актілерін тіркеу;

8) құжаттарды талап етіп алдыру;

9) құжаттарды заңдастыру, сондай-ақ апостильдеу үшін құжаттарды қабылдау және одан әрі өткізу;

10) нотариаттық әрекеттер жасау;

11) консулдық мекемеде өсиеттерді, құжаттар бар пакетті (өсиеттен басқа), ақшаны, бағалы қағаздарды және басқа да құндылықтарды (мұрагерлікті қоспағанда) сақтау;

12) жария сауда-саттықтарда тауарларды немесе өзге де мүлікті сату;

13) мүлікті немесе ақшалай сомаларды тиесілігі бойынша беру үшін алты айға дейінгі мерзімге депозитке қабылдау;

14) заңды тұлғалардың мекенжайына дипломатиялық поштамен құжаттар жіберу;

15) кеме шетелден сатып алынған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік беру;

16) Қазақстан Республикасының кемелеріне қатысты Қазақстан

Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген кез келген декларацияны немесе басқа да құжатты жасау немесе куәландыру;

17) шетелдегі Қазақстан Республикасы кемесінің немесе жүгінің опат немесе зақымдануы (кемелердің кеме апатына ұшырауы) жағдайында теңіз наразылығы туралы акт жасау;

18) заңдық мәні бар өзге де құжаттар (анықтамалар) беру.

627-бап. Консулдық алым мөлшерлемелері

1. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының аумағында алынатын консулдық алым мөлшерлемелерін;

2) Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерде алынатын консулдық алым мөлшерлемелерінің базалық ең төмен және ең жоғары мөлшерлерін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес белгіленген консулдық алым мөлшерлемелерінің базалық ең төмен және ең жоғары мөлшерлері шегінде шет мемлекеттің аумағында консулдық әрекеттер жасағаны үшін консулдық алым мөлшерлемелерін бекітеді.

Шет мемлекеттің аумағында консулдық әрекеттер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгілеген консулдық алым мөлшерлемелері болмаған кезде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі айқындайтын, басқа шет мемлекеттің аумағында консулдық әрекеттер жасағаны үшін белгіленген консулдық алым мөлшерлемелері қолданылады.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес бекітілген мөлшерлемелерге қосымша өзара түсіністік қағидаты негізінде жеделдеткені үшін консулдық алым мөлшерлемелерін белгілеуге құқылы.

628-бап. Консулдық алым төлеуден босату

Консулдық алым:

1) осы Кодекстің 617 – 622-баптарында көзделген жағдайларда;

2) Қазақстан Республикасымен консулдық алымдар алудан өзара бас тарту туралы келісім бар елдердің жеке және заңды тұлғаларынан;

3) Қазақстан Республикасы құқықтық көмек туралы шарттар жасасқан елдердің билік орындары мен жекелеген азаматтарының сұрау салуы бойынша отбасылық, азаматтық және қылмыстық істер бойынша, алименттер туралы, мемлекеттік жәрдемақылар мен зейнетақылар туралы, ұл бала (қыз

бала) асырап алу туралы құжаттарды талап етіп алдырғаны үшін;

4) мыналарға:

Қазақстан Республикасы ресми делегацияларының мүшелеріне және олармен бірге жүретін адамдарға;

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына;

қызметтік істер бойынша шетелге шығатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне – Қазақстан Республикасының дипломатиялық, қызметтік немесе ұлттық паспорт иелеріне;

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері персоналының отбасы мүшелеріне;

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері қызметкерінің немесе жұмыскерінің сырқаттануына немесе қайтыс болуына байланысты шетелге шығатын Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері персоналының жақын туыстарына және олармен бірге жүретін адамдарға визалар беру туралы шетелдік дипломатиялық өкілдіктерге және консулдық мекемелерге нота жасағаны және басып шығарғаны үшін;

5) Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың визалар беру туралы өтініштерін пысықтағаны және:

Қазақстан Республикасына баратын шетелдік ресми делегациялардың мүшелеріне және олармен бірге жүретін адамдарға;

республикалық және халықаралық маңызы бар іс-шараларға (симпозиумдарға, конференцияларға және өзге де саяси, мәдени, ғылыми және спорттық іс-шараларға) қатысу үшін Қазақстан Республикасына баратын шетелдіктерге;

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің, мемлекеттік органдардың, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдіктерінің шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына баратын шетелдіктерге;

Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен келісілген гуманитарлық көмекпен Қазақстан Республикасына баратын шетелдіктерге;

халықаралық ұйымдардың қызметтік істер бойынша Қазақстан Республикасына баратын қызметкерлеріне;

өзара түсіністік қағидаты негізінде шетелдік дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасында аккредиттелген халықаралық ұйымдардың шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына баратын шетелдіктерге;

инвесторлық визаларды;

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға;

өзара түсіністік қағидаты негізінде 16 жасқа дейінгі балаларға визалар беру (визалық қолдау) туралы Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне нұсқама жібергені үшін;

6) мыналарға:

Қазақстан Республикасына баратын шетелдік ресми делегациялардың мүшелеріне және олармен бірге жүретін адамдарға;

республикалық және халықаралық маңызы бар іс-шараларға (симпозиумдарға, конференцияларға және өзге де саяси, мәдени, ғылыми және спорттық іс-шараларға) қатысу үшін Қазақстан Республикасына баратын шетелдіктерге;

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына баратын шетелдіктерге;

Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен келісілген гуманитарлық көмекпен Қазақстан Республикасына баратын шетелдіктерге;

халықаралық ұйымдардың қызметтік істер бойынша Қазақстан Республикасына баратын қызметкерлеріне;

өзара түсіністік қағидаты негізінде шетелдік дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасында аккредиттелген халықаралық ұйымдардың шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына баратын шетелдіктерге;

қызметтік істер бойынша Қазақстан Республикасына баратын шетелдіктерге – дипломатиялық және қызметтік паспорт иелеріне;

өзара түсіністік қағидаты негізінде 16 жасқа дейінгі балаларға;

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға;

шетелде тұрақты тұратын және жақын туыстарының жерлеуіне Қазақстан Республикасына баратын, Қазақстан Республикасының бұрынғы азаматтарына визалар;

инвесторлық визаларды;

қызметтік визаларды;

дипломатиялық визаларды бергені үшін;

7) Қазақстан Республикасы консулдық мекемелерінің және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қызметкерлері жіберген қателері бар бастапқы визалардың орнына қайтадан визалар бергені үшін;

8) жоғалту, дүлей зілзала немесе басқа да форс-мажорлық мән-жайлар салдарынан құжаттары мен ақшасы жоқ Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасына қайта оралуға куәліктер және анықтамалар бергені үшін;

9) шетелде қайтыс болған Қазақстан Республикасы азаматтарының мәйіті салынған табыттар мен урналарды Қазақстан Республикасына жіберген кезде қайтыс болу туралы куәліктер және анықтамалар бергені үшін;

10) өзара түсіністік қағидаты негізінде шетелдік дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің өтінішхаттары бойынша құжаттарды талап етіп алдырғаны үшін;

11) Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері арқылы талап етіп алдырған құжаттарын заңдастырғаны үшін;

12) өзара түсіністік қағидаты негізінде шетелдік дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың өтінішхаттары бойынша құжаттарды заңдастырғаны үшін;

13) шетелде уақытша және тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын, сондай-ақ шетелдіктерге асырап алуға берілген, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды консулдық есепке қойғаны және консулдық есептен шығарғаны үшін алынбайды.

629-бап. Консулдық алымды төлеу тәртібі

1. Консулдық алым консулдық әрекеттер жасалғанға дейін төленеді.

2. Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері консулдық әрекеттерді төлеуші консулдық алымды төлегеннен кейін жүзеге асырады.

3. Мөлшерлемесі АҚШ долларымен белгіленген консулдық алымдарды Қазақстан Республикасының аумағында төлеу алымды төлеу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша теңгемен жүргізіледі.

4. Консулдық алым:

1) Қазақстан Республикасының аумағында – екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару жолымен бюджетке консулдық әрекеттер жүзеге асырылатын жер бойынша немесе Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгілеген нысан бойынша қатаң есептілік бланкілері негізінде консулдық мекемелерде қолма-қол ақшамен төленеді.

Консулдық алым қолма-қол ақшамен төленген жағдайда, консулдық алымның осы сомасын уәкілетті мемлекеттік орган ақша қабылдау жүзеге асырылған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей екінші

деңгейдегі банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға кейіннен оларды бюджетке есепке жатқызу үшін тапсырады. Егер қолма-қол ақшаның күн сайынғы түсімдері АЕК-тің 10 еселенген мөлшерінен аз болса, ақшаны тапсыру ақша қабылдау жүзеге асырылған күннен бастап операциялық үш күнде бір рет жүзеге асырылады;

2) Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерде – шаруашылық пайдалану құқығынсыз дипломатиялық өкілдіктің немесе консулдық мекеменің банктік шотына банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару жолымен немесе Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгілеген нысан бойынша қатаң есептілік бланкілері негізінде консулдық мекемелерде қолма-қол ақшамен төленеді.

5. Консулдық алымды төлеу аумағында консулдық әрекеттер жасалатын елдің валютасымен немесе кез келген басқа еркін айырбасталатын валютамен жүргізіледі.

6. Шетелде қабылданған консулдық алым сомаларын дипломатиялық өкілдік немесе консулдық мекеме олар қабылданған күннен бастап операциялық он күннен кешіктірмей дипломатиялық өкілдік немесе консулдық мекеме орналасқан елдің шетелдік банкіне шетелдік банктік шотқа есепке жатқызу үшін тапсырады.

Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі орналасқан елдің валютасымен шетелдік банктік шотқа түскен консулдық алымдарды шетелдік банк дипломатиялық өкілдіктің немесе консулдық мекеменің тапсырмасы бойынша АҚШ долларына, еврoға, ағылшын фунт стерлингіне, швейцар франкіне, Канада долларына, жапон иеніне, Ресей рубліне, Қытай юаніне айырбастайды.

Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігінің немесе консулдық мекемесінің бірінші қол қою құқығы бар басшысы шетелдік банктік шотқа билік етуші болып табылады.

Шетелдік банктік шотқа түскен консулдық алымдарды дипломатиялық өкілдік немесе консулдық мекеме ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің валюталық шотына одан әрі бюджет кірісіне есепке жатқызу үшін аударады. Егер дипломатиялық өкілдікке немесе консулдық мекемеге консулдық алымдардан түсетін ай сайынғы түсімдер 1 000 АҚШ долларынан аз болса, оның есепті кезеңнің соңындағы бағамы бойынша осы тармақта көрсетілген валюта түрлеріндегі баламасын құраса, аудару тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі дипломатиялық өкілдік немесе консулдық мекеме аударған консулдық алымдарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен шетелдік валютадағы корреспондеттік шоттар бойынша үзінді көшірмелерді алған

күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық нысандағы төлем құжаттарын қоса бере отырып, республикалық бюджет кірісіне аударады.

7. Төленген консулдық алым сомалары қайтарылуға жатпайды.

71-тарау. ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ КІРІСТЕРІ МЕН МҮЛКІН ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ

1-параграф. Активтер мен міндеттемелер туралы декларация

630-бап. Активтер мен міндеттемелер туралы декларация

1. Егер «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, осы баптың 2-тармағында аталған тұлғалар активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыру жылының алдындағы жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны толтырады.

2. Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыратын жылдың 1 қаңтарында мынадай:

1) осы Кодекстің ережелеріне сәйкес мынадай адамдардың бірі:

Қазақстан Республикасының кәмелетке толған азаматы;

оралман;

тұруға ықтиярхаты бар адам болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті;

2) осы баптың 4-тармағында айқындалған жағдайларда шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

3) осы баптың 5-тармағында айқындалған жағдайда кәмелетке толмаған адам болып табылатын жеке тұлға активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсырады.

3. Осы Кодексті қолдану мақсатында кәмелетке толмаған адамның және (немесе) әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі адамның салық міндеттемесін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңды өкілі орындайды.

4. Шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар мынадай жағдайда активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсырады:

1) активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыратын жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша меншік құқығында мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мүлкінің, сондай-ақ құқықтары және (немесе) мәмілелері Қазақстан Республикасының аумағында

мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мүлкінің бөлуы;

2) активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыратын жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй құрылысына қатысу үлесінің болуы.

Осы тармақтың ережелері Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық немесе оларға теңестірілген өкілдіктердің, шет мемлекеттердің консулдық мекемелерінің, халықаралық ұйымдардың және олардың өкілдіктерінің қызметкерлері болып табылатын шетелдіктерге немесе азаматтығы жоқ адамдарға, сондай-ақ олардың өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелеріне қолданылмайды.

5. Кәмелетке толмаған адамдар активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны осы адамдарда мынадай жағдайлардың кез келгені басталған кезде тапсырады:

1) активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыратын жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша меншік құқығында мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлкінің, сондай-ақ құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлікінің (жекешелендірілген тұрғын үйге ортақ бірлескен меншік құқығындағы мүлікті қоспағанда), оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде болуы;

2) активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыратын жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша тұрғын үй құрылысына қатысу үлесінің, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерде болуы;

3) активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыратын жылдың алдындагы жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктік шоттарда, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде жиынтығы барлық банк салымдары бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны тапсыратын жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанында қолданыста болатын ең төмен жалақының 160 еселенген мөлшерінен асатын ақша сомасының болуы;

4) активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыратын жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанындағы жагдай бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыратын жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанында қолданыста болатын ең төмен жалақының 500 еселенген мөлшерінен асатын басқа тұлғалардың осы адам алдындағы берешек (дебиторлық берешек) сомасының және (немесе) осы адамның басқа тұлғалар алдындағы берешек (кредиторлық берешек) сомасының болуы.

6. Активтер мен міндеттемелер туралы декларация мынадай түрлерге бөлінеді:

1) бастапқы – активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыру бойынша белгіленген міндет алғаш туындауына байланысты жеке тұлға тапсыратын активтер мен міндеттемелер туралы декларация;

2) кезекті – жеке тұлға активтер мен міндеттемелер туралы бастапқы декларацияны тапсырғаннан кейін «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық зацына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Багалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осындай жеке тұлға тапсыратын активтер мен міндеттемелер туралы декларация;

3) қосымша – өзгерістер және (немесе) толықтырулар жататын, бұрын тапсырылған жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларацияға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде жеке тұлға тапсыратын активтер мен міндеттемелер туралы декларация;

4) хабарлама бойынша қосымша – жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері бойынша камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органы бұзушылықтарды анықтаған, бұрын тапсырылған активтер мен міндеттемелер туралы декларацияға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде жеке тұлға тапсыратын активтер мен міндеттемелер туралы декларация.

7. Активтер мен міндеттемелер туралы декларация:

1) «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындагы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес декларация тапсыру міндеті жүктелген тұлғалардың тапсыруын;

2) осы Кодекстің 211-бабында көзделген қосымша салықтық есептілікті тапсыруды қоспағанда, бір рет тапсырылады.

631-бап. Активтер мен міндеттемелер туралы декларация жасау ерекшеліктері

1. Активтер мен міндеттемелер туралы декларация осы Кодекстің 630-бабының 2-тармағында аталған жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерде мыналардың болуы туралы ақпаратты көрсетуге арналады:

1) мемлекеттік немесе озге тіркеуге жататын мүлкі, сондай-ақ құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлкі;

2) тұрғын үй құрылысына қатысу үлесі;

3) банктік шоттарда ақшасы;

4) «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жария етілген ақшаны қоспағанда, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны тапсыратын жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанына қолданыста болатын ең төмен жалақының 500 еселенген мөлшері шегінен аспайтын сомада көрсетілетін қолма-қол ақшасы;

5) Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған банктерге және банк операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берешекті қоспағанда, басқа тұлғалардың жеке тұлға алдындағы берешегі (дебиторлық берешек) және (немесе) жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдында берешегінің (кредиторлық берешек) – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны тапсыратын жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанында қолданыста болатын ең төмен жалақының 500 еселенген мөлшеріне тең жиынтық сомадан асқан жағдайда міндеттеменің немесе талаптың туындауына негіз болып табылатын шарт немесе озге де құжат болған кезде көрсетіледі;

6) осы баптың 4-тармағында көрсетілген озге де мүлік.

2. Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияға қосымшалар салықтық бақылау мақсаттары үшін салық органдары пайдаланатын, осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәліметтер туралы ақпаратты егжей-тегжейлі корсетуге арналған.

3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке тұлғалардың декларацияларын тапсыру міндеті жүктелген адамдар активтер мен міндеттемелер туралы декларацияға қосымшаларда мүлікті сенімгерлік басқаруға, трастқа беру туралы мәліметтерді де көрсетеді.

4. Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда жеке тұлғаның қалауы бойынша мынадай талаптар ескеріле отырып, басқа да мүлік көрсетілуі мүмкін:

1) асыл тастар мен бағалы металдар, олардан жасалған зергерлік бұйымдар және құрамында асыл тастар мен бағалы металдар бар басқа да заттар, сондай-ақ өнер және антиквариат туындылары осы мүліктің бір бірлігі үшін бағасы (құны) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыратын жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанында қолданыста болатын ең төмен жалақының 500 еселенген мөлшерінен асқан және осындай мүліктің құнын растайтын құжаттар болған жағдайда көрсетіледі;

2) биологиялық активтер – ветеринариялық паспорт немесе осындай

активтерге меншік құқығын растайтын өзге де құжат болған кезде;

3) мәдени құндылықтар – Қазақстан Республикасының мәдениет туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген жағдайда;

4) осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген өзге де мүлік – Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы мен салық төлеуші арасындағы шарт бойынша жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған құнды қоса алғанда, осындай мүліктің құнын растайтын және (немесе) осындай мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттар болған кезде.

632-бап. Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыру мерзімдері

1. Егер осы баптың 2-тармағында өзгеше белгіленбесе, активтер мен міндеттемелер туралы декларация:

1) қағаз жеткізгіште тапсырылған жағдайда – декларацияны тапсыру міндеттемесі туындаған ағымдағы жылдың 15 шілдесінен кешіктірілмей;

2) электрондық түрде тапсырылған жағдайда – декларацияны тапсыру міндеттемесі туындаған ағымдағы жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмей тұрғылықты (болу) жері бойынша тапсырылады.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыру мерзімдері бөлігінде осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері:

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сайланбалы лауазымдарға кандидаттар;

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушылары болуға ниет білдірген тұлғалар ретінде активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыратын тұлғаларға қолданылмайды.

2. Дара кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын адамдар активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімдерде тұрған жері бойынша тапсырады.

2-параграф. Кірістер мен мүлік туралы декларация

633-бап. Кірістер мен мүлік туралы декларация

1. Кірістер мен мүлік туралы декларацияны тапсыратын жылдың

алдындағы күнтізбелік жыл ішінде:

1) осы Кодекстің ережелеріне сәйкес мынадай адамдардың бірі:

Қазақстан Республикасының кәмелетке толған азаматы;

оралман;

тұруға ықтиярхаты бар адам болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті;

2) осы баптың 2-тармағында айқындалған жағдайларда шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

3) осы баптың 3-тармағында айқындалған жағдайда кәмелетке толмаған адам болып табылатын жеке тұлға кірістер мен мүлік туралы декларацияны тапсырады.

2. Шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар, егер:

1) есепті салықтық кезеңде Қазақстан Республикасындағы көздерден жеке тұлға дербес салық салуға жататын кірістерді алған;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кірістер мен мүлік туралы декларацияны тапсыру міндеті жүктелген адамдар болып табылса, кірістер мен мүлік туралы декларацияны тапсырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық немесе оларға теңестірілген өкілдіктердің, шет мемлекеттердің консулдық мекемелерінің, халықаралық ұйымдардың және олардың өкілдіктерінің қызметкерлері болып табылатын шетелдіктерге немесе азаматтығы жоқ адамдарға, сондай-ақ олардың өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелеріне қолданылмайды.

Есепті салықтық кезеңде алынған, жеке тұлға дербес салық салуға жататын кірістерден жеке табыс салығын төлеу міндеттемесі туындаған жағдайда мұндай тұлғаның жеке табыс салығын төлеуі осы Кодекстің 641-бабының 2) тармақшасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

3. Кәмелетке толмаған адамдар кірістер мен мүлік туралы декларацияны осы адамдарда мынадай жағдайлардың кез келгені басталған кезде тапсырады:

1) мынадай:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;

бюджет қаражаты есебінен төленетін жәрдемақылар, өтемақылар, стипендиялар;

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдер;

лицензия негізінде банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы салымдар бойынша сыйақылар;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде бюджет қаражаты есебінен төленетін тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдар бойынша сыйлықақылар;

«Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан

Республикасының Заңында белгіленген мөлшерлерде бюджет қаражаты есебінен төленетін білім беру жинақтау салымдары бойынша мемлекет сыйлықақылары түріндегі кірістерді қоспағанда, есепті салықтық кезеңде кірістер, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде алу;

2) мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлікті, сондай-ақ құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлікті, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде иеліктен шығару және (немесе) сатып алу және (немесе) өтеусіз алу;

3) тұрғын үй құрылысына қатысу үлесін, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде сатып алу және (немесе) талап ету құқығын басқаға беру және (немесе) өтеусіз алу;

4) есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанышдағы жағдай бойынша банктік шоттарда, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде жиынтығы барлық банк салымдары бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанында қолданыста болатын ең төмен жалақының 160 еселенген мөлшерінен асатын ақша сомасының болуы;

5) Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған банктерге және банк операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берешекті қоспағанда, есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанында қолданыста болатын ең төмен жалақының 500 еселенген мөлшерінен асатын басқа тұлғалардың жеке тұлға алдындағы берешегі (дебиторлық берешек) және (немесе) жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдындағы берешегі (кредиторлық берешек) сомасының болуы.

4. Осы баптың 1-тармағында аталған жеке тұлға есепті салықтық кезең ішінде бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келген кезде оңайлатылған нысан бойынша қосымшаларсыз кірістер мен мүлік туралы декларацияны (бұдан әрі – кірістер мен мүлік туралы қысқаша декларация) тапсыруға міндетті:

1) жеке тұлға:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны, кірістер мен мүлік туралы декларацияны тапсыру міндеті жүктелген тұлға;

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес декларацияны тапсыру бойынша міндет жүктелген тұлға;

дара кәсіпкер;

жеке практикамен айналысатын адам болып табылмайды;

2) жеке тұлға:

мүліктік кіріс;

жеке тұлға дербес салық салуға жататын кірістер алмайды;

3) жеке тұлғаның кез келген кірістері болмайды немесе жеке тұлға кірістерді:

төлем көзінен салық салуға жататын кірістер;

өмір мен денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу;

алименттер түрінде ғана алды;

4) жеке тұлға салық агентіне төлем көзінен салық салынатын кірісті өзге шегерімдердің алдын ала сомасына азайтуға өтінішті бермеді;

5) жеке тұлғаның жеке табыс салығы бойынша асып кетуді есепке жатқызуға және (немесе) қайтаруға құқығы жоқ немесе жеке табыс салығы бойынша асып кетудің есепке жатқызылуын және (немесе) қайтарылуын жүргізу құқығын іске асыруды қаламайды;

6) жеке тұлға мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлікті, сондай-ақ құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлікті, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде сатып алмады, иеліктен шығармады, өтеусіз алмады.

634-бап. Кірістер мен мүлік туралы декларация жасау ерекшеліктері

1. Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларация (бұдан әрі – кірістер мен мүлік туралы декларация) мынадай нысандардың біреуі бойынша жыл сайын тапсырылады:

1) қосымшаларымен – кірістер мен мүлік туралы толық декларация;

2) қосымшаларсыз – кірістер мен мүліктер туралы қысқаша декларация.

2. Кірістер мен мүлік туралы толық декларация:

1) күнтізбелік жылы үшін, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде алынған кірістер;

2) салықтық шегерімдер;

3) мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлікті, сондай-ақ құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлікті, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде сатып алу және (немесе) иеліктен шығару және (немесе) өтеусіз алу;

4) жеке табыс салығы бойынша, оның ішінде осы Кодекстің 351-бабында айқындалған салықтық шегерім қолданылған жағдайда, Қазақстан Республикасында тұрғын үй сатып алуға алған ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге жеке тұлғаның шығыстары туралы мәліметтерді банк мекемелерінің беруіне жеке тұлғаның келісімін көрсете отырып, асып кету сомасын есепке жатқызу және қайтару жөніндегі талап туралы ақпаратты жеке тұлғалардың көрсетуіне арналады.

3. Кірістер мен мүлік туралы толық декларацияға қосымшалар салық

органдары салықтық бақылау мақсатында пайдаланатын салықтық міндеттемені есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналады.

4. Жеке тұлғалар, оның ішінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке тұлғалардың декларацияларын тапсыру міндеті жүктелген тұлғалар кірістер мен мүлік туралы толық декларацияда есепті салықтық кезең ішінде мынадай мүлікті, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде сатып алуға арналған шығыстарды жабу көздері туралы мәліметтерді көрсетеді:

1) мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын жылжымайтын мүлік, сондай-ақ құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлік;

2) мемлекеттік тіркеуге жататын механикалық көлік құралдары мен тіркемелер;

3) заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестері;

4) бағалы қағаздар;

5) инвестициялық алтын;

6) туынды қаржы құралдарын (орындалуы базалық активті сатып алу немесе өткізу арқылы жүргізілетін туынды қаржы құралдарын қоспағанда);

7) тұрғын үй құрылысына қатысу үлестері.

Осы мәліметтерді көрсету туралы талап кірістер мен мүлік туралы толық декларацияға қосымшада көрсетіледі.

5. Кірістер мен мүліктер туралы қысқаша декларация:

1) кез келген кірістердің жоқ екендігін немесе оларды мынадай:

толем көзінен салық салуға жататын кірістер;

өмір мен денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу;

алименттер түріндегі ғана кірістерді алғанын;

2) салықтық шегерімдерді, оның ішінде салық агенті қолданғандарға қосымша салықтық шегерімдерді қолдануға құқығы немесе оған ниетінің жоқ екендігін;

3) салық агентіне төлем көзінен салық салынатын кірісті озге шегерімдердің алдын ала сомасына азайтуға өтініштің берілмегенін;

4) мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлікті, сондай-ақ құқықтары және (немесе) мәмілелері мемлекеттік немесе өзге тіркеуге, жататын мүлікті, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде сатып алу, иеліктен шығару, өтеусіз алу фактілерінің жоқ екендігін растайтын ақпаратты көрсетуге арналады.

635-бап. Кірістер мен мүлік туралы декларацияны тапсыру мерзімдері

1. Егер осы баптың 2-тармағында өзгеше белгіленбесе, кірістер мен мүлік туралы декларация:

1) қағаз жеткізгіште тапсырылған жагдайда – есепті күнтізбелік

жылдан кейінгі жылдың 15 шілдесінен кешіктірілмей;

2) электрондық түрде тапсырылған жағдайда – есепті күнтізбелік жылдан кейінгі жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмей тұрғылықты (болу) жері бойынша тапсырылады.

2. Дара кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын адамдар кірістер мен мүлік туралы декларацияны осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімдерде тұрған жері бойынша тапсырады.

636-бап. Күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша жеке тұлғаның салық салынатын кірісін айқындау

1. Күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша жеке тұлғаның салық салынатын кірісі жеке тұлғаның, оның ішінде дара кәсіпкердің, жеке практикамен айналысатын адамның салық салынатын кіріс сомасы ретінде айқындалады.

Егер жыл қорытындысы бойынша салық салынатын кіріс сомасының теріс мәні болса, онда жеке табыс салығын есептеу мақсатында жыл қорытындысы бойынша салық салынатын кіріс сомасы нөлге тең деп танылады.

2. Жеке тұлғаның, оның ішінде дара кәсіпкердің, жеке практикамен айналысатын адамның салық салынатын кірісі мынадай тәртіппен айқындалады:

жеке практикамен айналысатын адамның және дара кәсіпкердің кірісін қоспағанда, осы Кодекстің 360-бабында көзделген, жеке тұлға оз бетінше салық салуга жататын кірістер

қосу

жеке практикамен айналысатын адамның салық салынатын кірісі

қосу

дара кәсіпкердің салық салынатын кірісі

алу

тауарлармен электрондық сауданы жүзеге асыратын дара кәсіпкердің салық салынатын кірісі,

қосу

осы Кодекстің 327 және 328-баптарында козделген кірістерді қоспағанда, толем көзінен салық салуға жататын, салық агенті есептеген кірістердің сомасы,

алу

осы Кодекстің 341-бабында көзделген кірістерді түзету,

алу

осы Кодекстің 342-бабының 1-тармағында көрсетілген салықтық шегерімдер.

Жеке тұлғаның салық салынатын кірісін тауарлардың электрондық саудасын жүзеге асыратын дара кәсіпкердің салық салынатын кірісіне азайту,

егер тауарлардың электрондық саудасын жүзеге асырудан түсетін кіріс осындай қызмет бойынша операциялар бойынша туындаған оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуін есепке ала отырып, дара кәсіпкердің салықтық кезең үшін алынған жиынтық кірісінің кемінде 90 пайызын құраған жағдайда, жүргізіледі. Осы шарт сақталмаған кезде, дара кәсіпкердің осы тармақтың бірінші бөлігінің жетінші және сегізінші абзацтарының ережелерін қолдануға құқығы жоқ.

3. Патент немесе оңайлатылған декларация негізінде шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер көрсетілген арнаулы салық режимдері шеңберінде салық салынатын кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеуді осы Кодекстің 77-тарауына сәйкес жүргізеді.

637-бап. Күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғаның кірістерінен жеке табыс салығын есептеу

1. Күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша жеке тұлғаның кірістерінен жеке табыс салығын есептеуді жеке тұлға кірістер мен мүлік туралы декларацияда дербес жүргізеді.

2. Күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша жеке тұлғаның кірістерінен жеке табыс салығының сомасы осы Кодекстің 320-бабында белгіленген мөлшерлемелерді жеке тұлғаның салық салынатын кірісінің сомасына қолдану жолымен есептеледі.

3. Бюджетке төлеуге жататын жеке табыс салығының сомасы мынадай мынадай тәртіппен айқындалады:

осы баптың 2-тармағында айқындалған тәртіппен есептелген жеке табыс салығының сомасы,

алу

осы Кодекстің 327 және 328-баптарында көзделген кірістерді қоспағанда, төлем көзінен салық салуға жататын кірістерден есептелген жеке табыс салығының сомасы,

алу

осы Кодекстің 638-бабына сәйкес есепке жатқызу жүзеге асырылатын жеке табыс салығының сомасы;

алу

осы Кодекстің 639-бабына сәйкес есепке жатқызу жүзеге асырылатын корпоративтік табыс салығының сомасы.

638-бап. Шетелдік салықты есепке жатқызу

1. Резидент-жеке тұлға Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі көздерден алған кірістерден Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде төленген кіріс салықтарының немесе жеке табыс салығына ұқсас

өзге шетелдік салықтың (бұдан әрі осы баптың мақсатында – шетелдік табыс салығы) сомалары осындай шетелдік табыс салығының төленгенін растайтын құжат болған кезде жеке табыс салығының мөлшерлемесі шегінде осы Кодекстің 303-бабында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасындағы жеке табыс салығын төлеу есебіне есепке жатқызылуға жатады.

2. Қазақстан Республикасындағы жеке табыс салығын төлеу есебіне бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан немесе бақыланатын шетелдік компания тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан шетелдік табыс салығының мынадай формула бойынша есептелген сомасы есепке жатқызуға жатады:

Се = П х Ү х Мт/100%, мұнда:

Се –шетелдік табыс салығының есепке жатқызылуға жататын сомасы;

П – осы Кодекстің 340-бабына сәйкес резидент-жеке тұлғаның жылдық кірісіне енгізілген, бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасының оң шамасы немесе бақыланатын шетелдік компания тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасының оң шамасы;

Ү – осы Кодекстің 297-бабына сәйкес айқындалатын, бақыланатын шетелдік компанияға резиденттің тікелей немесе жанама немесе конструктивті қатысу немесе тікелей немесе жанама немесе конструктивті бақылау коэффициенті;

Мт – осы Кодекстің 294-бабына сәйкес есептелген тиімді мөлшерлеме.

Осы тармақтың ережелері шетелдік табыс салығы бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан немесе бақыланатын шетелдік компания тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан мыналар тіркелген мемлекеттерде 10 пайыздан аз болатын тиімді мөлшерлеме бойынша төленген жағдайда қолданылады:

1) бақыланатын шетелдік компания немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесі;

2) тұрақты мекемені құрған бақыланатын шетелдік компания;

3) резидент бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін (дауыс беретін акцияларын) сол арқылы жанама иеленетін не оның жанама бақылауы болатын бақыланатын тұлға.

Егер бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасына немесе бақыланатын шетелдік компания тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасына екі және одан көп шет мемлекетте шетелдік табыс салығы салынса, онда тиімді мөлшерлемесі осындай шет мемлекеттерде төленген шетелдік табыс салығының тиімді мөлшерлемелерінен барынша көп шаманы құрайтын шетелдік табыс салығы ғана есепке жатқызуға қабылданады. Осы абзацтың ережелері:

1) бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін (дауыс беретін акцияларын) жанама иеленген немесе жанама бақылау жасаған және бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан немесе

бақыланатын шетелдік компания тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан шетелдік табыс салығы (осындай жанама иелену немесе осындай жанама бақылау сол (солар) жүзеге асырылатын бақыланатын тұлға (тұлғалар) тіркелген) екі және одан көп шет мемлекетте төленген кезде, немесе

2) бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін (дауыс беретін акцияларын) тікелей иеленген немесе тікелей бақылау жасаған және бақыланатын шетелдік компания тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан шетелдік табыс салығы:

бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесі;

тұрақты мекеме құрған бақыланатын шетелдік компания тіркелген шет мемлекеттерде төленген кезде қолданылады.

Резидент бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін (дауыс беретін акцияларын) тікелей және жанама немесе тікелей және конструктивті иеленген не резиденттің тікелей және жанама немесе тікелей және конструктивті бақылауы болған жағдайда, бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан немесе бақыланатын шетелдік компания тұрақты мекемесінің қаржылық пайдасынан шетелдік табыс салығының осы тармаққа сәйкес есепке жатқызылуға жататын сомасы бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін (дауыс беретін акцияларын) әрбір тікелей және жанама иелену немесе тікелей және конструктивті иелену не тікелей және жанама бақылау жасау немесе тікелей және конструктивті бақылау жасау бойынша жеке есептеледі. Бұл ретте бақыланатын шетелдік компанияға қатысу үлестерін (дауыс беретін акцияларын) тікелей және жанама иелену немесе тікелей және конструктивті иелену не тікелей және жанама бақылау жасау немесе тікелей және конструктивті бақылау жасау бойынша жеке есептелген осындай шетелдік табыс салығы шамаларының сомасы осы тармаққа сәйкес есепке жатқызылуға тиіс.

Осы тармақты қолдану үшін резидентте осы Кодекстің 303-бабының 4-тармағының бесінші бөлігінде көрсетілген құжаттар болуға тиіс.

639-бап. Бақыланатын шетелдік компанияның салығын есепке жатқызу

1. Жеке табыс салығы мынадай тәртіптердің бірімен айқындалатын шамаға азайтылады:

1) дивидендтер түріндегі кірістерден Қазақстан Республикасындағы төлем көзінен ұстап қалған корпоративтік табыс салығының сомасын қоспағанда, осы Кодекстің 340-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында есепті немесе алдыңғы салықтық кезеңде бақыланатын шетелдік компанияның салық салуға жататын (салық салынған) қаржылық пайдасына енгізілген, Қазақстан Республикасындағы көздерден бақыланатын шетелдік

компанияның кірісінен немесе салық салынатын кірісінен салықтық кезеңде Қазақстан Республикасындағы төлем көзінен ұстап қалған корпоративтік табыс салығының сомасы. Осы тармақшаның ережесі 10 пайыздан аз болатын мөлшерлеме қолданыла отырып есептелген, төлем көзінен ұстап қалған корпоративтік табыс салығының сомасына және резидент осы Кодекстің 638-бабы 2-тармағының ережелері қолданбаған жағдайда қолданылады;

2) мынадай тәртіппен айқындалатын шама:

Сш = К х (Мқ –Мт)/100%, мұнда:

Сш – осы тармақшаға сәйкес шегеруге жататын салық;

К – дивидендтер түріндегі кірістерді қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы көздерден бақыланатын шетелдік компания алған кіріс немесе салық салынатын кіріс;

Мқ – 10 пайыздан аз болатын мөлшерлеме бойынша Қазақстан Республикасындағы көздерден бақыланатын шетелдік компанияның кірісінен немесе салық салынатын кірісінен Қазақстан Республикасында ұстап қалған корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі (бұдан әрі – корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі);

Мт – бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы көздерден кірісті немесе салық салынатын кірісті қамтитын, осы Кодекстің 638-бабының 2-тармағына сәйкес есепке жатқызылған немесе есепке жатқызылуға тиіс пайдаға салынатын шетелдік салық есептелген қаржылық пайдасынан шет мемлекетте төленген пайдаға салынатын шетелдік салықтың немесе Қазақстан Республикасындағы корпоративтік табыс салығына ұқсас озге шетелдік салықтың тиімді мөлшерлемесі (бұдан әрі – пайдаға салынатын шетелдік салықтың тиімді мөлшерлемесі).

Осы тармақшаның бірінші бөлігінің ережесі, егер резидент осы Кодекстің 638-бабы 2-тармағының ережелерін қолданса және корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі пайдаға салынатын шетелдік салықтың тиімді мөлшерлемесінен көп болса, пайдаланылады.

2. Осы баптың 1-тармағы 1) немесе 2) тармақшасының ережелері резидент-жеке тұлғада мынадай:

бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірісінен немесе салық салынатын кірісінен төлем көзінен корпоративтік табыс салығын резиденттің ұстағанын және Қазақстан Республикасының бюджетіне аударғанын растайтын;

бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасында салық салуға жататын (салық салынған) қаржылық пайдасына Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістің немесе салық салынатын кірістің енгізілуін растайтын шет тілде (қазақ немесе орыс тіліне міндетті аудармасымен) жасалған ішкі құжаттың (құжаттардың);

осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасын қолдану кезінде осы

Кодекстің 303-бабы 4-тармағының бесінші бөлігінде көрсетілген құжаттардың көшірмелері болған кезде қолданылады.

640-бап. Жеке табыс салығы бойынша асып кету

Жеке табыс салығы бойынша асып кету деп осы Кодекстің 327 және 328-баптарында көзделген кірістерді қоспағанда, төлем көзінен салық салуға жататын кірістерден төлем көзінен ұстап қалған жеке табыс салығының сомасы мен осы Кодекстің 637-бабында айқындалған тәртіппен күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша жеке тұлғаның кірістерінен есептелген жеке табыс салығының сомасы арасындағы оң айырма танылады.

641-бап. Кірістер мен мүлік туралы декларацияда есептелген салықты төлеу тәртібі мен мерзімдері

Күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша жеке тұлғаның салық салынатын кірісінен есептелген жеке табыс салығын төлеуді салық төлеуші кірістер мен мүлік туралы декларацияның тапсырылу тәсілдеріне қарай оны тапсыру үшін осы Кодекстің 635-бабында белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

1) дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам - тұрған жері бойынша;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілмеген жеке тұлға - тұрғылықты (болу) жері бойынша.

642-бап. Резидент-еңбекші көшіп келушінің кірісі

1. Резидент-еңбекші көшіп келушілер жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем төлеуді жүргізеді.

Жеке табыс салығы бойынша алдын ала толем республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2 еселенген мөлшерінде еңбекші көшіп келушіге рұқсатты алуға (ұзартуға) арналған өтінішінде резидент-еңбекші көшіп келуші көрсеткен тиісті кезеңнің жұмыстар орындалатын, қызметтер көрсетілетін әрбір айы үшін есептеледі.

Резидент-еңбекші көшіп келуші жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем төлеуді еңбекші көшіп келушіге рұқсатты алғанға (ұзартқанға) дейін болатын жері бойынша жүргізеді.

2. Есепті салықтық кезең аяқталғаннан кейін резидент-еңбекші көшіп келушілер кірістің салық салынатын сомасына осы Кодекстің 320-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлемені қолдану арқылы жеке табыс салығының сомасын есептеуді жүргізеді.

Кірістің салық салынатын сомасы жұмыстарды орындаудан,

қызметтерді көрсетуден алынған (алуға жататын) кірістердің республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төмен жалақы мөлшерінің сомасына азайтылған еңбекші көшіп келушіге рұқсатта көрсетілген тиісті кезеңнің жұмыстары орындалатын, қызметтері көрсетілетін әрбір айы үшін есептелген сомасы ретінде айқындалады.

Резидент-еңбекші көшіп келуші салықтық кезең ішінде бюджетке төлеген алдын ала төлемдер сомасы есепті салықтық кезең үшін есептелген жеке табыс салығын төлеу есебіне есепке жатқызылады.

Егер салықтық кезең ішінде жеке табыс салығы бойынша төленген алдын ала төлемдер сомасы есепті салықтық кезең үшін есептелген жеке табыс салығының сомасынан асып кетсе, онда мұндай асып кету сомасы артық төленген жеке табыс салығының сомасы болып табылмайды және кері қайтарылуға немесе есепке жатқызуға жатпайды.

643-бап. Жеке табыс салығы бойынша декларация және оны тапсыру мерзімдері

1. Есепті салықтық кезең үшін есептелген жеке табыс салығының сомасы жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлемдер сомасынан асып кеткен жағдайда, тұрғылықты (болу) жері бойынша кірістерді алған, резидент-еңбекші көшіп келушілер жеке табыс салыгы бойынша декларацияны есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде тапсырады.

2. Салықтық кезең ішінде осы Кодекстің 642-бабында көзделген кірістерді алған, резидент-еңбекші көшіп келуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кеткен жағдайда, жеке табыс салығы бойынша декларация (декларациялар) осындай адамның Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кету күніне дейін салықтық кезең ішінде тапсырылады.

19-БӨЛІМ. БЕЙРЕЗИДЕНТТЕРГЕ САЛЫҚ САЛУ

644-бап. Бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістері

1. Бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістері деп кірістердің мынадай түрлері танылады:

1) Қазақстан Республикасының аумағында тауарларды өткізуден түсетін кіріс, сондай-ақ сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан Республикасындағы, оның шегінен тыс жердегі тауарларды өткізуден түсетін кіріс;

2) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түсетін кіріс;

3) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде басқарушылық, қаржылық, консультациялық, инжинирингтік, маркетингтік, аудиторлық, заң (соттарда, төрелікте немесе аралық сотта өкілдік ету және құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау бойынша көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ нотариаттық көрсетілетін қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түсетін кіріс.

Осы бөлімнің мақсатында мыналар қаржылық қызметтер көрсету деп танылады:

сақтандыру нарығына (сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша көрсетілетін қызметтерді қоспағанда), бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың қызметі;

бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі;

банк қызметі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізу жөніндегі ұйымдардың қызметі (Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғасының құрылымдық бөлімшесіне банктік шоттарды ашу және жүргізу, аудару операциялары, кассалық операциялар, шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру, төлем құжаттарын инкассоға қабылдау бойынша көрсетілген қызметтерді қоспағанда);

орталық депозитарийдің және өзара сақтандыру қоғамдарының қызметі;

әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қызметі;

4) уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаның жұмыстардың, қызметтердің нақты орындалған, көрсетілген жеріне қарамастан, оларды орындаудан, көрсетуден түсетін кірістері, сондай-ақ осы бапта белгіленген өзге де кірістер.

Осы тармақшаның ережелері:

осындай мемлекеттің аумағында жеке тұлғаға туристік қызметтер көрсетуден;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған әуежай қызметін жүзеге асырудан түсетін кіріске қатысты қолданылмайды;

5) уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаның мынадай:

аванс (алдын ала төлем) төленген күннен бастап екі жылдық кезең өткен соң бейрезидент қанағаттанбаған;

егер осы тармақшада өзгеше көзделмесе, аванс (алдын ала төлем) төленген күннен бастап екі жылдық кезең өткенге дейін авансты (алдын ала төлемді) төлеген тұлға таратылған кезде таратудың салықтық есептілігін ұсынған күнге бейрезидент қанағаттанбаған шарттардың бірін орындаған

кезде алған аванс (алдын ала төлем) бойынша міндеттемелер түріндегі кірістері.

Авансты (алдын ала төлемді) төлеген тұлға таратылған кезде осы Кодексе сәйкес таратудың салықтық тексеруін жүргізу немесе камералдық бақылау нәтижелері бойынша қорытынды беру көзделген жағдайда, осындай міндеттеменің мөлшері:

салық төлеушінің бастапқы құжаттарына сәйкес төлеуге жатқан және аралық тарату балансын бекіту күніне осы баланста көрсетілуге жататын (көрсетілген) міндеттемелер сомасы (қосылған құн салығының сомаларын қоспағанда),

алу

аралық тарату балансы бекітілген күннен бастап және таратудың салықтық тексеруі немесе камералдық бақылау аяқталған күнге дейінгі кезеңде қанағаттандырылатын міндеттемелер сомасы ретінде айқындалады.

Тарату салықтық тексеруінің нәтижелері бойынша міндеттеменің мөлшерін салық органы көрсетілген кезең үшін қанағаттандырылған міндеттемелердің нақты сомасын негізге ала отырып айқындайды. Мұндай міндеттеменің мөлшері салықтық тексеру актісінде көрсетіледі.

Камералдық бақылаудың нәтижелері бойынша міндеттеменің мөлшерін салық органы көрсетілген кезең үшін қанағаттандырылған міндеттемелердің нақты сомасын негізге ала отырып айқындайды және камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламада көрсетіледі;

6) мыналарды:

құқығы немесе мәмілелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын Қазақстан Республикасының аумағындағы мүлікті;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын Қазақстан Республикасының аумағындағы мүлікті;

резидент шығарған бағалы қағаздарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасында өрналасқан резидент-заңды тұлғаның, консорциумның жарғылық капиталына қатысу үлестерін;

бейрезидент шығарған акцияларды, сондай-ақ бейрезидент-заңды тұлғаның консорциумның жарғылық капиталына қатысу үлестерін, егер бейрезидент-заңды тұлғаның мұндай акциялары, қатысу үлестері немесе активтері құнының 50 және одан көп пайызын Қазақстан Республикасындағы мүлік құрайтын болса, өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін кіріс;

7) талап ету құқығын басқаға берген бейрезидент үшін – Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидентке немесе бейрезидент-заңды тұлғаға борышты талап ету құқықтарын басқаға беруден түсетін кіріс.

Бұл ретте мұндай кірістің мөлшері бейрезиденттің бастапқы құжаттарына сәйкес басқаға берілген талап ету құқығының құны мен талап

ету құқығын басқаға беру күніне борышкерден алуға жататын талап ету құны арасындағы оң айырма түрінде айқындалады;

8) талап ету құқығын сатып алатын бейрезидент үшін – Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резиденттен немесе бейрезидент-заңды тұлғадан борышты талап ету құқықтарын сатып алу кезінде талап ету құқықтарын басқаға беруден түсетін кіріс.

Бұл ретте мұндай кірістің мөлшері талап ету құқығын басқаға беру күніне негізгі борышты, оның ішінде негізгі борыштан жоғары соманы талап ету бойынша борышкерден алуға жататын сома мен талап ету құқығын сатып алу құны арасындағы оң айырма түрінде айқындалады;

9) бұрын негізсіз ұстап қалған айыппұлдардың бюджетке қайтарылғандарынан басқа, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) және басқа да санкция түрлері түріндегі кіріс;

10) резидент-заңды тұлғадан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған инвестициялық пай қорларынан алынатын дивидендтер түріндегі кіріс;

11) борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар түріндегі кіріс;

12) эмитенттен алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі кіріс;

13) роялти түріндегі кіріс;

14) қаржы лизингінен басқа, Қазақстан Республикасында орналасқан немесе орналасатын мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) беруден түсетін кіріс;

15) Қазақстан Республикасындағы жылжымайтын мүліктен алынатын кіріс;

16) Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кіріс;

17) халықаралық тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетуден түсетін кіріс.

Осы бөлімнің мақсатында халықаралық тасымалдар деп әртүрлі мемлекеттердегі, олардың біреуі Қазақстан Республикасы болып табылатын пункттер арасында жүзеге асырылатын теңіз, өзен немесе әуе кемесімен, автокөлік құралымен немесе теміржол көлігімен жолаушыларды, багажды, тауарларды, оның ішінде поштаны кез келген тасымалдау танылады.

Осы бөлімнің мақсатында мыналар халықаралық тасымалдар деп танылмайды:

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі пункттер арасында ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттер арасында ғана жүзеге асырылатын тасымалдау;

тауарларды магистральдық құбыржолдармен тасу;

18) теңіз тасымалы шартында (келісімшартында) көзделген сталиялық

уақыттан тыс тиеу-түсіру операциялары кезінде кеменің бос тұрып қалғаны үшін төлем түріндегі кіріс;

19) Қазақстан Республикасының аумағындағы құбыржолдарды, электр беру желілерін, талшықты-оптикалық байланыс желілерін пайдаланудан алынатын кіріс;

20) жұмыс беруші болып табылатын резидентпен немесе бейрезидентпен жасалған еңбек келісімшарты (келісімі, келісімшарты) бойынша бейрезидент-жеке тұлғаның Қазақстан Республикасындағы қызметінен түсетін кірістері;

21) еңбекші көшіп келушіге рұқсаттың негізінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған еңбек шарты бойынша бейрезидент-еңбекші көшіп келушінің кірісі;

22) резидентке қатысты өздеріне жүктелген басқарушылық міндеттерді орындауға байланысты, мұндай міндеттерді нақты орындайтын жеріне қарамастан, басшының гонорары және (немесе) басқару органының (директорлар кеңесінің немесе өзге де органның) мүшелеріне аталған адамдар алатын өзге де төлемдер;

23) жұмыс берушілер болып табылатын резидент немесе бейрезидент Қазақстан Республикасында тұруына байланысты бейрезидент-жеке тұлғаға төлейтін үстемеақылар;

24) бейрезидент-жеке тұлғаның жұмыс берушіден алынған материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен түсетін кірісі.

Осы бөлімнің мақсатында материалдық пайда деп, оның ішінде:

бейрезидент-жеке тұлға тауарларға, орындалған жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге үшінші тұлғалардан алған төлем және (немесе) олардың құнының өтемі;

бейрезидент-жеке тұлғаға өткізілген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны мен осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бағасы немесе олардың өзіндік құны арасындағы теріс айырма;

бейрезидент-жеке тұлғаның борыш немесе міндеттеме сомасын есептен шығару танылады;

25) бейрезидент-жеке тұлғаның жұмыс беруші болып табылмайтын тұлғадан алған материалдық пайда түріндегі кірісі.

Осы бөлімнің мақсатында мыналар материалдық пайда деп, оның ішінде:

бейрезидент-жеке тұлға тауарларға, орындалған жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге үшінші тұлғалардан алған ақы төлеу де және (немесе) олардың құнының өтемі;

бейрезидент-жеке тұлғаға өткізілген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны мен осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бағасы немесе олардың өзіндік құны

арасындағы теріс айырма;

бейрезидент-жеке тұлғаның борыш немесе міндеттеме сомасын есептен шығару танылады;

26) резидент-жинақтаушы зейнетақы қоры жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

27) қалай және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, театр, кино, радио, телевизия әртісінің, музыканттың, суретшінің, спортшының және өзге де бейрезидент-жеке тұлғаның Қазақстан Республикасындағы мәдениет, өнер және спорт саласындағы қызметтен түсетін кірісі;

28) ұтыс түріндегі кіріс;

29) Қазақстан Республикасында тәуелсіз жеке (кәсіби) қызметтер көрсетуден түсетін кіріс;

30) бейрезидент-жеке тұлғаның резидент-жеке тұлғадан өтеусіз алған мүлкін қоспағанда, өтеусіз алынған немесе мұраға қалған мүлік, оның ішінде жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түріндегі кіріс.

Өтеусіз орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құны осындай жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты жұмсалған шығыстар мөлшерінде айқындалады.

Өтеусіз орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қоспағанда, өтеусіз алынған мүліктің құны мүлікті беру күніне мұндай мүлікті берген тұлғаның бухгалтерлік есебінің деректері бойынша оның баланстық құнының мөлшерінде айқындалады.

Бухгалтерлік есеп деректері бойынша өтеусіз алынған мүліктің, сондай-ақ мұраға қалған мүліктің құнын айқындау мүмкін болмаған жағдайда, беру немесе мұраға енгізу күніне мұндай мүліктің құны мынадай тәсілдердің бірімен:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы мұндай мүлік алынған күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарындағы жағдай бойынша белгілеген құн негізінде;

қазақстандық немесе шетелдік қор биржасында саудаланатын бағалы қағаздың көрсетілген бағалы қағазды мұраға алу (енгізу) күніне белгіленімінің құны негізінде белгіленеді.

Өтеусіз алынған немесе мұраға қалған мүліктің құнын осы тармақшада айқындалған тәртіппен айқындау мүмкін болмаған жағдайда, құн мүлікті бағалау туралы есептің негізінде айқындалады;

31) туынды қаржы құралдары бойынша кіріс;

32) сенімгерлік басқару құрылтайшысы алушы болып табылатын бейрезидент үшін Қазақстан Республикасында салық міндеттемесін орындау жүктелмеген резидентке мүлікті сенімгерлік басқаруға беруден алынған кіріс;

33) ислам банкінде орналастырылған инвестициялық депозит бойынша кіріс;

34) Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметтен пайда

болған басқа да кірістер.

Бұл ретте осы тармақтың 3), 4) 5), 11), 12), 13), 25) және 28) тармақшаларының ережелері:

резидент;

Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент, егер кірістерді есепке жазу, төлеу және (немесе) кірістерді төлеу бойынша шығыстарды шегерімге жатқызу, мұндай тұрақты мекеменің қызметіне немесе мүлкіне байланысты болса,;

егер бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі қосарланған салық салуды болғызбау және салықтарды төлеуден жалтаруға жол бермеу мәселелерін реттейтін халықаралық шартқа немесе осы Кодекстің 220-бабының 6-тармағына сәйкес тұрақты мекеме құрмаған жағдайда, мұндай құрылымдық бөлімше кірістерді есепке жазған, төлеген және (немесе) кірістерді төлеу бойынша шығыстарды шегерімге жатқызған жағдайда қолданылады.

2. Мыналар бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы көздерден кірісі болып табылмайды:

1) осы Кодекстің ережелеріне сәйкес бейрезиденттің кірісінен есептелген және салық агенті мұндай табыс салығын ұстамай өз қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының бюджетіне төлеген табыс салығының сомасы;

2) өздеріне резидент жүктеген басқарушылық міндеттерді орындауға байланысты басқару органының (директорлар кеңесінің немесе өзге органның) мүшелеріне жұмсалған шығыстар өтемақысы, мынадай шекте:

осындай шығыстарды растайтын құжаттар (оның ішінде құнын төлеу фактісін растайтын құжат, сондай-ақ отырғызу талоны немесе жол жүру фактісін растайтын және тасымалдаушы берген озге де құжат болған кезде электрондық билет, электрондық жол жүру құжаты) негізінде бронь үшін шығыстарды төлеуді қоса алганда, басқарушылық міндеттерді орындау орнына бару және кері қайту жолына нақты жүргізілген шығыстар;

осындай шығыстарды растайтын құжаттар негізінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұрғын үй-жайды жалдау бойынша нақты жүргізілген, бірақ шетелде іссапарларда жүрген мемлекеттік қызметшінің отельдерден бір орынды стандартты нөмірлерді жалдауы бойынша шығыстарды өтеудің шекті нормаларынан аспайтын шығыстар;

осындай шығыстарды растайтын құжаттар негізінде Қазақстан Республикасының шегінде тұрғын үй-жайды жалдау бойынша нақты жүргізілген шығыстар;

күнтізбелік қырық күннен аспайтын кезең ішінде басқарушылық міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасының шегінде болған күнтізбелік әрбір күн үшін, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшерінен аспайтын ақша сомасы;

күнтізбелік қырық күннен аспайтын кезең ішінде басқарушылық міндеттерді орындау үшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде болған күнтізбелік әрбір күн үшін, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 8 еселенген мөлшерінен аспайтын ақша сомасы. Бұл ретте басқарушылық міндеттерді орындайтын орны тұрақты тұратын жерімен сәйкес келмеуге тиіс.

3) бейрезидент-заңды тұлғаның:

осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында айқындалған дербес білім беру ұйымдарына;

осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген қызмет түрлері бойынша осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында айқындалған дербес білім беру ұйымдарына жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түсетін кірісі;

4) бейрезидент-заңды тұлғаның осы Кодекстің 291-бабы 1-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында айқындалған дербес білім беру ұйымдары төлейтін роялти түріндегі кірісі;

5) бейрезидент-заңды тұлғаның жарғылық капиталына салым түрінде алынған мүліктің құны, сондай-ақ бейрезидент-эмитент өзі шығарған акцияларды орналастырудан алған мүліктің құны.

72-тарау. ҚЫЗМЕТІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТҰРАҚТЫ МЕКЕМЕ ҚҰРУҒА АЛЫП КЕЛМЕЙТІН БЕЙРЕЗИДЕНТ-ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ КІРІСТЕРІНЕ САЛЫҚ САЛУ ТӘРТІБІ

645-бап. Төлем көзінен корпоративтік табыс салығын есептеу мен ұстау тәртібі

1. Қызметі Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құруға алып келмейтін бейрезидент-заңды тұлғаның (бұдан әрі осы тараудың мақсатында – бейрезидент) Қазақстан Респбликасындағы көздерден кірістеріне шегерімдер жүзеге асырылмай, төлем көзінен корпоративтік табыс салығы салынады.

Бұл ретте төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығының сомасын салық агенті осы баптың 9-тармағында көрсетілген кірістерді қоспағанда, осы Кодекстің 644-бабында көрсетілген кірістер сомасына осы Кодекстің 646-бабында белгіленген мөлшерлемелерді қолдану жолымен есептейді.

Төлем көзінен салық салынатын кірістер бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу мен ұстауды салық агенті:

1) есепке жазылған және төленген кірістер бойынша – бейрезидентке

кірістерді төлеу күнінен кешіктірмей;

2) шегерімге жатқызылған, есепке жазылған және төленбеген кірістер бойынша – корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін осы Кодекстің 315-бабының 1-тармағында белгіленген мерзімнен кешіктірмей жүргізеді.

2. Салық агенті төлем көзінен корпоративтік табыс салығын бейрезидентке кіріс төлеуді жүзеге асырудың нысаны мен орнына қарамастан ұстайды.

3. Бейрезиденттің кірістеріне төлем көзінен салық салу осы бейрезиденттің өз кірістеріне үшінші тұлғалардың және (немесе) басқа мемлекеттердегі өзінің құрылымдық бөлімшелерінің пайдасына билік етуіне қарамастан жүргізіледі.

4. Осы баптың мақсатында бағалы қағаздарды, қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімі осы Кодекстің 228-бабына сәйкес айқындалады.

5. Осы Кодекстің ережелеріне сәйкес бейрезиденттің кірістерінен есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын салық агенті оны ұстамай өз қаражаты есебінен төлеген кезде, салық агентінің төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстау және аудару жөніндегі міндеті орындалды деп есептеледі.

6. Төлем көзінен корпоративтік табыс салығын есептеу, ұстау және бюджетке аудару жөніндегі міндет пен жауапкершілік бейрезидентке кіріс төлейтін және салық агенттері таныған мынадай тұлғаларға жүктеледі:

1) дара кәсіпкер;

2) Қазақстан Республикасында қызметін құрылымдық бөлімше арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға.

Бұл ретте бейрезидент-заңды тұлға оның құрылымдық бөлімшесі Қазақстан Республикасының салық органдарында тіркеу есебіне қойылған күннен бастап салық агенті деп танылады;

3) Қазақстан Республикасында қызметін құрылымдық бөлімше ашпаған тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға.

Бұл ретте бейрезидент-заңды тұлға оның құрылымдық бөлімше ашпаған тұрақты мекемесі Қазақстан Республикасының салық органдарында тіркеу есебіне қойылған күннен бастап салық агенті деп танылады;

4) бейрезидент-заңды тұлға, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активінің эмитенті;

5) осы баптың 9-тармағының 8) тармақшасында белгіленген шарттар орындалмаған кезде, осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген мүлікті сатып алатын бейрезидент-заңды тұлға.

7. Ақшаны қолма-қол және (немесе) қолма-қол емес нысандарда, бағалы қағаздарды, қатысу үлесін, тауарларды, мүлікті беру, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, Қазақстан Республикасындағы көздерден

кірістерді төлеу бойынша бейрезидент алдындағы берешекті өтеу есебіне жүргізілетін борыш талабын есептеп шығару және (немесе) есепке жатқызу кірісті төлеу деп түсініледі.

Осы бөлімнің мақсатында осы Кодекске және Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасына сәйкес салық салу объектілерін түзету кезінде туындайтын дивидендтерге салық салынған кезде осы Кодекстің 1-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес кірісті айқындау кірісті төлеу деп түсініледі.

Бұл ретте корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін осы Кодекстің 315-бабының 1-тармағында белгіленген мерзім кірісті төлеу күні болып табылады.

8. Бейрезидентпен жасалған келісімшарттар Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерде жұмыстардың, қызметтердің алуан түрлерінің орындалуын, көрсетілуін көздейтін ережелер болған кезде осы бапта белгіленген толем көзінен табыс салығын есептеу және ұстау тәртібі жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке-жеке қолданылады. Бірыңғай өндірістік-технологиялық цикл шеңберінде бейрезидент орындаған жұмыстардың, көрсеткен қызметтердің әрбір кезеңі бейрезиденттің кірістерінен төлем көзінен табыс салығын есептеу және ұстау мақсатында жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрі ретінде қаралады.

Бұл ретте жоғарыда көрсетілген келісімшарт бойынша бейрезиденттің жалпы кірістер сомасы негізді түрде Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерде жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден алынған кірістерге бөлінуге тиіс.

Осы тармақтың ережелерін қолдану мақсатында бейрезидент Қазақстан Республикасының және (немесе) шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес жасалған, Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден алынған кірістерге және оның шегінен тыс жерде жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден алынған кірістерге бейрезиденттің жалпы кіріс сомасын бөлуді растайтын есептік құжаттаманың көшірмелерін көрсетілетін қызметтерді алушыға ұсынуға міндетті.

Осы баптың ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында салық салуға жататын бейрезиденттің кіріс сомасының төмендеуіне алып келген, бейрезиденттің кірісін осындай бөлу болмаған немесе негізсіз бөлген кезде жоғарыда көрсетілген келісімшарт бойынша Қазақстан Республикасында, сол сияқты оның шегінен тыс жерде жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден бейрезиденттің алған жиынтық кіріс сомасы салық салуға жатады.

9. Мыналар салық салуға жатпайды:

1) тауар беруге байланысты Қазақстан Республикасының аумағында көрсетілген қызметтерді, орындалған жұмыстарды қоспағанда, сыртқы сауда

қызметі шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағына тауарлар беруге байланысты төлемдер.

Егер тауарларды беруге арналған шарттың (келісімшарттың) талаптары бойынша мәміле бағасына Қазақстан Республикасының аумағында қызметтер көрсетуге, жұмыстар орындауға шығыстар шартта (келісімшартта) сатып алынған тауарлар және (немесе) осындай шығыстар бойынша сомалар жеке бөлінбей енгізілсе, онда сатып алынған тауарлар құны осындай шығыстар ескеріле отырып, шартта (келісімшартта) көрсетілген мәміле бағасының негізінде айқындалады.

Егер тауарларды беруге арналған шарттың (келісімшарттың) талаптары бойынша мәміле бағасына Қазақстан Республикасының аумағында қызметтер көрсетуге, жұмыстар орындауға шығыстар енгізілсе, бұл ретте сатып алынған тауарлар бойынша сома мұндай шығыстардан жеке көрсетілсе, онда сатып алынған тауарлар бойынша құн осындай шығыстардың құны есепке алынбай айқындалады;

2) резидент-банктердің корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу және олар бойынша есеп айырысуларды, сондай-ақ халықаралық төлем карточкалары арқылы есеп айырысуларды жүргізу жөніндегі қызметтер көрсетуден түсетін кірістер;

3) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде дивидендтер мен сыйақыларды есепке жазу күні болатын бағалы қағаздар бойынша осындай дивидендтер мен сыйақылар;

4) уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаларға төленетіндерді қоспағанда, егер осы тармақтың 3), 5) тармақшаларында өзгеше белгіленбесе, бір мезгілде мынадай:

дивидендтерді есепке жазу күніне салық төлеуші дивидендтер төленетін акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленеді;

дивидендтер төлейтін резидент-заңды тұлға дивидендтер төленетін кезең ішінде жер қойнауын пайдаланушы болып табылмайды;

жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі дивидендтер төлейтін резидент-заңды тұлға активтерінің құнында дивидендтер төлеу күніне 50 пайыздан аспайды деген шарттар орындалған кездегі дивидендтер.

Егер дивидендтер төлейтін резидент-заңды тұлға есептелген корпоративтік табыс салығын қызмет бойынша, оның ішінде осындай азайту козделген инвестициялық келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша 100 пайызға азайтуды жүргізсе, онда осы тармақшаның ережелері мынадай тәртіппен қолданылады:

егер тұтастай алғанда дивидендтер төлейтін резидент-заңды тұлға бойынша есептелген корпоративтік табыс салығының жалпы сомасында 100 пайызға азайтылған корпоративтік табыс салығының үлесі

50 және одан көп пайызды құраса, онда осы тармақшада козделген, осындай заңды тұлға төлейтін дивидендтерді босату қолданылмайды;

егер тұтастай алғанда дивидендтер төлейтін резидент-заңды тұлға бойынша есептелген корпоративтік табыс салығының жалпы сомасында 100 пайызға азайтылған корпоративтік табыс салығының үлесі 50 пайыздан аз болса, онда осы тармақшада козделген, осындай заңды тұлға төлейтін дивидендтерді босату дивидендтердің бүкіл сомасына қолданылады.

Салық төлеушінің акцияларды немесе қатысу үлестерін иеленудің осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімі, егер мұндай акцияларды немесе қатысу үлестерін салық төлеуші бұрынғы меншік иелерінің қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде алса, бұрынғы меншік иелерінің акцияларды немесе қатысу үлестерін иелену мерзімдері ескеріле отырып, жиынтық түрінде айқындалады.

Осы тармақшаның ережелері резидент-заңды тұлғадан:

акциялар бойынша, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активтері болып табылатын акциялар бойынша төлеуге жататын кіріс;

резидент-заңды тұлға құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлетін таза кірістің бір бөлігі;

құрылтайшы, қатысушы жарғылық капиталға салым ретінде енгізген мүлікті қоспағанда, резидент-заңды тұлға таратылған кезде немесе құрылтайшылар, қатысушылар салымдарының мөлшерін пропорционал азайту жолымен не құрылтайшылардың, қатысушылардың үлестерін толық немесе ішінара өтеу жолымен жарғылық капитал азайтылған кезде, сондай-ақ резидент-заңды тұлғаға қатысу үлесін құрылтайшы, қатысушы алып қойған кезде мүлікті бөлуден түсетін кіріс түрінде алынған дивидендтерге ғана қолданылады.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалар (тұлға) мүлкінің дивидендтер төлейтін резидент-заңды тұлға активтерінің құнындағы үлесі осы Кодекстің 650-бабына сәйкес айқындалады.

Жерасты суларын және (немесе) кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтажы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан ғана осындай жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы осы тармақшаның мақсатында жер қойнауын пайдаланушы болып танылмайды;

5) уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаларға төленетіндерді қоспағанда, егер осы тармақтың 3) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, жер қойнауын пайдаланушы-заңды тұлғалар бір мезгілде мынадай:

дивидендтерді есепке жазу күніне бейрезидент-салық төлеуші дивидендтер төленетін акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленеді;

дивидендтер төлейтін резидент болып табылатын жер қойнауын

пайдаланушы-заңды тұлға дивидендтер есепке жазылған айдың бірінші күнінің алдындағы он екі айлық кезең ішінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан өзінің және (немесе) өзара байланысты тарап болып табылатын резидент-заңды тұлғаға тиесілі өндірістік қуаттарда көрсетілген кезеңде көмірді қоса алғанда, өндірілген минералды шикізаттың кемінде 70 пайызын кейінгі қайта өңдеуді (бастапқы қайта өңдеуден кейін) жүзеге асырады деген шарттар орындалған кезде төлейтін дивидендтер.

Егер дивидендтер төлейтін резидент болып табылатын жер қойнауын пайдаланушы-заңды тұлға есептелген корпоративтік табыс салығын қызмет бойынша, оның ішінде осындай азайту көзделген инвестициялық келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша 100 пайызға азайтуды жүргізсе, онда осы тармақшаның ережелері мынадай тәртіппен қолданылады:

егер тұтастай алғанда осындай жер қойнауын пайдаланушы-заңды тұлға бойынша есептелген корпоративтік табыс салығының жалпы сомасында 100 пайызға азайтылған корпоративтік табыс салығының үлесі 50 және одан көп пайызды құраса, онда осы тармақшада көзделген, осындай жер қойнауын пайдаланушы-заңды тұлға төлейтін дивидендтерді босату қолданылмайды;

егер тұтастай алғанда резидент болып табылатын жер қойнауын пайдаланушы-заңды тұлға бойынша есептелген корпоративтік табыс салығының жалпы сомасында 100 пайызға азайтылған корпоративтік табыс салығының үлесі 50 пайыздан аз болса, онда осы тармақшада көзделген, осындай жер қойнауын пайдаланушы-заңды тұлға төлейтін дивидендтерді босату дивидендтердің бүкіл сомасына қолданылады.

Салық төлеушінің акцияларды немесе қатысу үлестерін иеленудің осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімі, егер мұндай акцияларды немесе қатысу үлестерін салық төлеуші бұрынғы меншік иелерінің қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде алса, бұрынғы меншік иелерінің акцияларды немесе қатысу үлестерін иелену мерзімдері ескеріле отырып, жиынтық түрде айқындалады.

Осы тармақшаның мақсатында көмірді қоса алғанда, кейіннен қайта өңдеуге жіберілген минералды шикізаттың көлемін айқындаған кезде:

бастапқы қайта өңдеуден кейінгі кез келген қайта өңдеу нәтижесінде алынған өнімді өндіруге тікелей жіберілген;

бастапқы қайта өңдеу өнімін кейінгі қайта өңдеуде оны одан әрі пайдалану мақсатында өндіруде пайдаланылған шикізат ескеріледі.

Осы тармақшаның ережелері резидент-заңды тұлғадан:

акциялар бойынша, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активтері болып табылатын акциялар бойынша төлеуге жататын кіріс;

резидент-заңды тұлға құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлетін таза кірістің бір бөлігі;

құрылтайшы, қатысушы жарғылық капиталға салым ретінде енгізген

мүлікті қоспағанда, резидент-заңды тұлға таратылған кезде немесе құрылтайшылар, қатысушылар салымдарының мөлшерін пропорционал азайту жолымен не құрылтайшылардың, қатысушылардың үлестерін толық немесе ішінара өтеу жолымен жарғылық капитал азайтылған кезде, сондай-ақ резидент-заңды тұлғаға қатысу үлесін құрылтайшы, қатысушы алып қойған кезде мүлікті бөлуден түсетін кіріс түрінде алынған дивидендтерге ғана қолданылады.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалар (тұлға) мүлкінің дивидендтер төлейтін резидент-заңды тұлға активтерінің құнындағы үлесі осы Кодекстің 650-бабына сәйкес айқындалады;

6) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар, агенттік облигациялар бойынша сыйақылар және мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар мен агенттік облигацияларды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер;

7) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында немесе шетелдік қор биржасында осы қор биржасының ресми тізімдерінде өткізу күні болатын бағалы қағаздарды ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер;

8) уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғалардың кірістерін қоспағанда, егер осы тармақтың 7) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, бір мезгілде мынадай:

акцияларды немесе қатысу үлестерін өткізу күніне салық төлеуші осы акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленеді;

осындай эмитент-заңды тұлға немесе қатысу үлесі өткізілетін осындай заңды тұлға немесе осындай консорциумға қатысу үлесін өткізетін осындай консорциум қатысушысы жер қойнауын пайдаланушы болып табылмайды;

жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі осындай эмитент-заңды тұлға немесе қатысу үлесі өткізілетін осындай заңды тұлға активтерінің құнында немесе қатысу үлесі өткізілетін осындай консорциум қатысушылары активтерінің жалпы құнында осындай өткізу күніне 50 пайыздан аз болады деген шарттар орындалған кезде осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген, заңды тұлға шығарған акцияларды немесе заңды тұлғаға немесе консорциумға қатысу үлестерін өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер.

Салық төлеушінің акцияларды немесе қатысу үлестерін иеленудің осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімі, егер мұндай акцияларды немесе қатысу үлестерін салық төлеуші бұрынғы меншік иелерінің қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде алса, бұрынғы меншік иелерінің акцияларды немесе қатысу үлестерін иелену мерзімдері ескеріле отырып, жиынтық түрде айқындалады.

Жерасты суларын және (немесе) кең таралған пайдалы қазбаларды өз

мұқтажы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан ғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы, сондай-ақ акциялар немесе қатысу үлестері өткізілген айдың бірінші күнінің алдындағы он екі айлық кезең ішінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан өзінің және (немесе) өзара байланысты тарап болып табылатын резидент-заңды тұлғаға тиесілі өндірістік қуаттарда көрсетілген кезеңде көмірді қоса алғанда, өндірілген минералды шикізаттың кемінде 70 пайызын кейінгі қайта өңдеуді (бастапқы қайта өңдеуден кейін) жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы осы тармақшаның мақсатында жер қойнауын пайдаланушы деп танылмайды.

Көмірді қоса алғанда, кейінгі қайта өңдеуге жіберілген минералды шикізаттың көлемін айқындаған кезде:

бастапқы қайта өңдеуден кейінгі кез келген қайта өңдеу нәтижесінде алынған өнімді өндіруге тікелей жіберілген;

бастапқы қайта өңдеу өнімін кейінгі қайта өңдеуде оны одан әрі пайдалану мақсатында өндіруде пайдаланылған шикізат ескеріледі.

Бұл ретте акциялары немесе қатысу үлестері өткізілетін заңды тұлға немесе консорциум активтерінің құнындағы жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалар (тұлға) мүлкінің үлесі осы Кодекстің 650-бабына сәйкес айқындалады;

9) резидент-сатып алушылар борыштық бағалы қағаздар бойынша оларды сатып алу кезінде төлеген жинақталған (есепке жазылған) сыйақылар сомасы;

10) халықаралық қаржы лизингі шарттары бойынша негізгі құралдарды қаржы лизингіне беруден түсетін кірістер;

11) осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түсетін кірістер;

12) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге бірыңғай құбыржолдары жүйесі арқылы тасымалданатын шикі мұнайды өткізу сапасы бойынша құнды түзетуге байланысты төлемдер;

13) борышты кешіру осы Кодекстің 232-бабының 3-тармағында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүргізілген кредит (қарыз) бойынша, осындай кредиттерге 2012 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда есепке жазылған сыйақы бойынша берешекті қоса алғанда, берешек сомасы;

14) борышты кешіру осы Кодекстің 232-бабы 5-тармағының 11) тармақшасында айқындалған тәртіппен жүргізілген кредит (қарыз) бойынша, осындай кредиттерге сыйақы бойынша берешекті қоса алғанда, берешек сомасы.

646-бап. Толем көзінен табыс салығының мөлшерлемелері

1. Егер осы баптың 2-тармағында өзгеше белгіленбесе, бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістері мынадай молшерлемелер бойынша төлем көзінен салық салуға жатады:

1) осы тармақтың 2) – 5) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда, осы Кодекстің 644-бабында айқындалған кірістер – 20 пайыз;

2) тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары – 15 пайыз;

3) тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары – 5 пайыз;

4) халықаралық тасымал бойынша қызметтер көрсетуден түсетін кірістер – 5 пайыз;

5) құн өсімінен түсетін кірістер, дивидендтер, сыйақылар, роялти – 15 пайыз.

2. Осы Кодекстің 644-бабында айқындалған, уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаның кірістері 20 пайыз мөлшерлеме бойынша төлем көзінен салық салуға жатады.

647-бап. Төлем көзінен корпоративтік табыс салығын аудару тәртібі мен мерзімдері

1. Бейрезиденттің кірістерінен ұсталатын төлем көзінен корпоративтік табыс салығы салық агентінің бюджетке:

1) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген жағдайдан басқа кезде, кірістің есепке жазылған және төленген сомалары бойынша – кірісті төлеу жүргізілген ай аяқталғаннан кейін күнтізбелік жиырма бес күннен кешіктірмей, кіріс төленген күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша;

2) кірістің есепке жазылған, бірақ шегерімге жатқызу кезінде төленбеген сомалары бойынша – корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, бейрезиденттің кірістері шегерімге жатқызылған корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияда, осы Кодекстің 314-бабында белгіленген салықтық кезеңнің соңғы күнінің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша аударуына жатады.

Осы тармақшаның ережесі өтеу мерзімдері корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік он күн өткен соң басталатын борыштық бағалы қағаздар мен депозиттер бойынша сыйақыларға қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы баптың 1-тармағы 1) тармақшасының ережелері қолданылады;

3) алдын ала төлем төленген жағдайда – толенген алдын ала толем сомасы шегінде бейрезиденттің кірісі есепке жазылған ай аяқталғаннан кейін

күнтізбелік жиырма бес күннен кешіктірмей, кіріс есепке жазылған күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша аударуына жатады.

2. Егер бейрезидент кірісінің есепке жазылған сомасы осы Кодекстің 314-бабында белгіленген салықтық кезең үшін корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияда шегерімге жатқызылса, бірақ бұл ретте бейрезидентке мұндай кірісті төлеу осындай кезең өткеннен кейін жүргізілсе, онда төлем көзінен табыс салығы салық агентінің осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген мерзімдерде бюджетке аударуына жатады.

3. Төлем көзінен бейрезиденттің кірісінен табыс салығының сомасын бюджетке аударуды тұрған жері бойынша салық агенті жүзеге асырады.

648-бап. Салықтық есептілікті ұсыну

Салық агенті өзінің тұрған жеріндегі салық органына бейрезиденттің кірісінен төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша есеп-қисапты мынадай мерзімдерде:

1) бірінші, екінші және үшінші тоқсандар үшін – бейрезидентке кірісті төлеу жүргізілген тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей;

2) төртінші тоқсан үшін – бейрезидентке кірісті төлеу жүргізілген және (немесе) бейрезиденттің есепке жазылған, бірақ төленбеген кірісі шегерімге жатқызылған, осы Кодекстің 314-бабында белгіленген есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей ұсынуға міндетті.

649-бап. Салықтық есептілікті ұсыну ерекшеліктері

Қазақстан Республикасында қызметін халықаралық шартқа немесе осы Кодекстің 220-бабының 6-тармағына сәйкес тұрақты мекеме құруға алып келмейтін құрылымдық бөлімше арқылы жүзеге асыратын бейрезидент корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тұрған жеріндегі салық органына осы Кодекстің 315-бабында белгіленген мерзімде тапсырады.

650-бап. Қазақстан Республикасындағы мүлікті және Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға байланысты акцияларды, қатысу үлестерін өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістерден салықты есептеу, ұстау және аудару

1. Осы бап мыналарды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістеріне қолданылады:

1) құқығы немесе мәмілелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын, Қазақстан Республикасының

аумағындағы мүлік;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын Қазақстан Республикасының аумағындағы мүлік;

3) резидент шығарған акциялар және жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын резидент-заңды тұлғаның немесе қатысушысы (қатысушылары) жер қойнауын пайдаланушы (жер қойнауын пайдаланушылар) болып табылатын консорциумдағы жарғылық капиталына қатысу үлестерін;

4) осы Кодекстің 645-бабы 9-тармағының 8) тармақшасында немесе 654-бабының 7) тармақшасында белгіленген шарттарға сәйкес келмеген кезде, резидент-заңды тұлға шығарған акциялар және резидент-заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық капиталына қатысу үлестері;

5) осы Кодекстің 645-бабы 9-тармағының 8) тармақшасында немесе 654-бабының 7) тармақшасында белгіленген шарттарға сәйкес келмеген кезде, бейрезидент-заңды тұлға шығарған акциялар және бейрезидент-заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық капиталына қатысу үлестері.

Бұл ретте құн өсімі мынадай тәртіппен айқындалады:

1) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мүлікті өткізу кезінде – мүлікті өткізу құны мен оны сатып алу құны арасындағы оң айырма ретінде;

2) акцияларды және қатысу үлестерін өткізу кезінде – осы Кодекстің 228-бабына сәйкес.

Жерасты суларын және (немесе) кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтажы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан ғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы осы тармақтың мақсатында жер қойнауын пайдаланушы болып танылмайды.

2. Осы баптың және осы Кодекстің 288, 341, 645 және 654-баптарының мақсаттары үшін жер қойнауын пайдаланушы (жер қойнауын пайдаланушылар) мүлкінің акциялар (қатысу үлестері) өткізілетін немесе дивидендтер төленетін күнге заңды тұлға активтерінің құнындағы үлесі оның (олардың) акцияларын немесе оған (оларға) қатысу үлестерін дивидендтер төлейтін немесе оның (оған) акциялары (қатысу үлестері) өткізілетін заңды тұлға иеленетін жер қойнауын пайдаланушы (жер қойнауын пайдаланушылар) мүлкінің құны (құндары) сомасының осындай заңды тұлға активтерінің жалпы құнына арақатынасы ретінде айқындалады.

Осы баптың және осы Кодекстің 288, 341, 645 және 654-баптарының мақсаттары үшін жер қойнауын пайдаланушы (жер қойнауын пайдаланушылар) мүлкінің қатысу үлестері өткізілетін күнге консорциумға қатысушылар активтерінің жалпы құнындағы үлесі оның (олардың) акцияларын немесе оған (оларға) қатысу үлестерін оған (оларға) қатысу үлестері өткізілетін консорциумға қатысушылар иеленетін жер қойнауын пайдаланушы (жер қойнауын пайдаланушылар) мүлкінің құны (құндары) сомасының осындай қатысушылар активтерінің жалпы құнының сомасына

арақатынасы ретінде айқындалады.

Жер қойнауын пайдаланушы (оның ұйымдық-құқықтық нысанына қарай) мүлкінің құны мыналардың баланстық құны деп танылады:

1) дивидендтер төлейтін немесе акциялары (қатысу үлестері) өткізілетін заңды тұлға иеленетін, осындай жер қойнауын пайдаланушыдағы қатысу үлесі;

2) дивидендтер төлейтін немесе оның (оған) акциялары (қатысу үлестері) өткізілетін заңды тұлға иеленетін, осындай жер қойнауын пайдаланушы шығарған акциялар.

Дивидендтер төлейтін немесе оның (оған) акциялары (қатысу үлестері) өткізілетін заңды тұлға активтерінің жалпы құны деп осындай заңды тұлғаның барлық активтерінің баланстық құнының сомасы танылады.

Активтердің баланстық құны дивидендтер төлейтін немесе оның (оған) акциялары (қатысу үлестері) өткізілетін заңды тұлғаның немесе оған қатысу үлестері өткізілетін консорциум қатысушыларының осындай заңды тұлға немесе осындай консорциум құрылған мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес жасалған және бекітілген:

1) дивидендтер толенген немесе акциялардың (қатысу үлестерінің) меншік құқығы сатып алушыға берілген күнге;

2) дивидендтер төленген немесе акциялардың (қатысу үлестерінің) меншік құқығы сатып алушыға берілген күнге жеке қаржы есептілігі болмаған кезде – дивидендтер төленетін немесе акциялардың (қатысу үлестерінің) меншік құқығы сатып алушыға берілетін күннің алдындағы соңғы есепті күніне жеке қаржы есептілігінің деректері негізінде айқындалады.

3. Осы Кодекстің 645-бабы 9-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген кірістерді қоспағанда, бейрезиденттің осы баптың 1-тармағында көрсетілген кірістері осы Кодекстің 646-бабында белгіленген мөлшерлеме бойынша төлем көзінен табыс салығын салуға жатады.

4. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану саласындағы құзыреті шегінде мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мыналарды көрсете отырып, осы баптың 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздарды, қатысу үлестерін сатып алу-сату жөніндегі мәміле туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсынады:

1) сәйкестендіру нөмірі және (немесе) резиденттік еліндегі оның аналогы және көрсетілген акцияларды (қатысу үлестерін) өткізетін және сатып алатын заңды тұлғаның атауы және (немесе) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер бұл жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) көрсетілген акцияларды (қатысу үлестерін) сатып алу бағалары;

3) жасалған мәміле бойынша кірісті төлеу күні;

4) мәміле жасасқан жылдың алдындағы соңғы үш жылда оз қызметін

жүзеге асырған мемлекеттердің тізімін қоса алғанда, сатып алушының алдыңғы қызметі туралы мәліметтер;

5) мүлікті өткізетін тұлғаның басқа тұлғалармен үлестестігі туралы мәліметтер (тікелей немесе жанама қатысу мөлшері).

5. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану саласындағы құзырет шегінде мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардан мәліметтер алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды өзіне сатылы тұрғыда тікелей бағынысты салық органына бір мезгілде хабарлай отырып, осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген, Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаның тұрған жеріндегі салық органына жібереді.

6. Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаның тұрған жеріндегі салық органы осы баптың 4-тармағында көрсетілген мәліметтерді алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осындай заңды тұлғаға акцияларды (қатысу үлестерін) сатып алушы туралы, сондай-ақ мұндай акцияларды (қатысу үлестерін) сатып алу бағасы туралы мәліметтерді жіберуге міндетті.

7. Акцияларды, қатысу үлестерін, жылжымайтын мүлікті өткізетін тұлға сатып алушы салық агентіне сатып алу (салым) құнын растайтын құжаттың көшірмесін ұсынуға міндетті.

Салық агентіне сатып алу (салым) құнын растайтын құжат ұсынылмаған жағдайда, өткізу құны төлем көзінен табыс салығын салуға жатады.

8. Төлем көзінен табыс салығын есептеу, ұстау және бюджетке аудару жөніндегі міндет пен жауапкершілік кіріс төлейтін салық агентіне жүктеледі.

Бұл ретте бейрезидент-заңды тұлға Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесінің, сондай-ақ қызметі осы Кодекстің немесе халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес тұрақты мекеме құруға алып келмейтін құрылымдық бөлімшесінің болуына немесе болмауына қарамастан, салық агенті деп танылады.

9. Салық агенті болып табылатын бейрезидент осы Кодекстің 76-бабында айқындалған тәртіппен салық органында салық төлеуші ретінде тіркелуге жатады.

10. Төлем көзінен табыс салығын салық агенті кіріс төлеуді жүзеге асырудың нысаны мен орнына қарамастан, бейрезидентке кіріс төлеу кезінде ұстайды.

11. Салық агенті болып табылмайтын тұлғадан осы баптың 1-тармағында көрсетілген құн өсімі түрінде кіріс алатын бейрезидент осы Кодекстің 646-бабында белгіленген мөлшерлемені осындай кіріс сомасына қолдану арқылы табыс салығын есептеуді дербес жүргізеді.

12. Табыс салығының сомасын бюджетке аударуды салық агенті осы

Кодекстің 647-бабында белгіленген мерзімдерде жүргізеді.

Осы баптың 11-тармағына сәйкес есептелген табыс салығын бюджетке аудару салықтық есептілікті ұсыну үшін белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Бейрезиденттердің кірістерінен төлем көзінен ұсталатын табыс салығы бойынша салықтық есептілікті салық агенті осы Кодекстің 648 және 657-баптарында белгіленген мерзімдерде өзінің Қазақстан Республикасындағы тіркелу есебі орнындағы салық органына ұсынады.

Табыс салығын осы баптың 11-тармағына сәйкес есептейтін бейрезиденттер табыс салығы бойынша декларацияны осы Кодекстің 315 немесе 659-баптарында белгіленген мерзімде тапсырады.

13. Табыс салығын жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын резидент-заңды тұлға салық агентінің (салық төлеушінің) қаражаты есебінен төлеуі мүмкін. Бұл ретте табыс салығын осындай резидент-заңды тұлға салық агентінен (салық төлеушіден) табыс салығының сомасы алынған ай аяқталғаннан кейін күнтізбелік жиырма бес күннен кешіктірмейтін мерзімде бюджетке аударуға тиіс. Бейрезиденттің кірістерінен төлем көзінен ұсталатын табыс салығы бойынша салықтық есептілікті осындай резидент-заңды тұлға салық агентінен (салық төлеушіден) табыс салығының сомасы алынған тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей резидент-заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрған жеріндегі салық органына ұсынады.

Салық агенті (салық төлеуші) осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын резидент-заңды тұлғаға аударған табыс салығының сомасы осындай резидент-заңды тұлғаның кірісі деп танылмайды.

14. Салық агенті (салық төлеуші) осы баптың 12 және 13-тармақтарының ережелерін қолданбаған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын резидент-заңды тұлғаның осы баптың 6-тармағында көрсетілген мәліметтер алынған ай аяқталғаннан кейін күнтізбелік жиырма бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде бейрезидент үшін құн өсімінен түсетін кірістерден табыс салығын төлеуді өз қаражаты есебінен дербес жүргізуге құқығы бар.

Осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген резидент-заңды тұлға осы тармаққа сәйкес табыс салығын төлеген кезде өзінің тұрған жеріндегі салық органына бейрезиденттің кірістерінен төлем көзінен ұсталатын табыс салығы бойынша салықтық есептілікті осы баптың 6-тармағында көрсетілген мәліметтер алынған тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

Бұл ретте бейрезидент үшін төленген салық сомасы жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын заңды тұлғаның салық салынатын кірісін айқындаған кезде шегерімге жатқызылмайды.

15. Салық агенті (салық төлеуші), осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген, жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын резидент-заңды тұлға осы баптың 10, 12, 13 және 14-тармақтарының ережелерін қолданбаған жағдайда, мұндай міндеттемені орындау осы Кодекстің 13 және 14-тарауларында айқындалған тәртіппен жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын резидент-заңды тұлғаға жүктеледі.

73-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚЫЗМЕТТІ ТҰРАҚТЫ МЕКЕМЕ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН БЕЙРЕЗИДЕНТ-ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ КІРІСТЕРІНЕ САЛЫҚ САЛУ ТӘРТІБІ

651-бап. Салық салынатын кірісті айқындау

1. Егер осы Кодекстің осы бабында және 653-бабында өзгеше белгіленбесе, бейрезидент-заңды тұлғаның салық салынатын кірісін айқындау, тұрақты мекемесінің кірісінен корпоративтік табыс салығын есептеу мен төлеу осы Кодекстің осы бабының және 224 – 293, 299 – 315-баптарының ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

2. Бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің жылдық жиынтық кірісін Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асыру басталған күннен бастап алынған (алынуға жататын), осындай тұрақты мекеменің қызметімен байланысты кірістердің мынадай түрлері:

1) осы Кодекстің 644-бабының 1-тармағында көзделген, Қазақстан Республикасындағы көздерден алынатын кірістер;

2) осы Кодекстің 226-бабының 1-тармағында көрсетілген, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасына енгізілмеген кірістер;

3) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден, оның ішінде жұмыскерлер немесе басқа да жалданған персонал арқылы алынған кірістер;

4) бейрезидент-заңды тұлғаның басқа мемлекеттердегі құрылымдық бөлімшелерінің кірістерін қоса алғанда, осы бейрезидент-заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі арқылы жүзеге асырылатын қызметіне ұқсас немесе біртектес Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асырудан алатын кірістері құрайды.

Бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің жылдық жиынтық кірісіне:

1) осы Кодекстің 644-бабы 2-тармағының 3) және 4) тармақшаларында айқындалған кірістер;

2) бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің осындай бейрезидент-заңды тұлғаның бас кеңсесі немесе басқа құрылымдық бөлімшелері алдындағы міндеттемелері бойынша халықаралық қаржылық

есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес туындайтын оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі қосылмайды.

3. Бейрезидент кәсіпкерлік қызметті Қазақстан Республикасындағы өзінің тұрақты мекемесімен бірлесіп орындалатын бір жобаның немесе байланысты жобалардың шеңберінде Қазақстан Республикасында да, оның шегінен тыс жерлерде де жүзеге асыратын жағдайда, егер ол осындай немесе осы сияқты қызметпен дәл сондай немесе ұқсас жағдайларда айналысатын оқшауланған және жекелеген заңды тұлға болса және өзі соның тұрақты мекемесі болып табылатын бейрезидент-заңды тұлғаға қарамастан әрекет ететін болса, ол алуы мүмкін кіріс осындай тұрақты мекеменің кірісі болып есептеледі.

4. Бейрезидент-заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесі өндірген тауарларды бейрезидент-заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде орналасқан басқа құрылымдық бөлімшесі өткізетін болса, егер ол осындай немесе осы сияқты қызметпен дәл сондай немесе ұқсас жағдайларда айналысатын оқшауланған және жекелеген заңды тұлға болса және өзі соның тұрақты мекемесі болып табылатын бейрезидент-заңды тұлғаға қарамастан әрекет ететін болса, ол алуы мүмкін кіріс бейрезидент-заңды тұлғаның осындай тұрақты мекемесінің кірісі деп танылады.

5. Осы бапты қолдану мақсатында бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің кірісі Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасының нормалары ескеріле отырып айқындалады.

6. Осы Кодексте сәйкес шегерімге жатқызылмайтын шығыстарды, сондай-ақ осы Кодекстің 644-бабы 2-тармағының 3) және 4) тармақшаларында айқындалған кірістерді алуға бағытталған шығыстарды қоспағанда, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін кірістерді алумен тікелей байланысты шығыстар, олардың Қазақстан Республикасында немесе оның шегінен тыс жерлерде жұмсалғанына қарамастан, шегерімге жатады.

7. Бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекемеге:

1) осы бейрезидент-заңды тұлғаның меншігін немесе зияткерлік меншігін пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін төленетін роялти, гонорарлар, алымдар және басқа да төлемдер;

2) бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекемеге көрсеткен қызметтері үшін кірістер;

3) осы бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекемеге берген қарыздары бойынша сыйақылар;

4) бейрезидент-заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметінен кірістер алуымен байланысты емес шығыстар;

5) құжатпен расталмаған шығыстар;

6) бейрезидент-заңды тұлғаның осы Кодекстің 662-бабының 2-тармағында айқындалған, Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырумен байланысты емес басқару және жалпы әкімшілік шығыстары түрінде ұсынылған соманы тұрақты мекемеге шегерімге жатқызуға құқығы жоқ.

8. Бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің осындай бейрезидент-заңды тұлғаның бас кеңсесі немесе басқа құрылымдық бөлімшелері алдындағы міндеттемелері бойынша халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес туындайтын теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырманың сомасынан асып кетуі бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің шегеріміне жатқызылмауға тиіс.

652-бап. Таза кіріске салық салу тәртібі

1. Бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін таза кірісіне 15 пайыз мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынады.

Таза кіріс мынадай тәртіппен айқындалады:

осы Кодекстің 288-бабында көзделген кірістер мен шығыстар сомасына, сондай-ақ осы Кодекстің 300-бабына сәйкес шегетін залалдар сомасына азайтылған, салық салынатын кіріс,

алу

осы Кодекстің 313-бабының 1-тармағында немесе 2-тармағында белгіленген мөлшерлемені осы Кодекстің 288-бабында көзделген кірістер мен шығыстар сомасына, сондай-ақ осы Кодекстің 300-бабына сәйкес шегетін залалдар сомасына азайтылған салық салынатын кірісті көбейту арқылы есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы.

2. Корпоративтік табыс салығының есептелген сомасы корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияда көрсетіледі.

3. Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға таза кірісіне корпоративтік табыс салығын корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейінгі күнтізбелік он күн ішінде тұрақты мекеменің орналасқан жеріндегі бюджетке төлеуді жүргізеді.

653-бап. Жекелеген жағдайларда кірістерге салық салу тәртібі

1. Қазақстан Республикасының аумағында жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түсетін кірістерді, сондай-ақ осы Кодекстің 651-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасында және 3-тармағында көрсетілген кірістерді төлеуді жүзеге асыратын салық агенті бір мезгілде мынадай:

1) бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесімен, бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекемесімен филиал, өкілдік ашпай жасасқан келісімшарт болмаған;

2) өткізілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша бейрезидент-заңды тұлғаның филиалы, өкілдігі, бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекемесі филиал, өкілдік ашпай жазып берген шот-фактура болмаған жағдайларда көрсетілген кірістерден корпоративтік табыс салығын есептеуді, ұстап қалуды және аударуды 20 пайыз мөлшерлеме бойынша шегерімді жүзеге асырмай жүргізеді.

Салық агенті бейрезидент-заңды тұлғаның кірістерінен төлем көзінен ұстап қалған корпоративтік табыс салығы аталған бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің салықтық міндеттемелерін өтеу есебіне есепке жатқызылуға тиіс.

Бұл ретте Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға тұрақты мекеменің құрылуына алып келген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру басталған күннен бастап корпоративтік табыс салығын осы Кодекстің 651 және 652-баптарына сәйкес ретроспективті тәртіппен есептейді және көрсетілген кірістерді қоса отырып, осындай тұрақты мекеменің орналасқан жеріндегі салық органына корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсырады.

Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға есептеген корпоративтік табыс салығының сомасы осы тармаққа сәйкес осындай бейрезидент-заңды тұлғаның кірістерінен толем көзінен ұстап қалған корпоративтік табыс салығының сомасына азайтылады. Азайту салық агентінің салықты ұстап қалғанын растайтын құжаттар болған кезде жүргізіледі.

Осы тармаққа сәйкес бейрезидент-заңды тұлғаның кірістерінен төлем көзінен ұстап қалған корпоративтік табыс салығының сомасы мен Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға есептеген корпоративтік табыс салығының сомасы арасындағы оң айырма қоса алғандағы келесі он салықтық кезеңге ауыстырылады және осы салықтық кезеңдердің бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасын біртіндеп азайтады.

2. Осы Кодекстің 76-бабының талаптарын бұза отырып, салық төлеуші ретінде салық органдарында тіркелмеген бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен алатын кірістеріне 20 пайыз мөлшерлеме бойынша шегерімдерді жүзеге асырмастан, төлем көзінен корпоративтік табыс салығын салуға жатады.

Осы Кодекстің 76-бабында белгіленген мерзімді бұза отырып, салық төлеуші ретінде салық органдарында тіркелген, тұрақты мекеме арқылы қызметті жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлға салық салу объектілерін және тұрақты мекеме құруға алып келген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру басталған күннен бастап ретроспективті түрде туындаған салық салуға

байланысты объектілерді салықтың тиісті түрлері бойынша бастапқы ұсынылатын декларацияларда көрсетуге, салық агентінің салықтық міндеттемелерінен басқа, салықтарды төлеу бойынша туындаған салықтық міндеттемелерін есептеуге және орындауға міндетті.

Бұл ретте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру басталған күннен бастап оны салық органында тіркеген күнге дейінгі кезең үшін осындай бейрезидент-заңды тұлға есептеген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетілген кезеңге осындай бейрезидент-заңды тұлғаның кірісінен осы тармаққа сәйкес төлем көзінен ұстап қалған корпоративтік табыс салығының сомасына азайтылады.

Азайту салық агентінің салықты ұстап қалғанын растайтын құжаттар болған кезде жүргізіледі.

74-тарау. БЕЙРЕЗИДЕНТ-ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ КІРІСТЕРІНЕ САЛЫҚ САЛУ ТӘРТІБІ

654-бап. Бейрезидент-жеке тұлғаның салық салудан босатылған кірістері

Бейрезидент-жеке тұлғаның мынадай кірістері салық салуға жатпайды:

1) сыртқы сауда қызметі жөніндегі келісімшартқа байланысты Қазақстан Республикасының аумағында көрсетілген қызметтерді қоспағанда, осы сыртқы сауда қызметі шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағына тауарлар берумен байланысты төлемдер;

2) борыштық бағалы қағаздарды сатып алу кезінде олар бойынша жинақталған (есептелген) сыйақылардың резидент-сатып алушылар төлеген сомалары;

3) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде осындай дивидендтер мен сыйақыларды есепке жазу күніне болатын бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен сыйақылар;

4) егер осы баптың 3) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген, жеңілдікті салық салынатын мемлекеттің резиденті болып табылатын тұлғаға төленетіндерді қоспағанда, бір мезгілде мынадай:

дивидендтерді есепке жазу күніне салық төлеушінің дивидендтер төленетін акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленуі;

дивидендтер төлейтін резидент-заңды тұлғаның дивидендтер төленетін кезең ішінде жер қойнауын пайдаланушы болып табылмауы;

дивидендтер төлейтін резидент-заңды тұлғаның активтері құнында жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі дивидендтер төлеу күніне 50 пайыздан аспауы талаптары орындалған кездегі дивидендтер салық салуға жатпайды.

Осы тармақшаның ережелері:

акциялар бойынша, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активтері болып табылатын акциялар бойынша толеуге жататын кіріс;

резидент-заңды тұлға өзінің құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлетін таза кірістің бір бөлігі;

құрылтайшының, қатысушының жарғылық капиталға салым ретінде енгізген мүлкін қоспағанда, резидент-заңды тұлға таратылған кезде немесе құрылтайшылар, қатысушылар салымдарының мөлшерін пропорционалды азайту арқылы не құрылтайшылардың, қатысушылардың үлестерін толық немесе ішінара өтеу арқылы жарғылық капиталды азайту кезінде, сондай-ақ резидент-заңды тұлғадағы қатысу үлесін құрылтайшы, қатысушы алып қойған кезде мүлікті бөлуден түсетін кіріс түрінде резидент-заңды тұлғадан алынған дивидендтерге ғана қолданылады.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалар (тұлға) мүлкінің дивидендтер төлейтін резидент-заңды тұлғаның активтері құнындағы үлесі осы Кодекстің 650-бабына сәйкес айқындалады.

Осы тармақшаның мақсатында тек қана жерасты суларын және (немесе) кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтаждығы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы жер қойнауын пайдаланушы болып танылмайды.

Егер дивидендтер төлейтін резидент-заңды тұлға есептелген корпоративтік табыс салығын қызмет бойынша, оның ішінде осындай азайту көзделген инвестициялық келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша 100 пайызға азайтуды жүргізген жағдайда, онда осы тармақшаның ережелері мынадай тәртіппен қолданылады:

егер жалпы дивиденд төлейтін резидент-заңды тұлға бойынша есептелген корпоративтік табыс салығының жалпы сомасындағы 100 пайызға азайтылған корпоративтік табыс салығының үлесі 50 және одан көп пайызды құрайтын болса, онда осы тармақшада көзделген осындай заңды тұлға төлейтін дивидендтерді босату қолданылмайды;

егер жалпы дивиденд төлейтін резидент-заңды тұлға бойынша есептелген корпоративтік табыс салығының жалпы сомасындағы 100 пайызға төмендетілген корпоративтік табыс салығының үлесі 50 пайыздан азды құрайтын болса, онда осы тармақшада көзделген осындай заңды тұлға төлейтін дивидендтерді босату дивидендтердің барлық сомасына қолданылады;

5) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар, агенттік облигациялар бойынша сыйақылар және мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды және агенттік облигацияларды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер;

6) өткізу күні Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер;

7) егер осы тармақтың 6) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген, жеңілдікті салық салынатын мемлекеттің резиденті болған тұлғаның кірістерін қоспағанда, осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген, резидент-заңды тұлға шығарған акцияларды немесе резидент-заңды тұлғадағы немесе Қазақстан Республикасында құрылған консорциумдағы қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін кірістер бір мезгілде мынадай:

акцияларды немесе қатысу үлестерін өткізу күніне салық төлеушінің осы акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленуі;

осындай эмитент-заңды тұлғаның немесе қатысу үлесі өткізілетін заңды тұлғаның немесе қатысу үлесін осындай консорциумда өткізетін осындай консорциумға қатысушының жер қойнауын пайдаланушы болып табылмауы;

жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын осындай заңды тұлғалардың (тұлғаның) осындай эмитент-заңды тұлғаның немесе өзіндегі қатысу үлесі өткізілетін осындай заңды тұлғаның активтері құнындағы немесе қатысу үлесі өткізілетін осындай консорциумға қатысушылардың активтері жалпы құнындағы мүлкі осындай өткізу күніне 50 пайыздан аспауы талаптары орындалған кезде қолданылады.

Осы тармақшаның мақсатында тек қана жерасты суларын және (немесе) кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтаждығы үшін өндіру құқығына ие болғандықтан жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы жер қойнауын пайдаланушы болып танылмайды.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалар (тұлға) мүлкінің акциялары немесе қатысу үлестері өткізілетін заңды тұлғаның немесе консорциумның активтері құнындағы үлесі осы Кодекстің 650-бабына сәйкес айқындалады;

8) осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түсетін кірістер;

9) Қазақстан Республикасындағы аз қамтылған азаматтарды қолдауға (көмек көрсетуге) бағытталған, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын үкіметаралық келісім шеңберіндегі грант қаражаты есебінен жүргізілетін төлемдер;

10) осы Кодекстің 291-бабының 1-тармағында көрсетілген дербес білім беру ұйымы тұруға, медициналық сақтандыруға, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі тұрғылықты жерінен Қазақстан Республикасындағы қызметті жүзеге асыратын жерге бару және кері қайту жолында әуе көлігімен ұшуға арналған шығыстарды төлеу (өтеу) түрінде іс жүзінде жүргізген:

осындай дербес білім беру ұйымының жұмыскері;

осындай дербес білім беру ұйымының жұмыстарын орындау, қызметтерін көрсету бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметті жүзеге

асыратын;

осындай дербес білім беру ұйымының жұмыстарын орындайтын, қызметін көрсететін бейрезидент-заңды тұлғаның жұмыскері және осындай жұмыстарды тікелей орындайтын және осындай қызметтерді көрсететін жұмыскер болып табылатын бейрезидент-жеке тұлға алған материалдық пайда;

11) осындай кредиттер бойынша сыйақы жөніндегі берешекті қоса алғанда, борышты кешіру осы Кодекстің 232-бабы 5-тармағының 11) тармақшасында айқындалған тәртіппен жүргізілген кредит (қарыз) бойынша берешек сомасы;

12) 2012 жылғы 31 желтоқсанды қоса санағанда есепке жазылған, осындай кредиттер бойынша сыйақы жөніндегі берешекті қоса алғанда, борышты кешіру осы Кодекстің 232-бабының 3-тармағында белгіленген тәртіппен және шарттармен жүргізілген кредит (қарыз) бойынша берешек сомасы.

655-бап. Төлем көзінен салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және аудару тәртібі

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, бейрезидент-жеке тұлғаның осы Кодекстің 656-бабының 1-тармағында көрсетілген кірістерді қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы көздерден түсетін кірістеріне осы Кодекстің 646-бабында көрсетілген мөлшерлемелер бойынша төлем көзінен жеке табыс салығы салықтық шегерімдер жүзеге асырылмай салынады.

Осы баптың мақсатында бағалы қағаздарды, қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімі осы Кодекстің 228-бабына сәйкес айқындалады.

2. Осы баптың ережелеріне қарамастан, бейрезидент-жеке тұлғаның осы Кодекстің 650-бабының 1-тармағында көрсетілген кірістерінен төлем көзінен жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және бюджетке аудару осы Кодекстің 650-бабында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

3. Төлем көзінен салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеуді салық агенті салықтық шегерімдерді жүзеге асырмастан, осы Кодекстің 319-бабы 2-тармағында көзделген ережелерді ескере отырып, осы Кодекстің 322-бабының 1-тармағында айқындалған кірістерді қоса алғанда, бейрезидент-жеке тұлғаның мынадай кірістері:

жұмыс беруші болып табылатын резидентпен немесе бейрезидентпен жасасқан еңбек шарты (келісімі, келісімшарты) бойынша Қазақстан Республикасындғы қызметтен түсетін кірістері;

жұмыс берушіден алынған материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін кірістері;

басшының гонорарлары және (немесе) басқару органы (директорлар кеңесі немесе өзге де орган) мүшелерінің аталған адамдардың осындай міндеттерді іс жүзінде орындаған жеріне қарамастан, өздеріне жүктелген

резидентке қатысты басқарушылық міндеттерін орындауымен байланысты алатын өзге де төлемдері;

жұмыс беруші болып табылатын резиденттің немесе бейрезиденттің Қазақстан Республикасында тұруына байланысты оған төленетін үстемеақылары;

резидент-жинақтаушы зейнетақы қоры жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері сомасына осы Кодекстің 320-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлемені қолдану арқылы жүргізеді.

4. Төлем көзінен салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын есептеуді және ұстап қалуды салық агенті, осы баптың 7-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, бейрезидент-жеке тұлғаға кірістерін төлеу күнінен кешіктірмей жүргізеді.

Салық агенті төлем көзінен жеке табыс салығын бейрезидент-жеке тұлғаға кіріс төлеуді жүзеге асыру нысаны мен орнына қарамастан ұстайды.

5. Бейрезидент-жеке тұлғаның төлем көзінен салық салуға жататын кірістерінен жеке табыс салығын салық агенті тұрған жеріндегі бюджетке аударуды салық ұстап қалуға жататын айдан кейінгі айдың 25-күніне дейін жүргізеді.

6. Кіріс шетел валютасымен төленген кезде төлем көзінен салық салынатын кіріс мөлшері кірісті төлеу күнінің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы қолданыла отырып, теңгемен қайта есептеледі.

7. Қызметі осы Кодекстің 220-бабы 7-тармағының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрмайтын бейрезиденттің шетелдік персоналды ұсынуы кезінде мұндай персоналдың Қазақстан Республикасындағы қызметтен алынған кірісіне төлем көзінен жеке табыс салығы салынады.

Бұл ретте бейрезидент-жеке тұлғаның кірістері, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы қызметке байланысты мұндай тұлға алатын өзге де материалдық пайда жеке табыс салығын салу объектісі болып табылады.

Егер ұсынылған персоналға кірісті бейрезидент төлеген жағдайда, жеке табыс салығын есептеу мақсатында салық базасын осы Кодекстің 220-бабының 7-тармағына сәйкес бейрезидент ұсынатын құжаттар негізінде салық агенті айқындайды.

Шетелдік персонал кірісінен төлем көзінен жеке табыс салығын ұстап қалуды салық агенті бейрезидент-заңды тұлғаға шетелдік персоналды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін кірісті төлеу кезінде жүргізеді.

Төлем көзінен ұстап қалатын жеке табыс салығын есептеуді салық агенті салықтық шегерімдер жүзеге асырмастан, осы Кодекстің 319-бабы 2-тармағының ережелерін ескере отырып, шетелдік персоналдың осы тармаққа сәйкес айқындалған кірістерінің сомасына осы Кодекстің 320-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлемені қолдану арқылы жүргізеді.

Салық агенті салық ұстап қалуға жататын айдан кейінгі айдың 25-күніне дейін төлем көзінен ұстап қалған жеке табыс салығының сомасын тұрған жері бойынша аударуға міндетті.

8. Төлем көзінен жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және бюджетке аудару жөніндегі міндет пен жауапкершілік бейрезидентке кірісті төлейтін және салық агенті деп танылған мынадай тұлғаларға:

1) дара кәсіпкерге;

2) Қазақстан Республикасында қызметті құрылымдық бөлімше арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаға жүктеледі.

Бұл ретте бейрезидент-заңды тұлға Қазақстан Республикасының салық органдарында оның құрылымдық бөлімшесі тіркеу есебіне қойылған күннен бастап салық агенті деп танылады;

3) заңды тұлғаға, оның ішінде Қазақстан Республикасында қызметті құрылымдық бөлімше ашпай тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидентке жүктеледі.

Бұл ретте бейрезидент-заңды тұлға құрылымдық бөлімше ашпай, оның тұрақты мекемесі Қазақстан Республикасының салық органдарында тіркеу есебіне қойылған күннен бастап салық агенті деп танылады;

4) резидент-заңды тұлғаға, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активінің эмитентіне жүктеледі.

Осы тараудың мақсаттары үшін резидент-заңды тұлға өз шешімімен осы Кодекстің 353-бабында айқындалған тәртіппен мұндай құрылымдық бөлімше төлеген (төлеуге жататын) төлем көзінен салық салынатын кірістер бойынша өзінің құрылымдық бөлімшесін төлем көзінен ұстап қалатын жеке табыс салығы бойынша салық агенті деп тануға құқылы;

5) заңды тұлғаға, оның ішінде осы Кодекстің 220-бабының 7-тармағының ережелеріне сәйкес қызметі тұрақты мекеме құрмайтын бейрезидент оған шетелдік персоналды берген, Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидентке;

6) осы Кодекстің 654-бабының 7) тармақшасында белгіленген талаптар орындалмаған кезде осы Кодекстің 650-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көрсетілген мүлікті сатып алатын бейрезидент-заңды тұлғаға жүктеледі.

9. Осы Кодекстің ережелеріне сәйкес бейрезидент-жеке тұлғаның кірістерінен есептелген жеке табыс салығының сомасын салық агенті өз қаражаты есебінен оны ұстап қалмай төлеген кезде, салық агентінің төлем көзінен жеке табыс салығын ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеті орындалған болып саналады.

656-бап. Қызметі тұрақты мекеме құруға алып келмейтін бейрезидент-заңды тұлға Қазақстан Республикасына жіберген шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың кірістеріне салық салу тәртібі

1. Осы бапта белгіленген салық салу тәртібі қызметі Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құруға алып келмейтін бейрезидент-заңды тұлға Қазақстан Республикасына жіберген шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың осы Кодекстің 322-бабында айқындалған кірістерін, мыналарды:

жұмыс беруші болып табылатын осындай бейрезидент-заңды тұлғамен жасасқан еңбек шарты (келісімі, келісімшарты) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен;

осындай бейрезидент-заңды тұлғамен жасасқан азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт (келісімшарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен;

Қазақстан Республикасындағы қызметпен байланысты осындай бейрезидент-заңды тұлғадан алынған материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметтен алынған (алуға жататын) кірістерін;

Қазақстан Республикасында тұруына байланысты осындай бейрезидент-заңды тұлға төлейтін үстемеақыларын қоса алғанда, кірістеріне қолданылады.

Осы баптың ережелері, егер осы Кодекстің 655-бабының 7-тармағында өзгеше белгіленбесе, қызметі Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құруға алып келмейтін бейрезидент-заңды тұлға Қазақстан Республикасына жіберген шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның кірістеріне бір мезгілде мынадай:

1) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының аумағында жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден қызметі Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құруға алып келмейтін бейрезидент-заңды тұлғаның жұмыскері немесе мердігері болып табылуы;

2) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның ағымдағы салықтық кезеңде аяқталатын кез келген қатарынан он екі айлық кезеңде кемінде күнтізбелік бір жүз сексен үш күн (келу және кету күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасында болуы талаптары орындалған кезде қолданылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның кірісінен төлем көзінен жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және бюджетке аудару жөніндегі міндет пен жауапкершілік бейрезидент-заңды тұлға пайдасына жұмыстарды орындайтын, қызметтер көрсететін тұлғаға (оның ішінде қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидентке) жүктеледі. Мұндай тұлға салық агенті деп

танылады.

3. Салық агенті жеке табыс салығын есептеуді осы тармаққа сәйкес бейрезидент ұсынған құжатта көрсетілген шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның кірісінен осы Кодекстің 320-бабында белгіленген мөлшерлеме бойынша салықтық шегерімдерді жүзеге асырмай жүргізеді. Бұл ретте бейрезидент-заңды тұлға салық агентіне:

Қазақстан Республикасына жіберілген шетелдікпен немесе азаматтығы жоқ адаммен жасасқан еңбек шартының (келісімшартының) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттың нотариат куәландырған көшірмелерін;

осындай бейрезидентпен жасасқан еңбек шартының және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттың шеңберінде жалдау бойынша жеке тұлғаның жұмыстан алынатын кірістері туралы мәліметті қамтитын басқа да құжатты ұсынуға міндетті.

Салық агентіне осы тармақта көрсетілген құжаттар ұсынылмаған жағдайда бейрезидент-заңды тұлғаға орындалған жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін төленуге жататын кірістің 80 пайызы мөлшеріндегі кірісі төлем көзінен жеке табыс салығын салуға жатады.

4. Салық агенті кіріс төлеуді жүзеге асырудың нысаны мен орнына қарамастан, бейрезидент-заңды тұлғаға кіріс төлеу күнінен кешіктірмей төлем көзінен жеке табыс салығын есептейді және ұстайды.

5. Бюджетке шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның кірістерінен жеке табыс салығын аударуды салық агенті өзінің тұрған жері бойынша осы баптың 4-тармағына сәйкес салық ұстап қалуға жататын айдан кейінгі айдың 25-күніне дейін жүргізеді.

657-бап. Жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларацияны тапсыру

Жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларацияны салық агенті тоқсан сайын, есепті салықтық кезеңдер кіретін тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей салық төлеу орны бойынша салық органына тапсырады.

658-бап. Жекелеген жағдайларда бейрезидент-жеке тұлғаның кірістерінен жеке табыс салығын есептеу мен толеу тәртібі

1. Осы баптың ережелері бейрезидент-жеке тұлғаның осы Кодекстің ережелеріне сәйкес салық агенті болып табылмайтын тұлғадан Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістеріне қолданылады.

2. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, бейрезидент-жеке тұлғаның осы Кодекстің ережелеріне сәйкес салық агенті болып табылмайтын тұлғадан Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістерінен жеке табыс

салығын есептеу салық шегерімдері жүзеге асырылмай, кірістің есептелген сомасына осы Кодекстің 646-бабында белгіленген мөлшерлемені қолдану арқылы жүргізіледі.

3. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, жеке табыс салығын төлеуді бейрезидент-жеке тұлға салықтық кезең үшін жеке табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірмей дербес жүргізеді.

4. Бейрезидент-жеке тұлғаның осы Кодекстің 650-бабының 1-тармағында көрсетілген кірістерінен жеке табыс салығын есептеу және ұстап қалу осы Кодекстің 650-бабында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

5. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған еңбек шарттары бойынша алынған (алуға жататын) кірістер бойынша бейрезидент-еңбекші көшіп келушілер еңбекші көшіп келушіге рұқсат негізінде салықтық кезең ішінде жеке табыс салығы бойынша алдын ала толем төлеуді жүргізеді.

Жеке табыс салыгы бойынша алдын ала төлем республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2 еселенген мөлшерінде бейрезидент-еңбекші көшіп келушінің еңбекші көшіп келушіге арналған рұқсатты алуға (ұзартуға) өтінішінде көрсеткен тиісті кезеңнің жұмыстарын орындаудың, қызметтерін көрсетудің әрбір айы үшін есептеледі.

Жеке табыс салығы бойынша алдын ала толем төлеуді бейрезидент-еңбекші көшіп келуші еңбекші көшіп келушіге арналған рұқсатты алғанға (ұзартқанға) дейін болатын жері бойынша жүргізеді.

Осы тармақта көрсетілген кірістер бойынша салықтық кезең аяқталғаннан кейін бейрезидент-еңбекші көшіп келушілер кірістің салық салынатын сомасына осы Кодекстің 320-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлемені қолдану арқылы жеке табыс салығының сомасын есептеуді жүргізеді.

Кірістің салық салынатын сомасы жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден алынған (алынуға жататын) кірістердің республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен жалақы мөлшерінің еңбекші көшіп келушіге арналған рұқсатта көрсетілген тиісті кезеңнің жұмыстарын орындаудың, қызметтерін көрсетудің әрбір айы үшін есептелген сомасына азайтылған сомасы ретінде айқындалады.

Салықтық кезең ішінде бюджетке бейрезидент-еңбекші көшіп келуші төлеген алдын ала төлемдер сомасы есепті салықтық кезең үшін есептелген жеке табыс салығын төлеу есебіне есепке жатқызылады.

Егер салықтық кезең ішінде жеке табыс салығы бойынша төленген алдын ала төлемдердің сомасы есепті салықтық кезең үшін есептелген жеке табыс салығының сомасынан асып кетсе, онда мұндай асып кету сомасы артық төленген жеке табыс салығының сомасы болып табылмайды және кері

қайтарылмайды немесе есепке жатқызылмайды.

Егер салықтық кезең ішінде төленген жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлемдердің сомасы есепті салықтық кезең үшін есептелген жеке табыс салығының сомасынан аз болса, онда жеке табыс салығын есептеу жеке табыс салыгы бойынша декларацияда көрсетіледі және салықтық кезеңнің қорытындысымен декларация бойынша жеке табыс салығын төлеуді бейрезидент-еңбекші көшіп келуші осы Кодекстің 659-бабында көзделген жеке табыс салығы бойынша декларация тапсырылған мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей болатын жері бойынша жүзеге асырады.

659-бап. Жеке табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, жеке табыс салығы бойынша декларацияны осы Кодексте сәйкес жеке тұлға дербес салық салуға жататын кірістерді Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын бейрезидент-жеке тұлға салық төлеушінің болатын (тұрғылықты) жеріндегі салық органына есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей тапсырады.

Ағымдағы салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызына дейін Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен кірместен ағымдағы салықтық кезең ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету жағдайында бейрезидент-жеке тұлға жеке табыс салығы бойынша декларацияны тапсыруға және ағымдағы салықтық кезең ішінде жеке табыс салығын толеуге құқылы. Бұл ретте жеке табыс салығы бойынша декларация ағымдағы салықтық кезеңнің басынан бастап Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге осындай тұлға кеткен күнге дейінгі кезең үшін тапсырылады.

Жеке табыс салығы бойынша декларацияны есепті салықтық кезеңге есептелген жеке табыс салыгының сомасы жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлемдер сомасынан асып кеткен жағдайда осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының 21) тармақшасында көрсетілген кірістерді алатын бейрезидент-еңбекші көшіп келушілер болатын жеріндегі салық органына есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей тапсырады.

Бұл ретте салықтық кезең ішінде өсы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының 21) тармақшасында көрсетілген кірістерді алған бейрезидент-еңбекші көшіп келуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шыққан жағдайда жеке табыс салығы бойынша декларация (декларациялар) осындай адамның Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығатын күніне дейін тапсырылады.

75-тарау. ҚОСАРЛАНҒАН САЛЫҚ САЛУДЫ БОЛҒЫЗБАУ ЖӘНЕ САЛЫҚ ТӨЛЕУДЕН ЖАЛТАРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІН РЕТТЕЙТІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР БОЙЫНША АРНАЙЫ ЕРЕЖЕЛЕР

660-бап. Халықаралық шартты қолдану жағдайлары

1. Тараптарының бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын, қосарланған салық салуды болғызбау және салық толеуден жалтарудың алдын алу мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың (бұдан әрі – халықаралық шарт) ережелері осындай шарт жасасқан мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденті болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2. Егер халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті осы халықаралық шарттың ережелерін халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті болып табылмайтын басқа тұлғаның мүддесі үшін пайдаланса, ондай резидентке осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды.

661-бап. Халықаралық шартты қолдану тәртібі

Халықаралық шарттың ережелерін қолдану осы Кодексте және тиісті халықаралық шартта айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

662-бап. Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістерге салық салу мақсатында бейрезидент-заңды тұлғаның басқару және жалпы әкімшілік шығыстарын шегерімге жатқызу тәртібі

1. Егер тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен бейрезидент-заңды тұлғаның салық салынатын кірісін айқындау кезінде халықаралық шарттың ережелерінде бейрезидент-заңды тұлғаның басқару және жалпы әкімшілік шығыстарын (бұдан әрі – бейрезидент-заңды тұлғаның бөлінетін шығыстары) шегеруге жол берілген болса, онда мұндай шығыстардың сомасы өз таңдауы бойынша осындай бейрезидент-заңды тұлғамен мынадай:

1) шығыстарды пропорционалды болу әдісінің;

2) шығыстарды шегерімге тікелей (тура) жатқызу әдісінің бірі бойынша айқындалады.

Осы Кодекстің осы бабының және 663, 664 және 665-баптарының мақсаттары үшін бейрезидент-заңды тұлғаның бөлінетін шығыстары бейрезидент-заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыруға байланысты Қазақстан Республикасында да, оның шегінен тыс жерлерде де іс жүзінде шеккен басқару және жалпы әкімшілік шығыстары деп танылады.

Бұл ретте:

қызметі Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құруға алып келген бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі немесе бейрезидент-заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында құрылымдық бөлімше ашпай тұрақты мекемесі тікелей шеккен, осы Кодекстің 242 – 273-баптарына сәйкес шегерімге жататын басқару және жалпы әкімшілік шығыстары (бұдан әрі – Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеменің басқару және жалпы әкімшілік шығыстары);

бейрезидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері немесе тұрақты мекемелері басқа елдерде тікелей шеккен, Қазақстан Республикасында салық төлеуші ретінде тіркелген тұрақты мекеменің қызметіне байланысты емес басқару және жалпы әкімшілік шығыстары (бұдан әрі – басқа елдердегі тұрақты мекемелердің басқару және жалпы әкімшілік шығыстары);

бейрезидент-заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында тіркелген тұрақты мекеменің қызметіне байланысты емес басқару және жалпы әкімшілік шығыстары бейрезидент-заңды тұлғаның бөлінетін шығыстарына енгізуге жатпайды.

2. Басқару және жалпы әкімшілік шығыстар – ұйымды басқаруға, басқарушы персоналдың өндірістік процеске байланысты емес еңбегіне ақы төлеуге байланысты шығыстар.

3. Бейрезидент-заңды тұлға өз таңдауы бойынша есепті салықтық кезең ішінде бейрезидент-заңды тұлғаның бөлінетін шығыстарын шегерімге жатқызу әдістерінің біреуін ғана қолданады.

Бейрезидент-заңды тұлғаның бөлінетін шығыстарын шегерімге жатқызудың қолданылатын әдісі бейрезидент-заңды тұлғаның шегерімге жатқызылатын басқару және жалпы әкімшілік шығыстары жөніндегі ақпаратты қамтитын корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияға қосымшада көрсетіледі.

4. Бейрезидент-заңды тұлғаның бөлінетін шығыстарын Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме:

1) халықаралық шарттың талаптары сақталған;

2) осы Кодекстің 663-бабының 3-тармағында немесе 665-бабының 3-тармағында көрсетілген құжаттар болған;

3) бейрезидент-заңды тұлғаның резиденттігін растайтын құжат болған кезде шегерімге жатқызады.

5. Осы баптың 4-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттар шет тілінде жасалған болса, мұндай құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен нотариус куәландырған қазақ немесе орыс тілдеріне аудармасының болуы міндетті.

6. Бейрезидент-заңды тұлға резиденттікті растайтын құжатты корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны беру үшін белгіленген мерзімдерде тиісті салық органына тапсырады.

663-бап. Шығыстарды пропорционалды бөлу әдісі

1. Пропорционалды бөлу әдісін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме шегерімге жатқызатын бейрезидент-заңды тұлғаның бөлінетін шығыстарының сомасы бейрезидент-заңды тұлғаның бөлінетін шығыстары мен есептік көрсеткіш сомаларының көбейтіндісі ретінде айқындалады.

2. Есептік көрсеткіш бейрезидент-заңды тұлғаның таңдауы бойынша мына тәсілдердің біреуі:

1) бейрезидент-заңды тұлғаның есепті салықтық кезеңде Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырудан алған, осы Кодекстің 651-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалатын жылдық жиынтық кірісі сомасының бейрезидент-заңды тұлғаның көрсетілген салықтық кезеңдегі жылдық жиынтық кірісінің жалпы сомасына арақатынасы;

2) орташа шаманы (ОШ) үш көрсеткіш бойынша анықтау:

бейрезидент-заңды тұлғаның есепті салықтық кезеңде Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырудан алған, осы Кодекстің 651-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалатын жылдық жиынтық кірісі сомасының бейрезидент-заңды тұлғаның көрсетілген салықтық кезеңдегі жылдық жиынтық кірісінің жалпы сомасына арақатынасы (К);

Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеменің есепті салықтық кезеңнің соңындағы жай-күйі бойынша қаржылық есептілігінде ескерілген негізгі құралдарының бастапқы (ағымдағы) құнының бейрезидент-заңды тұлғаның осындай салықтық кезеңдегі негізгі құралдарының жалпы бастапқы (ағымдағы) құнына арақатынасы (НҚ);

Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемеде жұмыс істейтін персоналдың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі есепті салықтық кезеңнің соңындағы жай-күйі бойынша шығыстар сомасының бейрезидент-заңды тұлға тұтас алғанда осындай салықтық кезеңдегі персоналдың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстардың жалпы сомасына арақатынасы бойынша есептеп шығарылады (ЕТ).

Орташа шама мынадай формула бойынша айқындалады:

ОШ = (К + НҚ + ЕТ)/3.

3. Пропорционалды бөлу әдісін пайдалану кезінде бейрезидент-заңды тұлғаның бөлінетін шығыстарының сомасы Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме халықаралық шарттың талаптары сақталған жағдайда және онда мынадай растайтын құжаттар:

1) Қазақстан Республикасындағы бейрезиденттің тұрақты мекемесінің қаржылық есептілігінің көшірмелері;

2) бейрезидент-заңды тұлғаның өзі құрылған және (немесе) осындай заңды тұлға резиденті болып табылатын мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес жасалған, бейрезидент-заңды тұлғаның атауы жазылған, мөрімен (ол

болған кезде), сондай-ақ басшының қолтаңбасымен куәландырылған қаржылық есептілігінің көшірмелері болған кезде ғана шегерімге жатқызады.

Бұл ретте осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген қаржылық есептілікте:

басқару және жалпы әкімшілік шығыстар сомасы;

жиынтық жылдық кіріс сомасы;

персоналдың еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстар сомасы;

негізгі құралдардың бастапқы (ағымдағы) және баланстық құны жеке жолмен бөлек көрсетілуге тиіс;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген қаржылық есептілікте көрсетілген басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын:

шығыстардың түрлері бойынша бейрезидент-заңды тұлғаның бөлінетін шығыстарын;

Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеменің басқару және жалпы әкімшілік шығыстарын бөлек көрсете отырып таратып жазу;

4) бейрезидент-заңды тұлғаның қаржылық есептілігінің аудиті бойынша аудиторлық есептің көшірмесі (осындай қаржылық есептіліктің аудиті жүзеге асырылған кезде) болған кезде ғана шегерімге жатқызылады.

664-бап. Жекелеген жағдайларда шығыстарды пропорционалды бөлу әдісін қолдану кезінде бейрезидент-заңды тұлғаның қаржылық есептілігінің деректерін түзету тәртібі

1. Бейрезидент-заңды тұлға тұрақты мекемеге шегерімге жатқызуға тиіс басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасын есептеу кезінде пайдаланылатын қаржылық есептілік деректерін мынадай жағдайларда:

Қазақстан Республикасында және осындай бейрезиденттің резиденттік елінде салықтық кезеңдердің ұзақтығына сәйкес болмаған;

көрсетілген салықтық кезеңдердің тең ұзақтығы кезінде Қазақстан Республикасында және осындай бейрезиденттің резиденттік елінде салықтық кезеңдердің басталу және аяқталу күндері сәйкес болмаған жағдайларда түзетуге міндетті.

Бейрезиденттің қаржылық есептілігінің деректерін түзету үшін түзеу коэффициенті (К) қолданылады, ол мұндай бейрезиденттің резиденттік еліндегі салықтық кезеңді Қазақстан Республикасындағы салықтық кезеңмен сәйкес келтіреді.

2. Коэффициент (К) Қазақстан Республикасындағы салықтық кезең шеңберіне кіретін, мұндай бейрезиденттің резиденттік еліндегі салықтық кезеңнің айлары санының бейрезиденттің резиденттік еліндегі салықтық кезең айларының санына арақатынасы ретінде айқындалады.

Егер Қазақстан Республикасындағы салықтық кезеңге екі салықтық кезең толық немесе ішінара кіретін болса, мұндай бейрезиденттің резиденттік елінде екі коэффициент (К1, К2) қолданылады.

3. Бейрезидент-заңды тұлғаның қаржылық есептілігінің деректері мынадай түрде түзетіледі:

К1хҚЕ (РЕ)1 + К2хҚЕ(РЕ)2,

мұндағы К1 = СК (РЕ)1/СК (РЕ)3; К2 = СК (РЕ)2/СК (РЕ)3,

бұл ретте:

СК (РЕ)1 - бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы салықтық кезең шеңберіне кіретін, резиденттік еліндегі бір салықтық кезең айларының саны;

СК (РЕ)2 – бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы салықтық кезең шеңберіне кіретін, резиденттік еліндегі басқа салықтық кезең айларының саны;

СК (РЕ)3 – бейрезиденттің резиденттік еліндегі салықтық кезең айларының жалпы саны;

ҚЕ (РЕ)1 – бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы салықтық кезең шеңберіне кіретін, резиденттік еліндегі бір салықтық кезең үшін бейрезиденттің резиденттік еліндегі қаржылық есептілігі;

ҚЕ (РЕ)2 – бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы салықтық кезең шеңберіне кіретін, резиденттік еліндегі басқа салықтық кезең үшін бейрезиденттің резиденттік еліндегі қаржылық есептілігі түзетіледі.

665-бап. Шығыстарды шегерімге тікелей (тура) жатқызу әдісі

1. Бейрезидент-заңды тұлға бас кеңсенің және Қазақстан Республикасындағы және басқа елдердегі тұрақты мекемелердің кірістері мен шығыстарын (басқару және жалпы әкімшілік шығыстарды қоса алғанда) бөлек есепке алуды жүргізген жағдайда бейрезидент-заңды тұлғаның бөлінетін шығыстарын шегерімге тікелей (тура) жатқызу әдісі пайдаланылады.

2. Егер бейрезидент-заңды тұлғаның бөлінетін шығыстары растайтын құжаттар негізінде айқындалатын болса және тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен кіріс алу мақсатында тікелей жұмсалса, Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме оларды осы бапқа сәйкес шегерімге жатқызады.

3. Мыналар:

1) бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен кіріс алу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында жұмсаған бөлінетін шығыстарын растайтын бастапқы есепке алу құжаттары;

2) бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен кіріс алу мақсатында Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде жұмсаған бөлінетін шығыстарын растайтын бастапқы есепке алу құжаттарының көшірмелері;

3) бейрезидент-заңды тұлғаның тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен кіріс алу мақсатында Қазақстан

Республикасында да, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде де жұмсаған бөлінетін шығыстарын есепке алу бойынша осы шығыстарды растайтын бастапқы есепке алу құжаттарының негізінде жасалған салықтық тіркелімдер растайтын құжаттар болып табылады.

Салықтық тіркелімнің нысаны, оны толтыру тәртібі Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаның салықтық есепке алу саясатында бекітіледі;

4) бейрезидент-заңды тұлғаның өзі құрылған және (немесе) осындай заңды тұлға резиденті болып табылатын мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес жасалған және осындай бейрезидент-заңды тұлға басшысының қолтаңбасымен және мөрімен (ол болған кезде) куәландырылған, сондай-ақ басшының қолтаңбасымен куәландырылған қаржылық есептілігінің көшірмесі растау құжаттары болып табылады.

Бұл ретте осы тармақшада көрсетілген қаржылық есептілікте бейрезидент-заңды тұлғаның басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының жалпы сомасы жеке жолмен бөлек көрсетілуге тиіс;

5) бейрезидент-заңды тұлғаның қаржылық есептілігінің аудиті бойынша аудиторлық есептің көшірмесі (осындай қаржылық есептіліктің аудиті жүзеге асырылған кезде) растау құжаттары болып табылады.

666-бап. Бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған кірістерін салық салудан толық босатуға қатысты халықаралық шартты қолдану тәртібі

1. Осы бапта белгіленген халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі мынадай:

1) халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі осы Кодекстің 667, 668, 669, 670 және 671-баптарында белгіленген;

2) осы Кодекстің 672, 673 және 674-баптарында белгіленген тәртіп қолданылатын осы Кодекстің 650-бабында айқындалған кірістерді қоспағанда, бейрезиденттің осы Кодекстің 644-бабында көзделген кірістеріне қолданылады.

2. Бейрезидент бір немесе байланысты жобалар шеңберінде қызмет көрсетуден, жұмыстарды орындаудан кіріс алған жағдайда, салық агенті осы бапты қолдану мақсаттары үшін бейрезиденттің тұрақты мекеме құру фактісін, оның ішінде қызмет көрсетуге немесе жұмыстарды орындауға шарт (келісімшарт), сондай-ақ осы баптың 5-тармағында көрсетілген құжаттар негізінде айқындайды.

Бейрезиденттің Қазақстан Республикасында тұрақты мекемені құру фактісі анықталған кезде салық агенті Қазақстан Республикасында бейрезиденттің кірістерін салық салудан босату бөлігінде халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқылы емес.

3. Салық агентінің бейрезидентке кірісті төлеу кезінде немесе

бейрезиденттің есептелген, бірақ төленбеген кірісін шегерімге жатқызу кезінде, егер мұндай бейрезидент кірісті түпкілікті (нақты) алушы және халықаралық шарт жасалған ел резиденті болып табылатын болса, салық салудан босатуды дербес қолдануға құқығы бар.

Осы бөлімнің мақсатында кірістерді иелену, пайдалану, оларға билік ету құқығы бар және мұндай кіріске қатысты делдал, оның ішінде агент, номиналды ұстаушы болып табылмайтын тұлға түпкілікті (нақты) кірістерді алушы (иеленуші) деп түсінілуі керек.

4. Халықаралық шарт бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжатты бейрезидент салық агентіне ұсынған жағдайда қолданылады.

Бұл ретте резиденттікті растайтын құжатты бейрезидент салық агентіне бірінші болып басталатын мына күндердің бірінен:

1) бейрезидентке кіріс төленген немесе бейрезиденттің төленбеген кірістері шегерімге жатқызылған, осы Кодекстің 314-бабына сәйкес айқындалған салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан;

2) бейрезидентке кіріс төленген салықтық кезең үшін төлем көзінен ұстап қалатын табыс салығы бойынша салықтық міндеттемені орындау мәселесі бойынша салықтық тексеру аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады. Салықтық тексерудің аяқталу күні нұсқамаға сәйкес айқындалады.

5. Егер бейрезидент-заңды тұлға Қазақстан Республикасында тұрақты мекемені құруға алып келмейтін мерзім шегінде Қазақстан Республикасының аумағында қызметтер көрсеткен немесе жұмыстар орындаған жағдайда халықаралық шарттың ережелерін қолдану мақсатында мұндай бейрезидент резиденттікті растайтын құжатпен бірге салық агентіне:

құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не

құрылтайшыларды (қатысушыларды) және бейрезидент-заңды тұлғаның мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен) немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжаттан үзінді көшірмені ұсынады.

Бейрезиденттің шет мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес құрылтай құжаттары немесе сауда тізілімінде (акционерлердің тізілімінде) немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжатта тіркеу бойынша міндеттемесі болмаған жағдайда мұндай бейрезидент салық ағентіне:

бейрезидентті құруға негіз болған, мұндай бейрезидент тіркелген шет мемлекеттің тиісті органы құқықтық (заңдық) күшін растаған құжатты (актіні) не

қатысушысы бейрезидент болып табылатын шоғырландырылған топтың ұйымдық құрылымын көрсететін, оның барлық қатысушылары мен географиялық орналасқан жерін (шоғырландырылған топ қатысушылары жасалған (құрылған) мемлекеттің (аумақтың) атауын) және барлық шоғырландырылған топ қатысушыларының мемлекеттік және салықтық

тіркеу нөмірлерін көрсете отырып, ұйымдық құрылымын көрсететін өзге де құжатты ұсынады.

6. Егер Қазақстан Республикасында тұрақты мекемені құруға алып келмейтін мерзім шегінде Қазақстан Республикасының аумағында қызметтер көрсету немесе жұмыстар орындау бірлескен қызмет шеңберінде жүзеге асырылса, онда осындай шарттың қатысушысы болып табылатын бейрезидент-заңды тұлға халықаралық шарттың ережелерін қолдану мақсатында осы баптың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген құжаттармен қатар салық агентіне бірлескен қызмет туралы шарттың не оның бірлескен қызметтегі қатысу үлесін растайтын өзге де құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады.

Егер бейрезидент осындай шарттың (келісімшарттың) және байланысты жобалардың шеңберінде қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау нәтижесінде тұрақты мекеме құрмаған жағдайда, салық агенті бейрезидент-заңды тұлғаның кірісіне бірлескен қызмет туралы шартта немесе бірлескен қызметке оның қатысу үлесін растайтын өзге де құжатта көрсетілген бірлескен қызметке оның қатысу үлесіне пропорционалды халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқылы.

7. Салық агенті салық органына ұсынылатын салықтық есептілікте бейрезидентке есептелген (төленген) және халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес ұстап қалған, салық ұстап қалудан босатылған кірістер сомасын, табыс салығының мөлшерлемелерін және халықаралық шарттардың атауларын көрсетуге міндетті.

Бұл ретте салық агенті өзі тұрған жердегі салық органына төртінші тоқсанның салықтық есептілікті ұсыну үшін белгіленген күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей түпкілікті (нақты) кіріс алушы (иеленуші) бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжаттың көшірмесін ұсынуға міндетті.

8. Салық агенті халықаралық шарт ережелерін қолданбаған жағдайда салық агенті осы Кодекстің 645-бабында айқындалған тәртіппен төлем көзінен табыс салығын ұстап қалуға міндетті.

Ұстап қалған табыс салығының сомасы осы Кодекстің 647-бабында белгіленген мерзімде бюджетке аударуға жатады.

667-бап. Бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған дивидендтер, сыйақылар және (немесе) роялти түріндегі кірістерін салық салудан босатуға немесе оларға төмендетілген салықтық мөлшерлемені қолдануға қатысты халықаралық шартты қолдану тәртібі

1. Дивидендтер, сыйақылар және (немесе) роялти түрінде бейрезидентке кірістерді төлеу кезінде немесе сыйақылар және (немесе) роялти түрінде бейрезиденттің төленбеген кірістерін шегерімге жатқызу

кезінде салық агенті халықаралық шартта көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салықтық мөлшерлемелерді дербес қолдануға мынадай:

1) бейрезидент түпкілікті (нақты) кіріс алушы (иеленуші) болып табылуы;

2) салық агентіне осы Кодекстің 666-бабының 4-тармағында белгіленген мерзімде бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжат ұсынылуы талаптары сақталған кезде құқылы.

2. Түпкілікті (нақты) кірісті алушыға (иеленушіге) делдал арқылы сыйақы түрінде кірісті төлеу кезінде салық агенті бір мезгілде мынадай:

1) оның негізінде сыйақы төленетін шартта (келісімшартта) делдал арқылы түпкілікті (нақты) сыйақы алушы (иеленуші) болып табылатын әрбір тұлға бойынша осындай тұлғаның деректерін (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (егер бұл жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе заңды тұлғаның атауын); инкорпорация еліндегі салықтық тіркелу нөмірін немесе оның аналогын (бар болған кезде); инкорпорация еліндегі мемлекеттік тіркелу нөмірін (немесе оның аналогын) көрсете отырып, сыйақы сомасы көрсетілген;

2) салық агентіне осы Кодекстің 666-бабының 4-тармағында белгіленген мерзімде алушы (иеленуші) болып табылатын бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжат ұсынылған талаптар орындалған кезде осындай түпкілікті (нақты) кіріс алушы (иеленуші) резиденті болып табылатын мемлекетпен жасасқан халықаралық шартта көзделген, табыс салығынан босатуға немесе оның төмендетілген мөлшерлемесін қолдануға құқылы.

3. Салық агенті өзі тұрған жердегі салық органына төртінші тоқсанның салықтық есептілігін ұсыну үшін белгіленген күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей түпкілікті (нақты) кіріс алушы (иеленуші) бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжаттың көшірмесін ұсынуға міндетті.

4. Салық агенті халықаралық шарттың ережелерін қолданбаған жағдайда салық агенті осы Кодекстің 645-бабында айқындалған тәртіппен төлем көзінен табыс салығын ұстап қалуға міндетті.

Ұстап қалған табыс салығының сомасы осы Кодекстің 647-бабында белгіленген мерзімде бюджетке аударылуға жатады.

5. Салық агенті түпкілікті (нақты) кіріс алушы (иеленуші) бейрезидент кірісінің төлем көзінен ұстап қалған табыс салығын бюджетке аударған жағдайда оның халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес толем көзінен артық ұстап қалған табыс салығын осындай бейрезидентке қайтаруға құқығы бар. Артық ұстап қалған табыс салығын бейрезидентке қайтаруды салық агенті жүргізеді.

Бұл ретте түпкілікті (нақты) кіріс алушы (иеленуші) бейрезидент салық агентіне:

1) делдалмен жасасқан, мұндай тұлғаның деректерін (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (егер бұл жеке басты куәландыратын құжатта

көрсетілсе) немесе заңды тұлғаның атауын, инкорпорация еліндегі салықтық тіркелу нөмірін немесе оның аналогын (бар болған кезде), инкорпорация еліндегі мемлекеттік тіркелу нөмірін немесе оның аналогын (бар болған кезде) көрсете отырып, мұндай бейрезиденттің сыйақы сомасы көрсетілген шарттың (келісімшарттың) нотариат куәландырған көшірмесін;

2) осындай бейрезидентке сыйақы түрінде кіріс есепке жазылған кезең үшін бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжатты ұсынуға міндетті.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды, егер халықаралық шартта өзге мерзімдер белгіленбесе, бейрезидент бюджетке төлем көзінен ұстап қаллған табыс салығын соңғы аудару күнінен бастап осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қою мерзімі өткенге дейін ұсынады.

6. Осы баптың 5-тармағына сәйкес бейрезидентке ұстап қалған табыс салығы қайтарылған жағдайда салық агенті өзінің тұрған жеріндегі салық органына түпкілікті (нақты) кіріс алушы (иеленуші) бейрезиденттің сыйақы түрінде кірістерінен табыс салығын ұстап қалу және аудару жүргізілген салықтық кезеңге төмендетілген салықтық мөлшерлемені немесе салық салудан босату қолданылған кездегі азайтылған сомаға төлем көзінен ұстап қалатын табыс салығы бойынша қосымша есеп-қисапты ұсынуға құқылы.

Көрсетілген жағдайда төлем көзінен ұстап қалған табыс салығының артық төленген сомасын салық агентінің есебіне жатқызу осы Кодекстің 102-бабында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

668-бап. Бейрезиденттің депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша дивидендтер түріндегі кірістерін салық салудан ішінара босатуға қатысты халықаралық шартты қолдану тәртібі

1. Депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша дивидендтер түріндегі кірістерді түпкілікті (нақты) кіріс алушы (иеленуші) - бейрезидентке депозитарлық қолхаттарды номиналды ұстаушы арқылы төлеу кезінде бір мезгілде мынадай талаптар орындалған:

1) мыналарды:

базалық активі Қазақстан Республикасының резиденті шығарған акциялар болатын депозитарлық қолхаттардың меншік иелері болып табылатын жеке тұлғалардың тегін, атын, әкесінің атын (бар болған кезде) немесе заңды тұлғалардың атауын;

депозитарлық қолхаттардың саны және түрі туралы ақпаратты;

жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттардың атауы мен деректемелерін немесе заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күнін қамтитын депозитарлық қолхаттарды ұстаушылар тізімінің болуы.

Депозитарлық қолхаттарды ұстаушылардың тізімін мына тұлғалар:

егер депозитарлық қолхаттар бойынша меншік құқықтарын есепке алуды және оны растауды жүзеге асыруға арналған шарт депозитарлық

қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялардың резидент-эмитенті мен орталық депозитарий арасында жасалған жағдайда орталық депозитарий;

немесе егер депозитарлық қолхаттар бойынша меншік құқықтарын есепке алуды және оны растауды жүзеге асыруға арналған шарт депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялардың резидент-эмитенті мен осындай ұйым арасында жасалған жагдайда шет мемлекеттің багалы қағаздар нарығында депозитарлық қызметті жүзеге асыру құқығын иеленетін өзге ұйым жасайды;

2) депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша түпкілікті (нақты) дивидендтер алушы (иеленуші) болып табылатын бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжаттың болуы кезінде салық агентінің осындай түпкілікті (нақты) кіріс алушы (иеленуші) резиденті болып табылатын мемлекетпен тиісті халықаралық шартта көзделген табыс салығының төмендетілген мөлшерлемесін қолдануға құқығы бар.

Бұл ретте резиденттікті растайтын құжат осы Кодекстің 666-бабының 4-тармағында белгіленген мерзімде салық агентіне ұсынылады.

2. Салық агенті халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес есептелген (төленген) және ұстап қалған, салық ұстап қалудан босатылған кірістер сомасын, табыс салығының мөлшерлемесін және халықаралық шарттардың атауын салық органына табыс етілетін салықтық есептілікте көрсетуге міндетті.

Бұл ретте салық агенті өзі тұрған жердегі салық органына бейрезидент-салық төлеушінің резиденттігін растайтын құжаттың көшірмесін ұсынуға міндетті. Мұндай көшірме төртінші тоқсанға салықтық есептілікті ұсыну үшін белгіленген күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірілмей ұсынылады.

3. Осы баптың 1-тармағында айқындалған тәртіппен депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша дивидендтер түрінде бейрезидентке кірістер төлеу кезінде салық агенті халықаралық шарттың ережелерін қолданбаған жағдайда, салық агенті осы Кодекстің 646-бабында белгіленген мөлшерлеме бойынша төлем көзінен табыс салығын ұстап қалуға міндетті.

Ұстап қалған табыс салығының сомасы осы Кодекстің 647-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзімде бюджетке аударылуға жатады.

4. Салық агенті түпкілікті (нақты) табыс алушы бейрезиденттің кірістерінен ұстап қалған табыс салығын бюджетке аударған жағдайда, осындай бейрезиденттің халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес төлем көзінен артық ұстап қалған табыс салығын қайтаруға құқығы бар.

Бұл ретте бейрезидент салық агентіне:

1) базалық активі резидент-эмитенттің акциялары болып табылатын депозитарлық қолхаттарға меншік құқығын растайтын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін;

2) мұндай бейрезидентке кіріс дивидендтер түрінде есепке жазылған кезең үшін оның резиденттігін растайтын құжатты ұсынуға міндетті.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген құжаттарды, егер халықаралық шартта өзге мерзім белгіленбесе, бейрезидент бюджетке төлем көзінен ұстап қалған табыс салығын соңғы аудару күнінен бастап осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қою мерзімі өткенге дейін ұсынады.

Бұл ретте артық ұстап қалған табыс салығын бейрезидентке қайтаруды салық агенті жүргізеді.

5. Салық агенті өзі тұрған жердегі салық органына депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша дивидендтер түріндегі бейрезиденттің кірістерінен табыс салығын ұстап қалу және аудару жүргізілген салықтық кезең үшін төмендетілген салықтық мөлшерлеме қолданылған кездегі табыс салығының азаю сомасына төлем көзінен ұстап қалатын табыс салығы бойынша қосымша есеп-қисапты ұсынуға құқылы.

Көрсетілген жағдайда төлем көзінен ұстап қалған табыс салығының артық төленген сомасын салық агентінің есебіне жатқызу осы Кодекстің 102-бабында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

669-бап. Бейрезиденттің тұрақты мекеме арқылы халықаралық тасымал бойынша қызметтер көрсетуден түскен кірістерін салық салудан босатуға қатысты халықаралық шартты қолдану тәртібі

1. Егер бейрезидент кірісті түпкілікті алушы және халықаралық шарт жасасқан елдің резиденті болып табылса, халықаралық шарт ережелеріне сәйкес мұндай бейрезиденттің халықаралық тасымал бойыншаі қызметтер көрсетуден түсетін кірістерді салық салудан босатуды қолдануға құқығы бар.

Халықаралық шарт салық салудан босату бөлігінде бейрезидентте корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру күніне оның резиденттігін растайтын құжат болған кезде қолданылады.

Бейрезидент резиденттікті растайтын құжатты корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны берген кезде тұрақты мекеме тұрған жердегі салық органына ұсынады.

2. Бейрезидент салықтық кезеңде халықаралық тасымал бойынша қызметтер көрсетуден түсетін кірістер мен Қазақстан Республикасындағы көздерден түсетін басқа да кірістердің сомаларын бөлек есепке алуды жүргізуге міндетті.

3. Халықаралық тасымал бойынша қызметтер көрсетумен байланысты шығыстардың сомасы тікелей немесе пропорционалды әдіспен айқындалады.

Шығыстарды айқындаудың таңдап алынған әдісі осындай бейрезиденттің тұрақты мекемесі тұрған жердегі салық органына қатысты жоғары тұрған орган болып табылатын салық органымен (уәкілетті органды

қоспағанда) келісу бойынша ғана салықтық кезең басталғанға дейін өзгертілуі мүмкін.

Бір салықтық кезең ішінде шығыстарды айқындаудың біреуден артық әдісі қолданылмайды.

4. Шығыстарды айқындаудың тікелей әдісін қолдану кезінде бейрезидент халықаралық тасымал бойыншаі қызметтер көрсетумен байланысты шығыстарды және басқа да шыгыстарды бөлек есепке алуды жүргізеді.

5. Пропорционалды әдісті қолдану кезінде шығыстар сомасы салықтық кезеңдегі Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асырумен байланысты бейрезидент шығыстарының үлесі мен жалпы сомасының көбейтіндісі ретінде айқындалады.

Үлес халықаралық тасымал бойыншаі қызметтер көрсетуден түсетін кірістер сомасының салықтық кезеңдегі Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асырумен байланысты кірістердің жалпы сомасына арақатынасы ретінде айқындалады.

6. Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсырған күнге бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжат болмаған кезде бейрезидент халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқылы емес.

Бұл ретте корпоративтік табыс салығы бюджетке есептелген және төленген жағдайда бейрезидент осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қою мерзімі өткенге дейін, егер халықаралық шартта өзге мерзімдер белгіленбесе, салық органына корпоративтік табыс салығы бойынша қосымша декларация мен бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжат ұсынылған жагдайда халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқығы бар.

670-бап. Бейрезиденттің тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін таза кірісін салық салудан ішінара босатуға қатысты халықаралық шартты қолдану тәртібі

1. Егер бейрезидент халықаралық шарт жасасқан елдің резиденті болып табылса және осындай халықаралық шартта бейрезиденттің таза кірісіне салық салудың осы Кодекстің 652-бабында белгіленген тәртіптен өзгеше тәртібі көзделген болса, оның тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін таза кірісіне халықаралық шартта көзделген төмендетілген салықтық мөлшерлемені қолдануға құқығы бар.

Төмендетілген салықтық мөлшерлеме бейрезидентте корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру күніне оның резиденттігін растайтын құжат болған кезде қолданылады.

Бейрезидент резиденттікті растайтын құжатты корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсырған кезде тұрақты мекеме тұрған жердегі салық органына тапсырады.

2. Корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсырған күнге бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжат болмаған кезде бейрезидент халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқылы емес.

Бұл ретте корпоративтік табыс салығы бюджетке есептелген және төленген жағдайда бейрезидент осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қою мерзімі өткенге дейін, егер халықаралық шартта өзге мерзімдер белгіленбесе, салық органына корпоративтік табыс салығы бойынша қосымша декларация мен бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжат ұсынылған жағдайда халықаралық шарттың ережелерін қолдануға құқығы бар.

671-бап. Бейрезидент-жеке тұлғаның салық агенттері болып табылмайтын тұлғалардан алған кірістерін салық салудан босатуға қатысты халықаралық шартты қолдану тәртібі

1. Егер бейрезидент-жеке тұлға кірісті түпкілікті алушы және халықаралық шарт жасасқан елдің резиденті болып табылса, бейрезидент-жеке тұлғаның халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес салық агенттері болып табылмайтын тұлғалардан алған кірістерін салық салудан босатуды қолдануға құқығы бар.

Салық салудан босату бөлігінде халықаралық шарт бейрезидентте жеке табыс салығы бойынша декларация тапсырған күнге оның резиденттігін растайтын құжат болған кезде қолданылады.

Бейрезидент-жеке тұлға резиденттікті растайтын құжатты жеке табыс салығы бойынша декларацияны берген кезде өзі болатын (тұрғылықты) жердегі салық органына тапсырады.

2. Бейрезидент-жеке тұлға жеке табыс салыгы бойынша декларацияны тапсыру кезінде резиденттікті растайтын құжаты болмаган кезде осы Кодекстің 658-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде бюджетке табыс салығын төлеуді жүргізуге міндетті.

Бұл ретте бейрезидент-жеке тұлғаның осы Кодекстің 672, 673 және 674-баптарында айқындалған тәртіппен толенген табыс салығын бюджеттен қайтарып алуга құқығы бар.

672-бап. Бейрезиденттің толенген табыс салығын халықаралық шарт негізінде бюджеттен қайтарып алуға өтініш беру тәртібі

1. Халықаралық шарттың ережелерін қолданған кезде бейрезиденттің осы бапта және осы Кодекстің 673, 674-баптарында айқындалған тәртіппен табыс салығын қайтарып алуга мынадай:

1) салық агенті осы Кодекстің ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған бейрезиденттің кірістерінен табыс салығын ұстап қалған және бюджетке аударған;

2) бейрезидент халықаралық шартқа сәйкес тұрақты мекеме құруға

алып келмейтін құрылымдық бөлімше арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметті жүзеге асырудан түсетін кірістерінен табыс салығын есептеген және төлеген;

3) бейрезидент Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістерінен осы Кодекстің ережелеріне сәйкес табыс салығын төлеген жағдайларда құқығы бар.

Бұл ретте бейрезидент төленген табыс салығын бюджеттен қайтарып алуға осы баптың 3 және 4-тармақтарында айқындалған құжаттарды қоса бере отырып, салықтық өтінішті (бұдан әрі осы Кодекстің осы бабының және 673, 674-баптарының мақсатында – өтініш) салық органына ұсынуға міндетті.

2. Өтінішті бейрезидент уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша салық агенті тұрған (тұрғылықты, болатын) жердегі салық органына қатысты жоғары тұрған орган болып табылатын салық органына екі данада ұсынады.

Өтінішті салық органына ұсыну күні салық органының өтінішті алған күні болып табылады.

3. Өтінішке мынадай құжаттар:

1) жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге немесе өзге де мақсаттарға келісімшарттардың (шарттардың, келісімдердің) көшірмелері;

2) бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжат;

3) алынған кірістер мен ұстап қалған немесе төленген салықтардың сомасын растайтын бухгалтерлік немесе өзге де құжаттардың көшірмелері;

4) бейрезидент Қазақстан Республикасының аумағында осындай мақсаттар үшін жалдаған жұмыскерлер немесе басқа да персоналдар арқылы жұмыстарды орындаған, қызметтер көрсеткен жағдайда – осындай жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарының және олардың Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзімін растайтын құжаттардың көшірмелері;

5) өтінішті заңды тұлға берген жағдайда қосымша:

құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелері не

құрылтайшыларды (қатысушыларды) және бейрезидент-заңды тұлғаның мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен) немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжаттан үзінді көшірмелер қоса берілуге тиіс.

Бейрезиденттің шет мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес құрылтай құжаттары немесе сауда тізілімінде (акционерлердің тізілімінде) немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжатта тіркеу бойынша міндеттемесі болмаған жағдайда мұндай бейрезидент салық агентіне:

бейрезидентті құруға негіз болған, құқықтық (заңдық) күшін мұндай бейрезидент тіркелген шет мемлекеттің тиісті органы растаған құжатты (актіні),

не қатысушысы бейрезидент болып табылатын шоғырландырылған

топтың ұйымдық құрылымын көрсететін, оның барлық қатысушылары мен олардың географиялық орналасқан жерін (шоғырландырылған топ қатысушылары жасалған (құрылған) мемлекеттердің (аумақтардың) атауын) және барлық шоғырландырылған топ қатысушыларының мемлекеттік және салықтық тіркеу нөмірлері көрсетілген өзге де құжатты ұсынады;

6) өтінішті жеке тұлға ұсынған жағдайда қосымша – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі қоса берілуге тиіс.

Өтініш осы баптың 4-тармағына сәйкес ұсынылған жағдайда осы тармақтың ережелері қолданылмайды.

4. Бейрезидент депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша алынған кірістерден табыс салығын қайтарып алуға өтінішті ұсынған кезде өтінішке мынадай құжаттар:

1) мыналарды:

бейрезиденттің атауын немесе тегін, атын, әкесінің атын (егер бұл жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

депозитарлық қолхаттардың саны мен түрі туралы ақпаратты;

бейрезиденттің жеке басын куәландыратын құжаттың атауын және деректемелерін (жеке тұлға үшін), бейрезиденттің инкорпорация еліндегі салықтық тіркелу нөмірін немесе оның аналогын (ол болған кезде), бейрезиденттің мемлекеттік тіркелу нөмірін және күнін (заңды тұлға үшін) қамтитын орталық депозитарийден алынған шоттан үзінді көшірме;

2) депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар эмитентінің акционерлері жалпы жиналысының бір акция есебінен дивидендтің мөлшерін және дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күнді көрсете отырып, белгілі бір кезең үшін дивидендтер төлеу туралы шешімі;

3) келіп түскен дивидендтердің сомалары бойынша валюта шотынан үзінді көшірме;

4) депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша кірістерді түпкілікті (нақты) алушы (иеленуші) болып табылатын бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжат қоса беріледі.

5. Егер осы баптың 3 және 4-тармақтарында көрсетілген құжаттар шет тілінде жасалған болса, бейрезидент олардың қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариат куәландырған аудармасын қоса беруге міндетті.

6. Бейрезидент жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түскен кірістерден ұстап қалған табыс салығын қайтаруға өтінішті Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету аяқталған соң ұсынады.

Бейрезидент ұзақ мерзімді келісімшарттар бойынша салық органына өтінішті жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің әрбір кезеңі аяқталуына қарай ұсынуға құқылы.

Осы бөлімнің мақсатында ұзақ мерзімді келісімшарт оның жасалған күнінен бастап он екі айлық кезең ішінде аяқталмаған, жұмыстарды

орындауға, қызметтер көрсетуге арналған келісімшарт (шарт) болып табылады.

7. Егер халықаралық шартта өзгеше белгіленбесе, бейрезидент өтінішті салық органына осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қою мерзімі өткенге дейін ұсынады.

8. Салық органы мынадай:

1) бейрезидент өтінішті осы баптың 7-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін берген жағдайда өтінішті қараудан бас тартады. Бұл ретте бейрезидент өтінішті қайта беруге құқылы емес;

2) резиденттікті растайтын құжат осы Кодекстің 675-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

3) бейрезидент осы баптың 3 және 4-тармақтарында айқындалған құжаттарды ұсынбаған;

4) бейрезидент осы баптың 2-тармағының ережелерін сақтамаған жағдайларда өтінішті қараудан бас тартады.

Бұл ретте салық органының өтінішті қараудан бас тарту туралы шешімі бейрезидентке оның қолын қойғыза отырып табыс етіледі немесе бас тарту себептері көрсетіле отырып, салық органы алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде өтінішті және ұсынылған құжаттарды қоса бере отырып, алуы туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберіледі.

Салық органы осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша өтінішті қараудан бас тартқан жағдайда, бейрезидент, егер ол жол берілген бұзушылықтарды жоятын болса, осы баптың 7-тармағында белгіленген мерзім шегінде қайта өтініш беруге құқылы.

673-бап. Бейрезиденттің өтінішін қарау және оны қарау нәтижелері бойынша шешім қабылдау тәртібі

1. Салық органы бейрезиденттің осы Кодекстің 672-бабына сәйкес ұсынылған өтінішін оны бейрезидент ұсынған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қарайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген өтінішті қарау мерзімі:

1) осы баптың 3-тармағында көрсетілген тақырыптық тексеріс жүргізу кезеңіне;

2) салық органы осы баптың 2, 4 және 5-тармақтарында көрсетілген сұрау салу жіберген күннен бастап осындай сұрау салуға жауап алған күнге дейінгі кезеңге тоқтатыла тұрады.

2. Бейрезиденттің өтінішін қарау барысында салық органы басқа салық органдарына, уәкілетті мемлекеттік органдарға, шет мемлекеттердің құзыретті органдарына, банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға және Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын өзге де ұйымдарға қажетті ақпарат беру туралы, сондай-ақ салықты қайтарып алуға байланысты мәселелер бойынша

бейрезидентке сұрау салулар жіберуге құқылы.

3. Бейрезиденттің өтінішін қарау кезінде салық органы, осы баптың 5 және 6-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 18-тарауында айқындалған тәртіппен бейрезиденттің өтініші негізінде төленген табыс салығын бюджеттен қайтару мәселесі бойынша тақырыптық тексеру жүргізеді.

4. Егер бейрезиденттің Қазақстан Республикасында құрылымдық бөлімшесі болған жағдайда, өтінішті қарайтын салық органы бейрезидентті оның осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қою мерзімі кезеңінде салықтық міндеттемелерді орындауы және Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесінің болуы не болмауы тұрғысынан жоспардан тыс кешенді тексеру жүргізуге сұрау салуды осындай құрылымдық бөлімше тұрған жердегі салық органына жіберуге міндетті.

5. Салық агенті таратылған (қызметі тоқтатылған), банкрот болған жағдайда салық органы өтініші қаралып жатқан бейрезиденттің резиденттік елінің құзыретті органына салық агенті мен бейрезиденттің өзара қатынастары туралы ақпарат беру жөнінде сұрау салу жіберуге құқылы.

Бұл ретте осы баптың 7-тармағында көрсетілген шешім салық органының сұрау салуына бейрезиденттің резиденттік елінің құзыретті органынан алынған ақпарат және (немесе) таратылған (қызметі тоқтатылған) немесе банкрот деп танылған салық агенті ұсынған, төлем көзінен ұстап қалған табыс салығы бойынша салықтық есептіліктің деректері негізінде қабылданады.

Шет мемлекеттің құзыретті органы осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша жіберілген сұрау салу бойынша ақпарат ұсынудан жазбаша бас тартқан немесе сұрау салу жіберілген күннен бастап кемінде екі жылдан астам мерзімде жауап ұсынылмаған жағдайда салық органы өтінішті қараудан бас тартуға міндетті. Бұл ретте салық төлеуші осы Кодекстің 221-бабының ережелеріне сәйкес өзара келісу рәсіміне бастамашылық жасауға құқылы.

6. Бейрезидент-жеке тұлға бюджетке салық агенттері болып табылмайтын адамдардан алынған кірістен табыс салығын төлеген жағдайда осы баптың 7-тармағында көрсетілген шешім осы Кодекстің 672-бабының 3-тармағында айқындалған табыс салығын қайтарып алуға өтінішке қоса берілген құжаттардың және бейрезидент ұсынған табыс салығы бойынша салықтық есептілік деректерінің негізінде қабылданады.

7. Бейрезиденттің өтінішін қарау қорытындылары бойынша салық органы мынадай:

1) табыс салығын толықтай немесе оның бір бөлігін қайтару туралы;

2) табыс салығын қайтарудан бас тарту туралы шешімдердің біреуін шығарады.

Салық органының шешімі жазбаша нысанда ресімделеді және оған басшы немесе оның орынбасары қол қояды.

Салық органы табыс салығын толықтай немесе оның бір бөлігін қайтару туралы шешім қабылдаған кезде ұсынылған өтініште халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес қайтаруға жататын табыс салығының сомасы көрсетіледі және өтініш басшының немесе оның орынбасарының қолтаңбасымен және салық органының мөрімен куәландырылады.

Өтінішті қарау нәтижелері бойынша салық органының шешімінде:

1) шешім қабылданған күн;

2) шешім қабылдаған салық органының атауы;

3) өтініш берген бейрезиденттің толық атауы;

4) бейрезиденттің инкорпорация еліндегі салықтық тіркелу нөмірі немесе оның аналогы (бар болған кезде);

5) қайтару туралы шешім қабылданған жағдайда – бюджеттен бейрезидентке қайтаруға жататын табыс салығының сомасы;

6) табыс салығын қайтарудан бас тарту туралы шешім шығарылған жағдайда – мұндай шешім шығарған кезде салық органы басшылыққа алған Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына және (немесе) халықаралық шарттарға сілтеме жасалған және (немесе) уәкілетті органның салуы негізінде шет мемлекеттің құзыретті органынан алынған ақпарат көрсетілген негіздеме көрсетілуге тиіс.

8. Бюджетке табыс салығы төленген және салық органы табыс салығын толығымен немесе оның бір бөлігін қайтару туралы шешім қабылдаған жағдайда шешімнің көшірмелері мен бейрезиденттің өтініштері осындай салық органы табыс салығын төлеуді жүргізген салық агенті (салық төлеуші) тұрған (тұрғылықты, болатын) жері бойынша тіркелген салық органына жіберіледі.

Салық агенті (салық төлеуші) тұрған (тұрғылықты болатын) жердегі тіркелген салық органы бейрезидентке осы Кодекстің 101-бабында айқындалған тәртіппен бюджеттен табыс салығының сомасын қайтаруды осындай шешім қабылданған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жүргізеді.

9. Салық органының шешімі бейрезиденттің өтінішінің бір данасы қоса тіркеле отырып, бейрезидентке қол қойғызып табыс етіледі немесе алуы туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберіледі.

Табыс ету немесе поштаның немесе өзге де байланыс ұйымының хабарламасына немесе бейрезиденттің белгі қойған күні салық органының шешімін бейрезиденттің алған күні болып табылады.

674-бап. Бейрезиденттің өтінішін қарау нәтижелері бойынша шешімге шағым жасау және шағымды қарау нәтижелері бойынша шешім шығару тәртібі

1. Бейрезидент осы Кодекстің 673-бабының 7-тармағында көрсетілген салық органының шешімімен келіспеген жағдайда оған уәкілетті органға шағымдануға құқылы.

Шағым салық органының шешімін алған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн ішінде жазбаша нысанда беріледі.

Бұл ретте бейрезидент шешіміне шағым жасалған салық органына шағымның көшірмесін жіберуге тиіс.

Шағымды уәкілетті органға берген күн шағымды уәкілетті орган алған күн болып табылады.

2. Шағымда:

1) бейрезиденттің шағымға қол қойған күні;

2) шағым беруші тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер бұл жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) не толық атауы, оның тұрғылықты жері (орналасқан жері);

3) бейрезиденттің инкорпорация еліндегі салықтық тіркелу нөмірі немесе оның аналогы (бар болған кезде);

4) шешіміне бейрезидент шағымданған салық органының атауы;

5) шағым беруші бейрезидент өзінің талаптарын негіздейтін мән-жайлар және осы мән-жайларды растайтын дәлелдемелер;

6) қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілуге тиіс.

Шағымға бейрезидент не оның өкілі болып табылатын тұлға қол қояды.

3. Шағымға мыналар:

1) өтініш пен салық органы шешімінің көшірмелері;

2) өтінішті қоспағанда, осы Кодекстің 672-бабының 3 немесе 4-тармақтарында белгіленген құжаттар;

3) бейрезидент өзінің талаптарын негіздейтін мән-жайларды растайтын құжаттар;

4) іске қатысы бар өзге де құжаттар қоса беріледі.

4. Уәкілетті орган мынадай:

1) бейрезидент осы баптың 1-тармағының екінші бөлігінде белгіленген мерзім өткен соң шағымды берген;

2) шағымның мазмұны осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

3) резиденттікті растайтын құжат осы Кодекстің 675-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

4) бейрезидент осы Кодекстің 672-бабының 3 немесе 4-тармақтарында белгіленген құжаттарды ұсынбаған;

5) бейрезидент осы Кодекстің 673-бабының 7-тармағында көрсетілген салық органының шешіміне сотқа шағым (арыз) берген жағдайларда бейрезиденттің шағымын қараудан бас тартады.

Шағымды қараудан бас тарту туралы шешім бейрезидентке шағымды уәкілетті органға берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда жіберіледі.

Уәкілетті орган осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша шағымды қараудан бас тартқан жағдайда бейрезидент, егер өзі жол берген бұзушылықтарды жоятын

болса, шағымды қараудан бас тарту туралы шешімді алған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн ішінде оны қайта беруге құқылы.

5. Уәкілетті орган бейрезиденттің шағымын уәкілетті органға шағым берілген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қарайды.

Бұл ретте уәкілетті орган шет мемлекеттің құзыретті органына немесе Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарына, банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын өзге де ұйымдарға, сондай-ақ бейрезидентке оның өтінішін қарауға байланысты мәселелер бойынша қажетті ақпаратты ұсыну туралы сұрау салулар жіберген жағдайда, бейрезиденттің шағымын қарау мерзімі осындай ақпаратты алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

6. Бейрезиденттің шағымын қарау қорытындылары бойынша уәкілетті орган мынадай:

1) табыс салығын толықтай немесе оның бір бөлігін қайтару туралы;

2) табыс салығын қайтарудан бас тарту туралы шешімдердің біреуін шығарады.

Уәкілетті органның шешімі бейрезидентке қол қойғызып табыс етіледі немесе алуы туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберіледі.

Табыс ету күні немесе поштаның немесе өзге де байланыс ұйымының хабарламасына бейрезиденттің белгі қойған күні уәкілетті органның шешімін бейрезиденттің алған күні болып табылады.

Уәкілетті органның шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімінде:

1) шешім қабылданған күн;

2) өтініш берген бейрезиденттің толық атауы;

3) бейрезиденттің инкорпорация еліндегі салықтық тіркелу нөмірі немесе оның аналогы (бар болған кезде);

4) қайтару туралы шешім қабылданған жағдайда – мемлекеттік бюджеттен бейрезидентке қайтаруға жататын табыс салығының сомасы;

5) табыс салығын қайтарудан бас тарту туралы шешім шығарылған жағдайда – мұндай шешім шығарылған кезде салық органы басшылыққа алған Қазақстан Республикасы заңнамасының және (немесе) халықаралық шарттың нормаларына сілтеме жасалған және (немесе) уәкілетті органның сұрау салуы негізінде шет мемлекеттің құзыретті органынан алынған ақпарат көрсетілген негіздеме көрсетілуге тиіс.

7. Уәкілетті орган шешімінің көшірмесі шешіміне бейрезидент шағымданған салық органына жіберіледі.

Уәкілетті орган табыс салығын қайтару туралы шешім қабылдаған жағдайда, шешіміне бейрезидент шағымданған салық органы бейрезиденттің осындай салық органына бұрын ұсынған өтінішінде халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес қайтаруға жататын табыс салығының сомасын көрсетеді. Осындай салық органының уәкілетті орган шешімінің көшірмесін алған күні

өтінішті куәландыру күні болып табылады. Бұл ретте өтініш басшының немесе оның орынбасарының қолтаңбасымен және осындай салық органының мөрімен куәландырылады және бейрезидентке қол қойғызып табыс етіледі немесе алуы туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберіледі.

Шешіміне бейрезидент шағымданған салық органы көрсетілген шешімнің көшірмелерін және осындай бейрезиденттің куәландырылған өтінішін табыс салығын төлеуді жүргізген салық агентінің (салық төлеушінің) орналасқан (тұрғылықты, келген) жері бойынша тіркелген салық органына жібереді.

675-бап. Бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжатқа қойылатын талаптар

1. Осы бөлімнің ережелерін қолдану мақсатында бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжат кірісті алушы – бейрезиденттің Қазақстан Республикасымен халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті болып табылатынын растайтын, мынадай:

1) бейрезидент резиденті болып табылатын шет мемлекеттің құзыретті органы куәландырған түпнұсқада ұсынылған ресми құжат болып табылады. Бейрезиденттің резиденттігін растайтын құзыретті органның лауазымды адамының қолтаңбасы мен мөрі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен заңдастырылуға тиіс;

2) осы тармақтың 1) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін құжат түпнұсқасының нотариат куәландырған көшірмесі түрінде ұсынылған ресми құжат болып табылады. Шетелдік нотариустың қолтаңбасы мен мөрі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен заңдастырылуға тиіс;

3) шет мемлекеттің құзыретті органының интернет-ресурсында орналастырылған, бейрезиденттің резиденттігін растайтын электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түрінде ұсынылған ресми құжат болып табылады.

2. Егер мынадай жағдайларда:

бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжат шет мемлекеттің құзыретті органының интернет-ресурсында орналастырылған болса;

осы баптың 1-тармағында көрсетілген (көрсетілетін) тұлғаның (тұлғалардың) қолтаңбасы мен мөрінің түпнұсқалығын куәландырудың озге тәртібі:

Қазақстан Республикасының халықаралық шартында;

осы Кодекстің 221-бабына сәйкес жүргізілетін өзара келісу рәсімі шеңберінде уәкілетті орган мен шет мемлекеттің құзыретті органы арасында;

Еуразиялық экономикалық одақ органының шешімімен белгіленсе, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен заңдастыру талап етілмейді.

3. Бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжатта көрсетілген уақыт кезеңі ішінде бейрезидент Қазақстан Республикасымен халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті деп танылады.

Егер резиденттікті растайтын құжатта резиденттіктің уақыт кезеңі көрсетілмесе, бейрезидент осындай құжат берілген (шет мемлекеттің құзыретті органының интернет-ресурсында орналасқан) күнтізбелік жыл ішінде Қазақстан Республикасымен халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті деп танылады.

676-бап. Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістердің және ұстап қалған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтама

1. Бейрезидент Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістері және ұстап қалған (толенген) салықтардың сомасы туралы анықтаманы (бұдан әрі осы баптың мақсаттары үшін – анықтама), егер осындай салық Қазақстан Республикасының бюджетіне, оның ішінде халықаралық шарт негізінде төлеуге жататын болса және осы Кодекстің 672, 673 және 674-баптарына сәйкес қайтаруға жатпайтын болса, уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша салық органынан алуға құқылы.

Салық органынан анықтаманы салық агенті де осындай салық агенті бейрезидентке есептеген және (немесе) толеген кірістердің және осындай кірістен ұстап қалған (толенген) салықтардың сомасы бойынша алуга құқылы. Бұл ретте осы Кодекстің 16-бабына сәйкес сенімхаттың болуы талап етілмейді.

2. Анықтама алу үшін бейрезидент (салық агенті) салықтық өтінішті мынадай салық органына:

1) Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме құрмай жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаның кірістері бойынша – салық агентінің тұрған жеріндегі;

2) бейрезиденттің тұрақты мекемесі – осындай тұрақты мекеменің орналасқан жеріндегі;

3) Қазақстан Республикасындағы көздерден түсетін кірістерден салықты дербес төлейтін шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам – Қазақстан Республикасындағы келген (тұрғылықты) жері бойынша;

4) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілмеген шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның кірістері бойынша – салық агентінің тұрған жеріндегі салық органына ұсынуға міндетті.

3. Бейрезиденттің (салық агентінің) салықтық өтініші деректерінің салық төлеушінің және (немесе) салық агентінің салықтық есептілігі нысандарында көрсетілген деректерге сәйкес келмеуі анықталған кезде, сондай-ақ салықтық төлем болмаған немесе салық төлеушіде және (немесе) салық агентінде салықтық өтініш берілген күні бейрезиденттің кірістерінен салықты аудару бойынша салықтық берешек болған жағдайда, салық органы

бейрезидентке (салық агентіне) анықтама беруден жазбаша бас тартуды жібереді.

4. Анықтама мынадай күндерден барынша кешіктірілмей:

салықтық өтініш берілген күннен;

бейрезиденттің есебіне жазылған және салық төлеуге жататын кірістерінің сомалары көрсетілген салықтық есептіліктің тиісті нысанын бейрезидент-салық төлеуші және (немесе) салық агенті табыс еткен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей беріледі.

5. Бейрезидент (салық агенті) салықтық өтінішті ұсынбаған жағдайда салық органы анықтаманы бермейді.

677-бап. Салық жинаудағы көмек

1. Уәкілетті органның халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес орындалмаған салықтық міндеттемелерін орындау мақсатында уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салықтық талап жіберу арқылы шет мемлекеттің құзыретті органынан жәрдемдесуге сұрау салуға құқығы бар. Салықтық талап Қазақстан Республикасындағы көздерден түсетін кірістер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі көздерден түсетін бейрезидент тұрақты мекемесінің кірістері бойынша салықтық міндеттемені орындамаған немесе толық орындамаған жағдайда осы Кодексте белгіленген мәжбүрлеп өндіріп алудың барлық ықтимал шаралары қолданылғаннан кейін ғана шет мемлекеттің құзыретті органына жіберіледі.

2. Шет мемлекеттің құзыретті органынан жәрдемдесуге сұрау салу келіп түскен кезде уәкілетті органның резиденттің шет мемлекетте туындаған салықтық міндеттемесінің атқарылуын қамтамасыз етуге құқығы бар. Бұл ретте уәкілетті орган халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес резиденттің шет мемлекеттегі көздерден алынатын кірістерінен салық төлеудің заңдылығын қарайды және қорытынды шығарады.

3. Шет мемлекеттің құзыретті органының сұрау салуы бойынша оң қорытынды шығарылған жағдайда уәкілетті орган халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес резиденттің салықтық міндеттемелерді осы Кодексте айқындалған тәртіппен атқаруын қамтамасыз етеді. Резидент-салық төлеуші салық сомасын уәкілетті органның талабы бойынша халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес жіберілген салық жинауға жәрдемдесу туралы сұрау салуда көрсетілген шет мемлекеттің құзыретті органының шотына аударады.

4. Уәкілетті орган шет мемлекеттің құзыретті органының сұрау салуларын өзара түсіністік қағидаттары негізінде қарайды.

5. Егер халықаралық шартта өзгеше айқындалмаса, осы баптың ережелері осы Кодекстің 48-бабында белгіленген талап қою мерзімі өткенге дейін қолданылады.

20-БӨЛІМ. АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІ

76-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

678-бап. Арнаулы салық режимдерінің түрлері

Осы бөлімде белгіленген жағдайларда салық төлеуші мынадай арнаулы салық режимдерінің біреуін:

1) шағын бизнес субъектілері үшін мыналарды:

патент негізіндегі арнаулы салық режимін;

оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін;

тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қамтитын арнаулы салық режимдерін;

2) ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін арнаулы салық режимдерін:

шаруа немесе фермерлік қожалықтар үшін арнаулы салық режимін;

ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін таңдауға құқылы.

2. Шаруа немесе фермер қожалықтары осы Кодекстің 703-бабының 4-тармағында белгіленген жағдайда бір мезгілде екі арнаулы салық режимін қолдануға құқылы.

3. Патент жеке табыс салығын төлеу фактісін (төлем көзінен ұстап қалатын жеке табыс салығын қоспағанда), әлеуметтік төлемдерді растайтын электрондық құжат болып табылады.

679-бап. Арнаулы салық режимін таңдау және оны қолдануды тоқтату тәртібі

1. Осы бөлімнің осындай әрбір режимі үшін белгіленген, оны қолдану шарттарына сәйкес болған кезде, арнаулы салық режимін таңдауды:

1) жеке тұлғалар – жеке кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою үшін осы Кодекстің 79-бабына сәйкес жіберілетін хабарламада;

2) жаңадан құрылған заңды тұлғалар – әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей салық органына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салық режимін қолдану туралы хабарламада;

3) мыналарға:

салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібінен патент негізінде арнаулы салық режиміне ауысқан кезде – патент құнын есептеуде;

басқа да арнаулы салық режимдеріне ауысқан кезде – уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламада жүзеге асырылады.

Егер жаңадан құрылған салық төлеуші осы тармақтың бірінші

бөлігінде айқындалған тәртіппен арнаулы салық режимін таңдап алмаған жағдайда осындай салық төлеуші қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама бергенге дейін салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін таңдап алды деп танылады.

2. Жаңадан құрылғанын қоспағанда, салық төлеуші арнаулы салық режимін қолдану шарттарына сәйкес келген кезде:

1) жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібінен немесе шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимінен – патент негізінде;

2) жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібінен, патент негізіндегі арнаулы салық режимінен немесе шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимінен – оңайлатылған декларация негізінде;

3) жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібінен, шағын бизнес субъектілері үшін басқа да арнаулы салық режимдерінен, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін арнаулы салық режимдерінен – тіркелген шегерім пайдаланылатын;

4) жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібінен немесе шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимінен – ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін арнаулы салық режиміне ауысуға құқылы.

Осы Кодекстің 703-бабының 4-тармағында белгіленген жағдайда шаруа немесе фермер қожалықтары қолданылатын барлық салық салу режимі туралы хабарламада қолданылатын барлық салық режимдерін көрсетеді.

3. Салық салудың осындай режимі үшін осы бөлімде белгіленген хабарламада арнаулы салық режимін қолдану шарттарының сәйкес келмеуі жағдайлары туындауын қоспағанда, таңдалған арнаулы салық режимі күнтізбелік жыл ішінде өзгертуге жатпайды.

4. Салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібіне ауысқан кезде шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режиміне кейіннен кошу жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті қолданудың күнтізбелік бір жылынан кейін мүмкін болады.

5. Арнаулы салық режимін қолдануға мүмкіндік бермейтін талаптар туындаған жағдайларда салық төлеуші жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне немесе өзге де арнаулы салық режиміне көшу үшін осындай жағдайлар туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама беруге міндетті.

6. Қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаны салық төлеушілер тұрған жеріндегі салық органына қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда, оның ішінде «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы ұсынады.

7. Салық органы тиісті арнаулы салық режимін қолдану үшін осы бөлімде белгіленген шарттарға салық төлеушілердің сәйкес келмеуі фактісін анықтаған кезде салық төлеушілерді жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке

ауыстырады.

Камералдық бақылау барысында осындай фактілер анықталған жағдайда салық органдары жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке ауыстырғанға дейін салық төлеушіге осы Кодекстің 114 және 115-баптарында белгіленген мерзімде және тәртіппен осы Кодекстің 10-тарауына сәйкес камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабарлама немесе камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабарлама жолдайды.

8. Таңдалған арнаулы салық режимін қолдануды бастау күні:

1) дара кәсіпкер ретінде қызметін бастағаны туралы хабарламада таңдалған арнаулы салық режимін көрсеткен жаңадан құрылған жеке кәсіпкерлер үшін – салық органдарында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою күні;

2) осы бапта белгіленген мерзімде қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаны ұсынған жаңадан құрылған заңды тұлғалар үшін – әділет органдарында мемлекеттік тіркеу күні;

3) басқа жағдайларда – қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама ұсынылған айдан кейінгі айдың 1-күні болып табылады.

9. Осы баптың 8-тармағына сәйкес арнаулы салық режиміне көшкен кезде арнаулы салық режимін немесе салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін қолдану – салық салудың қолданылатын режимі туралы тиісті хабарлама берілген айдың соңғы күнінен бастап тоқтатылады.

10. Арнаулы салық режимін қолдануға мүмкіндік бермейтін жағдайлар туындаған кезде салық төлеушіні арнаулы салық режимінен салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібіне көшіру (ауыстыру) кезінде салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін қолданудың басталу күні осындай жағдайлар туындаған айдың 1-күні болып табылады.

77-тарау. ШАҒЫН БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІ ҮШІН АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-параграф. Жалпы ережелер

680-бап.Жалпы ережелер

1. Арнаулы салық режимі шағын бизнес субъектілері үшін:

1) патент негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұстап қалатын салықтарды қоспағанда, жеке табыс салығын;

2) оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұстап қалатын салықтарды қоспағанда, әлеуметтік салықты, корпоративтік немесе жеке табыс салығын;

3) арнаулы салық режимін тіркелген шегерімді пайдалана отырып

қолданған кезде төлем көзінен ұстап қалатын салықтарды қоспағанда, жеке немесе корпоративтік табыс салығын есептеу мен төлеудің оңайлатылған тәртібін белгілейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілмеген, салық және бюджетке төленетін төлемдер бойынша салықтық есептілікті есептеу, толеу және табыс ету жалпы белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші төлем көзінен салық салынуға жататын кірістерден жеке табыс салығы бойынша осы салықты есептеу, ұстап қалу және оны аудару бойынша салық агентінің міндеттемелерін осы Кодекстің 38-тарауында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орындайды.

Патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші төлем көзінен салық салынуға жататын кірістерден жеке табыс салығы бойынша салықтық есептілікті осы Кодекстің 38-тарауында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынады.

681-бап. Патенттің немесе оңайлатылған декларацияның негізінде арнаулы салық режимдерін қолданған кезде кірістерді айқындау тәртібі

1. Салық төлеушінің патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық салу объектісі салықтық кезең үшін алынған кіріс болып табылады.

2. Осы баптың 1-тармағының мақсаттары үшін айқындалатын кіріс Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерлерде алынған (алуға жататын) кірістердің мынадай түрлерінен (осы баптың 6-тармағына сәйкес жүргізілген түзетулерді ескере отырып):

1) тауарларды өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түскен кірістен, оның ішінде мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) тапсырудан түскен кірістен;

2) міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кірістен;

3) талап ету құқықтарын беруден түсетін кірістен;

4) бірлескен қызметті жүзеге асырудан түскен кірістен;

5) таңылған немесе борышкер таныған айыппұлдардан, өсімпұлдан және басқа да санкция түрлерінен (егер салық төлеуші бюджетпен есеп айырысуды жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүзеге асырған кезеңде бұрын бұл сома шегерімге жатқызылмаса, негізсіз ұстап қалып, бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа);

6) шығындарды жабу үшін мемлекеттік бюджеттен алынған сомалардан;

7) түгендеу кезінде анықталған материалдық құндылықтардың артық шығуынан;

8) кәсіпкерлік мақсаттарда пайдалануға арналған өтеусіз алынған мүлік

түріндегі кірістен (қайырымдылық көмегінен басқа);

9) жалға беруші дара кәсіпкердің жалға берілген мүлкін күтіп-ұстауға және жөндеуге арналған шығыстарын жалға алушының өтеуінен;

10) жалға алушының жалға алу шарты бойынша төлемақы есебіне есепке жатқызылатын, дара кәсіпкерден жалға алған мүлікті күтіп-ұстауға және жөндеуге арналған шығыстарынан тұрады.

3. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолдану кезінде осы баптың 2-тармағында көрсетілген кіріс мөлшерін:

1) заңды тұлға – жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен осы Кодекстің 7-бөліміне және осы бабының 5, 6, 7 және 8-тармақтарына сәйкес;

2) «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілік жасауды (бұдан әрі – бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілік жасау) жүзеге асырмайтын дара кәсіпкер – осы Кодекстің 24-тарауына және осы баптың 5, 6, 7 және 8-тармақтарына сәйкес;

3) бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептілік жасауды жүзеге асыратын дара кәсіпкер – осы Кодекстің 226 – 240-баптарына және осы баптың 5, 6, 7 және 8-тармақтарына сәйкес айқындайды.

4. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер осы баптың 2-тармағында көрсетілмеген кірісті алған кезде осы Кодекске сәйкес жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен тиісті салықтарды есептеуді, төлеуді және олар бойынша салықтық есептілік ұсынуды жүргізеді.

5. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушінің кірісі ретінде салық салу мақсатында:

1) осындай мүлікті беретін салық төлеуші үшін – өтеусіз берілген мүліктің құны;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік мұқтаждықтар үшін сатып алынатын активтерді өткізу;

3) егер осындай тауар бірлігінің құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және осындай беру күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 5 еселенген мөлшерінен аспайтын жағдайда, дара кәсіпкер өтеусіз алған, оған жарнамалау мақсатында (оның ішінде сыйға тарту түрінде) берілген тауардың құны;

4) дара кәсіпкер болып табылмайтын жалға алушы жеке тұлғаның, егер көрсетілген шығыстар мыналарға:

Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға;

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген коммуналдық көрсетілетін қызметтер ақысын төлеуге;

тұрғынжайды, тұрғын үй-жайды (пәтерді) жөндеуге жұмсалған жалға алу төлемақысына қосылмайтын болса, тұрғынжайды, тұрғын үй-жайды

(пәтерді) мүліктік жалдау (жалға алу) кезінде шеккен шығыстары;

5) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептен шығарылған өсімпұл мен айыппұлдардың сомасы қаралмайды.

6. Осы тараудың мақсаттары үшін бұрын танылған кіріс сомасы шегінде есепті салықтық кезеңнің кіріс мөлшерін ұлғайту немесе есепті салықтық кезеңнің кіріс мөлшерін азайту түзету деп танылады.

Осы баптың 2-тармағында көрсетілген кірістер:

1) тауарлар толық немесе ішінара қайтарылған;

2) мәміле шарттары өзгертілген;

3) өткізілген немесе сатып алынған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін бағалар, өтемақылар өзгертілген;

4) баға шегерістері, сату шегерістері;

5) шарт талаптарын негізге ала отырып, өткізілген немесе сатып алынған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін ұлттық валютамен төлеуге жататын сомалар өзгертілген;

6) заңды тұлғадан, дара кәсіпкерден, Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғадан осындай тұрақты мекеменің қызметіне қатысты талаптар бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құруға алып келмеген қызметті филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаның филиалынан, өкілдігінен талапты есептен шығарған жағдайларда түзетуге жатады.

Осы тармақшада көзделген кірісті түзету:

дебитор-салық төлеуші таратылған кезде оны тарату балансын бекіту күніне кредитор салық төлеуші талап қоймаған;

заңды күшіне енген сот шешімі бойынша салық төлеуші талапты есептен шығарған жағдайларда азайту жағына қарай жүзеге асырылады.

Осы тармақшада көзделген түзету талаптың туындағанын растайтын бастапқы құжаттар болған кезде есептен шығарылған талаптың және бұрын осындай талап бойынша танылған кірістің сомасы шегінде жүргізіледі.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 1) – 5) тармақшаларында көзделген түзету осындай түзетуді жүзеге асыру үшін жағдайлардың басталғанын растайтын бастапқы құжаттар болған кезде жүргізіледі.

Кірістерді түзету осы бапта көрсетілген жағдайлар басталған салықтық кезеңде жүргізіледі.

Осы бапта көзделген жағдайлар басталған кезеңде кіріс болмаған немесе сол кезеңде мөлшерін төмендету жағына түзетуді жүзеге асыру үшін оның мөлшері жеткіліксіз болған жағдайда түзету бұрын кіріс түзетуге жатады деп танылған салықтық кезеңде жүргізіледі.

7. Егер нақ сол кірістер кірістердің бірнеше баптарында көрсетілуі мүмкін жағдайда, көрсетілген кірістер кіріске бір рет қосылады.

Салық салу мақсаттары үшін кірісті тану күні осы тараудың ережелеріне сәйкес айқындалады.

8. Егер осы баптың 5-тармағында өзгеше белгіленбесе, патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкер:

1) осы Кодекстің 330, 331, 332, 333 және 334-баптарына сәйкес – мүліктік кірістің;

2) осы баптың 2-тармағында көрсетілген:

«Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды жүзеге асырмайтын дара кәсіпкер – осы Кодекстің осы бабының 5, 6 және 7-тармақтарына және 682-бабына сәйкес;

«Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды жүзеге асыратын дара кәсіпкер – осы Кодекстің осы бабының 5, 6 және 7-тармақтарына және 226 – 240-баптарына сәйкес;

3) осы Кодекстің 8-бөліміне сәйкес – осы тармақтың бірінші бөлімінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілмеген жеке тұлғалардың өзге де кірістерінің мөлшерін айқындайды.

Бұл ретте тиісті салықтарды есептеу және төлеу, олар бойынша салықтық есептілікті табыс ету:

1) осы Кодекстің 8-бөліміне сәйкес – осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген кірістер бойынша жүргізіледі;

2) мыналар бойынша:

осы тараудың 2-параграфына сәйкес – патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкер;

осы тараудың 3-параграфына сәйкес оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкер осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген кірістер бойынша жүргізеді.

682-бап. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды жүзеге асырмайтын дара кәсіпкерлердің кірістерін салықтық есепке алуда тану ерекшеліктері

1. Осы баптың ережелерін «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды жүзеге асырмайтын дара кәсіпкерлер қолданады.

2. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, кіріс дара кәсіпкер ұсынатын кез келген сауда және көтерме жеңілдіктердің сомасын ескере отырып, алынған немесе алынуға жататын құн бойынша өлшенеді. Операциядан туындайтын кірістің сомасы дара кәсіпкер мен сатып алушы немесе активті пайдаланушы арасында жасалған шарт негізінде де айқындалады.

3. Тауарларды өткізуден түсетін кіріс төменде санамаланған барлық талаптар қанағаттандырылған кезде:

1) дара кәсіпкер сатып алушыға тауарға меншік құқығымен байланысты елеулі тәуекелдер мен сыйақылар берсе;

2) дара кәсіпкер әдетте меншік құқығымен ұштасатын дәрежеде бұдан әрі басқаруға қатыспаса және сатылған тауарларды бақыламаса;

3) кіріс сомасы сенімді түрде өлшенетін болса;

4) операциямен байланысты экономикалық пайданың дара кәсіпкерге түсу ықтималдығы болса;

5) операциямен байланысты шеккен немесе күтілетін шығындар сенімді түрде өлшенетін болса, кіріс деп танылады.

4. Жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түсетін кіріс орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісінің немесе жұмыстардың орындалу, қызметтердің көрсетілу фактісін растайтын өзге де құжат негізінде танылады. Жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түскен табыс орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісіне немесе жұмыстардың орындалу, қызметтердің көрсетілу фактісін растайтын өзге де құжатқа қол қойылған кезеңде танылады.

5. Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кіріске:

1) кредитордың салық төлеуші міндеттемелерін есептен шығаруы;

2) дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған кезде кредитор талап етпеген міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талап қою мерзімінің өтуіне байланысты міндеттемелерді есептен шығару;

4) соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша міндеттемелерді есептен шығару жатады.

Міндеттемелерді есептен шыгарудан түсетін кіріс сомасы:

1) осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда салық органына қызметін тоқтату туралы салықтық өтінішті ұсынған;

2) қалған жағдайларда есептен шығарылған күні дара кәсіпкердің бастапқы құжаттарына сәйкес төленуге жататын міндеттемелер сомасына (қосылған құн салығының сомасын қоспағанда) тең болады.

Міндеттемелерді есептен шығарудан түскен кіріс:

1) осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда кредитор міндеттемені есептен шығарған;

2) осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда салық органына таратудың салықтық есептілігі ұсынылған;

3) осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда талап қою мерзімі өткен;

4) осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда сот шешімі заңды күшіне енген есепті салықтық кезеңде танылады.

6. Түгендеу кезінде анықталған материалдық құндылықтардың артық

шығуы түріндегі кіріс түгендеу аяқталған және осындай артық шығу фактісін көрсете отырып, түгендеу актісі жасалған салықтық кезеңде танылады. Дара кәсіпкер артық шығу құнын Қазақстан Республикасында қолданылатын бағалар мен тарифтер негізінде дербес айқындайды.

7. Айыппұлдар, өсімпұл, тұрақсыздық айыбы және басқа да санкциялар түріндегі кіріс сот оларды өндіріп алу туралы шешім шығарған немесе оларды борышкер деп таныған салықтық кезеңде танылады.

8. Дара кәсіпкердің тауарлары, жұмыстары немесе қызмет көрсетуі басқа тұлғаның тауарларына, жұмыстарына немесе көрсетілетін қызметтеріне айырбасталатын операцияларды дара кәсіпкер жүзеге асырған кезде тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетуді қабылдап алу-тапсыру актісі жасалуға тиіс. Қабылдап алу-тапсыру актісінде берілген және алынған тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің құны көрсетілуге тиіс. Мұндай операциядан түсетін кіріс қабылдап алу-тапсыру актісінде көрсетілуге жататын алынған тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің құны мен тапсырылған тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің өзіндік құны арасындағы оң айырма ретінде айқындалады.

9. Салықтық кезең үшін алуға жататын (алынған) кіріс есепті салықтық кезеңдегі ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша кіріс болып танылады

10. Талап ету құқығын беруден түсетін кіріс:

1) талап ету құқығын иеленетін дара кәсіпкер үшін – негізгі борышты талап ету бойынша борышкерден алынуға жататын сома, оның ішінде талап ету құқығы берілген күнгі негізгі борыштан тыс сома мен талап ету құқығын сатып алу құны арасындағы оң айырма. Талап ету құқығын беруден түсетін мұндай кіріс сатып алынған талапты борышкер өтеген салықтық кезеңнің кірісі болып табылады;

2) талап ету құқығын берген дара кәсіпкер үшін – салық төлеушінің бастапқы құжаттарына сәйкес беру жүргізілген талап ету құқығының құны мен талап ету құқығын беру күні борышкерден алынуға жататын талап ету құны арасындағы оң айырма болып табылады. Талап ету құқығын беруден түсетін мұндай кіріс беру жүргізілген салықтық кезеңнің кірісі болып табылады.

11. Дара кәсіпкер меншігіне өтеусіз алған мүлік құны, егер дара кәсіпкер мұндай мүлікті осы мүлік алынған салықтық кезеңде кәсіпкерлік мақсатта пайдаланса, кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға арналған, өтеусіз алынған мүлік (қайырымдылық көмекті қоспағанда) түріндегі кіріс болып табылады.

Мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымайтын мүлік пен көлік құралдарын қоспағанда, кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға арналған, өтеусіз алынған мүлік (қайырымдылық көмекті қоспағанда) түріндегі кіріс мұндай мүлік алынған салықтық кезеңде танылады.

Кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға арналған, өтеусіз алынған

жылжымайтын мүлік (қайырымдылық көмекті қоспағанда) түріндегі кіріс мұндай мүлікке меншік құқығын тіркеу жүргізілген салықтық кезеңде танылады.

Мемлекеттік тіркеуге жататын, кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға арналған, өтеусіз алынған көлік құралы (қайырымдылық көмекті қоспағанда) түріндегі кіріс мұндай көлік құралын мемлекеттік тіркеу жүргізілген салықтық кезеңде танылады.

Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы мен дара кәсіпкер арасындағы шарт бойынша жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған, осы мүлікке меншік құқығы туындаған күнгі осы мүліктің нарықтық құны дара кәсіпкер меншікке өтеусіз алған мүліктің құны болып табылады.

12. Жалға алушының жалға беруші дара кәсіпкердің жалға берілген мүлікті күтіп-ұстауға және жөндеуге арналған шығыстарын өтеуі түріндегі кіріс мұндай өтем алынған салықтық кезеңде танылады.

Жалға алу шарты бойынша толем есебіне жатқызылатын, жалға алынған мүлікті күтіп-ұстауға және жондеуге арналган жалға алушының шығыстары түріндегі жалға беруші дара кәсіпкердің кірісі осындай есепке жатқызу жүргізілген салықтық кезеңде танылады.

683-бап. Арнаулы салық режимін қолданудың шарттары

1. Осы Кодекстің мақсаттары үшін шағын бизнес субъектілеріне арналган арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер мен Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғалары шағын бизнес субъектілері деп танылады.

2. Шағын бизнес субъектілеріне арналган арнаулы салық режимін мынадай талаптарға сәйкес келетін:

1) арнаулы салық режимі үшін салықтық кезеңдегі жұмыскерлердің орташа тізімдік саны:

оңайлатылған декларация негізінде – 30 адамнан;

тіркелген шегерімді пайдаланумен – 50 адамнан аспайтын;

2) арнаулы салық режимі үшін салықтық кезеңдегі кірісі:

патент негізінде – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен жалақының 300 еселенген мөлшерінен;

оңайлатылған декларация негізінде – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен жалақының 2 044 еселенген мөлшерінен;

тіркелген шегерімді пайдаланумен – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен жалақының 12 260 еселенген мөлшерінен аспайтын;

3) мынадай қызмет түрлерін:

акцизделетін тауарлар өндіруді;

акцизделетін тауарларды сақтауды және көтерме саудада өткізуді;

мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін – бензинді, дизель отынын және мазутты өткізуді;

лотереялар өткізуді;

жер қойнауын пайдалануды;

шыны ыдыстарды жинауды және қабылдауды;

түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауды (дайындауды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді;

консультациялық қызметтер көрсетуді;

бухгалтерлік есеп немесе аудит саласындағы қызметті;

сақтандыру брокері мен сақтандыру агентінің қаржы, сақтандыру қызметін және делдалдық қызметін;

құқық, әділет және сот төрелігі саласындағы қызметті;

қаржы лизингі шеңберіндегі қызметті жүзеге асырмайтын салық төлеушілер қолдануға құқылы.

3. Агенттік шарттар (келісімдер) негізінде қызмет көрсететін дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдануға құқылы емес.

Осы тармақтың мақсаттары үшін агенттік шарттар (келісімдер) деп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасасқан азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар (келісімдер) түсініледі, олар бойынша бір тарап (агент) сыйақы үшін екінші тараптың тапсырмасы бойынша өз атынан, бірақ екінші тараптың есебінен не екінші тараптың атынан және есебінен белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттенеді.

4. Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолдануға:

1) құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғалар;

2) заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелері;

3) әртүрлі елді мекендерде өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері және (немесе) салық салу объектілері бар салық төлеушілер құқылы емес.

Арнаулы салық режимдері қолданылатын тұлғаларға салық салу мақсатында салық төлеушінің өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі деп оның функцияларының бір бөлігін орындайтын, тұрған жерінде стационарлық жұмыс орындары жабдықталған аумақтық оқшауланған бөлімше танылады. Егер жұмыс орны бір айдан асатын мерзімге құрылса, ол стационарлық болып есептеледі.

Осы тармақшаның ережесі қызметін тек қана мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) беру бойынша жүзеге асыратын салық төлеушілерге қолданылмайды;

4) басқа заңды тұлғалардың қатысу үлесі 25 пайыздан асатын заңды тұлғалар;

5) құрылтайшысы немесе қатысушысы бір мезгілде арнаулы салық режимін немесе салық салу ерекшеліктерін қолданатын басқа заңды тұлғаның

құрылтайшысы немесе қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалар;

6) коммерциялық емес ұйымдар;

7) ойын бизнесі салығын төлеушілер құқылы емес.

5. Осы баптың мақсаттары үшін дара кәсіпкердің шекті кірісі:

1) осы Кодекстің 681-бабына сәйкес айқындалатын салық салу объектісінен;

2) дара кәсіпкердің негізгі құралдары болып табылатын мүлікті өткізумен және жарғылық капиталға берумен байланысты туындайтын, осы Кодекстің 330-бабында көрсетілген құн өсімі түріндегі кірістерден;

3) осы Кодекстің 366-бабына сәйкес айқындалатын кірістен тұрады.

6. Осы баптың мақсаттары үшін заңды тұлғаның шекті кірісі:

1) осы Кодекстің 681-бабына сәйкес айқындалатын салық салу объектісінен;

2) осы Кодекстің 241-бабында көзделген түзетулер ескеріле отырып, осы Кодекстің 7-бөліміне сәйкес айқындалатын жылдық жиынтық кірістен тұрады.

7. Осы бапқа сәйкес шағын бизнес субъектісі болып табылатын дара кәсіпкер шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимін қолданған кезде салықтық есепке алуды осы бөлімде көзделген оңайлатылған тәртіппен жүргізуге құқылы.

684-бап. Салықтық кезең

1. Патент негізінде немесе тіркелген шегерімді пайдалана отырып арнаулы салық режимін қолдану үшін салықтық кезең күнтізбелік жыл болып табылады.

2. Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану үшін салықтық кезең жартыжылдық болып табылады.

2-параграф. Патент негізіндегі арнаулы салық режимі

685-бап. Қолдану тәртібі

1. Патент негізіндегі арнаулы салық режимін осы Кодекстің 683-бабында шағын бизнес субъектілері үшін белгіленген шарттарға сәйкес келумен қатар:

1) жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын;

2) қызметін жеке кәсіпкерлік нысанында жүзеге асыратын;

3) мынадай қызмет түрлерінің біреуін немесе бірнешеуін:

сылақ жұмыстарын;

ағаш ұсталығы мен ағаш шеберлігі жұмыстарын;

еден жабу және қабырға қаптау жөніндегі жұмыстарды;

бояу және шынылау жұмыстарын;

такси қызметін;

автомобиль көлігімен жүк тасымалдауды;

сыйақы үшін немесе шарт негізінде жылжымайтын мүлікті басқаруды;

фотография саласындағы қызметті;

аударма (ауызша және жазбаша) ісін;

мүліктік жалдауға (жалға) беруді;

көлік құралдарын мүліктік жалдауға (жалға) беруді;

ойын-сауық және спорттық керек-жарақтарды прокатқа және мүліктік жалдауға (жалға) беруді;

бейнежазбалар мен дискілерді прокатқа беруді;

басқа да жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды прокатқа беруді және мүліктік жалдауға (жалға) беруді;

ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығын мүліктік жалдауға (жалға) беруді;

есептеуіш техниканы қоса алғанда, кеңсе машиналары мен жабдығын мүліктік жалдауға (жалға) беруді;

спорттық білім және бос уақытты ұйымдастыру мамандарына білім беру саласында көрсетілетін қызметтерді;

мәдениет саласындағы білім берудің көрсетілетін қызметтерін;

басқа да білім беру саласында көрсетілетін қызметтерді;

қосалқы білім беру қызметтерін;

онер саласындағы қызметті;

компьютерлерді және перифериялық жабдықты жөндеуді;

коммуникациялық жабдықты жөндеуді;

жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды жөндеуді;

шаштараз қызметтерін;

маникюрді және педикюрді;

ветеринариялық көрсетілетін қызметтерді;

жер учаскелерін өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді;

тұрғын үй-жайларды жинау және үй шаруашылығын жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтерді;

базарларда, вокзалдарда жүк тасушылар көрсететін қызметтерді;

музыкалық аспаптарды жасауды және жөндеуді;

үй жануарларын бағуды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер қолдануға құқылы.

2. Патент негізіндегі арнаулы салық режимін қолдану үшін тұрған жеріндегі салық органына патент құнының есеп-қисабы (бұдан әрі осы тараудың мақсатында – есеп-қисап) ұсынылады.

Есеп-қисапты қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда, оның ішінде «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы:

1) жаңадан құрылған дара кәсіпкерлер – Қазақстан Республикасының

рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою үшін хабарлама берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) жалпыға бірдей белгіленген тәртіптен немесе өзге де арнаулы салық режимінен ауысуды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер – патент негізінде арнаулы салық режимі қолданылатын айдың 1-күніне дейін;

3) кезекті патентті алу үшін патент негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер – алдыңғы патенттің қолданылу мерзімі немесе салықтық есептілікті табыс етуді тоқтата тұру мерзімі өткенге дейін ұсынады.

3. Есеп-қисап патенттің құнын есептеуге арналған салықтық есептілік болып табылады.

Патенттің құны осы Кодекстің 686-бабына сәйкес есептеледі.

4. Салық төлеуші патенттің құнын төлеуді есеп-қисап ұсынылғанға дейін жүргізеді.

Патент құны екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төленген жағдайда төлем құжатының деректемелеріне сұрау салуда көрсетілген кезде «электрондық үкіметтің» веб-порталында қалыптастырылатын «электрондық үкіметтің» төлем шлюзінің хабарламасы электрондық нысанда ұсынылатын есеп-қисапқа қоса беріледі.

Қағаз жеткізгіштегі есеп-қисаппен бір мезгілде патент құнының төленгенін растайтын құжаттар ұсынылады.

5. Электрондық нысанда, оның ішінде «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы табыс етілген есеп-қисапта дара кәсіпкерлер патент құнына қосылатын салықтар және әлеуметтік төлемдер сомаларын төлеу бойынша төлем құжаттарының деректемелерін көрсетеді.

Дара кәсіпкерлер есеп-қисапты табыс еткеннен кейін салық органы есеп-қисап ұсынылған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде салық органының ақпараттық жүйесінде патент қалыптастыруды жүргізеді.

Патенттің нысанын уәкілетті орган бекітеді.

6. Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, патент негізіндегі арнаулы салық режимі бір салықтық кезең шегінде кемінде бір ай қолданылады.

Патент негізіндегі арнаулы салық режимін:

1) ағымдағы салықтық кезеңнің соңғы айында жаңадан тіркелген;

2) ағымдағы салықтық кезеңнің соңғы айында салықтық есептілікті табыс етудің тоқтатыла тұру мерзімі аяқталғанға дейін немесе аяқталғаннан кейін қызметін қайта бастаған дара кәсіпкерлер бір айдан кем мерзім ішінде қолданады.

7. Патент негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұру үшін осы Кодекстің 214-бабында айқындалған тәртіппен салықтық өтінішті тұрған жеріндегі салық органына ұсынады.

686-бап. Патент құнын есептеу

1. Патент құнына жеке табыс салығы (төлем көзінен ұстап қалатын жеке табыс салығынан басқа) мен әлеуметтік төлемдердің төлеуге жататын сомалары қосылады.

2. Патент құнына кіретін жеке табыс салығының сомасын есептеу салық салу объектісіне 1 пайыз мөлшеріндегі мөлшерлемені қолдану жолымен жүргізіледі.

3. Патент құнына кіретін әлеуметтік төлемдерді есептеу «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы», «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» және «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

4. Егер патенттің қолданылу мерзімі ішінде іс жүзінде алынған кіріс сомасы есеп-қисапта көрсетілген кіріс мөлшерінен асса, дара кәсіпкерлер бес жұмыс күні ішінде асқан сомаға қосымша салықтық есептілік түрінде есеп-қисапты ұсынуға және осы сомадан салықтар төлеуді жүргізуге міндетті.

Егер іс жүзінде алынған кіріс сомасы осы Кодекстің 683-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында белгіленген шекті кіріс мөлшерінен асқан жағдайда, осы тармақтың ережелері қолданылмайды.

Көрсетілген есеп-қисаптың негізінде бұрын қалыптастырылған патенттің орнына жаңа патент қалыптастырылады.

5. Егер патенттің қолданылу мерзімі ішінде нақты алынған кіріс сомасы (оның мерзімінен бұрын тоқтатылатын жағдайларын ескере отырып) есеп-қисапта көрсетілген кірістің мөлшерінен аз болса, дара кәсіпкерлер патент құнының азаю сомасына қосымша салықтық есептілік түрінде есеп-қисапты табыс етуге құқылы.

Көрсетілген жағдайда артық төленген салық сомаларын қайтару осы Кодекстің 11-тарауында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

6. Іс жүзінде алынған кіріс сомасы осы Кодекстің 683-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында белгіленген шекті кіріс сомасынан асқан жағдайда, осы Кодекстің 679-бабында белгіленген жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті немесе өзге де арнаулы салық режимін қолдану басталған күннен бастап алынған дара кәсіпкердің кірісіне тиісінше жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен немесе арнаулы салық режимінде айқындалған тәртіппен салық салынады.

7. Дара кәсіпкер әрекетке қабілетсіз деп танылған жағдайды қоспағанда, патенттің қолданылу мерзімі өткенге дейін кәсіпкерлік қызмет тоқтатылған кезде салықтың енгізілген сомасы қайтаруға және қайта есептеуге жатпайды.

3-параграф. Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі

687-бап. Оңайлатылған декларация бойынша салықтарды есептеу

1. Салықтарды оңайлатылған декларация бойынша есептеуді салық төлеуші салық салу объектісіне есепті салықтық кезең үшін 3 пайыз мөлшеріндегі мөлшерлемені қолдану арқылы дербес жүргізеді.

2. Егер есепті кезеңнің қорытындылары бойынша жұмыскерлердің орташа айлық жалақысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салықтық кезеңнің бірінші күніне қолданыста болатын ең төмен жалақының, дара кәсіпкерлерде – кемінде 2 еселенген, заңды тұлғаларда кемінде 2,5 еселенген мөлшерін құраса, осы баптың 1-тармағына сәйкес салықтық кезең үшін есептелген салық сомасы жұмыскерлердің орташа тізімдік саны негізге алына отырып, әрбір жұмыскер үшін салық сомасының 1,5 пайызы мөлшеріндегі сомаға азайтылу жағына қарай түзетілуге жатады.

3. Осы Кодекстің 683-бабында белгіленген арнаулы салық режимін қолдану талаптарына сәйкес келмеу жағдайлары туындаған кезде, салық төлеушінің жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті немесе өзге де арнаулы салық режимін қолдану басталған күннен бастап алынған кірісі тиісінше жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен немесе өзге де арнаулы салық режимінде белгіленген тәртіппен салық салуға жатады.

688-бап. Оңайлатылған декларацияны тапсыру мен салықтарды төлеу мерзімдері

1. Оңайлатылған декларация салық төлеушінің тұрған жеріндегі салық органына есепті салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірілмей тапсырылады.

2. Оңайлатылған декларацияда көрсетілген салықтарды бюджетке төлеу жеке (корпоративтік) табыс салығы мен әлеуметтік салық түрінде есепті салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Бұл ретте жеке (корпоративтік) табыс салығы – оңайлатылған декларация бойынша есептелген салық сомасының 1/2 мөлшерінде, әлеуметтік салық «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомасын шегергендегі оңайлатылған декларация бойынша есептелген салық сомасының 1/2 мөлшерінде төленуге жатады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салық сомасынан асып кеткен кезде әлеуметтік салық сомасы нөлге тең деп есептеледі.

3. Оңайлатылған декларацияда толем көзінен ұстап қалатын жеке табыс

салығының және әлеуметтік төлемдердің бюджетке төленуге жататын сомалары көрсетіледі.

689-бап. Жекелеген салық түрлері мен әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу және олар бойынша салықтық есептілікті ұсыну

Оңайлатылған декларацияның негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші төлем көзінен ұстап қалатын жеке табыс салығының сомаларын есептеуді, төлеуді және әлеуметтік төлемдерді аударуды жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Бұл ретте төлем көзінен ұстап қалатын жеке табыс салығының және әлеуметтік төлемдердің есептелген сомалары осы Кодекстің 688-бабында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде тапсырылатын оңайлатылған декларацияда көрсетіледі.

4-параграф. Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимі

690-бап. Салық салу объектісі

1. Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші үшін салық салу объектісі осы Кодекстің 691-бабының 4-тармағында көзделген түзетулерді есепке алғандағы кіріс пен осы параграфта көзделген шегерімдер арасындағы айырма ретінде айқындалатын салық салынатын кіріс болып табылады.

2. Заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің кірісі осы тұлғалардың Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерлерде салықтық кезең ішінде алынуға жататын (алынған) кірістерінен тұрады.

3. Осы параграфтың мақсатында кіріс ретінде мыналар:

1) жарғылық капиталға салым ретінде алынған мүліктің құны;

2) акционер алатын (алған), оның ішінде заңды тұлға таратылған кезде немесе жарғылық капитал азайтылған кезде мүлікті бөлгенде бұрын енгізілгеннің орнына алынатын (алынған) мүліктің мүлікті бөлу пропорционалды жүзеге асырылатын акциялар санына келетін толенген жарғылық капитал мөлшеріндегі құны;

3) қатысушы, құрылтайшы алатын (алған), оның ішінде заңды тұлға таратылған кезде немесе жарғылық капитал азайтылған кезде мүлікті бөлгенде, сондай-ақ қатысушыға, құрылтайшыға заңды тұлғадағы қатысу үлесін немесе оның бір бөлігін қайтару кезінде бұрын енгізілгеннің орнына алынатын (алынған) мүліктің мүлікті бөлу пропорционалды жүзеге асырылатын қатысу үлесіне келетін төленген жарғылық капитал

мөлшеріндегі, бірақ оны сатып алуға және (немесе) пайдасына мүлікті бөлу жүзеге асырылатын қатысушы жүргізген жарғылық капиталға жарналарды төлеуге шеккен шығындар сомасынан аспайтын құны;

4) эмитент өзі шығарған акцияларды орналастырудан алған мүліктің құны;

5) мүлікті беретін салық төлеуші үшін – өтеусіз негізде берілген мүліктің құны;

6) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептен шығарылған өсімпұл мен айыппұлдар сомасы;

7) егер осындай тауар бірлігінің құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және осындай алу күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 5 еселенген мөлшерінен аспайтын болса, жарнамалық мақсатта өтеусіз (оның ішінде сыйға тарту түрінде) алынған тауардың құны;

8) осы Кодексте көзделген жағдайларда салықтық міндеттеменің мөлшерін азайту сомасы;

9) егер осы Кодекстің 7-бөлімінде өзгеше көзделмесе, басқа тұлғадан алынуға жататыннан (алынғаннан) басқа, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепте кіріс деп танылатын активтердің және (немесе) міндеттемелердің құнын өзгертуге байланысты туындайтын кіріс;

10) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес активтерді қайта бағалауға арналған резервтерді азайту есебінен бөлінбеген пайданы ұлғайту;

11) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес іс жүзінде орындалуға жататын міндеттеменің мөлшері мен бухгалтерлік есепте танылған осы міндеттеменің құны арасындағы оң айырма түрінде бухгалтерлік есептегі міндеттеменің танылуымен байланысты туындайтын кіріс;

12) мүліктің, оның ішінде осы Кодекстің 243-бабының 8-тармағына сәйкес алынған жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны;

13) оң багамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

14) міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кіріс;

15) күмәнді міндеттемелер бойынша кіріс;

16) дара кәсіпкер болып табылмайтын жалға алушы жеке тұлғаның, егер көрсетілген шығыстар мыналарға:

Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға;

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының

Заңында көзделген коммуналдық көрсетілетін қызметтер ақысын төлеуге;

тұрғынжайды, тұрғын үй-жайды (пәтерді) жөндеуге жұмсалған жалға алу төлемақысына қосылмайтын болса, тұрғынжайды, тұрғын үй-жайды (пәтерді) мүліктік жалдау (жалға алу) кезінде шеккен шығыстары;

17) тіркелген активтердің шығып қалуынан түсетін кіріс қаралмайды.

Бұл ретте тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші тіркелген активтерді есепке алуды жүргізбейді.

4. Осы парагрфтың мақсаттары үшін дара кәсіпкердің кірісі ретінде:

1) төлем көзінен мұндай салықтың ұстап қалғанын растайтын құжаттар болған кезде бұрын төлем көзінен жеке табыс салығы салынған дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде бюджет есебінен төленетін атаулы әлеуметтік көмек, жәрдемақылар мен өтемақылар;

3) стипендиялар;

4) қайырымдылық көмек;

5) гуманитарлық көмек түрінде алынған мүліктің құны;

6) мүліктік кіріс;

7) жұмыскердің кірісі;

8) материалдық залалды өтеудің сот шешімі бойынша тағайындалған сомасы түрінде өзі алған кірістер қаралмайды.

691-бап. Кірістер

1. Осы параграфтың мақсаттары үшін салық төлеушінің кірісіне:

1) заңды тұлға үшін – осы Кодекстің 690-бабының 3-тармағында көрсетілгендерді;

2) дара кәсіпкер үшін – осы Кодекстің 690-бабының 3 және 4-тармақтарында көрсетілгендерді қоспағанда, барлық кіріс түрлері қосылады.

2. Кірісті қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес тану осы Кодекске сәйкес кірісті айқындау және тану тәртібінен өзгеше болған жағдайда, көрсетілген кіріс салық салу мақсаттары үшін осы Кодексте айқындалған тәртіппен есепке алынады.

3. Салық төлеушінің осы баптың 4-тармағына сәйкес кірістерді түзетуге құқығы бар. Бұл ретте жылдық жиынтық кіріс осы баптың 4-тармағына сәйкес түзетулерді ескере отырып, теріс мәнге ие болуы мүмкін.

4. Осы параграфтың мақсаттары үшін бұрын танылған кіріс сомасы шегінде есепті салықтық кезеңнің кіріс мөлшерін ұлғайту немесе есепті салықтық кезеңнің кіріс мөлшерін азайту түзету деп танылады.

Осы бапта көрсетілген кірістер:

1) тауарлар толық немесе ішінара қайтарылған;

2) мәміле шарттары өзгертілген;

3) өткізілген немесе сатып алынған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін бағалар, өтемақылар өзгертілген;

4) баға шегерістері, сату шегерістері;

5) шарт талаптары негізге алына отырып, өткізілген немесе сатып алынған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін ұлттық валютамен төлеуге жататын сомалар өзгертілген;

6) заңды тұлғадан, дара кәсіпкерден, Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғадан осындай тұрақты мекеменің қызметіне қатысты талаптар бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме құруға алып келмейтін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаның филиалынан, өкілдігінен талапты есептен шығарған жағдайларда түзетуге жатады.

Осы тармақшада көзделген кірісті түзету:

дебитор-салық төлеуші таратылған кезде оны тарату балансын бекіту күніне кредитор-салық төлеуші талап қоймаған;

заңды күшіне енген сот шешімі бойынша салық төлеуші талапты есептен шығарған жағдайларда азайту жағына қарай жүзеге асырылады.

Осы тармақшада көзделген түзету талаптың туындауын растайтын бастапқы құжаттар болған кезде есептен шығарылған талаптың және бұрын осындай талап бойынша танылған кірістің сомасы шегінде жүргізіледі.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 1) – 5) тармақшаларында көзделген түзету осындай түзетуді жүзеге асыру үшін жағдайлардың басталғанын растайтын бастапқы құжаттар болған кезде жүргізіледі.

Кірістерді түзету осы бапта көзделген жағдайлар басталған салықтық кезеңде жүргізіледі.

Осы бапта көзделген жағдайлар басталған кезеңде кіріс болмаған немесе сол кезеңде мөлшерін төмендету жағына түзетуді жүзеге асыру үшін оның мөлшері жеткіліксіз болған жағдайда, түзету бұрын кіріс түзетуге жатады деп танылған салықтық кезеңде жүргізіледі.

5. Егер нақ сол кірістер кірістердің бірнеше баптарында көрсетілуі мүмкін жағдайда олар кіріске бір рет қосылады.

Салық салу мақсаттары үшін кірісті тану күні осы параграфтың ережелеріне сәйкес айқындалады.

692-бап. Шегерімге жатқызылатын шығыстарды айқындау тәртібі

1. Осы Кодекстің 7-бөліміне сәйкес шегерімге жатпайтын шығыстарды қоспағанда, салық төлеушінің кіріс алуға бағытталған қызметті жүзеге асырумен байланысты осы бапта козделген шығыстары салық салынатын кірісті айқындау кезінде шегерімге жатады.

2. Осы параграфтың мақсатында шығыстардың мынадай түрлері:

1) тауарларды сатып алуға;

2) осы Кодекстің 257-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс жұмыскерлердің есептелген кірістері мен жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша;

3) осы Кодекстің 263-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс салық және бюджетке төленетін төлемдерді төлеуге;

4) осы Кодекстің 244-бабына сәйкес шегерімге жатқызылуы тиіс қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақылардың сомалары шегерімге жатады.

3. Дара кәсіпкердің салық салынатын кірісті айқындау кезінде, егер ол оларды жеке тұлға ретінде, оның ішінде салық агентінде де қолданбаса, 342-бапта көзделген салықтық шегерімдерді қолдануға құқығы бар.

4. Осы Кодексте көзделген жағдайларда шегерімге жатқызылатын шығыстардың мөлшері белгіленген нормалардан аспауға тиіс.

5. Егер осы Кодекстің 693-бабында өзгеше белгіленбесе, салық төлеуші осындай шығыстар оның кіріс алуға бағытталған қызметімен байланысты екенін растайтын құжаттар болған кезде шегерімдерді жүргізеді.

Бұл шығыстар, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын болашақтағы кезеңдердің шығыстарын қоспағанда, олардың іс жүзінде шеккен салықтық кезеңінде шегерімге жатады.

6. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын болашақтағы кезеңдердің шығыстары олардың жатқызылатын салықтық кезеңде шегерімге жатады.

7. Салық төлеушінің осы бапта көрсетілген шығыстары осы Кодекстің 691-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда түзетілуге жатады.

Бұл ретте бұрын шегерім болып танылған сома шегінде есепті салықтық кезеңнің шегерім мөлшерін ұлғайту немесе есепті салықтық кезең шегерімінің мөлшерін азайту осы параграфтың мақсаттары үшін түзету деп танылады.

693-бап. Қосымша тіркелген шегерім

Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші салық салынатын кірісті айқындау кезінде шегерімге жатқызылатын шығыстар сомасына осы Кодекстің 691-бабының 4-тармағында көзделген түзетулерді ескере отырып айқындалған кіріс сомасының 30 пайызынан аспайтын мөлшердегі тіркелген шегерім сомасын қосуға құқылы.

Бұл ретте осы баптың бірінші бөлігінің ережелерін қолданған жағдайда тіркелген шегерімді қоса алғанда, шегерімге жатқызылатын шығыстардың жалпы сомасы осы Кодекстің 691-бабының 4-тармағында көзделген түзетулер

ескеріле отырып, кіріс сомасының 70 пайызынан аспауға тиіс.

694-бап. Салық салынатын кірісті азайту

1. Салық төлеушінің салық салынатын кірісті мүгедектердің еңбегіне ақы төлеуге жұмсалған шығыстардың 2 еселенген мөлшеріне және мүгедектер жалақысынан және басқа да төлемдерден есептелген әлеуметтік салық сомасының 50 пайызына азайтуға құқығы бар.

2. Заңды тұлғаның салық салынатын кірісті мынадай шығыс түрлеріне:

1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда гуманитарлық көмек түрінде алынған және мақсаты бойынша пайдаланылған мүліктің құнын;

2) егер осы тармақтың 3) тармақшасында өзгеше белгіленбесе, заңды тұлға шығарған акцияларды немесе заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін кірістерді бір мезгілде мынадай:

акцияларды немесе қатысу үлестерін өткізу күніне салық төлеушінің осы акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленуі;

эмитент-заңды тұлғаның немесе қатысу үлесі өткізілетін заңды тұлғаның немесе қатысу үлесін консорциумда өткізетін осындай консорциумға қатысушының жер қойнауын пайдаланушы болып табылмауы;

эмитент-заңды тұлға немесе қатысу үлесі өткізілетін заңды тұлға активтері құнының немесе қатысу үлесі өткізілетін консорциумға қатысушылар активтері жалпы құнының 50 пайыздан аспайтынын осындай өткізу күніне жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылатын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкі құрауы талаптары орындалған кезде азайтуға құқығы бар.

Осы тармақшада көрсетілген салық төлеушінің акцияларға немесе қатысу үлестеріне иелік ету мерзімі, егер мұндай акцияларды немесе қатысу үлестерін салық төлеуші бұрынғы меншік иелерінің қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде алса, акцияларды немесе қатысу үлестерін бұрынғы меншік иелерінің иелену мерзімдері ескеріле отырып, жиынтығымен айқындалады.

Осы тармақшаның мақсатында жерасты суларын өндіру құқығына ие болғандықтан ғана жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын осындай пайдаланушы жер қойнауын пайдаланушы болып танылмайды;

3) өткізу күні Қазақстан Республикасыңц аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізуден туындайтын залалдарға азайтылған, өткізу күні Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістерге азайтуға құқығы бар.

3. Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін

қолданатын салық төлеуші салық салынатын кірісті осы параграфқа сәйкес салық салынатын кірісті айқындау кезінде шегерімге жатқызылуға тиіс жұмыскердің кірістері бойынша жұмыс берушінің есепті салықтық кезеңде есепке жазылған шығыстарының 1 еселенген мөлшеріне азайтуға құқығы бар.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген азайтуды салық төлеуші, егер осындай салық төлеуші жұмыскерлерінің есепті салықтық кезең үшін орташа айлық жалақысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста бөлатын ең төмен жалақының 4 еселенген мөлшерінен асқан жағдайда жүргізуге құқылы.

695-бап. Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимі бойынша салықтарды есептеу

Таза кіріске салынатын корпоративтік табыс салығын және төлем көзінен ұстап қалатын корпоративтік табыс салығын қоспағанда, тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолдану кезінде төленуге жататын корпоративтік табыс салығы салықтық кезең үшін мынадай тәртіппен есептеледі:

осы Кодекстің 313-бабының 1 немесе 2-тармақтарында белгіленген мөлшерлеменің және осы Кодекстің 690 және 691-баптарында көзделген кірістер мен осы Кодекстің 692 және 693-баптарында көзделген шығыстар арасындағы айырма түрінде айқындалған, осы Кодекстің 694-бабына сәйкес азайтылған салық салынатын кірістің көбейтіндісі,

алу

осы Кодекстің 303-бабына сәйкес есепке жатқызу жүзеге асырылатын корпоративтік табыс салығының сомасы,

алу

осы Кодекстің 302-бабының 2-тармағына сәйкес азайту жүзеге асырылатын ұтыс түріндегі кірістен төлем көзінен салық кезеңінде ұстап қалған корпоративтік табыс салығының сомасы,

алу

сыйақы, дивидендтер түріндегі кірістен төлем көзінен ұстап қалған корпоративтік табыс салығының осы Кодекстің 302-бабының 3-тармағына сәйкес өткен салықтық кезеңдерден ауыстырылған сомасы,

алу

салықтық кезеңде сыйақы, дивидендтер түріндегі кірістен төлем көзінен ұстап қалған корпоративтік табыс салығының осы Кодекстің 302-бабының 2-тармағына сәйкес азайту жүзеге асырылатын сомасы.

2. Төлем көзінен ұстап қалатын жеке табыс салығын қоспағанда, тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолдану кезінде төленуге жататын жеке табыс салығы салықтық кезең үшін мынадай тәртіппен есептеледі:

осы Кодекстің 320-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлеменің және осы Кодекстің 690 және 691-баптарында көзделген кірістер мен осы Кодекстің 692 және 693-баптарында козделген шығыстар арасындағы айырма түрінде айқындалған, осы Кодекстің 694-бабына сәйкес азайтылған салық салынатын кірістің көбейтіндісі.

696-бап. Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимі бойынша салық декларациясын тапсыру мен салықтарды төлеу тәртібі

1. Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілерге арналған декларация салық төлеушінің тұрған жеріндегі салық органына есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде тапсырылады.

2. Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілерге арналған декларацияда көрсетілген салықтарды бюджетке төлеу осы баптың 1-тармағында декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде салықтық кезеңнің қорытындысы бойынша жүргізіледі.

78-тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІН ӨНДІРУШІЛЕР ҮШІН АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІ

697-бап. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге салық салу ерекшеліктері

1. Осы тараудың мақсаттары үшін мынадай ауыл шаруашылығы өнімін (бұдан әрі осы тараудың мақсаттары үшін – ауыл шаруашылығы өнімі):

1) өсімдік шаруашылығы өнімін;

2) мал шаруашылығы өнімін;

3) құс шаруашылығы өнімін;

4) балара шаруашылығы өнімін өндіру және өткізу бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға, шаруа немесе фермер қожалықтары ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер деп танылады.

Осы тараудың мақсаттары үшін ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімдері де жатады.

2. Осы Кодексте:

1) ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін;

2) фермер және шаруа қожалықтары үшін ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге арналған арнаулы салық режимдері көзделген.

3. Осы Кодексте белгіленген, оларды қолдану шарттарына сәйкес

келген кезде осындай салық режимдері қолданылатын, қызметтері бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер, ауыл шаруашылығы кооперативтері салық салудың мынадай режимдерінің біреуін:

1) ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге және ауыл шаруашылығы кооперативтеріне арналған арнаулы салық режимін (бұдан әрі осы баптың және осы Кодекстің 698, 699 және 700-баптарының мақсаттарында – арнаулы салық режимі);

2) оңайлатылған декларация негізінде немесе тіркелген шегерімді пайдалана отырып, шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимін;

3) жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті дербес таңдауға құқылы.

4. Осы Кодекстің 702-бабының 3-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде шаруа немесе фермер қожалықтары осы баптың 3-тармағында көрсетілген салық режимдерінің біреуін немесе осы Кодекстің 702-бабында белгіленген оны қолданудың басқа талаптарына сәйкес келген кезде шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін таңдауға құқылы.

5. Осы баптың 3-тармағының 1) немесе 2) тармақшасында көрсетілген арнаулы салық режимін таңдау кезінде салық төлеушілер мұндай салық режимін оны қолдану шарттарына сәйкес келген кезде осы Кодекстің 679-бабының 5 және 7-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кемінде күнтізбелік бір жыл мерзім бойы қолданады.

6. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін арнаулы салық режимдерін қолданатын салық төлеушілер осындай салық режимі қолданылмайтын қызмет түрлерін жүзеге асырған жағдайда осы Кодекстің 703-бабының 4-тармағында өзгеше белгіленбесе, кірістер мен шығыстарды, мүліктерді бөлек есепке алуды жүргізуге, сондай-ақ көрсетілген қызмет түрлері бойынша тиісті салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеуді және төлеуді жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізуге міндетті.

Бұл ретте осы тармақта көзделген бөлек есепке алуды салық төлеушілер өздері бекіткен салықтық есепке алу саясатының ережелеріне сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

7. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге арналған арнаулы салық режимдерін қолдануға шетелдік заңды тұлғалар, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар құқылы емес.

1-параграф. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимі

698-бап. Жалпы ережелер

1. Арнаулы салық режимі төлем көзінен ұстап қалатын салықты, әлеуметтік салықты, мүлік салығын, көлік құралы салығын қоспағанда, корпоративтік табыс салығын немесе жеке табыс салығын есептеудің ерекше тәртібін көздейді.

2. Арнаулы салық режимі:

1) ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің ауыл шаруашылығы өнімін (акцизделетін өнімді қоспағанда) өндіру, өз өндірісінің көрсетілген өнімін қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметіне;

2) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің:

акцизделетін өнімді қоспағанда, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және оны өткізу;

осындай кооператив мүшелері өндірген ауыл шаруашылығы өнімін дайындау, сақтау және өткізу;

өзі өндірген және (немесе) осындай кооперативтің мүшелері өндірген ауыл шаруашылығы өнімін (акцизделетін өнімді қоспағанда) қайта өңдеу, сондай-ақ осындай қайта өңдеу нәтижесінде алынған өнімді өткізу;

мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган айқындаған тізбе бойынша осындай кооперативтің мүшелері үшін (олардың осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыруы мақсатында) қосалқыларды қоса алғанда, жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету);

мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган айқындаған тізбе бойынша тауарларды осындай кооперативтің мүшелеріне (олардың осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыруы мақсатында) өткізу жөніндегі қызметіне қолданылады.

Ауыл шаруашылығы кооперативтері нысанын уәкілетті орган белгілейтін салықтық тіркелімде осы тармақшада көзделген тауарлардың өткізілуін, сондай-ақ осындай тауарларды пайдалануға, сенімгерлік басқаруға, жалға беруге ұсынылуын көрсетуге міндетті.

3. Жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқығындағы (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) жер учаскелері болған кезде салық төлеушілерге арнаулы салық режимін қолдану құқығы беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы ауыл шаруашылығы кооперативтеріне және балара шаруашылығы өнімін өндіру, сондай-ақ өз өндірісінің көрсетілген өнімін қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті

жүзеге асыратын салық төлеушілерге қолданылмайды.

699-бап. Салықтық кезең

Арнаулы салық режимін қолдану үшін салықтық кезең күнтізбелік жыл болып табылады.

700-бап. Жекелеген салық түрлерін есептеу ерекшеліктері

1. Арнаулы салық режимін қолданатын ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері бюджетке төлеуге жататын мынадай салықтардың сомасын:

1) осы Кодекстің 698-бабының 2-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асырудан түскен кіріс бойынша – корпоративтік табыс салығы мен жеке табыс салығының (төлем көзінен ұстап қалатын салықтардан басқа) сомасын;

2) осы Кодекстің 698-бабының 2-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асырумен байланысты салық салу объектілері бойынша – әлеуметтік салық сомасын;

3) осы Кодекстің 698-бабының 2-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын салық салу объектілері бойынша – мүлік салығы, көлік құралы салығы сомасын 70 пайызға азайтуға құқылы.

2. Осы бапта көзделген корпоративтік табыс салығының сомасын азайту:

1) осы Кодекстің 305-бабына сәйкес айқындалатын корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің сомаларын есептеу кезінде;

2) осы Кодекстің 313-бабының 2-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғаларға берілген, бюджеттік субсидиялар түрінде алынған кірістерге де қолданылады.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген салықтарды есептеуді осы арнаулы салық режимін қолданатын ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізеді.

701-бап. Салықтарды төлеу және салықтық есептілікті ұсыну мерзімдері

Осы Кодекстің 700-бабының 1-тармағында көрсетілген салықтарды бюджетке төлеу және олар бойынша салықтық есептілікті ұсыну жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2-параграф. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі

702-бап. Жалпы ережелер

1. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін Қазақстан Республикасының аумағында жеке меншік және (немесе) жерді пайдалану (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) құқығында жер учаскелері бар, қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын шаруа немесе фермер қожалықтары қолдануға құқылы.

2. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолдану мақсатында жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқығындағы (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің жиынтық алаңы мыналар үшін:

1-аумақтық аймақ – 5 000 га;

2-аумақтық аймақ – 3 500 га;

3-аумақтық аймақ – 1 500 га;

4-аумақтық аймақ – 500 га болып белгіленген жер учаскесінің шекті алаңының көлемінен аспауға тиіс.

Осы тармақтың мақсаттары үшін жер учаскелерін мынадай аймақтарға бөлу қолданылады:

1-аумақтық аймақ: Алматы, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарының, Алматы қаласының топырақ-климаттық аймақтарындағы шөлді, жартылай шөлді және тау бөктеріндегі шөлді-далалық жерлеріндегі жайылымдар;

2-аумақтық аймақ: Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының, Астана қаласының, сондай-ақ 1-аумақтық аймақтың жерін қоспағанда, Ақтөбе облысының жерлері;

3-аумақтық аймақ: 1-аумақтық аймақтың жерін қоспағанда, суармалы жерлерін қоса алғанда, Атырау, Маңғыстау облыстарының жерлері;

4-аумақтық аймақ: 1-аумақтық аймақтың жерін қоспағанда, суармалы жерлерін қоса алғанда, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының, Алматы қаласының жерлері.

Шаруа немесе фермер қожалықтарында әртүрлі аумақтық аймақтардағы ауыл шаруашылық мақсатындағы жер учаскелері болған жағдайда, осы тармақтың мақсаттары үшін мұндай учаскелердің жиынтық алаңы осындай аумақтық аймақтар үшін белгіленген жер учаскесінің неғұрлым ауқымды шекті алаңының көлемінен аспауға тиіс.

Бұл ретте әрбір аумақтық аймақтағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің алаңы, мұндай аймақ үшін осы тармақта белгіленген жер учаскесінің шекті алаңының мөлшерінен аспауға тиіс.

3. Шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық

режимі бірыңғай жер салығын төлеу негізінде бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібін көздейді және акцизделетін тауарларды өндіру, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, шаруа немесе фермер қожалықтарының ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімін өткізу және қайта өңдеу, осындай қайта өңдеу өнімдерін өткізу жөніндегі қызметіне қолданылады.

4. Арнаулы салық режимін қолдану үшін салықтық кезең күнтізбелік жыл болып табылады.

703-бап. Салық салу объектісі

1. Шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші үшін акцизделетін тауарларды өндіру, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, салықтық кезеңде ауыл шаруашылығы өнімін, өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу өнімдерін өткізуден алған кіріс салық салу объектісі болып табылады.

2. Осы баптың 1-тармағының мақсаттары үшін айқындалатын кіріс Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерлерде (осы баптың 6-тармағына сәйкес жүргізілетін түзетулерді ескере отырып) алынған (алуға жататын) кірістерден тұрады.

3. Осы баптың 1-тармағының мақсаттары үшін айқындалатын кіріс:

1) міндеттемелерді есептен шығарудан түскен кірісті;

2) осы баптың 1-тармағында көрсетілген қызметті пайдалануға арналған, өтеусіз алынған мүлік (қайырымдылық көмектен басқа) түріндегі кірісті де қамтиды.

Осы баптың 2-тармағында көрсетілген кірістердің мөлшері шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолдану кезінде осы Кодекстің 226 – 240-баптарына және осы баптың 5, 6 және 7-тармақтарына сәйкес айқындалады.

4. Осы Кодекстің 702-бабының 3-тармағына сәйкес шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі қолданылмайтын қызмет түрлерінен кірістерді алу кезінде салық төлеушілер тиісті салықтарды есептеуді, төлеуді және осы Кодексте белгіленген оларды қолдану шарттарына сәйкес келген кезде мынадай салық салу режимдерінің бірінде олар бойынша:

1) осы Кодексте белгіленген, салық салудың осындай режимдерін қолдану шарттарына сәйкес келген кезде – шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимінде салықтық есептілікті ұсынуды жүргізеді.

Бұл ретте осындай режимдер үшін шекті кіріс мөлшері бойынша шектеулерді қолдану мақсаттары үшін кіріс мөлшеріне шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет түрлерін жүзеге асырудан түсетін кірістер қосылмайды;

2) жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салықтық есептілікті ұсынуды жүргізеді.

5. Шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушінің кірісі ретінде салық салу мақсатында:

1) өтеусіз берілген мүлікті беруші салық төлеуші үшін – осындай берілген мүліктің құны;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекет мұқтаждығы үшін сатып алынатын активтерді өткізу қаралмайды.

6. Осы тараудың мақсаттары үшін бұрын танылған кіріс сомасы шегінде есепті салықтық кезеңнің кіріс мөлшерін ұлғайту немесе есепті салықтық кезеңнің кіріс мөлшерін азайту түзету деп танылады.

Осы баптың 2-тармағында көрсетілген кірістер:

1) тауарлар толық немесе ішінара қайтарылған;

2) мәміле шарттары өзгертілген;

3) өткізілген немесе сатып алынған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін бағалар, өтемақылар өзгертілген;

4) баға шегерістері, сату шегерістері;

5) шарт талаптары негізге алына отырып, өткізілген немесе сатып алынған тауарлар, орындалган жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін ұлттық валютамен төлеуге жататын сомалар өзгертілген;

6) заңды тұлғадан, дара кәсіпкерден, Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғадан осындай тұрақты мекеменің қызметіне қатысты талаптар бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметті тұрақты мекеме құруға алып келмейтін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаның филиалынан, өкілдігінен талаптарды есептен шығарған жағдайларда түзетуге жатады.

Осы тармақшада көзделген кірісті түзету:

дебитор-салық төлеуші таратылған кезде оның тарату балансын бекіту күніне кредитор салық төлеуші талап қоймаған;

заңды күшіне енген сот шешімі бойынша салық төлеуші талапты есептен шығарған жағдайларда азайту жағына қарай жүзеге асырылады.

Осы тармақшаның екінші бөлігінің үшінші абзацында көзделген түзету талаптың туындауын растайтын бастапқы құжаттар болған кезде есептен шығарылған талаптың және бұрын осындай талап бойынша танылған кірістің сомасы шегінде жүргізіледі.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 1) – 5) тармақшаларында көзделген түзету осындай түзетуді жүзеге асыру үшін жағдайлардың басталғанын растайтын бастапқы құжаттар болған кезде жүргізіледі.

Кірістерді түзету осы бапта көрсетілген жағдайлар басталған салықтық кезеңде жүргізіледі.

Осы бапта көзделген жагдайлар басталған кезеңде кіріс болмаған немесе сол кезеңде мөлшерін төмендету жагына түзетуді жүзеге асыру үшін оның мөлшері жеткіліксіз болған жағдайда, түзету бұрын кірістің түзетуге жатады деп танылған салықтық кезеңде жүргізіледі.

7. Егер нақ сол кірістер кірістердің бірнеше баптарында көрсетілуі мүмкін жағдайда көрсетілген кірістер кіріске бір рет қосылады.

Салық салу мақсаттары үшін кірісті тану күні осы тараудың ережелеріне сәйкес айқындалады.

704-бап. Бірыңғай жер салығын есептеу тәртібі

Бірыңғай жер салығын есептеуді есепті салықтық кезең үшін салық салу объектісіне 0,5 пайыз мөлшеріндегі мөлшерлемені қолдану арқылы салық төлеуші дербес жүргізеді.

705-бап. Арнаулы салық режимін қолдану ерекшеліктері

1. Бірыңғай жер салығын төлеушілер салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің мынадай түрлерін:

1) шаруа немесе фермер қожалықтарының қызметінен түскен кірістерден, оның ішінде осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызметпен байланысты шығындарды (шығыстарды) жабуға мемлекеттік бюджет қаражатынан алынған сомалар түріндегі кірістерден алынатын жеке табыс салығын;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын жер учаскелерін қоспағанда, осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын жер учаскелері бойынша жер салығын және (немесе) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны;

3) осы Кодекстің 490-бабы 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген салық салу объектілері бойынша – көлік құралдары салығын;

4) осы Кодекстің 517-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген салық салу объектілері бойынша – мүлік салығын;

5) осы арнаулы салық режимі қолданылатын шаруа немесе фермер қожалығының қызметі бойынша – әлеуметтік салықты;

6) осы арнаулы салық режимі қолданылатын шаруа немесе фермер қожалығының қызметі бойынша – қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақыны төлеушілер болып табылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеу, төлеу осындай салықтар және бюджетке төленетін төлемдер бойынша салықтық есептілікті ұсыну, сондай-ақ әлеуметтік төлемдерді төлеу (аудару) жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

706-бап. Жекелеген салық және бюджетке төленетін төлемдер түрлерін төлеу мерзімдері

1. Бірыңғай жер салығын, жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны төлеу мынадай тәртіппен:

1) салықтық кезеңнің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейін есептелген сомаларды төлеу – ағымдағы салықтық кезеңнің 10 қарашасынан кешіктірілмейтін мерзімде;

2) салықтық кезеңнің 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейін есептелген сомаларды төлеу – есепті салықтық кезеңнен кейінгі салықтық кезеңнің 10 сәуірінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

2. Бірыңғай жер салығын бюджетке төлеу жер учаскесі тұрған жер бойынша жүргізіледі.

707-бап. Бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін салық декларациясын тапсыру мерзімдері

1. Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларацияда бірыңғай жер салығының, төлем көзінен ұстап қалатын жеке табыс салығының, жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының және әлеуметтік аударымдардың есептелген сомалары көрсетіледі.

2. Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларация жер учаскесі тұрған жердегі салық органына есепті салықтық кезеңнен кейінгі салықтық кезеңнің 31 наурызынан кешіктірілмей ұсынылады.

21-БӨЛІМ. ҚЫЗМЕТІН АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАР АУМАҚТАРЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ТҰЛҒАЛАРҒА ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСЫМ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАРҒА САЛЫҚ САЛУ

79-тарау. ҚЫЗМЕТІН АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАР АУМАҚТАРЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ТҰЛҒАЛАРҒА САЛЫҚ САЛУ

708-бап. Жалпы ережелер

1. Осы Кодекстің қолданылу мақсаттары үшін арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыратын ұйым бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін:

1) Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасына сәйкес арнайы экономикалық аймаққа қатысушы болып табылатын;

2) тұрған жеріндегі арнайы экономикалық аймақтың аумағындағы салық органында немесе арнайы экономикалық аймақтың аумағы құзыретіне жататын салық органының аумақтық бөлімшесінде салық төлеуші ретінде тіркелген;

3) арнайы экономикалық аймақта қызметтің басым түрлерін жүзеге асыруға қажетті инфрақұрылым және объектілер болған кезде, өкілдіктерді қоспағанда, заңды тұлға арнайы экономикалық аймақтың аумағы шегінен тыс жерлерден филиалдарға және басқа да оқшауланған құрылымдық бөлімшелерге ие болуға құқылы емес;

4) арнайы экономикалық аймақтың аумағында арнайы экономикалық аймақты құру мақсаттарына сәйкес келетін қызметтің басым түрін жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады.

Арнайы экономикалық аймақ құру мақсаттарына сәйкес келетін, арнайы экономикалық аймақ бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесін, сондай-ақ көрсетілген тізбеге қызметтің басым түрлерін енгізу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша арнайы экономикалық аймақты құру, оның жұмыс істеуі және оны тарату саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

Қызметтің басым түрлерін айқындау техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы тармақтың ережелері осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға қолданылмайды.

2. Осы Кодекстің қолданылу мақсаттары үшін арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметті жүзеге асыратын ұйым деп бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін:

1) Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасына сәйкес «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағына қатысушы болып табылатын;

2) тұрған жерінде салық төлеуші ретінде тіркелген;

3) өкілдіктерді қоспағанда, филиалдары мен өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері жоқ;

4) «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағын құру мақсатына сәйкес келетін қызметтің басым түрін жүзеге асыратын заңды тұлға да танылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелерін қолдану мақсатында арнайы экономикалық аймақты құру, олардың жұмыс істеуі және оларды тарату саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша көрсетілген арнайы экономикалық аймақтың аумағы шегінен тыс жерлерде жүзеге асырылуы

мүмкін «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағын құру мақсатына сәйкес келетін қызметтің басым түрлерінің жеке тізбесін айқындайды.

3. Осы Кодексті қолдану мақсаттары үшін арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметті жүзеге асыратын ұйым немесе дара кәсіпкер деп бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін:

1) Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасына сәйкес «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағына қатысушы болып табылатын;

2) «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының аумағындағы салық органында немесе құзыретіне «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының аумағы жататын салық органының аумақтық бөлімшесінде салық төлеуші ретінде тіркелген;

3) өкілдіктерді қоспағанда, филиалдары мен өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері жоқ;

4) «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағын құру мақсатына сәйкес келетін, қызметтің басым түрлерін арнайы экономикалық аймақ аумағында жүзеге асыратын тұлға танылады.

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағын құру мақсатына сәйкес келетін қызметтің басым түрлерінің тізбесін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша арнайы экономикалық аймақты құру, оның жұмыс істеуі және оны тарату саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

4. Арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға және дара кәсіпкерлерге:

1) жер қойнауын пайдаланушылар;

2) осы Кодекстің 462-бабының 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды өндіруді, құрастыруды (жинақтауды) жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда, акцизделетін тауарларды өндіретін ұйымдар;

3) арнаулы салық режимдерін қолданатын ұйымдар мен дара кәсіпкерлер;

4) 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін инвестициялар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен жасасқан келісімшарттар бойынша – инвестициялық салықтық преференцияларды қолданатын (қолданған) ұйымдар;

5) Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық басым жобаны немесе инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыратын (іске асырған) ұйымдар;

6) ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар жатпайды.

5. Арнайы экономикалық аймақтың аумағына өткізілетін тауарларға қосылған құн салығын салу, сондай-ақ нөлдік мөлшерлеме бойынша салынатын айналым бойынша қосылған құн салығының асып кетуін қайтару тәртібі осы Кодекстің осы бөлімінде және 389, 390 және 391-баптарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Кодексте айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

6. Арнайы экономикалық аймаққа қатысушы ретінде қызметін жүзеге асыру туралы шарт жасасқан күннен кейін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, егер мұндай өзгерістер мен толықтырулар корпоративтік табыс салығын, жеке табыс салығын, жер салығын, мүлік салығын және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу кезінде қолданылатын азайту мөлшерлерін алып тастауды және (немесе) өзгертуді көздейтін болса, мұндай ұйым немесе дара кәсіпкер осындай шарт жасасу күніне қолданыста болатын осы тараудың ережелерін қолданады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасына сәйкес жасалған арнайы экономикалық аймаққа қатысушы ретінде қызметін жүзеге асыру туралы шарттың қолданылу мерзімі ішінде, бірақ осындай бірінші өзгеріс және (немесе) толықтыру қолданысқа енгізілген күннен бастап он жылдан аспайтын мерзімде қолданылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері арнайы экономикалық аймаққа қатысушы ретінде қызметті жүзеге асыру туралы шартты арнайы экономикалық аймақты басқару органы биржақты тәртіппен бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасына сәйкес қолданылмайды.

709-бап. Қызметін арнайы экономикалық аймақтың аумағында жүзеге асыратын ұйымдар мен дара кәсіпкерлерге салық салу

1. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйым немесе дара кәсіпкер арнайы экономикалық аймақтың аумағында орналасқан және қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын салық салу объектілері (салық салу объектілері) бойынша жер салығының, мүлік салығының және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының бюджетке төленуге жататын сомасын айқындау кезінде есептелген салық және (немесе) төлемақы сомасын 100 пайызға азайтады.

Осы тараудың мақсатында осы тармақтың бірінші бөлігінде козделген азайту салықтар мен төлемақы бойынша преференциялар болып табылады.

Салықтар мен төлемақы бойынша преференциялар:

арнайы экономикалық аймаққа қатысушы ретінде қызметін жүзеге асыру туралы шарт жасалатын айдың 1-күнінен бастап – жер салығы бойынша;

салық салу объектісі пайда болған күннен бастап, бірақ арнайы экономикалық аймаққа қатысушы ретінде қызметін жүзеге асыру туралы шарт жасалған күннен кейін – мүлік салығы бойынша;

арнайы экономикалық аймаққа қатысушы ретінде қызметін жүзеге асыру туралы шарт жасалған айдың бірінші күнінен бастап – уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін, бірақ арнайы экономикалық аймақтың қолданылу мерзімінен аспайтын жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша қолданылады.

2. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында орналасқан салық салу объектілері (салық салу объектісі) пайдаланылған жағдайда, қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру кезінде де, қызметтің өзге түрлерін жүзеге асыру кезінде де осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің ережелері қолданылатын салық немесе төлемақы сомасы қызметтің басым түрлерінен түсетін кірістердің жылдық жиынтық кіріске үлес салмағына пропорционалды түрде айқындалады.

3. Арнайы экономикалық аймақтың басқару органы арнайы экономикалық аймаққа қатысушы ретінде қызметін жүзеге асыру туралы шартты біржақты тәртіппен бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасына сәйкес салық және төлемақы бойынша преференциялар оларды қолдану басталған күннен бастап жойылады.

Бұл ретте салық төлеуші шартты бұзу күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, олардың қорытындысы бойынша ол осы баптың 1-тармағының ережелерін қолданған салықтық кезеңдер үшін қосымша салықтық есептілікті табыс етуге міндетті.

4. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйым бюджетке төлеуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде қызметтің басым түрлерін жүзеге асырудың нәтижесі болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден алынған кірістер бойынша осы Кодекстің 302-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100 пайызға азайтады.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінің ережесі, мұндай өткізу «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметтің басым түрлерінің тізбесіне кіретін жағдайларды қоспағанда, мынадай құрылыс объектілерін:

жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес ауруханаларды, емханаларды, мектептерді, балабақшаларды, музейлерді, театрларды, жоғары және орта оқу орындарын, кітапханаларды, оқушылар сарайларын, спорт кешендерін;

жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес инфрақұрылымды, әкімшілік

және тұрғын үй кешендерін өткізуден түскен кірістер бойынша қолданылмайды.

5. «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер бюджетке төлеуге жататын жеке табыс салығының сомасын айқындау кезінде, есептелген жеке табыс салығының сомасын 100 пайызға азайтады. Осы тармақтың ережесі қызметін жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерге қолданылады.

6. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйым немесе дара кәсіпкер қызметтің тиісті басым түрі және қызметтің өзге түрлері бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу мақсатында салық салу объектілерін және (немесе) салық салумен байланысты объектілерді бөлек салықтық есепке алуды жүргізеді.

7. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымның немесе дара кәсіпкердің қызметтің басым түріне жатпайтын өзге түрлерін жүзеге асырудан түсетін кірістеріне жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен корпоративтік табыс салығы немесе жеке табыс салығы салынуға жатады.

8. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйым осы Кодекстің 302-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығын 100 пайызға азайтуды көздейтін осы Кодекстің басқа ережелерін қолдануға құқылы емес.

9. «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйым қызметтің басым түрлерін жүзеге асырумен айналысатын жұмыскерлерге кірістер түрінде төленетін жұмыс берушінің шығыстары бойынша бюджетке төленуге жататын есептелген әлеуметтік салықтың сомасын, мұндай шығыстар салықтық кезең үшін мұндай ұйымның бухгалтерлік есебі бойынша шығыстарының жалпы сомасының кемінде 70 пайызын құрайтын жағдайда 100 пайызға азайтады. Осы тармақта көрсетілген шығыстар Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалады.

Осы тармақтың қолданылу мерзімі заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасына сәйкес арнайы экономикалық аймаққа қатысушы ретінде қызметін жүзеге асыру туралы шартты жасасқан айдың 1-күнінен басталады.

710-бап. Салықтық кезең және салықтық есептілік

Салықтық кезең, салық және бюджетке төленетін төлемдер бойынша салықтық есептілікті ұсынудың тәртібі мен мерзімдері осы Кодекске сәйкес айқындалады.

80-тарау. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСЫМ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАРҒА САЛЫҚ САЛУ

711-бап. Жалпы ережелер

1. Осы Кодекстің мақсаттары үшін бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін заңды тұлға:

1) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес инвестициялық басым жобаны іске асыруды және салықтар бойынша преференциялар беруді көздейтін инвестициялық келісімшарт жасасса;

2) инвестициялық басым жобаны іске асыру үшін айқындалған қызметтің басым түрлерінің тізбесіне сәйкес келетін қызмет түрлерін жүзеге асырса;

3) арнаулы салық режимдерін қолданбаса, инвестициялық басым жобаны іске асыратын ұйым болып табылады.

Инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған қызметтердің басым түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Егер Қазақстан Республикасының салық заңнамасының өзгерістерінде және (немесе) толықтыруларында жер салығын және (немесе) мүлік салығын есептеу кезінде қолданылатын коэффициенттерді және (немесе) мөлшерлемелерді арттыру не корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде азайту мөлшерін өзгерту көзделсе, инвестициялық басым жобаны іске асыруға инвестициялық келісімшартты жасасқан ұйым коэффициенттерді қолдана отырып және (немесе) молшерлемелер бойынша инвестициялық басым жобаны іске асырумен байланысты қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді айқындайды, сондай-ақ осы инвестициялық келісімшартты жасасу күнінде қолданылған корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде азайту мөлшерін қолданады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері осы Кодекстің 712-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімде қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарттың қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, салықтар бойынша преференциялар және Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тұрақтылығының кепілдігі оны жасасқан күннен бастап күшін жояды.

Инвестициялық келісімшарттың қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде салық төлеуші инвестициялық келісімшарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осы инвестициялық келісімшарт жасалған күннен бастап оны бұзу күнін қоса алғанда, салықтық кезеңдер үшін бюджетке төленуге жататын салықтар сомаларын ұлғайтуды көздейтін қосымша салықтық есептілікті табыс етуге міндетті.

712-бап. Инвестициялық басым жобаларды іске асыратын ұйымдарға салық салу

1. Жаңа өндірістерді құру және (немесе) жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейту, жаңарту бойынша инвестициялық басым жобаны іске асыратын ұйым:

1) инвестициялық келісімшартта көрсетілген қызметтің басым түрлерін жүзеге асырудан алынған кірістер бойынша осы Кодекстің 302-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығын 100 пайызға азайтады.

Инвестициялық басым жобаны іске асыратын ұйымның қызметтің басым түрлеріне жатпайтын өзге түрлерін жүзеге асырудан түсетін кірістеріне жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен корпоративтік табыс салығы салынуға жатады.

Инвестициялық басым жобаны іске асыратын ұйым инвестициялық келісімшарттың шеңберінде қызметтің басым түрі бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу мақсатында салық салу объектілерін және (немесе) салық салумен байланысты объектілерді бөлек салықтық есепке алуды жүргізеді.

Егер жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейту және (немесе) жаңарту бойынша инвестициялық басым жобаны іске асыруға инвестициялық келісімшарттың ережелерінде өнімді шығаратын тіркелген активтерді кезең-кезеңмен енгізу көзделсе, онда бөлек салықтық есепке алу салықтық есепке алу саясатына сәйкес өнімді шығаратын әрбір тіркелген актив бойынша жүргізіледі.

Инвестициялық басым жобаны іске асыратын ұйым мұндай жоба бойынша корпоративтік табыс салығын 100 пайызға азайтуды көздейтін, осы Кодекстің басқа ережелерін қабылдауға құқылы емес;

2) инвестициялық басым жоба шеңберінде пайдалануға берілген, тіркелген активтер топтарының (кіші топтарының) құндық баланстары бойынша амортизациялық аударымдарды осы Кодекстің 271-бабының 2-тармағында белгіленген амортизацияның нормаларын салықтық кезеңнің соңында осындай топтардың (кіші топтардың) құндық баланстарына қолдану арқылы айқындайды.

2. Инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарттар бойынша осы баптың 1-тармағын қолданудың шекті мерзімі:

1) жаңа өндірістерді құру бойынша:

инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарт жасалған жылдың 1 қаңтарынан басталады;

инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарт жасалған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап есептелетін, қатарынан келетін он жылдан кешіктірілмей аяқталады.

2) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген жағдайлардан басқа,

жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейту және (немесе) жаңарту бойынша:

инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарт шеңберінде өнім шығаратын, соңғы тіркелген активті пайдалануға беру жүргізілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан басталады;

инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарт шеңберінде өнім шығаратын, соңғы тіркелген активтерді пайдалануға беру жүргізілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап есептелетін, қатарынан келетін үш жылдан кешіктірілмей аяқталады;

3) инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшартта көзделген өнімді шығаратын, тіркелген активтерді кезең-кезеңмен енгізу кезінде жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейту және (немесе) жаңарту бойынша:

инвестициялық жоба шеңберінде өнім шығаратын, тіркелген активті пайдалануға беру жүргізілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан басталады;

инвестициялық жоба шеңберінде өнім шығаратын, пайдалануға берілген тіркелген активті енгізу жүргізілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап есептелетін, қатарынан келетін үш жылдан кешіктірілмей аяқталады.

Шекті мерзім өнім шығаратын және жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейту және (немесе) жаңарту бойынша инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшартта көзделген әрбір тіркелген активке қатысты қолданылады.

3. Инвестициялық басым жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын жер учаскелері бойынша жер салығын есептеу кезінде жаңа өндірістерді құру бойынша инвестициялық басым жобаны іске асыратын ұйым жер салығының тиісті мөлшерлемелеріне 0 коэффициентін қолданады.

Осы тармақтың бірінші бөлігін қолданудың шекті мерзімі:

1) жаңа өндірістер құру бойынша инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарт жасалған айдың 1-күнінен басталады;

2) жаңа өндірістер құру бойынша инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісімшарт жасалған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап есептелетін, қатарынан келетін он жылдан кешіктірілмей аяқталады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері инвестициялық басым жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын жер учаскесін немесе оның бір бөлігін (ондағы үй-жайлармен, құрылыстармен, ғимараттармен бірге не оларсыз) мүліктік жалдауға (жалға) беру, өзге де негіздерде пайдалануға беру жағдайларында қолданылмайды.

4. Жаңа өндірістер құру бойынша инвестициялық басым жобаны іске асыратын ұйым Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет

пайдалануға берілген объектілер бойынша мүлік салығын салықтық базаға 0 пайыз мөлшерлеме бойынша есептейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес негізгі құралдар құрамында ескерілетін және Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес жасалған инвестициялық келісімшартқа қосымша болып табылатын жұмыс бағдарламасында көзделген активтерге қатысты қолданылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігін қолданудың шекті мерзімі:

1) бірінші актив халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес негізгі құралдар құрамында ескерілген айдың 1-күнінен басталады;

2) бірінші актив халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес негізгі құралдар құрамында ескерілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап есептелетін, қатарынан келетін сегіз жылдан кешіктірілмей аяқталады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері салық салу объектілерін пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе жалға беру жағдайларында қолданылмайды.

5. Осы баптың ережелері, егер жаңа өндірістерді құру бойынша инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған инвестициялық жобада:

осы Кодекстің 302-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығын 100 пайызға азайтуды;

жер салығының мөлшерлемелеріне 0 коэффициентті;

мүлік салығын есептеу кезінде салықтық базаға 0 пайыз мөлшерлемені қолдану көзделсе, қолданылады.

22-БӨЛІМ. ЭКСПОРТҚА РЕНТА САЛЫҒЫ

81-тарау. ЭКСПОРТҚА РЕНТА САЛЫҒЫ

713-бап. Төлеушілер

Мыналар:

1) осы Кодекстің 722-бабының 1-тармағында көрсетілген келісімшарттар шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылар;

мыналарды:

жер қойнауын пайдалануға баламалы салық төлеушілер болып табылатын, Қазақстан Республикасының құрлықтық қайраңында немесе тау-

кендік бөлуде немесе тау-кендік бөлу болмаған кезде өндіруге немесе барлауға және көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартта көрсетілген көмірсутектер кен жатындары жоғарғы нүктесінің тереңдігі 4500 метрден жоғары емес және тау-кендік бөлуде немесе тау-кендік бөлу болмаған кезде өндіруге немесе барлауға және көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартта көрсетілген көмірсутектер кен жатындары төменгі нүктесінің тереңдігі 5000 метр және одан төмен кен орындарында өндіруге немесе барлауға және көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарттар шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылар өндірген шикі мұнай мен газ конденсатының экспорты көлемдерін қоспағанда, шикі мұнайды және шикі мұнай өнімдерін экспортқа өткізетін жеке және заңды тұлғалар экспортқа рента салығын төлеушілер болып табылады.

Осы бөлімнің мақсаттары үшін шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері деп Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының 2709 00 қосымша позициясында сыныпталатын тауарлар танылады;

2) көмірді экспортқа өткізетін жеке және заңды тұлғалар экспортқа рента салығын төлеушілер болып танылады.

714-бап. Салық салу объектісі

Жер қойнауын пайдаланушы салықтық міндеттемені орындау есебіне заттай нысанда берген пайдалы қазбалардың экспортқа өткізілетін және мемлекет атынан алушы немесе осындай өткізуге мемлекет атынан алушы уәкілеттік берген тұлға өткізетін көлемдерді қоспағанда, экспортқа өткізілетін шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің, көмірдің көлемі экспортқа рента салығын салу объектісі болып табылады. Осы Кодекстің осы бөлімінің және 23-бөлімінің мақсаттары үшін экспорт деп:

1) Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес экспорттың кедендік рәсімінде жүзеге асырылатын тауарларды әкету;

2) тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына әкету;

3) Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағына қайта өңдеу үшін бұрын әкетілген алыс-беріс шикізатының қайта өңдеу өнімдерін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағында өткізу түсініледі.

Экспортқа рента салығын есептеу үшін шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің көлемі мынадай тәртіппен:

шикі мұнайды және шикі мұнай өнімдерін Еуразиялық экономикалық одақтың аумағы шегінен тыс жерге экспортқа өткізу кезінде – кеден баждарының, алынуы кеден органдарына жүктелген өзге де төлемдердің

сомаларын есептеу үшін не Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес өзге де кедендік мақсаттарда пайдаланылатын, тауарлардың толық декларациясының 35-бағанында көрсетілген шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің көлемі ретінде;

шикі мұнайды және шикі мұнай өнімдерін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына экспортқа өткізу кезінде – Қазақстан Республикасының аумағында осындай шикі мұнайды және шикі мұнай өнімдерін экспортқа беру маршрутының басында көлік ұйымының тауарларды қабылдап алу-тапсыру актісінде көрсетілген шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің көлемі ретінде айқындалады.

715-бап. Есептеу тәртібі

1. Экспортқа іс жүзінде өткізілетін шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің көлемі және осы Кодекстің 741-бабының 3-тармағында айқындалған тәртіппен есептелген әлемдік баға негізінде есептелген, экспортталатын шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің құны шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері бойынша экспортқа рента салығын есептеу үшін салықтық база болып табылады. Бұл ретте шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері үшін әлемдік баға шикі мұнайдың әлемдік бағасын негізге ала отырып айқындалады.

Экспортқа рента салығын есептеу мақсатында шикі мұнайдың әлемдік бағасын айқындау үшін өлшем бірліктерін баррельден метрикалық тоннаға ауыстыру орташа өлшемді баррельдеу коэффициентінің негізінде мына формула бойынша жүзеге асырылады:

К барр. орт. = (V1 х К барр.1 + V2 х К барр.2 … + Vn х К барр.n) / V жалпы өткізу, мұнда:

К барр. орт. – үтірден кейін төрт белгіге дейінгі дәлдікпен есептелген баррельдеудің орташа өлшемді коэффициенті;

V1, V2, …Vn – салықтық кезең үшін экспортқа өткізілетін шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің әрбір партиясының көлемі;

К барр.1, К барр.2 … + К барр.n – Қазақстан Республикасының аумағында экспорттық маршруттың басында көлік ұйымының шикі мұнайды және шикі мұнай өнімдерін тапсыру және қабылдау пунктіндегі есепке алу аспабының деректері негізінде ресімделген әрбір тиісті партия бойынша сапа паспортында көрсетілген баррельдеу коэффициенттері. Бұл ретте баррельдеу коэффициенттері техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен ұлттық стандартқа сәйкес өлшеудің стандартты шарттарына келтірілген экспортталатын шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің нақты тығыздығы мен температурасы ескеріле отырып белгіленеді;

n – салықтық кезеңде экспортқа өткізілген шикі мұнай және шикі мұнай

өнімдері партияларының саны;

V жалпы өткізу – салықтық кезең үшін шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерін экспортқа өткізудің жалпы көлемі.

Экспортқа іс жүзінде өткізілетін көмірдің көлемі негізінде есептелген экспортталатын көмірдің құны көмір бойынша экспортқа рента салығын есептеу үшін салықтық база болып табылады. Бұл ретте көмір бойынша экспортқа рента салығын есептеу мақсаттары үшін шетел валютасында жасалған операциялар шартқа (келісімшартқа) сәйкес экспортталатын көмірге меншік құқығының өту күніне айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы қолданыла отырып, теңгемен қайта есептеледі.

2. Шикі мұнай, газ конденсаты бойынша экспортқа рента салығын төлеудің ақшалай нысаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша уәкілетті мемлекеттік орган мен салық төлеушінің арасында жасалатын қосымша келісімде айқындалған тәртіппен заттай нысанға ауыстырылуы мүмкін.

Шикі мұнай, газ конденсаты бойынша экспортқа рента салығын заттай нысанда төлеу тәртібі осы Кодекстің 773-бабында белгіленген.

716-бап. Экспортқа рента салығының мөлшерлемелері

Шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің экспорты кезінде экспортқа рента салығы мынадай мөлшерлемелер бойынша есептеледі:

Р/с №	Әлемдік баға	Мөлшер-леме, %-бен
1	2	3
1.	Бір баррель үшін 20 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	0
2.	Бір баррель үшін 30 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	0
3.	Бір баррель үшін 40 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	0
4.	Бір баррель үшін 50 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	7
5.	Бір баррель үшін 60 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	11
6.	Бір баррель үшін 70 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	14
7.	Бір баррель үшін 80 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	16
8.	Бір баррель үшін 90 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	17
9.	Бір баррель үшін 100 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	19
10.	Бір баррель үшін 110 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	21
11.	Бір баррель үшін 120 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	22
12.	Бір баррель үшін 130 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	23
13.	Бір баррель үшін 140 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	25
14.	Бір баррель үшін 150 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	26
15.	Бір баррель үшін 160 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	27

16.	Бір баррель үшін 170 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	29
17.	Бір баррель үшін 180 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	30
18.	Бір баррель үшін 190 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	32
19.	Бір баррель үшін 200 АҚШ долларына дейін және одан жоғары	32

Көмірдің экспорты кезінде экспортқа рента салығы 4,7 пайыз мөлшерлеме бойынша есептеледі.

717-бап. Салықтық кезең

Экспортқа рента салығы бойынша салықтық кезең күнтізбелік тоқсан болып табылады.

Егер тауарларға уақытша және толық кедендік декларацияларды ресімдеу күндері әртүрлі салықтық кезеңдерге тура келсе, онда экспортқа рента салығын төлеу бойынша міндеттемелер тауарларға уақытша және толық декларацияларда көрсетілген, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес экспорттың кедендік рәсімі шеңберінде шикі мұнайды және шикі мұнай өнімдерін беру жүзеге асырылатын уақыт кезеңіне тура келетін салықтық кезеңде туындайды.

718-бап. Төлеу мерзімдері

Салық төлеуші бюджетке салықтың есептелген сомасын салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірмей төлеуге міндетті.

719-бап. Салық декларациясы

Экспортқа рента салығы бойынша декларация салық төлеушінің тұрған жеріндегі салық органына салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірілмей тапсырылады.

23-БӨЛІМ. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА САЛЫҚ САЛУ

82-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

720-бап. Осы бөлімде реттелетін қатынастар

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен

жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың шеңберінде жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушылар осы Кодексте белгіленген барлық салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлейді.

2. Осы бөлім жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары бойынша салықтық міндеттемелерді орындау тәртібін, сондай-ақ өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау ерекшеліктерін белгілейді.

3. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары:

1) қол қою бонусын;

2) тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемді;

3) жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты;

4) роялтиді;

5) Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесін;

6) пайдалы қазбаларды өндіру салығын;

7) үстеме пайда салығын қамтиды.

4. Кен орындарын (кен орындары тобын, кен орнының бір бөлігін) рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз және игерілген санаттарына жатқызу тәртібін, олардың тізбесін және пайдалы қазбаларды өндіру салығы бөлігінде салық салу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

5. Қазақстан Республикасының құрлықтық қайраңында және тау-кендік бөлуде немесе тау-кендік бөлу болмаған кезде өндіруге немесе барлауға және көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартта көрсетілген көмірсутектер кен жатындары жоғарғы нүктесінің тереңдігі 4500 метрден жоғары емес және тау-кендік бөлуде немесе тау-кендік бөлу болмаған кезде өндіруге немесе барлауға және көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартта көрсетілген көмірсутектер кен жатындары төменгі нүктесінің тереңдігі 5000 метр және одан төмен кен орындарында өндіруге немесе барлауға және көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарттар бойынша салықтық міндеттемелерді орындау тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемнің, пайдалы қазбаларды өндіру салығының және үстеме пайда салығының орнына баламалы салықты есептеу және толеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

721-бап. Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктері

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық және бюджетке төленетін төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу осы Кодекстің

722-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, оларды төлеу жөніндегі міндеттемелер туындаған кезде қолданыста болатын Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

2. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы бейрезидент осы Кодекстің 651 – 653-баптарына сәйкес қосымша салық салуға жатады.

3. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау жер қойнауын пайдаланушыны салықтық міндеттеме туындаған күнге қолданыста болатын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінен тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттемені орындаудан босатпайды.

4. Жер қойнауын пайдалануға құқығы бар жеке тұлғалар жер қойнауын пайдаланушы заңды тұлғалар үшін айқындалған тәртіппен осындай құқықтың шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары және бөлек есепке алуды жүргізу бойынша салықтық міндеттемелерді орындайды.

722-бап. Жекелеген жер қойнауын пайдаланушылардың салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктері

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы арасында 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған және міндетті салықтық сараптамадан өткен, өнімді бөлу туралы келісімде (келісімшартта), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта айқындалған салық режимі мұндай келісімнің (келісімшарттың) ережелеріне сәйкес оларға қатысты салық режимінің тұрақтылығы тікелей көзделген салық және бюджетке төленетін төлемдер үшін сақталады, мұндай келісімнің (келісімшарттың) белгіленген бүкіл қолданылу мерзімі ішінде тек қана оның тараптарына қатысты, сондай-ақ операторларға қатысты қолданылады, мұндай келісімнің (келісімшарттың) тараптары болып табылмайтын тұлғаларға немесе операторларға қолданылмайды және тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

Жер қойнауын пайдаланушы оларға қатысты салық агенті ретінде әрекет ететін, төлем көзінен ұстап қалуға жататын салықтар бойынша салықтық міндеттемені орындау Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы арасында 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған және міндетті салықтық сараптамадан өткен, өнімді болу туралы келісімде (келісімшартта) және Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта төлем көзінен ұстап қалатын салық салу тәртібін реттейтін ережелердің болуына

қарамастан, оларды төлеу жөніндегі міндеттемелер туындаған кезде қолданыста болатын Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы арасында 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған және міндетті салықтық сараптамадан өткен өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) салық режимінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың салық режимінде көзделген салықтың және бюджетке төленетін төлемдердің жекелеген түрлерінің күші жойылған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы өнімді бөлу туралы келісімде (келісімшартта) және (немесе) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген тәртіппен және мөлшерде, олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін оларды бюджетке төлеуді жалғастырады.

2. Егер Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы арасында 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған және міндетті салықтық сараптамадан өткен, өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) ережелерінде операторды айқындау көзделсе және аталған келісім (келісімшарт) бойынша салықтық міндеттемені орындауды оператор жүзеге асырса, онда мұндай оператор осы баптың 1-тармағына сәйкес осы келісімнің (келісімшарттың) тараптарына қатысты қолданылатын салық режиміне сәйкес аталған келісім (келісімшарт) бойынша салықтық міндеттемені орындайды.

3. Өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде жай серіктестікке (консорциумға) қатысушылардың салықтық міндеттемені орындауы төменде көрсетілген тәсілдердің бірімен жүзеге асырылуы мүмкін:

1) жай серіктестікке (консорциумға) қатысушының салықтық міндеттемені орындауды дербес немесе аталған қатысушының үлесіне қатысты міндеттеме бөлігінде ғана осындай қатысушының атынан және тапсырмасы бойынша оператор жүзеге асырады. Бұл ретте салықтық нысандарда салық төлеуші ретінде – жай серіктестікке (консорциумға) қатысушының деректемелері, уәкілетті өкіл ретінде оператордың деректемелері көрсетіледі;

2) егер бұл өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) ережелерінде көзделсе, жай серіктестікке (консорциумға) қатысушылардың салықтық міндеттемені орындауын өнімді болу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша оператор жиынтық түрде жүзеге асырады. Бұл ретте салықтық нысандарды жасау мен тапсыруды (қайтарып алуды) осы Кодекстің 8-тарауында айқындалған тәртіппен салық төлеушінің деректемелері ретінде оператордың деректемелерін көрсете отырып, оператор жүзеге асырады.

4. Егер жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды орындау

барысында операторда Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес салық төлеушідегідей (салық агентіндегідей) салықтық міндеттемелер туындаса, онда мұндай салықтық міндеттемелерді оператор дербес орындайды.

723-бап. Жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды салықтық есепке алу ерекшеліктері

1. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналып жасалған әрбір келісімшарттың шеңберінде жүзеге асырылатын қызметтер бойынша салықтық міндеттемені есептеу үшін, сондай-ақ рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген кен орындарын (бір келісімшарт шеңберіндегі кен орындарының осындай тобы бойынша қызметті жүзеге асырған жағдайда кен орындарының тобын, кен орнының бір бөлігін) әзірлеген кезде осындай кен орны (бір келісімшарт шеңберіндегі кен орындарының осындай тобы бойынша қызметті жүзеге асырған жағдайда кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі) бойынша осы Кодексте белгіленгендерден ерекшеленетін тәртіппен және мөлшерлемелер бойынша салықты және бюджетке төленетін төлемдерді есептеген жағдайда бөлек салықтық есепке алуды жүргізуге міндетті.

2. Бөлек салықтық есепке алуды жүргізу туралы осы баптың ережелері кең таралған пайдалы қазбаларды, осы Кодекстің 746-бабы кестесінің 13-жолында көрсетілген кендік емес пайдалы қатты қазбаларды, жерасты суларын, емдік балшықты барлау және (немесе) өндіру жөніндегі келісімшарттарға, сондай-ақ осы келісімшарттар бойынша пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық бойынша салықтық міндеттемені есептеу және орындау бойынша бөлек салықтық есепке алуды жүргізу жөніндегі талаптарды қоспағанда, барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға қолданылмайды.

Көмірсутектерді немесе пайдалы қатты қазбаларды барлау және (немесе) өндіру жөніндегі келісімшарттар бойынша қызметтің бір бөлігі болып табылатын осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша операциялар жер қойнауын пайдаланушыны бөлек салықтық есепке алу ескеріле отырып, көмірсутектерді немесе пайдалы қатты қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге арналған тиісті келісімшарт жөніндегі салықтық есепке алуда көрсетілуге тиіс. Бұл ретте, жер қойнауын пайдаланушы салықтық есепке алу саясатында осындай операциялар бойынша тиісті келісімшарттарға және (немесе) келісімшарттан тыс қызметке шығыстарды болу тәртібін көрсетуге міндетті.

3. Жер қойнауын пайдаланушы салық салу объектілерін және (немесе) салық салумен байланысты объектілерді бөлек салықтық есепке алуды бекітілген салықтық есепке алу саясатына сәйкес есепке алу құжаттамасы

деректерінің негізінде және осы бапта белгіленген ережелерді ескере отырып жүргізеді.

Жер қойнауын пайдаланушы бөлек салықтық есепке алуды жүргізу тәртібін дербес әзірлейді және ол салықтық есепке алу саясатында (есепке алу саясаты бөлімінде) бекітіледі.

Салықтық есепке алу саясатында болек салықтық есепке алуды жүргізу тәртібі болмаған және (немесе) осындай тәртіп салық салу қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда салық органдары салықтық бақылауды жүзеге асыру барысында салық төлеушінің салықтық міндеттемелерін осы баптың 11-тармағының 1) тармақшасына сәйкес айқындайды.

Осы тармақтың ережелері осы Кодекстің 200-бабының 2-тармағына сәйкес жиынтық салықтық есепке алуды жүргізуге жауапты жай серіктестікке (консорциумға) қатысушылардың уәкілетті өкіліне қатысты да қолданылады.

4. Келісімшарттық қызмет бойынша бөлек салықтық есепке алу мынадай салық және бюджетке төленетін толемдер:

1) корпоративтік табыс салығы;

2) қол қою бонусы;

3) тарихи шығындарды отеу бойынша толем;

4) пайдалы қазбаларды өндіру салығы;

5) үстеме пайда салығы;

6) жер қойнауын пайдалануға баламалы салық;

7) осы Кодекстің 722-бабының 1-тармағында айқындалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың салық режимі негізінде осы Кодексте белгіленгеннен өзгеше тәртіппен есептелетін өзге де салықтар және бюджетке төленетін төлемдер бойынша жүргізіледі.

5. Салықтық міндеттемені есептеу үшін бөлек салықтық есепке алуды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы:

1) осы баптың 4-тармағында көрсетілген салық және бюджетке төленетін төлемдерді есептеу үшін келісімшарттан тыс қызметтен бөлек жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшарт бойынша – салық салу объектілерін және (немесе) салық салумен байланысты объектілерді салықтық есепке алуда көрсетуді;

2) осы баптың 4-тармағында көрсетілмеген салықты және бюджетке төленетін төлемдерді, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының тұтастай бүкіл қызметі бойынша – корпоративтік табыс салығын есептеуді;

3) корпоративтік табыс салығы бойынша салықтық есептілікті қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшарт бойынша – осы баптың 4-тармағында көрсетілген салық және бюджетке төленетін төлемдер бойынша – салықтық есептілікті ұсынуды;

4) жер қойнауын пайдаланушының тұтастай қызметі бойынша – корпоративтік табыс салығы жөніндегі бірыңғай декларацияны және жер

қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшарт бойынша оған тиісті қосымшаларды тапсыруды;

5) жер қойнауын пайдаланушының тұтастай бүкіл қызметі бойынша осы баптың 4-тармағында көрсетілмеген салық және бюджетке төленетін төлемдер бойынша салықтық есептілікті ұсынуды қамтамасыз етуге міндетті.

6. Жер қойнауын пайдаланушының тұтастай қызметі бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде жер қойнауын пайдалануға арналған нақты келісімшарт бойынша шеккен залалдар ескерілмейді, жер қойнауын пайдаланушының оларды осы Кодекстің 300-бабының ережелерін ескере отырып, кейінгі салықтық кезеңдерде жер қойнауын пайдалануға арналған осындай нақты келісімшарт бойынша қызметтен алған кірістері есебінен ғана өтеуге құқығы бар.

7. Бөлек салықтық есепке алуды жүргізу мақсатында жер қойнауын пайдалану жөніндегі ұлттық компанияның немесе акциялары (қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде осындай жер қойнауын пайдалану жөніндегі ұлттық компанияға тиесілі заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық қаржыландыру (оның ішінде сыйақы жөніндегі) бойынша міндеттемесін стратегиялық әріптестің есептен шығаруынан түсетін кіріс те келісімшарттық қызмет бойынша кіріс болып табылады.

8. Осы бөлімнің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар:

1) тікелей кірістер мен шығыстар – жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған нақты келісімшартпен немесе келісімшарттан тыс қызметпен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар тіркелген активтер бойынша кірістері мен шығыстарын қоса алғанда, есепті салықтық кезеңдегі кірістері мен шығыстарын;

2) жанама кірістер мен шығыстар – жер қойнауын пайдаланушының есепті салықтық кезеңдегі кірістері мен шығыстары, оның ішінде жер қойнауын пайдалануға арналған бірнеше келісімшартпен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар және жер қойнауын пайдалануға арналған осындай келісімшарттар арасында ғана тиісті үлес бойынша бөлінуге жататын тіркелген активтер бойынша кірістері мен шығыстарын;

3) жалпы кірістер мен шығыстар – жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық және келісімшарттан тыс қызметті жүзеге асырумен байланысты және жер қойнауын пайдалануға арналған нақты келісімшартпен және (немесе) келісімшарттан тыс қызметпен тікелей себеп-салдарлық байланысты емес және олардың арасында тиісті үлес бойынша бөлуді талап ететін жалпы тіркелген активтер бойынша кірістері мен шығыстарын қоса алғанда, есепті салықтық кезеңдегі кірістері мен шығыстарын;

4) жалпы тіркелген активтер – келісімшарттық және келісімшарттан тыс қызметті жүзеге асырумен байланысты және пайдалану ерекшелігіне

қарай жер қойнауын пайдалануға арналған нақты келісімшартпен және (немесе) келісімшарттан тыс қызметпен тікелей себеп-салдарлық байланысты емес тіркелген активтерді;

5) жанама тіркелген активтер – пайдаланылу ерекшелігіне қарай жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттармен ғана тікелей себеп-салдарлық байланысы бар тіркелген активтерді;

6) минералды шикізатты өндірудің, бастапқы қайта өңдеудің, көмірсутекті дайындаудың өзіндік өндірістік құны – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын, мыналарды:

пайдалы қазбаларды сақтау, тасымалдау, өткізу бойынша шығындарды;

минералды шикізатты өндірумен, бастапқы қайта өңдеумен, көмірсутекті дайындаумен тікелей байланысты емес өзге де шығындарды;

халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қорлардың өзіндік құнына қосуға жатпайтын жалпы әкімшілік шығыстарды;

қарыздар бойынша шығындарды қоспағанда, минералды шикізатты өндірумен, бастапқы қайта өңдеумен, көмірсутекті дайындаумен тікелей байланысты өндіріске жұмсалатын шығындарды білдіреді.

9. Салық салу объектілерін және (немесе) салық салумен байланысты объектілерді бөлек салықтық есепке алуды жүргізу мақсатында жер қойнауын пайдаланушының барлық кірістері мен шығыстары тікелей, жанама және жалпы болып бөлінеді.

Жер қойнауын пайдаланушы кірістер мен шығыстарды тікелей, жанама және жалпы деп сыныптауды қызмет ерекшелігінің негізінде дербес жүзеге асырады.

Тікелей кірістер мен шығыстар тікелей себеп-салдарлық байланысы бар келісімшарттық немесе келісімшарттан тыс қызметке ғана толық көлемде жатқызылуға тиіс.

Жалпы кірістер мен шығыстар келісімшарттық қызмет пен келісімшарттан тыс қызмет арасында бөлінуге жатады және тиісті үлесімен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар сол келісімшарттың және келісімшарттан тыс қызметтің кірістері мен шығыстарына жатады.

Жанама кірістер мен шығыстар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар арасында ғана бөлінуге жатады және тиісті үлесімен себеп-салдарлық байланысы бар сол келісімшарттың кірістері мен шығыстарына жатады.

Жалпы және жанама кірістер мен шығыстарды болу осы баптың 11-тармағында белгіленген әдістерге сәйкес және осы баптың 10-тармағының ережелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

10. Жалпы және жанама тіркелген активтер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (келісімшарттар) пен келісімшарттан тыс қызмет арасында жер қойнауын пайдаланушының осы тіркелген активтер бойынша шеккен шығыстары, оның ішінде амортизация бойынша шығыстары және бұдан кейінгі шығыстары бөлінуге жатады.

Сыйақылар жөніндегі жалпы және жанама шығыстар бойынша осы Кодекстің 246-бабына сәйкес айқындалған осындай сыйақылар жөніндегі шегерімнің жалпы сомасы бөлінуге жатады.

Егер бағамдық айырма тікелей себеп-салдарлық байланыс бойынша жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық және (немесе) келісімшарттан тыс қызметіне жатқызылмайтын болса, бағамдық айырма бойынша салықтық кезең үшін алынған жиынтық (сальдоланған) нәтиже оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі немесе теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асып кетуі түрінде бөлінуге жатады.

Жалпы және жанама салық салу объектілері және (немесе) салық салумен байланысты объектілер бойынша шегерімге жатқызылуға тиіс салықтар сол салық салу объектілері және (немесе) салық салумен байланысты объектілердің өздері тиісінше бөлінбей, осы баптың 11-тармағында белгіленген әдістерге сәйкес бөлінуге жатады.

11. Жер қойнауын пайдаланушы әрбір келісімшарттық қызмет үшін жалпы және жанама кірістер мен шығыстарды бөлуді қызметтің ерекшелігін немесе жер қойнауын пайдаланушының салықтық есепке алу саясатында қабылдаған бөлек салықтық есепке алуды жүргізудің бір немесе бірнеше әдістерінің негізінде жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізуді, оның ішінде:

1) жер қойнауын пайдаланушы салықтық кезең үшін алған тікелей кірістердің жалпы сомасындағы жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір нақты келісімшартқа және келісімшарттан тыс қызметке келетін тікелей кірістердің үлес салмағы бойынша;

2) салық төлеушінің жер қойнауын пайдалануға арналған барлық келісімшарттары бойынша пайдалы қазбаларды өндірудің жалпы көлеміндегі жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір нақты келісімшарт бойынша пайдалы қазбаларды өндіру көлемінің үлес салмағы бойынша;

3) жер қойнауын пайдаланушы салықтық кезең үшін жүргізген тікелей шығыстардың жалпы сомасындағы жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір нақты келісімшартқа және келісімшарттан тыс қызметке келетін тікелей шығыстардың үлес салмағы бойынша;

4) мына баптардың бірі бойынша: жер қойнауын пайдаланушы салықтық кезең үшін осы бап бойынша жүргізген шығыстардың жалпы сомасындағы жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір нақты келісімшартқа және келісімшарттан тыс қызметке келетін тікелей өндірістік шығыстар, еңбекақы төлеу қоры немесе тіркелген активтердің құны бойынша шеккен

шығыстардың үлес салмағы бойынша;

5) жер қойнауын пайдаланушы жұмыскерлерінің жалпы орташа тізімдік санына келісімшарттық қызметке қатысатын жұмыскерлердің орташа тізімдік санының үлес салмағы бойынша;

6) өзге де әдістердің негізінде дербес жүргізеді.

Жалпы және жанама кірістер мен шығыстардың әр түріне қатысты оларды бөлудің осы тармақта белгіленген әртүрлі әдістері қолданылуы мүмкін.

Тиісті салықтық кезеңнің соңында жалпы және жанама кірістер мен шығыстарды бөлудің қолданылған әдістері көрсетілген салықтық кезең үшін өзгертуге жатпайды.

Жалпы және (немесе) жанама кірістер мен шығыстарды неғұрлым дәл бөлу үшін жер қойнауын пайдаланушы жоғарыда көрсетілген әдістердің бірін қолдану нәтижесінде алынған үлес салмағының мәнін үлестің жүзден бірге дейінгі пайызымен (0,01%) айқындайды.

12. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жекелеген келісімшарт бойынша келісімшарттық қызметтің корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде бөлек салықтық есепке алуды жүргізу мақсатында, өндірілген көмірсутектерді (көмірсутектерді дайындауды қоса алғанда) және (немесе) комірсутектерді дайындау немесе минералды шикізатты бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) ғана өткен минералды шикізатты өткізуден түскен кіріс Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасының сақталуы ескеріле отырып, оларды өткізу бағасының негізінде, бірақ өндірілген көмірсутектердің, минералды шикізаттың және (немесе) бастапқы қайта өңдеу (байыту) нәтижесінде алынған, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын тауар өнімінің өзіндік өндірістік құнынан төмендетілмей айқындалады.

Егер Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау туралы заңнамасына сәйкес ұлттық оператор шикі газды мемлекеттің басым құқығы шеңберінде сатып алса, онда жер қойнауын пайдаланушы мұндай шикі газды өткізуден түскен кірісті осы Кодекстің 227-бабына сәйкес айқындайды.

Жер қойнауын пайдаланушы экспортқа өндірілген мұнайды өткізген кезде, егер мұнайдың әлемдік бағасы осындай мұнайды өткізетін күнге осы мұнайды өндірудің өндірістік өзіндік құнынан төмен болған жағдайда, осындай мұнайды өткізуден түскен кіріс осы Кодекстің 227-бабына сәйкес айқындалады.

Өндірілген көмірсутектерді және (немесе) бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) өткен минералды шикізатты кейіннен қайта өңдеу үшін басқа заңды тұлғаға (меншік құқығын ауыстырмай) және (немесе) бір заңды тұлға шеңберінде құрылымдық немесе өзге де технологиялық бөлімшеге берген

немесе өзінің өндірістік қажеттеріне пайдаланған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы көмірсутектерді дайындауды немесе минералды шикізатты бастапқы қайта өңдеуді (байытуды) қоса алғанда, осындай операция бойынша кірісті өндіру мен бастапқы қайта өңдеудің (байытудың) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын, 20 пайызға ұлғайтылған нақты өзіндік өндірістік құны бойынша айқындайды.

Егер шикі газ мұнаймен ілеспе түрде өндірілетін болса, мұндай шикі газды өндірудің өндірістік өзіндік құны мына формула бойынша айқындалады:

$$CP = \frac{GF \times \frac{(GP1 \times 0{,}857)}{OP + (GP1 \times 0{,}857)} \times r}{GP1}$$, мұнда:

CP – бір мың текше метр үшін теңгемен ағымдағы салықтық кезеңде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде шикі мұнаймен ілеспе өндірілетін шикі газды өндірудің өндірістік өзіндік құны;

CF – теңгемен ағымдағы салықтық кезеңде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын көмірсутектер өндірудің өндірістік өзіндік құны;

GP1 – ол бойынша халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарында өзіндік құнды айқындау бір мың текше метрмен көзделетін, ағымдағы салықтық кезеңде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде мұнаймен ілеспе түрде өндірілетін шикі газдың өндірілу көлемі;

OP – ағымдағы салықтық кезеңде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде шикі мұнайдың тоннамен өндірілу көлемі;

0,857 – мұнаймен ілеспе түрде өндірілетін шикі газдың бір мың текше метрін тоннаға ауыстыру коэффициенті;

r – мына формула бойынша айқындалатын құндық коэффициент:

$$r = \frac{GP2 \times AEPG}{OP \times AEPO}$$, мұнда:

GP2 – ағымдағы салықтық кезеңде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде мұнаймен ілеспе түрде өндірілетін шикі газдың бір мың текше метрмен өндірілу көлемі;

OP – ағымдағы салықтық кезеңде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде шикі мұнайдың тоннамен өндірілу көлемі;

AEPG – бір мың текше метр үшін теңгемен сыртқы сауда кедендік статистикасын және өзара сауда статистикасын жүргізу жөніндегі уәкілетті органдардың деректері бойынша есептелетін, тауарлы газды жер қойнауын пайдаланушыдан Қазақстан Республикасының шекарасына дейін тасымалдау бойынша тарифтер негізінде айқындалатын шығыстар шегеріле отырып, тиісті салықтық кезең үшін Қазақстан Республикасының шекарасындағы тауарлы газдың орташа өлшемді экспорттық бағасы;

AEPO – тоннасына теңгемен сыртқы сауда кедендік статистикасын және өзара сауда статистикасын жүргізу жөніндегі уәкілетті органдардың деректері бойынша есептелетін, мұнайды жер қойнауын пайдаланушыдан Қазақстан Республикасының шекарасына дейін тасымалдау бойынша тарифтер негізінде айқындалатын шығыстар шегеріле отырып, тиісті салықтық кезең үшін Қазақстан Республикасының шекарасындағы мұнайдың орташа өлшемді экспорттық бағасы.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттан тыс қызметі бойынша жиынтық жылдық кірісіне осындай кейіннен қайта өңдеу нәтижесінде алынған өнімді өткізуден нақты алынған кіріс пен жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық қызметі бойынша жылдық жиынтық кірісіне қосылатын, осы тармаққа сәйкес есептелген кіріс сомасы арасындағы айырмаға тең сома қосуға жатады.

Осы бөлімнің мақсаттары үшін байыту фабрикасы, қайта өңдеу, өндіріс немесе металлургия цехы (зауыты) заңды тұлғаның өзге де технологиялық бөлімшесі деп танылады.

83-тарау. ҚОЛ ҚОЮ БОНУСЫ

724-бап. Жалпы ережелер

Қол қою бонусы жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт аумағында (жер қойнауы учаскесінде), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен келісімшарт аумағы (жер қойнауы учаскесі) кеңейтілген кезде жер қойнауын пайдалану құқығын иелену үшін біржолғы тіркелген төлемі болып табылады.

725-бап. Төлеушілер

Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын алу конкурсының жеңімпазы болған немесе жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын алған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жер қойнауын пайдалануға арналған мынадай

келісімшарттардың біреуін:

1) барлауға арналған келісімшартты;

2) пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшартты;

3) бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшартты;

4) геологиялық зерделеуге арналған лицензияны;

5) жер қойнауының кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны;

6) кен іздеушілікке арналған лицензияны жасасқан (алған) жеке немесе заңды тұлға қол қою бонусын төлеуші болып табылады.

Осы баптың бірінші бөлігі 2) тармақшасының ережесі тиісті келісімшарт аумағында (жер қойнауы учаскесінде) барлауға арналған келісімшарттың шеңберінде коммерциялық табуға байланысты өндіруге құқық алуға айрықша құқығының негізінде келісімшарт жасасқан жер қойнауын пайдаланушыларға қолданылмайды.

Осы бөлімнің мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес өткізілетін «конкурс» ұғымы, осы заңнамаға сәйкес өткізілетін «аукцион» ұғымымен бірдей.

726-бап. Қол қою бонусын есептеу тәртібі

1. Қол қою бонусының бастапқы мөлшері жер қойнауын пайдалануға жасалатын әрбір келісімшарт үшін мынадай мөлшерде жеке белгіленеді:

1) пайдалы қазбалардың бекітілген қорлары жоқ аумақтағы барлауға арналған келісімшарттар үшін:

көмірсутектер бойынша – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған күнге немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2 800 еселенген мөлшері;

пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияларды және техногендік минералдық түзілімдерді игеруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, пайдалы қатты қазбалар бойынша – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған күнге немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 280 еселенген мөлшері;

кең таралған пайдалы қазбалар, жерасты сулары мен емдік балшық бойынша келісімшарттар үшін – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған күнге немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей

келіссөздер хаттамасына қол қойылған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 40 еселенген мөлшері;

пайдалы қазбалардың бекітілген қорлары бар аумақта – өндіруге, олар бойынша қорлар бекітілген тиісті пайдалы қазбаларды бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттар үшін қол қою бонусының бастапқы мөлшерін айқындау үшін осы тармақтың 2) тармақшасында айқындалған тәртіппен;

2) көмірсутектерді:

өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттар үшін:

егер қорлар бекітілмеген болса, – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған күнге немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 3000 еселенген мөлшері белгіленеді. Бұл ретте егер жер қойнауын пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес аумағы блоктарға бөлінген жер қойнауы учаскесіне берілсе, онда қол қою бонусының бастапқы мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10 еселенген мөлшеріне, үш жүзіншіден кейінгі әрбір блок үшін ұлғаяды;

егер қорлар бекітілген болса, – (Қ х 0,04%) + (Қа х 0,01%) формуласы бойынша, бірақ республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған күнге немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10 000 еселенген мөлшерінен кем емес, мұнда:

Қ – А, В, С1 өнеркәсіптік санаттары бойынша Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы бекіткен көмірсутектердің жиынтық қорларының құны;

Қа – әлеуетті коммерциялық объектінің және С3 санатының болжамдық ресурстарының қорларын жедел есептеу үшін Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы бекіткен және (немесе) көрсетілген Комиссия қорытындысында назарға алынған С2 санатындағы көмірсутектердің алдын ала бағаланған қорларының жиынтық құны.

Бұл ретте, егер жер қойнауын пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес аумағы блоктарга бөлінген жер қойнауы учаскесіне

берілген жағдайда қол қою бонусының бастапқы мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған күнге немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10 еселенген мөлшеріне, үш жүзінші блоктан кейінгі әрбір блок үшін ұлғаяды;

егер жер қойнауын пайдалану құқығы көмірсутектердің бекітілген және бекітілмеген қорлары бір мезгілде болатын аумағы блоктарға бөлінген жер қойнауы учаскесіне берілсе, онда қол қою бонусының бастапқы мөлшері тиісінше көмірсутектердің бекітілген және бекітілмеген қорлары үшін осы тармақшада айқындалған тәртіппен айқындалады. Бұл ретте қол қою бонусының бастапқы мөлшерінің жалпы сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған күнге немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10 000 еселенген мөлшерінен кем болмауға тиіс;

техногендік минералдық түзілімдерді игеруге арналған келісімшарттарды және пайдалы қатты қазбаларды өндіруге, кен іздеушілікке арналған лицензияларды қоспағанда, минералды шикізатты өндіруге және бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттар үшін:

егер қорлар бекітілмеген болса – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған күнге немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 500 еселенген мөлшері;

егер қорлар бекітілген болса, – (Қ х 0,01%) + (Қа х 0,005%) формуласы бойынша, бірақ республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған күнге немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 500 еселенген мөлшерінен кем емес, мұнда:

Қ – А, В, С1 өнеркәсіптік санаттары бойынша Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы бекіткен минералды шикізаттың жиынтық қорының құны;

Қа – әлеуетті коммерциялық объектінің және болжамдық ресурстардың қорларын жедел есептеу үшін Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия бекіткен және (немесе) көрсетілген комиссия қорытындысында назарға алынған С2 санатындағы минералды

шикізаттың алдын ала бағаланған қорларының жиынтық құны;

кең таралған пайдалы қазбаларға, жерасты сулары мен емдік балшыққа арналған келісімшарттар үшін – (Қ х 0,01%) формуласы бойынша, бірақ республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған күнге немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 120 еселенген мөлшерінен кем емес;

3) техногендік минералдық түзілімдерді қайта өңдеуге арналған келісімшарттар үшін – ($Қ_1$ х 0,01%) формуласы бойынша, бірақ республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған күнге немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 300 еселенген мөлшерінен кем емес;

4) сарқынды суларды ағызу үшін жер қойнауын барлауға, сондай-ақ барлауға және (немесе) өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттар үшін – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған күнге немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 400 еселенген мөлшері.

2. Пайдалы қазбалар қорларының құны:

1) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген шикі газды қоспағанда, көмірсутектер үшін – қол қою бонусы төленген күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы қолданыла отырып, конкурс шарттары жарияланған күнге немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күннің алдындағы күнге осы Кодекстің 741-бабына сәйкес көмірсутектердің шетел валютасындағы баға белгіленімінің орташа арифметикалық мәні негізінде айқындалады. Бұл ретте көмірсутектердің Қазақстан Республикасының осы мақсаттар үшін уәкілеттік берілген мемлекеттік органы бекіткен қорларының құнын айқындау үшін мәні көрсетілген күнге ең жоғары болып табылатын, осы Кодекстің 741-бабының 3-тармағында көрсетілген мұнайдың стандартты сұрыпының баға белгіленімінің орташа арифметикалық мәні пайдаланылады;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын баға бойынша Қазақстан Республикасының ішкі нарығына өндірілген шикі газды берудің ең

аз көлемі туралы жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелері көзделген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша шикі газ үшін мына формула бойынша:

Қ = V1 х Б1 + V2 х Б2, мұнда:

V1 – Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізілуге жататын А, В, С1 өнеркәсіптік санаттары бойынша Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы бекіткен шикі газ қорларының көлемі;

V2 – V1-ді қоспағанда, А, В, С1 өнеркәсіптік санаттары бойынша Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы бекіткен шикі газ қорларының көлемі;

Б1 – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын баға;

Б2 – осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес айқындалатын, шикі газ бағасы белгіленімінің орташа арифметикалық мәні;

ҚА = V1 х Б1 + V2 х Б2, мұнда:

V1 – Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізуге жататын, әлеуетті коммерциялық объектінің және Қ3 санатының болжамдық ресурстарының қорларын жедел есептеу үшін Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы бекіткен және (немесе) көрсетілген Комиссия қорытындысында назарға алынған Қ2 санатындағы шикі газ қорларының көлемі;

V2 – V1-ді қоспағанда, әлеуетті коммерциялық объектінің және Қ3 санатының болжамдық ресурстарының қорларын жедел есептеу үшін Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы бекіткен және (немесе) көрсетілген Комиссия қорытындысында назарға алынған Қ2 санатындағы шикі газ қорларының көлемі;

Б1 – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын баға;

Б2 – осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес айқындалатын, шикі газ бағасы белгіленімінің орташа арифметикалық мәні;

3) осы Кодекстің 745-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген пайдалы қазбалар үшін – қол қою бонусы төленген күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы қолданыла отырып, конкурс шарттары жарияланған күннің немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күннің алдындағы күнге осы Кодекстің 745-бабына сәйкес пайдалы қазбаның шетел валютасындағы баға белгіленімінің орташа арифметикалық мәні негізінде айқындалады.

Конкурс шарттары жарияланған күннің немесе тікелей келіссоздер хаттамасына қол қойылған күннің алдындағы күні пайдалы қазбалардың тиісті түрлері бағаларының ресми белгіленімі жарияланбаған жағдайда бұрын

осындай бағалар белгіленімі жарияланған соңғы күн бағаларыпың ресми белгіленімдері пайдаланылады.

Егер пайдалы қазбаларға биржалық баға белгіленбеген жағдайда пайдалы қазбалардың тиісті түрлерін өндіруге арналған келісімшарттар үшін қол қою бонусының бастапқы мөлшері осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында белгіленген ең төмен мөлшерде белгіленеді.

3. Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға конкурс өткізілгенге дейін қол қою бонусының бастапқы мөлшері құзыретті органның конкурстық комиссиясының шешімі бойынша ұлғайтылуы мүмкін.

4. Қол қою бонусының бастапқыдан төмен емес сомадағы түпкілікті мөлшерін жер қойнауын пайдалану құқығын алуға өткізілген конкурстың нәтижелері бойынша конкурстық комиссия шешімімен белгілейді немесе жер қойнауын пайдаланушымен тікелей келіссөздер жүргізу нәтижелері бойынша құзыретті орган белгілейді және ол жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа енгізіледі.

5. Келісімшарт аумағы (жер қойнауы учаскесі) кеңейтілген кезде қол қою бонусының мөлшері мынадай тәртіппен:

1) егер кеңейтілетін келісімшарт аумағында (жер қойнауы учаскесінде) пайдалы қазбалар қорлары бекітілсе – осындай қорлардың көлеміне қатысты осы баптың 1 және 2-тармақтарында айқындалған тәртіппен пайдалы қазбалар түріне қарай;

2) егер кеңейтілетін келісімшарт аумағында (жер қойнауы учаскесінде) пайдалы қазбалардың қорлары бекітілмесе:

көмірсутектер бойынша келісімшарттар үшін – келісімшарт аумағының (жер қойнауы учаскесінің) кеңейту коэффициенті мен осы келісімшарт бойынша қол қою бонусының бастапқы сомасының көбейтіндісі ретінде айқындалады. Келісімшарт аумағының (жер қойнауы учаскесінің) кеңейту коэффициенті келісімшарт аумағы (жер қойнауы учаскесі) кеңейтілетін алаң мөлшерінің келісімшарт аумағы (жер қойнауы учаскесі) алаңының бастапқы мөлшеріне қатынасы ретінде үтірден кейін төрт белгіге дейінгі дәлдікпен айқындалады.

Бұл ретте, егер келісімшарт аумағының (жер қойнауы учаскесінің) кеңейту коэффициентінің мәні 0,1-ден асқан жағдайда, оның кеңейтілу жағдайларының санына қарамастан, осындай асып кетуге келетін қол қою бонусының мөлшеріне 3 коэффициенті қолданылады;

минералды шикізат, кең таралған пайдалы қазбалар, жерасты сулары және емдік балшық бойынша келісімшарттар үшін – пайдалы қазбалардың тиісті түрлері үшін осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында белгіленген ең төмен мөлшерде айқындалады.

6. Осы бапта белгіленген қол қою бонусын есептеу тәртібі аукцион нәтижелерін бойынша берілетін барлауға немесе өндіруге арналған лицензияларға қолданылады.

727-бап. Аукцион нәтижелері бойынша берілетін лицензияларды қоспаганда, геологиялық зерделеуге, кен іздеушілікке, пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензиялар бойынша қол қою бонусын есептеу ерекшеліктері

Аукцион нәтижелері бойынша берілетін лицензияларды қоспағанда, геологиялық зерделеуге, кен іздеушілікке, пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензиялар бойынша қол қою бонусының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және қол қою бонусын төлейтін күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткішті білдіретін мөлшерлеме негізге алына отырып есептеледі:

№	Атауы	Мөлшерлеме АЕК-пен
1	2	3
1.	Барлауға арналған лицензия	100
2.	Өндіруге арналған лицензия	50
3.	Кен іздеушілікке арналған лицензия:	
3.1.	берілген аумақтың алаңы 0,3 км2-ге дейін болған кезде	9
3.2.	берілген аумақтың алаңы 0,3-тен 0,5 км2-ге дейін болған кезде	12
3.3.	берілген аумақтың алаңы 0,5-тен 0,7 км2-ге дейін болған кезде	15
4.	Геологиялық зерделеуге арналған лицензия	2000

728-бап. Салықтық кезең

Қол қою бонусын төлеу мерзімі басталатын күнтізбелік тоқсан қол қою бонусы бойынша салықтық кезең болып табылады.

729-бап. Қол қою бонусын толеу мерзімдері

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, қол қою бонусы бюджетке салық төлеушінің тұрған жеріндегі салық төлеуші конкурс жеңімпазы деп жарияланған күннен немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмей төленеді.

2. Пайдалы қатты қазбаларды геологиялық зерделеуге, барлауға немесе өндіруге арналған лицензиялар бойынша қол қою бонусы салық төлеушінің

тұрған жеріндегі бюджетке осындай лицензия берілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей төленеді.

Пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензиялар бойынша қол қою бонусының төленген сомасын қайтару, есепке жатқызу жүргізілмейді.

3. Келісімшарт аумағы (жер қойнауы учаскесі) кеңейтілген кезде қол қою бонусы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен осындай кеңейту туралы өзгерістер енгізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей салық төлеушінің тұрған жеріндегі бюджетке төленеді.

4. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды және гидроқұрылыстарды салу (реконструкциялау) және жөндеу кезінде пайдаланылатын кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығына жазбаша рұқсат алу кезінде қол қою бонусы Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес осындай рұқсат алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей салық төлеушінің тұрған жеріндегі бюджетке төленеді.

730-бап. Салық декларациясы

Қол қою бонусы бойынша декларацияны жер қойнауын пайдаланушы тұрған жеріндегі салық органына салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 15-күніне дейін тапсырады.

84-тарау. ТАРИХИ ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ БОЙЫНША ТӨЛЕМ

731-бап. Жалпы ережелер

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасалғанға дейін келісімшарт аумағын (жер қойнауы учаскесін) геологиялық зерделеуге және кен орындарын барлауға мемлекет шеккен жиынтық шығындарды өтеу бойынша жер қойнауын пайдаланушының тіркелген төлемі тарихи шығындарды өтеу бойынша толем болып табылады.

732-бап. Төлеушілер

Егер осы баптың 2-тармағында өзгеше белгіленбесе, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасасқанға дейін келісімшарт аумағын (жер қойнауы учаскесін) геологиялық зерделеуге және кен орындарын барлауға мемлекет шығын шеккен пайдалы қазбалардың кен орындары бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде

қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемді төлеушілер болып табылады.

2. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия шеңберінде қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы бір мезгілде мынадай талаптар сақталған кезде:

пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдаланушылар туралы заңнамасына сәйкес 2017 жылғы 31 желтоқсаннан кейін берілсе;

пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия берілген аумақ Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдаланушылар туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін берілген аумаққа жатпайтын болса, тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемді төлеуші болып табылмайды.

733-бап. Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемді белгілеу тәртібі

1. Келісімшарт аумағын (жер қойнауы учаскесін) геологиялық зерделеуге және кен орындарын барлауға мемлекет шеккен тарихи шығындар сомасын осы мақсаттар үшін уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен есептейді және аталған сома бюджетке:

1) мемлекет меншігіндегі геологиялық ақпаратты сатып алу төлемақысын шегергенде, құпиялылық туралы келісімде белгіленген мөлшердегі тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем түрінде;

2) мемлекет меншігіндегі геологиялық ақпаратты сатып алу үшін құпиялылық туралы келісімде белгіленген мөлшердегі төлемақы түрінде төлеуге жатады.

2. Тарихи шығындарды өтеу бойынша толем жөніндегі міндеттеме – жер қойнауын пайдаланушы мен жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган арасындағы құпиялылық туралы келісім жасалған күннен бастап, ал 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша құпиялылық туралы тиісті келісімдер жасалмаған, бірақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптары бойынша жасалуға тиіс, өнімді бөлу туралы келісімді қоса алганда, 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналган келісімшарттар бойынша – тарихи шығындардың мөлшерін айқындайтын жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен құпиялылық туралы келісім жасалған күннен бастап туындайды.

734-бап. Төлеу тәртібі мен мерзімдері

1. Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт аумағын (жер қойнауы учаскесін) геологиялық зерделеуге және кен орындарын барлауға мемлекет шеккен тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемді тұрған жеріндегі бюджетке коммерциялық табудан кейінгі өндіру басталған кезден бастап мынадай тәртіппен төлейді:

1) егер келісімшарт аумағын (жер қойнауы учаскесін) геологиялық зерделеуге және кен орындарын барлауға мемлекет шеккен тарихи шығындарды отеу бойынша төлемнің жалпы мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және құпиялылық туралы келісім жасалған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10 000 еселенген мөлшеріне тең немесе одан аз соманы құраса, тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қазбаларды өндіруге кіріскен жылынан кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірілмей төленеді;

2) егер келісімшарт аумағын (жер қойнауы учаскесін) геологиялық зерделеуге және кен орындарын барлауға мемлекет шеккен тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемнің жалпы мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және құпиялылық туралы келісім жасалған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10 000 еселенген мөлшерінен асатын соманы құраса, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және құпиялылық туралы келісім жасалған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2 500 еселенген мөлшеріндегі сомаға барабар сомадан кем болуы мүмкін соңғы үлестің сомасын қоспағанда, тарихи шығындарды отеу бойынша төлемді жер қойнауын пайдаланушы тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірмей республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және құпиялылық туралы келісім жасалған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2 500 еселенген мөлшерінен кем емес сомаға барабар сомада, ұзақтығы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу мерзімінен артық емес, бірақ он жылдан аспайтын кезең ішінде тең үлеспен төлейді.

Егер 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тарихи шығындардың бюджетке өтелмеген сомасы республикалық бюджет туралы заңда 2009 жылғы 1 қаңтарға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 10 000 еселенген мөлшерінен асатын соманы құраса, республикалық бюджет туралы заңда 2009 жылғы 1 қаңтарға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 2 500 еселенген мөлшеріндегі сомаға барабар сомадан кем болуы мүмкін соңғы үлестің сомасын қоспағанда, 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған, олар бойынша жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбаларды өндіруге 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін кіріскен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемді жер қойнауын пайдаланушы тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірмей, республикалық бюджет туралы заңда 2009 жылғы

1 қаңтарға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 2 500 еселенген мөлшерінен кем емес сомаға барабар сомада, ұзақтығы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу мерзімінен артық емес, бірақ он жылдан аспайтын кезең ішінде тең үлеспен төлейді.

2. Егер келісімшарт аумағын (жер қойнауы учаскесін) геологиялық зерделеуге және кен орындарын барлауға мемлекет шеккен тарихи шығындардың сомасын Қазақстан Республикасының осы мақсаттар үшін уәкілеттік берілген мемлекеттік органы шетел валютасында белгілеген болса, онда:

1) осы бапқа сәйкес төлем төлеу тәртібін белгілеу үшін төлемнің теңгемен жалпы мөлшерін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының осы мақсаттар үшін уәкілеттік берілген мемлекеттік органы есептеген тарихи шығындар сомасы жер қойнауын пайдаланушы коммерциялық табудан кейін өндіруді бастаған есепті тоқсанның 1-күнінің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі, ал 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған, олар бойынша жер қойнауын пайдаланушы 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін пайдалы қазбаларды өндіруге кіріскен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бюджетке өтелмеген тарихи шығындар сомасы 2009 жылғы 1 қаңтардың алдындағы соңғы жұмыс күніне айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі;

2) тарихи шығындардың бюджетке өтелмеген шетел валютасындағы сомасын осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес төлеуге жататын тоқсан сайынғы төлемдердің сомасына тең бөлу мақсатында тарихи шығындардың көрсетілген сомасы мұндай күнтізбелік жылдың 1 қаңтарының алдындағы соңғы жұмыс күніне айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша әрбір күнтізбелік жылдың басында теңгемен қайта есептеледі.

3. Пайдалы қазбалардың кен орындарына оларды кейіннен өндіруді көздемейтін барлау жүргізуге жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша тарихи шығындарды өтеу төлемі төленбейді.

735-бап. Салық декларациясы

1. Егер келісімшарт аумағын (жер қойнауы учаскесін) геологиялық зерделеуге және кен орындарын барлауға мемлекет шеккен тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемнің жалпы мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және құпиялылық туралы келісім жасалған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10 000 еселенген мөлшеріне тең немесе одан кем соманы құраса, онда жер қойнауын пайдаланушы тұрған жеріндегі салық органына декларацияны жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қазбаларды өндіруге кіріскен жылынан кейінгі жылдың

31 наурызынан кешіктірмей тапсырады.

2. Егер келісімшарт аумағын (жер қойнауы учаскесін) геологиялық зерделеуге және кен орындарын барлауға мемлекет шеккен тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемнің жалпы мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және құпиялылық туралы келісім жасалған күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10 000 еселенген мөлшерінен асатын соманы құраса, онда жер қойнауын пайдаланушы тұрған жеріндегі салық органына декларацияны тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей тапсырады.

2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған, олар бойынша жер қойнауын пайдаланушы 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін пайдалы қазбаларды өндіруге кіріскен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша, егер 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тарихи шығындардың бюджетке өтелмеген сомасы 2009 жылғы 1 қаңтарға республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 10 000 еселенген мөлшерінен асатын соманы құраса, онда декларацияны жер қойнауын пайдаланушы тұрған жеріндегі салық органына тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей тапсырады.

85-тарау. ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУ САЛЫҒЫ

736-бап. Жалпы ережелер

1. Жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбаларды өндіру салығын Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін минералды шикізаттың, көмірсутектердің, жерасты сулары мен емдік балшықтың әрбір түрі бойынша жеке төлейді.

2. Жүргізілетін өндіру түріне қарамастан, өндірілетін минералды шикізаттың, көмірсутектердің, жерасты суларының және емдік балшықтың барлық түрлері бойынша пайдалы қазбаларды өндіру салығы осы тарауда белгіленген мөлшерлемелер бойынша және тәртіппен төленеді.

3. Салықтық кезең үшін өндірілген көмірсутектердің, жерасты суларының, емдік балшық пен пайдалы қазбалардың айналыстан шыққан қорларының жалпы көлемінен пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу мақсатында кен орындары бойынша есептен шығарылған (шығынды қайтару) қорлар құрамынан алынатын пайдалы қазбалардың көлемі, сондай-ақ технологиялық сынап көру мен зерттеулер жүргізу үшін берілген көмірсутектердің, минералды шикізаттың, жерасты сулары мен емдік балшықтың көлемі алып тастауға жатады. Технологиялық сынап көру мен зерттеулер жүргізу үшін берілетін көмірсутектердің, минералды шикізаттың, жерасты сулары мен емдік балшықтың көлемі көмірсутектердің, минералды шикізаттың, жерасты сулары мен емдік балшықтың тиісті түрлері (сұрыптары)

үшін ұлттық стандарттарда көрсетілген технологиялық сынамалардың ең төмен массасымен шектеледі.

737-бап. Төлеу ерекшеліктері

1. Пайдалы қазбаларды өндіру салығы, осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, ақшалай нысанда төленеді.

2. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыру барысында пайдалы қазбаларды өндіру салығын төлеудің ақшалай нысаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша уәкілетті мемлекеттік орган мен жер қойнауын пайдаланушының арасында жасалатын қосымша келісімде айқындалған тәртіппен заттай нысанға ауыстырылуы мүмкін.

Осы Кодексте белгіленген пайдалы қазбаларды өндіру салығын, сондай-ақ осы Кодекстің 722-бабының 1-тармағында көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда белгіленген роялтиді және Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесін заттай нысанда төлеу тәртібі осы Кодекстің 88-тарауында белгіленген.

738-бап. Төлеушілер

Кен іздеушілікке арналған лицензия шеңберінде ғана қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға жасалған әрбір жекелеген келісімшарт шеңберінде олар бойынша пайдалы қазбаларды өндіру салығы және (немесе) роялти төленбеген техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбалар алуды қоса алғанда, көмірсутектерді, минералды шикізатты, жерасты сулары мен емдік балшықты өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар пайдалы қазбаларды өндіру салығын төлеушілер болып табылады.

1-параграф. Көмірсутектерге арналған пайдалы қазбаларды өндіру салығы

739-бап. Салық салу объектісі

1. Жер қойнауын пайдаланушы салықтық кезеңде өндірген көмірсутектердің нақты көлемі пайдалы қазбаларды өндіруге салық салу объектісі болып табылады.

2. Пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу мақсатында жер қойнауын пайдаланушы салықтық кезеңде өндірген көмірсутектердің жалпы көлемі:

1) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытына қайта өңдеу үшін өткізілген мұнай – жер қойнауын пайдаланушы

салықтық кезеңде жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт шеңберінде өндірген және жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытына не Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытына кейіннен өткізу үшін үшінші тұлғаға өткізген мұнайдың көлемі;

2) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытына қайта өңдеу үшін алыс-беріс шикізаты ретінде берілген мұнай – жер қойнауын пайдаланушы салықтық кезеңде жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт шеңберінде өндірген және жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытына қайта өңдеу үшін алыс-беріс шикізаты ретінде берген не Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытына қайта өңдеу үшін алыс-беріс шикізаты ретінде кейіннен беру үшін үшінші тұлғаға өткізген мұнайдың көлемі;

3) жер қойнауын пайдаланушы өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланған мұнай – жер қойнауын пайдаланушы салықтық кезең үшін жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт шеңберінде өндірген, салықтық кезең ішінде өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланған мұнайдың көлемі;

4) осы Кодекстің 88-тарауына сәйкес мемлекет атынан алушыға пайдалы қазбаларды өндіру салығын, экспортқа рента салығын, роялтиді және Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесін төлеу есебіне жер қойнауын пайдаланушы заттай нысанда берген мұнай;

5) Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізілген және (немесе) өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланылған шикі газ болып бөлінеді.

Егер осы тармақшада өзгеше белгіленбесе, осы бөлімнің мақсаттарында өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланылған шикі газ деп жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде өндірген және көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттарға сәйкес осы келісімшарт шеңберінде:

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде көмірсутектер дайындауда отын ретінде;

технологиялық және коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждықтар үшін;

ұңғыма сағасында мұнайды қыздыру үшін және бекітілген жобалау құжаттарына сәйкес мұнайды өндіру және сақтау орнынан магистральдық құбыржолға және (немесе) көліктің басқа түріне ауыстырып тиеу орнына дейін тасымалдау кезінде;

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын электр энергиясын өндіру үшін;

осы баптың 5-тармағында көзделген жер қойнауына кері айдау жағдайларын қоспағанда, бекітілген жобалау құжаттарында көзделген көлемде жер қойнауына кері айдау үшін;

көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган бекіткен жобалау құжаттарында көзделген көлемде өндіруші мұнай ұңғымаларын пайдаланудың газлифтілік (механикаландырылған) тәсілі мақсатында пайдаланылған шикі табиғи газ танылады.

Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде өндірген және осы жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған басқа келісімшарт шеңберінде мұнай-газ аймақтарында қабат қысымын ұстап тұру мақсатында бекітілген жобалау құжаттарында көзделген көлемде жер қойнауына кері айдау үшін пайдаланылған шикі газ да өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланылған шикі газ деп танылады;

6) Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізілген сұйытылған мұнай газына сәйкес келетін көлемде сұйытылған мұнай газын өндіру үшін пайдаланылған ілеспе газ болып бөлінеді. Бұл ретте сұйытылған мұнай газының мұндай көлемін көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган бекітеді және Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау саласындағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізу үшін міндетті болып табылады;

7) жүзеге асырылуы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі – жер қойнауын пайдаланушы пайдаланған шикі газ;

8) тауарлы көмірсутектер – егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, осы тармақтың 1) – 7) тармақшаларында көрсетілген мұнай, шикі газ және ілеспе газ көлемдерін шегере отырып, жер қойнауын пайдаланушы салықтық кезеңде жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт шеңберінде өндірген көмірсутектердің жалпы көлемі болып бөлінеді.

3. Осы баптың 2-тармағының 5) және 6) тармақшаларына сәйкес өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланылған шикі газдың және (немесе) сұйытылған мұнай газын өндіру үшін пайдаланылған ілеспе газдың көлемі деп көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттарда көрсетілген көлемдер шегінде осындай пайдаланылған табиғи және (немесе) ілеспе газдың нақты көлемі танылады.

4. Осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытына не Қазақстан Республикасының аумагында орналасқан мұнай оңдеу зауытына кейіннен өткізу үшін үшінші тұлғаға өткізуді және осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытына қайта өңдеу үшін алыс-беріс шикізаты ретінде беруді не Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытына қайта өңдеу үшін алыс-беріс шикізаты ретінде кейіннен беру үшін үшінші тұлғаға өткізуді растау үшін жер қойнауын пайдаланушыда мұнайдың нақты көлемін және тиісті көлемін Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытының қабылдау

фактісін растайтын коммерциялық және тауарға ілеспе құжаттары түпнұсқаларының немесе олардың нотариат куәландырған көшірмелерінің, ал осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытына не Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытына кейіннен өткізу үшін үшінші тұлғаға өткізуді растау үшін – тиісті көлемі үшін Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытының нақты сатып алу бағасын растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе олардың нотариат куәландырған көшірмелерінің болуы міндетті.

Мұндай құжаттардың түпнұсқалары немесе олардың нотариат куәландырған көшірмелері болмаган жағдайда мұнайдың тиісті көлемі пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу мақсаттары үшін тауарлы көмірсутектер ретінде қаралады.

5. Пайдалы қазбаларды өндіру салығы бекітілген жобалау құжаттарында көзделген мұнай алу коэффициентін ұлғайту мақсатында жер қойнауына кері айдалатын көлемдегі шикі газ бойынша төленбейді.

740-бап. Салықтық база

Салықтық кезеңде өндірілген көмірсутектер көлемінің құны пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу үшін салықтық база болып табылады.

741-бап. Көмірсутектердің құнын айқындау тәртібі

1. Пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу мақсатында салықтық кезеңде өндірілген мұнайдың құны мынадай тәртіппен:

1) жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытына не Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытына кейіннен өткізу үшін үшінші тұлғаға өткізген кезде – жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытына не Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытына кейіннен өткізу үшін үшінші тұлғаға өткізген мұнайдың нақты көлемі мен Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытының өнімнің бір бірлігі үшін нақты сатып алу бағасының көбейтіндісі ретінде;

2) жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытына қайта өңдеу үшін алыс-беріс шикізаты ретінде берген не Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай оңдеу зауытына қайта өңдеу үшін алыс-беріс шикізаты ретінде кейіннен беру үшін үшінші тұлғаға өткізген және (немесе) жер қойнауын пайдаланушы өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланған кезде – жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының аумағында

орналасқан мұнай өңдеу зауытына алыс-беріс шикізаты ретінде қайта өңдеу үшін берген не Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауытына алыс-беріс шикізаты ретінде кейіннен беру үшін үшінші тұлғаға өткізілген және (немесе) жер қойнауын пайдаланушы өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланған мұнайдың нақты көлемі мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын дайындауды қоса алғанда, өнім бірлігін өндірудің 20 пайызға ұлғайтылған өзіндік құнының көбейтіндісі ретінде;

3) жер қойнауын пайдаланушы мемлекет атынан алушыға пайдалы қазбаларды өндіру салығын, экспортқа рента салығын, роялтиді және Қазақстан Республикасының өнімді бөлу жөніндегі үлесін төлеу есебіне мұнайды заттай нысанда берген кезде – осы Кодекстің 88-тарауына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы мемлекет атынан алушыға пайдалы қазбаларды өндіру салығын, экспортқа рента салығын, роялтиді және Қазақстан Республикасының өнімді бөлу жөніндегі үлесін төлеу есебіне заттай нысанда берілген мұнайдың нақты көлемі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен белгіленген беру бағасының көбейтіндісі ретінде айқындалады.

2. Жер қойнауын пайдаланушы салықтық кезеңде жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт шеңберінде өндірген тауарлы көмірсутектердің құны өндірілген тауарлы көмірсутектердің көлемі мен осы баптың 3-тармағында айқындалған тәртіппен салықтық кезең үшін есептелген өнімнің бірлігі үшін әлемдік бағаның көбейтіндісі ретінде айқындалады.

3. Мұнайдың әлемдік бағасы салықтық кезеңдегі бағалардың күн сайынғы белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәні мен тиісті салықтық кезеңдегі валюта айырбастаудың орташа арифметикалық нарықтық бағамының көбейтіндісі ретінде төменде келтірілген формула бойынша айқындалады.

Осы тармақтың мақсаттары үшін бағаның белгіленімі «The Mcgraw-Hill Companies Inc» компаниясының «Platts Crude Oil Marketwire» дереккөзінде жарияланған ақпарат негізінде салықтық кезеңде «Юралс Средиземноморье» (Urals Med) немесе «Датированный Брент» (Brent Dtd) мұнайының стандартты сұрыпының әрбірін жеке алғанда шетел валютасындағы мұнай бағасының белгіленімін білдіреді.

Осы дереккөзде шикі мұнайдың көрсетілген стандартты сұрыптарына бағалар туралы ақпарат болмаған кезде шикі мұнайдың көрсетілген стандартты сұрыптарына бағалар:

«Argus Media Ltd» компаниясының «Argus Crude» дереккөзінің деректері бойынша;

жоғарыда көрсетілген дереккөздерде шикі мұнайдың көрсетілген стандартты сұрыптарына бағалар туралы ақпарат болмаған кезде – Қазақстан

Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында айқындалатын басқа да дереккөздердің деректері бойынша пайдаланылады.

Мұнайдың әлемдік бағасын айқындау үшін өлшем бірліктерін өндірілген мұнайдың өлшемнің стандартты жағдайларына және мұнайдың паспортта көрсетілген сапасына келтірілген нақты тығыздығы мен температурасын есепке ала отырып, баррельден метрикалық тоннаға ауыстыру техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен ұлттық стандартқа сәйкес жүргізіледі.

Бұл ретте пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу мақсатында өлшем бірліктерін метрикалық тоннадан баррельге ауыстыру баррельдеудің орташа өлшемді коэффициенті негізінде мына формула бойынша жүзеге асырылады:

К барр. орт.өлш. = (V тонна 1 х К барр.1 + V тонна 2… х К барр.2... + V тонн n х К барр.n) / V тонна Σ, мұнда:

К барр. орт.өлш. – үтірден кейінгі төрт белгіге дейінгі дәлдікпен есептелетін баррельдеудің орташа өлшемді коэффициенті;

V тонна – мұнай өнімдерінің әрбір партиясының көлемі;

К барр.1, К барр.2 ... + К барр.п – өндірілген мұнайдың әрбір тиісті партиясы бойынша сапа паспортында көрсетілген баррельдеу коэффициенттері;

V тонна Σ – метрикалық тоннаны білдіретін салықтық кезең үшін өндірілген мұнайдың жалпы көлемі.

Мұнайдың әлемдік бағасы мына формула бойынша айқындалады:

$$S = \frac{P_1 + P_2 + \ldots + P_n}{n} \times E,$$

мұнда:

S –мұнайдың салықтық кезең үшін әлемдік бағасы;

P1, P2 ..., Pn – салықтық кезең ішінде бағалардың белгіленімдері жарияланған күндері бағалардың күн сайынғы орташа арифметикалық белгіленімі;

Е – тиісті салықтық кезең үшін валюта айырбастаудың орташа арифметикалық нарықтық бағамы;

n – бағалардың белгіленімдері жарияланған салықтық кезеңдегі күндердің саны.

Бағалардың күн сайынғы орташа арифметикалық белгіленімі мына формула бойынша айқындалады:

$$P_n = \frac{C_{n1} + C_{n2}}{2},$$

мұнда:

Pn - бағалардың күн сайынғы орташа арифметикалық белгіленімі;

Cn1 – «Юралс Средиземноморье» (Urals Med) немесе «Датированный Брент» (Brent Dtd) шикі мұнайы стандартты сұрыпы бағасының күн сайынғы

белгіленімінің төменгі мәні (min);

Cn2 – «Юралс Средиземноморье» (Urals Med) немесе «Датированный Брент» (Brent Dtd) шикі мұнайы стандартты сұрыпы бағасының күн сайынғы белгіленімінің жоғары мәні (max).

Жер қойнауын пайдаланушы «Юралс Средиземноморье» (Urals Med) немесе «Датированный Брент» (Brent Dtd) мұнайының белгілі бір стандартты сұрыпына мұнайды жатқызуды мұнайды беруге арналған шарттар негізінде жүргізеді. Беруге арналған шартта мұнайдың стандартты сұрыпы көрсетілмесе немесе жоғарыда көрсетілген стандартты сұрыптарға қатысы жоқ мұнай сұрыпы көрсетілген жағдайда жер қойнауын пайдаланушы осындай шарт бойынша берілген мұнай көлемін әлемдік орташа бағасы салықтық кезең үшін ең жоғары болып табылатын мұнайдың сұрыпына жатқызуға міндетті.

4. Шикі газға әлемдік баға халықаралық өлшем бірліктерін бекітілген коэффициентке сәйкес текше метрге ауыстыру ескеріле отырып, салықтық кезең үшін бағалардың шетел валютасындағы күн сайынғы белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәні мен тиісті салықтық кезең үшін валюта айырбастаудың орташа арифметикалық нарықтық бағамының көбейтіндісі ретінде төменде келтірілген формула бойынша айқындалады.

Осы тармақтың мақсаттары үшін бағаның белгіленімі «The Mcgraw-Hill Companies Inc» компаниясының «Platts European Gas Daily» дереккөзінде жарияланған ақпарат негізінде «Zeebrugge Day-Ahead» табиғи газы бағасының салықтық кезеңде шетел валютасындағы белгіленімін білдіреді.

Осы дереккөзде «Zeebrugge Day-Ahead» табиғи газына баға туралы ақпарат болмаған кезде «Zeebrugge Day-Ahead» табиғи газына баға:

1) «Argus Media Ltd» компаниясының «Argus European Natural Gas» дереккөзінің деректері бойынша;

2) жоғарыда көрсетілген дереккөздерде «Zeebrugge Day-Ahead» табиғи газына баға туралы ақпарат болмаған кезде Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында айқындалған басқа да дереккөздердің деректері бойынша пайдаланылады.

Шикі газдың әлемдік бағасы мына формула бойынша айқындалады:

$$S = \frac{P_1 + P_2 + \ldots + P_n}{n} \times E,$$

мұнда:

S – шикі газдың салықтық кезең үшін әлемдік бағасы;

P1, P2..., Pn – салықтық кезең ішінде бағалардың белгіленімі жарияланған күндері бағалардың күн сайынғы орташа арифметикалық белгіленімі;

E – тиісті салықтық кезең үшін валюта айырбастаудың орташа арифметикалық нарықтық бағамы;

n – бағалардың белгіленімі жарияланған салықтық кезеңдегі күндердің саны.

Бағалардың күн сайынғы орташа арифметикалық белгіленімі мына формула бойынша айқындалады:

$$P_n = \frac{C_{n1} + C_{n2}}{2},$$

мұнда:

Pn – бағалардың күн сайынғы орташа арифметикалық белгіленімі;

Cn1 – «Zeebrugge Day-Ahead» табиғи газы бағасының күн сайынғы белгіленімінің төменгі мәні (min);

Cn2 – «Zeebrugge Day-Ahead» табиғи газы бағасының күнделікті белгіленімінің жоғары мәні (max).

5. Жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу мақсатында Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізген және (немесе) өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланған шикі газдың, сұйытылған мұнай газын өндіру үшін пайдаланылған ілеспе газдың, сондай-ақ индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі – жер қойнауын пайдаланушы пайдаланған шикі газдың құны мынадай тәртіппен:

1) жер қойнауын пайдаланушы өндірген шикі газды Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізу кезінде – осы Кодекстің 745-бабының 7-тармағына сәйкес айқындалатын салықтық кезең үшін қалыптасқан өткізудің орташа өлшемді бағасының негізінде;

2) осы Кодекстің 739-бабы 2-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген шарттарға сәйкес сұйытылған мұнай газын өндіру үшін өндірілген ілеспе газды пайдалану кезінде және (немесе) өндірілген шикі газды өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдалану кезінде – мыналардың:

сұйытылған мұнай газын өндіру үшін пайдаланылған ілеспе газдың нақты көлемі мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын дайындауды қоса алғанда, өнім бірлігін өндірудің 20 пайызға ұлғайтылған өндірістік өзіндік құнының;

жер қойнауын пайдаланушы өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланған шикі газдың нақты көлемі мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын дайындауды қоса алғанда, өнім бірлігін өндірудің 20 пайызға ұлғайтылған өндірістік өзіндік құнының көбейтіндісі ретінде айқындалады.

Егер шикі газ мұнаймен ілестіріле өндірілсе, шикі газды өндірудің өзіндік өндірістік құны дайындауды қоса алғанда, мұнайды өндірудің өндірістік өзіндік құны негізінде:

шикі газдың бір мың текше метрі 0,857 тонна мұнайға сәйкес келетін арақатынасында айқындалады;

3) осы Кодекстің 739-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында

көрсетілген шарттарға сәйкес индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі-жер қойнауын пайдаланушы өндірген шикі газды пайдалану кезінде – индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі-жер қойнауын пайдаланушы пайдаланған шикі газдың нақты көлемі мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын дайындауды қоса алғанда, өнім бірлігін өндірудің 20 пайызға ұлғайтылған өндірістік өзіндік құнының көбейтіндісі ретінде айқындалады.

6. Уәкілетті орган көмірсутектердің стандартты сұрыптарының әлемдік бағасын осы Кодексте айқындалған тәртіппен әрбір салықтық кезең бойынша айқындайды және ол есепті салықтық кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады.

742-бап. Салықты есептеу тәртібі

1. Бюджетке төленуге жататын пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы салық салу объектілерінің, салықтық база мен мөлшерлеменің негізінде айқындалады.

2. Пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу үшін жер қойнауын пайдаланушы күнтізбелік жыл ішінде осы Кодекстің 743-бабында келтірілген шәкілге сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жекелеген келісімшарт бойынша ағымдағы салықтық жылға арналған өндірудің жоспарланған көлеміне сәйкес келетін мөлшерлемені қолданады.

Бұл ретте жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарттың шеңберінде жер қойнауын пайдалану құқығы берілген (ауыстырылған) жағдайда жер қойнауын пайдалануға арналған осындай келісімшарт бойынша өндірудің жалпы мәлімделген жылдық көлеміне сәйкес келетін пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемесі, жер қойнауын пайдалану құқығын беру (ауыстыру) фактісіне қарамастан, қолданылады.

Пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеудің дұрыстығын және бюджетке толық төленуін қамтамасыз ету мақсатында көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жекелеген келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушылар бөлінісінде көмірсутектерді өндірудің алдағы жылға жоспарланатын көлемдері туралы мәліметтерді салық органына ағымдағы күнтізбелік жылдың 20 қаңтарына дейін ұсынады.

3. Егер есепті күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша өндірілген көмірсутектердің нақты көлемі осындай келісімшарт бойынша жоспарланған көлемге сәйкес келмесе және пайдалы қазбаларды өндіру салығы мөлшерлемелерінің өзгеруіне алып келсе, жер қойнауын пайдаланушы есепті

жыл үшін есептелген пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасын түзетуді жүргізуге міндетті.

Пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасын түзету есепті салықтық жылдың соңғы салықтық кезең үшін декларацияда осы Кодекстің 743-бабына сәйкес айқындалған өндірілген көмірсутектердің нақты көлеміне сәйкес келетін пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемесін есепті салықтық жылдың 1 – 3-тоқсандары үшін пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша декларацияларда есептелген салықтық базаға қолдану арқылы жүргізіледі.

Жүргізілген түзетулер ескерілетін пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы есепті жылдың соңғы салықтық кезеңде пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша салықтық міндеттеме болып табылады.

743-бап. Пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелері

1. Егер осы баптың 2-тармағында өзгеше белгіленбесе, мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелері тіркелген мәнде мынадай шәкіл бойынша белгіленеді:

Р/с №	Жылдық өндіру көлемі	Мөлшерлемелер, %-бен
1	2	3
1.	250 000 тоннаны қоса алғанға дейін	5
2.	500 000 тоннаны қоса алғанға дейін	7
3.	1 000 000 тоннаны қоса алғанға дейін	8
4.	2 000 000 тоннаны қоса алғанға дейін	9
5.	3 000 000 тоннаны қоса алғанға дейін	10
6.	4 000 000 тоннаны қоса алғанға дейін	11
7.	5 000 000 тоннаны қоса алғанға дейін	12
8.	7 000 000 тоннаны қоса алғанға дейін	13
9.	10 000 000 тоннаны қоса алғанға дейін	15
10.	10 000 000 тоннадан жоғары	18

Мұнайды Қазақстан Республикасының ішкі нарығында, оның ішінде заттай нысанда пайдалы қазбаларды өндіру салығын, экспортқа рента салығын, роялтиді және Қазақстан Республикасының өнімді бөлу жөніндегі үлесін төлеу есебіне мемлекет атынан алушыға өткізген және (немесе) берген жағдайда немесе осы Кодекстің 739-бабы 2-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында айқындалған тәртіппен өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланған жағдайда белгіленген мөлшерлемелерге 0,5 төмендету коэффициенті қолданылады.

Шикі газға пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемесі

10 пайызды құрайды.

Ішкі нарықта шикі газды өткізу кезінде пайдалы қазбаларды өндіру салығы жылдық өндіру көлеміне қарай мынадай мөлшерлемелер бойынша төленеді:

Р/с №	Жылдық өндіру көлемі	Мөлшерлемелер, %-бен
1	2	3
1.	1,0 млрд. текше м-ді қоса алғанға дейін	0,5
2.	2,0 млрд. текше м-ді қоса алғанға дейін	1,0
3.	2,0 млрд. текше м-ден жоғары	1,5

2. Рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз, игерілген санаттарына жатқызылатын кен орындары (кен орындары тобы, кен орындарының бір бөлігі) үшін мұнайға арналған пайдалы қазбаларды өндіру салығы мөлшерлемелерін көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2-параграф. Кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, минералды шикізатқа арналған пайдалы қазбаларды өндіру салығы

744-бап. Салық салу объектісі

Минералды шикізаттың құрамындағы пайдалы қазбалар қорларының физикалық көлемі (айналыстан шыққан қорлардың салық салынатын көлемі) салық салу объектісі болып табылады.

Осы бөлімнің мақсаттары үшін салықтық кезеңде нормаланатын ысыраптардың көлемі шегеріле отырып, минералды шикізат құрамындағы пайдалы қазбалардың айналыстан шыққан қорларының көлемі айналыстан шыққан қорлардың салық салынатын көлемі болып табылады.

Нормаланатын ысыраптардың көлемі осы мақсаттар үшін уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы бекіткен кен орнын игерудің техникалық жобасы негізінде белгіленеді.

Салық салу объектісін айқындау мақсаттары үшін жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға ұсынылатын, минералды шикізат қорларының есептік және жиынтық баланстарында пайдаланылатын өлшем бірліктері қолданылады.

745-бап. Салықтық база

1. Салықтық кезеңде минералды шикізаттың құрамындағы пайдалы

қазбалардың айналыстан шыққан қорларының салық салынатын көлемінің құны пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу үшін салықтық база болып табылады.

2. Пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу мақсатында минералды шикізат:

1) құрамында осы баптың 4-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалар ғана бар минералды шикізат;

2) құрамында бір мезгілде осы баптың 4-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалар және пайдалы қазбалардың басқа да түрлері бар минералды шикізат;

3) осы баптың 4-тармағында көрсетілген пайдалы қазбаларды қоспағанда, құрамында пайдалы қазбалар бар минералды шикізат;

4) кен орнында есептен шығарылған қорлар (ысырапты қайтару) құрамынан өндірілетін минералды шикізат;

5) кен орны бойынша баланстан тыс қорлардың құрамынан өндірілетін минералды шикізат болып бөлінеді.

3. Пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу мақсатында салықтық кезең үшін минералды шикізаттың құрамындағы пайдалы қазбалардың айналыстан шыққан қорларының салық салынатын көлемінің құны:

1) осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген минералды шикізаттың айналыстан шыққан қорларының салық салынатын колемінің құрамындағы пайдалы қазбалардың құны салықтық кезең үшін осындай пайдалы қазбалардың орташа биржалық бағасы негізінде айқындалады.

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, орташа биржалық баға салықтық кезең үшін бағалардың күн сайынғы орташаландырылған белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәні мен тиісті салықтық кезең үшін валюта айырбастаудың орташа арифметикалық нарықтық бағамының көбейтіндісі ретінде төменде келтірілген формула бойынша айқындалады.

Осы баптың мақсаттары үшін бағаның белгіленімі пайдалы қазбаның шетел валютасындағы Лондон металдар биржасында немесе Лондон қымбат бағалы металдар нарығы қауымдастығында тіркелген және «Metal Bulletin Journals Limited» баспасының «Metal Bulletin» журналында, «Metal-pagesLimited» баспасының «Metal-pages» журналында жарияланатын баға белгіленімін білдіреді.

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, орташа биржалық баға мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S = \frac{P_1 + P_2 + ... + P_n}{n} \times E$$

мұнда:

S - пайдалы қазбаға салықтық кезең үшін орташа биржалық баға;

P1, P2..., Pn – салықтық кезең ішінде Лондон металдар биржасында бағалардың белгіленімі жарияланған күндері бағалардың күн сайынғы

орташаландырылған белгіленімі;

Е – тиісті салықтық кезең үшін валюта айырбастаудың орташа арифметикалық нарықтық бағамы;

n – салықтық кезеңде бағалардың белгіленімі жарияланған күндердің саны.

Пайдалы қазбаға бағалардың күн сайынғы орташаландырылған белгіленімі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$P_n = \frac{C_{n1} + C_{n2}}{2}$$

мұнда:

Рп – бағалардың күн сайынғы орташаландырылған белгіленімі;

Cn1 – пайдалы қазбаға Cash бағасының күн сайынғы белгіленімі;

Cn2 – пайдалы қазбаға Cash Settlement бағасының күн сайынғы белгіленімі.

Алтынға, платинаға, палладийге орташа биржалық баға салықтық кезеңдегі бағалардың күн сайынғы орташаландырылған белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәні мен тиісті салықтық кезең үшін валюта айырбастаудың орташа арифметикалық нарықтық бағамының көбейтіндісі ретінде мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S = \frac{P_1 + P_2 + ... + P_n}{n} \times E,$$

мұнда:

S – алтынға, платинаға, палладийге салықтық кезең үшін орташа биржалық баға;

P1, P2,..., Pn – салықтық кезең ішінде Лондон қымбат бағалы металдар нарығы қауымдастығында бағалардың белгіленімі хабарланған және жарияланған күндері алтынға, платинаға, палладийға бағалардың күн сайынғы орташаландырылған белгіленімі;

Е – тиісті салықтық кезең үшін валюта айырбастаудың орташа арифметикалық нарықтық бағамы;

n – бағалардың белгіленімі жарияланған салықтық кезеңдегі күндердің саны.

Алтынға, платинаға, палладийге бағалардың күн сайынғы орташаландырылған белгіленімі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$P_n = \frac{C_{n1} + C_{n2}}{2},$$

мұнда:

Рп – бағалардың күн сайынғы орташаландырылған белгіленімі;

Cn1 – алтынға, платинаға, палладийге a.m. (таңғы фиксинг) бағалардың күн сайынғы белгіленімі;

Cn2 – алтынға, платинаға, палладийге p.m. (кешкі фиксинг) бағалардың күн сайынғы белгіленімі.

Күміске орташа биржалық баға салықтық кезең үшін күміске бағалардың күн сайынғы белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәні мен тиісті салықтық кезең үшін валюта айырбастаудың орташа арифметикалық нарықтық бағамының көбейтіндісі ретінде мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S = \frac{P_1 + P_2 + \ldots + P_n}{n} \times E,$$

мұнда:

S – күміске салықтық кезең үшін орташа биржалық баға;

P1, P2,..., Pn – салықтық кезең ішінде Лондон қымбат бағалы металдар нарығы қауымдастығында бағалардың белгіленімі хабарланған және жарияланған күндері күміске бағалардың күн сайынғы белгіленімі;

E – тиісті салықтық кезең үшін валюта айырбастаудың орташа арифметикалық нарықтық бағамы;

n – бағалардың белгіленімі жарияланған салықтық кезеңдегі күндердің саны.

Пайдалы қазбаға орташа биржалық баға осы баптың 4-тармағында көрсетілген минералды шикізаттың айналыстан шыққан салық салынатын көлемінің құрамындағы әрбір пайдалы қазба түрінің барлық көлеміне, оның ішінде кейіннен қайта өңдеуге және (немесе) өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдалану үшін басқа заңды тұлғаларға және (немесе) бір заңды тұлға шеңберіндегі құрылымдық бөлімшеге берілген көлемге қолданылады;

2) осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген пайдалы қазбалар құны:

осы баптың 4-тармағында көрсетілген минералды шикізаттың айналыстан шыққан қорларының салық салынатын көлемінің құрамындағы пайдалы қазбалардың құны – осы тармақтың 1) тармақшасында айқындалған тәртіппен;

минералды шикізаттың айналыстан шыққан қорларының салық салынатын көлемінің құрамындағы пайдалы қазбалардың басқа да түрлерінің құны – оларды өткізудің орташа өлшемді бағасы негізінде, ал кейіннен қайта өңдеуге және (немесе) өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдалану үшін басқа заңды тұлғаларға және (немесе) бір заңды тұлға шеңберінде құрылымдық бөлімшеге берген жағдайда – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын, пайдалы қазбалардың осындай түрлеріне сай келетін, 20 пайызға ұлғайтылған өндіру мен бастапқы қайта өңдеудің (байытудың) нақты өзіндік өндірістік құны негізінде;

3) осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген минералды шикізаттың құны – бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) өткен минералды

шикізатты өткізудің орташа өлшемді бағасы негізінде айқындалады.

4. Осы баптың 2-тармағы 1) тармақшасының ережелері есепті салықтық кезеңде Лондон металдар биржасында немесе Лондон қымбат бағалы металдар нарығы қауымдастығында тіркелген бағалардың ресми белгіленімі бар пайдалы қазба түрлеріне қатысты қолданылады.

5. Осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген минералды шикізатты және осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген пайдалы қазбаларды қоспағанда, осы баптың 4-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалардан басқа, бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) ғана өткен минералды шикізатты өткізу болмаған жағдайда олардың құны мұндай өткізу орын алған соңғы салықтық кезеңдегі өткізудің орташа өлшемді бағасының негізінде айқындалады.

6. Келісімшарт қолданылған кездің басынан бастап бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) ғана откен минералды шикізатты және (немесе) пайдалы қазбаларды өткізу мүлдем болмаған жағдайда:

1) осы баптың 4-тармағында көрсетілген минералды шикізаттың айналыстан шыққан қорларының салық салынатын көлемінің құрамындағы пайдалы қазбалардың құны – осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында айқындалған тәртіппен;

2) осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген минералды шикізаттың айналыстан шыққан қорларының салық салынатын көлемінің құрамындағы пайдалы қазбалардың басқа да түрлерінің құны – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын пайдалы қазбалардың осындай түрлеріне сай келетін, 20 пайызға ұлғайтылған өндіру мен бастапқы қайта өңдеудің (байытудың) нақты өзіндік өндірістік құны негізінде;

3) осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген минералды шикізаттың құны – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын пайдалы қазбалардың осындай түрлеріне сай келетін, 20 пайызға ұлғайтылған өндіру мен бастапқы қайта өңдеудің (байытудың) нақты өндірістік өзіндік құны негізінде айқындалады.

Осы баптың 4-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалардан басқа, бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) өткен минералды шикізатты және осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген минералды шикізаттың айналыстан шыққан қорларының салық салынатын көлемінің құрамындағы пайдалы қазбаларды кейіннен өткізген жағдайда жер қойнауын пайдаланушы алғашқы өткізу орын алған салықтық кезеңдегі өткізудің орташа өлшемді нақты бағасын ескере отырып, пайдалы қазбаларды өндіру салығының есептелген сомаларына түзету жүргізуге міндетті.

Жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбаларды өндіру салығының

есептелген сомаларын түзетуді алғашқы өткізу болған салықтық кезеңнің алдындағы он екі айлық кезеңі үшін жүргізеді. Бұл ретте түзету сомасы ағымдағы салықтық кезеңнің салықтық міндеттемесі болып табылады.

7. Осы баптың мақсатында салықтық кезең үшін өткізудің орташа өлшемді бағасы мына формула бойынша айқындалады:

Б ор. = (V1 ө.п. х Б1ө. + V2 ө.п. х Б2 ө.... + Vn ө.п. х Бn ө.) / V жалпы өткізу,

мұнда:

V1 ө.п., V2 ө.п.,. Vn ө.п. – салықтық кезең үшін өткізілетін пайдалы қазбалардың әрбір партиясының көлемдері;

Б1 ө., Б2 ө. ... Бn ө. – салықтық кезеңде әрбір партия бойынша пайдалы қазбаларды өткізудің нақты бағалары;

n – салықтық кезеңде өткізілген пайдалы қазбалар партиясының саны;

V жалпы өткізу – салықтық кезеңде пайдалы қазбаларды өткізудің жалпы көлемі.

Жер қойнауын пайдаланушы өткізудің орташа өлшемді бағасын салықтық кезең үшін өндірілген пайдалы қазбалардың барлық көлеміне, оның ішінде кейіннен қайта өңдеу ұшін бір заңды тұлға шеңберінде құрылымдық бөлімшеге өндірудің өзіндік өндірістік құны бойынша берілген және (немесе) тауарлы өнім өндіру үшін бастапқы шикізат ретінде пайдалануды қоса алғанда, жер қойнауын пайдаланушының өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланылған көлемдерге қолданады.

746-бап. Пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелері

Пайдалы қазбаларды, минералды шикізатты, оның ішінде бастапқы қайта өңдеуден ғана өткен минералды шикізатты өндіру салығының мөлшерлемелері мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

Р/с №		Пайдалы қазбалардың, минералды шикізаттың, оның ішінде бастапқы қайта өңдеуден ғана өткен минералды шикізаттың атауы	Мөлшерлемелер, пайызбен
1	2	3	4
1.	Қара, түсті және радиоактивті металдар кені	Хром кені (концентрат)	16,2 %
		Марганец, темір-марганец кені (концентрат)	2,5 %
		Темір кені (концентрат)	2,8 %
		Уран (өнімді ерітінді, шахталық әдіс)	18,5 %
2.	Металдар	Мыс	5,7 %

		Мырыш	7,0 %
		Қорғасын	8,0 %
		Алтын, күміс, платина, палладий	5,0 %
		Алюминий	0,25 %
		Қалайы	3,0 %
		Никель	6,0 %
3.	Құрамында металдар бар минералды шикізат	Ванадий	4,0 %
		Хром, титан, магний, кобальт, вольфрам, висмут, сүрме, сынап, мышьяк және басқалар	6,0 %
4.	Құрамында сирек кездесетін металдар бар минералды шикізат	Ниобий, лантан, церий, цирконий	7,7 %
		Галлий	1,0 %
5.	Құрамында шашыраңқы металдар бар минералды шикізат	Селен, теллур, молибден	7,0 %
		Скандий, германий, рубидий, цезий, кадмий, индий, талий, гафний, рений, осмий	6,0 %
6.	Құрамында радиоактивті металдар бар минералды шикізат	Радий, торий	5,0 %
7.	Құрамында сирек металдар бар минералды шикізат	Литий, бериллий, тантал, стронций	7,7 %
8.	Құрамында жерде сирек кездесетін металдар бар минералды шикізат	Празеодим, неодим, прометий, самарий, европий, гадолиний, тербий, диспрозий, гольмий, эрбий, тулий, иттербий, лютений, иттрий	6,0 %
Құрамында кендік емес пайдалы қатты қазбалар бар минералды шикізат			
9.	Жанатын,	Тас көмір, қоңыр көмір, жанғыш тақтатастар	0 %

	химиялық және агрономиялық минералды шикізат	Фосфориттер	4,0 %
		Бораттар, оның ішінде бор ангидриті	3,5 %
		Калий және калий-магний тұздары	6,0 %
		Барит	4,5 %
		Тальк	2,0 %
		Гипс	5,6 %
		Күкірт	6,0 %
		Флюориттер	3,0 %
		Воластонит	3,5 %
		Шунгит	2,0 %
		Графит және басқалар	3,5 %
Жарқырауық тас шикізаты:			
10.	Құрамында қымбат бағалы тастар бар минералды шикізат	Алмас, лағыл, жақұт, зүбәржат, анар, александрит, қызыл (асыл) шпинель, эвклаз, топаз, аквамарин және басқалар	12,0 %
11.	Құрамында өңделетін тастар бар минералды шикізат	Нефрит, яшма, жадеит, лазурит, радонит, малахит, авантюрин, агат, тау хрусталі, қызғылт кварц, бирюза, диоптаз, халцедон және басқалар	3,5 %
12.	Құрамында техникалық тастар бар минералды шикізат	Техникалық алмастар, агат, корунд, циркон, яшма, серпентинит, асбест, слюда және басқалар	2,0 %
13.	Кендік емес басқа минералды шикізат	Құрамында саз балшық бар жыныстар (дала шпаты, пегматит)	2,5 %
		Каолин, вермикулит және басқа да кендік емес пайдалы қатты қазбалар, құрамында кендік емес пайдалы қатты қазбалар бар минералды шикізат	4,7 %

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, кен орны бойынша баланстан тыс қорлардың құрамынан өндірілетін пайдалы қазбалардың және минералды шикізаттың барлық түріне пайдалы қазбаларды өндіру салығы 0 пайыз мөлшерлеме бойынша төленеді.

Бұл ретте өндірілуі баланстан тыс қорлардың құрамынан рентабельділігі төмен кен орындарында жүзеге асырылатын, пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемесі 2008 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыста болған редакциядағы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың шарттарында белгіленген мөлшерлеме және салық салынатын база бойынша есептелген роялти мөлшерінде белгіленетін пайдалы қазбаларды және минералды шикізатты өткізу жағдайларын қоспағанда, баланстан тыс қорлардың құрамынан, оның ішінде бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) кейін алынатын пайдалы қазбаларды және минералды шикізатты өткізген жағдайда өндіру салығының мөлшерлемесі 0 пайыз мөлшерінде қолданылмайды.

3-параграф. Кең таралған пайдалы қазбаларға, жерасты суларына және емдік балшыққа арналған пайдалы қазбаларды өндіру салығы

747-бап. Салық салу объектісі

Жер қойнауын пайдаланушының салықтық кезеңде өндірген кең таралған пайдалы қазбалардың, жерасты сулары мен емдік балшықтың нақты көлемі салық салу объектісі болып табылады.

Салық салу объектісін айқындау мақсаттары үшін жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға ұсынылатын минералды шикізат қорларының есептік және жиынтық баланстарында пайдаланылатын өлшем бірліктері қолданылады.

Пайдалы қазбаларды өндіру салығы мынадай жағдайларда:

1) жер қабатының қысымын ұстап тұру үшін жерасты суларын жер қойнауына кері айдаған (техногендік суды сорып алған) кезде;

2) пайдалы қатты қазбаларды барлау және (немесе) өндіру кезінде ілеспе өндірілген (ілеспе алынған, сорып алынған) жерасты суларын (шахталық, карьерлік, кеніштік) төгу кезінде;

3) меншік құқығында, жер пайдалану құқығында және жерге арналған өзге де құқықтарда өзіне тиесілі жер учаскесінде жерасты суларын өндіруді жүзеге асыратын жеке тұлға өндірілген жерасты сулары кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылмаған жағдайда төлемейді;

4) өзінің шаруашылық мұқтаждықтары үшін мемлекеттік мекемелер өндіретін жерасты сулары бойынша төленбейді.

748-бап. Пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелері

1. Кең таралған пайдалы қазбаларға және емдік балшыққа арналған пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелері өндірілген кең таралған пайдалы қазбалар және емдік балшық көлемінің бірлігі үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын бір айлық есептік көрсеткіштің мөлшері негізге алына отырып есептеледі және мыналарды құрайды:

Р/с №	Пайдалы қазбалардың атауы	Мөлшерлемелер, АЕК-пен
1	2	3
1.	Метаморфалық жыныстар: мәрмәр, кварцит, кварцтық-далалық шпат жыныстары	0,02
2.	Магмалық тау жыныстар: гранит, сиенит, диорит, габбро, риолит (липарит), андезит, диабаз, базальт, вулкандық туфтар, шлактар, помпалар, вулкандық шынылар және шыны тектес жыныстар (перлит, обсидиан)	0,02
3.	Шөгінді тау жыныстары: жұмыртастар мен қиыршық тас, қиыршық тас-құмды (құмды-қиыршық тасты) қоспа, құм және құмтастар, саз және сазды жыныстар (саздақ топырақ, алевролиттер, аргиллиттер, сазды тақта тастар), ас тұзы, гипстік жыныстар, мергельдер, әктастар, оның ішінде қабықшалар, борлы жыныстар, доломиттер, әктас-доломитті жыныстар, кремний жыныстары (трепел, опока, диатомит), табиғи пигменттер, шымтезек	0,04
4.	Емдік балшық	0,02

2. Жерасты суларына арналған пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелері өндірілген жерасты суының 1 текше метрі үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын бір айлық есептік көрсеткіштің мөлшері негізге алына отырып есептеледі және мыналарды құрайды:

Р/с №	Пайдалы қазбалардың атауы	Молшерлемелер, АЕК-пен
1	2	3

1.	Осы кестенің 2-14-жолдарында көрсетілген жерасты суларын қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы өндірген жерасты суы	1,000
2.	Табиғи монополия субъектісі болып табылатын жер қойнауын пайдаланушы өндірген және ол Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес су тұтынушыларға және сумен жабдықтау жөніндегі ұйымдарға сумен жабдықтау қызметтерін көрсету үшін пайдаланған жерасты суы	0,001
3.	Жер қойнауын пайдаланушы өндірген және ол Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес сумен жабдықтау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектісіне өткізген жерасты суы	0,001
4.	Жер қойнауын пайдаланушы өндірген және ол:	
4.1.	пайдалы қазбалардың басқа да түрлерін өндіру (оның ішінде бастапқы қайта өңдеу) және қайта өңдеу кезінде және (немесе) ол басқа жер қойнауын пайдаланушыға пайдалы қазбалардың басқа да түрлерін өндіру (оның ішінде бастапқы қайта өңдеу) және қайта өңдеу кезінде соңғысы пайдалану үшін көлемі есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша жер қойнауын пайдаланушылармен келісілген құжатта көрсетілген, сумен жабдықтау жүйелері бойынша іс жүзінде берілген су шегінде пайдаланған жерасты суы	0,003
4.2.	жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыскерлерге санитариялық-гигиеналық еңбек жағдайларын жасау жөніндегі міндеттерді орындауы үшін, оның ішінде санитариялық-тұрмыстық үй-жайларды (кір жуатын орындарды, дәретханаларды, жуыну, шайыну орындарын) қамтамасыз ету үшін пайдаланған жерасты суы	0,003
5.	Пайдалы қатты қазбаларды барлау және (немесе) өндіру кезінде ілеспе өндірілген (ілеспе алынған, сорып алынған), жер қойнауын пайдаланушы техникалық сумен жабдықтау және басқа да өндірістік мұқтаждықтар үшін өткізген немесе пайдаланған жерасты суы (шахталық,	0,003

	карьерлік, кеніштік), өндірістік-техникалық жерасты суы	
6.	Жер қойнауын пайдаланушы өндірген және ол медициналық қызметті, жұмыскерлердің, олардың отбасы мүшелерінің, өзара байланысты тараптардың жұмыскерлері мен олардың отбасы мүшелерінің демалысын ұйымдастыру жөніндегі қызметті, сондай-ақ жұмыскерлердің қоғамдық тамақтануын ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін осы Кодекстің 239-бабында айқындалған әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде пайдаланған жерасты суы	0,003
7.	Жер қойнауын пайдаланушы өндірген және өңірдің әлеуметтік саласын дамыту жөніндегі келісімшарттық міндеттемелерді орындау шеңберінде жүзеге асырылатын әлеуметтік сала объектілерін күтіп-ұстау үшін ол пайдаланған жерасты суы	0,003
8.	Жер қойнауын пайдаланушы өндірген және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс беруші вахталық әдіспен жұмыс істейтін жұмыскерлердің жұмыс өндірісі объектісінде болу кезеңінде олардың тамақтануын ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді орындау үшін ол пайдаланған жерасты суы	0,003
9.	Жер қойнауын пайдаланушы өндірген және ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және (немесе) оны қайта өңдеу үшін пайдаланған жерасты суы	0,003
10.	Санаторий-курорттық ұйым (санаторий, профилакторий) болып табылатын жер қойнауын пайдаланушы өндірген және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңнамасына сәйкес санаторий-курорттық емдеу жөніндегі қызметтер корсету үшін ол пайдаланған жерасты суы	0,003
11.	Жер қойнауын пайдаланушы өндірген және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңнамасына сәйкес санаторий-курорттық емдеу жөніндегі қызметтерді көрсету үшін ол санаторий-курорттық ұйымдарға (санаторийлерге, профилакторийлерге) өткізген жерасты суы	0,003

12.	Жер қойнауын пайдаланушы өндірген және Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасына сәйкес туристерді орналастыру орындарын пайдалануға беру үшін ол пайдаланған жерасты суы	0,003
13.	Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасына сәйкес балалардың сауықтыру лагері болып табылатын жер қойнауын пайдаланушы өндірген және балалардың сауықтыру лагерінің жұмыс істеу мақсаттары үшін ол пайдаланған жерасты суы	0,003
14.	Жер қойнауын пайдаланушы өндірген және алкоголь өнімін, тамақ өнімін және (немесе) алкогольсіз сусындар өндіру үшін ол пайдаланған минералды жерасты суы, шаруашылық-ауызсуға арналған жерасты суы (4.2, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13-жолдарда көрсетілген мақсаттарға пайдаланылған жерасты суын қоспағанда)	0,250

3. Өндірілген жерасты суын бөлек есепке алу болмаған жағдайда, осы баптың 2-тармағында белгіленген жерасты суларына пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелерін қолдану мақсатында мөлшерлеменің ең көп мөлшері қолданылады.

749-бап. Салықтық кезең

Пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша салықтық кезең күнтізбелік тоқсан болып табылады.

750-бап. Төлеу мерзімдері

Салық төлеуші салықтың есептелген сомасын тұрған жеріндегі бюджетке салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірмей төлеуге міндетті.

751-бап. Салық декларациясы

Жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша декларацияны тұрған жеріндегі салық органына салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей тапсырады.

86-тарау. ҮСТЕМЕ ПАЙДА САЛЫҒЫ

752-бап. Жалпы ережелер

1. Үстеме пайда салығы осы Кодекстің 753-бабына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы үстеме пайда салығын төлеуші болып табылатын жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша салықтық кезең үшін есептеледі.

2. Үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін жер қойнауын пайдаланушы осы тарауда белгіленген тәртіпке сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша салық салу объектісін, сондай-ақ салық салумен байланысты мынадай объектілерді:

1) үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кірісті;

2) үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін салық салынатын кірісті;

3) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша жылдық жалпы кірісті;

4) үстеме пайда салыгын есептеу мақсаттары үшін шегерімдерді;

5) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша корпоративтік табыс салығын;

6) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша бейрезиденттің тұрақты мекемесінің таза кірісі салығының есеп айырысу сомасын айқындайды.

753-бап. Төлеушілер

1. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша жүзеге асырылатын қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушылар үстеме пайда салығын төлеушілер болып табылады.

2. Жер қойнауын пайдалануға арналған мынадай:

1) осы Кодекстің 722-бабының 1-тармағында көрсетілген;

2) осы келісімшарттар пайдалы қазбалардың басқа топтарын өндіруді көздемеген жағдайда, пайдалы қатты қазбаларды, жерасты суларын және (немесе) емдік балшықты барлауға және (немесе) өндіруге;

3) барлауға және өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және пайдалануға арналган келісімшарттардың негізінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушылар осы тарауда белгіленген үстеме пайда салыгын төлеушілер болып табылмайды.

754-бап. Салық салу объектісі

Осы Кодекстің 758-бабына сәйкес айқындалған үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін жер қойнауын пайдаланушының шегерімдер сомасының 25 пайызына тең сомадан асатын салықтық кезең үшін жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша осы Кодекстің 755-бабына сәйкес үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін айқындалған жер қойнауын пайдаланушының таза кірісінің бір бөлігі үстеме пайда салығын салу объектісі болып табылады.

755-бап. Үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кіріс

1. Үстеме пайда салығын есептеу мақсаттарындағы таза кіріс осы Кодекстің 756-бабына сәйкес айқындалған үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін салық салынатын кіріс пен осы Кодекстің 759-бабына сәйкес есептелген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша корпоративтік табыс салығы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

2. Тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бейрезиденттер үшін үстеме пайда салығын есептеу мақсаттарындағы таза кіріс тұрақты мекеменің жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарт бойынша, осы Кодекстің 760-бабына сәйкес есептелген таза кірісі салығының есеп айырысу сомасына қосымша азайтылады.

756-бап. Үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін салық салынатын кіріс

1. Осы тараудың мақсаттарында салық салынатын кіріс осы Кодекстің 288-бабында козделген кірістер мен шығыстар сомасына азайту ескеріле отырып, осы Кодекстің 757-бабына сәйкес айқындалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін жылдық жалпы кіріс пен осы Кодекстің 758-бабына сәйкес айқындалған үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін шегерімдер арасындағы айырма ретінде айқындалады.

2. Үстеме пайда салығын есептеу мақсатында салықтық кезең үшін шегерімдердің жылдық жалпы кіріс сомасынан асып кетуі келесі салықтық кезеңдердің үстеме пайда салығын есептеу мақсатында салық салынатын кіріс есебінен өтеу үшін ауыстырылады.

757-бап. Үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша жылдық жалпы кіріс

1. Үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін жылдық жалпы кірісті осы баптың 2-тармағына сәйкес айқындалған, осы Кодекстің 228, 234 және 235-баптарында көзделген кірістерді қоспағанда, келісімшарттық қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы жылдық жиынтық кірісті айқындау үшін осы Кодексте айқындалған тәртіппен жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша айқындайды.

2. Үстеме пайда салығын есептеу мақсатында осы Кодекстің 234 және 235-баптарында көзделген кірістер осы Кодекстің 258, 259 және 270-баптарында көрсетілген активтердің өткізілуінің, берілуінің және шығып қалуының толық құны мөлшерінде айқындалады.

Осы Кодекстің 228-бабында көзделген кірістер көрсетілген активтердің құны үстеме пайда салығын есептеу мақсатында шегерімдерге жатқызылған жағдайда осы Кодекстің 258, 259 және 270-баптарында көрсетілген активтердің өткізілуінің, берілуінің және шығып қалуының толық құны мөлшерінде айқындалады.

Осы Кодекстің 228-бабында көрсетілген, құны үстеме пайда салығын есептеу мақсатында шегерімге жатқызылуға тиіс емес активтерді өткізуден түсетін кіріс мөлшері осы Кодекстің 228-бабына сәйкес айқындалады.

758-бап. Үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін шегерімдер

1. Үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша шегерімдер:

1) осы Кодекстің 242 – 248, 252 – 257, 261 – 263 және 272-баптарына сәйкес келісімшарттық қызмет бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында есепті салықтық кезеңде шегерімдерге жатқызылған шығыстардың;

2) мыналарға:

тіркелген активтер топтарының (кіші топтарының) құндық баланстарына;

осы Кодекстің 258, 259 және 260-баптарына сәйкес пайда болған амортизацияланатын активтердің жекелеген топтарына қосуға жататын, салықтық кезең ішінде іс жүзінде шеккен шығындар сомасы ретінде айқындалады.

Бұл ретте үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін жалпы және (немесе) жанама тіркелген активтерді сатып алу бойынша шығындар жер қойнауын пайдаланушы салықтық кезең үшін жүргізген тікелей шығыстардың жалпы сомасындағы жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір нақты келісімшартқа және келісімшарттан тыс қызметке сай келетін тікелей

шығыстардың үлес салмағы бойынша шегерімге жатқызылуға тиіс.

2. 2018 жылдың салықтық кезеңі үшін үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін шегерімге жатқызылуға тиіс, бірақ 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін шегерімге жатқызылмаған шығындардың үстеме пайда салығын есептеу мақсатында жинақталған соманың біржолғы шегерімі жүргізіледі.

3. Егер шығыстардың нақ сол түрлері осы бапта белгіленген шегерімдердің бірнеше түрінде көзделген жағдайда салық салынатын кірісті есептеу кезінде көрсетілген шығыстар бір рет қана шегеріледі.

759-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша корпоративтік табыс салығы

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша корпоративтік табыс салығы жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша келісімшарттық қызмет бойынша салықтық кезең үшін осы Кодекстің 313-бабының 1-тармағында белгіленген молшерлеме мен осы Кодекстің 288-бабында козделген кірістер мен шығыстар сомаларына, сондай-ақ осы Кодекстің 299 және 300-баптарына сәйкес ауыстырылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша залалдар сомасына азайтылған, осы Кодекстің 302-бабында айқындалған тәртіппен жер қойнауын пайдалануға арналған осындай келісімшарт бойынша есептелген салық салынатын кірістің көбейтіндісі ретінде айқындалады.

760-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша бейрезиденттің тұрақты мекемесінің таза кірісіне салықты есептеу сомасы

Осы тараудың мақсаттары үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша бейрезиденттің тұрақты мекемесінің таза кірісіне салықтың есеп айырысу сомасы салықтық кезең үшін осы Кодекстің 313-бабының 3-тармағында белгіленген бейрезиденттің тұрақты мекемесінің таза кірісіне салықтық мөлшерлеме мен осы Кодекстің 652-бабында айқындалған тәртіппен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша есептелген бейрезиденттің тұрақты мекемесінің таза кірісіне салық салу объектісінің көбейтіндісі ретінде айқындалады.

761-бап. Есептеу тәртібі

1. Салықтық кезең үшін үстеме пайда салығын есептеу осы Кодекстің 762-бабында белгіленген әрбір деңгей бойынша әрбір тиісті мөлшерлемені осындай деңгейге жататын, кейіннен барлық деңгейлер бойынша үстеме пайда салығының есептелген сомаларына жинақтап қоса отырып, үстеме пайда

салығын салу объектісінің әрбір бөлігіне қолдану арқылы жүргізіледі.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелерін қолдану үшін жер қойнауын пайдаланушы:

1) салық салу объектісін, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша үстеме пайда салығын салумен байланысты объектіні айқындайды;

2) осы Кодекстің 762-бабында белгіленген әрбір деңгей бойынша үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кірісті бөлудің шекті сомаларын мынадай тәртіппен:

1, 2, 3, 4, 5 және 6-деңгейлер үшін – осы Кодекстің 762-бабында келтірілген кестенің 3-бағанында белгіленген әрбір деңгей үшін пайыз бен үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін шегерімдер сомасының көбейтіндісі ретінде;

7-деңгей үшін:

егер үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кіріс сомасы үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін шегерімдер сомасының 70 пайызына тең сомадан коп болған жағдайда – үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кіріс сомасы мен үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін шегерімдер сомасының 70 пайызына тең сома арасындағы айырма ретінде;

егер үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кіріс сомасы үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін шегерімдер сомасының 70 пайызына тең сомадан аз немесе оған тең болған жағдайда – нөл ретінде айқындайды;

3) осы Кодекстің 762-бабында козделген деңгейлер бойынша үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін салықтық кезеңде іс жүзінде алынған таза кірісті мынадай тәртіппен бөледі:

1-деңгей үшін:

егер салықтық кезең үшін үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кіріс сомасы бірінші деңгей үшін таза кірісті бөлудің шекті сомасынан асса, онда таза кірістің бірінші деңгей үшін бөлінген бөлігі бірінші деңгей үшін таза кірісті бөлудің шекті сомасына тең болады;

егер салықтық кезең үшін үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кіріс сомасы бірінші деңгей үшін таза кірісті бөлудің шекті сомасынан аз болса, онда таза кірістің бірінші деңгей үшін бөлінген бөлігі салықтық кезең үшін үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кіріс сомасына тең болады. Бұл ретте келесі деңгейлер үшін үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кірісті бөлу жүргізілмейді;

2, 3, 4, 5, 6 және 7-деңгейлер үшін:

егер салықтық кезең үшін үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кіріс пен алдыңғы деңгейлер бойынша таза кірістің бөлінген бөліктерінің жалпы сомасы арасындағы айырма тиісті деңгей үшін таза кірісті бөлудің шекті сомасынан асса немесе соған тең болса, онда осы деңгей үшін

таза кірістің бөлінген бөлігі осы тиісті деңгей үшін таза кірісті бөлудің шекті сомасына тең болады;

егер салықтық кезең үшін үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кіріс пен алдыңғы деңгейлер бойынша таза кірістің бөлінген бөліктерінің жалпы сомасы арасындағы айырма тиісті деңгей үшін таза кірісті бөлудің шекті сомасынан аз болса, онда осы деңгей үшін таза кірістің бөлінген бөлігі осындай айырмаға тең болады.

Бұл ретте келесі деңгейлер үшін үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кірісті бөлу жүргізілмейді.

Таза кіріс бөліктерінің деңгейлері бойынша бөлінген жалпы сома салықтық кезең үшін үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кірістің жалпы сомасына тең болуға тиіс;

4) үстеме пайда салығының тиісті мөлшерлемесін осы Кодекстің 762-бабына сәйкес таза кірістің деңгейлер бойынша бөлінген әрбір бөлігіне қолданады;

5) осы Кодекстің 762-бабында көзделген барлық деңгейлер бойынша үстеме пайда салығының есептелген сомаларына жинақтап қоса отырып, салықтық кезең үшін үстеме пайда салығының сомасын айқындайды.

762-бап. Үстеме пайда салығының мөлшерлемелері, үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кірісті бөлудің шекті сомасын есептеуге арналған пайыздардың деңгейлері мен мөлшері

Жер қойнауын пайдаланушы үстеме пайда салығын мынадай тәртіппен айқындалатын мөлшерлемелердің өзгермелі шәкілі бойынша төлейді:

Деңгей №	Үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін деңгейлер бойынша таза кірісті бөлу шәкілі, шегерімдер сомасының пайызы	Үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кірісті бөлудің шекті сомасын есептеуге арналған пайыз	Мөлшерлеме (%-бен)
1	2	3	4
1.	25 пайыздан аз немесе оған тең	25	Белгіленбейді
2.	25 пайыздан 30 пайызды қоса алғанға дейін	5	10
3.	30 пайыздан 40 пайызды қоса алғанға дейін	10	20

4.	40 пайыздан 50 пайызды қоса алғанға дейін	10	30
5.	50 пайыздан 60 пайызды қоса алғанға дейін	10	40
6.	60 пайыздан 70 пайызды қоса алғанға дейін	10	50
7.	70 пайыздан жоғары	Осы Кодекстің 761-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес	60

763-бап. Салықтық кезең

1. Үстеме пайда салығы үшін 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл салықтық кезең болып табылады.

2. Егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт күнтізбелік жыл ішінде жасалса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік жыл аяқталғанға дейінгі уақыт кезеңі осындай келісімшарт бойынша үстеме пайда салығын есептеу үшін бірінші салықтық кезең болып табылады.

3. Егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысы күнтізбелік жылдың соңына дейін өткен болса, күнтізбелік жыл басталғаннан бастап жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысы аяқталған күнге дейінгі уақыт кезеңі осындай келісімшарт бойынша үстеме пайда салығын есептеу үшін соңғы салықтық кезең болып табылады.

4. Егер күнтізбелік жыл басталғаннан кейін күшіне енген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысы осы күнтізбелік жыл аяқталғанға дейін өткен болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт күшіне енген күннен бастап жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысы аяқталған күнге дейінгі уақыт кезеңі осындай келісімшарт бойынша үстеме пайда салығын есептеу үшін салықтық кезең болып табылады.

764-бап. Салықты төлеу мерзімі

Үстеме пайда салығы салық төлеушінің тұрған жеріндегі бюджетке декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей төленеді.

765-бап. Салық декларациясы

Жер қойнауын пайдаланушы үстеме пайда салығы бойынша декларацияны тұрған жеріндегі салық органына есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей тапсырады.

87-тарау. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУҒА БАЛАМАЛЫ САЛЫҚ

766-бап. Жалпы ережелер

1. Жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес:

1) Қазақстан Республикасының құрлықтық қайраңында көмірсутектерді өндіруге және (немесе) бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт;

2) тау-кендік бөлуде немесе тау-кендік бөлу болмаған кезде өндіруге немесе барлауға және көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартта көрсетілген көмірсутектер кен жатындары жоғарғы нүктесінің тереңдігі 4500 метрден жоғары емес және тау-кендік бөлуде немесе тау-кендік бөлу болмаған кезде өндіруге, немесе барлауға және көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартта көрсетілген көмірсутектер кен жатындары төменгі нүктесінің тереңдігі 5000 метр және одан төмен кен орындары бойынша ондіруге және (немесе) барлауға және көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт жасасқан жер қойнауын пайдаланушы заңды тұлғалар тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемнің, пайдалы қазбаларды өндіру салығының және үстеме пайда салығының орнына қолдануға құқылы.

Аталған құқық өндіруге арналған келісімшарт жасалған немесе бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт бойынша өндіру кезеңі басталған күннен бастап жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарттың қолданылуы аяқталған күнге дейінгі кезеңде қолданылады және өзгертуге жатпайды.

Салық төлеуші осы құқықты қолдану туралы хабарламаны өндіруге арналған келісімшарт жасалған немесе бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт бойынша өндіру кезеңі басталған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей тұрған жеріндегі салық органына жібереді.

Мұндай хабарлама болмаған жағдайда тарихи шығындарды отеу бойынша төлем, пайдалы қазбаларды өндіру салыгы және үстеме пайда салығы бойынша салықтық міндеттемені орындау осы Кодекстің 84, 85 және 86-тарауларында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдер мен салықтар жөніндегі салықтық міндеттемені орындауының баламалы тәртібін 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолдану құқығы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылуының қалған барлық кезеңіне жүргізіледі және өзгертуге жатпайды, бұл туралы салық төлеуші тұрған жеріндегі салық органына 2018 жылғы 1 наурыздан кешіктірмей хабарлама жібереді.

767-бап. Жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты есептеу тәртібі

1. Жер қойнауын пайдалануға баламалы салық жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жекелеген келісімшарт бойынша келісімшарттық қызметтің салықтық кезеңі үшін айқындалады.

2. Жер қойнауын пайдалануға баламалы салықтың салық салу объектісі жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты есептеу мақсаттары үшін жылдық жиынтық кіріс пен осы Кодекстің 287-бабында көзделген түзетулер ескеріле отырып, жер қойнауын пайдалануға баламалы салықтың мақсаттары үшін шегерімдер арасындағы айырмасы ретінде айқындалады.

3. Жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты есептеу мақсаттары үшін жылдық жиынтық кіріс жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты есептеу мақсатында жылдық жиынтық кіріске қосуға жатпайтын теріс бағамдық айырма сомасынан оң бағамдық айырма сомасының асып кетуін қоспағанда, корпоративтік табыс салығын есептеу мақсаттары үшін осы Кодексте айқындалған тәртіпке сәйкес және осы Кодекстің 241-бабында көзделген жылдық жиынтық кірісті түзету есепке алынбай айқындалады.

4. Жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты есептеу мақсаттары үшін шегерімдер корпоративтік табыс салығын есептеу мақсаттары үшін мыналар:

сыйақылар, оның ішінде осы Кодекстің 246-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын немесе күрделі шығындар ретінде есепке алынуға жататын сыйақылар шегерімге жатпайтыны;

теріс бағамдық айырма сомасынан оң бағамдық айырма сомасының асып кетуі шегерімге жатпайтыны;

есептелген (есепке жазылған) корпоративтік табыс салығының сомасы шегерімге жатпайтыны ескеріле отырып, осы Кодексте айқындалған тәртіпке сәйкес айқындалады.

5. Егер нақ сол шығыстар (шығындар) осы баптың 4-тармағында белгіленген шығыстардың (шығындардың) бірнеше түрінде көзделген жағдайда, онда жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты есептеу кезінде аталған шығыстар (шығындар) тек бір рет шегеріледі.

6. Жер қойнауын пайдалануға баламалы салық жер қойнауын

пайдалануға осындай салықтың салық салу объектісі мен осы Кодекстің 768-бабында белгіленген мөлшерлеменің көбейтіндісі ретінде есептеледі.

768-бап. Салықтық мөлшерлеме

Жер қойнауын пайдалануға баламалы салық осы Кодекстің 741-бабының 3-тармағында айқындалған тәртіппен есептелген мұнайдың әлемдік бағасы негізге алына отырып, мына мөлшерлемелер бойынша есептеледі:

Р/с №	Әлемдік баға	Мөлшерлеме %-бен
1	2	3
1.	Бір баррель үшін 50 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	0
2.	Бір баррель үшін 60 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	6
3.	Бір баррель үшін 70 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	12
4.	Бір баррель үшін 80 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	18
5.	Бір баррель үшін 90 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	24
6	Бір баррель үшін 90 АҚШ долларынан жоғары	30

769-бап. Салықтық кезең

1. Жер қойнауын пайдалануға баламалы салық үшін салықтық кезең күнтізбелік жыл болып табылады.

2. Егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт күнтізбелік жыл ішінде жасалған болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік жылдың соңына дейінгі уақыт кезеңі осындай келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты есептеу үшін бірінші салықтық кезең болып табылады.

3. Егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысы күнтізбелік жылдың соңына дейін өткен болса, күнтізбелік жылдың басынан бастап жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысы аяқталған күнге дейінгі уақыт кезеңі осындай келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты есептеу үшін соңғы салықтық кезең болып табылады.

4. Егер күнтізбелік жыл басталғаннан кейін күшіне енген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысы осы күнтізбелік жылдың соңына дейін өткен болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт күшіне енген күннен бастап жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысы аяқталған күнге дейінгі уақыт кезеңі осындай келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты есептеу

үшін салықтық кезең болып табылады.

770-бап. Салықты төлеу мерзімі

Жер қойнауын пайдалануға баламалы салық салық төлеушінің тұрған жеріндегі бюджетке декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей төленуге жатады.

771-бап. Салық декларациясы

Салық төлеуші жер қойнауын пайдалануға баламалы салық бойынша декларацияны тұрған жеріндегі салық органына есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей тапсырады.

88-тарау. ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУ САЛЫҒЫ, КӨМІРСУТЕКТЕР БОЙЫНША ЭКСПОРТҚА РЕНТА САЛЫҒЫ, РОЯЛТИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨНІМДІ БӨЛУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҮЛЕСІ БОЙЫНША САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ЗАТТАЙ НЫСАНДА ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ

772-бап. Роялти және Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесі бойынша салықтық міндеттемені заттай нысанда орындау тәртібі

1. Роялтиді және Қазақстан Республикасының өнімді бөлуге байланысты үлесін төлеу бойынша салықтық міндеттемені ақшалай нысанда орындау мынадай шарттар бір мезгілде сақталған кезде:

1) осы Кодекстің 722-бабында көрсетілген, өнімді бөлу туралы келісімдерде (келісімшарттарда), Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта роялтиді және (немесе) Қазақстан Республикасының өнімді бөлуге байланысты үлесін төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау есебіне заттай нысанда пайдалы қазбаларды жер қойнауын пайдаланушының беруі көзделген;

2) жер қойнауын пайдаланушы салықтық міндеттемені орындау есебіне заттай нысанда берген пайдалы қазбаларды мемлекет атынан алушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалған кезде уақытша, толық немесе ішінара заттай нысанға ауыстырылуы мүмкін.

2. Салықтық міндеттемені заттай нысанда орындау үшін:

1) жер қойнауын пайдаланушы осы Кодекстің 722-бабында көрсетілген, өнімді бөлу туралы келісімде (келісімшартта) және (немесе) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта не осындай келісімде және (немесе) келісімшартта

көзделген өзге де құжатта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде пайдалы қазбаларды мемлекет атынан алушыға береді;

2) мемлекет атынан алушы Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасының сақталуын ескере отырып, пайдалы қазбаларды дербес немесе осындай өткізуді жүзеге асыруға мемлекет атынан алушы уәкілеттік берген тұлға арқылы өткізеді.

Жер қойнауын пайдаланушы міндеттемені заттай нысанда орындау есебіне алынған пайдалы қазбаларды өткізуді мынадай:

заңдылық;

ашықтық;

айқындық;

адалдық;

әділдік;

барынша көп пайда алу;

ілеспе шығыстарды барынша азайту қағидаттарын сақтай отырып, жүзеге асырады;

3) мемлекет атынан алушы немесе осындай өткізуді жүзеге асыруға мемлекет атынан алушы уәкілеттік берген тұлға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған міндеттемені заттай нысанда орындау тәртібіне сәйкес есептелген мөлшерде ағымдағы төлемдерді айқындайды және бюджетке аударады;

4) жер қойнауын пайдаланушы, мемлекет атынан алушы салықтық міндеттемені заттай нысанда орындау бойынша декларацияны (ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын) тұрған жеріндегі салық органдарына осы Кодексте айқындалған тәртіппен және уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша тапсырады.

3. Салықтар бойынша жер қойнауын пайдаланушының салықтық міндеттемені заттай нысанда орындауы үшін салықтық кезең күнтізбелік тоқсан болып табылады.

Салықтар бойынша жер қойнауын пайдаланушы салықтық міндеттемені орындау есебіне заттай нысанда беретін пайдалы қазбаларды іс жүзінде өткізуден алынған ақшаны төлеу бөлігінде мемлекет атынан алушы үшін салықтық кезең күнтізбелік жыл болып табылады.

4. Салықтық міндеттемені орындау есебіне заттай нысанда берілетін пайдалы қазбалардың көлемін айқындау, оны ақшалай мәнде есептеу, сондай-ақ оларды өткізу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, міндеттемені заттай нысанда орындау тәртібімен жүзеге асырылады.

5. Жер қойнауын пайдаланушы салықтық міндеттемені заттай нысанда орындау туралы декларацияны тұрған жеріндегі салық органына салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей тапсырады.

6. Мемлекет атынан алушы тұрған жеріндегі салық органына:

1) салықтық міндеттемені заттай нысанда орындау бойынша ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың

15-күнінен кешіктірмей ұсынады.

Осы Кодекстің 210-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, салықтық міндеттемені заттай нысанда орындау бойынша ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын ұсынуға, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, сондай-ақ осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін оны қайтарып алуға жол берілмейді;

2) күнтізбелік жыл үшін салықтық міндеттемені заттай нысанда орындау туралы декларацияны есепті күнтізбелік жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей тапсырады.

Мемлекет атынан алушы салықтық міндеттемені заттай нысанда орындауға байланысты қызметке қатысты корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша декларацияны тапсырмайды.

7. Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген ағымдағы төлемдерді қоспағанда, салықтық кезең ішінде мемлекет атынан алушы тоқсан сайын салықтарды заттай нысанда төлеу есебіне ағымдағы төлемдерді айқындайды және оларды салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірмей бюджетке аударады.

Алдыңғы салықтық кезеңдер үшін алынған, бірінші тоқсанда өткізілген пайдалы қазбалар бойынша ағымдағы төлемдер алдыңғы күнтізбелік жылдың төртінші тоқсаны үшін заттай нысандағы ағымдағы төлемдердің қосымша есеп-қисабында көрсетілуге жатады және осы баптың 8-тармағында белгіленген мерзімде бюджетке аударылады.

Ағымдағы толемдер Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған міндеттемені заттай нысанда орындау тәртібіне сәйкес өтелуге жататын, осындай өткізу бойынша шығыстар азайтыла отырып, тиісті салықтық кезеңде пайдалы қазбаларды өткізуден алынған ақша мөлшерінде бюджетке аударылады.

8. Салықтық міндеттемені заттай нысанда орындау туралы декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде жер қойнауын пайдаланушы салықтық міндеттемені орындау есебіне алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде заттай нысанда берген пайдалы қазбаларды өткізуден алынған ақшаны төлеуді мемлекет атынан алушы жүзеге асырады. Мұндай толеу өнімді бөлу туралы тиісті келісімде (келісімшартта) және (немесе) осы Кодекстің 722-бабында көрсетілген Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көзделген валютада жүзеге асырылады.

Заттай нысандағы салықтық міндеттеменің күнтізбелік жыл үшін мөлшері Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, міндеттемені заттай нысанда орындау тәртібіне сәйкес айқындалады.

9. Төлеу (аудару) кезінде төлем құжаттарында мемлекет атынан алушының атауы мен сәйкестендіру нөмірі де көрсетіледі.

10. Мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеме мерзімінде

орындалмаған салықтық міндеттеме бойынша пайдалы қазбалардың физикалық көлемінің ақшалай мәнге аударылғандағы мөлшерінде айқындалады.

11. Мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеме бойынша пайдалы қазбалардың физикалық көлемі жер қойнауын пайдаланушы үшін салықтық кезең үшін берілуге жататын пайдалы қазбалардың физикалық көлемі мен салықтық кезең үшін іс жүзінде берілген пайдалы қазбалардың физикалық көлемі арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Пайдалы қазбалардың физикалық көлемі осы Кодекстің 722-бабында көзделген, өнімді бөлу туралы келісімдерге (келісімшарттарға), Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес айқындалған шартты бағалар қолданыла отырып, ақшалай мәнге аударылады.

Осы Кодекстің 722-бабында көзделген, өнімді бөлу туралы келісімдерде (келісімшарттарда), Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта шартты бағаларды айқындау тәртібі болмаған жағдайда мұндай шартты бағалар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған міндеттемені заттай нысанда орындау тәртібіне сәйкес айқындалады.

12. Күнтізбелік жыл бойынша мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеме бойынша пайдалы қазбалардың физикалық көлемі мемлекет атынан алушы үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған міндеттемені заттай нысанда орындау тәртібіне сәйкес есептелетін салықтық міндеттемені орындау есебіне заттай нысанда алынған пайдалы қазбалардың есепті күнтізбелік жыл үшін өткізуге жататын физикалық көлемі мен есепті күнтізбелік жылда іс жүзінде өткізілген пайдалы қазбалардың физикалық көлемі арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Күнтізбелік жыл бойынша мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеме бойынша пайдалы қазбалардың физикалық көлемі мемлекет атынан алушы үшін есепті күнтізбелік жыл үшін орташа өлшемді нақты баға, бірақ осы баптың 11-тармағында көзделген орташа өлшемді шартты бағадан төмен емес баға қолданыла отырып, ақшалай мәнге аударылады.

773-бап. Пайдалы қазбаларды өндіру салығын, көмірсутектер бойынша экспортқа рента салығын заттай нысанда төлеу тәртібі

1. Осы Кодекстің 715-бабының 2-тармағында және 737-бабының 2-тармағында белгіленген жағдайларда салық төлеуші пайдалы қазбаларды өндіру салығын, көмірсутектер бойынша экспортқа рента салығын төлеу есебіне пайдалы қазбаларды заттай нысанда Қазақстан Республикасына беруді жүргізуге міндетті.

2. Осы Кодексте белгіленген пайдалы қазбаларды өндіру салығын және

көмірсутектер бойынша экспортқа рента салығын төлеудің ақшалай нысанын ауыстыру уақытша, толық немесе ішінара жүргізілуі мүмкін.

3. Заттай нысанда төленетін, осы Кодексте белгіленген пайдалы қазбаларды өндіру салығының және көмірсутектер бойынша экспортқа рента салығының мөлшері осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде ақшалай мәнде есептелген осы салықтар мен төлемдердің сомасына барабар болуға тиіс.

Жер қойнауын пайдаланушы салықтық міндеттемені орындау есебіне заттай нысанда беретін пайдалы қазбалардың көлемін айқындау, оны ақшалай мәнде есептеу, сондай-ақ мұндай пайдалы қазбаларды өткізу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған міндеттемені заттай нысанда орындау тәртібімен жүзеге асырылады.

4. Салық төлеушінің осы Кодексте белгіленген пайдалы қазбаларды өндіру салығын және көмірсутектер бойынша экспортқа рента салығын заттай нысанда төлеуі көзделетін қосымша келісім жасасқан кезде, онда:

1) салық төлеуші пайдалы қазбаларды өндіру салығы, көмірсутектер бойынша экспортқа рента салығы түрінде Қазақстан Республикасына заттай нысанда беретін пайдалы қазбалардың көлемдерін мемлекет атынан алушы;

2) салық төлеуші пайдалы қазбаларды өндіру салығы, көмірсутектер бойынша экспортқа рента салығы түрінде Қазақстан Республикасына заттай нысанда беретін пайдалы қазбалардың көлемдерін беру пункті, шарттары мен мерзімдері міндетті түрде көрсетіледі.

5. Осы Кодексте белгіленген пайдалы қазбаларды өндіру салығын және көмірсутектер бойынша экспортқа рента салығын төлеу есебіне заттай нысанда берілетін пайдалы қазбаларды салық төлеушінің беру мерзімдері көрсетілген салықтар мен төлемдерді бюджетке ақшалай нысанда төлеудің осы Кодексте белгіленген мерзімдеріне сәйкес келуге тиіс.

6. Мемлекет атынан алушы пайдалы қазбаларды өндіру салығының, көмірсутектер бойынша экспортқа рента салығының тиесілі сомасын көрсетілген салықтар мен төлемдерді төлеудің осы Кодексте белгіленген мерзімдерінде ақшалай нысанда бюджетке аударады.

7. Мемлекет атынан алушы салық төлеушінің пайдалы қазбалардың тиісті көлемін өзіне уақтылы әрі толық беруін бақылауды дербес жүзеге асырады.

Салық төлеуші Қазақстан Республикасына заттай нысанда беретін, осы Кодексте белгіленген пайдалы қазбаларды өндіру салығының және көмірсутектер бойынша экспортқа рента салығының бюджетке толық әрі уақтылы аударылуы үшін салық төлеуші пайдалы қазбалардың тиісті көлемдерін іс жүзінде тиеп жөнелткен күннен бастап мемлекет атынан алушы жауаптылықта болады.

8. Салық төлеуші және мемлекет атынан алушы тұрған жеріндегі салық органдарына осы Кодексте белгіленген пайдалы қазбаларды өндіру салығының және шикі мұнай, газ конденсаты бойынша экспортқа рента

салығының мөлшерлері және оларды заттай нысанда төлеу (беру) мерзімдері туралы есептілікті осы Кодексте белгіленген мерзімдерде және уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша ұсынады.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақорда, 2017 жылғы 25 желтоқсан

№ 120-VI ҚРЗ